ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ОБЛАСТНОЙ АКИМАТ
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
С. ТОРАЙГЫРОВА

«МӘШҺҮР-ЖҮСІП – ӘЛЕМДІК ҒАЛАМАТ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «ФЕНОМЕН МАШХУР-ЖУСИПА – ЧЕЛОВЕКА МИРА»

II ТОМ

Павлодар 2013

ӘОЖ 821.151.212.0
КБЖ 72+83.3 (5Каз)
М37

Редакциялық алқа:
Бас редакторы - э.ғ.д., профессор **Өмірбаев С.М.**
Жауапты редактор - б.ғ.д., профессор **Ержанов Н.Т.**

Редакция мүшелері:
Сарбалаев Ж. Т., ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің деканы;
Тұрышев А.Қ., ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің «Мәшһүртану» ғылыми тәжірибешілік орталығы;
Жүсіп Н.Қ., ф.ғ.д., профессор, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі;
Күзембаев Н.Е., т.ғ.к., С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің ғылым және инновациялар департаментінің директоры;
Каюмова М.С., ғылыми-әдістемелік бөлімнің бастығы.

М37 «Мәшһүр-Жүсіп – әлемдік Ғаламат» Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы. - Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2013. 302- б.

ISBN 978-601-238-350-8

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақаланың мазмұн сапасына автор жауап береді.

ӘОЖ 821.151.212.0
КБЖ 72+83.3 (5Каз)

ISBN 978-601-238- 350-8

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2013

ӘОЖ 882.151.212.2

ӘДЕБИ СЫНДАҒЫ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНР

Г.Т. ӘБІКЕНОВА
ф.ғ.к., доцент, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
З.С. МОЛДАҒАЛИЕВА
студент, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Ақын-жазушылардың хаттары арқылы олардың өмірге деген көзқарастарын, шынайы сезімдерін көреміз. Эпистолярлық жанрға жататын туындылар әдебиетімізге, әдеби сынның қалыптасып, дамуына ықпалын тигізеді. Мысалы сыншы І.Омаров хаттары көркем шығармаға шынайы баға берген құнды еңбектердің қатарына жатады. Сыншы тарихтың тірі куәгеріндей, атақты ақын- жазушылармен хат жазысып отырған. Мысалы І.Омаровтың «Халықтық эпопея» туралы жазған портреттік рецензиясын баспасөз бетінен оқып шығып, М.Әуезов арнайы жауап хат жазған. (28 тамыз, 1958) Онда атақты жазушының «Қайта, атақты сынның оның асыл міндеті, оның позитив ролі- жақсының жақсылығын жақсы танытып беруде емес пе? Сенің еңбегіңдегі аса бір еңсесі биік, қазіргі талап, осы жолдағы қамқорлық ойда» - деген ойларында шындықтың ізі жатыр [1, 68-б].

М.Әуезовтің хаты І.Омаров сыншылдығының сырына тереңірек тануға мүмкіндік береді. Жазушы мен сыншы хат арқылы әдебиет жайлы кең түрде пікірлеседі. Жазушы хатының бір тұсында: – *«Бірақ сенің еңбегіңді оқып шыққаннан кейін айрықша бір түйген жайым:шынайы «адамша сөздің» басын сонада Ғабит бастаса, міне, бүгіндері содан арғы өнеге бойын, шарықтауын, нәрлі өрлеу сипатын сенің еңбегің аяқтап тұр,* – деп айта аламын» деп ағынан жарылады. Достық хатта хат жолдаушының көзқарасы айқын көрінеді.

Хат мәтінінде өзгелерге айтыла бермейтін адамдық сыр жаныңды жайлағандай әсер қалдырады. Хат арқылы жазушының сезімі, ой- тұжырымы берілген. Хатының соңында, М.Әуезов баспасөзде жарияланған І.Омаровтың мақаласын зор оқып шыққанын айтады: «*Тек әдебиеттің өзінің арнасында жүрген жұрт емес, Отанымда, елімде, сол елдің ары, жақсысы болып айтса деп білетін, оқи да білетін дос, көмекші азамат, шынайы қайырлы, ең қадірлі оқушым келіпті деп қуанамын. Осыны өзімнің ғана ырысым демеймін,барлық қазақ әдебиетінің, республика жұртшылығының жаңа бір, өзгеше саналы бір толық туысы да, табысы деп танимын»* деп азаматтық шынайылығын сездірген.

М.Әуезов хаттың соңында хат жолдаушы өзінің кім екендігін береді, *«Досың Мұхтар»* деген сөзі – олардың арасындағы достық қатынасты айқындайды.

«Жазушы Ж.Молдағалиевтің жинақтауымен шыққан І.Омаровтың топтама хаттары «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы» деген тақырыппен 1986 жылы «Жалын» журналында жарияланды. Хаттар мазмұны – І.Омаровтың адамгершілік ізгі қасиетін білдірумен бірге, І.Омаровты сыншы әрі публицист ретінде танытады. Хаттағы ақын-жазушылар туралы мазмұнды ойлары сыншы шеберлігінен туындаған. Сыншы қабілетінің негізгі ұшқыны хат арқылы дамиды» [2, 40-б].

Ғ.Мүсіреповтың І.Омаровқа жазған соңғы хатында (29-30 сәуір, 1970) сыншының ауыр халде жатқанын біле отырып, көңіліне кірбің келтірмей хат арқылы сындарлы ойын шеберлікпен білдірген: *«Сен, Горький жазған сұңқардай, ойың жоғары, биікті шарлаған, жерде жорғалауды сүймейтін адамсың. Өмірінде әлденені арман ете алған адам сол армнның ең биігіне шығуды да арман етеді. Ешкім оған жете алмайды. Ұзақ сапар жолында кездескен аз кедергіге де қиналмауыңды, өзіңді- өзің мүжімеуіңді кеңес етер едім. Қызуың басылмаған жассың, кейде сондайға назаланып кетуің мүмкін. Саған бір керексізі сол болар,қаны суыған шалдар, әрине, ақылгөй келеді. Өздері қызына алмаған соң, қызынғанға да қызғана да қарайды, қызыға да қарайды., үміт-арман дегендер қызусыз келе бермейтінін біле тұрса да, сабыр тілейді. Алайда, әр қызудың уақыты, орны бар ғой,кейде көп нәрсені сабыр жеңетіні де болады. Ғабиден осыны жеңеді»* [3, 45-б],- деп Ғ.Мүсіреповтің жазған хатынан жазушының ішкі сыры мен мұңын да аңғарамыз. Хаттың көркем мәтіннен айырмашылығы белгілі бір адресатқа арналғандығы, өмірді шынайы суреттеуі.

Жазушы Н.И.Анов І.Омаровты орыстың атақты ақын- жазушыларымен тең тұтады. Ал, І.Омаровтың Ановқа жазған екінші хатында: 1967жылы, 15 қаңтар) – *«Сіздің романыңызды былтыр ғана оқуыма мүмкіндік болды. Арада алпыс жыл өтсе де, Сіздің есте ұстайтын дүниелеріңізге тың қалдым. Өз бойыңйһыздағы зор адамшылықпен қоса, сол адам атына лайық жазушылық қолтаңбаңыз қызықтырады»*- деп І.Омаров хат арқылы адал көңілімен өз пікірін білдірген [2, 43-б].

Хат арқылы І.Омаров өзінің оқыған шығармалары жайлы пікірлерін білдіріп отырған. Ұйғыр жазушысы Мұрат Хамыраевқа туыстық ілтипатпен жазған хатында, жас жазушыға ойлы пікір айтып, талабы мен талантын ұштай түсуге кеңес береді. Хатта былай дейді:- «*Қалқам Мұрат! «Сенің ұйғыр халқы мәдениетінің гүлденуі» деген кітабыңды үлкен ықыласпен, қанағаттанарлық сезіммен оқып шықтым»,* - деп ілтипатпен бастайды [2, 42-б]. «*Қалқам Мұрат!»* деген қаратпа сөзбен басталуы, хат жолдаушының бауырмал екендігін танытады.

І.Омаров хаты қазіргі қазақ әдеби тілімізде жазылған. Қазақ әдеби тілін дамытуға өзіндік үлес қосқан деп айтуға болады. Эпистолярлық жанрдың қазіргі таңдағы көрінісі осы сыншы І.Омаров хаттарынан танылады.

Хат сыншының ерекше білімділігін танытады: «*Түркі тілдес халықтардың көне мәдениеті- кейін халық болып қалыптасып кеткен елдеодің түпкі көзді бұлағы. Сондықтан ол тарихты қарастырғанда бұл заңдылықты ескермеуге әсте болмайды. Үйғыр мәдениетін сөз қылғанда оның ірі өкілдері- Хиракати, Замли, Билял Назым, Садыр Палванды жеке адамдар деп қарамай, сол мәдениеттің өркендеуіндегі бір- бір маусым деп алған жөн болады.*

Менің ойымша, мұрага қарап қызықтыру бар да, сол дәстүрді тәжірибе ретінде пайдаланып, ілгері өркендету бар. Бұл салада ақын- жазушылардың еңбектері зор. Ұмар Мұхаммеди, Изим Искандеров, Исмил Саттаров, Хизмет Абдулин сол мұраны бойларына сіңіре отырып, қазіргі заман мәдениетінің талап- тілегіне сай ілгері дамытып келеді. Әр халықтың мұраларының барлығында да музыканың симфониялық бастауы бар екені рас. Ол – ұйғырдың мұқамында болса, қазақтың күйлерінде жатыр» деп, түркі халқына ортақ салауатты пікір айтады [2, 42-б].

Ағалық қамқорлық ретінде, хат соңында өз ойын жинақтай келіп: - *«Осы хат арқылы, қалқам Мұрат, сенің кітабың жайлы оқырмандық ойымды білдіргім келеді. Зерттеуіңнен жаңылма, халқыңның тарихын өздерің секілді жігіттер жазуы керек»* деп ойын аяқтайды [2, 43-б].

І.Омаров хат арқылы оқырмандық ойын, пікірін айта отырып, жас жазушының зерттеу ісіне зор сенім артады. Бұл І.Омаровқа тән сыншылдық пен сыршылдық қасиеттің бір қырын хаты арқылы тани аламыз. Эпистолярлық жанрдың бір ерекшелігі ақын-жазушының сезімін , көзқарасын шынайы білдіруі.

І.Омаров өзінің Ғафу Қайырбековке жазған хатында ақынның өзіне жіберген кітаптарына сыншылдық көзқарасын хатта байқатады.

Сыншы ретінде І.Омаровтың Ғ.Қайырбековке жазған хатында: *«Қадірлі Ғафу! Жақында жіберген кітапшаңды оқып шықтым. Мен шындықты жақсы көретін адаммын. Бірдеме жазамын деп бірнеше рет оқыганым жоқ. Осы күні ой да жалқау. Сол себепті пікірлерім үстірттеу болар. Дегенмен, бірер ауыз сөз жазуды жөн көрдім. Менің байқауымша, қазір ақындығың піскен, өмір философиясына жетіктеу болганға ұқсайсың. Әттең «Дала қоңырауын» осы кезде жазбаган екен деген ой келеді. Меніңше сол зор, тынысы кең поэмага қайта оралсаң қиындығы болмас еді»* [2, 44-б] ,- деп кеңес береді.

Жинақтағы ақын өлеңдеріне: - «*Ал енді «Алтын бесікке» келсек, мұнда әр түрлі тақырыпқа жазылган ақындық ой, көркем суреттеулер, толғаулар, табигат көрсетеді. Жинағыңда махаббат лирикасы молдау ма деп қалдым» [2, 44-б]* ,- деген пікірін ашық айтады.

Ақын өлеңдерін талдай келіп, оған адам мінездерін суреттеу шеберлігіне көбірек назар аударуды ескертеді. Ол: «*Әрине адам да әр қилы болады. Жинақта адамның асыл қасиеттері молырақ бой көрсетеді. Бірен- саран ауыз күйдірерлік жексұрын мінездер де сыналады. Біздің қазақ жағдайында жиірек кездесетін осы бір желбуаз шарт етпе, сасық өсек, қызғаныштық сияқты» деп, ақынның ой түйіндеу тәсіліне тоқталады:*

Жай итіңнен адам иті жексұрын

Арнап тимей айдаладан тістескен, деген өлең шумағына өз басы қалғанын жасырмайды: - «Міне, бұл шындық. Адамды игілікке, гуманизмге шақыру- бір жағынан адам бойындағы асыл қасиеттерді көрсету болса, оның арамдығын әшкерелеп, жексұрындығын қатал сынайды» [2, 45-б] ,-деп ақын өлеңдеріндегі өмір шындығын ашып айтады.

І.Омаров бұл хатында ақынның жіберген кемшіліктеріне батыл тоқталады. Ол - «*Жіті қарағаң көзге кітапшаның кемшілігі де бой көрсетіп отырады. Шынын айтсам, мен оларды көргем жоқ. Мен оқыған затымнан жақсылық іздеймін. Тапсам қуанамын, реніш туғызатын мәселелерді езгілеу менің дәл осы күнгі денсаулығыма нұқсан келтіреді. Кітапшаңнан бір сезініп қалганым – ептеген асығыстық бар ма деген жобалау. Ондай да бір қайнау ішінде болып жататыны белгілі гой. Әбден тебіреніп жазған нәрселеріңде ондай алақолдық сезілмейді*» - деген сыншы ойларында ақынға күш беретіндей зор қуат бар [2, 45-б].

Хат мәтінінен эпистолярлық жанрдың ерекшелігі көрінеді:

-хат арқылы қоғам қайраткерлері, ақын-жазушы, сыншы, әдебиетші т.б. атақты, дарынды тұлғалардың оптимистік көзқарасы, қазақ халқына тән, ұлттық философиялық ойлары танылады;

- өмірдегі өзекті мәселелерді баяндап, талқыға салады, пікірлеседі, ой қорытады, тарихи шындықты тануға көмектеседі;

- тебірене жазылған хаттарда көркем шығармамен салыстырғанда жазушының ішкі сезімдері шынайы жеткізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қозыбаев С. «Хаттармен өрілген өмір» // «Жетісу» 1968.-15 май
2. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1996.
3. Мүсірепов Ғ. І.Омаровқа соңғы хат. //Жалын, -Алматы, -1986. -№1

ӘОЖ 882.151.212.2

ХАТ МӘТІНІ ТІЛІНІҢ СТИЛЬДІК, ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Т. ӘБІКЕНОВА
ф.ғ.к., доцент, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Біздің жазба мәдениетіміздің құнды да, қомақты саласы болып табылатын эпистолярлық жанр - дамыған жанр. Хат түрі сан алуан, олардың мәтіндері, стильдік ерекшеліктері де әр түрлі. Солардың ішінде еліміздің, жеріміздің әлеуметтік- саяси, экономикалық жағдайына байланысты кешегі ел билеген хан, сұлтан болған ата- бабаларымыздан қалған әр түрлі тарих тереңінен сыр шертетін хаттары, ұлы ағартушыларымыздың, соның ішінде Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин секілді дараларымыздың, қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырған Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин жазушыларымыздың хаттары, кешегі сұрапыл жылдардағы хаттар, бүгінгі хаттар бәрі- бәрі зерттеуге сұранып тұрған бағалы да құнды дүниелер. Бұл дүниелерді талдау, оларды жанжақты зерттеу жұмыстарын жүргізу эпистолярлық жанрдың сипатын тануға мүмкіндік береді. Қазақтың хан, сұлтан, старшындарының орыс империясының әкімшілік орындарына жазған хаттары мен белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жазушы, оқыған азаматтарының әлеуметтік мәні бар хаттарының тілі өзіндік ерекшеліктері көп. Хат мәтініндегі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшелігін талдау арқылы хат мәтінінің табиғатын тануға, сол кезеңдегі эпистолярлық стильді тануға болады.

Эпистолярлық жазбалар тілінің өзіндік стильдік, лексика-грамматикалық ерекшеліктері бар:

-ресми стильмен қатар қарастырылып келген эпистолярлық стильдің мазмұны, көлемі, жазылу түрі жағынан өзгеше;

- белгілі бір қалыптасқан үлгіде, баяндау тәсілімен жазылады;

-лексика-фразеологиялық құрамы (саяси-публицистикалық сипатта, әкімшілік терминдер, күрделі терминдер, т.б.) өзгеше болып келеді;

-ойдың логикалық жүйелігін сақтау мақсатымен сөйлем күрделі құрылады;

- адресант (хат жазушы) пен адресаты (хат алушы) бар;

- ой бірінші жақтан баяндалады,

- құжаттар тілі мен осы кезеңдегі хаттар тіліне эмоционалдық, бейнелеу тән емес.

Хат мәтінінің ерекшеліктері жеке-жеке тоқталуды қажет етеді.

1. Хат тілінің фонетикалық ерекшелігіне сөздің соңғы буынында -ү дыбысының келуін жатқызуға болады, мысалы, *өткүр уа зерек; үшүн, орус,* т.б. Сөздің соңғы буынында *ұ,ү* дыбысының келуін орфоэпияның фонетикалық принципіне байланысты.

2. *қылұп, берұп, едұп, т.б* хат тіліндегі етістіктердегі *-ұп;-үп-* тұлғалары көнеден қалған тұлға. Қазіргі тіліміздегі көсемшенің *-ып,- іп* тұлғаларымен мәндес.

3. Түбірге қосымша жалғанғанда үндестік заңы сақталмайды, Қазіргі тіліміздегі *жылдар-жыллар, растығына-раслығына, халықтың-халықдың, біздің-бізнің, себепті-сәбәбілі, адамдары-адамлары, ұқсастар-ұқсалары, тиісті-тиішлі* т.б. түрінде жазылуымен ерекшеленеді. Бұл хаттар тілінің татар тілінің әсеріне де байланысты, көне тұлғаларды қолдануына, араб т.б. тілдердің әсеріне де байланысты өзгешеліктері деп есептейміз.

4. Қазіргі тіліміздегі емле заңдылығына сәйкес *ш* жазылатын тұстарға *ч* әрпінің келуі де өзгешелігін танытады. Мысалы, *акча, бұлайча, барчамыз*, т.б.

5. Ы, і дыбыстарының орнына орфоэпияның фонетикалық принциптеріне сәйкес *у/ұ* жазылады.

6. Сөз соңында қазақ тілінде *п* жазылатын сөздерге хат мәтінінде *б*-дыбысының жазылуы кездеседі. Мысалы, *болыб, қылыб, байқаб, сөйлесіб т.б.*

7. Араб, парсы сөздерінің түпнұсқа тіліндегісі сақталады. *Хүкмат, хисаб, һәрәкет, ыхтиар т.б.*

8. Орыс сөздері дыбыстық өзгеріске ұшырап, қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сәйкес, айтылуы бойынша қолданылуы басым. *Начәлнік, ойазнай, песір т.б.*

XVIII ғасырдағы хаттар тілін талдай отырып, лексикалық ерекшелігіне байланысты төмендегідей тұжырым жасауға болады:

- араб-парсы элементтерінің өте көп кездесетіндігі (*Себебі XVIII ғасыр мен XIX ғасырларда қазақ тіліне араб, иран тілінен сөз ауысу процесі күшейе бастағаны белгілі, мысалы, ғарыз, ғарыз нама, ахуал, ғарыз хал, мәктәбә, күтабту, кәтаб т.б.)* ;

- Ресейге бағынуына байланысты орыс сөздерінің қолданыла бастауы (*генерал, жанарал, гинерал түрінде, кавалер сөзі кауалер, куалер түрінде кездеседі*);

- тұрақты эпитеттермен басталады (*құдретлу, шафағатлу, мархабатлу, гизатлу, хұрметлу немесе аса мәртебелі, қымбатты, т.б.).*

XIX ғасырдың І жартысындағы хаттар тілінің лексикасының өзіндік айырмашылығы болды:

-хан, ханзада, ханым, ханша, төре, сұлтан, би, болыс, ақсүйек, кедей, т.б. сөздер жиі қолданылады, *алаш* сөзі де жиі жұмсалды, ол сол қоғамның келбетін танытады;

-сөздері түсінікті, осы кезеңге дейінгі талданған хаттар тілімен салыстырғанда қазақ сөздері басым, яғни жалпы халықтық қазақ тілінің лексикасында жазылған;

-араб-парсы сөздері қолданылды;

-орыс сөздері қоғамдағы өзгерістерді танытады;

-осы тұста қазақ қоғамының әлеуметтік және әкімшілік құрылысына байланысты жаңа сөздер әдеби тіліміздің орын алды.

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақша эпистолярлық стильдің бір белгісі – түркі жазба әдеби тілдеріне тән кейбір грамматикалық тұлға тәсілдерді пайдалануы. Мысалы, Махамбеттің *«хурматлу батырларға»* жазған хатында *уа, уа һәм, бірлән, біләп* деген шылауларды, *бек, нечук* деген үстеулер мен есімдіктерді қолданады; еді, емес деген көмекші етістіктері кейде *ерді, ермәс* түрінде көне үйғыр жазба дәстүрінен келе жатқан тұлғада жазады, араб-парсы сөздері түпнұсқаша жазылған т.б. ерекшеліктерді санамалап беруге болады.

Араб графикасымен жарияланған қосымшалардың қазақ тіліне тән фонетикалық варианттары кейде еленбейді, нәтижесінде көптік жалғау тек *–лар* түрінде, табыс септік *-ны,* ілік септік *-ның,* жатыс *-та*, шығыс *-нан* түрінде беріледі: *оқуны, қазақлар, адамлар, арызлар, мекемелерні.*

XIX ғасыр соңындағы хаттар тілі қазіргі әдеби тіліміздің көп айырмашылығы жоқ. Етістіктің сыпайы түрі жиі қолданылады.

Қорыта айтқанда, қарастырылып отырылған кезеңдегі эпистолярлық стильге жататын хат мәтіндеріндегі грамматикалық ерекшеліктері барлығында бірдей емес. Бірінде көне түркілік элементтер басым болса, екінші хатта орыс сөздері қолданылған. Енді бірінде қазіргі қазақ әдеби тілінен дараланатын грамматикалық ерекшеліктер көзге түспейді.

Ал XX ғасыр басындағы хат мәтінінің тіліне келсек, онда «кітаби шағатай тілінде» жазылған хаттар кездеседі. Зиялы қауымның көпшілігі өзіне дейінгі эпистолярлық стильге тән жазу үлгісін қолданды.

Лексикалық құрамында араб, парсы, шағатай және бүгінгі түркі тілінің элементі болды. Мысалы, *үшбу, бек, офат, бегірек*, т.б. Орыс сөздері де жұмсалды. Мысалы, *средняя школа – орта школ, государственная дума – дәулет думасы* түрінде кездеседі.

XX ғасырдағы хат тілінің тағы бір ерекшелігі:

хаттардың қазақ әдеби тілінде жазылуы;

орыс сөздерінің сирек қолданылуы;

кейбір интернационалдық терминдердің де қазақшаға аударылып берілуі т.б.

Сонымен, қарастырылған кезеңдердегі лексикалық ерекшеліктерге араб-парсы сөздерінің жиі жұмсалуын, қазақ жерінің Ресей империясына бағынуына байланысты орыс сөздерінің қолданыла бастауын, тұрақты эпитеттердің жұмсалуын т.б. жатқызуға болады.

Хат мәтініндегі грамматикалық ерекшеліктер негізінен қосымшалар мен етістік формаларының аясында байқалады. Мысалы жалғаулықтар *және, мен* орнына *уа, һәм, кейде бірлән* қолданылған.

Синтаксистік ерекшеліктер сөйлемдерінің өте ұзақ болып құрылуынан байқалады. Айшуақ ханның хатында сөздердің көбіне жуық араб, парсы, көне түркі сөздері болғандықтан оқуға, түсінуге қиындық туғызады. Көптік жалғауының қолданылуында да қазіргі тілмен салыстырғанда елеулі өзгешелік байқалады.

Эпистолярлық стиль элементтері көркем шығарма тілінде көп кездеседі.

Эпистолярлық стильде жазылған көркем шығармаларды әр кезеңдегі әдебиеттен кездестіре аламыз. Эпистолярлық стиль белгілері XIX ғасыр ақыны Кете Жүсіп Ешниязов шығармаларынан да көрініс береді. Кете Жүсіптің «Атыңды емлемен жаздым хатқа» (Ажар қызға бірінші хат), «Білімді артық туған перизатым» (Ажар қызға екінші хат) өлеңдері – хат түрінде жазылған шығармалар. Бұл екі өлең тілінде көнерген сөздер кездеседі.

XX ғасыр басындағы көркем шығармалардан Ы.Алтынсариннің «Балғожа бидің баласына жазған хаты», Омар Шипиннің «Губернатор келгенде», «Құбаша ақынның Әбдірахман Иманқұл ұлына жазған хаты», «Әбдірахманның Құбашаға қайтарған жауап хаты» деген өлеңдер жатады, т.б. шығармаларды айтуға болады.

Бұл кезеңге тән хат түріндегі өлеңдердің тілі жатық. Көпшілік қауымға түсінікті. Араб-парсы тілімен шұбарланбаған. Қарапайым, ауызекі стильде жазылған. Көріктеуіш құралдар, троп түрлері ауыспалы мағынадағы сөздер, образды суреттеулер орын алмаған. Мақал-мәтел, фразеологизмдер де көркем шығармалармен салыстырғанда аз жұмсалған деуге болады. Орыс сөздері кездеседі, олар - көбінесе әскери терминдер, патшаның шеніне қатысты атаулар, техникаға байланысты атаулар т.б.

Демек, хат түріндегі өлеңдер эпистолярлық стильде жазылған, ауызекі стильге өте жақын, өлеңде айқындауыш, айшықтау т.б. көріктеу құралдары қолданылмаған.

Көркем әдебиеттегі эпистолярлық стиль элементтері кейде сол қалпында беріліп, яғни грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерімен жазылған. Оның себебі жазушы суреттеп отырған қоғамның келбетін шынайы беру қажеттілігінен туындайды.

Хат түріндегі өлеңдерді Абай шығармашылығынан да кездестіреміз. «Жігіт сөзі» және «Қыз сөзі» өлеңдері эпистолярлық стиль үлгісінде жазылған. Аталған өлеңдердің құрылысы күрделі емес, жеңіл ұйқасқа құрылған. Мұнда көнерген сөздер мен араб-парсы сөздері жоқ, тілі түсінікті.

Абайдың аудармалары ішінде де эпистолярлық стиль үлгісіндегі туындылар бар. Олар: Пушкиннен аударылған «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегин сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты». Абай аудармасында «Евгений Онегин» Татьяна мен Онегиннің бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасы Абай аудармасында эпистолярлық роман түрінде шыққан. Эпистолярлық стильдің тағы бір ерекшелігі - мұнда хат жолдаушы кейіпкер өз басындағы

махаббат, күйініш-сүйініш т.б. психологиялық жағдайларды, ішкі сырын, ең бір аяулы сезімдерін жайып салады, сондықтан кейіпкердің ішкі сезім-толғаныстары, сезім сарайы терең ашылып, ешқандай бүкпесіз, ашық, нанымды бейнеленеді.

Абайдың баласы Мағауия Құнанбаевтың «Әбішке хат» өлеңі, Тұрағұл Құнанбаевтың «Хат», «Жауап хат», «Әбішке /хат/» өлеңдері де хат мәтінінде жазылған. Бұл хаттарда да адам басындағы психологиялық жағдайлар, қимастық, өткен күндерге деген сағыныш, амалсыздық т.б. жүрек толқытар сезімдер көрініс табады.

Эпистолярлық стиль элементтері тек поэзиялық шығармаларда емес, прозалық, публицистикалық шығармаларда да көптеп ұшырасады. Баубек Бұлқышевтың майданда жүріп жазған «Шығысұлына хат» шығармасы эпистолярлық стиль үлгісін көрсетеді. Шығармада майдан шебінде жүрген жауынгердің Отанға деген патриоттық сезімі көркем тілмен баяндалады. Соғыстағы жан түршігерлік оқиғаларды баяндай отырып, өзінің жауға деген өшпенділігі, ыза -кегі одан сайын өсе, өрши түскенін айтады. Бұдан біздің байқайтынымыз, эпистолярлық стиль адамның ішкі жан дүниесіндегі жек көрушілікті, махаббатты, адамдық парыз бен арнамысты, адам басындағы ең бір ауыр кезеңдерді барынша терең, бүкпесіз жеткізе алады.

Хат мәтінінің тағы бір артықшылығы - хат көбінесе ең жақын адамға арналатындықтан, ондағы оқиға барынша нанымды баяндалады.

Хат түріндегі шығарма жазушыға қаһармандарын барынша ашық, тебірене сөйлеуге, ішкі дүниесін бүкпесіз ақтаруға мүмкіндік береді. Сондықтан эпистолярлық стильді көркем шығармада қолдану – жазушы үшін кейіпкердің ішкі сезім сарайын ашуда, оның барлық ішкі толқынысын, тебіренісін ақтарып салып, сол арқылы оқырман көңілінен орын табуда таптырмас тәсіл болып табылады.

Түйіндесек, қазақ эпистолярлық стилі бар, ол ресми стиль ішінен орын алатын, ауызекі стиль элементтері жиі ұшырасатын, өзіндік жазу мәнері бар шағын стиль болып табылады.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮРТАНУ БАСТАУЫ

М. БЕКБОСЫНОВ
ф.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бәрімізге белгілі жайт белгілі бір әдеби әдіске сүйеніп жазылған әдебиет қазақ халқының өнер тарихындағы зор рухани құбылыс болған ұлы туындылар негізінде жасалды десек, оны дүниеге әкелген әдебиет алыптары қазақ әдебиетінің жетекші күші, сусындаушы нәрі ретінде өзін филологиялық кең ауқымда зерттейтін ғалымдар мүдделестігін, одақтастығын түзді. Жалқыны танымай жалпыны тани алмайтындығымызды Қ. Өмірәлиев: «Әрине, бұл жолдың өзі әдеттегі даңғыл жол да емес, өте қиын жол. Қиын болатыны – Абай сияқты бірінші объектінің өзі ауыр жол, осы жолды өзге әдіспен, өзге бір формамен зерттеп, суреттеп шыққан, біріне – бірі байланысты, өзектес, шарттас тағы бір қос жол – Әуезовтей ірі зерттеуші, ұлы суреткер салған екінші жол бар. Мекемтас осы жолдарды еркін, талықпай өтіп келіп отыр. Осы жолда өзі де Абайтану саласынан келіп барып Мұхтартану жолын бастаған. Біз осы жолда авторға сәт сапар тілейміз» [1] – деп, атап көрсетеді.

Жалпыға аян, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы 30 жылы М. Көпейұлының өнімді еңбек еткен шығармашылық алтын кезеңі болып, әрі ақынның қазақ романтизмін дамытуға өзіндік үлес қосқан шақтарынан хабар береді. Қазан төңкерісінен кейінгі он жылдықтардың әдебиетін тану, кей тұста Мәшһүрді танудан бастау алып отыратыны жасырын емес. Әлкей Хақанұлы Марғұлан – Шоқантануды, Ақжан Машани – Фарабитануды өмірге қалай әкелсе, Мәшһүртануды М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Қоңыратбаев, М. Қаратаев, М.Мағауин сияқты ұлт зиялылары үлкен күреспен бірте – бірте елге танытқанымен, ілім ретінде халыққа танытуда олардың ойға алған игілікті істерінің жүзеге асуына кеңестік темір ноқта, дінсіздік (атеистік) идеологиясы мүмкіндік бермеді. Осылайша, әдебиеттану ғылымындағы әр түрлі сипаттағы Мәшһүр мұрасы жайындағы таным – түсінік Абайтану, Шәкәрімтану, Сұлтанмахмұттану ілімдерінің бірінен кеш, бірімен тұстас пайда болды. Мәшһүртану әуелі стихиялы түрде өрістеп, 1990 – шы жылдардан бастап, С. Дәуітұлы, Қ. Пазылұлы, С. Сүтжан, У. Қалижанұлы т.б. іргелі зерттеулері негізінде қазақ әдебиеттану ғылымының даму тарихындағы ең негізгі, ең ірі де, өзекті саласына айнала бастады. Қазақ филологиясында С. Дәуітұлы ақынның екі томдығын жұрт назарына ұсынса, толық шығармалар жинағын бастыру және ендігі жердегі осы бағыттағы зерттеулердің қандай жолмен жүруін белгілеп берген Қ.П. Мәшһүр – Жүсіп болды. Аталған екі әдебиеттанушының қол жеткізген алғашқы ғылыми табыстары – Мәшһүртануды әдеби айналысқа енгізулері болса, екінші ірі табысы – библиографиялық көрсеткіштер арқылы Мәшһүртанудың қалай басталып, қалай дамығанын, қалай жеке әдеби ілім ретінде дараланып шығуын көрсетіп, Мәшһүртанудың тарихын жасады. Осыдан кейін әдебиетіміздің ең соңғы қол жеткізген табыстары негізінде жалпы ұлттық деңгейде М. Көпейұлы мұралары түрлі аспектіде зерделене бастады.

Сөз басын белгілі ақын, әдебиетші Қадыр Мырза Әлидің мына пікірінен бастайық:

«Бұдан он шақты жыл бұрын университетте лекция оқып жүріп мен де бір нәрсеге қатты мән бергенмін. Өз пәніме байланысты әдебиет теориясының көптеген оқулықтарымен танысып шығуыма тура келді. Соның

бір де біреуі шығысты аузына алмайды. Мысалы, поэзия және оның түрлерін талдағанда сонет, романс, ода, мадригал, баллада, терцин... сияқты еуропалық өлең түрлерімен шектеледі. Гётенің өзі шығыстың жеті данышпан ақынын білемін, жетеуі де менен мықты деген. Европа ғалымдары, ең болмаса, ұлы ақынның осы сөзіне мән бермей ме?! Ойланбай ма?! Олар қандай формада жазды екен деп толғанбай ма?! Егер олар да Еуропа ақындары секілді романс, ода, мадригал, баллада, терцин жазған болса неге мысал келтірмейді...

Жоқ! Олар арзу, бәйіт, ғазел, қасыда, мусаддат, мухаммет, мураббе, месневи, тахмис, тержибейді, теркибенді... тәрізді толып жатқан өлең – жырдың шығыстық түрлерінде еңбек еткен. Европалық әдебиеттанушылар, немене, бұларды білмей ме? Орыс оқымыстыларынікі не? Олар неге бұл ежелгі мәдени әдебиетті аттап өтеді?! Түсінікті жәйт: европалық бірауыздылық, өркөкіректік.

Шынын айтқанда. Шығыстың өзі Орта Азиямен шектелмейді ғой. Жапония, Қытай, Үндістан секілді ұлы елдерді қайда тығып қоймақ?

Менің негізгі айтпағым, әрине, бұлар емес. Бірақ ілім – білім, ғылым туралы толғана отырып, осы бір әлемдік әділетсіздікті аттап өте алмадым.

Ерте ме, кеш пе мұның бәрі қалпына түсіп, әр нәрсе өз орнына келе жатар. Мәселе тек осыған қарап тұрған жоқ, әйтсе де, көрер көзге жасалған қиянат адамның көңіліне келеді. Мың – мың жылдық тарихы, мың – мың жылдық мәдениеті бар қытайлықтар әрқилы жаңалықтар ашып жатқан кезде Ұлыбритания аралында адамдар жартылай жалаңаш жүрген жоқ па еді?! Ендеше, соның бәрін жылы жауып қойып, ежелгі Шығыс, ежелгі Азия мәдениетін жоққа шығару асқан ақылдылық емес, әрине!» [2].

Иә, парсы – араб және үнді – қытай өлең үлгілерінің сюжеттерінің, ақын – жазушыларының әр дәуірдегі түркі әдебиетіне, оның ішінде, қазақ әдебиетіне еткен ықпалы, енді – енді қолға алынып қарастырыла бастады. Ең көп зерттелген дейтін XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіне тигізген ауыз әдебиеті мен орыс әдебиетінің әсері көбіне Маркстік көзқараспен түсіндіріліп келгені де жасырын емес. Оның өзінде де, сол кездегі әдеби процесте ерекше із қалдырған кейбір ақын – жазушылар не ат үсті сөз етілді, не кеңестік саясат кесірінен шығармашылығы мүлде дерлік бағаланбай келді.

Біз осы уақытқа дейін шығармашылығы өте аз зерттелінген қаламгерлердің бірі, әдебиетіміздің ірі өкілі – М.Көпейұлы. Қазір туғанына 150 жыл толғалы отырған поэзия саңылағының артында қалған 20 томдық мол мұрасын ақын ұрпақтары шығара бастады. Оған дейін ф.ғ.д. С. Дәуітұлы басшылығымен екі томдығы шыққан болатын, осы таңдамалы басылымға дейін 1940 жылы басылған «Қазақ әдебиеті хрестоматиясында» және Мәскеуде шыққан «Дала әні», қазақ ақындары антологиясына бір өлеңі енсе, араға аттай 43 салып, 1983 жылы Т.Әбдірахманов пен Қ.Жармағамбетов құрастырған «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» жинағына «Шайтанның саудасы» өлеңі енді.

Әдебиет тарихынан әдейі шеттетілген екі ақынның (Шәкәрім мен Мәшһүр) орыс тілі арқылы әлемге танылуына М.Мағауин құрастырған «Поэты Казахстана» жинағы зор рөл атқарды. Мәшһүрді орыс тілді ортаға танытқан «Шайтанның саудасы» оның шығармашылығын ТМД елдеріне танытуға көп септігін тигізді. Ал, ғұлама ақынның өз еліне танылуына әлі де 12 жылдай уақыт керек болды. Оның осындай болуына екі түрлі себеп бар: бірі – саяси сақтық, екіншісі – туындыларының екі түрлі араб қарпімен (қадымша, жадитше) жазылуынан.

Ақынның қазақ әдебиетінде алатын орнын Б. Кенжебаев, А. Нұрқатов, С. Қирабаев, С. Дәуітұлы және т.б. өз еңбектерінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әдеби процеске қатысты сөз еткені болмаса, арнайы зерттеу нысанына алынбай келді. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басынан бастап ақын шығармашылығы жайында арнайы зерттеу еңбектері жазылып, диссертациялар қорғала бастады. Бұған дейін М. Көпейұлы туралы ең әділ бағаны Ә. Қоңыратбаев берді[3, 245]. Өйткені, 1907 жылы жарық көрген «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал - ахуал», «Тіршілікте көп жасағанымыздан көргеніміз» атты кітаптары тәркіленіп, қазақ әдебиетінің жанашыры ағайынды баспагер Құсайыновтар 12 мың рубль айып тартып, ақын құдалауға ұшырағанымен оташылдықты өлтіре сынаған азаматтық романтизмі оны елге кеңінен танытты. Қазақ әдебиетінде саяси лирика жанрының негізін қалап, әдебиетіміздің кейінгі толқын өкілдері: А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов т.б. жолбасшы болды. Осындай танымал ақынның өлеңдерінің А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышына» мысал ретінде енбеуін екі жағдайдан деп танимыз: бірі – өлеңдерінің оқулық авторы қолында болмауы, екіншісі – өте – мөте азат ойлылығынан.

Ақын шығармалары С. Сүтжан [4], Г. Жүсіпова және Е. Жүсіпов[5] т.б. зерттеулерінде тек стиль, жанр және әдеби дәстүр тұрғысынан сараланды. Мәшһүрдің тұстастарының ұстанған азаматтық романтизм ағымдары Дулат пен Мақамбеттен бастау алатындығы М. Бекбосынов[6] монографиясында кеңінен сөз етілді. Көркемдік әдіс аясында ақын туындыларын Абай, Шәкәрім, Мағжанмен бірлікте алып қарастырған белгілі әдебиеттанушы Қ.П.Мәшһүр – Жүсіп өзінің «Қазақ лирикасындағы стиль мен бейнелік» монографиясында алғаш рет сөз қылды [7]. Аталған ғалымның пікірін басшылыққа ала отып, ақынның 58 жылдық шығармашылық ғұмырында романтикалық сипатта жазылған шығармаларының шығу төркіні мен әдеби дәстүр байланыстылығын оның лирикасы мен дастандары негізінде зерделемекпіз.

Ескеретін жайт, Мәшһүр – Ақылбай, Мағауия, Әсет және Мағжан т.б. сияқты таза романтикалық туындылар жазбаған қаламгер. Бірақ өзінің шығармашылық процесінде романтизм әдісін тұтынған. Біздің алдымызға қойған мақсат – М. Көпейұлын таза романтик жасап шығу емес, ақын туындыларында кездесетін ауыз әдебиеті, шығыстың ақындық дәстүрлерінің, сондай – ақ, Жуковский, Рылеев т.б. орыс романтиктері үрдісінің нышан – белгілерін сол дәуірдің әдеби процесінде орын алған көркемдік әдіс тұрғысынан саралау.

Мәшһүрдің шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы үлкен – үлкен төрт арнадан тұрады: біріншісі – ауыз әдебиеті үлгілерін жаңартып, оны өз туындыларында молынан пайдалануы; екіншісі – ақын – жыраулар үрдісін жаңа тарихи жағдаймен байланыстыра трансформацияландыруы; үшіншісі – шығыс классиктері мен түркі суфизмін шығармаларына серік етуі; төртіншісі – орыс әдебиетінің романтиктері: Жуковский, Рылеев, Одеевский т.б. түп нұсқадан оқып білуі және өз шығармашылығында ондағы идеяларды жөнімен орынды кәдеге жаратуы.

Біздің әдеби тарихымызда үш әдеби мектеп қалыптасты. Оның бірі Махамбет пен Дулаттар түрлеген ақын – жыраулар мектебі; екіншісі – әлемдік әдеби дәстүрге негізделген Абайдың ақындық мектебі; үшіншісі – Шығыстық дәстүрді ұстанған Сыр сүлейлерінің ақындық мектебі. Үш әдеби мектеп өздерінің алға қойған әдеби міндеттеріне орай үш түрлі бағытта дамығанымен, мақсат – мүддесі біреу – халыққа рухани қызмет ету. Ұлттық ақындардың да, дәстүршіл ақындардың да, халық ақындарының да шағын өлеңдері көбіне тұтас өлең күйінде емес, тауып айтқан сөздерімен ел аузына ілікті.

Ауызша айтып шығарушылар да, жазып өлең тудырушылар да мұсылманша оқып, білім алған, молда алдын көрген өз заманының зиялылары еді. Бұрын вариантылығы көп, әркімге бір телінетін ұлағатты сөздер ендігі жерде нақты шығарушысының атымен аталып, ел аузына іліккен ондай ақындарды алты алашқа аян етті. Махамбет, Дулат, Абайлар көзі тірісінде өз жинақтарын қолына ұстамай кетсе, олардың XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әдеби ізбасарлары өз шығармаларын кітап қылып шығарып, елге таратты. Біз осы кезеңдегі әдеби процесте орын алған әдеби дәстүрлерге тоқталар болсақ, олар төртеу:

1) Ақын жыраулар мен фольклор үлгісі;
2) Шығыс әдеби үлгілері;
3) Европа әдебетінің әсері мен ықпалы;
4) Абай өнегесі.

Фольклордағы жанрлардың (жоқтау, арнау) ұлттық нақыштағы элегия мен одаға айналып, бұрынғы ақын – жыраулар поэзиясындағы жорық жырлары, жауынгер ақындардың жұрттан өзгеше ақындық «мені» мен автопортреті т.т. жаңа замандағы ел еркіндігін аңсау негізінде М. Көпейұлының азаматтық романтизмінде түрлі дәрежеде көрініс берді.

Мәшһүрдің өзінен бұрынғы ақын – жыраулармен шығармашылық байланыстарын сөз еткенде екі түрлі мәселеге назар аудару қажет: оның бірі – олардың артында қалған мұраларын жинастырып, дәстүрлерінен тәлім – тәрбие алуына; екіншісі - өзінен бұрынғылардың жырлап өткен романтизміне енгізген өзіндік жаңалықтарына. Өмірде де, әдебиетте де ғайыптан ешнәрсе пайда болмайтыны аян, сондықтан, олардың азаматтық романтизмге дейінгі ізденістерін Мәшһүр жаңа ағымды өмірге әкелгенде кеңінен пайдаланды. М. Көпейұлының XX ғасырдың басындағы үш кітабы романтизмді тұтас көркемдік әдіс ретінде орнықтырды. Қазақтың азаматтық романтизмінің туып қалыптасуы тарихи тұрғыдан қажет, әрі заңды да еді. М. Көпейұлы қазақ әдебиетінде бұрынан бар көркемдік әдісті тұр жағынан емес, мазмұн жағынан байытты. Соған орай мұның өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, Мәшһүр бұл көркемдік әдісті негізінен бір ғана жанрда, дәлірек айтсақ, поэзия саласында қалыптастырды. Екіншіден, Мәшһүр өзінің ақындық, шығармашылық ізденістеріне жауапты зар заман ақындары мен батыс әдебиетінен тапты.

Қазақтардың ауыз әдебиетінен бастау алған діни әдебиетінде:

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса, неге қалған, –

деп, реалды нақты болу – болмауы шартты емес, шындықты жырлауы, Бұқардан бастап, XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі әдебиетімізде тек реализм әдісі басымдықпен дамыса, Шәкәрім мен Мәшһүр – Жүсіп тұсында романтизм элементтерінің үстем келуі жалпы сипат ала бастады. Мәшһүр ауыз әдебиеті үлгілерін тек діни тақырып аясында пайдаланып қана қойған жоқ. Оның айтыс, мысал, сын, жоқтау, арнау т.б. жанрлық элементтерін өз шығармашылығында отаршылдық зардабын ашып көрсету үшін молынан қолданды. Ал, ақындық қарымын романтик ретінде ұштауда мақал – мәтелдер мен жұмбақ үлгілерін, билер сөзін, тұрақты эпитет пен әдеби қалыптасқан дәстүрлі ұғымдарды көркемдік әдіс талабына сай «*жергілікті колоритті*» шеберлікпен қажетіне жаратты.

Оның шығармасындағы сөздің символдану процесінің молдығы ақынның басқалардан дараланып тұратын стильдік ерекшелігін танытып, жалпы халықтық қарабайыр сөздерге: «соқыр», «саңырау» және «жалаңашқа» дәуір тынысын танытатын символикалық ерекше мән беруі, оның әдеби жаңашылдығын танытады. Заттың бір белгісін емес, өзін тұтастай жұмбақтай қолдануы көп жағдайда оның романтизм әдісіне бейім қаламгер екенін білгізіп отырады.

Шәкәрім, Мәшһүр және Шәді төре сияқты ақындардың көбірек үлгі тұтқаны шығыс әдебиетіндегі діни – ғылыми ағартушылық бағыт деп білер едік. Жаппай діни сауаттану мұсылманша терең білім алған, парсы, араб және шағатай тілдерін жетік білетін ақындар шоғырын қалыптастырды. Әдебиетіміз Еуропада бізден көп уақыт бұрын болып кеткен ағартушылық кезеңге XIX ғасырдың соңында басы бүтін аяқ басты. Белгілі діntанушы Мұртаза Бұлұтай: «... әр ғылымның, әрбір пәннің өзіне тән терминологиясы болатыны сөзсіз, – дей келе, – кеңес дәуірінде қазақ тілінде діни – ғылыми, діни – әдеби тіл қолданылмағаны белгілі... Ибраһим Құнанбайұлы, Ибрахим Алтынсарыұлы, Шаһкәрім Құдайбердіұлы, Ақат Үлімжіұлы, Мәшһүр Жүсіп, Әубәкір Кердері сықылды толып жатқан төңкеріске дейінгі ақындардың туындыларында осы сөздерді табуға болады. Жалпы, бізде өзі түсінбейтін жаңа сөздерге

жатырқай қараушылық көп» [8, I,XIV,XV]– деп, исламдық шығыс дәстүрінің әдеби терминологиясының қазақ әдебиетінде қалыптасқандығын хабардар етеді. Дәуір талабына сай әдебиет тудыруда аталған ақындар жаңа кезеңдегі әдеби процестегі тарихи қажеттілікке сай, әрбір қоғамдық оймен үндесетін лирика жанрында үлт оқырмандарына әсері мол дидактикалық поэзияны өз шығармашылықтарында әдеби – эстетикалық тәлімінің ауқымын кеңейтіп, діни – ағартушылық бағытты өмірге әкелді.

Ислам өркениетінің құрамдас бір бөлігі болып саналатын қазақ ұлтынан шыққан ғұламалар Абай, Шәкәрім, Мәшһүр – Жүсіп, Сұлтанмахмұт діни – ғылыми ағартушылық бағытында Шығыстың дидактикалық – философиялық, діни – дидактикалық поэзиясынан нәр алып үйреніп қана қойған жоқ, оны қазақ өмір шындығынан туындаған әдеби процесте өз түсінік – танымдарымен шығармашылық ой елегінен өткізе отыра, түр, мазмұн жағынан байытты және аталған қаламгерлер тарапынан осы ағым соны көркемдік үлгіде көрініс тапты. Олар өздері пір тұтқан шығыс шайырларынан үйренген дәстүрлеріне екі жаңашылдық қосты. Оның бірі – сатиралық, екіншісі – соны бейнелілік. Соңғысы туралы М.Әуезов мынандай пікір айтады: «Өлеңдерінде айтылатын ойдың бірталайын жаңа сөзбен таратады» [9, 170]. Бұл әдеби текті Абайдың таңдап алуы тегін еместі, оқырманы шала діни сауатты ортада, сол дәуірдегі қазақ түсінігіне жақындығы ескерілсе, екіншіден көркемдігінен сөзшеңдігі, ақылмандығы басым жанр ақынға елін ояту үшін табылмайтын әдеби құрал еді.

Ақындардың әдеби – эстетикалық талғамы ұлтынан жоғары болғандықтан бірыңғай еуропалық үрдіске ауына, оқырман талғамының дайын еместігі қол байлау болып, заманның өресіне орай сыршыл лиризм екінші орынға ысырылып, оның орнын үлгі - өнеге тілі – дидактикалық поэзия басып отырды. Жеке дара ақындардың поэзиялық қуаттарын отаршылық кезеңдегі қазақ қоғамына қызмет етуге арнауында бәрінің бастарын біріктіретін ұлттық мүдде бар. Ол мүдде дидактикалық поэзияда жарқын көрініс тапты. Мәшһүрді басқалардан бөлектендіріп тұратын ерекшелігі Шығыстық әдеби үлгіні, ауыз әдебиетімен ұштастыра жаңа заманға бейімдей жырлауында. Европалық келісті сурет пен нақты сезім сұлулығына негізделген лирика бар да, ақын – жыраулар тұтынған өмір шындығын көркем жинақтаудың өзіндік түрлерін тудырған, тұспалдау аясында, сөз мағынасын да көп кеңейткен шығыстың ойлы поэзиясы бар екенін еш ұмытпауымыз қажет. Шығыс поэзиясын одан үйренген Еуропалық әдебиеттен кеміте бағалау еш опа әпермейді. әлемдік поэзия бағында Шығыс – Шығыс, Батыс – Батыс болып қала береді.

Ғұлама Абай шығыс үлгісіне үнемі үйи бермегенін:

Имансыздық намазда,

Қызылбастың салған жол –

дегенінде көп мән – мағына жатыр. М.Бұлұтай Фирдаусидің «Шахнамесі» исламда алғаш парсы ұлтшылдығын көрсеткен шығарма [8, 344] десе, Қадыр Мырза Әли осы тақырыпты, яғни шахтар кітабын ең алғаш Дакики бастап жазып, Фирдоуси аяқтаған деген пікір айтады [2, 317]. Мұсылмандардың ең алғаш *Шейіт* пен *Сунnит* болып бөлінуін кім бастағанын Абай оқырманына түсіндірсе, «Имансыздық намазда» деген сөзін күні бүгінге дейін ұқпай келдік. Діни терминдерді көп өзгертіп қабылдаған ирандықтар «әс - Салат» сөзін «намаз» деп өздерінше тәржімалаған, осы аударма, яғни парсы тіліндегі баламасы түркі тілінде орнығып қалды[8]. Абай осы тарихи оқиғаны имансыздық діннен безгендік деп меңзеп отыр.

Қазақ діни әдебиетінде Бұқар:

Хақтың үйі мешітті,

Хақты құдай кешіпті,

Ибрахим Халил жасады

Тәңірім үйі Кебені (Кәғбаны) [8,412] –

десе, Шәкәрімдегі:

Айсаны көрсем егер мен,

Тіріл, – дер ем, – қайта, сен.

Сені Құдай деді де,

Айырылды халқың дініңнен! [10] –десе, Мәшһүр алған бетінен қайтпайтын ақынның өр бейнесін романтикалық рухта арманмен өрілте сомдайды:

Көбіне жек көрінішті менің сөзім,

Өз сөзімнен танбаймын сонда да өзім,

Заманында Пайғамбар не болғанын

Иншалла, тірі болсам көрер көзім.

Аталған мысалдардан біз діни әдебиетіміздегі екі көркемдік әдіспен жазылған өлеңдердің үзіндісінен Үш тарихи тұлға: Ибрахим Халил, Иса ғ.а.с. мен Мұхаммед пайғамбарлардың екі түрлі сомдалғанына көз жеткізе аламыз. Бұқарда Ибрахим Халилдің Қасиетті Қағбаны қалай тұрғызғаны шынайы тарихи дәлдікпен берілсе, Шәкәрім мен Мәшһүрде шындық өмірде болмайтын оқиғалар: біріншісінде: ақынның пайғамбарға үметтерінің дін бұзарлық қылығы үшін арзулана шағымдану ситуациясы романтикалық шарттылықпен кестеленсе; екіншісінде: ақынның фантастогормониялық о дүниеден күтер рахатты пайғамбар заманында не болғанын білуі сөз етіледі.

М. Дүйсеновтің: «Тақырыпты, ойды жаңа бір қырынан ашпаған жерде, оқушы жаңаша сезінбеген жағдайда, ол өлең жаңалық бола алмайды. әр өлең оқушының жаңа бір сезімін басу керек» [11, 175] – деген пікіріне қосыла отырып, Мәшһүрдің араб – парсы әдеби дәстүрін қазақ оқырманына жаңа қырымен ашқан шеберлігін баса көрсетуге тиіспіз.

Абай өз стилінде дидактизмнен көбіне қол үзіп отырса, Мәшһүр – Жүсіп қазақ романтизміне дидактизм элементтерін үстеді. Қ. Мұхаметқанұлы XX ғасыр басына дейін қазақ әдебиеті Шығыстық негізде ғана дамып келсе, енді Абай үлгісімен еуропадан үйрену дәуірі басталғандығын сөз етеді. Осы шақта қазақ қаламгерлері түрлі романтикалық ағымдарды өмірге әкелді. Екі ерекше романтик ақын Сәкен мен Мағжан батыс пен шығыстан үлгі алуды доғарып, ұлттық нақыштағы алаштық романтикалық әлемді туғызды.

XX ғасыр басындағы қазақ романтизмнің өзіндік ерекшеліктерін, басқа елдердің романтиктерімен ұқсастықтарын танып білу жолында жасалған соны ізденістер[12] легі көңілді қуантады. Бізде, өзімізше, осы бір романтикалық әдебиетімізді жаңаша зерделеуге талпыныс жасауға тырыстық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Өмірәлиев Қ. Абайтану мен Мұхтартанудағы жаңа өріс // Жалын № 2, 1981.

2 Қадыр Мырза Әли. Жазымыш, - Алматы: Атамұра, 2004, - 480 бет.

3 Қоңыратбаев Ә. Кітапта: Әдеби мұра және оны зерттеу. А., 1961.

4 Сүтжан С. Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты.

5 Жүсіпова Г., Мәшһүр – Жүсіп дастандары: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты.

6 Жүсіпов Е. Мәшһүр – Жүсіп шығармаларындағы шығыс әдеби дәстүрі: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты.

7 Бекбосынов М. Тәуекел мен батыл ой (әдебиет тарихындағы азаттық танымдары). «Үш биік», Семей – 2007.

8 Мәшһүр – Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль мен бейнелік. П., 1999.

9 Бұлұтай М. Ата – баба діні ? Түркілер неге мұсылман болды? Астана. Фолиант. 2004.

10 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – ҚМКӘБ, А., 1959. 208 б.

11 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, Мектеп. 1964.

10 Шәкәрім Иманым. Ақ Орда 2000.

11 Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. А., 1965.

12 Тілешов Е.Е. Суреткер және көркемдік әдіс – Алматы, «Арқас», 2005. 278 б.

13 Белинский В.Г. Полн. Соб. Соч.: В 30 т. М., 1953.

14 Григорьев Аполлон. Взгляд на русскую литетатуру со смерти Пушкина. – В кн.: Григорьев Аполлон. Литературная критика. М., 1967.

15 Горький А.М. Собр.соч. в 30 – ти т., М., 1953.

ӘОЖ 882.151.212.2

АЙЛЫҚ ЕҢБЕК АҚЫЛАРЫН БЕРГЕН ЕДІ

М. БҮРКІТБАЕВ
Жаңажол совхозының бұрынғы бас есепшісі

Мәдениет үйінің қаражаты банктен алынған ақшаға салынғанымен, М.Ж. Көпеев мұражайына деген қаражатқа, сол кездегі совхоздың маман қызметкерлері басы директоры Рахметов М.Д., партком хатшысы Түскенов Р., жұмысшылар комитеті бастығы Рахпанов Н., аға прораб кейінірек ауыл совет бастығы Мағзұмов З., оған дейінгі а. с. бастығы Молшин Ж., мектеп директоры Хусаинов Т., рабкооп бастығы Бекболатов Бүркіт, ақсақалдар Таев М., Байдилдин Секен, Ахметов Кенжебек, Тілеубаев Тұмарбек, Шохин Қадашор, Шалабаев А., қызметкерлер Кәрібаев Бағдат, Жүсіпов Мадат, Бижанов Оразтай, Байдилдин Қаткен, Исекеев Пшенбай, тағы да мал мамандары бар, көпшілігі жарты айлық, кейбірі толық бір айлық еңбектерін беріп, мал (қой) бергендері де бар. Жиналған ақша іссапарға баратындарға, керек-жарақ экспонаттар жасауға жұмсалды. Осы қаражат мәселесімен шұғылдануды М.Д. Рахметов маған жүктеді.

Сейсембеков Балтабайдың басшылығы көмегімен Аман Омаров қалаға іссапарға барып, экспонаттар жинады. Алматыдан 12 маман шақырылып әкелініп, мәдениет үйінде орналастырылып, олар мұражайға деген көп стендтер, бюст, т.б. планшеттер жасады. Ауыл-ауылдан, ел-елден, мұражайға деген экспонаттар бірсыпыра жиналды. Сол заттардың көпшілігін жинауда Аман Омаровтың еңбегі зор деп білемін.

1977-жылы алматылық ақсақал Ахметов Нағи ағамыз: «Ашпаған есігім, баспаған табалдырығым қалмады», – деп, директорының алдында: «Ал, бала, енді өздерің мойындарыңа алып, мұражай ашуға қалайсыңдар?» –деген еді.

Сол кезде мектептің ішінен бір кішкене бөлме беріліп, директоры Хусаинов Т. Ж., совхоз директоры Рахметов М. Д., парткомы Түскенов Р. Мәшекең атының атына музей ашты.

Атаның туыстарынан көмек көрсеткендерді де атаймын, олар немересі Төлеубай ата, Сүйіндік, Нүрила әжеміз, Шегендік бауырымыз болды.

ӘОЖ 882.151.212.2

ЕСТЕ ҚАЛҒАН ЖАЙЛАР

Т. ЕЛУБАЕВ
Баянауыл ауданындағы бұрынғы басқару комитетінің төрағасының орынбасары, Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер

Халқымыздың ғұлама, данышпан, әулие тұлғаларының бірі, Мәшһүр Жүсіптің, кесенесі және мұражайы туралы кейбір есте қалған жайларды айтуға тура келіп отыр.

Мәшекеңнің кесенесін қалпына келтіру мәселесі 1960 жылдардан бастап көтеріле бастады. Мен ол кезде аудандық Кеңес атқару комитетінің жауапты хатшысы болып істейтінмін. Сол кезден бастап Алматыда туратын ұлтжанды, зиялы қауым өкілдері баспасөз беттерінде, түрлі кездесулерде Мәшһүр Жүсіп және сол сияқты адамдар жөнінде өз пікірлерін айта бастады.

1967 жылы күз айында 60 жылдық мерейтойына байланысты жерлес ақынымыз Дихан Әбілов жұбайымен және жанында Тұманбай Молдағалиев Баянға келді. Ол кісі ауылдарда болған кезінде, мен бірге жүрдім. Мен ол кезде аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасының орынбасары болатынмын.

Ақын Дихан Әбілов жанындағы адамдармен Жаңажол, Торайғыров атындағы совхоздарда және аудан орталығында халықпен кездесулер өткізді. Жаңажол, Торайғыров атындағы совхоздарда болғанда Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт Торайғыров зираттарында болып, дұға оқыды.

Жаңажол совхозында кездесуде және жеке әңгімелерде Мәшекең кесенесі, мұрағаттары туралы әңгіме болды.

1969-1970 жылдардан бастап, Мәшһүр Жүсіпке байланысты мәселелер жиі қолға алына бастады. Мәшекеңнің кесенесін қайта қалпына келтіріп, істеуде Қарасуық совхозының директоры Қарбаев Махмет, Каримов К, Рахметов Мұрат белсене қатысты.

Кесенеге керек құрылыс материалдармен Екібастұз қаласының басшылары үлкен көмек жасады. Кесенеге қажет плиталарын әкелуге көмек жасауды сұрап, мен Екібастұз қаласының атқару комитетіне, сонда орналасқан Екібастұз кен-барлау экспедициясының бастығы, жерлесіміз Білалов Зекенге, хат жолдадым. Сол хат бойынша, Екібастұз қалалық атқару комитетінің төрағасының орынбасары Халел Халеловтің араласуымен Екібастұз кен-барлау экспедициясының құрылыс материалдарын таситын машиналарымен плиталарды жеткізіп берді. Кеңінен осы кесенені жаппай бітіруде совхоз директоры Рахметов Мұраттың еңбегі ерекше болды.

Мәшекеңнің кесенесі қиратылғанда, оның орнын тәртіпке келтіріп, өз әлінше қалпына келгенше келіні Мәмиләнің қажырлы еңбегін айтуға тұрарлық.

Мәшһүр Жүсіп мұражайын ашу мәселесіне совхоз директоры Мұрат Рахметов белсене кірісті. Совхоз орталығындағы орта мектепте қоғамдық негізде Мәшекеңе арналған мұражай ашу жөнінде Мұрат Рахметов басшылық жасады.

Сол кездегі мектептің директоры Тұрсынбай Құсайынов, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Кенжеш Рахметовке келіп ақылдасты. Оқу бөлімінің меңгерушісі, аудандық атқару комитетіне келіп, маған айтты. Ол ұсынысты қолдадым. Мектептен бөлме бөліп, ашу керек деген келісім бердік. Содан кейін, мұғалімдер коллективінің белсене кірісумен, совхоз басшыларының қолдауымен 1981 жылы қоғамдық негізде Мәшһүр Жүсіпке арналған мұражай ашылды.

Жалпы, Жоғары партия, совет орындарының кесенесі қалпына келтіруге және мұражай ашу жөнінде шешімі болған жоқ.

Облыстағы басты қызметте жүрген азаматтар тарапынан, мақұлдай қолдаушылар болды. Олар: Сейсенбеков Балтабай, Марденов Қалымбай, аудан азаматтары Рахметов Мұрат т.б. Тек 2002 жылы облыс әкімі Даниал Кенжебайұлы Ахметовтің араласуымен ғұлама, әулие Мәшһүр Жүсіпке арналған кесенені жақсы жобамен салу мәселесі шешіліп, қолға алынды. Тиісті қаражат бөлінді. Бұл мәселені одан әрі облыс әкімі Қайрат Нұрпейісов жалғастырып, кесенені салу мәселесін аяқтауға күш салды. Бұл мәселе жөнінде Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Ерлан Арынның белсене кіріскен еңбегін атап айтуымыз керек.

1981 жылы совхозда жаңа мәдениет үйі салынып бітуіне байланысты, совхоз директоры Мұрат Рахметовтың ұсынысымен және оның тікелей белсене араласуының нәтижесінде мәдениет үйінің ішінен Мәшһүр Жүсіпке арналған бөлме бөлініп, мектептегі мұражай сонда көшіріліп, жеке мұражай ашылды. Оны жабдықтап реттеуге совхоз әкімшілігі үлкен қолғабыс етті. Мәдениет үйінде орналасқан мұражайда жаңа экспонаттармен толықтыра түсуде облыстық мәдениет басқармасының мамандары келіп үлкен көмек көрсетті. Бұл көмек сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының бастығы Балтабай Сейсембаетың тарапынан жасалып еді.

Бұған дейін совхоз директоры Мұрат Рахметов Сұлтанмахмұт Торайғыров мұражайын ашуда көп еңбек жасаған мұғалім Амангелді Омаровпен келісіп, совхоз есебінен еңбекақы төлеп, Мәшекең мұражайының жұмысын ұйымдастырған еді.

Мәшекеңнің мұражайын ашуға байланысты есімде қалған жайлар осындай.

УДК 81’255.2

ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО КОЛОРИТА В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПЕРЕВОДЕ

Б.Б. ЖУМАБЕКОВА
ст. преподаватель, ПГУ им. С. Торайгырова, г. Павлодар

Проблема отражения национального колорита в художественном произведении интересовала многих писателей, критиков и литературоведов. Первые теоретические суждения по этому вопросу принадлежат А. С. Пушкину. «Есть образ мыслей и чувствований, есть тьма обычаев, поверий, привычек, принадлежащих исключительно какому-нибудь народу», - говорил А. С. Пушкин.

А. Федоров по этому поводу замечает: «Пушкин требовал перевода, сохраняющего национально-художественное своеобразие подлинника, считая возможным такой перевод».

В. Г. Белинский, определяя задачи переводчика, требовал сохранять в полной мере своеобразие подлинника: «Близость к подлиннику состоит в передаче не буквы, а духа подлинника. Каждый язык имеет свои, одному ему принадлежащие средства, особенности и свойства, до такой степени, что для того, чтобы передать верно, иной образ или фразу в переводе иногда их должно совершенно изменить. Соответствующий образ, так же, как и соответствующая фраза, состоят не всегда в видимой соответственности слов: надо, чтобы внутренняя жизнь переводного выражения соответствовала внутренней жизни оригинального».

Большое значение придавал этому вопросу и Н. Г. Чернышевский. Тесно связывая содержание произведения с его формой, он писал: «Без местного колорита в обстановке, без национального элемента в действующих настоящие романы, настоящие повести. Без местных красок и национальных обычаев, мыслей, национальности характеров в действующих лицах нет вида реальности – правдоподобия в действии, ни осязательности в действующих лицах». Такого же мнения придерживался и Н. А. Добролюбов: «Для перевода мало сохранить смысл и соблюсти правильность и чистоту языка, для него нужна жизнь, которою проникнут подлинник».

Таким образом, по мнению Пушкина, Белинского, передача национального мироощущения и мышления, т.е. национального колорита – один из важнейших вопросов в практике перевода. При этом выделяют следующие положения: тесную связь формы с содержанием; важную роль языковых средств (параллелей) при воссоздании духа оригинала; порочность дословного перевода; недопустимость произвольных пропусков или добавлений.

Проблема передачи национального колорита в художественном переводе стала особенно актуальной в последнее время. В литературоведении она выступает под различными терминами (национальная форма, национальная окраска, национальное своеобразие, местный колорит, исторический колорит, колорит эпохи, национальный колорит).

Книга А. Федорова «О художественном переводе» - крупный вклад в теорию перевода. В ней освещены основные теоретические положения художественного перевода. А. Федоров касается и вопроса национального колорита и его передачи.

И. А. Кашкин, затрагивая эти вопросы, отмечает: «Национальная форма передается не искажением языка, на который переводится данное художественное произведение, не прилаживанием этого языка к чужим грамматическим нормам, не гримировкой, костюмерией и бутафорией «под местный колорит». Национальная форма передается глубоким проникновением в самую суть национального и социального своеобразия народа, убедительным раскрытием того, как психическая общность нации выражается в ее языке, и того, как в литературе это выражение психической общности наций осложняется идивидуальным своеобразием стиля автора и изображаемого персонажа». Так один из ведущих советских переводчиков излагает принципы своей работы. Однако он не раскрывает само понятие «национальная форма» и методы передачи ее в художественном переводе.

Проблеме передачи национального колорита в художественном переводе посвящены две статьи В. Россельса, который одним из первых исследователей глубоко и разносторонне осветил этот вопрос. В его статьях дана достаточно полная и обоснованная характеристика понятия национального колорита, уточнены его компоненты и изложены методы и принципы их воспроизведения в художественном переводе.

Разработкой теории художественного перевода занимается Н. Владимирова. В ее трудах освещаются некоторые теоретические положения художественного перевода на узбекский язык.

Намечает пути, вернее отправные точки, для решения проблемы сохранения национального колорита А. В. Федоров в монографии «Основы общей теории перевода».

Национальным колоритом можно считать совокупность характерных особенностей какой-либо нации, национальности, ее своеобразие, отраженные в произведениях искусства. В этом плане местный колорит – это характерные особенности данной местности; колорит эпохи, или исторический колорит – характерные особенности того или иного периода в истории народа. Следовательно, местный колорит и колорит эпохи являются компонентами национального колорита.

Национальный колорит – понятие весьма широкое. Оно охватывает своеобразные национальные особенности народа, его историю и жизнь.

ЛИТЕРАТУРА
1 Белинский В.Г. О русской повести и повестях Гоголя . ППС, т.1.
2 Кашкин И.А. Вопросы перевода. В сб. «В братском единстве». – М., 1954.
3 Федоров А.В. Основы общей теории перевода, - М.: ООО «Издательский дом» «Филология три», 2002 г.
4 Федоров А.В. К вопросу о переводимости «Актуальные проблемы теории художественного перевода», -М., 1967, т1.

ӘОЖ 82.091

МӘШҺҮР – ЖҮСІП ЖӘНЕ БАЙРОН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Б.Б. ЖУМАБЕКОВА
аға оқытушысы, орыс филология кафедрасы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ақындар шығармаларындағы бейнелеу құралдарын пайдалану өзектестігі.

Екі ақынның шығармашылығын ұйытқан көркемдік – эстетикалық негіз – әдебиеттегі қос ақынның тілдегі бейнелеу құралдары сабақтастығы болып табылады. Мәшһүр – Жүсіп шығармашылығының ағылшын әдебиетінің өкілі Байрон шығармашылығымен үндесіп жатуы тың пікір түюге негіз қалайды. Сондықтан да Мәшһүр – Жүсіптің шығармашылық, көркемдік әлемінің Байрон туындыларымен тамырластығы, олардың арасындағы үйлесім мен ерекшеліктерін анықтау – арнайы зерттеудің негізгі арқауы болып отыр.

Осы орайда, Мәшһүр – Жүсіп пен Байрон туындыларын зерттегенде, екі ақыннан тақырып орайластығы, идея айтудағы жақындықпен қатар тілдің бейнелеу құралдарын жетілдірудегі сабақтастықты көреміз.

Байронның да, Мәшһүр – Жүсіптің де өз кезіндегі зиянды әдеттерді түйрей сынағаны белгілі. Осы орайда, ең алдымен, екі суреткердің де сол тұстағы елді сорлатқан әлеуметтік теңсіздік, атап айтқанда, қулық – сұмдықтың көбеюі, сөздің қадірі кеткендігі, елді неше түрлі алаяқ – пысықтардың билеуін т.б шенеуін алайық. Мысалы, Мәшһүр – Жүсіп өз шығармаларында халықтың игі жақсыларын арыстанға, ку – пысықтарды түлкіге, чиновниктерді «қасқырға» теңеп, сарбаз ерлердің ептілірге тәуелді болып қалғанын көрсетеді:

Ақыртып арыстандай шерді жығып,
Үстінен ойнақтап жүр түлкі шығып,
Қабанға, қасқыр менен қалып торғай,
Жатақта арыстандар қалды бұғып [1; 152 б].

Байрон да ағылшынның билеуші, озбыр қауымына қарсы ереуілді үн қосып, оларды мысқылдап сынауына назар аударайық. Ақын халықтың игі жақсыларын бүркітке, залымдарды тісі ақсиған жолбарысқа, кедейлерді жейтін тамағы жоқ итке, ку – пысықтарды түлкіге теңейді:

The rascals, perhaps, may betake them to robbing,
The dogs to be sure have got nothing to eat –
So if we can hang them for breaking,
`T will save all the Government`s money and meat:
Men are more easily made than machinery –
Stockings fetch bette prices than lives –
Gibbets on Sherwood will heighten the scenery,
Showing how Gommerce how Liberty thives! [2; 235 б]

(бүркітті – the eagle, жолбарысты – the tiger, итті – the dog, түлкі – the fox деп беруінде) – деген қорытындысынан әлеуметтік теңсіздікке деген наразылығын айқын көреміз.

Келтірілген мысалдардан байқалатындай екі ақын шығармаларына сатиралық сарын, өткір сарказм тән. Мәселен, екі өлеңде де мысқылдап отырған құбылыстардың ішкі мәніне тереңдей үңіледі және сол кеселдің төркінін тап басып, дәл табады.

Қос ақын шығармашылығын түйіндей келе, бейнелеу құралдарын пайдаланудағы өзектестіктегі аңғарамыз. Мәселен, қазақ халқында халықтың игі жақсыларын, батырларды «арыстанға» яғни арыстан аңына баласа, ал ағылшындар бүркітке (the eagle) балайды екен.

Арыстанның айбаттылық қасиетіне қарап «арыстандай айбатты» деген метафоралық тіркес қалыптасса, ал ағылшындар «to be sharp – sighted as the eagle» (зоркий как орел) деп, бүркіттің қырағылық қасиетін ескере отырып, осы тіркесті қалыптастырған. Екі ақынның қолданып отырған ауыстырулары өздері жырға қосып отырған бейнені, өмір құбылыстарын көркем әрі бейнелі оймен бере білу жағымен ерекшеленеді. Мұның өзі үлкен шеберлікке байланысты екендігі даусыз.

Адамдық нұрлы ақылмен тамырлас. Ақыл – баға жетпес қазына, өте қымбат қасиет.

Ақыл жөнінде Әл – Фарабидің «Социально – эстетические трактаты» деген еңбегінде: «Адамды адам қылғаны ес – ақылы», - деп тұжырымдаған екен [3]. Бұны Абай да қостаған. Ол 38 – сөзінде: «Жанды хайуандардан ақылды адамды жаратыпты» деп жазады. Яғни адамның барлық өзге жанды мақұлықтардан ең үлкен ерекшелігі – ақылы деп біледі [4; 51].

Мәшһүр – Жүсіп пен Байрон арасындағы үндестік, бейнелеу құралдары сабақтастығы осы ақыл жайында болмақ. Яғни екі ақынның дерексіз ұғымды заттандырудың сөз мағынасын кеңейтуде, образ әсерлілігін арттыруда үлкен рөл атқаратынын байқаймыз.

Мәселен, Мәшһүр – Жүсіпте:

Ақыл – шам, керек оған май мен білте,
Сасарсың кеш боп қалса, ескер ерте.
Түн болмай күн барында жабдық ойлап,
Қолыңа түсіре бер бірте – бірте [1; 158 б] - деп береді.

Байронда:

Ақыл –сәуле, жер бетіне өмір беріп,
Тіршіліктің өшпейтін өңін беріп,
Көркіне көріністің құнықтырған [5; 93 б]
The mind can make,
Substance and people planets of its own.
With beings brighter than have been, and give
A breath to forms which can outlive all fresh [2; 211 б]

Мәшһүр – Жүсіпте дерексіз ұғым «ақылдың» заттануы «шам» сөзімен алынып, салыстыру, балау жүзеге асқан.

Ал, оған «май мен білте керек», «сасарсың кеш боп қалса, ескер ерте» деген жолдар дерексіз ұғым ақылдың белгілі бір мөлшерге ие болуын айғақтайды.

Байронда дерексіз ұғым ақылдың жан иесіне айналғанын байқаймыз.

Яғни, дерексіз ақылдың сәулеге балануы арқылы оның жер бетіне өмір беруі, жарық шашуы бейнелі, әрі әсерлі алынған. Ақын ақылды «сәулеге» балайды.

Екі ақында да «ақыл» сөзі жарық беруші ретінде алынған, яғни Мәшһүр – Жүсіпте «шам», ал Байронда «сәуле» деп берілген. Қорыта айтсақ, күн, сәуле – жарық, нұр, қашан да болсын, бұл адамның бақыты, ырысы бейнесінде суреттеліп отырады. Ақылды «сәуле», «шам» деп алуда екі ақын да ағартушылық идеясын жақтайды. Олар білім алу биік мұраттарға бастайды деген ойды өз өлеңдерінде әсерлі суреттеген.

Ел тағдыры туралы толғаныстар қос ақынның туындыларының қайсысынан да айқын аңғарылып отырады. Мәселен, Мәшһүр – Жүсіптің «Ғибратнамасында» ақындық, азаматтық міндеті туралы ойын ұсынып, арманын ашық айта алмай, дағдарысқа ұшырап жүргенін ескерте келіп, ойын мысалдап түсіндірген Мәшһүр – Жүсіп бұлбұлды қаршығаға кезестіреді. Ол қаршығаға: «Сенің тұрағың «бектердің оң қолында», патшалармен ойнассың, беделің артық, мен қызыл гүл іздеп зарлаймын, оның ашылғанын не күндіз, не түнде көре алмай, «хасіретім көп» дейді.

Бұлбұлға жауап береген қаршыға:

Аузыңды ақылың болса, жабар едің,
Үндемей сабыр қылып бағар едің.
Тілі жол сықылды мылқау болсаң,
Бір күнде мың мұратты табар едің, [6; 38 б] - деп өз ісін мақтан тұтады, бұлбұлдың қылығын келемеж қылады.

Бұл сөздерге бұлбұл қатты қынжылады, атақ құмар қаршығаны аяусыз кінәлайды. Бұлбұлды жақтаған ақын ойын:

Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол,
Табылар ізденгенге бір қызыл гүл, [6; 39 б] - деп түйеді. Яғни халық үшін еңбек еткен, алға ұмтылған адам мұратқа жетеді дегенді меңзейді.

Осы шығармада ақынның өзімен идеясын айтуда «бұлбұл», «қызыл гүл» символдарын кездестіреміз. Шығыста бұлбұл мен гүл бақыттылықтың белгісі екені белгілі.

Сонымен қатар, Байронның «Гяур» туындысын алатын болсақ, мұнда да «қызыл гүл» мен «бұлбұл» сөздерін кездестіруге болады:

Қызыл гүл де жайнайды,
Келеді бұлбұл гүлге ынтық
Таңдайын безеп сайрайды,
Жүз рет дауысын құбылтып, [5; 324 б] - дей келе, гүлдің ән мен бақ ішінде қар мен дауыл, қысты білмей, бұлбұлдың жаңа үнін тыңдай жүріп, күнде қызыққа бататынын суреттей келе:

Ондай гүлге ғашық көп,
Үңгір бар онда, тыныш та,
Қарақшы бар қанқұйлы;
Тек бақыт жайлар бұл елді,
Жауыздар бар жайлаған!...
Азапқа құмар адамдар,
Қызыл гүлді таптайды [5; 325 б]

Ақын жауыздардың жасаған зорлық – зомбылығын айта отырып, бұрынғы күлкі жоқ екенін әсерлі суреттейді.

Соңынан:

Немесе Мәшһүр – Жүсіптің «Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны» өлеңінде:

Құс біткен қонағына кетті қайтып,
Осындай қыс боларын біздереге айтып.
Таусылып қызыл гүлдер, қалды тікен,
Сайрайды гүлстансыз бұлбұл қайтып? [6, 159 б].

Ақын қоғамда орын алған әділетсіздік, жақсылық пен жамандықты қадап айта отырып, шығыс поэзия дәстүрін шебер өрістетуін көреміз. Сонымен, түйіндей келе, екі ақынның да шығыстағы бақыттылық символын ерекше шебер пайдаланғанын байқаймыз. Байронда «қызыл гүл» red flower, «бұлбұл» - the nighting – ale деп берілген.

Мәшһүр – Жүсіп пен Байронның туындыларындағы символдар халықтың бақытты, бақытсыз өмір сүруін суреттейді, тілдегі бейнелеуде үндестікті таныта тұрып, ақындардың ақындық ойдың қуатын, табиғаттан, өмірден эстетикалық қабылдауы арқылы байланыстырыла отырып жыр жолдарына түсірілгенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, екі ақын шығармаларында:

1. Әлеуметтік теңсіздікті, зорлық – зомдылықты суреттеудегі үндестік.
2. «Ақыл» дерексіз ұғымын заттандырудың сөз мағынасын кеңейтудегі рөлі.
3. «Қызыл гүл» «бұлбұл» сөздерінің қолданылуындағы үндестікті байқаймыз.

Бұл зерттеу еңбегімізде Мәшһүр – Жүсіп Көпеев пен Джордж Гордон Байрон поэзия әлемінің тереңнен тамырласып жатқанын зерттей келе, екі ақынның шығармашылығын ұйытқан әдебиеттегі ұлттық және жалпыадамзаттық идеялар тоғысына көз жеткіздік. Қос ақынның да ірі қаламгер, әрі қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен де сол кездегі қоғамдағы тағдыры, т.б. жөніндегі ой қорытулары еді.

Сонымен қатар, екі ақында да өз кезеңдеріндегі өзекті мәселелерді көтеру, ел ішіндегі ұнамсыз қылықтарды сынап, би – болыстар мен патша әкімдерінің келеңсіздіктерін әшкерлеп, озық ой – көзқарастарын байқатады.

Мәшһүр – Жүсіп те, Байрон да ағартушылық идеясын жақтаған. Олар білім алу – биік мұраттарға бастайды деп түсінді.

Сөйтіп, Мәшһүр – Жүсіп пен Байрон сынды екі түрлі әдеби дәстүрлердің мектебінен шыққан авторлардың көркемдік әлеміндегі мұндай сәйкестіктер ұлттар, мәдениеттер арасындағы қатынастың бар екенін дәлелдейтін тағы бір айғақ болып табылады. Осы қатынастың дәлелі шығармаларындағы бейнелеу құралдарын пайдалану, идеяның тоғысуынан да байқалады.

Ой – тұжырым негіздеудегі бұл сабақтастық әрі идея төркіндестігі – бір ұлтқа ғана қатысты емес, халықаралық маңызы бар, жалпыадамзаттық мәңгілік сұрақтардың жауабын іздейтін сөз үлгілер мен мәні зор поэтикалық құрылымдағы ұйытқы мәтіндердің негізі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1 том. – Павлодар:ЭКО,2003.- 436 б.
2 Byron. Selections from Byron. – Moscow: Progress Publishers 1979.- 520 с.
3 Байрон.Таңдамалы шығармалар. 1 том. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем баспасы, 1960. – 404 б.
4 Шаңғытбаев Қ. Рубаилар. – Алматы: Ғылым, 1981. – 232 б.
5Byron. Selections from Byron. – Moscow: Progress Publishers 1979.- 520 с.
6 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. 1 том. – Алматы: Ғылым,1990.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

ҚАЗАҚ АҢЫЗДАРЫНЫҢ ЖИНАЛУ МӘСЕЛЕСІ

Н.Қ. ЖҮСІПОВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
А.М. ЖАҚТАЙ
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Фольклортану ғылымын толық біліп, әрі қарай дамыту үшін алдымен фольклордың жиналу мен жариялану және зерттелу процесін біртұтас күйде қарастыру керектігі күмәнсіз. Мұндай ойды көптеген алыс және шет ғалымдары, сондай-ақ қазақ фольклорын зерттеушілер құптайды. Аңыздардың жиналу процесін сөз еткенде, әрине әрбір зерттеушінің аңыздарды жинаушылық қызметіне толықталумен бірге, оны бір жүйеде қарастыру қажет.

Жазба әдебиеттен фольклордың негізгі айырмашылықтарының бірі – оның ауызекі таралуы мен сақталу формасында. Ал, бұл зерттеушіге, жалпы оқырман қауымға халық шығармасының толыққанды жетуі үшін, ең алдымен оны жинау, мұқият қағазға түсіру, содан кейін баспадан басып шығаруға кірісу міндетін жүктейді. Міне, мұның өзі фольклорды жинаушылық мызметтің қаншалықты жауапты, ауқымды мәнді екендігін көрсетеді.

Сондай-ақ халық мәдениетінің алтын қоры болып табылатын фольклорды жинау – бұл ел шығармашылығының қаншалықты талантты, жан-жақты екендігін діттеуге жол ашады. Сонымен қатар фольклор үлгілерін жинау ісі – бай фольклорлық мұраның жойылып кетпей, кейінгілерге аманат етіп сақтап қалудың бірден–бір жолы екені айдан анық.

Фольклорды жинаудың, жариялаудың, зерттеудің алғашқы тәжірибелері сонау XYIII, XIX ғасырдан бастау алғаны мәлім. Ал, XIX ғасырдың соңғы жырма жылында жинау, жариялау, зерттеу ісі кең өріс алды. Бұл кезеңде фольклорды негізінен маман-этнографтар, тілші-түрколог мамандар жинаған. Сонымен қатар, олар жинаған материалдарды мерзімді баспасөз бетінде жариялап отырды, халық ауыз әдебиеті туралы ғылыми тұжырым жасап, зерттеулер жүргізді. Яғни бұл процес фольклортанушы ғалымдар: А.Алекторов, Н.Аристов, А.Васильев, Н.Веселеовский, Г.Потанин, Ә.Диваев, М-Ж. Көпеев есімдерін атауға болады.

Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.Диваев, М.Ж.Көпеев фольклор үлгілерін әрі жинаудың, әрі жариялаудың, әрі зерттеудің не бір үздік, әрі өзіндік әдіс-тәсілдері қолданыс тапқан. Олардың тәжірибесі келесі ұрпақтың фольклорды жинау ісін әрі қарай дамытуына жол ашты. Соның арқасында бұл дәстүр XX ғасырдың бірінші жартысында да тоқтап қалмай, өз жалғасын тапты. Бұл кездегі жиналған фольклор үлгілері, оның ішінде ертегілер де өзінің мәнерлілігімен, көркемдік күш–қуаты неғұрлым толық сақталумен ерекшеленеді.

XX ғасырдағы Қазақстанда фольклор үлгілерін жинау мәселесі 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін кең жолға қойылып, қоғамдық маңызы бар іске айналды. Партия мен өкіметтің бастауымен бұл жағдай қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің гүлденуіне әкеледі деп есептелді.

1920 жылдардың алғашқы кезеңдерінен-ақ үкіметтің арнаулы қаулысы бойынша бір топ ғылыми орталықтар жұмыс істей бастады: Қазақ оқу халық комиссариат, Академиялық орталығының коллегиясы, Түркістан республикасының Халық комиссариаты советі жанындағы Қазақ ғылыми комиссиясы, Қазақ оқу халық комиссариаты жанынан ашылған Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы және тағы басқа да Түркістан республикасы мен Түркістан өлкесінің қоғамдары мен мекемелері Ғылым академисының орталық өлкетану бюросымен бірігіп жұмыс істеді.

Қазақстан фольклортанушылары 1920 жылдарда халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап бастыруды қолға алды. Сөйтіп, бұл шаралар қоғамдық маңызы бар істің біріне айналды. Сондықтан да қазақ ертегілерін жинау мәселелері сол кездің ғылыми съездерінің күн тәртібіне еніп, баспасөз бетінде ол жайлы пікір алысу басталған.

Соның бірі профессор Н.Н.Фатовтың «Қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері» атты мақаласы [1, 31 б.]. Мұнда ол қазақ халқының ауыз әдебиетін жинай беруге шақырады. Сонымен бірге ол жыл мезгілдеріне арналған өлең-жырлар, тұрмыс-салт жырлары, тарихи жырлар, ертегілер, жұмбақтар, мақалдар, айтыс өлеңдері деген тақырыптарға бөліп жинауды ұсынады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ фольклортану ғылымы өз алдына жеке ғылым саласы ретінде қалыптасқаны белгілі. Бұл кезде фольклор үлгілерін жинау әрі қарқынды, әрі мақсатты түрде жүргізіліп, көбінесе танымдық, насихаттық т.б. сипат танытты. Фольклорлық шығармалар, негізінен, саяхатнама, сипаттама, жазбалар, күнделік т.б. түріндегі еңбектер ішінде кездесіп отырады.

Мәселен, В.В. Радловтың нағыз ғылыми жүйемен жинастыру әдісі бірден қалыптаса қойған жоқ. «Әдетте жарыса жазғанда жырлаушы мен айтушы шабытынан айрылып қалады, шатасып, жаңылып әңгіменің желісін жоғалтып алады, жылраушы мен айтушыға қалауынша қарқын керек, ұйып тыңдайтын тыңдаушылар керек», - дейді В.В. Радлов.

В.В.Радловтың фольклорды жинаудағы негізгі мақсаты – қазақ тілінің байлығын сақтауды көздейтіні күмәнсіз. Жинаушы Радловтың тағы бір мақсаты- халық мұрасының тұрмыс-салттағы және рухани өмірдегі негізін анықтау. Ол аз да болса айтушыны жиі мүдіртуден қашу үшін және жарыса жазуды халық таланттарын жырлатудың әдепкі жағдайына жуықтату үшін алдымен тыңдап, мәтін мазмұнын қысқаша жазып алатын да, содан кейін айтқыза отырып тікелей тәсіл арқылы жазуға көшетін болған. Қазан төңкерісіне дейін белгілі зерттеуші В.В.Радловтың еңбектері жарияланғаны, онда: әрі көлемді, әрі ғылыми мәндегі өте маңызды тұжырымдармен қатар, фольклордың барынша көп жанрларының қамтылуы да, тілдік ерекшеліктердің мейлінше толық сақталуы да, жанрларға бөлудің алғашқы тәжірибесі де т.б. болғаны белгілі.

Ғалым Г.Н.Потанин фольклор үлгілері мен этнографиялық материалдарды қатар жинаудың шарттарын белгіленген алғашқы жоба-проектілерінің бірі болып табылатын «Қырғыздар (қазақтар – Н.Ж.) мен Сібір татарларының бұлдыр нанымдарын, көне ертегілері, діни ғұрыптарын зерттеу мәселесін» жариялады. Мұнда Сібір татарлары мен қазақтардың әдет-ғұрып, салт-санасы, ырымдары, діни сенімдері туралы мәлімет берумен қатар, бағдарлама іспетті бұл еңбекте жинау жұмыстарының үш бағытын белгіледі:

1) Әлем жаратылысы жайындағы нанымдар;
2) ертегілер (яғни батырлық және ертегі эпос);
3) діни әдет-ғұрыптар.

Ғалым Н.С.Смирнованың пікірінше, Г.Н.Потанин фольклорды жинау барысында: Көкшетау жерінде фольклор жинаған И.В.Урасов пен Ақмола жеріндегі жинаумен айналысқан А.М.Головачев тәрізді тілшілердің де көмегіне сүйенген. Г.Н.Потанин жинағандары арасында фольклордың небір үлгілері: қиял-ғажайып, хайуанаттар жайындағы ертегілер; космогониялық, этиологиялық, тарихи аңыз-әңгімелер; түрлі шежірелер, эпос үлгілері т.б. бар. Г.Н.Потанин жинаушылығының негізгі мақсаты- халықтың мәдениеті мен тұрмысын тарихи –этнографиялық таным тұрғысынан қарастыру болып табылатын.

Г.Н.Потаниннің фольклорды жинаудың негізгі үлгісі – экспедициялық тәсіл екені мәлім. Сонымен қатар Г.Н.Потанин фольклорды тұрғылықты тәсіл арқылы да жинаған. Қазақ аңыздарын тұрғылықты әдіс арқылыжинау дегеніміз – белгілі бір мекенде тұрып, фольклорды сол маңайдан үзіліссіз жинау. Бұл жұмыспен аудан орталығында, үлкен ауыл-аймақта т.с.с. мекенде тұрақты тұратын маман шұғылданады.

Г.Н.Потаниннің халық ауыз әдебиетін жинау әдісі В.Радловқа қарағанда өзгеше. Ол өзінше ертегі, аңыздарды жинап, орыс тіліне аударып бастыруда Равдовтан басқа тәсіл ұстанды. Ол көбінше өзіне ертегі, аңыздарды айтып берген адамдардың аттарын, тұрғылықты жерін, ауылдарының атын жазып отырған. С Потаниннің «Солтүстік-батыс Монғолия очерктерінің» екінші кітабында Тарбағатай жеріндегі экспедиция кезінде жиналған аңыздары мен ертегілері бар. « Қазақ-қырғыз және алтай ертегі, аңыздары» деген жинақ Көкшетау мен Қарқаралы жеріндегі экспедиция кезінде жиналған аңыз, ертегілерінен құралған.

В.В.Равловтың жинаушылық қызметін атасақ «Нұсқаларының» жетінші тарауында «Қара өлең» деген топтама жариялап, оған көптеген өлең түрлерін енгізсе, сегізінші тарауда «Қазақтың бұрыңғы батырлары туралы өлеңмен мәселе сөзде» өзі жинаған көптеген аңыз нұсқаларын кіргізген. Бұл қатарда «Қазақтың түбі», «Абылай хан», «Абылай хан жырының басы», «Тәтінің сөзі», «Қойгелді», «Қырғызға барған батыр» атауға болады.

«Қазақтың түбі»- Шыңғыс ханның хан болуы туралы бұл аңыз халық арасында кеңінен тараған. В.Радлов оны алғаш жинап, жариялаушылардың бірі. Оның бірер нұсқасын Потанин де жариялаған (Потанин Г.Н., Очерки Северо-западной Монголии).

«Абылай хан»- Абылай хан туралы аңыздар қазақ фольклоистикасында алар орны салмақты. Аңыздарда Абылайдың іс –әрекеттері дәріптеліп те, сыналып та бейнеленеді.В.Радлов Абылай туралы екі аңыз бен Абылай туралы жырдың басын жазып алған. Біріншісінде мифтік сарын басым болса, екіншісінде Абылайдың Ботақанды өлтіруі жөніндегі тарихи оқиға баяндалады. Бұл сюжет «Абылай мен Олжабай», «Ботақан» жырларында да кездеседі.

Мәшһүр-Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі-аңыз бен әңгімлер. Аңыздар жер-су аттарын байланысты, әулиелер, тарихи адамдар, пайғамбарлар т.б. болып келеді.

Жалпы Мәшһүр-Жүсіп жинаған материалдар, негізінен үш қайнарда /жазбада/ жинақталған. Біріншісі – Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы. Оның көбісі кезінде өкінішке орай жоғалып кеткен. Бізге жеткен материалдардың біраз бөлігі Ғылым академиясының кітапханасында «Қара мес» деген топтама түрінде сақтаулы, ал, қалғаны Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ұрпақтарында «әулеттік архив» күйінде сақтаулы. Екіншісі – ғалым Жолмұрат Жүсіпұлының жазбалары. Олардың ішінде Мәшһүр-Жүсіптің өз қолжазбасынан көшіргендері де, әр кезде ел аузынан жинап алғандары да бар. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев еңбектері туралы, оның қашан, кіммен кездесіп, одан не жазып алғаны хақында мол деректер қалдырған ғалым Жолмұрат Жүсіпұлы жазбаларының Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығын тануда да, жалпы қазақ әдебиеті тарихын зерттеуде де мәні үлкен дегіміз келеді. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіп туралы теріс көзқарас, тыйым салу белең алған кезде мұрасын қызғыштай қорғап, оны кейінгілерге сақтап жеткізуде еңбегі айрықша [2, 24 б.].

Үшіншісі – Мәшһүр-Жүсіптің кенже ұлы Фазылдың жазбалары. Ол кісі де біраз ретте әкесінің жазбаларынан көшіріп, енді бірде ел аузынан жинаған.

Мәшһүр-Жүсіп аңыз бен ауыз әдебиет үлгілерін жинаушы дегенде, ол нұсқаларды қалай жинағанына алдымен назар аудару қажет. Қазіргі жинаушыларға қойылар биік ғылыми талаптар өлшемімен бағаласақ та, Мәшһүр-Жүсіптің кезінде көбінесе материалды кімнен, қандай жағдайда, қалай жазып алғанын біршама көрсетіп отырғанына көз жеткіземіз.

Мәшһүр-Жүсіп жинаушылығы үш түрде, үш әдісте жүрген:

1) ауызша айтылғанды сөзбе-сөз, немесе тыңдау негізінде хатқа түсіру;

2) ел ішіндегі қолжазбалардан көшіру;

3) ертеректе шыққан кітаптардан көшіріп алу [3, 85 б.]

Мәшһүр-Жүсіп ел арасынан түрлі аңыздар жинаған «Ой түндік белеңде деген қай жерде», «Шайқы Бұрқы әулие», «Болған ана мен Белең ата», «Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа», «Адам мен шайтан», «Пайғамбардың нұры», «Расулдің өлімі» [4, 282-354 б.]

Қорыта айтқанда, жалпы басқа фольклорист-ғалымдардан М.Ж.Көпейұлының жинау ерекшеліктерін атар болсақ, Ш.Уәлихановтан кейінгі тұңғыш өз ұлтының фольклорист-ғалым болуы, қазақ т.б. тілдерді жетік меңгергендігі, Г.Н.Потанин т.б. ғалымдар тәрізді үлгінің сюжеті мен мазмұнын бөліп алмай, түгел жинауы, тез ауызша айтылған текстті араб әрпімен қолжазбаға түсіру, жазбаға түсіру сәтінде не көмекшінің, не аудармашының, не корреспонденттердің т.б. көмегіне сүйенбей өзі жазуы, жоғарыда айтылған белгілі бір сұранысқа арнайы жинауы, фольклор үлгілерін циклдік әдіс арқылы да жинап, қағазға түсіргені, жинаушылық, әрі экспедициялық, әрі стационарлық әдіс арқылы да іске асуы, жалпы фольклорист ғалымдар үшін міндетті талаптардың барлығының орындалып отыруы т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы / Н.Қ.Жүсіпов. – Павлодар, 2007. – 380 б.

2 Сүтжанов С.Н. Мәшһүр-Жүсіп жазбалары / С.Сүтжанов // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. - №6. - 65 б.

3 Жүсіпов Н.Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы / Н.Қ.Жүсіпов. – Павлодар, 2003. – 246 б.

4 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004-535 б.

УДК 821.512.122.+821.512.161

ОСОБЕННОСТИ МЕТОДИКИ СБОРА ФОЛЬКЛОРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МАШХУРА ЖУСИПА

Н.К. ЖУСУПОВ
д.ф.н., профессор, ПГУ им. С. Торайгырова, г. Павлодар
М.Н. БАРАТОВА
к.ф.н., доцент, ПГУ им. С. Торайгырова, г. Павлодар
С. ЕРГАЛИЕВА
магистрант, ПГУ им. С. Торайгырова, г. Павлодар

При сборе образцов устной литературы и фольклора такие исследователи, как Г.Н. Потанин, А.Диваев выполняли требования, охватывающие собирательскую деятельность фольклориста, такие, как указание того, кем передан образец, указание на то, где и даже когда он был записан. Таких же условий, предъявляемых к собирательской деятельности, придерживался и Машхур-Жусип.

Однако, справедливости ради следует отметить, что у Машхур-Жусипа были свои отличительные особенности сбора. К примеру, Машхур-Жусип упоминал имя исполнителя фольклорного образца не только в начале и конце рукописей, но и в середине, по мере необходимости. Такая особенность обусловливается мыслью акына о том, чтобы имя исполнителя или того, кто передал этот фольклорный образец, вместе с текстом навсегда сохранился в памяти народа.

Как мы предполагаем, в сфере фольклористики паспорт записи фольклорного образца приводится или в начале произведения, или в конце его. Потому что оседлые народы быстро сдавали эти произведения в печать и издавали книгами. А среди казахского народа, у которого издательства только появлялись в ту пору, эти произведения широко распространялись не книгами, а рукописями.

При кочевом образе жизни рукописи передавались среди народа из рук в руки и очевидно, что даже страницы в некоторых рукописях были утеряны.

Поэтому такие особенности сбора Машхур-Жусипа мы должны оценивать как вклад акына в фольклористскую науку. Так, например, в рукописи «Значение выражения «проторенная дорога, которой даже Абылай не перейдет» («Абылай аспаған сары бел деген сөздің мағынасы») в целях обоснования достоверности исторического события Машхур-Жусип приводит в конце текста стих ходжы Толегена из рода Тортуыл:

Кешегі өтіп кеткен хан Абылай,
Соғыпты қыбыладан ескен желдей.
Сонау бір сары белден аспадым деп,
Кетіпті арман қылып біздің елді-ей!... [1].

***

Вчера ушедший хан Абылай,
Подобен ветру, веявшему с кыблу.
Ушел с народа нашего мечтой,
Проторенную что не прошел дорогу.

Из этого можно сделать вывод о том, что вышеназванный рассказ записан из уст автора этого стиха.

В рассказе акына «Жарылгап и хан Абылай» («Жарылғап пен Абылай хан») встречается такой факт: «*В давности существовало такое поверье: «У казахов в одном человеке не могло совмещаться сразу три черты – богатство, бекство, воровство. Все это было в Жарылгапе. Для чего? Его благословили. Говорят, он получил благословение от святочтимого богатыря хана Абылая. Видели бая Шотак, первенца господина Баймурын. Характер – робкий, щедрости нет предела, скажем, святой, человек-творец природы. Исак, Ермек – Муса, Секербай, родившиеся от байбише Шотак, были известными ворами своего времени. И Кышкаш, прославленный и в том, и в этом году, – вор, родившийся от Жарылгапа. Будете живы, услышите, что из Кышкаша вышел настоящий Шатынауық (вспыльчивый)*» [2].

Если опираться на эту информацию, то можно заключить, что в основе рассказа лежит историческое событие, переданное или потомками Жарылгапа, или людьми, хорошо знающими его происхождение. Такое пояснение к героям, развертываемости событий в произведении определяет особенности методики Машхур-Жусипа, в сравнении с другими собирателями, обосновывает ее близость к исторической правде. Подачу некоторых элементов исторических фактов, касающихся того или иного произведения, можно встретить и в трудах Н.Цертелова. Ученый В.П. Кирдан правильно заметил его попытку давать определения географических наименований [3].

А определения такого характера часто встречаются и в рукописях Машхур-Жусипа. Так, например, даже в небольшом рассказе «Знахарь Тойте» («Төйте тәуіп») Машхур-Жусип дает пояснение по поводу того, почему это место называлось «святым Акколь» («әулиелі Аққөл»): «*Знахарь Тойте из рода Козган зимовал в Кызылтау, в местности Жосалы. Утренний намаз читал там, предвечернюю молитву читал на берегу Акколь, ночь оставался на берегу, утреннюю молитву читал здесь, предвечернюю молитву читал дома. Пять раз намаза он читал у Акколь, причем, нисколько не нарушая ритуал омовения. Поэтому Акколь называли «святым Акколь». К нему приходило девяносто женщин из рода Каракесек и просило детей. Всем он что-то заговаривал. Только одна женщина осталась ни с чем. Тогда отчаявшаяся женщина заплакала: «Всем женщинам дали. Неужели я нелюбимая раба Аллаха?». Тогда Тойте сказал ей: «Иди, я тебе дал!». И этот младенец – Жарылгап. Поговаривают, что был сын Актанберди Жанысбай*».

А в рукописи «Сон хана Абылая» («Абылай ханның түсі») приводится следующий факт: «*Побыв в Шымкенте, Сайраме, сартом (казахи так называли торговых людей, в основном, это узбеки и татары) назначил там Абдрахмана, Побыв в Ташкенте, назначил там сартом Мырзахмета. После этого, побыв в Жизак, погостил у бая из рода Конырата. В ту ночь его сноха родила сына, сына назвали Абылаем. Этот Абылай, расширяя свой род, превратился в целое племя. Встретились с его потомком Кайып, находящимся в ссылке*» [4], далее рассказ продолжается.

В этом отрывке речь идет о том, что Абылай гостил у одного бая из рода Коныpат, что в ту ночь его сноха родила сына, которому нарекли имя «Абылай». Далее повествуется о том, что этот рассказ записан из уст потомка Абылая Кайыпа. То есть в рукописи указывается, из чьих уст записан рассказ, каково отношение передающего человека к событию в рассказе, что рассказ записан на землях Ташкента.

Наряду с этим, указание имени, происхождения младенца, появившегося на свет благодаря благому пожеланию знахаря Тойте – все это свидетельствует о том, что этот материал Машхур-Жусип записал из уст людей, которые родились на родной земле героев.

В рукописи Машхур-Жусипа «Безродные герои» («Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер») приводится факт, имеющий непосредственное отношение к записи рассказа: «*У Досбола, сына бия Корлыбай из рода Кипчак спросили о семи коленах. Он начал без запинки перечислять. Тогда у него спросили: «Кто отец человека?». Он ответил: «Отец человека – Арсалан». Народ, услышав его ответ, восхищался: «Какой он сообразительный! Сообразительнее его никого нет. По его словам...*» [5]. Как мы видим, Машхур-Жусип указывает, именно из чьих уст он записал этот рассказ. То есть рассказ передан Досболом, сыном бия Корлыбая из рода Кипчак (этот факт указывается не только в начале или в конце рассказа, но и в середине, во время широкого развития события). Известно, что это – одна из особенностей собирательской деятельности Машхур-Жусипа. Снова подведем итоги: такая подача записи паспорта рассказа показывает отличительную особенность собирательской деятельности Машхур-Жусипа, превосходство, особенность его методики сбора. По мнению Б.П. Кирдан, фольклорист И.Срезневский тоже использовал методику указания на то, из чьих уст и что записано [6].

В следующем рассказе «Сын Толегена Жангабыл» («Төлеген ұлы Жанғабыл») в качестве обоснования исторической достоверности этого события Машхур-Жусип включил стихи акына Карибоза:

Кіші жүзге сия алмай,
Тастай көштің жеріңді.
Төлеген ұлы Жанғабыл
Тоқсан кісіңді өлтіріп,
Бітеу сойып басыңды
Қоқанға берді жеріңді!
***
Не ужившись в Младшем жузе,
Оставил земли свои.
Жангабыл, сын Толегена
Убив девяносто твоих людей,
Живьем отдав твою голову
Кокану отдали земли твои.

По-нашему, беря во внимание эти стихотворные строчки, описывающие исторические факты, можно предположить, что вторым человеком, кто донес этот материал до народа, является Карибоз. Предполагаем, что Машхур-Жусип записал рассказ, распространенный из уст народа, в стихотворной форме. Как бы ни говорили, стихотворные строчки Карибоза сыграли роль в передаче этого рассказа. Связь исторического материала с определенным стихом можно увидеть и в рассказе «Шорман би». В качестве произошедшего события приводятся песенные состязания акына Досан – Коскелди из рода Канжыгалы и акына Елтай из рода Каржас. В айтысе, когда акын Елтай говорит:

Керей мен Қанжығалы сен емес пе ең?
Байлаулы бұзауыммен тең емес пе ең?
Кешегі жеті еріңді құнсыз қылған
Балам-ау, әкең Қаржас мен емес пе ем, –
***

Не ты ли выходец из Керей и Канжыгалы?
Не ты ли подобен привязанному теленку?
Вчера только потерявший семерых батыров
Сынок, не я ли твой отец Каржас, –

акын Досан ничего не смог ответить и проиграл [7].

Так, указанный отрывок айтыса показывает народную популярность мотива события, составляющего основу рассказа «Шорман би». Даже если по тем или иным причинам не упоминалось имя человека, ныне передавшего этот фольклорный образец в устной форме, то раннему распространению рассказа способствовали акыны Досан и Елтай. Указание на эти имена еще раз подчеркивает особенности собирательской деятельности Машхур-Жусипа. Кроме того, эти факты служат паспортом записи рассказа.

Машхур-Жусип хорошо владел следующими приемами сбора фольклорных образцов: запись непосредственно из уст, использование метода переписывать из древних рукописей, книг, основные принципы, которых придерживались ученые-фольклористы: сохранение слова без всяких изменений, запись материала, не нарушая устный стиль передачи его.

Теперь обратим внимание на то, у кого и с каких пор Машхур-Жусип начал переписывать фольклорные образцы. Во-первых, вспомним о том, что в 1886-ом году, в возрасте 8-и лет, акын переписал у хазрета Камара четыре фольклорных образца. Это: лиро-эпическая поэма «Козы Корпеш и красавица Баян» («Қозы Көрпеш пен Баян сұлу»), героический эпос «Мужественный Таргын» («Ер Тарғын»), «Стихи четырех джигитов» («Төрт жігіттің өлеңі») и т.д.

В автобиографических данных имеются сведения о том, что Машхур-Жусип долгое время находился в доме у жителя Акмолинского округа Мейрама Жанайдарулы, изучал его рукописи, его литературное наследие. Автобиографические данные констатируют еще один факт, где речь идет о том, что акын взял у Сакена, сына Мусы Шормана рукопись, полную рассказов. Мы приходим к мысли, что Машхур-Жусип переписал многие фольклорные образцы из этих рукописей (однако не известно, именно какие образцы). Тем не менее, акын постоянно указывал, откуда и какой фольклорный образец он переписал. К примеру, рассказ «Корни казахов» («Қазақ түбі») переписал из летописи хана Бахадур [8], некоторые казахские пословицы – из «Коран карим» [9], рассказы «Речь Пророка» («Пайғамбар сөзі»), «Шип Алутин мен Алайман» переписал из «Хадис-Шарифа» [10]. В этой рукописи имеется факт: «Из летописи Шакарима переписал Тобыкты» [11]. Однако, из этого не следует, что основным приемом сбора фольклорных материалов Машхур-Жусипа является «переписывание». Потому что таким методом акын пользовался очень редко. Подтверждением этому являются следующие слова Машхур-Жусипа: «*Поскольку слово принадлежало казахам, я начинал с казахского слова и заканчивал казахским словом. Сын Копея Машхур-Жусип не писал приходившие на ум слова, не писал для успокоения и утешения...*» [12]. К сожалению, остальная часть этого текста исчезла. Трудно предположить, что хотел сказать акын. Тем не менее, даже эти два предложения свидетельствуют о том, с какой ответственностью он записывал фольклорные материалы в рукописи, какое значение он придавал этой записи, для чего он записывал, каким образом он записывал эти фольклорные образцы. Все это обосновывает симбиоз собирательской и исследовательской деятельности акына.

Вместе с тем, Машхур-Жусип владел третьим приемом сбора фольклорных образцов, то есть использованием готовых книг: одни – книги древневосточных народов, вторые – книги западных народов.

Если опереться на факты, имеющиеся у нас, то можно говорить о том, что Машхур-Жусип читал труды философов Абдугалисина, Абултарита, Сократа, Хакима, аль-Фараби, Сагди, Навои, Фирдоуси и других ученых на их же языке.

Так, например, в рукописи, Машхур-Жусип говоря о том, что имеется книга «Семь жырау» [13], приводит сведения о религии, религиозных нравоучениях. Следовательно, Машхур-Жусип пользовался древними книгами, определял, что из них представляет книга, а что из них – рукопись. Кроме того, по возможности указывал название книги.

Машхур-Жусип был знаком с книгами ученых Западной Европы, России Ч.Дарвина, В.Г. Белинского, М.Баскина, В.В. Радлова и использовал их направляющие позиции в своей собирательской деятельности. В подтверждение своим словам приведем точку зрения акына: «Виссарион Белинский, живший в 1810-1848 годы, в свое время превзошел соратников, педагог, знаменитый литературовед, историк русского народа. Его философское размышление: «*В мире есть одна жизнь. Жизнь вечна, она никуда не уходит. Из волны рождается волна, волна отгоняет другую волну. Волны сменяют друг друга. Если одну волну заменяет вторая, то безмерные глубины до сих пор на месте, до сих пор в движении, волнуются*».

Я очень был рад этим словам. Нельзя говорить, что об этом сказал русский, надо говорить «герой». Дарвин говорил: «*Сколько времени утекло, из маленького червячка рождаются птицы, звери, деревья и другие насекомые и растения*». Третье слово принадлежит Михаилу Баскину: «*В мире все вещи находятся в постоянном движении, изменении. Твердая на сегодняшний день земля когда-то была огненным веществом. Сколько времени утекло с тех пор, как внешняя кора земли начала остывать и затвердевать*».

Почему я привожу их слова, потому что говорят: «*Не говоря о прошлом, не будет речи о настоящем». Слово рождается из слова, если не говорить, откуда родится слово. Мать воды – родник, мать слова – уши. Слова красноречивых людей – отец всех слов, мои слова – матерь этих слов – переродились в великие слова*» [14].

Из этого видно, что акын не только читал книги ученых, но и записывал и использовал главные, необходимые мысли. Ведущие позиции указанных ученых, безусловно, оказали огромное влияние на мировоззрение Машхур-Жусипа, на его собирательскую деятельность. Так, например, слова «не говоря о прошлом, не будет речи о настоящем» выступают основным принципом его исследовательской деятельности. Есть полное основание считать, что Машхур-Жусип уважительно относился к точкам зрения ученых и их трудам, делал на них ссылки.

Кроме того, философские размышления, приведенные в этом отрывке: *«Жизнь вечна, она никуда не уходит»; «Из волны рождается волна, волна отгоняет другую волну»; «Безмерные глубины до сих пор на месте, до сих пор в движении»; «В мире все вещи находятся в постоянном движении, изменении»*, не подтверждают разве законы диалектики? Эти слова подтверждают необходимость неустанного поиска, сомнения, доказательства для любого исследователя. Кем бы вы ни были, или историком, или литературоведом, или философом, или фольклористом, вы должны знать закономерности развития мира, без этого наука не развивается. Машхур-Жусип понимал это. Самое важное, что необходимо помнить во время сбора фольклорных образцов среди народа, это – подвергаемость образца к изменениям во время передачи из уст в уста, создание риска исчезновения некоторых образцов и т.д. Такие особенности устной литературы и ускоряли процесс сбора собирательской деятельности акына, и в то же время способствовали многочисленному сбору фольклорных образцов.

ЛИТЕРАТУРА

1 Бұл да «әулеттік архивтен» алынған- Н.Жүсіпов.

2 Көпеев М.Ж. Жарылғап пен Абылай хан/ материалды дайындаған Н.Жүсіпов/. Қазақстан мектебі, №6, 1993, 79 б.

3 Кирдан Б.П. Собиратели народной поэзии. М., Наука, 1974, 37 б.

4 Абылай хан /Құраст. С.Дәуітов/. 1-ші том. А., Жазушы, 1993, 324 б.

5 Көпеев М.Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер /материалды әзірлеген Н.Жүсіпов/. Ақ Орда, №2, 1993, 77-78 б.

6 Кирдан Б.П. Собиратели народной поэзии, М., Наука, 1974, 90 б.

7 Көпеев М.Ж. Шорман.// «Қазақ билері» ішінде/ материалды дайындаған Н.Жүсіпов/. Жұлдыз, №8, 1992, 196 б.

8 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазбалар қоры. 1177-папка. 222 б.

9 Сонда, 1645-папка, 47 б.

10 Сонда, 1645-папка, 3-5 б.

11 Сонда, 1645-папка, 97 б.

12 Сонда, 1170-папка.

13 Бұл «әулеттік архивте» бар.

14 Көпеев М.Ж. Аспан, жер және адам жаратылысы туралы. // Қазақ тарихы. №2, 1995, 56 б. /Материалды «әулеттік архивтен» алып даярлаған-Н.Жүсіпов/.

ӘОЖ 882, 151, 212, 2

СӨЗ ЖАУҺАРЫН ТЕРГЕН АҚЫН

А.Е. ҚАБЫЛБЕК
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Н.А. ШАХМЕТОВА
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

“Жақсыдан – ғибрат, жаманнан – кесапат демекші, халық жадында есімдері ұзақ сақталған әулиелер төңірегінде ел арасында аңыз-әңгімелер көп. Ал аңыздың анасы – ақиқат екенін ескерсек, әулиелік пен дарындылықтың, әркімнің пешенесіне жазыла бермейтін ерекше қасиеттер екеніне көз жеткізуге болады. Жастайынан сергек сезімді, зейінді болып, қанатты сөздердің қадірін түсіне білген асыл жандар елінің ыстық ілтипатына, шексіз құрметіне бөленді. Олар өзгеше дүниенің есігін ашып, өркениеттілік пен болашақ ортасындағы көпірге ұқсап, көптің көкейіне қонар ой айта білді.

Арқаның алтын алқасы Ақбеттау аясында есімі бүкіл мұсылман баласына белгілі болған небір жақсы – жайсаң ұлдар өткен. Сондай шоқтығы биік, дара тұлғаның бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақтың кең даласында өскен, дархан мінезді, дуалы ауыз, әулие Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, бөгеліп қалған бұлақ көздерін ашып, бізге таусылмас рухани азық, жұтамас байлық қалдырды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімінің ел ішінде аңызға айналуына ақындығы ғана емес, халық ауыз әдебиетінің үлкен жанашыры болғандығы да себеп болса керек. Ол ауыз әдебиетінен еліміздің барлық өткен-кеткен жағыдайын, тұрмысын, салт-санасын, бай дәстүрін, қилы-қилы тағдырын байқай білген зерделі жан.

“Замана толқыны тарих теңізінің жағалауына көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды. Бұл бағзы заманнан қалған архитектуралық ескерткіштер, грек храмдары, мысыр пирамидалары, қытай сарай-

лары, скульптура, лағыл тастар мен мәрмәрдан жасалған кереметтер, өткен дәурен адамдарының жан-күйін аңыз етіп шертетін сурет пен музыка. Бірақ сол асылдардың асылы – адам баласының рухы мен ақыл-ойын барша ұрпаққа паш еткен ескірмес, өлмес, өшпес өлең-жыр”,– дейді фольклордың көп астарлы, терең мағыналы жағын жан-жақты зерттеген Мұхтар Әуезов [1, 6]. Міне, сол өлең-жырдың, басқа да сөз асылының халық өміріндегі рөлін жете түсінген Мәшһүр Жүсіп Көпеев оны жасынан құлай сүйген, жаттап өскен, хатқа түсіріп сақтай отырып, кейінгі буынға жеткізген. Біз Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ақындығына тоқталсақ, оның нәзік те отты, ойлы өлеңдері халықтың өз ішінен қайнап шыққан талант екенін көрсетеді.

Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты: “не қыласың”, – деді баста.
Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,
Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.
Шүкірлік, бергеніңе Құдай патша,
Он бесте шабыттандым жүйрік атша.
Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде,
Кеудеме өлең толды сызған хатша, – деген өлең жолдарынан Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қалай ақын болғандығы жайлы және сауаттылықты жоғары бағалап, оған құрметпен қарағанын аңғаруға болады.

Ел ішінің жағдайына жастай қанық ақын ағайын-туыс, бауырдың жан сырын терең жырлайды, нәзік тербейді. Олардың мінез-құлқын салмақты баяндап, сабырлы түйіндейді. Бір қызығы, әр қайсысының мінезі әртүрлі, бірі біріне кереғар, күле салуы да жылдам, ренжи салуы да оңай. Халқымыз “Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол”, – дейді. Ағайынның тағы бір мінезіне ашынып, “Туысқан бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды”, – деп те атайды. Қалай болғанда да, өзіңнің өскен жұртыңа жетері жоқ. Осыны Мәшһүр Жүсіп тіпті әдемі толғайды.

Оның осы тұстағы өлеңдерінің тақырыбы күнделікті тұрмыстық жағдайды суреттеуге арналған. Ол – өзі араласып жүрген айт пен той, әртүрлі адам мінезі, жүріс-тұрыс ерекшелігі, көшу, қону, жаз бен қыс, ас, қыз ұзату сияқты нәрселер еді. Бұл өлеңдерінде кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне терең бойлап, психологиялық талдау жасаған. Мәшһүр Жүсіп, өзі айтқандай, он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік өлеңмен сөйлеген. Ақын дүние танымын, адамдармен қарым – қатынасын, нені сүйіп, нені жек көретінін, кімнен үйреніп, кімнен жиренетінін де өрнектеген. Біз оның мұндай туындыларынан сол кездегі адамдардың өмірге деген көзқарасын, ішкі жан дүниесін, тұрмысын жан-жақты танығандай боламыз.

Расында да ол бала болып ойнамаған, бес жасынан бастап оқуға зейін қояды, ержетіп бозбалалық шаққа жеткен соң да ала қағаздан бас алмаған. Ақын шарқ ұрып ізденудің нәтижесінде білімге де, парасатқа да ерте жетіпті. Күннің шуағын бірінші болып қарсы алып, батып бара жатқан шапағын да өзі шығарып салатын заңғар таудың құзар басы сияқты, алдымен не көрсе де білімді жан көрмек. Ақылды, білімді адам өмірдің соққан бар дауылына төтеп бермек. Мәшһүр Жүсіпті де осындай жан деп білеміз. Оның жанының нәзіктігін, көңілінің жомарттығын, “өзім не болсам да мейлі – өзгенің жаны жараланбасын, басқаның басына бақытсыздық, күңгірттік келмесін”, – деп іштей жақсы тілеумен жүретінін айтып жеткізу мүмкін емес. Мәшһүр Жүсіп жырлары шәкіртін еңбекке, адалдыққа, мейірімділікке үндеумен қымбат.

XX ғасырдың бас кезінде ұлы Абайдың соңын ала шыққан Мәшһүр Жүсіп сол Абайдың сара жолын арман-мұрат тұтып, соның соқпағымен “тас қияға өрлегендердің” бірі еді. Ақын өзі ғана хакімнен тәлім-тәрбие алып қоймай, өзге жұрттың да сол жолмен ілгері басуын тіледі. Ол бұл тілегін күндіз-түні өлең жазып, халықтың ішкі жан дүниесін тербетіп, оларды өнер-білімге шақыру арқылы жүзеге асырды. Ақынның түпкі арманы – халықты жаппай сауаттандыру еді. Алайда, ол мұндай игілікті іс тек сөзбен ғана аспайтынын, ол үшін қолда билік болуымен қатар, мол қаражаттың қажет екендігін кейін сезінді. Амалсыз ішкі мұң-шерін тағы да өлеңмен шертті:

Бұлттай жауа тұғын менің өзім,
Көкірегім – қан, жаспен толған көзім.
Жаңбырдың рахымет тамшысындай,
Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім.

Кезінде ақынның көкірегінен шыққан сөзді түсінетін, оған еміренетін жанның аз болғанына қынжыласың. Әйтпесе ол “жауатұғын бұлттай” түнермес еді ғой, ақын ойлары заңғар, ол ауыл үйдің әңгімесін айтып отырған жоқ, адамға, қоғам өміріне қатысты мәселені толғайды. Көкірегі толған шуақты жұрттшылыққа шашқысы келеді. Ақынның арғы жағы жұлдыздай жарқырап тұрған соң, оған барлық әлем шуақты да сәулетті, барлық адам адал да абзал.

Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген тұсы–бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын айдап алып, сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Кедей, жетім-жесірді “ашса алақанында, жұмса жұдырығында” ұстап, шырқыратып езіп-қанағанына байлар мәз. Байыған сайын оларға кең дүние тарылып, кусырылып бара жатқан сияқты көрінеді. Ашыққан қорқау қасқырдай жан-жақтан анталап, жер таласын, жесір дауын күшейтіп, бірін-бірі тірідей жеп қоятындай өшігеді. Бай мен шонжарлар жан-жағына жұтып жіберердей алара қарайды. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу ізденіп, өнер қуып жүрген бірде-бір жастарды көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық,
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық, – дейді.

Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Өзі ақын болғандықтан да болу керек, ол жадында сақталған сөз маржандарының бірде-бірін назардан тыс қалдырмауға тырысқан. Мысалы, оның қол жазбасында: “Жан бір асыранды құс. Дүние бір қапас. От, су бермесе, қапаста тұрып аштан өліп қалады. Оған қорек беру керек. Адам баласы қайдан тамақтан семіреді, адам баласы құлақтан семіреді. Мұнан мағлұм болды, жақсы сөзге жан семіреді екен.Жанның қорегі құлақ сүйсінерлік сөз екен. Адам тіршілігінде, денсаулығында құлақ сүйсінерлік сөз естуге талап қылып, тырмысу керек”[1, 15], – деп сөздің қадірін білуге, оны аса қасиетті тұтып, бағалауға үндеген. Дәл осы ой, осы пікір бүкіл адамзат баласына ортақ. Шынында да адам жаны жақсы лебізге, әсем әнге, тәтті күйге ынтық.

Мәшһүр Жүсіп өз өлеңдерінде әр кім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен күн көретін арам тамақтардың кімдер екендігін де айта кетуді ұмытпайды.

Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты айта келіп:

Бұл сөзімнің балы бар уы аралас,
Ойлаймысың бір іске деп жарамас.
Келіп пе едің жалғанға киім киіп,
Тумап па едің анадан тыр жалаңаш, – деп бір тоқтайды. Бізді қоршаған табиғат бір қалыпты тұрып қалмай, үнемі даму, құлпыру үстінде болатынын, жастың өсетінін Мәшһүр Жүсіп осылай нақты қағидалармен толық түсіндіреді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевхалық ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерін – дастандармен хикаяларды, шежірелер мен айтыстарды, тарихи жырларды жинап, Бұқар жырау, Шортанбай, Шөже және тағы басқа ақын – жыраулардың әдеби мұрасын хатқа түсіріп қалдырды. Қазақ ауыз әдебиеті мен Шығыс дастандарының үлгісінде “Гүлшат – Шеризат”, “Ғибратнама”, “Шайтанның саудасы”,“Баяннама” тағы басқа қисса-дастандар жазды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің көне мұраны жинаудағы орасан еңбегі деп XVIII ғасырда өмір сүрген Бұхар жырау мен Көтеш, Абай, Ұлбике, Күдер қожа, Жанақ ақынның сақталған жыр, толғауларын атауға болады. Бұхар жыраудан қалған сөз маржанын Мәшһүр Жүсіпке дейін хатқа түтас түсіруші болмаған. Тіпті, бұл туралы академик-жазушы Сәбит Мұқанов Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылық жолын жан-жақты зерттей келіп: “XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған – Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіп: “Бұқарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар, бізге келіп жеткен тамыры ғана”.“Мес” жинағына қарасаң көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Сиясы әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан” [4, 99].

Бата деген біздің ұғымымызша ата-бабаларымыздың ақ тілегі, таза көңілі, адал ниеті. Батаның түп төркіні – кісіге жақсылық тілеу. Халық қазынасын жинаушы Мәшһүр Жүсіп атаның жинағында үш жүз елу жол бата сөзі бар. Тең жартысы жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен жазылған да, ал жартысы он бір буынды қара өлеңмен өрнектелген. Бір қызығы, олар кейде тақпақ, кейде терме түрінде келсе, ал енді бірде нөсерлі жыр жолдарын еске салады.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында тоқтау, жалығу, еріну, мүдіру, кідіру болмайды. Жарық шамдай жайнап, мөлдіреп аққан бұлақтай қайнап, тасыған судай төгілдіріп, маржандай тізілдіріп, бұлбұлдай сайрап, тыңдаушының көңілін әбден жайратып, таңырқантып, тамсантып, мейірін қандырды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өз шәкірттеріне берген аса маңызды тәрбиесі – ғылым жайында еді. Оқыған адамның көзінің алды жарық, қара танымаған кісіге бар нәрсе бұлдырап тұрады. Білімі таяз адам дірілдеп-қалтырап әркімге бір жалтақтағыш келеді. Білікті кісі құйған қорғасындай салмақты болады. Сондықтан терең де парасатты білім әрбір адамға ауадай қажет. Ғылым – пенденің ішін анау-мынау лас қылықтан тазартатын түңілік сияқты. Түңілік арқылы үйге күндіз Күннің, түнде Айдың сәулесі түсіп тұратын болса, сапалы білім де адам жанын баспалдақтай биіктете беретіні анық дегендерді айта келіп, ақын ғылым жөнінде ойын былайша қорытады: “Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым-білімге сарып қылсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады”.

Мәшһүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сәт тоқтатпайды. Күндіз сабақ беріп, қалжырап шаршағанына қарамай, түнде май шамның жарығымен өлең жазады екен. Кейбір түнде өзі сүйіп оқитын шығыс ақындары: Науаи, Фердоуси, Сағди, Хафиз шығармаларына сарыла үңіліп, білімін үздіксіз көтеріп отырған. Адамға қазына дәулет жолдас болмайды, ғылым мәңгі өмірсерік. Өнерді үйрену үшін де алдымен білім керек. Білімсіз бірде-бір ісің ілгері баспайды. Ақын осылай толғамды ойларын ортаға сала отырып, өзі де көп оқыған, ізденген, өзгелерді осыған үндеген.

Ақынның үй ішін бір сөзбен мұғалімдер отбасы десе де болғандай. Өзі көп жылдар бойы бала оқытты. Жәдитті қатты қолдап қуаттаған. Бұл сол кездің жаңа бағыттағы оқу үлгісі еді. Ол осы оқу үлгісін жай ғана

жақтап қоймай, нақты іс-әрекет еткен. Атап айтқанда, балаларды жәдитше оқытқан, осы үлгідегі кітаптарды ел арасына кеңінен таратуға мол күш салған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – рақымды тәңіріміздің мейірбан жаны. Азаматтық тарихымызда ерекше орны бар тұлға өзіндік ой-пікірлерін барынша деректілікке негіздеп, себебін түсіндіріп, құпия сырына үңіледі. Атағы шартарапқа жайылған Мәшһүр Жүсіп жастарға ғылым-білім игеруге кеңес беріп, көзі ашық, көңілі ояу адамның алар биігін айқындайды. Бірақ ғұламаның мына сөзін есте сақтаған абзал: “Ғылым жолына кіргендегі мақсат-қарын тойғызу, дүние табу, өз тұтасынан артық ішіп, артық жеу болмақ емес. Ол өзі өмір сүрген қоғамның дамуына, еліне қызымет етуі керек. Мәшһүр Жүсіп Көпейевтің айтуынша, жарық-нұрдың асылы Құдайдан болатын болса, ғылым нұрынан жарық, ғылым нұрынан күшті нұр болмақ емес” [3, 6].

Ғұлама әулиенің рухани ағарту ұстанымы – кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге бола бермек. Адам табиғатының жұмбағына бойлаған Мәшһүр Жүсіп философиясы әлем даныштандарының ой-ғақылдарымен үндес десе де болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің даналық дариясына араб-парсы елдерімен қазақ халқының озық мәдениетібастау болды. Орта Азияның алдыңғы қатарлы медреселерінен дәрісалған атамыздың еңбектеріндегі пәлсапалық терең толғаулар, табиғаттың тылсым күштерін шебер бейнелеуі кең көлемді зерттеуді қажет етеді. Себебі, Мәшһүр Жүсіп атаның әр сөзінен ғибратала білген жан, атамыздың ең басты уағыздағаны білім мен дін екенін түсінері ақиқат. Оның ой елегінен өткізген пайымдаулары барлық қоршаған орта, дін, діл, өлім, өмір, махаббат, халықтың білім алуы мен қарапайым халықтың тыныс-тіршілігі жайлы танымы шығармашылығының негізгі арқауына айналған. Бүкіл жаратылысқа махаббат көзімен қарау, Алланы сүю, қоршаған ортаға және Отанға, жерге деген құрмет осылармен үйлесімділікте ғұмыр кешу–ақынның басты қағидаларының бірі. Шаруашылықты дұрыс пайдалана білуге үгіттеп, еңбекті ғылыммен ұштастыруға ақыл кеңес береді. Қазақ поэзиясына жаңа өрнек берген ақын шығармашылығының бастау алар көзі, ұлттық әдебиетіміздің қайнар бұлағы болған түркі әлемінің, шығыс поэзиясының ықпалы да, қазақ ауыз әдебиетінің озық дәстүрлері де ақын поэзиясының табысты өркендеп дамуына үлкен әсер етті.

Ұша білген қанатқа әрдайым дүние кең. Бірақ сол кеңдікке қол жеткізе алатындар алғыр ойдың иелері ғана. Көзіңді қызықтырып, көңіліңді желіктіретін құнарлы, шырайлы бұлақтардан нәр алып қана, бізде бабалардан жеткен кең дүниені игілігімізге пайдалана алармыз. Ол үшін өмірбойы жүрегімен тілдесіп келген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қыруар өлеңдрін оқып, ғибрат алған жөн. Сонда ғана өнер мен білімнің таусылмас дария екеніне көз жеткіземіз.

Алты алашқа танымал Мәшһүр атамыз кейінгі ұрпақ, біздерге, қалдырып кеткен еңбектері орасан зор. Сол еңбек атамыздан қалған асыл мұраны тану, зерттеу келешек ұрпақтың, яғни біздің еншімізде.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – көрнекті ақын, публицист, ұлы ойшыл, ұстаз, әулие, этнограф, ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Әрине, тізе берсең, табыла беретін тұңғиық маржан. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына “Халықтың ұлы” деген ұғымын мәшһүртанушылар, ұрпағы, замандастары емес, халқы өзі берді. Ал халықтың ұлы болуы – ұлылықтың бірден-бір шарты. Оның өзгелерден артықшылығы да осы болса керек. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасы – қыры мен сыры көп, телегей теңіздей мол дүние.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпеев: екі томдық. – Алматы: Ғылым, 1992. – 224 б.
2 Пазылов Ә. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің мұрасы = Наследие Машһур Жусупа Копеева. – Екібастұз, 2010. – 174 б.
3 Ә. Пазылов “Мәшһүр-Жүсіп және дін қағидастары”. – Шымкент: “Нұрдана – LTD”, 2013. – 240 б.
4 Халық мұрасы.–“Қазақстан” баспасы, 1974.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ МӨҢКЕ БИ ШЕШЕНДІГІ

Б.Р. ҚОЖАХМЕТОВА
гуманитарлық ғылымдар магистрі, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақтың би-шешендері адам өмірін табиғатпен біртұтас болмыс деп, дүниені әділдік, адамгершілік тұрғысынан түсінген. Өркениетті елдің бір көрінісі – оның қоғамдық жүйесінің қалыптасуы, яғни, билігі мен басқарылуы, әкімшілігі. Қазақтың ұлыс болып қалыптасуына, ел болып орнығуына би-шешендер дәстүрінің қосқан үлесі орасан зор деуге болады.

Қазақ қауымында би атағын алу үшін әдет-ғұрып заңын білуімен қатар шешендік қабілеті болу керектігі жөнінде айтылған Ш.Уәлиханов билер сотының ертеден келе жатқан халықтық түрі туралы былай дейді: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес; тек сот ғұрыптарына әбден жеттік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне

жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған.

Болашақты айнытпай болжайтын сәуегей және ой-тұжырымын тағылымды поэтикалық жырға айналдыра сөйлейтін даналардың бірі - Тілеуұлы Мөңке би. Кейбір деректерде Шекті Мөңке би деп аталады. Сәкен Сейфуллин еңбегінде Мөңке би сөздері Байдалы, Торайғыр, Бөлтірік, Төле т.б. билердің сөздерімен қатар берілген. Ғалым Г.Қосымова Мөңке би тегі жөнінде: «Н.Төрекұлұлының «Қазақтың 100 би-шешені» дейтін кітабында Мөңке Аманұлы деп берілген, бұл дұрыс емес. Мөңке Тілеуұлы – атақты Едігенің ұрпағы. Қазақстанның батыс өлкесінде Мөңке биді білмейтін адам жоқ, оны Шекті Мөңке би Тілеуұлы деп атайды» [1, 126], - дейді. Мөңке би өз заманында «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би», оның философиялық толғаулары, риторикалық сұрақ-жауап, болжау, билік, кесім, шешім түріндегі мұралары өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Мәселен, “Түрлі-түрлі халық болады, Күндіз-түні жарық болады… Дүниенің жүзіне, Өре мен темірден жол тартылады… Адам ақысыз жұмыс істемейді, Дүниені түрлеп кестелейді” - деген толғау жолдарынан келер күнді болжаған сәуегейлік көрінеді.

Қ. Елеусізұлының «Адамның сұңқары» атты еңбегінде жинаған жазбаларында Мөңке бидің ата-тегі жайлы сөздерін келтірген. Мұнда Мөңке би Шекті руынан, арғы атасы –Айт, одан кейін Шоң болып кете береді.

Айттан – Шоң һәм туыпты Қабақ, Тілеу,
Туыстар бір-біріне болған сүйеу.
Қабақ, Тілеу бес-бестен бала өрбітіп,
Шектіге бес аталы болған тіреу.
Айттың бір баласы Тілеу батыр,
Қол бастап Сайрам барып, тіккен шатыр.
Шейіт кетіп Түркістан-Яссауиде,
Баласы Жолдыаяқпен сонда жатыр.
Болыпты Тілеу бидің бес баласы,
Ашылар егескенде сөз сарасы.
Жолдаяқ, Жақсымбет пен Есіркемес,
Көз тартқан пейіштегі өрік-жеміс.
Кең ойлы Әлдеберді, Мөңке әулие,
Ғибрат сөздер айтқан жүйе-жүйе.
Жалғанға кімдер келіп, кім кетпейді,
Ойласаң, баяны жоқ бұл дүние [2, 124].

Ал Мөңке бидің өмір сүрген жылдары жөнінде бірнеше нұсқа кездесетінін көреміз. Мәселен, ғалым Ж.Молдабековтың «Шешендік» атты еңбегінде Мөңке биді 1763-1836 жылдар аралығында өмір сүрген деп келтірсе, Жұманазар Асанның жазуында Мөңке би Тілеуұлы 1675-1756 жылдар деп көрсетіледі [2, 62].

Мөңке бидің сәуегейлігі мен даналық қасиеттеріне байланысты ой-тұжырым С.Негимовтың «Шешендік өнер» деген еңбегінде келтірілген және бидің дүниетанымдық көзқарасы мен философиялық танымының сабақтасуы арқылы заман болашағын айнытпай болжайтынын көреміз.

Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады.
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ
Ай сайын бас қосқан жиын болады.

Бұл жерде Мөңке би болашақ заманда адамдарды жаман, жағымсыз, әдепсіздік пен санасыздық қасиеттер жаулайтынын тілге тиек етіп, адамдар ішімдікке, нашақорлыққа салынып, рухы азып, үлкендерді сыйламайтын, болашағы бұлыңғыр заманға тап болатынын болжайды.

Ішіне шынтақ айналмайтын
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,
Бежірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,
Кекірей деген келінің болады.
Ішкенің сары су болады,
Берсең итің ішпейді,
Бірақ адам оған құмар болады,
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,
Жастарға билігі жүрмейтін кәрің болады.
Ертеңіңе сенбейтін күнің болады.
Бетіңнен алып түсетін інің болады.

Төменде келтірілген жолдарда қазіргі қазақ тілі жағдайын сипаттап отырғандай және бүгінгі күні елімізде неше түрлі діни ағымдар көбейіп, өз дінімізге қауіп төнген заманды алдын ала болжап қойғанын көреміз.

Алашұбар тілің болады,
Дүдәмалдау дінің болады.

Халықтың қанын сорған адамдар болады.
Қабағын түйіп хайыр тілейтін, адамдар болады.
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады.
Ит пен мысықтай ырылдасқан,
Еркек пен қатының болады.
Сарылып көлік тосасың,
Құны жоқ қағазды судай шашасың.
Соның бәрін көресің,
Көріп барып өлесің [3, 125].

Мөңке би жайында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбаларында да кездеседі. Мағынасы жағынан мұндағы Мөңке бидің құдіретті сөзі С.Негимов еңбегінде келтірілген шешендік сөздің бір нұсқасы немесе соның құрамындағы шешендік сөз деуге болады. Сондай-ақ, Қ. Елеусізұлы Мөңке бидің тегін Шекті руынан деп көрсетсе, Мәшһүр Жүсіп жазбасында оны Ноғайлыдан шыққан деп келтіреді.

Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің әңгімесі:
Азарсың, жұртым, азарсың,
Азғаныңның белгісі:
Тайпақ-тайпақ көлдерден
Балық шығар деп еді.
Ол балықты аулайтын
Үш ашалы шанышқы
Қайық шығар деп еді.

Мәшһүр Жүсіп нұсқасында да Мөңке би болашақ өмірде қыздар мен келіндердің жаман қылықты болатындығы, «құрыс жауырын, қой бұтты» болатын еркек затын әйел билейтін заман болатынын, адамдар ұсақтанып «құмандай», «аты қояндай» болатынын болжайды.

... Келісімен кірпиіп (кіршиіп),
Келін шығар деп еді.
... Ағып жатқан дария су
[Бір] тартылар деп еді.
Өзі болған жігітке
Қыз артылар деп еді.
... Ендігінің қатыны
Байын билер деп еді.
... Егін егіп, тарының
Сөгін жерсің деп еді.
Жалаң аяқ шар иттерін
Бегім дерсің деп еді.
Алысқа деген қамыстан
Үй шығады деп еді.
Сол үйіңнің ішінен
Құрыс жауырын, қой бұтты,
Би шығады деп еді.
Заман ақыр болғанда,
Ат қояндай болады,
Адам құмандай болады...
(Аяғы жоқ) [4, 134].

Мөңке би жайлы айтқан ойларымызды түйіндей келе далалық діл мен танымның, философиясы мен эстетикасының дүниетанымдық көзқарасын сонау Майқы биден XVII ғасырға сабақтастырып алып келген ірі ойшыл, әйгілі би десек те болады.

XV-XVIII ғасырларда, яғни би-шешендер тарихы дәуірлеуінің екінші кезеңінде өмір сүрген би-шешендер жөнінде ойымызды түйіндей келе, олар артына аталы сөз, үлгілі өсиет-өнеге қалдырып, даналық, әділ биліктерімен, шебер көркем сөздерімен қазақ әдебиетін дамыту ісіне үлкен үлесін қосып, шешендік дәстүрді шебер жалғастырған, сонымен қатар мемлекет құру мәселесіне белсене қатысып, Отанын, жер-суын қорғауға атсалысып, заң ережелеріне жетік, төрелік айтуға жүйрік, саяси-әлеуметтік қызметке тұтастай берілген кемеңгер, өнерпаз адамдар болғанын атап айтамыз.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ елі Ресей бодандығына енгеннен кейін би-шешендер халық ісінен күннен-күнге аулақтатыла бастады. Бұрынғыдай ел арасынан шыққан халық таңдаулылары би болып сайланбай, патша үлықтарына жаққан адамдар ғана жоғарыдан тағайындалатын болды. Ел арасындағы дау мәселелері, сот шешімдері тек патша шенеуніктерінің қарауында болды. Ал халық арасынан шыққан билердің сот шешімдері тек үлықтар бекіткен жағдайда ғана іске асатын болды. Сондықтан бұл уақытты соңғы билер кезеңі деуге әбден болады. XX ғасырдың екінші жартысында патша үкіметі би-шешендер хұқын әбден әлсіретті. Аймақ пен болыстардағы би қызметі тек пара беруші байлардың үлесінде болды. Ал ел арасынан шыққан әділ, би-шешендер

тек қазақтарға қатысты, діні мен салт-дәстүріне байланысты мәселелерді ғана шешуге мүмкіндіктері болды. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ билерінің екі түрі болды. Бірінші тобы – ертеден келе жатқан дәстүрді жалғастырушы, яғни халық таңдаулылары. Екіншілері - патша өкіметінің қолшоқпарлары, халыққа жеккөрінішті болса да, пышағы май үстінде жүрген, яғни қызметкер би, өкіметтен жалақы, халықтан пара алушы.

Сөз өнерін тануда қазақ халқының би-шешендерін ой елегінен өткізсек, олардың бәрі – көркем тілді қару еткен, ақылгөй абыз, ел басқарып, қазақ халқының тағдырын бірлесе отырып шешкен, елі мен жерінің амандығын өз жауапкершілігіне алған парасат иелері, қоғам қайраткерлері болған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2007. – 296 б.
2 Елеусізұлы Қ. Адамның сұңқары. Алматы, 2001. 144 б.
3 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. 208 б.
4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6 том. Павлодар, 2008 ж. 366 бет.
5 Елеусізұлы Қ. Адамның сұңқары. Алматы, 2001. 144 б.
6 Жүсіпов Н.Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы. Диссертация. Алматы. 2005.

УДК 821.512.122:81 255.2

РУССКИЕ ПЕРЕВОДЫ ДЕТСКИХ СТИХОВ М.АЛИМБАЕВА

З.Х. ЛАТЫПОВА
профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Широкую известность получают детские стихи М. Алимбаева в русском переводе С. Рыбакова, переложения которого печатаются почти во всех русских изданиях. Значительную часть переведенных им поэтических произведений казахского поэта встречаем в антологии казахской поэзии, изданной в 1983 году (Алма-Ата, «Жалын»), в которой помещаются разнообразные по жанру поэтические произведения: загадки, небылицы, стихотворения.

Рассмотрим несколько стихотворений М.Алимбаева в русском переводе, представленные С. Рыбаковым.

В оригинале:

Терек қайда? Өзек қайда?
(Халық әзілінен)[1,312б.]

– Жиен-ау,
Жидек қайда?
– Теріп ем
Себетке.
– Себет қайда?
– Іліп ем
Терекке.
– Терек қайда?
– Өзектің басында.
– Өзек қайда?
– Теректің қасында.

В переводе:

Где малина? [2, с.61]

– Где малина?
Вся в корзине.
– А корзина?
– На рябине.
– А рябина?
– У низины.
– А низина?
– У корзины…

Присущий автору чувство юмора, которое помогает раскрыть образы детей и взрослых сохранено и в переводе. Оригинал и перевод даются в форме диалога. В подлиннике ответы на вопросы афористичны и глубоки, понятны и доступны для детского восприятия.

Название переведенного стихотворения не соответствует названию оригинала (В переводе – Где малина?, т.е. «малина» – «таңқурай» – ягода). В оригинале – «Терек» (тополь) қайда? (где?), «Өзек» (низина) қайда? (где?). В переводе упущено то, что автор оригинала обращается к собеседнику со словами «жиен-ау», это означает, что дедушка (бабушка) беседуют со внуком (внучкой), рожденному(ой) от дочери, т.е. переводчик не конкретизирует, кто с кем ведет диалог. С.Рыбаков, пользуясь подстрочным переводом, особо не вникает в содержание оригинала и искажает информацию. Хотя допустимо то, что «жидек» у переводчика «малина», «терек» – «рябина». В оригинале «Терек (тополь) өзектің басында (на низине)», переводчик «низину» расположил «у корзины». Казалось бы, корзина должна быть у низины. Последние две строчки перевода не представляют собой адекватного воссоздания подлинника, что приводит к потере информационной функции переводимого стихотворения. Подобный вариант перевода наносит ущерб содержанию оригинала.

В русском переводе упущено и то, что в подлиннике действие закончено, а переводчик в конце стихотворения ставит многоточее, что обозначает незаконченность мысли, продолжающее действие, или длительную паузу, которые не вызывают у детей никакого интереса.

Следующее стихотворение М.Алимбаева «Телефонмен жұбатады» [1,381б.] в переводе С. Рыбакова озаглавлено «Утешение по телефону» [2, С.62-63].

В оригинале читаем:

– Мама, бүгін екі бірдей «бес» алдым.
Есіңде ме «алдыгүні» неше алдым?
– Бәрі есімде! Айналайын, есімде.
Құтты болсын «төрттігің» де «бесің» де,
Терген білім, көрген тәлім – аспандап,
Азамат боп өсуіңе баспалдақ!
... Телефонмен хабарлайды бағасын,
Әсем солай қуантады анасын.
Сонда анасы бір жасайды, шалқиды...
Қанатсыз-ақ көк жүзіне қалқиды...

С первых строк стихотворения ясно, что они полны собою очарования, которое прежде всего в самой интонации автора, умной, доброй, радостной. Наблюдается проникновение поэта в духовный мир девочки, умение посмотреть на ее учебу, школьную жизнь ее глазами, что, однозначно, приводит к успеху.

В переводе:

– Мама, сегодня,
Пятерки! Ура!
А помнишь, что я
Получила вчера?
– Помню, все помню,
Родная моя!
Снова сегодня
Счастливая Я!
Маме на свете
Жить веселей,
Если становится
Дочка взрослей.

Перевод не привлекает внимание читателя. Если даже убрать с поля зрения изменения в переводе, как слово «алдыгүні», которое оказалось в русском тексте «вчера», сразу видно, что положение содержания оригинала претерпевает значительные искажения. Замена слова «айналайын» словосочетанием «родная моя» придает несвойственную оригиналу тональность, приводит к потере национального колорита.

Художественная особенность подлинника заключается в том, что его героиня, ученица Әсем, с нетерпением делится с мамой своей радостью, получив отличные оценки. Автор оригинала подводит маленьких читателей к мысли: счастье – значит доставлять удовольствие дорогому человеку, подарить радость и праздник, мир и доверительные взаимоотношения в семье. Важнейшим принципом поэта является отношение к ребенку, как к равному. В переводе же радость девочки превращается в процесс взросления.

В оригинале эмоциональность лирического героя за высокие результаты учебы передается к другому герою: от дочери – к матери. Индивидуальное своеобразие и художественные приемы автора остались не замеченными С.Ры- баковым. Он ограничился лишь смысловой близостью к подлиннику, не допуская грубых искажений. Русский перевод воспринимается детьми как простое явление, как простой пересказ в стихах на заданную тему, в информации переводчика отсутствует торжественность, диалог ведется вяло. В русском варианте упущены перевод словосочетания, «бір жасайды» и слово «шалқиды», обозначающие приподнятое настроение героини, строка «қанатсыз-ақ көк жүзіне қалқиды», содержащая яркую эмоциональную окраску, придающую стихотворению глубокую философскую мысль и особую торжественность, окрыляющую героинь, их психологический настрой, вовсе исчезла из поля зрения переводчика. В силу незнания языка переводимого стихотворения он не смог найти необходимые слова, чтобы передать выразительность оригинала.

С. Рыбаков в переводе допускает смысловые неточности, применяет слова и выражения, неимеющиеся в оригинале. В подлиннике мысль глубже, действеннее, настойчиво и гордо звучат слова поэта «екі бірдей бес алдым».

Строки: «Терген білім, көрген тәлім – аспандап,
Азамат боп өсуіңе баспалдақ!» –
отличаются искренностью, точностью и конкретностью.

Общение с детьми для поэта является источником вдохновения, под его пером школьная жизнь, взаимоотношения девочки с мамой обретают черты высокой поэзии − самые обыкновенные повседневные ситуации, получение в школе оценок, сообщение о них по телефону маме в стихотворении девочке представляются новым, радостным и счастливым явлением.

Для С. Рыбакова характерно отсутствие тщательного отбора лексики, необходимой для раскрытия ясности и четкости замысла М. Алимбаева, в связи с чем утеряны лаконизм и конкретность оригинала, и перевод нельзя назвать качественным.

Стихотворение М. Алимбаева «Қандай сөздер» [1, 313-314 Б.] С. Рыбаков назвал «Какие бывают слова?» [2, С.61-62]:

В оригинале:	В переводе:
Ана – Ардақты сөз. Тау-тас – Салмақты сөз.	Мама – Слово любимое. Хлеб – необходимое.
Жел – Қанатты сөз, Шәкірт – Талапты сөз.	Ветер – летучее, костер – горючее,
Жалау – Дабылды сөз. Алау – жалынды сөз,	гора – тяжелое, смех – веселое,
Дос – жар – мейірлі сөз,	друг – душевное, стихи – волшебное,
Дала – Пейілді сөз.	степь – нежное, ученик – прилежное.

Чтение оригинала не может оставить детей равнодушными. Содержание стихотворения позволяет детям испытывать эстетическое наслаждение. Ребенок может получить эстетическую радость и от ритма и понравившейся ему рифмы оригинала.

Немаловажным фактором является и то, что стихотворение написано в русле детского восприятия. В данном случае оно отвечает потенциальным возможностям маленьких читателей.

Автору важно воспитательное значение произведения, ибо нравственное, умственное, эмоциональное обогащение личности маленького читателя происходит в знакомых ему сферах, вызывающих у ребенка чувство гордости, восхищения, симпатии, уважения и любви, помогающих понять жизнеутверждающий смысл стихотворного произведения.

Что же получает юный читатель от русского перевода. Сначала выявим положительные стороны:

1) правильно по смыслу переданы слова «ана – мама», «тау – гора», «жел – ветер», «шәкірт – ученик», «алау – костер», «дос – друг», «дала – степь»;

2) стремление переводчика к отбору лексики, чтобы полнее передать смысл содержания подлинника. Пожалуй, вот и все.

Нижеследующее покажет упущения переводчика и некоторую его вольность.

Во-первых, стихотворение «Қандай сөздер» произносится гордо, с восхищением и любовью к родному языку. В оригинале отсутствует вопросительный знак. В переводе на русском языке стихотворение имеет заголовок «Какие бывают слова?», который сразу исказил идею автора лишним словом «бывает» и вопросительным знаком на конце, что дает переводу значительную эмоциональную упрощенность.

Строки оригинала:

Алау – Жел –
жалынды сөз, Қанатты сөз, –

передаются:

костер – ветер –
горючее летучее,

Строка подлинника:

Жалау –
Дабылды сөз, - вовсе выпала из поля зрения переводчика.

Строки:

«Хлеб – необходимое», «смех – веселое», «стихи – волшебное», отсутствующие в оригинале, приведены ради рифмы, хотя они сами по себе представляют интерес и могут привлечь детское внимание.

Переводчик написал на четыре строки больше, чем оригинал, чтобы воспроизвести эмоциональную протяженность, но это не помогло ему передать своеобразие, глубокий смысл и идейно-художественное содержание подлинника.

Слова, выполняющие роль имен прилагательных «летучее» (относящееся к существительному «ветер») и «горючее», относящееся к существительному «костер», выбраны неудачно. Роль автора в обогащении словарного

запаса юного читателя, переводчик не учитывает. Выражаясь неграмотно, С.Рыбаков засоряет речь детей, тем самым наносит ущерб умственному и познавательному их развитию.

Неверное употребление слов и применение в переводе нелогичных и неточных по смыслу выражений приводят к искажению оригинала и резкому снижению его поэтического уровня.

Прилагательные «летучее» и «горючее» стилистически не сочетаются с именами существительными «ветер» и «костер». Известно, что «горючее» ср. только ед. тех. (нефть, бензин, горючие масла, горючий материал, горючая смесь, переносное: плакать горючими слезами).

«Летучий» – прил. (летающий):

летучая мышь, зоол.;

летучие эфирные масла, хим.;

переносное, летучее собрание, летучий митинг, летучий ревматизм, летучий отряд, летучие рыбы, летучие пески [3, С.165, 380].

Языковые небрежности, допущенные С. Рыбаковым отрицательно сказываются на передачу авторского стиля подлинного стихотворения. Переводчику следовало бы с уважением отнестись к своему родному, русскому языку, на который он переводит, беречь его чистоту и богатство. В этой связи приведем слова А.В. Луначарского: «Да мы знаем художников, которые сами себя портят неполнотой своего вкуса, незнанием всех приемов своего великого ремесла, недостаточным историко-литературным образованием, иногда даже просто неполным владением своим собственным чудесным национальным языком» [4, с.125].

К категории таких художников можно отнести и С. Рыбакова, чья переводческая вольность нисколько не оправдала себя.

Следующее стихотворение М. Алимбаева «Ораз неге жылады, достары неге күлді» [1,303б.] С. Рыбаков переводит «Почему Ораз плакал, а друзья смеялись» [2, с.64].

В оригинале читаем:

Алты жасар Ораздың
Ойыншығы бір арба
Шіркін,
ойнап біраз күн,
Шығар ма едік құмардан?!

Көздің жауын алады,
Қол созылар еріксіз.
Ойыншықтың жаңағы
Біреуі жоқ көріксіз...

Сусиыр,
танк,
самолет,
Піл,
арыстан,
тоты ... бар.
Сыр-бояуы керемет,
Сыңайы жоқ тотығар.

– Ойнайыншы қасында,
Самолетің бер, – деді
Айдар келіп досына.
Ораз бірақ бермеді.
Дәурен келді қылқиып,
Пілге тіктеп жанарын.

Ораз енді бұртиып,
Түйді кенет қабағын.
– Сұрамшақтан тақылдақ
Кімі қалды тағы да?!
Өжет Әсем
Жақындап,
Жетіп келді жанына.

Ішіне шоқ түсті ме,
Жетпеді Ораз шыдамы.

Ойыншықтар үстіне
Қанат жая құлады.

Сытыр-сытыр ойыншық ...
Бытыр-бытыр ойыншық ...
Сықыр-сықыр ойыншық ...
Күтір-күтір ойыншық ...

Несі сынбай шыдады –
Бір құдайым біледі.
Ораз өксіп жылады,
Ал достары күледі ...

Оригинал имеет семь строф, сорок две строки. Каждая строка состоит из семи-восьми слогов. Такая структура применяется во многих детских стихотворениях М. Алимбаева. Она легко воспринимается детьми, в силу своей доходчивости и выразительности.

В конце каждой строки автор дает трехсложное слово или сочетание слов, чтобы не нарушить ритм стиха и сохранить необходимый легкий стремительный темп поэтической речи. Строки делятся посредством словораздела 4 слога + 3 слога.

В русском переводе стихотворения М. Алимбаева ощущается ритмический строй подлинника. Насчитывается одинаковое количество слогов в строке оригинала и перевода.

В переводе читаем:
Воз игрушек для Ораза
притащил отец вчера.
Поиграть бы ими сразу
всем ребятам со двора.
И мальчишки и девчонки,
высыпают все во двор
Разбегаются глазенки:
вот игрушки! На подбор!
Танк! Ракета! Самолет!
Лев! Слоненок! Бегемот!
Пять сиреневых котят! –
Все сияют, все блестят.
Говорит дружку Ертай:
– Поиграть ракету дай
Я верну ее сейчас.
– Нет, не дам! –
сказал Ораз.
А с косичками девчонка
поиграть взяла слоненка,
и уже в который раз:
– Положи! – кричит Ораз.
Подошел к нему Асет:
– Дай ракету мне, сосед!
Эй, Ораз! –
твердит Асем, –
поиграть охота всем!
Во дворе, в саду у нас
Плачет жадина - Ораз.
Но смеются все друзья:
– Парню жадничать нельзя!

В переводе содержание стихотворения воспринимается достаточно близко к содержанию оригинала, где речь идет о шестилетнем мальчике Оразе, у которого много красивых игрушек: сусиыр (бегемот), танк, самолет, піл (слон), арыстан (лев), тоты (попугай), он не хочет давать их поиграть своим друзьям Айдару, Даурену, Асем.

Нахмурив брови и выражая нетерпимость к просьбам детей поиграть, обхватив свои игрушки руками, герой падает лицом вниз. В результате все игрушки ломаются, а Ораз навзрыд плачет. Его плач вызывает у друзей Ораза неудержимый смех.

С. Рыбаков верно передает заглавие оригинала. Им сделана, в свою очередь, попытка сохранить смысловое содержание подлинника. Наблюдается стремление переводчиком воспроизвести семи – восьмисложником ритмичес- кий строй стихотворения и своеобразие интонации автора.

Однако, встречаются ничем не обоснованные лексические трансформации – добавления: «ракета», «пять сиреневых котят, все сияют, все блестят». Переводчик, воспользовавшись тем, что «тоты» – «попугай», а он –разноцветный и непременно должен блестеть, поэтому в свой текст вводит соответствующие строки. В результате «тоты» – «попугай» в русском варианте стихотворения отсутствует. Такие реконструкции делаются в силу выполнения техничекой задачи, т.е. ради рифмы, что приводит и к изменению диалога героев.

Неосмотрительность переводчика заключается и в следующем: при передаче содержания он не учитывает возраст ребенка, для автора это очень важно (Алты жасар Ораздың ... – У шестилетнего Ораза).

С. Рыбаков меняет и имена героев оригинала Айдара и Даурена на Ертая и Асета, замена имен мальчиков играет подчиненную роль. Это незначительное упущение. Имена в переводе могут быть другие.

Неуместное употребление переводчиком глагола «притащил» в строках:

«Воз изгрушек для Ораза притащил отец вчера» ведет к фактической ошибке. В оригинале вообще не упоминается о том, что игрушки сыну Оразу принес его отец. Автор подлинника утверждает, что игрушек у Ораза «бір арба» – (целая арба) значит, много. Их мог принести ему кто угодно: дедушка, бабушка, папа, мама, братья, сестры, соседи, друзья и т.д. Эти игрушки очень красивы, что невольно руки сами к ним тянутся. В диалоге детей русского варианта стихотворения встречаются слова «нет», «не дам!», «положи», которые свидетельствуют о категорическом отказе владельца игрушек своим друзьям, мальчикам и девочке со двора.

В оригинале действия героя, показаны иначе. Мальчик Ораз, имеющий много игрушек, молча хмурит брови и падает на игрушки, не желая играть вместе: не хочется ему делиться своим богатством. С. Рыбаков, беря во внимание данную сложившуюся ситуацию, вызванную недовольством героя оригинала, переводит:

Во дворе, в саду у нас
Плачет жадина - Ораз.

В оригинале плач Ораза объясняется не тем, что он «жадина», каким свойством награждает его переводчик, а совсем иначе. Плач мальчика естественен, и причина тому – сломанные игрушки, его достояние, т.е. его собственность. Он лишается их самовольно.

Его поведение, выраженное словами автора:

Ішіне шоқ түсті ме?
Жетпеді Ораз шыдамы.
Ойыншықтар үстіне
Қанат жая құлады, –

остались вне поля зрения переводчика.

Автор оригинала показывает, что такой поступок приводит героя к совсем печальному случаю:

Сытыр-сытыр ойыншық ...
Бытыр-бытыр ойыншық ...
Сықыр-сықыр ойыншық ...
Күтір-күтір ойыншық

Данные строки тоже оказались незамеченными. Приведенная строфа оригинала состоит из повторов, которые составляют существо стихотворения. Примечательны слова, относящиеся к переводчику и прозы, и поэзии В.Е.Хали- зева: «Без повторов и их подобий («полуповторы», вариации, дополняющие и уточняющие напоминания об уже сказанном) словесное искусство непредставимо. Эта группа композиционных приемов служит выделению и акцентированию наиболее важных, особенно значимых моментов и звеньев предметно-речевой ткани произведения. Всякого рода возврата к уже обозначенному выполняют в составе художественного целого роль, подобную той, что принадлежит курсиву и разрядке в напечатанном тексте» [5, с.263].

В стихотворении строфа с обильными повторами уточняет предыдущую строфу, где речь идет о том, что Ораз падает на игрушки, в результате чего они трескаются, раздробляются, хрустят, скрипят: («сытыр – сытыр» на русском языке означает «треск – треск», «күтір – күтір» – «хруст – хруст», «сықыр – сықыр» – «скрип – скрип». Эти образные выражения (каламбур) производят яркое впечатление не просто как игра слов, а как художественный прием, подчеркивающий глубокий смысл подлинника. Автор дает ответ на вопрос: «Ораз неге жылады, достары неге күлді» – «Почему Ораз плакал, а друзья смеялись?». В переводе такое не наблюдается. В результате русский текст стихотворения получается упрощенным, лишенным внутреннего богатства содержания подлинника. Не замеченными также переводчиком остались слова «арба», «тоты», «құдайым». Эти слова не составляют трудностей в переводе, а последнее не переводится, в связи с атеистическим мировоззрением русского советского переводчика, этим объясняется его игнорирование религиозным словом («құдайым», что означает «мой бог»).

Резюмируя сказанное, отметим, что проведенный анализ перевода свидетельствует о значительных отклонениях от оригинала, о бедности языка и несовершенства перевода. Строки, связанные с раскрытием детской национальной психологии, необходимые детали и ситуации не дошли до русскоязычного читателя.

ЛИТЕРАТУРА

1 Әуэзов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 17 Т. − Алматы: Жазушы, 1985. 352 б.

2 Әуэзов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. 239 б.

3 Адибаев Х.А. – Хрестоматия по казахской литературе: Учебное пособие для 10-11 классов русских школ – Алматы: Рауан, 1993. 272 с.

4 Айкулова А.С. Проблемы перевода казахских символов и этно-бытовых знаков на русский язык: автореф. ...канд.филол.наук.−Алматы:АГУ,1999. 22 с.

5 Алимбаев М. – Кушак Ю. – / Простор № 6, 1987. 128 с.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР МҰРА

С. НЕГИМОВ

ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Көрнекті ақын, тарихшы-этнограф, ағартушы, дала данасы, көріпкел, көсемсөзші, табиғаттанушы, мұратанушы, ғұлама-хакім Мәшһүр Жүсіп 9 жасында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «4 жігіттің өлеңі» жырларын жатқа заулатып айтқан екен. «Толғадым тоғызымда толағайдай» деуі тұп-тура шындық. Елдің: «Мәшһүрде тоқтау, жалығу, еріну, мүдіру, кідіру болмайды. Жарық шамдай жайнап, мөлдіреп аққан бұлақтай қайнап, тасыған судай төгілдіріп, маржандай тізілдіріп, бұлбұлдай сайрап, тыңдаушылардың көңілін әбден жайнатып, таңқантып, тамсантып, мейірлерін қандырады», деуі тегін болмаса керек.

Мәшһүр Жүсіптің атағын естіп, сонан соң өнерпаздығына куәгер болған ел ұстарлық өнер-білімі мен ақылы асқан дуанбасы Мұса Шормануұлы: «Өз заманында адамзаттың сырттаны, жігіттің сұлтаны атанып, халыққа мәшһүр болатын жан екен», деп оған ілтипат көрсеткен екен.

Мәшһүр Жүсіптің ұстазы – Қамаралдин (кейде Қамардин, Қамар) хазірет еді.

Аға сұлтан Мұса Шормануұлы Қамаралдин хазіретке сәлем беру мақсатында үйіне келеді. Мәслихат құрады. Жақсылардың кеңесінде сөзден сөз, ойдан ой туындап отырғанда: «Көпей сопының қарғадай баласының білмейтін сөзі, жырламайтын қиссасы жоқ, сайрап тұрған бұлбұл!», деген сөзді естіп, Көпейге қарата: «Сопы, сіздің бір балаңыз: «Әңгімешіл, киссашы, өлеңді, жақсы айтады», дейді. Өзін көріп, әңгімесін тыңдайық, депті. Бұл өз заманында халыққа мәшһүр болатын бала екен! Бас киіміне үкі тақтырып қойыңыз!» депті.

Мәшһүр Жүсіп «Қамаралдин хазіреттен естіген сөз» дейтін жазбасында, ұстазының қазыналы жүрегінен құйылған ой маржандарын еске түсіріп отырады.

«Арыстандай атағы, тұлпардай дүбірі» бар, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген, бейне-бір «қорындай үзілмейтін қара саба» Мәшһүр Жүсіптің ұстазы – Қамаралдин хазіреттің тарау-тарау мағыналы ғұмыры оның өмір жолының алтын арқауы секілді.

Мәшһүр Жүсіп 1863-1868 жылдарда Баянауыл медресесінде Нәжметдин молдадан, 1868-1872 жылдарда Қамаралдин хазіреттен оқып, араб, парсы, шағатай және түркі тілдерін үйренеді. Шығыс елінің мәдениеті мен ғылымына қанығып сусындайды. Қазақтың ескілікті ауыз әдебиеті нұсқаларын жинақтап, жүйелеп хатқа түсіреді.

1872-1874 жылдарда Бұқарадағы Көкілташ медресесінде жан-жақты білім алады. Көрегендік, болжампаздық қасиеттерге ие бола бастайды. Ой-пікірлерімізді айшықтай түсу үшін, Мәшһүр Жүсіптің адами болмысына, өмір тарихына қатысты мынадай деректерді келтіре кетсек дейміз.

«Жұма намазына барғанда үстінде қара шапаны, қолында аса таяғы бар ақ сақалды адам алдымнан кес-кестей берді. Сәлем бердім. Сәлемімді аларда аса таяғын жерге шанши салды. Ұшында үшкір темірі жоқ таяқ жерге қадалып, сәл дірілдегендей болды. Іле таяғын қолына алып, өзімді үш айналып, таяғымен әр жерімнен түрткіледі де: «72, 73» деп кері айналып жүре берді», дейді.

Мына бір Мәшһүр Жүсіптің басынан өткен тосын жайды айтпасқа болмас.

«Бір күні монша іздеп келе жатыр ем, бір ақ сақалды адам кез бола кетіп: «Жүр, балам, мына жерде монша бар», деп ерте жөнелді. Көп ұзамай-ақ кішірек, көзге қораштау бір моншаға әкеліп, мені шомылдыра бастады. Арқа-басымды ысып, кәнігі бір моншашы іспеттес қимыл жасайды. Ойладым, осыны кәсіп еткен бір пақыр болар деп. Ақша ұсынып едім. Алмады. Құдайы шайхы адам болды ғой деп, киініп алып біраз жүріп барып артыма қарасам, әлгі жерде тұрған не монша жоқ, қария да көз алдымда ғайып болған.

Сөйтіп, таңғажайып оқиғаны ұстазыма таңырқана отырып баяндаған едім, о кісі былай деді: «Құдай жарылқаған екен. Ол Қожабауеһдиннің моншасының ескі орны еді. Сені шомылдырған сол адамның өзі болар. Бұдан былай аузыңнан шыққан сөздің бәрі лепес, қабыл болады». Осы екі көріністегі кереметке қалай таңданбайсың!?

Мәшһүр Жүсіп Көкілташ медресесін тәмамдап елге қайтарда сабақтастары, ұстаздары Балқаш көліне дейін жеткізіпті. Сонда олар: «Бізге Сарыарқадан енді Мәшһүр Жүсіптей шәкірт келіп дәріс алмас», дейді екен.

Ол 1874-1876 жылдарда ұстаздық қызметпен шұғылданады. 1880 жылдардан бастап Мәшһүр Жүсіп шежірелік деректерді, ұлт тарихына қатысты мәліметтерді тиянақты түрде жинауға кіріседі. Көсемсөздер туындатады. 1880-1885 «Дала уалаяты» газетіне, 1887 жылы Ташкенттен шығатын басылымдарға, 1911-1912 жылдарда «Айқап» журналына материалдар ұсынады. «Дала уалаяты» газеті Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы жөнінде мынадай пікір білдірген: «Сөзі қарасөзбен болса да, өлеңмен болса да дәмді болып көрінеді. Көпеевтің сөзінен сөз танушыларға ғибрат көп табылып тұр».

Мәшһүр Жүсіп 1881 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлымен танысады. Ол өз заманының айтулы білімпазы болған. Орыс тілін жетік білген. Шығыс халықтарының және қазақ халқының атақты би-шешендерін, ақындарын, батырларын, хандарын, тарихи-әдеби жәдігерлерін жиып, жүйелеп, зерделеген. Мейрам қажы Мекке, Мәдина, араб жұртының Ташкент, Түркістан, Бұқара шаһарларынан шыққан ғұламаларға қатысты тарих пен әдебиет мұраларын жинаған. Оны В.В.Радлов жоғары бағалаған.

Мәшһүр Жүсіп Шығыстың ұлы ойшылдары, оқымыстылары, сөз зергерлері, әсіресе, Ибн-Сина, Сократ, Әбілғазы, Фирдоуси, Науаи, Сағди, Низами, Тафтазани, Ғазали, Нақшыбанди шығармашылығын зерделеп, зерттеп оқыған.

Мейрам Жанайдарұлының кітапханасынан 1870 жылы Петербургте жарық көрген В.В.Радловтың жинағының көшірмесін алады. Онда әйгілі Саққұлақ шешен, шежіреші қаракесек Бердалы қожа, аққошқар Сайдалы, Абылай хан әулеттерінің, Қоңырқұлжа Құдаймендин ұрпақтарының аузынан жазып алған құндылықтар болған.

«Болат майырылмайды, асыл жасымайды, қайратты қажымайды» деп сөз асылын, ой асылын терген Мәшһүр Жүсіп таным-пайымын, білім-білігін тереңдету мақсатында екі рет Бұқара қаласына келген. Осынау сапарында Қожа Ахмет Ясауи кесенесін көріп, тарихына үңілген. Ташкент шаһарында Сыздық Кенесарыұлымен дидарласып, Хан Кененің жорықтары жайындағы мәліметтерді хатқа түсірген. Соңымен қатар, Майлықожа, Күдеріқожа, Ақмолда, Дайыр, Молдағали ақындармен жүздесіп, кейбіреулерімен сөз жарыстырып көрген.

1889-1891 жылдарда Кіші жүз елінде Жәңгір төремен, атақты батыр Науша Қаржауұлының шөбересі Қадырмен сұхбаттасады. Науша, Жәңгір хан, Исатай-Махамбет, Шернияз, тама Сарыбас мерген турасында, тұлғатануға қатысты мағлұматтарға, ру-тайпа таңбаларына, ұрандарына, шежірелік-жылнамаларға қанығады. 1895-1907 жылдары Бұқара, Самарқанд, Түркістан, Ташкент қалаларына келіп, әдеби-ғылыми шығармашылығын одан әрі өркендету, толықтыру мақсатында білім көусарынан сусындайды.

1907 жылы Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспаханасынан «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» дейтін кітаптары жарияланады.

«Дін тағылымы» атты жазбаларында «мидың бес қызметкері», яғни бес сезім мүшесі («Хауас хамса»), жігіттік және көрілік жас уақыты яки иненің жасуындай міні жоқ Құдайдың шеберлігі білімпаздықпен сөйленеді. Көңіл, нәпсі, қанағат, дене, көз, мұрын, құлақ, ауыз, қол, аяқ тәрізді дене мүшелеріне лайықты сипаттама береді. Мысалы, дене – шаһар, құлақ – телеграф, ауыз – телефон, аяқ – пароход.., т.б.

«Егер қанағат байлығы берілсе, сол байлықтың арқасымен пенде Құдайды табады», дейді.

«Жеті семіз сиыр мен жеті жасыл бидай – жігіттің жас уақыты», «Жеті арық сиыр мен жеті қуарған бидай – көрілік уақыты» дейтін ұғымдарды ғылыми айналымға қосады. Көрілік дегеніміз, таршылық, қоршылық, жарлылық, зарлылық. Оның көріністері: 1) ашу, 2) шаһуат, 3) тәкаппарлық, 4) күншілдік, 5) хырыс дүние, 6) өтегендік, 7) кекшіл, кінәшіл. Ал адамның болмысында 1) хикмет, 2) ғылым, 3) қанағат, 4) сабыр, 5) руза, 6) шажағат, 7) тағат болса, онда жақсы мінездердің арқасында «денесі Мысыр шаһары» іспеттес дейді. Мәшһүр Жүсіптің көрсетуінше, «Айтушы Құдайдың өзі де, не сөйлесем, соның сөзі» дейді.

Мәшһүр Жүсіптің діни-сопылық дүниетанымы мейлінше терең. «Ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең» таусылмайтын сөз бар. «Ақырет жабдығы» толғамында сөйлеуші мен тыңдарман арасындағы өзара қарым-қатынасты Шайхы Әбілхасымның уағыз айту үстіндегі күйіне орай ойлар өрбітуі, яғни «жан ділмен, шын көңілмен» сөйленуі қажеттігі айтылады. Түркілік-сопылық мәдениетті жетік меңгерген Мәшһүр Жүсіптің: «Көңіл деген үй сықылды нәрсе. Оның ішіне кіретұғын иесі – Жаратушы Құдай һәм Құдайдың пікір-зікірі», деген байламында діл, ождан, рухани тазалықты байыпты бағамдайды. «Сөз деген көңіл қазынасында жауһар» дейтін пікірінде қаншама сырлар, мағыналық қырлар бар. «Көңіл» ұғымында қазыналы жүрек, қасиетті рух, нәзік сыр, кемел парасат, дұрыс ниет, шалқар пейіл, мырза мейір, иман бір-бірлерімен керемет үйлесім тапқан. Алланың кереметін, тағылым-тәлімін, игілік-ізгілігін кемелдікпен зерделеген кемеңгер Мәшһүр Жүсіп оның мынадай сауалдарын келісті көрсетіп отырады. Мысалы: «Ай, пенделерім, дүниеде саған сондай кеңшілік бердім. Маған сен не келтірдің? – деп. Пәлен демалыс бердім, ол демалысты не қызметпен тауыстың? Ғақыл бердім, қандай орынға жұмсадың? Ғылым бердім, оның күшімен не жұмыс қылдың? Мал бердім, оны қалай аударып, төңкердің? Гауһар тастай көз бердім, саңғырлап тұрған құлақ бердім. Қалай жұмсасаң, икеміңе көнетұғын қол бердім. Ойлаған жеріңе баруыңа аяқ бердім. …Дүниені бір базар қылып, осынша сомамен жіберген маған не базарлық алып келдің? Бірі – шот, бірі – күрек орнында. Қол-аяқ беріп: «Егін салдыңдар!» – деп жібердім. Қандай жерге егін салдыңдар? Қанша еңбек алдыңдар?» деп өмірлік сұрақты алға тартады. Расында, адам өмірінің, тіршілігінің мәні мен сәнін, негізгі ұстаным-қағидасын нәзік талғампаздықпен, ойшылдықпен түсіндіріп беріп отыр ғой. «Адамның тірлігі – қайнап, толқып жатқан дария», дейді. Ендеше, сол бір бұрқылдап, шалқыған дариядан өз ырысыңды таба біл, жемісіңді тере біл дегені қандай абзал десеңізші?

Мәшһүр Жүсіптің Алланың ғылымын, хикметтерін, кемеңгерлік істерін, Құран қағидаттарын, шарттарын, түркілік-сопылық дәстүрлерін жетік, мүлтіксіз білетіндігін «Алла құдіреті» туындысынан көруге болады. Алланың құдіретіне, «оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді» дейді де, ғаламды, адамзатты, мақұлықтар дүниесін қалай Алла мінсіз келістіріп жаратқанын білгірлікпен дәлелдеп түсіндіреді. «Айдай әлемді, жанды-жансыз мақұлықтарды Құдай алты күнде түгел жасап шығарған. Соның өзгесі де бір бас, жеке адам да бір бас. Осы дүниені адам көркейтпек. Құдайдың құдайылығын жұрт көзіне адам түсірмек. Ол алты күннен соң, Құдай жаратпақ еді, не болса да, сонда мүкі-тақы қалдырған дәнемесі жоқ. Дүниеде не тамаша, не өрнек – бәрі адамның денесінен алынған», деп адамның дене мүшелерінің асыл қасиеттерін, абзал қызметін, бір-бірлерімен байланыстырып, сонымен бірге күн, ай, жұлдыздар әлемінің құпия жұмбағын, бір сөзбен айтқанда, Алланың шеберлігін бажайлап пайымдайды.

Ол ғылым, білім, жаратылыс, әдеп, рақымшылық, кісілік, байлық, кедейлік, жалған, бақылық, ар, намыс, иман, дін турасында сымға тартқан ақ күмістей өміршең ой-пікірлер өрбітеді. Шариғатқа жүйрік әмбебап ғұлама Құран Кәрім философиясын, Қожа Ахмет Ясауидің кемеңгерлік кеңестерін кестелі, көркем жеткізеді.

Мәшһүр Жүсіптің шығармашылық еңбегі жөнінде ұлы суреткер Жүсіпбек Аймауытов былайша толғанады: «Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіз құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі Сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адам қылады. Жаңа заман өйте берсін. Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді-салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзімен айта білуінде ғой». Десе дегендей, ол қазақ көркем ойы тарихындағы өзгеше бір құбылыс. Бұл орайда, оның қазақ тілінің табиғаты туралы ой-толғаныстары тәуелсіздік тұсында мейлінше көкейкесті. «Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ. Бұрынғы ата-бабамыз қазақ тілін тегіс білуші еді, мәнісін де түсіндіріп отырушы еді. Сондықтан, бәрі әулие болып, айтқаны айтқанындай келіп отырушы еді», дейді.

Мәшһүр Жүсіп сөздің тамырын, түбірін танытуға, сөйтіп, дүниетанымыңды тереңдетуге себепкер болуға құлшындырып, ұмтылдырады. Асылында, қазақ тілінде тұңғиық сыр, ишарат-астар, алуан түрлі иірім-ағыс бар. Соны түсіндіреді.

«Қазақ сөзі айтады: «Әуелі өзіңнің үйіңе жақ, онан соң ауылына жақ, онан соң отан-аймағыңа, онан соң халқыңа жақ, сонан соң барып Құдайыңа жақ!» дейді екен. Әне – дін, әне – өсиет, әне – қасиет» деген лебіз-пікірінде озат ой, озық тағылым, озғын тәжірибе бар. Мәшһүр Жүсіп «Әне – дін, әне – өсиет, әне – қасиет» дегенде сөздің таза жүрек, терең ой, әдеп-иман, ар-ожданнан туатындығын, мөп-мөлдір, тап-таза қасиеттерге, ант-аяттай өсиеттерге негізделетінін, жалпы айтқанда, оның таңғажайып болмысын келістіре жеткізген. Сөз қасиетін түсіну, кие тұту – тумысынан, «ақыл-есіне ие болуға жарағандықтан». Бұған айғақ ретінде мынадай жарқын деректі сөйлетеді. Адамзат ақыл-ойының шамшырақтары Сократ, Аристотельдер «өз бойындағыға ие болып», «ешкімнен үйренбей, өз білімімен тапты» деп түйінді тұжырым жасайды.

«Адам тек өзінің адамдығына ие болуға ойлану керек. Өз бойындағысына өзі ие болуға жараған жан… ақылына билетеді, ақылға сыйғанды ұстайды…» – деп жазады.

Мәшһүр Жүсіптің сөз төркініне және оның суретті мағыналарына байланысты ой-толғаныстарына жүгінейік.

Қазақ сөзі: «Неке суы – Мекке суы», дейді. Сол ауызға алынған сөз бекер болмайды. Ауызға алынған, періштенің құлағына шалынады. «Халық тілі – Құдай қаламы», деген бар. Неке суының қасиеті – адамның ішінде қылшық, қыл-қыбыр сол сумен жидіп, шіріп жоқ болып кетсе керек».

«Қазақ сөзі: «Есеп: есеп білмеген есек». Бұған дәлел – бұл «Айта-Кериме»: «Өткен өмір, жасаған жасың не жұмыспен өткендігін, соның есебін өз басыңнан өзіңнің алуың керек. Бүгін бір сөзді өзіңе-өзің тауып айта алмай тұрсың, таңғала Құдай алдында қалай тауып айтамын деп ойлайсың». Құдай тағала қанша жаратқан нәрсесінде есепсіз (қисапсыз) жаратқан нәрсесі жоқ, не нәрсе болсын, есебін біліп іс қылу керек. Дәнеменің есебін білмегенді бұрынғылар есек орнына санаған».

«Қазақ сөзі: «Санамасаң саннан шық, // Елемесең елден шық!» Бұған дәлел – «Айта-Кериме»: «Ай, пенделерім, сен мені Құдайым деп санасаң, мен пендем қатарында санармын. Сен маған жақсылықпен қайтсаң, мен де саған жақсылықпен қайтармын. Сен маған жамандықпен қайтсаң, мен де саған жамандықпен қайтармын».

«Қазақ сөзі: «Қыс хызырын көрем десең, қыстың қамын жаз қыл, // Тән хызырын көрем десең, қорегіңді аз қыл». «Хадис Шәриф»: «Жаздың күні миы қайнамағанның қыстың күні қайнамайды», деген…».

«Қазақ сөзі: «Егер білім үйретсең жаманға, атыңды ерттеп, даярлап қойып, сонан соң үйрет. Неге десең, сенен үйреніп алған білімімен тура өзіңе дүрсе қоя береді. Сол шақта қашып құтылуың керек!».

«Қазақ сөзі: «Шын дүние – шынжыр арқан, // Жалған дүние – жалған жіп». «Хадис Шәриф»: «Шүберекті екі айырғанда, ең таусыншағында бір жалғыз жіп ілініп тұрады. Бір басы мына жағында, екінші басы екінші жағында болып, бұ дүниенің мысалы құтты (хұды) сол сықылды. Екі дем алыс: бірі кіреді, бірі шығады. Соның біреуі тоқтаса, адам деген өледі де қалады. «Бір дем әрі, бір дем бері» – дегеннің мағынасы – осы».

«Қазақ сөзі: «Бұл шіркін, өзін танымайды, кімді таниды?!» – деп келеді. «Өзін таныған – Тәңірісін таниды дегені» – дейді».

Бұл сөздерде тұспал-ишарат телегей-теңіз. Мәшһүр Жүсіптің түсіндіруінше: «Асылы, қазақ тілі жұмбақ: не айтса бәрінің шешуі бар, шешуін білуге тырысу керек».

Мәшһүр Жүсіптің «Ана тілі туралы» дейтін байыптамасында «ана тілі», «әдебиет» деген ұғымдарға дұрыс сипаттама береді. Ол былайша: «Қазақта екі сөз шешілмей жүр: бірі – «Ана тілі» деген, бірі – «Әдебиет» деген. Шешілмеген себебі: «Ана тілі» деген – қазақтың бұрынғы қазақ болған күніндегі ескі тілі. Ол ескі тіл кімде қалды?! Жалғыз-ақ қатындарда қалды». Немесе: «Қатын ешқандай, ешкімнен оқыған жоқ. Бұрынғы ескі қазақ тілі қатында қалды. …«Ана тілі» дегеннің мәнісі осы». Иә, расында, бесік жырын күмбірлетіп айтатын, ұлттың тәрбиешісі – әйел заты, ана тілі.

Енді «әдебиет» дейтін ұғымның мән-мазмұнына қандай анықтама бергенін миға жүгіртелік: «Әдебиет деген кейінгіге үлгі-өнеге үйрететұғын, ғылым-білім беретұғын, құлық-мінез түзететұғын сөз дегені».

Ұлт тілін ұлықтаған, сөз өнері хас шеберінің ой-толғаныстары былайша өріледі: «Жетпіс екі тіл бар, сол жетпіс екі тілдің ішінде араб тілінен асыл тіл жоқ… Онан соңғы тілде қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабасының тілі болған қазақ тілін осы күнгі жүрген қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе еді, дін де осында, ғылым мен білім де осында, әулиешілік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабамыздың бәрі жақсы болып, әулие болып өтті, не үшін – ақ жүрек болып, ақ көңіл болғандықтан». Міне, керемет сөз.

«Ғылым-білім» деген жазбасында былай дейді: «Біздің қазақ тілінің ішінде періштелердің бір сөйлеген сөзі жүр: «Кеткенің келсін, кемтігің толсын» – деген».

Бұл да жақсы сөздің жарығы.

Ойшыл дін және жаратылыстану ғылымдарымен мұздай қаруланғандықтан, тіл төркінін жіті түсініп, жетік тексереді. Айталық, сөздің ішкі қуатын, шығу тегін, жаратылысын былайша бажайлап талдап көрсетуі мейлінше қызықты.

«Құдіреті күшті Құдай өзінің құдайлық мейірі тасып, жаудырып тұр. Жанды-жансызда мұны керек қылғанда, ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең дарияда жатқан «садап» – деген бір кішкене нәрсе: «Абрахметтен аузыма бір тамшы-су!» – деп дарияның бетіне қалқып шығып, ынтасы құрумен, іңкәрланумен аузын тосады. Сонда жауып тұрған жаңбырдың бір тамшысы оның аңқитып ашқан аузына тамбасқа шарасы бола ма, тамады. Бір тамшы тамған соң: «Болдым, тойдым, маған енді басқа дүние бір тиын құрлы керегі жоқ!» деп бір тамшыны қанағат қылып, дарияның түбіне барып, қорек те іздемейді, дәнемені де керек қылмайды, тырп етпей жатып алады. Сол іңкәрланып, құмар болып, ынталы жүрек, шын көңілмен аузын тосып, бір тамшыға қанағат қылғандығының қасиетімен әлгі тамған бір тамшы садаптың қарнында дүр гауһар тас болады».

«Дүр-гауһар» наурыз айында «рахмет жаңбырынан» пайда болатын құбылыс. Ол сондай-ақ «ағашқа – жапырақ, тікенге – гүл, сахараға – лала қызғалдақ, араға – бал, жыланға – у, түздың кеніне тамса – тұз, тақыр жерге – ащы – сор, қара тасқа – қына. Күллі дүние жүзінде өсіп-өнетұғынның бәріне өсім-тұқым осыдан шығады», деп түйінді тұжырым жасайды.

«Адам тілі тас жарар, тас жармаса бас жарар» деген тәмсіл сөздің шығу мәнісін баяндауы да жүрек толқытарлық.

«Жапан түзде бір әйел бие сауып отырғанда, төрт кісі тіке өзіне түп-тура келе жатыр екен. «Тұрайын десе, биенің сүті саулап, жерге ағып кетерлік, тұрмайын десе, төрт кісі оқтай қадалып келе жатыр. Сасқанынан жұдырықтай тасты: «Көз болсаң, көнекке, // Тіл болсаң тасқа», деп көнегінің ішіне тастай беріп, биесін сауып отыра берді дейді. Бұл биесін сауып отырғанның үстіне төрт кісі келіп:

– Мана біз көргеннен биенің бұтында отыр едің. Сонан бері бие сауып отырғаның ба? Жоқ, ұйықтап отыр ма едің? – дегенде,

– Биемнің мінезі жаман еді. Биемнің бір сауымы бұтында отырмаса, иімеуші еді. Мана өздерің көргеннен жаңа иіді дегенде,

– Бәсе, солай ғой. Онан басқа біз көргеннен бері қарай иігенде, ендігі мұның сүті көнек түгіл, сабаға сыймай жерге ағып, бұлақ болып жатса керек еді, – деп жүре берді дейді.

Олар кетісімен, көнектегі сүтті сүйретпеге құйған екен. Көнектің түбіндегі тас төрт бөлек болып қалыпты».

Мәшһүр Жүсіптің шығармашылық мұрасында қазақ тілінің құт-берекесіндей, күйілі-қуатты, сымбатты сөз тіркестеріне берілген (мәселен, «тоғыз жолдың торабы», «сегіз қиыр шартарап», «10 түрлі қазына», «444 бекіту» және т.с.с.) сипаттамалар жеткілікті.

* * *

Қазақ тілінің нешеме алуан ағыс-толқындарын, қыртыс-қабаттарын қапысыз меңгерген, нәзік түсінген, көңіл, сезім, рух байлығын ақ қағаздың бетіне шеберлікпен төгілдіріп түсірген Мәшһүр Жүсіптің ақындық, суреткерлік ерен еңбегінде ұлттық әуезге бай асыл сөздер меруерттей толқындап-жарқылдап көңіл тербетеді. Жалпы, ойлы, салиқалы, тұжырымды нақыл сөздер, Мәшһүр Жүсіпше айтқанда, «затты сөз» «тілдің гүлі» (араб, парсы, түркіше), «данышпандардың өсиеті» (қытайша), «халық мектебі» (италияша) «көп көргендіктің жемісі» (ағылшын, француз тілдерінде), «қанатты сөз» (орысша), «көше арасындағы данышпандық» (немісше) деуге лайық. Расында, ата-бабаның ардақты, асыл лебіздері «ағып жатқан бұлақ».

Мәшһүр Жүсіп туындатқан оюлы, ойлы сөздер тізбегінде философиялық мән-мазмұн молынан.

Сөз жоқ, Мәшһүр Жүсіптің афоризмдері ақыл-ойыңды, сана-сезіміңді, жан-жүйеңді көркемдік сұлулыққа орап, өмірдегі мақсат-мұратыңды, көзқарасыңды, дүниетанымыңды айқындауға, тереңдетуге ықпал жасайды. Тәжірибеңді, түсінігіңді молайтады. Жақсылыққа жетелейді. Зейін-зерделіліктеңді, жетеңді рухани тұрғыдан кемелдендіріп жетілтеді.

Мәні терең, сыртқы сымбаты келісті, ойы өрнекті афоризмдердің сырына үңіліп көрелік:

• Тіл – ой маржаны, арман – сөздің қаймағы, нәр-тұзы, қиял – өмірдің гүлі, әдеміліктің мәйегі.

• Қанағаттан жақсы игілікті іс жоқ.

• Әр нәрсеге Алланың ризалығы болса, сен де сол жақта бол. Есі бүтін ақыл иесі болған адам дүшпаннан қашуға керек.

• Адал болса, мал рахат, зейінді болса перзент – жарық дүниенің көркі дүр.

• Дүние бір нәжіс – жаман шіріген нәрсе, дүние аламын деп, пенденің пендесі болма, жаратқан бір құдайдың пендесі бол.

• Қыдырғанмен ырыздығыңның қадірі тасымас, қадірің кетер, қадірден әркез адаспа.

• Шын ықыласпен ата-анасының қас-қабағына қарап, тік тұрып елжіреумен берген батасын алып қалған бала екі дүниеде қор болмайды.

• Дүние деген, шіркін, тойға келген қыздай, кетеріне келгенде қолға ұстаған мұздай.

• Дүние деген, шіркін, екі есікті үй еткен: бірінен кіріп, кідірместен бірінен шығып барамын! Барлық болғаны сол-ақ!

• Ақыл, сезім, қайрат, жігер – көңілдің жұмысы.

• Көңіл – бәрінің үстінен қарап билейтұғын патшасы.

• Дүниеде не тамаша, не өрнек – бәрі адамның денесінен алынған.

• Егер қанағат байлығы берілсе, сол байлықтың арқасымен пенде Құдайды табады.

• Бұ дүние – бір кәрі қасқыр, тісі өткірлігімен жемейді, алдап-арбап уысына түсірумен талайдың сілесін құртқан.

• Махаббатпен толған сап көңілдер дариядан да кең, бүтін көзге көрінген нәрселерден де, дүниеден де кең.

• Ақ көңілмен істелген іс аспаннан да кең.

• Өзіңе өзіңнің жаның ашымаса, саған кімнің жаны ашиды.

• Келген қонаққа дәм бермеген үйдің ырысын шайтан жейді екен.

• Ғылымның ең алғаш адамға келтіретін пайдасы – адамның мінез-құлқын жұмсартып байытады. Пенде нәпсіге жұмсаған күш-қуатын изгілікке жұмсаса, адам нағыз әулие-даныпшан болар еді.

• Есті адам қанағатты, қанағатты адам тиянақты, тиянақты адам көнтерлі, көнтерлі адам қайғысыз, ендеше, есті адам қанағатты.

Мәшһүр Жүсіптің ойшылдық, ғұламалық зердесі, парасат дүниесі осынау афоризмдерінен жарқын көрініс табады. Оның Аллаға ғашықтық, ақырет, жалған, дін, діл, тіл, иман, ата-ананы ардақтау, мінез-құлық, қанағат, пиғыл, нәпсі, ықылас, бақ-дәулет, махаббат, ақыл, ғылым, білім, ұрпақ, ұлт туралы даналық толғамдары ұлт руханиятына қосылған көусар бұлақ десе де болады.

Мәшһүр Жүсіп қазынасы – ұлттық игілігіміз. Өйткені, ол ұлт тарихы мен этнографиясына, философиясы мен фольклортануға, Қазақстанның саяси-құқықтық мәдениеті мен қазақ әдебиеті тарихына қатысты ұшан-теңіз шежірелік деректер, ағыл-тегіл мәліметтер, өлшеусіз әдеби нұсқалар, асыл сөздер қалдырды.

ӘОЖ 821.512.122.1

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ МАҒНАУИ ҒАЛАМЫ

С. НЕГИМОВ
ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Мәшһүр Жүсіп «Құдірет шеберлігі» дейтін байыптамасында: «Адамның жаны – асыл жаратылған ғалам» деп түйіндепті. Олай болса, заманынан оза шыққан ойшыл-білімпаздың, көреген болжампаздың шығармашылық еңбегіне орасан рухани кемелдік, тұңғиық тереңдік, сұлулық, парасатты пайымдау тән. Оның ақыл мен ойдан мейірленіп құйылған сап таза ой-пікірлерінің тағдыр-анықтағыштық қадір-қасиеті, көркемдік қызметі айрықша ғибраттандырып қанаттандырады. Көсемдіктің сара жолындай таңғажайып әсер тудырады.

«Өлең және қара сөз ғибраты» - көркемдік, философиялық, символикалық мәні ерекше елеулі туынды. Қазақ қоғамын изгілендіру, ұлттық игіліктерді жаңғырту, рухани жетілу мәселесі түп-тамырынан әңгімеленеді. Заманға, уақытқа, адамзатқа қатысты ащы ой-пікірлерін ірікпей айтады. Адамдарда іріліктің, сақылықтың, кісіліктің жоқтығын, «халық-жұрттың ортасынан опаның қашқанын», «бұрынғы аққу мен қаз отыратұғын көлдердің басында қарға, сауысқаннан басқа дым жоқ» екенін қатаң ескертеді. «Халықтың жақсысының өнері – зорлық, жаманының өнері - ұрлық» деп дұрыс мінейді. Адамдық абзал қасиеттердің құрдымға жоғалғанын, дертті қоғамның келеңсіз, көріксіз көріністерін былайша тізбелейді: «Біреу қасқырдай жан-жағындасын талап, біреу иттей көрінгенге көзін сүзіп, босағадан босаға қалдырмай аңдып, біреу түлкідей құйрығын бұлаңдатып, біреу мәймұндай (маймылдай) көрінгенді еліктеп, біреу жыландай сыртынан жылтырап, ішінен зәрін төгіп, кейбіреуі қабыршағы жоқ балықтай қолға тұрмай жылпылдап, біреу қарғадай ауыздан ішіп, арттан түсіп қалғанды әлдеқандай аңдып...» Мәшһүр Жүсіп адам баласының бойындағы есепсіз жиіркенішті құбылыстарды ұсқынсыз аң-құстардың, жәндіктердің, мақұлықтардың сорақы қылықтары арқылы сипаттап жеткізеді. Бұл

– Мәшһүр Жүсіп білімдарлығын, байқампаздығын байқатады. «Сұңқар табиғатты» болуға, «ұшқан құстан, жүгірген аңнан ғибрат алуға» керек дейді. Мына бір ойларының мәні мен сәні толғандырмай қоймайды. «Жігіт адамның қырағылығы бүркіттей болсын, зеректігі байғыздай болсын! Жүрісі маймұндай болсын! Он екі қырлы, бір сырлы, отыз аяқты болсын! «Отыз аяқты болсын!» дегені – басқан ізін білдірмей жүрген, жымын кісіге сездірмейтін болсын дегені». Бұл шығармада танымдық, ғибраттық мән-мағынасы өзгеше тәмсілдер жеткілікті. Мәшһүр Жүсіп былай толғанады: «Адам: «Жақсы мінезді қайдан үйренем?» демесе керек. Түйе деген малдан ғибрат алуға керек. Түйе сондай зор биіктігін(биіклігін) ойына алмай, бір тышқанның құйрығына байлап қоя берсе, еріп жүре береді. Өзі қырық күн шөлге шыдайды, көзіне көрінгенді қорек қылып, еш нәрсені талғамай жеп, қанағат қылып жүре береді. Күштілікте қара жердің кемесі десе болады». Мәшһүр Жүсіптің өзінің ой-толғыныстарын нешеме сырлы мақал-мәтелдермен, нақыл, ақыл сөздермен көркейтіп отырады. Қай туындысында болмасын асыл сөз тізбектері молшылық. Мұнда да солай. Әрі тосын мазмұндық, мағыналық қырларын көрсетіп береді. Мысалы, қойдың жүнінен басылған кигіздің бір ерекше қасиетін атақты Шоң би былайша түсіндірген: «Аспаннан түсетұғын жайдың оғы тесігі жоқ бүтін кигізден тіпті өтпейді. Дәл осы күнде осы үйдің үстінен жайдың оғы кез келсе, өтетұғын жері жоқ, кигіздің жүнінің арасынан бытырап-бытырап сіңіп кетеді».

Қанағат деген қасиетті ұғым бар. Бұл – адамшылықтың кепілі. Адам қанағатта жапалақ, байғыз дейтін құстардан үйренерге керек дейді.

Ғұламаның үлгілі сөздері – өмір, дүние, тұрмыс–тіршілік, тағдыр туралы толғыныстарды әсерлі, мәнерлі, нақышты жеткізетіндігімен қызықтырады. «Барлы, Барлы, Барлытау» деп басталатын түйдекте адам өміріндегі, тірлігіндегі көріксіз, қайшылықты көрініс–жайларды тізбелейді. Ал «Ақсұңқар, ұшқырмен деп мақтанба» дейтін тізбектегі мақтангөйлікті, сасық, пасық пиғылды әшкерлейді. «Басым көп деп, топтанба, Малым көп деп, шоқтанба!» деген халық даналығы тереңдігімен ерекшеленеді.

Бұрынғылардың: «Мал ұрысы – пенденің ұрысы, Сөз ұрлаған – Құдайдың ұрысы» деген сөзінің мәнісін, астарын Мәшһүр Жүсіп былайша түсіндіреді: «Сабырласып сөйлесудің, сөзді жасырып сөйлескеннің хақында айтылған сөз. Бұрынғы заманның жақсылары бүркітше саңқылдап, айдай ғаламның көзінше сөйлесуші еді. Бұл заманның құлары: «Бері шығып кетші!» – деген пәлеге қалды. «От ішінде мақта, Мақтадай Құдай сақта!»

«Бұрынғылардың тағы бір батасы» - аталардың қасиетті өсиеті замандар бойы мысқалдап жиналып, ақыл-ой сүзгісінен екшелген, сұрыпталған өмір тәжірибесінің, тарихи зерде-санасының даналық қорытындысы, тоқсан ауыз сөздің түймедей түйіні, адамгершіліктің ереже –қағидасы. Бұл – бата сөз келісті, ұғынықты. Мысалы: «Арқадағы Абылай бол, Бұқарадағы Даниярдай бол! Қойкөлдінің қойын берсін, Қойсоймастың ойын берсін! Тоқаның жылқысын берсін, Ақылдының құлпысын берсін..!»

Кісілік, дұрыстық, түзулік жайындағы түйінді ой–толғыныстырға негізделген халықтық–поэзиялық дәстүрдегі терме сипатындағы салиқалы сөзге тағы бір мысал: «Шын асылмен дос болсаң, «Алсаңыз, ал, бер» демес. Түзу жолда жүрген соң, Теңім түзу көрген соң, Жарлы да болсаң, тұқым шаш, Еңбегінді жер жемес». Немесе: «Жастықта қызба, жалын от, Артығы ақылға салмаса. Дариядан гауһар кім алар, тереңге сүңгіп бармаса?!»

Философиялық ой-тұжырымдарға бай төрт тармақты шумақтар мейлінше шымыр тоқылған. Мәшһүр Жүсіптің көркемдік логикасы ересен. Сондықтан да телегей ой-пікірлерін тастүйін, жинақы, оймақтай етіп, жұтынтып жеткізеді әрі тереңнен толғайды, түбірінен қозғайды. Мәселен, «Ай – қараңғы, күн-бұлт, түн демеңіз, Біреу – жарлы, біреу – бай: күндемеңіз! Ата тілін сыйлаған халал ұлды, Хұтпа ұстаған молдадан кем демеңіз!» Немесе: «Біреу – өлі, біреу – тірі: «Ал» мен «Бердің», Мал қашты уысынан һәмматлы ердің. «Шық бермес Шығайбайға» тұрақтады, О дағы біліп: «Ал» -ды берген жердің». Осынау төрттаған тұспалға, ғибратқа бөленген. Адам басындағы мәрттік, сан етін кесіп беретін жомарттық, адамшылық, мейірбандық, кеңпейілділік азая бастағанын мәлімдейді. Мәшһүр Жүсіп «Өлең және қара сөз ғибраты» деген ой-толғамында: «Ал» - «Бер» деген сөзі екі ағайынды болушы еді, соның «Ал» дегені өліп, «Бер» дегені тірі қалып, «Бар» - «Жоқ» деген екі ағайынды болушы еді. «Бар» деген сөз өліп, «Жоқ» деген сөзі тірі қалып» деп жазады. Бұл – ақиқат. Дүниеқоңыздық жайлаған жерде обал, сауап, рақым адыра қалады.

«Бес қымбат» - адам баласының рухани-изгілік келбетін, рух, сана болмысын, ар-ождан тазалығын терең де шынайы толғаған туынды. Ақынның «Бес қымбат» дегені иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп. Бұлар бір-бірімен берік-байланыстағы философиялық-этикалық категориялар. Рухани жетілудің негізгі шарттары.

«Бес парыз» - Мәшһүр Жүсіптің Исламның бес парызын (иман, намаз, рамазан, зекет, қажыға бару) нақ-нағымен, тақта-тақтасымен келістіре суреттеген көлемді жыры. «Бес нәрсе бізге бұйрық бір Алладан, ықыласпен қылу керек білген адам» деп қадап айтады. «Дүние жиғанның», «қолы жұмықтың» емес, «Құдай үшін жанын қиғанның», «Өнерпаз - ғылым-білім» деп түсінген көкейкөзі керемет «береген, шыншыл», сәлем беретін данасының қасиеттерін мөлдірете сипаттайды.

«Құдай кірсіз, Ай мінез» екендігін, Пайғамбар хадистерін ерекше пайымдаған ақын:

Құдайдың шеберлігін көзіңмен көр,
Тіреусіз тұрған жоқ па көк пенен жер.
Алланың ризалығын шын ойласаң,
Баланы кішкентайдан оқуға.
Баланы бер оқуға жас басынан,
Алланың құр қалдырмай олжасынан – деп тұжырым жасайды.

«Ағашсыз жапырақ» - сақилық пен сарандықты, адалдық пен арамзалықты, жақсылық пен жамандықты, елгезектік пен еріншектікті, уайымшылдық пен ойсыздықты, естілік пен қысыр кеңесті салыстыра сипаттаған терең мазмұнды ғибратты жыр. Мәшһүр Жүсіптің лебізіне зейін аударайық: «Жігіттер, сарандықты қылма кәсіп, Болмайды сараң жанға жұмақ нәсіп. Болма да өзі тақуа, өзі сопы, Тозақтан құтылмайды сараң қашып». Я болмаса: «Қылыңдар сақилықты жастан машық, Жомартқа сегіз ұжмақ есігі ашық. Сахи адам – бір Алланың сүйер құлы, Болса да бөгеті жоқ қандай пасық!» Қас жақсының белгісі – кеңпейілділік, жомарттық. Ақыл адам баласының осындай асыл қасиеттерін, аят, хадис сөздерін ардақтайды. Үлгі, өнеге тұтуға, «істер істің тәртібін білуге», өнерменен еңбек қылуға, «жалғанның келер-кетер ісін ойлауға» үндейді.

«Бұрынғылардың батасы» - образдық – метафоралық жүйесімен, ұлттық дүниетаным өресімен, діни-философиялық, этикалық қырларымен, стилистикалық, семантикалық байлығымен ерекшеленеді. Пайғамбарлардың қасиеттерін, өсиеттерін, өркендемпаз істерін, дәулет-сәулетін, айбат-қайратын, қуат-ұятын, бақ-берекесін тізбелеп келеді де, былайша жалғастырады: «Халық қамын жеген – Қарқарадай хандардың сәлеметтігіне, Ел қамын жеген – Едігедей бидің сәлеметтігіне, Өз еңбегін жеген – Құдай, шүкір, тәубе дейін – Қара бұқара халықтың сәлеметтігіне! Халқын, жұртын, қаны бірге ұлтын – ілгері бастырамын деген – Еңбекшіл ерлердің сәлеметтігіне! Қой орнына ат берген – Атымтай жомарттардың сәлеметтігіне!» Осынау бата сөздер адам баласының көркем мінезді, түзу, дұрыс пиғылды, сабырлы-салиқалы, байыпты-байсалды, ақ еділ жайсаң, жайдарман, таза ниетті, мәдениетті, әдепті болуға шақырады.

«Бұрынғылардың тағы бір батасы» - аталардың қасиетті өсиеті замандар бойы мысқалдап жиналып, ақыл-ой сүзгісінен екшелген, сұрыпталған өмір тәжірибесінің, тарихи зерде-санасының даналық қорытындысы, тоқсан ауыз сөздің түймедей түйіні, адамгершіліктің ереже –қағидасы. Бұл – бата сөз келісті, ұғынықты. Мысалы: «Арқадағы Абылайдай бол, Бұқарадағы Даниярдай бол! Қойкөлдінің қойын берсін, Қойсоймастың ойын берсін! Тоқаның жылқысын берсін, Ақылдының құлпысын берсін..!»

«Ақылдың пайдасы» (ертегі) – «Не жұмыс, не іс қылсаң ақылмен, сабырмен артын ойлап істе» деген ақыл сөздің мәнісі жарқын айғақ-мысалдармен дәйекті дәлелденеді. Ерте уақытта бір патша өзгелерден ерекшеленбей шаһар аралап жүргенде басына ат басындай алтын, аяғына қой басындай алтын жастанып жатқан ақыл сатып, кәсіп етуші адамға жолығады. Патша қолқалап, одан бір ділдаға осы ақылды сатып алып, үйінің қабырғасына, әрбір тұтынатын нәрселеріне жазып, бұлжытпай орындайды.

Бірде патша шаштаразшыны шақырады. Оның алдынан бас уәзір шығып, алтын басты ұстарасын ұсынады. Шаштаразшы жазуды оқып, өзінің үйреншікті ағаш сапты ұстарасымен шаш қияды. Патша оның алтын сапты ұстарасын қимағанын байқайды да, жендетін жедел келтіртіп: «Шаштаразының басын ал!» - дейді. Шаштаразшы: «Дат, тақсыр! Алтын сапты ұстара менікі емес. Оны Сіздің бас уәзіріңіз берген еді. Сіздің мына жазуыңызды көріп: «Қой, сырын білмеген аттың сыртынан жүрме!» - деген бұрынғылардың мақалы да бар еді, - деп, - күнде көзім көріп, қолыма ұстап үйренген сыралғы ұстарам жақсы болар! – деп, алған себебім сол! – дегенде, патша бас уәзірін шақыртып: «Мынаның шашын ал, өз ұстарасымен!» - дейді. Уәзірдің табанда жаны шығып кетіпті. Арам пиғылды маркұмның орнына ақыл сатушы кісіні бас уәзір етіпті.

Үйреншікті дағдысы бойынша патша тағы да қала аралап жүрсе, базарда бір нан сатушының нанының дәмін татса, шынында да тіл үйірерлік екен. Үйіңді көрсет, күнде нан алып тұрайын дейді патша. Ол үйіне патшаны ертіп барып, тамақ жайын таныстырады. Тағы бір үйге бас сұқса, толған адам, баршасы темір көгенмен көгенделген. Бірден патшаны да көгендеп тастайды. Сөйтсе кісі сойып, майына нан пісіріп, сатады екен.

Патша жоғалады. Ақылды уәзір тіс жармайды. Патшаны союға әкеледі. Ол: «Сен мені сойма. Мұнан да артық пайда келтірейін. Маған кілем тоқитын құрал тауып бер!» - дейді. Патша кілемге ақыл сөзді қоса тоқиды. Және кілемді осы шаһардың патшасына сат, мың ділдадан кем берме» - деп кеңес береді. Ақылды, бас уәзір патшаның тірі екенін біліп, кілеміңді екі есе бағаға аламын, үйіңді көрсет деп бір жасауылымен, соңынан жасырын үш жасауылымен, тағы да он жігітін жіберіп, қанішердің үйін түгелдей тінтіп, патшаны және көгендеулі адамдарды қапастан құтқарады.

Кісі етіп сатып пайдаланушыны мойнына темір шынжыр тағып, сүйретіп өлтіріпті.

«Бұрынғы замандағы құн төлеу, адам емдеу салты» (екінші нұсқа) – Абылай хан заманындағы білікесімдер шығарушы, төрелік айтушы, дау-шарларды реттеуші, бітімгер күлік Шобалай баласы Жаңабатыр бидің құнға қылған кесімдері көрсетілген. Мысалы, «қара құн - жүз жылқы, он екі жақсы; сүйек құны – елу жылқы, алты жақсы; өнер құны – «тоқал құн» болады - тоғыз жақсы. Бұл үш құн - еркекте Көтеш ақынға алынған, ұрғашыда Үлбикеге алынған. Батыр майданда өлсе, «Жеті ердің құны алынсын!» деген кесім шығарған. Аттың құйрығын кескен ұры жыл бойы босаға күзетеді екен. Мұның мәнісі – бір жыл ішінде кісі өлсе, кісі құнын төлеттіреді екен. Мал ұрлаушыға мал иесі оның мойнына арқан салып, өлшеулі жерге дейін сүйрейді екен. О заманда ойнасқорды қара есекке теріс мінгізіп, мойнына құрым киіз ілдіріп, арқан тағып, қырық қысырақтың құйрығына байлап, еркімен жібереді екен, сөйтіп, үріккен жылқылар тас-талқан қылып өлтіреді екен.

Мақалада «бақсы», «жарғыш», «құяңшы», «оташы» тәрізді халық емшілерінің өнерін тәптіштеп жазған.

Тапқырлық пен шешендікті мінсіз меңгерген Ақтайлақ би Алшынбай биді алшысынан түсірген тарланбоз. Ақтайлақ Қарқаралыға келгенде, Алшынбай би: «Осы сіздің ел: «Қымызға тар, - дейді ғой, шөлдеп бара жатқан жолаушыға тостағанмен ауыз тигізіп, шөлін қандырмайды!» - дейді. Осы рас па? – депті.

Сонда Ақтайлақ би: «Жылқыны қазақ: «Жаным, - дейді, - қымызын-қаным» - дейді емес пе?!»

Ақтайлақ би ойын әрі қарай сабақтастырып, көзбен көріп айтып отырсыз ба? – депті.

Алшынбай естігенім бойынша депті. Сонда Ақтайлақ би: «Көз - шынның расы, құлақ – өтіріктің ұясы» - деуші еді. «Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі – деп, төрт саусағын көз бен құлақтың арасына қойып тұрып: «Сіз осы сөзді көзбен көрген шығар, расын айтып отыр екенсіз» - деп отырсам, «өтіріктің ұясы» құлақтың естігенін айтып отыр екенсіз ғой – деп өкініпті.

Ақтайлақ бидің Алшынбай бидің бәйбішесіне айтқан: «Ердің семізі – елдің құты, әйелдің семізі- үйдің жұты. Атың жемпаз болса, берді Құдай, қатының жемпаз болса, ұрды Құдай», «Етегім – төсек, жеңім – жастық» - дейтін уытты, қуатты сөздері қандай десеңізші!

«Бұрынғы құдалық әңгімелері» - бұрынғы замандағы өлшеусіз байлық иелерінің әсіре жөнсіз құдалығы, келін түсіруі, қыз ұзатуы, әкесіне ас бергендігі, қызықты дүние қызығының, сасық байлықтың басы қандай, аяғы қандай, ешкімге опа бермейтіндігі, «жұрт көзіне түспек, ел аузына ілінбек өзі бір атақ», «бұл дүние жиылған жеріне не жылан, не шаян, не у, онан басқасы жоқ екендігі», «біреуге опа қылмаған дуние біреуге опа қылмайтындығы», тұрмыс-тіршіліктің, «бөліспе бүліншіліктің» нақты мысалдары, дәйек-айғақтар арқылы баяндалады.

Алтай –Қарпықтың атақты байы Сапақ «Үш жүзден бай таңдады, құда болуға, Кіші жүзде Байсақал деген бай бар деп, байлығын өзіне тең көріп, сол Байсақалға Кенесары-Наурызбайдың ағасы Саржан төрені алып, елу кісімен құда түсуге барды.

Қалыңдықтың бір сәукелесінің құны бес жүз байталға татиды екен. Қыз жасауының өзі бес отау, бір алтын шатыр, бес жүз жылқы және де қыз отауының уығын атпен жүріп байлаған екен. Керегенің басы мен аяғы, уық, күлдіреуіш, шаңырақтың өзінде тұтам күміспен көмкерілген. «Ай дейін десе, аузы бар, Күн дейін десе көзі бар» бір қасық сумен жұтып жібергендей, жасы дәл он бесте сұлу қыз екен.

Тоқетері, Сапақ бәйбішесі өз келініне «өзі ұйқышы, өзі жынды, неше түрлі жамандықты жапсыра берді...» Әрине, бұлайша ғайбаттау - ойсыздықтың, дүниеге тойымсыздықтың, топастықтың, тасырлықтың белгісі. Мұса Шормануұлының лебізіне жүгінейік: «... әдейі Сапақтың келінін іздеп барсам, бет біткеннің сұлуы екен. Ұрғашының алғара қиғашы екен. Сөйлескен жанды магниттей тартып кететұғынның өзі екен. Шай қайнатып, әбдіресін ақтарып шай салғанда, шайдың иісі отырған үй түгіл, ауылды аралап мұрын жарып кетті».

Бұл орайда Мәшһүр Жүсіп «Байлық алды – денсаулық, онан соңғы – ақжаулық, мұнан кейін – жүз саулық, мұнан асса, жын шалық» деген әулиелердің сөзін орайлы келтіреді де, Сапақ бай жын шалықтың-шалығымен орыстың Майор деген бастығымен төбелесіп жер ауады. Келінін Сапақ байға келістіре шағыстырудың кесірінен бұл жалғаннан татар түз –дәмі таусылады.Мұның тарихы былайша өріледі. Келін жүрегі ажалдың құрығына ілінетінін сезген соң: «Бір кішкене қайғысын қойнына алып құшақтап жататұғын болыпты. Керек төсекте, жатқан жерінде өлтіріп, құшағында жатқан баланы қатынның қолын кескілеп, әзер айырып алған екен дейді».

Сібірдің он сегіз мың казак-орысы атқа қонып, Кенесарының ауылын шапқанда, Сапақтың баласы бір жерошаққа жасырыныпты, үстіне бір түйенің жабуын тастатқан екен. Бір орыс-казак жабуды көтеріп қалса, бұғып жатқан сорлы байдың баласын мылтықпен бір-ақ атып кете барыпты. Олар ажалдысын қырған, ажалсызы құтылған, кейбіреулері тірідей тұтылған. Тек ханның иелігіндегі Байсақалдың қызының отауының бір бұлдіргеніне қол тигізбеген. «Дәу де болса, бұл үйдің әр нәрсесіне у жағып кетті ғой, - деп, - біреуге опа қылмаған дүние біреуге опа қылмайды екен» - деп хан өртеп жіберіпті.

Сапақ байдың қыздары Алшын би мен Азнабай мырзаға келін болып түскен екен. Құтсыз келін болғандықтан, бірде-бір ине жібіне тимей төркініне қайтарылыпты. Байдың «бір маржаны барған жерін оңдырмайтұғын болыпты». Сапақ байдың тұқымы бордай тозыпты.

Тоқа Сапақ бай Байсақалдың қызын Жасұлан мен Кенжебай дейтін жігіттерге өлтірткен. Екеуі де ит жемеде қаңғып өлген. «Байсақалдың қызының ақ қаны осындай қылған» - дейді екен.

Ғылым-білім кеңістігінде жарқын із қалдырған Мәшһүр Жүсіптің: «Әркім өз жанын тірілтуге ұмтылса, ғылым-білімге ғұмырын сарп қылсын! Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп, сыйлы болады» - дегені, оның мәңгілік рухани өмірінің де кепілі. «Алашқа өрнек», «ұлтқа пайда» келтірген халық перзентінің, әділдік қызметкерінің ізгі даналықты ойлары соншалықты келешектің келісті кеңесіндей, сәулелі санасындай, көркемдіктің бастауындай.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

ҚАМАРАЛДИН ХАЗІРЕТ – МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ҰСТАЗЫ

С. НЕГИМОВ
ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Мәшһүр Жүсіптің ұстазы – Қамаралдин (кейде Қамардин, Қамар) хазірет еді. Ол Кіші жүз Бөкей елінде туған. Мейірім-қайырымнан жаралған біртуар үздік дін ғұламасы. Бұқарадағы Көкілташ (Көкелдаш) медресесін тәмамдаған.

Мәшһүр Жүсіптің Мәдине дейтін қарындасынан туған Жолмұрат Жүсіпұлының (1894-1977) 1944-1947 жылдарда жазылған жазбаларында мынадай деректер келтірілген. Дуанбасы Мұса Шормануұлы Омбыдағы губернаторға жолығып: «Баянауыл елінде дін жолын, дін ғылымын терең үйретететұғын ғұлама хакім жоқ» деп, Қамаралдин хазіретті аттай қалап, Баянға әкелген. Ол халықтың ырыс-құтына, бақ-берекесіне айналып, білім сәулесімен елдің кеудесін нұрландырған. Бұл – 1866 жыл болатын. Қамаралдин хазірет түп-тура 59 жаста екен. Яғни 1807 жылы дүниеге келген. Руы – Бөкей.

«Елді түзеу үшін баланы оқытуды түзеу керек» деген Мағжан Жұмабаев пікірін одан әрі ширатсақ, баланы оқытуды түзеу үшін дарынды ұстазға ие болу керек. Ендеше, Мәшһүрдің қабілет-қарымын, рухани болмысын керемет кемелдікпен байытқан, дамытқан Қамаралдин хазірет еді.

«Мәшһүрдің ұғымды, ұқыпты, құлықты, өткір зейін, тапқыр ойының арқасында хазіретке сондай жағымды болып, хазірет өз баласынан кем көрмейтін болады» - деп жазады Жолмұрат Жүсіпұлы.

Мәшһүр Жүсіп сегіз-тоғыз жасында хазіреттің кітапханасындағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Төрт жігіттің хикаясы» тәрізді хисса-дастандарды ынтамен көшіріп, жатқа заулатып, мөлдіретіп айтқан.

Аға сұлтан Мұса Шормануұлы Қамаралдин хазіретке сәлем беру мақсатында үйіне келеді. Мәслихат құрады. Жақсылардың кеңесінде сөзден сөз, ойдан ой туындап отырғанда: «Көпей сопының қарғадай баласының білмейтін сөзі, жырламайтын қиссасы жоқ, сайрап тұрған бұлбұл!» - деген лепесті естіп, ол Көпей сопыға қарата: «Сопы, сіздің бір балаңыз: «Әңгімешіл, қиссашы, өленді, қиссаны жақсы айтады» - дейді. Өзін көріп, әңгімесін тыңдайық!» - дейді.

«Мәшһүрде тоқтау, жалығу, еріну, мүдіру, кідіру болмайды. Жарық шамдай жайнап, мөлдіреп аққан бұлақтай қайнап, тасыған судай төгілдіріп, маржандай тізілдіріп, бұлбұлдай сайрап, тыңдаушылардың көңілі әбден жайрап, таңырқантып, тамсантып, мейірлерін қандырды» (Жолмұрат Жүсіпов дерегі бойынша).

«Бұл өз заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен! Бас киіміне үкі тақтырып қойыңыз! – деп, Мұса Шормануұлы тілек еткен.

Дереу Қамаралдин хазіреттің бибісі Мария өз қолымен жалғыз қызының басындағы бөркінен бір шоқ үкі алып қадаған. Қазақтың дәстүрі бойынша, жүйрік тұлпарға, қыран құсқа, қасиетті домбыраға, ару қызға үкі тағылады.

Аталы сөзі атан түйеге татитын Қамаралдин хазірет телегей біліммен, теңдессіз білікпен сусындатады. Мәшһүр өзге шәкірттерден ата қаздай мойны озық болып көркейеді.

Мәшһүр Жүсіп «Қамаралдин хазірет» дейтін толғауында «аузынан дүрлер тамған» «дін исламның шамшырағындай» ұстазының дарабоз тұлғасын ұсталықпен сомдайды.

Ғылымды он екі пән – тамам білген,
Іші-тысын толтырып Тәңірім берген.
Шариғаттың шегесі, дін тұтқасы,
Ғұламаның алды еді көзбен көрген – деп дариядай білімдарлығын сипаттайды.

Әрі қарай өмірі дастанға лайық «Арқада дін исламның жалғыз туы» болған Қамаралдиннің өміртарихынан мәнді мағлұматтарды меруерттей тізеді.

Әуелі келіп тоқтаған Қоңырқұлжа,
Әр жұртқа ғылым шашып, салған жолға.
Дария-мұхиттай шыр айналған,
Болмаған мұндай ғалым осы қырда.
Онан соң тұрған жері – Қыпшақ: Ыбырай,
Ғылымнан артық нәсіп берген құдай,
Советник Тұрлыбектің тірісінде,
Неше жыл тұрған мұнда бірнеше ай.
Жиылып сабақ алған Керей біткен,
Атығай, Қарауыл боп құрмет еткен.
Қанжығалы, Қыпшақ пен Қуандыққа,
Он екі пән ғылымнан дін үйреткен.

Үстінен түйе өтсе де сыр бермейтін, «теп-тегіс іші-тысы нұр», «қара жердей салмақты, сабырлы», «мінезі қырмызы қызыл жібектей» Қамаралдин хазіреттің рухани сұлулығын келістіре өрнектейді.

«Түбі-тегі Бөкейлік хазіретті Омбыдан көшіріп алып келіп, Баянауылға мешітке имам сайлатқан. Сонда біз тоғыз жасқа аяқ басқан бала едік» - деп жазады Мәшһүр Жүсіп (Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 10 том. Павлодар, 2007, 168 бет).

Мәшһүр Жүсіп «Қамаралдин хазіреттен естілген сөз» дейтін жазбасында, иіні келгенде, ұстазының қазыналы жүрегінен құйылған ой маржандарын еске түсіріп отырады. Мәселен, «Балам, басыңнан кешкенде білерсің!» дегені. Немесе: «Пайғамбарлар неден пайғамбар болды? Ұжданына ие болуға жарағандықтан әулие болды. Ғараб тілінде «Тауфиқ» - дейді...» (Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 12 том. Павлодар, 2007, 187-188 беттер).

«Арыстандай атағы, тұлпардай дүбірі» бар, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген, бейне бір «қорындай үзілмейтін қара саба» Мәшһүр Жүсіптің ұстазы – Қамарлдин хазіреттің тарау-тарау мағыналы ғұмырының бір үзігі осындай.

ӘОЖ 81’ 42

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Ғ. ОСМАНОВ
оқушы, №22 ЖББОМ, Павлодар қ.
Н.М. БАТЕСОВА
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ғылыми жетекші

Қоғам өміріндегі өзара қарым-қатынастың ең басты құралы болып саналатын тілді әлеумет әрдайым өте жоғары бағалап, оның өзгеріс, өрістерін жіті қадағалап отырады. Тіл қоғамдық құбылыстардың бірі ретінде сол қоғам құрылысын айнаға түсіргендей өрнектейді. Яғни қоғам өмірінде болған, болып жататын құбылыстардың бәрі тілден орын тебеді де, тіл арқылы халық қазынасына айналады. Сонда тіпті кейде тілдегі кейбір сөздер арқылы ел басынан өткен кезеңдерді көзге елестете аламыз да қоғам дамуының белестері тіл дамуын сүзіп шығуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, қоғам мен тіл бірінсіз бірі күн кеше алмаса керек. Ендеше халық тарихы оның тілінде, яғни тіл фактілері арқылы біз халық тарихын тануға мүмкіндік аламыз. Тіл кез келген қоғамдық қарым-қатынастың құралы болып табылады.

Халықтың болмыс, тіршілігінің, мәдениетінің, таным-түсінігінің құпия сырлары ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын – тіл арқылы көрініс табады. Тілді танымдық тұрғыда зерттеу бүгінгі таңда дамып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі.

Қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыттың қалыптасуында этнолингвистикалық зертеулердің мәні ерекше. Танымдық ғылымның нысаны болып саналатын таным, тіл мен ақыл, олардың өзара қатынасы сонау көне заманнан пікірталас тудырып келген түсініктер. Тіл мен ойлаудың өзара қатынасы – ертеде философтарды да ойландырған мәселе. Атаулар көмегімен қоршаған ортаны танып білу танымдық құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл процестің ең жоғарғы сатысын байқап бағдарлап, мән мағынасын түсіне танып білу болып саналады.

Дүниетаным жеке адамның өмір сүруімен байланысты болумен бірге адамның қоғамдық өмірдегі орнына да қатысты. Дүниетанымның жинақы көрінер жері – ұлттық дүниетаным. Ұлттық дүниетаным ұлттың бүкіл бітім-болмысымен, қоршаған ортасымен, шаруашылық жүйесімен, табиғат құбылыстарымен тығыз байланысты. Ұлттық дүниетаным ақын-жазушылар туындылары арқылы көрініс табады. Тіліміздегі этнографизмдер арқылы, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы т.б. жолдармен беріледі.

Бүкіл рухани қазынаны жинақтап, сақтайтын ұлттық тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау мәселесі тіл білімінде өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Бұл ғылымдардың тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің құрылымдық, функционалдық жүйесінің кешенді үлгілерін айқындауды мақсат етеді. Мысалы, когнитивтік лингвистикада тіл мен таным бірлікте қаралады. Яғни тіл мен таным сабақтастығы адамға қатысты біртұтастықта қаралады. Адамға тұтастық деп қарау бірнеше ғылым саласының зерттеу әдістері мен құралдарының бір мәселе үстінде тоғысуына әкеледі.

Қазіргі тіл білімінде осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік бағытта және когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының негізінде жүргізілуде. Өйткені тілді зерттеудің когнитивтік жүйесі «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізілуі - тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Тіл мен таным процестерінің ара қатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Тілдік бірліктердің ұлт дүниетанымының айнасы екендігін талдау барысында аңғарамыз. *Шыр айналды шаңырақ,*

Сықырылады сырғауыл,
Бұрқырады бар аймақ
Соқты ышқына көк дауыл.
Көшті дауыл керуені,

Ілестім дауыл керуені,
Көк дауылдай кеуделі
Жігіт болдым, ер жеттім. «Дауыл» (1942ж.)

Ақынның дауылды суреттеуінде шаңырақтың қозғалуы, сырғауылдың сықырлауы, дауылдың керуенінің болуы, дауыл кезіндегі киіз үйдегі көріністі білетін, көзбен көрген, керуеннің көшуін білетін ақынның суреттеуі.

Уа, дариға-алтын бесік туған жер,
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

Шын мәніндегі көркем шығарманы табиғи дарын, асқан талант, ерекше шебер ғана жасайды дедік. Ал осы ерекше шеберіміз тыңнан сөз жасап, жоқтан бар жасай ала ма? Жоқ. Өйткені әдебиет теориясы жайлы жазған еңбегінде З.Қабдолов образ жайлы былай дейді: «...әр сөз о баста образдан туған, келе-келе көп образдар ұмытылған да, олардан туған сөздер ғана қалған. Сондықтан образды тіл деген ұғымды жаңалық деу қиын. Бұл — әр сөздің табиғи қасиеті»[1]. Олай болса, әрбір суреткер өз ұлт тіліндегі өзінен бұрын қолданылып келген бейнелі сөздерді, ұлттық поэтикалық тілдің өзіндік үлгілерін пайдаланады, ондағы ұлттық, халықтық ерекшелікті сөзсіз сақтап отырады.

Көркемдеу құралдары-образды сөз адамдардың өз ойын бір нәрсені екінші бір нәрсеге, бір құбылысты екінші бір құбылысқа балау, салыстыру, теңеу, мегзеу арқылы білдіру әрекетінен туғаны аян, болашақта да солай бола да бермек.

Дүниедегі ешбір ерекше талант өз ұлтының халықтық ауыз әдебиетінен, осы тәрізді халықтық ойдың нәтижесінен, оның көркемдеу құралдарынан пайдаланбай, одан үйренбей қалған емес.

Қазақ тілінің ұлттық көркем әдеби нормалары туралы профессор Р.Сыздық: «Ұлттық көркем тіл стилі, оның нормалары жазушы мен оқырманның талғамынан туады. Көркем стильдік нормалардың қалыптасып, орнығуында жазушылардың ролі зор екендігі белгілі. Шын мәнінде көркем әдебиет тілі жалпы әдеби тілмен тығыз байланыста бола отырып, онымен тарихи контексте дами келіп, сол тілдің шоғырланған көрінісін береді. Қазақ көркем сөзінің ұлттық белгілерін анықтауда біз де осы танымды ұстанамыз, яғни көркем әдебиет стилінің нормалары, бір жағынан, жалпы әдеби тіліміздің ұлттық ерекшеліктерімен ұштасып жатса, екінші жағынан, ол нормалар көркем әдебиет тілінің ұлттық белгілерін ұсынатын қуатты көз болып танылады» [2]– дей келіп, қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілерінің бірі ретінде сөзді астарлап, бейнелеп қолдануды айтады. Бейнелілік тек көркем әдебиет тіліне ғана емес, қазақтың жалпы сөйлеу тіліне тән белгі. Бұған сөздік қордағы атауларға зер салу арқылы көз жеткізуге болады. Затты, құбылысты, іс-әрекетті суреттеп сипаттап, астарлап айту мен теңеулердің активтілігі сияқты белгілер – қазақ көркем тілінің ұлттық сипаты.

Көркемдік қуаты аса қарымды Қ. Аманжолов шығармалары метафоралық сөз қолданыстарға аса бай. Жалпы, ақын шығармаларындағы метафора жайында сөз қозғағанда, біздер, әрине, поэтикалық метафораға тоқталамыз. Қ. Аманжолов шығармаларындағы поэтикалық метафоралар – ақынның ой өрісін, дүниетанымын, ақындық шабытын, шеберлігін, көркемдік көру қуатын байқататын аса құнды үлгілер.

Дүние-базар, аралап кете барды,
Тілін ұқты, сырын да тез аңғарды,
Су орнына жүтты да аққан жасты,
Күй орнына тыңдады қайғы-зарды(17 б.)
Көңілі-дария, ойы –аспан,
Асқар шыңнан бойы асқан,
Ай, күнімен аспанның
Әзілдескен сырласқан,
Ұшқыш болғым келеді!(21 б.).
Жайқала бер, қызыл гүлім,
Жүгірейін жеміс теріп,
Қызыл гүлім - жас ғұмырым,
Ақын жанға болған серік(34 б.)
Еісіңде ме сол бір жыл,
Оқушы едің рабфакта,
Сен - қызыл гүл, мен - жас бұлбұл,
Кездесіп ек бір бақта(42 б.)
Деді де, жер төбесіне
Қойды апарып туын тігіп...
Жер-доңғалақ, күпшігіне
Майыспайтын салды білік(50 б.).
Демі-жалын, сөзі оқ,
Қатуланды қиыр шет;

Келген жауда үрей жоқ,
Қалш-қалш, дір-дір, селк-селк-селк (67 б.).
Шырқа, шырқа аспандат
Көңіл күйі-әніңді!
Сен - магнит, мен - болат,
Тартасың жас жанымды(70 б.)
Поэзия - асыл жар,
Тек өзіңе тең болсам;
Менде қандай арман бар,
Мәңгі бірге сен болсаң!(308б.)

Ақынның *Дүние-базар; Көңілі-дария, ойы –аспан; Қызыл гүлім - жас ғұмырым; Сен - қызыл гүл, мен - жас бұлбұл; Демі-жалын, сөзі оқ; Сен - магнит, мен – болат; Поэзия - асыл жар*-дегендер метафоралық қолданыстар.

Ақынның поэтикалық сөз қолданыстары өзіндік даралығымен көзге түседі. Ақынның өзіне ғана тән сөз өрнектерімен өрілгендігіне поэзиязын зерделеу барысында аңғарамыз. Ақын әлемінде метафора поэтикалық образ жасаудың құралы болумен шектелмейді, образды көркемдікке жету басты меже емес, метафоралық мағына – жеке ой қорытындысының түйіні.

Қасым Аманжоловтың кей өлеңдерінің тақырыбының өзі метафораға құрылған. «Семья-шағын мемлекет», «Мектеп-кеме, білім-теңіз» өлеңдерін айтуымызға болады

Ақын поэзиясы тілін саралағанда метафора *ой дәлдігі, мағына айқындығы* үшін де қызмет еткеніне көз жеткіздік.

Жан сусыны-тәтті лебіз,
Жан азығы - сұлу жыр,
Тояттасын халқым тегіс
Ақтарылсын ішкі сыр(55 б.)

Автор қоршаған ортаны “өз көзімен” көру арқылы субъективті танымын білдірген. Мысалы,

Дүние *тулап* жатса да,
Мұхит *моңкіп*;
Дүние дөңбекшіп жатты,—

деген жолдарындағы әдетте айтыла бермейтін, байырғы ұғымнан алшақ қолданылған «дүние тулап», «дүние дөңбекшіп», «мұхит моңкіп» деген бейнелі сөз тіркестері бұл жерде сезімге әсер етіп, ойнап шыға келген. Ат құлағында ойнаған қазақ үшін «тулау», «моңқу» сөздері таныс құбылыс. Көркемдіктің негізгі шарттары ой айқындылығы, дәлдігі, сезім сұлулығы, нәзіктік, оқиға желісінің суреттілігі болып табылады. Қасым Аманжоловтың көркемдеу құралдарының халықтық үлгісін пайдаланып, өз тұсынан оны жетілдіре, дамыта түскен талант екендігі даусыз.

Ақын шеберлігінің бір қыры- сөзге үнемділігі, бір сөз, бірер тіркеске көп мән сыйғыза білуі. Ұзын-ұзақ баяндау; бәрін қамтимын деп әр дерекке бір жармасып, арам тер болу; бір ойдың өзін бейнелеуге топырлатып сөз тоғыту- ақынға мүлде жат.

Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден;
Жетімдік тағдыр жетті ептеп
Қабағын жаба түксиген.

Өмір қиындығымен бала еңбектей бастағанда-ақ кездесті. Осының бәрін шолып жатпай-ақ, «Өмірге келдім еңбектеп»- деп, бір ғана жолмен әсерлі бейнелеп тұр. «Әкем өлді»- деу оның өлімін әншейін хабарлау боп шығар еді. «Шалқалап әкем шықты үйден»- деген сөйлемде әке өлімін білдіру ғана емес, соған деген есейген лирикалық кейіпкердің қайғыру, жоқтау сезімі де бар. Бір адамның өмірге келуін, енді бірінің өмірден кетуін «еңбектеп», «шалқалап» сөздерінің қарама-қарсы қойылуы да жарқыратып аша түседі.

Қасым Аманжоловтың қажеттігіне орай қолданған бейнелі сөзінің бір үлгісі тұрақты сөз тіркестері. Ақын халықтың «Астын үстіне шығарып», «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман», «Бүркіт куған торғайдай», «Қабағынан қар жауып», «От тілді, орақ ауызды», «Көрден шыққан қорқаудай», «Төркіндеп келген қыздай», «Таң асырған тұлпардай тыпыршып», «Асау аттай тықыршып;», «Айтып айтпай не дейін», «Білінді тағ саз беріп құлан иек», «Бұрап тұрып жұлып алар, фашизмнің кеңірдегін», «Тіміскіген бұралқы ит», «Токионың нақ сонда, төбе шашы тік тұрды» тәрізді толып жатқан түрлерін қолданған. Ал бұлардың бәрінің де автордың ойын білдіріп, мазмұнды тереңдетіп және оны ашық, айқын танытуға әсер етіп тұрғаны сөзсіз.

Жұмыртқалар жетті кез
Қой үстіне боз торғай.
Туғанын да көрді көз
Оңынан күн, солдан ай,—

деген бейнелі сөздердің сөйлеу тәсілінде қолданылып, екінің бірінің аузында жүретін халықтық үлгісі еркін жеткізіп бере алғаг. Ал «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман» деген *идиомалық* сөздің мәнісін ақтара тізсең, қоғамның бүткіл бір формациясының сыр-сипатын түгел ашуға жетіп жатқаны талас тудырмайды. Бейнелі, тұрақты сөз тіркесінің мұндай үлгілері Қасым Аманжолов поэзиясында мол ұшырайды. Мысалы,

қазақта қайда барса да бір шырғалаң, кедергі кездесіп, реті, жөнімен тынбаған бір іс туралы айтылатын «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген идиомалық бейнелі сөз тіркесі бар. Қасым «Тұрмыс толғауы» дейтін толғауында «Құтылып Қорқыт көрінен» деген жалғыз-ақ жолмен берген. Мұның ар жағында «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген идиомалық тіркестің мағынасына халықтың ауыр тұрмысы.

Халықтық бейнелі сөздің ең бір өткірі, нысанаға дөп тиер пәрмендісі, ойды аз сөзбен терең жеткізудің бір жолы — мақал-мәтелдер болса, Қасым Аманжолов бұларды да дәл сы мақсатта шебер пайдаланып отырған. Мысалы, Қасым Аманжолов шығармасында «Ит ашуын тырнадан алғандай-ақ», «Аңқау елге арамза молда көп қой», «Ерді намыс, қоянды қамыс құртар», «Жаны тәтті жаманның», «Өлімнен ұят күшті» деген рас, «Жете ме жоққа жүйрік» деген сөз бар, «Екі жарты бір бүтін», «Жауды аяған жеңілер», «Әр тасқынға бір тосқын бар» тәрізді мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Ақын мұнда да бірде мақалды өзгертпей, халықтық нұсқасын сақтап пайдаланып отырса, бірде өлең өлшеміне, ұйқас, ырғаққа бағындырып, инверсияға құрып, сөздердің орнын ауыстырып пайдаланған. Бірқатар жағдайда өлең өлшеміне байланысты олардың мазмұнын алып, сөз санын азайтып қолданған. Айталық халықтық нұсқадағы:

Ерді намыс өлтіреді,
Қоянды қамыс өлтіреді—

деген мақалды Қасым бір жолға сыйғызып, «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтірер» деп алған, Сондай-ақ халықтық нұсқадағы:

Байдың малы тәтті,
Кедейдің жаны тәтті, -

деген мақалды «Жаны тәтті жаманның» деп қоғамдық жаңа жағдайға, адамның жеке басының қадір-қасиеті, адамдық парасат, ар-намысқа байланыстырып, өзгертіп, инверсияға құрып қолданған.

Қ.Аманжолов аудармаларына назар аударсақ ұлттық танымға сәйкес алынған бірліктер қазақ танымына сай жұмсалғандығын аңғарамыз.

Қасым Аманжоловтың Еуропа ақындарын қазақ тіліне асқан шеберлікпен аударуының басты сыры да – оның ақындық талантында жатыр. Қасым Аманжоловтың аудармасында А.Пушкиннің лирикалық жырлары, М.Лермонтовтың өлеңдері, А.Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмасы ақынның төл туындысындай болып кеткен. Зер салып қарасақ:

(Т.Шевченкодан)

Осынау жарық дүниеде,
Бармын ба мен – білмеймін.
Қаңғалақтап жүрмін бе әлде
Жыламаймын, күлмеймін
Сыбағам қайда, сыбағам?
Жоқ па сірә ешқандай?!

Егер осы өлеңді Тарас Шевченко емес, Қасым Аманжоловтың өзі жазды десе де иланар едік. Ақын Тарас Шевченконың өлеңін құр аударып қана қоймаған, іштей онымен бәсекеге түскен. Ақынның өмірінен хабары бар адам бұл өлеңнен Шевченкодан гөрі Қасым тағдырына сәйкес іздерді аңғара алады.

Қасым Аманжоловтың қазақ әдебиетінің кемелденуі үшін сіңірген көл-көсір еңбегін тілмен айтып жеткізу қиын. Ол дауылды дәуірде туса да, қан майданда жүрсе де қазақтың рухы үшін күресіп, қазақтың рухы үшін арпалысып, өз жүрегінің жалынына өртеніп өлді. Ақынның:

Ей, тәкәппар дүние!
Танисың ба сен мені?
Маған да бір қарашы,
Мен қазақтың баласы! –

деп айдай әлемге жар салуы да сондықтан.

Шаралған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде,
Қай жерде үзілесің қайран сапар,
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.
Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,
Көп күттім, қарайладым құмарлана,
Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім,
Алыстан көрінгенмен мұнарлана.
Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап,
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемде мен жатармын қырда қымтап –

деп егіліп сыр толғап, ағынан ақтарып, тебірене толғанған ақын мол әдеби мұра, өшпес із қалдырған қазақ әдебиетінің биік аспанындағы жарық жұлдыздардың бірі болды.

Қасым Аманжоловтың Еуропа ақындарын қазақ тіліне асқан шеберлікпен аударуының басты сыры да – оның ақындық талантында жатыр. Қасым Аманжоловтың аудармасында А.Пушкиннің лирикалық жырлары,

М.Лермонтовтың өлеңдері, А.Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмасы ақынның төл туындысындай болып кеткен. Ақын аудармада да өзіндік қолтаңбасын таныта білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352б
2 Сыздық Р Сөз құдіреті. Алматы:Санат,1994-234 б

ӘОЖ 882.151.212.2

ТАБАНДЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

Н.Т. РАҚПАНОВ
Жаңажол совхозының бұрынғы кәсіподақ ұйымының төрағасы

Мен 1979 жылы Жаңажол кеңшарының кәсіподақ ұйымының төрағасы болып сайландым. Ол кезде кеңшар директоры Мұрат Дүйсенбайұлы Рахметов болатын. Ол кісі іскер басшы еді. Мені тұрғындардың тұрмыс-тіршілігімен таныстыра келіп, олардың еңбекқор әрі ұйымшыл екенін айтты. Сондай-ақ Мәдениет үйін салу жоспарда тұрғанын, салынған күнде бір бөлмесіне әулие атамыз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына мұражай ашпақ ниетте екенін жеткізді.

Көпшілік талқысына салып едік, олар да қолдады. Содан 1980 жылы Мәдениет үйінің іргетасы қаланды. Оны салуға тұрғын халықта қол үшін берді. Құрылыстың тез бітуіне Рахметов Мұрат мырза мұрындық болып, күні-түні басынан табылып, басшылық жасады. Ол тек кеңесші болмай, өзі де бел шешіп жұмысқа кірісіп кететін еді.

Мәдениет үйінің көремендер залына орындықтар алу Кеңес үкіметі кезінде өте қиын болатын. Сол кезде облыстың Мәдениет Басқармасын Жаңажолдың тумасы Сейсенбеков Балтабай марқұм басқаратын еді. Сол кісінің көмегі көп болды. Рахметов Сейсембековпен тікелей сөйлесіп, қажет орындықтарды алу үшін мені Павлодарға 1,5 айға іссапарға жіберді.

Сол кезде кеңшардың партия ұйымының хатшысы Рамазан Түскенов, ауылдық кеңестің төрағасы Мағзұмов Заркум марқұм болатын. Бұл азаматтардың кеңшар директорымен ортақ тілге келіп, шаруашылық жұмысының алға басуына дәнекер болғанын атап айтқан жөн.

Ақыры не керек, Мәдениет үйінің құрылысы да бітті. Алдын ала келісілгендей бір бөлмесін мұражайға бердік. Бөлмеге жартылай киіз үйдің макетін жасап, Мәшекеңнен қалған дүниелерді атап айтқанда ыдыс-аяқ, аит әбзелдері, тағы да басқа жәдігерлерді жинақтап, орналастырдық.

Мұражайдың негізін қалауда А.Омаровтың еңбегі ерекше болды. Мәшекеңнің тікелей туыстарынан тек немересі Шарапиев Төлеубай ақсақал, ол кісінің келіні Пазыл марқұмның бәйбішесі Нұрила апай, Пазылдың баласы Шегендіктер көмек қолын созды. Қалған жұрағаттарынан айтарлықтай көмек болмады.

Ол кез Кеңес Одағының атеистік көзқараста болғандығынан әлі де Мәшекеңді ашық насихаттай алмайтын кезең еді. Соған қарамастан Мұрат Дүйсенбайұлы Рахметовтің табандылық танытқандығы үшін де ризамыз.

ӘОЖ 892.341: 6785

АҚЫН ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОҒАМ

Ғ. СМАҒҰЛОВ
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, № 266 мектеп-лицейі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Адамның қоғамдық-әлеуметтік ғұмырын мәдени-рухани тұрғыдан тұтас қарастырар болсақ, әрқашанда оның үш ұстын-тіректен түзілгенін немесе түзілетінін байқауға болады. Рас, экономика – тұғыр, іргетас, адам тұрмысының негізі. Тіпті сананы тұрмыс билейтіні де ақиқат. Алайда адам тұрмысы қандай деңгейде болса да, адам – тек ас ішетін тіршілік иесі емес, оған қашанда рухани игілік, жан азығы ауадай қажет. Міне, осы рухани азық-игілік үлкен-үлкен үш бөлік: тіл, діл және діннен тұратыны, құралатыны адамға да, ғылымға да бағыдан мәлім шындықтар. Біздің бұл жерде тілді бірінші айтуымызда да айдай анық гәп-себеп бар. Өйткені, тіл – барша адам үшін, оның ішінде алаш үшін де алғашқы әрі ең қат қажеттілік. Бірақ Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген кездегі қазақтың бір бақыты, мына бізден керемет бір артықшылығы – бұларда *тіл мәселесі* болған жоқ. «Сөзді бұзбай сөйле, шешендік танытайық» дегендей ескертулер айтылмаса, қазақ тілі аман-сау, азат болатын. Мына біздің заманымыздағыдай тіл тұралап, басқыншылыққа ұшыраған жоқ, отарланған жоқ. Сондықтан да «өнер алды – қызыл тіл» иелеріне Абай айтқандай көркемдік сын айтылмаса, Мәшһүр Жүсіп заманында тіл түзеу – тілді кеңейту, тәуелсіз ету мәселесі күн тәртібіне көтерілмеген, қойылмаған еді. Нақ сол себептен бізге Мәшһүр Жүсіп поэзиясына қатысты тіл түзеу мәселесін қозғаудың қажеттігі жоқ болды.

XIX-XX ғасырларда дін, діл тузеу қазақ әдебиетінде белсенді тақырыптардың бірі болды. «... Олардың түсінік танымы бойынша отаршылардың келіп, үстемдік жүргізуінің ақырзаман орнағаннан айырмашылығы жоқ. Бұл ақындар келер күнді заманақырға бара жол деп есептеді. Ақындық пен қайраткерлік бір арнаға тоғысты» [9, 33-б],- деген немесе «XX ғасырдың бас кезінде ақындар патшалық Ресейдің қазақтың жерін алумен бірге, оның өзін әртүрлі саясатпен жою мақсатын жүзеге асыруға жанын салғанын сезді, тіпті жерімен қоса, дінi, дiлiн, тілін алу жағын да ойластырды» [10, 12-б],- деген пікірлерден кеңестік қатал саясаттың халық санасына сыналап кіруі үлкен қауіптің басын көрсетеді.

Әдеби мұра-көпшіліктің қазынасы. Оның әлеуметтік мәні тереңдеп, көркемдік-эстетикалық қуаты артқан сайын ұлттық тарих мен руханияттың жәдігері ретіндегі бағасының жоғарылайтыны ақиқат. Ал, діл тузеу, яғни қалың қазақтың жан дүниесіне жарық түсіріп, әдебиетін дамытып, көнбесе – ащы сын арқылы оң жолға бұрып, мәдениетін көтеріп, қалыптастыру, өнер-білімге бет бұрғызу арқылы алға бастыру, ілгері ел болуына көмектесу нағыз – ел түзеу. Мұның өзі кейде еріксіз саясатқа да соқтырып, халық азаттығын, ел бостандығын еріксіз айтуға да ұласып кететіні жоқ емес. Міне, бұл тақырыптың өте өзекті де маңызды мәселе болатыны сондықтан. Әрине, бұл жерде ділден дінді бөлек ажыратып алып тастай алмайсың. Десек те ақын шығармашылығында тікелей дін түзейтін өлең-жырлар бар да, тікелей діл түзейтін, ел түзейтін өлең-жырлар және бар. Олардың өзі онша аз да емес, мол, ақын шығармашылығындағы үлкен бір арна десек адаспаймыз.

Ақынның азаматтық тақырыпты жан-жақты қамтып, терең қозғап, үлкен көркемдік келеге жеткізе жырлаған шығармалары қатарында «Жалғыздық», «Жасымнан үйір болдым өлең-сөзге», «Жаман әйел туралы», «Жақсы әйел», «Әйелдер туралы», «Қазақты жамандаушыларға», «Мына заман», «Жаман пейіл», «Малсыз дала», «Ханымбике», «Тайкелтір би», «Қажымұқан», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Қара өлең», «Қазақтың қылып жүрген жұмысы», «Үшінші ират сөз»,

«Нанайын ба?», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдігі екендігі», тағы басқа да өлең-жырларын атай аламыз. М.Ж.Көпейұлының шығармаларының көркемдік құндылығы мен әлеуметтік-қоғамдық тақырыпты жырлауы өз заманының жыршысы ретінде бағалауымызға жол береді. Академик З.Қабдолов: «Ақынның көңіл-күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жайына байланысты. Өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сарынымен сабақтас. Ол қуана шалқыса да, жабырқай толғанса да, лирикада сол кездің шындығы жатады» [11,318-б],- дейді. Бұл әдебиеттің заңдылықтарынна туып отыратыны белгілі жайт. Осы бір орайда тағы бір ой оралады. Ол – жалпы Мәшһүр Жүсіптің төл шығармаларының ғылыми жүйелі іріктелген, жазылған күн-айы, жылдары бойынша топтастырылған толық шығармалары жарық көрсе деген тілек-ой. Олар дүниеге келген мерзім-уақыты бойынша берілсе, ақынның шығармашылық өсу өркенін, өріс-өресін аңғарып қана қоймай, өмір жолдарын да, тағдырындағы «тар жол – тайғақ кешулерін» де, адам-азамат ретіндегі қалыптасу кезең-белестерін де қадағалай алар едік. Мұның өзі қызғылықты болып қана қоймай, қай тұрғыдан да оны әділ-түсіне бағалап, ақын өміріндегі, өлеңіндегі қайсы бір құбылысты да қапысыз танып, қателеспей түсіндіруге бастар еді.

Біздің осындай бір ойға жүлге беріп, пікір қашыруымызға себеп болып отырған туындысы – ақынның «Жалғыздық» деген өлеңі. Оның қай жылы жазылғаны белгісіз секілді, бірінші томдықта жылы көрсетілмеуі сондықтан шығар. Мұндай ретте, әрине, шығарманың көркемдік жағына, шығармашылық деңгей-түрпатына көңіл көзін жүгірту орынды болар. Бұл өлеңде өмірбаяндық дерек мол. Жеке бастың сыры бар. Тағдыр талайы жатыр. Ақын бала кезден көп ортасында, ел ішінде. Білім жолына түскен. Ақындық қонған. Бертін келе жігіттік тыным таптырмаған. Бәрінде де бұл зеректік танытқан. Қабілеттілік байқатып, «талай қамал бұзып, қулық, айла, амалыңды қорытқан».

Мәшһүр Жүсіптің әйелдер туралы айтқаны XYIII ғасырда жасаған жыраулар поэзиясымен үндестігін аңғартады. Жыраулар арнау өлеңдерінде тәлім-тәрбие, жігіт пен қыз, келін мен әйелдің түрлеріне жыр арнай отырып, өзара үндес те ойлар айтқан. Мәселен, Үмбетей “Әйелің жаман болса, қаңтардағы мұзбен тең” десе, Бұқар “Жаман әйел алсаңыз, топқа кірер ұл тумас” дейді. Шал ақын әйелдің үш түрін айта келе, “ақылды әйелдің ерінің есіктегі басын төрге сүйрейтінін” өрнектесе, Көтеш ақын “Қартайғанда қатының дұшпан болды” деп сықақтайды. Мәшһүр ақынның «Жаман әйел туралы», «Жақсы әйел» атты жырлары алдындағы «Жасымнан үйір болдым өлең, сөзге» туындысымен сабақтас, соны жалғастырып жатқан жырлар [12]. Жаман әйел сын-сипатын жақсы әйелмен салыстыра отырып жан-жақты ашып таныстырған, ғибрат-тағылым беріп, сақтандыратын туындылар.

Бірінші томдықта берілу ретімен әуелі «Жаман әйел туралы» өлеңге үңілейік. Бір қызығы – жаман әйел туралы жырдың өзі жақсы әйелді жарқыратып таныстырудан сабақталады:

Жұмағы бұл дүниенің – жақсы қатын,
Шығарса ағайынға жақсы атын.
Гүл жүзді, шырын сөзді, нәзік болса,
Түзетсе үй-мүлкінің салтанатын

Бұдан артық қалай мақтау, қадірлеу керек. Ақынға салсақ, жақсы қатын – бұл дүниенің бір жұмағы. «Жаман болса, дүниенің – ол тозағы». Осындай тозақтық пен жұмақтық жайын мүқият байыптап, күйіне сынап, сүйіне суреттеген ақын еркекті де бағалай кетеді.

«Жақсы әйелдің жаман еркекті адам қылатынын» айтып қана қоймай, кей кезде асыл арудың есер еркекке, надан байға қор болатынын да айтады.

Адамның рухани бесігі, тәрбие-тағылым қайнары: қоғамдық жүйе жатыр. Десек те табиғат-жаратылыстан адам қоғамының ерекшелігі – өмірдің жақсы-жаман болуы адамдардың, оның ішінде де әсіресе әйелдерге бай-

ланысты. Демек, қоғамдық жүйе түзелмей, адам түзелмейтіні қандай шындық болса, әйел жақсы болмай, еркек оңбайтыны, ер бола алмайтыны – тап сондай шындық. Мәшһүр Жүсіптің әйелдерді қайта-қайта тақырып етіп тамсана да, түңіле де жырлауында осындай сыр бар. Оның «Әйелдер туралы» деген тағы бір өлеңі жақсы әйел мен жаман әйел қасиет-қасіреттерін және аша түсіп қана қоймай, көріктіліктің нұрын тасытып, жарқырата түседі, көріксіздіктің құтын қашырып, жолын кесе түседі. Тіпті жақсы әйел мен жаман әйелді топ-топқа бөліп, нөмірлеп, саралай сипаттайды.

Түйіп айтқанда, әйелді түзеу – ананы түзеу, ардақтау. Ана түзелмей, ана мықты болмай, алаш мықты болар ма? Олай болса Мәшһүр Жүсіптің аталмыш туындыларының артықшылығы да, ардақтылығы да – темірқазық тақырыбын терең ашып, тамаша толғамдар түзе білуінде, түбегейлі тағылымдар түйгізе білуінде.

Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағымды зерттеген ғалым У.Қалижанұлының «Ақмолла, Мақыш, Әбубәкір, Нұржан, Шәді, Мәшһүр Жүсіп, Ыбырай, Абай, Шәкәрім секілді ақындар өз уақытынан оза туған, қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың жаңа үрдістерін бойларына жинақтаған жаңа тұрпаттағы адамдар болатын. Олар әдебиетті тек көңіл қошы деп емес, қоғамдық ой-санаға ықпал ету үшін пайдаланған алғашқы демократиялық көзқарастардың бастауы болды» - деуі мұсылмандық ілімен сусындаған М.Ж.Көпейұлының дүниетанымы мен шығармашылы-ғындағы дін, діл, тілдің қатар өрілгенін назарда ұстасақ деген ниеттен туындаса керек-ті. Мәшһүр Жүсіптің «Ханымбике» атты көлемді жыры да нағыз діл түзейтін, ел түзейтін туынды деп білеміз. Мұнда мұсылман баласына төрт әйел алуға дейін рұқсат беретін ислам діні қағидасы да тілге тілек болады. Ащы сынға қоса ақиқат сыр да бар.

Өлең ой мен сезімнің бейнеге айналған көркем жарасымы. Ақын поэзиясы арқылы сезім мен ойдың өрісті өресін танытады. Ақыл мен танымнан туған ғибрат пен насихатты жеткізеді. Осынау тұлабойы терең ақыл-ойдан ғана туатын тапқырлыққа, айшықты астарға, ғажап ғибратқа толы туындыны сырттай әңгімелеп, құр тамсанып, тамаша дегеннен гөрі тікелей табиғатын алға тарттық. Тайкелтір туралы өлеңінде өрелі, өрнекті келтірілген үш-ақ мысал – іс жүзінде де Тайкелтірдің ұлы би болғанын көрсетіп, дәлелдейтін оқиғалармен суреттеледі. Бүгінгі уақыт шындығына баққанда қанша даналық көрсетіп, халықты даудан, қалың дұшпаннан құтқарып қалса да, әйтпесе елді зұлмат-нәубеттен аман алып қалып, даңғыл жолға түсірсе де, хан-патшалардың билігін тоқтатып, тағын түсіп бере салуы мүмкін емес-ақ. Алайда бұл арада Мәшһүр Жүсіп ақынның айтары – халық арасында кездесер аңыз әңгіме ғана емес, бала Тайкелтір биліктерінің керемет сұңғыла бітімі, таққа лайық екендігі. Ендеше біз ақынның мұндай үлгісі өшпес, үрдісі озық, қыртысы қалың туындыларын нақты да нәрлі танытып, таныстыра білсек, бүгінгі күн қажетін өтеп қана қоймай, болашаққа да қызмет ете берері анық деп білеміз.

Ақынның «Адам Ата мен шайтан» атты жырына аңыз-хикаят деп анықтама беріліпті. Әдетте аңызда ақиқат болады. Бұл өзі Құраннан алынған әңгіме болғанымен

мазмұны да, мағынасы да өмір ажарын ашып, тірлік нарқын айқындап тұрған туынды. Адам Ата мен Хауа Ананың алғашында жұмақты мекендегені баршамызға белгілі. Алайда Хауа Ана шайтан малғұнның тіліне еріп, содан соң жұмақтан екеуінің де қуылатыны бар. Жер бетіне шыққан соң, шайтан адамды тыныш қоя салсын ба? Тағы да Хауа Ананы азғырып қоймайды.

Шайтанның баласы бар, аты – Ханнас,
Дұшпанға сенген адам қашанда оңбас.
Хауаға шайтан айтты:
– Тұра тұрсын,
Аз ғана серік болып саған жолдас.
«Тұра тұрсын» деуменен торын жайған,
Көп бөгелмей сонан соң кеткен арман.
Бір жақтан Адам Ата келе қалса,
Шайтанның баласы жүр болып хайуан

Адам Ата малғұнды қылышпен шауып өлтіреді. Адам Ата кеткенде шайтан қайта келіп, баласын тірілтіп, Хауа Ананың қарсылығына қарамастан қасында тағы қалдырады. Адам Ата келіп, бұл жолы шайтанның баласын тірілмесін деп төртке бөліп шауып өлтіреді. Әке шайтан қайта келіп, оны және тірілтіп алады. Қайта тірілмесе, ол шайтан бола ма? Хауа Ананың еркіне қарамастан, қасында қалдырып, тағы да жалт береді.

Керемет аңыз – келісті шындық. Адамның үнемі екіге бөлінетіні, жақсылық пен жамандық арасында жүретіні осыдан да шығар. Әрине, адам адам болғандықтан жақсылық жағына шығуы керек. Алла тағала адамға ілім-білімді игерер ақылды, тер төгіп еңбек ету талантын, көкірегінде жылт етіп жанып, жарыққа айналар сәулені – махаббатты, мейірімді, мархаббатты сол үшін берген.

Осы тараушаны қорыта келгенде, М.Ж.Көпейұлының XX ғасырдағы ұлт әдебиетінің өкілдеріне тән халық санасын оятуды басты мұрат-мақсат етіп ұстанғаны байқалады. Қазақтың азат дәуірін аңсап қана қоймай, заманға сай өзгері мен түрлену, ғылым-білім, имандылықпен байланысты ілгерішіл бағытқа иландырады. Ақын ұлт санасын оятуды көздеп, қалың әлеуметті елдікке бастар тұлғалардың артынан еруге де шақырады. Осы тақырыптарға арналған шығармалары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көркемдік әлемін, суреткерлік шеберлігін толық танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2 Қаһарлы сөз қамал бұзады (жинақ). – Алматы, 1943.-32 б.
3 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1958. – 332 б.
4 Ерботин Е. Далаға саяхат: өлеңдер, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаштар. –Алматы: Жалын, 1991.– 80 б;
5 Қалиев С. Қандай болып өсемін: өлеңдер, жұмбақ, жаңылтпаш, ертектер.– Алматы: Балауса, 1994. -320 б;
6 Кірісбаев Б. Жаңылтпаштар (кіші жастағы балаларға арналған). – Алматы: Балауса, 1998.– 32 б.
7 Құнанбаев А. Шығармалары. II том. – Алматы: Ғылым, 1977.-312 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР МА

Р.Ә. ТҮСКЕНОВ
Жаңажол совхозының бұрынғы партия ұйымының хатшысы

1978 жылдың сәуір айының бірі болатын Нұрила апамыз (Мәшекеңнің кіші келіні) таңертең ерте сағат жеті шамасында шаруашылықтың кеңесіне келді. Сол кездегі Жаңажол кеншарының директоры Рахметов Мұрат Дүйсенбайұлы болатын. Ал мен осы шауашылықтың партия ұйымының хатшысы едім. Таңертеңгі өтетін директордың планеркасына келіп отырмыз. Амандық-саулықтан кейін Нұрила апай: «Мұрат шырағым, ана Мәшекең атамыздың басы жүдеп-жадап тұр.Соны бір жөндеп, бұрынғы қалпына келтіріп, ауыз үй, төр үй қылып, салғызып берсеңдер қайтеді?» – деп директорға сауал қойды.

Мұрат Дүйсенбайұлы апаны тыңдап алып: « Жарайды, апа, өзіңіз қалай істе деп айтасыз, солай Алла жазса, салдыртып береміз», – деп уәдесін берді. Нұрила апай қуанып, келгендегі мәселесі шешілгенге рахметін, ризашылығын білдіріп, шығып кетті. Таңертеңгі жоспарлау біткен соң, Мұрат Дүйсенбайұлы мені және шаруашылықтың бас прорабы Мағзұмов Зарқын ағайды алып қалды. Содан Нұрила апамыздың сауалын еске алып айтты: « Қандай құрылыс материалдар керек, неден бастаймыз?» – деп отырып, өз сұрағына өзі жауап бергендей болып: «Ең алдымен, салатын мазардың эскиз суретін бір қағазға түсіріп, сызып маған осы жұманың аяғына дейін істеп, әкеліп көрсетіңдер», – деп Мағзұмов Зарқын ағайымызға тапсырыс берді.

Жұманың ақырғы күндері болатын Зарқын ағамыз бір үлкен ақ қағазға салынған сызылған мазардың эскиз суретін көрсетті. Ақылдасып кем-кетік жерлеріне түзету, толықтыру жасап, негізі, дұрыс деп құптап, Мұрат Дүйсенбайұлы Зарқын ағамызға: «Құрылыс бригадасын қойып, іске кірісе беріңдер», – деп тапсырды. Мұрат Дүйсембайұлы сан-салалы шаруашылықтың жұмыстарына қарамастан, өзі бастап құрылысты бақылауға алды. Содан екі айға жетпей, Мәшекеңнің мазары салынып бітті. Оған ауыл ақсақалдары қатты қуанып, ризашылықтарын білдіріп, баталарын беріп, бүкіл ауыл болып мәре-сәре болды. Ауылдық кеңестің төрағасы Молшин Жұмағали Ибрайұлы Мәшекеңнің басындағы құлпытасқа Қарағанды қаласынан тапсырыс беріп, істеттіріп әкелініп орнаттырды. Сөйтіп 1978 жылдың жазында, қасиетті де дарынды атамыздың мазары күмбезденіп, ауыз үй, төр үй болып көтеріліп, көркейіп қалды. Нұрила апамыз да, ақ әжеміз де (Шарапиев Төлеубай, Сүйіндіктің шешесі) осы ауылда тұратын туыстары Шарапиев Төлеубай ақсақал, Сүйіндік, Шегендік, Қуандық (ол кезде Семейдің мұғалімдер дайындайтын институтының доценті) шексіз ризашылықтарын білдіріп, шаруашылықтың атына, оның директоры Мұрат Дүйсенбайұлына, бас прораб Мағзұмов Зарқын ағайларға алғыстарын жаудыртып жатты.

Содан 1979 жылы шаруашылықтың мәдениет үйін салатын болып, оның құрылысы мамыр айының басында басталып та кетті. Ол кезде әрбір ауыл шаруашылықтарына үлкен-үлкен өндірісті шаруашылықтарға көмек беру жөнінде облыстық атқару комитетінің шешімімен бекітіп қояды. Біздің шаруашылыққа облыстық «Казсельхозтехника» бекітілген болатын, бастығы Райсих Федор Яковлевич. Осы аты-аталған мекемемен тығыз байланыста бола тұрып, Мұрат Дүйсембайұлының талап-тілегі бойынша аудандағы құрылыс мамыр айында басталып, мәдениет үйі қазан айының 15-і кезінде халыққа қызмет істеуге табыс етілді.

Осы мәдениет үйі салынып жатқанда, ішінде Мәшекең атамызға арналған ені 18, көлденеңі 6 метрлік мұражай бөлмесі болады деп жоспарланған еді.

Ол кезде мұражайды ашу үшін 3000 астам экспонат жиналуы қажет. Сонда ғана мұражай ашуға рұқсат беріледі, жетпесе ашылмайды.

Орта мектеп мұғалімдерінің шәкірттерді ұйымдастыруымен мектептің бір шағын ғана бөлмесінде Мәшекең атамызға арналған бұрыш болатын. Бірақ жиналған заттар, экспонаттары шамалы еді. Содан жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары болып халыққа салынып жатқан мәдениет үйінің ішінен Мәшекең атамызға арналған мұражай ашуға көптеген заттар, экспонаттардың жетпіспейтіні ашық айтылып, көмек сұраған болатынбыз.

Содан көптеген заттар, экспонаттар жан-жақтағы ауылдардан Бірлік, Южный, Торайғыр шаруашылықтарынан келе бастады. Ауыл тұрғындары көптеген заттарды мұражайға деп табыс етті. Сөйтіп мәдениет үйі салынып болғанша, біз 3000 заттар мен экспонатарды жинақтадық.

Сол кездегі облыстық мәдениет саласының бастығы Сейсембеков Балтабай ағамыз да Мәшекең атамызға арналған мұражайға қолдау жасап, көп көмек бергізіп, ат салысты. Мұражайдың жиналған заттарын экспонаттарын рет-ретімен қою үшін, оған облыстан арнайы суретшілерді, қол өнері бар адамдарды, облыстың Потанин атындағы мұражайдың мамандарын жіберіп, 15 күн шамасында ауылда, мәдениет үйінің ішінде жұмыс істетті.

Сөйтіп, мәдениет үйінің ашылу рәсіміне қарсы Мәшекең атамызға арналған мұражай да дайын болды.

Шаруашылықтың мәдениет үйіне және Мәшекең атамызға арналған мұражайдың ашылу рәсіміне облыстан, ауданнан, көршілес ауылдардан арнайы қонақтар шақырылды.

Жергілікті комсомол ұйымы мен мектеп мұғалімдерінің қатысуымен үлкен концерт ұйымдастырылып, артынан арнайы ас берілді.

Мәдениет үйінің және Мәшекең атамызға арналған мұражайда ашылу рәсімінде лентаны кию құрметі алғашқы болып ауданнан келген, ауданның партия комитетінің бюро мүшесі Избастин Жұмабек ақсақалға берілді.

Мәдениет үйін ашылу салтанатына жиналған халық ішін аралап көріп, Мәшекең атамызға арналған мұражайды тамашалап, ауыл-ауылдардан келген ақсақалдар, ақ жаулықты әжелеріміз көздеріне жас алып, мұражайдың ішіне қойылған әрбір заттарды ұстап көріп, атамызға деген сағыныштарын білдіріп жатты. Мұражайды ашылу рәсіміне қатысқан 90-нан асқан Ақ әжеміз риза болғаны соншама – оқалап тіккен шапанды халық алдында Мұрат Дүйсенбайұлының иығына жапты.

Бірақ сол кездегі дінге қарсы саясаттың салдарынан мұражайдың ашылу рәсіміне шақырылған көптеген партия, кеңес қызметкерлері келмей қалды. Әр түрлі сылтаулар айтып, Мәшекеңе арналған шараларға қатысуға қорқып, ат тондарын ала қашты.

Мұражайдың экспонат заттарын жинауға атсалысып, көп еңбек сіңірген Амангелді Омаров ағамыз еді. Ол кісіні Торайғыров шаруашылығында тұрған жерінен Мұрат Дүйсенбайұлы Жаңажол ауылына көшіріп алған болатын.

Ашылған мұражайдағы күнделікті тазалықты сақтауға Қ. Сатпаев атындағы мұражайдан бір штат берілді.

Міне, сол кездегі заманның саясатына қарамастан, әулие атамызға еңбек сіңіріп, құрмет көрсеткен сол кездегі шаруашылықтың директоры Мұрат Дүйсембайұлы Рахметов, шаруашылықтың бас прорабы Мағзұмов Зарқын, облыстың сол кездегі мәдениет саласының бастығы Сейсембеков Балтабай, мұражайға көп жылдары ие болып келген Амангелді Омаров ағаларымыз еді.

Егеменді ел болып, тәуелсіздігімізді қолға алып, ата-дәстүр, салтымызды жандандырып, өлді-өшті деген құнды, қасиетті дүниелерді орнына келтіру адамшылық парызымыз деп білемін.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫ МӘДЕНИЕТ ЛЕКСИКАСЫ (ҮШІНШІ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Т. ЖҰМАДІЛОВА
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Семсер» – найза қару. Семсер. Маған оң батасын берсін, қара қоржынын берсін, семсерін берсін (Мәшһүр-Жүсіп., 158); Семсерді берді қолына Алмас қылыш ілгізіп (228); Кир. رسمس сімсер ريشك сабля (Будагов, 635). Семсер – түркі тілдерінде ерте кезден қолданылып келе жатқан көне терминдердің бірі. Бұл сөз қарақалпақ тілінде семсер, қырғыз тілінде шамшар, ұйғыр тілінде шэмшэр, өзбек тілінде шамшир формасында қолданылып, «өткір, қайқы қылыш» деген ұғымды білдіреді. Семсер сөзі түркі тіліне араб, Иран тілдерінен ауысқан. Бұл сөз екі элементтен, яғни шам (тырнақ, тұяқ) және шир (арыстан) сөздерінің кірігуі арқылы жасалған. Найза негізінен қолданылу мақсаты жағынан түйрейтін, шаншыйтын қарудың түрі. Найза. Найза, шоқпар қолында, қылыш белінде (Мәшһүр-Жүсіп., 142); Найзаңның күміс шаптың қиясына (Мәшһүр-Жүсіп., 107); Ақ сүңгі найза қолында, Шеге жырау соңында (ҚЖ, 1887. 25); Наіза - копье (Радлов, 1905: 635). Сүңгі найзамен қатар бір қарудың атауы ретінде де жұмсалады. Шаншыйтын, түйрейтін қарудың бірі – сүңгі. Сүңгі. Қоблекеңнің сүңгісі Қызыл қанға боялды (Қобыланды, 72); Көтеріп салған көк сүңгі, Тіріде қанға тоймады (Ер Тарғын, 302 бет); Қара терге бұлғанып, Ақ сүңгіні қолға алып (Ер Тарғын, 290); Емен сапты сүңгімен Еңкейісіп шегініп (Қобыланды, 151 бет); Толғамалы ақ сүңгім, Шанша алмасам маған серт! (Қобыланды, 70); Ырғай сапты сүңгіні, Ырғай, ырғай салысты (Қобыланды, 67 б.); Жоғарғы жағының биіктігі кісі бойы дейді. Мұз болып қатқан сүңгі бар дейді (Мәшһүр-Жүсіп., 12). Алты қырлы ақ сүңгі, Оң қолына алғанда (Мәшһүр-Жүсіп., 180); Жасымнан сөз өнерін тудым ойлай, Сүңгідім көлден-көлге бойлай-бойлай! (Мәшһүр-Жүсіп., 124) Сүмбі мен сүңгі екеуі бір, дыбыстық өзгеріске түскен қару атаулары. Қарағай найза, қақ сүмбі Қолтыққа қынай қармайды немесе кәуірдің жүрек басынан Сүңгіні сонда салған дейді (Манас). Осындағы сүңгі қару атауы суға сүңгу тіркесіндегі сүңгі және сүлгі сөздерімен семантикалық мағынасы жуық мәндес сөздер деп ойлаймыз. Біздің ойымызша сүң+гі (пысқы, сүргі) түбір мен қосымшадан құралады. Т. Байжан сүңгі сөзі көне түркі жазуларында «түйрейтін

қару» ұғымын білдіреді. Қарайым. сунгу, тат. сонге, ұйғ. сунук, түрік тіл. сонгі, башқұрт. хонго, ноғай суьнги, – «шаншатын, түйрейтін қару» – найза – дейді. В. Радлов: сянгя (сяңгяк) - 1) копье, штыкъ – деп түсіндіреді. В. В. Радлов: ся войско – улуғ ся (АТ.) большое войско – деген мағына береді дейді (Радл., 794). Л. Будагов каз. кир سيامبۋ سيامبۋس сямбц, алт. сяме, шомполъ (у ружья, монг. сумунъ) (Будаг., 649). Л. З. Будагов: тат. су 1) частица, показывающая въ именахъ качественныхъ слабость цв ета, а при другихъ уменъшеніе или см сь напр. красы черноватый, алт. көсу многовато, қомақсы съ прим съю песку. 2) = су вода. 3) въ кир. = су. п. су., суы сторона, часть; близъ, къ, жарсу четыре стороны; четырех сторонній, суысы тутъ и тамъ (640). С. Е. Малов: су `вода`; ақ су `белая вода` (т.е. вода)`вода с молоком, употребляются при шаманских церемониях. Суалма `грушa`; ачығ су `водка`; су телык `колодец` (букв. Водяная дыра); су кел – `затоплять`. Ашм Сл., XVII, 171 и 205, 267: шыв, шу. РСл., IV6 743; Су кит. Попов, 473: су черыг `войско «су» (какой – то отряд войска); чі жу `семь родов (костей)` (1957:105). Ғ. Мұсабаев найзаның бір аты – көне түркілер тілінде сүңгі. Оның арғы тегі – су – жауынгер, қол (войн) дейді. Сөйтіп, су, сү+ң, сүң+іш+ті деген етістік көне ескерткіштерде кездеседі (Мұс.,119). Иегірмі сүңіс сүңісміс (14), Табғачқа йеті йегірмі сүңусді (36) (ЕДӘ). Сүңүк – сүңгі, су – әскер (Айдаров, 156); Су – әскер (Қашқари, 167). Сүңгі қылыш (сабля). Тур. КО. (Аманжолов, 407); Сүңгі «пика», ее разновидности – толғамалы ақ сүңгі, алты құлаш ақ сүңгі, ырғай сапты сүңгі, төрт қырлаған көк сүңгі, асылдан соққан ақ сүңгі и др. (Қайд., 32). Найза – сүңгі, демек, сүңгі қылыш емес, найза болды. Сүңгі мен су расында о баста бір мағына берген сияқты. Су (әскер), жау (дұшпан), жауынгер (жау + ын + гер) жау (жаңбыр жауу, су болу) арғы тегі су «ішетін» сөзімен семантикалық жағынан байланысты сияқты. Су (ішетін) су (әскер) болуының бір себебі қаптап келу, қыру мағынасымен байланысты. Топан су қаптады. Көне түріктер үшін көпке дейін қалың нөпір жау, қаптап келіп қалған су сияқты елестеді. Сондықтан олар әскерді «су» – деді. Сел, су тасқыны жеті жұттың бірі болып тегіннен тегін есептелмеді. Сүңгіні үшкір қылып жасау керек деген ойдың өзі судың еріп ағып барып үшкірленіп қатып қалуынан барып уәжденген ұғым, одан барып заттық мәнді сөзге айналған. Сүңгі сөзін «суға сүңгі» деген тіркесте қолданамыз. Сүңгі сөзі әр түрлі мағынада қолданылғанымен, барлығының түбірі бір сияқты. Жұбанов түркі сүңгі дегенді сүңгек дейді, ол сүйек мағынасында екендігін айтады (Жұб., 121). Сүңгек>сүйек қарудың сүйектен жасалғанын айтса керек. Су > сүңгі. Суылық>сүңгі>сүлгі лексемалары түбірлес сияқты. Сүңгі түйрейтін қарудың түрі болса, селебе шабатын қару [1, 311-317 б.].

«Күлдіреуіш» – шаңырақ басы. Күлдіреуіші күрт сынып көзіне қадалсын (Мәшһүр-Жүсіп., 40); Хан рұқсат берген соң, күлдіреуішінің басын салып берді («Аяз би» ертегісі). Күлдіреуіш//кулдурауышъ – Кир شۋاردلۋك перекрестные палки въ قاراڭناش шаңырақ (см. ۋي домъ) – (Будагов, 1871: II т. 161); Кир. دودەك‌ي‌دود додеге петельки изъ б лой кошмы по низу въ которыя прод ваютъ радіусы изъ красной широкой тесьмы называемой күлдіреуіш. (Будагов, 570); Который делается круглым как большое колесо из березового дерева; он имеет перекрестные радиусы кялдрояяш (Ильм.). Палочки р шетки скрепляются ремешками изъ верблюжьей кожи, называемыи көк клкъ гл. Көктеу скрепить такими ремешками, көн скважины, въ которая прод ваются ремешки, ауқ или аұұқ (уық) унины, выгнутыя палки выше решетки, аұұқ бау снурки, которыми привязываются унины къ р шетк ; верхній конецъ унинъ четырегранно заостренный – қалм, отсюда гл. қалмы ау заострить унину; шаңырақ отверстіе кровли, куда вставлются концами унины; оно делается круглое, какъ большое колесо, изъ березоваго дерева и иметь перекрестные радіусы – күлдіреуіш (Буд., 165).

Түйін. Күл+дір+еу+іш (түйреуіш) түбір мен қосымшадан құралады [2, 297 б., 1, 257-258 б.].

«Уық», киіз үйдің құралдары. Іске қарап жалғанда жалғыз уық (Мәшһүр-Жүсіп., 126); Алты ұл тауып жүрген иттің бес қанат үйдің ауығын (уығын – А.Қ.) байлауға бойы жетпей, уық байлағанда Жидебайды аяғының астына жатқызып, неше уық бар, сөйтіп байлайды екен. үй тігіліп, уық бауы байланатын болса, аяқ астына төсеп, «бой өсіруге» Жидебай дап-даяр (Мәшһүр-Жүсіп., 36); Салдырған сап алтыннан босағасын, Бауы бар уығының меруерт, маржан (Мәшһүр-Жүсіп., 108); Отаудың Ораз атаң басқұрындай, Тоқталмас тұлпар басы тасқа ұрылмай (Мәшһүр-Жүсіп., 106); Yk шест, образующіе крышу юрты (Радлов, 1606). Уық. Мұны у - ық түрінде мүшелеуге болатын сияқты. Өйткені туырлық, үзік дегендермен құрамдас келеді. М. Қашқари ОҚ // ОҒ уық. Әу оқы: ЕВ оқы – үйдің уығы; ИҒ ҰҒ: уық, киіз үйдің уығы, тіреу ағаш (МҚ., 66, 76). М. Қашқари үзік сөзін «шлем» мағынасында келтіреді... (Жанпейісов, 126 бет.). Уйки-кривые палочки, на которых поднимаются и держится верхний круг юрты-шанырак (Потанин, 359). Уық бау – уық-унина, кривые палочки, на которых держится верхний круг юрты – шанрак и вместе с которым они состовляют опору для купола юрты. Уик бау – веревка, вдеваемая в нижнюю часть унины для привязывания ее к решетке – остову войлочных стен юрты (ҚЖ, 283); Кир. ʼقُوʼا (уу), дж .وغۇا, وغۇا к. сл. قووا выгнутыя палки въ отверстіи кибитокъ, составлющія родъ стропилъ, по казачьи унины (к. сл. ن‌ي‌ب‌وج ن‌ي‌ش‌ووي ه‌اك‌رخ т. е. деревянная покрышка палатки). (Будагов, Том. I. 1869: 143). Ж. Манкеева: Уық. ууқ (қырғ) ~ уық (ққалп, қаз) М. Қ. иу көгу үйдің сүйегін ұстайтын иілген ағаш таяқшалар (М. Қ. I. 48). Сондықтан, сол кездің өзінде-ақ бұл тұлға түбір емес, морфологиялық даму арқылы құрылымы қалыптасып, атау мәніне ие болған. Бірақ, жорамал арқылы ажыратылатын ерін дауысты (у) Э. В. Севортян түбір деп алуға дәлел жеткіліксіз деп санайды. Сонымен бірге, А фон. Габеннің уық сөзіне қатысты тізген гомогендік қатарын да екі түрлі негізден деп қарайды (й) – «оқ», «уық» - ig (монг.) «семья» // о ~ о is «тегі» (род) сияқты түзілісін жазды (ЭСТЯ, 583-584 б.).

Түйін. Уық пен уыз сөздері түбірлес деп ойлаймыз. У + -ық түрінде мүшелеуге болатын сияқты. Өйткені, бұл туырлық, үзік дегендермен құрамдас келеді. У > (көк) -ық (қас +ық, қаз +ық, қу +ық) -ық қосымша. Уық пен уыз (уыс), у (удай ащы) түбірлес сөздер [1, 256-257 б.].

«Көже», тағамның түрі. Көөлі түбір көк (көке) сөзінен қысқаруы мүмкін. Көк түрлі жеуге жарайтын шөптің түрлері. Же (нан же) деген тіркестің және жем, кебеже деген сөздің құрамында сақталған. Қонаққөже (қон + ақ + кө + же) арқылы жасалған. Қонақ көже үйге қонуға келген қонақпен байланысты болса керек. Қонақасы мен қанаққөже тығыз байланысты. Өмірімде көрген мейманмын, Қонаққөже ішпестен (М-Ж. 54); Қонақасыларын беріп ертең таң атқан соң бәрін үйге шақырып (2 т, 67); Алдына ас келтірді балдан тәтті (ГШ, 109); Қонақ сөзі мынандай мағына береді: алт. конокъ, монг. хонокъ сутки, жизнь. Кавказдықтар қонақтар үшін дайындалған үйді кунахскій деп атайды тур. тат. қонакъ (отъ), осм. 1) гость т. б. мағынасы бар (1871:94, 95). *Көже «жидкая похлебка» (Ә. Қайдар, 252). Ас көптеген түркі тілдерінде `тағам` деген мағынаның орнында жүреді. Бірақ, кейбір жерлерде қонақасы деп өлген адамға арнап кешке беретін асты айтады [1]. Жалғасы «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы» (Төртінші).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері : ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.02.02 : 17.06.2005 қорғалды : 17.06.2005 бекітілді / Тұрышев Айтмұхамет Қасымбайұлы. – Алматы; 2005. –75-320 б.

2. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 9. – 6-361 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫ МӘДЕНИЕТ ЛЕКСИКАСЫ (ТӨРТІНШІ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Ж. ТРУШЕВА
ғылыми дәрежедегі магистр, ПМПИ

«Орда» – керегесіз ағаш шаншып, киіз жапқан жолым үй. *Келісімен отау үйі ордадай боп, үй болып, кетіп еді, берекелі* (Мәшһүр-Жүсіп., 129); *Жібек жатқан ордаға Аллалап жалғыз ұмтылды* (ҚЖ, 36). «Орда» сөзін ор + да (түбір + қосымша) деп қарастыруға болар еді. Себебі, С. Е. Малов: ор `класт`; зур орса йемес-тро `если положишь (в рот) ягоды «зур», – не есть`; см. ур-. Ср. Ору-. РСл, 1, 1048: ора -; шорск., койб., кач., сагайск., кирг., уйг.-таранч., чаг. `завертывать, пеленать, обвивать`. Ор `в древности`, `когда-то`: ор ахқа `в древности (был) старик`– древний старец – деп түсіндірген. В. В. Радлов: орда нора животныхъ 1) дворецъ, палатка султана, ханская ставка, лагер хана десе; ода, одау комната, жилище, домъ, одау – отау, шалаш, балаганъ, станъ сияқты түрлерін атайды (Рад., 1072, 1120). Этимологиялық сөздікте: Орда сөзі орын (орна, орнау, орналасу) сөзімен түбірлес. Тайпа бір жерге «орналасты, орнады» дегенді Махмут Қашқаридің заманында **ordulandi**: **beg bir yerig ordulandi** деген көрінеді (МК., т. I, 296). *Өрік зат. Майлы дәні бар, қызғылт сары түсті шырынды жеміс және сол жеміс өсетін тікенекті ағаш (ҚТТС. 206) (ҚТҚЭС. 1966:153 б.). М. Қашқаридің yerig* (өрік) сөзіне мән берілмегенге ұқсайды. Yerig > өрік > уры > ұрық. Демек, С. Малов жазған *аузына дән* (ұрық) салу сөзі шындыққа жуық келеді. М.Қашқари (өрік орға салынды~ өрік орналастырылды ~ өрік оралды) yerig ordulandi деп өте дұрыс жазған. Ор-1.зат. Терең қазылған жер (ҚТТС, 179). Ор // шұқыр альтернативіне зер салсақ Л.З. Будагов: *мат*. وقۇ(о), وقۇ, رۇق, وڭ‌ن‌ۇ, رۇڭ‌ن‌ۇ, وڭ‌ۇغ‌ل *тур*. وقۇ **ченгер** (وڭ‌ن‌ۇ رقۇ шұңқыр – А.Қ.) (ەدڭ кнре), глубокій; яма, ровъ, рытвина, *тур*. ج‌وقۇ‌ر‌ي шұқырйы низменная земля ك‌ۇزل‌ۇ‌ر‌ۇ‌ق‌ۇ‌ر‌ي күзлрқ жұқрары впадины глазъ, *тоб*. وڭ‌ن‌ۇ‌ر‌غ‌اچ‌ق жұнқұр жақ оврагъ, лунка, وق‌ۇ‌ر‌ق жұқрақ буерачникъ; وق‌ۇ жқұрла неровный, шероховатый; *гл. тур*. وق‌ۇ‌ر‌ت‌ل‌م‌ق шқырлатмақ, *мат*. жұнқрламақ وق‌ۇ‌ل‌ق‌م, жұнқұрламақ وڭ‌ن‌ۇ‌ر‌ق‌ل‌م делать ямой, углублять, ирывать, шқұрлнамақ ق‌م‌ن‌ل‌ۇ‌ر‌ق‌ج *воз. ад*. жұқа дүшмек وخ‌ۇ‌ش‌م‌ك впасть, делатся впадинами, ямками (например щеки); впасть въ яму; *каз*. ا‌ۋ‌ي‌ل‌ج‌ڭ ауйы шыңқы ирытое, ямистое мъсто, земля, неудобная для колодцахъ (изъ которого достаютъ воду для лощадей, въ Крыму), колодезъ (весьма глубокій) – қазақша транслитерациясын жазған автор (Буд., 496). **Ой –** `*долина*`, `*степь*`; `*участок земли*`; `населенное *место*`; паро, пэг оиға йетпі–тро `идя путем–дорогой, доехали до жилья` (*обычное выражение* в рассказах о едущих и идущих) – дейді (Малов, ЯЖУ: 81). Ор // шұқыр ту баста мағынасы бір болғанға ұқсайды. Тіпті, ***оймақ*** сөзінің қалыптасуына да түрткі болған сияқты: *Оймақтай аузы бүріліп* (М-Ж., 217); *Оймыққа құрам сау жері, Тал бойында қалмады* (М-Ж., 203); Қағандар **орда** деп аталған жазғы, қысқы тұрағы болды. *Жаздыкүні* олар дөңгелекке тігілген жібек шатырда, палаткада тұрды, ал *қыстыкүні* айнала қабырға тұрғызылып, **ор қазылған қорған типтес үйде** тұрды. Земархтың айтуына қарағанда, Дизабул қаған Византияның елшілерін шатырда және алтындаған бағаналары бар ағаш үйде қабылдаған екен. Қ. Байпақов, А. Нұржанов Сауран қаласы туралы: Қаланың өзі биік қабырғамен қоршалған, ал оның айналасы – **ор*** – дейді. Құрбанғали «Орда мағынасы» деген жазбасында: Орданың өзі өзбекшеде «патшаның отауы» деген сөз болып, ол қалада ма, далада ма хан отау көтерсе «орда» аталған. ұлы жұрт, яғни ұлы орда дегенге келеді, одан Сарай шаһары болу керек, алайда «Жаһоннамада» жазылғандай 1085 жылы опат болып, ұлы Шыңғыс орнына болды – деп жазды. Ш. Уәлиханов

орда сөзіне көңіл бөлген: Қазақтар үш жүзге бөлінеді; (орыстар Большая Орда, Средняя Орда, Младшая Орда деп атайды) ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз. Белая орда-в настоящем контексте «орда» – богатая, подобная дворцу, юрта (Потанин, 352). Бұл орайда Мұхтар Құл-Мұхаммедті қараңыз: (Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі. 1994: 69 б). Есмағамбетовтің мына сөзі: «В. Рубрих жіті көзбен көре, қағаз бетіне түсіре білді. Оның күнделігін оқыған кезде Батый Сарайындағы жолаушылар үйі («яма»), оған Батыстан келіп жатқан саудагерлер, Қарақорымда еркін де бай тұратын алтын ісінің шебері париждік Буш, ұлы хан иеліктерінде табысты сауда жүргізіп жүрген армияндар, венгерлер, гректер көз алдында тұрады» - дегендегі «яма» сөзі көңіл аудартады. «Орда» деген сөздің мағынасы деген мақаласында 1891 жылы «Дала уалаяты газетінде» 10 санында Кіші жүздің сұлтаны Зұлқарнайын Шөкіұлы да өз ойын ортаға салған: «*Соның үшін хандарының үйлерін құрмет етіп «**орда**»* – деп атасқан екен» – деп жазды. И. Фальк* «Қазақ терминдерінің шығу тегі туралы» деген мақаласында: Қазақтар (қырғыздар) ежелден жеке үш ордаға, яғни тобырға (Norden немесе Orden), ал әрбір орда он центурийге немесе мыңдықтарға бөлініп келді. «Кергер», дала адамдары – қазақтар үлкен Орданы осылай атайды (Koerder). Қалған екі орда өздеріне «қыр қазақ» деген ат алды, бұл «қыр» – шөл және «қазақ» – батыл деген сөздерден шыққан» – дейді (И. Фальк. Императорлық Ғылым академиясы шығаратын Ресей бойынша ғылыми саяхаттардың толық жинағы. СПБ., 7-том, VII бет.). *Иоганн Петер Фальк (1727-1774) – швед дәрігері және жаратылыстанушы. Петербург ғылым академиясында жұмыс істеді. 1769-1773 жылдары Қазақстанға, Повольжеге және Батыс Сібірге экспедиция жасап, қазақ, татар және қалмақ халықтарының тарихы жөнінде материалдар жинады. Орда құрылымы туралы Л.Н. Гумилев те жан-жақты жазды. Қ. Салғараұлы «...біздің тарихи тақырыпқа қалам тартып жүрген жазушыларымыз «Хан ордасы» деген ұғымды қате түсініп, «хан үйі» деген мағынада қолданатын тәрізді. өйткені олар ханды ордада үй ішімен жатып-тұрғызады, тамақ ішкізеді, тағы басқа тірліктер жасатқызады. Менің түсінігімде орда ханның жататын үйі болмауы керек» – дейді. (Қ. Салғараұлы. Қазақтың қилы тарихы. – Алматы: Жалын, 1992. – 80 б). Қ. Салғараұлының айтып отырғанындай ойды жоғарыда Зұлқарнайынұлы айтып кетті. Ол «орда» деген қараша халықтың ақыл-кеңес сұрайтын, ханға сый-сияпат беретін еді дейді.

Түйін. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев **орда** сөзін **үй отау** мағынасында қолданған. **Ін** > ұя > ор > орда > ор <> жар ~ жам > жамшік <> ямчик > жам (жәмшік) [1, б.246-248].

«Кіреш» – түйеші. Кірекеш пен кіреші бір сөз емес. **Кіреші –** негізі көруші, болмаса төрешінің ролін атқарған (Қ. Халид, 183). Кереші жалғыз адам емес, бірнеше кісіден тағайындалады (М. Әуезовта кереші-күтуші адам ұғымында жұмсалған) (Е. Жанпейісов, – 1973. – № 6. 40). Жүк тартатын адамды **кірекеш** деген. ***Кірекеш** – түйе тізген бәдәу – араб* (Мәшһүр-Жүсіп., 204). ***Кірекеш** едік жолаушы, Қалаға кіріп барамыз* (Алпамыс, 241). **Кіре** – жалданған көлік (К.К. Юдахин). Бізше кір // гір жүк деген мағына беретін сияқты. Кірекеш-кіре-кеш. «Кире-ар. наемная подвода» (КРС, 388). Кірекеш – кірекеш, жүк таратушы (жүк алып барушы, жүк алып қайтушы (Жанпейісов, 79). **Кіре** – араб тілінде *кираһун* – ақы, жалданған көлік ақысы, арендалық ақы. К.К. Юдахин қырғыз тіліндегі **кіре** сөзін жалданған көлік, жалданған көлік ақысы, арендалық ақы деп, оның араб-парсы тілдерінен ауысқанын көрсетеді (Кир. – рус. сл. – М.: 1940). Қазақ, қарақалпақ тілдерінде де *кіре, кірей* (кирей) дәл осындай мағыналарды білдіреді. **Кіре** түбірінен *кіреші, кірекеш* туынды түбірлері жасалған. (А. Мах.). Кириш//кірес сөзі өзінің алғашқы мағынасында «известь» қазіргі ноғай, түрік тілдерінде қолданылады. Азербайжан тілінде **кирэч** сөзі «гипс, алебастыр» деген мағынада кездеседі. «Кодекс Куманикусте» *кірдұ* XII ғасырдағы түрік-араб сөздігінде *kirdc* (Radloff., CC. St. – Peterburg, 1887, 34; M. ГН. Hautsma, Ein turkischara-bisches Glossar, Leiden, 1989, 96) «известь» деген мағынада кездеседі. *Ат тұяғы тимеген Ақ **кіріш** тас суда бар* (Бұқар жырау, ЦНБ АН КазССР, папка – № 1177, 30). Қазақ тілінің говорларында **кіріш** сөзі бар. Ал, әдеби тілде бұл сөздің орнына *у тас*, *әк*, *ақ балшық* сөздері қолданылады. Түр. **кірэджъ**, *известь (а. жм), сумен араластырлыған известь* тұз (Будагов, Ср. сл. тур. тат. нар. т. II, – С. 121). **Кірекеш –** кіреші, жүкші (возчик, ломовой) Жу. ЖО. (2, 386 б.). **Кіреші –** жалдаушы (3, 103 б.).

Түйін. Түріктер о баста **тұздың** атын білмей тұрғанда «кер//кір» – деген болуы мүмкін. Кейіннен «кір» жүктің атауына ауысқан сияқты. Одан **кіреші** туынды мағыналы сөз пайда болған. «Тұз» тасыған керуенді «кіреші» (*кірешілер келе жатыр*) деп атаған [1, 249-250 б., 4, 204 б.].

«Көк шағидан сырмақ» – үй жиһазы. *Үй сыртынан **сырмақ** жайып, күрке тігінті* (Мәшһүр-Жүсіп., 1907); *Шатырларды тіктіріп даярлаған, Төселіп көрпе, **сырмақ** гүл жайнаған* (Мәшһүр-Жүсіп., 312); Сырмақ – / сыр + мақ/ сөзі киізді қабаттап сыру, тігу немесе төсеніш ретінде жерге сыра салу, сырғыта салу, сырып салу, сусыта салу мазмұнынан пайда болған демекпіз. Жасалуына байланысты үлкен сырмақ, кіші сырмақ, төрткүл сырмақ, сары ала сырмақ, көк ала сырмақ, атаулары бар. Моңғолия қазақтарының тілінде бір кісі отыратындай етіп жасалатын сырмақ түрі бар. Мұны «майауза» деп атайды. «Майауза» моңғол тілінде ер үстіне салынатын көпшік деген мағына береді (Б.Қ. Тлепин, 1997: 12). Л. Будагов: *тур.* **ممرس сырма** 1) золотая нитка, **ممرس شك** шитое золотомъ (работа), **ممرس شك** золотошвей. 2) *к. сл.* шитое иголкой, родъ разноцвѣтного коврика **ينزوس** 3) сярме = **ممروس** (Том I. 1869: 627). *Каз.* **قمرص, قمريص сырмақ** – стегать, перематать, прицѣпить, привязать, *кир.* шить въ сторчку, **قمشرص** вцѣпиться, *Кир.* **وارص باروق** съ наставами. 2) тур. = **قمإغرص** сырғамық (Том. I. 1869: 699); *Дж.* **сырмакъ** (= каз. **قمرص** сырмақ) стегать, шить **غيريس** шовъ, рубецъ, **قمتيريس** *пон.* **قملييريس** *стр* (Том. II. 1871 :405); Сыръ **رص-** краска (монг. ширъ) (Том. I. 1869: 698). *Сыр* мен *сыз* сөздерінің шығу генезисі бір сияқты. **Сыз**-чертать, графить, чиркнуть спичку (Радлов, 4 т. 1 ч. 663). **Сырмақ** – зат. е. Түрлі түсті киізден матадан сырып, оюлап жасаған әшекейлі ұлттық үй жиһазы (ҚТТС, 1985: 591; ҚТС, 2002: 504; Шаңырақ, 1989:

97). *Sırlıғ ajaq*: Сырлы аяқ – Сырлы аяқ, сырлы тостаған ; *Sırmaq* – Сырмақ: есіктің тоқымы (М. Қашқари, 1997. 1 том. 382, 531; *Дж.* ***сыз**гырмакъ*, выр҃зывать ножомъ (Том. 2. 1871: 405). Сырдық: сырмақ (стеганная кошма – С. Аманжолов, 1977, 522). Сырмақ туралы қараңыз: Қасиманов (47); Қазақ өнері энциклопедиясы (637); Ислам Жеменей (169); Сыз сөзі – түркі – монғолға ортақ сөз. Якут тілінде суруй – «жазу» деген сөз, чуваша «*жазу, сызу*» дегенді *сыр* дейді. Моңғол тілінде «сызу, сурет салу» деген мағынада зура (х) сөзі бар. Осы күнгі сурет (монғолша зурат) деген есім сөздің де түбірі – осы сур (сыр). Ал сыр (сур) сөзінің өзге түркі тілдеріндегі фонетикалық варианты *сыз* (суз). Түркі тілдерінің көпшілігінде **з** дыбысымен келетін кейбір сөздер чуваш тілінде (және монғол тілдерінде) р-мен айтылатындығы – тіл ғылымында белгілі құбылыс. Демек, **сыз** сөзінің о бастағы бір мағынасы «**жазу**» болған [99]. Ә. Қайдар **сыз** «**черта**», «**линия**» и кирг. чий «**проводить черту**», «**записывать**» и мн. др. (Қазақ тілінің өзекті мәселелері. 1998: 81 б.). Олай болса, сырмақ // сырық // сырлы аяқ //сыр // сүрме // сырға сөздері түбірлес пе деп ойлаймыз. Сыр + мақ деп екіге бөліп қарастыруға болатын сияқты. Б. Тлепин (сыр + мақ) деп дұрыс бөлген. -Мақ (піспек, оймақ, шақпақ, құймақ) зат есім жасайтын жұрнақ (Ысқақов, 1991: 156).

Түйін. Сыр > жазу > сурет салу > өрнек салу > сыру > сырмақ. **Сыр** түбір тұлғасы мен **ой** (оймақ>ою) «ойма» жазу болған, текемет// тек (тік) шығу генезисі бір сияқты [1, 249-250 б.]. Жалғасы «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы» (Бесінші).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері: ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.02.02 : 17.06.2005 қорғалды : 17.06.2005 бекітілді / Тұрышев Айтмұхамет Қасымбайұлы. – Алматы, 2005.

2 С. Аманжолов, Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1959.

3 Н. Оңдасынов. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. 2 том. – Алматы: Мектеп, 1984.

4 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 1.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫ МӘДЕНИЕТ ЛЕКСИКАСЫ (БЕСІНШІ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Т.Ш. БӘЛКЕН
магистрант
Ш.Ж. ТРУШЕВА
ғылыми дәрежедегі магистр, ПМПИ

«Көнек» – төбе аты. Көнек ыдыстың теріден жасалған түрі. Төбені көнекке ұқсатып барып көнек деген болу керек. Жасынан пісіп-қатып, көнтерлі, шыдамды болсын, – дейді ғой (ҚШ, 36); Шоштанның қызынан жұртта туып қалған Тоңболат, мұнан Баскөнек, мұнан боқыш... (Мәшһүр-Жүсіп., 41). Көнек – түбірі көн (тері) -ек (-лек) қосымша. Көнек>көн ек (төсек, бөстек, кесек, көйлек (көнлек) құрамындағы жұрнақ. Кцнек – кожаный подойник (КРС), конок – кожаное ведро для доения кобыл (Рсл). Көнек түркі тілдерінде: `теріден тігілген сауғанда ұстайтын ыдыс, теріден тігілген ыдыс, шелек, тері шелек` мағынасында кеңінен мәлім. Б. Орузбаева көнектің түбірі көн-нің орнына көң: «Киргизское көнек `посуда из выделанной верблюжьей кожи`, по нашему мнению, образовано от основы көң `кожа (кустарной выделки)` при помощи аффикса -ак по образцу тарак `гребень`» – дейді (Словообразование в киргизском языке. – С. 96, 98) [1, 2]. Салыстырыңыз: кцңіцк, кцңндк, кцңнцк, конгlак. Архаикалық -ң – ды Н. К. Дмитриев атап өткен болатын (С. Аманжолов, 241). Жазба ескерткіштерде: Хаутсма көнчек = йім = ічтон `шалбар, ыштан, сым, жұқа матадан тігілген ішкі киім`, СС. Тз. көнчек; Ибн М. Күнчүк; салс. тат. күнчек `өңделген терінің жұрнағы`, қаз. көйлек – көншек `ішкі киім`(Құрышжанов, 1970: 148). К. Г. Менгес: коншак сөзін көншек сөздерін көн `тері` түбірінен шыққанын айтады. Бұл туралы қос – деген бөлімде айтылды. Осы формаға ұқсастықты көне түркілік: күнчдк, күнчүк `қалта` (МК, I,с. 444), чағ. Кончак – колчак `өңезделген тамақ, ыдыс, қазан. кянячцк `шелек` (Рсл, 547, 1441) табамыз. Бұл деректердің бәрінің де шыққан түбірі көн `тері`. Көнек//көнлек болуы мүмкін -л дыбысы дыбыстың ассимиляциялануы нәтижесінде түсіп қалған. Дж. тат. **نوك** күн, кунь, тур, ад. гцнъ, кожа животных, въ тат. выдъланная кожа, **كونوك**, **ييجوكالييانوك** сыромятникъ, кир. алт. **كانوك** кцнцкъ, кожаный подойникъ или ведро (въ которые доятъ кобылъ), (дожь) илиъ какъ изъ ведра, **كمالنوك** обить кожей. (Будагов, 1871: 164). Жалпы, көнек пен көйлек сөзінің түбірі бір > көн (тері). Көнек – алт. диалек. көң тере `өңделген тері`. ГӨ: Н тур.; кцн (тур., аз).; gцn (тур.).; көн кир., ног.; ккалп., көн уз.; кожа (крупного рогатого скота); көнек `кожаное ведро` (Севортян: 73). Кцнцкъ подойникъ (Будагов, 413). Алалкөнек: сүті кейде аз, кейде көп сиыр (С. Аманжолов, 1959: 354).

Түйін. Гцнъ (көн) > тері > көнек > көйлек > қанар > тағар > дағар (тері ыдыс). Мәшһүр-Жүсіп көнтері және баскөнек сияқты формада қолданған [3].

«Көк шұға манарыс шапан». Бөрігі жоқ, тақияшаң шапаны жоқ, жейдешең, Шалбары жоқ, дамбалшаң (Қобыланды, 143); Кигені Жақсыекемнің жасыл шапан, Бір кезі бес теңгелік асыл шапан (Мәшһүр-Жүсіп., 58); Мынаған бес ала атан, бес дүрия шапан әкеліп беріңдер (Мәшһүр-Жүсіп., 85); Қартайғанда, көріпсіз бір перзентті, Шыныменен бір шапан бермейсіз бе? (ҚКБС, Тағы да Былқылдаққа айтты ойды, Алдына асыл шапан, жамбы қойды (Шәкәрім, 313); – Қызыл шапан кимедік, Қырыншыл ат мінбедік (Мәшһүр-Жүсіп., 171); В.В. Радлов: шапан [Kir] = чапан верхнее платье, кафтанъ – das Oherkleid der Kirgisen, ein bis zu den Waden reichender vorn offener Rock – дейді (Рад., 982). П. М. Мелиоранский (1902, с. 301) және К. Менгес (1979) lapundha ~ lapandha ~ lapyndha `жабқыш, `жабу (поп`на)` (ТСРЯ, 1999: 562) олардың айтуы бойынша бұл сөз jap-`жап` + + -yn - аффиксінен құралып жауып деген өздік етіс < japyn- жасайды. `жабыну` + афф. –dhy, сонда тарихи туынды: jap-yn-уль-иа~jap-yn-уль-уа~jap-yn-уль-уа т.б.> япанша~епанча. Осы орайда К. Менгес (1979) түркілік [у] пайда болуын орыстың [а]-ның негізінде туғандығын айтады. Бұның алдында бұндай құбылыстың пайда болуына қарсылық жасағаны мәлім еді. Түркі тілдерінде бұл сөз екі вариантта кездеседі: japyndhy және japupiaq `шекпен (қой жүні шекпен, биязы шекпен-түйе жібіне түйін жіп қосып тоқыған шекпен)` (Жанпейіс., 131), `шапан` (Севортиян, 1966, с. 189) << етістіктің түбірі jap- + -yn өздік етістің жұрнағы < japyn- `жабыну` + жұр. -dhy` ~ -иу немесе - dhaq ~ иаq әншейінде етістіктің түбіріне қосылмайтын, мүмкін japyn- түбірінен кейін басқа жұрнақ болғанға ұқсайды, бұл етістік қарудың немесе қоян-қолтық күресте жұмсалатын зат па дейді (жақ – қараңыз: (Қайдар., 29) - > dhaq қаруды білмегенге ұқсайды – автор). Осындайдан -adhaq ~ аиаq жұрнақтары болуы мүмкін. Бұл жұрнақтар етістіктен зат есім тудыруы: japyn `покрываться` + - аиаq > > jap-yn- (a) иа (q) > japupiaq > яапан ~ жапан `жапқыш, жабу (поп`на) әзірбайжандарда осы сөздің аналогиясы бар: duљdn- `төселу` - duљdn - adhaq `төсеніш`; gej-in- `киіну`- gej-in - adhaq `киім` тағы басқа (Севортян, 1966, с. 347); (Баскак., 171). Демек, шапанның түбірі жап болған. Ш дыбысы ж дыбысына алмасқан болу керек, С. Е. Малов ш дыбысының функциясы туралы айтады. Н. А. Баскаков, А. Н. Баскаковта да сөз болады. В. А. Аврорин нанай тілінде ж, з, ф, ц, ш, щ, ь, ы – әріптері тек қана ауысып келген сөздерде ғана қолданылады дейді. Л. З. Будагов: дж. шапан, жпан, кир. шапан халатъ (воовще носимый мущинами и женщинами в л тнее время); старый кафтанъ съ заплатами (у тур и бухар. халать, над ваемый на рубашку мужчинами и женщинами, то же что икте, жикте въ персіи– старое, изношенное платье воовще, называемое также жпаре отсюда жпан од тый въ старье, мет. ничтожный человекъ; бух. шырыны шапан бумажи, халать, қырмызы шапан красный шелков. халать бухарскій (въ русск. чепанъ, жупанъ) дейді (452 б.). Шапан сөзіне қатысты бірер мәселені Е. Жанпейісов: шағи шапан, мақпал шапан, қаптал шапан, бояулы тон, әміркен кебіс, саптама, жарма қоныш саптама, жарма қоныш етік сияқты қамтып өтеді. Дж. Кэстль: кедейлердің киімі түйе жүнінен тоқылған шапан, теріден тігілген шалбар мен шарық болды – деп жазды. Ж. А. Манкеева жеңіл шапанды жаздық киімнің қатарына жатқызды (Манкеева., 40). Шапан – зат. Ішіне мақта салып сырып тігілген, түрлі матадан жасалған сырт киім (ҚТТС, 1961: 474). Шапан-оны қалың матадан арасына жүн, мақта салып, астарлап немесе қос астарлап сырып тігеді. Ол негізінен тік жағалы, ішін-ара қайырма жағалы да болады. Шапан: сырмалы шапан, қаптал шапан, қималы шапан деп бөлінеді (Шаңырақ, 1990: 327).

Түйін. Мәшһүр-Жүсіп жасыл шапан, дүрия шапан, қызыл шапан, асыл шапан түрлерін қолданған. Жап>жаб>жау (жаулық – қараңыз). Жаулық екінші варианты түбір тұлғасы жап – деп қарастырған. Жабу > шапан > шекпен [3, 226-228 б.].

«Сандал» – ағаш. а. п. [сәндәл - سندل– 1. обувь, комнатные туфли; 2. сандаловое дерево; 3. небольшое судно; лодка; сандалии; стул, табурет] – 1. сандалеты, сандалии, летняя легкая обувь без каблуков. Үстіне көк барқыттан киген костюмі бар, аяғында сандал (Ж. Жұм.); 2 . изделия из сандалового дерева. Самарқан барсаң, сандал бар, Сандалды көр де тісім көр («Қ. э.»). Сандал батырлар жырында ұшырасады. Жамбасыңа болайын, Ұста соққан сандалдай (Ер Тарғын). – 248 б. Л. Будагов та сандалдың үш мағынасын береді. Ильминский Сандал – жастық (дерево, в котором укрепляется наковльная) Л. Будаговта да үшінші мағынасы солай. Сандал деп ағаштан ойып жасаған аяқ киімді де айтқан. Көне түркі тілінде сандал балта деген де ұғым берген. Бұл туралы докторлық диссертацияда кеңінен жазылған. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Сұлтанның артында қалған қатын-баласы туралы» атты шығармасында «сандал» сөзіне тоқталады:

Баһары қаз алатын лашындай,
Бойы бар тік сандалдың ағашындай.
Мінезі, түсі, түгі дәл атасына
Ұқсапты сауысқанның баласындай [4, 121 б., 5, 704 б., 3, 316-317 б., 6, 82 б.].

«Сандық» – ағаштан жасалатын үй жиһазы. а. п. [сундук: 1. сундук, ларец; 2. ящик (деревянный, металлический); 3. касса] – сундук. Сандық – сақпыт, көрпе – жастық, киіз – текемет тиелген арбалар (Қ. Қ.). а. صندق санлукъ, сандыкъ, мн. صندقان сундукъ, ящикъ, صندق صندقچه сундучокъ, ларчик для даргоц нностей, сундукъ для харненія денегъ, касса, баулъ, кожан. чемоданъ, банкъ, публичная касса, сундучникъ – Л. З. Будагов. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев сандық сөзіне байланысты:

Бір құшақ газетпенен қабатталып,
Біреудің сандығында жаздай қалып.
Ел күзекке келгенде күздігүні,
Аяқсыз хат домалап келді салып [4, 248 б., 5, 704 б., 3, 226-227 б., 7, 176 б.]. Жалғасы Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы теонимиялық және мифтік лексика (Алтыншы).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Солтанбайұлы З. Мәшһүр / З. Солтанбайұлы. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2001. – 26-44 б.
2. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий / Л.З. Будагов. – СПб. ; 1871. –Т.2. – 112-254 б.
3. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері : ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.02.02 : 17.06.2005 қорғалды : 17.06.2005 бекітілді / Тұрышев Айтмұхамет Қасымбайұлы. – Алматы; 2005. – 5-320 б.
4. Рүстемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов / Л. З. Рүстемов. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 21-306 б.
5. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий / Л. З. Будагов. – СПб. : 1869. – Т. 1. – 33-704 б.
6. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 3. – 3-368 б.
7. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 1. – 25- 431 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕОНИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИФТІК ЛЕКСИКА (АЛТЫНШЫ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Ж. ТРУШЕВА
ғылыми дәрежедегі магистр, ПМПИ

«Жан иесі өліп, ғарасатқа қайта тіріліп, ғазазіл ан хазірет илан үмбеттеріне таласып, имам ағзам илан имам шафқа жүгінгені» – Мәшһүр-Жүсіптің 70 жасқа аяқ басқан уақытында жазылған өлең болса керек. «Біз де келіп отырмыз жол аузына дегеніне қарағанда» – осы шамаға келеді. Демек, өлең 1930 жылдары жазылған деп межелеуге болады. Өлең 4 тармақты, кей жерінде сұрақ қою арқылы екі тармақ болып келеді, барлығы 250 шумақтан тұрады. Лиро-эпикалық жанр. Оқиға эпитафияға құралған. Алланы, Құдайды, Мұхаммед пайғамбарды жоқтау болып келеді. Романтизмдік көркем әдіспен жазылған. Мәшһүр-Жүсіп XVIII мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы имандылық жолындағы рухани ағарту ісін жалғастырып, басталған Еуропа романтизм ағымының Қазақстандағы тұңғыш өкілі десе де болады. Өйткені, қисса-дастанының негізгі желісі ислам дінін насихаттау болып табылады. Ол уақытта ақынның көтерген тақырыбы заманға сай болатын. Ислам дінінің күшейген кезі. Кейіннен орыс патшалығының қазақ жерін отарлау саясатының негізінде мешіттер жабылып, молда, қожалар қуғындала бастады. Ақынның өзі де 1907 жылы қуғын-сүргін көрді. Дастанның мазмұны Құдайдың он сегіз мың ғаламды жаратқаны, күн мен айды, топырақтан Адамды пайда қылғаны туралы айта келіп, Алла, Құдай ісіне кереғар Ібіліс, Шайтан т. б. ерекше зұлымдық иелерін қарама-қарсы қояды. Дастанда діни лексика: сәждә, намаз, күнә, харам, ақырет, ораза (руза), пәни, періште, жұмақ, кебін, сауап, заман ақыр т. б. ұшырасады. Періштелер Мекайіл, Исрафил, Жебірейіл, Ғазірейіл олардың адам сияқты іс-әрекеттері айтылады. Мінекей, шығарманың осы сюжеті оны романтизм ағымына жақындатады. Бұлардың жасаған әрекеті адамның қолынан келетін нәрсе емес. Бірақ, ұғымға, ақылға сыйымды, тәрбиелік мәні зор, эстетикалық қуаты күшті. Образдың өміршеңдігі олардың әр мұсылманның жүрегінің төрінен орын алғаны. Әлі күнге бұл – шығарманың құны жоғары екендігін көрсетеді. Әсіресе, бүгін дінге, имандылыққа бет бұрғанда шығарманың берер тағылымы орасан үлкен екендігі айтпаса да түсінікті. Буын саны әр түрлі. 10, 11, 12 буынға дейін барады. Бірақ, буын ала-құлалығы өлеңді оқығанда онша сезіле қоймайды. Мұның өзі өлеңнің силлабикалық өлең жүйесіне құрылғанын байқатса керек. Аралас буын көбіне буынға негізделген. Бірінші басылым 2003 жылы Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 2 томының 252-280 беттерінде, «Елу екінші бап» деген атпен жарияланды. Иманғали Мәнен қолжазбасынан 2-папка, 156-187 беттерінен алынған. Жинақты ескі араб (хадим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп құрастырып, ғылыми түсініктеме беруші ф.ғ.к., доцент Ертай Жүсіпов. Қолжазба араб графикасымен жазылған қазақша оқылады. Қолжазба жақсы сақталған.

«Жан тәсілім болғанда, көктен үш мәртебе дауыс болғай!» – дегенмен, алдыңғы «Жан иесі өліп, ғарасатқа қайта тіріліп, ғазазлі ан хазірет илан үмбеттеріне таласып, иман ағзам илан имам шафқа жүгінеді» – өлеңмен қарайлас жазылған болуы мүмкін. Кеңес дәуірінде бұл өлеңді пессемизмдік сарында жазылған, баяғыны жоқтау деп айтар еді. Енді ол заман келмеске кетті. Шығарма лирикаға жатады. Өмір шындығы адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне ақынның терең психологиялық толғанысы қосылған. Өлең жанры діни лирикаға жатады. Шығарманың мәні мен мазмұны кейде элегияға да келеді. Ақын бірде мұңаяды, бірде ішкі сыр араласқан назын жырлайды. Шығарманың негізгі көтерген тақырыбы діни имандылық. Өлең 15 шумақтан тұрады. Екі жерде ғана екі тармақтан кездеседі. Көбіне 9, 11 буынды болып келеді. Өлеңнің лексикалық құрамы дүние, тән, пенде, періште, қараңғы үй, табыт, жаназа, қабір, тәпсір, пайғамбар, құран т.б. болып келеді. Мазмұны былай: пенденің тәннен жаны шыққа көк тарапынан жарық

дүниені қалай қидыңыз, дүниені не себепті қалдырдыңыз деген сұрақ туады. Дүние өлді ме? Әлде пенде сен өлдің бе? Екеуіңнің қайсың өлдің? Кім, кімді қиып кетті дейді. Сөйтіп, адамзат баласына философиялық ой тудырады. Пендеге (метонимия) адамға сені дүние өлтірді емес пе? деп, дүниеқұмар, дүниеқоңыз адамдардың прототипін жасайды. Бұ бақи өмірде Алланы аузыңа алдың ба? Құдайға сыйындың ба? Не бітірдің? Енді ақ кебінге орап, қара көрге түскенде періштелер келіп сенің тәубеңді аузыңа келтіріп, сұрақтың астына алады, не деп жауап берер едің деген сияқты мазмұнда келеді. Шығарма имандылыққа, орасан үлкен тәрбиеге құрылған. Кейбір: **лақап, золыма, уәсәл, ирор** сияқты сөздер де ұшырасады. Өленде Хафиз кісі аты да кездеседі. **Пайғамбардың шапағаты, құрметі, рахматы** деген жағымды сөздер де орын алған. Өлең идеясы ислам дініне берілу керектігін, Құдайды сыйлау керек, оның алдында мінәжат ету керек деген уағыздан бір де таймайды. Бірінші басылым 2003 жылы Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 2 томының 190-191 беттерде, «Отызыншы бап» деген атпен жарияланды. Жинақты ескі араб (хадим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп құрастырып, ғылыми түсініктеме беруші ф.ғ.к., доцент Ертай Жүсіпов. Қолжазба араб графикасымен жазылған, қазақша оқылады. Қолжазба жақсы сақталған.

«Жан шығарында тәнмен қоштасқаны» – бұл өленде ақынның 73-ті алқымдап, ортаншы ұлы Мұхаметәмен кісі қолынан қаза тапқаннан кейінгі жан толғанысы болса керек. Жанры жағынан идиллияға жуықтайды. Өлең былай қарағанда күңгірт қоңырқай өлімді суреттейді, өмірмен қоштасады. Жан шыққанда тәнмен қоштасады. Өлең аралас буынды, 9 шумақтан тұрады. Өлең тақырыбына қарай діни лирикаға жатады. Былайғы жұрттың бұндай өленді қабылдауы өте ауыр. Байқап оқыған адамға мәні мен мазмұны түсінікті, қазақи сөзбен жазылған. Айталық, тіл мен жақ арыздасар екі көзбен, қол-аяқ амандасар екі тіземен, тірілік дәурен кетті енді бізден, баспен амандасар екі құлақ, көз көрмес, құлақ естімес, тіл сөйлемес, дүние екен: баяны жоқ, түбі шолақ сияқты афоризмге айналып кеткен тіркестерді де ұшыратамыз. Бірінші басылым 2003 жылы Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 2 томының 184-185 беттерде, «Жиырма алтыншы бап» деген атпен жарияланды. Жинақты ескі араб (хадим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп құрастырып, ғылыми түсініктеме беруші ф.ғ.к., доцент Ертай Жүсіпов. Қолжазба араб графикасымен жазылған, қазақша оқылады. Қолжазба жақсы сақталған

«Жеті тозақ баяны» – елу тоғызыншы бап – ақынның соңғы жылдары жазылған шығармасы болуы керек. Лирикалық шығарма. Оның ішінде діни лирика. Көтерген тақырыбы ислам дінін насихаттау, имандылықты көтеру. Өлең ақын Бұхара, Ташкент жақта оқып жүргенде жинаған мәліметтерінің негізінде жазылған сияқты. Әрине, бұл өленіне діни ұстаздарының шарапаты көп тигендігі байқалады. Діни антропонимдер: Алла, Құдай, Пайғамбар, Жебірейіл, Ғайса, Ібіліс т.б. кездеседі. Өлең төрт тармақты, 26 шумақты болып келген. Буын саны аралас. Бунақ саны да әр түрлі болып келеді. Троптың бір түрі астарлау (символ) құбылысы арқылы жазылған өлең. Көбіне болатын оқиға астарлы, тұспал арқылы суреттеледі. Мысалы: Тамұқтың сәкілері болған. Алла пайғамбарға уахи салған екен. Пайғамбардан, сахабаларынан тамұқтың сәкілері қандай деп сұрапты. Тамұқтың жеті сәкілерінің арасы жүз жыл екен. Ал, бұл сәкілер бірінен-бірі төмен тұрады. Әрқайсысының азабы жетпіс есе тұратын көрінеді. Жәбірейілден (ғ.с.) (періштенің аты – А.Қ.) бір кісі тамұқтың сипатын сұрастырыпты. Жәбірейіл (ғ.с.) пайғамбардың хабарлауы бойынша Тамұқтың жеті есігін көрсетіпті. 1 есік «hауиа». Дұғаға иланбағандар кәпір болып, бірі доңыз, бірі маймыл болып кеткен. 2 есік «Жахим». Құдайға құлшылық қылғанға әрқашан жұмақтан орын бар да, тамұқта осы арада суретке табынғандарға орын әрқашан табылады. 3 – «Сажар». Күн мен айға табынған да орын табар. Бұл арада: Ферғауын, Намұрт, Шидан, Лағын, hаман, Қарын да орын табар. 4 «Лазан». Ібіліс пен шайтан жалпы адамзатты азғырушылар, теріс жолға салғандар сол есіктің арғы жағында тамұқта жазасын табады. 5 «Хатма». От пен пұтқа табынғандар оның ішінде жәһид (еврей – А.Қ.), hинди, Қытай, Мажаусиларда табылады. 6 «Сажар». Құдайға иланбаған, теріс қылықты адамдар осы есікке тамұққа барады екен. 7 «Жаһаннам». Жәбірейіл (ғ.с.) Пайғамбарға бұл есікті көпке дейін көрсетуге ұялып тұрады. Күнаһарлар махшар күнде жазасын тартатынын, шайтанның тіліне ергендер жаһаннамда азап шегетінін айтады. Пайғамбар үмбеттері үшін қатты қайғыланып, жапа шегеді. Жәбірейіл (ғ.с.) пайғамбармен қоса жылайды, қатты қайғырады. Сол уақытта уахи келіп, қажеттеріңді менен алыңдар депті. Бұл өленнің түйіні – адамдардың бір-біріне жақсылық, өнеге жасауын, дос болуын, тату-тәтті өмір сүруін қалайды. Ондай адамдар жаһаннамға бармайды, Тозақтың отына күймейді. Жұмаққа барады деген идеяны мансұқ қылады. Өлең тұңғыш рет Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағы, 2-том. Павлодар, 2003 жылғы 326-329 беттерге еніп отыр. 367 бетте Елу тоғыз-алпыс бірінші баптар Иманғали 2-папка, 206-209 беттері бойынша әзірленген деген қысқаша мәлімет берілген. Демек, бұл мәтін қолжазбадан алынып отырған және тұңғыш баспа бетін көріп отырған өлең болып саналады. Жинақты ескі араб (хадим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп құрастырып, ғылыми түсініктеме беруші ф.ғ.к., доцент Ертай Жүсіпов. Қолжазба араб графикасымен жазылған, қазақша оқылады. Қолжазба жақсы сақталған.

«Жұмақтың аты, һәм сипаты» – елу алтыншы бап. Иманғали Мәнен көшірмесі бойынша ұсынылды. Лирика жанрына құрылған, діни лирика десе болады. Өлең төрт тармақты, аралас бунақты және әр буынды, 34 шумақтан құралған. Ақын өленде кезекті үйқас пен егіз үйқас түрлерін қолданған. Кеңес дәуірінде әдебиет зерттеушілері шартты түрде болса да, әрбір лирикалық өленді тақырыбына қарай талдап, саяси лирика, философиялық лирика, махаббат лирикасы т.б. арнаулы салаларға бөліп қарастырып жүрді. Діни лирика бұл дәуірде жабық тақырып болатын. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде «Діни ұғымдарға байланысты туған шығармалар» – деп айтылып келді. Х. Досмұхаметұлы ең алғаш «Діни сипаттағы әдебиетке» баға беріп, ислам дініне, шариғаттың қағидаларына, Мұхаммед (с.ғ.с.) оның серіктерін сол сияқты діни поэмаларды атап өтеді.

Өкінішке орай, бұл үрдіс кейіннен тоқтап қалады. Оның себебі де белгілі. Өлең Мәшһүр-Жүсіптің «Көкелташ» медіресесінде білім алғаннан кейін туған болуы керек. Өйткені, ақынның Орта Азияға барып ислам ілімін терең меңгергені өмір жолынан белгілі. Шығарма жарық көргені болмаса зерттеушілер тарапынан әлі өзінің ғылыми бағасын алған жоқ. Дегенмен, ф.ғ.к., доцент Гүлназ Жүсіпова Мәшһүр-Жүсіптің діни дастандарына біршама талдау жасады. Шығарманың мазмұны мен құндылығына айтып ауыз жетпейді. Мәшһүр-Жүсіп жеті тамұқ сияқты бұл өленінде сегіз жұмақты суреттейді. Олардың әрқайсысының діни сипатын ашады. Мысалы: 1 – Алла тағала гауһардан жаратқан жұмақтың аты «Даралыхпан». 2 – саф алтыннан жаратқан жұмақтың аты «Дарис салам». 3 – Хақ Тағала зібаржиттан жаратқан жұмақтың аты «Жәннат – Мәуі». 4 – Сары маржаннан жаратқан жұмақтың аты «Даралхилу». 5 – ақ күмістен жаратқан жұмақтың аты «Жаннат – Нағим». 6 – жақұттан жаратқан жұмақтың аты «Жаннат – Ғадин». 7 – ақ інжуден жаратқан жұмақтың аты «Дарил қарал». 8 – Алла тағала лағылдан жаратқан жұмақтың аты «Фирдауыс». Әр жұмақтың есігі бар, кеңдігі көк пен жердей екен. Мәшһүр-Жүсіп мынадай көркемдегіш құралдарды қолданған: есіктердің кеңдігі көк пен жердей, айтуға тоқталамын аузым келмей, төрт дария өзен ағады – гротеск; кірпіші алтын, күмістен жаралған-лар, балшығы топырағы – шаған, шарбағы, сарайлары – інжу, жақұт, сарайдың есіктері – тек жауһардан – метафора т.б. Шығарманың негізгі идеясы бұл бақи өмірде тек қана жақсылық жасасаң, адал болсаң фәниде жұмаққа барасың дегенді мансұқ қылған. Жинақты ескі араб (хадим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп құрастырып, ғылыми түсініктеме беруші – ф.ғ.к. Ертай Жүсіпов. Қолжазба араб графикасымен жазылған, қазақша оқылады. Қолжазба жақсы сақталған [1, 319-322 б., 366 б.]. Жалғасы «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы теонимиялық және мифтік лексика» (Жетінші).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 2.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕОНИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИФТІК ЛЕКСИКА (ЖЕТІНШІ)

А.Қ.ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Ж. ТРУШЕВА
ғылыми дәрежедегі магистр, ПМПИ, Павлодар қ.

«Әуелден жаралған өлімнің сипаттары» – қырық үшінші бап. Қайда барсаңда Қорқыттың көрі демекші, шығарма өлім туралы жазылған. 4 тармақты, 7 шумақты, лирикалық шығарма. Шағын көлемді діни өлең. Жалпы өлең философиялық сарынға құрылған. Адам денесіндегі мүшелер, құрылысы бірте-бірте өмірден кетіп өледі, содан кейін өлім кішірейе береді. Түбіне барша жанның өлім жетеді. Кішірейген өлім ақыры денеге жетіп тынады, одан кейін денені де алады. Бұдан кейін өлім болмайды. Мүміндер рахат өмір кешеді. Сөйтіп, өмір мен өлімнің арасы бөлінген деген қорытындыға келеді ақын. Шығарманың негізгі идеясы өлім арқылы адамның жақсы жүріп-тұрып, тәрбиелі болып, өлгенге дейін барлық саналы ғұмырын жақсы болуға, адамдарды сыйлап өтуге тәрбиелейді, соған насихаттайды. Өлікті жерлеу, оны соңғы сапарға шығарып салуда халықтың тіршілігінен ажырамас салты мен дәстүрі дейді ақын [1, 229-230 б.].

«Барша мақлұқты беске бөлгені» – елу бесінші бап. 4 тармақты, 32 шумақты, діни лирика. Тақырыбы күнә жасаған адамның Құдай алдындағы есебі. Көркемдік мазмұны өте жоғары. Барша жанды қиямет беске бөлген екен. Бір бөлігі тозаққа тез жөнелетіндер: шайтандар. Тілсіз мақұлық жануарлар тез топыраққа сіңісіп кетеді. Ал, бір бөлігі ғисапқа тұтылады. Періште мен пайғамбарлар Алла Тағаланың дайындап қойған ұжмағына барады. Оларды күнәсіз, Хақтың өзі жаратқан екен. Адам баласы төрт нәрседен сұралады 1 – нендей іс қылдың, не бірлан өткіздің? 2 – көп мал бердім. Қандай орынға жұмсадың? Халалға ма, әлде арамға ма? 3 – ұзын ғұмыр бердім. Қандай мәнде өткіздің, пенде мақұлық? 4 – денің сау еді, күш-қуатыңды қай жерде сарып еттің???. Осының бәріне үлгеру үшін нәпсіңді тый дейді. Қабірден бір дауыс шығып төрт нәрсені айтасың, халқың тілмен айтады. Бірақ, бұның бірін де істемес. Алла оларды оңдырмайды, лағынет айтады. Олар біз Құдайдың пендесіміз, пенде пендешілік әр уақытта істемейді. Құдай тілеуін қайтіп берсін?! Арам ой ойлағанды кеш. Екіншісі – ойы бұзық бірін-бірі алдаумен өтеді. Осыларды Хақтан тілейтініміз кешсе екен. Үшінші – өзінің тек қана қара басының рақатын ойлағанды кеш. Төртінші – өлімді біле тұра тәубесін ұмытып кетеді, өлімнен де қорықпайтын болып алды дейді. Күнәмен өткен бейбақ өлімге де сол күнәсін арқалап кетеді. Сол уақытта өзіңе-өзің есеп бересің, денең өзінен өзі шошиды деген мазмұнда келеді [1, 315-318, 366 б.].

«Басқа патшалар, жомарттар, әулиелер» – он тоғызыншы бап. 4 тармақты, 65 шумақтан және екі тармақтан тұрады. Тарихи оқиғаға құрылған лирикалық жанр. Көтерген тақырыбы тарихи тұлғалардың өмір жолын көрсету. Діни антроппонимдер мен бергі тарихи бейнелер суреттелген. Өзінің әдеби тұрғыдағы бағасын тұңғыш рет алып отыр. Үш бунақты тармақ, төрт тармақты шумақ, 10, 11, 12 буынды. Әдеби арнау (көпшілікке) тәсілін қолданған.

Кезекті үйқас, егіз үйқас және еркін үйқасты пайдаланған. Діни анропонимдер: Хасең, Хұсайын, Фатима, Заһира, Ғайша, Ағзам, әулие Ғауинт, Алағзам, Нақшыбанда, Бағауаддин, Қожа Ахмет, Ғұмар, Нәсхи, ғұлама әнбие әулиелер Таптазаны, Ғазалы, Мірсейті, Шәріп, Маснип, Умшахилар, патшалар Жамшид, Бағыраб, Балқұн, Фарзуз, Бағадур батырлар Рүстем, Зымақ, Сахып қыран, Қаһармандар Дәл, Зәл, Қатиран, Аспандияр, Уақсыбан, Шам, Нұриман, Тасыр, Хысырау, Ойран, Тұран, Сейітбатал, Бағадур Әмір-Темір, патша Бағрам, хан Наушеруан, жомарт Атымтай, Шыңғыс, Жошы тегі төре, Ерлер Есім, Тәуке, Абылай, Жәнібек хан, Өзбек хан, Арғын Қарақожа, Мейрам сопы т.б.; Сарт садағам, өзбек өз ағам, үйсін өрде жатыр, Арғын болсаң, Алтай бол – мақал; тоқсан баулы, тонды жағам, жеті арыс, он екі жүп Арғын, төрт арыс Орта жүз, қынға қас өткір пышақ – фразеологизм; Ұлы жүз Үйсін, Орта жүз Қоңырат, Қыпшақ, Арғын, Найман, Керей, Уақ, Тарақты, Кіші жүз Алшын, Адай – ру аттары; Топонимдер: Кербала, Түркістан; Ташкент, Көкшетау.Діни лексикалар: шаһит, раббы, сахаба. Арғынның белді-белді адамдарын атап өтеді: Мейрамның бес баласын, Қуандықтың алты баласын, Құлболды бабаны, Айдабол, Күлік, Тұлпар т.б. Баянауылдың игі жақсыларын: Абылай хан тіккен орданы, Шобалай Сүйіндікті, Төре Саржанды, Уәлиханды баласы Шыңғыс сұлтанды, Бөкейхан Жәңгірді, Шоң мен Шорманды, Едіге биді т. б. Едіге бидің билігін сөз қылады. Оның бірі енесінен айрылған бота жайында, екіншісі анасынан айрылған бала туралы билігі. Негізінен бұл екі билігінің де қара сөзбен жазылған үлгісі бар. Өлең Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағының 2-томынан алынып талданды. Қосымша осы мәтін туралы мәтіндемелік және қолжазбалық салыстырулар жасалған. Негізінен бұл өлеңді Жолмұрат Жүсіпұлы, Иманғали Мәнен көшіріп жазып алған. Кейбір тарихи деректер алу үшін, аталған 2-томның мына беттерін 362-363 қараңыздар. Осы шығарманы «Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы» дастанды зерттегенде бірге қарастырып өткен Гүлназ Жүсіпова.

«Дүниеде оттың бар болғаны» – қырық тоғызыншы бап. 4 тармақты, 19 шумақты және екі тармағы артық, діни лирика. Көтерген негізгі тақырыбы ислам дінін насихаттау, Алланы дәріптеу. Оттың тіршілік құралы екендігі айтылады. Мәшһүр-Жүсіп ислам дінін насихаттап отырып отты негізгі идея қылып алады. Адам от үшін Алладан дұға сұрайды. Адамды отқа табындырмайды. Барлық оқиға Алланың бұйрығы арқылы өтеді. Адамды Алла топырақтан жаратқаны, егін сап, шаруа істеп жүрген соң адам отқа мұқтаж болды дейді. Алланың өзі отты бермейді, Жәбірейілге (ғ. с.) айтады тамұқтан от алып шығып адамға бер дейді. Оттың патшасы Мәлік (ғ. с.) қандай қылып аласың дегенде Жәбірейіл (ғ. с.) құрмадай берсең болды дейді. Сонда Мәлік (ғ. с.) құрмадай қып алсаң күллі жер беті жанып күлге айналып кетеді, Дарияның суына суытып жетпіс рет жу, содан кейін апар дейді. Әкелген оты таудың ішіне сіңіп кетіп, бүгінгі адамзат қолданып отырған от осы от екен. Өлеңнің идеясы өте қызық. Егер де отты суға жуып, таудың ұшар басына апарып суытпаса қазір сол отты адам баласы көрмес еді дейді. Ғылыми тұрғыдан қазіргі уақыттағы таудан ағып жатқан от вулканға да келеді. Осы өлеңдегі оттың діни мазмұндағы өлеңмен астасып жатуының өзі таңқаларлық. Бір қарағанда адам отқа да табынған. Бірақ, өлеңде отқа адам табынды деген бір ауыз сөз жоқ. Керісінше, отты Алла арқылы алады. Демек, жер бетіндегі тіршіліктің бәрін Алла жаратқанын, ерекше бір күш иесі жаратқанын қазіргі ғалымдар жоққа шығармайды [1, 242-244, 363 б.].

«Жиырма сегіз әнбиенің баяны» – он бірінші бап. Мәшһүр-Жүсіптің бір ерекшелігі өзінің өлеңдерін (ұзақ) бап арқылы белгілеп отырған. Жазылу мерзімі жағынан әр түрлі, бірақ барлық бабының логикалық шешімі бар, белгілі бір сюжетке құралғанын байқауға болады. Демек, бір бап екінші баптың жалғасы іспетті. Бұл – діни лирика. Мәшһүр-Жүсіптің діни шығармаларынан байқағанымыз «Құранның» қағидаларын берік ұстанған. Өлең төрт тармақты, 17 шумақты. Негізгі көтерген тақырыбы шығарманың өзінің аты айтып тұрғандай «Жиырма сегіз әнбиенің» тағдыры. Шығарма Мәшһүр-Жүсіп Орта Азиядан діни медреседен білімін көтеріп келгеннен кейін жазылса керек. Бұл өлең де зерттеушілер тарапынан әлі толық зерттеліп, әдеби бағасын алған жоқ. Өлеңнің мәні мен мазмұны тек қана әдеби тұрғыда құрылмаған, философиялық та маңызы үлкен. Бұл орайда философшылар өзінің сөзін айта жатар. Діни шығарамалар бір жағы ұмытылған есте жоқ ескі заманның жәдігерлері де болып табылады. Осы жағынан келгенде мифке ұқсап кететін тұстары да баршылық. Өйткені, діни бейнелердің іс-әрекеттері көбіне табиғат құпияларын меңгерген, адамның қолынан келмейтін, мүмкін емес істерді істеп тастайды, адам санасы жете бермейтін қиял-ғажайып оқиғаларға айналдырып жүре береді. Бұл шығарманың да мәні мен мазмұны сондай. Айталық, Иариданның баласы Ыдырыс әнби он алты жыл тамақ ішпей, ұйықтамай жұмаққа тірі барыпты, Шиш жеті жүз жасап дүниеден өтіпті т.б. Шығармада Құран ғана емес Мұсаның «Таураты», Дәуіттің «Забуры», Ғайсаның «Інжілі» кеңінен әңгіме болады. Адам атадан кейін Шиш-Ануш (Әнес)-Қиан-Михийл (Миһласил) – Иарид-Ыдырыс бұларға алдына елу кітап, соңына отыз кітап беріп оқытыпты. Нұх пайғамбардың үш ұлы: Иафас, һам, Сам өмірге келіпті. Өмірден атақтары жер жарған һуд наби, Салық набиде, Ибраһим, Халиалла, Намрд т.б. өткен екен. Ысмағұл, Ысқақ бірінен-бірі асып туған, олардан Жақып туыпты, олардың бәрі де жетпіс екі тіл білген, өте өнерлі болған. Бұлардың бәрі сайып келгенде Мұхамметтің үмбеттері болған, Мұхамметтің іліміне арқа сүйегендер екен. [1, 133-135, 357-359 б.].

«Ғабдолла Ғұмаруғлынан насихат» – он сегізінші бап. Мәшһүр-Жүсіп алдыңғы баптарын 21 жасымда жазған едім дейді. Демек, бұл баптарды 1879-1885 жылдар аралығында жазуы мүмкін. «Ғабдолла Ғұмаруғлынан насихат» – деп аталады. Діни лирикалық жанрға жатады. 4 тармақты, 26 шумақты өлең. Шығарма тұңғыш рет зерттелу нысанына ілініп отыр. Зерттеушілер тарапынан өзінің әділ бағасын әлі алған жоқ. Көбіне үш бунақты, 11, 12 буынды, егіз үйқасқа құрылған. Негізгі тақырыбы адамгершілік, имандылық, мұсылман дінін насихаттау. Құдайдың бір екендігі, имандылық, нәпсіңді тый, күнә жасама т. б. үгіт насихатқа жазылған. Жарияланғаны болмаса, өлең теориялық тұрғыдан талданып, зерттелген

жоқ. Шығарманың тілі, көркемдік ерекшелігі зерттеу кезінде байқалады. Мысалы, байырғы тілдік элементтер ұшырасады: Ғұмаруғлы (ұғлы//ұлы), қалау райының ауыз әдебиетінде және жекеше формадағы анайы түрлері шығармада кездеседі: болғыл (ғыл//ғын), қалмағыл (қалма), қылғыл, ұмытылғыл дыбыстық ерекшелік ұяңға соңғы буынның аяқталуы Самарқанд (т), ғапыл қалма (қапы қалма), сыясың (сиясың), хүкімі (үкімі), қиамет (қиямет), барыс септігінің көне қолданысы: күнаһыңа, -ше қосымшасының түрленуі: білгенімше, кішіклік (кішілік) т. б. Сөз тіркестері: түні-күні, бұл дүние, ата-анаң, қаза жетсе, антонимді тіркес: жанып сөну, қараңғы жарық, күні-түні, үлкендіктен кішілікке; уайым жеп, күн ауса, болар бесін, шаршы түстен, иманды құл, жеті іс, ғылым оқу, жалған сөз, көңілі сынық, сахар тұрып, тозақ оты, сауыны жоқ, тіл байланар т.б. Шығармада екі жағымды және жағымсыз кейіпкерлер қызмет етеді. Бірі Мұхаммет ілімін жақтаушылар да, екіншілері шайтан сияқты сол ілімді жек көретіндер адам баласын азғырушылар. Адам баласының өмірден өтуі оңай, ал артында қандай іс қалдырдың, нендей өнеге қалдырдың мәселе осында деген ой айтылады. Артында өнегесі жоқты: Алды-арты – жанып сөнген пеш сықылды, Қараңғы, жарығы жоқ кеш сықылды – дейді. Шын көңілмен тәубеге келем десең 7 істен қайтыңыз дейді. Біреуі бұл жетінің – ғылым оқу, Тастаңыз енді ойдан надандықты немесе Тақуалығы болмас ғалымдардың, Үлкен шаһар бостан дүр, жемісі жоқ – деп жазады. Бірінші – надандықтан құтылу. Екінші жеті – тәубе қылу, қатеңді уақытында түзе, біле біл, жіберген қатеңді дер кезінде түсіну; үшінші жеті – үлкендіктен кішілікке қайтыңыз «Ұлық болсаң кішік бол» – дегенді мансұқ етеді. Төртінші жетінің бірі – сөз, ақылды тыңдамау ең жаманы сол екен, сондықтан райдан қайту. Бесінші жетінің бірі – көзіңмен көргенді айт, өсекке үйір болма, тек қана шындықты айтып жүр дегенді насихаттайды. Алтыншы жетінің бірі – арамдық істеме, әр уақытта адалдыққа ұмтыл дегенді ақын басты назарда ұстайды. Шайтанның жаман істерін: Шайтанға билік бермен денім сауда, Шүкірлік, сақта, Құдай, берме жауға! – деп шынайы бет пердесін ашады. Бұл өлең Иманғали Мәненнің дәптерінен алынған [1, 164-166, 361-362 б.]. Жалғасы «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы теонимиялық және мифтік лексика» (Сегізінші).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 2. – 4-367 б.

ӘОЖ 82-2

ПРОЗАДАҒЫ ДРАМАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР

Ә.Қ. ШАПАУОВ
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

Эпостан драмаға өту, яғни инсценировкаланған дүние бойында бірінші кезекте драмалық жағдай, драмалық мінез, драмалық тартыс, драма тілі болуы – жанрдың басты талабы. Прозалық туындылардың жанрлық шарты қатал драмалық шығармаларға айналу барысы жеңіл жол емес. Прозадағы авторлық еркін көсілу, кейіпкерлер бейнесін ашудағы компоненттерді шектеуден сахналық туынды жасалмайды.

М.Әуезов, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов шығармалары инсценировка талабында республика театрларының сахналарынан елеулі орын алды. Ғалым Р.Нұрғалиев:''…прозадағы драматизм проблемасын зерттеу – жанрлардың өзара тоғысу, бір-бірін байыту құбылыстарын, өнердің қазіргі тенденцияларын ашып беруге мүмкіндік тудырады. Бүгінгі таңдағы әдебиетке, оның қай жанрына болсын қойылатын биік талаптардың бірі – драматизм" [1,139], - деп ой қорытса, зерттеуші Т.Есембеков: «Драматизм – это в большинстве случаев рассогласование, несовпадение, противосостояние, несовместимость каких-то начал, таким образом драматические ситуации по своей природе неустойчивы, обладают колебательным характером, им присущи напряженность и непредсказуемость, эмоциональная вибрация, хаотичность выбора, состояние фрустраци» [2,14],- дейді.

Жазушы, драмашы Сәкен Жүнісовтің көркемдік шарты қатал, өткір, тартысты, кірпияз жанрға келуіне бірнеше себептерді алға тартуға болады. Біріншіден, прозалық туындыларында драматизмнің күштілігі басым болып жатса, екіншіден, шығармаларында драманың элементтері молынан кездесуі, үшіншіден, Қазақ академиялық драма театрының әдебиет бөлімін 1963-1967 жылдары басқарып, ізденген, яғни театр сыны, дәстүр жалғастығы арқылы келді деп айтуға толық негіз бар.

Драмашының пьесалары – театрдың жақсы репертуары бола білуімен ғана шығармашылық өнері жайында әділ бағасын алады. Ғалым, сыншылардың пікірлерінен драматургия саласындағы алғашқы жетістіктері мен сыни кемшіліктері жайлы республика театрларында табысты қойылып, көпшіліктің ықыласына ие болғаны аңғарамыз.

Қаламгердің жанрды игерудегі шеберлігі жайында академиялық және облыс театрларында әр жылдары қойылған драмалық шығармалары әдебиет зерттеушілері, театр танушылардың, журналистердің назарынан шет қалған емес. Атап айтқанда: Ғ.Мүсірепов, Ә.Әбішев, Ә.Сәрсенбаев, К.Нұрпейісов, Е.Әкімқұлов, С.Ордалиев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, Б.Құндақбаев, Ә.Сығаев, Р.Тоқтаров, Тарақты Ақселеу, С.Негимов,

К.Уәлиев, М.Хасенов, Т.Есембековтің, М.Халиолин, Т.Қажыбаев, Р.Тұрысбеков, Б.Бұлғақбаева, С.Ғазезов, Ж.Жақанова, Х.Әдібаев, Қ.Ғалымтаев, Т.Кешубаев, Ә. Шапауовтың жұмыстары бар [3].

Жазушы-драматургтың төл драмалық шығармалары мен инсценировка-пьесаларында тартыс пен мінездің атқаратын қызметі жоғары. Мысалы: орталық қаһармандары Ажар мен Атан, Қарасай мен Райхан, Разия мен Мұрат, Сәуле мен Разия, Сәбит пен Мұхтар, Жамбыл мен Сәбит, Баттал мен Таурид т.б. араларындағы тартыс шебер сомдалған. Сонымен қатар автор тудырған кейіпкерлерінің бейнесі алдыңғы және замандас драматургтер шығармаларымен салыстыра қарағанда әлсіремей, шыңдала түскенін байқаймыз.

Драматург мінезді драма табиғатына лайық қатал сындарда шыңдап барып бірақ танытады. Бір ерекшелігі – пьесаларының негізгі мазмұны, оқиға арқауы бірінші көрініс-бөлімінде толық ашылуы. Бұны драматургия жанрында – экспозиция дейді. "Экспозииция (лат. expositio-түсіндіру) - көркем шығармада оқиға дамып өрістейтін орынды, ортаны, ол оқиғаға қатысатын кейіпкерлерді сипаттап алғаш оқушыға таныстыру. Экспозиция негізгі оқиға желісінің шиеленісіне тікелей байланысты болмай, соған кіріспе-эпизод ретінде өз алдына оқшаулау тұрады. Себебі, ол оқиғаның, тартыстың басталуы емес. Тек қана тартыс-қақтығыстың барысын неғұрлым айқын, анық түсініп-білуге қажетті дерек, суреттемелер" [4,373],-десе, А.Толстой: "Экспозиция бірінші актыда мүмкіндігінше толық ашылып болу керек" [5,130], - дейді, ал, академик З.Қабдолов: "Драмадағы хал-күйдің басы (экспозиция), әрине, пьесаның кіріспесі іспетті, алғашқы актыда жатады. Мұның міндеті – көрерменді пьесаға қатынасатын адамдармен (персонаждармен) таныстыру. Экспозиция екі түрлі (жағдай экспозициясы, мінез экспозициясы) болуы мүмкін" [6,343], -деп, зерттеуші Р.Рүстембекова: "Оқиға басталмастан бұрынғы жағдаймен оқушыны таныстыру немесе кейіпкерлер жайында шығарма бойында ақпар беруді "экспозиция" десек, драматургияда мұның да орны маңызды. Егер драматург экспозицияны созып алса, оқиға баяулап, сылбыр дамиды" [7,87], - дейді.

Белгілі суреткер С.Жүнісов шығармашылық лабораториясындағы ерекшеліктердің бірі – белгілі прозалық туындыларының драмалық шығармаға айналып жатуы. Мысалы: "Жапандағы жалғыз үй" романы негізінде "Қос анар" драмасы, "Аш қасқырлар қамаған қызыл керуен" атты повесі бойынша "Өліара" деректі драмасы өмірге келді.

Тарихи туынды "Ажар мен ажал" пьесасы – инсценировкаланған шығарма. Қазақ халқының бір туар ұлдары Б.Майлиннің "Раушан коммунист", М.Әуезовтың "Қорғансыздың күні", Ғ.Мүсіреповтың "Ашынған ана" атты повесь, әңгімелерінің желісімен және өзіндік тың пікір дамытушылығымен кезінде көрерменің жүрегіне жол тапқан шығарма болып және пьеса авторы бұған дейін балаларға арналған шағын пьеса жазып келгенімен, кәсіби деңгейде алғаш рет шебер драмашылар қатарынан көрінді.

Пьеса дүниеге келген тұста екі түрлі пікірдің болғаны баспасөз беттері мен ғылыми еңбектерде басылды. Жазушы Әбу Сәрсенбаев: "Автордың бұл пьесасы - қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы үш ірі қаламгердің кейбір әңгімелерінің сарынын ғана алып, сол туындылардың тұтқынында қалмай, өзінше шешімін тапқан творчестволық жеке еңбек" [8] ,-десе, К.Нұрпейісов: "Бұл драматург тұсынан қазақ совет әдебиетінің аға өкілдеріне деген ілтипат, соларға деген тарту сияқты. "Ажар мен ажал" жазушының драматургия жанрындағы табысты дебюті деп қараймыз" [9],- дейді. Б.Құндақбаев:"…Пьеса шиеленіскен тартысқа құрылып, жанр талабына лайықты композициялық құрылыс, қызғылықты драматургиялық шешім табуының үстіне көркем тілмен жазылған. Автордың классик жазушылардың новеллаларын орынды пайдалана отырып, олардың стильдік ерекшеліктерін де сақтай білуі пъесаға өзіндік сипат, драматургиялық қуат, көрікті бояу берген" [10], ал зерттеуші С.Қирабаев: "М.Әуезов ("Қорғансыздың күні"), Ғ.Мүсірепов ("Ашынған ана"), Б.Майлин ("Раушан-коммунист") шығармаларының кейбір сарындары көрініп тұрғанымен, "Ажар мен ажал" – шын мәніндегі драмалық тартысы күшті пьеса" [11],- деп бағасын береді. Зерттеуші Р. Нұрғалиев: '' …үш бөлімнен тұратын пъесаға үш шығарманың материалы молынан пайдаланғанын, …текст ұқсастығына назар аударғанын, пъеса алғаш сахнаға қойылған жылдары үш қаламгердің аты аталып, бертін келе алып тастау ақиқатқа қиянат екенін ескертсе; енді С. Жүнісовтың төл пьесасы, драма ретінде өмір сүруге қақысы барлығын айғақтайтын жәйттерге тоқталу қажет деп: сахналық шарттары, драматургиялық талаптары ескерілгендігін, Қазақтың алғашқы драматургтері Ж.Шанин, М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтар эпос сюжетін, фольклор мотивтерін, аңыз қаһармандарын творчестволықпен пайдалана отырып ұлттық әдебиетімізде бір алуан дәстүр жасап, оны әркезде Қ.Сатыбалдин ("Аягөз ару"), Ә.Тәжібаев ("Халқым туралы аңыз"), Ш.Құсайынов ("Алдар көсе") жаңа бояулармен байытты. С.Жүнісовтің драматургиядағы алғашқы пьесасын кеміту емес, үлкен ізденістерге, ешкімнің ортағы жоқ төл туындылар жасауға автордың мол қабілеті барлығына шәк келтірмейміз" [12,165] ,– деп жас драматургке ақжолтай тілейді.

"Ажар мен ажал" – тарихи драма инсценировка. Қазақ драматургиясы жанрын арнай зерттеуші Р.Нұрғалиев 1973 жылы "Күретамыр" атты монографиясында текстологиялық салыстырулар жасаған болатын. Біз де арнайы нысанаға алып, кеңірек түрде драматург С.Жүнісов эпостан драмаға өту процесінде үш актілі драмасына, бұрыннан белгілі классикалық үш шығарманың материалын қаншалықты пайдаланып, дамытып, өз тарапынан драмалық шығарма дәрежесіне көтеру үшін көркемдік шарттарды қосқанын анықтау үшін, М.Әуезов, Б.Майлин, Ғ.Мүсіреповтердің әңгіме, повестерімен текстологиялық салыстырулар жасаймыз, автор-драмашының инсценировкалау процесіндегі өзіндік жетістігін, кемшілігін танытамыз.

М.Әуезовтің "Қорғансыздың күні" атты әңгімесінде драма жанрының элементтеріне жауап бере алатын шарттар мол. Әңгіме авторы М.Әуезов XX ғасыр басында түрмысы қарабайыр қазақ даласындағы қараша

үйлерге қатыгездікпен қарым-қатынас жасайтын, қолында билігі бар атқамінерлердің адам естімейтін зорлық жасаған "екі аяқты айуандардың" қылығын көркем шығармаға басты арқау етіп алған. Әңгімеде драма табиғатына дайын тұрған диалогтар, монологтар бар. Тіпті кейіпкерлері аттарының кейбіреуілерін көп өзгеріске ұшыратпаған. Мысалы: әңгімеде – Ақан, пьесада – Атан, Қалтай – Қатай, Ғазиза – Ажар деп алады. Ал әңгімеде үйдің иесі Жақып болса, пьесада Сұлтан. Әңгімеде қайтыс болған адамдар кемпірдің ұлы мен немересі болса, драмада кемпірдің баласы мен келіні. Мысалы:

Ә ң г і м е д е:

"Шанадан түсіп, үстерінің қарын сілкіп болған соң, Ақан мырза қораның сиқын көріп, көңілсізденіп: – Қалтай, осы үйге қайдан әкелдің? Кісі отырарлық жері де бар деймісің, басқа үйлердің біріне бармай.

Қалтай атты доғарып жатып: – Үндеме, неге әкелгенімді кейін білерсің". [М.Әуезов "Қорғансыздың күні" әңгімесі]

П ь е с а д а:

"Атан (алға тосырқай қарап). Мынауың бір иесіз қора секілденген жеркепе ғой. Ұсқыны жаман екен.

Қатай (жұмсара сөйлеп). –Атанжан, үндеме. Дымың ішінде болсын. Бүгінгі билікті маған берсеңші". [С. Жүнісов "Ажар мен ажал" пьесасы]

Драматургия талабына лайық өзгерістер енгізілген.

Ә ң г і м е д е:

"Ақан құран оқыды. Артынан Ақан да, Қалтай да үй-ішімен амандасып, кемпірге қарап: – Құдай ісі сыпайышылық, ақырының қайырын берсін!,- деп, жайлап көңіл айтты". [М.Әуезов "Қорғансыздың күні" әңгімесі]

П ь е с а д а:

"Қатай. –Ағзу биллаһи мнәшайтан разим, бисмиллә иорахман иррахи-имм…(Күбірлеп ұзақ отырып бата қылды)

Атан. – Тәуір, тиышсыз ба, шешей?

Қатай. –Құдай ісі, ақыры қайырлы болсын! Қалғандарыңа ғұмыр берсін !". [С.Жүнісов "Ажар мен ажал" пьесасы]

Осындай мәтін ұқсастықтары екінші, үшінші бөлімдерде де кездеседі. С.Жүнісов үш бөлімді пьесаға, үш шығарманың сарындарын, әрекеттерін алып қана қоймай өзіндік үлес те қосқанын аңғарамыз.

Пьесаның екінші бөліміне Ғ.Мүсіреповтің "Ашынған ана" әңгімесінің кейбір оқиғалары арқау болған. Бұл әңгімеде де драманың элементтері жетерлік. Мәтіндік салыстыру:

Ә ң г і м е д е:

"Керілген кермиық жас қатыны бар еді. Қара үйге бар. Бұл үйге кісі келеді, - деп айдап шықты. Мен кісі емей, итпін бе дейін деп кеудем бір қозып тұрды да, айта алмадым, шығып кеттім. [Ғ.Мүсірепов "Ашынған ана" әңгімесі]

П ь е с а д а:

Келіншек үнсіз ғана тосырқап, танымайтын сұлу келіншектің басынан аяғына дейін әлденені қызғанғандай салқын, сүзе қарайды.

Ажар. –Болыстың үйі осы болар? Ақлима деген жамағаты сіз боларсыз?

Ақлима. –Біз болсақ, біз болармыз… Оны қайдан біліп тұрсың. Мен сені танымаймын…" [С. Жүнісов "Ажар мен ажал"]. Негізгі мағыналары бір.

Ә ң г і м е д е:

"Өзім көзім қарайып, обалымды пышаққа артып, қанымды шашайын деп жүрген адам, сар кездікті жұлып алып, жүгіріп келіп шалқасынан жатқан болыстың жұтқыншағынан салып кеп жібердім". [Ғ.Мүсірепов "Ашынған ана"]

П ь е с а д а:

"Атан жастыққа домалап, ішін басып ішек-сілесі қатып жатқанда, Ажар көз ілестірмей босағада жатқан балтаны ала сала Атанды шабады" [С. Жүнісов "Ажар мен ажал"]. Мәтіндік ұқсастықтар бар.

Б.Майлиннің "Раушан – коммунист" повесіндегі басты кейіпкерлер Раушан мен Бәкен, С.Жүнісовтің "Ажар мен ажал" пьесасындағы Ажар мен Бөпіш арасындағы тұрмыстық, отбасылық қарым-қатынастары ұқсас байланыс бар. Повестегі мөр басу оқиғасы, хатшының (өкілдің) артына тығылуы, хатшымен жақындық туралы әйелдердің өсектері т.б. пьесағадағы әрекетке негіз болған. Дәлелдерге жүгінейік.

П о в е с т е:

- Әй, қатын, тұра тұр, - деді Бәкен.
- Немене?
- Мына кісінің жұмысы бар білем, соны бітіріп бер.
- Жоқ, қайнаға, өтірікке мөр баса алмаймын ! – деді.
- Сенің онда нең бар? –деп, Бәкен ежірейе қарады". [Б.Майлин "Раушан – коммунист"]

П ь е с а д а:

"Б ө п і ш. – Ажар , мөрді әкелші.

А ж а р. – Мөр?

Б ө п і ш. –Иә, мөр!… Саған не үшін керек еді? Маған да сол үшін керек. Менің де елім, жақын-жұрағаттарым бар, жұртта жалғыз ұлып қалған бұралқы ит емеспін. Еркек болып себебім тимесе, сенің ауылнайлығыңнан, маған әйел болғаныңнан не пайда" [С. Жүнісов "Ажар мен ажал].

Мәтіндік салыстырулардың қорытындысынан көрініп тұрғандай Сәкен Жүнісовтың “Ажар мен ажал” драмасында “Қорғансыздың күні”, “Ашынған ана” әңгімелерінің, “Раушан – коммунист” повесінен алынған кейбір оқиғалар, идеялар, әрекеттер жатқандығын айғақтайды.

Аталған прозалық шығармалардың көшірмесі немесе нашар шыққан инсценировкасы ғана емес, өз алдына жеке пьеса боларлық көркемдігі, толық құқы бар сахналық туынды екендігіне назар аударамыз. Л.И. Тимофеев: ”Во многих отношениях драма черезвычайно близка к эпосу. С чисто литературной точки зрения драма в сущности и есть эпическое произведение – роман, повесть, в котором есть только одна своеобразная особенность: драма лишена речи повествователя” [13,373],- деп эпос пен драма табиғаты арасындағы айырмашылығы жайында айтады.

Драмалық шығарма болуы үшін, онда: драмалық жағдай, драмалық бейнелер, драмалық тартыс, диалог, монолог, әрекет, характерлар болуы міндетті. Бұл шарттардың барлығы да “Ажар мен ажал” пьесасы бойынан табылады.

Пьесадағы әр кейіпкердің атқаратын жүгі әр қалай. Драмадағы тартыс – ширыққан, тартымды. Адалдық пен арамдық қатар өрбіп, психологиялық ахуалда әсер етіп, пьесаның басынан аяғына шейін тас түйін қалпын бұзбаған. Оқиға орталық қаһарманы – Ажардың айналасына жинақталған. Бір Ажардың өзіне ауыртпалықтың сан түрі түссе де мойымауынан - қос ғасыр тоғысындағы қазақ әйеліне тән шыдамдылықты, қайсар мінезді көрсетеді.

Пьесаның экспозициясы бірінші көрінісінде толықтай ашылмай, біраз созылыңқылық күй кешкен. Бұған себеп: жас драматургтің тәжірибесінің қайнауы кемшін, ал тақырып жүгі ауыр, орталық кейіпкерлерінің ұнамды, ұнамсыз бейнелері жан-жақты терең болуында болса керек.

Ғалым Н.Ғабдуллин: ”Пьесада бүкіл іс-әрекет, бар оқиға біздің көз алдымызда дәл қазір өтіп жатқандай боп көрінуге керек. Сол оқиғалар сипатынан кейіпкерлердің өткен өмірін де, келешегін де біле-міз. Автор драматургияның қатаң талабына оқиғаны бағындырады, бірақ геройлардың іс-әрекетінің даму заңдылығын берік ұстауға тиіс” [14,13],- деп, пьесадағы оқиға арқауы өмірден алшақ болмауын қатаң ескертеді.

Пьесаның бірінші бөліміндегі оқиға, яғни болыс ауылының еріккен бай жігіттері Атан мен Қатай “арсыз көңілдерін” көтеру үшін жолға шығып, жуыр арада баласы мен келінін жерлеп, қолына қарап қалған 15-16 жас шамасындағы жетім қыз баласы бар соқыр кемпірдің қараша үйіне бас салып, есіктен сығылысып кіріп келеді. Амандық-саулық бітпей жатып, терезені тырналап, сырттан ит ұлиды. Осы жерде драматург шағын деталь арқылы (иттің аяныштыұлуы) алдағы болайын деп тұрған жамандықты психологиялық меңзеп, жандандырып тұр.

Пьесадағы Ажар бейнесі – күрделі тұлға. Шығарманың бірінші актісінде Ажар әлі жас шыбықтай майысқан, жан баласына тіке қарамайтын уыздай, пәк болып көрінсе, екі жауыздың озбыр қылығынан, қорғансыз әжесі боранда үсіп өлгеннен кейін, өмірдің қилы тұрмысын басынан кешіп, ысылады. Озбыр Атанның опасыз ісінен кейін екі қабат болып, дүниеге әкесіз сәби әкеледі. Пьесада оқиға шиеленісіп, драмалық тартыс күшейе түседі.

Драма оқиғасының шиеленісуі, тартыстың күшейуі – батыл ана Ажар өзінің намысын қорлаған, жалғыз ұлы жас Олжатайын “солдатқа” іліктірген, орыс офицеріне қолжаулық қылғысы келіп, өзіне жала жаппақшы болған болыс Атанның зұлымдығына шыдай алмай, балтамен басын шабатын кезеңі. Пьеса авторы ойының шешімі – жалғыз ұлынан айырылса да, бүкіл ана атаулыны намыстан айырылтпау.

Р.Нұрғалиев: ”Драматургиядағы негізгі талап – тартыс үстінде ашылатын мінезді белгілеу” [15,38],- десе, пьеса авторы Ажарды оқиғаға жиі араластыра отырып қазақ әйелінің өжет, қайсар, күрескерлік мінез-құлқын ашып, өнеге етеді. К.Нұрпейісов: ”…драматургтің басты ойы мәңгі жасайтын ананың тұлғасын көрсету ғой. Олай болса оған оқ атылуы тиіс емес. Тіпті оған кезеліп тұрған Жұматайдың қолынан оқ атардың түсуін тегін дей алмаймыз. Өйткені, ана арының жеңісі – мәңгі жеңіс” [16],- десе, Қ.Уәлиев: ”Спектакльдегі Ажар бейнесі шын мәнінде қазақ әйелінің ғасырлар бойы басынан өткерген қайғы-қасірет, күреспен жеткен азаматтың өр тұлғасы деп түсінгеніміз абзал” [17, 190] , - деп сыни ойларын білдірген.

Орталық қаһарман Соқыр кемпір – психологиялық кейіпкер. Драматургтің терең толғанысынан, сезімінен сомдалып бейне. Автор орталық кейіпкерінің аузына үнемі сөзді аяныштыжүрек тебірентер реңімен беріп отырады. Мысалы: “Соқыр кемпір. – Балам артында қалғанда, Ажарымның көз жасын нәр етуге қалыппын ба. Үлбіреген жібегімді тұқыл өгізге қалайша бөстек етермін; – Құлыным-ай, жалғызым-ай, адам бөрісінен құтыла алмай жүріп, дала бөрісіне жем болдың-ау, панасыз қозым, жарығым-ай!” [“Ажар мен ажал”],- деп зар қағады. Бір көріністен екінші бір көрініс оқиғасы аяныштысалмағы ауырлай түседі. «Соқыр кемпір» бейнесі – пьеса шаңырағының тіреуі.

Негізгі кейіпкер Сарыжорға – қысқа эпизодтық, шағын бейнелерге жатқанымен, шығарманың тұтастығын сақтауға, оқиғалардың тартысты болуына өз үлесі бар. Шығармадағы «Сары жорға», «Тамыршылар» – Ажар мен Бөпіштің арасына ши жүгіртушілер, іріткі салушылар, шырқын бұзушылар қатарында жоғары қызмет атқарады.

Ал, Бөпіш – табиғатынан аққөңіл, бөтен кісінің ала жібін аттамайтын, тек қана еңбектің адамы. Пьесада үнемі ынжық кейіпінде суреттеле береді. Ажарды көре алмайтындар Бөпіштің жуастығын пайдаланып, неше түрлі айлаларын жүзеге асырмақшы да болады. Өсекшілер Бөпішке “Ажардың күйеуі” деп ат қойып, айдар да тағып қояды. Бөпіштің қылығы ащы күлкі тудырады, бірақ күнделікті өмірдегі табиғатынан асып кете алмағаны шығармада көрініс тапқан.

Шығарма авторы әр кейіпкеріне даралық сипат дарытады. Мысалы, Атан мен Қатай бір сипаттағы адамдар болғанымен, екеуінің характерлары мүлде екі басқа. Атанның атқарып жүрген жалған ролі – болыс атағы, жауыздық, екі жүзділік, озбырлық. Ал, Қатай - өз қарақан басы үшін бірге туғанын да сатып жүре беретін алаяқ, жымысқы қу. Қатайдың осы ішіне бүккен қулығы жаңа үкімет орнаған кезде де оны көмпескеден, айдаудан құтқарады. Бұрынғы істеген қылықтарын болыс Атанға аударып, өзін болыстың атқосшысы болдым деп тайқып

құтылады. Зұлым Қатай әлі ойы, бұғанасы қатпаған Жұматайдың қолына мылтық ұстатып жіберіп, өз басын толық, дәлелді арашалап, құтылмақ ойы жүзеге аспай қалады. Оған себеп, бала да болса Жұматай анасындай Ажардың терең, жүрек толғантар сөзіне тоқтап, өткен іс-оқиғаларға әкесі Атанның кінәлі екенін мойындап, Ажарға кезеніп тұрған қолындағы тапаншасы түсіп кетуінің астарында үлкен сыр бар. Сыншы Әкімқұлов Е: ”Қатай – қазақ драматургиясындағы Жантық тақылеттес үлкен кейіп. Оның сұр жыландай арбау тәсілі әріде жатыр. Ол Ажарды масқаралау үшін қандай кесапаттыққа болса да әзір” [18], - деуі орынды.

Пьесада шағын бейнелер қатарында Ақлима да бар. А ж а р д ы ң: Тында онда, Ақлимадай анадан туған шын азамат болсаң”,- деп Жұматайға қаратылып айтылатын сөзіне қарағанда, Ақлима өз бейнесіне сәйкес келе бермейді. Пьесада Ақлима ұяң, болыстың әр қимылына, әрекетіне құлдықпен қарап, айтқанына бұрыс болса да бас шұлғи беруі нанымсыз, Ажардың жалынды сөзімен үндеспей тұр.

Ал, Дүйсен, Үрләпия, Әукен бейнелері – бүйректен сирақ шығарушылар, бүлікшілер тобына жатады. Үрләпия атынан айтылатын небір ұятсыз, ыңғайсыз сөздер өздерінің қандай адамдар екендіктерінен хабар бергізеді. Ал, Әукен - сөзі мен ісі дойыр, топас, түсінігі таяз жандардың жиынтық бейнесі.

Сонымен қатар, пьесада кейіпкерлер саны шектен тыс көбірек. Персонаждардың барлығы да өз жүктерін бірдей атқарып тұрған жоқ. Мысалы, шағын эпизодтық рольдер немесе аз ғана қызмет ететін кейіпкерлердің атқаратын міндеттерін біріне-біріне жүктеуге де болады. Персонаждар шектен тыс көп болса, мінез сомдауда да ой көпке бөлінеді. Пьесаның бірінші актісінде Ажар мен әжесінің бейіт басындағы әрекеттерін автор қайталай береді. Әукен, Үрләпия, Дүйсендердің қараша үйдегілерді әуре-сарсаңға салуларында әрекетті созып алушылық та байқалып қалады.

“Ажар мен ажал” пьесасы турасында әр кезде жарияланған Ә.Сәрсенбаев, Қ.Нұрпейісов, Е.Әкімқұлов, С.Латиева, Р.Нұрғалиев, С.Ордалиев, М.Хасенов, Б.Құндақбаев, Ә.Сығаев т.б. мақала, сыни-сараптамаларында жалпы сөз болғанымен, арнайы зерттеу нысаны болған емес. “Биыл өткізілген халық театрлары мен драмалық коллективтердің республикалық байқауында 35 коллективтің барлығы бірдей С.Жүнісовтің “Ажар мен ажалын” көрсетуі - репертуар байлығын көрсетпесе керек” [19,10],- деген театр зерттеушісі Б.Құндақбаевтің сөзінен сол кезең шындығын, сол уақытта пьеса өміршең болғанының айқын дәлелі.

Тарихи туынды “Ажар мен ажал” пьесасының тақырыптық негізі, авторлық концепциясы – “төңкеріске” дейінгі қазақ әйелдерінің басындағы әлеуметтік теңсіздік, ескі-салт сананың шырмауынын аса алмай құрбан болатын әйел затының ауыр тұрмысынан ашы сыр шертетін алғашқы қазақ драматургтерінің бірі К.Тоғысовтың “Надандық құрбаны”, М.Әуезовтың “Еңлік–Кебек”, Қ.Кемеңгеровтың “Алтын сақина”, т.б. сахналық туындыларының аясында қалмай өзіндік жол ұстанып, барша ана атаулы адамзат баласының намысын аяққа таптатпай, тың пікір ұстанады. Соңында ажалды жеңген ананың, күрескер ананың ескерткішін сомдайды.

Белгілі прозалық шығармалар мен төл шығармаларға драматургия жанрының заңдылығын, сахнаға лайық өзгерістер енгізген; қаһармандар қақтығысын күшті тартысқа құрған; басты бейнелерінің салмағын әлсіретпей, қайта әр қырынан күшейте түскен; жекелеген кейіпкерлеріне драмалық мінез бітірген; актер ойынын да ойынан шығармай драма ырғағына құрған, интонация берілген; драма монологын, диалогын қайта түзіп шыққанын байқадық. Негізгі тақырып, өзекті желі, идея сақталғанымен, шығармалары сапалық өзгеріске ұшырайды. Тартыс дамытылып, тыңнан оқиғалық желілер қосылады. Кейіпкерлері прозалық шығармаларда байқалмаған жаңа қырымен көрінетін әрекеттері инсценировкалау табиғатына тән құбылыстар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нұрғалиев Р. Күретамыр. – А.: – 1973
2 Есембеков Т. Драматизм в казахской прозе. – А.: – 1997
3 Мүсірепов Ғ., Ә.Әбішев, Ә.Сәрсенбаев, К.Нұрпейісов, Е.Әкімқұлов, С.Ордалиев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, Б.Құндақбаев, Ә.Сығаев, Р.Тоқтаров, Тарақты Ақселеу, С.Негимов, К.Уәлиев, М.Хасенов, Т.Есембековтің, М.Халиолин, Т.Қажыбаев, Р.Тұрысбеков, Б.Бұлғақбаева, С.Ғазезов, Ж.Жақанова, Х.Әдібаев, К.Ғалымтаев, Т.Кешубаев, Ә. Шапауов.
4 Словарь литературоведческих терминов. – М-Л.: – 1972
5 Толстой А. Собр.сочинения. – М.: 1975
6 Қабдолов З. Сөз өнері. – А.: – 1976
7 Рүстембекова Р. Драматургия Б.Майлина. Автореф.канд.дисс. – А.: – 1965
8 Сәрсенбаев Ә. Ажалды жеңген ана //Соц.Қазақстан. – 1967
9 Нұрпейісов К. Ажар жеңісі//Соц.Қазақстан. 1968
10 Құндақбаев Б. Театр және заман. – А.: –2000
11 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – А.: – 1998
12 Нұрғалиев Р. Күретамыр. – А.: – 1973
13 Тимофеев Л.И. Теория литературы. –М.: 1972
14 Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепоа - драматург. – А.: –1982
15 Нұрғалиев Р. Күретамыр. – А.: 1973
16 Нұрпейісов К. Ажар жеңісі//Соц.Қазақстан. 1968
17 Уәлиев Қ. Сахна – менің өмірім. – А.: 1982
18 Әкімқұлов Е. //Соц.Қазақстан. 1968
19 Құндақбаев Б. Театр және заман. –А.: – 2004

ӘОЖ 821.512. 122-1.

ҚАЗАҚ РОМАНТИЗМІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ ХАҚЫНДА БІРЕР СӨЗ

Ж.А. ШОЙЫНБЕТ
ф.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.
М.Н. БЕКБОСЫНОВ
ф.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Отандық әдебиеттану ғылымында түрлі бағыттар мен ағымдар, көркемдік әдіс-тәсілдер мәселесі төңірегіндегі көкейкестілік зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Десек те, солардың ішінде қазақ әдебиетіндегі, әсіресе, лирикадағы әр дәуірдегі романтизмнің дамуы әлі де болса терең жүйелі зерттеуді қажет етеді. Бұл орайда әдебиетіміздегі романтизм элементтерінің жыраулар поэзиясында ұшырасуы, Махамбет шығармаларында алатын орны, Абайдың ақындық мектебінің қазақ романтизміне тікелей және жанама түрде тигізген әсері, Мағжанға дейінгі, Мағжан тұсындағы және Мағжаннан кейінгі романтизм дамуының ерекшелігі мен дәстүр жалғастығын зерттеген еңбегінде Е.Тілешов: «XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі романтизм өзінің мазмұнына қарай:

1) төңкерісшіл немесе ілгерінді;
2) әлеуметтік-консервативтік;
3) элегиялық-философиялық;
4) діни-өсиетшіл;
5) индвидуалдық романтизм болып келетін қазақ әдебиетіндегі бұл ағымдарды зерттеу күрделі, әрі зерттеушісін күтіп жатқан қызғылықты проблема» [1,64], – деп орынды айтқан.

Біз бұл жіктеуді қостай отырып, оған азаматтық, психологиялық романтизмдерді де үстейміз. Себебі романтизм ағымының қилы белгілері осы кезеңде әдеби ғұмыр кешкен қазақ ақындарының барлығына да тән. Осылардың ішінде Ілияс пен Сәкен романтикалық өнер түрін өз шығармашылықтарында барынша мол пайдаланды. Қазан төңкерісінен кейінгі алмағайып кезеңде осы шығармашылық түр әдебиетімізде жетекші рөлге ие болды.

Қазақ романтизмін зерттеуде қолбайлау болып отырған өзекті де, күн тәртібінен түспей тұрған мәселе – оның типологиясы мен классификациясын айқындау. Ұлттық сөз өнерін зерттеуде бұл мәселе әлі күнге көтерілген жоқ. Ал әлемдік әдебиеттануда, әсіресе, орыс әдебиет зерттеушілері арасында туындаған орыс романтизмінің типологиялық жіктелуі төңірегіндегі ғылыми дау қазірге дейін толас табар емес. Қазақ әдебиеттану ғылымында Қ.Мұхаметқанов пікірі негізінде қазақ романтизмін екі ағым тұрғысынан қарастыру әдебиеттанудың өзіндік кезеңдік дамуы үшін өте орынды айтылған пікір еді. Қазір белсенді / революциялық/ және пассив /күйреуік/ деп бөлу мектеп бағдарламасы көлемінде романтизмді оқытуда қолдануға болғанымен, кезеңдік әдеби ағымдарды отандық әдебиеттануда сөз еткенде өте жалпы сипаттық дәрежесінде ғана қарастыруға ұрындырады. Сондықтан, қазіргі кезде осылайша бөлу көптеген ғалымдарды қанағаттандырмауда, себебі белсенді және пассивті романтизм деп жіктеудің методологиялық негізі орынды болғанымен, қазақ романтизмінің ерекшеліктерін толық ашып бере алмайды. Осылайша бөлу, мәселен, Сұлтанмахмұт, Мәшһүр-Жүсіп, Бернияз, т.б. философиялық романтизмін тасада қалдырады. Абай мен Шәкәрім поэзиясындағы романтизмді қайда жатқызуға болатынын түсіндірмейді. Мағжан романтизмін *күйреуік* деп таңбалау қазірде екі ұшты мағына беретін коммунистік жапсырма. Шындығында, осыны түсінген бірқатар әдебиеттанушылар «*пассивтің*» орнына мүлде басқа кертартпа бояудан арылған «*арманшыл романтизм*» деп атауды ұсынады.

Осы себепті де біз XX ғасырдағы орыс романтизміне жасалған У.Р.Фохт және Е.А.Маймин классификациясын басшылыққа ала отырып, қазақ романтизмін былайша бөлуді орынды көреміз:

1. Азаматтық романтизм: А.Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, т.б.
2. Революциялық романтизм: С.Сейфуллин, І. Жансүгіров, т.б.
3. Философиялық романтизм: М. Көпейұлы, Ғұмар Қараш, т.б.
4. Психологиялық романтизм: С.Торайғыров, Б. Күлеев, т.б.
5. Синтетикалық романтизм: Абай мен Шәкәрім.

Романтизм бағытының әдебиет пен өнердегі бастау көзін алдымен қаламгер өмір сүрген қоғамдық өмір жағдайынан іздеуге тиіспіз.

Ел мешеулігі, өркениетке ілесе алмауы, Столыпин реформасының қазаққа тигізген зардабы Сұлтанмахмұт, Ғұмар Қараш, Мәшһүр-Жүсіп сияқты айтулы ақындарды бүгінгі өмірді терістеп, болашаққа, өткенге ой жүгіртіп, қалам тербеуге итермеледі.

Романтикалық шындық тұрғысынан өмірді терістеуді және парасаттың құдіреттілігін жоққа шығару романтизмнің басты ерекшелігі мен нышанына жатады. Ең бастысы – ерекше қаһарман екені белгілі. Романтизмнің қазақ топырағында пайда болуының жалпы себебімен қатар ішкі өзіндік себептері болуы оның, яғни ұлттық романтизмнің ерекше, қайталанбас әлпетін қалыптастыруға бастайды демекпіз. Қазақ романтизмнің орыс, батыс романтизміне қарағанда мүлде кереғар болып келетін тұстары аз емес. Біздің қаламгерлердің ешқашан ағартушылық пен ағартушылық философияны абсолютік ақыл ырқына жеңдірмегені назар аудартады. Эстетикалық ұстанымы

жағынан қазақ романтиктерінің көбінесе «реалист» болғандығын олардың шығармашылықтарындағы көркемдік әдіс түрлерінің арасында қытай қорғанының жоқтығы да дәлелдей түседі.

Орыс пен Батыс әдебиетіне қарағанда қазақ романтикалық поэзиясындағы индвидуалды, тұлғалық бастау көздің бәсең келуі тағы бір маңызды ерекшеліктің бетін ашады. Мәселен, Мағжан поэтикасының жекешеленушілігі қазақылығымен романтизмді ұлттық өрнек пен өзіндік қабыстыру үлгісін тудырды.

Ақылбай әкесінің әдеби өнегесімен шектелмей, өздігінше іздену арқылы қазақ әдебиетіне романтизм әдісін түңғыш енгізді. Гогольге «Ревизордың» тақырыбын берген Пушкин сияқты «Дағыстан» поэмасының тақырыбын ақын шәкірттеріне Абайдың өзі ұсынуы да тегін емес [2]. Ақылбайдың ұстаз талабын қиналмай орындағанының нышаны «Дағыстан» поэмасының құрылысынан көрініс тауып, ондағы сюжеттік желіленген оқиғаның даму жолдары қазақ поэзиясында бұрын болмаған жаңалық екендігін көрсетеді [2,I,18]. Аталған поэмада бас кейіпкерлердің іс-әрекетіндегі, мінез-құлықтарындағы сезім даралығы ерекше суреттеліп, көкке көтеріле жырлануы, т.с.с. оның жеке көркемдік әдіс үрдісін қалай қабылдағанын дәлелдейді. Оның жарқын мысалы ретінде романтикалық рухта сомдалған көре алмаушылықтан қаны қарайған кекшіл де, ашушаң, кәрі Жүсіп махаббатына шын берілген ізгі көңіл, зипа Зәһира мен Жәбрәһілді поэма табиғатынан аңғарамыз. Осылар төңірегінде өрбитін сюжет ширығуы мен көркемдік идеяның өзіндік ерекшеліктері шығармадағы бұрынғыдай синтетикалық емес, таза романтизм стилінің белгілерін, нышандарын айқын да, ашық білдіртеді. Сондықтан біз Қ. Мұхамедхановтың: «Дағыстан» поэмасының үлгісі – орыс романтизмі. Орыс романтизмі болғанда, қиял дүниесіне, мистикаға кететін романтизм емес. Жуковский жырлайтын романтизм емес» [2, I, 27-28] дегеніне келіспейміз. Өйткені, орыс романтизмінің атасы атанған Жуковскийге тиісе сөйлеу сол дәуір тұрғысынан дұрысты саналғанымен, қазіргі таңда осы пікірді қостап сөз айту ақиқат танымға қайшы. Болмағанды болғызып жырлау романтикалық туындының басты белгісі, ал аталған туындыны қиялдан ажырата сөз еткен ғалым пікірі орынды емес. Аталған ғалымның: «Дағыстан» – «прогрессивті романтизм» үлгісінде жазылған шығарма» деген пікірін орынды деп санаймыз.

Қазақ романтикалық өнері мен кеңес қазақ романтикалық поэзиясын зеттеуде екі нәрсеге көңіл бөлген дұрыс. Үрдіс пен жаңашылдықты бірлікте ала отырып, осы екеуінің белгілі бір дәуірдегі орын алған тарихи-әдеби процесс кезіндегі өзара қарым-қатынасын қарастыру қажет. Осы тұрғыдан келгенде XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің даму тарихын терең зерттеген А.Н.Соколовтың көптеген құнды пікірлері табиғаты жағынан қазақ романтизміне берілер бағалаулармен іштей қабыса үндесетіндігіне бей-жай қарауға болмайды. Сонымен, романтизм кез келген әлемдік тарихи не ұлттық нышандағы төңкерістік үлкен өзгермелік жағдайымен, қоғамдық сана-сезімнің көтерілуімен және қоғамның бір бөлшегі болып табылатын тұлғаның азаматтық сана-сезімінің оянуымен тығыз байланысты болып келеді.

Романтикалық өнер түрі белгілі бір дәуірдің шеңберінде тұйықталып қалмайды, қайта өткенге араға уақыт салып, қайыра бір соғып отырады деген тұжырым жасағанымыз орынды. Осылайша суреткерлер тарапынан өздері таңдап алған өнер түрінің табиғатына, эстетикалық сұранысына орай романтизмге деген көркемдік қажеттілік жаңадан, қайтадан туындап отырады. Орыс әдебиетінде көрініс тапқан осы қажеттіліктің орнын М.Горькийдің өткен ғасырдың басында қалай толтырғанын және әлем әдебиетіндегі романтизм дамуына қосқан қаламгерлік қомақты үлесін орыс ғалымы Б.В.Михайловскийдің жан-жақты ашып беруі, көп жағдайда әдебиетіміздегі Мағжан, Сәкен және Ілияс әкелген соны романтикалық леппен өзектестігіне сай келеді [3, ч. 1, гл. 1-3]. Жаңа жағдайда бұл бұрынан келе жатқан, яғни Абайдың ақындық мектебі негізін салған көркемдік әдістің жалына қайыра жабысу емес, қоғамдық даму нәтижесінде дүркіндеп бой көрсететін өнердің әлсін-әлсін туындап отыратындығын танытатын нышан. Осыған байланысты көркемдік жаңалық пайда болады, бірақ ол ұлттық салт-санада бұрынан бар түсініктердің (Сәкеннің «Домбыра», «Тұлпар», т.б. революциялық символдары) ел өміріндегі қалыптасқан жаңа жағдайға орай қайыра жаңғыруы болып табылады. Қалыптасқан көркем уақыт пен шартты кеңістікті игеруге лайықты ізденіс жолында кейде суреткер романтиктерімізді бұрынан бар бейнелілік құралдары өздеріне ынтық етсе, кейде Ақылбай, Мағауия дәстүріндегі романтикалық тұлғалану өз ырқына тартқанымен, әрдайым қаламгердің поэтикалық таңдауын айқындауда оның қоғамдық ұстанымы, эстетикалық принципі, өмір тәжірибесі жетекші рөл атқаратынын естен шығармауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ісмақова А. Алаш әдебиеттануы. –Алматы: «Мектеп», 2009. - 560 бет; Тілешов Е.Е. Суреткер және көркемдік әдіс – Алматы, «Арқас», 2005. 278 б.

2 Мұхаметқанов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. І том. – Алматы. РГЖИ «Дәуір» 1993.

3 Михайловский Б.В. Творчесво М.Горький и мировая литература. Наука. М., 1965.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

М.Ж. КӨПЕЕВТІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ САРЫН

Қ.М. АБДУЛЛАЕВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әдебиеттану ғылымында «дидактикалық поэзия – (didaktikjc – үлгілі, өнегелі, тағылымды деген сөз) үгіт-насихаттық, өсиет сарын сипатында түзілген, поэзиялық жанрда жазылған шығарма»[1,80], - деп түсіндірілетін жанр XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында әдебиетімізде кең өріс алды. Оған басты себеп, қазақ даласындағы саяси, қоғамдық өзгерістер еді. Патшалық Ресейдің отарлау саясатының күшейе түсуі, алдымен хандық билік, кейін шұрайлы жерлерінен айырылған халықтың мүшкіл хәлі, ұлттық баспа, мектеп, медресе істеріне қойылған ашық шектеулер т.б. халықты әлеуметтік және рухани күйзеліске ұшыратты. Қитұрқы саясаттың кесірінен елде парақорлық, зұлымдық, алауыздық өрши түсті. Сол түста сөз зергерлері қоғамдағы келеңсіздіктің алдын алу мақсатында өздерінің ғибраттық ойларын жыр жолдары арқылы халыққа арнап отырды. Бұдан құтылудың бірден-бір жолы білім мен ғылымда деп түсінген ақындарымыз өз халқын осы жолға үндеуді өздеріне азаматтық парыз санады. Ғасыр тудырған заман өзгерісін қалайда жөнге салу жолдарын қарастырды. Ол жолды тапты да. Заманды түзетудің ең басты жолы адам санасын түзеу екендігін түсінген олар сол қоғамдағы адамдардың бойындағы теріс қылықтардан арылу қажеттігін, алдымен мінез-құлықты түзеу керектігін насихаттады. Сонымен бірге ұрпақ үшін ең басты қажеттілік білім мен ғылым екендігін өз шығармаларына арқау ете отырып, халықты өркениетке жетелеу жолында ғибрат, өсиет, насихан сөздер айтты. Осы бағытта маржан жырын халқына арнаған ұлттық поэзия өкілдері Нұржан Наушабаев, Мақыш Қалтаев, Шәді Жәңгіров, Мұсабек Байзақұлы, Ғұмар Қарашев т.б. болатын. Солардың ішінде өзіндік дара дәстүрімен ерекшеленетін ұлы ойшыл, ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің де есімі аталады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың бас кезінде тікелей үгіт өлеңдерін көбірек жазуға бет бұрды. Ол түсінікті де. Өйткені Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген уақытта халықтың өз мүддесі үшін күреске ұмтылысын тудыру үшін, тікелей үгіт айту, дидактикалық сарынның етек алуы заңды құбылыс еді. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп көне дәуірден бастау алып жыраулар поэзиясында жалғасын тапқан дидактикалық сарында өлең жазды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің тікелей үгітке арналған дидактикалық өлеңдерінде халқын еңбекке, оқу-білімге шақырады, кәсіпті меңгеруге үндейді. Қолдан келгенше жақсылық істеуге, қайырымды болуға, сөйтіп адамдық борышты өтеуге ақыл-ғибрат айтады. Сол арқылы халқының қайратын ұштап, санасын оятуды көздейді. Халықтың ғылым-білімнен алыс жатқанына, жүдеу тұрмысына, көнбістігіне іштей налиды:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық,
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық, - [2, 291]

деп, елін бірлікке, өнер-білімге шақырады. Елдегі озбырлық, ұрлық-зорлық, алауыздық сияқты жағымсыз нәрселерді әшкерелеп, мұндай әрекеттің түбінде жақсылық әкелмейтінін ескертеді. Адамзат баласы үшін ең керегі ұрпақ тәрбиесі десек, ақын үшін де заманды түзетудің бірден-бір жолы осы болды. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз ұрпағының болашағына алаңдаушылық танытып, олардың ғылым мен білімді меңгергенін қалады. Тек қалап қана қоймай, сол жолға түсуіне барынша ықпал жасауға тырысады. «Ағашсыз жапырақ» атты өлеңінде ақын:

Өзгеден ғылым парыз – бұл дүниенің,
Болмайды қайда барсаң мұнсыз қамың...
Өнерсіз, жігері жоқ, қолсыз кісі,
Жарымжан қайдан түгел оның ісі?! -

деп адам өміріндегі өнер-білімнің орнын анықтай отырып, білімсіз адамның күні қараң екенін жеткізеді. Сонымен қатар, ақын материалдық байлық пен рухани байлықтың ара жігін аша отырып, негізгі байлық ғылым екендігін ұрпағының бойына сіңіруді мақсат етеді. Білім мен ғылымды игеріп қана қоймай, оны ел игілігі үшін жарата білуді де ескертіп отырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев ғылым-білімге өте құрметпен қарап, халқын оқуға-өнерге үндеуден бір сәтте тоқтаған емес. Ол оқыған адамның көзінің алды жарық дүние де, қара танымаған кісіге бар нәрсе бұлдырап тұрады, білімі таяз адам әркімге бір жалтақтағыш келеді, білімді кісі құйған қорғасындай салмақты болады, сондықтан білім әр адамға ауадай қажет деп біледі. Ғылым жайындағы ойын ақын былайша тұжырымдайды: «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым-білімге сарп қылсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарып қылған пенденің жаны тірі, сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарып қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады» [2, 292].

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің замандастары сияқты отаршылдықты сынға алудан да тыс қалған жоқ. Патша үкіметінің зұлымды саясатын өз көзімен көріп, жүрегімен сезініп өскен ақын өз еңбегінде тебірене жырлайды. Отаршыл саясаттың қолшоқпарына айналған атаққұмар бай-болыстарды шенеп, ел үшін тығырықтан шығудың жолын іздеп, өз халқының әлеуметтік жоқшысы болды. Ақын туған елін сүйді, туған жерінің әрбір топырағын қадір тұтты. Ол:

Айырылған біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен.
Адасып осы күні қазақ қалды,
Бұрынғы ата-баба ресімінен.
Жылқыға керек жерден егін салып,
Жер жыртып, мұжық қалмас кәсібінен, [2, 291]-

деп, кезінде елдегі әлеуметтік жағдайды зарлана жырлаған, аузынан шыққан осы бір «Зар заман» деген сөзі кейін бір тұтас дәуірдің атына айналған ақын Шортанбайша зарланып, жер азасын айту арқылы халық санасын оятуға, көзін ашуға ұмтылды. Бұны біз ақынның азаматтығы деп білеміз. Сонымен қатар, ақын қазақ қауымының бір-біріне жасаған қиянатшылдығын, әсіресе, ел басқарған әкім-мырзалардың қайырымсыздығын, дүниеқоңыздығын ешкімнен қорықпай жасаған жағымсыз әрекеттерінің басын ашып көрсетіп отырады. Сынай отырып, олардың имандылыққа, қанағатшылдыққа, өзін ғана емес, өзгені де ойлауға үндейді:

Пендесі бір Құдайды білмей ме екен?!
Мінезін Құдай оның көрмей ме екен?!..
Ағартып, ауыр жұмыс, аршу қиын,
Мекені бір Құдайдың жүрегінде...
Мақсат бар: біреуді алдап артық жеген,
Нақақ бар: жаламенен күйген неген...
Жүректі шайтан кернеп аумалаған,
Жақсылар мұнан басын сауғалаған.
Езуін қиғаштаған дүмшелер бар,
Құранды бір теңгеге саудалаған [3, 164-165] –

деп, әуелі патша саясатына, кейін кеңес үкіметінің туындатқан мәселелерін не өз атынан не көптің атынан Құдайды аузына ала отырып білдіреді. Мәшһүр Жүсіптің жырлары отарлауға қарсы өршіл үнімен, өз ұрпағын оқу, өнер-білім, адал еңбекке үндеуімен, оларға ізгілік пен адамгершілік жолын көрсетуімен құнды.

Ақынның кейбір дидактикалық өлеңдерінде оның мұсылмандық дүниетанымы анық көрініп тұрады. Адам бойындағы сараңдық, екіжүзділік, өзімшілдік, мақтаншақтық, еріншектік, дүниеқоңыздық т.б. бір сөзбен айтқанда, нәпсіқұмарлық сияқты жағымсыз қасиеттерді сынға алған ақын, мұндай әрекеттердің халықтың қас жауы екендігін тілге тиек етеді:

Бір іске өкінбейсің деп ойласаң,
Нәпсінің достық айтқан алма тілін.
Жаяу қыл, нәпсіңді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса жортқызып, желгізбей бақ [4, 93], -

деп нәпсіні тыюға, құмарлық жетегінде кетпеуге шақырады. Мұндағы басты ерекшелік ақынның ғибратты ойларының діни сипатта берілуі. Әрине, бұның сыры ақынның мұсылмандық дүниетанымының кеңдігінде.

Жалпы ислам дінінде білім мен ғылымның орны ерекше. Құран Кәрімде білім мен ғылымның адам өміріндегі рөлі туралы, оған өмір бойы ұмтылып, ізденудің қажеттілігі туралы Taha сүресінің 114 аятында: «Шынайы меңгеруші Алла әр нәрседен жоғары. (Мұхаммед Ғ.С.) саған етілген уахи бітуден бұрын Құранда оқуға асықпа да: «Раббым, білімді арттыр!», - де»,- десе [5, 320], Хадисте: «Кімде-кім білім іздеу жолына түссе Алла тағала оған жәннатқа бару жолын жеңілдетеді. Періштелер ғылым ізденушінің талабына разы болып, оның аяғының астына қанаттарын жаяды. Шын мәнінде, ғалымға көктегілер мен жердегілер, тіпті судағы балықтарға дейін жарылқау тілейді. Қарапайым мұсылманнан ғалымның артықшылығы, айдың басқа жұлдыздардан артықшылығындай. Әлбетте, ғұламалар – Пайғамбардың мұрагерлері. Пайғамбарлар мұраға динар немесе дирхам қалдырған жоқ, ғылымды мұраға қалдырды. Кімде-кім Пайғамбарлардың с.ғ.с. мирасын алса, мол үлесті алған болады», -дейді [6, 13]. Сондықтан да дүниетанымы мұсылмандық тұрғыда қалыптасқан ақындардың білім, ғылымға шақырған насихат өлеңдері діни-философиялық тұрғыда беріледі.

Жігіттер, «Өнер алды – ғылым-білім» -
Деген жаң, құлағың сал Ислам дінін...
Аузыңда болсын дайым Құдай сөзі,
Таймасын қаралықтан көңіл көзі...
Бір Құдайдан басқаны ойламаңдар,
Ой түбіне жетем деп, бойламаңдар...
Баланы оқуға бер жас басынан,
Алланың құр қалдырмай олжасынан, - [7, 138-139]

деп білімнің адам өміріндегі маңызын ұрпақ санасына сіңіруге арналған өлең ғибрат, үлгі-өнегеге толы. Адамның жас кезінде алған білімі құнарлы, әрі өміріне азық болар білім-ғылымды жастық шақта игеру қажет

деген ой тастайды. Ақынның білім мен ғылымды, өнерді меңгеру мәселесін адамның өмір кезеңдерімен байланыстыруы оны педагогтік-ағартушылық қырынан танытады. Ақынның «Ағашсыз жапырақ» атты өлеңінде:

Жастарға күшті парыз, жақсы талап,
Отырма жігіт болсақң, босқа қарап.
Сақтайтын бір басыңның есебін біл,
Күш-қуат кетіп қалмай бойдан тарап, -

деген өлең жолдары осының дәлелі.

ХХ ғасырдың басында Абайдың ізін ала шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпеев сол Абай салған ағартушылық бағытты дамытушылардың бірі болды. Ол қайда жүрсе де халқын еңбекке, оқу-білімге үндеп, шығармашылық жұмысын тоқтатпай, өзінің ғұмыр бойы жинаған ілім-білімін туған халқының санасына сәуле түсіруге арнады. Ақынның түпкі арманы – халықты жаппай сауаттандыру еді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев дидактикалық поэзисында азаматтық, адамгершілік қасиеттерін насихаттау, халқын білім, ғылымға шақыру арқылы іргелі елдер қатарына қосуды мақсат етті. Өйткені ақын – халықтың ұлы. Оның мақсаты да халқына қызмет ету. Оның ақындық қуаты:

Тірлікте денсаулығым – басты – бағым,
Онан соң дәулетім – тіл мен жағым!
Сау тұрғанда он екі мүшелерім,
Халқым үшін арналған шыбын жаным, -

деген өлең жолдарынан анық көрінеді. Бұл өз халқын адал сүйетін, оның болашағы үшін жанын беруге даяр азаматтың шын сөзі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ахметов З., Шоңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996 – 240 б.
2 Қирабаев С., Асыл Ұ., Құрманбай Г. Қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 2006. – 376 б.
3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4-том. – Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. 535 б.
4 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1990. – 273 б.
5 Алтай Халифа. Құран кәрім қазақша мағына және түсінігі. Сауд Арабиясы, 1991. – 604 б.
6 Абдуссамад Махат. Хадистер 1-кітап, - Алматы: Өнер, 2001 – 86 б.
7 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 436 б.

ӘОЖ 951 (574)

ТАРИХИ АҢЫЗДАР ЖӘНЕ ЖЕТІМДІК САРЫНЫ

А. ӘБСАДЫҚОВ
ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Тарихи аңыздар – қай халықтың да болмасын елеулі оқиғалар мен айтулы тұлғалар жайында, белгілі бір мекен-жайдың атауы жайында айтатын ауызекі баян, әңгіме. Онда халықтың басынан өткен сан алуан оқиғалардың баяны, ел есінде сақталған тарихи тұлғалардың іс-әрекетіне берілген бағалары, тарихи дамудың түрлі кезеңінің ұрпаққа берер тағылым түйіні, ұлт пен мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы тарихында болған оқиғалар мен айтулы тұлғалар туралы хабар-деректер сақталып жеткен.

Халықтың ауызша айтылған тарихына бағаланатын аңыздарды таза тарих деп қарауға және баяндалатын оқиғалар сол алғашқы тараған түсынан еш өзгеріске ұшырамай, шындық қаз-қалпында қалған деп үзілді-кесілді тануға болмайды, екінші сөзбен айтқанда, аңыздық деректердің барлығын шындық деп қабылдау дұрыс бағыт емес. Аңызға түскен қандай да болмасын белгілі бір тарихи факті уақыт өте келе өзгеріп, қалыптасқан тарихи жағдай мен сол тұста өмір сүрген ұрпақтың көзқарасына орай сұрыпталып, өңделеді. Ескі түсініктерді жаңа ұғымдар, танымдар, түсініктер ауыстырады.

Халық аңыздарында баяндалатын оқиға «ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарағандықтан және көп уақыт өткендіктен» [1, 124б.] оның жеткізер шындығы «көмескі тартқан» оқиғалар мен фактілер кездесіп отырады. Бірақ ұмытылған оқиғалардың орнын бұрыннан ел арасында аңыздалып келе жатқан штамп үлгілер немесе көне миф пен ертегілердегі тұрақты мотивтер мен қалыпты сюжеттердің қалыптасқан үлгілері басады. Сондай қалыптасқан үлгілердің бірі – тұрақты мотивтер.

Фольклорлық көркемдік тәсілдер жүйесінде тұрақты мотивтердің қызметі айырықша. Бұл орайда, алдымен, мотив ұғымының мағынасын ашып алған орынды. Орыс фольклорын мотивтер мен сюжеттер арнасында жіктеу үлгілері мен танымдарын алғаш қозғаған мәшһүр ғалым А. Веселовский фольклорлық мотивке өз тарапынан мынадай анықтама берген еді: «Под мотивом я разумею простейшую повествовательную единицу, образно ответившую на разные запросы первобытного ума или бытового наблюдения» [2, 305с.].

Алғашқы қауымдық қоғамдағы ежелгі адамдардың тұрмыстық танымымен, сана зердесінен туындаған тұрақты мотивтердің шығармадағы басты қызметі - сюжет құраудағы жинақтаушылық қызмет. Оның бұл

қызметі фольклортанушы ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты талданған, ғылыми баға берілген. Айталық, көрнекті фольклоршы ғалым Б.Путилов бұл туралы былай дейді: «Мотив - это элемент эпической сюжетной системы, мотив функционирует в составе системы, здесь он находит свое определенное место, здесь выявляется его конкретное содержание» [3, 43с.]. Қазақ фольклоршыларының сөзімен айтсақ, «мотив-түрлі оқиғаларды, ситуацияларды, эпизодтарды кеңістік пен уақыт жағынан белгілі бір тәртіппен орналастыруға қатысатын сюжеттің ең төменгі жинақтаушы, ұйымдастырушы бөлігі» [4, 276б.]. Бұл тіл біліміндегі морфеманың қызметіне жақын, ұқсас.

Мотивтердің фольклорлық шығармалардың сюжетіндегі жинақтаушылық қызметі – көпқырлы. Ол жанрлар арасында «кезбе», «көшпелі» және оның шығу төркіні де, жоғарыда атағанымыздай, өте көне замандарға бойлайды. Фольклорлық шығарманың ішкі құрылысын, типологиялық бірізділік пен ұқсастықты айқындауда және ажыратуда мотивтердің ролі ерекше. Себебі ол шығарманың өзге элементтеріне қарағанда өзгерістерге аз ұшырайды, әрі көнелік белгілерді біршама толық сақтай алады және халық шығармаларын айтушылардың есте сақтауына, сөйтіп жүйелі сюжет құрауына жәрдем етеді [4, 276б.]. Сонымен қатар мотивтер жаңа тарихи дәуірге тез бейімделе алатын икемділікке ие. «Фольклорлық мотивтердің бір ерекшелігі,-деп жазады Ш. Ибраев, – шығарманың жанрлық тегі мен дүниеге келген дәуіріне қарамастан «еркін кезіп» жүретіндігі. Бұған қарап мотивтер жаңа дәуірге лайықты мазмұн игеруде «икемсіз» деуге болмайды. Мотивтер жаңа тарихи мазмұнды дәстүрлі машықтармен игеруде айрықша қызмет атқарады» [4, 276б.].

Тарихи аңыздарда жиі кездесетін сарындардың бірі – эпикалық қаһарманның жас күнінде ата-анадан айырылып, жетім өсуі. Атақты тұлғалардың жас күнінде жетімдік күйін шегіп, болмаса елден жыраққа кетіп аңшылықпен, болмаса қарапайым кісілердің қолында малшы болып күн кешіп, кейін өзіне лайықты орынға (таққа) ие болуы – әлемдік фольклорда жиі кездесетін сарын. Бұл мотив - фольклорлық қаһарманның «ерекше балалық шағы» кезеңінің тұрақты бөлігі. Оның басты қызметі эпикалық қаһарманды дәріптеу.

Түркі-моңғол халықтарының көрнекті эпостық жыр-аңыздарындағы Манас, Шыңғыс, Едіге, Жаңғар (Джангар), Көрұғлы сынды атақты қаһарамандар жас шағында жетімдік күйін кешкен. Жетімдік салдарынан жазықсыз құдалауға ұшыраған бұлар кейін еліне оралып атақты батыр немесе билеуші болады. Болашақ ел билеушінің жетімдік зардабын тартқан «ерекше балалық шағы» Батыс Европа елдерінің де фольклорында кездеседі [5, 24с.].

Қазақтың тарихи аңыздарында жетімдік күйін кешкен қаһарман кейіпкерлердің қатары қалың. Мұндай кейіпкерлердің қатарында хан тұқымдары, болашақ батырлар, би-шешен, жыраулар да бар. Әлеуметтік тұрғыдан әр топқа жататын бұлардың жетімдік күйі аңыздарда әр түрлі баяндалады және олар сан алуан өзіндік ерекшеліктері бар сипатқа ие. Ондай ерекшеліктерді былайша анықтап, түстеуге болады:

Аңыздарда жас күнінде жетім қалған қаһармандар балалық шағын кісі қолында, көбіне малшы (жалшы) болса, кей тұста елден жырақ кетіп, айдалада аңшылық құрады, ал кейбір тұста әскери қосын жинап, жорық пен жауынгершілікті кәсіп етеді;

Әлеуметтік тегіне қарай қаһармандардың жетімдігі белгілі бір топтардың ортасында өтеді. Мысалы, жас күнінде жетім қалған хан тұқымы ықпалды билердің қамқорлығында болса (кейде өз ағайыны арасында), болашақ батыр, би, жырау-жыршылар жетімдік кезеңін бай кісілердің немесе ағайындарының қолында өткізеді;

Кісі қолында жүрген жас бала болашақта өзі көтерілер орнына сай белгілерді, қадір-қасиеттерді танытады. Айталық, хан тұқымы өзге жұрттан ерекше асыл қасиетін, бекзаттығы мен мәрттігін танытса, болашақ батыр ерлік іс, ал болашақ шешен кісі тапқырлық танытады. Ал жетім жырау-жыршыларға сөз өнерінің қадір-қасиеті бір тылсым күштердің арқасында дариды.

Жетім қаһарманның бала күнінде малшылық қызметте болуы қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен туындайтын көрініс. Қазақтың өткен тұрмысындағы басты кәсібі – көшпелі мал шаруашылығы. Сондықтан жетім кейіпкер болашақта қандай дәрежеге көтерілетініне қарамастан кісі қолындағы кіріптарлық кезеңін малшылық қызметте өткізеді. Малшылық - қаһарманның бойындағы қадір-қасиетті танытатын сын кезеңнің ең алғашқы, төменгі сатысы. Бірақ бұл сынның да ішкі сатылары бар: кейіпкер алғашқыда мал қой, содан кейін түйе, одан кейін барып жылқы бағады. Қазақ танымында аталмыш түлектердің өз мінезі бар. Айталық, қой түлігі жуас болғандықтан, оны бағу оңай. Халық арасында «Қой аузынан шөп алмайтын момын», «Қонақ қойдан да жуас» деп келетін мақал сөздер қой түлігінің мінезіне байланысты туындаған. Ал ірі қара мал түйе мен жылқыны бағу – қиынырақ. Әсіресе, жылқы малын бағу қайраттылықты, амал-айла, батылдықты қажет етеді. Жылқышы болған қаһарман - батырға тән істерге дайын тұлға. Қазақтың атақты ханы Абылай жас күнінде ата-анадан жетім қалып бірде немере ағасы Әбілмәмбеттің қызметінде жүреді, енді бірде Үйсін Төле биде түйе бағып, кейін Атығай-Қарауыл Даулетбайдың қолында малшы болады. Аңыз оның бұл жолын былайша баяндайды: «Он екі жасар бала күнінде, қасында Оразаулық деген сарт бар, екеуі Түркістан шаһарына келіп, Әбілмәмбет патшаға қызметкерлік қылды. Ол жерде орныгып тұра аламай, Ұлы жүз Үйсін Төле бидің түйесін бағып жүрді. Онда да байырқалап тұра алмады, Сарыарқаға шығып Атығай, Қарауыл деген елдің ішіне келіп, Дәулеткелді байдың жылқысын бақты» [6, 303б.]. Түркі халықтарына ортақ ноғайлы жырларының басты қаһармандарының бірі Едіге батыр әке-шешеден жетім қалып, балалық шағын кісі қолында малшы боп қой бағумен өткізеді .

Жетім қалған қаһарманның күн көріс көзінің бірі – аңшылық. Айталық, қазақ, башқұрт аңыздарының мазмұны бойынша, атақты Шыңғыс қаған жас күнінде елден қуылып, жат өлкеде аңшылықпен күн көреді. Қазақтың алғашқы хан Алаша хан да елден қуылып, айдалада аңшылық құрады. Аңшылық – адамзат баласының

көне кәсіптерінің бірі. Сонымен қатар аң аулау - түркі-моғол халықтарында әскери өнерге машықтану түрі. Аңыз кейіпкерінің жетім күнінде аңшылық құруы – болашақ қаһарманның батырлығын, жаужүректігін дәріптейтін көрініс. Бұл кезеңнен өткен кейіпкерлер болашақта жаужүрек батыр, даңқты даңқты билеуші болады. Мұндай тәсілдің бірі – жетім баланың әскери қосын жинап, жаугершілікпен күн көруі. Аңыздағы аталмыш көркемдік тәсіл түркілердегі көне салт қазақылықтан туындаған. Қазақылық - орта ғасырлардағы түркі халықтарында пайда болған әлеуметтік институт. Бұл институттың негізі – көне ру-тайпалық қоғамдағы ер кісілердің алғашқы әскери қосын құру, әскери демократия кезеңінен бастау алады. Орта ғасырлық жазба еңбектерде «қазақ» атану немес «қазақылық» - қауымдасып, ру болып тұрмыс кешу тіршілігінен бөлек ерекше өмір сүру салтын білдіретін мағынаға ие болғандығын байқатады. Ол тұста «қазақылық» ұғымы ел-жұртынан өз еркімен немесе еріксізден шеттеліп қалған топқа, тіпті жекелеген кісілерге қолданылатын болған.Мысалы, жазба деректер көшпелі Өзбек ұлысының негізін қалаған Шайбан Әбілқайыр хан тағына көтерілгенге шейін өзін қолдаған бір топ әмір-билермен қазақылық өмір кешкенін баяндайды [7, 96]. Сондай-ақ, М-Х Дулатидың жазуынша, Моғолстан хандарының ішінде «шын пейілді мұсылман, отаншыл, іскер және ержүрек» [8, 99] қасиетімен ерекшеленген Уәйіс хан әкенің тағына отырған немере ағасы Шир Мұхаммедпен бақталас болып, кәмелетке толған соң ағасының жанынан кетіп қазақылық салт бойынша өмір сүреді. Оның жанына өздерін батыр (баһадүр) санаған моғол ұлысының жастары қосылады [8, 95]. Атақты Бабыр да біршама уақыт қазақылық етеді.

Қазақылық салттың қаһарманның жетімдік кезеңінен орын алуы тарихи аңыздарда сирек болса да кездеседі. Мысалы, бұл жетім Алашаның іс-әрекетінен көрінеді. Ол өз маңына жиналған үш жүз жігітпен «... Қаратаудан асып, Шу мен Сарысудан көктей өтіп, Майқы бидің айтқан жерлеріне келіп, үйқыны бұзып жылқы алды, күймені бұзып, қыз алды. Көш елді көш жөнекей шапты. Еру елді отырған жерінде шапты. Асулы қазан, тігулі дап-даяр үйге ие болып, орныға бастады. Өз алдына мал малданып, жан жанданып, үйлі-баранды болады» [9, 151б.].

Абылай туралы халық аңыздарының бірінде кедей әке-шешесіден ерте жетім қалған болашақ билеуші бір байдың қызметінде болады. Байдан қорлық көрген жас бала бірнеше рет қашып кетеді. Бірақ бай қашқын баланы ұстап алып, одан сайын қорлығын үдете түседі. Ақыры он бес жасар Абылай елді шабуға келген жігіттердің тобына қосылып, жорық пен жаугершілік өмірді кәсіп етеді Бірнеше сәтті жорықтар жүргізген Абылай өзінің батырлығы мен жаужүректігінің арқасында үлкен байлыққа ие болып, атақты кісіге айналып, хан атанады [10, 257б.].

Аталмыш мысалдар мынадай ойдың шетін қайыруға мүмкіндік береді: тарихи аңыздардағы жетімдік сарыны қаһарманның бейнесін дәріптеу мақсатында көне дәуірлерден бері келе жатқан дәстүрлер мен танымдарды, сондай-ақ шығарманың дүниеге келген уақытындағы шындық белгілерді оқиғаның мазмұнының орайына келтіріп баяндауға көмектеседі.

Жетімдік күй қаһарманның әлеуметтік тегіне қарай да ерекшеленеді. Тарихи аңыздарда жетім қалған хан тұқымы ықпалды билердің қамқорлығында болады. Себебі көшпелі хандық мемлекеттерде билер – нақты ру-тайпалардың басшысы, көсемі. Ру-тайпа – адам ресурсы мен материалдық байлықтың басты көзі. Хандықты құрайтын ру көсемі, дала аристократиясының өкілі ретінде билер – ықпалды саяси күш құрайтын ірі әлеуметтік топ. Ханның таққа отыруы да – рубасы билердің қатысуымен жүзеге асатын саяси құбылыс. Хандық жүйе ру-тайпалардың бірігуінен құралады және ру-тайпалар тараса, хандық билікте жоғалады. Алтын Орда және Моғолстан сынды көшпелі мемлекеттер мен Қазақ хандығына қатысты тарихи жазба дерек көздері билердің хан сайлау ісінде қаншалықты салмағы мен ықпалды күш болғанынан хабар, мағлұмат бере алады. Мысалы, би тарапынан қолдауды Өзбек ұлысында билік құрған Шайбан Әбілқайыр ханның өмірбаянынан да көруге болады. Тұтқынға түскен жас Әбілқайырды маңғыт биі Сары-Шамған өз қамқорлығына алып тәрбиелейді және оның асыл тегін танып, болашақ билеушіге қызмет етеді [7, 142 с].

Алтын Ордада билердің хан сайлауы алғашқыда Шыңғыс хан заманынан бері келе жатқан далалық рубасы билерінің үлкен құрылтайы арқылы өтіп тұрған болса, кейін Өзбек ханның таққа отыруынан бастап ол үлкен құрылтайда емес, хан сарайы ішінде үлкен, ықпалды биліктері бар билердің қолдауымен жүзеге асып отырған. Өзбек, Жәнібек, Бердібек хандар орда ішіндегі билердің ықпалымен, тікелей қолдауымен таққа отырады [11, 145-146с.].

Алтын Орданың билігі үшін Тоқтамыспен соғысқан Едіге би сол Ордаға Шыңғыс тұқымынан өзі қалаған кісіні отырғыза алатын ықпалға ие болады [12, 673с.]. Едігенің ұрпақтары да Дешті-Қыпшақ хандарын сайлауда үлкен беделге ие, ықпалды билерге айналады [13, 90-140с.]. Мысалы, Едіге бидің баласы Уақас Шайбан Әбілқайырды хан көтеріп, тақ жанында үлкен билікке ие болады. «Бұлхаир хан Нура-Дин мырзаның ұлы Уақас бимен шексіз көп достығы бар еді. Олар туралы «бір кесенің бір жағынан бірі әселді ішер еді, екіншісі екінші жағынан ішер еді» дейтін. Араларында көп достығы бар еді. Бір уақыт бірі хан, бірі би болып жүрген еді» [14, 120 б.], – деп жазады «Жами ат-тауарих».

Билердің хан сайлаудағы саяси ықпалы орыс жазба деректеріне де тіркелген. 1490 жылы Ноғай Ордасының ханы Абелектің орыс патшасына жазған хатында оны хан етіп сайлаған Едігенің балалары Уақас, Мұса, Жаңбыршы екені жазылған [15, 37с.].

Моғолстан хандарының тарихы жазылған Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінен де рубасы билердің хан сайлауға ықпалы мол болғанын көруге болады. Тарихшының айтуы бойынша, оның ұлы атасы әмір (би ұғымының баламасы – А.Ә.) Болатшы Моғолстан тағына отырған хандарға көп ықпалы болған кісі. Ол Есенбұғаның сыртқа қуылған тоқалынан туған Тоғылық Темір атты ұлын іздеп тапқызып, Моғолстан

тағына отырғызады [16, 45б.]. «Ел аузындағы әңгімелерде, – деп жазады М. Дулати, – әмір Болатшы болашақ ханды (Тоғылық Темірді-А.Ә.) қалмақтардан он алты жасында алып келген, ол он сегіз жасында хан болған дейді» [16, 55б.]. Әмір Болатшының баласы «өз қолымен алты ханды таққа отырғызған кісі» [16, 94б.] Хұдайдад та Моғолстан хандарын таққа отырғызуға ықпалы зор әмір (би) болған.

Аталмыш тарихи дерек көздеріндегі мағлұматтар мен деректер хан сайлау ісінде рубасы билердің саяси салмағы ерекше зор болғандығын көрсетеді. Осы «салмақ» фольклорлық шығарамаларда, атап айтқанда, тарихи аңыздарда көрініс тапқан. Бірақ аңыздар оны өзіне тән көркемдік белгілер, сипаттар арқылы «түрлендіреді». Сондай түрлендірудің бір жолы – жетім қалған хан баласының жастық жағы ықпалды би кісінің қолында өтуі.

Қазақ аңыздарында даңқты хан болған Алаша, Ораз-Мұхаммед, Кіші жүз ханы Әбілқайыр, Абылай хандар атақты билердің тәрбиесінде болады. Мысалы, Шыңғыстың хан сайлауына қатысқан Үйсін Майқы би қазақтың алғашқы ханы Алашаға қамқор болып, оның хан сайлануына септігін тигізеді. Майқы бидің Алашаға қамқор болып, хан сайлау ісіне араласуы XVIII ғасырдағы Абылай хан туралы аңыздарда қайта жаңғырған. Қазақ даласына сырт өлкеден (Үргеніш, Бұқара, Түркістан) «Қазақ-елім, Сарыарқа -жерім» деп келген жетім Абылайды Үйсін Майқы бидің ұрпағы, Ұлы жүздің биі Үйсін Төле би өз қамқорлығына алып, бала етіп асырайды. Балаға «Сабалақ» деп ат қойып, алдымен түйе, кейін жылқы бақтырады. Би баланы түрлі сыннан өткізіп, асыл тегін сынайды. Қазақ батырлары (Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай) жауға қарсы қол жинап, жорыққа аттанбақ болып Үйсін Төле биден бата сұрауға келгенде, би батырдың қолына Абылайды қосады. Кейін ол бала Үш жүздің ханы атанады.

XVIII ғасырдың I жартысындағы аумалы-төкпелі кезеңде қазақ хандығының саяси тарихында терең әрі көрнекті із қалдырған атақты Әбілқайыр хан жетімдік кешкен жас күнінде атақты Шақшақ Жәнібек батырдың қамқорлығында болады [17, 142б.]. XVIII ғасырда аса ержүректігімен танылған Көкжарлы Барақ сұлтан жастайынан жетім қалып, немере ағасының қойын бағады [18, 7б.]. Жетімдік қазақ тарихи-шежірелік еңбектеріндегі аңыздық баяндарда да айтылады. Мәселен, XVII ғасырдың басында Ресей патшалығының Қасым хандығында билік құрған қазақ хандарының тұқымы, Ондан сұлтан баласы Ораз-Мұхаммед ата мен әкесінен айырылғаннан кейін Көшім ханның қарсыласы Бекболаттың баласы Сейдақ бидің қолында болады [14,123б.].

Халық танымы хан тағына көтерілген тұлғаның саяси өсуіне ықпалды билердің қолында болған фактор елеулі әсер еткен деп таниды. Сондықтан жетім қалған Ораз-Мұхаммед, Әбілқайыр, Абылай, Көжал Барақ сынды атақты тұлғалардың ықпалды билерден тәрбие алуы, олардың қолдауына ие болуы – қалың бұқараға деген қайырымы мен қамқорлығы мол, биліктің патриалхалды-демократиялық сипатын білдіретін көрініс. Халық аңсары мен тілегі билік басындағы ханның тағдырын қара бұқараның тағдырына ұқсас болуын қалайды және билікке өз басының жеке қадір-қасиеті арқылы көтерілген кісінің келгенін көксейді [19, 37с.].

Тарихи аңыздарда қазақтың атақты батырлары да жетімдік зардабын, тауқыметін тартып, шыңдалып өседі. Халық танымында жетімдік көріп өскен батыр – елдің жоғын жоқтайтын қайтпас, қайсар қаһарман. Қазақтың ел қорғаны болған батырларының барлығы дерлік жетімдік тауқыметін татқан тұлғалар. XVI ғасырда өмір сүрген Алшын Жалаңтөс батырдың әкесі Ораз әке-шешеден ерте қалып, етінің тірілігінің арқасында ел аузына ілігіп, Әмір Темірдің бас кеңесшілігіне дейін көтеріледі [20, №38]. Атақты Бәйдібек батыр жаугершілік кезінде үш жасынан әке-шешеден жетім қалады. Ол ағайындарының қолында жүріп өседі, есейе келе Үйсін Шынтас деген байдың жылқысын бағады [21, 17б.]. XVIII ғасырдың басында Қазығұрт өңірінде дүниеге келген Ақпан батыр әкеден жетім қалып, бір байдың түйесін бағады. Болашақ батыр байдың малын ұрлауға келген барымташы топқа қарсылық көрсетіп, батырлық танытады [22, №11].

Жетімдік – қазақ жыраулар-жыршылары мен би-шешендерінің басынан да өтетін тауқымет. Қазаққа «Жерұйық» іздеген Асан Қайғы, XVIII ғасырдың атақты тұлғасы Бұқар жыраулар жасында жетім өседі [23, 6б.]. Саятшы Сәбит аң-құсы мол жер іздеп шығып, хабар-ошарсыз кетеді. Оның баласы баласы Асан жетім өсіп, ержете келе Әз-Жәнібектің ақылгөйі, данышпаны болады.

Ол ханның алдында халықтың мүддесін қорғап, елдің мұң-мұқтажын жоқтайды. Әз-Жәнібекпен келіспей, әкесінің жолын қуып, еліне жайлы қоныс іздейді. Ал жетім өскен Бұқар жырау айбарлы Абылай ханның ақылшысы, кеменгері болып ханға халық атынан қаймықпай сөйлейтін, бұқараның қамын ойлап, қараша кісіні қорғайтын, ойын бүкпесіз ашық айтатын жырау бейнесіне дейін көтеріледі. Мұндай өрлеу жетім өскен би-шешен кісілерге де тән.

Жетім өскен қаһармандар «уақытша кісі қолында жүрген уақытта» болашақтағы лауазымы мен орнына лайық қадір-қасиеттерімен көзге түседі. Бұл орайда хан тұқымында асыл, бекзаттық белгілері бой көрсетсе, батырларда ерлік іс, би-шешендерде дауға араласып, тапқыр шешім табу сынды қасиеттер көрінеді.

Түйіндей келгенде, тарихи аңыздардағы жетімдік сарының қызметі әр түрлі. Ол фольклорлық көркемдік тәсіл ретінде болашақ қаһарманның балалық шағын суреттеуге көмектесіп, ерте жастан тауқымет тартқан кейіпкердің ел жүрегінен орын алған бейнесін сомдайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы.–Алматы: Ғылым, 1984.–272 б.

2 Веселовский А.Н. Историческая поэтика / Вступ. ст. И.К. Горского; Сост. коммент. В.В. Мочаловой. –М.: Высшая школа, 1989. -406 с.

3 Путилов Б.Н. Мотив как сюжето–образующий элемент. –М.: Наука, 1975.

4 Ибраев Ш. Эпос мотивтерінің жіктелу жүйесі //Қазақ фольклорының тарихилығы.–Алматы: Ғылым, 1993.

5 Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение: Восток и Запад –Ленинград: Наука, 1979.-493 с.
6 Мәшһүр Жүсіп. Абылай хан дәуірі. // Абылай хан. / Құраст. С. Дәуітов. –Алматы: Жазушы, 1993.-416 б.
7 Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). –Алма-Ата, Наука, 1969.–636 с.
8 Дулати М. Х.Тарих-и Рашиди.Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2003.-616 б.
9 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 8 том. –Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006.–452 б.
10 История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Народные предания об исторических событиях и выдающихся людях Казахской степи (XIX-XX вв)/ Сост. С.Ф. Мажитова.–Алматы: Дайк-пресс, 2007.-Т. 9.-500 с.
11 Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. –Москва: Наука, 1973.–180б.
12 Гумилев Л.Н.Древняя Русь и Великая степь.–Москва: Мысль, 1989. –764 с.
13 Трепавлов В. В. История Ногайской Орды. –М.: Восточная литература РАН, 2002.–752с.
14 Жалайыри Қ. Шежірелер жинағы. Алматы: Қазақстан, 1997.–128 б.
15 История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков I том. Посольские материалы Русского государства (XV-XVII вв) /. Сост., транск., специальное редактирование текстов, вст. статья, комментарии, составление словников указателей А. Исини. –Алматы: Дайк-Пресс, 2005. –704 с.
16 Дулати М. Х. Тарих-и Рашиди. Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2003.–616 б.
17 Ерофеева И. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Научное издание.-Алматы: Санат, 2002.-336 с.
18 Қайырбаев Т. Көк перілі Көкжал Барақ // Қазақ әдебиеті 1992.- 5-маусым.
19 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. –Ленинград: Наука, 1974,-726 с.
20 Есламғалиұлы М. Жалаңтөс баһадүр.// Егемен Қазақстан. -1996.- №38.
21 Төреқұлов Н, Қазыбеков М. Қазақтың би шешендері. 1-2 кітап. – Алматы: Жалын, 1993.– 400 б.
22 Сүлейменов У., Танабаев Ө. Ақпан батыр// Қазақ батырлары.-2001. -№11.
23 Смирнова Н. Абылай туралы жыр, аңыздар // Қазақ тарихи жырларының мәселелері.–Алматы, Ғылым, 1979.-311 б.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

«АБАЙ ЖОЛЫ» ЖӘНЕ «ӘДІЛ-МАРИЯ» РОМАНДАРЫНДАҒЫ ДРАМАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЗМ МЕН КӨРКЕМДІК

А.С. АҚТАНОВА
ф.ғ.к., доцент, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.
А.Қ. ЖҮНДІБАЕВА
докторант, Қ. Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті

Қазақ әдебиеті тарихындағы орны ерекше роман-эпопея «Абай жолы» десек, біршама уақыт зерттелмей ғалымдар назарына кейін ғана ілінген Шәкәрімнің «Әділ-Мария» романын әлі де жан-жақты қарастыру қажет деп есептейміз. Себебі бір географиялық аймақта мекен ететін адамдардың ішкі жан дүниесін терең саралаған қос туындының өзіндік үндестігі мен ерекшелігі бар.

Шәкәрім мен М.Әуезов шығармаларындағы үндесу бір дәуірде өмір сүрген екі дарынның адамдық әрі, қаламгерлік байланыс негізінде туған. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ халқының бір ғасырға жуық өмірін суреттеген классикалық туынды ретінде бағаланады. Себебі романда суреттелетін оқиғалар мен адамдар арасындағы қарым-қатынас тек бір дәуір адамдары арасында болатын байланыстар емес. Роман кейіпкерлері бастан кешіретін асау сезімдер, өзара тартыстан туатын психологиялық әрекеттер, ішкі жан дүниесінің қоғамдық ортамен байланысқа түсуінен болатын өзгерістердің барлығы да қазіргі адамдардың да бойында кездесетін сипаттар. Шәкәрім мен М.Әуезовтің рухани үндестігі көркемдік-эстетикалық, танымдық және жанрлық қырынан көрінді. Осы орайда Шәкәрімнің «Әділ-Мария» романындағы кейбір суреттеулер мен кейіпер психологиясына байланысты үндесуді «Абай жолынан» да байқаймыз. Қазақ [1]әдебиетіндегі психологизм мәселесі кейінгі кезде зерттеушілер назарына жиі ілінетін мәселе ретінде қаралады. «Әдебиеттегі психологизм – шығарманың эстатикалық әлемін құрайтын кейіпкердің ішкі ойын, толғанысын, рухани күйзелісін терең әрі детальді түрде бейнелеу». Көркем шығармадағы психологизм туралы айтқанда кейіпкер болмысымен қатар автор жан дүниесіндегі әр түрлі психологиялық тебіреністердің де өз ізін қалдыратынын ұмытпау керек.

«Абай жолы» және «Әділ-Мария» романдарындағы кейіпкерлердің қиын тағдырлары, олардың шығармашылық психологиясымен өмір сүру орталары ұқсас болуы және сол кездің қоғамдық-әлеуметтік ортасының психологиялық жағдайларының тартыста болуы, халықтың мәдениеті менен тұрмысындағы ортақ қасиеттер бұл екі шығарманың ұқсастығын негіздейді. Екі романның да, көркемдік-эстетикалық қуаты бүгінгі оқырман талабынан шыға алады. Романдағы ортақ қасиеттер мен ұқсастықтар, екі қаламгердің роман жанрын дамытудағы шеберліктері мәселесі аясында қарастыруға мүмкіндік береді. Екі романның да поэтикалық

құралдары: портрет, пейзаж, монолог пен диалог, авторлық баяндау сияқты көріктеу амалдары өзара үндестік тапқан. Белгілі ғалым Д.С. Лихачев әрбір көркем туындының «психологиялық әлемі» болады дейді Көркем туындының психологиялық әлемі автор дүниетанымы мен кейіпкер болмысынан және кейіпкер әлемін толықтырушы табиғат суреттері, ішкі толғаныстар және басқа образдармен байланысы арқылы көрінеді. Көркем әдебиеттегі психологизм мен психологиялық талдау түрлері туралы әр түрлі көзқарас қалыптасқандығын Т.Н. Рахымжанов өзінің докторлық диссертациясында талдап көрсетеді. Ғалым психологиялық талдаудың аналитикалық және динамикалық принциптерін талдау арқылы қазақ романдарындағы психологизм табиғатын ашады. Көркем әдебиет өнердің ерекше түріне жатады. Ол қоғамдық-әлеуметтік жағдайды, адамның ішкі жан-дүниесін, кейіпкер болмысын, психикалық ерекшеліктерін, көркем сөзбен өрнектейді. Орыс ғалымы А. Иезуитовтың «психологизм біріншіден сөз өнерінің белгісі оның органикалық қасиеті көркемдігінің куәсі»,- дейтіні сондықтан..

М.Әуезовтің «Абай жолы » романы Шәкәрімнің «Әділ-Мариясынан» кеш жазылса да, екі автордың образ сомдау, кейіпкер жан дүниесін ашу, пейзаждық суреттеулер арқылы көркем бейне психологиясын көрсету жағынан үндестік табады.

Шәкәрімнің «Әділ-Мария» романы жиырмасыншы ғасырдың басындағы жаңа көркемдік ізденістер негізінде дүниеге келген туынды ретінде бағаланды. Шәкәрім бұл романды 1925 жылы жазса да, кезінде жарық көрмегені белгілі. Алғаш рет ақынның шығармалар жинағында 1988 жылы басылды. Романның негізгі тақырыбы қазақ халқының рухани-әлеуметтік мәселесіне арналған. Ал, шығарманың жазылған уақыты туралы әдебиет зерттеушілері әр түрлі пікір білдіреді. Қазақ прозасының қалыптасу кезеңін зерттеген А.Ісмақова «Әділ-Мария» романы М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалынан» бұрынырақ жазылған болуы керек деген ой айтады. Шәкәрімтанушы Б.Әбдіғазиұлы : «Біздіңше, роман Шәкәрімнің төңкерістен кейінгі белсенді істерге араласып жүрген кезінен де едәуір кейінірек, өзінің саятқорасында жатып шығармашылықпен айналысқан алаңсыз күндерінде жазылса керек. Олай деуімізге бірінші себеп- жоғарыда келтірілген авторлық дерек болса, екіншіден, роман тәрізді күрделі жанрға қай жазушы болса да тыңғылықты даярлықпен келмек. Романға барар жол жеңіл болмаса керек. Шәкәрімнің шағын прозадағы қадамдары сөз жоқ, «Әділ-Марияға» апарар нәрлі соқпақтар болды.» деп, [3.] роман жазылу уақытына байланысты өз тұжырымын білдіреді. Қазақ қызының еркіндігі мәселесі сол кездегі көптеген шығармаларға арқау болғаны белгілі. Мәселен, М.Дулатов «Бақытсыз Жамал», С. Торайғыров «Қамар сұлу», «Кім жазықты?», Т.Жомартбаев «Қыз көрелік», Ж. Аймауытов «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы», М.Жұмабаев «Шолпанның күнәсі» және т.б. қаламгерлер қазақ қызының тағдыры мен қоғамдық-әлеуметтік ортадағы орны туралы өз туындыларын дүниеге келтірді. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы » роман-эпопеясында да қазақ қызының тағдыры тұрмыстық теңсіздік пен қоғамдық-әлеуметтік орта қалыптастырған қалыбында көрінеді. Сондай-ақ, романда жастардың таза сезіммен тіл табысқан тұстары да әдемі өрнектеліп, роман сюжетінің көркемдігін арттырып тұр.

Шәкәрімнің «Әділ-Мария» романы қазақ роман жанрының қалыптасуындағы жаңа көркемдік әдіс-тәсілдер ізденісі негізінде дүниеге келген шығармалардың бірі. Романдағы тақырыптың көркемдік-идеялық жағынан ашылуындағы философиялық тереңдік пен өмірді бейнелеудегі өзгеше эстетикалық арна сол кездегі заман тынысын дәл басады деуге болады. Сондай-ақ, романда суреттелетін оқиғалар желісі реалистікпен беріліп, шығарма мазмұнында таптық, не рулық тартыс емес, махаббат мәселесіне байланысты басталған драматизм трагизмге ұласады. Автор романда жанды бейнеге айналдырған Шыңғыстау образы үнемі оқиғаны бақылаушы ретінде көрінеді. Шәкәрімнің тауды сырлас ретінде алып оқиғаға араластырып отыруы оған дейінгі проза жанрында болмаған жаңылық. Сондай-ақ, автор болашақта айтылатын махаббат хикаясына емес, сөзді тарих қойнауындағы, ертеде болған оқиғадан бастайды. Бұл ерекше мекеншақтық (хронотоп) басталу – романның тек жастар арасындағы махаббат мәселесін ғана емес, жалпы адамзат адамгершілігі мен пенделігі күресіне негізделетінінен хабардар етіп тұрғандай. Жалпы адам тағдырындағы қайшылықтар мен жер бетінде бақытты өмір сүру формуласы неде деген сұраққа жауап іздеуден туған философиялық астар тау мен автор тұлғасы арасындағы байланыс арқылы көрінеді. Роман экспозициянын өзі-ақ, жер бетінде мекендеген адамдардың өмірлері тартысты жағдайда өтетінін философиялық тереңдікпен береді. Қаншама адам бақытты - бақытсыз болды, қаншама хандар мен ел билеушілер өтті, «ай мен күндей ажарлы сұлу, қыршын жастарды да, арыстан жүректі айнымас батырлары да, әлемнен озған алаяқ, аузынан бал тамған шешен билері» де ауысып жатыр бірақ Шыңғыстау ғана өзгеріссіз. Адамзат трагедиясына да, қуанышына да куәгер тау ғана мәңгілік. Ақын тақырып өзегін осылайша арыдан алып, қарапайым адамдар өміріндегі реалистік шындық арқылы тартысқа толы өмір заңдылығын көркем түрде ашады. Көркем уақыт бір сәтке адамдар үшін тоқтап қалғандай. Автор мен табиғат жеке қалып, адамдар өмірін сыртқы бақылаушы, адамдар әрекетіне баға беруші бейнеге айналады. Қазақ әдебиетінде Шәкәрімге дейін мұндай тәсілді пайдаланған қаламгер болған емес. Қаншама замандар өтсе де, тарих беттері қаншама рет беттелсе де, Шыңғыстау мәңгілік. Автор Шыңғыстау бейнесін символдық кейіпкер ретінде алған. Ғалым Бисенғали Зинол-Ғабден Қабиұлы : «Автор Шыңғыстау қойнауында өткен, өтіп жатқан, өте беретін сансыз уақиғалардың бірін ғана алып, соған мәңгілік өмір, Шыңғыстау, Адамзат тұрғысынан қарайды. Сезімге оранған ой ағысын, тебіренісін көркем образға көшіреді.Шыңғыстауға бағытталған Монолог, диолог, лирикалық шегіністер мен ой толғамдарында философиялық ойлар, образға бөлер түрлі психологиялық, пейзаждық параллельдер, шешендік арнау, толғау, сұрау, көп кездеседі. Ой толғамдары көлемді бейнеге айналады.» -,деп Шәкәрім романының негізгі көтеріп тұрған жүгіне назар аударады. Шығыстың классикалық

әдебиетімен сусындап өскен Шәкәрім қаламына тән бір белгі оның кең тынысты сұлу суреттермен таза реалистік бейнелерді тудыруында. Ақын қаламынан шыққан прозалық шығарманың өзі поэзия болып естіледі. Сөйлем құрылымындағы эпитет, теңеу, метафоралар, қанық түсті бояулар прзалық шығарманы поэзиялық деңгейге көтеріп тұр. Жалпы қазақ түсінігі бойынша көктем мезгілі өмірдің, тіршіліктің символы десек, сол көктемнің Шыңғыстау өңіріне май айында келуі де заңды, шынайы сурет. Шәкәрім осы ерекшелікті май жұлдызына жан бітіре, онымен сырласа отырып, негізгі тартысқа кірісер тұста ұтымды қолданады. Автор тебіренісінде, «әттең» деген сөз қолданысында бір өкінішті оқиғадан, сызы бар ызғарды сезгендей боласың. Автор тұлғасының өз кейіпкерлерімен біріге, тұтаса өмір кешетінін ескерсек, Әділ мен Марияның трагедиялы тағдырлары ақынның өзіне де оңай тимесі анық. «Абай жолы » романындағы Қодар мен Қамқа оқиғасына байланысты суреттегі табиғаттың мамыражай, бейбіт бейнесі екі мұңдыққа ешқандай қауіптен хабар бермегендей тыныш. Бірақ оқиғаның барысын анық білетін автор үшін қандай тыныш табиғатты суреттеп отырса да, кейіпкерлеріне деген қимастық сезімін білдіріп қалмау мүмкін емес. Мысылы: «Жарқыраған май күні бір түрлі боп нұрланып, тамылжып тұр. Аспанда ұсақ қана ақ мамық бұлттар қалқиды. Айналадағы жазық пен төбекшіктің бәрі де алқара көл. Аласа, тықыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған. Қызғалдақ, жауқазын, сарғалдақ, бәйшешек дегендер қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды. Гулеп ұшқан көбелектей көп бояулы, неше алуан...

Бөктер желі таңертең, әрдайым, Шыңғыс аса соғатын қоңыр салқын күйінде. Қазір де күн қызуын жеңілдетіп, майда қоңыр лептей үріп тұр. Бірақ бұл жарастық, бұл жастық кімдер үшін?

Әлдекімнің рахаты, әлдекімдердің қызығы, сайраны үшін болар. Жалғыз-ақ мынау екі қаралылар үшін ол жоққа тән.

Бұлардың алдында, кішккене көк төмпешік үстінде,құбыла жақтағы серек тасы шошайған жалғыз жас бейбіт қана тұр. Көздері де, көңілдері де сонда.

Дүниенің көктемі Құтжанның былтыр ғана осындай кезде, күліп жайнап жүрген аман шағын, сау шағын еске түсіреді. Еске түсіреді де, тағы да толқып келген құсамен басады. Жүрек басынан запыран, зәр төгілгендей болады.

Қодар батыр денелі, алпысқа жаңа кірген, бурыл қарт еді. Жалғыздық пен осы қаралылық иықтан баспаса, өмірдің мұны мойытар өзге күш жоқтай.

Ол жасында найзагер батыр болған. Осы жасына шейін өз қасиетін жоятын жаман аттан да аулақ.

Жуан кім, көп кім, бақ масы есер, кім? Ешбірін де ол білмейтін. Өз өмірі, өз үй ішімен, өз айранын ішіп күн кешетін.

Үйден шығып, әлдебір сөзге, сыпсыңға да араласпаушы еді. Сондықтан алысты қойып, ағайын ішінде де бұны білетін жан аз. Өзі де аз ғана Борсақтан, Бөкеншіден басқа жұртты танымайтын.

Соңғы алты ай ішінде, барлық жалын атқан қайғысы-жалғыз баласы Құтжан жайы. » «Бірақ бұл жарастық, бұл жастық кімдер үшін?» - деген жолдар Шәкәрімнің «Әділ-Мариядағы» «әттең» деген өкінішімен сай. Екі қаламгердің ішкі авторлық мұңы, кейіпкер тағдырына деген алаңдаушылық берілген.

Шәкәрім романда сомдаған образдардың ішіндегі ерекше орында тұрған табиғат суреттері: Шыңғыстау, ай және май айының бейнесі. Сондай-ақ, романдағы ерекше бейнелердің қатарында автор тұлғасын да алуға болады. Автор сырттан баяндаушы емес, тікелей оқиғаға араласушы бейне. Олай дейтініміз романдағы барлық тартысты оқиғалардың басы-қасында болып, бәрінен хабардар Шыңғыстаумен байланысқа түсіп отыратын да автор. Автор бейнесінің тасада қалмайтыны Шыңғыстаумен байланыстылығында. Ол өзі тау тұлғаға айналған. Романның басынан бастап табиғат пен адамдар тіршілігі қатар өріледі. Автор жастардың трагедиялық тағдырын мәңгілік өмір мәселесімен ұштастырады. Мәңгілік өмір иесі – Шыңғыстау. Шыңғыстау образы арқылы ақын табиғат пен адам арасындағы мәңгілік байланыс, мәңгілік қозғалыс бейнесін терең философиялықпен береді. «Романның осындай философиялық сипатын танытатын ең негізгі көркемдік құрал – ойшыл Шәкәрім сомдаған Шыңғыстау образы. Әрбір оқиға тұсында қайрылып, сырласып отыру арқылы Шәкәрім осынау романтикалық бейнені халықтық даналықтың, табиғат-ана сыйлайтын ұлылық пен парасаттылықтың образы дәрежесіне көтереді. Түптеп келгенде, Шыңғыстау сол төңіректе бұрын-соңды өткен, өтіп жатқан, жалғаса беретін тіршілік процессінің куәгері ғана емес, Шәкәрім ұсынатын адамгершілік, гуманистік идеалдардың биік тұлғасы. Ол уақыттың куәгерінен гөрі әділ төрешісіне көбірек ұқсайды.»- деген [3.] пікірмен қосыла отырып, Шәкәрім сомдаған мәңгілік табиғат, мәңгілік өмір бейнесі бұрын соңды қазақ әдебиетінде болмаған құбылыс деуге болады. Табиғат суреті арқылы кейіпкер жан дүниесіндегі тебіреністі, толғанысты білдіру жалпы көркем әдебиеттегі бір тәсіл десек, Шәкәрім мен М. Әуезов бұл тәсілдің жаңа қырын ашты. Екі қаламгер табиғаттың мәңгіліктігін, адамның оның бір бөлшегі екенін терең философиялықпен өзгеше формада бере білді. «Абай жолы» романындағы басты кейіпкер Абай бейнесінің асқақ тұстарын ашуда М.Әуезов табиғат суреттеріне жүгінеді. Жас Абайдың қаладан ауылға қайту сәтіндегі туған жерге сағынышы оның балалық психологиясына сай, әрі болашақ ойшыл ақын табиғатына, мінез ерекшелігіне байланысты алынған. Роман тілі де ерекше басында табиғат суреті жүйелі түрде баяндалып отырса, соңына таман қарпайым баяндау арқылы беріледі. Әсіресе шеберлікпен суреттелетін пейзаж, адам мінездерінің психологиялық қырлары, әр түрлі жағдайлардағы портреттік суреттер және адамдар арасындағы қарым-қатынас. Қазақ тұрмысының реалистік бейнесі табиғат суреті мен адамдар тіршілігіндегі тұрмыс-салттық әрекеттер арқылы көрінеді. Мысалы, «Қосақты қойды сауған қатындар қойды ағытып, арқанды шумақтап жатқанда, арты ағытылғанша кезеңнен қозылар да шулап қоя берді. Қозы баққан жалаң аяқ балалар ат қосқан керешіше қозыларды жанай жүгіріп, жіңішке даусымен қикулап келеді.

Ауылдан шыққан жалаңаш балалар да құлағына басын басып-басып алып, қозының, қойдың, шулаған даусын біресе ашық, біресе күңгірт естіп, «у-у» дегізіп, санға өзін-өзі шапалақтап бір салып, қозының алдына қарай жөнелді.

Шеткі қоңыр үйден шыққан қартаң адам таяғын алып, дөңге шығып,жамырап жайылған қойдың алдынан «шайт-шайт» деп түр»- деген жолдар қазақ ауылының шынайы суретін береді. Әсерісе, жанды бейнеге айналдырып тұрған мал шуының оған қосылып асыр салып жүгірген балалардың дауыстары қазақ ұғымына сай нақтылы шыққан. Сондай-ақ, шеткі үйден шыққан қартаң адамның да «Шайт-шайт»деп дауыстап тұруы, алдындағы суреттерді дамытып, көз алдымызда пайда болған жанды картинаның шынайылығын көрсетеді. Табиғат пен етене өмір сүретін қазақ ауылының өзіне ғана тән дыбысы белгілі бір музыка, әнге ұқсап естіледі. Қазақ ауылының бұл суреттері Абайдың «Жаз» өлеңіндегі табиғат пен адам бірлігіне негізделген тсұлулықты елестеткендей. Абайдың «Жаз » өлеңінде де табиғат суреті қазақы тірліктің барлық сұлулығымен астасып, көркем әрі шынайы түрде беріледі. Мұнда да қазақ аулының деталь белгісі қарт бейнесінде көрінеді:

Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен.:
«Малыңды ары қайыр »деп
Малшыларға қаққылдап. [93]

Шәкәрім табиғат пен ауыл тірлігін суреттей отырып, қазақ тіршілігіне мән беріп ойлантуға шақырғандай. Романның басынан бастап қазақ ауылының тынымсыз тіршілігі, көз алдымызда көркем көрініс болып өтеді. Май айының жылу шуағына қуанған ауыл адамдары, жан-жануарлары, барлығы да алаңсыз, пәк өмірден алынған көріністер. Шығарманың басты оқиғасы «Әділ мен Марияның» махаббат хикаясы, романдағы қоғамдық әлеуметтік психология тарихи шындық, қоғам өміріндегі өзгерістер, барлығы да осы екі қаһарманның айналасына топтасады. Бірақ Шәкәрім сол қоғамдағы бай мен кедей, теңсіздік мәселесін екінші планда қалдырып отырады. Себебі, ақын басты мәселе етіп адамдардың ішкі жан дүниесі мен рухани - психологиялық әрекеттерін білдіруді нысана етеді. Шәкәрім шығармашылығына тән таптық жікке бөлінбеу романның өн бойынан көрінеді. Еркінбектің озбырлық әрекеті оның байдың баласы, болыстың баласы ретінде емес, адамгершілігі төмен, жаны құлдырауға түскен адам ретінде алынады. Еркінбек озбырлығы Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі Ақан мінезіндегі озбырлықпен сәйкес келетіндей. Екі кейіпкер де басқа біреудің тағдырына мән бермейтін, өз дегеніне қол жеткізуді ғана ойлайтын нағыз жаны құлдырауға түскен адамдар. Еркінбек мінезіндегі өрескел озбырлық «Абай жолындағы» Құнанбайды арқаланып ауыл-аймаққа бүйідей тиетін Майбасар, Тәкежан, Әзімбай және тағы басқаларының мінез әрекеттерімен сай келеді.

Жалпы қазақ әдебиетінде біреудің некелі жарын тартып алу, зорлық көрсету сирек кездесетін құбылыс. Шәкәрім Әділ мен Марияның арасына түсетін Еркінбек те, Шешенбай да, Төребек те авторлық позициямен айыпталады. Шығармадағы драмалық тартыстың психологиялық тереңдікпен, өріліп келіп трагизмге ұласуы Әділ мен Марияның жастайынан бір бірімен атастырылып қойғанымен бір бірін шынайы сүйетіндігімен және екеуіне қолдау жасайтын адал достары мен, ағайындарының бар болуы оқиғаның шиеленісін нығайтады. Себебі, екі жастың қосылуына ешқандай бөгет жоқ. Бір қарағанда ауыл тірлігі, табиғат, мамыражай бейбіт қалыпта. Осы мамыражай тірліктің шырқын бұзатын топ көршілес ауылдағы, қымызға тойып, еріккен жігіттердің әңгімелерінен басталады. Бірақ, Шәкәрім оқырманын ынтықтырып алса да, бұл топты бұзық әрекетке бірден қоспайды, тек табиғаттың май айының, мамыражай тірлігін суреттей отырып, әттең «май жұлдыз-ай» деп өкінішті оқиға болатынын таятып қояды. Шығарманың психологиялық әсері де, күші де осында. Автор оқиғаға сырттай араласа отырып, драмалық жағдайдың шиеленіскен сәттерін дәл басып береді. Роман оқиғасындағы мекеншақтық ұғымдар табиғат суретімен кейіпкерлердің психологиясымен астаса келіп, бірін-бірі дамытып отырады. Белгілі ғалым Б.Майтанов: «Әділ-Марияның» екі түрлі өзгешелігі айдай анық. Бірі - композициялық жүйедегі пейзаж қызметінің ауқымы, екінші диалог формасын пьеса үлгісіндей алу. Дилогта оқиға дамыту рәсімінен, кейбір мінездер сырының мол хабар болса, табиғат дидары жазушының көкейкесті эмоционалдық әсері мен жан толғаныстарын қоса ашатын, психологиялық бейнелеу тәсіліне айналады» - дейді [2]

Табиғаттағы ай да, Шыңғыстау да екі жастың алғашқы кездесулеріне бөгет болмауға тырысып бағады. Автор ай бейнесіндегі ұялу, қысылу әрекетін суреттеу арқылы Марияның да толқыған сәтіндегі суретін дәл берген. Табиғат пен адам бір бейнеге айналғандай.

Шешенбайдың сұрқиялығы «Ақбілек» романындағы Мұқыш әрекетіндей. Мұқыш бір кезде кеткен «өшін» алу үшін Ақбілекті зарлатып ақтың офицерлеріне шығарып берсе, Шешенбай адал некелі адамдардың арасына от салып, мал үшін бай баласының қасында болуы үшін Марияның бағын байлайды. Шешенбай құлығы мен айлакерлігі роман оқиғасының шиелене түсуіне әкеледі. Еркімбек еріккен бай баласы. Ол үшін Марияның көңілі де, адам ретіндегі сезімі де түк емес. Басында сұлу қыз болса болды деген позициядағы Еркінбекті қайтсем де Марияны аламын деуге апарған құрғақ даңғойлық пен көрсеқызарлық трагедиялық оқиғаға себеп болады. Еркінбек дүлей долылығы роман соңындағы Марияның кеудесіне қанжар салып өлтіруінен айқын көрінеді.

Шәкәрім романында екі жастың кездесу сәті мен араларындағы махаббат реалистік тұрғыда суреттеледі, әрі оқиға жылдам дамып өз мәресіне тез жетеді. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Абай мен Тоғжанның бір біріне деген сүйіспеншіліктері асқақ, әрі романтикалық деуге болады. Сүйіндік үйінде Тоғжанды алғаш көрген сәтінен қол жетпес арманындай биіктеткен Абай бейнесі Әйгерімді кездестіргенде де сондай романтикалық арна табады. Әйгерімнің өзі оған Тоғжан бейнесін елестетеді. Бұл да жазушы шеберлігі мен оқиға құруындағы өзіндік ерекшелігін айқындамақ.

ӘДЕБИЕТТЕР
1 Литературная энцеклопедия терминов и понятий. М., НПК. Интелвак. 2003.С.1594
2 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау.-алматы: Санат. 1996. -336б. / 24 бетте
3 Б. Әбдіғазиұлы. «Шәкәрім әлемі», Алматы, «Раритет», 2008. 303 бет

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ НҰРПЕЙІС БАЙҒАНИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

А.С. АҚТАНОВА
ф.ғ.к., доцент, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.
А. ҚҰСАЙНОВА
студент, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтанбасы бар ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы – адам баласын ізгілікке, өнерге, білімге жетелейтіні сөзсіз. Ол өз кезінде халықтың ауыз әдебиетін сусындап өскен, барынша мол әдебиетіміздегі мұраларды жинап, қағаз бетіне түсірген. Филология ғылымдарының кандидаты Сәрсенбі Дәуітұлы ақынымызды «Халықтың маржан тілін қадірлеген» деп баға бергені де орынды. Міне, ақынның көрегендігі мен жаңашырлығы бүгінгі таңда бізге мұра болып жеткен фольклордың озық үлгілерімен таныстырып отыр. «Мәшһүр Жүсіптің көне мұраны жинаудағы еңбегі XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау мен Көтеш, Абай, Үлбике, Күдері қожа, Жанақ ақынның, т.б. сақталған жыр, толғауларын атауға болады. Бұқардан қалған сөз маржанын Мәшһүрге дейін хатқа тұтас түсіруші болмаған». [1, 175] Ақынымыздың өз тірі кезінде талай жырларды жатқа білумен қатар, оларға баға беріп, сын тұрғысынан талдап отырған. «Мәшһүр Жүсіптің әдеби мұра жинауындағы бір ерекшелігі – ескі сөздердің қалпын бұзбай дұрыс жазып, жыр нұсқаларының табиғи көне түрін мол сақтауы, ол халықтың жай-күйін, түрлі аңыз-ертектерін жетік білетін құйма құлақ ақын – жырлаушылардың сарқыны бар кезде жинап үлгерген. Мәшһүрдің жинаушы ретіндегі еңбегінің құндылығы да осында». [2, 40] Мәшһүр Жүсіп Көпеев сөз саптауындағы ақындығымен өз замынның алды болды. Шығармашылық бастауларына ықпал еткен Абайдың өлеңдері мен қара сөздері де ақынымызға үлкен әсер еткені даусыз. Себебі, екі ақынның шығармашылығындағы үндестік – тура жолдан таймау, адами қасиеттерге баулу екенін аңғарамыз. Филология ғылымының докторы, профессор Қуандық Мәшһүр Жүсіп «Қазақ тілі мен әдебиет» журналындағы 2005 жылғы №10 санында басылған «Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік» мақаласында: «Абайдың да, Мәшһүр Жүсіптің де өз кезіндегі зиянды әдеттерді түйрей сынағаны мәлім» дей келіп, нақты мысалдармен дәлелдеп, «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ ақындарының біріндегі ойды екіншілерді дамытып, дәстүр сабақтастығын берік ұстанғаның көрсетеді» деп ой тұжырымдайды.[3, 3] Ақын ұстазы Абайды оқып қана қоймай, терең зерттеу үстінде болды. «»Дала уәлаятының газетінде» 1889 жылғы желтоқсанның 1-інде жарияланған «Баянтаудан хабар: Абай творчествосы туралы мәлімет» деген мақаласында Абай шығармашылығы туралы өз ойларын ортаға салады » және «өз жазбаларында Абай туралы «бұл – біздің соңғы пайғамбарымыз» деп жоғары баға береді ».[4, 404] Бұл пікірді Әбділдә Тәжібаевта мақұлдайды: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев дегенді білмейтін қазақ зиялыларында жан жоқ. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан, ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды. Ақындығын да өзіне мұрат етті»[5, 15]

Дәстүршілдіктің жалғасы ретінде Нұрпейіс Байғаниннің шығармашылығын атап кеткеніміз жөн. Нұрпейіс Байғанин өз кезінде импровизациямен жыр толғап, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы секілді халық ауыз әдебиетін сусындап, оларды барныша насихаттап отырған. Екі ақынның да «жыршы» атануына негіз болған себебі құнарлы халық ауыз әдебиетіндегі жыр толғауларды жіті білгендіктері. Айырмашылығы төкпе ақын Нұрпейіс «Қобыланды», «Құбығұл», «Алпамыс» (үзінді) , «Төрехан» т.б. жырларды ауызша таратып, өз шәкіртеріне аманат етіп тапсырған. Десе де ақынның көптеген жырлары қағаз бетіне түспеген деген мәліметтер баршылық. Мәселен, ««Нұрпейіс «Ер Тарғынды», «Қыз Жібекті», «Айман-Шолпанды» т.б. көп жырларды айтты деген деректер болғанымен ол жырлар кезінде жазып алынбаған. Әрине, дарынды ақпа-төкпе ақынның, даңқты жыраудың халық жырларын көп білуі, оларды ұзақ жылдар бойы өзі айтып қана қоймай, көптеген шәкірттеріне үйретіп тапсыруы ғажап емес. Бұған ақынның өз сөзі үлкен дәлел: «Суырыпсалма ақынның өлеңі аққан дария сияқты ғой, өзеннің ағысын ұстап бола ма, біздің өлеңдеріміз де сол сияқты ағады, кетеді, айтқан кезімізде тақ етпізіп жазып алмаса, ойдан бір шыққан өлең енді қайтып ақынға соқпайды». [6,10] Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы қағаз бетіне түсіп, бүгінгі ұрпаққа жеткені мәлім. Ол 9 жасында топ арасынан суырылып шығып, «Төрт жігіттің өлеңі», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпостарын жатқа толғайды. «Өмірбаян» өлеңінде өзінің «Мәшһүр» атанғаны жайлы былай дейді:

Бес жаста «бісміллә» айтып жаздым хатты,
Бұл дүние жастай маған тиді қатты.
Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,
Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр» атты.[5, 4]

Енді екі ақынның ұқсас шығармаларын талдайық. Біз алып отырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Алтынбас» ертегісі мен Нұрпейіс Байғаниннің «Құбығұл» дастанын салыстыру барысында, ұлттық төл әдебиетіміздегі эпостық жырлардан бастау алатын элементер мен қатар ақындардың өз қиялымен біте қайнасып шыққан бейнелерді көреміз. Мәселен, «Алтынбас» ертегісіндегі басты кейіпкер Алтынбас батыр, Күмісаяқ жары болса, қалмақ жауы Жайсаң, «Құбығұл» дастанындағы Құбығұл батыр мен жары Ақбілектің образдары ұқсас. Сюжеттің басталуына назар салсақ, екі шығарма жыр толғау түрінде берілген. Екі батырдың әкесі жас кезінде халқына аты шыққан хан болған. Екеуі де өмірінің соңына дейін ұрпақ сүюді армандайды. Нұрпейіс Байғанин әр кейіпкерге есім беріп, өз тарапынан сюжет қосады. Кейіпкерлер қатарына Уәли хан, Қаныш әйелі, Бабатүкті әулие, Әділбай - Ақбілектің әкесі, Құла Құбығұлдың жылқысы, Қарасбек батыр мен Әділбек батыр – қалмақ жауы, Маман би – қалмақтар арасынан шыққан би, Қаракүң – Ақбілек пен Құбығұлды қосқан махаббат жаршысы. Негізінде Құбығұл шығармасы ел аузында сақталып келген аңыз негізінде жасалды. ««Құбығұлда» кіршіксіз таза махаббат, берік достық, әділеттік пен ерлік дәріптелген. «Құбығұл» жырының бірнеше варианты бар. Соның ішінде мазмұн жағынан тартымды, көркемділігі жағынан да биік тұрғаны осы Нұрпейіс жырлаған варианты. Жыр мазмұны аңызға құралғанымен, «Құбығұлда» ежелгі дәстүрлі батырлық жырына тән қасиеттің бәрі де бар». [6, 12] Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармасында тек басты үш кейіпкерге есім беріледі, қалған кейіпкерлерді Алтынбастының әкесі, анасы және Күмісаяқтың анасы, әкесі деп атап өтеді. Екі шығармадығы бала сүю зары былай басталады:

«Алтынбастыдағы» Ханның күйі:

Кедей көп болған жанды жақты дейді,
Жеткенше алпыс жасқа бала болмай,
Бір-бірлеп жетпіс қатын алды дейді.
Құдайдың көрсеткенін көрді дейді,
Көңіліне жақсы ниет кірді дейді,
Көрмеді жетпісінен жалғыз перзент,
Жетпіс қатын бәрі де өлді дейді.[7, 138]

«Құбығұлда» Уәли ханның қайғысын:

Тап жетпіске жас жетті,
Жастағы дәуір-бақ кетті,
Баласы жоқ «ку бас» хан –
Жайылып жүртқа ат кетті...[6, 304]

Екі ханның берекесі кеткен соң бүкіл малын кедейлерге таратып, ел безіп қаңғырып кетеді. «Алтынбастыда» 80-ге келген әкесі 7 руға мал шашып, кейін 80 жастағы кейін кемпірді кездестіреді. Кемпірдінде баласы болмай 70 байға шыққаны жайлы айта келіп, екеуінің халал некемен бас қосып 9 ай, 9 сағат болғанда ұл табады. Ал «Құбығұлда» әкесі Уәли 9 ай дүние аралап қаңғырады. Бабатүкті әулиеден перзент сүюді тілейді. Түсінде әулие тілегін қабыл алғандығын, есімін Құбығұл қоюды аманат етеді. Қазақ ертегілеріне тән аруаққа сыйыну құбылысын осы дастанда айқын көреміз. Енді бір ұқсас мотивтердің бірі екі батырдың түс көруі. Түс көру арқылы жалпы қазақ ертегілері мен дастандарында өз ғашығын табу жиі кездеседі. Мәселен, «Қобыланды», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» т.б. туындыларындағы түс көру сарынының алатын орны ерекше. Дәл осындай құбылыс екі шығарманың ұқсастығы болып табылады. «Алтынбастыда»:

Алтынбас бір күні үйде ұйықтап жатса,
Түсіне Күмісаяқ кірді дейді.
-Алтынбас сегіз оғың атамысың,
Күнәға жас басыңнан батамысың.
Құдайым әуел баста қосты бізді,
Үйінде маған келмей жатамысың...

«Құбығұлда»:

Хан баласы сен едің,
Ханның қызы мен едім,
Сен болдың менің керегім.
Сен онда да, мен мұнда
Түсінде аян берейін:
Ғашық болдым, Құбығұл,
Дидарласып бас қосып,
Бір қосылсам деп едім.

Осылай түс көру арқылы болашақты болжау мотифі мифтік құбылысқа тән екендігін көреміз.
«Алтынбастыда»:

-Әй, әке, рұқсат бер енді маған,
Ұйқы ұйықтап, күн көре алман мен тамақ жеп.
Пайғамбар бұрынғы өткен Мұса дейді,
Кім сарғаймас басқа күн туса дейді.

«Құбығұлда»:

-Ата-ана, тілің алмаймын,
Он сан үйлі халыққа
Атымның ізін салмаймын.
Ақбілектей аруды
Тіпті іздемей қалмаймын.

Кейін екі батырда ата-аналарының қарсылығына қарамастан алыс сапарға аттанады. Бұндай құбылыс қазақ әдеби ертегілеріндегі «фэнтази» жанрына алғаш болып қалам тартқан Таупиық Рымжановтың «Күн перзенттері» ертегісінде де жалғасады. Мәселен, «Түн ортасы ауа дем алуға қисайған Өлмес ана-мынаны қиялдап жатып ұйықтап кетті. Түс көрді. Табиғаттың саялы құшағында жатып кргең түсі керемет еді... сонша болмайды, мұнарадан ақ торғынға малынған бір сұлу қыз шығып, өзіне қарай қалқып келе жатады. «Ел менің Ай Астындағы Айбарша сұлу деп атайды» деп сықылықтап күліп, Өлместі бетінен шоп еткізіп сүйіп алады».[8, 248] Яғни халық ауыз әдебитін сусындап өскен екі ақынның шығармаларындағы ұқсастық Таупиық Рымжановтың ертегі-хикаяттарына да әсері еткені сөзсіз. Ол туралы Таупиықтың шығармашылығын зерттеген Серік Әбілқасымұлы : «Бұрын Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіптер сөз еткен ұлттық діни дүниетаным мен алаштық ұстаным Т. Рымжанов тарпынан «ішкі шайтанға» айналып, проза тілімен кестеленеді».[9, 19] Келесі сюжеттің дамуы алыс жол сапарға шығумен байланысты. Екі батырда көп айшылық жолға шығар алдында өзіне жүйрік ат іздейді. Алтынбастыда жылқыны сарыала деп анықтама береді де нақты есімін айтпайды. Ал Құбығұлда жылқыны батыр зеректікпен таңдап ақыры өзіне ұнатқан көрі Құланды таңдайды. Ортақ сюжет екі жылқыға тіл бітуі. Әрине бұндай ұқсатықтар «Ер Төстік», «Алтын сақа» сынды халық ауыз әдебиет ертегілерінен білеміз. Алыс сапар барысында түрлі қиындықтарға тап болу барысында қарияның көмегі екі шығармада кездеседі. Алтынбастыда 300 жастағы қарияның ақылына сүйенсек:

-Ей, жігіт, сабырлық қыл бір аллаға,
Жетерсң мойныңа алсаң, бір мын жылда.
Жеріне жығылармын жетсе аяқ.
Жөнелді рұқсат алып,
Дүниені шыр айналған бұл бір саяқ.

Ал Құбығұлда 7 басты айдаһарды өлтіріп, кейін ағысы қатты судан өту қаупіне жылқысы өзім өткізем деп су шетіне шыққанда құлап қалады. Батырдың зарына ақсақал келіп ақыл қосады:

Қорғаушы бабаң мен едім,
Мен тілекші шалң - дейді.
Құйрығынан тұлпардың
Бір тал қыл жұлып ал, - дейді.

Ақыры Ақбілектің әкесі Әділбайдың еліне мүсәпір болып барып, қозы бақ деп кеңес береді. Сюжеттің шарықтау шегіне қыздардың әкелері қарсы болып соғыс ашуы. Алтынбастыда Күмісаяқтың әкесі алғашқысында батырды жақтырмай зынданға тастайды. Күмісаяқтың ағасы оны қанша ұрса да, қайнағаны ұрмаймын деп жатып алады. Кейін әкесінің көңілінен шыққан Алтынбастыны қалмақта соғыс кезінде тұтқын болып қалған баласын аман-есен алып келуін тапсырады. Ал Құбығұлда біраз өзгеше. Себебі автор өз атынан Қаракүн кейіпкерін қосады. «Жырдағы үлкен ұнамды образдың бірі Қаракүн образы. Бұл мұндай батырлық жырларында аз кездесетін жаңа образ десе болғандай. Екі ғашыққа өлгенше тілектес болып жүретін «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» Айбас сияқты, Құбығұлды өзі көргеннен-ақ оны Ақбілекке лайық жар көреді». [6, 12] Шығарманың шарықтау шегіне қос батырдың жаумен күресуі. Алтынбасты қалмақ еліндегі жаумен айқасып, ақыры қайын ағасын ертіп алып еліне аман есен оралады. Ал Нұрпейіс Байғанин шығармасында Құбығұл жары Ақбілекпен өз еліне қашпақшы болғанда әкесі біліп, Әділбек пен Қарасбек батырмен жекпе жекке шығарады. Батыр екеуін жеңіп, ақыры Әділбектен бата сұрайды. Ақбілектің әкесін қалмақ елінен шыққан Маман би тоқтатпақ болса да Әділбек қос ғашыққа теріс бата береді. Кейін екеуі жол жүрер сапарында су түбіндегі айдаһарды кездестіріп, ол Ақбілектіні жұтып қояды. Құбығұлды жебеп жүретін ақсақал келіп батырға қол ұшын береді. Сюжеттің аяғы екі батырда еліне аман-есен оралып өз армандарына жетеді.

Шығарманың желісіндегі ұқсас мотифтер мифтік сарында жазылған. Десе де қос шығарманың тілі мен стилі жағы әрине екі түрлі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаысында 11-12 бунаққа негізделсе, Нұрпейіс Байғанин шығармасындағы бунақ саны 8-9 және «Құбфғұл» дастаны көлемді болып табылады. Сонымен қатар «Алтынбастыда» исламдық белгілер басмырақ. Мәселен, Мұса пайғамбар, намазға жығылу, Аллаға құлшылық ету сынды тіркестерді кездестіруге болады. Ал «Құбығұлда» көбіне аруаққа сыйыну, яғни сопылық басым. Біз білетін Мәшһүр Жүсіп Көһпейұлы діндар адам болған. Алғаш сауатын ауыл молдасынан дәріс алғандығы жайлы өз өлеңдерінде де атап кеткен. «Ойшылдың дүниетанымы мен философиясының негізгі қайнары ислам философиясы және шығармашылығының қайнар нәрі Құран-кәрім, хадис, шариат. Оның діни философиясында Алла, нәпсі, инсани-камил, ақиқат, фана, о дүние, жұмақ, тозақ, күнә, пенде, періште, ғашықтық, махаббат, әулие, шариат, сопылық т.б. ұғымдар негізгі өзекті құрайды. Мәшһүрдің діни-философиялық көзқарастарының түпкі тамыры – Алла тағала, оның расулы Мұхамед (с.ғ.с.)» [10, 182]. Сол себепті ақынның кейбір шығармаларын жарыққа шығуына кедергі жасалды. Мәселен, «патша үкіметі құлап, орнына кеңес үкіметі орнаған жылдарда да М. Ж. Көпейұлы шығармаларына ұлтшылдық, пантүркистік, панисламшілік, діншілдік айыптар тағылды.

Мектеп пен жоғары оқу орындарында оқытылмады. Шығармаларынан үзінділер газет-журналдарда өте сирек жарияланғаны болмаса, кітаптары мүлде басылым көрмей жатты. Яғни Көпейұлы мұрасын танып білуге кедергі қойылды» [11, 314]. Ұлтымыздың ұлылығын жырлайтын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары еліміз тәуелсіздік алғаннан бері зерттеліп, бүгінгі ұрпаққа халық ауыз әдебиетінен мол мағлұмат алуға жағдай жасалып отыр. Себебі ақынның бізге қалдырған шығармаларында оқырманды ұлттық сана-сезімге, өз халқының тарихына, мәдениеті мен дәстүріне деген сүйіспеншілікке баулыйды. «Тәлімгер ақынның «Адамның білгіш, өнерлі болуына әуелі ата-ананың жақсылығы себеп» деген тұжырымы баланың өмірде өз орнын тауып, болмысын толық аша білуіне жауапты ең бірінші ата-анасы екендігін меңзейді».[12, 75] Дәл осы екі шығарманың басты идеясы да сол атадан балаға мирас болып қалған батырлар жырының бір көрінісі. Екі шығармада ұрпақ сабақтастығы, яғни бала сүю арманынан басталып, махаббат жолындағы айқаста түрлі кедергілерге тап болып, ақыры мақсаттарына жетіп өмір сүруі. Міне, дала философиясы. Ата-ананың ақ батасына бөленген жастардың ғашық жырындағы қазақтың қасиетті сандарын кездестіруге болады. 3, 7, 9 сандарын киелі, қасиетті деп, ауыз әдебиетінде көбірек ұшырасатынын білеміз. Жалпы түркі халықтарында, соның ішінде қазақ халқында үш саны қасиетті болып есептелінеді. Мысалы: Үш көз:

Су анасы – бұлақ, жол анасы – тұяқ, сөз анасы – құлақ.
Үш тоқтам: Ақыл – арқан, ой – өріс, адам – қазық.
Үш тағылым: мейірім – сауап, жақсылықтан шарапат, жамандықтан кесапат.
Үш жүз: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз.

Қазақтардың таным-түсінігінде жеті санының алар орны ерекше. Жеті қазына – қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы философиялық түсініктердің бірі. Қазақ халқы Жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, оның ұғымына мыналарды жатқызады: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қанды ауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездік. Ер жігіттің жүйрік аты – қанаты. Құмай тазысы – абыройын асырар сенімді серігі. Мылтығы – қаһарлы оты. Қақпаны – серті, ауы – әдіс-айласы, кездігі – сұсы. Халық Жеті қазынаны өмір қажетіне негіз етіп таратқан. Қазақ халқының Жеті қазынаны «жеті ырыс» деп атауының да мәні осында жатыр. Халықтар түсінігі бойынша қателіктер мен кемшіліктер бірлестігі. Тоғыз санының қасиетіне тоқталсақ, ана құрсағында нәресте тоғыз ай, тоғыз күн өсіп жетіледі. Бұл сан – адамның ғұмырында пайда болып, жарық дүниеге келетінге дейінгі уақыт өлшемі. Тоғыз саны өмірге адам әкеледі. Ол үш үштіктен құралған. Көшпенділер тоғыз санын болмыстың шыңы деп санаған, олардың салт-дәстүрлері мен наным-сенімдерінде тоғыз саны қасиетті болып есептелінген. Тоғыз санының негізгі мағынасы – «ұзақ өмір». Қасиетті сандар арқылы тәрбие берген салт-дәстүрімізді сол қалпында сақтап қалу мақсатында екі ақында шығармаларында арқау еткенін көреміз. Рухани мәдениеттің адамзат үшін берер азығы айырықша мол Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Нұрпейіс Байғаниннің шығармалары зертеліп, сараланса нұр үстінен нұр болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Құрст. Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. – Алматы. «Алматы кітап баспасы.», 2012 ж. -384 б.

2 Қапесова Т.Н. М.Ж. Көпеев – ірі фольклорист// Шетел тілін оқыту әдістемесі.-2007 ж. №2

3 Қуандық Мәшһүр Жүсіп «Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік» // «Қазақ тілі мен әдебиет» 2005 ж. №10

4 Абай. Энциклопедия. «Атамұра» баспасы. Алматы – 1995 ж. 720 бет

5 Көпеев М. Ж. Таңдамалы. Екі томдық. 1-т.-Алматы: Ғылым, 1990 ж. -273 б.

6 Байғанин Н. Таңдамалы шығармалар: Өлеңдер, толғаулар, дастандар.-Алматы:Жазушы, 1991. – 400 бет.

7 Көпеев М.Ж. Екі томдық. 2-т. – Алматы, Ғылым, 1992, 224 б.

8 Рымжанов Т. Ертегі – хикаяттар. 1 том. -390 бет. Алматы. 2010 ж.

9 Серік Әбілқасымұлы «Таупық Рымжановтың ертегілер әлемі» 2012 ж. «Семей печать»

10 Кулумжанов Н.М. М.Ж. Көпеевтің діни-философиялық көзқарастары// Қазақстан Жоғары мектебі – 2011 ж. №3

11 Айдарова А. М.Ж. Көпейұлының діни шығармаларындағы ер адамға қатысты сөз өрнектері//Ұлт Тағлымы-2008. №4

12 Мақишева Г. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы педагогикалық және психологиялық көзқарастар // Ұлағат. -2007. №3

ӘОЖ 882.151.212.2

ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПАТТЫҢ АҚПАРАТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Е. АСАНБАЕВА
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
Қ.С. ЕРҒАЛИЕВ
ф.ғ.к., доцент, ғылыми жетекші

Публицистикалық тақырыпат – мақала мәтінінен бұрын орналасып, оның мазмұнына ишара ететін күрделі құрылым. Мақаланың оқылу-оқылмауы осы құрылымға тікелей байланысты. Себебі ғылыми зерттеулер көрсеткендей, реципиенттердің 80%-ы газет не журналды оқыған кезде, тек ондағы мақала атауларына көз жүгіртіп, одан кейін бірақ өзіне қызықты көрінгендерін зер сала оқиды. Осыған байланысты журналистикадағы тақырыпаттардың ролі арта түсіп, тілшілер өз мақалаларына атау беру ісіне ерекше ден қояды.

Кез келген шығарма атауы оның мазмұнымен тығыз ара қатынаста, екеуінің арасында мағыналық байланыс бар. Публицистикалық мақала атауы да бұл заңдылықтан алыстай алмайды. Қайта өзге шығармаларға қарағанда, публицистикалық мақала тақырыпатына жүктелетін міндеттер бірнеше есе салмақты. Ондай міндеттерге ақпараттылық яки мазмұндылық, мақала мәтінімен сәйкестік және көркемдік бейнелілік жатады. Және осылардың соңғысы тілшілердің өз шығармаларына оқырман назарын мейлінше көп аударып, оны оқуға еліктіру тілегімен кейін пайда болған талап болса, алғашқы екеуі, әсіресе тақырыпаттың мазмұндылығы, публицистика алғаш дами бастаған кезден-ақ мақала атауы жауап беруі тиіс міндет саналады. Бұл туралы орыс жазушысы әрі тарихшысы Н.А.Ульянов былай деген: «Тақырыпат мақала мазмұнын дұрыс ашпағандықтан, шын мәнінде мазмұны қызықты болатын мақала өз оқырманын таба алмай жатады» [1]. Сонымен, мазмұндылық – оқырман назарын нақты мақалаға аударуда тақырыпаттың маңызды қыры екендігімен келіспеу мүмкін емес.

Кез келген тақырыпат қандай да бір деңгейдегі ақпараттылыққа ие. Мақала атауының мазмұндылығы тақырыпатта баяндалатын оқиғаға байланысты емес, мақала мәтініндегі осы оқиға туралы айтылған ақпаратқа байланысты анықталады.

Ақпараттылық түсінігі (ақпарат түсінігіне қарағанда) мәтінде айтылатын фактілермен, сондай-ақ адресаттпен де өзара байланысты. Яғни мақала атауының ақпараттылығы ұғымына мәтінде сөз етілетін оқиғалардың тақырыпатта көрініс табуы ғана емес, сонымен қатар әрбір жеке оқырман өзінің біліміне байланысты қабылдайтын ақпарат көлемі де жатады. Әрине, әр адресаттың бастапқы білімі әр түрлі. Сол себепті журналистикада мақаланың атауы реципиенттердің орташа ақпараттылық деңгейіне негізделе отырып құрылады. Ақпаратқа қарағанда тақырыпат ақпараттылығы нақты адресанттың мәтіннен ала алатын ақпарат көлемін білдіреді.

Мақала атуының мазмұндылық деңгейі де әр түрлі болады. Бұл тікелей тілшінің өзіне байланысты. Егер тілші екпінді тек ақпараттылыққа түсіргісі келсе, ол өз шығармасындағы «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» мақала атауы ретінде ұсынып, оқырманның оны қабылдауын жеңілдетеді. Бірақ журналист мақала атауына ақпараттылықпен қатар басқа да бір міндетті (мысалы, бағалаушы) жүктегісі келсе, бұл әрекет тақырыпат мазмұндылығына әсер етпей қоймады. Енді осыған жекелей тоқталайық.

Орыс зерттеушісі Э. А. Лазарева өзінің «Заголовок в газете» еңбегінде атап көрсеткендей, тақырыпатта мәтіннің мағыналық құрылымының қандай да бір бөлімі: тезис, негізгі идея, фондық ақпарат, баяндалатын оқиғаға деген аналитикалық баға – көрініс табуы мүмкін [2].

Аталған мәтін элементтерінің тақырыпатта қалай көрініс табатындығына байланысты тақырыпат атауларын толық ақпаратты және толымсыз ақпаратты деп бөліге болады.

Толық ақпаратты тақырыпатта мәтіннің қандай да бір мағыналық бөлімі мейлінше кең қамтылады да, толымсызда оның мағынасы тиісті деңгейде ашылмайды.

Толық ақпаратты тақырыпат мәтіннің мағыналық құрылымының белгілі бір элементінен хабар береді. Ол барлық мәтіннің тақырыбы, негізгі идеясы немесе осы идеяны өрбітуші қандай да бір тезис болуы мүмкін.

Кейде мақала атауында бір мезетте бірнеше мағыналық элемент көрініс табатын кездер болады. Ондай мақала атауларын *кешенді тақырыпаттар* деп бөлген жөн. Аталған тақырыпаттардың мазмұндылығы әлдеқайда жоғары, мәтінмен байланысы да сан алуан. Мақала атауы мағыналық құрылымның екі бөлімінен хабардар етуінің қарапайым әрі қазақ тілді баспасөз беттерінде жиі кездесетін мысалы – бір-бірімен «немесе», «яки», «болмаса» деген сынды шылаулармен байланысқан екі бөлімнен құралған тақырыпаттар. Мысалы: «*Үш есімді иеленген батыр немесе Сыдық қалай Садық, Сыздық атанды?*» (Айғақ.- 26.05.2010), «*Дене шынықпай, ми дамымайды болмаса педофилия төңірегіндегі әңгіме*» (Ақиқат.- 2012.- № 7), «*Африка ренессансы немесе қара құрлықтың айы оңынан туар күн жақын*» (З-Қ.- 08.05.1998).

Толық ақпаратты тақырыпаттардың басты ерекшелігі – оқырман оны оқи салысымен-ақ мақала не жайлы хабардар ететінін анықтай алады. Ал бейнелілік тұрғысынан қарайтын болсақ, толық ақпаратты тақырыпаттар газет (журнал) тақырыпат жүйесінің бейтарап бөлімі кейпін ұстанады да, олардың аясында басқа экспрессивті мақала атаулары көзге анағұрлым айшықты түседі. Мысал үшін келесі тақырыпаттарға назар аударайық: «*Бас прокуратура дипломаттарға қатысты іс қозгады*» (ЕҚ. – 17.10.2013) және «*Дипломат-саудагерлер*» (ЖА. – 17.10.2013). Екі мақала да бір күні баспа бетін көрген, бір оқиға, нақтылай түссек, Қазақстанның Франкфурттегі (Германия) бас консулы Ахат Алпысбаев пен оның көмекшісі темекі контрабандасымен айналысқаны үшін тұтқындалғаны жайлы сөз етеді. Айырмашылығы – алғашқысында тілші ақпараттылыққа көбірек «салмақ» түсірсе, екіншісінде автор мақалаға атау беру кезінде осындай тосын қолданыс арқылы тақырыпаттың экспрессивтілігін арттырып, соның негізінде мазмұндылық пен бейнелілікті қатар алғанда, басымдықты екіншісіне берген.

Толымсыз ақпаратты тақырыпаттарға келсек, олар мақаланың мағыналық құрылымының қандай да бір бөлімінен хабардар етсе де, мұны жарым-жартылай ғана іске асырады. Яғни осындай мақала атауына тап болған реципиент оны оқығаннан кейін, мақала мазмұны жайлы алғашқы түсінігі түспалды түрде қалыптасады да, ақпараттылық «көріністі» толық көріп, қорытынды ой шығару үшін ол мақала мәтініне жүгінуі керек болады. Айталық, «*Қару қалай берілген?*» (ЕҚ.– 30.05.2013) мақаласы. Оқырман мақала атауына алғаш көзі түскенде, онда мәселе қару жайлы, оның түспалды түрде қандай да бір азаматқа заңсыз берілгендігі туралы екендігін топшылайды-делік. Бірақ бұл тек болжам екендігін түсініп, өзінің ойы оң-теріс екендігін анықтау үшін мақаланы толық оқиды. Сонда ғана автор Оңтүстік Қазақстан облысында полицияның жүйке аурулары диспансерінде тіркеуде тұрған он тоғыз адамға қару алып жүруге рұқсат бергендігін сынай айтқандығына көз жеткізеді. Бұл ретте тілші риторикалық сұрақ түрінде құрастырған тақырыпаттың ақпараттылығы толық болмаса да, есесіне экспрессивтілігі айтарлықтай жоғары, соның негізінде оған деген оқырман қызығушылығы да бірқыдыру.

Тағы бір мысалды қарастырып көрейік: *««Болмайды, жаман болады!» немесе кей ырым-тыйымдардың мәні*» (ЖА. – 10.11.2009) және «*Жаман болады!*» (СС.-11.08.2012). Екі мақала да бір тақырыпта, қазақ халқының ырымдары мен тыйым сөздері жайлы, жазылған. Алғашқысының бірінші бөлімі мен екінші тақырыпат бірдей десе де болады. Егер бірінші мақала атауы сондай қалыпта ұсынылған болса, екеуін де толымсыз ақпараттыға жатқызар едік, алайда алғашқысында автор мақалаға кешенді атау құрастырып, бірінші бөлімінде хабардың «бетін» сәл-пәл ғана ашса да, екінші бөлім арқылы оны толықтырып, оқырманның қабылдауын жеңілдеткен. Сөйтіп, реципиент бұл мақала қазақ халқында бұрыннан келе жатқан ырым-тыйымдар жайлы сөз ететіндігін бірден аңғарады да, өзіне қызықты көрінсе, оны толық оқиды, жоқ болса мақаланы кейінге шегереді. Ал екінші, «Жаман болады!» атты мақалаға келер болсақ, оны оқыған адресат толымсыз ақпаратты тақырыпатқа тап болып, ол не жайлы екендігін ойша тұжырымдай бастайды, мақала атауының мұндай экспрессивтілігін ескерсек, оқырман оны толық оқиды деген ықтималдық жоғары екендігі айтпаса да түсінікті.

Көзіміз жеткендей, мұндай тақырыпаттар ақпараттылық тұрғыдан «осалдау» болса да, оқырман назарын аударуда айтарлықтай маңызға ие. Сол себепті қазіргі газет беттерінде толық ақпараттыға қарағанда, толымсыз ақпаратты тақырыпаттар жиі кездеседі.

Толымсыз ақпаратты тақырыпаттар бір бағытты (мәтіннің мағыналық құрылымының бір ғана элементімен байланысты) және кешенді де болуы мүмкін. Мысалы, «*Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде немесе тағы бір меморандумға қол қойылды*» (Айғақ.- 24.11.2012) мақаласында да, «*Байлықтың басы – денсаулық*» (Түркістан – 13.12.2012) мақаласында да Оңтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасы және Израильдің “Шиба” медициналық орталығы денсаулық сақтау қорымен бірлескен медициналық ғылыми-зерттеу қоғамы арасында үш жылдық меморандумға қол қойылғандығы жайлы сөз етіледі. Алғашқысы – кешенді де, соңғысы – бір бағытты тақырыпат (негізгі идеядан хабардар етеді). Бірақ екеуі де толымсыз ақпаратты. Әрине, салыстырмалы түрде біріншісі мазмұндылық тұрғыдан әлдеқайда салмақты, дей тұрғанмен оның бірінші бөлімі негізгі ойға жалпы сипаттама береді де, екінші бөлімі оқырман көзін нақты ақпаратқа жақындатады. Алайда бұл тақырыпат реципиентті мақала мазмұнынан толық хабардар етпейді: оқырман санасында «қандай меморандум?», «қайда?», «кім қол қойды?» деген сынды сан алуан сауалдар орын алады. Сөйтіп, олардың жауабын табу үшін оқырманның мақаланы толық оқудан басқа амалы қалмайды.

Осылайша, публицистикалық тақырыпатқа қойылатын басты талаптардың бірі, ақпараттылықтың өзі, мақала атауында сан алуан кейіпте, әр түрлі деңгейде орын алатындығына, бұл мәселе тілшінің алдына қандай мақсат қоятындығына байланысты екендігіне көз жеткізіп отырмыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Блисковский З.Д. Муки заголовка. – Москва: Книга, 1981
2 Лазарева Э. А. Заголовок в газете. – Свердловск, 1989.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

ШӘКӘРІМ МЕН МӘШҺҮР-ЖҮСІПТІҢ МЫСАЛ, МҰҢ (ЭЛЕГИЯ) ӨЛЕҢДЕРІ

М.Н. БАРАТОВА
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Қ.Е. АБУШАХМАНОВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Еуропалық жанр үлгілері дегенде, ең алдымен назарымызды мысал өлеңдерге аударғымыз келеді. «Мысал – әдебиеттің көне түрі, сонымен қоса дүние жүзі әдебиеттерінде кең тараған жанр. Мысалдың көне нұсқасы әр халықтың әдебиетінде кездеседі, яғни алғаш мысал түрлерін шығарушы халықтың өзі болды деген сөз» [46, 105 б.], – дейді Т. Қожакеев «Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» деген еңбегінде. Аристотель

дәуірінен бастау алып, көбіне философтар көңіл аударған, кейін Г. Э. Лессинг, В. Перри, А. Потебня, М. Н. Гаспаров т.б. еңбектерінде көрініс тапқан мысалдардың бағыты – ғибраттық-философиялық мазмұн болған. Осы бағыт «рационалды бағыт» деп аталған. Бұл бағытты ұстанған ғалымдар: «Мысалдың басты табиғатын айқындайтын фактор – ғибрат, ол мақал-мәтелдермен тікелей байланысты қалыптасты, мысал – адам қоғамының даму сатысының жемісі», – деп жазыпты Т. Шаңбаев. Екінші – романтикалық бағыт. Романтикалық бағытты ғалымдар: «Мысалдың басты факторы әңгімелеу және кейіпкерлердің аң мен құстан болуы» деп, миф пен мысалдарды теңестіреді. Я. Грим «миф – жануарлар туралы ертегі-мысал» деген эволюциялық даму концепциясын ұстанған, негізінен жанрдың шығу тегіне аса зор көңіл бөлген дей келіп, А. Хаусрат, И. Левин, Е. А. Костюхин т.б. фольклортанушы ғалымдар еңбектерінде қолдау тапқан бұл бағыт мысалдың фольклорлық кезеңіне немесе халық мысалына арнайы түрде, мысалдың өткен шағына көп тоқталып, жануарлар эпосының басқа жанрлармен типологиялық туыстығына назар аударады. Мысалдардың психологиялық, эстетикалық әсер ету қасиетіне көп көңіл бөлген Л. Выготскийдің психологиялық-эстетикалық бағыты. Бұл орайда Ежелгі грек мысалшысы Эзоп, француз Ж. Лафонтен, неміс Х. Геллерт, ағылшын Томас Мур, орыс мысалшылары: В. Тредиаковский, А. Кантемир, А. Сумарков, И. А. Крылов т.б. Қазақ мысалшылары А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Б. Өтетілеуов, С. Көбеев, А. Байтұрсынұлы, М-Ж. Көпеев т.б. атап өтуге болады. С. Көбеев – 37, Б. Өтетілеуов – 12 мысал аударған. Абай аудармалары Крылов мысалымен түпнұсқасымен көбіне дәл келеді. С. Көбеевтің 8 мысалы қара сөз үлгісінде баяндалған. А. Байтұрсыновтың аудармаларында желі сақталғанымен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын мән-мазмұнына байланысты жаңа ойлар айтылады.

Мысал – қоғамдағы келеңсіздіктерді, адамның мінез-құлықтарын сынап, көрсетіп берудің бірден-бір ұтымды жолы. Сондықтан ел тағдырына бейғам қарамайтын Шәкәрім мен Мәшһүр-Жүсіп те осы лирикалық жанрда біраз қалам тербеген. Шәкәрімнің «Бояулы суыр» атты мысалы бір жағынан юморға толы. Қысқаша фабуласы: бір суыр иттен қашып жүріп, бояуға толы шелекке түсіп кетіп, жүні әр түрлі түске боялып қалады. Мұны ол өзінше жорып, «Мен қасиетті құс – Тауыспын» дейді. Бірақ өзге суырлар сенбей, ұшам дегенде, суға түсіп, батып кетеді. Өзге мысалдардағыдай ақын соңында өзінің қорытынды сөзін айтады:

Жігіттер, бұл суырды қылма мазақ,
Осыдан естілерің болады аз-ақ.
Бояуды да бағым деп күн өткізіп,
Қол жетпеске ұмтылған кейбір қазақ [52, 120 б.].

Яғни, ақын қолына аз ғана билік түссе, соған маңғазданып, елін, халқын ұмытып, мардымсып кететін кейбір адамдарды сынға алып отыр. Бақ, дәулет, мансап, байлық – қолдың кірі, бояу сияқты, көпке шыдамай, бір күні жоқ болар деген ой да айтады. Қанша биік дәрежеде болсаң да қарапайым бол, халқыңмен бол деген идея тастайды. Ал «Ақылшы торғай» мысалы ақылға толы. Бір адам торғайды ұстап алғанда, ол «мені жібер, мен саған ақыл айтам» дейді. Сонда ол:

Торғай айтты: – Әрқашан аңдағайсың,
Орынсыз өтірікке нанбағайсың.
Ойланбай алдау сөзге сене көрме,
Тегінде шынның сөзін қамадағайсың.
Торғай тұрып айтады тамға қонып:
– Өткен іске өкінбе ыза болып.
Кеткен қайтып келмейді кейігенмен,
Құр жүдейсің ішіңе қайғы толып [52, 122-123 б.], –

дейді. Сонда адамнан ұшып кеткенде, ол жылап, сақалын жұлады. Торғай «жаңағы айтқан ақылдарымды неге ұмыттың, оларды әр уақыт еске сақтағайсың» деп ұшып кетеді. Ал үшінші ақыл сөзін айтпай кетеді. Ақын «Соны тап, есті болсаң, ойға түсіп», – деп, соңында жұмбақтайды. Торғай аузынан айтылған сөз, яғни, «ешкімге сенбе, өткен іске қапаланба» деген ой ақынның өзінің еліне, жұртына айтпақ ақыл-кеңесі еді. Бір жағынан әсерлі, бір жағынан қонымды, қызықты болсын деген оймен мысал етіп жазған. Ақынның тағы «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Қаншыр мен бөдене», «Епті тышқан» секілді мысал өлеңдері де бар.

Мәшһүр-Жүсіп те қазақ мысал жанрының қалыптасуына, қазақ ұғымына лайықтап қайта өңдеп, жырлауында кейде шығыс мысалынан қосып, өзінікі сияқты жырлауы басқаға ұқсамайтын қыры болып табылады. Ә. А. Тұрышев өзінің еңбегінде Мәшһүр-Жүсіптің мысал жанрын 3-ке бөледі:

1) мысал – аңыз үлгілері: «Қаршығаны мақтағаны», «Бозторғай», «Киік», «Лашын мен қарға», «Шайтанның саудасы», «Тырна мен қасқыр», «Жыл он екі ай» т.б.;

2) айтыс мысалдары: «Сүлеймен мен Байғыз», «Мәшһүр-Жүсіптің ала қарғамен айтысы», «Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысы», «Мәшһүр-Жүсіптің шабдар атпен айтысы»;

3) тұспал мысалдары: «Соқыр, саңырау, жалаңаш», «Нәпсі аждаһа», «Толқын», «Күндіз бен түннің айырмасы». Барлығын 19 деп көрсеткен. Ақынның «Қасқыр мен тырна» мысалын сөз еткен. Ол мысал И. Крылов пен А. Байтұрсынов та да бар. М. Ж. Көпейұлында кейбір өзгешіліктері де жоқ емес. Ақын:

Керек істі көрмейді өз басына,
Соқыр деп салдым соны сөз басына.

Дәнемені өз көзі көрмеген соң,
Жұқтырар соқырлығын жолдасына [53, 24 б.].

Ақын айтып отырған соқырлар көзі көрмейтін соқыр емес, көкірегі соқыр, рухани соқыр адамдар еді. Жалпы, «соқыр» сөзіне қатысты ф.ғ.д, Қ. Мәшһүр-Жүсіптің монографиясында көп айтылған. Ақынның «Сәйгелді, сона, бөгелек» өлеңі де мысал өлең қатарына жатады. Шығармада сәйгелді, сона, бөгелектің сөзіне сеніп, олардан қандай залал тиерін ойламаған сиыр, түйе, жылқының зардап шеккен тұстары нақты бейнеленген. Осылай тұспалдау арқылы қазақтың еріншектік, босқа жүрушілік, құр жай жалтырағанға қызығушылық мінездерін сынаған:

Қазақтың Хаққа мағлұм, білімі азы,
Арсалаң, әр қоянды қуған қазы.
Сәйгелді қуған сиыр сықылданып,
Жүреді шапқыласып қысы-жазы.
Болады: киім киіп, белін буған,
Өнерден қазақ қолды ерте жуған.
Далаға, қалаға да шапқылайды,
Түйедей тайраңдасып сона қуған.
Көз салып қарамайды төңірекке,
Талап қып ұмтылмайды не керекке.
Шұлғып, қалғып қалады, басын изеп,
Тас болған жылқыдай боп бөгелекке [53, 275 б.].

Сәйгелді, сона, бөгелекті ел қанаушы билеушілер ал сиыр, түйе, жылқыны сол қаналушы жұрт, яғни қазақ халқы деп тұспалдап отыр. Ақын осы ойын түрлі көркемдеуіш құралдар арқылы жеткізіп отыр. Мәселен, молданың дүмшелілігін, ақымақтығын көбелекке, қазақтың білімінің аздығын, құр босқа жүрушілігін сәйгелді қуған сиырға, өнерсіз, талпынусыз жүрген халқын сона қуып, шапқылаған түйеге, жаңалыққа ұмтылмай, «қалғып» отырған елін бөгелекке шұлғып отырған жылқыға балайды. «Өнері жоқ» дегенді ақын «өнерден таза, ада», өнер атаулыны жуып-шайып тастады деген мағынада қолданылған «өнерден қолды ерте жуған» деген авторлық тың тұрақты тіркес арқылы береді.

Еуропа, ал нақтырақ грек әдебиетіндегі лириканың бір түрі – элегия. Элегия (грек. elegeia – жоқтау әні) – ойлы, мұңға толы, қаралы характерде жазылған музыкалық пьеса. Ежелгі Грекия мен Римде әр түрлі тақырыптағы элегиялар туып, алғашқыда олар лирикалық, сатиралық және жауынгерлік сипатта болды. Кейінірек мұң аралас лирика, ән-толғау түріндегі музыкалық туындылар ғана элегиялар деп аталды. Ислам дінінің енуімен бірге төл әдебиетіміздегі сыйыну мәнді жырлар ислами реңкке ие болып, «Аллаға мінәжат» ұғымының аясына топтасты. Әлем әдебиетінің ежелгі нұсқаларында жиі кездесетін гимндер де мадақ пен мінәжаттың біріккен түрі әрі алғашқы бастау-көрінісі болып табылады. Сондықтан кез келген ұлт әдебиетіндегі мінәжаттың даму жолы сол әдебиеттің алғашқы үлгілерінен бастау алып, бүкіл өн бойына созылып жатқан құбылыс десек, қателеспейміз. Ал жазба әдебиеттің біртұтас, тұлғаланған ретіндегі мінәжаттың шығу төркіні исламдық араб поэзиясынан бастау алады. Басқа да бірқатар шығыстық жанрлар секілді исламдық мазмұндағы мінәжат түркі жазба әдебиетіне парсы поэзиясы арқылы сатылай енген. Әдебиеттанушы И. Жеменей парсы әдебиетінде «мінәжат» сөзінің бес түрлі мағынасы бар екендігін көрсетеді:

1) бірәумен сырласу, сыбырласу;
2) Алламен сырласу;
3) бірәудің ішкі ойын ұғыну;
4) сырласу;
5) Алладан тілеу. Айта кету керек, қазіргі татар әдебиетінде халықтық мұң-шер өлеңдерінің үлкен бөлігі жалбарыну мәнді болмаса да, Алла атына айтылмаса да мінәжат жанрының туындылары ретінде қарастырылады [47, 93 б.]. Мұндай өлеңдер қатарына дүниенің өткіншілігі мен алдамшылығын, айырылысудың ащы зарын өзек еткен мұңдасу сипатты туындылар және салауаттар мен хикаяттарды қамтитын діни мазмұнды жырлар жатады. Татар әдебиеттанушылары осындай жүйелеу әдісін негіз ете отырып, бірқатар зерттеулерді дүниеге келтірді. Классикалық араб поэзиясын зерттеген көрнекті шығыстанушы Б. Я. Шидфар жанрлар жүйесінде белгілі бір иерархия байқалатынын айқындап, оларды «жоғарғы жанр», «орта жанр», «төменгі жанр» аталатын топтарға бөлген болатын. Осы бағыттағы ізденістерді дамыта отырып, әдебиеттанушы А. Шарипов 13-14 ғасырлардағы түркі-татар поэзиясы негізінде жоғары, орта және төменгі рангалы жанрларға анықтама беріп, саралап көрсетеді. Зерттеуші мінәжатты жоғары рангалы жанрға жатқызады: «Жанры высокого ранга – это поэтическая публицистика, т.е. произведения, направленные на самые высокие идеалы и на высокие цели. К этим жанрам относятся: таухид, касыда (особенно касыда-нагт, посвященная пророку Мухаммеду), мунаджат (где поэт обращается к Богу, просит у Всевышнего помилования), мадхия и марсия [18, с. 54]». Төл әдебиетіміздегі мінәжат жанрының қалыптасу, даму жолдарын егжей-тегжейлі қарастыруды жазба әдебиеттің ертеректегі нұсқаларынан бастаған жөн.

Шәкәрімнің «Өлген көңіл, ындынсыз өмір» атты өлеңі – осы жанрдағы туындының бірі. Ақын табиғаттың, елдің бір қуанышты өмірінің көрінісін беру арқылы оған қарама-қарсы өзінің халін суреттейді, яғни конрастты қолданады.

Көшейін деп қыбырлап,
Ел қыстаудан қозғалды.

Жаралы жүрек жыбырлап,
Жазылмай жалғыз сол қалды.
Қыз-бозбала бір бөлек,
Әзілдесіп, дуласты.
Өліп қалған сұм жүрек,
Оятсам да тұрмас-ты.
Тоң еріді, қар кетіп,
Жан-жануар балбырап.
Қайғылы көңіл тырп етіп,
Қабағын ашпас салбырап.
Қатып қалған желіннен,
Қаймағы бар бал шықты.
Қайғылы біздің көңілден,
Қайғырған сайын қан шықты.
Жанған оттай жалындап,
Жайлауға қарай ел көшті.
Жанбақ түгіл жабырқап,
Жаралы жүрек қайта өшті [52, 88 б.].

Көріп отырғанымыздай, ақын контрастты мейлінше шебер пайдаланған. Қыс бітіп, ел қыстаудан жайлауға көшіп барады, оның көңілділігі соншалық – жанған оттай көшіп барады. Әзілдескен қыз-бозбалалар, қар еріп, жан-жануар, табиғат оянуда, бәрі де көңілді, ал оған қарама-қарсы ақын көңілі қайғылы. Жүрек жай жүрек емес, «сұм», «жаралы» жүрек, ол жанданып, тіпті «өліп қалған», «оятса да тұрмайды». Көңіл де солай жанданған: «қабағын да аша алмайды». Осыншалық шуаққа, мейірімге толы елдің өмірі, табиғат – бәрі ол жүректі «оята алмайды», ол «қайта өшеді». Ол – ақынның қайғысының зор, ауыр екендігінің бір көрінісі. Міне, Шәкәрім бейнелеуіш құралдарды керемет әрі орынды қолданып, батыс әдебиеті үлгісіндегі жанрдың түрі – элегияның керемет үлгісін жасаған. Ақынның өзге элегия өлеңдері: «Өзіме», «Қош» т.б.

Мәшһүр-Жүсіп туындыларындағы мұң әйтеуір зәр төгу үшін емес, отарланған аз халықтың тағдырына алаң болудан лирикалық қаһарманда туған күрделі сезімді мұң мен қиналу, үміт пен торығуды қабат арқалауға бағындырылған:

Алды-арты дүиенің – қараңғы түн,
Үміт бар болар деген бір жарық күн.
Құр босқа текке айғайлап, зорықпайын,
Жаяудан шаң шықпайды, жалғыздан – үн.
...Таусылып гүл, көмір болып кетесің бе?
Бықсумен, қайран күнім, өтесің бе?
Бақ құсы, айналайын, қонбай басқа,
Табанға тапталып-ақ кетесің бе?
...Дауысы бар тастан аққан бұлақтың да,
Маңыраса, үні зарлы лақтың да.
Қалайын, қалсам өзім айдалада,
Болсын да сөзім сырға құлақтыға [54, 163-164 б.].

Ақын елдің сол тұстағы өмірін қараңғы түнге балайды, жарқын болашақты «жарық күн» дейді. «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» деген Абайға ұқсап, «жаяудан үн шықпайды, босқа зорықпайын» деп, өзінің жалғыз екендігін көрсетеді. Ақын өзінің мұңлы халіне салып, «тастан аққан бұлақтың да, маңыраған лақтың да зарлы үні бар» деп, паралеллизм арқылы сипаттайды. Ал ақылды, есті, сөзді ұғар адам дегенді ақын «құлақты» метанимиясымен көрсетеді. «Құлаққа – алтын сырға» мәтелін өзгеше етіп, «болсын сырға құлақтыға» деп қолданады. Яғни, біз жоғарыда Шәкәрімнің элегиясында табиғат, қоршаған орта мен лирикалық қаһарман көңілі арасындағы қарама-қарсылықты, контрасттық суретті байқасақ, Мәшһүр-Жүсіпте керісінше, табиғат, айнала бәрі де лирикалық қаһарманмен қосылып мұңлы, зарлы күйге ауысқан. Бұл екі ақынның өзіндік стильдерін, бейне, сезімді сипаттаудағы ерекшеліктерін аңғартады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қожакеев Т. Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері. – Алматы : Қазақ университеті, 1993. – 143 б.
2 Жеменей И. Шәкәрім және парсы әдебиеті // Шәкәрім әлемі. - 2005. -№ 3. - Б. 91-95
3 Шарипов А.М. Зарождение и становление системы стихотворных жанров в древнетюркской и тюрко-татарской литературе. Казань : Изд-во Казанск. ун-та, 2001. – 587 с.
4 Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, А. Құдайбердиев. – Алматы : Жазушы, 1988. – 560 б.
5 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 4 т. - 384 б.
6 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 1 т. - 454 б.

УДК 821.512.122.+821.512.161

СТИЛЕВОЕ СВОЕОБРАЗИЕ МАШХУР ЖУСИП КОПЕЕВА

М.Н. БАРАТОВА
к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
Н.К. ЖУСУПОВ
д.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
А. САРСЕКЕЕВА
студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Наряду с обоснованием жанровой характеристики, особенностей произведений Машхур Жусипа необходимо анализировать их стилевую природу. В связи с этим, обращая внимание на другие жанры художественной литературы, заметим, что в казахстанской литературоведческой науке проблемы стиля недостаточно изучены. Недостаточная изученность данной проблемы сравнительна, поскольку в разные годы имели место исследования различного характера, значительные труды. Например, в трудах А.Байтурсынова «Литературное исследование и стихи» («Әдебиет танытқыш», 1926), К.Жумалиева «Особенность искусства-стиля» («Стиль-өнер ерекшелігі», 1966), Ф.Оразаева «Герой времени» («Заман қаһарманы», 1951), К.Машхур Жусипа «Стиль и образность (выразительность) в казахской лирике» («Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік», 1991) и других литературоведов занимают место различные точки зрения и научные взгляды по данной проблематике [3]. Тем не менее в этих работах и трудах, опубликованных чуть позже, не изучаются стихотворения акынов, подобных Машхур Жусипу. Поэтому возникает необходимость специального исследования стилевого своеобразия произведений акына.

В русской литературоведческой науке, говоря о поэтическом стиле, акцентируется внимание на необходимость изучения его во взаимосвязи со стилем эпохи, со стилем времени [4]. В связи с этим в русской литературоведческой науке находят отражение ценные взгляды о том, что в индивидуальном стиле свобода каждого автора созвучна с духом той эпохи, того времени, в которой он творит; в индивидуальном стиле все элементы направлены на один художественный эпицентр [5]; один из аспектов системной организации художественной целостности – стилевая целостность [6]; необходимо учитывать наличие лингвистического определения стиля [7].

Говоря о стиле эпохи, стиле времени, необходимо учитывать влияние всей мусульманской восточной литературы, из нее древнетюркской литературы, на творчество Машхур Жусипа. К примеру, в XIII веке Кожа Ахмет Яссауи, всю свою жизнь проповедавший мусульманскую религию, в своей книге «Книга изречений» («Диуани хикмет») писал: «Проложивший дорогу к началу истории – справедливый Мухаммед // Проложивший светлую дорогу к истине – Мухаммед [8, с. 58]. Здесь слово «белый» («ақ») выражает не цвет какого-либо явления или понятия, а используется в значении слова «светлый», выступает символом справедливости, душевной чистоты. В Орхоно-енисейских памятниках V-VII веков, точнее в надписи Кюльтегина, отмечается «Кюльтегин сел на белого коня (породистый жеребец), начал атаковать» [9, с. 4]. На первый взгляд кажется, что белый цвет обозначает масть коня. Однако глубоко анализируя, учитывая обратную связь словосочетания «начал атаковать» («шабуылға ұмтылды»), заметим, что слово «белый» («ақ») выражает не только цветовую окраску, но и величественность и мужественность. В известной «Книге Отца нашего Коркута», зафиксированной в письменной форме в XV веке, пишется «Снова сел на свой золотой трон, возвел белые шатры» [10, с. 133]. Здесь слово «белый» («ақ») выражает не цветовую особенность, а величие хана, сидящего на троне.

В книгах, вышедших в 1907 году в Казани, Машхур Жусип употребляет слово «белый» («ақ») как символ душевной чистоты, чистоты мыслей и побуждений, как символ справедливости и праведности на пути ко Всевышнему:

Восхищает соколов стремительный полет,
Тревожит проблем возникших черед.
Не безупречны люди в выборе стези,
С ошибок начиная покорение пути.
...Есть фраза: «Враг ждет под яром!»
Что значит – будь всегда начеку.
Ведь враг в тебе самом и рядом,
А ждем беды на чужом берегу. [2, с. 9, 21].

«О целях, к которым идут всю жизнь» («Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз»)

Вера снова появилась у людей,
Жизнь без веры была бы серей...
Раскрыл Аллах объятья нам свои,
Испытания выдержали казахи мои.
Даже белый царь любезность проявил,
Детям Алаша врата к свободе открыл [2, с. 74, 76].

«Кому принадлежит Сары-Арка?» («Сарыарқаның кімдікі екендігі»).

Обращая внимание на произведения Машхур Жусипа, опубликованные позже, делаем заключение о том, что акын использовал слово «белый» («ақ») и для сохранения преемственности традиций, и для искусной гармонии стиля эпохи и авторского плода:

А в юрте жайнамаз висел Ишана.
Безмолвный гид всех сур Корана.
Он молча плакал и страдал,
Печаль людскую он внимал (1871 г.)

Из произведения «Исабек Ишан» [1, с. 233].

Не знала степь лучшего сына,
Не рождала давно исполина.
Он нужным словом массы пробуждал,
Взором надежды в людей вселял. (1878 г.)

Из произведения Обращение ишану, находящемуся в тюрьме» («Абақтыдағы ишанға») [1, с. 219].

Ничто не вечно в этом мире,
С годами и мерген стреляет мимо.
Был аргамаком ты в байге,
Вкус победы познавший вполне! (1911 г.)

«О том, как получил имя Машхур («Мәшһүр атты қалай алғандығы туралы») [2, с. 190].

Благодарным будь судьбе за все,
За возможность видеть, слышать и любить.
Благодари ее за дом, за нехитрое житье,
За благодарность воздадут тебе еще.

Из стихотворения «О пяти ценностях» («Төрт асыл, бес береке») [2, с. 203].

Под благословением Аллаха,
Родился и вырос на казахской земле.

Из стихотворения «Поездка в Бухару» («Бұхара сапары») [2, с. 250].

Что прожили в молодости, современник мой?
Стали мерген от жизненного опыта мы!

Из стихотворения «Поездка в Бухару» («Бұхара сапары»). [2, с. 250].

Медресе-мүфти, қазы, бәрі молда,
Ақ күміс ұстағаны алтын ділда.
Сенбі күн таңертеңгі зиаратқа,
Шайхы молда шат мұратхан жиып Алла.

Из стихотворения «Поездка в Бухару» («Бұхара сапары»). [2, с. 252].

Всю жизнь горел, тьму освещая,
Правду нес, свой народ просвещая.
Но видят ли люди старания мои?
Иль снова прикрыли они очи свои?!

Из стихотворения «Ночные мысли» («Түн қараңғы»). [2, с. 270].

В первых примерах «ақ» выражает мысль о том, что великий учитель Исабек ишан не смог завершить свои благие дела, и многие его идеи остались нереализованными, на чистой бумаге. Во втором примере «ақ» выражает идею о том, что безвинного человека, ишана, всю свою жизнь направляющего народ к праведному пути, посадили в тюрьму, человека душевно чистого, даже «чище снега». А в третьем примере акын огорчается тем, что люди способны быстро увидеть в человеке плохое, нежели его хорошие качества. В четвертом отрывке Машхур Жусип противопоставляет злобе, словно копоти («күйе»), мудрость, степенность как добрые человеческие качества. В пятом примере лирический герой доволен тем, что его создал Всевышний, он живет и творит под благословением Аллаха («Алланың ақ жаратқан»). Шестой пример отличается выражением мысли о том, что совершение благих деяний, приобретение жизненного опыта, мудрости направляются к праведному пути Аллаха, характеризуется созвучием стиля акына со стилем времени, традициями мусульманской восточной литературы. Влияние эпохи, ее гармония с поисками автора свойственны и для двух примеров, приведенных нами ниже.

Особенность стиля Машхур Жусипа, особенность использования слова «ақ» выражается в следующих строчках:

Полюбишь человека всем сердцем,
Душа становится чистой, словно бумагой.

Из стихотворения «Каф и Нон» [1, с. 17].

Всевышний вознаградил здоровьем,
Байбише подарил мне рядом.
Верблюдов – для кочевья, кобылицу мне дал,
И щедро мой скот приумножил.

Из стихотворения «Всевышний сотворил землю в воскресный день» («Құдайым жексенбі күн жер жаратты») [1, с. 29].

Люди в безволии продолжают жизни свои,
Себя не найдя, уходя в миражи.

Из стихотворения «С юных лет тянулся к слову и письму» («Қолыма қағаз, қалам алайын да») [1, с. 122].

Если всей душой себя светлому посвятишь,
Откроется пред тобой путь праведный:
Одного – богатым, другого сделал бедным,
Испытывает раба своего разным.

Из стихотворения «Условия совершения паломничества, веры» («Қажылық, иман шарттары») [1, с. 146].

- Көнеки, бұған жендет келсін! – дейді.
- Ежен хан тамашаны көрсін! – дейді.
Жігіттің жұмысы аққа анықталып,
Тартылып қыз бейшара өлсін! – дейді.

Из произведения «Тайкелтир би» («Тайкелтір би») [1, с. 201].

Говоря о чистой душе, словно «белая бумага» («ақ қағаздай»), акын имеет в виду чистые человеческие отношения («біреуді жақсы көріп, жылы»). Белый жаулык (головной убор замужней женщины из белой материи) свидетельствует о национальных традициях, о чистых отношениях между мужем и женой, в то же время белый цвет головного убора выражает чистые намерения женщины. А в третьем отрывке образец «словно белое стекло» («ақ шынындай») выступает образцом сочетания белого цвета с благими намерениями. В последних двух примерах слово «белый» («ақ») является не эпитетом, а метонимией. В результате этого расширяется значение слова, увеличиваются горизонты его охвата, формируется определенное понятие. В четвертом примере акцентируется внимание на то, что душевная чистота, благие намерения, добрые мысли человека ведут к праведному мусульманскому пути. В пятом примере говорится о том, как можно оберегать человека от плохих деяний.

В произведениях Машхур Жусипа, кроме белого цвета, встречается и черный цвет («қара»). Акын противопоставляет друг другу эти цвета, вместе с тем противопоставляет понятия, обозначающие эти два цвета. Этот прием служит образцом созвучия мыслей акына с духом времени:

Қағаз- тән(тін), сия да тән(тін): ақ пен қара,
Төгілсе аққа қара, жүзі қара.
Қаламмен жазылған соң, жанды болды,
Оны алып оқымасқа бар ма шара?! (1910 г.).

Из стихотворения «Каф и Нон» [1, с. 16].

- Көнеки, қыз бен жігіт келсін! – дейді,
- Ап келші қынабы мен қылышын! – дейді.
Айырып «ақ-қарасын» бұлардың да,
- Бастайық бұларға да бір сын! – дейді.

Из произведения «Тайкелтир би» («Тайкелтір би») [1, с. 201].

Противопоставление понятий «белый» («ақ») и «черный» («қара») начинается со строчек, где говорится о том, что «если вдруг на белую бумагу разольют чернила» («төгілсе аққа қара»). Эти строчки свидетельствуют о большей смысловой нагрузке слова «черный» («қара»), которое выражает господствующее в то время религиозное направление, сопротивление справедливому, праведному пути ко Всевышнему. Необходимо учесть, что Машхур Жусип применяет это слово не в личных интересах, а согласно требованиям времени, своей идее. В приведенном примере (во втором) решение суда соответствует требованиям времени, мусульманскому религиозному направлению и, конечно же, авторскому стилю. Употребление не только слова «белый» («ақ»), но и противопоставление ему понятия «черный» («қара») обусловливает образное оформление слов в соответствии с влиянием окружающего общества, требованием времени, с литературным направлением творчества акына. Для того чтобы определить, каким образом Машхур Жусип продолжает традиции мусульманской восточной литературы, среди нее – мусульманской тюркской литературы, приведем примеры из творчества Кожа Ахмет Яссауи, творившего в XIII веке:

1. Сират атты қыл көпірден өтерде,
Қиямет күн мені шерменде қылма.
Қара жүзімді аққа балағайсың.
Мұхамметті маған жар санағайсың.

2. Қасиетсіздер қасиетті боп көрінбек,
Тіліменен қол үшін беріп, ішіменен бөлінбек.
Шайтаннан артық мекерлігін жасырар,
Таңда махшар қара жүзі ашылар [8, 117, с. 220].

В начальном отрывке находят отражение элементы уподобления черного цвета белому, а в последнем приводятся меры наказания за плохое содеянное в ином мире, раскрывается мысль о том, что совершение плохих деяний наказуемо в том мире.

В «Книге Отца нашего Коркута» (XV век) черный цвет используется в качестве отрицательной характеристики человека, как орудие насмешки, издевки: «Если в доме нет ни сына, ни дочери, то такие родители должны жить в убогом доме, под ними должны постелить черный войлок, на стол должны им подать баранино мясо без жира; кто хочет есть – пусть едят, не хотят – пусть уйдут» («*Ұлы – қызы бірдей жоқ адамдар болса, олар қараша үйлерге кіргізілсін, астына қара құрым киіз төселіп, жейтін асына қара қойдың еті берілсін, жесе жесін, жегісі келмегендер орнынан тұрып кете берсін*») [11].

Определяя индивидуальный стиль Машхур Жусипа, следует отметить, что акын использует слово «черный» («қара») как для цветового обозначения, так и для раскрытия плохих намерений лирического героя. В то же время употребление этого слова диктуется требованием времени, обусловливается описанием мусульманской традиции, направленной на благие деяния:

Возместишь на кого-то злобу,
Душа черна, словно чернила.
Из стихотворения «Каф и Нон» [1, с. 17].

Если ты – джигит иль невежа.
Ты будешь им смолоду.
Сколько ни тери до блеска,
Не быть из черного камня зеркалу?!
Из стихотворения «С юных лет тянулся к слову и письму» өлеңінен [1, с. 129].

Осиротела ныне благословенная Сары-Арка,
Стала жухлее степная трава.
Горы потеряли величавость свою,
Песни забыли задорность свою
Из посвящения «Исабек ишан» [1, с. 235].

Кандыкоз черен душой ненасытным,
Исполняет желания их.
Из стихотворения «Всадникам из рода Кулик» [2, с. 248].

Отнялся язык, словно я в заточении,
Почитал красное словцо мой народ.
Душа моя изо дня в день в страдании.
Угрюм и с нравом крутым этот год.
Из стихотворения «Поездка в Туркестан» [2, с. 151].

В жизни белая полоса сменяется черной,
Так создал Всевышний, есть ли управа?!
В темноте надсмотрщик следит за тобой,
В одиночке остался, о, бедняга!
Из произведения «О том, как получил имя Машхур» [2, с. 190].

Если в первых трех примерах слово «черный» («қара») характеризует цветовую гамму и недобрые мысли лирического героя, то в последующих отрывках цветовое обозначение, точнее, черное, усиливается обвинением лирического героя за плохие деяния.

ЛИТЕРАТУРА

1 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том. –Павлодар: ЭКО, 2003.- 436 б.

2 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 4-том.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 535 б.

3 Ахметов З. Казахские стихосложение.- Алма-ата: Наука, 1964.- 459 с.; Қаратаев М. Таңд. Үш томдық. - Алматы: Жазушы, 1974; Қирабаев С. Революция және әдебиет. 1, 2-том.- Алматы: Жазушы, 1977; Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары.- Алматы: Қазақ университеті, 1991.- 400 б.; Кәкішев Т. Октябрь өркені.- Алматы: ҚМКӘБ, 1962; Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: Мектеп, 1976.-136 б.; Негимов С. Өлең өрімі.- Алматы: Ғылым, 1980.-136 б.; Бердібаев Р. Кәусар бұлақ.- Алматы: Жазушы, 1989; Нұрғалиев Р. Арқау.- 1-2 том.-Алматы: Жазушы, 1991 т.с.с.

4 Ковалев В.А. Многообразие стилей в советской литературе.- Москва-Ленинград:Наука.- 1965.- С. 35-36; Поспелов Г.Н. Проблемы литературного стиля.- Москва: Московского университет, 1970.- С.123.; Борев Ю.Б. Художественный стиль метод и направление. //Теория литературных стилей Москва: Наука.- 1982.- С.85-87; Гиршман М.М. Стиль литературного произведения. //Теория литературных стилей.- Москва: Наука, 1982.- С. 257-258 т.с.с.

5 Борев Ю.Б. Художественный стиль, метод и направление. //Теория литературных стилей.- Москва: Наука, 1982.- С. 77-78 .

6 Гончаров Б.П. Проблема художественного целого и системность стилевого анализа. //Теория литературных стилей.- Москва: Наука, 1952.-С. 249.

7 Курилов В.В. Проблема стиля в современном советском литературоведении. //Литературные направления и стили .- Москва: Московского университета, 1976.-С. 50-51 .

8 Қожа Ахмет Иассауи. Диуани Хикмет, Алматы: Мұратас, 1993.-262 б.

9 Ертедегі әдебиет нұсқалары. –Алматы: Мектеп, 1967.-Б. 40 .

10 Қорқыт ата кітабы. –Алматы:Жазушы, 1986.-128 б .

11 Дирсаханұлы Бұқашжан туралы жыр. //Қорқыт ата кітабы.- Алматы: Жазушы, 1986.-Б. 11 .

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР ЖҮСІП ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «ҚЫС», «АЯЗ», «БЕЛ», «ТАУ» ҰҒЫМДАРЫ

М.Н. БАРАТОВА
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Н.Қ. ЖҮСІПОВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Қ. МҰҚЫШЕВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қиындық атаулыны бейнелегенде де, мұсылмандық шығыс әдебиетінде кең орын алған дағдылы баламаларды өрістетіп, түспалдау мен жинақтаудың не бір асыл үлгілерін туғызған. Мәселен, 1069-1070 жылғы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабында:

Алпысты ассаң – шілденің аптабынан,
Аттадым де қысқы аяз қақпанына [4, 81 б.] – деп, «аяз» баламасын кәрілік қиындықтың жинақтық бейнесі ретінде алып бейнелеу үлгісін көрсетсе, Мәшһүр Жүсіп осы іспетті өрнекті, яғни «қыс» сөзі мағынасын көп кеңейтіп, дамытып пайдаланған:

Дүниенің қарамадым көп-азына,
Ескеріп көз алмадым қыс-жазына.
Шимайды жындылықпен сала бердім,
Шимайлы шайдың қалған қағазына.
Қонақ десе, үрпиеді байлар шошып,
Талай қонақ қона алмай жүрген жосып.
Күн бұрыннан қуырылып, пейілі кетіп,
Барады екен арқасын аяз қысып.
Екі қыс арқасынан бірден қысып,
Шабынсыз, дөңге салған, қарасы бар,
Түйеге ноқта қалай бұйрық болды,
Қазақтың кісі алатын бурасы бар.
Бұ заманда көп қалды-аз орнында,
Қырық күн шілде, қыс қалды, жаз орнында.
Қоразының тауықтың қызылы бар,
Әркімдердің басында тәж орнында.
Бірікпес, басын қосып, жез бенен мыс,
Жақсы-жаз, жаман адам – зымыстан қыс.
Мал жиып, бай болайын демегеннен,
Өмірімде көрмей өттім қыс пен жұтты.
Құс біткен қонағына кетті қайтып,
Осындай қыс боларын бізлерге айтып [6].

Сараласақ, алғашқыда ақынның «дүниенің ... көп-азына» қарамауы оның «қыс-жазына» көз салмауымен байланысты өрбісе, біраз бай адамдардың «арқасын аяз қысып» өмір сүруін діттеуде де «аяз» баламасы адам пейілінің сол секілді суып кеткеніне үңілтуге қызмет етіп тұр. Үшіншідегі арқадан қысқан «екі қыс» ұғым патшалы Ресейдің екі бірдей қысымды қатар әкелгенін жинақтау үшін сәтті келтірілген, төртіншіде де жақсылық азайып, жамандық көбеюіне үңілту үшін де «қыс» сөзі шебер қолданылса, соңғы мысалдарда сөз мағынасын кеңейтудің осы үрдісі сақталған.

«Қыс», «аяз» баламалары ғана емес, «жел», «дауыл», «боран», «тау», «бел», «белес», «тор», «тұзақ», «су», «от», «өрт» тәрізді сөз өрнектерін игеру барысында да Мәшһүр Жүсіп аталған сөздер мағынасын көп кеңейтіп, оның жинақтаушылық, нышандық (символдық) салмағын арттыру үлгісін көрсетті. Мұсылмандық шығыс әдебиетінде «желдей» сөзін, яғни тең еу баламасын адам ғұмырының өткінші екеніне, демек соны ескеру керектігіне бағындырыла жұмсалғанын дәлелдеу үшін бірер мысал келтірейік:

Арзан біткен дүниеде жоқ болады,
Тек халықтың асылы сақталады.
Желдей зулап тіршілік өте шығар,
Бір кеткен соң қайырылып тоқтау кәні?!
(1069-1070 ж. Жүсіп Баласағұн) [7].

Дүние үшін қам жеме, хақтан өзгені деме,
Сират көпірі тұрар, кісі малын жеме.
Ел-жұрт, туыс ешқайсысы болмас жолдас,
Мәрт болғайсың: ғұмырың желдей өтер ғарыб бас.
(XIII ғ. Қожа Ахмет Иассауи) [3, 39 б.].

Фани күндер желдей өтіп кетер,
Жаһанда қалса [еді] бізден сыйлық.
(1353 ж. Хорезми) [5, 89 б.].

Бұл дәстүрді XIX ғасырдағы Сақау Мәукеұлы: «Қаһарман Рүстем мен Ер Ғалының // Басынан осы жалған желдей өткен» - [2, 61 б.] деп, жалғастырса, күрескер ақын Махамбет Өтемісұлы желдің ұлғайған түрі дауылды бөліп алып, оны қайсарлық, мықтылық белгісі ретінде өрнектеген екен:

Атадан туған аруақты ер,
Жауды көрсе, жапырар,
Үдей соққан дауылдай,
Жамандарға қарасаң
Малын көрер жанындай [2, 79 б.].

Мәшһүр Жүсіпте әрі өзіне дейінгі игі дәстүрмен үндестік, әрі өзіндік өрнек үстелуі қатар өрістеген:

Жел қатайды, еңсе бір көтерілді,
Ғайыптан бір қыз келіп, беттен сүйді.
Қолына қағаз, қалам алған шақта,
Кетеді қара сөзге желдей есіп.
Қызыл тіл сөйлеуші еді желдей есіп,
Жастықта жүрген күнде көңіл өсіп.
Ажалдай еріксіз айдап, ұшырып жел,
Шегініп ешбір мойын қала алмаған.
Мақал бар: «Аз сөз - алтын, көп сөз – көмір»,
Мұны[мен] сөз аяғын тамамдаған». [8].

Басқа да халықтар әдебиеті тәрізді қазақ әдебиетінде «тау», «бел» сөздері - әрі адамдар алуға тиісті биіктік өлшемі, сонымен бірге біраз ретте алдағы бөгет осал еместігі белгісі ретінде алынып келгені мәлім. Қазақ тілін зерттеуші көрнекті маман Бақытжан Хасанов «бел» сөзінің қолданылу өрісін ашарлық біраз мысалдарға көңіл бөлген екен: «Бел» - «қырқа», «төбе» мағынасында қолданылады:

Қылт етті де жөнелді, белден асып,
Қарбаң-құрбаң етті де қалды сасып.
Осы мәнде мынадай метафоралық тіркес жасалған:
Жетімдіктің белінен
Асып өтер ме екенсің
(XVIII-XIX ғ.)
«Бел» сөзінің таяныш мағынасы (метафораланып) жасалған:
Миллиондаған халықтың
Сүйеніші едің, белі едің
(Жамбыл) [9, 79 б.].
Осы орайда өзіміз жинаған мына үзінділерге де көңіл бөлгіміз келеді.
Асқар, асқар, асқар тау,
Асқардан биік тау болмас,
Басына балапан торғай шырлап ұшып қона алмас
(Шалкиіз Тіленшіұлы XVI ғ.) [1, 82 б.].
Қары қалың қайырсыз бел болдың ба,
Асқар тауым айдынды ел панасы.
(Жанақ Сағындықұлы. XIX ғ.)
Атыңды алтын таудай айқындармын,
Шамасы қызыл тілдің келгенінше.
(Сақау Мәукеұлы)
Тоқпақ жалды Торайғыр – батыр ерім,
Ақылдың асқар тауы кемеңгерім
(Сақау Мәукеұлы)
Ұсынса қол жетпейтін асқар белім,
Өлімнен қарсы келген қайтпас серім.
(Орынбай Байқожаұлы)
Асқар таудай айбатың,
Алдыңда үлкен санатың.
Беттегі қалқан болатың,
... Басшы боп тұрған алдында
Ағаң өлмес болсайшы.
(Майлықожа Сұлтанқожаұлы).

Талабым тәңір берген таудан үлкен,
Алмаса өз бақытын қайтып құдай.
(Кемпірбай Бөгембайұлы XIX ғ.) [2, 25, 59, 126, 153, 164 б.].

Мәшһүр Жүсіп заманында Ресей патшасының отарлау қысымы өсе түсуі ақынның осы баламаны көбінесе қиындық, қысым, бөгет деңгейін көрсету үшін қолдануын негіздеді:

Доптай басым арқалап таудай жүкті,
Апарамын көтеріп от пен суға.
– Ауыр ғой бұл аманат Қап тауынан,
Шыр айналған Жер мен Көк жақтауынан.
«Аманат» деген аты ауыр екен,
Қарсылық емес, қорықтық сақтауынан.
Олардың таудан үлкен сауаптары,
Айтуға таусылмайды жауаптары.
Махшарда көп халықтар жиналғанда,
Фазылымен кіргізеді біздерге оны.
Тіл алсаң, қол қысқартып, тіл ұзартпа,
Ауыр жүк асқар таудай мойныңа артпа!
Дұшпан біліп қоймасын сырды десең,
Жан күйер досыңа да сырыңды айтпа!
Бара жатыр айтылмай тау іс қалып,
Сөз аяғын ұзартпай, тауыспалық!
Иненің жасуындай қасиет жоқ,
Өзің-өзі көтеріп топқа салып [10].

Алғашқы мысалда күрескер лирикалық қаһарман үшін «таудай жүкті» арқалау қиындығын бағамдасақ, екіншіде адамдарға артылған аманаттың «Қап тауынан» да ауыр екені назар аудартады. Үшіншіде жамандық кедергісі емес, жақсылық сауаптарының «таудан үлкен» болуы көңіл бөлгізсе, төртіншіде «асқар таудай» ауыр жүкті мойынға артпауға кеңес беру тұсында «тау» ұғымы осал еместігі көзге ұрады. Күрескерлерге айтылмаған істер көлемін анықтарлық «тау» көріктеуіші де (бесіншіде) осы бір ұғымның көлемі де салмақты, үлкен екенін бөліп көрсету үшін алынған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы . –Алматы: Ғылым, 1982.- 240 б.
2 XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы.- Алматы: Ғылым, 1985.-320 б.
3 Қожа Ахмет Иассауи. Диуани Хикмет, Алматы: Мұратас, 1993.-262 б.
4 Жүсіп Баласағұн. Құтты білік.- Алматы: Жазушы, 1986.- 616 б. (Ауд. А.Егеубаев).
5 Хорезми. Оғыз-наме. Мұхаббат – наме.- Алматы: Ғылым, 1986.-208 б.
6 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том.- Павлодар: ЭКО, 2003.-Б. 14, 182; 4-том.- 2004.-Б. 22, 132, 157, 210, 262 .
7 Жүсіп Баласағұн. Құтадғу білік. //Қазақ әдебиеті, №29, 18 июль, 1986.-Б. 4 . (Ауд. Ислам Бейсебаев).
8 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том.- Павлодар: ЭКО, 2003.- Б.13; 4-том.- 2004 .-Б.124, 193, 230.
9 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы.- Алматы: Мектеп, 1966.-207 б.
10 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том.- Павлодар: ЭКО, 2003.-Б. 22, 26; 2-том.-Б. 10 ; 4-том.- 2004.-Б. 114, 133.

ӘОЖ 882.151.212.2

АЛ, ТІЛІМДІ АЛМАСАҢ...

С. БАЯЗИТОВ
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Баянауыл ауданы

Өзінің бастау көзін XV ғасырдың орта шенінен алатын қазақтың жыраулық дәстүрі XVIII ғасырға дейін қазақтың әдебиетін жыраулық өнер мен өрнектегені айқын. Үш ғасырға тарта осы кезеңде Сыпыра, Асан қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей жырау, Шалкиіз, Жиембет, Марқасқа жыраулар тағы да басқа аузынан ақ маржан төгілген жыраулар мен ақындар өткен. «Олардың арасында XVIII ғасыр әдебиетіндегі ең көрнекті тұлға Бұқар жырау», – деп атап көрсетеді. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты жазушы Мұхтар Мағауин. Осы орайда, атап өтер бір басты жайт, өзге жыраулырға қарағанда, Бұқар мұрасы мол сақталған. Оның уақыт тозаңына көміліп, көмескіленіп жоғалмауының басты себебі – қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаушы Мәшһүр Жүсіптің жырау мұрасын жалықпай қағаз бетіне түсіріп, жинап кеткен. Бұл мұра 1200 жол шамасында Алматыдағы ҰҒА қорында сақтаулы.

Бұқар жыраудың өзінен бұрын және қатар өмір сүрген өзге жыраулардан үндестігі де, ерекшелігі де мол. Үндестігі – ол да өзге жыраулар секілді қазақтың басына күн туған ауыр кезеңде өмір сүрді. Сол кезеңді жыр өрнегіне түсірді. Әріде Асанқайғы:

Ай, Хан ием, мен айтпасам білмейсің.
Айтқанымa көнбейсің,
Шабылып жатқан халқың бар.
Аймағын көздеп көрмейсің,

Қазтуған:

Адыра қалғыр, Көкжайық,
Аңырап қалған қонысым.
...Көкірегі күйініп
Тек тірлікке сүйініп.
Ықтиярсыз жүгіріп
Аузы түкті кәпірдің.
Етпегей еді жұмысын.

Бұқар жыраудың ерекшелігі – ел басына күн туғанда өзге жыраулардай әлдекімдерге кінә артпай, елінен, жерінен безіп кетпей, қалың қазақтың қайғысы мен қасіретін бірге бөліседі. Бұған, бәлкім, жыраудан кіндік кескен, тәлім-тәрбие алған ортасының да әсері аз болмаса керек. Бұқар жырау –Қалқаман батырдың ұлы. Ел Бұхар маңын қоныстанған 1668 жылы өмірге келген деседі. Оның жастық шағында алған білімі туралы да тұрлаулы дәйек жоқ.Әркім әртүрлі жорамал айтады. Оны зерттеушілердің бірі оқып, білім алған десе, енді бірі оқымаған дейді. Осы орайда, Мұхтар Мағауин өз ойын: «Бұқардың мұсылманша оқығандығы, сауаттылығы күмән туғызбайды», – деп түйіндейді. Ал Мәшһүр бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге: «Нұхтың өмірі, Аюбтың сабыры ... Аплатонның ақылы керек», – деген екен. Біз сол көл дария білім иесі Бұқардың көусар жырларымен сусындағанымызға жаратушы иеге шүкіршілік қылып, сол мұраны бізге жеткізген, аруағыңнан айналайын, Мәшекеңе Алланың нұры жаусын делік. Бұқар азамат атанып, ат жалын тартып мінген тұста Абылай ханға: «Сенен бұрын жеті ханды жебеледім, кешегі еңсегей бойлы ер Есім ханға жолдас болдым, сен оның бір түстігіне де жарамайсың», – десе керек. Әз Тәуке ханның тұсында ел билігіне араласқан. Бұқарекең әу бастан-ақ дәулет жиып, байлық қумаған сыңайлы.Бір ғажабы, жалғыз Бұқар жырау ғана емес, сол замандағы билердің көбі кедей болған, дүние қумаған сияқты. Бұған дәлел ретінде, М.Мағауин Орманбай бидің үйіне Абылай келіп қалып, қонақасыға не соярын білмей қысылғанда, айтқан мына бір өлең шумағын келтіреді:

Хан Абылай келгенде,
Тоқты сойсақ жетпейді.
Енесін сойсам тоқтының,
Оның орны бітпейді.

Осы жолдарды оқығанда, қалың қазақты аузына қаратып, алдынан таратқан, айтқан билігі қолдау тапқан сол билердің пара алмағанына, жұртқа салмақ салмағанына қайран қаласың. Мәшһүрше айтқанда, «нәпсісін атқа мінгізбеу», зайыры, осы болар. Тек сол билердің ұрпағы саналатын бүгінгі саналы, сауатты кейбір азаматтарымыздың қолы сәл-пәл билікке тие қалса, төңірегіндегі елді обырдай обып, жегі құрттай жеп, ақыр соңында, ұрлығы, парақорлығы әйгіленіп, әшкерелене бастағанда, ата жұртынан қас қағымда ғайып болып, қашқын аталатыны еске түскенде, жүректі әлдебір өксікті өкініш меңдері бар. Баюдың жолын іздеген кейбір залым замандастарымызды жайына қалдырып, ел қамын жеген сол жолда белшеден бейнет кешіп, хан-қараның алдында жыр толғаған Бұқарекең заманына қайтып оралайық. Тарихшылардың айтуына қарағанда, сол тұста қазақ жері қалмақтардың да, қытайдың да, тіпті орыстардың да көз құртына айналса керек. Соңғы екеуіне қарағанда, алдыңғысы қылышын қазақтың қанымен суарып, түндігін найзасы мен түре ашқан кездері аз болмаған. Соғыс тактикалары да уақыт кезеңіне сай өзгеріп отырғанға ұқсайды. Алғашқыда көктем шыға атқа қонатын қалмақтар бірте-бірте қыс айларында қазақ жеріне ендей еніп, шабуыл жасайды. Бірде қазақтар жеңіліп, бірде қалмақтарға күйрете соққы береді. Ара-тұра бітімгершілікке де қол жеткізгенмен, көп ретте баянсыз болады. Ал бұл тұста Ресей қазақ жеріне ендей еніп, бекіністер тұрғызуда еді. Бұқарекең:

Өзің қонған Көкшетау
Кәпір қала салды, ойла!
Жарқайың (иарғайың) деген жерлерге
Шашылып шеті барды, ойла!
Атбасар мен Қалқұтан,
Балығы тәтті су еді,
Өне бойын шандып ап,
Сүзекісін салды, ойла!
Оны да көпір алды, ойла!
Қарқаралы деген тауларға (жерлерге)
Қарқарасын шанышты, ойла!
Бетеге мен көденің
Берекесі қашты, ойла!
Құсмұрын деген жерлерге
Қыстауын сонан төкті,ойла!
Жылқының суат суына

Шошқасын әкеп екті ойла!
Ұлытау, шеті Созақтан
Созақтан бергі жерлерден
Көгорай шалғын көре алмай,
Шұбырып қазақ кетті, ойла!
Нұрада бар-Ақмола,
Есілде бар-Қараөткел,
Екі өткелдің аузынан
Тас қорғанды салды, ойла!
Баянаула, Қызылтау-
Оны да көпір алды, ойла!
Жерлікте жетер суды ойла!
Шұршітпенен құлақтас,
Қырғызбенен жауаптас,
Ортасында ұйлығып,
Кетпейін десе, жері тар
Кетейін десе, алды-артын
Қоршап бір алған көуір бар,
Үйлыққан қойдай қамалып,
Бүйірінен шаншу қадалып,
Сорлы бір қазақ қалды, ойла!

Осы өлеңді ой көзімен оқыр болсақ, күні кеше хан қонысы атанған Көкшетауға кәпірдің қала салуы. Оның бір шеті Жарқайыңға дейін шашылып кетуі, Атбасар мен Қалқұтанның балығына сүзекісін салуы, сол өңірлердің төл тумалары, игілігін көріп, құтты қоныс, кең өріс қылып, ұрпағына аманат етіп қалдырар ата қонысынан айрылуы исі қазақты, жырауды ғана емес ханды да терең ойға қалдырар жай емес пе? Сондықтан да болар жырау бұлармен қатар кәпір алған Қарқаралы, Құсмұрын,Ұлытау, Созақ, Нұра, Ақмола, Қараөткел, Баянаула, Қызылтау да кәпірдің құзырына өткеніне күйінеді. Бетеге мен көденің берекесі қашқанын, көгорай шалғыннан Нұра, Есіл сияқты су көзінен айрылған қазақтың халін баяндай келіп, ханға жырдың өн бойында 12-13 рет ойла деген жалғыз ауыз сөзі де екпін түсіріп қайталаумен болады. Күрмеуі қатты күрделі мәселеге оң шешім тағу қиын еді. Сондықтан да Абылай хан: «Сарыарқаға қызығып, күндердің күні болғанда, қызыл қарын жас балаға күн көрсетпес. Алаш ұранды қазақты жиып алып, «қылқұйрық» деп аттанып, қырып тастасақ қайтеді», – депті. Сонда билердің бірде-бірі ханға бір ауыз жауап қайтара алмапты. Хан: «Бұқарекең не дейді екен? Бұған осы кісінің аузынан шыққан лепесін аңдиық десе керек қалай толғар екен?» (Мәшһүр Жүсіп). Сонда Бұқарекең:

Абылай ханның қасында
Бұқарекең жырлайды.
Жырлағанда не дейді:
«Соғыспа!» – деп жырлайды.
Бұқарекең деген көріңіз
Соғыссаң кетер сәніңіз,
Бізден бұрын өтіпті
Хазіреті Ғалыңыз
Жаулық жолын сүйменіз,
Мынау жалған сұм дүние
Өтпей қалмас демеңіз.
Менің жасым – тоқсан үш,
Мұнан былай сөйлеуім,
Маған да болар ауыр күш.
Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмандар жанжал ерегіс!
Бұ қылықты қоймасаң,
Құдайдың бергеніне тоймасаң,
Ағаш үйде көуір бар,
Көрерсің сонан теперіш!
Бөтен елмен үйір боп,
Іргеңізді қоспаңыз,
Қисық іске баспаңыз !
Кәпір алмас демеңіз.
Наны тәтті жемеңіз,
Зәбірі қатты бұ кәпір
Іргеңізді алмай қоймас демеңіз! – десе керек.

«Жырлағанда не дейді, соғыспа деп жырлайды» Мәшекеңнен қалған дерекке сүйенсек, аруағы асып, тау суындай тасып отырған Абылайға орыспенен соғыспа деуі ұнамайды, тіпті жарықтықтың азуын шалған екен, ақылдан тозған екен. «Осы он сан Алаш баласы аузыма қарап тұрған күнде орыспенен соғыспа пәлен жерге қала салады, түген жерге қала салады деп оның аруағын сонша көтеріп, мені дәнемеге жарамайтын қылып тастағаны несі?!...». Қанжығалы қарт Бөгенбай да ұнатпаған (Мәшһүр) сынай танытады. «Ал тілімді алмасаң» атты атпен белгі толғауын толғай жөнеледі.

Ай, Абылай, Абылай,
Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет патшаға

Қызметкер болып тұр едің, – деп ханның басынан бағы ұшқан балалық шағынан бастап өткен өміріне шолу жасайды.

Қалтақтап жүріп күнелтіп,
Үйсін: Төле билердің.
Түйесін баққан құл едің!
Сен жиырма жасқа жеткен соң.
Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқар құстай түледің.
Дәулет құс қонды басыңа
Қыдыр келді қасыңа,
Бақ үйіне түнедің!
Алыстан тоят тіледің,
Қылышыңды тасқа біледің!
Алмаған жауың қоймадың,
Алғанменен тоймадың!
Несібеңді жаттан тіледің!

Үйсін Төле бидің түйесін баққан құл болғанын айта келіп:

«Жиырма жасқа келгенде,
Ақсұңқар құстай түледің.
Бақ қонып, қыдыр дарыды,
Қылышыңды тасқа білеп,

Алмаған жауың қалмады, – дей отырып, ханға барға қанағат етуді естен шығарып, сонда да тоймадың дейді. Несібеңді жаттан тілеп, соғысқа, қан төгіске құмарта бастағанын бетіне басады.

Ханның жақтасы болып тұрған Бөгенбай батырдың да кім екендігін айтып өтеді.

– Уа, сен қажығалы Бөгенбай
Тақымың кеппес ұры едің.
Барымта –қарымта мен өткен өмірін бетке басады.
Қабанбайдан бұрын найзаңды
Қай жерде жауға тіредің, – деп сауал тастайды.

Ханды да батырды да осылай тәубасын есіне түсірген Бұқар жырау:

«Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,
Атаңды білмес құл едің. – дейді.
Ашу алға түскенде,
Ақын кейін шегінбек.

Ет пен сүйектен жаралған жыраудың да артық-кем кетуі ықтимал. Мұны хан Абылай да, оның қарамағындағы қарашалары да түсінеді.

Атаң тегін сұрасаң,
Арқар ұранды жат едің.

Қай жерінде төре едің?! – деп шешесін «Мәскеудің қара күңі еді», – дейді. «Алдында қызбалыққа салынып, жырауға салқын қабақ танытқан Абылай ұлылық танытып: «Осылайша өзіңді тәрбиелеп, басына көтерген жұртыңды текке біреулермен қырылыстырып обалына қалма деген ғой!» – деп Абылай хан бір қуарып, бір қызарды, ақырында, бұл кісінікі пайдалы сөз деп орыспен ұрсайық дегенін қойды. Тәуекелшіл Тәубашіл ата-бабаларымыз ажалдан басқаға амал табылған деген ғой. Сол айтпақшы, көреген саясаткер Абылай орыспен де, қытаймен де дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, екі тізгінді де тең ұстайын дәрежеге жетті. Бұл кезең туралы орыс академигі В.В. Бартольд: «XVII ғасырдағы ең күшті орта жүздің ханы Абылай хан болды», –десе, Ш. Уәлиханов: «Абылай Қытай мен Ресей тарапынан «қазақ ханы» деп, ресми танылғанын атап көрсеткен. Ал қалмақтарды, ақыр соңында, шылдың қиындай тоздырып, күйрете соққы беріп жеңді.Ел ішінде бірде бәсеңсіп, бірде желді күнгі өрттей өршіп шыға келетін дау-дамайды басуға да Бұқарекең Абылайға сүйеніш, таяныш бола білді. Оған Бұқардың

Керей, қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп?
Сен қашсаң мен қойман,
Арғымағым жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын
Қар, жаңбырдай себелеп.
Ақмырзамды өлтірдің
Ақ сойылмен төбелеп.
Уа, сен танымай кетіп барамысың?
Мен – Арғын деген арыспын
Аузы кере қарыспын.
Сен – бұзау терісі шөншіксің
Мен – өгіз терісі талыспын.
Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын.
Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын!
Көшің кетер бір жаққа,
Малың кетер бір жаққа.
Көш соңынан жете алмай,
Есің шығар сол шақта.
Жар басына қамалып,
Жарты лашық тігерсің.
Ауызыңнан ас кетер,
Қара көзден жас кетер.
Бұ қылығың қоймасаң,
Сонау көудедегі дулығалы бас кетер!

Жырау бұл арада азаматынан айрылған белгілі бір топтың атынан Керейге өкпе орта сөйлейді. «Ақмырзамды өлтірдің, сойылменен төпелеп», –дейді. Содан «Уа, сен танымай кетіп барамысың?» – дейді қаша көшкен керейлерге: «Мен Арғын деген арыспын, ауы кере қарыспын», –деп айбат шеге сөйлейді. – Абылай алдында сен бітсең, құдандалы таныспын; Абылай алдында бітпесең, атасын білмес алыспын. Жырау осылай деу арқылы сол тұстағы қазақ үшін үш жүздің басын қосқан Абылай ханның алды қаймана қазақтың барар жері, басар тауы екенін аңғартады.

«Мәскеу» деген орыстың қаласы Мәскеу емес, түркімен жұртының атақты батыры, Үргеніште шауып, талағанда олжаға түскен қыз екен. Үргеніш ханы Қайып ханның қызы болса керек... Сонда Абылайдың әкесі де жау қолына түскен... Әйтеуір ерлі-зайыпты болған (Мәшһүр-Жүсіп)».

Жалпы Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан өткір сындары ауыздан-ауызға тарап, жыраудың халық қамын жеуші, жоғын жоқтаушысы, ал Абылай ханды аталы сөзді тыңдай білетін кемеңгер деп танып, оларға деген жұрттың құрметі мен қызығушылығын туғызып қана қоймай, қазақ халқының олардың төңірегіне топтасуына ықпал еткені сөзсіз. XV ғасырда өмір сүрген Асан қайғының Жәнібек ханға айтқан:

... Ай, Жәнібек ойласаң,
Қилы заман болмай ма?
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма? – деп келетін елге мәлім жұмбағын араға үш ғасырға жуық уақыт өткенде, Бұқарекең Абылай ханның сауалына орай былайша шешіп береді.

...Хан Абылай, Абылай,
Қайғылы мұндай хабарды.
Сұрамасаң не етеді
Сұраған соң айтпасам,
Кісілігім кетеді, – дейді.

Қарағайдың сусыз жерде шөлде өсетінін, ал шортанның шөлге шыдамсыз екенін айта келіп:

Ойлама шортан үшпас деп
Қарағайға шықпас деп.

Жырау ойын әрі дамытады. Күнбатыстан шығатын дұшпаны барын, оның күншығысқа қарайтынын, шашып алмай тарайтынын, «Құдайды білмес діні жоқ», – дейді. Ал «Жамандыққа міні жоқ», – деп ескертеді. «Осы көпір жұртыңды жаулап алып (Қара шекпендер ғой С.Б), жағалы шекпен жауып жебірлерге жем беріп, ел қамын айтқан жақсыны сөйлетпей, ұрар ұртына бауыздамай, ішер қаныңды, өлтірмей алар жаныңды», – деген Асан қайғының уайым қайғыға толы жұмбағының шешуін айта келіп: «Бұл айтқаным, Абылай болмай қоймас артынан», – деп түйіндейді. Мұны естігенде, Абылай ханның, қалың елдің қандай күйде болғаны бір Аллаға ғана аян. Бізді таңқалдыратыны, Асан қайғы мен тірісінде-ақ «Көмекей әулие» атанған Бұқар жыраудың көрегендігі. Ойға Б. Кенжебаевтың: «Бұқар жыраудың шығармалары – өз заманының айнасы... Бұқар жырау өз заманының әрі сыншысы, әрі жыршысы, белсенді қайраткер», – деген бағасы оралады.

Бұқар жыраудан соң (1968) араға 190 жыл салып, өмір есігін ашқан Мәшһүр Жүсіп (1858) жырау шығармаларын ауыз әдебиеті үлгісі ретінде қағазға түсіре бастаған кезге дейін араға ғасырға жуық уақыт өткенін ескерсек, Мәшекеңнің қыруар іс тындырғанына тәнті боласың. Мәшекең тек жырау шығармаларын зерттеумен ғана шектелмей, жыраудың Далбадағы мәңгілік мекенін 1925 жылы іздеп тауып, алғаш белгі орнатқан жан.

... 1996 жыл. Елдің қайта құрудан тұралап, экономика құлдырап, жұмыссыздықтың белең алған тұсы. Күні кеше ішкені алдында, ішпегені артында болып, тоқшылық пен жоқшылықтың ара-жігі бір-ақ тұтам екенін білмей келген жұрт енді қайтып күн көрер екенбіз деген сары уайымға салына бастаған шағы. Көнеден қалған «Ақ жалау барда, малым бар деме» деген мақалдың мәні өзгеріп, «Ұры-қары барда, малым бар демеге» айналған өрістегі малды былай қойып, малы барлардың қара-қопсысын жарып бұзып кіріп, айдап алып кетіп жатқан тұс. Аз ғана алыпсатар саудагерлер бейқам елді бүргеше талап, сүлікше сора бастаған шақ. Мектептерде, ауруханаларда жұмыс істейтіндер онсызда тиын-тебендерін санап отырған тұрмысы төмен зейнеткерлер кемі 3-4 ай тиісті еңбектерін, зейнетақыларын ала алмай, елдің әбден-ақ титықтаған тұсы. «Аудан әкімшілігіне шақырып жатыр», – деген соң солай қарай беттеп келемін. Кеңсе алдында жиналған адамдардың қара-құрасы әдеттегіден көптеу көрінді.

Аудан әкімі Қорабай Шәкіров күнделікті күйбең тірліктен ала-бөтен, тіпті бір қарағанда түсініксіздеу сияқты. Көрінетін бұрын-соңды аудан түгіл облыс орталығында айтылуы екіталай тың, тосын әңгіменің шетін шығарған. Аудан орталығындағы сол кездегі Ленин көшесінде «Тұлғалар тұғыры, даналар даңқы, ғасырлар алаңын» мемориалдық кешенін салып, онда даңқты бабаларымыздың ескерткіштерін қоюды ұсынған. Сол жиында кімдерге ескерткіш қойылатыны да сөз болды. Әдетте, мұндайда ортаға суырыла шығып, көзге түсуге тырысып, кім не айтса соны жақтай кетуге өзір пысықтар ма?! Қарсы пікір білдірмесе, ішкен асы бойына сіңбейтіндер де бұл жолы жұмған ауыздарын ашпады. Әйтсе де өзі ілдалдалап, күн көріп отырған халық қаражат бере қояр ма екен деген күдік әркімді меңдеген-ақ болар. Көп ұзамай-ақ халықтан қаражат түсе бастады. Сондай күндердің бірінде Қорабай Шәкірулы Мұрат Дүйсенбайұлына сәулетші Бақытжан Әбішұлының телефонын беріп, алдын ала ауызша келісімдері бар екенін айтып байланысуын өтінген. Бақытжанмен сөйлескен Мұрат аға Алматыға жүріп кетті. Бақытжан оған ескерткіш жасау үшін, ең бірінші, оның макетін жасау керектігін ескертті. Міне, ақыр соңында, макет те жасап біткен Бақытжан оны тапсырыс берушілерге таныстыру үшін Баянауылға алып келді. Болашақ ескерткіштің макетін талқылауға аудан әкімшілігіне жұрт көп жиналды. «Әр көледе бір қиял» демекші ойларын ортаға салушылар аз емес, солардың біріне жыраудың басындағы далбай ұнамаса, енді бірі жыраудың қолына домбыра ұстату жарасымды емес дегенді айтты. Мүсінші олардың сауалдары мен ескертпелеріне нақтылы жауап берумен болды. Ақыры, жыраудың басына бөрік кигізіп, бата беріп тұрған кейіпте бейнелетін болып келісілді.

...Жұмыс басталып кетті. Аудандық Казсельхозтехника алаңында Бұқарекеңнің кескінін тасқа қашап бейнелеп жатқан Алматы көркемөнер академиясының доценті мүсінші Бақытжан Әбішұлы, осы академияның оқытушысы, мүсінді қашаушы Дәулет Бектеміруұлының, бірде тарс –тұрс, бірде гүрс-гүрс етіп от ұшқындап, тынымсыз жұмыс істеп тұрған техниканың үнін қолдарындағы шапқының тықылына елең етпей, бір-бірінің айтпағын қол қимылдарынан ұғысуы – олардың жұмысын сырттай бақылап тұрған осы жолдардың авторына әдемі әсер еткені соншалық – ойына өлең жолдары оралған. (Өлең жеке беріліп отыр)

Бақытжан ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың, революционер Тоқаш Бокиннің мүсінін кескіндеген Республикаға белгілі сәулетші болатын.

Ал Мұрат Дүйсенбайұлы Рахметов сәулетшілердің алаңсыз жұмыс істеуіне қолдан келгеннің бәрін жасады. Өзіне жүктелген істі мінсіз атқарып, шебер ұйымдастыра білді. 1996 жыл наурыз мерекесі баянауылдықтар үшін тек жыл басы ғана емес, сан ғасырды артқа тастап, тұлпар мініп, елі, жұрты үшін аузынан ақ маржан төккен Бұқар бабаның жырлары ханның да, қараның да жүрегіне жол тауып, қоймана қазағының мәңгілік мақтанышына айналған жыраудың төл топырағына асқар шыңдар мен бой таластырған мәңгілік тас мүсінінің ашылуымен естерінде қалған болар.

Алпысбес Әділханұлы, Рымтай Избастин ақсақалдар мен аудан әкімі Қорабай Шәкіров мырзалар ескерткішке беттеді. Міне, ақ жамылғы баяу төмен қарай сырғып барады. Жыраудың алып тұлғасы көзге шалынды. Сол сәтте талайлардың жанарына жас үйірілді. Бұл жүректі кернеп, жанды тербеген қуаныштың жас еді.

Опырай , заман қанша қытымырлық танытып, қарға адым жерді мұң қылып тұрса да, ажалдан басқаға амал табылады деген осы екен-ау. Қаражат қыспағында қалғандарына қарамастан, Бұқарекеңе еңселі ескерткіш орнатқан бұл халықтың ертеңі еңселі, келешегі кемел боларына, көңіл көміл сенген. Ойға жыраудың:

Бұл, бұл, үйрек, бұл үйрек
Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректей болыңыз.
Судан суға шүйгумен,
Көлден көлге қоныңыз.
Байлар ұғлы шоралар.
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз
Байсалды үйге түсіңіз.
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір еңеден туғандай болыңыз!

Иә, бұл біздер мен сіздерге ұлы жыраудың аманаты өсиеті десе болғандай. Ал аманатты да, өсиетті де орындау –ұрпақ парызы. Алла бізді соған жеткізсін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп шығармалары. 7-том
2 М.Мағауин. Ғасырлар бедері
3 Жеті ғасыр жырлайды. 1-том.
4 Бейсенбай Кенжебаев. Әдебиет белестері.

ӘОЖ 882.151.212.2

СЕКІЛДІ ӨМІР ҚЫСҚА ЖАРТЫ ТҰТАМ...

С. БАЯЗИТОВ
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Баянауыл ауданы

Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі Сұлтанмахмұт Торайғыров осы өленді жазғанда бар болғаны он төрт жаста екен. Балалық шақтың, албыртта шалдуар шақтың алаулаған үміт отының аспанға шалқыр шағы ғой бұл. Дегенмен сезімтал да секемшіл ақын жүрегі өмірінің қысқалығын сезетіндей.

Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім,
Енді оған өлең жазу болсын серік...

Бұл Сұлтанмахмұттың берік байламы. Тек молдалардың білім деңгейлерінің, өмірлік ұстанымдарының біркелкі еместігіне өкінеді. Өзі сабақ алған молдаларға мейлінше әділ баға беруге тырысады.

Әлі Молда алдында дәл екі жыл,
Әртүрлі ескі кітапты бір шоқыдым.
Торғайдан екі жылдай сабақ алдым.
Ол байғұс аяған жоқ ойда барын, – деп ағынан жарылады.
Мұқаннан екінші жыл сабақ алам,
Ұйықтасам да көңілім оқуға алаң.
Лепес қып өзі бастап, «ақын бол» деп,
Дұғасын ықыласпен берді маған,– деп өзі айтқандай аз өмірді ақындық жолға беруге бел байлаған болашақ ақын:

Сондықтан бар мақсатым өлең жазу,
Оқуменен бірге іздеп, қоса қазу.
Осы ойыма өткен түн серт берілді,
Менде болмас бұл ойдан өмірде азу.
Сол сияқты ақынның орнымыз медресе оқып жатқан өлеңінде де:
Өнер ғой оқу деген таңдай атқан,
Оқу білсең орынды болар мақтан.
Білімге қарсы тұрар қандай күш бар,
Бас иер талай мырза кеуде қаққан, –деп өнер шындығын өлеңмен өрнектей келіп:
Молда көп, молда деген атын сатқан,
Бас алмай, өтірік соққан шариғаттан.
Өзі хат білмесе де «оқуы» көп,
Бас айналған, мылжыңнан діңкең қатқан, – деп білімсіз шала молдаларды шенеп, түйреп өтеді. Сұлтанмахмұттың осы өлеңі ұлы Абайдың:

Құранды молда теріс оқыр
Дағарадай болып сәлдесі, –деген өлең жолын еріксіз еске салады.

Ал «Оқу» атты өлеңінде ақын:

Ел болуға алдымен білім тірек,
Бір сөзді, бір ауызды намыс керек.
Жалғыз ғана оқумен теңелмейсің.
Ала ауыз азғын болсаң қоян жүрек.
«Жалғыз оқумен теңелмейсің», – дей келіп жастарды ала ауыз, азғын болудан сақтандырып намысты табанды болуға батыл болуға үндейді. Исі қазақ елім деген ерлерінің жүрегіне шоқ болып түсіп, кейінгі ұрпақты білім алуға талпындырып, ел ішінде кеңінен тараған «Шәкірт ойы» атты өлеңіне барар жолындағы баспалдағы болған жоғарыда аталып өткен өлеңдері екендігі талас тудырмаса керек. Оның сол өлеңдерімен таныс оқырмандары ақынның шәкірт ойындағы алаң арманын, қисынды қиялын түсіністікпен қабыл алды.

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда, кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кірермін.
Еңбек, бейнет тарауы
Рахатқа сарқылар.
Қыздырып күннің қарауы,-
Надандық теңізі тартылар.
Орны отайып көгерер,
Қызығын жайлап ел көрер.
Тұрмыс тағдыр бірі де
Бұл мақсұттан бұра алмас.
Қаһарман Рустем, Әлі де
Бұрам деп жолда тұра алмас.
Сыланған жардың күлісі,
Алдандырмас бірісі.

Ал «өмірімнің уәдесі» оның жоғарыдағы асқақ арманына жетудің бағдарламасы десе болғандай. Мұнда ол:

Оллаһи! Ант етемін Алла атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен.
История, География пәнді білмей,
Оллаһи, тірі болып жүрмеспін мен.
Келгенше осыларды отыз жасқа,
Иншалла, бәрін түгел ұғам басқа
Отыз жасқа келгенше ұға алмасам,
Жер жұтсын мәз болмаймын ішер асқа.
Сенемін, еңбек қылсам, бақыт жақын,
Келер жаз атақты алам деген «ақын».
Жүректің қазынасы тазартылса,
Пайдасын көрер әлі-ақ туған халқым.

Өзіне деген сенім әр жолынан мен мұндалап, алдына зор мақсат қойып отырған ақын бұл өлеңінде де оқу, білім алу мәселесін алдыңғы кезекке қойған.

Сонымен қатар ақынның Алла атымен ант етуі, орыс тілін, история, географияпәндерін білмей «Оллаһи тірі болып жүрмеспін» деуі, оқып білім алсақ-ау деп армандап жүрген шәкірттерге, жалпы, қазақ қауымына ой салғаны хақ. Оқудағы басты мақсаты шен алып, шекпен кию емес. Күні ертең туған халқына пайдасын тигізсем деген мүддеден бастау алатынын ашып айтуы, бір жағынан, алдағы мақсатын ашып көрсету болса, сол арқылы білім алу жолында жүрген жастарға ой салу екені сөзсіз. Міне, осылай «ә» дегеннен-ақ сол тұстағы қазақ қауымын өршіл өлеңдерімен селт еткізіп, өзіне назар аудартқан.

Сұлтанмахмұт Торайғыров кім, қай асылдың сынығы, қай жібектің қиығы?.. Енді соған аз-кем тоқтала кетейік.

Сұлтанмахмұт 1893 жылы 29 қазанда бір кездегі Көкшетау облысының Қызыл ту ауданында өмірге келген. Ол арғын алты Алашқа аты мәлім, Едіге бидің қарадан шығып хан болған Шоң мен Торайғыр билердің тұяғы Шоқпыттың (Бекеттің) бел баласы. Үш жасында анасы Зұфин өмірден озады. Шоқпыт Баянауылға көшіп келеді Сұлтанмахмұт осында өсіп ержетеді. Әкесі оны алғашқыда өзі үйде оқытып, әріп танытады. Болашақ ақынның мұнан кейінгі жерде кімдерден оқып білім алғандығы жоғарыдағы ақынның өлеңінде келтірілді. Бұған қосарымыз, 1911 жылы Нұрғали мұғалімнен оқыған. Білім алмақ мақсатпен Троицкіде, Семейде, Томскіде орта мектептің даярлық курсынан өтеді. Қайда барса да жоқшылық шіркіннің шырмауынан шыға алмайды. Жиі-жиі оқуын үзіп, қаражат табу үшін бала оқытуға жалданады. Семейден Қатон Қарағайға кетуі туралы Сұлтанмахмұт: «Қатон Қарағайға кетемін, ызаға шыдамадым, ең шыны, күн көру үшін кеттім. Қолымдағы қаражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жететін болды. Семей қанша айтқанмен қалалы сынды жер ғой, онда кем көрініп жүргенше, қазақ арасына кетейін деп ойладым», –дейді.

Бұл 1916 жыл. Ақынның өмірі мен шығармашылығын алғаш және нәтижелі зерттеушілердің бірі, филология ғылымның докторы, профессор Бейсенбай Кенжебаев: «Сұлтанмахмұт 1916 жылдың күзіне дейін Қатон Қарағай,Зайсан жағында болып, бала оқытады. Сәті түсіп мүмкіндік туған жерде оқытушы жалдап орысша оқиды...

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1916 жылдың күзінде Томскіге барып курсқа түседі. Орта мектепке даярланады», –деп жазады. Осы орайда Е.Букетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры З.Жұмағали аға профессор Б.Кенжебаевтың монографиясында М.Әуезовтың аузынан естіген бір кішкене естелік берілгенін айтады. Ол: «Сұлтанмахмұт 1916 жылы Қатон Қарағай жағынан қайтып, Томскіге оқуға кетерде біраз уақыт Семейде тұрады. Осы орайда Семейде қазақ оқығандарының бір жиналысы болып, онда июнь жарлығы туралы

мәселе қаралады. Жиналыстан кейін Алашорда басшыларының бірі болған Халел Ғаббасов: « «Қазақ газеті» сілтеген бағыт бойынша патшаның жарлығына қарсы болмау керек, майданға жігіт беру керек»,- деді.

Сұлтанмахмұт шығып, Халелге қарсы сөйледі. «Майданға жігіт бермеу керек, ел көтерілгелі отыр. Сендер кері тартпаңдар», –деді. Сонда Халел Сұлтанмахмұтқа қатты кейіді, ұрсып тастады. Сұлтанмахмұт тұрып: «Сен сияқты сарыала түйме таққан төренің қазақ елін сатқаны бір бұл емес. Бұрынғыны аз деп сен тағы да сатқалы отырсың ғой, – деді.

Қалың оқырман назарынан қаға берісте қалып келген Бейсекеңнің ғылыми монографиясын да Задан ағаның өзінің «Екі поэмаға жаңа пікір» атты мақаласында сілтеме жасап, М. Әуезовтің естелігін келтіруі Сұлтанмахмұт шығармашылығын қадір тұтатын қалың оқырман үшін баға жетпес сый болғаны талассыз. Ал Халел Ғаббасовпен жүз шайысып, сөзге келіп қалуын жастық қызбалық болғанын ақынның өзі уақыт өте келе түсінген сыңайлы. Өзінің таныстыру атты поэмасында Х.Ғаббасов туралы:

«Пырызып» себебінен білді халық,
Толқығанды тоқтатқан ақыл салып.
Ығын-шығын қырғыннан өз үйезін.
Қалды ғой ақылымен аман алып, –дейді.

Мұны зерттеуші З.Жұмағали «Ғалел Ғаббасұлынан кешірім өтінуі десе болғандай» деп бағалаған екен. Оған біздің алып қосарымыз жоқ. 1917 жылы март айында Ресейде февраль Революциясы болып, уақытша үкімет орнады. Осы буржуазиялық -демократиялық төңкеріс тұсында Сұлтанмахмұт:

Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған.
Қанымызға тоймаған,
Өшті залым қорасы, – деп шабыттана жырлады. Патшаның тақтан құлауы әділдік әлеміне есік ашады деп сенді. Өз ойын мұнан әрі:
Бұл мысалдың мәнісін ұға алсаң сен
Келген заман бостандық жаңбырмен тең.
Жаңбырдан соң көгерген Сарыарқадай,
Бостандықтың күшімен көгерсін ел, – деп нақтылай түседі. Сол көгеріп көктеген елдің ортасында болуды өзінің азаматтық парызым деп санаған ақын Семейге ат басын тірейді. Жалғыз Сұлтанмахмұт қана емес, Семейдегі қазақ оқығандары қанау тонау теңсіздіктің атымен жойылатынына имандай сенген еді.

Істің басқаша бағытталғанын көрген ақын 1918 жылдың июнь айында емделмек боп Баянауылға кетеді. Баянға келген жерде ешқандай қызметке араласпай емделді. Шығармаларын жазып, орайы келгенде сабақ беріп, мұғалім болып жұмыс істеді. 1919 жылы желтоқсанда Колчак үкіметі құлап, бұдан былайғы жерде Павлодарда Баянауылда Совет үкіметі орнайды. Міне, осы тұста уездік ревком бастығы Жигарев Сұлтанмахмұт Торайғыровты Шідерті болысына ревкомның бастығы етіп тағайындайды. Мұнда ревкомның бастығы болып екі-үш ай істегеннен кейін, Сұлтанмахмұт төсек тартып, ауырып жатып қалады. 1920 жылы 21мамыр күні 27 жасында дүние салды.

Бейсембай Кенжебаев оны әдебиеттің әр жанрында жазатын қабілетті, талантты ақын-жазушы, ғажап ақыл-ойшы қиыншылықпен өткен қысқа өмірі ішінде 110-дай өлең 5-6 поэма, 2 роман,7-8 мақала, очерк, әңгіме жазғанын атап көрсетеді.

Тәуелсіздік таңы атқанға дейін «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары ғана арагідік әр түрлі басылымдарда «Айтыс», «Таныстыру» атты поэмаларының аты аталып кетті.

Ақын бұл шығармаларын 1920 жылдың алғашқы айларында бастаған. Бұл поэмаларын сырқаты меңдеп, аяқтай алмады делінетін («Жаңа Сарыарқа» журналы, 2.2006ж.). Ақыры, сандаған жылдар бойы архивтерде сары тап болып жатқан ақынның бұл шығармаларыда қалың оқырманның қолына тиді-ау.

Таныстыруда: Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов:

Білемін бұл үш ердің айтқан жайын
Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын.

Қазақты жарқын болашаққа бастап, қамаудан құтқарған дүниежүзі пролетариаттарының көсемі Ленин, барлық халықтардың әкесі Сталин, былай қалып, қайдағы бір алашордашыл, ұлтшыл Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейхановтардың кешегі қара күнде қазақтың бірі – күн, бірі – шолпан, бірі– айы болуы сол қазақ үшін жүрек майларын шам қылулары марксизм, ленинизм идеясына негізделген социалистік реализммен үш қайнаса сорпасы қосылама. Кеңес өкіметі кезінде «Таныстырудың» сол сияқты «Айтыстың» жарық көрмеуінің қалың оқырманға жетпеуінің басты себебі осы болса керек.

«Таныстыру» мен «Айтыс» ақынның өзге поэмалары сияқты сюжетке құрылмаған, лирикалық, философиялық дүниелер. (З. Жұмағали)

Қала ақыны:

Сен кімсің семіз, толық тән жағынан,
Өгіздей бар шығарсың әл жағынан.

Көрінген көрінегіңнен, жүрісіңнен.
Топастығың білінген әр жағынан.

Дала ақыны:

Мен қазақ қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға алаш деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын, –

деп жауап береді. Сөйтіп қала ақынының: «Сен кімсің?» – деп кісімсіне қойған сауалына: «Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын», –дей келіп ұранының алаш екенін, өзінің қазақ екенін, қазақ өмірін сүйетінін зор мақтаныш ете келіп: «Мен неге қазақтықтан сақтанамын?» –деп сауал тастайды. Ақынның осы өлеңін оқыған сайын бұл күнде өз ана тілін ұмытып, қазақпын деуге арланатын кейбір жастарымыздың арсыздығы, мәңгірттігі ойға оралады.

Қала ақыны:

Қазақта не бар еді сүйетіндей,
Кетуіне қайғырып күйетіндей.
Сөйлеші кәне маған не бар еді,
Соншама жүрек сүйіп кететіндей.

Дала ақыны:

Сүйдіріп жүрегімді тартқан менің,
Сарыарқа сары дала туған жерім.
Көк Күмбездің астында көк мосты,
Сәулемен алтындаған сары белім.

Поэманы **о**қыған сайын оқырманын баурап, бұдан әрі жырдың қалай өрбитіндігіне ынтықтырады. Ақынның сөз қолданысы тәнті етеді. Көрінген көрнегіңнен топастығың білінген әр жағынан... Көк күмбездің астында көк масаты, сәулемен алтынданған сары белім «Айтыстың» өн бойында көркем тілмен өрнектелген келісті сурет дерліктей сұлу тармақтармен қыздың жиған жүгіндей сұлу шумақтар мен жетерлік. Енді Айтыста сөз болатын жайларға аздап тоқталайық.

Байлар туралы

Нашарға көшсе көлік, қонса тамақ,
Бәріне де жарқын жүз, түзу қабақ.
Не берсе нашарлығы үшін берер.
Қызмет қыл деп отырмас тиын санап...
... Болады қазақ малын ортақ деуге,
Бізде жоқ жамбасынан жатып жеуде.
Кедейдің еңбегін жеп миллионер боп
«Мен сенің құдайың» деп қағып кеуде.

Осылай дей отырып қаладан қазағыма мінез жұғып кетеме деп қорқатынын жасырмайды.

Ол мінез:

Алдау, арбау сатқындық, зорлық,
қорлық екені мәлім.

Онан әрі дала ақыны:

Даламның мен бек пен ханым,
Ел үшін аямайтын шыбын жанын.
...Сағынам билерімді кең ақынды,
Арамға жегізбейтін-ақ мақұлды.
Құдай өзін туғызған іштен би ғып,
Білмейтін төре айтқанда жат жақынды.

Ал батырлар туралы:

Жатқа алаштың бермеген жалғыз тайын ,
Дос-дұшпанға танытқан алаш жайын...
Ел үшін қартайғанша аттан түспей,
Бір күні бел шешініп тамақ ішпей.
Диуана ишан қожалар туралы
Даламның қандай еді абыздары,
Диуана,Ишан, Қожа, Ғазиздары.
Құдайға жақын жан деп ұғылатын,
Көп ауруға ем болған лебіздері.

Сонымен дала ақындарын:

Даламның ақындарын айтсам сізге,
Үлгіге сөз патшасын содан ізде.

Миға тамақ жүрекке сусын беріп,
Даңқы кеткен ақын көп бұл үш жүзде.

Ислам дінін әлеміне жеткізе толғай келіп, ана тілі туралы:

Сүйемін туған тілі – ана тілім,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутімнен,
Құлағыма сіңірген таныс үнін – деп тебірене толқи жырлайды.

Сол қазақтың басына күн туған кезеңдер ақын назарынан әсте тыс қалмайды. Зобалаңы көп кесірлі сол бір кезеңдерді ақын қазаққа белгілі, тұлғалардың «Тұсы» деген сөзді қолдану арқылы бедерлейді.

Мәселен:

Бұқар тұсы қазақтың бүлінгені,
Күн батыстан суық жел көрінгені, –

дей келіп Бұқар жырау жырымен:

Жаяулап келер жұртыңа,
Болды май жағар мұртыңа.
Сұрамай алар жаныңды,
Бауыздамай ішер қаныңды.
Есепке салар малыңды,
Солдат қылар ұлыңнан
Көрерсің әлі құлыңнан, – деп келмеске құты ұшып жеңілгені.
Абай тұсы халықтың бұзылғаны,
Қаралыққа айналып қызыл қаны.
Ақ пейіл бауырмалдық қалпы кетіп,
« Желбуаз», «Сұрқия» боп қызыққаны...
«Маса» Тұсы елдігін қазақ жойған,
Ұмытқан «елдік» деген сөзді қойған.

Іргелі ел қазақ жұртының ата-салтынан сан ғасырлар бойы айбарындай болған жаным арымның садағасы атты ұстанымнан аталған үш кезеңде қалай айрылғанын Дала ақыны күйзеле күңірене сөз етеді.

Даламда бар ұят әм Құдай деген,
Жауыздарға бір жаза бар деп сенем.
Қаладай жүгенсіз боп адам-мақұлық,
«Закон» әлсізді күшті жеген...

Қала ақыны

Қазақтың күншілдігін біреудің мінін қаза сөйлегендерді мынау нағыз адам ғой дейтін нақыштығын сөзге ергіштігін бірліксіз алтыбақан өңкей надан, өнер білімнен мақырұмдығын ашып айтады.

Сендерде ғалым бар ма өнер бар ма,
Әлі күнге әр істе дейсің «Алла»
Бір қадам бастыра ма сендерді алға,
Басқа ғылым тарауы былай тұрсын.
Бір кісі хат танима бір мың жанда деп келіп:
Тіпті азғана қаламнан оқығаным,
«Біледі» деуге болмайды ойын бәрін.
Тікбақай көбі ел жегіш, бұзылғандар,
Болмаса бірең-саран бірлі жарым оқыды.

Білім алды деп жүргендердің көбі мақтан қуып, жөні түзу білім алып шықпағандарын

«Штаю, писаюды» білгендердің
Қазаққа көріп жүрмін не қылғанын,–

деп ащы болса шындықтың бетін шиедей қылып ашып тастайды. «Айтыста» мұндай тартысты тұстар көп. оның бәрін тізбелей берудің қажеті де бола қоймас.

Біздің айтпағымыз, Сұлтанмахмұт Торайғыров ірі сыншы, реалист ақын ретінде Қала мен Дала ақынын айтыстыру арқылы қазақ өмірінде орын алып отырған кереғарлықты шебер бейнелеген.

Біз бұл арада: «Сұлтанмахмұт сынды өз дәуірінің ақиқатын мейлінше толық әрі көркем сипаттай алған аса көрнекті суреткер», – деген Ғалым Рахманқұл Бердібаевтың талассыз тұжырымына арқа сүйеп отырмыз. «Қалай болған күнде де, Сұлтанмахмұт творчествасын Бейсекеңнен асырып әлі күнге дейін ешкім де талдай алмай келе жатқаны анық...» (Р.Бердібаев). Бұл да талас тудырмайтын шындық. Ұзақ уақыт осындай жағдайдың орын алғаны хақ, соңғы бес-алты жылдың бедерінде ақын шығармашылығын оң көзбен қарап, жаңашырлық тұрғысында оң пікір білдіру байқалады. Есенбай Дүйсенбайұлы С.Торайғыровтың Алматыдағы «Раритет» баспасынан 2007 жылы шыққан «Сарыарқаның жаңбыры» атты өлеңдер мен дастандар жинағына жазған «Ұлтына ұл болу – ұлылық» атты беташар мақаласында: «Сұлтанмахмұт заманы әлеуметтік қатынастар қайшылығы әбден шиеленіскен дәуір еді. Сол себепті С.Торайғыров көптеген өлеңдерінде әлеумет мәселесін көтеруге келгенде, Абайдан да тіпті Міржақып, Ахметтен де ілгері кетті деп айта аламыз».

«Адасқан өмір», «Кедей» секілді шығармаларды Тек қана қазақ поэзиясының қарқарасы деу аздық етеді, Әлем әдебиетінің асылы саналатын «Фауст», «Құдіретті комедия», «Адасқан өмірдің» атқосшылығына жарамай қалуы мүмкін. Өкінерлік жері, тек осы туынды ғана емес, жалпы Сұлтанмахмұт шығармашылығында астаса өріліп отыратын философиялық ағыстар сыр сипаты зерделене зерттелінбей, анық-қанық ашылмай жатыр.

Иә, «анық-қанықтың» ашылуына әлі де біраз уақыттан да бұрын шындықты айтуға шімірікпейтін шынайы ғалым керек болар.

Сұлтанмахмұт:

Ел үшін еңбек етсең халқың сүймек,
«Біз үшін отқа суға түсіп» жүр деп.
Ер өлсе де еңбегін ел өшірмес,

Неше мың жыл өтсе де тарих білмек, – деген екен. Мұның солай болатына көңіл кәміл сенеді. Ақын жырлары өзі сүйген халқымен бірге мәңгілік жасай бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 С.Торайғыров «Сарыарқаның жаңбыры» «Жазушы.»1987ж бірінші, екінші кітап
2 «Жаңа Сарыарқа» журналы З.Жұмағалиев «Екі поэмаға жаңа пікір» 2/2006
3 «Найзатас» журналы №1 2012ж. «Дала мен қала ақындарының айтысы»
4 Бейсенбай Кенжебаев «Әдебиет белестері» «Жазушы»1986ж.
5 С.Торайғыров «Сарыарқаның жаңбыры» Алматы «Раритет» 2007 ж.

ӘОЖ 882.151.212.2

ТАНЫМ БӘРІ ДЕ ИШЕКЕМНЕН БІР АСПАДЫ...

С. БАЯЗИТОВ
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Баянауыл ауданы

Кезінде Мұхтар Әуезов: «Рас, өткен күннің әдебиеті біздің сүюімізді тілемейді, жек көруімізбен жоғалып та кетпейді. Ауыз әдебиетінің түрлерін білу, бетін ұғу-біздің өзіміз үшін керек»,- деген екен. Ал осы шындықты одан сандаған жылдар бұрын жан- дүниесімен сезініп білген, ауыз әдебиеті үлгілерін қағазға түсірген зерттеушілер аз болмаған. Тек олардан Мәшһүр Жүсіптің бір ерекшелігі- ол ел аузындағы үлгілерді жазып алумен шектелмеген. Оны дамытуға өзіндік үлес қосқан. Бұл әсіресе ақын зерттеушінің ауыз әдебиеті үлгілерінің бір түрі- жоқтау жанрына қатысты. Осы орайда филология ғылымдарының докторы Сәрсенбі Дәуітұлы мырза: «Халық қазынасын жинаушының қолжазбасында «жоқтау » да біршама орын алған»,- дейді. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіптің төл шығармаларының арасында жоқтау өлеңдері аз кездеспейді. 2003 жылы Павлодар қаласындағы «ЭКО» баспасынан жарық көрген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының I томындағы жоқтаулар бөліміндегі «Исабек ишан», « Мұса Шормануұлы», «Тайшық Ноғайұлы», «Хұсайын Боштайұлы», «Камариден Хазірет» атты жоқтаулары бұған айғақ. Бұл аты аталған адамдардың қай-қайсысы болмасын өздері өмір сүрген кезеңдегі қазақ жұртының ел таныған елеулі тұлғалары. Солардың бірі- Исабек ишан. Мәшһүр:

Бісмілла, сөз бастайын асыл тектен,
Түскендей асыл еді-ау аспан көктен!

Сөз басында-ақ Исабек ишанның аспан көктен түскендей асылдығын алға тарта отырып:

Өзі-ишан жұрт бастаған, заты – қожа,
Сейітзада нәсілі сондай таза.
Әр түрлі қасиеті еске түсіп,
Қайғымен қапаланып болдым наза.
Пір болып кереметлі жұрт бастаған,
Заманында өзінен жан аспаған.
«Мен, мен!» деген ишандар: «Тақсыр-ай» -деп,
Ешбірі хылап тауып таласпаған.
Шариғаттың жолынан адаспаған,
Дін тұтпаған наданға жанаспаған.
Қырмызы қызыл жібек сықылданып,
Қай мінезі бар еді жараспаған?!
Мәшһүр жоқтағанда мұнын әрі оны:
«Өнер алды-қызыл тіл» - шешенім- ай!
Жылжыған жорғалайын көшелім- ай!
«Абылай аспас сара бел»- Сүйіндікке
Пір болып үлгі шашқан көсемім –ай! –дей отырып:

Шораның Баязит бастасындай
Һайбатының Рустем дастанындай
Мысалы су хайбатының бек ләззәтлі,
Гүл райхан Бағирамның бостанындай.

Дей келіп, райбатын, әділдігін, шыншылдығын, жомарттығын Әділ Омарға, Әбубәкір Сыдықсахаба Садуақасқа теңейді.

Сүннатын пайғамбардың мағхам тұтқан,
Көнеки, кім бар еді сонан басқа-ай!

Деп сауал тастай отырып, оның сөйлеген әрбір санғылым, хикмет екендігін айта келіп, Исабек ишанның шыққан тегіне тоқталады. Осы орайда зерттеуші ғалым Сәрсенбі Дәуітов: «Халықтың дәстүрі бойынша «өлім көркі жыламақ, ойын көркі жырламақ» - жоқтау адамның кісілігін, ірілігін, парасаттылығын көрсететін жанр»,- деген пайымы ойға оралады. Мәшһүр Жүсіп:

Ықылас берген адамды
Артық күткен ата-анадан
Ол артық тәрбие еткен...
Тон болған тоңдырмайтын жалаңашқа,
Шариғаттық жолынан адаспаған,
Дін тұтпаған наданға жанаспаған.
Жасынан артық болған алапаты,
Мың сан жанға жеткендей шарапаты,- деген жолдар оның кісілігін, ізгілігін, парасаттылығының айғағы емес пе?!

Біз былай дегенде Мәшһүр Жүсіп жоқтауды әдебиет жанры ретінде таныған екен, оған қойылатын талаптарды білген екен деген ұшқары ойдан аулақпыз. Тәнірім өлшеусіз талант берген Мәшһүр Жүсіптің қалам қарымына сүйсінгенімізді және жасыра алмадық.

Шам сөніп, болды дүние- қараңғы үйдей,
Кеттің ғой бір сүртуге көзге тимей.
Паналап барар жан жоқ жан жағымда,
Тұрайын бұл жоқтыққа қайтып күймей?!
Шының ба, бұл кеткенің жалғаның ба,
Қара күн кейінгіге салғаның ба?!

Осы бір жолдардан қазаның санаулы адамдарға ғана емес, қалың қазақ жұртына қаншалықты ауыр екенін іштей ұғасың. Қараңғы үйде қарманған жарық сәулеге ұмтылған жандар.Панасыз қалған жандардың қайғы-қасіреті, күйігі, қаралы күндегі жан күйзелісі асқан шеберлікпен берілген. Сондықтан да болар жоқтауды оқу үстінде тебіренбеу, күйзелмеу мүмкін емес сияқты көрінеді.

Айырылып дұғагөйден құтың қашып,
Сарыарқа – сары дала , шөл болдың ғой!

Дей келіп, Исабек ишаннан бұрын арқаға табаны тиген біраз ишандар мен мүридтерді санамалап келіп:

Қанша ишан, қанша мүрид шықса-дағы,
Бәрі де Ишекемнен бір аспады!
Бола ма заты қара таза тектей,
Бәрінен озып шыққан баса көктей.
Енді бізге табылмас сондай ғазиз,
Хазіреті ишан дұғагөй Исабектей! -деп түйіндейді. Аттарын атаған ишандардың әрқайсысына лайықты бағаларын береді. Барды бар, жоқты жоқ дейтін ақын әділдігін:

Дұға гөй кемиді ғой әрбір жайда,
Кешегі Сейітқожадай қожа қайда?!
Ишан бар: өзі қажы Бесммұхамед,
Демесең қара қазақ ел- Алтайда- деген жолдардан айқын аңғаруға болады.

«Исабек ишан» жоқтауы ғазиз жанға ақын қолымен жазылған теңдесі жоқ ескерткіш болумен қатар ел, жер тарихын, қазақтың сол тұстағы ірі тұлғалары жөнінде дәйекті дерек көзі екендігі талассыз.

Осы өлең туралы ғалым А. Қ. Тұрышев өзінің «Мәшһүр Жүсіп шығармаларының этном әдеби аспектісі» атты монографиясында: «Бұл жоқтау өлең өмір шындығын бір ғана лирикалық қаһарман сезімін бейнелеп, лирикалық жанрлық мүмкіндігін адами қасиеттерінің көкжиегін жаратумен, арттырумен құнды», -деп атап көрсетеді.

Қорытып айтқанда, біз сөз етіп отырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын баспаға әзірлеп құрастырып, ғылыми түсініктеме берушілер филология ғылымдарының кандидаты Ертай Қуандықұлы Жүсіпов: « Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Исабек ишан» жоқтауы XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ өлеңдерінің саф алтын үлгісінің бірі»,- деген. Шығармада ел үйтқысы болған ірі тұлға Исабек бейнесі мүсінделумен қатар, қазақ тарихына, тұрмысына қатысты көп құнды материалдар жинақталған.Бұған, меніңше, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қаламынан туған «Мұса Шормануұлы», «Қамаралдин хазіретке» атты жоқтаулары да осы санатқа қосылатын бағалы дүниелер.

Мәшһүр Жүсіптің Қамаралдин хазіретті жоқтауы

Кіші жүз Бөкей елінің ұланы Қамаралдин хазірет Мәшһүр Жүсіптің:

Мерғараб сабақ оқып Көкалдаштан,
Ғылыммен біте қайнап бала жастан.
Бұхарай шәріфте мәшһүр болып,
Замандас, бастасына болған дастан.

– деп жазысына қарағанда, әу бастан- ақ аты аңызға айналып, сөзінің мол білімі, биік парасаты арқасында қайда барса да сол ортада ойып орын алғаны байқалады. Оны Мәшһүр Жүсіптің:

Әуелі келіп тоқтаған Қоңырқұлжа,
Әр жұртқа ғылым шашып, салған жолға (олжа)...
Онан соң тұрған жері- Қыпшақ: Ыбырай,
Ғылымнан артық нәсіп берген құдай.
Советник Тұрлыбектің тірісінде
Неше жыл тұрған мұнда бірнеше ай.
Жиылып сабақ алған Керей біткен,
Атығай, Қарауыл боп құрмет еткен.
Қанжығалы, Қыпшақ пен Қуандыққа,
Он екі пән ғылымнан дін үйреткен, – деген өлең жолдарынан айқын аңғаруға болады. «Ишан бар:өзі қажы Бесмұхаммед, демесең қара қазақ ел-Алтайда» десе сөз болып отырған жоқтауда:

Исі қазақ, үш жүздің баласында
Заманында молда жоқ мұнан асқан, –деп.

«Қара қазақ исі қазақ» – дегенде ақын әдетте ислам дінін қазақ қырында насихаттаушылардың бастау кезінде қожалардың тұрғанын меңзейді де сөйте тұра қазақ топырағында кіндік кесіп, кір жуып, терең білім алып, ислам дінінің насихатшысы айналған ел танығаң, төл білімі даралымы, мақтан тұтатыны айқын аңғарылатындай. Сол сынды ғұламаның Баян жеріне келіп орналасуына, ислам дінінің ұрығын шашуы сабақ болған Мұса мырзаға қанша дұға қылсақ аз сондай ерге- деуінің өзіндік себебі де жоқ емес. Оны Мәшһүрдің:

Ғалым жоқ мұнан асқан Қараөткелде,
Атбасар, Көкшетау мен қалың елде...
Бір дуан оңтүстікте Қарқаралы,
Бар ма, айтшы, мұндай ғалым онда, кәні?!
Павлодар, күн шығыста Кереку бар,
Бес қадам әр жерінде молдалар бар.
Семей бар, илиада Ертіс басы,
Өскемен таяу тұрған оның қасы.
Болмаған оларда да мұндай ғалым,
Дария еді түпсіз терең жоқ шамасы,- деген сынды өлең жолдары айғақтай түседі. Ал сонымен қатар діннің таралу тарихын зерттеушілерге тапсырмас мағлұмат беретін осы өлең жолдарын да Қамаралдин хазіреттің білімдарлығы діни тұлға ретіндегі өлеңдерінде азаматтың кескін-келбетін даралайды.

Омбыда екі бастан молда жоқ- ты,
Айтпайды ғалым бар деп онда тіпті.
Ахон бар, Ғабдал,-бәрі Қызылжарда
О дағы бұл кісіні: «Артық!» -депті.

Міне осындай жанның сегіз болыс Сүйіндік баласын дін көусарынан сусындатуы Мәшһүр Жүсіпті ерекше шаттыққа бөлегені байқалады. Қызылжарда жатқан Ғабдал бәрі Ахонның хазіретті «Артық» -деуі, мойындауы біріне бірі ит айтақтап, құс салып жүрген біздің замандастарымыз үшін асқан ерлік, үлгі болар жан ғой.

Мәшһүр Жүсіптің бұл шығармаларынан жалғыз діндарлар емес, жалпы жұрт қолына қалам ұстау, ой толғаушы қаламгерлер үлгі алса, құба-құп, олай дейтінім шамамызды білмей шалқып, аз ғана дін деп сауатын көпке балап өздерін шариғат шегесі, тұтқасы санап жүрген молдалар да, менен асқан ақын жоқ деп керемсоқтыққа салынған жазушылар да арамызда баршылық қой. Солар Мәшһүрдің:

Құдайдың бар жаратқан қазынасында,
Ғылымнан ешбір нәрсе емес артық .
Немесе өзі туралы:
Сықылды шикі тері жетпей иім,
Көңілім бар секілденген жыртық киім

– деген өлең жолдарына көз салып, ой жүгіртсе, ғылымның, білімдарлықтың, қарапайымдылықтың шынайы бағасын ұғынар ма еді.

Кезінде ұлы Абайдың:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма
Қолымды мерзімінен кеш сермедім.

Бұл махрұм қалғаныма кім жазалы
Қолымды дөп сермесем өстер ме едім?!

Мәшһүрдің:

Кетіппін кейін қайтіп, келіп таяп
Шайнап дәмін ала алмай қалдым жалап.

«Болатұғын бала еді, болмай қалды – деп, тақсыр ренжіген сол мені аяп - дегендегі қос ақынның жан күйзелісін айқын түсінер ме едің?!

Абай жасында білім ала алмай қалғанына өкінсе, Мәшһүр Жүсіп табылғанның бәрінен қапы қалғандығын айта келіп,

«Менің жоқ, ойлап түрсам оңар жерім»,-деп өкінішін ақтарады. Сөйтіп Мәшһүр Жүсіп ел ардағының орны толмас қазасына арнаған жоқтауларында марқұмдардың елден ерек асыл қасиеттерін сөз ете отырып, адамгершілік, құдайға құлшылық қағидаларымен қатар ғылым, білім, адалдық мәселелеріне ерекше тоқталып, тәрбиелік өмірлік мәні зор туындыларды қалдырған. Қазақ үшін аса құдіретті өлең сөздің көкжиегін кеңейтіп, марқұмдарға өлмес, өшпес ескерткіш орнатқан.

ӘОЖ 882.151.212.2

ДАРА ҚҰБЫЛЫС

С. БАЯЗИТОВ
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Баянауыл ауданы

Сермұхаммед ақсақалдың кенжесі Көпей (Көпжасар) әр сыбағадан кемдік көре берген соң, шөлмек мың күн сынбайдының кері келіп, бір- ақ күнде ағайын-туғанын, туған үйін артқа тастап, бүйтіп ағайынға көз түрткі болғанша, алыс жерге барып оқу оқиын деген оймен Қызылжар қаласынан бір-ақ шығады. Көп ұзамай осындағы медресенің біріне кіріп, молдадан сабақ ала бастайды. Тек аяқ астында ауырып, төсек тартып қалады. 4-5 ай емделіп жазылады. Мұнан әрі оқу жайына қалып, Ахметжәудір деген ноғайға қара малайлыққа жалданады. Бірте-бірте өзін адалдығымен, орындағыштығымен танытқан Көпейді енді Ахметжәудір өзімен бірге Бұхар, Ташкент, Түркістан сияқты қалаларға ала жүреді, сауда ісіне үйретеді. Ерден иман құтылған ба, Көпей аз уақытта-ақ сауданың қыры-сырын меңгеріп алады. Енді ол аты белгілі саудагерлермен қатарласа бастайды. Тек осы кәсіп бірде оның өміріне елеулі қауіп туғызды. Ол тұста қазақ пен сарттың арасы желді күнгі өрттей өрлеп, өштік, қастық кең етек жайылған. Бірін-бірі өлтіру, талап алу әдетке айналған еді. Бірде Ташкент, Түркістан арасында бұларды сарттың ақ әскері тоқтатады. Неге екені белгісіз ақ жалаудың басшысы бірден: «Араларында қазақ Көпей деген саудагер бар, соны менің алдыма алып келіңдер. Өзін өлтіріп, жүгін талаймыз»,- деп тепсінеді. Іле Ахметжәудірді айбалтаның сыртымен бірнеше рет салып қалып, қылышын тамағына таяп:

–Қане, сен маған қазақ Көпей саудагерді тауып бер жылдам. Сен оны білесің, айтпасаң, өзіңді бауыздаймын, – деп ақырады.

–Бар болса, өзің тауып ал. Олар қанша қараса да, Көпейді таба алмайды. Оның үстіне әйел киімін киіндіріп,басына парик салғызып, түйеге мінгізіп қойған еді. Жаулықтан шашы бұрқырап шығып тұрғанын көріп жөндеріне кетіпті. Осы бір оқиға осы жылдарда Көпейдің қимас досына айналған Ахметжәудірге де ой салғаны анық еді. Ол ағайын-туғандарымен табыссам деген Көпей тілегін қабылдамай жүре тұр дейтін еді. Ақыр соңында, «Күндердің күнінде ақ жаулықтардың қолынан қаза тапсаң, өкініші кетпес, аманыңда еліңе қайт», – деп рұхсат беріп, мол қаражат-дүниемен шығарып салды.

«Адамның басы – Алланың добы» деген осы болса керек. Бұдан жиырма екі жыл бұрын 18 жасында салт басты, сабау қамшылы кезінде Қызылжарға аттанған Көпей үйлі -баранды болып, алдына қыруар мал салып, әулиелі Қызылтауға қайтып оралады.

1858 жылы қой жылы жұма күні бесін уақытында ежелден-ақ әулиелі Қызылтау аталған жерде Көпей шаңырағында бір сәби өмір есігін ашады. Оған азан шақырылып Адам Жүсіп деген ат қойылады. Өмірінің осы бір елеулі шағын Жүсіп былайша өлеңмен еске алады.

Жасымда қойылған ат Адам-Жүсіп,
Жұрт кеткен сүйгенінен Мәшһүр десіп.
Қолына қағаз қалам алған шақта,
Кетеді қара сөзге желдей есіп.

Бұл сөз ретінде айтылып жатқан жайлар ғой. Негізгі арнамызға қайта ойысар болсақ, Көпей Мәшһүр туғаннан кейін Қызылтауда үш жыл қыстайды. Көпей Күйеушоқыдан үй-қора салдырмақ болады. 100 сиыр, 400 қойды Қараөткел базарына апарып, арзанға сатуға көзі қимай, қайта айдап келіп, қарға салады. Қайықшыға жел қарсының кері келіп, сол жылы малы тауық жұтына ұшырап, Көпей жүгенін ұстап қалады. Ер салар жалғыз аты мен жалғыз сиырдан басқа тігерге тұяғы қалмаған өзекті өртер өкінішті сәтте албырт жастық шағындағы оқысам-ау деген асыл арманы ойына оралады. Бірақ ол заман өтті емес пе. Кенет оның көзі бесігінде уілдеп жатқан Жүсіпке түседі. Адамға мал, дүние жолдас емес, ғылым жолдас екен. Жүсіптің тілі шығып, оқуға әлі келетін күн туса, оқу оқытайын деген берік байламға келеді.

Баяннан Захар Гришков деген қазақ орыстың төрт бөлмелі ағаш үйін сатып алып бұздырады. Мешіт салынады деген жерге жақын тасытып үй тұрғызбақ болады. Тек бұл тұста Көпейдің қалтасында көлденең көк тиыны жоқ еді. Үй салынып біткенше арада екі үш жыл уақыт өте шығады. Бұл тұста басқа барар тауы, басар жері жоқ Көпей Баянға бес шақырым жердегі Қызылағаш, Бұзаубас деген жерлерді қыстайды. Сонда тұрып жатқан жатақтармен қоныстас болады. Кейінірек Мәшекең өмірін сол кезеңін

Жылым қой тауық жылы мен үш жаста
Кәріпшілік бұл жалғанда біздің баста.
Айрылып ел жұртынан көшіп әкем,
Қыстаған Қызылағаш, Бұзаубасқа.
Баянтау қаласында болдым жатақ,
Емес қой жатақ деген-сол жақсы атақ.
Атасы басқа Румен ауылдас боп,
Әртүрлі кішкентайдан көрдік шатақ, – деп өлең жолдарымен бедерлеген. Жүсіп бес жасқа толғанда Көпей оны Баянда тұратын Нәжімиден Хазиретке алып келеді. Онымен келісіп, жататын үйін белгілеп, Жүсіпке сен осы үйде қаласың, осы үйде жатып оқисың,- деп Қызылағашқа бет алады. Осы орайда, Мәшекеңнің мына бір өлеңіне назар аударалық.

Артына мінгестіріп алып келді,
Бес жаста бес шақырым жерге берді.
Ал, әкесі қайтқанда енді үйіне,
Соңынан жүгірмей ме жас бала енді?!
Атамыз дін жолына белін буған,
Бұл Мәшһүр сол секілді ерден туған.
Көшенің қақ басынан қуғанынан
Жеткенше медресеге атпен қуды.
Басқа қамшы тиген соң жаман састым,
Қорғалауға жер тапппай, әлден қаштым.
Медресеге қуып кеп бір-ақ тықты,
Қайтып: «Әкем!»-деместей, амандастым.

Бірақ оқуға өте зерек болады. Оны Жүсіпұлы Жолмұраттың төмендегі мына жазбасы дәлелдейді:

«Нәжімиден Хазірет Мәшһүрді алдына отырғызып «Ағузы бисмилланы» айтқызып көрген жерден әкесі Көпейге айтады:

-А, сопы балаң Бұхарай-Шәріптің баласындай екен. Анау отырған балалардың оқып отырғанын естумен біліп, көрумен танып кететін түрі бар. Бұрынғы ата-бабаларымыз айтқан сөздері бар еді. «Шар кітапта оқысаң, әр кітапты оқисың» деген бұл баланы шар кітаптан бастап жатқа қақсатып қояйын, – деген екен.

Сегіз-тоғыз жасында Қамар Хазіретке шәкірт болады. Қамар Хазірет жас күніңнен Бұхарай-Шәріптен оқып, сан-салалы дін ғылымын меңгерген екен. Омбы облысында «Областной Охан» болып тұрған кезінде дуанбасы Мұса Шорманов Омбының губернаторына біздің Баянаула халқын, дін жолын, дін ғылымын үйрететін жақсы ғалым жоқ дегенді жеткізіп, Қамарды Баянауылға жіберуді сұрайды. Губернатор Мұса Шормановтың бұл тілегін екі етпейді. Тек көшіп келген жылы шәкірт жиналмай, медреседе ол жылы оқу болмайды. Хазірет үш оқушыға сабақ береді. Олардың бірі – Жүсіп, бірі – Құлболды Ишан баласы Фазылмағзұм, енді бірі – Хазіреттің өз баласы еді.

Алғашқы күннен-ақ, ол ақыр соңында, оқысам-ау, білсем-ау деген арман жұдырықтай жүрегін ғылымға деген құштарлық меңдеген талапты балаға тап болғанын аңғарса, бала Жүсіпте оның әр айтқанын қызығып құныға тыңдайды. Тапсырмаларды ұқыпты орындауға тырысады. Шәкірт пен ұстаз арасында түсіністік өз жемісін береді. Хазіреттің Баянға келіп, медреседе сабақ бере бастауы бірте-бірте қалың жұрттың Ислам дініне деген сүйіспеншілігін арттырады. «Ер Тарғын», «Төрт жігіттің өлеңі», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» сынды қиссаларды Хазірет өзімен бірге ала келген еді. Аталған қиссаларды Мәшһүр Жүсіп жазып алып, жатқа айта бастайды. Міне осы жайлардан хабардар болған Мұса мырза Қамар Хазіреттің үйіне келіп, оған сәлем береді. Сөз орайы келгенде, Көпей сопыға Мұса мырза: «Сопы сіздің бір балаңыз әңгімешіл, қиссашыл, өлеңді, қиссаны жақсы оқиды деп естіген едім, сол балаңызды көрсек», – Жүсіпті алдыртады. Тоғыз жасар бала Жүсіп алқалы топқа міне осылай тап болады.

Нұр болғыр жатқан жайың, қайран Мұса,
Балалар, шамаң келсе, маған ұқса (ұса)!
Жазылған хат жүзіне өлеңменен
Қазаққа еш (һеш) болмаған өлең-қисса.
«Тарғын» мен «Қозы көрпеш» шықпай ма енді,
Кім білген оқып бұрын мұндай тілді?!
«Өлеңі төрт жігіттің» - қосақталып,
Хазіреттің үйіменен бірге келді.
Көргеннен оны Мәшһүр жазып алды
Соқтырып жұрт алдына жатқа салды.

Аузынан сілекейі шұбырумен
Тамаша естіген жан аң-таң қалды.
«Сөйле!»-деп,ұмтылып тұр біздің өңеш,
Тілім тағы тақылдақ, көмес емес
«Көпейдің бір баласы қақсап туған»,-
Деп сол күн жұрт аузында болдым кеңес.
Бес жаста қалам ұстап жаздым хатты,
Сегізден тоғызға аяқ басқан шақта
Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр»-атты.

Тек мұнан кейінгі жерде ҚамарХазіретті Мұстафа болыс, Мұса дуанбасы өз қолдарына көшіріп алады.

Ендігі жерде Жүсіпті оқытуға Хазіреттің қолы тимейді. Сол ауылдағы Жүніс молданың білімінің саяз екенін бетіне басқан Мәшһүрекең онымен тіл табыса алмайды.

1870 жылдан бастап Қамар Хазіретте Көпей сопы да Баянауылда тұрақтап тұрады. Сөйтіп Мәшһүр Жүсіп Қамар Хазіреттен 7 жыл білім алады. Он бес жасқа келгенде, ақындыққа бет бұрады.

Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты «Не қыласың,-дейді, -таста!»
Дегенмен , қоя алмадым үйренген соң,
Сотым жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.
Шүкірлік, бергеніне, Құдай патша,
Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде
Кеудеме өлең толды:сызған хатша!

1874 жылы сол елдің тумасы Әкімбек бай баласы: «Қабылбекті оқыт», – деп қолқа салады. Бұл Әкімбек ел ішінде байлығымен, мырзалығымен аты шыққан адам болса керек. Ол алғашқы жолы Мәшһүрдің еңбегі деп әкесі Көпейге біраз мал береді.

Мәшһүр өлеңінде сол жайт былай сипатталған.

Әкімбек он алтымда алып кетті,
Жалғызы Қабылбекке ұстаз етті.
Басында Ақшакөлдің жаз жайлауда
Әкемді он жылқымен бір жөнелтті.
Бозжорға ат қызыл ауыз, өзі шұбар,
Көп мінген саяқ (исақ) ермек, тағып тұмар.
Ең аяғы жылқының-бір торы тай,
Жөнелтті 10 жылқымен ұмар-жұмар
Бергені келер жылы онан басқа:
Ақ түйе, көзі шағыр ат, торы қасқа.
Екі жыл Әкімбекте бала оқытып,
Он сегіз тұрып сонда, жеттім жасқа.

Көзі тірісінде-ақ ақын, тарихшы, фольклоршы, этнограф, пәлсапашы, аудармашы, діntанушы, ерекше қасиет иесі, көріпкел, әулие ретінде танылған ұлы ғұлама шығыс халқының бірнеше тілін емін-еркін меңгерді. Өзінен сан табан ғасыр бұрын өткен Әбу Насыр Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауидің ізін ала шыққан. Мәшһүр Жүсіптен кейін соңғы 150 жыл бедерінде сан салалы ғылымның бірнеше саласын еркін меңгерген жан кемде-кем. Осыған орай, Мәшһүр Жүсіпті шығыстың жарық жұлдыздарының қазақ жеріндегі шапағатты шапағы десе болғандай.

Мәшһүрдің ақындығына көзі тірісінде 1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтың баспаханасында «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты кітаптары, осы мәтінде пайдаланылған еңбектері дәлел. Көрнекті ғалым, фиолология ғылымының докторы, ақынның немересі.

Қ. П. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Әлем жаратылысы, жер мен көк сыры, ислам діні тарихы, ізгілік, хақ жолын іздеген адамдарға өнегесіне арналған аңыздарға негіздеп, біраз дастандар жазғаны белгілі. Біздің қоса айтарымыз, ақын тек хикаялар ғана емес, өлеңдердің де біразын да сол тақырыпқа арнаған»,– атап көрсетеді. Ал Мәшекең жинақтаған ауыз әдебиеті үлгілері – халқымыздың баға жетпес асыл қазынасы. Оның бәрін тізбелеудің қажеті де жоқ болар, тек Мәшекең жинап жазып қалдырған Бұқар жырау жырларының өзі байырғы әдеби қорымыздың жақсы сақталған үлгісіне айналды.

Енді аз-кем Мәшһүрдің көріпкелдігіне, әулиелігіне тоқтала кетейік. «Жетпіс үшке келгенше балталасаң да , өлмеймін. Жетпіс үштен әрі қарай сүйресең де, бармаймын». Бұл Мәшһүрдің өз басына байланысты айтқан көріпкелдік жорамалы. 1931 жылы Ескелдіде көзінің тірісінде зиратын салдырып, қабірін қаздыртады. зират үйдің ішіне беті жабылмаған мүрдесінің 40 жыл сақталатынын артта қалған ұрпақтарына мүрдесін жапқан ақ жамылғыны жылына екі рет жаңартып тұруды өсиет еткен. Сондай-ақ «Осы жылдар ішінде мәйітіме бір суық қолдың тиюі ықтимал», – деген екен атамыз. Айтқандай-ақ, «Қайтыс болған соң, бір жылдан кейін ашаршылыққа шыдамаған бір пенде (Намаз ұлы Шата) Мәшһүрдің он жақ санынан бір кесек ет ойып алып кетіпті», – деп жазған еді Мәшекеңнің немересі Сүйіндік Көпеев, өзінің «Сарыарқа самалы» газетінде басылған «Тағы да Мәшһүр зираты туралы» атты мақаласында.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің» демекші. Бәлкім, исі адамзат тарихындағы ақылға қонбайтын дене түршіктірер билік қолымен жүзеге асырылар. Қылмыс алда еді. 1952 жылдың жазында аудан орталығынан келген уәкілдер мен мүрдені қайта жерлеуге тиіс ауыл ақсақалдары Ескелдіге келіп жетеді. Бұл топ Мәшһүр зираты басында біраз дағдарысып тұрып қалады. Міне, осы сәт сиыр фермасының бастығы Нұрқожаның Жұмайділдасы тұрып:

– Е, Мәшһүр ұшып тұрып бас салады, – деп тұрсыңдар ма деп, қолына қайла алып, зират үйінің төбесіне шығып бір бұрыштан қайласын құлаштап, сілтей жөнелген көрінеді.

– Қателік жасадым. Қайланы алғаш сілтеп қалғанымда – ақ, оң жақ бүйірімнен бір шаншу қадалғандай болып еді, – деген.

С. Көпеевтің жазбасына қарағанда, өмірінің соңғы сәтіне дейін өкініп, өксіп өтсе керек. Зиратты бұздыруға келген өзге уәкілдердің бірінің отбасы, бірінің өзі опат болған. Оңып кеткендері болмағанға ұқсайды. Жалпы, Мәшекеңнің көріпкелдігі, әулиелігі туралы өзімнің де, өзгелердің де айтқаның, айтпағын ірке тұрып, Мәшекеңнің келешегінен мол үміт күттіретін ұрпағы Әсет Пазыловтың кейбір жазбаларына көз жүгіртіп өтуді жөн санадым. Әсеттің жазысына қарағанда, Мәшекеңнің тылсымнан сыр жеткізетін пірлері болғанға ұқсайды.

– Е, не дейсің? О, несі- ей, қой, одан бетін аулақ қылсын. Таласпай бастасаңдаршы, – деп кей уақытта Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көзін жұмып- ашып, өз-өзімен сөйлеседі екен.

– Молдеке, пірлеріңіз не деп кетті? Қызықтырып қойдыңыз ғой, әңгімеңізді айта отырыңыз, – деген шәкірттеріне: «Көздерің бар ғой көрерсіңдер, өздерің көріп естімесеңдер, сенбессіңдер»,- деп жауап береді екен.

– Мәшһүр Жүсіптің білмейтіні жоқ екен, – деп тамсанып отырған ұлы Абдрахманға Абай:

– Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіп – құрдас, екеуі де дін жолына берілген жандар. Мен де ақынмын, Мәшһүр де ақын, дегенмен де ол ақын болғанмен, құдайға жақын, сондықтан да Мәшһүр адамзаттың әулиесі ғой, – десе керек.

– Ой, ол нағыз ақын, – деп алдында айтысып отырған шәкірттеріне ашуланған Мәшһүр Жүсіп:

– Ананы да, мынаны да ақын дейсіндер. Мен білетін ақындардың әулиесі–Құнанбай ұлы Абай, ол сияқты өлең шығарған ешқайсысы жоқ, – деген екен.

Әсеттің осы сөзін «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы ақын- жазушылардың ішінде Мәшһүр Жүсіп те Шәкәрім сияқты Абайды рухани ұстазы ретінде қатты құрмет тұтқан, өзіне үлгі санаған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев ерте кезден-ақ Абайдың ел ішінде таралған өлеңдерін жаттап жинап жүрген. Олардың тұтынған рухани азығы да, өскен ортасы, заманы, дәуірі де – бір», – деген көрнекті Мәшһүртанушы, ғалым А.Қ.Тұрышевтің пікірі бекіте түседі.

Сол Әсет қара күш иесі Қажымұқан туралы «Тамшыға Бекхожинаның өншілігі де бар еді» деген әңгімесінде:

– Көпшіліктің сұрауы бойынша Қажекең қолына домбыра алып, қоңыр дауысымен:

Атандым Қажымұқан бала жастан,
Ішінде Империяның болдым асқан.
Кешегі Омскінің қаласында,
Құлаттым қырық балуанды бір
Шалмастан ,– деп әндетеді екен.

Сондай бас қосуда Алтай өңірінен келген бір ақын Қажымұқанның жұрт алдында беделін сөзбен түсіруді жөн көріп:

– Мәшһүр деген әулие шығыпты ғой, бір өзінің бойында бірнеше өнер бар деп естідім. Сонымен күреске шықсаң, жеңіліп тынарсың, – деп қарқылдап күлсе керек. Сонда Қажымұқан:

– Мен ол кісінің алдына барып, тізерлеп отырып өзім жеңілер едім. Әулиеге тіл тигізбей, жайыңа жүр, – деп ашуланып кетіп қалыпты, –деген дерек келтіреді. Айта берсек, жаза берсек, Мәшһүрдің әулиелігін дәлелдейтін айқын дәлел, дәйек көп. Солардың ең бастысының бірі біздіңше:

Шұршіттің темір қақпаны,
Мұжықтың кендір арқаны.
Жетпіс жылда бір шірір –деген көріпкел әулиелігі болса керек.

1950 жылдардан бастау алған «Ұлтшылдықпен күрес» науқаны 1940-1950 жылдар аралығында мектепте оқытыла бастаған ақын шығармаларының алынып қалуымен, жалпы шығармаларының жариялануына тыйым салумен тынды. Аз-кемсіз отыз жылға созылған осы қасірет жұртшылық көзінен шығармаларын бұл-бұл ұшырды. Сол бұлбұл құс қазақ атты халықтың елім деген ерлерінің жүрегінде ұялап, соңғы 20 жылда Мәшһүр атын өлмес-өшпес аңызға айналдырған. Жұрттың көпшілігі Мәшһүрдің жырларымен таныс болмаса да, аңызға айналған әулиелігі туралы баласының-баласының құлағына құюдан танған емес. Тоқырау кезінің тоқпағы тоқылдап, «Қане бас көтерші, тағы қайсың барсың?» деп тұрған алмағайып кезеңде ақын шығармаларын жарыққа шығаратын бейітін қалпына келтіретін кез жетті деп дабыл қаққан Нақи Ахметов ақсақалдың салын суға кетірді. Сан жылғы ізденісінен нәтиже шығара алмаған ол Мәшһүр Жүсіптің немересі Сүйіндік Көпеевке «Біз астанадағы есік-тесікті қағып-қағып біттік, енді Мәшһүр атаң үшін Қонаевтың босағасында жатып алу ғана қалды», – деп мұң шаққаны белгілі.

1976 жылы, ақыры, ақынның келіні, жатқан жері жарық болғыр, Нұрила апамыз, сол кездегі Облыстық кеңестің төрағасы Кеңес Одағының батыры Махмет Қайырбаевтан Мәшекеңнің бейітін көтеріп, қалпына келтіруге рұқсат алып келіпті. «Сол кісінің көмегімен Екібастұз халық депутаттары қалалық кеңесінің атқару комитеті іске араласып, құрылыс материалдарын әкеліп, төге бастаған шағы екен,- деп еске алады сол кездегі

Жаңажол совхозының директоры болған Мұрат Дүйсенбайұлы Рахметов. – Нұрила апай маған осы жайларды баяндап, құрылыс материалдары әлі де жетпейтіндігін құрылысшылардың қажет екендігін айтып, көмектесуімді өтінді. Мұрат Дүйсенбайұлы көмектесуге уағда берді. Солай істеді де. 1977 жылы бейіт құрылысы аяқталды.

Көп ұзамай осындағы мектептің бір бөлмесі Мәжекеңнің мұражайына айналды. Ал мұражайдағы экспонаттарды жинауға кейіннен мұражай директоры болған Амангелді Омаров көп еңбек сіңірді. Мұның өзі жұртшылық арасында зор серпіліс туғызған еді. Сол халықтың ерік-жігерін тасытып, сенімін арттырған салиқалы сәтте мұражай салу керек дегенді ауыл адамдарды ауызға алғаш алған еді. Солардың бірі қазақ өнерінің белгілі тарландары Қуат, Суаттың әкесі Әуезбек Әбусейітов ақсақал Мәшекеңнің немересі Төлеубайдың: «Болашақ мұражайға деп арнап жинаған біраз экспонаттары бар, Соны пайдаланып, Мәшекеңнің мұражайын ашу қажет, істің бір қолға алынуы ғой, ар жағы оңғарыла береді», – деп ауыл тұрғындарының атынан тілек білдірді. Сол жайды кейінірек жергілікті ақын Зекебай Солтанбаев өзінің «Мәшһүр» атты толғауында:

Есіктен Нүрила апа келді кіріп.
Алды да амандасып, деді Мұрат,
-Қысқаша шаруаңыз не, қандай сұрақ?
Орындап арызымды қабылдасаң.
Ең кіші келінімін молда атаның
Ұлысын Дүйсенбайдың жаңылмасам.
... Өзіңе не дейді деп, келдім бүгін,
Тап кеп тұр көтеруге нардың жүгін.
Жөндетіп берсең болды атам үйін,
Совхоздың бермей-ақ қой маған түгін.
Апажан, әбден ұқтым сөзің парқын,
Кім қандай жәрдем береді өзің, халқың.
Орындап шығад маман, міне, Зарқын.
Сөз бітті осыменен тұйықталды,
Келер жаз мұражайын іле салып,
Ашылу лентасын ел қиып та алды, –деп жырлаған еді.

Салтанатты жиында Әуезбек Мәшекеңе арнап өзі шығарған әнін домбырамен айтып берді, күміс ер тоқымын келер жылы мұражайға сыйға тартты. Кейін ауыл орталығынан шаруашылық есеп тәсілімен екі қабатты мәдениет үйі салынды. Соның екінші қабаты Мәшекеңнің мұражайы ретінде пайдаланылды.

Облыстық мәдениет басқармасының бастығы Балтабай Сейсенбековке жолыққан М.Д. Рахметов мұражайды жабдықтауға қол үшін беруді өтінеді. «Көп ұзамай Павлодар Өлкетану мұражайының қызметкерлері келіп, жұмысты қолға алды», – деп еске алады ол. Ал бұл кезде болашақ мұражайдың экспонаттарын бір жарым жылдың ішінде Амангелді Омаров жинастырып та үлгерген еді.

Қ.Сәтбаевтың 90 жылдығын тойлауға келген сол кездегі Қазақстан компартиясы орталық комитетінің хатшысы қазақ өнерінің, тарихының шынайы жанашыры, Өзбекәлі Жәнібеков, Мәшекеңнің басына арнайы ат басын бұрып:

– Бейітті Мавзолей етіп салыңдар, мұражайын жеке салыңдар, – деп нұсқау беріп, қаржы бөлдірген-ді. Еліміз Тәуелсіздігін алып, Ата Заңымыз қабылданып, көк байрағымыз көкке шаншыла желбіреген тұста, яғни 1993 жылдың 20 қазанында Мәшекеңнің атымен аталатын кеңшарда М. Көпейұлының осы заманға сәулет өнерінің талаптарына сай арнайы салынған мұражайы айқара есік ашты. Сөйтіп, Өзбекәлі Жәнібековтың нұсқауымен жобаланған мұражай халыққа қызмет ете бастады. «Жақсыдан- шарапат» деген осы да...

«Бір жұмақтың бір тозағы бар» демекші демократияны бетімен сөйлеп, ойына келгенде істеу деп түсінген әлдекімдер болмағанды болды, толмағанды толды деп, өз-өздерін көтермелеп, танауларын көкке шүйіріп шыға келді. Мұндай келеңсіздік, аруағынан айналайын, Мәшһүр бабаның мұражайының төңірегінде өрбіп өріс алғаны өкініште-ақ. Соңғы жылдардың бірінде жергілікті баспасөзде «Мәшһүртанушы Нағи Ахметовтың туғанына 100 жыл» толуына орай мақала жарық көрді.

Тек аталған мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпеев өмірі мен әдеби-тарихи шығармаларын кейінгі ұрпаққа таныстырып, мұра етіп қалдыруға Нағи Ахметов пен ақынның туған немересі Төлеубай Шарапиевтің үздік ізденіс нәтижесінде аудан мен облыста Кеңес Одағының батыры Махмет Қайырбаевтың қолдауымен 1977 жылы Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Президумы төрағасы С. Ниязбековтың «Мәшһүр Жүсіп мұражайы ашылсын» деген нұсқауы жүзеге асты делінген.

Содан 1988 жылы 26 маусымда Қазақ ССР Мәдениет министрі коллегиясының 70- қаулысында (төрағасы Ж.Еркінбеков) 1981 жылдан Жаңа жол совхозында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мемориал музейі жұмыс істеп келеді, мұражай жұмысынан мысалдар келтіріп Павлодар облысындағы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мемориалдық музейін «Халық мұражайы» деген еді.

Мақала авторлары ағайын-жұртқа белгілі қадірменді қариялар болғандықтан, олардың аты-жөндерін бұл арада келтіріп жатпадық. «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ», дегенмен келер ұрпақтың шынайы шындықты білуі қажет. Сондықтан да кейбір тұстарға тоқтала кетуді жөн көрдік. Ақын шығармаларын кейінгі ұрпаққа таныстырып мұра етіп қалдыруға, ең алдымен, қазақтың аса көрнекті ақыны Баян жерінің шынайы патриоты –Дихан Әбілов содан кейінгі жерде Нағи Ахметов.

Наға Ахметов көп еңбек сіңірді. Мәшһүр бейіті бұзылғанда Республика жұртшылығына «Қазақ Әдебиеті» газеті арқылы ашу-ызаға толы жан айқайын алғаш жеткізген Дихан баба емес пе?! Әлде өзі жоқтың көзі жоқ дейміз бе? Жоғарыда аталып өткен ақын Зекебай Солтанбаевтың толғауында ақынның кіші келіні Нұрила Жүсіповаңың:

... Арнайы болып қайттым Мұрат қалқам,
Алдында Қайырбаев, Даржұманов.
Рұхсат алып келдім, – дейді ғой.

Аталған жырдағы Мәшекеңнің мұражайы ашылғанда Наға мен Төлеубайдың аттары аталмай қалулары қалай? Өйткені Наға аға мұражай ашылғаннан кейін бір ме, екі ме айдан соң келіп, мұражайға сыйлық тапсырған. Ал Мәшекеңнің бейітін қалпына келтіру үшін жырда аттары аталатын басшылардың қабылдауында болған Нұрила апамыз бір айтқаныңызды қайталап айтуға тура келеді. Мектепте одан кейін, мәдениет үйінде мұражай ашылуына мұрындық болған сол кездегі совхоз директоры Мұрат Рахметов.

Мәшекеңнің мұражайы аудан орталығындағы Қ.Сәтбаев мемориалдық музейінің филиалы ретінде аудандық атқару комитетінің шешімімен ашылды. Шешімге атқару комитеті төрағасының орынбасары Балта Мәмбетов қол қойған. Халық мұражайы әлі күнге дейін сол шешіммен жұмыс істеп келеді. Ал С.Ниязбеков кімге, қай жерде нұсқау бергені беймәлім. Міне, мынау сол құжат еді дейтін құжат тағы жоқ. Тек көңілді марқайтатын бір жай Наға Ахметов сынды Мәшекеңнің аруағын ардақ тұтқан жандардың барлығы бола беретіндігі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп. Суреткер ақын. 4- том
2 Мәшһүр –Жүсіп. Жүсіпұлы Жолмұрат «Мәшһүр –Жүсіп Өмір-баяны». 8- том
3 Мәшһүр тағылымы (жинақ). Әсет Пазылов. 2- том
4 Мәшһүр –Жүсіп Көпеевтің Әулиелігі туралы.
5 А.Қ.Тұрышев. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы метрологиялық терминдер.
6 С.Көпеев. Тағы да Мәшһүр зираты туралы.

ӘОЖ 821.512.122-1.

ҚАБІР АЗАБЫ МОТИВІНДЕГІ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫ (М. КӨПЕЙҰЛЫ МЕН Д. РАМАЗАН ТУЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША)

М. БЕКБОСЫНОВ, Ә-С. ӘЛІӘКБАР
ф.ғ.к., доцент, ҚазҰПУ, Алматы қ.

Егер мәтінді концептуалды-мәдени (мәдени ұғымдық философиялық) бағытта тек таңба деп танысақ, онда көркем туынды автор санасын алақанымыға салғандай айқындап беретін таңбалар жүйесі болып табылатындығы да еш күмән тудырмайды. Бұрындары тек тілшілеріміздің ғана еншісінде болған концептіні (лат. conceptus – ұғым) ол таңбалаған атау сөз арқылы зерделеу – қазақ әдебиеттануында жазушыларымыз қолданған өзіндік тұрақты мотивке ие, әрі дәстүрлі айшықталуы бар, жаңашыл ұғым-түсініктегі тұрақты авторлық идея ретінде қарастыруға ұласты.

Бізге керегі қазақ әдебиетіндегі бір ғана ұғым-түсінік «қабір азабы». Осы концепті негізінде өз ой-пікірімізді өрбітпекпіз. Әлемдік филологияда тілдік концептіден (біздің жағдайда – өлімнен) туындаған → тіл мен мәдениет концептаумағы (сфера) → көркемдік ойлау → көркемдік ойлаудың концептісі → көркемдік философия → көркем концепті → туындының концептаумағы → туындының көркемдік әлемі → әлемнің көркем келбеті парадагмалық болжалынымы бар. Міне, осы парадагмалық тізбектелім арқылы М.Көпейұлы мен Д.Рамазандағы қазақ түсінігіндегі «Қабір азабын» зерделейтін боламыз. Қос қаламгер де өзі өкілі болып табылатын тіл мен мәдениеттің алаштық санада қабылданып, ұлттық жадыда қодтанған қырларын көркемдік ойлау арқылы көркем философиялық бірлікке айналдырып, оның заманға сай түрленіп, милет оқырманына жол тартуын жүзеге асырады.

Тап осы шығармашылық акті кезінде суреткер осы концептінің жаңа мәнісін өмірге әкелуші демиругқа (мәдени қаһарманға) айналады да, көркем концепті бір жағына әрі автор ойын айшықтаушы, әрі авторға бағынышты емес, өзіндік ұлттық әдеби және экстраәдеби (әдебиеттен тысқары) заңдылықтарға бағынушы нысанатқа айналып шыға келеді (**Ескерту**: бұдан ары тек әдеби заңдылықты басты орынға қойғандықтан экстраәдеби заңдылықты онша сөз етпейміз, бірақ бұл оның тысқары қалып тұрғандығын білдірмейді). Осы белгілі әдеби заңдылықтарға бағынушылық туындының көркемдік әлемін түзіп, жаңа тіршілік формасына, жаңа ой формасына иелік етуі арқылы адам танымастай өзгеріске ұшырайды. Қос қаламгердегі өзіндік ұлттық әдеби заңдықтарға бағынушы нысанат: Надан би, Шайқы Ысқақ пен Сәззәт Сұрлашов мырза, Сүйсен Сабаев ұстаз-зейнеткер тап сондай, ұлтқа ой салар (жаманынан жирендірер, жақсысына сүйсіндірер) концептуалды (философиялық) персонаждар. Авторлардың көркемдік әлеміндегі концептаумақтық: ақылмандық, рух пен пікір зерттеушілерге жаңа болмыстың үзігін танып-біліп саралауға өз мүмкіншілігін тудырады.

Біз қалайық, қаламайық қазақ әдебиетіндегі түрлі дәуірдегі сөз зергерлері, ақыл-ой өкілдері арасындағы әдеби-мәдени және рухани байланыс интермәтін арқылы жүзеге асады. Қашанда мәтіннен тыс шынайы «интерорта» болатындықтан, мәтіндер ғана емес, олардың авторлары да бір-бірімен осы шетелдік кірме сөзсіз «жақын әдеби орта» арқылы өзара араласады. Неге біз осы бір терминге тіреліп отырмыз деген заңды сұраққа берілер жауап та оңай, өйткені, бұрын заманалық ақын-жазушыларымыздың Қожахмет Иасауимен, Шәкәріммен және Мәшүр-Жүсіптермен жазбаша және тұлғалық үндесуі жайлы тек дінге қатысты, оның ішінде сопылық ағымға қатысты сөз етілді де, басты шығармашылық байланыстың мәтіннен тысқары тұсының мәнісін ашу қалтырыста қалып келді. Ендігі жерде қазақ гуманитарлық ойының дамуы барысында «жақын ортаға» деген көзқарас түбегейлі өзгеріске ұшырады. Төл әдебиетіміздегі дәстүр жалғастығын өзіндік авторлық ұстанымымен өзгеріске ұшыратқандардың қатарында Думан Рамазанның соңғы жылдары жазылған әңгімелеріндегі жалпытүркілік мотивтер мен сюжеттерді қосуға болады.

Әлем және қазақ ғылымындағы интермәтіндік ашылым тек қазір ғана постструктурализм мен "постмодерн" дәуірінде мүмкін болып отыр. Оның үстінде сюжет – интермәтіннің көрінісі беруі болып табылады. Бұл турасында ой осы термин өмірге келгенге дейін А.Н. Веселовский тарапынан: "Тарихи поэтиканың міндеті мен үшін жеке шығармашылық үстіндегі әпсананың рөлі мен шегін анықтау болып табылады" деп айтылған болатынды. Міне, қазақ әдебиетінде Мәшһүр мен Думан Рамазан XIX-XXI ғғ. сюжеттің ауысып алуы арқылы емес, өздерінің жеке шығармашылықтары арқылы «қабір азабы» мотивін бірі – поэзияда, бірі – прозада қайыра жаңғыртты. Думан Рамазанның «қабір азабы» мотивін ашудағы әдеби дәстүршілдігінен М.Көпейұлы «Надан би» және «Шайқы Ысқақ» туындыларының аллюзиясы мен реминисценциясын байқаймыз. Аталған қаламгердің әңгімесінде философиялық, тарихи, мәдени жүйе және әдеби жаңғырық оның қос кейіпкерінің туынды ішіндегі дүниетанымдық көзқарасын түзіп, М.Көпейұлы өмірге әкелген бақи (о дүние) моделінің түрі өзгеріп, оған қазіргі қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси, ұлттық-мәдени және тарихи-заманалық құбылыстардың өз бағасын алуы дербес авторлық жаңа нышан-белгіге ие болғандығын аңғарамыз.

«Сана сұхбаттастығы» қаһарман-антигонистерді бір-біріне қарсы қояды. Мәшһүрдің екі балладасының кейіпкерлері жердегі жақсылық пен жамандықтың үлгісі болса, Думан Рамазан бір палатадағы екі кейіпкердің бітім-болмысы арқылы М.Көпейұлының қаламынан туындаған бақи моделін жаңаша түсінікте өзінше айшықтап, бұрынғы әпсаналық аңыздаудың шекарасын жойып, өзіндік жеке шығармасын жұртқа ұсынады.

Бұл арада өзара жуықтастықтағы үш сюжет ауысып алу (мифологиялық, этникалық және ділдік) бір-бірімен ажыратып алғысыз бітекайнасып кетеді. Р. Бартша ой толғасақ, түрлі деңгейдегі біршама немесе айқын ұғынылатын алдыңғы мәдениеттің мәтіні рухани ізбасарлары тарапынан жаңа кейіпті иеленген шақта да өзіне дейінгі ұлттық ескі дәйексөздердің мәйегінен тұрады. Яғни, тарқата айтар болсақ, интермәтіннің субъектісі немесе "интерсубъект" (ортақ тұлғат) мәселесі структурализм мен постструктурализм (әдебиеттануда бірінші кезекте А.-Ж. Греймас, Р.Барт, Ж. Лакан, М.Фуко, Ж.Деррида т.б.) тәорияшылар панмәтінге балап, оның бойына барлығын (әдебиет, мәдениет, қоғам, тарих, тіпті адамның өзін) енгізіп дұрыс істеп отыр. Осылайша, «Қабір азабы» қос қаламгер арқылы алаштық "ұлы интермәтінге" айналғандығы белгілі болады. Авторлар көтерген мәселенің тереңінде ғылыми ауқымдағы емес, этика мен дін шеңберіндегі қазақ үшін өзекті сауалдың жекешіл шығармашылық жауабы жатыр. Пьер Тейяр де Шарденше айтсақ, авторлар ұлтына "бүгінгі өмірдің, ертең сауалы" барлығын білдіру үшін "жекелік азаттыққа емес, тұлғалық еркіндікке" ұмытылып отыр. Осы арқылы ғана ұлт оқырманы туынды бойында айтылған ойдың байыбына бара алады.

Әлем тарихында ой жүгіртетін болсақ, адамзат қашанда реалды өмірдің шегінен шығуға талпыныс жасайды. Мысалы қазақ исламға қанша жерден сенгенімен көне дәуірдегі дін өкілдері болған бақсыларды ерекше жандар деп санауын әлі қойған емес....

Діни ағартушы ағым өкілдері алаш әдеби процесіне әкелген өмірді бейдәстүри бағалау үрдісі ұзаққа созылған әдеби іркілістерден соң, қазақ әдебиетіне XXI ғасырда дендеп енді. Реалдылық бір шетке ысырылып, романтикалық қос әлемділік идеясы «өлілер патшалығынан» еніп, «ОСЫНДА» мен «ОНДА» болмысы бір-біріне қарама-қарсы қойылып, жазушылар өз оқырманына не шынайы өмір (пәни), не тылсымды тірлік (бақи) турасында тұтасқан түсініктің үштығын ұстатуға еш тырыспайды, қайта олардың көршілесе өмір сүруін қабылдауға тиісті екендігімізді ұғындырады. Авторлар ұғындырмасы бойында денеңді мұздатып, жүрегіңді ұшырып, зәреңді зәр түбіне кетіретін мистикалық күш біздің өмірімізге дендеп еніп қана қойған жоқ, сонымен бірге өз заңдылығын адамдар арасында орнатып та үлгергендігін мәтіндемелік емеурінмен сездіреді.

Осы қалыпта таранс-тарихи мәдени дәстүрі сонау бағзы дәуірден бастау алатын М.Көпейұлының XIX соңы мен XX ғасыр басындағы әдеби ізденісінің үрдісін жаңа замана талабына сай XXI ғасырда қайыра жаңғырта отырып, ұлтына ұсынған Думан Рамазан өзінің ***«О дүниедегі кездесу»*** әңгімесінде: «Енді, міне, тағы да тағдыр-талайлары тоқайласып, аз күн қонақ болған жарық жалғанмен бір мезгілде қош айтысып, мәңгілік сапарға бірге аттанбақ. Дәл қазір екеуінің де хал-күйі бірдей. Бойларынан әл кетіп, жандары кеуделерінен шығып кетуге таяу тұр. Әлсін-әлсін ыңырсып, шүңірек көздерін әрең-пәрең ашып-жұмып, баяу ғана кірпік қағады»,-дей келе, бір палатада жатқан қос ауылдас, әрі сыныптастың ұмырын төмендегідей ретпен сөз етеді: «Екеуі де пайғамбар жасынан асқан, қарттыққа иек артқан жандар. Оның бірі – қаланың жоғарғы тау жақ беткейінде орналасқан хан сарайындай үйде тұратын Сәззәт Сұрлашов мырза. Өмір бойы ат үстінде жүрген, ұзақ жыл ауыл, аудан әкімі сияқты лауазымды қызметтер атқарып, жалғанды жалпағынан басып, шалқып-тасып өмір сүрген кісі. Ал екіншісі – қаланың төменгі жағындағы қоңыртөбел үйде тұрып, қоңырқай тірлік кешкен Сүйсен Сабаев ақсақал. Ұзақ жыл орта мектепте тарих пәнінен сабақ беріп, саналы ұмырын бала оқытуға арнаған, иманы кәміл тақуа адам».

О дүниедегі жауап алу М.Көпейұлының рауяттарында (балладаларында) жан-жақты сөз болғандығын қазақ әдебиеті тарихынан жақсы білеміз. Осыны Думан Рамазан проза тілімен кестелеп, дәстүр жалғастығын жүзеге асырып отыр. Мәшһүр Жүсіп өзге авторлардың туындыларын, ел әңгімелерін пайдаланса, Думан Рамазан туындыгерлікпен «авторлық мифті» өмірге әкеліп, өзіндік ұстанымын оқырманына ұсынады. М.Көпейұлы жақсы жан мен жаман жанның о дүниеге баруына екі бірдей баллада арнаса, Думан Рамазан адамның пәниде жасаған жақсылығы мен жамандығының о дүниеде өз бағасын алуын кейіпкерлері бойында жарыстыра пернелеу арқылы бір әңгіменің бойына сыйдырып береді.

ХХ ғасырдағы хақ мұсылман үні, тікелей айтылған автор үні бұ дүниеде емес, о дүниеде орын алған оқиғаны лирикалық негізде бірінші жақтан баяндау арқылы автордың еркі мен діни ағартушылық мақсатына бағындырыла:

Ғибрат ал, ей, ағалар, мына сөзден,
Жастықта тәуба қылып, иман ізден.
Шайқы Ысқақ кәллә бәди Рахметулла
Ғалайһи өткен екен бұрын бізден, –

деп, діни аңыздан ғибрат алуға шақыруы бұл рауаяттың ақынның жас жігіт шағында жазғандығынан хабар береді.

Ал, Думан Рамазанда: «Дәл осы кезде жаналғыш Әзірейіл періште келіп, Сүйсен ақсақалдың бас жағына жайғасып алып:

– О, пәк денедегі ақжүрек жан! Алланың кешірімін алып, игілігіне ие болып, мәңгілік рахатқа батқың келсе, тезірек шық! – деді жайдары қалып танытып.

Жан еш қарсылықсыз денені тастап шықты. Түсі әппақ. Көк пен жердің арасындағы жетпіс мың періште бірінен кейін бірі оған разы болып, баталарын берісіп жатты. Көктегі барлық қақпаның есігі айқара ашылып, періштелер сол жанның өз қақпалары арқылы ғарышқа көтерілуін тілеп тұрды. Әзірейіл жанды ала сала жұпар себілген ақ кебінге шымқап орады да, жеті қат көкке көтеріп алып кетті. Олар періштелер тобына жеткен кезде:

– Бұл тамаша жан кімдікі? – деп сұрады бәрі жамырап.

– Бұл – Құдайдың сүйген құлы Сүйсеннің жаны, – деді жаналғыш періштенің өзі де мейірленіп. – Енді жан денесімен қайта қауышқанша ғарышта болады».

Тарихи қаһарман сөздері Мәшһүр діни балладаларында дидактикалық сипатпен бірге авторлық түсініктеме аясында беріледі:

Жиылды ауырған соң жаранлары,
Оқыған бір мәжілісте жас пен кәрі.
Бұлбұлдай сайрап жүрген нәуе жуаны,
Қапалы болып жатыр жүзі сары.
Кешегі жүрген Ысқақ судай тасып,
Ажалдан құтылар ма адам қашып?
Өлерін бұл ауырудан білгеннен соң,
Сөз айтқан жаранларға ғарыздасып.
Өсиет, жаранлар, құлаққа ал! – деп,
Бұлайша күйге түсті біздің хал! – деп.
Көрсеткен бір кітабын «Ғылым Баҳас»
Көріме өзім өлсем, бірге сал! – деп[ТШЖ,I,92] –

өлімнен кейінгі өмір оқиғасын ақын оқиғаны қоюлата көркемдікпен әңгімелеуге көшіп, періштелердің екі рет сөзден тосылуын былайша суреттейді:

Айтшы өзің мағынасын Матараккиб! – деп,
Періште «Айт!» – дегенде сасып қалды,
Құдайға арыз қыла бұлар барды:
Иә, Раббы, пендең не дер, біз білмейміз, –
Деп бұлар Хақ әміріне құлақ салды.
Пендеме ғылым – хикмет кеткен дарып,
Кетіпті ол «Тараккибін» қолына алып.
Сендерден қымсынбайды, сескенбейді,
Байқаңдар, нанбасаңдар, қайта барып[ТШЖ,I,93] –

дегізіп, әдебиетімізде бірінші рет Хақ тағаланы дастан кейіпкері етіп, адамның білімін періштеден асырып әспеттейді. Періштелермен қайыра жолығысқан екінші жайтты былайша суреттейді:

Білмейді бұлар Тараккиб, Ғауамилді,
Ашуы Шайқы Ысқақтың қатты келді,
Періште, түк білмейтін надансың! – деп,
Кітабын қолына ала ұмтылды енді, –

деп, шындық өмірде де, о дүниеде де болуы мүлде мүмкін емес, қарапайым пенденің періштеге ақыруын шынайылықпен оқырманын сендіре суреттейді.

Шайқы Ысқақ молдалығы басым шықты,
Бір салған періштеге қысым шықты.

Құдайдан пәрмен болып, перішелер
Екеуі екі жаққа қашып шықты –

деп, О дүниедегі періштелерге біліммен қарсы шыққан діндар бунтардың істеген іс – әрекетінің себебі Құдай сөзін елден ерек білуінде деген ой түйеді.

–Өзіңе берді Құдай несіп! – дейді.
–Періште шықты көрді тесіп, – дейді.
–Нұр шығып күндіз – түні тұрады екен.
Сол жері әлі күнге тесік! – дейді –

деп, Мәңкір – Нәңкірді қарапайым пенденің жеңу тарихын күнделікті болып жатқан әдеттегі оқиғалардың біреуіндей қылып, тартымды баяндай білген.

Тарихи шындық пен аңыздық шындықтың астарласуы «Шайқы Ысқаққа» тән болса, фантастикалық емес, фантастиканың сатирамен өрілген көркемдік аңысы – «Надан биге» қатысты қаламгердің өзіндік көркемдік ізденісі болып табылады. Оқиғаға ерек рең беретіні оқиғаның бұ дүниеде емес, о дүниеде өтуі: о дүние туралы жазылған Дантенің туындысының әлемдік әдебиеттегі орны қандай болса, Мәшһүрдің осы тақырыпты авторлық рәуіште тұңғыш рет төл әдебиетімізге енгізіп, оны жаңаша сомдауы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ романтизмдегі М.Көпейұлы тарапынан жасалған көркемдік-жанрлық ізденістердің қандай дәрежеде болғандығынан сыр шертеді.

Бұрын молдалар аузынан ғана айтылатын о дүниедегі тергеуге алыну енді фантастикалық шындық ретінде реалданып, поэзия тілімен өріліп былайша өрнектеледі:

–Періште, түк білмейтін надансың! – деп,
Кітабын қолына ала ұмтылды енді.
Шайхы Ысқақ молдалығы басым шықты,
Бір салған періштеге қысым шықты.
Құдайдан пәрмен болып, періштелер,
Екеуі екі жаққа қашып шықты [ТШЖ,I,94]–

деп, Әңкүр мен Мүңкірдің жауап алуын білімге жеңгізіп, Ысқақ бейнесін асқақтады, ал, келесі шартты кейіпкері қазақтың надан биінің жинақталған бейнесін, әуелгі баллададағыдай дараландырмайды, қайта оның о дүниедегі тергелуін ирониямен, сатиралық сипатта құлдырата сипаттауы ***надан*** сөзіне стилистикалық реңк беру арқылы автор өзінің алдына қойған мақсатына жете алған. Шынайы өмірлік ситуацияны о дүниелік ахуалмен шебер ұштастыру Мәшһүрдің өзіне тән романтикалық стилінен былайша хабар береді:

– Қазақша айт, орысшаңды білмейтұғын
Былайша жауап берді:
– Тұршы Тек! – деп,
Сұрайды: «Ман раббик!» - деп басқа тілмен.
–Ман раббик, сан раббыңды тіпті білмен!
Бұл қай жер, мені ап кеткен қай дау – шарам,
Бар болса, шақшаларың, ап кел бермен! [ТШЖ,IV,224]–

деп, періштелердің арабша сөйлегенін орысша деп ұғынып, оларды өзінен дау – шарларын шешіп беруін сұраушылар деп қалуы шынайылықпен қабыспайтын әдеби жалған оқиға болса да, оқырманын сендірер сенімділікпен шыққан. Қаламгер екі түрлі «ұру» динамикалық - ситуациялық қимылына акцент түсіріп діттеген көркемдік – эстетикалық мақсатына жете алған.

Беруге түк нәрсем жоқ жарайтұғын,
Адамды жерлерің бе тонайтұғын?!
Аңысы елдеріңнің қандай жаман,
Кісіні «шақша» - деген – сабайтұғын?!
Енді шақша демейін, жақтырмасаң,
Балалар, маған айтшы, бұл қай ара [ТШЖ,IV,225]–

деген би аңқаулығы ақынның сөз ойнату, кейіпкер бейнесін сомдау тапқырлығын таныта алған.

Осы надан бидің бүгінгі ұрпағы Сәззәт Сұрлашов мырзаның тергеуге алынуы: «Содан соң ажал періштелері Сәззәт сабаздың жанын алуға жерге қайтып оралды. Екі дүниенің ортасында есі бір кіріп, бір шығып есеңгіреп жатса да, бәрін сезіп-біліп жатыр. Бас жағына келіп жайғасқан Әзірейілге көзін сығырайтып, жалынышты кейіппен қарайды.

– Жеттіңдер ме? – деді күбір етіп.

Әзірейіл дауысын көтере:

– Әй, сұмырай жан. Сен Құдайдың қаһарына ұшырап, наразылығына қалдың. Енді есеп берер сәт туды. Кәне, бермен шық! – деді жекіріп.

Жан шыққысы келмей, еріген қорғасындай денеге жайылып, жабыса түсті. Оған Әзірейіл бастаған жаналғыш періштелер «шық та шықтың» астына алып, дөң-айбат көрсетіп, қоқан-лоққы жасап бақты. Амалы құрып, кеудеден жылжып жұтқыншаққа тірелгенде, Сәззәттың жаны көзіне көрініп, өзімен-өзі арпалысқа түсті.

Әзірейіл оның жанын ерік-ырқына қоймай, шырқыратып көмекейінен суырып алды. Түсі көмірдей қап-қара. Жер мен көктегі періштелердің бәрі оған лағынет жаудырып жатты. Көктегі қақпалар тарс жабылды. Қас қағым

сәтте-ақ періштелер Сәззәттың жанын алдын ала дайындалған қара кенеп қапқа салып, мықтап орап тастады. Одан шіріген жұмыртқанікіндей сасық иіс шығып, жер-дүниені алып кетті.

– Бұл сұмпайы жан кімдікі? – деп сұрайды періштелер.

– Бұл – Сәззәт Сұрлашовтың жаны, – дейді Әзірейіл оларға.

Көктегі қақпалардың есігі тегіс жабылып қалғандықтан, ажал періштелері оны жеті қат жердің астына апарып тықты. Жан мәйіттің жамбасы жерге тигенше түпсіз шыңыраудағы суық сызды тар қапаста қамауда болады».

Батыс еуропа және орыс прозасында «өзге әлем» бір түрлі тылсымданып берілсе, Д.Рамазанда тап біз өмір сүріп отырған дәуірдегі қарапайым тіршілік сияқты періштелердің жауап алуы суреттеледі.

Осы сәт Сүйсен ақсақал жатқан көрдің іші кеңейіп, самаладай жарқырап сала берді. Ал Сәззәт шал жатқан қабір тарылып, төрт жақтан бірдей қусырып қыса бастады. Жаншып-жаныштап, сай сүйегін сырқыратып-ақ барады. Қабір азабының осылай боларын жер басып тірі жүргенде қайдан білсін, әйтпесе күнәға белшесінен батпас еді ғой.

«Бір кезде Алла періштелерге:

–Менің екі құлымды жер бетіне әкеліңдер! Мен оларды топырақтан жараттым, енді одан шығарамын! – деді.

Періштелер Жаратушы жаппар иенің айтқанын екі етсін бе, Сәззәт пен Сүйсен ақсақалдың жанын алып келіп, денелеріне қайта қосты. Құдайдың құдіретімен екеуі қайта тіріліп, бәз-баяғы қалыптарына келді. Сол сол-ақ екен, Әңкүр мен Мәңкүр алдымен Сүйсен ақсақалға келіп, жайдары жүзбен сұрақтар қойып, жауап ала бастады.

– Сенің Раббың кім? – деді екеуі қосанжарласып.

– Менің Раббым – Алла, – деді ақсақал.

– Дінің қандай?

– Дінім – ислам... Алланың құлы, Мұхаммедтің үмметімін.

– Қандай қайырымды іс қылдың?

– Алланың кітабын оқыдым, оған иман келтірдім және сендім.

Осы кезде көктен:

– Менің сүйген құлым шынын айтты. Оған жұмақтың мамығынан төсек салыңдар, жәннаттың киімін киіндіріңдер! Жұмақтың қақпасын ашып қойыңдар! – деген ашық-жарқын дауыс естілді».

Міне, қаламгер тәлімгерлікпен, ұлттық ділімізге сай Алланың сүйген құлының бұрын поэзиялық діни қиссаларда сөз болған сюжеттін енді проза тілінде мөлдіретіп, жағымды персонажының «фантастикалық бейнесін» кескіндесе, мына бір мәтін үзігінде ұлтының жек көретін әлеуметтік тобына жататын атқамінерлердің ұсқынсыз келбетін «фантастикалық гратскілейді» .

Сүйсенді жайлы жерге жайғастырған соң, періштелер Сәззәттің қабіріне қайтып оралып, қатулы кейіпте сұрақтар қойып, жауап ала бастады.

– Сенің Раббың кім?

– Аа... Не дейсің?!. Түк ұқсам бұйырмасын!..

– Дінің қандай?

– Діншіл емеспін, десе де, өзімді мұсылманмын деп санаймын.

– Сендерге жіберілген адам туралы не білесің?

– Ештеңе білмеймін... Жұмбақтамай дұрыстап айтсаңдаршы!.. Кімді айтып тұрсыңдар, өзі?..

Сол кезде көктен:

– Ол дұрыс жауап бермеді. Оған оттан төсек салыңдар, алдынан тозақтың қақпаларын ашып қойыңдар! – деген қатқыл дауыс естілді.

Сәззәт сабаздың сұры қашып кетті. Құтырған қасқырдай көздері алақтап, тозақтан қалай құтылудың айла-амалын ойлай бастады. Сол сәт оның алдына алба-жұлба киінген, үстінен сасық иіс мүңкіген, сұрықсыз біреу келіп:

– Мен саған жамандық хабар әкелдім. Ол күн саған уәде етілген, – деді түсін суытып.

– Құдай жолыңды қылмағыр, сен кімсің өзі, неғылған жансың? Түріңнен адам шошиды ғой! – деді Сәззәт шал күйіп-пісіп.

– Мен өзіңнің зұлым істеріңмін. Сені қашанда теріс жолдан, қылмыс әлемінен көрдім. Кінә мен күнә жасағаныңда қасыңда тұрдым. Бәрін де өз көзіммен көріп, өз құлағыммен естідім. Енді міне, Жаратушы жаппар иеміз сенің сол күнәларың үшін лайықты үкім кесті. Қолыңмен істегеніңді мойныңмен көтеретін, соған сай жазаланатын сәт туды. Құдай істеген жамандықтарыңның бәрін өз басыңа келтіреді, – деді әлгі сұқытсыз сұстиып.

– Сен не көкіп тұрсың, мен ешқандай қылмыс жасағаным жоқ, күнәға да батқан жерім жоқ, – деді бетпақтанып. – Қандай дәлел-дәйегің бар? Неткен пәлекөр жансың?

– Дәлел-дәйек жеткілікті... Сенің қандай күнә жасап, нендей қылмыс істегеніңнің бәрі жіпке тізіліп, шотталып-қатталып қойылған. Құдай бәрін көріп-біліп тұрады. Сен өзің сияқты пенделерді алдауың мүмкін, тіпті болмаса сатып алуың мүмкін, ал Құдайды алдай алмайсың!.. Кез келген адамның жасаған жақсылығы да, жамандығы да еш уақытта із-түзсіз жоғалып кетпейді. Екі дүниенің бірінде иесін іздеп табады.

– Мен не істеппін, қандай күнә жасаппын?!. – деді Сәззәт бетбақтырмай.

– О... онда оқы мынаны. – Ол оның қолына қара кенеппен қапталған амал дәптерін ұстатты. «Бәрібір қылмысымның үстінен түскен жоқсың, қалай дәлелдейсің?!» дегендей, Сәззат сабазың сасар емес. Демін ішіне тартып, жаймен парақтай бастады. Орта тұсынан бір бетін ашып, көз жүгіртті.

«Сәззәт 01.08.1995 жылы ауыл әкімі боп тұрған кезде бір күнде үш мәрте жер сатып, үш мәрте күнәға батты. Алғашқысынан он бес мың доллар, екіншісінен жиырма бес мың доллар, үшіншісінен елу мың доллар қалтасына басты...

Аудан әкімі бола салып, жер саудасын одан әрі қыздырды. Ақша не істетпейді, хан сарайындай үй салдырды, неше түрлі қымбат көліктер мінді. Қарауындағы қыз-қырқынды төсегіне сүйреледі, көнбегендерін есебін тауып, жұмыстан шығарып жіберді. Кәмелетке жасы толмаған өрімдей жас қыздарды зорлауды әдетке айналдырды. Қаракөз есімді он екіде бір гүлі ашылмаған он жеті жасар қыз баланы көмекшілері арқылы саяжайына шақырып алып, жалынып-жалбарынғанына, жылап-сықтағанына қарамай, зорлады. Қыздың әке-шешесі сотқа беріп еді, судьяның аузын майлап, құтылып кетті. Шарасыз қыз зар еңіреп қала берді. Ал Жайна есімді гүлдей жайнаған он сегіз жасар қызды кешке жақын өз кеңсесінде зорлады. Оған да ақша беріп, аузын жаптырды. Ал өзінің туған балдызы Күнсаяны... »

М.Көпейұлындағы надан бидің бүгінгі бейнесі мүлде жаңа қырынан қаламгерге тән стилистикалық өзгешелікпен сипатталады. Осылайша ұлт діни түсінігіндегі «қабір азабы» ескі мен жаңаны жалғай отырып оқырман назарына ұсынылады.

Жоғарыда айтылған ойларды бір арнаға тоғыстыра отырып айтарымыз, Д.Рамазанда жұмақ пен тозақтың антиномиясы ұлттық архетиптердің бойына қан жүгірте отырып берілгендігін байқаймыз.

Екі түрлі дүние бу дүниенің қызығын о дүниенің қызығына айырбастау мен айырбастамау мәселесі тіршіліктегі ұлт күн тәртібіндегі мәселе автор осыны қалай шешті. Өз оқырманымен қандай ойын ойнады міне осы жағына назар салатын болсақ, онда қоңыртөбел үйде тұрып, қоңырқай тірлік кешкен Сүйсен Сабаев ақсақал мен хан сарайындай үйде тұратын Сәззәт Сұрлашов мырзаның тағдыр талайын пернелей беру арқылы «қоңыр» түспен «С» әрпіне акцент түсіріп, өмірдің баянсыздығы туралы алаштың мәңгілік сарынын жаңа қырынан ұғындырады. Әріптік ойын дегенде айтармыз: автордың кейіпкерлерінің бәрі «С» әріпінен басталатын ат пен текке ие болып келеді.

Т.С. Элиоттың «Гомерден басталған еуропа әдебиетін, ондағы барша ұлттық әдебиеттерді қоса алғанда бір мезетте бір ғана әдеби қатар түзер еді» деген жалпыға белгілі сәтті ой түйіндеуі қазақ әдебиетіндегі түркілік, исламдық және ұлттық әдебиет тарихындағы туындыларға қатысты пайымдау жасауымызға мүмкіндік береді. Қазіргі және оған дейінгі туындылардың бойында «өткен дәуірдің өз атын мәңгілікке таңбалаған түркі ақындарының» өлмес туындыларының сілемі танылады. Себебі, қаламгер тек туындысын жазып қана қоймайды, сонымен бірге оқиды. Өзіне дейінгі түркі, ислам және қазақ ойшылдарының тәжірибесін саналы және санасыздықпен игереді, өзінше қорытады да, шығармашылық шабыт сәтінде өз шығармасының бойынан орын береді. Осылайша, алаштың рухани мәдениеті қаламгерлеріміз тарапынан түрлінше айшықталады да нәтижесінде өнер синтезі өмірге келді.

Қарап отырсақ, қазақ әдебиетіне жаңадан қосылған толқындар мен буындарда да дәстүрлі тұрақты мотивтер қатысты замана әдеби көшінде құбылмалы синтез саналы түрде мақсатты қолданыс туып отырғандығын байқаймыз. Осылайша «сыни мәдениет» (Вяч. Иванов термині – курсив менікі – Ә.Ә.Ә.) біржақты шындық пен қатысты құндылықтарды шығармашылық тінінің өзегіне айналдыру жолында қаламгерлер арасындағы бәскелестік дәуірін тудырып отыр. Көркем және философиялық «рух» пен «табиғилықтың» бірігіп кетуі бұрынғы бес ененден белгілі жанрлық шектің жағалауын шайып та кетті.

«Жаңа рух» поэзия мен прозаны мүлдем жақындастырып, стилистикалық жолмен коллаждандырып, «математикалық тілмен» төгілтіп, барлық «таңқалдырушылықтың» шексіз мүмкіндігін қазақ оқырманына ұсынып отырған жайы бар. Бұл біріншіден, екіншіден, «синтез» қазіргі әдеби дәуірдің «шығармашылық бәсекелестіктің» көрігін қыздыра түсті. Кезінде, Гюстав Флобер «Заманалық мәдениет нәжіске малтығыуда. Руссо, Шатобриан мен Ламартиндерден мұраға қалған ескі сәндегі аз қандылықтан адаланып, барлығымыз темірге көшуіміз керек» деп, «Сайқымазақтардың тобыры! Өздерін реалист, натуралист, импрессионист деп атаушылар менен аулақ» ақыра үн қатқан дәуір қазақ әдебиетінің басына да туды.

Қазіргі қазақ әдебиетінде басқа өмір, басқа жыр. Эстетикалық құндылықтар өзгеріске ұшырады. Реализмнің қозғаушы күші болған «Детерминизм ажал құшып, мыңдаған дінмен бірге көрге көмілді» де, оның орнына «бойында әлдебір фантастикалығы бар, бейреалды және бейболмыс, әлдебір бейқуатты» оғаш персонаждар өмірге келді. Өмір біз ойлағаннан мүлде өзгеше болып түрленді, қазақ оқырманы қанша жерден шынайы өмір оқиғасын күткенімен олардың орнына бейреалды туындылар легін қанағат тұтуға тура келді.

Ендігі жердегі қазақ әдебиетінің сипаты «Фантастикалық реалдылық», «Реалды фантастикалыққа айналды. Бұл бағытқа бет алуымыз XX ғасырдың соңында қылаң беріп, қазір жаппай көшушілік үрдісі орнықты. Өнердегі қандай өрелі өзгеріс болмасын, есігімізді қаққан постмодернизмнің «реализмнің шекпенінен» шығып отырғандығын еш ұмытпауымыз керек.

Жаңғырған жаңа ұлттық мотивтің («Көр азабының») жаңаша синтезденуі Мәшһүрдегі гуманистік бастау көзге ұласса, ендігі жерде Думан Рамазан тарапынан бұрынғы мәдени кеңістіктегі қазақ модерндік әдебиетінің жаңа дәуірдегі мәдени айнасындағы адам өмірінің мәнсіздігі мен адамат баласы тіршілігінің символдануын танытатын постмодернге бір ғана «Қабір азабы» сюжеті арқылы қалай ауажайылмай өткендігін танытады. Сондықтан, дәуірлері алыстатып тұрса да, бір-бірімен рухани жақындықтағы қаламгерлер ұлттық төлтума сюжет-мотивтеріміз арқылы әлем әдебиетінде қазақтың сөз сиқырын таныта білген атақты суреткер атанып шыға келсе, оған таңданудың еш реті жоқ.

Т.С. Элиот бұл турасында Джойстың «Улиссі» жайында: «мифті пайдалану арқылы заманалық мен бағзылықтың арасына тұрақты байланыс орнатып, не аз, не көп деңгейдегі азғынданған қазіргі заманға бақылау жасаудың, тәртіпке келтірудің формасына жүгіну» деген ойы бүгінгі таңда да өз өзектілігін жойған жоқ.

Қазақ поэзиясы мен прозасында әр дәуірде қилынша көрініс беріп жүрген мәңгілік тақырып «Қабір азабын» өз шығармашылық процестерінде түрлінше қырынан ұлтына ашып көрсету үшін Мәшһүр-Жүсіп пен Д.Рамазанның қаламгерлік ізденістер жасауы арқылы көлеңкелі де, астарлы мифтік аңсарды өмірге әкелді. Осылайша, қазақ әдебиетінде «Қабір азабы» мифтік әпсанасының көрініс беруі екі бағытта тапты. Мәшһүрде модерндік және постмодерндік) бірін бірі толықтыра отырып, әдебиет тарихынан өздеріне тиселі орнын тапты. Мәшһүрде модерндік миф дінсіздіктің хаосын кескіндеу формасы мен ұйымдастырудың амал-тәсілі болып табылады. Олардың экзистенциалдық кейіпкерлерінің: өткен ғасыр басындағы Ресейге отар елдің қарабасын ойлаған зиялысының діни бодандық кезеңіндегі «ішкі фантазиясы» және бүгінгі ғасыр басындағы дінсіздердің үстемдігіне негізделген коммунистік режимге қызмет еткен жанның «ақталмайтын қылмыстары» діни азаттық кезеңінде экстраәдеби заңдылық арқылы мәдениеттанушылық мәртебеге көтеріліп, оқырманға ой салады.

Қазақ ілкі поэзиялық және прозалық модернінің түп төркінде «абсурдты әлем» идеясы, құдайсыз әлем идеологиясы жатқанымен оның мәйегі болған ұлттық миф постмодердік «антироман» күні өткен соцреализмге қарама-қарсы алаштық реализмге бастап алып келді. Мәшһүр-Жүсіп пен Д.Рамазан бір – прозада, бірі поэзияда алаштың әлемге тараған концепциясы «Қабір азабын» әрқайсы өз дәуірі тұрғысынан жаңаша салмақтай білуімен ерекшеленеді.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР- ЖҮСІП ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҰЛАҒАТ

С.Т. ЕЛІКБАЕВ
ф.ғ.к., доцент, ИнЕУ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлғалардың бірі– Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының үрпаққа қалдырған көркем мұрасы ұшан теңіз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген кезеңде жазылған шығармалары XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі. Қазақтың ең бір шұрайлы да шалғынды жерлері орыс переселендерінің иелігіне көшкен шақ болатын. Сондықтан да болар, ақынның 1907 жылы жарық көрген кітабы «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталады. Ақын шығармалары жанры жағынан да мол салалы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары: ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, көлемді дастандарға, тіпті XX ғ. екінші жартысы, XX ғ. бас кезі үшін сирек кездесер естелік, өзі жайындағы өмірбаяндық шығармаларға дейінгі аралықты қамтиды. Бұның ортасында ақынның өлеңдерінің өзін жанрлық жағынан бірнеше топтарға бөлуге болады. Мәшһүр жастайынан сөз білер жандармен қатар жүріп, солардың мәнді сөзін жинай жүреді, баға бере жүреді.Ақын-діни сауатты, дін тарихын, ислам заң, қағидаларын терең білген адам. Оған дәлел діни дастандары мен басқа да шығармалары. Осы тұста Мәшһүр-Жүсіптің қазақ даласына мұсылман, адамзат, әлем мұраларын жайған тұлға болумен де орны өзгеше. Құранды қазақ ұғымына, ұлт танымына лайықтап, жұрт жайына қарай түсіндірген білгір молда да.

Ақын өлеңдерінде адамгершілікті, имандылықты айтып, адамдықты, жырға қосады. Адалдықтың тіліне сенім береді. Бірақ, оның әдіс, жолдары әр түрлі. Адалдықтың туы мәңгілік желбірейтінін бір шығарма кейіпкерлер ісі арқылы, бірі мақсатына жетіп, бақытты ғұмыр кешкен өмір арқылы, бірі ел сүйіспеншілігіне, халық құрметіне бөленген сый-сияпат арқылы суреттейді. Ал, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдерінде Құдай қалаған жол, ислам діні нұсқаған бір ғана соқпақ-имандылық, дүниенің жалғандығы, адам үшін бар байлық жан-дүниесін таза ұстау екендігін баса айтады.

Жомарттық, қайырымдылық, басқаға деген мейірім адамның иманын нұрлы етеді, өзгелерге сыйлы қылады. Сондықтан «қолы бүтін адам» «бүтін қайыр беруі» қажет.

«Жарты нан» өлеңін оқи отырып, Мұхаммед (ғ.с.) хадистерін еске салады: «Жомарт кісінің қателіктерін кешіріңдер. Себебі, Аллаһ Тағала ол сүрінген сайын демеп отырады», «Кісінің имандылығы кісі сыйлауынан көрінеді.»

Осы дүниелердің сыры мен мәнін ашып түсіндіре білген Мәшһүр Жүсіп дің, дін жолы адамның ізгілігі мен мейірімі, өзгеге жасаған қайырымымен өлшенетінін түсіндіреді.

Ақынның келесі бір өзгеше өлеңі - «Соқыр, саңырау, жалаңаш». Бұл өлеңді ақын шығармаларының жинағында «тұспал өлеңдер» деген жікке енгізген. Ой тұспалмен беріледі. Ақын соқыр деп алған кейіпкері жайында:

Хырыс дүние кеткен соң көзді жауып,
Оңай емес енді алу жолды тауып.
Халықтың ғайыбын көруге бек қырағы,
Бір алуға бетіңнен итше қауып.
Керек істі көрмейді өз басына,
«Соқыр», -деп салдым соны сөз басына.
Дәнемені өз көзі көрмеген соң,
Жұқтырар соқырлығын жолдасына, -дейді.

Жалаңаш пен саңырау да соқыр сияқты тұспалмен берілген. Соқырдың түйедейді көрмейді,түймедейді көреді.

Соқыр, саңырау, жалаңаштың елсізде жоқты бар деп, тынық күнде дыбыс естуі, етегімді кеседі деп жалаңаштың оларға қосылып, айдалаға қашуы, қарындары ашып, содан бір жемтікке кезігуі, оны жеп тоюы, семіріп, одан отырған үйлеріне сыймай семіруі, аяғында иненің тесігіндей жерден өтуі бәрі-бәрі тұспалмен берілген адам өмірін, жалған дүние аталатын бұ дүниенің өтпелі, жоққа малданып, босқа қалар байлық.

Ақынның кейіпкерлері де ерекше. Суреттелуі, бейнеленуі, мінез сипаттары жағынан қоғамдағы бар кейіпкерлерді метафоралық әдіспен береді.

Өлеңде түсінуге жеңіл, ұғынуға оңай болатын диалог тәсілі мол. Бұны соқыр, саңырау, жалаңаш бейнелерін ашарда қолданған. Әрі оқиғаны шымыр етер, көңілге ұялатар ойды бере тұста үшеуінің диалогі сәтті алынған. Ақын бұл дүние адам баласына сынақ екенін, дүние жинау- жамандыққа бет бұру. Адалдық, иман ғана адам серігі екенін айтады.Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі ақын ретінде ғана емес, этнограф, ел мұрасын жинақтаушы, халық тарихын бүгінге жеткізуші дүние сырын, жаратылыс мән-мазмұнын терең түсінер әулие ретінде де кеңінен мәлім.

«Адам екі түрлі» өлеңінде. Қай мінезді, қандай тұсты бейнелесе де Мәшһүр адамгершілік қасиетті жоғары қояды.Адамдық қасиет алла құп көретін де, пенде құт көретін де, пенде құт көретін де қасиет екенін айтады. Ел жайының, халық тұрмысының болашағының жарқын болуын көксеген ұлы тұлға өмірін баяндап қана қоймай, ішкі жан толқынысын да ашады. Өмір жайлы, қоршаған орта туралы, жалпы тіршілік атаулыға тән мәселелерге байланысты талғам-түйіндерінде үлкен азаматтық рухты, биік парасаттылықты танытады.Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасының әлі де зерттелмеген тұстары мол. Қазақ халқының ұлы тұлға туындыларынан алары көп, болашақ үшін, кемел келешек үшін айтары мен ашары алда.Ақын маңайына ғылым-білім үлгісін шашып отырады. «Ғылым-білім» делінген еңбегінде білім толғайды. «Ақымақтың тізгіні – құлағы. Ғақылдың тізгіні – көңілі. Ақымақ не нәрсені естісе, естігеніне қанағат қылады. Қатықтай қатып, сүттей үйып жүре береді. Ғақылды не нәрсені естісе, естуіне қанағат қылмайды, ғақылына салып, көңілінің дауалауына тоқтайды». Осылай дей отырып, ғалым адамның тексеріп, тергей отырып, шындыққа көз жеткізетінін айтады. Ғалымның әр жайды, сақтықпен, еппен істеріне мән береді. «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым-білімге сарып қылсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарып қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарып қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады» – деп Мәшһүр-Жүсіп бір айтса, келесі сөзінде былай толғайды: «Ғылым- білім немен болады? Ең алды құдайды, құдайтағаланы танымақ. Ол құдайды қайтсе таниды? Әркім өзін таныса, сонда тәңірісін таниды. Қазақ қариялары да айтады жақтырмаған кісісін: «бұл, шіркін, өзін танымайды, кімді таниды?» – деп. Олай болғанда, ғылым-білімге талап қылушылар алдымен өзін тануды мақсат қылу керек». Ойшыл дүниетанымды адам өзінен бастау керек деген ойға апарады. Дүние тануға ұмтылу – «өзін-өзі танудың» алғашқы бастауы. «Ең қиыны - өзіңді тану» деген ежелгі грек ойшылы Фалестің сөзімен бірге ұласып жататын ойлары Мәшһүрдің ақыл тереңдігін, көрсетеді.

Наданнан бойыңды алыс қылып, сақтан
Берілген ғылым, хикмет маған хақтан.
Ақ жағыңнан көретін көзді жоқ боп,
Өңшең соқыр қарайды қара жақтан, -

деп Мәшһүр ғылым-білімге айрықша құрметпен, хақтың көмегімен жеткен тәңірі сипатты құдіретке балап қарайды. Ғылым ғана мәңгілік екенін, онсыз өмірдің сәні жоқтығын баса айтады. Өнерді үйрену үшін білім керектігін, ал өнерлі ел ғана алға басарын ақын дәлелдей жырлайды.

Мәшһүр-Жүсіп адамшылық пен танымға ғылым мен білімге қажет тұстарды да анықтауды мұрат тұтады. Бұл тұстағы ойлары Абаймен сабақтасады. Абай шығармасына баса мән берген алғашқы қазақ тұлғаларының бірі – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Мәшһүр-Жүсіп мынандай ой өреді: «Олай боса, көп ішіп, көп жеумен екі нәрсе көбейеді. Бірі - қарын, бірі - көңіл. Бұл екеуі бойында толық тұрғанда басқан - тұрғанының бәрі - өз басында у болғаннан басқа пайдасы жоқ. Құнанбайұлы Ыбырай маркұм айтты ғой:

Өмір дүние дегенің ағып жатқан су екен, Жүрген-тұрған жұмысың ойлап тұрсаң у екен, - деп оның және бір сөзі мынандай:

Адам бір көтерген боқтың қабы Өлсең сасық боласың боқтан тағы.
Менімен сен тең бе деп маңтанасың.

Білімсіздік белгілі сол баяғы. Соңғы ел білімдарлары бұл адам санына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап «жұмбақ» екенін білді де ішіп-жемекті аз қылды. Ол екеуі аз болған соң ұйқы бөлінді, сергек болды. Аз жеуді, аз ұйықтауды, аз сөйлеуді мұрат тұтты» Мәшһүр-Жүсіптің қазақ әдебиетіндегі теңдессіз еңбегі – ауыз әдебиеті үлгілерін жинап кейінге жеткізуі. Ақын, ойшыл, этнограф, ұлт тұлғасы халық әдебиетінен әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шағын, көлемді шығармалар, ұзақ оқиғалы хикаялар, айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар фольклор үлгілерін қалдырған. Сонымен бірге ақынның араб, парсы, шағатаи тіліндегі көшірмелерін қосқанда қазақ мәдениеті, тарихы, өнері, танымы, әдет-ғұрып, салт дәстүр т.б. құндылықтарын жинаған бағалы мұра екендігі анықталады. Халық аузындағы Алаш, Алашадан бастап, қазақтың тайпа , руларының тарих-шежіресін айтады. Мәшһүр ел аузындағы сөздердің маңызына, қажетті екендігіне алғаш мән берген адам. Бұл тұста ақынның өзі талай сөздің жазылмай қалғандығын, тала тарих-шежіренің ұмытылып қалғандығын да ескертеді. «Бірақ олардың ар жағы кім, бер жағы кім екенін біліп сөйлеуші жоқ болды. Жырлап сөйлейтіннің тұңғышы - ноғайлыдан шыққан Мәңке би, Орманбет хан заманында Қосшы бала, қазақтан жырлап

сөйлеушінің басы - Бұхар жырау. Олардың заманында өлең тіпті жоқ. Өлеңмен сөйлеушінің басы - Күдеріқожа, Ұлбике, Заманқожа, Ұмсын қыз, қарақалпақ Жанкелді ақын, Көтеш ақын...» Ер Тарғынды жырлаған Кіші жүзден шыққан Марабай ақын, Орта жүздегі - Нысанбай жырауды ерекше бағалайды. Шешен жыршы деп баға береді. Мәшһүр ел тұлғаларының өнерпаздығына, ел алдындағы істеріне баға беріп, қадірін көтеріп, насихаттап отырған кең жүректі таратушы. Мәшһүр-Жүсіп Ақан сері жайлы «Ақан сері заманның сұңқары, қызыл тілдің ділмәрі, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі» десе, Ыбырай, Ақмолда ақындар туралы төмендегі сөздерді айтады.Қазақ әдебиетіндегі көптеген халық ақындарының айтыстары Мәшһүр мұрасы арқылы жетті. Жыр-дастандар, ертегілер, аңыздар, кешегі қазақ күндерінің белгісі – Мәшһүр жинаған ел сөздері мен ақын қалдырған еңбектерде. Мәшһүр-Жүсіп айтыс үлгілерін жинап қана қоймай кей тұстарда өзі де айтысқан. «Дайыр молда мен Мәшһүр-Жүсіптің жұмбақ айтысы», «Мәшһүр-Жүсіп пен Молдағаштың айтысы» деген айтыстар ақынның ел сөздерін қадір тұтқан қалпын тағы да бір биіктете түседі.

Мәшһүр-Жүсіптің өз мұрасы да, жиғаны да көп. Бұл мұралар – қазақ әдебиетінің әлі игеріп болмаған қазынасы.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ МҰРАСЫНДАҒЫ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ

А.Е. ЕРЛАНОВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев қолжазбаларының жазылған уақытын ескерсек, алдына бір ғасырдан асыпты, соңына жетпіс жылдай уақыт өтіпті. Біреу оны қара қарындашпен сызса, енді бірі сиямен, қызыл бояумен де әр түрлі белгілер салған. Мәшһүр жазбаларының ішінде халық ауыз әдебиетінің неше алуан кездеседі. Оларда өмір туралы, өнер туралы, адам туралы және адам тағдыры жайлы да мәселелер де аз емес.

Мәшһүр Жүсіп ел ішін көп шарлап, ақсақалды қарт, ақ самайды әжелердің аузынан халық ауыз әдебиетін жинайды. Сол мақсатпен кейде баратын ауылына жете алмай далаға қонса, кейде таудың ішіндегі бұлақтың басына түнейді. Мұндай сапарында зерек жігіт жай ғана жинаушы ретінде жүрмей, көптің көңіліне терең үңілумен болды. Бай-шонжарлардан зәбір-запа шеккен кедей-кембағалдың көзінен жас, көкірегінен мұң көреді. Ауыл арасындағы аша оқыған, білімі таяз, тек «жаназа» шығарсам дегенді білетін молда мен қожаны да аз кездестірмесе керек. Мұндай келеңсіз іске ақын қатты ашынып, тебірене жыр төгеді:

Өсекті қожа менен молда айтады,
Басқадан олар тіпті оңды айтады
Арасын ағайынның балдай тәтті,
Дау-жанжал ұрыспенен молайтады.

Ол ащы шындықты осылай бейнелейді, осылай толғайды. Себебі, онсыз жоқшылықтың тауқыметін тартқан ел-жұрттың ішіне іріткі салып, одан сайын бүлдіріп отырған қожа молданың мынадай қылығы аяздай батса керек.

Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыз бен әңгімелер. Мұндағы аңыздар: жер-су аттары. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын, т.б. жинағаны белгілі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинаған фольклордық үлгілерге жанрлық жағынан келетін болсақ, ел аузынан тұрмыс-салт жырларының 30-40 шақтысы топталған.

Ол ел арасынан: «Қамбар батыр», «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр» т.б. тәрізді батырлар жырында, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алтынбас – Күмісаяқ» т.б. лиро-эпостық жырларды да, сондай-ақ «Киік», «Бозторғай»,»Дін үйрене тұғын» тәрізді басқа шығармаларды да жинаған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» , «Ер Тарғын» жырларын Мәшһүр Жүсіп 1866 жылы 8 жасында-ақ Қамар хазіреттің қолжазбасынан көшіріп алғанын білеміз. Ал «Алтынбас-Күмісаяқ» - 200 жолдан тұрады дей отырып, бұл жыр үлгілерін жинаған В.Радлов екендігін Мәшһүр Жүсіп Көпеев көрсетіп кеткендігінің де куәсі болдық. Бұл үлгілерді Мәшһүр Жүсіп Көпеев В.Радлов жинағынан ала отырып, олардың бәрін қолжазбаның әр жеріне шашыратпай, бір жеріне ғана топтастыра орналастырған. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде «Сайын батыр» жырының көлемі 2000 жолдан тұрады деген дерек бар.

Зерттеуші ел арасынан түрлі ертегілер де жинаған – «Еділ – Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай» , «Баһырым патша туралы» , «Ертеде бір хан болыпты», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Алаша хан», «7 жасар Желкілдек», «Ер Төстік», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік: Олжабай батыр», «Тамара Сарыбай мерген» т.б.

Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ерінбей ұзақ жинағаны мәлім. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист-ғалымнан ұзақ уақыт пен қажымас ізденуді, еңбектенуді қажет ететіні белгілі. Себебі, мақал-мәтелдер дайын күйінде жеке-дара кездеспейді. Оларды айтушының не ауызекі сөзінен, не қолжазбалар ішінен, туындылар арасынан іздеп табу арқылы қағазға түсіру керектігі аян.

Мәшһүр Жүсіп сондай-ақ ақындар айтысының не бір тың үлгілерін де жинаған. Мәселен, «Ұлбике мен Күдері қожа айтысы», «Ұлбике қыз бен Қарақалпақ Жанкел ақын айтысы», «Шоң, Торайғыр ақыны Орманшы сақау

ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы», «Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы», «Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман Сарыбай айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман-Түбек айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ Орманшы-Сақау ақын айтысы», «Қуандық – Алтай бір ақыны мен Найман қызы Опан айтысы», «Айдабол – Күліктің Күлігінен шыққан Жамышбай ақыны мен Найман-Түбек айтысы», «Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы», «Қыз бен жігіт айтысы» тәрізді ақындардың сөз қағыстырулары Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында белгілі тәртіппен, реттілікпен берілген.

Сондай-ақ, олжазба ішінде ақын айтыстың: «Қыпшақ Өске Тәтті қыз», «Қолға түскен Алтай жігіт – Найман Опан қыз» айтысы 46 жолдан, «Шортанбай қожа мен Арыстанбай ақын» айтысы 100 жолдан, «Шал мен Қалдыбай», «Жанақ пен Түбек», «Ұлбике мен Күдері» айтысы – 106 ауыз өлең, «Жанкел мен Ұлбике» айтысы 100 ауыз өлең, «Заман қожа Осы қыз» айтысы – 50 ауыз өлең, «Тоғжан мен сақал» айтысы – 78 ауыз өлең, т.б. деген түрлер қанша жолдан тұратынын дерегімен де бірге берген.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев ауыз әдебиетін жинау барысында белгілі фольклорист ғалымдар: Ш.Уәлиханов, Г.Потанин т.б. тәрізділер сияқты Мәшһүр Жүсіп Көпеев те өзіндік жинау әдісіне сүйенгені белгілі. Олар: тілдік ерекшеліктерді сақтау, дәлділік, айтушы аузынан сол қалпында көшіру, арнайы бір тақырыпқа материал жинау т.б.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылған. Егер жанр бойынша жіктеп жүйеге келтірсек, ертегілерден 15 шақты мәтін үлгі, батырлық жырлардан – 5 - 6; ғашықтық жырдан – 2 – 3, тұрмыс – салт жырларынан – 30 – 40 шақтысы; аңыз-әңгімелердің – 200 – 300 үлгісі; жаңылтпаштың – 100 – 150 шақты көлемі; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің 2,5 мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының 27 үлгісі; 30 – 40 шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары т.б. орын алған.

Жалпы ауыз әдебиеті мен фольклорлық нұсқаларды жинаушылардың көпшілігі ұстанған дәстүрдің бірі – экспедициялық әдіс екендігі белгілі. Бұл экспедиция сапарларында В.Радлов, Г.Потанин, Ә.Диваев сынды ғалымдар көптеген ауыз әдебиетін жинайтын тілшілер мен өз елінің мәдениеті мен фольлорына жанашыр көзқараспен қарайтын энтуазист адамдардың да көмегіне сүйеніп отырғаны мәлім.

Жинаушылықтың осы формасын «экспедициялық» әдісті Мәшһүр Жүсіп те көп қолданған. Бірақ жинаушылық барысында Мәшһүр Жүсіп жоғарыдағы фольклорист-ғалымдар тәрізді тілшілер көмегіне сүйенбеген. Мәшһүр Жүсіптің қазақ тілін жете меңгергендігі, бір жағынан, оның жинау жұмыстарының тез қарқынды жүруіне де, фольклорлық үлгілерінің мол болуына да ықпал етті.

Қазақ халық әдебиетінің жиналу тарихын сөз еткенде, өз әріптестеріне Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Ә.Диваев т.б. қарағанда, соларға үндес ететін ортақ сипаттарымен қатар Мәшһүр Жүсіптің өзіндік ерекшеліктері мол екеніне алдымен көңіл бөлу керектігін айтқымыз келеді. Шығыс, батыс мәдениетін, қазақ тілін жетік меңгерумен бірге араб, парсы, орыс, көне түркі тілін жете игеруі және XX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласын көп аралауы нәтижесінде Мәшһүр Жүсіптің қазақ халық әдебиетін өз замандастарына қарағанда, анағұрлым мол жинап, ол туралы кеңірек зерттеу жүргізу мүмкіндігі болды. Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған көп материалдарды шолып қарай отырып, оның жинаушылық еңбектерін саралауға баспайтын мынадай ерекшеліктерін жинақтап айтуға болады. Біріншіден, Мәшһүр Жүсіп ертегінің, не аңыздың қысқартылған сұлбасын, шығарма фабуласын берумен шектелмеген. Ақын белгілі бір материалдарды ел арасындағы айтылу қалпын сақтай отырып, неғұрлым толық қамтып отырған. Екіншіден, әрбір сөздің сол кездегі дыбысталу қалпын, орфоэпиясын ескеріп, белгілі бір сөздерді естілуі бойынша қағазға түсірген. Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіп қай материалды кімнен қандай жағдайда жазып алғанын жеткізіп отырған. Демек, ол қалдырған жазбалардың тарихи, этнографиялық, т.б. мәні айрықша болатына күмәнсіз. Төртіншіден, ел тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын кең білген Мәшһүр Жүсіп жинаған материалдарға деген өз бағасын, байқауларын қоса жазып отырған. Соңғы айтылғандары Мәшһүр Жүсіптің естігенін құр жазып алумен ғана емес, оларды саралап, белгілі бір тарихи жағдай, ел ахуалымен салыстырып отырған зерттеушілік еңбегін көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіптің фольклорист ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі. Бірі – өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы; екіншісі – шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі; үшіншісі – батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялыларының әсері.

Ауыз әдебиеті мен фольлорлық үлгілерді жинау барысында Мәшһүр Жүсіп белгілі бір жинау принциптеріне сүйенген. Ол ақынның ағартушы-демократиялық көзқарасынан туындаған. Ең алдымен, айтатын нәрсе, Мәшһүр Жүсіп фольклорды өзгертуге, түзетуге жатпайтын асыл мұра деп білген, мәтінді сол қалпында хатқа түсіру шартын ұстанған. Сол себепті, Мәшһүр Жүсіп кімнен не алса да көрсетіп отырған.

Мәселен, «Әз Әйтеке би» әңгімесінде бірнеше мәтелдер шоғыры беріледі, оның иесі яғни жеткізуші есебінде төрт Шөмекейге қараның ханы болғанын тілген тиек еткен.

Мұндай мысалдар ақын қолжазбасында көптеп кездеседі. Екіншіден, фольклорды тұрмыстың қажеті, елге білім, тәрбие беретін құрал деп білген. Сондықтан, әр мәтіннің шығу тарихын, айтылу жағдайын, қалай тарағанын анықтап отырған. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп жинаған «Малшы Алтай» әңгімесі. Мұнда Қуандықтың баласы Алтай деген жігіттің Піспекбайдың жылқысын ерінбей, жалықпай тер төгіп, адал еңбегі арқасында жұттан шашау шығармай аман алып шығуы баяндалады. Жылқышының таза көңіліне, адалдығына т.б. қасиеттеріне тәнті болған бай оған өз қызы Байбикені қосады. Кейін Байбикеден туып, тараған ел «Жоғарғы Алтай» аталатындығы сөз болады.

Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіптің фольклорды ауызша тарих, тарихтың көзі деп тануы. Бұған, мысал ретінде Абылай ханға қатысты 16 әңгімелер циклін келтіруге болады. Мұнда ханның жас кезінен қайтыс болғанға дейінгі

кезеңдері келтіріледі. Жалпы бұл әңгімелерде қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын қалмаққа қарсы елдің бостандыққа, тәуелсіздікке күрес жолы сипатталған. Яғни, қиын қыстау кезде ел басына хан боп көтеріліп, өзінің сенімді билері мен батырларына сүйенген хан Абылайдың жаужүректілігі, даналығы, ақылдылығы, тапқырлығы, ең бастысы, елдің бірауыздылығы, бірлігі, татулығы, ынтымақтығы, т.б. арқасында халықтың өз арманына, мұратына жеткендігі айтылады.

Жинаушылықтың төртінші ұстанымы – фольклорды Мәшһүр Жүсіптің филологиялық тұрғыдан қарастыруды, яғни сөз өнері деп білу. Ол фольклордың ел арасында ерекше мәртебеге ие екенін, қазақтың сөз өнерін аса жоғары қастерлейтінін барынша айқын көрсетуге тырысты. Мәшһүр Жүсіптің халық арасында ең алдымен ақын-жазушы ретінде танылғанын ескерсек, онда оның фольклорды өз шығармаларына да арқау етіп отырғаны, сонымен бірге оны тіл байлығының, сөз өнерінің, т.б. қайнар бұлағы есепті бағалағаны анық.

Жинаушылықтың бесінші ұстанымы – Мәшһүр Жүсіп фольклорды этнографиялық мәліметтердің көзі деп қарастыруын аламыз. Яғни, белгілі бір халықтың шығу тегіне, рулық құрамына, қоныс аударуына, қалыптасуына, тіпті олардың тұрмыс-тіршілігіне, қоршаған табиғи ортасына, киетін киімдері мен кәсібіне, рухани мәдениетіне т.б. қатысты деректердің Мәшһүр Жүсіп жазбасында молынан ұшырасуы назар аудартады. Мәселен, «Бұл қазақ қай уақыттан үш жүз атанған» әңгімесі ішінде «Алаш» деген қай ел, не себепті олай айтылғандығы, «Жүз» деген атау қайдан шыққандығы төңірегіндегі аңызға ақын өз көзқарасында бірге берген.

Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылықтың алтыншы ұстанымы фольклорды халықтың көзқарасы, дүниетанымының көзі деп қарастыру. Мәселен, ақын жинаған «Нұх пайғамбар мен бір кемпір туралы» әңгімеде, Құдай тағалаға деген ниет дұрыстығынан, бір кемпірді Нұх ұмытса да, жер жүзін топан су басқанда, Алла назарынан тыс қалмай аман-есен қалуы бейнеленген. Бұдан ниет дұрыстығына, біреуге істеген жақсы істердің қайырлы болатындығына, сұраусыз кетпейтіндігіне елдің сенім көзқарасының қалыптасқандығы танылады.

Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі-аңыз әңгімелер. Мұндағы аңыздар: жер-су аттарына («Ой түндік белеңде деген қай жерде» т.б.); әулиелер («Шайқы Бұрқы әулие», «Талмас ата әулие», «Болған ана мен Белең ата» т.б.); тарихи адамдар («Асан қайғы» т.б.); пайғамбарлар («Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа», «Сүлеймен пайғамбар мен байғыз», «Нұқ пайғамбар мен бір кемпір» т.б.) т.б. болып келеді. Бұлардың да көпшілігі әлі жарыққа шыға қойған жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Көпеев М.Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. 1- 2 том. Алматы «Ғылым»,1992.

2 Жүсіпов Н. «Қазына» // Егемен Қазақстан – 2008,12 наурыз, 5б.

3 Аңсабаев Д. «М.Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні» // Ізденіс. Гуманитар.ғыл.сер. 2003, № 1, 184 – 190 б.

4 Жүсіпов Е. «Мәшһүр Жүсіп және көне аңыздар»// Қазақ тілі мен әдебиеті. 2003,№ 12, 3-11б.

5 Кенжебаев Б. «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», Алматы, 1976,63б.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТІҢ ӘҢГІМЕ – ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ

А.М. ЖАҚТАЙ

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әбіш Кекілбаев қазақ әдебиетінің өркендеуіне өзіндік үлесі зор қаламгер. Оның қай шығармасын алсақ та қоғам, адам өміріндегі өзекті жайларды тілге тиек етеді. Мазмұнға лайықты жаңа түр тауып, әдебиеттің бар саласында еңбектеніп, қадау-қадау биіктерін жасап үлгерген талант иесі. Әбіш –сан қырлы, сан сырлы үлкен дарын иесі. Мөлдіреген тіл тазалығы, образдар мен оқиғаларды бейнелеудегі шынайы шеберлікке жеткізген нәзік психологизм мен драматизм, жеңіл юмор, адамзаттың асыл армандарының асқақ бейнеленуі жазушының қаламынан шыққан шығармаларды қазақ әдебиетінің таңдаулы туындыларының қатарына қосты.

Әдебиетте өзіндік стилі, қоғамға айтары бар ғылыми жүйеге объекті болатындай талантты жазушылардың бірі – Ә. Кекілбаев. Өзінің шығармаларында адам өмірінің барлық салаларында материалдық және рухани құндылықтарды қоса есептегенде жалғастыққа, тұтастыққа ерекше мән бере білгендігімен дараланады. Бұл ретте материалдық пен руханилықты кезекпен басымдыққа шығаратын позицияларды өмірлік мәндерге айналдыру, материалдық игілік арқылы тіршіліктегі орнын табуға ұмтылудың өзі сәйкесінше адамның ақылы қайырымды істерге бағытталғанда ғана жақсы нәтиже беретіндігін жазушы өз шығармалары арқылы насихаттайды. Ой-толғамдарында бүгінгі ұрпақ пен келешек иелерінің қоғамдық, адамзаттық құндылықтарды игеруіне де баса назар аударылған. Бұл ретте әрбір адамға ауқымды өмірлік, әлеуметтік және адамгершілік жауапкершілік жүктелген. Қашанда жігерлендіретін ойшылдың өмір философиясы айрықша витальдық күштің әлеуметтік саладағы нысанасын этикалық тұрғыдан анықтап береді, болашаққа бағдарланған мүддесін қоса қамтиды.

Қаламгер өз шығармаларында кейіпкерлерді іс-әрекет үстінде көрсетеді және объективті өмірді көркем шығармада суреткерлікпен типтендіре отырып, қоғамдағы орны бар, іс-әрекетімен көрінетін нақты адам бейнесін жасайды. Ғалым Серікқали Байменше өзінің «Зергердің зертханасы» атты еңбегінде: «Шығармашылық процесс – күрделі нәрсе әрі нақты айқындалмаған ойлау процесі. Ал шығармашылық процестің психологиясы – шығармашылық қызметті психологиялық тұрғыда зерттеудің саласы. Оның әдістемелік арқауы ретінде тарихылық принципі алынғанымен, ерекшелікті проблематикасына негізінен шығармашылық процесінде көрініс беретін елестетудің, ойлаудың, түйсіктің, шабыттың, қабілеттің, таланттың, дарындылықтың рөлін зерттеу жатады» [1, 123] – деп жазғанындай, оның шығармалары көбінесе дерекке негізделіп жазылып, сол кездегі адамдар бейнесін жан-жақты көрсетуімен, белгілі бір заманның тынысын, тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік-саяси мәселелерін, идеологиясын, жалпы ұлттық болмысын айқын суреттеумен ерекшеленеді.

Әбіш Кекілбаевтің шығармаларындағы кейіпкерлер бір-бірімен белгілі бір рухани байланыстағы, бір-бірін жақсы толықтыратын бір жағынан қарапайым, бір жағынан күрделі образдар деуге болады. Жазушы өз шығармаларында екі түрлі қағиданы берік ұстанған:

1. Суреттеген оқиғаның өмір шындығымен дәл келіп, үндес табуы;

2. Кейіпкердің сезім-күйлерін өз «сезімінен» өткізе білетіндігі, сол арқылы оқырмандарын тебіренте алуы.

Ә. Кекілбаев прозалық шығармаларында адамның жан иіріміндегі толқыныстарды көрсету үшін диалогтың мәні де ерекше. Жазушы диалогтар арқылы кейіпкерді жай ғана бірінен кейін бірін сөйлете, әңгімелестіре бермей, сөйлесетін адамдарының қарым-қатынасының қандай өзгеріске, қарама-қайшылыққа, қандай мүмкіндік, бірлікке баратынына қарай береді. Диалогтардың бір ерекшелігі – кейіпкерлердің мінез-құлқы әр қырынан ашылып, оқиға желісіне қарай әрлене түседі, мақсат-мүддесін білдіреді. Енді жазушының бірнеше әңгімелерінен мысалдар келтірелік. «Ханша – Дария хикаясында» Шыңғыс ханның іс-әрекеттеріне қатысты бірнеше сюжеттер желісі бар, Шидүрге хан халықтың қамқоршысы, Гүрбелжіндей сұлудың адал жары ретінде ұнамды кейіпкердің бейнесін сомдайды. Шидүрге мен Шыңғыс ханның арасындағы диалогтан халқының ауыр өміріне қабырғасы қайысқан батыр Шидүрге мен зұлымдық әрекеттерімен аты шыққан Шыңғыс ханның бейнелері толық ашылады, екі кейіпкердің психологиялық жай-күйі толық сипат алады: «Шидүргенің сүп-сүр жүзі онан сайын қуқылданып, отты көздері шатынай түсіпті:

- Ей, асқақтаған ақымақ хан, жер бетінде таңғұттан тігерге тұяқ еркек кіндік қалса, сенің бұл қорлығыңның артын сұраусыз жібермес. Мені өлтіру де өз еркіңде; қазір өлтірсең - өзіңнің басыңа қауіп, өлтірмесең – артыңдағы ұрпағыңа қауіп, - деді де, одан әрі ызаға булығып, шашалып, ештеме айта алмады.

Шыңғыс хан Шидүргенің жүзіне зәрлене қарады:

- Менің басыма көктегі хақ тәңірдің өзінен басқа ешкім қауіп төндіре алмайды, алда-жалда басымды шауып алғысы кеп өрленер жау болса, кезінде көріп алармын, ертең ұрпағымның тынышын алатын жау болса, осы қазір қапы қалмай тұрып көзін жояйын! [2, 211] – деді. Міне, бұл диалог арқылы екі адамның ішкі сезімі, жан күйзелісі, бір-біріне деген жек көрушіліктері, яғни психологиялық белгілері толықтай ашылған. Ә. Кекілбаев осындай тек көркем өнердің тылсымына тән – авторлық идея, авторлық «мен», кейіпкердің «мені», психологиялық шиеленіс коллизиясы, негізгі, қосымша және үстеме сюжет, кейіпкер әлемі мен өмірбаяны, психологиялық параллелизм, психологиялық абстрактілі көркем шындық, нақты және жалған фабула, кейіпкердің екіге жарылуы, тұлғаның дамуындағы идея мен идеал, шендестіру, астарлау, емеурін таныту, ішкі монолог, авторлық монолог, ой ағымы, әсірелеу, поэтикалық бейне, шегініс, тарихи көркем ойды саралау, психологиялық тартыс, тұспалдау т.б. іспетті көркемдік әдіс-тәсілдерді талғаусыз қолданды. Осындай көркем компоненттерді ұтымды пайдаланып, қақтығыстар арқылы адам мен ұлттың санасын оятты.

Жазушының характер сомдау шеберлігі басқа да шығармаларынынан айқын көрініс табады. Жазушы өз кейіпкерінің қимылын жеке-дара алмай, оның сөйлеген сөзімен ұштастыра суреттеп, оған өзінің авторлық көзқарасын білдіріп, кейіпкердің қандай мінез-құлықтың адамы екендігін тайға таңбалағандай білдіреді. «Көлденең көк атты» әңгімесіндегі басты кейіпкер Дайырдың бір әңгіме баяндауынан – ақ оның бүкіл тұлғалық болмысы, психологиялық ахуалы, барлық мінез-құлқы белгілі болады. Ең алдымен мына бір жолдардан Дайырдың шағын портреті мен мінезін аңғарамыз: «Дайыр нағашым жалпы асықтырғанды жақсы көрмейді. Алда-жалда дызақтап асықтырып жатқан адам табылса, бетің бар, жүзің бар екен демейді, басыңнан батпанмен соққандай қып, жалпитып тұрып бір боқтайды. Сондықтан да Дайыр нағашымды ешкім асықтырмайды. Сөйтіп жүріп, Дайыр нағашымның баптаған аты жүйрік. Сөйтіп жүріп Дайыр нағашымның жүгірткен иті жүйрік. Сөйтіп жүрып Дайыр нағашымның кемпіріне қамшысы жүйрік» [2, 80]. Шағын үзінді арқылы басты кейіпкер Дайырдың көп қырын аңғаруға болады. Ол баппен қимылдай отырып, барлық ісін тындырады. Қолынан келмейтін шаруасы жоқ. Тазы баптайды, ит жүгіртеді, құс салады, үйдег кемпірін де қатал ұстайды. Яғни, нағыз бес аспаптың өзі. Ал әңгіме айтуға келгенде кез келген адамның аузының суы құриды, назар аударалық: «Дайыр нағашым қос тізерлеп алған. Көзі адырайып кеткен. Әр қияға бір-бір кісіні ұрып жыққандай тоқпақ мұрты едірейіп тұр. Сөзі де енді төкпектей шықты. Қайқы жирен кірпігін қағып-қағып қойып айтып жатыр, қолындағы қамшымен қос тізесін нұқып-нұқып қойып айтып жатыр, қасындағы сүлгімен кең маңдайынан жарыса құлап келе жатқан көк терді жапыра сүртіп қойып айтып жатыр, алдындағы алашаға қонған шыбынды сабаудай сұқ саусақпен шертіп қойып айтып жатыр...Дайыр нағашым бірауық көзіне көрінбейтін, сонау алты қат аспанның әлде бір қиырындағы не жеті қат жердің әлде бір тұңғиығындағы беймағлұм біреумен даулласқандай сабалақ-сабалақ қос уыс қабағын тікірейтіп, тұздай көкпеңбек көзі ежірейіп едірең-едірең етеді. Сол құбыжық неме қазір қолына түссе, түтіп жіберердей тістенеді» [2, 80]. Кейіпкер көңіл-күйін суреткерлік түйсікпен қапысыз аңғарып, қадағалай бейнелеу жазушының шеберлігі мен сезімталдығына тікелей қатысты. Адамның жан дүниесіндегі әр қилы құбылыстар Әбіш Кекілбаевтің бейнелеуінде өзгеше, оқиғасы тұңғиығына тартып, оқырманды баурап әкетеді. Адамның

психологиясының көзге байқалмас қалтарыстарын, жан түсіне қоймайтын құпиялрын жазушы шеберлікпен ашады. З. Қабдоловта бұл суреттеу деп аталады. «Адамның сезімін, күйіну не сүйіну халін суреттеу деп осыны айтады. Бұл – орасан қиын тәсіл. Бұл тәсілді тек тарлан таланттар ғана игере алады. Әрбір шын суреткер әрқашан да ақын-жазушы деп білсек, нағыз қаламгерлігін сынайтын да – асы тәсіл. Әдеби образды оқырманның жан-жүрегін баурап алар құдіретті күшке ие қылатын да осы тәсіл» [3, 115]. Міне, қиын да күрделі міндеттің үдесінен шығу Ә. Кекілбаевтай талантты тұлғаның маңдайына жазылған.

Қыз-келіншектердің ажарын бейнелеуде жазушының өзіндік қолтаңбасы бар. Мінезіне қарай түрін келістіріп беру, жан тылсымындағы өзгерістерге қарай бет-әлпеттің де алуан реңкте көрініп, түрлі бояумен көрініс алуы – әрі көркемдік шеберліктің, әрі кейіпкерлер болмысын жазушының терең таныған сезімталдығының куәсі. Бұған дәлел ретінде Ә. Кекілбаевтің «Шеткері үй» хикаятын алайық. Туындыда жазушы бүгінгі замандасының бейнесін жасайды. Автор қылығы қазақ менталитетіне үйлеспейтін, қоғамды ластаушы адамдарды сынға ала отырып, әлеуметтік індеттің пенде бойына қалай мысқылдап жұғып, терең тамыр тартып, рухани құлдырауға апарып соқтыратын жезөкшеліктің себеп-салдарын оқырманның өзі іздеп, талдап, ойлауға мүмкіндік береді. Жас кезінде өзінің сұлуығымен талай ер адамдарды өзіне қаратқан Зухраның егде тартып, қартайған шағында жалғыздықтан жапа шеккендігін сипаттайтын шығарма сюжеті де тартымды. Жалғыз ұлы мүлде алыста тұрады. Зухраның қызметте жүрген кезіндегі портретін жазушы былайша суреттейді: «Зухра өзінің әдемі екенін жұрттың телміре қарағанынан сезінетін. Бүгін енді өз көзімен көріп жатыр. Кереуеттің аяқ жағына асып салған кішкене башпайлары бұлтия-бұлтия қалыпты. Күреңіткен балтырлары түп-түзу, топ-толық. Бұлт-бұлт еткен бұлшық еттер де асы қазір атып тұрып, әлдеқайда тарта жөнелуге өзір өжет қайрат тұрғандай. Анау екі балтыр, мынау секең-секең екі көкірек, аршын төс омырауы, қос білегі, қаз мойны, бос жіберген қолаң шашы, ұйпалай қыдықтаған, екі иығы – көздің жауын алардай» [2, 293]. Жастық шағында талай еркектер құмартқан, көрікті әйелдің қартайған шағында ешкімге керексіз болып қалған қиын сәтін, психологиялық жай-күйін жазушы тартымды сипаттайды: «Сол-ақ екен, төсегінен атып тұрды. Табанын қарып алған тақтай еденнің қызыл шоқ боп жанып жатықанын да, мұзға айналып кеткенін де айыра алмады. Есікке тұра ұмтылды. Әлденелер сыңғырап аяғының астына түсті. Басы қап-қатты бірдеңеге тиді. Көзінің алдынан бір уыс қызыл шоқ шапшып аспанға атылды да, артынша-ақ желімше ұйысқан меңіреу қараңғыға айналды. Құлағына еміс-еміс бір үн келді. Қара жерді өршелене тырнап жатқан сол баяғы тысыр-тысыр, сусыл-сусыл..Шамасы, ол енді қайтып көре алмайтын жарық дүниенің тағы бір таңы атса керек» [2, 318]. Өмірден өтерінде жанында ешкім де болмай, трагедиялық күй кешкен жанның жан күйзелісі, ой арпалысы хикаяда сәтті шыққан.

«Ең бақытты күн» әңгімесінен де Ә. Кекілбаевтің кейіпкер характерін сомдаудағы шынайы шеберлігін аңғарамыз. Кейіпкердің дүниені қабылдауы ұлттық психологиямен, дүниетаныммен қабаттас. Жазушы жас келіншектің ойлау дәрежесімен қатар ұлттық діл сипаттарын енесін бейнелеу арқылы толықтырған: «...Анау пысылдап ұйықтап жатқан енесі. Шүйкедей боп шалының жастығының қасына қисая салыпты. Ғұмыры ел құсап салған төсекке жатқанды білмейді. Түннің бір уағына дейін ұршық созып отырады да, әбден ұйқы меңдеген уақытта құлай кетеді...Таң ағарар-ағармастан тұрады» [2, 5]. Келіннің ойы ішкі әлем қиялымен ғана емес, нақты баяндалатын әрекетпен де қиыстырылуы сәтті келіскен және ұлттық психологияны бекіте түскен: «...Енесінің оянбағанына қарағанда таңның әлі алыс болғаны» [2, 5]. Қазақ әйелінің табиғаты, ұстанымы алдымен енесі арқылы көрінсе, сол дәрежеге жас келіннің тәрбиеленуімен жеткенін байқайсыз: «Бұл барғанда атасы үйде болмағай да. Онда Дәулет Торғынның ең болмаса хал-жағдайын сұрар еді. Бұл жылап жүрмес пе екен. Ана жылы майданға шығарып салғанда, атасынан қаймығып жылай да алмаған. Тамағына тығылған ащы жас көкірегін кеулеп, үш-төрт күнге аузын ашса, өксіп-өксіп қалып жүрді» [2, 15]. Кейіпкер әрқашан дара тұрып та, басқа кейіпкерлермен қарым-қатынаста, кейіпкердің ой-санасына әрекеттің байланыстылығы арқылы суреттеледі. Ә.Кекілбаев кейіпкер характерін шебер сомдап, өмір шындықтарын кейіпкерлерінің санасынан өткізе, ой-сезімі арқылы береді. Өзіміз арқау етіп отырған әңгімеде де бұл тәсіл бірден байқалады, нақтырақ айтсақ, неше жыл көрмеген, көруді аңсаған күйеуін соғысты жеңіп қайтқан жауынгерін бірден бас салып құшақтауға басқалардан қаймығып, сағынышын іштей басатын Торғынның бейнесі арқылы байқауға болады: «...Торғын үйдің оң жағына барып, белдеу арқаннан ұстап тұрып, үнсіз көзін сығып алды. Сосын жаулығының ұшымен жасын сүртіп, ошақ басына кетті. Өне бойын күйе басып қарайып кеткен үш бұт мосы, енді-енді шоқтана бастаған оттағы тезек – бәрі де су астындағы дүниедей бұлдырап көрінеді. Мынау құрымы шыққан бес қанат үйдің ішінде не айтылса да ешқайсысы Торғынның құлағына дарымай ауада қалқып жүр» [2, 13]. Кейіпкер бұдан ары көпшілікпен бірге күйбеңін-тірлігін жалғастыра бергенімен ойы тұрақтамай тезек қабын алып оңашаланады. Жазушының кейіпкердің қуаныштан басы айналған психологиялық күйін сипаттауы да тартымды шыққан: «Торғын қолына қап алды. Ауылдың сыртына беттеді...Алдына да, артына да жөнді көз тастап келе жатқан Торғын жоқ» [2,14]. Кейіпкердің көңіл-күйінің ала-құлалығын шебер бейнелеген жазушының таланты бірден баурайды.

Кейіпкердің сыр-сипатын ашуда адамның сыртқы келбетін, жүріс-тұрысын, мінез-құлқындағы өзгерістерін суреттеудің орны да ерекше. Бұл қасиеттер арқылы адамның бойындағы осы бір сәттегі өзгерістерді, ерекшеліктерді байқауға болады. «Ажар» триптихінде майданда жолдасы Жанқожа қайтыс болғаннан кейінгі Ажардың бойындағы психологиялық ахуалды жазушы былайша суреттейді: «Оның да жүрегін кешегі жаманат хабар тілгілеп кеткен. Сол жүрек сызатының жарықшаңғы байсалды көздерге берік ұялапты. Бұрынғы жайраң мінез, бұрынғы ерке қылық жоқ. Күні кеше қызығып қарайтын нәрселеріне қазір самарқау көз салады, кеше сәл нәрсеге таң қалатын болса, қазір сәл нәрседен бір сыр аңғарады»[2, 23].

Философиялық, аналитикалық суреттеу тәсілі [4, 43] – Ә. Кекілбаевтың сүйіп қолданатын тәсілдері. Ұлтының кешегі, бүгінгі болмыс-бітімін, рухани әлемдегі психологиялық, әлеуметтік, этикалық, адамгершілік менталитетін суреттей отырып, өз кейіпкерлерін барлық қырынан аударып-төңкеріп, қырнап-жонып, бүгіп-жазып дегендей жете танытып, қилы мінездер галереясымен армансыз жүздестіреді. Қаламгер шығармаларының жақсы оқылатыны, бізше, өмірлік шындықты күрделі адамдық қасиеттерді қылықтан емес, құлақтан іздейтіндігінде.

Ә. Кекілбаевтың «Тасбақаның шөбі» әңгімесіндегі нұсқалы ой – қоғамда бір күн киіз, бір күн мүйіз, бір күн періште, бір күн пері Онбайлардан «шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас» Қарабалалар қадірлі ырыс. Олар қара төс, қара балғаның арқасында «өзіне жұрттың ісі түскенімен, өзінің жұртқа ісі түсіп жарытпағанына» шүкіршілік етеді. Аузы «беремге» икемді, «аламға» ауыр. Халық басына түскен тауқыметті қайыспай көтеретін кереге жалды – Кертарлан. Сондықтан әмсе Қарабалалардың – қолы құтты, жолы болғыш, жаны жомарт. Ұлттық рухани құндылық, рухани байлыққа әр халықтың тілі, діні, ділі, адамгершілік қасиеттері, ұлттық салт-дәстүрі, өнері, әдебиеті мен мәдениеті жатады. Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас-жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» [5, 7], – деген сөзі ұрпаққа біліммен қоса адамгершілік тәрбиесі қатар берілу керектігін ұғындырады.

Айталық, «Құс қанаты» повесіндегі жаулығы қарқарадай қара кемпірдің бар болмысында жат санап, үрпие қалар еш артықтықты сезбейсіз, ана сезімінің күрделі шындығы судың бетіне қалқып шығады. Қара кемпірдің бүгіні – келінінің ертеңі, келінінің бүгіні – енесінің кешегісі. Қара кемпірдің қадірі, басының бағалылығы, есті жұрт есігінен сығалағанының өзін қағбаның қара тасын сүйгендей жағасы жайлау боп жүргені – оның қазақтың үш киелісі – қара жұрт, қара шаңырақ, қара қазанның иіне қанып, иісі аңқып тұратыны, оған адалдығы, иманы кәмілдігі, қазақы менталитет дегеніңіз осы қара кемпірдің бойында тұнып тұр.

Ә. Кекілбаев терең зерттеп, ата-баба менталитетінің кереметтігіне таң-тамаша болады. Жүйріктердің тағдыры!.. Бұл дүние – жалғанның тұңғиығына бойлап, мәңгілік сауалдардың жауабын іздеген не бір марғасқаның қаламына ілінген тақырып. Лев Толстойдың «Аршыналасы», Шыңғыс Айтматовтың «Қош бол, Гүлсарысы», сосын, Әбіш Кекілбаевтың «Бәйгіторысы» – соның мысалдары. Дәуренді күнінде Аршыналаның – асқан желіскерлікпен, Гүлсарының – тайпалған жорғалықпен, Бәйгіторының – алдына қара салмас жүйріктікпен аты шыққан-ды… Әсіресе, Бәйгіторының. «Бәйгіторы талай жарыста алдына жан салмай келді. Бәйгі алған сайын – бұның селдірлеу қарақошқыл жалын бір сипауға құмарлар көбейе берді… Адамдар неғұрлым сылап-сипаған сайын – бұның да көңілі өсе түсті. Бәйгі төбеге жиылған жұрттың у-шуы да миына инедей қадалмайтын болды. Қайта, жұрт шуылдаңқыраған сайын – тақымы қызады. Жарыс жоқта да ол, жылқыдан гөрі, адамға үйір. Маңына жылқы жолап кетсе – едіреңдеп, аузын ала жүгіреді» [6, 251]. Сөйтсе өмір деген ылғи озудан, адамдардың қошамет-гүлінен тұрмайды екен!.. Дәуренінде оздырған жалғанның – күндердің күнінде шаң қаптырып кететін құқайы да бар екен!.. «Күні кеше ғана тек мұның маңына жиналатын көп шуылдақтың жартысы енді Көктеңбілді қоршап алатынды шығарыпты… Сол жылы күзде тағы шапты. Көктеңбіл қарақшыға қара үзіп келді. Бұл жолы Бәйгіторының қасында бәйгі бала мен сейістен басқа жан қалмады… Бұрын ду көргенде – тықыршып тұра алмайтын, ағын судай асып-тасатын көңілі енді жиын көрсе – жан шыдатпай шамырқанатын мәңгілік шор жара түйіп кетті». Бұл да күнінде өзіндей талай тұлпардың үмітін үзіп, соңында қалдырып еді-ау!.. Базарлы дәурен күндердің күнінде әлгі Көктеңбілдің тұсынан да одан да өткен жаңа бір жүйрік болып ағып өтпек!.. Өмір – жалған, дүние – жалған, қысқа күнде қырық құбылып тұратын пенде – жалған деген – осы!.. Сол бір таусылмайтын көп жалғанның қатал заңы да – осы!.. Дөңгеленіп келетін де тұратын «дүние-кезек» заңы да – осы!.. Әбіштің «Бәйгіторысы» – бізге осыны ұқтырған. Бұл – қаламгердің жүйріктер тағдырынан шығарып, өмірлік пәлсапа айтқаны, сөйтіп, мәңгілік көп сауалдың біріне және бір жауап бергені!..

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нұрғали Рымғали. Сөз өнерінің эстетикасы. Монография. / Рымғали Нұрғали. – Астана: Елорда. 2003. -424 б.

2 Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Әңгімелер мен хикаялар. – Алматы: Жазушы, 2010. – 320 б.

3 Сыдықов Т. Психологиялық талдау және характер. Уақыт және қаламгер: Әдеби сын. Алтыншы кітап. / Т.Сыдықов - Алматы: Жазушы, 1987. - 304 б.

4 Пірәлиева Г.Ж. Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері: филол. ғыл. докт. ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация автореферaты: 10.01.08. – Алматы: ӘжӨИ, 2004. – 44 б.

5 Әбдезұлы Қансейіт. Тәкен Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80 жылдардағы қазақ прозасы (дәстүр және жалғастық). Автореферaты. / Қансейіт Әбдезұлы– Алматы: Қазақстан Республикасы, 2002. – 8 б.

6 Нұрғали Рымғали. Сөз өнерінің эстетикасы. Монография. / Рымғали Нұрғали. – Астана: Елорда. 2003. -424 б.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР ЖҮСІП – СУРЕТКЕР АҚЫН «ӘДЕМІ, ӘДЕМІЛЕУ» СИПАТТАРЫ

Қ.П. ЖҮСІП
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Мәшһүр-Жүсіп тілі» дегенде, оның ішіндегі тақырыптарды (оқырман іздеуін жеңілдету үшін) алфавит ретімен бергенді жөн көрдік. Сонда «Адамның оң сипаттары», «адамның теріс сипаттары»- тақырыптарының алдымен берілуін ескертеміз. Осы орайда мысалдар өрілуі тұсында белгілі томның қай жылы қай баспадан шыққанын ескерте бермей-ақ (біріші томы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті баспасынан 2003 жылы шыға бастағаны белгілі) алдымен том реті, ізінше кітап бетін келтірумен, қажет сөзді астын сызып, яғни неғұрлым баттитып көрсетіп, берумен шектелетінімізді еске салғымыз келеді.

Әдемі, әдемілеу сипаты

Әлеметте// Әлеміште. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, А., Ғылым, 1974, 613 б.

1.... Басына үй тұрғызып, бір сиырдың құйрығын байлап, **әлеміштейді** де, дәнемеге жарамаған жаман жалқаулар басын күзетіп әулие деп... айдар тағады. (5-281 б.).

Балқы // 2. Ауыс. Елжіреу, бал-бұл жану, жайнау. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-том, А., Ғылым, 1976, 84 б.

2.Тірі-өлісің, дал болды, айыры алмай,
Нұры **балқып** жүзінен біреу жатыр. (3-74 б.).
3.Ішер ас, киер киім ойға алмасаң,
Балқиды жер дүниеге нұрың симай! (4-138 б.).
4.–Туған айдай **балқыған** бір қыз бар!- деп,
Жұртына ноғайының айтып барды. (6-300 б.).

Бедерле // Өрнектеу, әшекейлеу, сәнмен безендіру. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-том, А., Ғылым, 1976, 205 б.

5. Жүген сал күміспенен **бедерлетіп**,
Ғауһардан алтын тоқым кестелетіп. (13-161 б.).

Жайна // Түрлі түспен құбылып құлпыру, түрлену. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 532 б.

6.Тіреусіз үстімізге қойған көкті,
Жайнатып жер жүзіне түрлі шөпті. (3- 26 б.).
7. –Үй мынау, жасау мынау **жайнап** тұрған,
Асулы анау қазан қайнап тұрған. (3-37 б.).
8.Бар дүниесін **жайнатып** қойған екен, ханның зығырларын қайнатып қойған екен. (6- 82 б.).
9. ... Қалмақ шеп құрып, айналасын қорған қылып, шептің аузына **жайнатып** жасау төгіп, қыз-келіншек қойып, қазақтың батырлары жасауға қызығып шапса, ар жағында бұғып жатқан мергендері атып тастап, қалмақ қазаққа алдырмайды. (9- 13 б.).
10. Шам-шырақтай келеді қатын **жайнап**,
Қолшатырдай басынан қозғалмады.
[Алла әмірімен Рабиға төбесіне Байтолла орнағаннан кейін]. (12-52 б.).

Жалтылда // Жалт-жұлт ету, жарқылдау. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 593 б.

11.Хан оның балақ бауын алтындатты,
Күнге жарқ-жұрқ еткізіп **жалтылдатты**. (4-259 б.).

Жарас // Ажарын кіргізу, көрік беру, әдемі көрсету.// // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 679 б.

12. [Ұлбике Күдері қожаға]
Ішінде сыбызғының күй қалады,
Жарасқан ақша отауға ши қалады. (6-244 б.).
13. Қара көз ақ жүзіне **жарасқаны**,
Бірінен керек қылмас ол басқаны. (13-120 б.).

Жарқылда // Жарқ-жұрқ ету, жарқырап көріну. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, А., Ғылым, 1978, 690 б.

14. Сарай бар алтын, күміс **жарқылдаған**,
Ішіне неше түрлі төсек салған. (2-278 б.).
15.Қозыке күйеу болып түзде қалды,
Баян сұлу **жарқылдап** үйге барды. (6-339 б.).

Жылтырат // Жалт-жұлт ету, жылтырап көріну. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 296 б.

16.Өң беріп, **жылтыратып** ысқанменен,
Болғанын көрдің бе айна қара тастан?! (1-129 б.).
17. ... Осы айтылған төрелерді зерлі шекпен киізіп, бір-бір қылыш асындырып, **жылтыраған** жезді омырауларына қадатып... шыққан соң, Үйсін де, Найман да қорғалап қорқып, артын қысып жата берді. (9-172 б.).

Зейнетте //Көріктеу, әдемілеу, сәндеу, әшекейлеу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 381 б.

18. Хор қызы үйден шығып, **зейнетленіп**,
Әрқайсысы неше түрлі түрге кірген. (2-156 б.).
19. Нәпсі мәрренің жыннан болған нағашылары бұған неше түрлі тағатты **зейнетлеп** көрсетіп тахынт есебінде жасап, патша көтерді. (11-61 б.).
20. Хор қызы, ғылмен ұлан **зейнетленіп**,
Әрбірі әрбір түрлі түрге кірген. (11-273 б.).

Зейнетті // Көрікті, сымбатты, әдемі, сұлу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 381 б.

21. **Зейнетлі** түрлі ғауһар алтын тахыт,
Олардың көптігіне жетпейді есеп. (4-301 б.).

Зипа // Әдемі, әсем, сұлу, көрікті. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 393 б.

22.Сөзінің ләззатында адамның жаны рақат алып, меруерт-маржан ғақық, дана-дана көрінгенде, бір тас дүр тізілсе, адамдардың көзіне **зипа** көрінер. (13-81 б.).

Кежімде// Кежім жабу, сәндеу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 548 б.

23.[Бұрынғы заманның бір шайыры... сөзі]:
Бір топ атты ап келді жырып қана,
Бәрін де **кежімдеген** әлеміштеп. (9-88 б.).

Көкте // Керегенің көгін қайыс таспамен бекіту. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 5-том, А., Ғылым, 1980, 130 б.

24.Тойға тігуге кигіз үй жасатқан екен: Кереге мен уықтардың басын алтындатып, керегенің көктерін лағыл, жақұт, зумрәт, фирузамен **көктеткен** екен. (8-35 б.).

Көркей // Құлпыру, көріктену, ажарлау. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 5-том, А., Ғылым, 1980, 199 б.

25. Жарқ етіп, күн шыққан соң, **көркейді** аспан. (1-13 б.).
26. Әркім әуес баруға көрген жерге,
Дүние жүзі **көркейіп** кірсе түрге. (1-269 б.).
27.**Көркейтіп** дүние жүзін шыққан Күндей,
Сәулесі жарқ-жұрқ етіп кіріп келді. (3-65 б.).
28. Неше артты бұрынғыдан расул түрі,
Көркейді күннен күнге ислам нұры. (11-277 б.).
29. **Көркейіп** қалай өскенің,
Жемістей болып піскенің. (12-75 б.).

Көрік / Ажар, өң, келбет, сымбат, сәулет. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 5-том, А., Ғылым, 1980, 213 б.

30. Ол қызды тапқан шешесі ол қызын көріп, **көркінен** талып қалды.(11-3 б.).

Қиапатты // Кескінді, келбетті, сұлу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6-том, А., Ғылым, 1982, 233 б.

31. Мұстафаның дене құрылысы- орта бойлы, аққұба, ат жақты, келбетті, **қиапатты** адам болған. (13-201 б.).

Құбыл //Әлденеше түске ену, сан түрлі бояумен түрлену. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6-том, А., Ғылым, 1982, 418-419 б.) б.

[Гүлшат туралы]
32. Алтайы қызыл түлкідей,
Тоқсан түрлі **құбылып**,
Тысқа шықты көрініп. (4-375 б.).
33. Сол үйдің іші де асыл, сырты да асыл,
Құбылып көрінеді қызыл-жасыл. (11-272 б.).
34. Маңдайынан аққан тер тамып жерге,
Тікен кірді **құбылып** әрбір түрге. (12-98 б.).
35. Наз қылып, еркеленіп, түрлі шиуа,
Құбылар бір сағатта жетпіс түрлі. (13-119 б.).

Құлпыр // Неше түрлі түспен құбылу, түрлену. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6-том, А., Ғылым, 1982, 462 б.

36. Неше түрлі **құлпырып** нұрдың назы,
Қысы кетіп замана, шықты жазы. (3-126 б.).
37. «Құлпы» дегені-Жерүйықтан жібек көген алған екен...

Құлпырып тұрған соң: «Дүниенің құлпы екен. Мұның үрім-бұтағынан байлық кетпейді»- делінген... (10-127 б.).

38. Неше түрлі **құлпырып** нұрдың назы,
Ақыры бұл заманның шықты жазы. (12-97 б.).

39.Әуеде бозша торғай сайрайды екен,
Құлпырып жердің жүзі жайнайды екен. (13-169 б.).
Моншақ // Жіпке тізіп, әсемдік үшін мойынға салып жүретін түрлі-түсті сән бұйымы.// Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7-том, А., Ғылым, 1983, 232 б.
40. ...Тана бір **моншақ** тағарсың,
Тұңғышың болсын қыз бала. (5-12 б.).
Нақыш // Ою, өрнек, нақыс. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7-том, А., Ғылым, 1983, 314 б.
41. Ділда мен жауһардан зейнет беріп,
Нақыштың бәрін салды дүниеде бар. (1-35 б.).
42.Әр жерден **нақыш** өрнек шеге ойыпты,
Қараумен қайта- көз тойыпты. (4- 370 б.).
Нұрлан // Жайнау, жарқырау, құлпыру // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7-том, А., Ғылым, 1983, 357 б.
43.Тәкиеге –Мединеге қондыңыз ба,
Нұрланып сондай жайда толдыңыз ба?! (3- 244 б.).
44. Айдай балқып **нұрланып,**
Жұрт көзінен ұрланып [Гүлшат туралы] (4-375 б.).
45.Жағырафия адамды өткірлендіреді, ойын **нұрландырады** һәм отанын сүйгізеді... (9-220).
Раушан // Әдемі ашық түсті алқызыл гүл .// Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, А., Ғылым, 1985, 51 б.
46.Бұрынғылар көңілінде дүние махаббаты жоқтығы айдан анық, күннен **раушан**. (11-74 б.).
47.Мағынасын білу үшін ерте күннен **раушан** болып тұр. (11-217 б.).
Сыланда // Кербездену, сәндену, бұрандау, сылаң-сылаң ету. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, А., Ғылым, 1985, 462 б.
48.«Жүзіме көрінгендер көз салсын!»- деп,
Өз бойын тоты құстай **сыландатқан.** (4-8 б.).
49.Бір жақсы бәйбішесі бар екен, **сыландаған**, ойнақшыған жас тоқалы бар екен. (6-100 б.).
Сымбатты // Көрікті, ажарлы, кескінді. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, А., Ғылым, 1985, 472 б.
50.Ол расул..
Өзі шалқақ, **сымбатлы,** ұзын бойлы,
Ат жақлы, қиылған қас, қой көзді. (11-323 б.).
Түрле // Әрін кіргізу, әдемілеу, сәндеу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 338 б.
51.Ердің ғақыл, сабырынан асып түсті
Түрленген қатындардың шырай көркі. (3-13 б.).
52.**Түрленіп** күннен-күнге Мәшһүр жүрсің,
Дүниеде не бар, не жоқ, жүріп көрсің! (3-266 б.).
53.Күй тартып, тоқсан екі **түрлендіріп,**
Қаларсың елтіп сонда естен ауып. (4-305 б.).
54.Ердің ақыл, сабырынан асып шықты
Түрленген ұрғашының ажар көркі. (11-283 б.).
55.Тақ құрды, салды төсек жасылдан,
Қызыл, көк **түрлендірді** саф асылдан. (13-57 б.).
Уылжы / 3. Ауыс. Жаңа өсіп келе жатқан жастың сымбаттанып, өңі бал-бұл жануы , құлпыруы.// Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 449 б.
56.[Бұрынғы заманның бір шайыры... сөзі-М-9-85]
Уылжыған уыздай бала күні
Дәл сол күнде жиырма жасында екен. (9- 94 б.).
57.Шортекең сөзі:
...**Уылжыған** етті алдың,
Ай, кәрілік, неңді алдым? (11-296 б.).
Шырайлы // Көрікті, келбетті, реңді, әдемі. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 10-том, А., Ғылым, 1986, 350 б.
58[Сақау Тоғжанға]
Алып кел, алып келсең, жарығыңды,
Өзіңнен және қызыл **шырайлымын.** (6-233 б.).

ӘОЖ 951 (574)

МӘШҺҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

Е.Қ. ЖҮСІПОВ
т.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Л.Қ. ЖҮСІПОВА
т.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығына қатысты төл деректер әртүрлі себептермен зерттелмей келді. Көптеген еңбектерден жеткені — бірен-саран ғана. Қазақ хандығы қалалары түрлі басқыншылық шабуылдарға ұшырап отырғанда тарихқа қатысты деректер де сақталмай қалды. Сонымен қатар, қазақ халқын құраған рулар мен тайпалар тарихы кейбір ұйғыр, араб жазулы түркі ескерткіштерінде де сақталған, шағатай тілінде жазылғаны белгілі.

Әбілғазы Баһадұрханның “Түрік шежіресі” (XVII ғ.) - түрік тіліңде жазылған төл деректердің бірі. “Шежіре” тілін зерттеуде ғалым Б. Әбілқасымов оның екі қолжазба көшірмесін, екі баспа нұсқасын және 1854 жылғы орысша аудармасын салыстыра отырып қарастырған: Бұл қолжазбаның бір көшірмесі Мәскеудегі Ресей Сыртқы істер министрлігінің мұрағатында сақтаулы. (шифрі — Д —107). Көшірме көп уақыт өткеніне қарамастан жақсы сақталынғаны туралы да ескертіп жазады.(*350* бет, тараулары бөлінген, жазу түрі — насталик). /1/

Қолжазбаның екінші көшірмесі —. Бұл нұсқада —деп аталатын көшірме (ескі шифры 584 — а, жаңасы — 721). Зерттеушілердің пікірінше кезінде В.И. Даль Орынбордан тауып, Академияның Азия музейіне сыйлаған Петербург нұсқасы барынша толық және жақсы сақталғаны. Сонымен қатар “Шежіренің” Г.С.Саблуков, П.И. Демезон нұсқалары да бар. /2/

Бұл орайда Мәшһүр Жүсіптің ресми түрде басылып шыққан Әбілғазы шежіресінің жариялану тарихынан да хабардар болғандығын көреміз. Мәселен, қолжазбасының бірінде (№ 1177 папка–2 том) ғалым Әбілғазы өмірбаянын баяндап, оның алғашқы нұсқасы Европада жарық көргенін айтып, Ресейдің бұл шежіре нұсқасын түпнұсқадан емес француз тіліндегі (1726 ж.) басылымнан /4/ Қазембектің аударғанын әңгімелейді:

“Үргеніш дейді, Хорезм дейді, Хиуа дейді. Заман қадимнан шаһар атанып, талай хандар тұрақ қылған жай. Шыңғыс жұрағатынан Арап хан деген хан билеп тұрған. өзінің 7 баласы болған. Қазақ айтады: “Жетеу болса жеті ит десейші”. Асфандияр, Жошы, Елбарыс, Әбілғазы, Хорезмшах, Афған, Шәріпмахмұд. Бұлардың иттігі сол, Жошы сұлтан 16 жасында, Елбарыс сұлтан 14 жасында-екеуі тізе қосып, өз әкесі Арап ханмен жауласып соғысып, әкесі Арап ханды, әкесіне жақтасқан Хорезм сұлтанды және әкесіне жақтасып соғысқа шыққан Асфандияр сұлтанның 3 жасар бір баласын, 15 жасар бір баласын–төртеуін қасапқа сойған. Қойдай бір жерде бауыздады. Афған сұлтан деген бауырын Мәскеуге жер аударды.

Аталарын өлтіріп жатқанда Әбілғазы Шәріпмахмұд деген інісін алып қашып, Самарқанға барып, Имамқұлы ханның қолында 2 жыл тұрды. Асфандияр сұлтан қырға барып қазақты жиып келіп, Елбарыс, Жошы–екеуін де өлтіріп, Хиуаға хан болды. Асфандияр хан болған соң Әбілғазы қайта келіп еді. Асфандияр мұны Иран жұртына жер аударып жіберіп, Асрахан түрмесінде 10 жыл жатты. Сонан қашып шығып, Арал көлінің айналасында қаңғып жүргенінде Асфандияр өліп, тақ иесіз қалған соң, таласарлық ит қалмаған соң, 1054-те Хиуа тағына хандыққа отырды һижрие есебімен 1014 жылда туған бала екен. 40 жасында хандыққа отырып, 23 жыл патшалық қылды. Сол Әбілғазы хан “жетім өз кіндігін өзі кеспекші” деп шежіре тарық сөйлеген. Оның сөйлеген шежіресін Яуропа жұрты атам заманда перуаттап алған. Вельяминов-Зернов жазған тариқтан көдедей көп Николайдың әкелері Александр патша француз тілінен орыс тіліне айналдыртып, Қазимбекке перуатдатқан. Сол Қазимбек баспасынан алынған сөз Уыз хан шежіресі. Мұны Әбілғазы хан шежіресі атаған”/5/.

Араб, парсы, түркі сөздерінің тілдік құрылымын жетік меңгерген Мәшһүр-Жүсіптің төте жазуда қазақ сөздерін араб графикасы заңдылығына емес, қазақша айтылу ретіне қарай жазылуы керек (транслитерациялау) деп есептеген: “**Қазақ арабша “таифа” дегенді “таипы” дейді, “ғани” дегенді “кәні” дейді (олжаға кәні болдым). Ал арабша “ғани” бай деген сөз. “Дағуа” дегенді “дау” дейді. Арабша “саяд”-аң аулау деген сөз. Қазақ “саятшы” дейді. Арабша “фаһим” дегенді қазақ байымдау дейді, “лахазза” дегенді “ілездің арасында” дейді. Парсыша “пәнде” дегенді қазақ “бенде”, “фидея” дегенді “жаним пида” дейді.**

Егер مەل ғ **(ғлме) деген сөзді жазғанда, ғайнның үстіне үтір салмасақ, қазақ ғұлама я ғалама деп оқырын білмей, оқып келе жатқан сөзінің ретін бұзып алады. Ағарда** طللوغ **(ғұлама) деп жазсақ, бөгеті жоқ, түсіне қалады**” /10/.

Мәшһүрдің бұл пікірін ғалымдар: В.П.Юдин, М.Х.Абусеитова, А.Б.Халидов, Р.Сыздықова, М.Қойгелдиев, А.И.Исин, Т.К.Бейсенбиев зерттеулері қуаттай түседі /11/.

Б. Әбілқасымов пікірінше, “Түрік шежіресін” тәржімалау (транскрипциялау) үстінде кезінде шет жерлік ғалымдар көптеген жаңсақтықтар жібергені ашып көрсетілген. «**Мысалы, «1825 жылғы басылымда б мен жазылған бың, буплар сияқты сөздер Петербург көшірмесінде мың, муалар түрінде берілген, сөз ортасында б жазылған жерлерде соңғы көшірмеде п жазылған (мысалы, чабыб — чапыб, кебтің — кептін). Сол сияқты баспа нұсқада аңа, му ңа, йузіке, етекіне түрінде келетін сөздер көшірмеде аю-а, мунға, йузіле, етегіве болып өзгертілген. Баспа нұсқада кан сөзі төре тұқымының бәріне қолданыла берген болса, соңғы**

көшірмеде кан болмағақаарды бірыңғай сұлтан деп отырады, Үкідайдан бастап улы қақаарды кааа, нгки уаи деген атау кездеседі. Біз өз зерттеуімізге негіз етіп 1825 жылғы Қазан басылымын алдық, өйткені ол ең көне көшірменің негізі қате басылған, тілдік зерттеудегі мысалдар, негізінен, сол нұсқа бойынша ғана берілді. 1871 жылғы Демезон басылымынан айырмашылық кездескен жерде оны жаңаша ішх-тде көрсетіп отырдық. Ал кітап соңындағы берілген мәтін тұтастай Демезон баспасынан алынды. Өйткені кейінгі зерттеушілердің барлығы да бұл басылымды сыни нұсқа ретінде қарастырып, мойындап, өз зерттеулерінде соған сүйенеді. Біз "іңежіреден" алған мысалдар ым ыз бен метіқаеріміді ң қазақша аудармасын орын алмас үшін бергеніміз жоқ, өйткені, біріншіден, сөйлемдерді түгел оқығанда жеке сөздер болмаса, мәтін мағынасын оқушы қиналмай-ақ түсінеді. Екіншіден, "Шежіренің" жалпы мазмұнын толығырақ түсінемін, ғылыми айналымға түсіремін деген адамға оның қазақша аудармасын пайдалануына болады » /12/

Ал аударманың кейде дұрыс жасалмауы оны аударушының сол еңбектің тілін, жазу графикасы ерекшелігін жетік меңгере алмауынан да болады. « **Ал Әбілғазы шығармасының тілі жөнінде мағлұмат аламын деген адам кітап соңынан берілген 50 беттік мәтінмен танысса жетіп жатыр. Оған біз алғашқы баптарды алғанымыз жоқ, қазақ тарихына қатысы бар деген және Әбілғазының өзі қатысқан оқиғаларды суреттейтін 7, 8-баптарды алдық, соңғы 9-бапты оның өзі жазбаған, араб графикалы жазбада тыныс белгілері қойылмаған, бас әріп бөлек белгіленбеген. Сондықтан сөйлем жігін шамамен өзіміз белгіледік кісі, жер-су аттарына бас әріпті де өзіміз қойдық, мәтінді транскрипциялауда үлкен қиыншылық келтірген жер-су, ел-жұрт атаулары мен адам аттары болды. Кітапта олар сол кездегі атауларына орай жазылып берілген және олардың бірсыпыралары — моңғол, араб, парсы сөздері». /13/** Дәл осындай мәтінді тәржімалаудағы қиындықтар көпшілік шығармаларды аудару барысында кездестіреміз. Сондықтан болар қазақ хандығына қатысты көптеген деректердің аударылмауы, жарыққа шықпауы, шаң басып жатуы немесе зерттелмеуі әлі де деректану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бұған қоса олармен жұмыс жасауда тарихи терминдер, жер-су атаулары, этнос, ру, тайпа сияқты атауларды да жақсы білу қажет.

Шығармада мемлекет, жұрт, уәлайт, ел, халық, жамағат, ру, т.б. атаулардың ара жігі айрылмай, ыңғайына қарай бірінің орнына бірі қолданыла берген тұстары да аз емес. Кейбір ғалымдар шамасы келгенше олардың ара-жігін ашып жазуға тырысқан. Ал кейбір еңбектерде тіпті атақты хандар есімі де дұрыс берілмейді. Мысалы « Родословие третьей отрасли ханов » деген кестесінде әйгілі хандар есімі «Вали-Аблай- Вали-Аблай хан» деп түсініксіз жаза салған. /14/

Қазіргі кезде тарихты әр үлгіде жазушылар бар. Сонымен бірге Ұлық Ұлыс дегенді «Алтын Орда» деп жазу сияқты, Шығыстық үлгідегі тарихты Батыстық үлгіге салудың қажеті жоқ. "Шежіренің" маңызы, зерттелуі туралы түпнұсқа бойынша транскрипцинланған Әбілқасымов Б. Әбілғазы Баһадұрханның "Түрік шежіресінде" мәтіндерді мейлінше өзгеріссіз беруге тырысқан. /15/

Араб әріптерімен жазылған нұсқаларға дәлме-дәл өз мағынасындағы транскрипция да, транслитерация да келе бермейді. Сондықтан ғылыми транскрипция жасау үшін мәтін жазылған уақыттағы немесе кезеңдегі халықтың сөйлеу (дыбыстау) мәнері,тілдік ерекшелігі ескерілуі де қажет. Ал ортағасырлық шығармалар мен көне жазбалар арасында транскрипциямен қатар транслитерация айырмашылығы көп. Ортағасырлық мәтінмен айналысушы ғалымдар араб графикасын пайдаланған жазбада мәтінді транскрипция жасаудың өзіндік ауырпалығы, қиындығы, шарттылығы және ерекшелігі барын жақсы біледі. Тюркологияда "шежіреден" алынған мысалдар мен мәтіндермен жұмыс жасау барысында шартты өзіндік транскрипция жасау әдісін қолданаданады.

Шежірелер далалық ауызша тарихнаманың деректері, қайнар көзі. Олар Дәшті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи әңгімелерінен құрылған тарихи білімдерінің жинағы сияқты. Осы белгісімен бұл деректер Шығыстың кәдімгі сарай тарихнамасы ролін атқарып келді.

Қорыта келе, қазіргі таңда қазақтың көне, ортағасырлық шығармаларына, шежірелеріне, аңыз-әңгімелеріне және жыр-дастандарына жаңа түрғыда талдаулар, зерттеулер жүргізу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әбілқасымов Б. Әбілғазы Баһадұрханның "Түрік шежіресі".- Алматы:Ана тілі", 1992.- 4 б

2 Әбілқасымов Б. Әбілғазы Баһадұрханның "Түрік шежіресі".- Алматы:Ана тілі", 1992.- 4- 5 б

3 Қазақ фольклористикасының тарихы (Революцияға дейінгі кезең). – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б. /357/.

4 Қазақ Совет Энциклопедиясы (ҚСЭ). - Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы, 1983. - Т.2. - 640 б. /13-14 /.

5 Орталық Ғылыми кітапхана қолжазба қоры (ОҒККҚ), М.Ж.Көпеев қолжазбасы, N1177 папка. -Б.221(264;134).

6 Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы (ҚҚҒС). - Алматы: Ғылым, 1981. - Т.3. - Б. 121 .

7 Қ.П.Жүсіповтар әулеттік мұрағаты (ҚПЖӘМ), Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. - Б.1-17. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 3 топтама, 22 "ә" тізім. ; Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. / Даярлаған С.Дәуітов. -Алматы: Жалын, 1993. - 76 б. /12-13/.

8 Көпеев М.Ж. Дуаның пайдасы туралы. / Баспаға әзірлеген Н.Жүсіпов. // Зерде. – 1995. - N1. - Б.28.

9 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. - Б.17.

10 Бекхожин Қ. "Дала уалаяті" және мәдениет мәселелері. // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 1958. - №10. - Б.55-65.

11 Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. / Составители Баранова Ю.Г., Абусеитова М.Х. -Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 388 с. /42-43/. ; Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XVI-

XVII вв. : история, политика, дипломатия. – С.67-70. ; Халидов А.Б. Арабские рукописи и арабская рукописная традиция. -Москва: Наука, 1985. –312 с. /95,156-157/. ; Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. -Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272 б. /110-112/. ; "Әділ сұлтан" эпикалық жыры. / Зерттеу, қолжазба факсимилиесі, транслитерациясы, транскрипциясы, түсініктемелері, баспаға дайындау - Исин А.И. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 148 б. /17-18/. ; Бейсенбиев Т.К. "Тарих-и Шахрухи" как исторический источник. - Алматы: Наука, 1987. - 200 с. (32).

12 Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның "Түрік шежіресі" және оның тілі.- Алматы: "Арыс баспасы", 2001.- 246 б.- 4б.

13 Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның "Түрік шежіресі" және оның тілі.- Алматы: "Арыс баспасы", 2001.- 246 б.- 5б.

14 Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (история, историография, источники).- Алматы:ТОО «Print-S», 2003.-178 с.-С. 98.

15 Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның "Түрік шежіресі" және оның тілі.- Алматы: "Арыс баспасы", 2001.- 246 б.- 246 б.

ӘОЖ 951 (574)

XIII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.Қ. ЖҮСІПОВА
т.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Е.Қ. ЖҮСІПОВ
т.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстан тарихы, негізінен алғанда, шеттес елдерден шыққан құжаттар, еңбектер тұрғысынан зерттелді және жазылып келді. XIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның тарихын зерттеуде, негізінен алғанда, алыс елдерден шыққан авторлар жазған жазбаша деректердің материялдарынан зерттелді /2/. Парсы тілінде жазылған тарихи -мемуарлық, географиялық шығармаларда да аса маңызды материялдар кездеседі. Сонымен қатар шағатай, ескі өзбек, сондай-ақ араб тілдерінде жазылған еңбектер де толықтырады. Бұл деректер ақпараттық дәрежесі жағынан да әртүрлі. /1/ Мұнда Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстанға қатысты, қазақ хандығының территориясындағы халықтар мен этностар жөнінде үзік-үзік деректерді таба аламыз. /3/ Рашид ад-Диннің «Жами ат- тауарихы» шамамен 1010-1011ж. жазылып біткен. XII-XIIIғ. маңғол және түркі тайпалық халықтарының тарихы жөніндегі ірі көлемді еңбек. Рашид ад-Дин шығармасының ресми маңғол жаулап алған хабарламашылардың материалдары алынған әдет-ғұрып, діни-наным, көшпелілік тұрмысы туралы мәліметтері алуан түрлі. Жылнамалар жинағының 2-ші томында тайпаның этникалық құрамы, оның топонимикасы, тарихи географиясы, саяси тарихы жөніндегі деректер бар. Орда Ежен ұлысының тарихы ,оның ұрпағының және Жошы ұрпағының генеологиясы жөнінде мәліметтер береді. /1/

Белгілі тарихшы және әдебиетші мырза Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарих- и- рашиди» еңбегі XIV-XVI Қазақстан аумағымен көрші аумақтарда өмір сүрген ірі мемлекеттердің бірі маңғол тарихына арнайы арналған. Бұл еңбек қазақ хандығының тарихын зерттеу үшін де аса маңызды бастапқы деректеме. Мысалы: Мұхаммед Хайдар Дулатидің Қасым ханның қазасы жөніндегі 930ж.(хижра) (жылсанау) жыл деген мәлімет береді. Бұл деректерді салыстыра отырып қазақ хандарының өмір сүрген уақытымен билік құрған кездерін шамалап анықтауға болады. Мұхаммед Хайдар, Ибн Мұхаммед Хусайн Дулат (1499-1551ж. өмір сүрген) Маңғолстанның аса ірі тайпаларының бірінен шыққан үйсін, қоңырат мырза Мұхаммед Хайдардың ата-бабалары Дулаттайпаларының әмірелері және бектері болған Оңтүстік шығыс Қазақстан Қырғызстан шығыс саяси тарихында зорсаяси рөл атқарған, мемлекеттік қызметкер ретінде көзге түскен өзі Мұхааед Хайдар Ташкентте дүниеге келген. Оның шығармасы медивистика әлеміне кеңінен мәлім оны XVI-XVIIғ.көптеген шығыс авторларымен соңғы орта ғасырдағы Орта Азия тарихын қазіргі зерттеушілері түп нұсқа ретінде пайдаланады. /2/ «Тарих-и- рашиди» қолжазбасы түркі тіліндегі шығарма, түп нұсқадан аударылған. Шығармада қазақ хандары Бүйдаш, Хақназар, Тәуке, Есім және оның ұлы Жәңгір кезіндегі тарихы берілген, оның ішінде XVI\ XVIIғ. түп нұсқалық деректер. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-рашиди», Шах Мұхтардың хроникасы да- осы екеуі де Шығыс Түркістанның шағатай ұрпағына арналған деректер тобына жатады.

Н.Я. Бичурин еңбектерінде қазақстан территориясындағы ежелгі тайпалар тарихын , негізінен ,қытай деректерін парсы және түркі тіліндегі деректермен, тұрғылықты халықтардың шежірелік деректерімен салыстыра зерттеген.

Құрбанғали Халидтың 1910 жылы Қазанда жарияланған "Тауарих Хамса" еңбегінде қазақ халқына қатысты тарихты ел аузында айтылатын аңыздық деректер мен жазба деректерді салыстыра отыра жазады. Бұл мақсатын автор кітап ішінде былайша келтіреді: "Бұл халықтың (қазақ халқының – Б.М.) тарихы жалпы ауызда бар. Алайда жекелеген жазба тарихтары мен естеліктері болмағандықтан, әркім әр түрлі пікір айтып, біреулер жаман иесі – арам оймен, енді біреулер мұқатуды мақсат еткен. Кезіндегі бағзылар (ғалымдар болса керек – Б.М.) тарихты анығырақ түсініктеме беруге білімдері жете тұра, оған мән бермеген. Нәтижесінде мағынасы анық ел

тарихы баяндалмады. Осындай себептермен, мен бар күш-қайратымды жұмсап, жиырма жылдан астам уақыт бұл тарихқа қатысты ақпарлар мен жазба деректерді жинап, жалпы жиналған мәліметтердің қаймағын қалқып алып осы кітапты жаздым" /5/

Қазақ тарихына қатысты "ақпарлар мен жазба деректерді жинап, жалпы жиналған мәліметтердің қаймағын қалқып алған" ғалым "жалпы ауыздағы" тарихқа ден қоятыны соншалық, жұртты халықтың "көне хабарларынан" мағлұмат алуға шақырады: "Қазақ халқы кітап көрмей, оқып, жазбай-ақ, тек ауыздан ауызға айтылып келген, естіген сөздерін ұмытпай келе жатқандығына дәлел көп. Сол үшін бұлардың көне хабарларына қашан да құлақ асу керек. Тарихын, нәсілін білмек болғанда олардың хикаяларына, аңыз-әңгімелеріне сүйену керек" /6/

Жалпы қорыта келе, Халид халық аңыздарында Алтын Орданың билігі ықпалы мол болғаны туралы жазады. Сонымен қатар Алтын Орданың үлкен билігі үшін күрескен Тоқтамыс пен Орыс хан үрпақтарытың мәліметтер береді. /7/ Қ.Халид "Тауарих хамса" кітабында аңыздық деректермен түркі халықтарының тарихын жазуға ұмтылған. Сондықтан ол келтірген аңыздық деректері де тарих ғылымы үшін құнды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ ССР тарихы (көне заманның бүгінгі дейін). Бес томдық. – Алматы: Ғылым, 1983. – Т.2. – Б.58.

2 Юдин В. П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда.-Алматы: Дайк-Пресс, 2001.-384с.

3 Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XVI-XVII в.в. – С.105.

4 Абусеитова М.Х. К истории казахской государственностий XVI-XVII в.в. //Государство и общество в странах постсоветского Востока: история, современность, перспективы: Материалы международной конференций. – С.24.; Ее же. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII в.в. история, политика, дипломатия. – С.123

5 Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (Бес тарих). -1920 ж.- 50 б.

6 Сонда, 51 б

7 Сонда, 93 б

ӘОЖ 882.151.212.2

ПОРТРЕТ – БАРЛЫҚ ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІНЕ ОРТАҚ ЖАНР

Қ.П. ЖҮСІП
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
А.Қ. ЕҢСЕБАЕВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әдеби портрет – өзінде өмірбаяндық және автобиографиялық бастауларды байланыстыратын баяндаудың ерекше түрімен сипатталатын жанр. Қалыптасушы жанрдың маңызды белгісі – бұл портреті жасалынған тұлғаның сипатын ашуға қажетті ерекше биографиялық кезең.

Әдеби кейіпкер – жалпылама және сонымен қатар нақты тұлға. Ол шығарманың әдеби әлемінде еркін қозғалып, соған іштей табиғаты жақын болады.

Кейіпкердің бейнесін жасау – бұл оны мінез сипаттарымен байытып, оған белгілі ойлар мен сезімдердің қатарын хабарлау ғана емес, сондай-ақ оқырманды оның тағдырымен, оны қоршаған жағдайлармен қызықтыру.

Кейіпкердің портреті – оның сырт бейнесін: бет-әлпетін, дене пішінін, киімін суреттеу. Бұнымен ым-ишара, жүріс-тұрыс, өзін-өзі ұстау сияқты іс-әрекеттің көзге түсетін қасиеттерін бейнелеу тығыз байланысты. Тіпті тұйық, сыр білдірмейтін адамның сырт келбеті – «шымылдықтан» мұқият бақылаушы адам оның шынайы «бет-жүзін» ашып қарай алады. Оқырман кейіпкер жайлы оның ой-сезімдері, іс-әрекетінің сипатталуына, сөйлеу ерекшеліктеріне қарап белгілі бір ой түйеді, сондықтан портреттік суреттеу болмауы да мүмкін. Әдебиетте адамға деген басты қызығушылық оның сырт бейнесінде емес, оның ішкі дүниесінің ерекшеліктерінде. Алайда портреті бар шығармаларда ол кейіпкер бейнесін жасаудың маңызды құралдарының біріне айналады.

Адамның сыртқы келбеті оның жасы, ұлты, әлеуметтік жағдайы, талғамы, әдеті, тіпті темпераменті мен мінез ерекшеліктері жайлы көптеген мәлімет бере алады.

Бір ерекшеліктер табиғи болады, енді басқасы оны әлеуметтік көрініс ретінде, мәселен, киім-кешек пен оны кию тәсілі, өзін-өзі ұстау, сөйлеу мәнері арқылы сипаттайды. Үшіншісі – бет-әлпеті, әсіресе көзі, ым-ишара, дене қалпы – барлығы сезім толғаныстарын білдіреді. Бірақ бет әлпеті, дене пішіні, ым-ишаралар тек «сөйлей» ғана емес, «жасыра» да алады, немесе өздерінен басқа ештеңені білдіре алмайды.

Шығармадағы портреттің орны мен рөлі оның қалыптасу әдісі тәрізді әдебиеттің тегі мен жанрына байланысты ажыратылады. Кейіпкердің сырт келбеті мен іс-әрекет ету тәсілі оның мінез бітімімен, сондай-ақ шығарманың өзіне тән ауқымды-кезеңдік бағалауларының «ішкі әлемінің» ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Көркем әдебиетке ұзақ ғасырлар бойы кейіпкерлерді белгілі бір тәртіп пен үлгілерге сәйкес бейнелеу тән еді.

Қазіргі кезде орыс әдебиетімен қатар шетел әдебиеті шығармалары ана тілімізге аударылып, жары көріп жатыр. Түпнұсқадағы автордың өзіндік жазу стилі аударғаннан кейін бірталай өзгеріске түссе де, шығарманың мән-мағынасы жойыла қоймаған десе болады. Әсіресе, портреттік суреттеуге келетін болсақ, бұл әдісті асқан шеберлікпен қолданушы қаламгерлердің кейіпкерлері сол өздері жазған қалпында амалсыздан көз алдымызға келеді.

Мәселен, орыс жазушысы Антон Чехов кейіпкерлерін ұмытылмас сұлу қаһарман етіп суреттемейді, керісінше, бүкіл артық-кемшіліктерімен қоса бейнелейді. Ол өз әңгімелерінде негізінен кейіпкерлерінің киім киісіне және жан-жағын қоршаған заттарға баса назар аударады. «Анықтама» әңгімесінде Волдыревті былайша сипаттайды:

«Бойшаң келген, сом денелі, тақыр басты, бадырақ көз Волдырев дейтін алпауыт пальтосын шешіп, маңдайының терін жібек орамалымен сүртті де, мекемеге имене, батылсыздау кірді» [1.12]. Мұнда ол бойы ұзын, ірі денелі болса да, мекемеге былайша кіруі оның жасқаншақтығын байқатып тұр, яғни ішкі сезімі сыртық келбетіне сәйкес емес. Киімінен пальтосы, ал заттардан жібек орамалы ерекше көзге түседі.

«Ол жерде, бояу сүзек ауруының белгісі сияқтанып теңбілденген жасыл үстелдің жанында, басында төрт тұлым шашы бар, солпиған ұзын мұрынын безеу басқан, үстінде көнетоз мундирі бар бір жас жігіт отыр екен. Сорайған тұмсығын қағазға тірей үңіліп жазып отыр» [1.13]. Ал мұнда шенеунікті суреттегенде үстел мен кейіпкердің сипатында онша айырмашылық жоқ сияқты.

«Хирургия» әңгімесінде Дьякон Бонмигласов атты кейіпкердің бейнесі тура оқырманның көз алдына келіп, ерекше әсер қалдыратыны анық:

«Қабылдау бөлмесіне кең жеңді, шұбалаң қызыл қоңыр желең киіп, беліне жап-жалпақ былғары белдік буынған, ұзын бойлы, еңгезердей шал Дьякон Бонмигласов кіріп келді. Ақ түскен оң көзі қысыңқы, танауына шыққан сүйелі шыбыннан аумай қалыпты» [1.16].

«Жуан мен жіңішке» әңгімесінде екі ескі дос теміржол вокзалында кездеседі. Кейіпкерлердің аты аталмай, жуан мен жіңішке делінуі екеуінің арасындағы жер мен көктей айырмашылықты танытса керек. Жуанның құпия кеңесші дәрежесіне жетіп, екі жұлдыз алғанын естігендегі жіңішкенің түрін сипаттауда жазушы жанын салады, тіпті қасындағы әйелі мен баласымен қатар заттарының да қожайынының көңіл-күйін айқындатқандай:

«Жіңішке кенет бозарып кетіп, сілейіп қалды, аздан соң бетінде күлкі ізі ойнап, екі езуі жымиып сала берді: оның жүзінен, көзінен ұшқын төгіліп тұрған тәрізді болды. Өзі кіржиіп, бүкірейіп, құнысып кетті... Оның шамадандары, түйіншектері мен картондары кіржиіп, тыржиып кетті... Әйелінің ұзын иегі онан бетер сорая түсті; Нафанаил мундирінің түймесін түгел салып, қаздиып тұра қалды...» [1.23].

Сондай-ақ «Әбігердегі» Федосья апай: «Үйдің бәйбішесі Федосья Васильевна, толық денелі, жауырынды, қалың қара қасты, жалаңбас, денесі сай-сай, тебіндеген түбіт мұрты бар, екі қолы қып-қызыл, кескін-кейпі мен жүріс-тұрысы қарапайым аспазшы қатынға ұқсаған әйел..» [1.109], «Анютадағы» Анюта: «...жасы жиырма бестер шамасында, сүйегі ұсақ, өзі ап-арық, кескіні қара торы, өңі күп-ку, жәудіреген қоңыр көздері, тіпті, монтаны» [1.119] бейнелері арқылы көрілік пен жастық шақ салыстырмалы түрде суреттелгендей.

«Дүшпандар» туындысында дәрігер Кирилов пен Абогин кезек-кезек суреттеледі. Дәрігердің сипатынан оның егде жастағы адам екенін, бет әлпетінен оның мінез ерекшеліктері байқалатынын көреміз: «Енді ғана дәрігердің құшық иегіндегі тұтам ұзын сақалы, құс мұрыны, еңкіштеу тартқан сидиған тұлғасы анық көрінеді» [1.160]; «Дәрігер ұзынтұра, еңкіштеу келген, киімі олпы-солпы, бет-жүзі де өңсіз кісі. Зәңгінің ерніндей көнтиген ерні, имиген бүркіт мұрны, жанарсыз қарайтын көзіндегі сүлесоқтық, бәрі де әйтеуір бір оның бойындағы тікмінезділік пен қаталдылықты, мейірімсіздікті аңғартқандай. Таралмаған шашы, үйпаланған самайы, ерте ағарған тұтамдай ғана ұзын сақалы, қаны қашып сарғайған өңі, ебедейсіз қимыл-әрекеті – міне, осындай тұрпайылықтың бәрі бастан кешкен мұқтаждық пен несібесіздіктің өмір мен тіршілік үшін арпалыстан әбден қажығандықтың белгісі еді» [1.162].

Ал Абогинге келсек, оның сәнмен киінетіні, дене пішінінің жақсы қалыпта екендігі, тәрбиелілігі байқалады: «Абогиннің де бозарған жүзі ғана емес, қазандай басы мен төбесінде ғана тұрған студент кезіндегі кішкене бас киімі байқалады. Бөкебайы төс жағында ғана ағараңдайды, желке тұсын жалбыр ұзын шашы жауып кеткен» [1.160]; «Ол тығыршық денелі, ақсары шашты, үлкен басты, жалпақ бетті, сөйтсе де жылы жүзді, соңғы сәнмен әсем киінген. Тұла бойында, түймелерін тырсылдата киген бешпетінде, жалбыр шашында, жүзінде әйтеуір бір мейірім байқалады, басын шалқақ, көкірегін кере ұстап жүреді, сыпайы жұмсақ сөйлейді, бөкебайын мойнынан еппен шешіп, шашын әдемілеп түзеген қимылында әйелдерге тән әсем жинақылық бар. Жаңа ғана сырт киімін шешіне сап, құп-ку боп бозарып, балаша қорқып баспалдақпен жоғары көтерілгенде де әлгі тұла бойындағы аңқып тұрған тоқмейілдік, шүкірлік, меңмендік кейпін бұзған жоқ» [1.163].

Жазушы Максим Горький әңгімелерінде өзге ұлт өкілдерін де сипаттай біледі. «Макар Чудрада» цығандар өмірінен алынған сюжеттер тура солардың темпераментін, қызу қандылығын танытады. Макардың қызы Нонканың жүзінен қаншама ішкі ойы көрініп тұрғаны: «Нонканың күнге күйген жүзінде ханшаның жүзіндегідей тәкаппарлық бар, әлденендей көлеңкелі тұңғиық қара көзінде өзінің мінсіз сұлу екендігін білетіндіктің, өзінен басқаның бәрін жек көретіндіктің белгісі көрінуші еді» [2.123].

Лойко Зобар цыған Радданы өлтіреді, ал оның әкесі сол алмас пышақпен Зобарды өлтіреді. «Мұрты қайырса иығына жеткендей, бұйра шашымен ұштасып кетіпті, көзінің жанарын бейне жарық жұлдыз дерсің, жанып тұр, ал күлкісі күнмен тең, міне құдай! Отырысы сондай, атымен бір біткен екен дерлік. Тұрған беті оттың сәулесі түскен, үсті-басын қан жапқандай, қызыл шоқ, күлген сайын аппақ тісі жарқ-жұрқ етеді» [2.126]. Мұндағы «от», «шоқ», «сәуле», «жану» ұғымдары мәтінге эмоционалды-экспрессивті әсер беріп тұр.

Ал Макар Чудраны кәрі еменге ұқсатуы автордың ерекше көзқарасынан туындаған ойы десе де болатын шығар: «Мен шенеліме оранып қымтана түстім де, күн мен желдің өтінен қап-қара болып кеткен Макардың кәрі бетіне қарадым. Ол қатаң, зілді түрде басын шайқап, ішінен әлденелерді күбірлейді, бурыл мұрты жыбыр-жыбыр

етеді, жел шашын дудырата түскен тәрізді. Найзағайдың оты түсіп күйген, бірақ әлі де болса алып денесіне, берік күшіне масаттана түсетін көрі еменге ұқсайды» [2.130].

«Изергиль кемпір» әңгімесінде бас кейіпкердің қаншалықты қартайғаны мысалдың басынан анық бола бастайды, өмірде көрген қиыншылықтары бет-жүзінде жазылып тұрғандай: «Көзінің жанары сөнген, оған ескіні еске түсіру де жан бере алмады. Кемпірдің кезерген, тілім-тілім ерніне, ақ қылшық сүйір иегіне, жапалақтың тұмсығындай имек мұрнына ай сәулесі түсіп тұр. Екі беті опырайған, басына орай салған ескі қызыл шүберектің астынан шыққан күл түстес ақ шашы бір жақ бетінің үстін ала салбырап тұр. Бетінің, мойнының, қолының терісі қатпар-қатпар әжім, көрі Изергиль қозғалған сайын көні кепкен терісі айырылып кетіп, өрім-өрім болып түсе қалатындай, алдыңнан жанары сөнген қара көзді жалаңаш қаңқа тұра келер деп күткендейсің» [2.142].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Чехов А. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. / Антон Чехов. – Астана: Аударма, 2011. – 344 б.
2 Горький М. Әңгімелер. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы. Алматы, 1960. – 359 б.
3 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
4 Қажыбаева Д.К. Көркем шығарманың тіл байлығын оқыту. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 99 б.
5 Қ.Мәшһүр-Жүсіптегі. М.Әуезовтің портрет жасау шеберлігі. // Қазақ тілі мен әдебиеті. №4,1995. – Б.96

ӘОЖ 882.151.212.2

ӘБДІЖӘМІЛ НҰРПЕЙІСОВТІҢ «ҚАН МЕН ТЕР» РОМАНЫНДАҒЫ АҚБАЛА МЕН ЕЛАМАННЫҢ ПОРТРЕТТЕРІ

Қ.П. ЖҮСІП
ф.ғ.д., профессор, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
А.Қ. ЕҢСЕБАЕВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Көркем бейне – адамның даралығын, ерекшелігін танытатын нақтылы көрінісі. Кейіпкер бейнесін жасауда кейіпкердің мінез құбылысын, сөйлеу мәнерін, қимыл-қозғалысын айқын бейнелеп, оқырманға нанымды жеткізе білу де жазушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Сонымен қатар кейіпкер портретінде берілген көркем суреттеулердің оқырман көңіліне эмоциялы-экспрессивті әсері де болады.

Әдебиеттегі бейнелеушіліктің дамуын абстрактіліден сезімдік-шынайы және қайталанбас деректіге біртіндеп ауысу деп белгілеуге болады. Кейіпкерлердің тіршілік әрекеті аясын кеңейту, олардың ішкі әлемін күрделендіру сипатындағы пайда болып келе жатқан реализм олардың сырт келбетін суреттеудің жаңа тәсілдерін қажет етті.

XIX ғасыр әдебиетінде портреттің негізгі екі түрін ажыратуға болады: статикалыққа тартылысы бар экспозициялық және әрекет ету пластикасына ауысатын динамикалық портрет.

Экспозициялық портрет бет әлпеті, дене пішіні, киім, жеке ым-ишаралар мен сыртқы келбеттің басқа да белгілерінің детальдарын егжей-тегжейлі атап өтуге негізделген. Экспозициялық портреттің күрделірек модификациясы – психологиялық портрет, мұнда мінез ерекшеліктері мен ішкі дүниені танытатын сырт келбетінің сипаттары басым болады.

XIX ғасырдың орта шеніндегі әдебиетте кең түрдегі экспозициялық портрет нық орын алды, мұнда сырт бейнені суреттеу әлеуметтік-психологиялық сипаттамаға айналады және қаһарман өмірбаянының деректерімен көршілестік етеді.

Әр түрлі әдеби тектер мен жанрларда портрет көркемдік тәсілдер, стильдер мен әдеби бағыттардың алмасуымен өзгеріп тұрады. Әдеби дамудың әр түрлі кезеңінде, әр түрлі сәттерінде портрет өзінің типтілік дәрежесімен және оның идеялық мазмұны негізіндегі өзінің даралану дәрежесімен ерекшеленеді.

Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы бас кейіпкерлер – Еламан мен Ақбала портреттері – әрқайсысы дара, жеке сипатты, қайталанбас, өзіндік ерекшеліктері бар тұлғалар. Ақбаладай нәзік жанды, Еламандай ер тұлғаны суреттеуде автор бар шығармашылық әдістерді қолданған. Кейіпкерінің бет-әлпетіндегі, сырт сипатындағы, киіміндегі әрбір бөлшегіне тоқталып қана қоймай, әр сәттегі көңіл-күйін, ішкі тебіренісін қатар алып суреттеу жазушының асқан шеберлігін, қаһарманына деген қарым-қатынасын, көзқарасын танытады.

Ақбаланың алғашқы портреті былайша беріледі: «Үстінде қос етек ақ торғын көйлек, басында ақ жібек шәлі. Басқа әйелдердей бетін жаулықпен жарылай бүркеп тұмшалап тартпағаны да жарасып тұр. Ақ жібек жаулық жас келіншектің онсыз да үлбіреген аппақ жүзін айқындап ашып, қасы, кірпігі қап-қара боп қиыла қапты. ...Бір рет ол әйелінің көзінен түнгі өрттің шарпуындай сұмдық сәуле көріп, шошып кетті» [1.16]. Еламанның Ақбаланың көзінен «түнгі өрттің шарпуындай сұмдық сәуле» көргені, сол сәуленің «сұмдық» болуы да бір қауіпті, күдікті сездіргендей. Ал осы сәуленің «түнгі өрттің шарпуындай» көрінуі одан да күшті әсер берері анық. Өйткені бұл тіркестен қараңғы түндегі қызыл өрттің жарқ етуі көз алдымызға келеді. Ал қызыл түс белгілі бір қауіп-қатерді, қобалжу сезімін білдіреді. Сонда мұндағы «сәуле» сөз символ болмақ. Сонымен қатар бұл мысалда автор Ақбаланың киім киісін, бет-жүзін сипаттау арқылы ақ пен қара түстерін пайдалана отырып антитеза тәсілін қолданған: «ақ көйлек», «ақ шәлі», «ақ жаулық», «аппақ жүзін», «қасы, кірпігі қап-қара».

Мына бір мысалда Ақбаланың бойындағы өзгерістер сипатталып, «нұр» символы арқылы оның мінезінің жұмсақтығы байқалады: «Ақбаланың баяғы қыз кезіндегі ажары сынбапты; қыз кезінде талдырмаш, нәзік болатын; кәзір, қайта, бала көтергесін беті толығып, бұғағы білініп, бар мүшесі бір түрлі балғын тартқан; жүзіне ұялаған жұмсақ нұр да келіншектің жанын жұмсарта түскендей екен» [1.18].

Жазушы Ақбаланың сыртқы бейнесін, киім киісін, өзін-өзі әдеппен ұстауын суреттегенінен оның тазалықты жақсы көретінін, ұқыпты, салмақты екенін аңғаруға болады. Мәселен, келесі мысалда осымен қоса оның сәннен қалмайтыны да көрінеді: «Өңі жұбау, бірақ үсті-басы таза. Ақ бәтес көйлек шағаладай. Оның сыртынан көк масаты жеңсіз киіп, қос бұрым ғып өрген ұзын шаштың бір тұтамын өрмей, баяғы қыз кезіндегі сәнмен күлтелеп тарай сапты» [1.184].

Судыр Ахметтің Еламан жайлы «топ басы болмаса да, жаман балықшылардың тәуірі сол еді ғой» деген сөзінен соң Ақбаланың түрінен сезімталдығы байқалады: «Ақбала ыңғайсызданып, күн тимеген аппақ маңдайына ыстық қан соқты» [1.184].

Жазушы Ақбаланың үстіне киген киімдерінің әрбір деталіне, түр-түсіне көп көңіл бөледі: «Басында ақ жаулық. Үстінде қынамалы көк мақпал қамзол. Ақ торғын көйлектің етегі малынып, сызыла басып кеп қонақтың алдына шашақты жібек дастарқан жайды» [1.263].

Сондай-ақ бас қаһармандардың шығармадағы басқа кейіпкерлер көзімен сипатталуы да жиі кездеседі. Ақбала жүзіндегі мұң белгісі Торшолақтың көзімен жайдан-жай берілген жоқ. «Сырт көз – сыншы» демекші, сырттан қарағанда адамның сипатынан оның ішкі дүниесіндегі сезім-толғаныстар, тебіреністер айқын көрінбек: «Торшолақ бала үй ішіндегі кісілерден қымсынбай, келіншектің ғажап сұлу, бірақ бір түрлі мұң шалған жұбау өңінен көз алмай отыр» [1.263].

Романның «Сергелдең» атты екінші бөлімінде Ақбаланың аяғы ауырлаған кезіндегі сипаты, бет-жүзіндегі, сондай-ақ мінезіндегі өзгерістер айқын бейнеленеді: «Ақбаланың аяғы ауырлап қапты; қайнысы болса да Жасағанбергеннен қорғалап, қысылып, бойын жасыра берді; қара дақ секпіл шала бастаған аппақ жүзі мұнданып, кісі алдында көзін төмен сап жүретін бопты» [2.57]. Ал Еламанды көріп қалған сәтіндегі Ақбаланың әрекетін көрейік: «Ақбала қарсы алдынан өзіне қадалған көзді сезіп, жабырқау жүзін жоғары көтере берді де, төбеге ұрғандай тоқтай қалды; оның да түсі лезде бұзылды; әсіресе, алғашқы сәтте сүйген жігітін көрген жас қызша екі беті дуылдап қызарып тұрып, Еламанға бір ғана сәт жасқанбай тура қарады; шамасы осыған ғана жетті; келесі сәтте әлденеге жүзі жасып, қоңырайып, көз жанары мұңға бейімделіп сөніп бара жатқандай болды. ...Қара мақпал жеңсізінің қос өңірі қырылыпты. Басқа киімдері де ескірген екен» [2.147]. Мұндағы Ақбаланың бет-жүзі неге жасып, қоңырайды, көз жанары неліктен мұңға толы? Әдетте адамның осындай қалпы өкініштен, істеген қателіктерін мойындағанынан, қайғыдан да болады. Бұл мысалдағы кейіпкердің тұтастай барлық сипаты оның ішкі жан дүниесіндегі тебіреністеріне, сезімдеріне келіп тіреледі. «Ақбала бұрылмады; тынысы тарылып, әдемі жұқа танауы әлгіден де гөрі қаттырақ қусырылып кеткен. Оның тек өліктей қуарған аппақ бетінде екі қара көзі ғана ұшқындап, қос қарашығы жана түскен. Дәл бір жаны шығар алдында аяқ серпіп ышқынған аңның көз жанарындай» [2.148] дегенде автор Ақбаланың сол сәттегі күйіне сәйкес теңеуді пайдалана отырып, оның өкініші мен өксігін айқындайды.

Еламанның портретін суреттегенде де жазушы оның түр-сипатына, дене бітіміне ерекше назар аударып, айдауға түскенге дейінгі және қайтып келгеннен кейінгі сипатындағы өзгерістерді айқын көрсетеді. Алғашқы кезіндегі портреті былайша суреттелсе: «Өзі көріп жүрген қыр қазақтарынан мына жігіттің бар түрі бөлектеу, айта қалғандай ажарлы болмаса да кең кеуделі, иықты, ірі жігіт... Үстіндегі киімдері де ып-ықшам» [1.51], бұдан соң үйге оралғаннан кейінгі бейнесі осындай: «Үстінде тептік көйлек. Аяғында жайын ауыз ботинка. Сақал-шашы өсіп, жел қаққан жүдеу беті қарайып, осы отырған кісілерден өзгешелеу көрініп тұр» [1.201]; «Үй ішіндегі әңгімеге ықылас қоймай, көбінше ой-қиялын басқа бір нәрсе билеп, екі иығының басы салбырап, сақал-мұрт басқан жүдеу беті жабырқау тартып отыр» [1.202]. Бұл оның қаншалықты азаптанғанын, қиындық көргенін айғақтайды.

Еламанның портреті басқа кейіпкерлердің көзімен де жиі бейнеленеді. Еламанның түріне үреймен қараған солдаттың сезімін оқырман да түсінері анық: «...солдат жалт қарап, ұзын бойлы, иықты бір қазақтың сырт жағынан кеп, қамшыдан ұстап тұрғанын көрді; бір қолымен ұстаса да қамшыны жібермей тұр. Үсік шалған беті қара-қошқылданып, іштей ширығып, безеріп алыпты. Үлкен қара көздері де солдат жүзіне суық қадалып, тайсалмай тұрған-ды» [2.91].

Ал мына бір мысалдарда Еламанның айдаудан келген кезіндегі бет-бейнесіндегі және мінезіндегі де өзгерістер толық ашылып суреттелген: «Қолпылдаған қазақы киімнен гөрі орысқол киімі қонымды. Қара мұрты қалың өсіпті. Жалданып тұратын дөңес мұрны мен үлкен аузы қашан да болса оның кесек бітіміне жарасымды үйлес тауып, ер пішінін ірілеп тұратын. Соның үстіне енді қазір Еламанның өңіне бұрын болмаған суық ажар пайда бопты. Түнжыраған қалың қабақтың дәл астынан кісі өңіне біртүрлі сазарып қарайтын үлкен ала көздің алдын әлден ұсақ әжім торлаған. Қос самайында қалыңдай түскен ақ шаш та жайшылықта ішін аша бермейтін осы бір мейлінше ұстамды жігіттің кейінгі жылдары талай қиындықты басынан кешкенін пәш ете ме? Оның бетіндегі әжімнен Ақбала өзі істеген қиянаттың ізін көргендей боп іштей тітіркеніп қалды» [2.164-165]; «Еламан қатты өзгеріпті. Бет ажары кәдімгідей кексе тартыпты. Көзінің алдындағы бұрынғы ұсақ әжімдері тереңдеп, басынан кешкен ауыр өмірдің анық ізіндей боп тұр. Бұрын біреумен тілдескенде әлде неге іштей мәз болған адамдай, екі езуі жиылмай, ұяң кескінде миығынан ғана күліп отыратын жігіттің қазіргі түрі тіпті басқа.

Әлде қалай езу тарта қалса да аржағында бір қатал күш еркіне жібермей, тізгіндеп тежеп қала беретін сияқты. Сонан ба, оның күлкісі де көп жағдайда тістенгендей боп сазарып қалған салмақты өңі селт етпейді екен» [2.203]; «Жасы қырыққа келе қоймаса да, самай шашын әлден ақ шалып, кең маңдайын қасірет ізіндей әжім осып тастаған осы бір кесек тұлғалы жігітте көп сыр жатқандай» [2.239]; «Қан-сөлсіз бетін сақал-мұрт басып кеткен, күн-түн қатқан ұзақ жолда ат соғып қалжыраған бойын әзер билеп отыр» [3.8]. Еламанның суықтығы, тұйықтығы, бетіндегі торлаған әжімдері оның айдауда жүріп талай қиыншылық көрген кездерінің осыншалық із қалдырғанын білдіреді.

Еламан сипаты Ақбаланың көзімен де беріледі: «Желкесіне шөгеріп киген бөрік астынан шыққан қос самайындағы шашы аппақ. Ұрты мен көзінің алдын торлаған сай-сай әжімдер кәзір былтырғысынан да гөрі тереңдеп, бет сүйектері ет пен тері астында бадырайып-бадырайып шығып, кәрілік шіркіннің көңілсіз көлеңкесі кәдімгідей-ақ деңдеп қапты» [3.42-43]. Мұнда Еламанның бойындағы айтулы өзгерістерге қарағанда, біршама жасқа келіп қалғандығы байқалады.

Баласы Әшімнің өзінен аумай қалғаның, бет-жүзіндегі ұқсас детальдарға дейін суреттеуде автор нақтылыққа бет бұрады: «Тек Әшімжаны жүдеу. Қолға алғаннан бері ілесінен айығып, тілі шығып адам боп аяғына басып кетсе де, сорлы бала етке шықпай-ақ қойды. Өзі аумаған әкесі болатын. Үлкен ала көзі, қоңқақ мұрны мен кез иегіне дейін құйып қойғандай-ау, құйып қойғандай» [3.227].

Мүсіні сәтті жасалған кейіпкер – әрі белгілі бір топтың негізгі сипаттарын бойына сіңірген жиынтық бейне де, әрі өзіндік түр-тұлғасы бар, ешкімге ұқсамайтын нақты адам.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нұрпейісов Әбдіжәміл. Қан мен тер. Роман. 1-кітап. Ымырт. – Алматы: Жазушы, 1966. – 268 б.
2 Нұрпейісов Әбдіжәміл. Қан мен тер. Роман. 2-кітап. Сергелдең. – Алматы: Жазушы, 1966. – 276 б.
3 Нұрпейісов Әбдіжәміл. Қан мен тер. Роман. 3-кітап. Күйреу. – Алматы: Жазушы, 1970. – 352 б.
4 Қ. Мәшһүр-Жүсіптегі. М.Әуезовтің портрет жасау шеберлігі. // Қазақ тілі мен әдебиеті. №4, 1995. – Б.96
5 Қажыбаева Д.К. Көркем шығарманың тіл байлығын оқыту. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 99 б.
6 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.16

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ ЭПОСЫ

Н.Қ. ЖҮСІПОВ
ф.ғ.д., профессор, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Н.М. УАЛИХАНОВА
магистрант, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ең ерте замандарда қалыптасып, эпостың басқа түрлерінің шығуына негіз болған – көне жыр (архаикалық). Түрлі халықтар фольклорындағы көне эпостың типологиясы В.Я. Пропп, В.М. Жирмунский, Б.Н. Путилов, С.С. Суразаков, А.К. Микушев, Е.М. Мелетинский, Ж.К. Лебедева, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев еңбектерінде сөз болған.

Архаикалық эпос жөнінде орыс фольклорисі зерттеген Б.Н.Путилов жанрдың өзіне тән белгілері ретінде:

1. Қиял-ғажайыптың эпосқа қатыстырылуы;
2. Әлемнің бірнеше қабаттан тұратыны жайлы көне түсініктің көрінуі;
3. Мифтік дәуір, алғашқы адамдар жағдайы сөз болуы;
4. Құбыжықтар мен айдаһалар бейнесінің берілуі;
5. Табиғаттың сиқырлы күштеріне табынушылықтың көрінуі сияқты ерекшеліктерін атаған.

Сонымен қатар, Б.Н.Путилов архаикалық эпос жайындағы еңбектерді шола отырып, әділ тұжырымға келеді. Ол мифологиялық эпос, батырлық ертегі, мемлекет пайда болғанға дейінгі эпос алғашқы қауымның жемісі екенін айтады [1,31]. Көне эпосқа тән ең негізі ерешелік - синкреттік сипатының басымдығы. Мұнда мифтің, ертегінің, аңыздың, тұрмыс-салт жырларының үлкен орын алатынын байқаймыз. Қазақтың көне жырлары мен ілкі замандарда жыр, аңыз-әңгіме, миф түрінде таралып, кейін жазба эпосқа айналған оғыздардың «Қорқыт ата кітабы» - көне эпостың бірі. М.Әуезов, Ә. Марғұлан, М.М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаевтың еңбектері де эпостың бұл түрінің белгілерін, батырлар жырына арқау болған желілерін ажыратуға үлкен септігін тигізді. Осының негізінде Р. Бердібаев көне эпостарды жеке жанрлық түр ретінде арнайы қарастырады [2,45]. Көне эпостың ішкі сипаты әр халықтың тарихында әр түрлі, яғни кейіпкерлері, оқиғалары әр түрлі болып келеді. Осыған байланысты қазіргі кезде көне эпосқа түрлі атаулар мен ұғымдар қолданылып жүр. Мысалы, батырлық ертегі (В.М. Жирмунский), мифологиялық эпос (Е.М. Мелетинский) мемлекетке дейінгі эпос (В.Я. Пропп), ертегілік-мифтік эпос (Б.Н. Путилов), архаикалық эпос т.б. [2,46].

Архаикалық эпостардың басты белгілерін Р. Бердібаев тува, бурят, т.б. халықтар фольклорының материалында төмендегіше жинақтайды:

Көп ерліктер көрсететін, кедергі атаулының бәрін жеңіп шығатын басты кейіпкерлердің бірі әйел болып келуі (матриархат дәуірінің жаңғырығы);

Ертедегі батырлардың күштілігі соншалық – олардың айқайынан «ағаштар жапырылып, тастар талқан болып жатады»;

Батырдың астындағы аты жүйрік қана емес, керек кезінде тіл бітіп сөйлей алатын ақылшы серік те болып көрінеді;

Қалыңдық іздеген батыр көптеген қиын шарттарды орындап, күресте, жарыста, мергендікте бәсекелестен озып барып, дегеніне жетеді;

Батыр қысылтаяң жағдайға түскенде оған жәрдемге келетін дос, сиқырлы күштер болады;

Бірін-бірі көрмеген әке мен баланың алғашқыда айқасып қалып, табысатыны да көне сарын [2,53].

Көне эпостың осы жинақталған белгілері негізінен қаһармандықты жырлайтын тобына қатысты. Бұларды ғылымда қаһармандық көне (героико-архаический) эпос деп те атап жүр. Архаикалық эпостың бұл түрлері кейін батырлар жырының негізін құрады.

Зерттеушілердің пікіріне қарағанда қазақтың көне эпостарына «Құламерген, Жоямерген», «Таласбай мерген», «Дотан батыр», «Құбығұл», «Аққөбек», «Шолпан мерген», «Арғы мерген», «Қара мерген», «Аламан мерген» көптеген жанрлық белгілері бойынша ежелгі эпостарға жақындайтын «Мұңлық-Зарлық» жатқызылып жүр. Ә. Қоңыратбаев бұған қоса «Ер Төстік» шығармасын да ертегілік сарындағы эпос деп атайды. Кезінде М. Ғабдуллин мен Т. Сыдықов «Құламерген», «Құбығұл» жырларын жеке жанрлық түр ретінде қарастырмағанымен, оларда ежелгі қабаттардың, мифтік-фантастикалық белгілердің басым екенін атап көрсеткен болатын [3,18]. Алайда бұл жыр түрінде айтылатын кейбірі біртіндеп ұмыт болып, ертегіге айналып кеткен. Тек қара сөз түріндегі жұрнақтары ғана сақталып қалған.

Көне эпостардың бірі – «Қорқыт ата кітабының» Дрезден нұсқасы да, Ватикан нұсқасы да шамамен алғанда XYI ғасырдың көшірмелері. Онан бұрынғы жазбаларда әзірге кездескен емес. Екі нұсқаның да арасында сюжеті, мазмұны жағынан алшақтық жоқ, айырмашылығы – жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінде, сөйлемдерде. Осыған қарағанда екеуі де бір нұсқадан таралғанға ұқсайды. XIY-XYI ғасырларда оғыз эпосы жазбаша түрге көшеді.Оған себеп болған оғыздардың тарихы, саяси жағдайлары. Осы ғасырда жаулап алған жерлердегі жүзлеген ғасырлық отырықшы мәдениеті бар Таяу және Орта Шығыс елдерімен, Шығыс Европаның мемлекеттерімен , тілі, діні бөлек әр түрлі халықтар тіршілігімен тоғыса келе оғыздардың рухани өміріндегі дәстүрлі түсініктері жаңа әлеуметтік процестің сүзгісінен өтуге тиіс болды. Бұрын ауызша айтылып келген ескі аңыздарды, хикаяларды, көлемді қаһармандық эпостарды жазба әдебиетінің үлгілері немесе қолжазба түріндегі дастандар біртіндеп ығыстырыла бастады. Фольклордың бұлардан өзге кейбір жанрлары ерекше өркен жайды (мысалы, романдық эпостар, тарихи, ғашықтық өлеңдер т.б.). Көшпелі феодалдық-патриархалдық дәуір артта қалып, тайпалық, рулық, түсініктердің ірге тасының шайқалуы өзімен бірге қалыптасқан фольклордың кейбір түрлерін де көмескілендіреді. «Қорқыт ата кітабы» дәл осы кездерде қағаз бетіне түсірілген. Ғасырлар бойы ауызша айтылып келген өткен дәуірдегі бабаларының тарихын ұмытпас үшін оның ұрпақтары ұқыптылықпен жазып алған. Бірақ та бұл жыр шарықтау шегіне жеткен кезде қағаз бетіне түскен емес, керісінше, бәсеңдеу ауызша жырлаушылардың тарапынан ұмтыла бастаған кезде жазып алынған. Сонымен XYIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап көне эпостық дәстүр әлсіреп, тарихи оқиғаларға байланысты тарихи жыр тобы туа бастады да, эпикалық жанр басқаша сипатта дамыды [2,61].

Көне эпостың жанрлық сипаты туралы ой-пікірлер ғалымдардың ілгерінді-кейінді жазған еңбектерінде кездеседі. Осыған қатысты тұжырымдарды Ә. Марғұлан, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов, Н. Смирнова, Р. Бердібай және Ш. Ыбыраевтың зерттеулерінен табуға болады. Р. Бердібаев көне эпостарды жеке жанрлық түр ретінде арнайы қарастырды. Фольклорист Ә. Қоңыратбаевтың: «Ертегілік эпоста мифология мен өмір тіні ұштасқан. Онда көбіне табиғаттың тілсіз күштері, мыстан, диюлармен күрес басым. Өмір тінінде аңшылық дәуірдің ізі («Құламерген»), одан қалса, жұбайлы неке үшін күрес бар («Ер Төстік»). «Дотан жыры» одан да марқалау болса керек», -деген тұжырым айтқан. Бұдан шығатын қорытынды – батырлық эпостың бір қайнар көзі ертегілер екені белгілі [3,18].

Көне эпостың шығу тегі, өзіндік ерекшелігі, сюжеттік құрамы жайында ой-тұжырымдар Ш. Ыбыраевтың зерттеуінде де айтылады. Ол: «Асылында, фольклордың жанрлық құрамына қарай, бірде «көне эпос», бірде «батырлық ертегі» аталып жүрген шығармалардың табиғатында оларды эпос ретінде де, ертегі ретінде де қарауға болатын екі жақтамалық сипат бар. Ол, сөз жоқ, осы жанрлардың бір-бірінен іргесін аулақ салмай, аралас-құралас жүрген кезеңін көрсетеді. Сондықтан да оларды тек қана ертегі не эпос деп дәлелдеу барысында өтпелі аралық сипаты есте тұруы тиіс. Мәселе, тіпті олардың терминдік жағынан қалай аталуында да емес, гәп оған қандай мағына сыйдыратынымызда», -деп жазады [4, 60-71].

Көне эпостың жанрлық сипаты жөнінде орыс фольклрошылары да тиянақты зерттеулер жүргізіп, оған тән белгілерді атады. Профессор Б.Н. Путилов орыс және оңтүстік славян эпостарын салыстыра келе, эпикалық жырлардың көне кезеңіне тән белгілерді көрсетті. Оқиғаға қиял-ғажайыптың араласуы, бірнеше қат әлем туралы түсініктің болуы, мифтік дәуір, ілкі адмдар (культурные герои) мен құбыжық-аждаһалар бейнелерінің болуы – табиғаттың тылсым күшіне сенуінде [1,31].

Сонымен көне эпос байырғы замандарда қалыптасып, кейінгі эпостық дәстүрге негіз болды деген қорытынды жасауға болады.

Жоғарыда аталған көне эпостардың жиналу, жариялану жағдайына келетін болсақ, «Дотан батыр» жыры алғаш рет 1903 жылы «Қисса Дотан Құбақанбайұлы» деген атпен Қазан қаласындағы «Мааріф» баспасында жарық көреді. Бұл жырды ел аузынан жинап, өз қолымен хатқа түсірген – Ж. Шайхулисламов. Көне эпос үлгісі 1915 жылы қайта басылып шығады. Бұл жырдың 4 нұсқасы бар. Ең тәуірі 1903 жылы Жүсіпбек қожа бастырған «Қисса Дотан Құбақанбайұғлы» дейтін вариант.«Дотан батыр» жырының Аманғали Сегізбаев 1941 жылы, М. Жүсіп 1941 жылы, Қысыраубек Аманбаев 1948 жылы тапсырған, бұрын басқа жерде жарияланбаған нұсқалары Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасындағы қолжазба қорында сақтаулы. Бұл үлгілердің оқиғасы, құрылымы, көркемдік бітімі Ж. Шайхулисламов бастырған нұсқаға жақын.

«Құбығұл» жырының сюжеті алғашында аңыз-әңгме үлгісінде баспа бетінде бірнеше рет жарияланды. Мысалы, 1901 жылы «Тургайская газетада» «Кобдагул», кейін 1908 жылы осы «Тургайская газетада» «Батыр Құбықұл» деген атпен тағы бір ертегі орыс тілінде қарасөзбен аударылып шықты. Бұл нұсқалар Құбығұл жайындағы шығармалардың ел арасына көптен мәлім екендігін көрсету үшін өте маңызды. Мазмұны жағынан бұл нұсқалар «Құбығұл» жырына жақын. Ерекше көңіл аударатын бір нұсқа – Нұрпейіс Байғаниннің «Құбығұл» деп аталатын жырының мәтіні. Аталмыш нұсқаның көлемі, өлең жолы үш мың бес жүз жолға жақын. Жыр 1940 жылы қағазға түскен. Қазақстан балалар энциклопедиясына Н. Байғанин нұсқасының 1964 жылғы «Батырлар жырында» жарияланған мәтіні енгізілді.

«Мұңлық-Зарлық» жыры – ел арасына өте кең тараған, халықтың сүйсініп тыңдайтын көне эпостық жырларының бірі. Жырдың Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында сақтаулы тұрған бірнеше нұсқалары бар. Солардың ішінде, кезінде Ж. Шайхулисламов жазып алып, бастырған нұсқасы ең толық, ең бір көркем үлгісі деп танылып жүр. Бұл жырды да Жүсіпбек жырлаған.Оқу құралдары мен 1964 жылғы жинаққа еніп жүрген нұсқасы, негізінен осы Ж. Шайхулисламовтың варианты. Жырды алғаш рет 1899 жылы Ж. Шайхулисламов Қазан қаласында бастырып шығарды. Кейін осы мәтін өзгеріссіз 1901, 1905, 1910 жылдары Қазанда бірнеше рет қайтара жарық көрді. Сондай-ақ 1964 жылы «Жазушы» баспасында жарық көрген «Батырлар жырының» үшінші томында жарияланған. Революциядан бұрын Қазанда 1967 жылы қайта басылды.

«Құламерген», «Жоямерген» жырларының Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімінің қорында әр кезде жиналып, сақталған бес нұсқасы бар. Оның біріншісі – Әбдірахман Бектасов нұсқасы. Мәтін 1909 жылы Қазанда Домбровский баспасында басылып шықты. Екінше нұсқа «Құламерген қиссасы» деп аталады. Жырдың Семей облысының тұрғыны Ілияс Молдажанов жазып алып, 1915 жыл Қазан баспасына ұсынады. Бірақ бұл нұсқа белгісіз себептермен жарыққа шықпай қалған. Ғ. Мұстафин тапсырған үшінші нұсқа 1938 жылы Қарағанды облысынан жазылып алынған. Қазір Ғылым академиясының Орталық кітапханасында (665 п., 3-д.) сақтаулы тұр. Бұлардан басқа 1940 жылы Семей экспедициясының мүшесі С. Байырбеков жазып алған «Құламерген» жыры (Ә. Бектасов жырлаған) (ОҒК., 665 п., 2-д.) мен Базарбай Сүлейменов тапсырған нұсқа (ОҒК., 665 п., 1-д.) бар. Соңғысы Ақтөбе облысынан түскен. Қазақстан балалар энциклопедиясына «Құламерген, Жоямерген» жырының 1912 жылы Қазанда басылған «Қисса һәм Құламерген» атты кітапта жарияланған. Бұл – 1909, 1912, 1916, 1938 жылдары (ҮІІ-ҮІІІ сыныптарға арналған хрестоматияда) басылған Әбдірахман Бектасовтың нұсқасы [5,232-233].

Құла мерген оқиғасы ертегілік жыр, Хазар теңізі төңірегінде туған. Бұл жырдың қазақта 8 нұсқасы бар. Негізгі нұсқа –Әбдірахман Ізбасұлы Бектасовтікіделінеді. Бұдан басқа «Иеменбатыр», (Әмен батыр), «Приям хикаясы» (Афрасияб батыры), «Қисса Бекзат бала», «Дағыстан», «Ғабиден батыр» деген Орта Азия, бұлғар – пешене сюжеттерін жырлаған. «Әмен батыр» Қорқыт жырында бар, көбі қисса [6,122].

Жоғарыда аталған жырларды Ә.Қоңыратбаев «Қазақ эпосы және түркология» деген монографиясында терең зерттейді. Ғалым бұл жырлардың нұсқалық ерекшеліктерін, сюжеттерін салыстырып, қысқаша мазмұнын береді және кімнің, қай жылдары жырлағанын атап айтады. «Дотан батыр» жырының сюжеті екі тінді. Бірін– ертегілік–мифтік, екіншісін – тарихи оқиғаға құрылған тін. Яғни бірінші бөлім ертегілік сарынға (мифологияға) құрылса, екінші бөлімі 1723 жылғы жоңғар басқыншылығы кезіндегі қазақ тайпаларының күресіне негізделген 124. Сонымен қатар кейіпкерлер туралы, өскен жері, өмір сүрген жылдары туралы да біраз мәліметтер береді.

«Мұңлық–Зарлық» жырына байланысты ғалым оны қазақтың ертегілік эпосының әрі көркемі, әрі кенжесінің бірі, –дейді. Аңыз Х ғасырда Сыр бойында, оғыз–қыпшақ ұлысы кезінде туғандығын нақты мысалдармен дәлелдейді 125 Жырдың қысқаша мазмұнын бере отыры, оның құрылысы 7–8 буынды жыр және 11 буынды қара өлең үйқасы екенін талдап, жыр көбіне монологқа құрылғанын айтып, оқиғаның сюжеттік желісін талдайды. Жырдағы бас герой 956 жылы Жентте ислам дінін қабылдайтын аңыздағы – Санжар (бір аты –Шаншар). Мервтегі тарихи Санжар 1153 жылы өлген еді, ал Шаншардың мазары Жентте екенін атап өтеді.

«Құламерген» жырының оқиғасы ертегілік жыр, Хазар теңізі төңірегінде туған.Жырдың қазақта 8 нұсқасы бар екендігін айтып, әр нұсқадағы кейіпкерлерді салыстырады. Жырдың сюжеттері сақ–массагет, хұн дәуірінде б.э.д. ҮІІ–ҮІ ғғ. туғанын айтады. Сондай–ақ «Ер Төстік» ертегі мен жыр аралығында көрінеді. Ондағы өлеңдік кесте –эпостық белгі. «Ер Төстік» қырғыз, барабы татарларында бөлек жыр болып табылады. «Манас» жырындағы Боқмұрын –Ер Төстік. Бұл екі сюжет өзінің сәбилігі, шынайылығы жағынан қазақ мифолгиясының басында тұрады. Олар аналық қоғам салтымен күресте туған, этногенездік–рухани мәні зор, сұлу аңыздар. Бұлғар, Қарабек сөздері

Х ғасырдағы пешене дәуірінен, Орақ аты ноғайлы заманынан алынған. Сөйтіп, біз жоғарыда Ә.Қоңыратбаевтың көне эпоска қатысты құнды зерттеулерінен біраз мәліметтер келтірдік.

Көне эпосты зерттеген келесі ғалым Р.Бердібайдың «Эпос мұраты» еңбегіне тоқталмақпыз. Ғалым көне эпосты зерттеген бірнеше зерттеушілердің пікірлері мен тұжырымдарын келтіре отырып, көне эпосың нақтылы көріністерін эпос туындыларын талдау үстінде ғана анықтауға болатынын айтып, бірнеше жырға тоқталып, оқиғалар желісін талдап, қысқаша мазмұнын береді. Мысалы, «Дотан батыр» жырының оқиғалары көне дәуір санасын елестететінін айтады. Соның бірі–қалыңдық іздеу, белгісіз қауіп–қатері мол қиын сапарға аттану идеясы. Ғалымның көрсетуі бойынша қаһарманның қандай да болмасын мақсат көздеп жолға шығуын көрсету эпикалық аңыздаулардағы ең ескі сарын болып табылады. Эпоста оқиғалар мен кейіпкерлердің «ауыс–түйісі» неғұрлым көбірек болуы көне эпоска сыйымды, жарасымды. Өйткені онда қаһарман мінезі даралана бермейді, ал белгілі бір әлеуметтік типтің аты–жөнін өзгертіп, жаңа жағдайларға сала берудің қиындығы жоқ. «Дотан батыр» жырында алыс сапар үстінде Дотанға көмекші, тілектес дос күштер кездеседі Олар: саққұлақ, мерген, желаяқ, көзбайлаушы. Осындай мысалдармен Р. Бердібай оны көне эпоска жататынын дәлелдеп шығады.

Келесі көне жырға жататын «Құламерген» жыры. Ең алдымен бұл эпостың орталық қаһарманы – Құламерген аңшылықпен кәсіп ететін адам. Ал аңшылық адамзаттың өте ерте кездегі ежелгі тіршілік қарекеті екені мәлім. «Құламергенде» стадиялық жағынан матриархат дәуірінің нышанын елестететін қабаттар бар екенін атап өтеді. Ол Құртқа есімді мыстан кемпірдің бейнесінен аңғарылады. Жырда мыстан кемпірдің «ақылымен» Құламерген отбасының алай–түлейі шыққанын көреміз. Тағы бір көне эпостың белгісі жырда сиқырлы күштердің болуы. Мысалы, жау күш Құламергенге жол үстінде жылап жатқан бала бейнесінде кездесіп, соңында жеті басты жалмауыз кемпірдің баласы Орақ болып шығады. Ғалым осы сияқты т.б. мысалдарды келтіреді. Сондай–ақ қарақалпақ халқында сақталған «Құламерген» мен қазақ жырының оқиғалық өрілімін салыстырып, екеуінің түбірі де, кейіпкерлерінің құрамы да бір бастаудан таралғандығы айқын көрінеді. Тек қаһармандар есімінде, жер атында ғана айырмашылық бар екенін айтады.

«Мұңлық–Зарлық» жырының кейбір нышандары өте көне дәуірге мегзейді. Зұлымдық иесі мыстан кемпір,алып қара дәу, жас балаларды адамша асырайтын киік бейнелері, Мұңлық пен Зарлықтың елсізде өсуі, аңшылық өмір көріністері т.б. Бұл шығармада дастанға тән көріністер кең ұшырасатынын Р. Бердібай атап көрсетеді. Мысалы, мұнда жазба әдебиет белгілері молырақ. Жаттанды, әр жырға ауысып отыратын «көшпелі жолдар» көп емес.Назым (өлең) мен нәсір (проза) кезектеле келіп отыруы да дастанға хас сипаттар. Ғалым жырдың композициялық құрылысын, көркемдік ерекшелігін (диалог, монологтар,теңеу т.б.) жырдың идеясын, кеіпкерлер бейнесін талдайды. Сөйтіп «Мұңлық–Зарлық» жырының оқиғасы он сан ноғай заманында болған деп көрсетіп, жырдың әрі ескі ертегі негізінде жасалған, әрі бергі дәуір шындығын біраз қамтыған қызғылықты қисса, ғибратты ғақиқатшыл жыр екенін атап айтады. Бұл шығарманы авторлық туынды деуден гөрі дәстүрлі эпос қатарында қарап тексеру лайық болмақ деген пікір айтады.

«Құбығұл» жырында батырлық үйлену мәселесі кең де көркем кестеленген Уәли ханның баласыздықтан зар шегуі, кемшілік көруі, ұл сұрап әулиелерге жалбарынуы, ақырында Баба түкті әулиенің «мейірімі» түсіп, рақым етуі, «балаң болады» деп түсіне аян беруі жүйелі суреттелген. Осы оқиғаларды ғалым Р.Бердібай жеке–жеке талдап, жырға тән көне сарынның мол кездесетінін аңғарады. Сондай–ақ талдау, өрнектеу өнері жағынан жырда классикалық, романдық эпостардың да нақышы танылады. Көптеген қайталама суреттер (ат шабыс, соғыс, қаһармандарт бейнесі, т.б.) жалпы эпикалық фондымен аралас жатуы да мұның құрамды, синкреттік бітімін белгілейді [7,30].

Ғалым Р. Бердібаев көне эпостың жанрлық сипаты, фольклордың өзге түрлерімен байланысы, көркемдік кестесі, типологиясы жайында құнды тұжырымдар айтты. Алғашқы қауым адамдарының сана–сезім, наным–сенімін, дүниетанымын белгілі дәрежеде, көркем елестететін мифтік, ертегілік, аңыздық оқиғаларға құрылған эпикалық туындылардың көбіне тән ортақ белгілерді жинақтай келгенде бірқатар тұжырым жасайды:

Мұндай шығармаларда қиял-ғажайыптық оқиға күрделі орын алады; адам баласына қаскөй күштер: жезтырнақ, дию, албасты, аждаһалармен күрес, оларды жеңіп барып, мұратқа жету көрсетіледі;

Көне эпоста дүниенің жаралуы туралы мифтік ұғымдар көрініс тапқан. Оқиғалардың, байланыстардың үш қат әлемде: аспан, жер, жер астында өтетіні осының айғағы. Алғашқы адамдар – «мәдени қаһармандардың» іс-әрекеті, мифтік дәуірдің елестері осындай жағдайда айқындала түседі. Әке мен баланың ұзақ уақытқа айырылысып, жат болып табысуы да қас күштер әрекетіне қатысты;

Ана еркі (матриархат) дәуірінің ыдырап, ата еркі (патриархат) кезеңінің салты орныға бастаған шақтың сипаттарын танытатын оқиғалардың кездесуі – эпостың көнелелігінің бір дәлелі. Бұл мәселелер кейде төтелей көрінбегенімен, осы процестің салдары аңғарылып отырады;

Қазақтың көне эпосында ертедегі аңшылық өмірдің көріністері неғұрлым кеңірек сақталған. Өз еңбегімен күн көріп жүрген аңшы, мергендердің зұлым күштерге күтпеген жерден кездесіп, айқасқа түсуікөп қиындықты бастан өткізіп барып, мұратына жетуі – бұл шығармалардың қалыптасқан негізгі желісі;

Адамдардың сиқырлы күштерге сенуі (анимизм, тотемизм, т.б.), жан-жануарлар, өсімдік дүниесінің жаны, иесі бар деп есептеушілігі эпикалық шығармаларда із қалдырған. Жүйрік аттар мен жас баланы асырайтынкиіктердің «қамқорлығы» осыны көрсетеді. Адал ниетті жас қаһармандарға тарыққанда жәрдемге келетін, ақыл беретін, жол табатын кәміл пірлер, ғайып ерен қырық шілтендер (періште, адамды жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейнелер) қызметіне ерекше мән беріледі;

Баласыздық тақсіреті, әулиелерді аралап, мінәжат ете жүріп, перзентті болушылық, түс көру, аян беру, болашақ қаһарманның ғажайып тууысекілді жағдайлардың түбірі де адамның табиғат күштеріне тәуелді кездерінің айқын өрнектері;

Қаһармандардың жедел есеюі, жүйрік ат таңдап мініп, қауіпті алыс сапарға аттануы, жол-жөнекей алуан түрлі жыртқыш, сиқыр, қас күштермен кездесуі, батырлықпен үйленуі – көне эпоста кең таралған құбылыс [8,64-65].

Ш.Ыбыраев «Эпос әлемі» еңбегінде «Эпостың ежелгі арнасы» тарауында көне эпостың пайда болуына байланысты біраз мәселелер қозғайды. Автор көне эпостың пайда болуы идеолгиялық және жанрлар синкретизмінің басым болып тұрған кезіне сәйкес келмейді, керісінше олардың ыдырау, жіктелу процесінде қалыптаса бастайды, онсыз көне эпос ауыз әдебиетінің жеке саласы ретінде өмірге келуі мүмкін емес, – дегенді айтады. Ғалым көне эпосқа байланысты В.Я.Пропп, В.М.Жирмунский, М.Әуезов пікірлеріне тоқталып, Ә.Қоңыратбаевтың пікірі де олармен сабақтас келетінін айтады. Ол қазақ эпосының ежелгі дәуірін қарастыра келіп, эпос басында ертегі, аңыз, шежіре түрінде айтылған да, біртіндеп ертегілік сарыннан айығып, тарихи– реалды жырға айналған деген ойға келеді [3,12]. Ш.Ыбыраев көне эпостың кейіпкерлері өз мақсатына түрлі тәсілдер, айла–амалдар арқылы жетіп отыратынын айтады.Алайда қиял–ғажайып ертегілердегі сиқыр күштерден бұлардың елеулі айырмашылығы бар. Алдымен мұнда сөздердің магиялық, дүниені өзгерткіш күшіне сену басым. Сондықтан да көне эпоста арбау–байлау өлеңдері көбірек орын алады. Екіншіден, ғажайып, сиқырлы заттарды қолға түсіріп солардың көмегіне сүйену көне эпосқа тән емес. Қаһарман негізінен өз күшіне сенеді.

Демек, көне эпоста қиял дүниесінен гөрі өмірде негізі бар мифтік, тотемдік көзқарастар басты орынала-ды екен. Оның үстіне қиял–ғажайып ертегілерде бас қаһарман қандай қиншылықтар болса да соңында жеңіске жетеді. Ал көне эпоста әрқашан да бұлай емес. Қаһарманның өліп–тірілуі, түрлі күштерден жеңілуі, трагедиялық жағдайға ұшырауы жиі кездеседі [4,68]. Сөйтіп, автор көне эпос пен қиял– ғажайып ертегілердің айырмашылығын ашып көрсетеді.

Көне эпостарда алдымен көзге түсетіні – әйелдердің барлық мәселеде жетекші роль атқаратындығы. Мысалы қаһарманды ертікке баулитын, садақ, жебе жасап беретін, бақсылықты үйрететін – оның апайы, не болмаса қарындасы. Кейде әйел ағасының орнына өзі жорыққа шығып кегін қайтарады.

Ж.К. Лебедева Қиыр солтүстіктегі эпостық жырларды салыстыра келіполардың сюжеттік құрамын типологиялық жағынан мынадай тақырыптарға бөліп қарайды:

1. Ерлерден бөлек тұратын әйелдер туралы;
2. Әйел шаман туралы;
3. Эпикалық әйел қаһарманның көмелетке толу тақырыбы;
4. Әйел кейіпкердің өзіне жар іздеу тақырыбы;
5. Батыр әйелдің кек алу тақырыбы;
6. Жас қаһарманның өсуі;
7. Батырдың кек алуы;
8. Батырдың әйел алуы туралы;
9. Ру мен тайпа арасындағы қақтығыстар мен соғыс тақырыбы [9,15-70].

Көрсетілген тақырыптардан анық байқалатыны – әйелдерге байланысты сюжеттердің кең таралғандығы.

Көне эпос сюжеттерінің ішіндегі ең кең таралғаны–батырдың үйлену мақсатындағы жорықтары және осыған байланысты түрлі сынақтан өтуі. Екінші сюжет батырдың өзіне жар таңдап, әрі оны өз күшімен алуы – қалыптасқан типтік сюжет. Алайда батырдың үйлену сюжетінің басқа да түрі кездеседі. Тұңғыс тілдес халықтардың эпикалық дәстүрінде інісі ағасына әйел әпереді, құда түсіп қызды алып қайтады. Қаһарманның үйленуіне байланысты осы үш сюжеттің алғашқысы батырлық жырға арқау болған. Көне эпостың осындай белгілері негізінен қаһармандықты, ерлікті жырлайтын тобына қатысты. Бұларды ғылымда қаһармандық көне эпос деп те атап жүр. Архаикалық эпостың бұл түрлері кейін батырлық жырдың негізін құрады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Путилов Б.Н. Русский и южнславянский героический эпос - Москва, 1971, с. 31.
2 Фольклор шындығы - Алматы: Ғылым, 1990-264 б.
3 Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары - Алматы: Ғылым, 1975-234 б.
4 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі - Алматы: Ғылым, 1993-294 б.
5 Қазақтың көне эпосы. (Қазақстан балалар энциклопедиясы) құрастырғандар: Сейітжанұлы З.Н., Бисенбаев П.Қ. Алматы: Аруна, 2008-238 б.
6 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология - Алматы: Ғылым, 1987-264 б.
7 Бердібай Р. Эпос мұраты - Алматы: Білім, 1997-318 б.
8 Бердібай Р. Қазақ эпосы - Алматы: Ғылым, 1982-320 б.
9 Лебедева Ж.К. Эпические памятники народов Крайнего Севера - Новосибирск, 1982 с.15-70.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ «ХАЯТБАҚШЫ» ДАСТАНЫ

Г.Қ. ЖҮСІПОВА
ф.ғ.к., доцент, Астана қ.

“Жер мен көк“ дастанының жалғасы іспетті санауға боларлық, тек одан көп кейін, 31 жылдан соң жазылған “Хаятбақшы“ дастанын “Жер мен көк“ қиссасымен тығыз байланыстыра қарастырмақпыз. Себебі екі дастанда да Мұхаммедтің дүниеге келуі сөз болады. Тек алғашқыда Мұхаммед дүниеге келгенге дейін ғарыш, жер жаралуына кең көңіл бөлініп барып, пайғамбар тууы, оның ізбасарлары өмірі-бәрі шолу түрінде қамтылса, соңғыда бас қаһарман өмірінің бірер сәті: тууы және үйленуі ғана алынғанымен, сол кезең толығырақ берілген. Сонымен “Хаятбақшы“ дастанына ақын Мұхаммед пайғамбардың балалық шағында көрген ерекше қиындықтарын, өсу жолын арқау етіп алған. Біз бұл шығарманы алдымен көркем туынды деп қараймыз. Демек, шығармадағы кейіпкер мен оқиғаның бәрі тарихи шындықтың көшірмесі деуге болмайтыны анық. Көп көрініс-ті Мәшһүр-Жүсіп атамыздың суреткер ретінде бейнелегенін ескерген жөн. Бұл бірақ ол шығармадан тарихи шындық мүлде көрінбейді, не аз көрінеді деген пікірге де әкелмеуге тиіс. Ендеше бұл туындыны әрі Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өзіндік романтикалық, мифтік бейне жасаудағы табысы, әрі-біршама тарихи шындық айнасы деп қабылдаған жөн.

Шығармадағы орталық кейіпкер - Мұхаммед пайғамбар. Қазақ әдебиетіндегі және бүкіл мұсылман елдері әдебиетіндегі Мұхаммед бейнесін жасаудағы ізденістер тарихы өз алдына зерттеуді тосып тұрған мәнді тақырыптың бірі екендігі осы орайда еске түседі. Сөз жоқ, Мұхаммед туралы жазылған шығармаларды елемеу мұсылман елдері әдебиетінің бір бастау көзін жоққа шығаруға апарар еді. Мұның бәрі бүкіләлемдік әдебиет дамуы заңдылықтарын кең ашуға да бөгет тудырып келеді. Асылы қай елдің әдебиетін алсақ та, оның бастау көзі құдайлар жөніндегі әдебиеттен /антикалық грек әдебиетін ескермей кете аламыз ба/, мифтік әдебиеттен басталатыны белгілі. Бұл дастандағы Мұхаммед бейнесіне келсек, әрі оны “тап-таза“ мифтік, не бірыңғай романтикалық, немесе тек реалистік қаһарман дей алмаймыз. Шығармада реалистік сипаттармен де біршама көзге түскен, ал негізінен алғанда, мифтік, романтикалық сипаты басым күрделі бейне көрінеді.

Алдымен Мұхаммедтің дүниеге келген күннен бастап әдеттегі балаға мүлде ұқсамайтын айрықша сипаттарына көңіл бөлейік. Жаңа туған баланы, Мұхаммедті, көрсетпес бұрын Мәшһүр-Жүсіп атамыз ол туған күні ерекше құбылыс, тіпті апат болғанына назар аудартады:

… Бірден он төрт құлапты мұнарасы,
Дүниеге хақ пайғамбар келген күні.
Сегізі құламастан тұрып қапты,
Іс болды таң-тамаша бұл бір бапты.
“Мұның сырын білерлік жан бар ма? “-деп,
Дүниенің төрт бұрышына кісі шапты.

Одан әрі “мың жылдай“ жанып тұрған оттың да хақ пайғамбар туған күні сөнуі беріледі. Мұндай құбылыс 1914 жылы жарияланған Шәді Жәңгіруллы дастанында да бар:”Кәпірдің жанып тұрған оты сөнді,// Мың жылдар ұзақ уақыт сөнбеп еді“. Мәшһүр-Жүсіпте бұл өзгеріс былай берілген:

…Бәріне ту боп тұрған бұл бір шіркеу,
Сөнбестен жанып тұрған мың жылдай от.
Хақ пайғамбар туған күн қалды сөніп,
Бір жанбапты жақса да қанша от беріп.

Бұл таңғажайып себебін айтып беруші Сатықтың ерекше жан болып алынуы, керемет болжағыштығы,-бәрі Мұхаммед өзгешелігін дәлелдеуге бастайтын баспалдақтар. Сонымен бірге шайтандар басшысы саналатын Ібілістің:

Пайғамбарлар ішінде жүзік қасы,
Мұның орны құдайдың дәл өз қасы.
Жәңгіруллы Ш. Назым Сияр Шәриф// Алматы, Санат, 1995, 12 б.
Он сегіз мың ғаламның баршасынан,
Асып туған бұл бір ер тамашасы.

-деуі де жаңа туған баланың тегін еместігін дамытып бейнелеу үлгілері.

Ауыз әдебиетіндегі батырлар жырында және жазба әдебиеттегі қаһармандық тұлға сомдауға арналған дастандарда жаңа туған баланың әдеттегіге ұқсамайтын өзгешелігіне, артықшылығына: тым тез жүруіне, ерекше күштілігіне т.б. көңіл бөлінетіні белгілі. Әйтсе де ондай жырларда көбіне баланың артықшылығы, алыптығы ғана сөз болып, онда қайғы жағы болмаса, мұнда, “Хаятбақшыда“, өзі тумай тұрып көз жұмған әкесінің жоқтығын тез біліп, қапаланушы, демек артықша сезгіш те ақылды бала көрінеді:

Тізейін өңшең сөздің дүр данасын,
Аузына салып байқа бір ғанасын.
Үш күннен соң бұлжытпай таниды екен,

Жаңа туған жас бала ата-анасын…
Ата-анасын болған соң қарайтын шақ,
Арба жатыр бұзылған бір сыңар жақ.
Бір күрсініп қойыпты жоғын біліп,
Сәлемдеме құдайдан-ең тұңғыш дақ.

Дастанда бала Мұхаммед ерекшелігі: жетімдігін тез тануы ғана емес, соған мұңаюы, яғни сәби кезінен-ақ толғанысқа берілуі суреттеледі:

…Іші-бауыры қалады мұздай болып,
Қатын-қалаш сүйгенде “жетімек“ деп.
…Жетімдіктің тозаңы жүзіне ұрып,
Іштейінен үйренді жасқа көзі.

Батырлар жырында баланың тез өсуі, күштілігіне т.б. таңдандыруы назар аудартса, мұнда баланың сәби шағынан-ақ ерекше қиындыққа душар болғанына көңіл бөлінеді:

Жаңа тұтап келеді от шаласы,
Көбі кейін, бұл әлі азғанасы.
Ырзалығы Алламның осы болып,
Дәл алтыайлық кезінде өлді анасы...
Атасы мен анасын бірдей алып,
Сасқан шығар жалтақтап жетім қалып,
Есіл ғауһар жүрді екен көп толқында,
Әлдекімнің қолында жұлмаланып.

Мұхаммед өмірі туралы жазылған еңбектерде және біз салыстырып отырған Шәді Жәңгіруλы дастанында пайғамбар анадан 6 жасында айрылса, Мәшһүр-Жүсіпте 6 айында деп берілген. Бұл, біріншіден, көркем шығармада көркем шындық жасау, яғни бала қиындығын жинақтап, күшейтіп әсерлі беру талабынан туындаса, екіншіден түрлі себеппен жас баланы өз анасы емес, басқа әйел бағуына байланысты, анасы өлмесе де, баланың шешесі жоқтай күй кешкендігінен туса керек.

Мәшһүр-Жүсіпте де, Шәді Жәңгіруλында да бала тусымен сәждеге бас қояды: Шәді Жәңгіруλында:

Қараса перзентіне назар салып,
Сәждаға қойған екен басын салып.
«Күнәм болса, ғапу ет,»-деп дұға қылып,
Үмметін иіскеді жақын алып.

Мәшһүр-Жүсіпте:

Керек қылып ойға алмай ата-анасын,
Сәждеге туысымен қойды басын:
«Азат қыл үммәтімді отыңнан!»-деп,
Жіберді мөлт-мөлт төгіп көзден жасын.

Көріп отырғанымыздай, екі ақында да шыр етіп жерге түсісімен, баланың ерекше қабілеттілігі, көпшілік мұддесін ойлап қам жеуі, ізгілігі, сол үшін жас төгуі нақты бейнеленген.

Мұхаммедтің тусымен үмбетін ойлағаны мұсылман елдері әдебиетінде кең көрсетіліп келді. Соның бір көрінісі: XI ғасыр туындысында жазылған мына жолдар:

Ата-анасын, қиып мұнда келді ол,
Үмбетіне тілек, бағыт берді ол!
Кірпік ілмей, нәр де сызбай жүдеді,
Жалғыз сенің тілеуіңді тіледі!
Сені тілеп, бейнет шекті күні-түн,
Риза болсын, мақта: ақта үмітін!

Шығармада одан әрі жас сәбиді белгілі бір ақы үшін күтімге алатын көшпелі ел болғаны, бұл жолы да нәресте алуға әйелдер келгені, олардың бәрі көбірек ақы төлеу мүмкіндігі бар ауқаттылар нәрестелерін алып, Мұхаммедке тек бір кедей әйелдің жаны ашығаны суреттеледі. Мұның ойдан шығарылмағандығы, өмір шындығы екені белгілі. Мәселен, Мұхаммед өміріне арналған ғұмырнамалық кітапта да осы жәйт баяндалады: «Басқа пысық әйелдер баға-шартына келісіп, ауқатты тәуір үйлерден бала алып бара жатқанда, Халима деген әйел құр қол қайтпау үшін, жанындағы күйеуінің рұқсатымен Мұхаммедті ала кеткен. Сөйтіп алты айлық нәресте шешесінің омырауынан ажырап, көшпенділер арасына, тап болды. Осында төрт жыл тәрбиеленді.» Оң емшегінен сүт шықпайтын әйел өз баласының бірден-бір сыбағасын қиып, сол емшегін Мұхаммедке тосады. Бала емшекті ембейді:»Емшегіне қатынның аузын салмай,// Өксіп-өксіп жылайды теріс қарап». Осы орайда бөтен емшекті ембеудің Мұхаммедке дейін Мұса пайғамбарда да болғанын еске алу орынды: «Анасы Мұсаның әпкесіне:»Оның соңына түс»,- деді ол, олар сезбеген жақтан оны көздеді.Бұрын емізушілерді оған арам етті”. / Бала бөтен омырауды ембей қойды/

Осы іспетті себептен болмаса да, әйтеуір тусымен емшек ембеу ХШ ғасырда жазылған түркі әдебиеті үлгісі “Оғуз-намеде “ кездеседі:”Тағы күндерде бір күн Ай қағанның көзі жарқ етіп /ашылып/, ер бала туды. Осы ұлдың өңі-шырайы көк еді, ауызы оттай еді. Нұрлы перштелерден көріктірек еді. Осы ұл анасының көкірегінен

уызын татып көріп, одан кейін ембеді;шикі ет, ас, шарап сұрады. Тілге келе бастады. Қырық күннен соң өсті, жүрді, ойнады” Мұнда баланың емшек ембеуі оның ерекше жаратылысын: тез өсуін т.б. дәлелдеуге керек болса, Мәшһүр-Жүсіпте нәрестенің біреудің сыбағасын қаламауы сәби кезінде де ізгі және білгір болғанын әспеттеуге арналған. Шығармада одан әрі бұрын суалған оң емшектен сүт саулау ғаламаты бейнеленеді:”Оң емшегі бұлақ боп келе жатыр,// Үш жүз алпыс тамырдан қозғалып қан“. Шәді Жәңгіруλында да баланың оң емшекті ғана ембеуі берілген:”Аузына оң емшегін салып еді, //Мұхаммед құмарланып еме берді“

Сонымен бірге Мұхаммедтің ерекше қиындыққа тап болуы, ата-анасынан бірдей тым ерте айырылуы да болашақ күрескер үшін ерекше ауыр сын мектебі болғаны шынайы көрсетіледі. Тіпті, емшек сүтінсіз қалған ешкімнің алғысы келмеуі де аса мүшкіл халді дәлелдейді. Қысқасы, батырлар жырында батырдың тұрмыс қиындығын көруі неғұрлым аз беріліп, оның есесіне күш сынасуына т.б. көп көңіл бөлінсе, мұнда кедейлік, жоқшылық тауқіметін тартқан баланың ауыр өмірі кең бейнеленеді. Осы тұста Мұхаммед әрі ерекше қасиетке, тіпті құдіретке ие болған айрықша қаһарман болумен бірге әдеттегі пендедей қиындық шегуімен танылады:

…Ойлай берсем езілген бауыр-етім,
Қылған ісі өзінің құдіретім.
Сегіз жаста сергелдең күйге түскен,
Мұхаммедтей бар ма екен болған жетім.
Бүктемеде бұ сөздің көбі кетті,
Әр жасында біртүрлі тамаша етті.
Бес жыл ұдай жүріпті қойды бағып,
Өйтіп-бүйтіп жиырма жасқа жетті.

Тіпті жасы жиырмаға жетіп, атасы Әбутәліп ақылымен бай әйел Хадишаға жалданып, сауда керуеніне ілескенде де жас жігіттің кедейлігін, жалғыздығын ойлап мұңаюы әсерлі бейнеленген:

Жаяу түйе жетектеп шықтым елден,
Тұз татарым белгісіз қандай жерден.
Әке-шешем шынымен қалғаның ба,
Бір көтеріп қарамай басты көрден?!

Мәшһүр-Жүсіптің бұдан бұрын жазған “Жер мен көк“ дастанында Мұхаммедтің тегін адам еместігін дәлелдерлік белгі ретінде ақ бұлт алынса, бұл шығармада сол көрініс біршама кеңейтіліп берілген. “Жер мен көкте“ керуеннің үйіне бір Раһыбының келіп жеткені айтылса, мұнда “ Насариннің бір дөкей ғуламасы“ жол тосқаны бейнеленеді. Ғуламаның ақ бұлт пен ағаш көгеруіне қарап жолаушы ерекшелігін айқындауы пайғамбар өміріне арналған ғұмырнамалық кітапта да баяндалған: “Мұхаммед тоқтағанда бұлт та тоқтаған, ал теректің бұтақтары айқасып, көлеңкені қоюлата түскен. Осыларға қарап керуенші баланың құдай тағаланың хабаршысы екенін біле қойған“. Керуенді күтіп алушының аты-жөні, діні жөніндегі мәліметті Құранды қазақшаға аударушылар анықтамасынан да кезіктіреміз:”Қайтар жолда Басра қаласындағы бір ғибадатханада Мұхаммедті Баһира деген бір христиан тақуасы көріп, әңгімелесе келе: “Әулиелер жазып кеткен ақырғы пайғамбар болатын осы емес пе екен”,-дейді.

Бұл тұста да Шәді Жәңгіруλының “Назым Сияр Шариф“ дастаны мен Мәшһүр-Жүсіп шығармасында ұқсастықтар орын алатынына көңіл бөлмекпіз. Екі дастанда да Мұхаммедке ақ бұлт ергеніне және ол жақындаған ағаштың жалма-жан көгеруіне қарап ғұлама оның ерекше адам екенін анықтайды. Екі шығармада да керуен адамдарын ғұлама тегіс қонаққа шақырса да, Мұхаммедтің қоста қалғаны, кейін оны айрықша құрметтеп ас иесінің дастарханға шақыртқаны бейнеленеді. Мұның бәрі Мұхаммедтің ерекше сипатын айқындай түссе, бұдан кейінгі жәйттер де осы өзгешеліктерді дамытады. Мәшһүр-Жүсіптің “Жер мен көк“ қиссасында Мұхаммед бір шаһарға кіргенде, “теміршінің темірі “ өз-өзінен балқып кеткені айтылса, “Хаятбақшыда“ сол көрініс біршама кеңейтіліп берілген:

Келген екен шаһарға сейіл құрып,
Жатыр екен бір тұста шық-шық ұрып,
Төсіменен балғасы балқып кетіп,
Аузын ашып аңқиып қалды тұрып.
Темір біткен толқиды өріп майдай,
Бұл ұстаның үйқысын ашты шайдай.
Мұғжизаттың алғашқы бастағаны,
Толып тұрған он төрттен толған айдай.
Мұны естіп жиылды ұста біткен,
«Шық-шықпенен» әуре боп, есі кеткен.
«Не себептен болды,-деп,-темір мұндай?»
Жолыққаннан сұрайды өткен-кеткен.

Одан әрі Шәдіде де, Мәшһүр-Жүсіпте де Мұхаммедті басқа діндегілер қуғынға салғаны айтылады. Тек Шәдіде Мұхаммедтің қуғыннан құтылуына 8-10 тармақ қана арналса, Мәшһүр-Жүсіпте бұл эпизод біршама кеңейтіліп берілген. Мәселен, Әбубәкірдің Мұхаммедті қапқа салып алып келе жатып, қуғыншыларға шындықты айтуы Шәдіде жоқ.

Хадиша тұрған мекенге таянғанда, хабар беруге Мұхаммедті жіберу оқиғасы да Шәдіге қарағанда, Мәшһүр-Жүсіпте толығырақ бейнеленген. Шәдіде болдырап жатқан екі түйеге пайғамбар дұға қылғанда,

түйелердің бірден тұрып жүріп кетуі айтылса, Мәшһүр-Жүсіпте мінуге берілген қатпа, арық түйенің Мұхаммед мінісімен, қотырынан «жүнттай болып» жазылған «сеп-семіз өркеш жалды» түйеге айналғаны бейнеленеді. Ақ бұлт еруі, терек көгеруі, түйенің қолма-қол семіруі тұсында Мұхаммед айрықша ие болған қаһарман ретінде танылса, екі дастанда да /Шәді мен Мәшһүр-Жүсіпте/ шайтанның теріс жолға салуы тұсында пайғамбар аз уақыт болса да қарапайым адамға тән адасу, алдануды бастан өткереді. Бірақ артынша періштенің шайтанды қуып, Мұхаммедті дұрыс жолға салуы кезінде басты қаһарман тағы да айрықша сипатқа ие болды. Ал, осы сапарда оң жолға бағыттаушыға пайғамбардың сауал беруі, оған періште жауап қайтаруы Шәдіде мүлде жоқ. Әрине, бір поэмада бір оқиға кеңірек баяндалып, екіншіде ол аздау көрсетілгеніне қарап, бірін артық, бірін кем дегелі отырғамыз жоқ. Біздің айтпағымыз: екі ақынның бір-бірін сөзбе-сөз қайталамайтынын, екі дастанның да әдебиет тарихында орны бөлек екенін дәлелдеу ғана. Поэма композициясы, сюжеті тұрғысынан қарасақ, Мұхаммед пен Жебірейілдің осы әңгімесі сырт қарағанда, өз алдына оқшау болып көрінгенімен, шығарманы тұтастай алғанда, бұл да бас қаһарманды өсу заңдылығымен ашуға, толықтыра түсуге бағындырылған. Осы тұрғыдан қарасақ, тіпті толқын қыспағында нәрестесін тапсымен, бір әйел жан берсе де , жаңа туған бала соншалық азапты жағдайда дүниеге келсе де, оның кейіннен әрі ұзақ жасағаны, әрі байлығы, салтанаты ерекше патша болуы ой саларлық. «Әр азаптың соңында бір рақат бар»-деген идея жалаң қалмайды, сөйтіп келген бақыттың өзі өткінші екені дәлелденеді. Сондай қиындықпен дүниеге келген бала кейін байлығы, даңқы асқан патша болса да, оның ең басты ісі саналған тамаша бақшаны көре алмай өлуі де- бәрі,азап пен бақыттың алма-кезек өмір сүретінін, азаптан кейін келген бақыттың да өткінші екенін дәлелдейді. Мұның бәрі тегін алынбаған. Мәшһүр-Жүсіптің басқа да шығармаларында айтылып келген басты, өзекті идеясын, қанша биіктесең де, ең бастысы – Алла іздеуін, Аллаға мойын ұсынуың керек деген идеясын, осы шығармаға да өзек еткені байқалады. Демек бұл көрініс Мұхаммедтің өсу жолындағы естіген бір тағлымы ретінде келтірілген. Мұхаммедтің бұл естігенінен дұрыс қорытынды шығарғаны кейінгі істерінен көрінетіні белгілі. Оны көрсетуге Мәшһүр-Жүсіп атамыз:»Миғраж», «Пайғамбардың дүниеден өтуі» т.б. шығармаларын жазса, бұл шығарма аяғын бас қаһарманның көп бейнеттен кейін бір зейнетке жетуін, яғни Мұхаммедтің кедейліктен құтылып, бай әйел Хадишаға үйленуін тәптіштеп бейнелеуге арнаған.

Осы орайда өзінің Мұхаммедке шығуы керектігін Хадишаның түс көру арқылы білуі де айрықша қаһарманды өзгеше орта қамқорлыққа алғанын дәлелдей түседі. Түс көру-Европа әдебиетінде, әсіресе, романтикалық өлеңдер мен поэмаларда ерекше орын алса, Шығыс әдебиетінде, оның ішінде дастандарда да оған көңіл бөлініп келгені белгілі. Түс көру арқылы болатын өзгерісті білу Мұхаммедке дейін өмір сүрген Жүсіп пайғамбар өмірінде шешуші роль атқарғаны мәлім. Інжілде Жүсіп әкесіне түсінде: Күн мен айды және өзіне бас иген он бір жұлдызды көргенін айтса, Құранда да сол түс баяндалған: «Сол уақытта Юсып /F.C./ әкесіне: «Әкетайым! Рас мен түсімде он бір жұлдыз және Күн мен Айды маған сәжде қылғанын көрдім»,-деді. Одан әрі ағалары ұйымдастырған қастандық салдарынан басқа елде тұрып жатқан Жүсіп сол елдің патшасының түсінде жеті семіз сиырды жеті арық сиыр жеуіне қарап, жеті жыл егін шығып, одан кейін жеті жыл қатар егін шықпайтынын, демек қор жинау керектігін айтады.

Шығыс елдері ғана емес, Әлем мәдениетінде ерекше орын алатын Әбу Насыр Әл-Фарабидің осыдан мың жыл бұрын түске ерекше мән беруі де тегін емес:» Адам баласын тәнірім ақылды етіп, жан /рух/ иесі етіп жаратты. Бес ашық сезім берді:көру, есту, иіскеу, сипау, тату. Осылардың арқасында сен Алланың жаратқан табиғат дүниесін біле аласың, білуге міндеттісің. Ол арқылы сол дүниені жаратушы иесін де танитын боласың. Тәнірінің жаратқан ғаламын тегіс қамтуға сенің ашық сезімдерің жеткілікті емес. Оның ар жағында өте терең, нәзік жасырын тұрған жабық дүние тағы бар. Оны сен ақылың арқылы топшылайсың, рухың арқылы сезесің, сенімің арқылы одан тірек, хабар аласың. Ол хабар жай адамдарға табиғи сезім арқылы, түс арқылы ишарат етіледі».

Сондай-ақ түс көрудің араб романында ерекше орын алуы, немесе қазақ эпосында көп қайталануы, т.б.-бәрі шығарма сюжетінде, қаһармандардың өсу жолында түс көрудің ерекше орын алып келгенін дәлелдейді.

Шәді Жәңгіруылы дастанында Хадиша түсі былай баяндалса:»Хадиша ұйықтап жатып бір түс көрді,// Аспаннан бір ай келіп қойнына енді», Мәшһүр-Жүсіпте де солай алынған:»Ұйықтап жатып көрді түс// ...Кіріп келді көктегі Ай қойнына».

Сөйтіп Мұхаммедтің ерекше адам екенін бай әйел Хадиша да түс көру арқылы біліп отырады. Мұның бәрі Мұхаммедтің қатардағы адам қолынан келерлік істі ғана атқаратын реалистік бейне емес, ерекше жағдайда айрықша сипаттарымен көзге түскен романтикалық, немесе мифтік қаһарман екенін дәлелдесе керек. Әйтсе де Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының суреткерлік шеберлігі сонда: ол ерекше қасиетке ие болған қаһарманға әдеттегі пендеге тән сезімді де дарыта білген. Осы орайда Мұхаммедпен қазақ эпосындағы белгілі батырлар: Қобыланды, Алпамысты т.б. бір дейгейге қоюға болмайтынын да бөліп айтқымыз келеді. Батырлар жырындағы батырлар туғанда-ақ тым тез өсіп, жетіліп, ерекше алып боп танылып, көбіне бала кезінде-ақ ерекше мықтылығымен көзге түссе, ал, бұл жырда Мұхаммедтің тез өсуіне ғана емес, ақылдылығына, білгірлігіне баса назар аударылады.

Шығарма соңында 5-6 жасқа келгенде, Мұхаммедке періштелер келіп, оның жүрегін қалай тазалағаны берілген. Бұл да Мәшһүр-Жүсіп қана келтірген тың тосын оқиға, не ойдан қосу емес, Мұхаммед өміріне қатысты әдебиеттерде келтіріліп жүрген шындық. Мәселен, пайғамбар өміріне арналған деректерге негізделген кітапта былай делінген:"Бір кезде олардың жанына малынып ақ киген екі адам келді /балалар олардың періштелер екенін қайдан білсін/. Біреуінің қолында іші ақ шекердей аппақ қарға толы алтын шылапшыны бар. Олар Мұхаммедті

шалқасынан жатқызып, кеуде сүйегін іреп ашып, жүрегін шығарып алған. Жүрегінде қара дақ бар екен, соны алып, былай тастап, баланың жүрегі мен ішкі сарайын аппақ қармен жуып тазартып, жүректі орнына салған… " Осы шындық Мәшһүр-Жүсіп дастанында былай көрсетілген:

Халиманың қолында жүрген шақта,
Бес-алтыға таянып келген уақытта.
Бір-екі ақ құс келді де, ұстай алды,
Көп балалар жүргенде әр бір жақта.
Біреуі екен Жебірейіл жастық салды,
Кіндігінен жоғары ішін жарды.
Ауыртпастан, еш жерін қанатпастан,
Қолқасы мен жүрегін суырып алды.
Даярлады Микаил алтын тасты,
Біз тас дейміз арабша аты-"таштЫ".
Су ап келді зәмзәмнан оған құйып,
Періштелер жабылып жабырласты.
Ол жүректен ұйысқан алды қанды,
Қасиетті жүректі нұрға малды.
Қаннан тамшы жүректе қалдырмады,
Түк тастамай сүліктей сорып алды.

Біздіңше, Мұхаммедтің бала кезіндегі өмірінің бір сәтін ол туып, тәрбие ала бастаған кезде, яғни шығарманың бас жағында бермей, қайта бас қаһарман есейіп, кемеліне келіп, шығарма тәмамдалар тұста көрсетілуі тегін емес. Ақын үшін маңыздысы-қаһарманның бала кезден өсу жолын хронологиялық тәртіппен беру емес, оның азамат, күрескер ретінде толысуын көрсеткеннен кейін барып, яғни ең шарықтау шегі тұсында, бәрінен өткен ғаламат негізі Мұхаммедтің де өзінде еместігіне, ғажайыптың негізін салушы Алла екеніне қайталап үңілту үшін керек болған тәрізді. Сонда, сырт қарағанда, кірме эпизод тәрізді алынған бұл көрініс шығарманың негізгі идеясын дамытып ашуға бағыттаған нысана қызметін атқарады. Ал, негізгі идея неде десек, Мұхаммедтің ерекше болуы, оған айрықша қамқорлық жасалуы тегін емес. Адамзаттың әрі дамуы үшін Мұхаммед айрықшалығы керек болды, ал, оны дайындаушы-Алла тағаланың өзі, "Ендеше әуелі Аллаға, одан кейін Мұхаммедке сыйын",-деген идеяны Мәшһүр-Жүсіп бұл дастанында осылай білдірсе, басқа шығармаларында да бұл пәлсапаны түйетіп ұстағаны белгілі.

Сонымен, Мәшһүр-Жүсіптің "Жер мен көк", "Хаятбақшы" дастандарында әлем тарихы және Мұхаммедтің дүниеге келуі мен жастық шағында көрген қиындықтары бейнеленсе, ақынның "Миғраж", "Пайғамбардың, дүниеден өтуі туралы" туындылары пайғамбар өмірінің жеке бір сәттерін бөліп көрсетуге арналған.

ӘОЖ 378

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

А.Ф. ЗЕЙНУЛИНА
ф.ғ.к., С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ж.Қ. ИБРАЕВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазақстан болашағы – білімді және еңбекқор жастардың қолында!» – деген сөзі саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білімді, сауатты ұрпақ тәрбиелеу – негізгі міндеттердің бірі екеніне дәлел. Әлемдік саяси аренада Қазақстан Республикасының өзіндік салмағын пайымдау оның ұлттық білім жүйесінің жоғары дәрежеде дамуымен байланысты.

Егемендіктің тұғыры тұрақталып, мемлекеттің іргесін нығайту және қазіргі уақыттағы жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін мектеп қабырғасында елжандылық тәрбие идеяларының санасына дарытуда әдебиеттің алатын орны ерекше.

Әдебиетті оқыту ғылым саласымен тығыз байланысқан. Себебі, әдебиетті оқыту арқылы оқушыға көркем шығарманы оқытуды қалыптастыру әрі теориялық, әрі қолданбалы жүйесін бірлікте қарастырумен қатар оның өнер екендігін де ескерген жөн. Өйткені шығармадағы айтылмақ ой-түсінік оқушыға әсер етерліктей болса, ол тиісті деңгейде көңіл толқытып, тереңірек ойланады. Сондай-ақ әсер санаға ерекше ықпал етеді. Әсердің нәтижесі бір жағынан тұлғаны әрекетке итермелесе, екінші жағынан пәнге деген қызығушылықты арттырып, көркем шығарманы оқуға талпындырады.

Әдебиет – сөз өнері. Барлық сөзді тізе берсең әңгіме, жыр шықпайды. Адам жүрегі тербетіп, ақыл таразылап, тіл кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады.

Ғылыми тұжырымда әдебиет «адамтану құралы», ал әдебиет пәні «адам тәрбиелеу құралы», - делінген.

Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын-жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек.

«Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» - деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев.

Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса, бәрі бос сөз.

Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс-тәсілдерді орнымен қолдану қажет.

Көркем оқу әдісі әдебиетті оқытуда үлкен рөл атқарады. Ол оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытуда өте тиімді болып келеді. Әдебиетті өнер деп тануда, көркем туындыны өнер туындысы деп қабылдауда, сөз касиеті мен құдіретіне, оның эстетикалық нәзік нәріне тұшындыруда бұл әдіс алғашқы баспалдақ, яғни көркем шығарманы оқушы жүрегіне бастайтын алғашқы сезім көпірі ретінде ежелден-ақ тиімді әдіс болып, мұғалімдер тәжірибесінен кең орын алуда. Бұл әдістің негізгі тәсілдері мұғалімнің мәнерлеп оқуы, көркем сөз шеберлерінің оқуы, күйтабақты, үнтаспаны тыңдауы т.с.с. болып табылады. Мұғалімнің мәтінді әрі мәнерлеп, әрі түсінік бере оқуы, оқушышларды осы жұмысқа баулуы, мәтінге жуық әңгімелету, жоспар жасату, негізгі оқиғаларға ат қойғызу, жинақтау т.б. шығармашылық жұмыстар да осы әдістің негізгі тәсілдері. Сондай-ақ көркем мәтінді оқу барысында иллюстрация, суреттер пайдалану (қабілетіне қарай өнерін шығару), сценарий жасату, оқыған шығармаларға, көркем суреттер бойынша пікір айтқыза білу (көркем киноны, пьесаларды т.б.) тиімді тәсіл ретінде оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру түрлеріне де жатады.

Оқушылардың таным белсенділігін, ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше. Оқытудың бұл түрі арқылы мұғалім оқушы алдында проблемалық жағдаят (ситуация) тудыратын танымдық – іздендіруші, шығармашылық сипаттағы зерттеу әдісіне бағытталған тапсырмалар береді және оны орындата алады. Дегенмен де, осы проблемалық оқыту әдіс – тәсілдерінің мүмкіншіліктері шексіз емес. Оқу материалының барлығы, барлық тақырыптар проблемалық жағдаятты талап етпейді. Сондай-ақ белсенділігі, білім дәрежесі орташа, не ортадан төмен сынып ұжымына проблемалық оқыту әр уақытта да жемісті болады деуге болмайды.

Түсіндірмелі-репродуктивтік әдістің де өзіндік ерекшелігі, мүмкіншілігі бар. Бұл тәсілдің ең тиімді жағы мұғалім білімді қысқа мерзім ішінде, барлық оқушыларды қамти отырып, береді. Оқу материалын ақпараттық сипатта, әңгімелеу, түсіндіру сипатында жеткізеді. Оқушылар да өз мүмкіндіктерінше ол білімді қабылдап алады. Бірақ репродуктивтік-түсіндірмелі әдісте оқушының дербес ойлауы арқылы жүргізетін өзіндік жұмыс түрлері әлсіз болып келеді. Сондай-ақ әдебиетті оқытуда тиімділігі ерекше, көрнекілік әдістің де мүмкіндіктері әр түрлі. Көрнекілік оқушылардың пәнге қызығушылығын, таным белсенділігін арттырады. Дегенмен, оны үнемі пайдалану оқушылардың дербес дерексіз түрде ойлауын тежейді, көркем тілінің дамуына кедергі жасайды. Міне, сондықтан тиімділік идеялары да сабақта мұғылімнің өзі төселген бір әдіс-тәсілмен жұмыс істеуін немесе өзі білетін барлық әдісті бір сабаққа үйіп-төгуін жоққа шығарады, әрі бір сүрлеу, бір ізбен жұмыс істеудің тиімсіздігін дәлелдейді. Тиімділік идеялары оқыту әдістерін үйлесімді түрде, сол сабақтағы оқу-тәрбие мақсаты, тақырып ерекшелігі, сабақ өткелі отырған сыныптың жеке – даралық, жағдайларын ескере отырып, таңдап, сұрыптап ала білуді талап етеді.

Белгілі, нақтылы жағдайға байланысты тиімді, пайдалы деп сұрыпталынып алынған әдіс-тәсілдер екінші жағдайда тиімді болуы да мүмкін. Сол себепті әдіс-тәсілдерді үнемі бірлікте, үйлестіре пайдаланған дұрыс болады. Өзіндік әдісін көрнекілікпен, практикалық жұмыстармен астастырып немесе зерттеу әдісін түсіндірмелі әдіспен үйлестіре пайдаланудың маңызы зор болмақ. Ал кейде практикалық, танымдық – іздендіруші әдістерді көрнекілік әдіспен үйлестіре пайдалануға болады. Әдіс-тәсілдерді үйлестіре қолдану – оқушылар еңбегін ғылыми, тиімді түрде ұйымдастырудың маңызды бір саласы. Бұндай сабақтардан оқушылар жалықпайды, әрі пәнге деген қызығушылығы, белсенділігі артады. Сабаққа әзірлік үстінде өтетін тақырыпқа зер сала отырып, оны қандай әдіс-тәсілдер арқылы түсіндіргенде ғана оқушыға берік те тиянақты білім беруге болатынын әбден ойластыру қажет.

Балаларға көркем шығарманы оқыту, кітапқа деген құмарлығы, сөз өнеріне деген ынтасы мен құлшынысын дамыту мектептерде әдебиетті оқыту, одан білім берудің аса маңызды, әрі күрделі жұмыстарының бірі болып табылады. Бұл мәселелерде де оқушылардың психологиялық ерекшелігі, жасы, оқып жүрген сыныбы ескеріледі. Тиімділік идеялары, саралап-даралап оқыту, оқушылардың бүкіл ой еңбегін, оқу еңбегін оған ерекше күш түсірмейтіндей, қонымды, қолайлы, нақтылы, белгілі бір уақыттарда нәтижелі, жемісті болатындай етіп ұйымдастыру, жүргізу туралы сөз етеді. Көптеген ғалымдар, психологтер, мұғалімдер зерттеулері, пікірлер бойынша, оқушыларды көркем шығарманы оқытуға баулу, оны оқырман ретінде қалыптастыру бірнеше сатыдан тұрады.

1. Кіші жастағыларға 5-7 сыныптардағы 10-12-дегі жасөспірімдер.
2. Ересек жастағыларға 8-9 сыныптардағы 13-14-дегі жасөспірімдер.
3. Үлкен жастағыларға 9-11 сыныптардағы 15-17-дегі жастар жатқызылды.

Балаларды топқа бөлу, әрине, қатып қалған дүние емес. Қабілеті, дарыны, ынтасы, еске ұстауы, алғырлығы, ойлылығы жағынан бір сыныптағы бір жастағы балалардың өзі әр түрлі болып келетіні тәжірибеден белгілі.

Кіші жастағылар – психологиясы, мінез-құлқы, физиологиялық жағынан балалықтан кетсе де, әлі де қалыптасып, толысып жетпегендер. Олар – қимыл-қозғалысы жағынан шапшаң, өте әсершіл, әрі не нәрсеге де сенгіш, барлығын шындық деп қабылдайтын, жақсылыққа да, жамандыққа да құлай берілетіндер. Бұл жастағыларды ертегілер әлі қызықтырады, фантастикалық, қиял – ғажайып оқиғалары бар шығармаларды беріле оқиды. Кино, көгілдір экран алдынан кетпейтіндер де осылар. Қиялдары ұшқыр, қабылдаулары алғыр болып келеді. Дегенмен, алаңғасырлық, тез қабылдап, тез ұмыту да осыларда жиі кездеседі. Мектепте көп шулайтындар да, тез қимылдап, тез шешім қабылдайтындар да 10-12 жастағылар. Әдеби шығармаларды оқу, қабылдау ерекшеліктеріне келсек, поэзиядан, драмалық туындылардан гөрі әңгімелерді, қарасөзбен жазған шығармаларды оқуға ынталы болып келеді.

10-12 жастағы балалар көркем туынды негізінде идея жататынын, ол авторға байланысты болатынын ойлана бермейді. Тіпті, оның көркем туынды екенінде де шаруасы жоқ. Олар оқып отырған дүниесін өмірдің өзі деп қабылдайды және өз түсінігі, өз сезімімен қабылдайды.

Ересек, 13-14 жастағы жасөспірімдердің психологиясы, физиологиялық даму барысында өзіндік ерекшеліктер бар. Олар айналаға, соның ішінде өнер туындыларына өз көзқарастарымен қарай бастайды. Балалық, «шалалық» немесе ұшып-қонып тұрған көңіл, мінезден, байқағандарын, оқығандарын тек сезім жетегінде, байыбына бармай, айта салушылық, «бірбеттілік», «қайтпастық» мінездерден арыла бастайды. Бірақ осы жастағы балалардың қай жағынан болсын, әлі қалыптасып болмағаның, сынаптай толқып тұрған шақтарын естен шығаруға болмайды. Бұл шақ, психолог ғалымдардың айтуы бойынша, өте жауапты, маңызды шақ. Балалықтан кету, үлкендікке жету арасындағы нәзік көпір. Білім беру, тәрбие істерінде де бұл жасқа ынтамен, ерекше қараған дұрыс.

Оқушының қызығатын дүниелеріне тоқтау салу – кешірілмес күнә. Олар осылай толқып жүргенде, әсіресе, сыныптан тыс оқитын кітаптар жайында жиі тексеру, жазалау педагогикалық әдепке, білімділікке сәйкес келмейді. Керісінше, шыдамдылық көрсетіп, көркем әдебиетті оқудың бала айналысып жүрген дүниелерге кедергі келтірмейтінін, әр түрлі кәсіп, өнер саласындағы ұлы адамдардың барлығы әдебиетті сүйгендеріне, өйткені әдебиет рухани азық, көл-көсір байлық, білім көзі екендігіне сендіре білу керек.

Жоғары сыныптарда оқушылардың көркем туындыны қабылдаулары да жас ерекшеліктеріне байланысты болады. Бұл жастағылар өзін еркін сезінеді. Көп нәрсені өз беттерімен шешкенді ұнатады, «бас бостандықтарын» сүйеді, әрі оны қызғыштай қорғауға дайын тұрады. Өмірге, айналаға өзіндік көзқарасы қалыптаса бастайды. Бұл шақ, психолог тілімен айтқанда, жастық шағының бастауы. Романтика, қиял, мұрат іздеу, алғашқы махаббат – бәрі-бәрі, әсіресе, осы шақта құлпыра түседі. Күш жағынан болсын, ақыл жағынан болсын, сезім жағынан болсын, оларда жетілу, гүлдеу басталады. Бұл жаста көркем туындыға деген олардың көзқарасында да даму айқын көрінеді. Әр баланың өз сүйетін жанры, тақырыбы айқындалады. Оқығандарына сынмен қарайды, көркем туындыны тұтастай алып қарастырады. Оны өмірді түсінудің бір құралы деп қарайды, сондықтан одан «жоғын» іздейді. Міне, осындай жастағылармен мұғалім қандай жұмыс жүргізуі керек?

1. Әдеби шығармаларды талдауда, ең алдымен, оқушылардың өз пікірін, ойын, әсерін білу.
2. «Сенің пікірің, ойың қате» деп, кесіп айтудан сақтану, керісінше , талдау барысында олардың пікіріне ден қоя отырып, сенімді, ділелді түрде, шындыққа жетелеу.
3. Әдеби шығармалар айналасында жиі-жиі пікір таласын өткізу, тілдерін дамыта отырып, пікірлерін қорғай білуге де баулу.
4. Бұл жастағы оқушыларға «алдындағы бала” деп қарамай, оқырман ретінде қарым-қатынас жасау, тең дәрежеде әңгімелесу, өз пікірін, не оқулық пікірін тықпаламау. Өздеріне қорытынды жасауға жағдай туғызу. Ол үшін қосымша материалдардағы жазылған дүниелерді, ғалымдар пікірін, оқулықтағы мәселелерді ортаға салу. Осылар арқылы шындықтың, құбылыстың бетін ашуға еңбектендіру.
5. Өнерге, сөз өнеріне деген оқушылардың шынайы сезімін, талабын жетілдіру үшін, әр мұғалімнің өзі жоғары мәдениеті, әдебиеті терең білетін, әдістемесі шебер, білімі жан-жақты, әр баланың шынайы досы, пікірлесі болуы керек.

Көркем туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Және де көркем шығарманың балаға қандай әсер беріп қана қоймай, сол ықпалдан қандай тәрбие-өнеге алуға болатындығы ескерілу керек. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешілігі де, күрделігі де осында. Басқа пәндерге қарағанда әр түрлі.

Психологиялық рең сезім шабыттану, эмоция әсер, еліктеу, қиялдау армандау осы пәнде ерекше көрінеді.

Әдебиет жан дүниені түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі адамды жетелеп алатын қасиетті дүние. Оны оқытудың қызығы да, күрделігі де осында жатса керек.

Көркем әдебиетті оқыту арқылы мінез-құлық қалыптастырудың төмендегідей педагогикалық шарттары айқындалады:

Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқын жіктеу;

Жазушының кейіпкер сомдаудағы сырткы және ішкі мінез-құлқының алшақтығын көрсету амалдарын анықтау;

Мінез-құлық іс-әрекетін суреттеудегі авторлық ұстанымды ашу;

Қоғам өзгерісіне орай мінез-құлықтың басқа сапаға ыңғайлануының себептерін айқындау;

Көркем әдебиеттегі мінез-құлықтың дараланууын бөліп көрсету.

Қорыта келгенде, әдебиет – тұнып тұрған тілдік байлық. Көркем әдебиетте тілдің эмоциялық және эстетикалық қуаты ерекше көрінеді. Бұл қазақ тілін жоғары деңгейде үйренуге мүмкіндік береді. Тіл – әдеби көркем шығарманың негізі.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

ҚОҒАМ ЖӘНЕ КЕЙІПКЕР

Б.Қ. ҚАПАСОВА
ф.ғ.к., доцент, ПМПИ, Павлодар қ.

Кез келген қоғамдағы кейіпкер қоғамда өмір сүреді, заманы жасаған қатынастармен көрінеді, соған қатынасына қарай сипатталады. Әдеби шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне қарай ауыз әдебиетіндегілердің өзін мифологиялық, ертегілік, әфсаналық, эпостық кейіпкер т.т. деп бөле беруге болады. Ал қоғамға қарай, оған қатысына қарай қазақ әдебиетіндегі тәуелсіздік кезеңі кейіпкерлерін қоғамға қатынасына қарай бес түрге бөлдік. Кейіпкердің қоғаммен қатынасы төмендегідей жіктеледі.

1. Қоғам ыңғайына бейімделген, заман қатынастарын қабылдаған кейіпкерлер.
2. Қоғам талаптары мен ыңғайына еріксіз көнген, қоғамдық қатынастарды борыш, міндет санаудан ғана орындауға мәжбүр кейіпкерлер.
3. Қоғам талаптарына көне алмайтын қарсылықты кейіпкерлер.
4. Қоғамдық қатынастар мен жеке мәселелерді шешуде дәрменсіз немесе түйіні күрмеулі істердің шешілетінінен күдерін үзген, жалғыздыққа бой ұрған кейіпкерлер.
5. Қоғамдық мәселелер шешілмейіне ғана сенген, тіршілікті басқа қалыпта қабылдайтын, өмірден күдер үзген кейіпкерлер.

Көркем кейіпкердің бойындағы мінез бен әрекет, қылық пен іс-қимыл барлығы да көлемді әдеби шығармада түгел жуық жеткілікті жан-жақты ашылады. Автор табиғаттан дап-дайын туа салған қалыпты көрсетуді емес, соған негіз еткен қоғамның заңдылығы табиғаттан кемел қадыр-қасиет арқалап туған адамды жаңа қалыпқа айналдыратынын көрсетуді мақсат етеді. Қазақ әдебиетіндегі тәуелсіздік кезеңіндегі кейіпкерлердің бес түрге жіктелетінін көрсеттік. Бұл кейіпкерлердің ақиқатты ма, бәлкім шындықты ма, өмірлік ұстанымдарды ма әлдебір қағидаларға сүйенетінін көрсетуімен анықталды.

Алғашқы топқа **қоғам ыңғайына бейімделген, заман қатынастарын қабылдаған кейіпкерлер** жатады. Бұл кейіпкерлердің мінез-құлық сипатындағы жалпылық қасиеттері басым, қоғамның барша «сыйын» қарсылықсыз қабылдап, заманының талаптары үддесінен шығуды мұрат ететіндер. Бұл топқа жататындардың даралық сипаттары сирек кездеседі. Себебі, қоғамдағы жаппай жүргізілген әрекеттер мен қабылданған ұстанымдар – осы топ кейіпкерлері үшін әдеттегі, солай болуы керек деп қабылданатын істер.

Осындайкейіпкерлердің қатарын жазушының «Ең үздік оқушы» әңгімесі толықтырады. Алдыңғы әңгімеде ел билеген, қазір де жұрт тұтқасын ұстап жүрген басшылардың құлқындары мен қара бастарының қамы, жалған атақ пен данқ үшін барлығына баратыны - өткеннің тарихына қол салып, ел сыйлаған ерлердің өзін байлық жолында пайдаланатын пасықтықтары заман ыңғайымен жасалып жатқан, қоғам қажетімен істеліп жатқан іс екендігін айтса, «Ең үздік оқушы» әңгімесінде келесі ұрпақ бойына да осы жаман қасиеттің қоғакмның қалуымен жақсы атануға тырыстың, заман қалауымен жалғандықты ерте үйрене бастаған ұрпақ жайы айтылады.

Әңгіме жазушының өз атынан баяндалады. Мұслима деген автордың өз тілімен айтқанда «вундеркинд» ,талантты, дарынды, қабілет қарымы, ойлау жүйесі, оны жеткізуі ерекше кішкене қыз туралы, оның жазған әңгімесі туралы. Бір жасында тілі шығып, екі жасында Абайдың өлеңін жаттаған, үш жасында хат танығаң, бес жасында мектепке барған, сыныптан сыныпқа секіріп көшіп, жеті жасында үшінші сынып оқушысы болып жүрген баланың таланты , шынында да , таң қалатындай. Көркем шығарманың бәрін оқыған, копьютердің барлығын игерген баланың енді ісі – жазушы болу. Шығармадағы Мұслима кішкене бала болғанымен, сөйлеген сөзі мен ісі – үлкен адамдарға тән. Мұсливаның атсын ғана емес, оқырманды да қайран қалдыратыны – жай шығарма жазғаны емес, рома жазғаны. Жазушының немересі шынымен де роман жазды ма, жоқ па, негізгі мәселе мұнда емес, бастысы көркемдік шешімде. Автор кішкене Мұсливаның туындысын роман дей отырып, кішкене бәйкүнә өмірдің өтірікпен басталаған шағының алысқа кетер жалғандықтарын меңзейді.

Мұсливаның романының оқиғасы да тартымды. Үш кітап,тан және эпилогтан тұратын кішкентайдың туындысының аты «Тапқыр торай» деп аталады. Романның оқиғасы да әдеттегідей, балалар өмірі, мектеп оқушылары туралы. Құлын, қозы, лақ, бұзау, бота, қодық, қонжық, күшік, бөлтірік, торай бір сыныпта оқиды. Тоқсан соңында бөлтірік пен құлын – оқу озаты, бота мен қонжық – екпінді, қодық – орташа, бұрын аралас баға алатын лақ – екпінді, торайдың бір төрті, бір екісі бар. Дене шынықтырудан – төрт, қазақ тілінен – екі,

қалғандары кілең – үштіктер. Торайдың да екпінді болғысы келеді. Математикадан бастап әр сабаққа барып жүріп, барлығына тек сол сабақтан ғана үштігі бар екендігін айтып, барлығынан бағаларын түзетіп алады. Үштіктерін төртке түзеткен соң, қазақ тіліне барып, одан да баға сұрайды. Өзінің барлық сабақтардан төрттік баға алғанын айтып, алғашында екіні үшке, сосын үшті төртке түзетеді. Сөйтіп екпінді болып шыға келеді.

«Келесі тоқсанда сол бұрынғы әдетімен жағалай қайыршылап жүріп, түгел беске шықты.»

- Өте күшті екен, - дедім. - Торайды айтпаймын, сенің мына сөздерің. «қайыршылап» деген... қаттылау емес пе? Өтініп жүріп...» тым құрыса «жалынып сұрап...»

-Басқаша болса, әсері кеміп қалады – деді немерем. – Жазғанда өтірік айтуға болмайды. Жазбаған кезде де. Барлық уақытта. Өтіріктің аяғы жақсылыққа апармайды» .

Сөйтіп жүріп жаман өтірікпен бәрін беске шығарған торайдың алдында енді емтихан тұрды. Емтиханда шығарма жазу керек. Екі сөздің басын құрай алмайтын торай бұның да жолын тапты. «Кім болам?» деген тақырыптағы шығармада торай кеден бастығы болғысы келетінін жазбақ. Өзі жаза алмайтын болған соң қодыққа барып үш теңге беріп, бас жағын жазғызып алды. Қонжыққа барып, ақылдысың, мықтысың деп жалғасын алды, лаққа барып, сен нашарсың, сен ақымақсың деп қорқытып, аяғын жазғызып тынды. Шығарма біткен соң, қозыға келіп, менің жазғанымды мақтап жазы деп өтінді, қозы жазып берді, ботаны мақтап оған да менің шығармамды мақташы деді, мақтап берді, күшік пен бұзауға барды, оларға да жақсы деп жазғызып алды. Бөлтірік пен құлын ғана жазбай қойды. Шығарманы тексерген мұғалима бөлтірік пен құлынға – бес, қодыққа - үш, қонжыққа – төрт, қатесі көп, мазмұны жоқ болса да балалардың бәрі мақтапты деп торайға - бес плюс қояды. Жылдық қорытынды бойынша ең үздік оқушы - торай болып шыға келеді.

Кейіпкер бойындағы заманмен бірге тыныстар қалыпты дәл ашқан шығарманың айтары – көп. Қоғамның барлық бет-пердесін ашып түр. Қоғамды кім ұстап тұр, кім алды да, кім торай сияқты – үздік аталып жүр. Әңгіме кейіпкерлерінің де аттары ерекше - бөлтірік пен құлының барлығын өз қабілет, еңбек, ақылдарымен алатындықтары аттарынан да белгілі. Ешкімге көнбейтін түз тағысы – бөрінің баласы мен қазақ қадір тұтатын ер серігі жылқының баласы - құлынның ұлттық танымды,сенімді ашатын қасиеттеріне қарай мінез-құлықтары да ыңғайласа суреттелген. Ал елдің қыбын тауып, қалай өмір сүруге ертеден үйренген баланың торай аталуы да – көп жайдан сыр тартады. Жалпы шығармадағы кейіпкерлер аттары детальмен алынған. Әр кейіпкер атынан соған лайық мінез-құлық ашылуымен бірге аллегориялық сипат та ашылады. Қазақ әдебиетіндегі қасқыр – ақымақ, түлкі - ку деген жаттанды аллегориялық сипаттар бұл заман ыңғайын қарай жаңа бейнелермен ауысқан. Қодық пен торай, лақ пен қонжық – тыңнан жасалған бейнелер. Жаң ұрпақ бейнесі, жаңа қоғам бейнесі. Ал сол қоғамға ыңғайланып өсіп келе жатқан торайдың құлығы мен пасықтығы – еңбексіз мал тауып, лайықсыз атақ алуына жетіп жатыр.

Шығарманың идеясы да ұтымды шыққан.

« - Болады, деді немерем. - Міне: «... ең үздік оқушы атанды. Содан соң әдебиет апай айтты: «Балалар, - деді. - Қазір тәуелсіздік. Қазір нарық. Мына торайдан үлгі алыңдар! Содан бәрің де үлкен табысқа жетесіңдер!» - деді. Балалар түгел қол соқты».

- Құлын мен бөлтірік те қол соқты ма?

- Жоқ, олар далада ойнап жүрген. Жиналысқа қатыспаған. Ал енді, осының бәрін жазу керек пе?

- Керек емес, - дедім. - Керек емес.

- Бірақ табысқа жететіні рас қой?

-Уақытша ғана, - дедім. - Торай тыпырлайды, ішеді, жейді, домаланып семіреді, ақыры бір күні... бырс етіп жарылады! Бітті шаруасы! Бар арамы ақтарылады да қалады.

-Жоқ! - деді немерем басын шайқап. - Торай жарылмайды. Үлкен, семіз шошқа болады. Мобиль болатын шошқа деп, көрмеге қояды... Осыны сен жаз! - деді сосын маған есіктен қараған әжесі бізді шайға шақырып еді.

Немеремнің алғашқы романын жан-жақты талқылауы кейінге қалды. [15, 284]

Мұсливаның сыныптастарының ішінде де алдыңғы әңгімедегі Білгір Бекен сияқты пысықтар - заманына қарай құбыла алатын, болашақ Мылжың ба, Білгір ма әйтеуір Бекеннің ізін басар ұрпақ келе жатыр. Нарық шығарған, заманы туған кейіпкерлер. Бұл ұрпақтың жолы сол болғанымен мінезі, өзін -өзі көрсетуі, танытуы мүлде басқа. Алдыңғы Бекен бала кезінде Кеңестік идея мен қоғам қажетіне, қарай өзін бастамашыл, ұраншыл, өзін топтың ортасында танытуға ұмтылатын, коммунизм қағидаларын насихаттаушы етіп көрсетсе, кейінгідегі Торай басқа. Заманына қарай топпен жұмыс істемей, әркімге жеке барып, әрбіреудің, әрбір мұғалім, сыныптасының мінезіне қарай, қабылдауына қарай не айтып, не ні өтінуді, қалай сұрауды игерген. Білгір Бекен коммунизм кезінде топ алдында жарқырап көзге түсіп қалуды мақсат етсе, көпшілік алдында өзін партия ісіне адал етіп танытса, торай көпшіліктің басын қоспайды.

Әңгіменің кейіпкер жан-дүниесін ашар тұстағы көркемдік ерекшелігі де тіліне лайық әдеттен тыс құрылымнан бөлек жазылғандығымен айқындалады. Әңгіменің қоғамдық салмағы мен кейіпкер мінезін, эстетикалық талғамын ашар көркемдік мәні де ерекше. Жазушы туындысының тақырыптық-идеялық сипатын немересі мен атасының диалогіне құра отырып, тартымды жеткізген.

Жаңа заман көзі ашық ақпарат пен компьютер заманының баласына өткендегі туындылардай ақыл айтып, уағыз жүргізе алмайсың. Қатар отырып, тең деңгейде сөйлесіп қана тәрбие жүргізе алатын қоғам үлгісін шебер пайдаланған. Әрі атасының көп реттерде немересінің айтар уәждерін мойындауы – болашақтың мүлде басқа қалыпын танытады. Жаһандақ өзгеріс, ғаламдық біртұтастыққа бет алған тұста жазушы ұсынар болашақтың

идеал кейіпкерлері бәрін беске оқитын, адал жүріп, тазалықты сүйетін, балалық шағында бала болып ойнай да алатын, ұлттық нақыштағы кейіпкерлер – Құлын мен Бөлтірік.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛІ АТАЛЫМДАР

А.О. КӘРІПЖАНОВА
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ж.О. ӘБДІҒАЛЫМОВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тілдік жүйенің құрылымына тереңдеп барудың, ұлттық тілдің табиғатын шынайы танудың бір жолы – тілдік таңбаларды, оның құрамындағы бейнелі аталымдар, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде саралау, екінші жолы – оларды тілдік емес құндылықтармен, яғни ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланыста қарастыру. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік бірліктер ақиқат өмірді, ойлау мен тілді ұштастыратын категория ретінде танылады.

Ғылыми зерттеулер ***тілдік таным*** үдерісінде ***тілдік тұлға*** арқылы анықтауға бағыт алды. Тілдік таным – күрделі құбылыс. Ол көптеген ғылыми парадигмалармен тығыз байланысты, сәйкес және осы саланың маңызды ұғымдар мен зерттеу тәсілдері арқылы осы бағыттың теориялық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ұлттық мүддеге негізделген таным мен түсінік аталым бірліктері арқылы бейнеленген, дүниенің тілдік бейнесін саралауға, когнитивтік бағытта зерделеуге жол ашады. Адамзатты қоршаған болмысы туралы *таным* мен *түсінігі ұрпақтан ұрпаққа* жинақталған білім тәжірибесі мен қоры ретінде жалғасып, этномәдени құндылықтардың негізін құрайды. Аталым тілдік құрылым ретінде өзіне тән концептуалдық жүйеге сәйкес келеді. Аталым концептілері «**тіл-сана-ұлт**» аясында жинақталған таным, түсінік арқылы ерекшеленеді.

Дүние туралы белгілі бір түсініктерді қалыптастыру психикалық көріністің үш деңгейінің – сезімдік қабылдау деңгейінің, түсініктерді қалыптастыру деңгейінің (қарапайым талдаулар мен абстракциялар) және сөйлеу-ойлау әрекеттерінің деңгейінің өзара әрекет ету нәтижесі болып табылады. Барлық осы жинақталған ақпарат концептілер жүйесінің маңызын құрайды. Осы тұрғыдан келгенде метафоралау – негізгі менталды операция, дүниені тану мен түсіндіру тәсілі- ескі білім арқылы жаңа білімді көрсету мен белгілеу үдерісіне байланысты болып келеді. Адам өз ойын метафора арқылы білдіріп қана қоймайды, сондай-ақ метафоралармен ойлайды. Сондықтан олар өз бетінше интерпретациялауды қалайды: мағыналық өріс, мағыналар тобы, семантика, семантикалық кеңістік, ғылыми теориялық саралаудың негізінде жүзеге асады, семантикалық өріс орталығы қалыптастырады т.б.

Метафора затты, қимылды атамайды, оны сипаттап көрсетеді, яғни сөзді бейнелі қолдануға жол ашады. Сөзді бейнелі қолданудың шығарма көркемдігін, оның экспрессивтік сапасын арттырудағы орны ерекше екені белгілі.

Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы көркемдік, эстетикалық, танымдық мәні терең бейнелі аталымдардың көркемдік қуаты басым, көп сырлы, сан салалы. Оның тіл кестесін суретті жеткізетін сөз өрнектерінің қалың тобы образды фразеологизмдер болса, олардың көбі метафоралы тіркестер екенін байқаймыз.

Метафоралық тіркестің көркемдік поэтикалық қызметі екі нысананы жекелеген ұқсастықтары мен белгілері негізінде теңдестіріп, ойды ақиқатқа айналдырады, тыңдаушыға бейнелі түрде жеткізуді көздейді. Ақын өз ойын бейнелі, әсерлі жеткізу үшін сөздің лексикалық мағынасын өз ойындағы ұғым-түсінікке сәйкес, метафоралық мағынаға айналдырады:

Шын көңілмен оқыса бір салауат,
*Сегіз **ұжмақ есігі** бұған ашық* [1, 125 б.].
***Шапағаттың билігі** махшар күні,*
Ақ паташдан бұйырылып бұған тиген [1, 125 б.].

Суреткерлік шеберлікті танытар жолдар өте көп. Соның бірі – сөздің мағынасын кеңейту, ешкімде кездесе бермейтін тың, тосын тіркестер жасау тәсілі. «Ұжмақ есігі», «Шапағаттың билігі» тіркестері - Мәшһүр Жүсіптің өзіндік ерекшелігін танытатын жаңа тіркестер. Мысалы «билік» сөзін ауыспалы мағынада қолданылып, дерексіз ұғым «шапағатпен» байланыстыру арқылы соны метафоралық тіркестер жасау нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп сөздің бейнелілік өрісін ұлғайтады. Ақын осы тіркесі арқылы Алланың құдіретті күшінің орнауы, оның адамдарды желеп-жебеуі деген мағынадағы ойды айтқысы келеді. Ал «ұжмақ есігі» тіркесін де біз метафоралық тіркеске жатқыза аламыз. Себебі ұжмақ – дерексіз ұғым болғанымен, оны осы өмірдегі адамдар әлі көрген жоқ. Адамдар өмірінде мұсылмандықтың барлық парызын орындап, Алланың ақ жолымен жүрген болса, о дүниелік болғанда, ақыретте ұжмақтың сегіз есігі бірдей ашылып, қалаған есікке кіруіне жол беріледі екен. Бұл туралы Құранда жазылған. Мәшһүр Жүсіп Құран сөзін осы өлең жолдарында келтіреді.

Туынды мазмұны, айтар ойы жағынан күрделі ой айтса, тілі жағынан да өте өзгеше болып келеді. Осындай өзгешеліктерді айқындауда оның қолданысындағы когнитивтік-ассоциациялық жеке көзқарасынан шыққан авторлық метафоралық тіркестері қызмет атқарады.

*Бұл дүние **ақыреттің егіні** екен,*
Уақытында жалқау болмай егу екен [3, 30 б.].

«Ақыреттің егіні» тіркесін де Мәшһүр Жүсіптің өзіндік авторлық бейнелі аталымдрына жатқызуға болады. Себебі мұндай тіркес басқа ақындарда кездеспейді. Ақын өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, имандылық, Алланың ақ жолын уағыздайды. Жоғарыдағы үзіндіден де, біз, өмірге келгеннен кейін адам оны өз мәнімен өткізу керектігін, өмірге сынақ үшін келетіндігін түсінеміз. Ақын осы дүниені, өмірді ақыреттің егіні дейді. Яғни, өмірде «не ексең», ақыретте «соны орасың» дегенді қысқа да нұсқа түсіндіріп береді және тіркес жасауда синкреттік амалды қолданады.

*Ойласам, **көңіл көзім** сондай ойсыз*
Қас қаққан екі тамшы судан тойып [3, 30 б.].
Қылады шүкір, сабыр білген адам,
*Ашылып **жүрек көзі**, көрген адам* [2,173 б.].

Ақын саналылық, сабырлылық ұғымын «көңіл көзі, жүрек көзі» деп астарлап алады. Саналылықты, парасаттылықты, көкірегінің ояу екендігін байқау, көру үшін көз сөзін алады. Ал көңіл, жүрек деп отырғаны ақынның өзі, оның ішкі жан дүниесі.

Әдетте, көз сөзімен келетін метафоралы тіркестер жалпыхалықтық тілде аз кездеспейді. Мысалы, *көзінен оты шықты, жаман көзбен қарау, көз жұму, көз аларту, көзі тою, көз аларту, көзі түсу* және т.б.

Абай қолданысында да көз сөзімен жасалған метафоралық тіркестер біршама. Мысалы:

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі [Абай, 141 б.].

Абай осы өлең жолдарында надандықты, ойсыздықты сынаған. Оның айтуынша, ақыл, парасат көзінің болмауы – надандық. Ой көзі, көңіл көзі болса ғана, адамға шындық сәулесі түседі, оның көудесі нұр сандыққа, сыр сандыққа айналады деген ойды айтқысы келеді.

Жақсы әнді тыңдасаң **ой көзіңмен**,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық [Абай, 219 б.].

Абай өз халқының ән-күй қазынасына арнаған шығармасы. Халқының әнін өзгеше ыстық ықыласпен сүйетінін көрсетеді.

Осы орайда Абай мен Мәшһүр Жүсіп тілі арасындағы үндестікті, бейнелеу құралдарын жетілдірудегі сарындастықты байқаймыз. Екі ақын да дерексіз және деректі ұғымдарды байланыстырып, метафоралық тіркесті шебер жасайды. «Көз» деректі ұғымын «көңіл ой» дерексіз ұғымдарымен қосарлау арқылы суреткерлік шеберліктерін көрсетеді. Осы метафоралық тіркестер, ақындарда, жасалуы жағынан бірдей болғанымен, контексте атқарып тұрған қызметтері әр қилы, стилистикалық бояулары да әр түрлі.

*Ұшыратын **ләззаттың дауылы** соғып* [3, 42 б.].

Ақын «ләззаттың дауылы» тіркесі арқылы нәпсіқұмарлықтың зиянын сөз етеді. Ол осы дүниеде Алланы ғана сүй деген уағыз айтады.

***Қасірет оты** ішінде тұтаныпты* [3, 135 б.].

Адамның уайым-қайғыға душар болуын жоғарыдағы тіркес арқылы көрсетеді.

Абайда «от» сөзінің тіркесуі арқылы жасалған «Жастықтың оты» перифразы бар:

***Жастықтың оты**, қайдасың,*
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай [Абай, 118 б.].

Абай жастық жігер, қайрат сөзінің орнына жұмсайды.

***Айнасынан көңілдің** кетір шаңды,*
Қашан көрдің жалғанда түнсіз таңды [3, 136 б.].

Ақын «көңілдің айнасы» тіркесі арқылы да үлкен ойды айтқысы келеді. Мәшһүр Жүсіп тағы да имандылық мәселесін көздейді. Имандылықтың адамның ішкі жан дүниесінен мәңгілік орын алуы керектігін түсіндіреді. Осы орайда Абай мен Мәшһүр Жүсіптің үндестігіне тағы бір шолып кетуге болады. Абай қолданысында «жүректің айнасы» деген тіркес бар екені белгілі. Ол қырық үшінші қара сөзінде: *«Жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсе бірлән кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті **жүректің айнасына** анық раушан болып түседі»*, - дейді [Абай, 509 б.]. Абай жан қуаты дегенге түсініктеме бере келіп, жан жүрек айнасы таза болғанда ғана қуаттанатын түсіндіреді. Ақын бүгінгі психологияның қағидаларын қарапайым мысалдармен дәлелдейді. Айтпағымыз, екі ақында да адамның жан дүниесі сөз болады. Демек, бұл жерден ақындардың идеялық үндестіктерін байқаймыз.

Ақынның метафораны аса шеберлікпен жасау қасиеті, ой-өрісінің шексіздігінің белгісі, сөздің қасиетін көрсету мүмкіндігі, тілдің дами, өсе беретіндігі, оның өріс жаю кеңістігін таныту жоғарыда келтірілген мысалдардан анық көрінеді. «Ләззат дауылы», «қасірет оты», «көңілдің айнасы» - ақын қаламынан туындаған тың дүниелер, соны тіркестер.

Метафоралық тіркес негізінде тіл мен логиканың, тіл мен психологияның арасындағы байланыс тереңдей түседі. Себебі, сөз мағынасының алмасып, ауысуы және тіркесіп қолданылуы тікелей адамның ойлау жүйесімен байланысты. Сондықтан ақын қолданысындағы метафоралық тіркестердің коннотациялық мәнін қарастыру,

зерделеу арқылы да біз ақын интеллектісінің, дүниетанымдық қасиеттерінің жоғарылығына көз жеткізе аламыз. Ақын бір-біріне ешбір мағыналық жуықтығы жоқ сөздерді байланыстыра келіп, синкреттік амалмен өлең жолдарына ерекше стилистикалық бояу, экспрессивтілік беруде ерекше танылады.

Өзі ***ғылымның бұлағы*** *болған үшін,*
Ықтиярсыз ағызған шолден бұлақ [3, 146 б.].

Мәшһүр Жүсіп осы мысалында да білім мен ғылымның артықшылықтарын баса айтады. Жастарды ғылым-білім үйренуге шақырады. Нағыз терең де зерделі ғылым жолына бағыттайды, үндейді. Оның күші шөл далада бұлақ ағызғанмен бірдей дейді.

Шариғаттың шегесі, дін тұтқасы,
Ғуламаның алды еді көзбен көрген [1, 253 б.].

«Шариғаттың шегесі» тіркесі де бұрын-соңды кездеспеген тіркес. Шариғаттың ғылымын жетік меңгерген ғалымды шегеге балайды.

Мәшһүр Жүсіптегі *шариғаттың шегесі, дін тұтқасы, сұмдықтың қара басы* сияқты метафоралық тіркестер, біріншіден, мағыналары шалғай сөздердің жанасуы болғандықтан, бірден тың көрініп, көзге түссе, екіншіден, белгілі бір стильдік жүк көтеріп, экспрессоид болып тұрғандығымен тыңдаушыға ерекше әсер етеді. Тілдің көркемдік амал-тәсілдерін сөз еткенде, әсіресе, метафоралық тіркестің жаңа қолданыстағы әрі көркемдік сипаты өте айшықты болып келетінін жоғарыдағы мысалдар арқылы дәлелдеуге болады.

Байдан шықты ***сұмдықтың қара басы*** [1, 182 б.].

«Сұмдықтың қара басы» деген метафоралық тіркестің кілтті сөзі – қара. Табиғатта, адам қоғамында басқа түр-түстер сияқты қара түстің де толып жатқан символикалық белгілері бар. «Қара» сөзі халық ұғымында жамандықтың, зұлымдықтың, қайғы-қасіреттің белгісі ретінде танылады. Ол фразеологизм құрамында әр түрлі мән-мағынаға ие болады. Қара бас – қасиетсіз мақұлық, ескі наным-сенімге байланысты неше түрлі жын-шайтан, марғау, албасты іспеттес нәрселер. Осындай мағына беретін сөз «сұмдық» сөзімен тіркесе келіп, ерекше экспрессивтік қасиетке ие болып тұр. Байлардың надандығын, жемқорлығын, ашкөздігін, сараңдығын және тағысын тағы басқа жағымсыз қылықтарын суреттеу мақсатында қолданған. Ақын осы жерде де аз сөзбен үлкен ой айтуда асқан шеберлік танытады.

Ақында идеялық-эстетикалықты, бейнелілік және стильдік ерекшелікті, ой айқындығы мен мазмұн тереңдігін аңғарту үшін қолданылатын метафоралық тіркестер төмендегідей болып келеді: ***жалғанның*** *өмір бойы* ***уын*** *іштім,* ***имандының шырағы*** *әр кез өшпес, басылған* ***Құдірет мөрі*** *таңдайына, ашылып* ***жүрек көзі****, көрген адам,* ***махаббаттың нұрынан*** *мөрді басты, таусылмас* ***қияметтің мәселесі,*** *ішіндегі* ***пейіштің көркіне*** *енді, неше түрлі құлпырып* ***нұрдың назы****, қысы кетіп* ***замана*** *шықты* ***жазы,*** *бұ* ***заманның*** *құрылып* ***бау-бақшасы*** және т.б. Осындай метафоралық тіркестердің шығармаларында мол кездесуі Мәшһүр Жүсіптің авторлық даралығын, яғни шығармашылық контексін көрсететін белгі болып табылады.

Мәшһүр Жүсіп тіліндегі бейнелі аталымдар сонылығы жағынан да, суреттемелік сипаты жағынан да басқа қаламгерлерден өзгеше болып келеді. Ақын шығармаларында имандылық, дін мәселелері жөнінде молынан айтады. Оның метафоралық тіркестері осы мәселелерді суретті, бейнелі жеткізу үшін қолданылады.

Мәшһүр Жүсіп қолданысындағы бейнелі аталымдарды зерделей отырып, біз адамның өмір құбылыстарын саралап, дүниетанымдық қабылдаулары метафора арқылы жасалатынына көз жеткіздік. Сондықтан олардың жасалу тәсілі – біріншіден, көркемдік, екіншіден, танымдық, үшіншіден, қажеттілік уәждерді қанағаттандырады деп айтуымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Т.1.// «ЭКО» ҒӨФ, Павлодар, 2003. -436 б.
2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Т.1.// «ЭКО» ҒӨФ, Павлодар, 2003. -384 б.
3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Т.1.// «ЭКО» ҒӨФ, Павлодар, 2003. -382 б.
4 Абай. Өлең – сөздің патшасы. – Халықаралық Абай клубы, А.: Аманат журналының кітапханасы, 2006.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «КӨҢІЛ» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ БАҒАЛАУЫШТЫҚ ҚЫЗМЕТІ

А.О. КӘРІПЖАНОВА
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ж.О. ӘБДІҒАЛЫМОВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі кезеңде тілшілердің де, әдебиетшілердің де көркем мәтін құрылымындағы эмоционалды-бағалауыштық лексиканың рөліне көңіл аударуы ауқымды үрдіс алуда. Себебі көркем мәтіндегі эстетикалық қызмет коммуникативтік, экспрессивтік, прагматикалық, эмотивтік қызметтерді атқарады. Оларды алмастырмайды, керісінше қызметін күшейте түседі. Көркем мәтіндегі сөз мәнісі туралы Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Б.Шалабай, М.Серғалиев және тағы басқа да ғалымдар айтқан болатын. Аталған ғалымдардың ғылыми дәйектері бойынша, көркем мәтіндегі сөз өзінің ерекше қызмет ету жағдайына байланысты семантикалық тұрғыдан өңделіп, бойына қосымша мағына жинақтайды. Демек, тура және ауыспалы мағынадағы сөздердің құбылуы көркем мәтінге эстетикалық және экспрессивтілік сипат береді, аталмыш мәтінді бейнелі де көркем етеді. Тура мағынадағы сөздерді бейнелі қолдану, олардың семантикалық өрісіндегі қандай да бір белгіні атау беруші нысан бейнесімен ұқсату, баламалау арқылы жаңа ұғымдар жасалады. Осылардағы бейнелі сипатқа ие болған компоненттер эмоционалдық, экспрессивтік және бағалауыштық компоненттерімен бірлікте қарастырылып, коннотаттық мағынаны береді. Яғни, бағалауыштық сема – ұғымның (түсініктің) прагматикалық компоненті, сондықтан да ол денотация аспектісінің объектісі. Ал экспрессивтілік әрқашан сөздің (денотаттың) әдеттен тыс, жаңа тұлғасында көрініс тауып, нормадан ауытқыған окказионалдылықпен байланысты. Жалпы алғанда, коннотацияның тіл бірлігіне эмоциялық, стилистикалық рең үстейтіні, кең мағынада коннотация тіл бірлігінің грамматикалық және заттық-ұғымдық мағынасы – денотатты толықтырып, оған экспрессивті рең беретін түрі, ал тар мағынада коннотация – тіл бірлігі мағынасының бір бөлігі, сол мағынаның ассоциативті-бейнелік ішкі тұлғасын түсінуден туындайтын қосымша мағына екендігін тұжырымдай аламыз.

Сөз мағынасы мен ұғымға тән мәселелерді анықтау адам ойы, таным, қиял шарықтау деңгейімен байланысты екенін қазіргі когнитивті лингвистика дәлелдесе, стилистика оны танымдық-көркемдік тұрғыдан әсерлеп жеткізе білуді көрсетеді. Яғни, көркем мәтіндегі сөз когнитивтік ғылымның да, стилистиканың да зерттеу нысаны бола алады.

Қазақ тілінде коннотаттық мағына бере алатын қолданыс өрісі кең сөздер көптеп кездеседі. Мысалы халқымыздың тілдік қорында ***көңіл*** сөзінің қатысуы арқылы жасалған және бейнелі тілдік бірліктерге айналған тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер сан алуан: *көңілі алаң болды, көңілі ауды, көңілі бар, көңілі жабықты, көңілі жақын, көңілі жарасты, көңілі қалды, көңілі құлазыды, көңілін аулады, көңіліне алды, көңіліне дақ салды, көңіліне қарады, көңілдегі жерінен шықты, көз – нұрдың ұясы, көңіл – сырдың ұясы* және т.б.

КӨҢІЛ сөзінің тура мағынасы 1. Ішкі эмоциялық сезім, сана. 2. Ой, қиял, арман [1, 414 б.] деген ұғымдарды беретін болса, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы көңіл сөзінің қолданымы мен одан туындаған тіркестердің семантикалық аясының кеңейе түсетінін аңғарамыз.

«Көңіл кірі» фразеологизмінің (қайғы-мұң мағынасында) қолданысына назар аударайық:

Көңілде *жатқан* ***кіріңді***
Оттай ыстық сөз жояр (Мақал).
Аспанда ай болмаса, адасады
Көңілді көтермесе, кір басады (Халық әні).
Дүние кірін *жуынып,*
Көрініп ойға көз салар (Абай).
-Кәпір-антқа, мұсылман тілге нансын,
Көңіл кірі *айтумен кетсін, барсын!* [2, 22 б.].
Жүргенмен не бітірдім тірі болып,
Көңілдің *тазармаған* ***кірі*** *болып* [2, 149 б.].
-Жүйріктің алу үшін ащы терін,
Тер шыққан соң тарқатар іштің шерін.
Гүл жүзді, шырын сөзді наз ниннан,
Сөз қозғап, кетірейік ***көңіл кірді*** [2, 23 б.].

«Көңіл кірі» тұрақты тіркесі Абайдың өлеңінде *«Дүние кірі»* болып, жаңа өмірді аңсау мағынасында қолданылса, Мәшһүр Жүсіпте халықтық қолдану үлгісімен үндес келеді. Осы жерде де Мәшһүр Жүсіптің халықтан алшақ кетпейтінін, сөйтсе де өзіндік ерекшелігі бар екенін байқаймыз. «Көңіл кірі» тіркесі арқылы ақын бірде іштегі мұңды, назды қалай шығару керектігін айтса, бірде өз ісіне көңілі толмайтынын білдіріп, бір тіркесті түрлі стильдік мақсатта пайдаланады. Мұнда ақын өзін *көңілдің кіріне* балап, метафоралық тіркес жасаған.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «Көңіл» сөзінің қатысуымен жасалған адамның ішкі жан дүниесінің, психологиялық жай-күйін білдіретін фразеологизмдер:

Бір үйге көп қараймын тамаша етіп,
Ұстаға соны салған ***көңілім кетіп*** [3, 46 б.].
Көңілі кету – назары ауу, қызығушылығы арту.
«Күлігім бар!»,-деп, мен жүрмін ***көңілім тойып*** [59, 71 б.].
Көңілі тою – ырза болу, тоқмейілсу.
Махаббат, мархабатлы болмаған соң,
Уыз жас ***қалды көңілім*** *замандастан* [3, 75б.].
Ағайыннан ***қалыпты көңіл тоқтап*** [2, 114 б.].
Көңілі қалу – ренжу.
Жалғанда жан емеспін ***көңілім оскен*** [2, 20 б.].
Көңілі осу – қуану.
Меңменсіген талайдың ***көңілін бастым*** [2, 113 б.].

Әр түрлі тоқтау айтып ***көңілін бастым*** [2, 21 б.].

Көңілін басу – басу айту, тоқтамға келтіру.

Көңілді*, шешемді ойлап,* ***бөле бердім*** [2, 5 б.].

Көңіл болу – қарайласу, көмектесу.

Қиқулап, еленде тіп, ***көңілім бөлдің*** [2, 75 б.].

Бұл жердегі ***көңіл болу*** – аз ғана уақытқа назарын аударту дегенді білдіреді.

Аталған фразеологизмдердің Мәшһүр Жүсіп шығармаларында қолданыс жиілігі өте жоғары. Олар адамның түрлі жай-күйін, әрекеттерін сипаттауда қолданылады.

Адамның адамгершілік қасиеттері оның ішкі әлемінен құралатыны белгілі. Мәшһүр Жүсіп шығармаларында адамның адамгершілік қасиеттерін сипаттайтын қолданыстарға бай. Бұл секілді қолданыстардың арасында *көңілмен* келетіндері де жеткілікті.

Кісінің ***көңілін жықпаған*** [2, 133 б.].

Біреуді жақсы көріп, жылы тартсаң,

Кіршіксіз *болып* ***көңілің*** *ақ қағаздай* [3, 65 б.].

Көрумен, ***көңіл көзбен*** *аңғарады* [2, 13 б.].

Көңілім *бар* ***шапағаттан,*** *келсе шамам* [2, 52 б.].

Көңіліне мақтан кірмеген [2, 132 б.].

Ертеден келе жатқан тіркестерге жан бітіріп, мағынасы жағынан жуық емес сөздерді шендестіріп, бір-бірінe бейім емес сөздерді тіркестіріп, жаңа мағынамен байытудың жолын көрсеткен үлгілері:

Көңілің бір өлік еді жансыз жатқан [3, 64 б.].

Көңілді өлікке балайды.

Көңілдің ел қалмаған жайлауында [2, 28 б.].

Немесе

Көңіліме *ерте* ***қонған*** *сөздің ауылы* [2, 63 б.].

Дерексіз ұғым мен деректі ұғымдарды байланыстыра отырып, экспрессиясы жоғары тамаша, соны тіркестерді жасайды және ұлттық колоритті де көрсете отырады. Себебі, *жайлау, ауыл* сөздері – қазақи тұрмыс-тіршілікті білдіретін сөздер.

Бір жерден екі көңіл шыққандықтан [2, 63 б.].

Екі көңілдің бір жерден шығуы да ақынның өзіндік қолтаңбасы көрінетін фразеологизмі. Мәшһүр Жүсіп халық қолданысындағы *бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару* мәтелін өзгертіп қолданады.

Көңілімде сақтап жүрмін бір жаз, бір қыс [2, 62 б.].

Ақын осы тіркес арқылы өзін салқынқанды ұстайтынын, әр нәрсеге сабырлылықпен қарайтынын білдіргісі келеді.

Таусылмас, шашсаң қанша, көңіл – бір кен [2, 102 б.].

Көңіл сөзі мағыналық жақтан ерекше түрленеді, соның нәтижесінде жаңа экспрессиялық мағынаның тууына ақын осылайша жол таба білген. Бұлар – Мәшһүр Жүсіп қолданған авторлық окказионал қолданыстар. Аталған тіркестер әдеби тілдің көркемдігін көрсетіп қана қоймайды, ақын қолданған көркемдеуіш тәсілдердің жаңаша сипат алғандығын байқатады, көркем атаулардың жаңа түрлерін дүниеге әкеледі.

Көңіл сөзінің айқындауыш сыңарының, яғни атрибуттік компоненттерінің түрлі-түрлі болып келуі сөздің белсенділігі артып, тіркесімділігінің күшейгенін көрсетеді.

Жер алыс болғанменен, ***көңіл жуық*** [2, 29 б.].

Болса да ***көңіл қорқақ****, қол батыр-ды* [2, 81 б.].

Мұратым бітпесе де, ***көңілім тоқ*** [2, 93 б.].

Мәшһүр Жүсіп *көңіл* сөзін етістіктермен тіркестіру барысында да көріктеуіштік қасиеті жоғары тіркестерді береді:

Шарқ ұрып, ***көңілің кезіп,*** *әр тарапты* [2, 37 б.].

Барамын тоқтай алмай, ***көңіл көшіп*** [2, 44 б.].

Жерлерге ***көңілің сүйген*** *түсіп жүрген* [2, 76 б.].

Ақынның түсінігінше, Алла тағалланың құдіретіне ой жүгіртіп, оның шексіздігін сезіну адамның оған деген сенімін молайтып, иманын өсіреді. Осы себептен ол Алланы ***көңіліне алуды*** және ***шын көңілмен*** Аллаға ғашық болуға шақырады.

Құдайды шын ықыласпен ***көңіліне алса*** [2, 68 б.].

Ешкім жоқ ***шын көңілмен*** *Аллаға ғашық* [2, 98 б.].

Көңіл – концептуалдық мағынаға ие тілдік бірлік. Көңіл қазақтың танымын, наным-сенімін білдіруде, адам эмоциясы мен сезімі, психологиялық жай-күйін суреттеуде қолданылады. *Көңіл* сөзі ақын танымында аналогия, ассоциация сияқты ойлау процесі заңдылықтарының нәтижесінде туындайтын ұғымдардың атауы, жаңа лексикалық мағына туғызуға негіз бола алады. Ол – фразеологизм жасауға тірек сөз бола алатын тілдік бірлік. Бұл тұжырым бір ғана *көңіл* сөзіне қатысты айтылып отыр. Ал қазақ тіліндегі коннотаттық мағына беруге әлеуетті барлық сөзді осылайша талдап-таратып, мағына-мәнін анықтай білсек, ұлттық әдеби тілдің сөз байлығын жинақтау, стильдік реңктерін анықтау, нақышты сөздердің функционалды-коммуникативтік ақпаратын беру сияқты мәселелерді шешетініміз сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. –Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. –Павлодар: ЭКО, 2005. – 2 т. – 456 б.

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

КҮРДЕЛІ, БЕЙНЕЛІ АТАУЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ТҰРҒЫДАҒЫ БЕЛГІЛЕРІ

А.О. КӘРІПЖАНОВА
доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.,
Ж. УАҚБАЕВА
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі лингвистиканың дамуын сипаттайтын танымдық бағыт ***аталымның*** (атау) жан-жақты сараланууына және терең мазмұнын ашуға, мағынасын анықтауға, қалыптасу уәжі мен даму заңдылықтарын дәлелдеуге мүмкіндік берді. Тілді үнемі даму үстіндегі құбылыс ретінде қарастыратын болсақ, адамзат өркениетінің жетістігімен тығыз байланысты. Кешенді зерттеу бағыты антропоцентристік парадигма аясында қарастыру қарқынды дамып, ол ақпараттар тілдік таңба арқылы санада жинақталып бекітілетіндігі түрлі ғылым саласында дәленденді. Бұл ***ұғымның*** күрделілігінен туындайды.

Бұл бағыттардағы зерттеушілердің пікір ортақтығы мен жақын тұстары концептіні лингвистика саласында зерделегенде басқа да ғылыми салалармен сабақтастыра қарастыру, концептінің табиғатын ашуға, жеке категория ретінде тұжырымдауға, мазмұнын ой-сана, түсінік, ұғым арқылы дүниенің тілдік бейнесі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл бағыттардың әрқайсысы қазіргі лингвистикада нақты, жетік қалыптасқан.

Атау үдерісінің нәтижесінде туатын аталымдарға тілге дейінгі экстралингвистикалық себептер мен тіл ішіндегі лингвистикалық себептердің әсер ететіні дәлелденіп отыр. Даму заңдылығы бойынша қоғамдағы заттар мен құбылыстардың пайда болуына және олардың аталуының негізіне әсер ететін экстралингвистикалық себептер болып табылады. Осы сыртқы себеп адамның ойлауына әсер етіп, пайда болған заттар мен құбылыстардың бейне-белгілері санада ұғым болып қалыптасады. Санада ұғым болып қалыптасқан белгі-бейнелер негізгі тірек болып ықшамдалып, аналогиялық жолмен тілге көшіріледі. Тіл шекарасына кірген аналогиялық көрсеткіштерге (ұқсас белгілерге) осы арадан бастап тіршілік, яғни, лингвистикалық себеп ықпал жасайды. Ендігі жерде атау үрдісінде болатын құбылыстар тіл заңдылықтарына бағынады. Олардың түрлі тәсілдер арқылы белгілі бір тілдік тұлғаға (формаға) келуі тілдік жүйеде қарастырылады. Сөйтіп, нәтижесінде пайда болған аталымдар (сөздер, сөз тіркестері) сөзжасам жүйесінен өз орындарын алады. Осы арада, аталымдардың пайда болуын, салыстырмалы тұрғыдан қарап отырмыз, негізінен бұл құбылыс нәтижесі – көп уақыттың жемісі.

Күрделі, бейнелі атау, біріншіден, тұтас бір ұғымды екі немесе одан да көп ұғымдар арқылы білдіреді, екіншіден, құрамындағы ұғымдары үнемі мағыналық тұтастық қатынаста тұрады, қызметі жағынан бөлшектенбейді, үшіншіден, сыңарлары бірте-бірте өздеріне тән мағынадан айырылып, жаңа ұғымның белгілерін көрсетуші қасиетке ие болады. Осы анықтаманың мысалы ретінде ***атарба*** сөзінің күрделі атауға айналу үдерісін келтіруге болады. О баста ***ат*** сөзі көлік қызметін атқаратын үй жануарының дара атауы, ал ***арба*** сөзі жүк не жолаушы таситын қолдан жасалған көліктің дара атауы, мұнда арба кез келген сырт қозғаушы күштің әсерімен қозғалысқа түсетін көлік екенін ұмытпау керек. Енді арбаның атқа жегілген түрі «*ат жегілген арба*» тіркесімен берілсе керек. Бұл тұста «*атқа жегілген арба*» тіркесі тілдік жүйеде әлі де синтаксистік тіркес қасиетін сақтап тұрды, кейіннен номинация үдерісінің нәтижесінде бұл тіркестің мазмұн жағы да ықшамдалып, жұмырланып, өзіндік айқын белгілерге ие ақиқат өмірдің бір ұғымын білдіретіндей санадан орын алды да (дефинициялады), осымен қатар аталған тіркестің тұрпат межесінде де ықшамдалу, қолайлы болу үдерісі қатар жүрді. Нәтижесінде «*атқа жеккен арба*» сөз тіркесі аталымға айналып, ықшам тұрпатқа, яғни «*атарба*» формасына, дара атау формасына ұқсас тұрпатқа ие болды. Сонда, «*атарба*» сөзі ақиқат өмірдегі басқа өзі тектес заттардан айырмашылығы бар нақты заттың санадағы ұғымының атауы. Бұл үдерістің реттілігін былай көрсетуге болады: *Ақиқат өмірдегі* ***нақты зат*** *(бейсана өмір) – оның санада нақты* ***ұғымға*** *ие болуы (санадағы көрініс) - ұғымның тіл шекарасында* ***аталымға*** *ие болуы (тілдік сана) – аталымның қолданыста* ***Күрделі аталым*** *арқылы нақты тілдік тұрпат алуы (вербалды қатынасқа түсуі)*. Сонымен күрделі атаулар мен жеке атаулардың айырмашылығы олардың әр деңгейдегі үдеріс болуында. Жеке ұғым атауының негізінде күрделі атау туындайды. Яғни жеке ұғым атауы алғашқы деңгейлік (первичный), ал күрделі атаулар екінші (вторичный) деңгейлік үдерістер.

Ғалым Б.Қасымның еңбегінде келтірілген тіл біліміндегі тірек ретінде қалыптасқан күрделі, бейнелі атаулардың танымдық тұрғыдан үш белгісі көрсетіледі:

1. Мағыналық тұтастық белгісі. Күрделі, бейнелі атаулардың құрамындағы сыңарлардың мағыналық дербестігі мен грамматикалық дербестігінің күңгірттенуі немесе жойылуы күрделі атаудың бұл түрінде маңғыналы тұтастықтың пайда болуына әкеледі. Бұл белгі бойынша күрделі атаудың құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы әр басқа лексикалық мағынаны емес, тұтасқан күйінде бір бүтін мағынаны білдіріп, жеке атау болады.

2. Құрылымдық тұтастық белгісі. Күрделі, бейнелі атау да жалаң сөз тәрізді парадигмалық қатынастарға түсе алады. Оның сыңарларының әрқайсысы бөлек-бөлек өзгермей, тұтас күйінде түрленіп, бір тұлғаға ие болады. Күрделі атаудың жеке сыңарлары өздігінен белгілі бір атаудың морфологиялық тұтастығының, сөзжасамдық құрылымдық тұтастық белгісі бір бүтін екендігін көрсетеді.

3. Синтаксистік тұтастық белгісі. Күрделі, бейнелі атаудың шығу тегін тарихи тұрғыдан қарап, оның бастау көзі сөз тіркестерімен байланыстырылады [1, 39-45б].

Дегенмен бейнелі, күрделі атаулар сөз тіркесі синтаксистік бірлігінен ерекшеленеді. Сөз тіркесі құрамындағы сөздер жеке-жеке лексема болып табылады да, күрделі, бейнелі атаулар бүтін бір лексема болып, сөзжасамдық тұтас тұлға болып келеді. Демек, сөз тіркесі құрамындағы сөздердің тіркесімділігі еркін сипатта болады да, күрделі атау құрамындағы тіркескен сөздердің дербестігі болмайды немесе шектеулі болады. Сондықтан да мұндай атаулар құрамындағы бір немесе бірнеше түбірден біріккен, кіріккен, тіркескен сөздер топтасып тұтас түрде дайын күйінде қолданылып, тіл иелерінің санасында біртұтас бірлік ретінде басқа да лексемалармен жүйелік қатынаста тұрады.

Жоғарыда айтылған ойлар негізінде төмендегідей тұжырымға келеміз: **күрделі атау** мен **күрделі аталым** арасына тең дәрежесін қоюға келмейді, себебі **күрделі атау** қандай да бір заттың, құбылыстың санадағы аталу үдерісімен, ұғымның тіл шекарасына өтіп, өзінше тұрпатқа ие болуының нәтижесімен, қандай да бір білімнің бірлігі не элементі ретінде тілде белгіленіп, білімнің басқа да жүйеленген тілдік таңбалары арасынан орын алған номинативтік бірлік болса, **күрделі аталым** сол атаудың репрезентациясының жазуда бөлек таңбаланатын, нақты дыбысталған немесе жазуға түскен түрі. Сонымен күрделі атау мен күрделі аталым – бір құбылыстың екі жағы, бірі санадағы ойлау мен тілдің қатынасын білдірсе, екіншісі осы үдерістің қолданыстағы көрінісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қасым Б.Қ. Сөзжасам: семантика, уәждеме / Оқу құралы. - Алматы, 2003. - 167 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

АҚЫН НЕМЕРЕСІ ТӨЛЕУБАЙ ШӘРӘПИДЕНҰЛЫ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ МӘШҺҮР ЖҮСІП ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

А.Ж. КӨПЕЕВ
магистр, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жанында еріп жүрген, бауырында болған немересі – Төлеубай Шәрәпиденұлы. Ол 1917 жылы Баянауыл жеріндегі Құрман-Тоғалақта дүниеге келген. Мәшһүр Жүсіптің тұңғыш баласы Мұхаммедшәрәпиденнен туады. Атасына алты жасынан немерелік қызметін көрсетіп, батасын алған. Кейін Ақ Фин, Ұлы Отан соғыстарына қатысып, аман-есен оралады. Елде жүріп атасының мұраларын жинап, Жаңажол ауылындағы Мәшһүр Жүсіп мұражайының негізін қалауға ат салысады.

Төлеубай Шәрәпиденұлы атасы туралы өте қызықты естеліктер жазып кеткен. Оның күнделікті өмірде істеген істері, араласқан адамдары, ел-елді аралауы, өзінің бейітін салдыруы, саятшылығы т.б. туралы оқиғаларды қағаз бетіне түсірді. Ол сонымен бірге атасының халық аузынан жинаған небір шешендік сөздерін, мақал-мәтелдер, нақыл сөздердер, айтыстар мен діни тақырыптағы шығармаларды көшіріп қалдырды.

Төлеубай Шәрәпиденұлының көшірмелерінің 7 папкасы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Академик С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапханасының Сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақтаулы. Қазіргі таңда осы көшірмелер негізінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көп томдықтарының 17, 18 томдары дайындалынды.

Төлеубай Шәрәпиденұлы Мәшһүр Жүсіптің әкесі Көпей жайында біршама мәліметтер береді: «Көпей әкесі – Сермағамбет Қызылтауда туып, осы жерде болады. Рас, семья, бала-шағалы, кедей болған. Балаларын өсе келе діни оқуға қолынан жетелеп, табиғат байлығын тамашалайды. Бірақ нашарлықтан қолы жетпей, одан әрі шамасы келмейді. Ақыры бір опа ауыруында түгел семьясы өледі. Ең кенже баласы Көпей жалғыз жетім артында қалады. Көпейді ағайындары асырап, әр жақындарында жүріп өмір сүреді. Көпей жетімдіктен өспей, сол кезден көпеш қозыдай көрініп, Көпей атануы да осыдан екен». [1]

Бұдан басқа Көпейдің керуенбасылық қызметі, оның қалай бір көпеске жалданып жұмыс істегені, сол көпес Көпейдің адал қызметіне риза болып, үй қылып шығарғаны жөнінде дерек бар. Одан басқа Қызылтау жерінде жұтқа ұшырап, Қызылағаш-Бұзаутасқа қоныс аударғанын да сөз етеді: «Бір жұтта қыс қатты болып, таман ел жұтайды. Көпей де жұтап қалып, күн көрісі болмай, сол Қызылтаудан қазақ арбамен жаяу-жалпы Дауан қаласына көшіп келіп, Дауанның жатақтарына қосылады. Әкесі Көпей жуас, әрі нашарлықтан жатақтар қоныс бермей, сол жерден басқа жақтан қоныс іздейді. Ақыры әділетті, атақты Үкібай байдың ауылына барып, Қызылағаш-Бұзаутас деген жерге қыстайды, Дауанның оңтүстік жағында бес шақырым жер. «Жақсыдан игі» деп осы ауылдың ақсақалдары Көпейге шынайы жәрдем жасап, «жалғыз үйлі күлікіміз» деп қатарға санап, қошемет етеді».

Көпейдің Мәшһүр Жүсіпті Қызылғаштан атының артына міңгестіре отырып, Баянға бес жасынан Қамар хазіретке апарып оқытқаны, Қамар хазіреттің Көпейге мешітке күзетші болуға ұсыныс білдіргенін жазады.

Ол жөнінде былай делінген: «Қамар хазірет мешіт ішінен жалғыз бөлме беріп, өз қарауына алады. Жалғыз баласы Жүсіпті хазірет және бәйбішесі Бибі Мариям жақсы көреді. Көпей бірыңғай мешітке еңбек жасап, ұзақ жыл осында болады. Көп кешікпей елді жиып, Көпейге мешіт жанына тас үй салғызып береді. Бұл үйдің жұрнағы әлі бар қазірде. Жүсіп хазіреттен арабша хат танып, түрік, арабша үйренеді». Төлеубай Шәрәпиденұлы Көпей атасы туралы әңгімелерді Мәшһүр Жүсіптің өз аузынан естіп, сөз арасында әкесін құрбыларына айтып отырғандығын жазады.[1]

Көпей атасының қай жерде жерленгенін кейінгі ұрпақтарына көрсеткен адамның бірі – Төлеубай Шәрәпиденұлы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмірінің соңғы жылдарында қасына біраз кісілерді ертіп, соның ішінде Төлеубай да бар, бәрі Баяндағы әкесі Көпейдің зиратына барып дұға жасағаң, жоғарыда айтылған тас үйдің орынын көрсеткен. Бұл жайында Төлеубай Шәрәпиденұлы былай дейді: «Қазір «Баян» дейміз, бұрын бұл Баянды «Дауан» деп атаған. Дауанға бет алуда сапары жолшыбай Жасыбай батырға дұға жасап, Дауанға түсетін. Мұнда әкесі Көпейге дұға жасап, өзі оқыған мешітінің күншығыс жағында 150 қадам жерде, мешітке әкесі Көпей күзетші болып тұрғанда, нашарлықтан болар аласа шатырлы. Тас үйін сыртынан көріп: «Мынау әкеміз Көпекеңнің салғаны, 1861 тауық жылы салған үйі», - деп, еріп жүрген ақсақалдарға көрсетіп айтқан еді. Кішкене әйнек, далаға шығар есік солтүстік Ақбет тауына қарағаң. Бұл үй 1989 жылы бұзылды». [2]

Төлеубай Шәрәпиденұлы көбінесе Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қартайған шағындағы кезін естелік етіп қалдырып отырған. Ақынның білім алу мақсатында Бұқар, Ташкент, Самарқанд, Қиуа т.б.қалаларына сапар шегін, үнемі ат үстінде болғаны белгілі. Ал оның салт аттан төрт аяқты арбаға ауысу кезін де жазады: «Мен қысқаша әр жерінен үзінді келтіріп отырмын. Бұл орайда Мәшекеңнің 15 жасында 54 жасына дейін ат үстінде болып, талай жерлерде болып, басынан өткізген өмір жолдарын еске алдым. 1910 жылдардан Мәшекең салт аттан ауысып, көрілігі бар, денесінің ауырлығы бар арбаға көшіп, өз ортасында көшкендерін еске алып келеді». [3]

Атасы Мәшһүр Жүсіп немересін өзімен ертіп жүрген. Бұл жайында Төлеубай Шәрәпиденұлы: «1926 жыл атам пар атын жеккізіп, көшір Ыбырайдың Салығы деген кісі, мені бірге алып жүрді. Бұл менің бірінші рет ерткені тоғыз жастағы кезім», - деп атасымен алғаш жолға шыққан кезін есіне алады. [4] Осы бірге жүрген сапарларында атасымен болған жерлерді, небір жақсы адамдармен кездескен сәттерін тізіп жазған. Сол бір естеліктерінде Исабек ишанмен жүздескен кезін былай деп сыр шертеді: «Аққөлдегі Исабек ишан досына келеді. «Ой, Мәшһүрім!» - деп Ишекең жылап жібереді. Бұл кісіге шығарған өлеңі де бар». [5]

Сол сияқты Баян жеріндегі қандай азаматтармен дәм-тұздас болғандығын жазған: «Дауанда болатын жері: әкелерінің аты есімде жоқ, Субек ұста, Сағынай ұста, қасапшы Масақбайдың Қасымы және қасапшы Шолтай деген Қожамбеттің Оспаны және Төкен деген, осыларда болатын. Тағы бір айтарымыз Дауанда тамыр Яшке деген қазақ-орыс болды. Қазақша білетін. Осының тас моншасына түсетін, мен шешіндіріп киіндіріп алатын едім, жапырақ қайың сыпырғышпен денесін ұрғызатын. Монша артынан тамыр орыс қазақша үстелмен жемісін салып, шәй берген еді. Дауанда біраз болып, елге оралып, тау бәрі Жағалбайлы, Серғазы, Әбілғазыда болып, бауыр елі Бошанның Рақымы, Бажықтың Асымы, Шақайдың Молшасы, Сүлейменнің Ахметжаны, Айманның Шеризданы тағы басқа жерлерде қонақта болып елге оралды». [2]

Күш атасы Қажымақанның Омбыда көрсеткен өнерін тамашалағанын айтады: «Мәшһүр Жүсіп Көпей ұлы, атамыз жобалап айтқандай, 1777 жылдан бастап 1912 жылға дейін ат үстінде болды. Қараөткел, Атбасар, Ақмола, Омбы. Бұл сапарда атақты Қажымұқаның Омбыда күресін көріп, Қажымұқанның «Қара маскі» деп, оннан аса ауыз өлең жазған екен. Бұл өз аузынан шыққан сөзі болатын. Бас қосқан жерінде сөз арасында айтып отыратын». [6]

Сол сияқты белгілі өнер адамдары Жұмат Шаниң, Әміре Қашаубаев, Майралармен Қоянды жерінде кезігіп, сол кісілердің өнерлерін тамаша еткен. Бұл жайында Төлеубай естелігінде былай деп жазылған: «Бір жолында тағы Нүрке досын іздеп барады. Келе жатқан сапарында Қоянды базарында соға кетуін жөн көреді. Қояндының қозып жатқан кезі екен. Бір жеңіл ауыз ойыпты (үйіпті). «Мәшһүр келіпті, Мәшһүрді көрдім» - деп Қоянды басына көтереді. Бұл сөзді естіген бала жігіт, өнерпаз бала: «Ойбай, Мәшһүр атамызды естуіміз болмаса, көрген жоқ едім!» - деп, аяғы жерге тимей, зыр жүгіріп, Мәшһүр атасына сәлем береді. Бұл кезде Мәшекеңді халық та қаумалап алған екен ортасына.

- Балам кім баласысың, жөніңді айтшы?! - дейді.
- Күлік Шаниннің баласымын, - дейді.
- Өзің мұнда не ғып жүрсің, балам?! - дейді.
- Ойбай, ата, осында өнер-ойын көрсетіп жатырмыз! - дейді. Қажымұқан ата, Иса аға, Әміре аға, Майра бәріміз Қоянды қа келдік, -дейді. Енді бізге қонақ болып, ішімізде болыңыз, - дейді». [7]

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көзі тірісінде өзінің жатар орынын дайындатып, асын бергізгені тарихтан белгілі. Осы турасында Төлеубай Шәрәпиденұлы жазбаларында біршама айтылған. Ақынның көрін қазуға қатысқан адамдардың тізімі, уақыты, қалаған адамдардың есімдері жазылған: «1930 жылы атам өлер шағын ойлап, орта тор атын арбасына жеккізіп, Жалғызтөбе басына шығып, жататын жерін көрсетіп, жанында бірнеше ақсақалдары бар арбасынан түсіп, текеметін жайғызып, жерге отырды. Ақсақалдар бәрі... . Бұл күні күн шығып, күн жылынып, май айының іші болатын. Жер қазатын жас жігіттері: Шақа (Шата) ұлы Әйтім, Ысқақ ұлы Базарханң, Жүсіп ұлы Шәдім, Мағзұмұлы Қамит, үлкен немересі Шарапиұлы Баб, Сабырұлы Жәни, тағы көлденең екі адам болды. Бұлардың аты-жөні есімде жоқ.

Атам: «Ұзындығы бәлен кез, көлденеңін бәлен кез, тереңдігін бәлен кез», - деп айтты. Ол кезде метр аталмайтын. Қазып болған соң, бетін жәй жапқызып қойды ішіне су бармасын деп.

Енді қалаушы адамдар жоғарғы қаласы жақтан екі адам келді. Бұлар бұрын байлардың қорасын қалап жүрген атақты қалаушылар екен. Әкесінің аты есімде жоқ. Бірінің аты Олжабек, көмекші қалаушы Сәрсенбай деген кісілер». [8]

Сол сияқты Мәшһүр Жүсіп атасынының өнер адамдарын өте жақсы көріп, жақын тартып жүретіндігі «Домбыра ол кісі келген кісіге өзінің төрде ілулі тұратын. Домбырасын маған: «Ана домбыраны алып, қолына бер!» - дейтін. Айтылатын өлеңдер: «Қарғам-ау», «Қызыл бидай», «Қалқаман-Мамыр», «Қараторғай», «Сәтбек батыр қиссасы», «Бүрінген күйі» тағы тағылар еді, Ысқақтың Ақботасы, карт атшы Ысқақбай, Бабай, Байқошқардың Сұлтанбайы, тағы басқа да ол кісілері болды. Атамыз ол кісі домбырашы келгенде, егесі көтеріліп, қуанып қалатын. Өзі домбыра ұстап, өлең айтпаған еді». [9]

Төлеубай Шәрәпиденұлы атасының басынан өткен қызықты әзілге толы оқиғаларды да түртіп отырған. Соның бірі ел адамдарының топалаң деген ауруға қарсы тұру үшін бейіт басына құран оқуға келгендегі ерсі әрекеттерін әшкерелеу үшін, ақынның өз адамдарын бейіт басына жұмсап, оларды тір аруақ қылып киіндіртіп, елді дүрліктіріп шошытуы сияқты қызықты әңгімесі бар. Бұл іс-әрекетке қарсы болған Мәшһүр Жүсіп: «Мал баласы бес жылда жетілер, адам жарасы алпыс жылда жетілер» деген екен бұрынғылар. Жетім-жесірге көмектессе қайтер еді?! Өлмейтін жан болмас, өлмейтін мал болмас. Шығын шықпай, кіріс болмас. Зекетсіз мал болмас. Кәрібайдың қойын аруақ не қылсын? Аруақ ет жемейді» [10], - дей отырып, ел ішіндегі қате түсініктерді сынап отырған.

Жалпы, Төлеубай Шәрәпиденұлы жазбаларында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына қатысты тың мәліметтер баршылық. Атасының жанында еріп жүріп, көрген-білгендерін қағаз бетіне түсірген.Сонымен бірге атасының еңбектерін көшіріп қалдырған. Төлеубай Шәрәпиденұлын жан-жақты зерттеу болашақтың еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Мәшһүр Жүсіп: өмір деректері» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С.Торайғыров ат. ПМУ-дың Ақ. С.Бейсембаев ат. ҒК СК ҚҚ № 5 папкасы, Б. 485-489.

2 «Төлеубай естелігі» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С.Торайғыров ат. ПМУ-дың Ақ. С.Бейсембаев ат. ҒК СК ҚҚ № 7 папкасы, Б. 403-410.

3 «Төлеубайдың Мәшһүр Жүсіп туралы жазғаны» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С.Торайғыров ат. ПМУ-дың Ақ. С.Бейсембаев ат. ҒК СК ҚҚ № 6 папкасы, Б. 243-252.

4 «Бір естелік жалғасы» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С.Торайғыров ат. ПМУ-дың Ақ. С.Бейсембаев ат. ҒК СК ҚҚ № 6 папкасы, Б. 238-241.

5 «Алтыншы тарау» - Төлеубай Шарапиденұлының С.Торайғыров ат. ПМУ-дың Ақ. С.Бейсембаев ат. ҒК СК ҚҚ № 1 папкасында жазылған.

6 «Төлеубайдың төртінші естелігі» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С.Торайғыров ат. ПМУ-дың Ақ. С.Бейсембаев ат. ҒК СК ҚҚ 7 папкасы, Б. 58-67.

7 «Қаракесек еліне сапар.Сегізінші тарау» - Төлеубай Шарапиденұлының С.Торайғыров ат. ПМУ-дың Ақ. С.Бейсембаев ат. ҒК СК ҚҚ № 1 папкасында жазылған.

8 «Төлеубайдың үшінші естелігі» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С.Торайғыров ат. ПМУ-дың Ақ. С.Бейсембаев ат. ҒК СК ҚҚ № 7 папкасы, Б. 52-57.

9 «Өз ортасында. Он Бірінші тарау сапар» - Төлеубай Шарапиденұлының С.Торайғыров ат. ПМУ-дың Ақ. С.Бейсембаев ат. ҒК СК ҚҚ № 1 папкасында жазылған.

10 «Мәшекеңнің әлегі-ай» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С.Торайғыров ат. ПМУ-дың Ақ. С.Бейсембаев ат. ҒК СК ҚҚ көшірмелерінен алынды.

ӘОЖ 81-2.512.122

ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

М. МАХМЕТОВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, елеп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде дүниенің тілдік бейнесі жасалады.

Дүниенің тілдік бейнесі дүниені тіл арқылы көрудің түрлі тәсілдерін талқылауға мүмкіндік береді, мұнда тілдік бірліктердің ұлттық, ұлтқа тән аймақтарды айқындауға мүмкіндігі зор екендігі көрсетіледі. Мұнда таным модельдерінің негізгі ұстанымдары – қоғамдық тәжірибеге негізделуі, бейнеленуге мүмкіндік жасауы (символикалығы), жүйелілігі, креативтілігі назарға алынады. Этнографизмдердің, соның ішінде «қамшы» концептісінің адамзат өмір сүруінің ажырамас бөлігі, ақиқатты нақты бейнелеуде мүмкіндігі мол. Ол – адамның

саналы білімінің ғана емес, психологиялық жай күйі, талғам, талап, қажеттілік пен көзқарасының өлшемі және оны танытушы.

Тілдік таңбалар халықтың дүниені түйсінуінен хабар беретін ақпараттық дереккөз ғана емес, сонымен қатар ғаламның тілдік бейнесін жасайтын ұлттың эстетикалық таным-талғамын, кәсібін, мінез-құлқын, ырым-нанымын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық рухын ұлттық тіл арқылы сақтап, жан-жақты таратып танытады. Осыған орай белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениетінің көріністері тілде тарихи-мәдени тілдік таңба ретінде қалыптасады. Демек «өлемді тіл арқылы танудың» әр ұлт тілінде түрлі сипатқа ие екендігі туралы шешімге келіп, осы этнографизмдердің, соның ішінде қамшы сөзінің тілдік сипатын тануға, әр ұлттың болмысын танытда этнографизмдердің жұмсалуы негізінде келуге болатынына көз жеткізуге болады. Қазақ тіліндегі тілдік бірліктердің таңбалық мәнін қарастыру – тіл мен таным, тіл мен ойлаудың бірлігінен туған өзекті мәселенің бірі.

«Қамшы» - атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қамыстармен көмкеріліп, өрілген сабы тобылғыдан, ырғайдан, аңдардың тұяғы, мүйіздерінен жасалған атты айдап жүргізетін құрал.

Қамшының өрімі бір жарым еседей ұзын болады. Қамшы құрал болумен қатар қару ретінде қолданылады.

Қамшы өрудің көптеген түрі қолданылады. Кейде қамыстан өрнектеліп өріледі. Қамшы *саптан, өрімнен* және *бұлдіргіден* тұрады.

Өрімдер домалақ, жұмыр, төртқырлы болып келеді [1, 617].

«Қамшы» сөзі қам жасаушы (орысша «забота»). Сонда қам-шы – біреудің қамын ойлаушы, біреуге жаны ашушы, қамқор болушы дегенмен шықса болса керек. Сонда Қам –шы – біреудің қамын ойлаушы, біреуге жаны ашушы, қамқор болушы деген мағынаны беретін болып шығады. Жоғарыдағы жыр жолдарындағы Шәмшияның: «Жаратылдың еркек болып несіне, Жөндемесең теріс кеткен ісімді» дегені сөзіміздің айқын дәлелі емес пе?.. Қамшы дегенде біреулер бас-көз жоқ төпелеп сабау деп анайы түсінетіні де жасырын емес, жоқ, қамшы – бұл символ, рәміз, еркектің табиғи жаратылысы мен міндетін айғақтайтын белгі. Қазақ отбасындағы үйлесім мен жарастықты қызғыш құстай қорғайтын Қам-шысы, Қам-қоршысы [2, 9 бет].

Ал кейбір ғалымдардың ойынша қамшы сөзінің түбір мен қосымшадан құралғаны байқала бермейді. Ал тарихи тұрғыдан бұл сөздің түбірі – қам; ал -шы (малшы, егінші тәрізді сөздерде кездесетін) қосымша. Алайда қазіргі қазақ тілінде қам түбірі жеке қолданылмайды. Ал орта ғасыр түркі тілдерінде, сондай-ақ қазіргі туыстас тілдердің кейбірінде (тува, тофалар, алтай, сары ұйғыр, хакас, т.б.) қам «бақсы» дегенді білдіреді. Қарайым тілінде қамшы сөзі «шаман» мағынасында жұмсалады. Бұл салыстырулардан «бақсы» мағынасын білдіретін сөздің ертеректе бірде қам, бірде қамшы түрінде айтылғанын байқаймыз. Осылайша екі түрлі тұлғада жарыса қолданылатын сөздер оқта-текте кездесіп отырады, мысалы, дикан-диқаншы; мерген-мергенші, «Жүзден жүйрік, мыңнан мергенші» дейді қазақ мақалы. Әуелде қамшы сөзі қазақтарда да «бақсы, шаман» мағынасында жұмсала келіп, екінші бір заттың атауына көшкен болу керек деп жорамалдаймыз. Бұлай болуы, әрине, кездейсоқ емес. Оған себеп, байырғы кезде қамдар немесе қамшылар (қазіргіше айтсақ – бақсылар) қолдарына көбіне шыбыртқы алып ойнайтын болған. Оны қамның немесе қамшының шыбыртқысы деп атаған. Бірте-бірте қамшы сөзі әрі «бақсы», әрі «шыбыртқы» мағынасында қолданыла бастаған. Уақыт оза келе кейбір түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, қамшының «шыбыртқымен ойын салушы адам» деген бастапқы мағынасының қолданыстан шеттей түсуін парсы тілінен енген бахшы, қазақша бақсы сөзі жеделдете түссе керек [3, 2 бет] .

«Қамшы қайтару»

Ер-тұрман жабдықтарының ішінде қамшы киелі құрал болып саналады. Соған орай қамшы атауымен байланысты этнографиялық ұғым да көп. Мысалы: халқымыздың қамшы тастау (яғни сөз сұрау), қамшы жұмсау (яғни сабау), қамшы болу (яғни әсер ету, себепкер болу), қамшы қайтару, қамшы салу (түрткі болу) т.б. Қамшы қайтару құдалық, яғни құда түсу жолында жасалатын жоралғы. Ұлына қалындық іздеген жігіт әкесі ауылдың ақсақалы мен азаматтарына және өз туған-туыстарына жолығып, шаруасын айтады. Бұған жанашырлар ақыл қосып, пәлен жерде жақсы отбасының бойжеткен қызы бара екенін хабардар етеді. Әрине, бұл жерде болашақ құдалардың текті жерден болуын қалайды. Сөйтіп жігіт әкесі өзінің беделді адамдарын ертіп қыз әкесінің үйіне барып түседі. Қонақасын ішіп аттанған қыз әкесі өз қамшысын кереге басына іліп кетеді. Мұны көрген қыз әкесі келген кісілердің аты-жөнін, ата-тегін білгеннен кейін оларға тиісті жауабын беруі керек. Егер қыздың басы бос болмаса (яғни біреуге айттырылып қосылса) немесе қызын бергісі келмесе қамшы иесіне қайтарылады. Мұны қамшы қайтару дейді. Бұған жігіт әкесі ренжімейді. Қызға белгі тастаудан «біз шаншар» деген де жолы бар [4, 208 б.].

Көркем шығармалардан мысалдар талдау арқылы «қамшы» лексемасының қазақ танымында түрлі мағынаны беретінін айқын көруге болады.

«Жаз бойы Құланөтпес пен Құдайменденің кең шиырына сыйса алмай, күнде қанат серпісіп, күнде қамшы сілтесіп, қақтығысып келген екі байдың аядай жерге арқа тіресіп қонып жатқандары жай да емес сияқты» [1,8]

Қамшы сілтесіп келеді *Егесіп келеді, «сені ме!» деп кіжіністі.*

«Ақ көңіл Сүгірәлі, опылып құлаған жардай, біржола құлап түсті де:

Бауырым Бұланбай, сөз осы болсын. *Мә, қамшым, қамшыңды әкел!* Мықты болса, Игілік пен Жұман өзді-өзі қырылыса берсін. Екеуіміздің бір-бір атымызға жетпей жатқан жер жоқ, - деді. Көзіне жас келіп, даусы дірілдеп тұр.

Осыдан басқа сөз жоқ екі ер жігіт *қамшыларын алысты да, екі айырылып жүре берді*. Енді бұл *қамшылар өз иелерінің денесіне тимеске тиісті еді*». [5,86]

«Келгендер *қамшы тастасып*, кезектесіп қалқаласа да, Жұман берше құлақ салған жоқ» [5, 90 б.]

Қамшы тастады [тастасты] «даулласқан, таласқан екі жақ бидің алдында жерге қамшыларын тастап, сөз кезегін алуы».

«Әй, біреудің қамшысының ұшында кетермін-ақ деп, үш күндей ас үйден шыға алмады». [5, 96 б.]

Ресей патшалығының заңынан басқа заң көрген емеспіз. Найза мен қамшы заң емес қой, - деді. [5,247 бет]

Салт басты сабау қамшылы әйелдің бұл еркелігін Бек – Алқалықтар көтерер еді. [6,16 бет]

-Қой әрі! Иттерді сабап, ауыл үстіне қамшы ойнатып бізге істеген қай қырың, ол? – деп Құдайменде түгін бетіне шаншып түтігіп отырды да, - осы сен мен жөнінде бірдеңе дейтін көрінесін ғой? [7, 34 б.]

Қамшы ойнатты (қамшының астына алды, қамшы жұмсады) басы көзіне қарамай сабады, сілете ұрды; зорлық жасады.

Иван Мизайловичтің оғы біткенін сезген жуан оны бас салып екі қолын артына байлап үлгерді де, жуан қырлы қамшының астына алды . Қыздарды шайтан деп ойлаған Құбекем иманын үйіріп кеп, кішкене қыздарды қамшының астына алады.

Бұлар да елге түрлі салық салды. Бұлардың әскері де қалың бұқараның басына қамшы ойнатты.

Болған соң бастан ынтық оңала ма? Ондайлар бір қисаймай тіл ала ма? Дәйт десе, қорс етеді қыңқылаңып. Ақылы қамшы жұмсау қолда ғана .

Біреулер малмен бәрін бөктеріп жүр,
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.
Көтеріп дүниенің көң-қоқырын,
Апарып қай шұқырға төккелі жүр?
Біреулер «қайтемін» деп қалтаңдап жүр,
Әркімнің аузына бір жалтаңдап жүр.
Біреулер біліп тұрып, жете алмайды,
Аяғын қандай нәрсе арқандап жүр?
Көңілі кейбіреудің бұлтта жүр,
Ұстауға күн мен айды жуықтап жүр.
Біреулер қара сөзді қамшы қылып,
Қуды мініп, құланды құрықтап жүр.
Қайсысын маған соның еп көресіз?
Әкетсем өзім таңдап, өкпелерсіз.
Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,
«Өлең болсын серігің» деп бересіз! [8, 105]

«Қара сөзді қамшы қылды» – сөзге дес бермей сөйледі.

Қаһ ар көріп хандардан
Білек керіп бектерден,
Тепкі көріп байлардан,
Қамшы көріп билерден
Қалың қауым иленген [8, 74]

Қамшы көрді [жеді] *Ұрылды, таяқ астына алынды; таяқ жеді, соққы көрді.* Кет әрі, сен де менен қамшы жерсің. Үргізген анау байың тыным берсін. Бетімнен алдырушы сен ғой, -Маман тұра тұрбұл бәйгеден атым келсін (М.Ә). Жамамннан жесең бір қамшы. Ол сүйегіңе жетпес пе? (Ш.С). (Жамбыл)) [9, 213]

Жазыққа біткен бүлдірген -
Сұғынсақ тояр ма екеміз!
Тобылғы сапты қамшы алып,
Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қарар ма екеміз! (Ақтамберді Сарыұлы).

«Тобылғы сапты қамшы алып» -тура мағынасында қолданылған

Көз тартады қыз қамшы қырғыз өрме,
Замандардан заманға болған көрме.
Домбырамен, торсықпен қатарласып,
Түзеп ойын керіліп тұрды төрде
(«Әже көзі» Естеу Нүсіпбеков).

«Қырғыз өрім қамшы» - өте тығыз етіп, жіңішке таспадан жұмырлап өрілген қамшы.

Ағатай, қамшы өріп бер сегіз өрім
Шіркіншің шабандозы-ай дегіземін.
Әзірге мінер атым жоқ болса да
Жүйріктен күдерімді неге үземін.
(«Қамшы өріп бер» Жүрсін Ерман)

«Сегіз өрім қамшы» - сегіз таспадан өрілген қамшының түрі.

Қашшы болды *Тұрткі болды, итермеледі.* 1.Абай сөзі ашылысуға қамшы болды. Сол жайларды аңғартып отырған Тәкежан Абайдың бағанадан бергі тергеуіне ырза емес болатын (М.Ә). 2. Төзімі жұқарып зорға тұрған колхозшының біріне Ахметтің сөзі қамшы болым кетті.

Қамшыдай қатты 1. *қамшырдай қатып арықтады, ашықты, жүдеді*. Тізеден сазда, іш жоқ, бауыр жоқ, қамшыдай қатып қалған қайран мал, қырыліға түр (Ғ.М). 2. *Бапталды*. Қамшыдай қатырып жаратқан өңшең жүйріктері белдеәде тұратын. (А.Т).

Қамшы кесті шабан *Аяғын баспайтын, тым қырсау.* Наталья аң ұмтылса, қашып құтылар еді, астына мінгені есек, және қамшы кесті шабан есек (С.М).

Қамшылар жақ *Оң жағы деген мағынада.*(мініс көліктің «сол жағы», «мінер жағы», «оң жағы», «қамшылар жағы» болады). Нардың түрі жүдеу, бүйірі солып, өркеші қамшылар жағына қисая бастаған (Л.Ж).

Қамшы салмады *Қамшы тигізбей жүріп отырды.*
Қайтарда тізгініңді тежеп отыр,
Тақымды қамшы салмай безеп отыр.
Бол да отыр бірдің соңы ызаң оба,
Тек қана бір мөлшерді көзде де отыр (І.Ж).

Қамшы салдырды *Болдырды, шаршады.* Ерболдың жетекке аты барды. өз аты намаздыгер шағында қамшы салдырып, белі босаңси берген (М.Ә).

Қамшысын алып келуге [беруге] жарамады *Шірік, болжыр, қолынан дәнеңе келмейтін кісі.* (Көбіне балаға байланысты айтылады). Баламның қамшысын алып беруге жарамайтын немелер. Сонымен қатар «Қан мен тер» романындағы Судыр Ахмет бейнесі.

Қамшысынан қан сорғалаған *Қанышезер, жауыз, злрлығы, билігі жүріп тұрған.* Аққан жас, жосыған қанды есептесең, өтеуі үрім – бұтағына кетеді. Қамшысынан қан сорғалап тұрып, кімге жөн айтпақсың! (Ғ.М). Ол жылдары қамшысынан қан сорғалаған дер кезі болса, қазір алпысқа таяп қалды (Ғ.М).

Қамшысын үйіреді де отырады көне. *Ақырып, «бір шыбықпен айдайтын» зорлықшыл, озбыр кісі.*

Қамшы тигізбеді *қамшы салдырмай жүретін жүйрік ат туралы айтылады.* Балуан Шолақ атының кекіліне үкі, құйрығына шолпы тақты, мінгенде денесіне қамшы тигізбеді (С.А)

Қамшы үйірді *Қорқытты, хауіп төндірді, күш көрсетті.*
Жыртқыш аңдай анталап,
Аюайсыз Томға шүйілді:
Көздері тегіз қанталап,
Қамшысын ажал үйірді (М.Р) [9]

Сонымен қамшы лексемасының дүниетанымдық қызметін көрсетуде Ж.А.Манкееваның сөзімен қорытындыласақ, олар «өмір сүруді қамтамасыз ететін мәдениетке жататын дүниелердің мәдениетке қатысы адамдардың тек өмір сүруі үшін қажет мұқтаждықтарын ғана қанағаттандырып қоймай, сонымен бірге олардан жоғары тұратын социогендік, символдық және эстетикалық қажеттіліктерін де өтейді» [10, 53 б].

Күнделікті тұрмыста қолданылатын қолөнер туындылардың тілдік қабатын анықтау, оның атауларының жасалу жолдарын, мазмұнын ашу қолөнер мәдениеті арқылы өрілген ұлттық болмысты тануға және танытуға байланысты т.б. маңыздылығы дау туғызбайды. Ол атаулардың табиғаты мен мәнінің ерекшелігі тарих, этнография, этнология, мәдениеттану, этнопсихология, әлеуметтану т.б. пәндерімен сабақтас жүргізілетін кешенді зерттеуді, шын мәніндегі лингвомәдени және этнолингвистикалық зерттеуді, нақтырақ айтқанда, тек қана этнолингвистикалық тәсілді қажет етеді. Көбі қолданыстан шығып, ұмыт болған, тек қана эпостық жырлардың жолдарында, фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдердің құрамында мағынасы күңгірттенген атаулардың анықтамасы шағын этнографиялық очерктерді, түсініктемелерді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚТТС - Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-2 том. А., 1961.
2 Жалелұлы О. «Қазақ әйелі: кеше, бүгін және ертең»
3 Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері: филол.ғыл.докт.автореф. –Алматы, 2007.
4 Қазақтың салт - дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары
5 Мүсірепов Ғ. Оянған өлке Алматы,1980
6 Бөкей О. Таңдамалы шығармалары
7 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Алматы, 1961
8 ЖабаевЖ. Шығармалары Алматы,1996
9 Кеңесбаев І «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977
10 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы, 2008.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СӨЗДЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Р.М. МУТАЛИЕВА
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Г.А. ЖҰМАБЕКОВА
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетінде М.Әуезов шығармалары тақырып көкейкестілігімен ерекшеленеді. Ол қозғаған мәселе, ол сомдаған кейіпкерлер бүгін де кездесіп жатады. Біздің сөз еткіміз келіп отырғаны жазушының тілдік қолданысындағы эстетикалық қызметін саралау десек, жазушының суреткерге тән байқағыштық, аңғарымпаздық, тіпті ұсақ-түйек дейтін нәрсенің өзін қалт жібермейтініне де тоқталмақпыз. Мысалы, «Көксерек» әңгімесінде мынадай көрініс бар: «Қалған иттер жота басында серейіп-серейіп тұрып қалып, сол арадан көр жіберіп тұрған» [1; 171]. Осындағы «серейіп-серейіп» деген сөзге мән берейік. Оқушыларға немесе студенттерге осы сөздің мағынасын ашуға байланысты неліктен «серейіп» деген сөз қолданылып тұр деген сұрақ қоюға болады: Оқытушының жауабы: - Жота басында иттер тұр, сайда – қасқырлар. Түнгі уақыт. Түнде айдың жарығымен биікте тұрған нәрсе серейіп, ұзарып көрінеді. Айлы түн екенін әңгімедегі мына сөйлем де дәлелдейді: «Жарық айлы түнде тұмсығынан бұрқырап бу шығады» [1; 169]. Оқушыларға осыны түсіндіре кетсек, олар да шығарманың мазмұнын қуаламай, сөз мағынасына мән беруді үйренер еді. Оқушылар былай тұрсын, кейбір студенттердің өзі осы әңгімедегі «арлан», «күлдіреуіш» деген сөздердің мағынасын түсінбей жатады. Көксеректің тұрқы күлдіреуішке теңелген соң, оқытушы бұл сөздің мағынасын шаңырақтың ортасындағы иілген үш ағаш екенін ұғындыруы тиіс.

«Қорғансыздың күні» әңгімесінде де Ж.Дәдебаев айтқандай «М.Әуезов адам характерінің шындығын суреттеу барысында психикалық процесті, «жан диалектикасын» ашуға басаден қояды. Адам сезімінің, талайының, талабының, мінез-нәрінің... баршасын байытып, дамытып танытады. Ғұлама жазушы бұл орайда психологиялық талдаудың белгілі тәсіл-түрлерін мол, түгел және шебер пайдаланған» [2; 44]. Кемпір Ақанға барлық мұң-шерін айтқанда оның жүрегі селт етпейді. Жазушы сол кездегі Ақанның ішкі дүниесін былай ашады: «Бірақ күндегі өмірінде бұл секілді талай жауыздықты көріп, өзі де сондайлардың ішінде болып жүргендіктен, мына естіп отырған сөзінің бәрі көңіліне таныс, таңғаларлық тамашасы жоқ. Оқып кеткен сабағы секілді болды» [1; 21]. Ақанның жалпы болмысын, жасаған ісі өзіне баяғыдан таныс, сол сияқты қорлауды талай істеген екендігін «Оқып кеткен сабағы секілді болды» деген бір-ақ сөйлемге яғни, аз сөзге көп мағына дарытқанынан сөздің эстетикалық қызметі айқындалса керек.

Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтар» романында айтатын адамның қатыгездігі, адамнан өткен жауыз жоқ дегенін, «хайуандай қатыгез» (жесток по-зверский) деген сөздің әділетсіздігін Ақан бейнесіне қатысты дәлелдеуге болады. Кемпірдің жылап отырып айтқан сөздерінен кейін Ақанның Ғазизаға жауыздық жасауынан оның бар болмысын танимыз. Кемпірдің әңгімесі Ақан қатыгездігін ашуда үлкен психологиялық қызмет атқарып тұр. Тасжүрек болмаса ол кемпірдің аяныштысы жағдайына куә боп, әңгімесін естіген соң, райынан қайтар еді. Жазушы кемпірді Ақанның алдына ар-ұждан бөгеті етіп қойды, бірақ Ақан ана деген қасиетті ұғымды аттап кетті. Жазушы да Ғазизаның әжесінің құрметтеуге лайық адам екенін аңғарта кетеді: «Бірақ адамның жүрегін пішінінен танитын кісі болса, кемпірдің жүзіндегі халді көргенде, еріксіз бұл адамды көңілмен құрметтегендей еді».

Ақанның Ғазизаға жасаған қиянатының қандай жерде болғанын жазушы былай суреттейді: «Сезімі жоқ жауыз қара күштің қылған күнәсі мен зұлымдығына қатты тоң жер, суық балшық, көрдей қап-қараңғы дүние куә болды» [1; 23]. Зұлымдық әрекеттің лас жерде болуы Ақан жауыздығының бояуын қалыңдатып, эстетикалық әсерін күшейте түседі. Бұл сөздер – жазушының шеберлігін айқындайтын детальдар, психологиялық параллелизмге құрылған.

Осы ретте Р.Нұрғалидің М.Әуезовтің тілдік қолданысы жайында айтқан мына пікірі ойымызды қуаттай түседі: «Әдеби фактілер, тарихи деректерді мол білетін эрудиция, ақ пен қара былай тұрсын, қызыл мен қызғылт, көк пен көгілдір бояулардың жігіндегі титтей нюанстардың өзін қалт жібермей, дәл көретін өте нәзік эстетикалық талғам, шала-шарпы құлағы шалған, ат үсті көзі түскен жәйттер емес, өз көкірегінде шымырлап қайнап жатқан тылсым өнер тәжірибесінен алған нәрлі сәуле қосылып келіп, аталы ойлар, көсем сөздер туған. Қысқасы, Әуезов эстетикасында ғалымдық терендік, сыншылық өткірлік, жазушылық көркемдік әсем келісім тапқан гармониялық бірлікте» [3,88].

Пушкиннің «Деревня» деген өлеңінде шаруаның қыздары кейбір қолында байлығы немесе билігі барлардың қолжаулығы болып кететінін ашына айтатын. Ғазиза да сол қыздардың кебін киді.

Әуезов прозасында метафоралық тіркестер жиі қолданылады. Әдетте мұндай көркемдеуіш құралдың түрі поэзияда көп көрінеді. Әуезов шығармаларында метафоралық тіркестерге ерекше көркемдік жүк артылған. Мұндай метафоралық тіркестер, біріншіден кейіпкердің ішкі дүниесіндегі тартысты аңғартады. Мысалы, Ғазизаның өлімге бел байлауына психологиялық дәлел ретінде мынадай сөздер беріледі: «Көңіліндегі өмір сүрсем деген оттың ақырғы жалыны сөнді» [1; 25]. Екіншіден, қорғансыздар тағдырын аша түседі. Мәселен, «Бұлардың басынан тағдыр дауылы жаңада ғана соғып өткен. Қораның алдындағы жас бейіттер сол дауылдың салдарынан туған» [1; 13]. Ғазизаның әкесі мен бауырынан айрылып, қаралы үй болып отырғандарын жазушы «тағдыр дауылы» деген тіркеспен береді. Тура мағынасындағы дауыл тұрғанда жолындағыларын қиратпай, бүлдірмей кетпейді. Жай желмен салыстырғанда дауыл күшті. «Дауыл» сөзі арқылы жазушы Ғазизалардың қайғысы қаншалықты ауыр екенін аңғартады.

«Жауыздықтың жас құрбаны қасіретке толы өмірінің азапты ақ түтегінен адасып өліп, мәңгі толас тапқандай» [1; 27]. Әңгімеде тура мағынасындағы ақ түтектен бейшара Ғазиза үсіп өледі. Осындағы «ақ түтек» сөз тіркесі тура және ауыспалы мағынада жұмсалған. Шығармадағы тура мағынадағы ақ түтек – қыздың өліміне логикалық дәлел болса, ауыспалы мағынада кедейлік, панасыздық өмірдің зардабы «ақ түтек» секілді болғанын жазушы дәл жеткізген. Үшіншіден, сол дәуірдің әлеуметтік мәселелерін де жинақтап көрсетеді. Мысалы, «Қараш-қараш оқиғасындағы» Бақтығұлға қатысты мына тіркеске назар аударайық: «Сол уақытта асығып түрған саусақ жіңішке суық темірді нығыздап қысып қалғанда, қарғыс оғы күрс етті» [1; 267]. Мұндағы қарғыс оғы Бақтығұлдың өмір бойы көрген әділетсіздік, қорлық, сатқындыққа намыс, қоғамға деген ыза, кек алу оғы екенін жазушы «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініндей» бір ғана «қарғыс оғы» сөзімен бейнелеген.

Әуезов шығармаларында осы секілді метафоралық тіркестерді көп пайдаланады. Мысалы, «Қорғансыздың күніндегі» кемпір туралы: «... қайғының қабат-қабат шыңына ақылымен кіріп отыр» [1; 21]. Мұнда кемпірдің өткен қайғысымен қоса алдағы күніне алаңдауы, шың деген сөзбен оның қайғысының қаншалықты ауыр екенін «қайғының қабат-қабат шыңына» тіркесімен дәл жеткізген.

«Бишаралық, иесіздіктің таңбасы басылған ескі лашықтың ішінде Ғазизаның балалығы, еркелігі және қайғысы, қасіреті қалды» [1; 25]. Бұл тіркестер де Ғазиза үйінің жұпынылығын, қорғансыздығын эстетикалық түрде бояуын қалыңдата түскен.

«Күшікбай кезеңінің түбінде бір жіңішке қара сызық секілденіп Қанайдың жалғыз қорасы көрінді» [1; 10]. Қораның алыстан қарағанда бір сызық сияқты болып көрінетінін де жазушы назардан тыс қалдырмаған. Бір жағынан жолаушылар мен Қанай қорасының ара қашықтығының қаншалықты екенін «сызық» деген сөзбен шамалаймыз. Жазушы осы секілді көріністердің күндізгісі болсын, түндегісі болсын көрінісін қалт жібермейді. Жоғарыдағы Р.Нұрғали айтқан «титтей нюанстардың өзін қалт жібермей, дәл көретін өте нәзік эстетикалық талғам» [3; 88] .

«Қараш-Қараш оқиғасы» повесінде де адамның ішкі сырын ашуда, тіл қатысу, қарым-қатынастарды беруде жазушы астарлы сөздерді бейнелеп, орайын келтіріп қолданады. Мысалы, Бақтығұл Жарасбайға пана іздеп барғанда Жарасбайлардың оны қабылдауындағы ішкі есебі былай беріледі: «Бақтығұлды бұл ауыл енді бір есепке, керекке жұмсайтын атқан оқ болар деп, болғанда да өз кегі бар анық уланған мығым оқ болар деп топшылап отыр» [1; 224]. Мұндағы «атқан оқ», «уланған оқ» екі ауыл арасындағы өшпенділікті аша түседі және Бақтығұл секілділердің «екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өлер» дегендей екі жуанның арасындағы бір-біріне атар оғы дәрежесінен аспайтынын бажайлайды.

Бақтығұл – Жарасбайдың дүшпанына қарсы ататын жай оғы емес, уланған оғы. Мұнда жазушының «уланған оқ» дегені қарсыласын мүрдем кетіретін құрал екендігін, Бақтығұлдың бойында уланған оқ болармақтай қасиеттер бар мықты барымташы екендігін де қоса аңғартады. Егер жазушы осыны жай сөзбен айтса, Жарасбайдың есепқор, айлакер адам екендігі ашылмас еді. Осы ойды жазушы одан әрі былай өрбітеді: «Атқамінер атаулының іште жататын әлденеше қалтасы барын Бақтығұл үнемі тани бермейтін» [1; 224]. Бақтығұлдың Жарасбай мен оның қасындағы Сәрсен билердің ішкі есептерін аңдамай, оларды ақпейіл адамдар екен деп сеніп қалғанын, мұндай адамдардың ішкі құпия қалтарыстары болатынын аңғармай қалғанын көреміз. Жазушы «іштегі әлденеше қалта» дегенде қулық-сұмдықтың қалтасы екенін ұғамыз.

М.Әуезов көбіне малға қатысты айтылатын сөздерді адамдарға қатыстырып қолдануға шебер. Мысалы, «Бақтығұл болса, ертеңге шейін ойланайын деген шығар, «ойлансын» дегендей болып, «не айтасыз» деп тақымдамады» [1; 224]. «Тақымдау» сөзі малды тез жүргізу дегенді білдіреді. Шығармада «асықтырмау» деген сөздің орнына қолданылып тұр. Бұл қолданыс та сөз ажарын аша түскен. Мұндай қолданыс «Абай жолында» да кездеседі. Мәселен, « - Е, тастай алмай жүрген жаным жоқ! Терге демесем, жанымды ала қой деп кепілге келіп пе екемін, - деп томсарып қалды. Мұның қолынан келген бар қарсылығы осы еді. Баж еткенмен ықтап кеткен сықылды» [4; 20]. Бұл жерде Сүйіндік Құнанбайдың ызғарына төтеп бере алмай, ықтап кетеді. Негізінен, «ықтап» сөзі малға қатысты қолданылатыны белгілі. Бұл бейнелі сөз кейіпкерлер арасындағы психологиялық тартысты көз алдымызға елестетеді. Құнанбайдың қаншалықты өктемдігін сездіреді. «Қилы заманда»: «Қазір абақтыға жатқызамын, - деп пристав тақтай тәуіп, алдындағы қазақтарды ықтырып тұр екен» [; 6]. Жазушы қорқытып, айбат шегіп, жақындатпай деген жай сөздерді қолданбай, мағыналы, бейнелі, әрі кейіпкер іс-әрекетіне тән «ықтырып» сөзін дәл тауып қолданғандығы суреткер шеберлігінің тағы да бір айғағы.

«Тегінде Қозыбақ – Сәт жаулығы атты алысқа айдаған үлкен жаулық болған сайын, әрқашан оның қарсысына тең түсерлік жуан тамырлы бір досты ұстап отыру Жарасбайға қатты керек» [1; 237]. Аттарды бәйгеге қосқанда алысқа айдайды. Онда аттардың шабысы ұзаққа созылады. Жарасбай мен Сәлмендердің жаулығының ұзаққа созылғанын, жуық арада біте қоймайтынын жазушы ұлттық өрнекпен беріп отыр. Әрі бұл бейнелі сөздер – М.Әуезовке тән соны, тың қолданыс.

«Өз басын аямай, жуандардың сілтеуімен отқа түсіп шыққан нелер әлсіз жалғыз-жалғыз азаматтар енді міне: талай жерде, талай рет Бақтығұлша тұмсығынан шаншыла жығылып, қорлық-зорлықтан қансырап жатқаны білінді» [1; 242]. Әдетте «тұмсығынан шаншыла жығылды» деген сөз жануарларға қатысты қолданылады. Мұнда Бақтығұл секілділердің оңбай опық жеп, істі боп жатқандарын ұтымды жеткізе білген.

«Қилы заман» повесінде: «Өзі бай, өзі көп сауда істеп, көп керегін алатын қалың ел болғандықтан, саудагердің иісшіл тұмсығы бұл елдің ортасын ерте күннен таңдап алған» [5; 12] – дегендегі «саудагердің

иісшіл тұмсығы» тіркесі Қарқара дейтін «Байлықтың ұлы өрісіне жеткен кең қолтық, мол қолды, аңқау бай елді» саудагердің қомағайланып тонауынан хабар берсе, енді арамтер саудагерлердің қалай жеп, халықты қалай қан қақсатқандығын мынадай детальдармен суреттеген: «...желге қарсы тұмсығын төсеп, ішін тартып, жер тарпып, бет түзеп жота-жотадан қарауыл қарап, жортуылға шыққан қасқырдай, аш пейілді, жалаңқай саудагер...» [5; 12]. Қазақтың дархан даласын басып-көктеп, жаншып, мал-жанын аяусыз екі жақтап (бұл жерде бір жағы – өзінің қара басының қамын күйттеген саудагерлер болса, екінші жағынан – отаршыл патша өкіметі) соруын мынадай штрих, детальдармен нақты берген: «...күннен-күнге қарнын қампитып келе жатқан жәрменке – сол қазақ даласын торуға шыққан жайындай болатын. Көгенге кірген борсықтай байлаулы бағланның май құйрығына тұмсығын тығып, бауыры бүлкілдеп қана жылы жұмсағын соруда болатын» [5; 12]. Осындағы «Көгенге кірген борсықтай байлаулы бағланның май құйрығына тұмсығын тығып» дегені ерекше қолданыс. Мұнда Өктем Өкіметтің («борсықтай»), отарлы елді («байлаулы бағлан») оңай олжа қылып, жаншығанын жазушы ызаланған, күйінген түрде астарлап бейнелегендей. Осы айтқанымызға дәлел ретінде мына бір сөйлемге үңілейік: «Мол емшекті бір сорып кеткеннің өзінде де, жерден алтын тапқандай көп қазынаны күреп әкететін» [5; 12]. Қазақтың саудаға епсіз, кім көрінгенге желіпіп, ұтылып отыратынын, кейбір ұлттар секілді тиынға тиын қосып, есептеп отыруға жоқ екенін, қолындағы байлығының көптігі соншалық, басқалар одан «күреп» пайда тапқанын айтады.

Повесть туралы кезінде Ш.Айтматов 1972 жылы «Новый мир» журналында былай деген екен: «Әуезовтің сол бір кезеңдегі өмірді терең біліп, шабытпен жазған бұл дүниесінің көркемдік ерекшеліктері хақында әлде де көп нәрсе айтуға болар еді. Мәселен, табиғатты, тұрмысты, Қарқара жәрменкесін, адамдардың портреттерін бейнелеуде Әуезовтің шын мәніндегі Рабле қаламына лайық шырын шеберлігі жөнінде айтпай кету қиын-ақ» [5; 8].

Қорыта айтқанда, Р.Нұрғали М.Әуезовтің «Қилы заман» повесінің тілі туралы айтқан мына бір пікірі жазушының бүкіл шығармаларының тіліне тән деп айтуға болады: «...алыстан орағыту, тұспалмен білдіру, айшықты өрнек, кейде шүйілігіп, қадап, тіреп айту сияқты қазақтың ежелгі шешендік өнеріне тән қасиеттер мол» [3; 92].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әуезов М. Қорғансыздың күні. Әңгімелер, повестер. – Алматы: , 2002. – 419 б.
2 Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. – А. 2003.
3 Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – А. 2002.
4 Әуезов М. Абай жолы. 1-кітап. – А. 2004.
5 Әуезов М. Қилы заман. Повесть. – А. 2006.

УДК 821.512.122.+821.512.161

МАШХУР ЖУСУП КОПЕЕВ. ПЯТЬ ЦЕННОСТЕЙ

А. РАМАЗАНОВА
магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Пять ценностей в жизни есть человека.
Любой, их имея, добьётся успеха.
Самая первая – это вера,
Не каждый из нас ей владеет умело.
Не верим порою в загробный мы мир
И думаем смело: «Всевышний простил».
Разум – второе, что каждому нужно.
Глупый и с этою пользой не дружит.
Обидевшись даже на самую малость,
Безбожный дурак предаст, не покаясь.
Третья ценность- это терпенье.
Только лишь с ним посильны стремленья
Нетерпеливость ведёт к неудаче,
Рушатся цели, мечты и задачи.
Четвёртое- это благодаренье.
Безбожен тот, кто его не имеет.
Позор всем, кто просто без цели лежит
И день ото дня ни о чём говорит.
Пятая ценность- это учтивость.
Ведь многим она давно позабылась.
Невежливы люди бывают подчас,
Обидеть друг друга, стараясь не раз.
Ты ценности эти, мой друг, береги!

В душе их навеки, прошу сохрани.
Старайся о них никогда не забыть
И в трудностях жизни всегда применить.

Стихотворение «Пять ценностей» известное всем нам с раннего детства, произведение в котором лежит глубинный смысл о ценностяхжизни, о человеке, принадлежит выдающему казахскому поэту, публицисту, мыслителю, путешественнику, историку, этнографу, переводчику, востоковеду и собирателю устного народного творчества казахского народа, специалиста по родословным книгам, известного нам всем- МашхураЖусупаКопеева.

Родился МашхурЖусуп Копеев 1858 г. на территории волости Кызылтау, нынешнего Баянаульского района Павлодарской области. Подлинное его имя — Жусуп. Народ прозвал его Машхур («знаменитый») за публикации, которые были широко известны в его родных краях. До 15 лет Жусуп обучался в медресе хазрета Камара, после чего в 1872 г. он едет в другие районы Северного и Центрального Казахстана, чтобы собирать произведения устного народного творчества. Он посетил известные всему Казахстану места: Караоткел, Атбасар, Кызылжар, ознакомился с жизнью, бытом и фольклором родов и племен, населявших эти края. Уже тогда он показал себя вдумчивым и наблюдательным поэтом, умеющим точно охарактеризовать и передать увиденные события и явления жизни.

В 1872 г. МашхурЖусуп поступил в медресе Кокельдаш в Бухаре и получил по его окончании высшее по тем временам мусульманское духовное образование. После окончания медресе он несколько лет проработал учителем в родных краях. В 1887-1890 гг. с целью углубления образования и знания восточных языков Машхур совершил путешествие в Среднюю Азию, жил в Туркестане, Ташкенте, Самарканде, Бухаре, где встречался со многими учеными и поэтами, в том числе с академиком В.В.Радловым.

ЖусупКопеев в это время писал статьи и стихи, которые печатались в Казани. Хорошо известными были его книги «Наша жизнь», «Кому принадлежит Сарыарка», «Увиденное за долгую жизнь». Машхур написал поэмы «Короглы», «ЕрКөкше», «Ер Саин», «Чертов торг» и другие.

Его статьи, очерки, информации периодически печатались в газете «Дала уалаяты» и журнале «Айкап». Пользуясь большой популярностью и авторитетом в народе, почитавшего его знания и талант, получил имя «Машхур», что в переводе с арабского языка означает «славный, известный, достойный».

В традициях устного творчества написаны дастаны «Торг чертей», «Ястреб и соловей», «Старик и двое молодых» и другие. Хорошее знание арабского и персидского языков позволило Машхуру Жусипу глубоко изучить поэзии Востока, а также создать по восточным мотивам дастаны «Гульшат-Шеризат», «Гибрат-нама», «Баян-нама» и другие. Записанные им из устных народных сказителей произведений Бухара жырау, Котеша, Шортанбая, Шоже, стихотворения Абая, С. Торайгырова стали богатым материалом для фольклористов, историков, литературоведов.

Всю свою жизнь МашхурЖусупКопеев посвятил делу просвещения казахского народа, улучшения его жизни. Просветительство Копеева ярко проявилось в его участии в распространении среди казахов новой методики обучения и нового алфавита («усулижадит»), созданного на основе староарабской письменности. Он сам обучал детей и молодежь грамоте, используя для этой цели книги, изданные новым шрифтом.

Блестящее знание арабского и персидского языков, природный поэтический дар, великолепное знание культуры и истории родного народа, способности аналитического характера помогали ему глубже и яснее, чем многим современникам, понимать суть происходящих событий и явлений, оценивать их, соразмеряя со своими просветительскими воззрениями.

Оригинальные произведения М.Ж.Копеева в разное время входили в литературные хрестоматии, учебники и сборники казахской поэзии.

М.Копеев был не только поэтом, но и собирателем народного фольклора. Он оставил богатое наследие собраний генеалогий казахских родов и племен, которые отличаются подробностью сведений и событий, связанных с происхождением того или иного рода.

В 2006 г. в урочище Ескельды (в Баянаульском районе) над могилой МашхурЖусупа был воздвигнут мавзолей. Последний приют Машхур Жусупа построен по проекту известных архитекторов Бека Ибраева и Садвакаса Агинтаева.

К культовому сооружению ведет добротная лестница с 73 ступеньками, символизирующими возраст МашхурЖусупа. В первом пролете – 13 ступенек, затем идет ровная площадка, остальные марши уже по 12 ступеней, тоже разделенные площадками. В этом кроется глубокий смысл – согласно казахскому летоисчислению МашхурЖусуп прожил шесть мушелей (промежуток жизни в 12 лет), однако первый мушель наступает в 13-летнем возрасте. (По более понятному для современных казахстанцев календарю получается 1857–1931 годы). Восхождение к могиле великого человека не отнимает много сил, а это очень важно, если учесть, что большинство паломников – люди в годах. Предусмотрена даже лавка для отдыха.По бокам лестницы установлены мраморные стелы со стихами МашхурЖусупа. Позолоченная входная дверь украшена инкрустацией и художественной резьбой – это произведение искусства от мастера-зергераКырымаАлтынбекова. В архитектуре мавзолея соединены исламский и тюркский стили, он разделен на две просторные залы – гурхана и зиратхана. Первая предназначена для молитв и отдыха посетителей. В степи мазары служили также укрытием от непогоды и ночлегом для путников. На дверях, ведущих в следующий зал, начертаны суры из Корана. Здесь покоится

прах МашхурЖусупа. Девятитонное гранитное надгробие напоминает древнетюркское. У изголовья кулпытас, на котором высечены имена предков покойного до седьмого колена.

Сандыктас (надгробие) состоит из трех частей: нижняя символизирует загробный мир, средняя – царство живых, верхняя – мир аруахов (духов).

В народе МашхурЖусупа почитали как святого, и было за что. Он успешно врачевал больных и раненых, хорошо знал целебные свойства трав, владел несколькими языками, так же как и Абай, вел просветительскую деятельность, за что народ к его имени Жусуп добавил Машхур, что значит «знаменитый», «прославленный». Правда, существует еще одна версия, что такое определение он получил еще в детстве от Мусы Шорманова, разглядевшего в мальчике необычные способности. Невероятно, но факт. МашхурЖусуп указал день и год своей смерти, выбрал место своего упокоения.

Также он устроил собственные поминки, объяснив столь неординарный шаг тем, что в год его смерти людям будет не до достойных похорон. И как в воду глядел, в ноябре 1931 года в степи уже царил голодомор. Однако народ никогда не забывал о великом старце, его могила стала объектом поклонения, сюда приходили за исцелением.

лет

В 1952 году советская власть решила вытравить из людской памяти само имя МашхурЖусупа – мазар снесли за один день. Но коммунисты добились обратного – жители окрестных аулов хотя и не смогли помешать кощунству, стали свидетелями настоящего чуда. Когда вскрыли могилу, оказалось, что тело покойного, пролежавшее в земле более двадцати лет, не тронуто тленом, даже ногти были целыми. Произошло то, что предсказал МашхурЖусуп – его тело сохранится не один десяток лет. Увы, вместо изучения этого феномена могилу просто засыпали. В 1956 году в газете «Казак адебиеті» писатель ДиханАбилев опубликовал материал с критикой перегибов местной власти, в частности уничтожения мавзолея МашхурЖусупа.

В стране Советов шло активное развенчивание культа личности отца народов, наступала хрущевская оттепель, и НурилаТашкызы – сноха МашхурЖусупа – отважилась на смелый поступок. Однако саманный мазар не простоял и двадцати лет, обветшал, стал осыпаться, и в 1975 году его вновь пришлось снести. И местные жители всем миром возвели мавзолей из силикатного кирпича, который в 2006 году опять разобрали, но уже с согласия и даже одобрения народа.

Наследие великого казахского поэта и мыслителя явилось для нас своеобразным художественным завещанием автора, в котором заключены грандиозные открытия казахской словесности той эпохи. Его произведения о том, как шло осмысление и поиск «вечных» экзистенциальных тем, зафиксированных в национальных культурных архитипах. В этом и есть непреходящее значение и достоинство возвращенного творческого наследия Копеева.

Главной задачей Копеева и его творчества было просветительство казахского общества, приобщение народа к знаниям, культуре, искусству. Его убедительные и своеобразно высказанные идеи, суждения, назидания и мысли были подчинены этой большой цели.

Творчество Копеева занимает в истории казахской поэзии своё особое место. Хотя бы потому, что он утверждал реализм в казахской поэзии, придав ей гражданской активности и динамизма. А по творчеству и по времени был близок великому Абаю.

ӘОЖ 882.151.212.2

ӨНЕГЕ КӨЗІ

М. РАХМЕТОВ
Баянауыл ауданының Құрметті азаматы, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы

Кімде болмасын ұрпағының білімді тәлім-тәрбиелі болып өскенін қалайды. Бұл түсінікті де тек тәлім-тәрбиесі кем бала білімді болып жарытпайды. Бұл өмірдің өзі дәлелдеген шындық. Ол білімді де, тәрбиені де жас-жеткіншек отбасында ата-анасынан мектеп мұғалімдерден алатыны белгілі. Бұлармен қабат теледидар, интернет тағы бар. Алғашқы екеуінің балаға жандары ашып қолдарынан келген білімдерін, тәлім-тәрбиелерін беруге тырысары хақ. Тек күнделікті «тәртіпті бол», «сабағыңды оқы» деген насихатын бала есінде ұзақ сақтауы нағайбыл. Тіпті бірте-бірте мезі қылары сөзсіз. Ал соңғы теледидар, интернеттен берілетін хабарлар мен әртүрлі бей әдеп кинофильмдерді тоқтатуға, көрсеттірмеуге ата-ананың да, мектептің де қауқары шамалы. Дегенмен, қауқарсызбыз деп, қол қусырып қарап отыруға және болмас. Не істеу керек?

Ойға «Артық білім кітапта» деген қағида оралады. Аллаға мыңда бір шүкір, қазір жастарды дұрыс жолға бағыттайтын ата-баба дәстүрімен таныстырып, ізгілік нұрын себетін, теріс жолдан сақтандыратын кітаптар баршылық. Солардың бірі, меніңше – Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектері. Оның бала тәрбиесінің бастау көзінде тұрған ата-аналарға, мұғалім, тәрбиешілерге берері көп. Мәселен, Мәшекеңнің «Дауасыз дерт» атты өлеңін оқып көрелікші.

Ағайын барды күндеп көре алмайды,
Жоқ болса жомарттық бере алмайды.
Кәнекей бермегенің сол емес пе,

Білмеген білген тілін неге алмайды.
Екі көз бір-біріне дұшпан болып,
Болса да қандай жақын сене алмайды.
Ұрысса қатын-бала әлдеқалай,
Үйіне бір-бірінің ене алмайды.

Осы айтылғандардың өтірігі бар ма? Өмір шындығы бар емес пе? Көреалмаушылық, бірінің сөзіне екіншісі құлақ түрмеу, жақын-жуығына сене алмау, қатын-бала арасындағы сәл кикілжің, ағайындар арасының алшақтауына, тіпті бір-бірінің үйіне кіріп шығудан қалдыратыны екінің бірінің басында бар емес пе.

Ал осындай кикілжің, дау десе, ішкен асын жерге қоятын кәсібінде береке жоқ. Осындай ата-анадан, мұғалім-тәрбиешіден тәлім-тәрбие, білім алған жас ұрпақтың көсегесі көгеруі неғайбыл. Осындай кемшілік, кінәраттан арылудың жолын Мәшекеңнің «Бұлақ көзі» атты өлеңінен аңғаруға болады.

Шығады асыл тастан, өнер жастан,
Тәрбие тәуір болса әуел бастан.
Мысалы ғылым таппақ сен секілді,
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.

Иә, бесіктен белі шықпай жатып тәуір, тыңғылықты жас-жеткіншектің ой-санасының, өмір танымының дұрыс қалыптасып, білім-ғылымға қызуғышылығы оянбақ. Көзі ашылған бұлақтай, туған елін білім нәрімен сусындатып, еліне пайдасын тигізбек. Ал ол үшін бала өсіріп отырған ата-ана да, сол баланы оқытып білім беретін мұғалімдер де бойкүйездіктен арылып, әлемдік асыл ойдан, жауһары жинақталған кітаптан қол үзбей, өзі ғана оқып қоймай, балаларын да оқуға ынталандырса ісімізден нәтиже шығары сөзсіз.

ӘОЖ 882.151.212.2

ЕСТЕ ҚАЛҒАН ЖАЙЛАР...

М.Д. РАХМЕТОВ
Баянауыл ауданының Құрметті азаматы, аудандықақсақалдар алқасының төрағасы

Халқымыздың ғұлама, данышпан, әулие тұлғаларының бірі, Мәшһүр Жүсіптің, кесенесі және мұражайы туралы кейбір есте қалған жайларды айтуға тура келіп отыр.

Мәшекеңнің кесенесін қалпына келтіру мәселесі 1960 жылдардан бастап көтеріле бастады. Мен ол кезде аудандық Кеңес атқару комитетінің жауапты хатшысы болып істейтінмін. Сол кезден бастап Алматыда тұратын ұлтжанды, зиялы қауым өкілдері баспасөз беттерінде, түрлі кездесулерде Мәшһүр Жүсіп және сол сияқты адамдар жөнінде өз пікірлерін айта бастады.

1967 жылы күз айында 60 жылдық мерейтойына байланысты жерлес ақынымыз Дихан Әбілов жұбайымен және жанында Тұманбай Молдағалиев Баянға келді. Ол кісі ауылдарда болған кезінде, мен бірге жүрдім. Мен ол кезде аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасының орынбасары болатынмын.

Ақын Дикан Әбілов жанындағы адамдармен Жаңажол, Торайғыров атындағы совхоздарда және аудан орталығында халықпен кездесулер өткізді. Жаңажол, Торайғыров атындағы совхоздарда болғанда Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт Торайғыров зираттарында болып, дұға оқыды.

Жаңажол совхозында кездесуде және жеке әңгімелерде Мәшекең кесенесі, мұрағаттары туралы әңгіме болды.

1969-1970 жылдардан бастап, Мәшһүр Жүсіпке байланысты мәселелер жиі қолға алына бастады. Мәшекеңнің кесенесін қайта қалпына келтіріп, істеуде Қарасуық совхозының директоры Қарбаев Махмет, Каримов К, Рахметов Мұрат белсене қатысты.

Кесенеге керек құрылыс материалдармен Екібастұз қаласының басшылары үлкен көмек жасады. Кесенеге қажет плиталарын әкелуге көмек жасауды сұрап, мен Екібастұз қаласының атқару комитетіне, сонда орналасқан Екібастұз кен-барлау экспедициясының бастығы, жерлесіміз Білалов Зекенге, хат жолдадым. Сол хат бойынша, Екібастұз қалалық атқару комитетінің төрағасының орынбасары Халел Халеловтің араласуымен Екібастұз кен-барлау экспедициясының құрылыс материалдарын таситын машиналарымен плиталарды жеткізіп берді. Кеңінен осы кесенені жаппай бітіруде совхоз директоры Рахметов Мұраттың еңбегі ерекше болды.

Мәшекеңнің кесенесі қиратылғанда, оның орнын тәртіпке келтіріп, өз әлінше қалпына келгенше келіні Мәмиләнің қажырлы еңбегін айтуға тұрарлық.

Мәшһүр Жүсіп мұражайын ашу мәселесіне совхоз директоры Мұрат Рахметов белсене кірісті. Совхоз орталығындағы орта мектепте қоғамдық негізде Мәшекеңе арналған мұражай ашу жөнінде Мұрат Рахметов басшылық жасады.

Сол кездегі мектептің директоры Тұрсынбай Құсайынов , аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Кенжеш Рахметовке келіп ақылдасты. Оқу бөлімінің меңгерушісі, аудандық атқару комитетіне келіп, маған айтты. Ол ұсыныстықолдадым. Мектептен бөлме бөліп, ашу керек деген келісім бердік. Содан кейін, мұғалімдер коллективінің белсене кірісумен, совхоз басшыларының қолдауымен 1981 жылы қоғамдық негізде Мәшһүр Жүсіпке арналған мұражай ашылды.

Жалпы, Жоғары партия, совет орындарының кесенесі қалпына келтіруге және мұражай ашу жөнінде шешімі болған жоқ.

Облыстағы басты қызметте жүрген азаматтар тарапынан, мақұлдай қолдаушылар болды. Олар: Сейсенбеков Балтабай, Марденов Қалымбай, аудан азаматтары Рахметов Мұрат т.б. Тек 2002 жылы облыс әкімі Даниал Кенжебайұлы Ахметовтің араласуымен ғұлама, әулие Мәшһүр Жүсіпке арналған кесенені жақсы жөбамен салу мәселесі шешіліп, қолға алынды. Тиісті қаражат бөлінді. Бұл мәселені одан әрі облыс әкімі Қайрат Нұрпейісов жалғастырып, кесенені салу мәселесін аяқтауға күш салды. Бұл мәселе жөнінде Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Ерлан Арынның белсене кіріскен еңбегін атап айтуымыз керек.

1981 жылы совхозда жаңа мәдениет үйі салынып бітуіне байланысты, совхоз директоры Мұрат Рахметовтың ұсынысымен және оның тікелей белсене араласуының нәтижесінде мәдениет үйінің ішінен Мәшһүр Жүсіпке арналған бөлме бөлініп, мектептегі мұражай сонда көшіріліп, жеке мұражай ашылды. Оны жабдықтап реттеуге совхоз әкімшілігі үлкен қолғабыс етті. Мәдениет үйінде орналасқан мұражайда жаңа экспонаттармен толықтыра түсуде облыстық мәдениет басқармасының мамандары келіп үлкен көмек көрсетті. Бұл көмек сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының бастығы Балтабай Сейсембаетың тарапынан жасалып еді.

Бұған дейін совхоз директоры Мұрат Рахметов Сұлтанмахмұт Торайғыров мұражайын ашуда көп еңбек жасаған мұғалім Амангелді Омаровпен келісіп, совхоз есебінен еңбекақы төлеп, Мәшекең мұражайының жұмысын ұйымдастырған еді.

Мәшекеңнің мұражайын ашуға байланысты есімде қалған жайлар осындай.

Тілқубек Елубаев,
Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер

Өткен күнде белгі бар ма...

1978 жылдың сәуір айының бірі болатын Нұрила апамыз (Мәшекеңнің кіші келіні) таңертең ерте сағат жеті шамасында шаруашылықтың кеңсесіне келді. Сол кездегі Жаңажол кеншарының директоры Рахметов Мұрат Дүйсенбайұлы болатын. Ал мен осы шаруашылықтың партия ұйымының хатшысы едім. Таңертеңгі өтетін директордың планеркасына келіп отырмыз. Амандық-саулықтан кейін Нұрила апай: «Мұрат шырағым, ана Мәшекең атамыздың басы жүдеп-жадап тұр.Соны бір жөндеп, бұрынғы қалпына келтіріп, ауыз үй, төр үй қылып, салғызып берсеңдер қайтеді?» – деп директорға сауал қойды.

Мұрат Дүйсенбайұлы апаны тыңдап алып: « Жарайды, апа, өзіңіз қалай істе деп айтасыз, солай Алла жазса, салдыртып береміз», – деп уәдесін берді. Нұрила апай қуанып, келгендегі мәселесі шешілгенге рахметін, ризашылығын білдіріп, шығып кетті. Таңертеңгі жоспарлау біткен соң, Мұрат Дүйсенбайұлы мені және шаруашылықтың бас прорабы Мағзұмов Зарқын ағайды алып қалды. Содан Нұрила апамыздың сауалын еске алып айтты: « Қандай құрылыс материалдар керек, неден бастаймыз?» – деп отырып, өз сұрағына өзі жауап бергендей болып: «Ең алдымен, салатын мазардың эскиз суретін бір қағазға түсіріп, сызып маған осы жұманың аяғына дейін істеп, әкеліп көрсетіңдер», – деп Мағзұмов Зарқын ағайымызға тапсырыс берді.

Жұманың ақырғы күндері болатын Зарқын ағамыз бір үлкен ақ қағазға салынған сызылған мазардың эскиз суретін көрсетті. Ақылдасып кем-кетік жерлеріне түзету, толықтыру жасап, негізі, дұрыс деп құптап, Мұрат Дүйсенбайұлы Зарқын ағамызға: «Құрылыс бригадасын қойып, іске кірісе беріңдер», – деп тапсырды. Мұрат Дүйсембайұлы сансалалы шаруашылықтың жұмыстарына қарамастан, өзі бастап құрылысты бақылауға алды. Содан екі айға жетпей, Мәшекеңнің мазары салынып бітті. Оған ауыл ақсақалдары қатты қуанып, ризашылықтарын білдіріп, баталарын беріп, бүкіл ауыл болып мәре-сәре болды. Ауылдық кеңестің төрағасы Молшин Жұмағали Ибрайұлы Мәшекеңнің басындағы күлпытасқа Қарағанды қаласынан тапсырыс беріп, істеттіріп әкелініп орнаттырды. Сөйтіп 1978 жылдың жазында, қасиетті де дарынды атамыздың мазары күмбезденіп, ауыз үй, төр үй болып көтеріліп, көркейіп қалды. Нұрила апамыз да, ақ әжеміз де (Шарапиев Төлеубай, Сүйіндіктің шешесі) осы ауылда тұратын туыстары Шарапиев Төлеубай ақсақал, Сүйіндік, Шегендік, Қуандық (ол кезде Семейдің мұғалімдер дайындайтын институтының доценті) шексіз ризашылықтарын білдіріп, шаруашылықтың атына, оның директоры Мұрат Дүйсенбайұлына, бас прораб Мағзұмов Зарқын ағайларға алғыстарын жаудыртып жатты.

Содан 1979 жылы шаруашылықтың мәдениет үйін салатын болып, оның құрылысы мамыр айының басында басталып та кетті. Ол кезде әрбір ауыл шаруашылықтарына үлкен-үлкен өндірісті шаруашылықтарға көмек беру жөнінде облыстық атқару комитетінің шешімімен бекітіп қояды. Біздің шаруашылыққа облыстық «Казсельхозтехника» бекітілген болатын, бастығы Райсих Федор Яковлевич. Осы аты-аталған мекемемен тығыз байланыста бола тұрып, Мұрат Дүйсембайұлының талап-тілегі бойынша аудандағы құрылыс мамыр айында басталып, мәдениет үйі қазан айының 15-і кезінде халыққа қызмет істеуге табыс етілді.

Осы мәдениет үйі салынып жатқанда, ішінде Мәшекең атамызға арналған ені 18, көлденеңі 6 метрлік мұражай бөлмесі болады деп жоспарланған еді.

Ол кезде мұражайды ашу үшін 3000 астам экспонат жиналуы қажет. Сонда ғана мұражай ашуға рұқсат беріледі, жетпесе ашылмайды.

Орта мектеп мұғалімдерінің шәкірттерді ұйымдастыруымен мектептің бір шағын ғана бөлмесінде Мәшекең атамызға арналған бұрыш болатын. Бірақ жиналған заттар, экспонаттары шамалы еді. Содан жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары болып халыққа салынып жатқан мәдениет үйінің ішінен Мәшекең атамызға арналған мұражай ашуға көптеген заттар, экспонаттардың жетпіспейтіні ашық айтылып, көмек сұраған болатынбыз.

Содан көптеген заттар, экспонаттар жан-жақтағы ауылдардан Бірлік, Южный, Торайғыр шаруашылықтарынан келе бастады. Ауыл тұрғындары көптеген заттарды мұражайға деп табыс етті. Сөйтіп мәдениет үйі салынып болғанша, біз 3000 заттар мен экспонатарды жинақтадық.

Сол кездегі облыстық мәдениет саласының бастығы Сейсембеков Балтабай ағамыз да Мәшекең атамызға арналған мұражайға қолдау жасап, көп көмек бергізіп, ат салысты. Мұражайдың жиналған заттарын экспонаттарын рет-ретімен қою үшін, оған облыстан арнайы суретшілерді, қол өнері бар адамдарды, облыстың Потанин атындағы мұражайдың мамандарын жіберіп, 15 күн шамасында ауылда, мәдениет үйінің ішінде жұмыс істетті.

Сөйтіп, мәдениет үйінің ашылу рәсіміне қарсы Мәшекең атамызға арналған мұражай да дайын болды.

Шаруашылықтың мәдениет үйіне және Мәшекең атамызға арналған мұражайдың ашылу рәсіміне облыстан, ауданнан, көршілес ауылдардан арнайы қонақтар шақырылды.

Жергілікті комсомол ұйымы мен мектеп мұғалімдерінің қатысуымен үлкен концерт ұйымдастырылып, артынан арнайы ас берілді.

Мәдениет үйінің және Мәшекең атамызға арналған мұражайда ашылу рәсімінде лентаны қию құрметі алғашқы болып ауданнан келген, ауданның партия комитетінің бюро мүшесі Избастин Жұмабек ақсақалға берілді.

Мәдениет үйін ашылу салтанатына жиналған халық ішін аралап көріп, Мәшекең атамызға арналған мұражайды тамашалап, ауыл-ауылдардан келген ақсақалдар, ақ жаулықты әжелеріміз көздеріне жас алып, мұражайдың ішіне қойылған әрбір заттарды ұстап көріп, атамызға деген сағыныштарын білдіріп жатты. Мұражайды ашылу рәсіміне қатысқан 90-нан асқан Ақ әжеміз риза болғаны соншама – оқалап тіккен шапанды халық алдында Мұрат Дүйсенбайұлының иығына жапты.

Бірақ сол кездегі дінге қарсы саясаттың салдарынан мұражайдың ашылу рәсіміне шақырылған көптеген партия, кеңес қызметкерлері келмей қалды. Әр түрлі сылтаулар айтып, Мәшекеңе арналған шараларға қатысуға қорқып, ат тондарын ала қашты.

Мұражайдың экспонат заттарын жинауға атсалысып, көп еңбек сіңірген Амангелді Омаров ағамыз еді. Ол кісіні Торайғыров шаруашылығында тұрған жерінен Мұрат Дүйсенбайұлы Жаңажол ауылына көшіріп алған болатын.

Ашылған мұражайдағы күнделікті тазалықты сақтауға Қ.Сатпаев атындағы мұражайдан бір штат берілді.

Міне, сол кездегі заманның саясатына қарамастан, әулие атамызға еңбек сіңіріп, құрмет көрсеткен сол кездегі шаруашылықтың директоры Мұрат Дүйсембайұлы Рахметов, шаруашылықтың бас прорабы Мағзұмов Зарқын, облыстың сол кездегі мәдениет саласының бастығы Сейсембеков Балтабай, мұражайға көп жылдары ие болып келген Амангелді Омаров ағаларымыз еді.

Егеменді ел болып, тәуелсіздігімізді қолға алып, ата-дәстүр, салтымызды жандандырып, өлді-өшті деген құнды, қасиетті дүниелерді орнына келтіру адамшылық парызымыз деп білемін.

Түскенов Рамазан Әтікейұлы

Табандылық танытты

Мен 1979 жылы Жаңажол кеңшарының кәсіподақ ұйымының төрағасы болып сайландым. Ол кезде кеңшар директоры Мұрат Дүйсенбайұлы Рахметов болатын. Ол кісі іскер басшы еді. Мені тұрғындардың тұрмыс-тіршілігімен таныстыра келіп, олардың еңбекқор әрі ұйымшыл екенін айтты. Сондай-ақ Мәдениет үйін салу жоспарда тұрғанын, салынған күнде бір бөлмесіне әулие атамыз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына мұражай ашпақ ниетте екенін жеткізді.

Көпшілік талқысына салып едік, олар да қолдады. Содан 1980 жылы Мәдениет үйінің іргетасы қаланды. Оны салуға тұрғын халықта қол үшін берді. Құрылыстың тез бітуіне Рахметов Мұрат мырза мұрындық болып, күні-түні басынан табылып, басшылық жасады. Ол тек кеңесші болмай, өзі де бел шешіп жұмысқа кірісіп кететін еді.

Мәдениет үйінің көремендер залына орындықтар алу Кеңес үкіметі кезінде өте қиын болатын. Сол кезде облыстың Мәдениет Басқармасын Жаңажолдың тумасы Сейсенбеков Балтабай марқұм басқаратын еді. Сол кісінің көмегі көп болды. Рахметов Сейсембековпен тікелей сөйлесіп, қажет орындықтарды алу үшін мені Павлодарға 1,5 айға іссапарға жіберді.

Сол кезде кеңшардың партия ұйымының хатшысы Рамазан Түскенов, ауылдық кеңестің төрағасы Мағзұмов Зарқұм марқұм болатын. Бұл азаматтардың кеңшар директорымен ортақ тілге келіп, шаруашылық жұмысының алға басуына дәнекер болғанын атап айтқан жөн.

Ақыры не керек, Мәдениет үйінің құрылысы да бітті. Алдын ала келісілгендей бір бөлмесін мұражайға бердік. Бөлмеге жартылай киіз үйдің макетін жасап, Мәшекеңнен қалған дүниелерді атап айтқанда ыдыс-аяқ, аит әбзелдері, тағы да басқа жәдігерлерді жинақтап, орналастырдық.

Мұражайдың негізін қалауда А.Омаровтың еңбегі ерекше болды. Мәшекеңнің тікелей туыстарынан тек немересі Шарапиев Төлеубай ақсақал, ол кісінің келіні Пазыл марқұмның бәйбішесі Нұрила апай, Пазылдың баласы Шегендіктер көмек қолын созды. Қалған жұрағаттарынан айтарлықтай көмек болмады.

Ол кез Кеңес Одағының атеистік көзқараста болғандығынан әлі де Мәшекеңді ашық насихаттай алмайтын кезең еді. Соған қарамастан Мұрат Дүйсенбайұлы Рахметовтің табандылық танытқандығы үшін де ризамыз.

Нұртай Теміржанұлы Рақпанов.

Айлық еңбек ақыларын берген еді

Мәдениет үйінің қаражаты банктен алынған ақшаға салынғанымен, М.Ж.Көпеев мұражайына деген қаражатқа, сол кездегі совхоздың маман қызметкерлері басы директоры Рахметов М.Д., партком хатшысы Түскенов Р., жұмысшылар комитеті бастығы Рахпанов Н., аға прораб кейінірек ауыл совет бастығы Мағзұмов З., оған дейінгі а. с. бастығы Молшин Ж., мектеп директоры Хусаинов Т., рабкооп бастығы Бекболатов Бүркіт, ақсақалдар Таев М., Байдилдин Секең, Ахметов Кенжебек, Тілеубаев Тұмарбек, Шохин Қадашор, Шалабаев А., қызметкерлер Кәрібаев Бағдат, Жүсіпов Мадат, Бижанов Оразтай, Байдилдин Қаткен, Исекеев Пшенбай, тағы да мал мамандары бар, көпшілігі жарты айлық, кейбірі толық бір айлық еңбектерін беріп, мал (қой) бергендері де бар. Жиналған ақша іссапарға баратындарға, керек-жарақ экспонаттар жасауға жұмсалды. Осы қаражат мәселесімен шұғылдануды М.Д. Рахметов маған жүктеді.

Сейсембеков Балтабайдың басшылығы көмегімен Аман Омаров қалаға іссапарға барып, экспонаттар жинады. Алматыдан 12 маман шақырылып әкелініп, мәдениет үйінде орналастырылып, олар мұражайға деген көп стендтер, бюст, т.б. планшеттер жасады. Ауыл-ауылдан, ел-елден, мұражайға деген экспонаттар бірсыпыра жиналды. Сол заттардың көпшілігін жинауда Аман Омаровтың еңбегі зор деп білемін.

1977-жылы алматылық ақсақал Ахметов Нағи ағамыз: «Ашпаған есігім, баспаған табалдырығым қалмады», – деп, директорының алдында: «Ал, бала, енді өздерің мойындарыңа алып, мұражай ашуға қалайсыңдар?» –деген еді.

Сол кезде мектептің ішінен бір кішкене бөлме беріліп, директоры Хусаинов Т.Ж., совхоз директоры Рахметов М.Д., парткомы Түскенов Р. Мәшекең атаның атына музей ашты.

Атаның туыстарынан көмек көрсеткендерді де атаймын, олар немересі Төлеубай ата, Сүйіндік, Нұрила әжеміз, Шегендік бауырымыз болды.

Мадин Бүркітбаев
12. 2007 ж.

Өнеге көзі

Кімде болмасын ұрпағының білімді тәлім-тәрбиелі болып өскенін қалайды. Бұл түсінікті де тек тәлім-тәрбиесі кем бала білімді болып жарытпайды. Бұл өмірдің өзі дәлелдеген шындық. Ол білімді де, тәрбиені де жас-жеткіншек отбасында ата-анасынан мектеп мұғалімдерден алатыны белгілі. Бұлармен қабат теледидар, интернет тағы бар. Алғашқы екеуінің балаға жандары ашып қолдарынан келген білімдерін, тәлім-тәрбиелерін беруге тырысары хақ. Тек күнделікті «тәртіпті бол», «сабағыңды оқы» деген насихатын бала есінде ұзақ сақтауы неғайбыл. Тіпті бірте-бірте мезі қылары сөзсіз. Ал соңғы теледидар, интернеттен берілетін хабарлар мен әртүрлі бей әдеп кинофильмдерді тоқтатуға, көрсеттірмеуге ата-ананың да, мектептің де қауқары шамалы. Дегенмен, қауқарсызбыз деп, қол қусырып қарап отыруға және болмас. Не істеу керек?

Ойға «Артық білім кітапта» деген қағида оралады. Аллаға мыңда бір шүкір, қазір жастарды дұрыс жолға бағыттайтын ата-баба дәстүрімен таныстырып, ізгілік нұрын себетін, теріс жолдан сақтандыратын кітаптар баршылық. Солардың бірі, меніңше – Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектері. Оның бала тәрбиесінің бастау көзінде тұрған ата-аналарға, мұғалім, тәрбиешілерге берері көп. Мәселен, Мәшекеңнің «Дауасыз дерт» атты өлеңін оқып көрелікші.

Ағайын барды күндеп көре алмайды,
Жоқ болса жомарттық бере алмайды.
Кәнекей бермегенің сол емес пе,
Білмеген білген тілін неге алмайды.
Екі көз бір-біріне дұшпан болып,
Болса да қандай жақын сене алмайды.
Ұрысса қатын-бала әлдекалай,
Үйіне бір-бірінің ене алмайды.

Осы айтылғандардың өтірігі бар ма? Өмір шындығы бар емес пе? Көреалмаушылық, бірінің сөзіне екіншісі құлақ түрмеу, жақын-жуығына сене алмау, қатын-бала арасындағы сәл кикілжің, ағайындар арасының алшақтауына, тіпті бір-бірінің үйіне кіріп шығудан қалдыратыны екінің бірінің басында бар емес пе.

Ал осындай кикілжің, дау десе, ішкен асын жерге қоятын кәсібінде береке жоқ. Осындай ата-анадан, мұғалім-тәрбиешіден тәлім-тәрбие, білім алған жас ұрпақтың көсегесі көгеруі неғайбыл. Осындай кемшілік, кінәраттан арылудың жолын Мәшекеңнің «Бұлақ көзі» атты өлеңінен аңғаруға болады.

Шығады асыл тастан, өнер жастан,
Тәрбие тәуір болса әуел бастан.
Мысалы ғылым таппақ сен секілді,
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.

Иә, бесіктен белі шықпай жатып тәуір, тыңғылықты жас-жеткіншектің ой-санасының, өмір танымының дұрыс қалыптасып, білім-ғылымға қызуғышылығы оянбақ. Көзі ашылған бұлақтай, туған елін білім нәрімен сусындатып, еліне пайдасын тигізбек. Ал ол үшін бала өсіріп отырған ата-ана да, сол баланы оқытып білім беретін мұғалімдер де бойкүйездіктен арылып, әлемдік асыл ойдан, жауһары жинақталған кітаптан қол үзбей, өзі ғана оқып қоймай, балаларын да оқуға ынталандырса ісімізден нәтиже шығары сөзсіз.

UDC 81’255.2

IDENTIFYING THE THEME OF A LITERARY TEXT

S.M. SAGINAYEVA
senior teacher, S. Toraigyrov PSU, Pavlodar

Identifying the theme of a story is a higher order skill and requires the reader to make an inference. Consequently, some students have a difficult time identifying themes. Because this skill is frequently evaluated on state reading tests, it is important that your students identify themes with reasonable reliability. I find that properly teaching students how to identify themes goes a long way toward meeting this goal.

1. Properly Define Theme: students need to know that theme is the life lesson of a story or the author’s message.

2. Prepare Students To Infer: students need to understand that in most stories (with the exception of fables), **the author will not tell readers what the theme or lesson of the story is.** Readers will have to think about what the characters did wrong or right and what they can learn from the character’s experience.

3. Teach Students To Extract The “Big Idea”: One common mistake that students make when attempting to identify the theme is that they get hung up on the characters or events in the story. They cannot think beyond the small world elements of the story to extract the big world lesson of the theme. I will use the following short story as an example:

Tim hated his old baseball glove. He wanted to play with a new glove, but he didn’t have any money, so he decided to steal it. But when Tim got caught stealing the glove, his parents said he couldn’t play baseball all summer.

A student who understands the concept of theme is likely to give a response like, “The lesson of the story is that if you want something, you should work for it.” A response like this shows that the student is processing the events of the story and extracting a larger idea, one which can be directly applied to someone’s life. **A student who doesn’t understand theme will fixate on story level events.** For example, “Tim shouldn’t steal.” While this response demonstrates comprehension of the text, it doesn’t show higher order thinking. The student is stuck in the small world of the story and needs to take the mental jump to the big world idea. Teaching students to distinguish between the small world of the story and the big world idea will help them to more accurately express their understanding of story themes.

4. Give Students Practice Identifying Themes: While I encourage you to study and discuss themes in each story that you read as a class, immediately after learning about theme, students need a variety of examples with which they can practice.

The following list contains examples of subjects and motifs that appear in popular literature. If you find that one of the subjects below relates to your text, ask yourself what message the author is sending about that subject. This message is a theme. If you have trouble understanding themes or discerning the theme of a book/story you are reading, you may find it useful to consider the following ideas. Is the author saying something about the topics below?

Beauty of simplicity
Capitalism – effect on the individual
Change of power - necessity
Change versus tradition
Chaos and order
Character – destruction, building up
Circle of life
Coming of age
Communication – verbal and nonverbal
Companionship as salvation
Convention and rebellion
Dangers of ignorance
Darkness and light
Death – inevitable or tragedy
Desire to escape
Destruction of beauty
Disillusionment and dreams
Displacement
Empowerment
Emptiness of attaining false dream
Everlasting love
Evils of racism
Facing darkness
Facing reality
Fading beauty
Faith versus doubt
Family – blessing or curse

Fate and free will
Fear of failure
Female roles
Fulfillment
Good versus bad
Greed as downfall
Growing up – pain or pleasure
Hazards of passing judgment
Heartbreak of betrayal
Heroism – real and perceived
Hierarchy in nature
Identity crisis
Illusion of power
Immortality
Individual versus society
Inner versus outer strength
Injustice
Isolation
Isolationism - hazards
Knowledge versus ignorance
Loneliness as destructive force
Losing hope
Loss of innocence
Lost honor
Lost love
Love and sacrifice
Man against nature
Manipulation
Materialism as downfall
Motherhood
Names – power and significance
Nationalism – complications
Nature as beauty
Necessity of work
Oppression of women
Optimism – power or folly
Overcoming – fear, weakness, vice
Patriotism – positive side or complications
Power and corruption
Power of silence
Power of tradition
Power of wealth
Power of words
Pride and downfall
Progress – real or illusion
Quest for discovery
Quest for power
Rebirth
Reunion
Role of men
Role of Religion – virtue or hypocrisy
Role of women
Self – inner and outer
Self-awareness
Self-preservation
Self-reliance
Social mobility
Technology in society – good or bad
Temporary nature of physical beauty
Temptation and destruction
Totalitarianism

Vanity as downfall
Vulnerability of the meek
Vulnerability of the strong
War – glory, necessity, pain, tragedy
Will to survive
Wisdom of experience
Working class struggles
Youth and beauty

To sum up, the theme of a book is a universal idea or message that stretches through an entire story. A theme may show up in a pattern (such as reoccurring examples of beauty in simplicity) or a theme may come through as the result of a build up (tragedy of war). It is often a lesson that we learn about life or people.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР ЖҮСІП ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ САРЫН

Ж.Т. САРБАЛАЕВ
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Е.Ж. САРБАЛАЕВ
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіптің ішкі сырға бай, сыртқы сырға кенен, азаматтық әуені айқын өлеңінің бәрі – 1909 жылы жазылған «Сырға сөз». Ақынның әшкерелейтін нысанасы – надандық. Үміт еткен жұрты, сүйенген елі – соқыр мен саңырау болса, ақын қалай ширықпасын?!

Аспан көк – толған бұлт, жауыны жоқ,
Ақбоз үй есепсіз көп – сауыны жоқ.
Бақша бар: бидай қалып, терек еккен,
Асқабақ, жейтін әрбір қауыны жоқ...
Елуден жасым асты, өзім – бала,
Соқыр мен саңырауға болдым дана.
Тұтанып қай жерімнен от алады,
Бықсумен қар астында жатқан шала.
Алды-арты бұл дүниенің – қараңғы түн,
Үміт бар болар деген бір жарық күн.
Құр босқа текке ай қайлап зорықпайын,
Жаяудан – шаң шықпайды, жалғыздан – үн.

Ақынның айтып отырғаны – ащы да ауыр шындық. Тек көңілге медет етерің – бір үміт бар... Сондықтан қанша қамығып, қиналса да, «бақ құсы басқа қонбай, табанға тапталып», «жұртта жалғыз қалса да», ақын жыр жазудан жалықпайды. «Қаламым қолға алған құстай ұшты; // Сөз емес таусылатын – көзі күшті...». Міне, сол себептен де ол халыққа сөзін ұсынудан танбайды.

Даусы бар тастан аққан бұлақтың да,
Маңыраса үні зарлы лақтың да.
Қалайын, қалсам өзім айдалада,
Болсын да сөзім сырға құлақтыға.

Ақынның анық жақсы жырының бірі – «Табылар мергенге де бұқтырушы»:

Пендесі бір Құдайды білмей ме екен?!
Мінезін Құдай оның көрмей ме екен?!
Шайтандай ең болғанда көп жасасын,
Жоқ болып ақыр бір күн өлмей ме екен.
Пендесі бір Құдайды танымай ма?!
Күнәға ғапу сұрап, налымай ма?!
Пендеден пенде алғанмен –не болады,
Жарылқап Құдай берсе, жарымай ма?!

Ал, құдай беру үшін ақ көңілмен адал еңбек ету керек. Басқа жол, амалдың бірі – ақыретке салсаң, бекер. Ал, адасып, бүгінге бақсаң – «шекер». Мұның аты – надандық, дұрыс жолдан таю, халықты алдап-арбау. Ақын осындай жағымсыз қасиеттерді сынайды да, хақ жолына шақырады. Өткір сынға барады, өзекті өртер өкінішін ортаға салады, дұрыс жолға түсірер ақыл-кеңесін айтады.

Бұл күнде тіл сөйлемес, ақша шешен,
Жүгірем бай жұмсаса – не мен, не сен.
Дүниеге дінін сатқан адамдардан
Алыс жүр, бой суытып аман-есен.

Алтын боп бізге дүние жарқылдайды,
Көп тойған өгіз көті тарқылдайды.
Көрініп көң төбеде жемтік жатса,
Жиылып қарға, тағаң қарқылдайды
Қылады шүкір, сабыр білген адам,
Ашылып жүрек көзі – көрген адам.
Ең алды үлкен байлық – аз күн өмір,
Жатады төрт құлақта өлген адам.

Осылай дей келіп ақынның түйіндері: адамның – қоян, тағдырдың мылтық екендігі.

Уа, дүние, әуреленіп өте шыққан,
Нажасат батпағына бізді жыққан.
Таудағы біз әшейін қоян болдық,
Мергеннен: «Ата ма?» – деп қашып, бұққан.
Алайда тағы да ақын айтқандай:
Табылар мергенге де бұқтырушы,
Гүл шиір жөні жоқ (бір) білгіші.
Айтқанмен қанша кітап, ұға алмадық,
Болмаса Құдай өзі ұқтырушы.

Туындыны талдауды осымен түйіндеуге де болады. Бірақ мысалға келтіріліп отырған шумақтың екінші жолында бунақтың жетімсіздік танытары, бірер сөздің қалып қойғандығы айқын. Түпнұсқа Мәшһүр Жүсіптің өз қолжазбасы болса да, автор қағазға түсіріп отырғанда да жанылысып кетуі мүмкін ғой. Адам өмірде қанша бай, күшті болғанымен, «ақша мен мал» да, алқалаған ағайын, қасындағы халық та ажалдан алып қала алмайды. Осыдан ғибрат ал, тағылым түй дейді ақын.

«Ағашсыз жапырақтың» айтары да ақынның асыл мақсатынан аулақ қонбайды. Бұл жолғы негізгі нысансы – сараңдық пен сақылық. Бірі – нұр болса, екіншісі – қараңғылық, надандық. «Қазақ халқы қорлықта қалғандығын //Көрейін тән ғылымын сараң байдан» деген ол «жас бауырларына алған білімі ет пен қара шайдан аспай қалмауын» тілейді. Сараңдық «тозаққа түсіретінін, сахилық сегіз ұжмақ есігін» ашатынын жыр етеді.

Жомарттық қыл, жақсылық орнын тауып,
Таппасаң – ысыраптан бар үлкен қауіп.
Көңіл қой болар іске, көзіңді сал,
Алаңдап күн өткізбе босқа шауып...
Жаннатта ал сыбағаңды, дүниеде де ал,
Бірі – мал, бірі амалсыз жүрмейді бал.
Тыныштық керек болса бір жаныңа,
Өзіңді ғылым бірлән өнерге сал.

Ақынның бұл өлеңі өмірдің мәнін ұғып, жаман болудан сақтандырып, өмірге икемді, өнерлі болуға үндейтін Шал ақынның тәлімді, дидактикалық өлеңдерімен үндес. Ақын айтқан осы ақылды алып, іске асырған адамның керегесі кеңіп, мерейі асары ақиқат...

Халықтың бар жұмысы – қысыр кеңес,
Бұл ісі артқы жасқа пайда емес.
Ағашсыз көк жапырақ шықпағанда
Әріпсіз қайдан берер ғылым жеміс?!

Ақын бұдан артық қалай бедерлі, бейнелі айтсын? Әріп – ағаш болғанда, көк жапырақ – ғылым жемісі. Ендеше қысыр сөзді жинап қойып, әркім өзін өнер мен білім жолына салса ғана адам жаны тыныштық таппақ. Жарлы емес, жомарт адам ғана жомарттық көрсетіп, орынды жақсылық жасай алмақшы. Демек, есі бар адам Мәшһүр Жүсіптің аса мағыналы сөзіне: «Жаннатта да, мына жарық дүниеде де сыбағаңды ал, мына жарық дүниеде де жақсы адам бол» дегеніне құлақ асуы қажет. Бұдан артық пайдалы ақыл, нұрлы кеңес болуы да қиын ғой. Ғанибеті – ақынның қашанда да алды ашық, айтары айқын. Әрине, сөзім жұртыма жетсін деп астарлай да аңғартады, мысалға да жүгінеді, қасиетті құранның аят-хадистерін де алға тартады. Ең басты мақсаты – жоғарыда айта кеткендей, қазағын қатардан қалдырмау, озық жұрттар ортасына қосу, ел қылу.

ӘОЖ С20 8К1.3

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ СЫНШЫЛ РЕАЛИСТІК ТҰРҒЫДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Р.А. СӘРСЕНБЕК
11 «А» сынып оқушысы, Павлодар қ.
Г.А. ДЮСЕНБИНА
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ғылыми жетекші,
К. Мақпалеев атындағы №4 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Реализм (лат. Relis- заттылық, шындық)- әдебиет пен өнердегі кең қанат жайған, өмір құбылыстарын бар қалпында, нақтылық сипат белгілерін сақтай отырып, жинақтап, тұжырымдап, шыншылдықпен бейнелеуді мақсат ететін көркемдік әдіс. Реализм әдісі суреткерден өмір құбылыстарын, маңызды қоғамдық мәселелерді, күнделікті тұрмыстағы сан алуан жайларды мейлінше кең қамтып, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын терең ашып көрсетуді, қарапайым адамдардың бейнесін сипаттауға жете назар аударуды талап етеді [1].

Социалистік реализмге дейінгі ең прогрессіл әдіс- сыншыл реализм. Сыншыл реализмнің мақсаты ащы шындықты ашып көрсете тұра, капиталистік құрылыстың негізін шайқалтуға қызмет етеді [2].

XX ғасырдың басында әлеуметтік сипаты жоғары «жаңа буын, жас иіс» (С.Торайғыров) кітаптар да жарық көре бастады. Қазақтың демократ ақын-жазушылары: М.Сералин, Т.Жомартбаев, Ә.Тәнірбергенов, Ақмолда Мұхамедияров, Н.Наушабаев, М.Ж.Көпеев, Жаяу Мұса Байжанов т. б. ақындар шығармалары бұған дәлел. Бұл авторлардың дүниетанымының әркелігіне қарамастан, бәрі де алуан дәрежеде ағартушылық реализмнің қазақ әдебиетіндегі негізгі принциптерін қалыптастыруға үлес қосушылар ретінде танылуға тиіс. Олар ғасыр басында жаппай ояна бастаған қазақ шаруаларының оқуға деген ынта-таласын, бұл қасиеттердегі ағартушылыққа және ағартушылық пен реализмнің үштасқан синтетикалық түріне арқау ете суреттеледі [3].

Б.Кенжебаев «XX ғасыр басындағы әдебиет» деген еңбегінде: «Қазақ даласының Россияға қосылуы XIX ғасырдың орта кезінде аяқталды. Осыдан бастап, Қазақстан әкімшілік-басқару жағынан болсын, саяси-шаруашылық жағынан болсын Россияға тәуелді күй кешті. 1905-1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық төңкерістен кейін тың дүниелер жарыққа шықты.

Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализмнің қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды. Сөйтіп, халықты оянуға шақырады:

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,
Айрылмай жақсы менен жаман фарқы.
Өнерге ұмтылайық, оқып жетіліп, мәдениетті, күшті ел болайық:
Білімге жабысайық көңіл қойып,
Ерлердің жұмысына жүрмін тойып...
Өнер, білімге жетілу арқылы теңдік, бостандық аламыз:
Өнерге, ғылым, білім болсаң жерік,
Берілер ақыр бір күн басына ерік,- дейді.

Жалпы алғанда, Мәшһүр өлеңдерінде қазақ халқының жай-күйін, заман жайын дұрыс аңғарады. Соған байланысты халықтың, оқығандардың арманын, міндетін, мақсатын дәл түсінеді, айқын білдіреді.

Мәшһүр заманындағы әл-ахуалға, саяси-әлеуметтік жағдайларға құлақ түріп, соларды байқап отырған. Шығармаларының біразын күнделікті уақиғалар мен мәселелерге байланысты жазған. Солардың өрістеу, аяқталуына қарай ақынның ойы, көзқарасы толқып отырған.

М.Ж.Көпеев ағартушы бағыттағы, артында бірқыдыру құнды мұра қалдырған дарынды журналист ақын» деген. **[3]**

Б.Кенжебаевтың М.Ж. Көпеев шығармашылығына берген биік бағасы ақынның ағартушылық, саяси-әлеуметтік сипатын дәлелдейді. Б.Кенжебаев М.Қараевтың «Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму тарихы» еңбегіндегі Алғысөзде « Реализмнің негізі-нақты өмір шындығы, сол өмір шындығын нақты күйінде көркем етіп бейнелеу. Ол үшін ақын-жазушы озық идея мен көркемдік шеберлікті қиюластыра білуі шарт» деген анықтама береді [4].

Саяси-әлеуметтік лирикаға жататын шығармаларға 1905 жылы 9 қаңтардағы «қанды жексенбіден» басталған 1 орыс төңкерісінен кейін жазылған «Хал ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», « Сарыарқаның кімдікі екендігі» т.б. өлеңдері жатады. Ә.Пазыловтың «1905-1907 жылдардағы Қазақстан және Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы» атты мақаласында өлеңдеріне негіз болған тарихи жағдайға тоқталады.

1905 жылдың жазында қазақ халқының үкіметке наразылығы ұйымдасқан және саяси сипат алды. Қозғалыстың басында ұлттық интеллигенция, оның басты жетекшісі Ә.Бөкейханов тұрды.

1905 жылғы қанды жексенбіден кейін патшалық билік уақытша болса да, елде демократиялық еркіндікті кеңейту, бұқараның пікірін білдіру, халыққа еркін пікір білдіру құқын беруге әрекет ете бастады. Қазақ жұртының қоғамдық-саяси өміріне зор сілкініс туды, мемлекеттік үшін күрес жаңа сипат алды. Бұл Мәшһүр Жүсіптің шығармаларына жаңа мазмұн, жаңа түр әкелгені анық. Халық бостандығын аңсаған ақын көтерілісті қуана қарсы алды, үн қосты. Сол кездегі толқынға белсене араласып, өзінің отты жырларын арнады.

М.Жүсіп Көпеев 1905 жылғы оқиғаға арнап «Қанды жексенбі» деген өлеңін жазып, «Айқап» газетіне жібереді. Бірақ бұл өлең патша жендеттерінің тарапынан сынға алынып, басылмайды. 1905 жылғы революция туралы жазған шығармаларының көбі «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталатын кітабында басылып шыққан. М.Жүсіп аталмыш еңбегінде оқиғаны саяси тұрғыдан өте жақсы сипаттап, жан-жақты суреттей білген.

Патша үкіметінің 1905 жылғы 9 қаңтардағы Петербургте бейбіт шеруді қанға бөктіріп, жазалауы, оның ұлт аймақтары, соның ішінде Қазақстанда да революциялық қозғалыстың басталуына ықпалын тигізді. 1905 жылы қазан айындағы Бүкілресейлік ереуілдің әсерімен Қазақстан қалаларында Шалқарда, Қостанайда, Верныйда, Оралда демонстрациялар «Патша самодержавиясы жойылсын!», «Бостандық жасасын» деген ұрандармен өтті.

Ел ішінде революцияның күшті өрлеуінен қорыққан патша үкіметі қазанның 17-де манифест шығарды, онда халыққа «азаматтықтың мызғымас негіздерін» адамның жеке басының бостандығын уәде етті.

М.Жүсіп Көпеев 1907 жылы Қазан баспасынан «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы», «Хал-ахуал» деген үш кітабы жарыққа шықты. Ақын бұл үш еңбегінде қазақ даласын жайлаған жоқшылық пен теңсіздіктің күштілігін де, себебін де ашып береді, ашына сынайды. Ақынның кітаптарын жарыққа шығарғаны үшін Хусаиновтарға 12 мың сом көлемінде айып салынып, 14 кісіні айыптап, сотқа тартқан.

Ә.Қоңыратбаев: « М.Жүсіптің жоғарғы үш кітабының заңға ілігіп, тартылмауы оны басып шығарған Қазандағы Хусаиновтарға айып салынуы, ақынның қамалушылар тізіміне ұшырап, 1910-1912 жылдары ел ішінде бұғып жүріне мәжбүр болады». Ендігі жерде оның соңына түсіп, ізін аңдығандар көбейеді. Қуғыннан жасырыну мақсатында М.Жүсіп Көпеев қазақ даласының оңтүстік аймақтарына сапарға шығады. **[5]**

Еңбегімнің тәжірибелік бөлігінде «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» өлеңдерінің лингвистикалық-әдеби талдауы арқылы М.Жүсіптің сыншыл реалистік тұрғыдағы шығармаларының поэтикасын, сөз қолданысын, әдеби, лексикалық, грамматикалық сипатын ұсынамын.

«Хал-ахуал» өлеңінің әдеби- лингвистикалық сипаты

Әдеби тегі- лирика, белгілі бір ұйқасқа құрылған, өлеңмен берілген шығарма.

Әдеби жанры- саяси-әлеуметтік лирика, өйткені өмірдегі басты, маңызды проблемаларды алға тартады. Халық ішіндегі әділетсіздік, бұқара халық пен басшылардың арасындағы қарама-қайшылық, ел билеу мәселелері көтеріледі.

Әдеби әдіс- сыншыл реализм, өйткені маңызды қоғамдық мәселелерді, күнделікті тұрмыстағы сан-алуан жайларды мейлінше кең қамтып, әлеуметтік қайшылықтарды терең ашып көрсетеді.

Тақырыбы- халық, халықтың хал-ахуалы.

Идеясы – патша үкіметінің, би-болыстардың қазақ халқына жасаған үстемдігін, халық басына түскен ауыртпалықты шындықпен суреттеу.

Өлең құрылысы- 49 шумақтан, 197 тармақтан тұрады, 11-12 буынды, 3 бунақты қара өлең үйқасына құрылған.

Өлең тілі лексикалық тұрғыдан: Толық мағыналы сөздердің 70 пайызы қазақтың төл сөздері.

Орыс тілінен енген кірме сөздер: «хотқа», «сөтке», «стражник», «газет», «повестка», «штраф», «чиновник», «сбор», «поселкелер», «манифест» т.б.

Араб, парсы тілінен енген сөздер: «хакімдер», «шаһбаздар», «сағадатлу» т.б.

Тұрақты тіркестер: «ауыз салып», «зәрін төгіп, «сорып жатқан», «көз салсын», «аузы жете берер», «арбауына түсірем», «бас көтерер» т.б.

Фразалар: «Әлі жоқ аңқылдама түсер жарға»;

Антонимдер: «ақ-қара», «жақсы-жаман» (сапалық сын есімдер) «жақсылық-жамандық», «ел билеген хакімдер-кедей», «бейшара», сын есімдерді «жарық-қараңғы»

Троп түрлері:

метафора –«теке», «бұқашықтар», «сәурік», «тұйғын», «күшігендер», «қарақұс», «қоңыр қазы» т.б.

Эпитеттер: «ақ-қара», «жақсы-жаман», «жарық-қараңғы» т.б.

Есімше тұлғалы етістіктер: «шашқан», «шамаласқан», «жүдеген», «табаласқан», «қамаласқан», «қашқан», «басқан» т.б.

Теңеу: : «бүркіттей», «тоты құстай», «жыландай», «түлкіше», «қасқырша» үстеуі т.б.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» өлеңінің әдеби- лингвистикалық сипаты

Әдеби тегі- лирика, белгілі бір ұйқасқа құрылған, өлеңмен берілген шығарма.

Әдеби жанры- саяси-әлеуметтік лирика, өйткені өмірдегі басты, маңызды проблемаларды алға тартады. Ресейдің отарлау саясаты, жер мәселесі, сөз бостандығы, медреселер ашу т.б. мәселелер көтеріледі.

Әдеби әдіс- сыншыл реализм, өйткені маңызды қоғамдық мәселелерді, күнделікті тұрмыстағы сан-алуан жайларды мейлінше кең қамтып, әлеуметтік қайшылықтарды терең ашып көрсетеді.

Тақырыбы- саяси-әлеуметтік теңсіздік

Идеясы – патша үкіметінің, би-болыстардың қазақ халқына жасаған үстемдігін, халық басына түскен ауыртпалықты шындықпен суреттеу.

Орыс тілінен енген кірме сөздер: «мұжық», «депутат», «крестьян», «медаль», «манифест», «награда» т.б.

Араб, парсы тілінен енген сөздер: «хакімдер», «шаһбаздар», «мешіт», «молда», «құран» т.б.

Синонимдер: «ұрлық-зорлық, қорлық, қысымшылық»; « ғылым, білім, өнер»; «Тар, сараң»;

Антонимдер: «өтірік-шындық», «ғылым-надандық» , «жақсылық-жамандық», «ел билеген хакімдер-кедей», « ынтымақ-араздық», сын есімдерді «жарық-қараңғы»

Тұрақты тіркестер: «жаза кесілді», «жүрек жарып», «езу тартып», «отқа кірген», «көруге көзіңе арман»

Мақал-мәтел: «Сабыр түбі-сары алтын»

Троп түрлері:

Эпитеттер: «ақ-қара», «жақсы-жаман», «жарық-қараңғы» т.б.

Есімше тұлғалы етістіктер: «көрген» , «тиген» , «білген» , «жатқан», «күйген» , «жиған-терген» , «жылаған» , «иген» , «жазған», «кеткен» , «жиылған» т.б

Теңеу: «бордай», «судай», «таңдай», «күндей», «бұлақтай», «иттей», «тарыдай», «қасқырдай» т.б.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Бұлақ көзі», «Ғибратнама» өлеңдерінің морфологиялық, лингвистикалық сипатын беруде зат есімдер, сын есімдер, етістіктердің грамматикалық тұлғасын зерттеу арқылы идеялық жүк артып тұрған толық мағыналы сөздердің қолдануы ақынның ой берудегі шеберлігін танытады. Идеялық мазмұнын ашудағы деректі зат есімдерді, сапалық сын есімдерді, етістіктің ауыспалы осы шақ, нақ осы шақ, өткен шақ есімше, көсемше тұлғалы түрлерін пайдалану арқылы қоғамдық оқиғаларды баяндайды. Есімдіктің өздік, жіктеу, болымсыздық, сілтеу түрлерін, орыс тілі, араб-парсы тілінен енген сөздерді мол пайдаланғаны да өмірдің қалыпты жағдайын, адамдарға біткен мінез-құлықтарын сипаттауына, өзекті мәселелерді айқын жырлауына негіз болады.

Көркемдік ерекшелігін танытудағы эпитеттердің, метафоралардың, теңеулердің мол пайдалануы автордың тіл қолданысының, образ сомдаудағы шеберлігінің, оқиға желісін сипаттаудағы өзгешелігін көрсетеді. Мақал-мәтел, нақыл сөздерінің де, тілдік қолданыста жиі кездесетін идиомалық тіркестерінің де пайдалануы қазақ жастарына айтқан өсиетінің маңыздылығын, тыңдаушысын табатынын, болашаққа сенімін айқын көрсетеді.

Бай мен кедей образын беруінде де ұлттық өрнек байқалады. Есім сөз таптарының синонимдік, антонимдік мәнді сөздері арқылы адам бойындағы жаман қасиеттерді сынға алады. Синоним, антоним сөздері- өмір шындығын өнерде шынайылау тәсілдерінің бірі. Суреткердің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы-эстетиканың ең негізгі мәселелерінің бірі-халық қамы, ұлт мүддесі.Осы фактілердің барлығы ақынның ащы шындықты қорықпай айтатын, өз көзқарасын сыни мағынада бере алатын реалист ақын екенін дәлелдейді. Сөз қолданысындағы ерекшелігі осының дәлелі болып табылады. Өмірдегі қарама-қайшылықты бере отырып, оның жаман жағын қатал сынға алуы арқылы болашақ жастарды мұндай қателерді жасамайтынына зор сенім білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 З.Қабдолов «Сөз өнері» Алматы «Сонат» 2002ж, 351 б

2 М.Қараев «Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары» Алматы: Мектеп, 1986 жыл, 113-117 бет.

3 Б.Кенжебаев «ХХ ғасыр басындағы әдебиет» Алматы «Білім»1993 жыл, 60-61 бет

4 М.Қараев «Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары» Алматы: Мектеп, 3-5 бет бет.

5 Ә.Пазылов, «1905-1907 ж-дағы Қазақстан және М.Ж. Көпейұлы» «Дала кемеңгері М.Жүсіп- Адамзаттың ұлы ғұламасы» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2 том, Павлодар, 2008 ж, 238-240 бет

6 « Мәшһүр Жүсіп шығармалары», 4-том, Павлодар, 2004 жыл,

ӘОЖ 882.151.212.2

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ НЕГІЗГІ АРНА ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР

А.О. ТОКСАМБАЕВА

ф.ғ.к., доцент, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

Сөз өнеріндегі көркем характер тарихи категория, сонымен қатар макрокатегория қатарына жатады. Ежелгі және қазіргі ғылымда аса өзекті осы мәселеге отандық әдебиеттану ғылымында жеткілікті назар аударылмай келеді. Характерология көркем өнерде жүйелі характерлер жүйесін, яғни типологиясын қарастыратынын ескерсек, онан ғылымдағы орнының ерекше екендігі айқындалар еді. Г. Э. Лессинг өзінің «Гамбург драматургиясы» атты әйгілі еңбегінде «көркем шығарманың сюжеті үшін тек қана характер қасиетті» [1,92б] дегенді бекер айтпаса керек. Сол көркем характердің, характерлер типологиясының ішіндегі өзгеше құндысы – ұлттық характер. Академик Зәки Ахметовтың басшылығымен жарық көрген «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» бұл категорияға мынадай анықтама берілген: «Ұлттық характер – шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі» [2,360б]. Қазіргі таңда орыс әдебиеттану ғылымында бұл мәселеге ерекше назар аударылып, көптеген зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады Көркем әдебиеттегі ұлттық мәселесі міндетті түрде ұлттық характермен(мінезбен) тікелей байланысты екені белгілі.

Бұл бағдарда ғалым-жазушы Мұхтар Мағауиннің шығармашылығын ерекше атап айта аламыз. Дара тұлғаның жалпы шығармашылығы ұлттық бояуының қанықтығымен ерекшеленетінін зерттеушілер де, оқырмандар да талай мәрте атап көрсеткен. Жалпы, ұлттық таным-оның көркем шығармаларының барлығының стиліне тән ерекшелік. Осы пікірімізге бір ғана мысал ретінде жазушының хикаяттарын алатын болсақ, алдымен олардың атауы ғылыми

ақпарат береді. Мәселен, «Тазының өлімі», «Жүйрік», «Жыланды жаз», «Қара қыз», «Бір атаның балалары», «Шипалы арасан», «Қисық ағаш», «Оңғақ» атауларының ұлттық бояуы соншалықты қанық, қазаққа мінезді атаулар. Тұрақты тіркеске айналғандай жанымызға жақын атаулар. «Миллениум», «Космос» сияқты титтей де ұлттық бет-әлпеті жоқ атаулар емес. Көркемдік жүйеде ұсақ нәрсе болмайтынын суреткер осылайша шығарма атаулары арқылы-ақ байқатқан тәрізді. Характер мәселесі өнердің барлық түрінде көрініс табады. Тіпті поэзияның өзінде характер ерекше орын алады. Иосиф Львович Гринберг бұл мәселенің поэзияда да өзекті екенін айтып кеткен: «Характер играет важнейшую роль во всех родах и видах искусства. Он создается и средствами лирической поэзии, но раскрывается здесь не так, как в прозаических и драматических произведениях, дающих подробную характеристику героя и показывающих его в отношениях и связях с различными людьми. Лирика сосредоточивается на изображении помыслов, переживаний и чувств. Каждое из них отражает, как правило, отношение героя не к тому или иному конкретному лицу, а к целому жизненному явлению. Из этих отдельных, запечатленных в слове стремлений, утверждений и отрицаний, глубоких и сильных движений ума и сердца и складывается постепенно целостный, хотя порою и противоречивый образ, постепенно вырисовывается лирический характер» [3,59б].

Қазіргі кезеңде ұлттық характердің негізінде этномәдени құндылықтарға көңіл аудару жағы ғылымда жиі байқалып жүр. Оның себептері көп. Тәуелсіздік алған ел өзінің мәдени құндылықтарын түгендей бастаса, екінші жағынан бұрынғы КСРО құрамынан бөлініп шыққан республикалардың өз ұлттық байлықтары бар екеніне назар аударған әлем олардың табиғатын бар қырынан тануға ұмтылыс жасауда. Осы бағдарда, ғалым әрі суреткер Мұхтар Мағауиннің ғылыми еңбектері мен көркем шығармаларына назардың ерекше ауа бастауы кездейсоқтық емес. Өйткені суреткердің қай шығармасы болмасын этникалық сипатымен ерекшеленеді. Ал, бұл көркем шығармада ерекше маңызды фактор. Оның түп төркіні генезисі эпостық жырларда жатыр. «Қазақ эпосының этникалық сипатын» зерттеген ғалым Тынысбек Қоңыратбай бұл мәселе туралы былай дейді: «Тақырыптың маңыздылығы этникалық танымға ерекше мән беріп, ұлттық сананы қалыптастыру, этномәдени құндылықтарды игеру мақсаттарынан туындайды» [4,3б]. Этникалық таным бүгінгі таңда көп халықтарда қызыл кітапқа жазылатын сирек құбылысқа айналып бара жатқан кезде, Мағауин шығармалары халықтың этнотанымының өзекті мәні іспеттес болды. Сондай үздік шығармасының бірі XX ғасырдың жетпісінші жылдары жазылып, оқырман қауымның жүрегінен орын алған «Қара қыз» хикаяты.

Шығарма өз кезінде жас қауым арасында, әсіресе ғылым саласындағы адамдарға адамгершілік сілкініс әкелген мәдени құндылық ретінде қазақ әдебиетінің тарихына енді. Шығарманың өзегі Қара қыз, ол Айгүл болатын. Ұлт мінезі, ұлттық қасиет деген ұғымдар қаншалықты күрделі, көпқабатты, көпқырлы болса, оның табиғатын ашатын өнердің де тәсіл, стилі сан қырлы. Жазушының «Қара қыз» хикаяты ұлттық қасиеттің, тектіліктің нәзік бейнесі іспеттес. Шығарма құрылымы, композициясы да өзгеше шеберлікпен құрылған. Шығарманың басталуы да эмоциональды тебіреніске толы. Хикаят хатпен басталады. Бұл көркемдік тәсіл. Көркемдік тәсіл болғанда бұл дәстүр қазақ әдебиетінде бұрын да бар болатын. Әсіресе поэзияда қуатты көрініс тапқан. Прозада шебер пайдаланып отырған жазушы Мұхтар Мағауин. Енді осы поэзиядағы жеке жанр «Хат өлеңнің» анықтамасына тоқталып кетейік: «Хат өлең – арнау өлеңнің бір түрі. Қазақ өмірінде өлеңмен хат жазысу ертеден орын алған. Кейін бұл үлгі поэзияға келді. Абайдың «Мен сәлем жазамын» деп басталатын өлеңі Хат өлең үлгісінде берілген. «Жігіт сөзі», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Қыз сөзі» («Қиыстырып мақтайсыз») атты ән өлеңдері де осы дәстүрмен жалғас. Абай Пушкиннің «Евгений Онегин» атты шығармасын қазақ оқырмандарына таныстырмақ болғанда, оның түйінді жерлерін бірнеше хат өлеңдер арқылы жеткізеді. Мысалы, «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», т.б. Хат өлең романдарда (мысалы, «Қамар сұлу», «Мөлдір махаббат»), көркем әңгімеде («Шұғаның белгісі») кездеседі» [6,376б]. Міне осында байқап отырғанымыздай хат көбінесе поэзияда қолданыс тапқан, тіпті кейіннен прозаға енген кездің өзін поэзиялық тілмен берілген екен. Прозалық тілмен соншалықты сәтті пайдаланған Мұхтар Мағауин болды.

Шығармадағы басты кейіпкер Бексейіттің жұбайы Айгүлдің хаты. Москвада жүрген күйеуіне жазылған. Хаттың тұтас бойында тазалық бар. Оқудағы күйеуіне қанатымен су сепкен қарлығаштай болған кішкене ғана қазақтың қара қызы, жүрегі дархан қазақтың кең даласындай. Өзі, баласының көрген қиындығын ойлаған емес, елдің азаматы деп ерін күткен, соған сүйеу болмақ таза жүректің аңсары. Хат соншалықты инабатты. Бойында имандылық бар адал жардың хаты «жолдасыңыз қыдыр болсын, ата-бабаларымыздың аруағы қолдасын» деген жүрекжарды сөздер соның куәсі. Сонымен қатар хат иесінің бойында асқақтық бар: «Хатына қарағанда, кеудең басылып, жабырқап жүрген тәріздісің. Сағынды сындырма», деуі соның айғағы. Аналық жүрек, адал жардың самалы тұтас хаттың бойынан самалдай есіп тұрады. Оқырман соншалықты көткеріңкі көңіл-күймен шығарманы осылай шабыттана бастайды.

Алайда бұл хат Бексейіттің кітаптарын реттеу барысында тауып алған хаты еді. Бексейіт рухани тозған, таптауырын көп ғалымның бірі еді. Тіршілігінде бір бейшара күй бар. Ұлттық қасиетінің бүдірі кеткен, Эрик-Мериктердің ойнасы болған, бүгінде ашық болам деп, таныс болған Гүлжиханнан жасыра тыққан хаты еді. Суреткер кейіпкерлер арқылы ұлттық пен ұлтсыздануды қашанда, өнердегі гармония мен дисгармония деңгейінде қарастырады. Айгүлдің хаты бүкіл ұлы даланың әніндей. «Қара қыз» ұлттық қасиетін, ұлттық мінезін сақтаған қазақ қызына орнатылған ескерткіш десе де болады. Суреткер өз кейіпкерлеріне адал. Айгүлдің асқақ бейнесі бір сәт төмен түспеген күйде бір деммен биіктеген күйінде қалықтап сезіміңді мәңгілік тазалыққа бастайды. Хат арқылы болмысын таныған Айгүлді суреткер әлеуметтік қайшылықты ар үстінде көрсетеді. Сол қайшылық үстінде оның биік тұлғасы тұлғалана бастайды:

«Алғашқы хатынан соң екі айдай хабарсыз жоғалды. Ақыры, күздің сабалақ жаңбырлы, «Горный гигант» жазғы әсем көркінен айрылып, көк жалқын батпаққа айналған сүреңсіз күндердің бірінде қысқа жазылған хаты келді. Жаңа тақырып алғанын айтыпты, ақша сұратыпты. Айгүл жинастырып жүрген болмашы тиын-тебенін сол күні-ақ телеграфпен жіберді. Осыдан бастап Бексейітке ай сайын қаражат салып тұру әдетіне айналды. Жібергенінің аз екенін, жеткіліксізін өзі де біледі, бірақ шара қанша. Бексейіт Мәскеуге жүрерде көршіден алған, көп ұзамай қайтарылуға тиіс мол ақша өз алдына, бірге жұмыс істейтін қыз-келіншектердің талайына қарызданды. «Өлімнен ұят күшті!» - молшылық кезде айтылатын мақал екен, Айгүл жерге кіре қысылғанымен, сұрауға мәжбүр болды. Өзі үшін емес, алыста бейнет шегіп, зарығып жүрген Бексейіт үшін; екі күннің бірінде ауырып қалатын, сәбилік әсем кейіптен айрылған кішкентай Сейітжанның болашағы үшін. Айгүлдің өзінің ашыққаны, тарыққаны, шаршап шалдыққаны есеп емес. Адамның жаны сірі, адам бәріне де шыдайды. Бұл ғажайып төзім, керемет шыдамға қорек беретін нәрсе – үміт сәулесі. [5, 228-229бб].

Жазушының бұл шығармасын қазақ қыздарына орнатылған рухани ескерткіш ретінде қабылдауға болады. Кезінде жас ғалымдардың әлеуметтік проблемасын көтерген шығарма ретінде қабылдаған. Біз шығарманың бұл қырын да теріске шығара алмаймыз. Алайда хикаяттың көтерген жүгі одан ауқымды болатын. Ол адамның ішкі рухани экологиясы. Бексейіттің осынша өзгеруіне не себеп? Шындығында не себеп? Әлеуметтік жағдайының өзгеріске түсуі ме? Әлде, «Қара қыз» шындығында оның теңі емес пе еді? Біз айтар едік, нағыз қасиет сол Айгүлдің жүріп өткен, басып өткен жерінің өзінде деп. Бексейіт рухани азғындап, әлеуметтік статусының өзгеруіне байланысты құбылып отыр. Оның ғылымы сол Қара қыздың қолының күсінен шыққанын ұмытқан. Бірақ Жаратушы да әділ жаза тартқызады. Оның ниетіне асылдың орнына жасықты ұсынады. Жалпы Айгүлдің болмысында ұлттық мінез тұтас көрініс тапқан. Бексейітті өмір бойы құрмет тұтып өтеді. Айгүл өзінің үміт сәулесін өшірмей, азапты күндердің өзінде алаулатып жаға білген тұлға. Бексейіттің берекесіздігін суреткер кейіннен қорғап келгеннен кейін Айгүлмен диалогында айқын көрсеткен. Айгүлдің адамгершілік болмысы әр сөзінен, әр қимылынан көрініп тұрады. Бексейіттің дарақы пайымына сабырлы жауап береді. Ұлттық тәрбиенің көрінісі. Бірақ әйел заты, сүйіктісін қуантайын деген ниеті таяздықпен, ожарлықпен қайтарылған кезде «қайран көңіл басылып» қалады. Енді осы диалогтағы Айгүлдің «өз ақшамыз» деуінде қандай мәдениет жатыр. Бексейіттің берекесіздігін, Айгүлдің сабырлылығын, олардың толық бейнесін ашатын сәтке назар аударайық. Суреткердің шеберлігі сонда, Айгүлдің үндемей тұруы арқылы да оның биік бейнесін аша түседі:

«- Ха-ха-ха!.. – Айгүлдің даусын Бексейіттің қарқылдаған күлкісі көміп кетті. – Мен сенің күйеуіңмін... hm... Прекрасно! Бірақ оған қандай дәлелің бар? А? Айтшы қане? Сен әйел, мені күйеу деп жазған қағаз қайда? «Неке туралы куәлік» деп аталады, естуің бар шығар. Қайда сол куәлік? Көрсетші маған!

Айгүл үндемеді. Сырт айналып, терезенің алдына барып тұрды.

- Әке-шешелеріміздің қолында қандай куәлік болып еді дерсің мүмкін.

- Біліп қой, олардың некесін молда қиятын... Ал біз ше? Ұрсыса кетер деп ойлаған. Дауласар деп ойлаған. Сотқа берем дер, алимент даулаймын дер, ар-ұят жайын, адамгершілік жайын ауызға алар деп күткен. Бірақ Айгүл тіл қатпады. Терезеден далаға қараған беті қимылсыз тұра берді. Қарсы айқай шықпаған соң Бексейіт те басылып қалды. [5, 241б].

Шығарманың көркемдік-эстетикалық қуатының көрініс табар сәтті сәттерінің бірі Бексейіттің осы монологы. Бірақ осы жерде ерекше көрініс тапқан мәселе, Айгүлдің ішкі жалғыздығы. Сенген, жанын берген адамынан тосқан сөзі осы ма еді. Бұл мәселе турасында ғалым Гүлзия Піяралиева былай дейді: «Жалғыздық ішкі монологтың ең негізгі қасиеті екені белгілі. Өйткені адам жалғыз қалғанда ғана ойына, сана ағымына ерік бере алады. Сөйтіп өз-өзімен сөйлесіп кеткенін де сезбей қалады. Бұл өзін-өзі талдау (самоанализ) арқылы кейіпкер бейнесін, характерін ашудағы таптырмайтын тәсіл. Және бұл көбіне оқырманмен персонаж арасындағы дәнекер-делдалсыз яғни реальды автордың «қатысуынсыз» атқарылады» [7,11б]. Бексейіт бейнесінің құлдырауын суреткер дәл басып ашып көрсеткен. Бексейіт өзінің болжауы арқылы Айгүл ананы айтар, мынаны айтар деп өзінің ішкі ласын толық ақтарып, және соның жауабына дайындалып, одан сайын ушықтыруға парықсыз ширығуда еді. Бірақ Айгүлде үн жоқ еді. Бейшаралығын енді ұққан Бексейіт те «басылып қалады». Өйткені оның от басы жайында ұғымы, Айгүлге келтірген дәлелі соншалықты құлдураушылықтың көрінісі болатын. Құлдураушылықтың шарықтау шегі «ұлттық қасиетке» топырақ шашу болатын. Неке жайында бейсауат әңгіме айтып мәңгілік қарғысқа ұшырайды. Жалпы осы шығармада Бексейіттің бойында құлдураушылық басым болса, Айгүлдің бойында асқақтық, қазақ қызына тән таза асқақтық күшті еді. Айгүл осыншама құлдыраған Бексейітке деген өзінің сезім құдіретін өмір бойы биіктен түсірмей о дүниеге тазалықпен аттанады. Бексейіттің парықсыз, ойсыз әңгімесіне үндемеу басқа, сонымен қатар кейіннен шешім қабылдағанда да сөйлемей биіктік танытып кетеді. Оқырман еріксіз есін жиады. Айгүлдің тазалығына, ірілігіне бас иеді. Қайшылықты әңгімеден кейін, үлкен шешімге үндемей келген Айгүлдің қимылын суреткер былай береді:

«Бексейіт лекциядан келсе, үйде Айгүл жоқ екен. Дүкен аралап жүрген болар деген оймен шешініп, төсекке жатты. Әйткенмен, мазасы кетіп, үзік-үзік түс көріп, қайта-қайта оянып, жарытып ұйықтай алмады. Үйде бірдеңе жетіспейтін сияқты. Басына күтпеген ой келіп, орнынан атып тұрып, қабырғадағы үстіне ақ перде жабылған киімілгішті қарады. Өзінің жалғыз плащы ғана тұр екен.

Сылбыр киініп, яслиге барды. «Сейітжанды шешесі алып кетті» - деді Бексейітті мүлде танымайтын тәрбиеші келіншек. Ауылға, біржола аттанған көрінеді» [5, 242б].

Бексейіт ақ құсынан, қара қызынан, аяулы Айгүлден осылай айырылады. Шығармадағы кейіпкерлер өздерінің контрасты қайшылығымен ұлттық характер бояуын қоюлатып кетеді. Жазушы қарсылықты бейнені жағымсыз бейнеде алмайды. Көркемдік-эстетикалық категориялар заңдылықтармен шендестіреді. Бұл суреткердің көркемдік көру қуаты мен ғылыми зерделілігінің үндесуінің нәтижесі деп білеміз.

Хикаяттағы басты кейіпкердің бірі, тіпті бірегейі - Бексейіт. Бексейіттің алғашқы ұлы даладағы ойлары құрық көрмеген асау, биік болатын. Анасы қайтыс болған, соны естіп келе жатыр. Бірақ дала Бексейіттен әлдеқайда тәкәусіз асқақ болатын. Суреткер кейіпкеріне қаратып, даланы суреттей келе былай дейді: «Алыстан қарағанда қотанда иіріліп жатқан ақтылы қойдың онына ұқсас, біріне-бірі сығылыса, иек сүйесе тұрған қырат жоталар жақындап келсең серіппедей созылып, бауырын жазады; енді мүлде басқаша көрініс: көк шалғынды, сұр қияқты ойпаң сайлар, тал, теректі бұлақтар тілгілеген жүлге-жүлге еңіс өлкелер. Кесіп өтсең қайтадан сауыры жалпақ ту жотаға шығасың. Бірақ бұл да жол шеті емес.Әлі жер ортасына да жеткен жоқсың. Жаңа ғана бастадың. Ал, дала кең, шексіз. Дала асқақ. Маңғаз, тәкәппар» [5,205б]. Сол дала рухтандырып Бексейіт айғай салады. Кейіннен өз қылығына өзі ыза болып сынайтыны бар. Бір қараса жанында періштедей қыз тұр. Айгүл еді. Тезек теріп жүрген. Өзін дауыстап шақырды деп ұққан. Сондықтан келген. Таныстық осылай ұлы далада басталған. Сол далада Айгүлін құшағына алған. Аңғалақ ағасы сеп болған. Өйткені жолдан оның машинасына отырып Бексейіт келсе, айналып жаяу Айгүл үйге келеді. Сол сәтте тезек қайда, не тергесің деген Ойбай тәтенің дауысы естіледі. Сонымен дала гүлін Бексейіт қалаға алып кетеді. Осы сәттердің бәрі шынайы суреттелген. Біріншіден, қорғансыз, аңқау қызды далада өзі басынды. Үйге келсе Ойбай тәтесі басынды. Үшіншіден, жыламсырап алып кетуін өтінді. Төртіншіден, Аңғалақ аға тездетті. Бесіншіден қыз қуанышын көреді. Айгүл осылай Бексейітпен астанаға кетіп еді. Бексейіттің бойында бір асаулық бар еді. Тау етегіндегі «Горный гигант» аталған қала шетіндегі аймақта пәтер жалдап тұрып жатқан олардың тау етегіне шығып кететін әдеттері бар еді. Бірде осындай қырат басындағы демалыста Айгүл шошына киіне бастайды. Айгүлді жылан шағып алды ма деп ойлаған. Ол Бексейітке көрші қыратты меңзеді. Онда ескі қазақ зираты екен. Айгүл секем алып қалыпты. Айгүл таудың үстінен қаланы тамашалап, өзінің ішкі шаттығын жасыра алмай:

«- Қандай әдемі, - деді Айгүл де.

Ғаламат! – деді Бексейіт Айгүлді алақанымен иығынан оқыс салып қалып. – Сұмдық! Төменде әсем қала, жоғарыда заңғар тау, қақ ортасында, шырышы бұзылмаған табиғат аясында көне зират. Мұндай тамаша жерге көмілу үшін осы қазір жарық дүниемен қоштасуға әзірмін. Шын айтам... Қара қыз, өлгенде мені қайтсең де осы араға жерле. «Өлгенде мені көміңдер – Қорғанға биік жерімде...» - Қойшы, - деді денесі түршіккен Айгүл. – Қайдағыны айтасың.... Кетейікші... Аруақтардың мазасын алмайық... Жүр, аулақ кетейікші!» [5, 217б]

Осы диалогтың өзінде Айгүлдің адамдық асыл қасиеттері көрініс тапқан. Аруақтардың мазасын алмайық деуімың жылдық тәрбиенің сарқыншағы. Қазақ халқында оған қатысты көптеген ырымдар бар. Аруаққа сенген, желепжебеп жүреді деп ұққан. Бұл салт әлі де бар. Енді осы ұғымға назар аударайық: «Аруақ-Жан денеден бөлек өмір сүреді деген көне ұғымнан туған діни наным бойынша өлген кісінің тіршіліктегі адамдарды желеп-жебеп жүретін жаны (аруағы). …Ертеде ел қорғауға аттанған сарбаздар майданға кіргенде, жекпе-жекке шыққанда немесе намысқа шапқанда руға, алашқа ұран болған аталар Аруақтарына сиынған. Қазақтар зират басынан өтіп бара жатып, алақанын жайып Аруақтарға арнап дұға оқиды, бата жасайды. Басына күн туып, ел-жұртынан ауып бара жатқандар зираттан бір уыс топырақ ала кетеді. Малға індет тигенде зиратқа түнетеді. Бала көтермеген әйелдер, созылмалы сырқаттар Аруақтардан қайыр-шапағат тілеп, басына түнейді» [8,449б]. Айгүлдің аузынан шыққан «Аруақтардың мазасын алмайықшыдан» кейін, «Жүр, аулақ кетейік» деуі осыдан. Атадан балаға беріліп келе жатқан салт-сана. Жоғарыда талдауда көрсеткеніміздей, ата дәстүрді сақтаған Қара қыз бәрін мойымай көтеріп Бексейітке шын сүйеу болады. Алайда асқақ, өзегіне құрт түскен Бексейіт қорғап «кісі» болғанда өзгере бастайды. Соның алғашқы көрінісін жазушы былай бейнелейді:

«Үйге жетпей, банкеттен қайтар жолда-ақ Бексейіт Айгүлге қатты ренжіді. Алақаның ескі көн тулақтай, қолыңды алып құттықтаған елден ұялдым деді. Колхоздан тері-терсек әкелген арбаның үстінен жаңа түскендейсің, үстіңдегі киімің нашар, әрі олпы-солпы деді. Түндіктің желбауы сияқты, шашты өріп, салбырытып қоя берген – ескіліктің қалдығы, шаһарда қаншама уақыт тұрасың, осыны түсінетін уақыт жетті ғой деді. Пышақты оң қолға, шанышқыны сол қолға ұстау керек еді, балықты алай жеу керек еді, күс етін былай жеу керек еді, сен бәрін былықтырдың деді... Басқа да толып жатқан үлкенді-кішілі міндер тақты» [5,236-237бб]. Бексейіттің «кісілік» келбетін түйіндейтін суретті жазушы бір деммен береді, бүкіл «мәдениетінің» кілті осылай ашылады. Оның бар болмысы бірден жиреніш әкеледі. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпастың» кері келеді. Бұл оның бойындағы надандық еді. Надан адам қоғамға зиян, ал оны оқытсаң екі есе зиян әкеледі. Осы философиялық танымды Мұхтар Мағауин терең аша білген. Міне, осы мәселенің нағыз көркем сөз өнері көтеруі керек екенін ғалым Керімбек Сыздықов былай тұжырымдайды: «Әдебиет адам жанын тәрбиелейді дегенде ол оқушыны еңбек озатының, не елден асқан батырдың сыртқы суретін әшекейлеп жалтырату арқылы еліктіре алмайды. Әдебиет қандай адамның болсын, тіпті ол жағымды ма, жоқ жағымсыз ба, күнделікті қарапайым әрекетінің оның ішкі жан дүниесінде қалыптанып, өсіп шыңдалу жолын ашып көрсету арқылы оқушыны да өз жан сезіміне тереңірек үңілуге, байыптай бақылауға тәрбиелейді. Өмірде әрбір құбылыстың сыртқы сыпатын ғана қызықтамай, ішкі сырын ақтара тануға жәрдемдеседі» [9,131 б].

«Лекциясы болса да, болмаса да таңертең ерте тұрып, үлкен сары портфелін сүйрете жөнелді – докторлық диссертацияға кірісіпті. Үйден тамақ ішуді мүлде қойды – асхана, ресторандар бар. Бірте-бірте тым кеш келуді,

бара-бара далада қонып қалуды әдетке айналдырды – жолдас-жораларымен преферанс ойнайтын көрінеді. Ақыры, Алматы жасыл желекке көмілген, адамдардың мейірі тасып, табиғаттың көңілі жадыраған көктем кештерінің бірінде дүкен аралап, азық-түлік сатып алып жүріп, әдеттегіден гөрі бөгеліңкіреп қалған Айгүл қаланың қақ ортасында, «ТЮЗ» кинотеатрының алдында, бөксесі толық, кеудесі тырсылдаған, шымыр денелі, орта бойлы аққұба келіншекпен қолтықтасып бара жатқан Бексейітті көрді» [5,238 б].

Бексейіттен Айгүл кеткелі бақ қатар кетеді. Шығарма көркемдік-философиялық танымымен ерекшеленеді. Автор өзі ұстанған принципке қашан да адал. Оның бейшара күйін Эриктен таяқ жегізу арқылы оқырманның көз алдына әкеледі. Бірақ оған ешкімнің жаны ашымайды, тек жиреніш тудырады.Бұдан өткен қорлық жоқ еді, қайран Айгүлдің қадырын білмеді. Азғынды аяусыз тағдыр жазалаған. Жер болып жерде отырған Бексейіт кейпі. Күнделікті тіршілігі де осыған ұқсас болатын.

Автордың хикаятты түйіндеуі аса күрделі, елдегі Тілеужан ағадан келген хатпен аяқталады.

«Хат иесі біз ескіше ғана қара танитын, оқымаған надан адамбыз. Үшбу хатымда білместікпен артық-ауыс айтқан сөздеріміз болса айып етпессіз. Өсе беріңіз. Өрлей беріңіз. Басқа не қалды айтатын. Хош, хош!!! 1970», [5, 242-243б].

Тілеужанның хатын тебіренбей оқу мүмкін емес. Бүкіл даланың тазалығы сонда тұр. Автордың хатты беру мәнеріндегі өзгешелік қазақ әдебиетіндегі ерекше көркемдік-философиялық құбылыс деп танимыз. Бұл шығарма кең талдаудың, басқа да қырынан қайта-қайта оралып зерттеуді қажет ететін шығарма. Бұл адамның ішіндегі ар мен арсыздықты қатар қойып зерттеген метафоралық –философиялық астары аса қуатты шығарма. Әр заманның ғалымдары, зерттеушілері әр қырынан неше қабат қарастыруы мүмкін. Ең бастысы осы шығармада көрсетілген тағы бір терең проблема кейіпкердің ішкі еркіндігі. Тәуелсіз сана. Бұл қазақ әдебиетіндегі хикаят жанрына Мұхтар Мағауиннің қосқан көркемдік-эстетикалық таным қуаты. Ұлттық характерден ұлттық стиль туындайтынын ескерсек, осы жолда қарымды еңбек еткен суреткер және ғалым Мұхтар Мағауин болып шығады. Ұлттық стиль басқа халықтар шығармаларынан, таным-түсінігінен өзгеше ағым табуы қажет. Ол жөнінде ғалым Александр Николаевич Соколов былай дейді: «Более высокая ступень национального своеобразия – это создание художниками той или иной национальности нового, самобытного стиля, выробатываюшего оригинальную, отличную от искусства других народов художественную закономерность» [10, 193 б].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Лессинг Г. Э., Гамбургская драматургия, М.-Л., – 250 с.

2 Бекниязов Т. Ұлттық характер., – 92 б. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. -Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006, – 398 б.

3 Гринберг. И.Л. Характер в лирике 137-181с. // В книге:Лирическая поэзия.- Москва, Издательство «Советский писатель». 1955. – 225 с.

4 Қоңыратбай Тынысбек. Қазақ эпосының этникалық сипаты. Филол ғылым. докторы. Автореферат. – А: 2002, –50 б.

5 Мағауин Мұхтар. 13 томдық шығ. Жинағы 1том : 2002 ж. –А: Қағанат – ҒМО баспасы.

6 Күмісбаев. Ө. Хат өлең.\\ Кітапта: Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Новосиб, «Талер-Пресс», 2006.

7 Пірәлиева Г. «Ақбілек романындағы» философиялық және психологиялық сипат. 3–12 б. Ізденіс өрнектері. А. 2001.

8 Жүнісов А. Аруақ. 449 бет. \\ Кітапта: «Қазақстан». Ұлттық энциклдопедия. \\ Бас ред. Ә.Нысанбаев. – А: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

9 Сыздықов Қ. Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы. А: «Ғылым», 1973, – 144б.

10 Соколов А. Н. Теория стиля. Издательство «Искусство», М, 1968, 221 с.

УДК 882.151.212.2

ИЗОБРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУРА ЖУСУПА КОПЕЕВА

А.О. ТОКСАМБАЕВА

к.ф.н., доцент, Семипалатинский государственный университет им. Шакарима, г. Семей

Только с приобретением нашей страной независимости отечественные ученые получили возможность исследовать проблемы национального самосознания в творчестве писателей, творивших на рубеже 19–20 веков. Самое главное, и это отрадно, открылась широкая возможность изучения ранее закрытых тем в казахской литературе. Объективную оценку получает творчество таких поэтов как Шакарим Кудайбердиев, Магжан Жумабаев и другие, наследие которых долгие годы было предано забвению.

К тем художникам, чье творчество, на наш взгляд, нуждается во всестороннем исследовании, относится и известный поэт, мыслитель, историк, этнограф, востоковед, собиратель устного народного творчества казахского народа Машхур Жусуп Копеев.

Данная статья ставит своей целью рассмотрение особенностей развития национального самосознания в творчестве М.Ж. Копеева, который, несомненно, занимает достойное место не только в истории литературы, но и казахской общественно – философской мысли рубежа 19 – 20 в.в.

Истоки становления национального самосознания, как известно, находятся в исторической близости и языковом родстве разных народов. Но, рассматривая, например, национальную литературу близких народов – казахов и киргизов - мы наблюдаем, тем не менее, различное воплощение проблемы национального самосознания в творчестве тех или иных писателей. Так, даже широко разрабатываемая тема манкуртизма разрабатывается по – разному такими крупными писателями, как А. Кекильбаев и Ч. Айтматов. Причиной таких расхождений, на наш взгляд, являются особенности национальной психологии. «Психологизм, - как справедливо отмечает исследователь Б. Майтанов, - всегда разнопланов и многосторонен. Он связан с общими принципами художественного метода. Психологизму тесны рамки одного метода и потому он становится частью поэтики писателя…» (1, 4). Поэтому, считаем необходимым обратить особое внимание при исследовании особенностей национального самосознания в лирике М. Ж. Копеева не только на изображение эпохи и общества, в котором живут его герои, но и на специфические черты их мировоззрения, характер устремлений и мечтаний, о чем в свое время писал М.О. Ауэзов (2)

М.Ж. Копеев жил и творил в такое время, когда литература, с одной стороны, испытывала кризис, обусловленный общественно – политической ситуацией в стране, с другой стороны, казахская литература стала приобретать новые черты в связи с появлением талантливых поэтов, певцов, акынов. (3)

На литературно – общественную арену выдвинулась интеллигенция, хорошо знакомая с лучшими образцами восточной, русской, западноевропейской литературы. Это были представители «второй волны» просветительской литературы, получившие хорошее, соответствующее запросам своего времени, образование. В их творчестве отразились различные философские, общественно – политические, идеологические и эстетические поиски, характерные для той эпохи.

Возвращаясь к проблеме важности психологизма в литературном произведении, нельзя не согласиться с наблюдениями исследователя А. Иезуитова, отмечавшего, что «психологизм – результат художественного творчества…выражение и отражение психологии самого автора, его персонажей и, шире–общественной психологии (класса, сословия, социальной группы, эпохи и т.д.), которая в свою очередь раскрывается через личность художника и созданные им образы героев…» (4, 39).

Это становится особенно очевидным, когда мы обращаемся к творчеству М.Ж. Копеева, лирические герои которого отражают национальный дух и национальный характер казахского народа. Представляется важным также определение тех художественных принципов, которых придерживался М.Ж. Копеев в своей лирике, пытаясь поднять вопросы национального самосознания и национального характера.

Для того, чтобы иметь полное представление о психологизме творческого наследия М.Ж. Копеева, необходимо вспомнить слова известного немецкого философа Гегеля, который писал в своей работе «Энциклопедия философских наук. Философия духа»: «…внутренние ощущения бывают, однако двоякого рода. Во - первых, такие, которые касаются моей непосредственной, в каком – либо особом отношении или состоянии находящейся идентичности, - сюда относятся, например, гнев, месть, зависть, стыд, раскаяние. Во – вторых, такие, которые относятся к чему – либо в себе и для себя всеобщему – к праву, нравственности, религии, к прекрасному и истинному…» (5, 118) Эти наблюдения немецкого философа помогают, на наш взгляд, понять глубоко сокровенные мысли и чувства поэта. Так, если рассматривать произведения поэта с этой точки зрения, то в гражданской лирике можно найти строки, отражающие мировоззрение отдельных слоев общества казахского народа:

Коль оступится твой конь,
Не только враги, но и друзья возрадуются…
В этом мире царствуют, увы, злорадство,
Ложь, клевета, вероломство… (6, 4)

(здесь и далее подстрочный перевод)

В приведенном нами отрывке строка «Коль оступится твой конь…» представляется нам этносочетанием, на котором поэт делает особую акцентацию. Используя это сочетание, отражающее повседневное бытование казаха – кочевника, поэт обнаруживает свойственные ему стиль, манеру письма. М.Ж. Копеев нередко рисует простых и беззащитных людей, страдающих из – за жестоких деяний своих соотечественников - власть имущих. Поэт с горечью пишет о негативных качествах казахского общества того времени, которые были порождены царским произволом:

Вокруг - лишь подлецы, соперничающие друг с другом,
Считающие только себя правыми и хорошими…
Завидуя один другому,
Готовы к разжиганию розни… (там же)

Изображая ту социальную группу людей, в чьем поведении он видит негативные свойства национального характера, поэт использует различные метафорические образы и символы. Так, враждующих между собой противников он сравнивает с «рогатыми быками» и «козлами», «необузданными жеребцами», а к тем, кто вызывает у него симпатию, он использует эпитет «хороший». Рисуя враждующих, поэт широко применяет слова «всевать», «ранить», «резаться», «драться», «резня», «битва » и другие, передающие динамику и напряженность классовых раздоров.

В 1907 году в издательстве братьев Хусаиновых вышли поэтические сборники М.Ж. Копеева «Опыт, накопленный жизнью», «Положение» и книга прозы «Кому принадлежит Сарыарка», которые вызвали острую реакцию государства. Это было неудивительно: в стихотворениях «Воздавая должное науке», «О сегодняшнем занятии казахов», «Повсюду я спутницу жизни искал…» и другие поэт затрагивал проблемы социального неравенства, свободы просвещения, свободы слова. Почти весь тираж изъяли, книги были объявлены крамольными, а поэта занесли в список неблагонадежных. Высокий уровень национального самосознания героев произведений, поэтические образы, полные изящества и самобытности, философско – дидактический характер размышлений автора - вот, что было свойственно его книгам, написанным на пороге 20 столетия.

По мысли академика Д.С.Лихачев: « Человек всегда составляет центральный объект литературного творчества. В соотношении с изображением человека находится и все остальное: не только изображение социальной действительности, быта, но также природы, исторической изменяемости мира и т.д. В тесном контакте с тем, как изображается человек, находятся и все художественные средства, применяемые писателем…» (7, 3). Эти слова Д.С. Лихачева помогают понять истинный характер и социальную направленность произведений М. Ж. Копеева.

Казахстанский ученый Т. Журтбай (8), говоря о необходимости исследований нравственных корней национального самосознания, вспоминает русского философа П. Я. Чаадаева, который еще в начале 19 столетия остро поставил вопрос об особенностях исторического развития России и западной Европы, о русском национальном самосознании, осмысливая эти проблемы с позиций религиозной философии. Давая высокую оценку западной цивилизации, отмечая ее высокие достижения в образовании, науке, технике и литературе, П. Я. Чаадаев с сожалением и пессимизмом писал о том, что Россия якобы «заблудилась на Земле», осталась в стороне от «общественного движения». С горечью русский философ отмечал: «Стоя как бы вне времени, мы не были затронуты всемирным воспитанием человеческого рода и оказались в тупике истории, не создав своей цивилизации…». Заметим, что позже Чаадаев, однако, стал критически относится к западной цивилизации, и у него постепенно формируется убежденность в способности России выполнить особую роль – «дать миру какой – то важный урок» и разрешить наиболее острые проблемы человечества. П.Я.Чаадаев настаивал на необходимости тщательного исследования всех исторических событий, осмысливая их не только с позиций национального видения и национального самосознания, но и сквозь призму времени : «…итак, вот наше правило: будем размышлять о фактах, которые нам известны, и постараемся держать в уме больше живых образов, чем мертвого материала». (9, 255)

Знакомясь с различными правительственными директивами, публиковавшимися в газетах «Туркестанская газета», «Степная газета» и других печатных органах, М.Ж. Копеев видел, что периодическая печать тех лет не могла отразить всех фактов многочисленных страданий и бедствий казахского народа. Ему оставалось одно – писать об этом в своих художественных произведениях. Исследователи М. Мырзахметов (10), М. Магауин (11) и ряд других историков литературы указывают на то, что М.Ж. Копеев с сожалением и горечью констатирует наличие у простого народа устойчивой мечты об «идеальном белом царе», который может решить все их проблемы. Поэт пытается обратить внимание на то, что эти мечты призрачны:

Говорящего о пользе для народа
Власть имущие могут забросать камнями…
До каких пор приспешники России
Будут драть кожу с нас, как с баранов?! (6, 5)

Насыщенный эмоциональный фон, сравнение унижения народа с процессом забоя скота должны были, по мысли художника, вызвать у читателей соответствующее возмущение.

В гражданской лирике М.Ж. Копеева мы часто находим следующие метафорические сравнения: белый царь – чабан, народ – послушное стадо баранов. Постоянное обращение поэта к подобным сравнениям вызвано его стремлением быть более понятным простому народу, его мировосприятию. Подобные сравнения усиливают индивидуальный поэтический стиль лирики М.Ж. Копеева, делают его самобытным, неповторимым.

Художник ясно понимал, что национальное самосознание казахского народа, с его богатой культурной традицией, отраженной в лучших образцах устного народного творчества, не достаточно полно осмыслено даже яркими современниками, не говоря уже о представителях другой культуры, другого народа. Он как бы вторил размышлениям своего соотечественника - известного ученого, путешественника, этнографа Ч.Валиханова, который несколькими десятками лет раньше, ощущая беззащитность и беспомощность степной культуры перед городской цивилизацией, писал: «В Европе до сих пор господствует ложное понятие, представляющее кочевые племена в виде свирепых орд и беспорядочных дикарей…Но степной ордынец имеет свои изустные сказания и стоит морально, по своим умственным способностям, гораздо выше оседлого простолюдина…Так не лучше ли было оставить казахов так, как они были прежде? Природные их таланты – устойчивость, живой ум – в своей деятельности находят гранитный оплот в вере…» (12, 132)

М.Ж. Копеев, стремясь сохранить и донести до читателей богатство художественной выразительности казахского языка, широко использует известные поэтические приемы в своих произведениях. Академик З.Ахметов подчеркивал, что «…такие средства, как метафора (ассоциация по сходству), метонимия (переименование), аллегория (иносказание), гипербола (художественное преувеличение), литота (художественное преуменьшение), олицетворение (перенесение человеческих чувств, мысли, речи на неодушевленные предметы и явления), ирония (тонкая, скрытая насмешка) и другие, широко бытовавшие в казахском устном народном творчестве, получали новое преломление в произведениях певцов и акынов (13, 34). Очень часто поэты прибегали к иносказанию, как

художественному приему, позволяющему передать в форме загадки их боль и тревогу, намек на надвигающиеся общественно – социальные и политические катаклизмы. Так, известный певец – жырау 15 века Асан кайгы (Асан Печальный), который являлся советником одного из основателей Казахского ханства – хана Джанибека, в форме загадки предостерегает хана:

Поверь, Джанибек,
Наступит такое время,
Когда речная щука
Сможет подняться выше верхушек карагача… (2, 24)

К этой же метафорической форме иносказания прибегает прославленный Бухар – жырау, которого современники называли прорицателем, а его дар поэтической импровизации - вещим. В годы сверхвысокого напряжения и жестоких испытаний для казахского народа певец предрекал:

С запада явится нечестивый,
Бородатый, волосатый иноверец… (14,203)

Подобную форму использования скрытого намека использует и М.Ж.Копеев, рисуя социальные и политические злодеяния Советской власти:

Народ видит – Бог видит:
Круглый год, ежедневно - потери.
Рабы испытывают лишь горечь страданий
Но Всевышний накажет виновных…(15, 81-82)

Поэт предвидит, что, в конце концов, правительство страны, не заботящееся о нуждах своего народа, ждет неминуемая кара. В этом мы также усматриваем продолжение традиций Асана Кайгы и Бухара - жырау, которые в своих песнях раскрывали людям будущее.

Только сегодня мы можем констатировать, что в казахской литературе рубежа 20 -21 вв. наряду с поэтами, воспевавшими в угоду советской власти тоталитарный режим, жили и творили художники, которые оставались приверженцами своих убеждений, писали правду о злодеяниях современников.

Сложившееся в казахской степи на протяжении нескольких веков смешение культур и верований наложило определенное влияние не только на литературу, но и на дальнейшее развитие национального самосознания.

Известный общественный деятель И. Тасмагамбетов в своем предисловии к книге Т.Султанова «Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз–хана» отмечает: «Проблема формирования исторического самосознания является комплексной и требует совместных усилий писателей, журналистов, политических деятелей и особенно ученых – того мощного пласта неординарных людей, которые обладают масштабным мышлением, научным складом ума и способностью просчитывать на много ходов вперед динамику социально – политических процессов. Нужны исследования по философии истории, социальной мысли. В стремлении пропустить факты через социальную мысль, подвергнуть их теоретическому анализу и реализуется социальное мышление ученого, важнейшая задача которого сегодня – дать объективный анализ допущенных в прежние годы искажений исторических фактов. А это невозможно без обращения к опыту мировой исторической мысли, к концептуальным направлениям в дореволюционном и послереволюционном российском и казахстанском отечественном историознании, без активного развития восточного источниковедения и восточной историософии (16, 8).

Сегодня, как никогда, остро стоит вопрос о необходимости скрупулезного изучения национального самосознания сквозь призму проблем развития религии ислама, восточной культуры, литературы.

Объектом пристального изучения историков, культурологов, философов, литературоведов должно стать творчество художников, тематика произведений которых тесно связана с религиозными и духовными поисками.

Исследователь Жармаганбетов, говоря о творческой деятельности таких поэтов как М.Ж. Копеев, М. Сералин и другие, боровшихся за социальное равноправие, выступавших против колониальной политики царизма и капиталистической эксплуатации, отмечает, что они « своими произведениями способствовали дальнейшему развитию национальной литературы и национального самосознания…» (17, 15)

Известно, что путь становления национального самосознания не был однозначным, являл собой сложный и длительный процесс. Ход его тормозился условиями колониального режима, дискриминационной политикой царизма в отношении покоренных народов.

Несмотря на то, что в современной отечественной науке появился ряд серьезных работ, посвященных исторической и духовной основе бытия казахского народа, в частности, на материале литературы к.19 – н. 20 в.в. (См.: С. Сутжан (18), Г. Жусупова (19), Е. Жусупов (20), проблемы дальнейшего развития национального самосознания , политической и общественно – философской мысли все еще требуют пристального внимания и исследования.

ЛИТЕРАТУРА

1 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы, –Алматы, «Санат» 1996,336 б.
2 Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы,1991,221 б.
3 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет, – Астана : «Фолиант», 2002
4 Иезуитов А. Проблема психологизма в эстетике и литературе // Проблема психологизма в советской литературе.-Л.: наука,1970

5 Гегель Г. Энциклопедия философских наук. Философия духа-М.,Мысль,1977
6 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004,535 б.
7 Лихачев Д.С. Человек в литературе Древней Руси. М.Изд –во «Наука» 1970. – «.ұ с.
8 Жұртбай Т.
9 Чаадаев П. Я. Жизнь и мышление. СПб.,1908
10 Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды Алматы, 1993. – 128 б.
11 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, 1994,192 б.
12 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. Алматы,1985,560 б.
13 Ахметов З. Поэзия шыны – даналық , Астана : «Фолиант», 2002. –408 б.
14 Ай,заман-ай,заман-ай... (Бес ғасыр жырдайды). Құр.: М. Мағауин, М. Байділдаев, Алматы,1991,380 б.
15 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том Павлодар қ. «ЭКО» ҒӨФ, 2004, 535 б.
16 Султанов Т.Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз – хана. – Алматы: – Дайк – Пресс, 2001. – 276 (Казахстанские исследования по востоковедению)
17 Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі., Қазақ ССР ҒА баспасы. Алматы., 1948
18 Сүтжан С. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы:ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты
19 Жүсіпова Г. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің дастандары: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты
20 Жүсіпов Е. . Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларындағы шығыс әдеби дәстүрі: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕОНИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИФТІК ЛЕКСИКА (СЕГІЗІНШІ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Т.Ш. БӘЛКЕН
магистрант
Ш.Ж. ТРУШЕВА
ғылыми дәрежедегі магистр, ПМПИ, Павлодар қ.

«Пайғамбарға жәбірейілдің жеті тозақты баян қылғаны» – елуінші бап. Діни лирикалық шығарма. Баптар бірінің артынан бірі бірнеше жыл жазылған болуы керек. Өлең 4 тармақты, 15 шумақты. Өлеңнің жалпы жанрын анықтау қиындау, себебі өлеңнің мәні мазмұнында миф те, аңыз да, антик (идиллия) әдебиетте кездесетін парықсыздау, адамды өмірден түңілдіріп жіберетін суреттеу де ұшырасады. Бірақ, бұл қандай жағдайдағы түңілдіру, мысалы: арақ ішкіш, маскүнем, күнәһар, құдайдың ілімдерін мойындамайтын адамдарға ғана қатысты. Бұл суреттеу оларды жаман әрекеттен бойын аулақ салсын дегендіктен ғана болса керек. Мәшһүр-Жүсіптің дінді, ислам мәдениетін насихаттауы бір кезеңде дұрыс болмаған. Мысалы, Кеңес дәуірі кезеңінде. Ол уақытта бұндай әдебиеттерді оқу мүмкін болмады, қазіргі уақытта жас-өспірімдерді тәриелеу үшін маңызы зор екендігі айқындала бастағаны да шындық. Сондықтан да, «Жеті тозақ баяны» әдебиеттің төрінен өзінің орнын алу керек сияқты. Ислам әдебиеті де қазіргі оқып жүрген әдебиет сияқты әдебиет. Бірақ та, бір жағы оқырманға түсініксіздеу болып көрінетіні де рас. Айталық, бұ дүние – фәни, о дүние – бақи, жұмақ, тозақ, тамұқ деген сияқты ұғымдар санаға шынында да ауыр тиеді. Бұл түсінікті де, себебі Кеңес дәуірінен кейінгі қалған ұрпақ тұтастай діни сауаты жоқ, қараңғы болып өсті. Еліміз егемендігін алғаннан соң, ислам діні Қазақстанда жандана бастады. Өз алдына дербес теология ғылымы бой көтерді. Дегенмен, мемлекеттік құрылым мен діни құрылымның арасы әлі біріккен жоқ, өз алдарына дербес өмір сүруде. Себебі, біздің мемлекет ислам мемлекеті емес, зайырлы мемлекет. Сондықтан да, діни әдебиеттегі түсінікке ауыр ұғымдар, басқа өлшеммен, басқа ұғыммен жазылған да, діни сауаты терең адамдарға тез ұғынылады да, бергі кеңес дәуірінің ілімімен суғарылған адамдарға аңыз, оқиғалар өтірік сияқты болып көрінетіні сондықтан. Ал, болашақта уақыт өте келе ислам ілімімен суғарылған ұрпаққа бұндай маңызы жоғары әдебиеттер іздесе, таптырмайтын болады. Мінекей, біздің мақсатымыз да болашақ үшін жұмыс істеу. Солар үшін Мәшһүр-Жүсіптің шығармаларын әліміз жеткенше талдап, зерттеп ұрпаққа жеткізу болып табылады. Сонымен, өлеңнің қысқаша мәні мынада: Тозақтың саны жетеу. Тозақтың ішінде от жанып жатады, ол отты әр мың жыл сайын өшірмей жағып отырады екен. Оттың ішіндегі шаян, жыландар жанбайды, тек қана мойындары ғана күйіп қалады. Оттың ішіндегі ғазаптың періштесі аты – Забанилар ешкімді аямайды, рақымшылық қылмайды, ақырғанда жыландар шығады. Күнәһарларды сол отқа тастап, өшін алады. Ғасырлар (адамдар күнаһарлар) тамұқтың періштелеріне Мәлікке, Паруардігерге қашан шығарасыңдар мына оттан деп жалынады екен. Олар оттан шыққанмен сөйлей алмайтын болады, тек қана бақыра береді екен. Мінекей, теріс, жаман қылық жасағандар осылай тозақтың отына күйеді екен. Өлеңнің ішінде көркемдегіш құралдар да бар: ***Ішіне бір мың жылдай отын жақты, Ұшқыны таудай болып қызған соң, Кетпейді қырық жылғыша оның***

заһары, Екі жаурынның арасы бір жылдық жол, Башмақтың ыстығы өткен зардабынан, Тұрады төбесінен миы қайнап – градация, ***Балқыды аппақ болып, қорғасындай*** – теңеу т.б. кездеседі. Иманғали Мәнен қолжазбасынан 2-папка, 126-149 беттерінен алынған [1, б.244-246, 363].

«Жеті тозақ баяны» – бесінші бап. Діни лирика. 4 тармақты, 14 шумақтан тұрады. Бақи дүниеге, бұ фани дүниедегі адамдардың күнәлөрі үшін күйетін жеті тозақ қандай екендігі туралы. Демек, берер тағылымы да, тәрбиелік мәні де орасан зор. Мүмкін осы – «Жеті тозақты» оқып, адамдар жаманшылық жасаудан, зорлық-зомбылықтан, жезөкшеліктен, парақорлықтан, нашақорлық пен ішімдіктен арылатын болар. Шығарма бірінші рет зерттеу нысанына ілікті. Ислам тарихына қосар үлесі де зор. Шығарманың көркемдік мазмұны мен мәні де өте жоғары. Тозақтың саны да жетеу. Оны Алла Тағаланың өзі ойлап тапты. Өйткені, адамдарды теріс жолдан тайдырудың емі табылмады. Өздерінің айтқанын ғана істейтін болды. О заманда да адамдар тым азып, бірін-бірі қайрымдылық жасауды тоқтатты. Оттан да, соттан да қорықпайтын болды. Оларды жаман қылықтан тоқтатудың бірақ жолы болды. «Жеті тозақтың» мәні мен мазмұнын айтып беру болды. Сонда ғана адамдар оқып, біліп, бір қорытындыға келер деді. Шығарманы Мәшһүр-Жүсіп те осы мақсатта жазды. Бұл өлеңнің қазірде жас ұрпақты тәрбиелеуде мәні өте жоғары, өзінің ғасыры өтсе де құндылығын жойған жоқ. Шығарманың кейбір құндылықтары «Құран Кәрім» қағидаларымен сәйкес келеді. Өлеңнің мазмұны мынадай: Жеті тозақ: Жаһаннам, Жаһим, Сақыр, Сижжил, Һадилазат, Хатм, Тамұқ. Тамұқтың өзінің сипаты бар: шұқыр бар, аты – Палақ, бір тау бар, аты – Уайл, оның ішінде жетпіс жүз мың көше бар, әр көшеде жетпіс мың үй бар, бәрі оттан жаратылған. Мінекей, теріс жолдағы кісі осы тамұқтың отына күйеді. Тамұқ дегеннің сипаты осындай. Әркім осыдан кейін өзіндік қорытынды шығару керек. Өлеңде: ***от жанып, қайнатады адамзатты, отыны адам мен тас, тамұқтың тереңдігі сондай алыс, мың жылда тастаған тас жетпейді, тез екен қыздырмағы пороходтан, қайнайды оған кірген жанның соры, сол жылланың бір демі шықса титтей, бұл дүние бір сағатта кетер жанып*** – градация; ***темір арқан болғанда, темір кебіс, темір белбеу, темір тон – бірі оттан*** – метафора көптеп кездеседі. Осының өзі-ақ шығарманың көркемдік қуатын көрсетсе керек. Иманғали Мәнәнов 2-папка, 9-46 беттер, «Жер мен көк» – деген атпен жеке дастан ретінде қарастырған Жолмұрат Жүсіпұлы 3-папка, 4-жіктелім, 2-34 беттер [1, 111-113, 357-359 б.].

«Жеті қат көк баяны» – алтыншы бап. Жалпы бұлардың бәрі жетпіс баптан тұрады. Егер бірінші бапты Мәшһүр-Жүсіп 21 жасында жазса, 1879 жылы болады. Онда Мәшһүр-Жүсіп қалған баптарын 1910 жылдар арасында жазған болып шығады. Төрт тармақты, 12 шумақтан тұрады. Тақырыбы ислам мәдениетін насихаттау. «Құранда» жазылған жердің пайда болуын ғалымдар ғылыми тұрғыда дәлелдеді, өздері қайран қалды. Мәшһүр-Жүсіп тек қана дінді білмеген, физиканы, химияны да өте жақсы меңгерген. Сол білгенін өлеңге қосып жазған. Мысалы, жер бетін су қаптап жатты, одан кейін маңайы буға толды, бу көкке ұшып бұлт пайда болды дейді. Осы айтылғанның бәрі де физикалық заңдылыққа сияды. Жер тозаңнан пайда болғанын ғылым жоққа шығармайды. Және жер балшықтан, балшық судан пайда болғаны да осы өлеңде айтылады. Адамның өзі топырақтан өсіп, өнгені де шындық екенін ғалымдар зерттеп, көздері жете бастады. Жерді ерте заманда топан су қаптағаны әркез «Құранда», әдебиеттерде айтылып жүр. Оның дәлелі Нұқ пайғамбардың кемесі болғаны жөніндегі баян. «*Қазығұртта кеме қалған, Әулие болмаса ол неге қалған*» – деген сөз тегіннен-тегін айтыла салмайды. Жердің жеті қат екендігіне де ғалымдар көздері жетіп қайран қалды. Көктің жаратылысы туралы ақын әуелі – көкті Зібіржаттан жаратты, екінші – көкті жақұттан қылды, үшінші – көктің атын Мағун қойды, төртінші – Арықлұн деп атады, бесінші – Заниқа, алтыншы – ақ інжуден жаратылды аты – Рафық, жетінші көк қып-қызыл алтыннан жаратылды атын – Ғарифа қойды. Әр көк жеті есікшіні қойған олар: Исмағұл, Михайл, Сағдайыл, Калкайіл, Салсайын, Самайыл, Рафайыл. Бәрінен де жеке биік орыны бар, ол Жәбірейіл періште екен. Жәбірейіл көктегі көк ағашты аты – Мынтаһаны мекен қылып, аузында «Әліф, лим, иасин таһа» деген аят болған. Міне, өлеңнің қысқаша мазмұны осындай. Дегенмен, қысқа болса да өте көп мәлімет алуға болатыны көрініп тұр [1, 113-114 б.].

«Жеті қат жердің баяны» – жетінші бап. Өлең 4 тармақты, 10 шумақты, діни лирикаға жатады. Бұл өлеңнің де тақырыбы алдыңғы баптарға ұқсас. Тек қана айырмашылығы «жеті қат жер» туралы баяндалады. Жеті қат көк сияқты әр жеті қат жердің аттары бар. Олар: бірінші – аты Дамка онда хакім Рих тұрған, жетпіс мың арқаны бар Мәлік ие болған. Екінші жердің аты – Халдетұрұр. Ол туралы «Мұхамедия» кітабынан да оқуға болады екен. Үшінші жердің аты – Ғарқа, онда шаян мен үш жүз алпыс Заһар күнін көреді. Төртінші – жердің аты – Жырба, онда көбіне айдаһар және аяқ, қолы жоқ халық мекендейді екен. Бесінші жердің аты – Малша. Алтыншы жердің аты – Шахынайдос. Жетінші жердің аты – Ғажба. Әр жердің мекендейтін жандары бар, әр жердің өзінің әдеті бар. Алтыншы жердің халқы көбіне Құдайға құлшылық қылады екен. Осылай, ақын әр жердің қасиетін жырлап өткен. Жердің қасиеттерін өлеңіне арқау қылған. Бұл өлеңде физика, химияға байланысты да мәселелер қозғалады [1, 114-115 б.].

«Арақ ішушілердің қабірден тұрғаны» – алпыс алтыншы бап. Төрт тармақты, төрт шумақты өлең. Лирикалық жанрға жатады. Негізгі тақырыбы күні бүгінге дейін өзекті арақ ішуді тоқтату. Араққа қарсы үгіт насихат. Мұсылмандардың арақ ішуге болмайтыны жөнінде айтылады. Мысалы:

Қабірден тұрар – дейді – арақ ішкен,
Салбырап барлық тілі жерге түскен.
Жүзі қара, көздері шағыр болған,
Исі сасық болар өлекседен

– дейді ақын. Өлеңде жағымсыз эмоциональды-экспрессивті лексикалар ұшырасады: жүзі қара, көздері шағыр, исі сасық болар өлекседен, тілі салақтап, қанды ірің, аузынан сарысу ағып, көзі алақтап, тілі жалақтап – бұлардың кейбірі тұрақты тіркестерге де жатады. Аузына тілі симайды, тілі жерге түскен – фразеологиялық гипербола, байланған бөтелке бар мойынында, ұстаған рюмка бар қолында – метонимия [1, 340 б.].

«Зұман періштенің сұрауы» – отыз сегізінші бап. 4 тараудан, 47 шумақтан тұрады, діни лирика. Көтерген тақырыбы Мүңкір және Нәңкір т.б. періштелердің сұрағы. О дүниеге барар жолындағы адамның есебі, жақсылығы т.б. сөз болады. Шығарманың құндылығы оның – имандылыққа, ислам мәдениетіне мұсылмандарды тәрбиелеу, ислам дінінің қасиеттерін насихаттау. Білімге, ғылымға, ілімге шақыру т.б. Шығарманың мәні мен мазмұны Мұхаммед пайғамбардың өсиеттеріне құрылған. Құдайдан қорықпай күнә қылғандардың жауабы олардың өлер алдындағы кейпі суреттеледі. Діни өлеңнің көркемдік ерекшелігі де, қолданылған сөздері де әдеттегі күнделікті қолданыстағы қарапайым сөздерден өзгеше келеді. Мазмұны да ұғымға ауыр, ол үшін оқып, білу аздық етеді. Өлеңдегі әр сөзді ұғыну үшін діни сауатты да болуы керек. Мысалы: *ақырет, періште, кебін, күрзі, махкам, мүһрім, қиямет-қайым, тозақ* т.б. лексика білмеген адамға түсініксіз, мәні мен мазмұны сөздік арқылы ашылады. Өлеңнің ішінде: *ілінер қармағына, ұғлы, дәуіт, сия, қалам, атлы (т), кебіс, қалам, мөр, жүзік, қылғыл дүр* сияқты алуан түрлі сөздер мен сөз тіркестерін, *аузынан оты, даусы күн секілді, жер тіреп екі ернімен* – троптың түрін т.б. ұшыратамыз. Иманғали Мәнәннің қолжазбасы, 2-папка, 72-124 беттері бойынша берілді [1, 214-220, 363 б.]. Жалғасы «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы теонимиялық және мифтік лексика» (тоғызыншы).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 2. – 4-367 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕОНИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИФТІК ЛЕКСИКА (ТОҒЫЗЫНШЫ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Ж. ТРУШЕВА
ғылыми дәрежедегі магистр, ПМПИ, Павлодар қ.

«Ғымалқа жұрты туралы» – эпостың көне түрінің бірі. Аңыз-ертегі жанрына жатады. Шындыққа жанасымды, халық жадында сақталған тарихи оқиғалар тақырыпқа арқау болған. Бұл аңыздың бойында ертегіге лайықты әр алуан қызық, ғажайып оқиғалар да баяндалады. Ертегіге қатысты ойдан шығарып, өсіре әңгімелеу де ұшырасады. Көркемдік жағынан бағалағанда көлемі қысқа, шағын. Сюжеті ықшам, композициясы жинақы, тілі ауызекі, айтуға қолайлы. Оқиғаға қатысатын адамдар да санаулы. Кейіпкерлер толыққанды тұлғаға қатысты іс-әрекетке бара бермейді. Олардың мінез-құлқы бір-ақ қырынан, елеулі ерекшеліктерімен ғана көзге түседі. Мысалы, «Арзымықдасада» отын тұтынған Ғымалқа деген жұрт екен. Олардың басшысы Ғұжбынғиық деген. Оны қазақ Ажымұлық деп айта береді. Оның бойы 3333 кез екен. Өзі 3000 жыл жасапты. Ал басқаларының бойы ұзындығы 800 кез, ең қысқасының бойы 80 кез болған екен. Соғыс басталғанда Ғұжбынғиық батыр бір тауды көтеріп алып, Мұсаның барлық жұртын бастырып өлтіріп тастаймын деп келе жатқанда тау тесіліп мойнына ілініп қалыпты. Сонда өзі бастырылып өледі. Жұрты жалбарынып дұға қылып, ақыры Мұса жауынгерлерінің жолы байланып, қырық жыл тиасхырасында қалады. Аңыз-ертегі осымен бітеді. Бұл да аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1176-папка, 247 б.) бойынша енгізілді. Қараңыз: осы томның 338 бетін [1, 6, 338 б.].

«Жеке бір деректер»: «сахабалар және қазақ тарихы деректері» – деп аталады. Үшінші нұсқасы, бес бөліктен тұрады. **Бірінші бөлігі**. **Тарихи-эпикалық әңгіме**. Мәшһүр-Жүсіп 65 жасында 1923 жылы жазып біткен. Көтерген негізгі тақырыбы: Араб жұртынан Мұхаммед деген пайғамбар шығып, Түркістан аймағынан 92 батыр көмекке ұмтылып, атқа мінілті. Содан түркі тілділер көпірлерге қарсы лап қояды, қорыққан көпірлер топ-тобымен мұсылман дініне кіре бастайды. Кейіннен бұл түркілер пайғамбар қасында өткізіп, «Ансары» атанады. Меккеден пайғамбарды іздеп шыққандар «Мұһажырын» атанады. Қазақ өзінің арғы тегін Аққөсе сахабадан тарататыны содан болса керек. «Сахабалар және қазақ тарихы деректері» – дегені сондықтан. Мына мен Мәшһүр-Жүсіп Көпеев алпыс бес жаста (1923 ж.) осы сөзді жазып отырмын. Бақсыдай бал ашып, түлкідей түс көріп, жаурын жағып, құмалақ салып, айтып отырғаным жоқ. Мен де нұсқалардан көрумен, кәрі құлақтардан естуімен өз білгенімді шамам келгенше қорытып, шындап тыңдап, айтып отырмын – деп жазыпты. **Екінші бөлігі**. «Қазақ» атының қысқаша қойылу тарихы. **Үшінші бөлігі**. Әнес бабаның ұрпақтарын таратып береді. Пайғамбардың 92 батырдан кімсіңдер деп сұрағаны. Сонда олар дін деген не екенін білмейміз. Ораза ұстамаймыз, намаз оқымаймыз, құдай деген жанбыз деген екен. Озған пайғамбар деген бабаларымыз осылай үйретті деп тілдерін бұра озған сөзі Уыз хан аталыпты. Уыз ханның балаларының аттарын Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз деп қойған екен. **Төртінші бөлігі**. Қазақ түбі – Мұғыл-Татардың Мұғылынан, арғы атасы Түркі дейді. **Бесінші бөлігі**. Бұл да 1923 жылы, Мәшһүр-Жүсіптің 65 жасында жазылған екен. Алғашқы қажыға барғандарды атайды. Олар Уақ Нұркен, Күлік – Самай менен Байжан хазірет. Үшінші қажыға барған кісілер: Тобықты Құнанбай, Айдабол-Қишыл-Қыстаубай, Малай-Жәдігерден-Егіке Жанайдар т.б. Бұлардың көбімен Мәшһүр-Жүсіп ауызша сөйлесіп әңгімелерін жазып алған екен. Орта жүзден – 20 кісі, Кіші жүзден – 100 кісі қажыға барған екен. Әңгімелердің мәні

мен мазмұны өте қызықты. Тілі де көркем. Айталық: *нәубет, ереуіл, тәкие* – көне лексика, *айдай әлемге жайылып, тоқсан екі баулы Қыпшақ, бақсыдай бал ашып, тулкідей түс көріп, көрі құлақ, тізе қосып, қол ұстасып, ай кірсіз, құдай мінсіз* – фразеология, *кірген жері есік, шыққан жері тесік* – ұлғайту, Антропонимдер: *айдың басында туған баланы – Айбас, Таң ата туса – Таңатар, күн шыға туса – Күншығар, Түн ортасында туса – Түнқатар, Көлде туса – Көлбай, Тауда туса – Таубай, жайлауда туса – Жайлаубай, қыстауда туса – Қыстаубай, күзекте туса – Күзек. Расход* – кірме сөз [2, 215-220 б.].

«Жаббар» – құдайдың 99 қасиетті есімінің бірі. Жаббар جابّ 1) алып, құдіретті; 2) діни. Құдайдың бір аты; 3) балуан, батыр; 4) мейірімсіздік, қаһарлы, қатал – деген мағынаны береді. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында да осы мағынада қолданылған. Мысалы:

Жылқы, қой, ара түспес, сиыр, түйе,
Жатарсың жазаң болса, отқа күйе.
Бермейді жәрдем саған қатың-бала,
Болмаса жарылқаушы **Жаббар** ие [3, 95-181 б.].

«Жаппас» – Нұқ пайғамбардың балалары. Нұх пайғамбардан үш бала қалған: Хам, Сам, Жаппас (Жаббас). Адам ұрпағы Жаппастан өрбіп-өнген. Тарихтан көрген, атын білетіндеріміз: Түркі, Хазар, Сақлаб, Рус, Минкі (Мың), Шын, Кимари, Тарыф (Тарых) – бәрі де алды-алдына ел болып, жұрт болып, өсіп-өнген. Бұл Жаппас ұрпағы ең жасы үлкені Түркіні хан көтеріп, соның аузына қараған. Мұның тұқым нәсілінен болған хандар «хақан» аталды. Түркі заманында көшіп-қонып жүретұғын жұрт болды. Хамның ұрпағы: һинді, Зеңгі, Хабаш. Көмірдей қара жұрттың бәрі мұнан өсіп-өнген. Сам ұрпағы – Араб, Ажам. Жұлдыздай көп пайғамбарлар арабтан шыққан. Тарихта зор атақ алған патшалар Ажамнан шыққан. Түркі Ыстық көлді ұнатып сонда тұрған. Түтік деген баласын өзінің орнына отырғызып өзі «Барса келмеске» кеткен. Түтік 240 жыл жасаған. Онда Еділше-Деббаққой-Киік-Алыншы. Алыншы ханның қатыны екі ұл тауып: Мұғол, Татар деп атаған. Мұғолдың төрт баласы: Қарахан, Өзхан, Көзхан, Көрхан болды. Қарахан бәйбішесінен бір ұл туды, оның аты – Уыз еді. Уыз мұсылман деп, Алла деп тілі шықты [4, 3-49 б.].

«Арын» – (Арон) әм пайғамбардың інісі. Мәшһүр-Жүсіп Елу төртінші бап. «Он түрлі боп адамның тірілмегі» – деген қиссасында Мұхаммед пайғамбарлардың үмбеттерін, сахабаларын, періштелерді атап өткен. Мысалы:

Алланың сүйген досы – Мұса кәрім,
Інісі әм пайғамбар болды Арын (Арон).
Олар да дүниеге тұрған емес,
Жаратты осылайша жанның бәрін – дейді [29, б.311].

«Иафас» – Нұх пайғамбардың баласы. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің дерегіне қарағанда Иафас діни тарихта болған адам. Нұх пайғамбар Топан суы болғанда үш баласымен, үш келінімен аман қалады. Ал қалған балалары тегіс қырылады. Аман қалған 3 баласы: Хам, Сам, Иафас. Бұл үшеуін өзі тірісінде Нұх пайғамбар үш жақтағы елге жібереді. Хам һиндстан яғни қазіргі үндістан жаққа жібереді. Содан қара нәсілді ұрпақтарға, Самды оңтүстікке Иран, Зминге жібереді, Араб, ғажам осы Самның ұрпақтары. Ал Иафасты солтүстікке жіберіп, одан отыз алты түрлі жұрт өсіп-өніп шығады. Сегіз баласының аты тарихта қалады. Олар: Түркі, Хазар, Сақлаб, Рос, Мың (Мең) Шын, Кимер, Тарф. Иафастың тұңғыш баласы Түрікті араларында хан сайлайды. Ал қалған балаларына осы Түрікке бағынуды әмір етеді. Нұх пайғамбар заманынан алтыншы ханның заманына дейін Иафас өз үрім-бұтағымен мұсылмандар болады. Иафас – автордың тарихи деректерінде, өлең жолдарында кезігіп отырады. Мысалы:

Нұхтан қалды үш ұғлы: **Иафас**, һам, Сам,
Жарық дүние көрінер даулап жансам.

Бұл тарихи деректер Мәшһүр-Жүсіптің қолжазбаларының № 1176 папкасындағы Әбілғазы шежіресі үзіндісінен алынып отыр. Қолжазбаны араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктер беріп, құрастырған Естай Қуандықұлы Жүсіпов [4, 30-133 б.].

Абдуллаһ ибн Аббас – сахаба. һижреттен үш жыл бұрын Пайғамбарымыздың ағасы Аббастың шаңырағында нұр жүзді бір ұл баланың кіндігі қиылды. Оның атын «Абдуллаһ» деп Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өзі қойған болатын. Абдуллаһ ибн Аббас кішкентайынан Пайғамбарымыздың үйінде сол шаңырақтың бір адамындай боп өсті. Пайғамбарымыздан сабақ алып, түнде онымен (с.а.у.) бірге ғибадат жасап, Оған қызмет ететін. Ынталылығы, еңбекқорлығы, ақылдылығы және турашылдығы үшін хазіреті Пайғамбар оны бауырына тартты. Ардақты Елші (с.а.у.) Абдуллаһтың ғалым болуын қалап, оған үнемі арнайы сабақ беріп тәрбиеледі. Пайғамбарымыз дүние салған кезде әлі он төрт-он бестердегі жас өспірім еді. Абдуллаһ ибн Аббас сахабалардың ең білімділерінен саналады. Көзі тірісінде оны *хибруль-умма* (үмбеттің дана ғалымы) және *тәржуманул-Құр'ан* (Құранды аударушы, оны бізге жеткізуші) деп ұлықтайтын. Ұзын бойлы, жылы шырайлы, нұр жүзді, сөйлегенде дүйім жұртты аузына қаратар шешен де көсем Абдуллаһ ибн Аббас Хашим тайпасынан шыққан. Ол 1600 хадис риуаят етті. Абдуллаһ ибн Аббас 687 жылы Таифте қайтыс болды. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Аби Ғаббас бір рауаят қылған қылған жаһаннам (нан)» атты шығармасы бар. Мұнда жаһаннамның қиыншылықтары жөнінде сөз болады. Мысалы:

Сөйлеген Аби **[ибн] Ғаббас** бір рауаят,
Сол кісі жаһаннамды қылған сипат:
– Жаһаннам жер астынан шығар! – дейді,
– Періште ие болып жетпіс мың сап [5, 205-329 б.].

«Баян өңірінде діннің таралу тарихы» – тарихи-эпикалық әңгіме жанрына жатады. Мәшһүр-Жүсіптің 40-60 жас аралығында жазған шежіре-әңгімесі. Мұны жазып отырған Мәшһүр деп өзі де әңгіменің соңын ала жазып кетіпті. Сондықтан, Мәшһүр-Жүсіптің туындысы екендігіне дау жоқ. Көтерген тақырыбы: Баянаула өңіріндегі ислам мәдениетінің өркен жайып, таралу тарихы. Бұхарай-Шәріп шаһарынан Халпесин деген ғазизден бата алған Қоңырбай деген халфе Мұса, Секербайдың даңқына тәнті болып, Сарыарқаға келіп мүрит болып, халифалық құрған екен. Сонда Қаракесек, Сүйіндік тегіс құлдық ұрып, алдына жығылады. Қоңырбай халфенің істеген ісі мұғжиза болады. Мұғжизаның мағынасы* – деген «Басқа кісі оны қылудан ғазиз үш жүздің баласы қазақта Бұхар, Ташкенттей шаһарда көргенім жоқ. Бұл кісінің қылған ісін қылған жанды естігенім де жоқ» – деп жазыпты. Үшата Қозған: Шыңкожа баласы Шақпақты жалдап, өз үйі, қонақ үйінен басқа намаз оқу үшін – үзыны 70 кез үй салдырыпты. Сол сияқты, Шаншан деген жерде Ғайсабек ишан Мұратқожа баласы орнап, дін көтерген – Сарықұсан баласы Қыстаубай абыз. Баянауыл қаласында Қамаридден ахон орналасып, Мұса мырза 49 жасында Мұхтасар, Луқаяны оқып, дәріс алған. Құдай жолына жастарға үлгі болған: Мұса, Секербай Сүйіндіктің жасы көрісі көп еңбек төккен екен. Жәдігердің тілі жатық, қазақтың байырғы сөздері жиі кездеседі. Мысалы: *қой жылы, жұт, мешін, шаһар* – рухани этномәдени лексика, *қу мешін, жалған дүние, жұрт алдына түсіп, ертеңнен кешке дейін қазан оттан түспейді* – тұрақты тіркестер, *газиз, халфе, мурит, мұғжиза, намаз, даһа, пір, азан, сахиб, ораза, ишан, мағзам, абыз, міхліз, диуана, зікір,*– діни лексикалар, *пеш, қасық, қой, сиса, құрт, сары май, қарын, пұт, киіз, шапан, қазан, қазы, қарта, омыртқа, шәйнек, дорба* – заттық мәдениет, *перзентлері, илан, баслары, етлер, кереметлері, һәм, башалап, ықыласлығы* – шағатайлық әдеби норма. Қараңыз: осы томның 361 бетін. Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасынан (4-папка, 34-42 б.) алынды [1, 264-361 б.]. Жалғасы Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы теонимиялық және мифтік лексика (Оныншы).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 9. – 6-361 б.
2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2007. – Т. 10. – 7-436 б.
3 Оңдасынов Н. Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. / Н. Д. Оңдасынов. – Алматы: Мектеп, 1984. – Т. 1. – 94-96 б.
4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 8 – 3-448 б.
5 Әділбаев А. Саңлақ Сахабалар / А. Әділбаев. – Алматы, 2004. – 205 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕОНИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИФТІК ЛЕКСИКА (ОНЫНШЫ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Ж. ТРУШЕВА
ғылыми дәрежедегі магистр, ПМПИ, Павлодар қ.

«Бір молда әңгімесі» – әңгіме жанрына жатады. Негізгі тақырыбы: Өлімнің түрлері болады екен. Сол төрт түрлісіне Мәшһүр-Жүсіп төрт түрлі жауап айтқан екен. Бұл әңгімені ақын Молдатайыр деген молдадан естіген екен. Мінекей, соны өлеңіне арқау қылып, өлікті жөнелту, артын күту сияқты қазақтың салтын айтып өтеді. «Бір молда әңгімесінде»: өлімнің төрт түрі – мот ахзыр, мот ахмыр, мот абыз, мот сор. Оған Мәшһүр-Жүсіптің берген жауабы:

Зор өлім – жоғалғаны мүсін оқтық,
Екінші өлім – есекке пәлен жоқтық,
Үшінші өлім – жоқтық пен аштық көру,
Төртінші өлім – есту жұрттан боқтық.

Соңында ғылым мен дін мәселесі сөз болады. Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасына (3-папка, 141 б.) сүйеніп берілген. Қараңыз: осы томның 361 бетін [1, 87-288, 267, 361 б.].

«Бір ойбайшыл туралы» – әңгіме. Негізгі тақырыбы: Құдайға тіл тигізген Уақ Молдабай туралы. Ислам мәдениетін сыйлау керек деген идеяны көтерген. Қысқаша мәні мен мазмұны мынандай: Уақ Молдабай бұзауы жамырап кеткенде жаны күйіп, Аллаға да тіл тигізген екен. Сонда ала сиыры өліп, оның үстіне өзі ойбайлап, асау ала сиырым өлді деп атқа міне сала шаба жөнелгенде суы жоқ құдыққа ат-матымен құлап өліпті. Содан «Бұзауы жамырағанда жылайтұғын // «Түбі – Уақ жиені еді Молдабайдың» – деген бір ауыз өлең шумағы ел аузында қалыпты. Мәшһүр-Жүсіп жазбасы 1178-папка, 316 б. [1, 288-289, 361 б.].

«Деббақой» – Еділше патшаның баласы. Нұх пайғамбардың Жаппас ұрпағынан Түркі-Түтік-Еділше-Деббақой. Түтік те тұрақты, табанды патша болды. Асқа тұз салуды осы Түтік ұғындырды. Бұлардың заманы Ажам патшалары Кеймарыспен тұстас болды. Бұл Түтік екі жүз қырық жыл жасап, Еділше дейтұғын баласын орнына отырғызып, ата-бабаларын іздеп кетті. Еділше көп жасап, орнына Деббақой деген баласын отырғызып,

алды-артына қарамай, о да жөнелді. «Деб» – деген сөзі «тақ үсті», «Бақой» – деген «ұлыстың ұлығы» деген екен. Бұл Деббақой баласы Киік ханды орнына отырғызып, жөнеліс қылды [2, 4 б.].

«Дамка» – әуелгі жердің аты. Мәшһүр-Жүсіптің «Жеті қат жердің баяны» – атты жетінші бап дастанында кездеседі. Діни топонимге жатады. Мәшһүр-Жүсіп былай суреттейді:

Әуелгі жердің аты – Дамка болған,
Жел есіп Рих ғақым онда тұрған.
Жетпіс мың бірөуінің арқаны бар,
Бір Мәлік әр арқанға ие болған – дейді [3, 114 б.].

«Ғарқа» – үшінші жердің аты. Мәшһүр-Жүсіптің «Жеті қат жердің баяны» Жетінші бапта айтылатын діни жеті жер қабатының аты. Мәшһүр-Жүсіп үшінші жердің аты туралы былай:

Үшінші жердің аты болған – Ғарқа,
Шаян бар неше түрлі тарқа – парқа.
Заһар бар бірөуінде үш жүз алпыс,
Дүниені бірі шақса, қылар шарқа – дейді [3, 115 б.].

«Жырба» – төртінші жердің аты. Жалһам деген халқы бар. Мәшһүр-Жүсіптің Жетінші бап. «Жеті қат жердің баяны» – деген діни өлеңінде кездеседі. Діни топонимге жатады. Ақын жердің жеті қабаттан тұратынын соның бірінің аты – Жырба, халқының аты – Жалһам екенін айтады:

Төртінші жердің аты: «Жырба» дейтін,
Ол жерде айдаһар бар адам жейтін.
Халқы бар өз алдына – «Жалһам» – деген,
Көзсіз, қолсыз қалың жойқын – деп, төртінші жердің түр-сипатын ашады [3, 115 б.].

«Ғажба» – жетінші жердің аты. Жытма халқы. Діни топонимдер. Мәшһүр-Жүсіптің «Жеті қат жердің баяны» діни лирикалық өлеңінде айтылады. Жердің жеті қабаты барын ғалымдар ғылыми тұрғыда дәлелдеп, Құранды мойындап отыр. Мәшһүр-Жүсіп жеті жердің қабатының аттарын: бірінші – Дамка, екінші – Халдетұрұр, үшінші – Ғарқа, төртінші – Жырба, бесінші – Мыхта, алтыншы – Шахынайдос, жетінші Ғажба. Ақын: жетінші жердің аты – Ғажбаны жердің соңғы қабаты екендігін айта келіп, онда да тіршілік иесі барын Жытма деген халық өмір сүріп жатқанын былай:

Жетінші жердің аты: «Ғажба», – деген,
Жер жоқ-ты сегізінші мұнан төмен.
Мекені Ғазазілдің сол арада,
Қауым бар «Жытма» атты тізгін көрген – деп суреттейді [3, 114-115 б.].

«Ғирақ» – мәтіндегі ел аты. Уыз хан Иран, Шам, Мысыр елдерін жаулап алды. Жаулап алған жұртын «Қалаш» – деп атады. Бүгінде «Халаж» жұрты дейді. Муралнаһрда (Мәуленахар – А.Қ.) мекендеген өсіп өнген елге айналды. Сол маңайдағы Қорасанда, Ғирақта да халаждар тұрады. Мәшһүр-Жүсіптің Ғирақ елі деп жазып отырғаны – осы ел. «Қалашты» кейіннен «Халаж» жұрты деп атаған. Уыз хан бұл жақта жүргенде, өзі аттанып шыққан Талас жұртында қалған бір үй аш қалыпты. Содан әлгі үйге Уыз хан мал беріп, енді менің артымнан шұбап жүргенді қой, қал аш (қалаш) деген екен. Жаңағы «қалаш-халаж» сөзі солай пайда болыпты дейді. Иран, Тұранда ол кезде тұрақты патша жоқ Уыз хан Ғирақ, Ғараб, Әзірбайжан, Армен, Мысыр, Шамға дейін жаулап алды. Мінкей, сол елді мекеннің ішінде Ғирақ қаласы да болды [2, 11 б.].

«Ғұшмания» – тарихы, тарихи әңгіме. 22 мәтін. «Ғұшмания тарихы» – деп аталады. Оғыз түркімендерінде Қайқы шықпасынан бәдәуи көшпелі заманында болған уақиға. Шыңғыс уақытында Сүлеймен Шахұлы арты діндәр сұлтан Ғұлайалдин 670 жылы өлген соң, татар, монғол әскері тасталқаны шығып, ұлы Ғұшман Ғазиыны орнына қалдырыпты. Ол күні тұрған жерлері Анкара екен. Сұлтан Ғұлайалдин өлген соң, оның орнына таққа Халифа отырыпты. Ескі тарих баяны бойынша Быжнаклар – Оғыз ханның төртінші ұлы Көк ханның екінші ұлы. Быжнак түркілерді: түрікпен, қазақ, қарақалпақ дінге кіргізіпті. Олардың жұрыны – қазақ, қарақалпақ бір уақыт мәшһүр түрік есімді – Нәдір шақ Афшар билеген Иран, Һиндустан мемлекеттері еді. Кешегі Исатай батырға жолдас болған Махамбет батыр осы – Нәдір шақ Афшар жұрағатынанбыз дейді екен. Манжұр татардың бір атасының ұлы. Бұл күні теңдік алған Қытай мемлекеті Манжұр тұқымынан. Татар ұлы Қытай шаһарын қоршап алған. Қытайда 70 миллион мұсылман болған. Сол уақытта астанасы Пекинде 35 мешіт тұрғызылған [2, 97-98 б.].

«Ғызойын» – ел атауы. Мәшһүр-Жүсіптің бірінші мәтінінен алынған, «Қазақ түбі» – деген нұсқасында кездеседі. Уыз хан алты айда Зарафшан, Аму суының бойындағы жұртты жаулап алып, Құндыз, Талқан, Балқ, Бадахшаннан арман асып, Ғұр (Ғур) уалаятын да басып алды. Зымыстанда қыс түсіп, күн суық болып, қар қалың жауып, Уыз ханның әскері азық-түліктен тапшылық көріп, әскері жүдеп – жадап, көп қиыншылықпен Ғұрды алады. Көктем шығып, жаз болғанда қалған әскерін, қосын санаса өте аз қалған екен. Неге бұлай болды десе, қарда жүре алмай, тау арасында қалған екен. Жаз шыға олар да келіп қосылады. Сонда Уыз хан – Сендерге қарлық тисін! – деп, қарғапты. «Қарлық» деген жұрт солардың жұрағат, үрім-бұтағы дейді. Бұл күні атымен атай берейік: Кабул, Ғызойын, Кашмир – деп жазады жылнамада. Сөйтіп, алдын бәрін өзіне қаратып, Балқ, Бадақшан үстімен Бұхара, Самарқан топырағын басып, қайтып келіп, Мұғолстан жұртына орныпты [2, 11 б.].

«Ақай қажы» – Қазақстаннан қажылыққа әуелі бастап барған уақ Нұркен бай тоқалымен барып төрт жыл болып, бесінші жылы елге келіпті. Нұрканнен кейін екінші барған Күлік Самай сопы, ноғай Байжан хазірет. Екеуі де сол жақта өлген. Олар 1858 жылы барған екен. Үшінші қажыға барушылар: Тобықты Құнанбай, Айдабол

Қишыл, Қыстаубай; Ақмоладан – Аққұм, Қоскопадан Шекшек қажы, Атбасардан – Ейкезек Жанайдар, Есіл бойындағы Құлан Қыпшақтан – Шонтыбай, Батырқожа молда балалары. Сілеті бойындағы Қыпшақтан Хасен қажы, Мамбет, Тоқадан – Ізден, Сазы ұрпағы Мұхаммедсәлім қажы. Өр Алтайынан – Алдажұман немересі Ешмұхаммед қажы, Ертіс бойындағы Апай, Бөріден – Құдияр қажы. Көкшетаулық Атығайдан – Қожахмет қажы, Егізекі Жанайдармен бірге барған. Сұлтанқожа қажы Қыпшақ Қыстаубаймен бірге барған. Жамек қожа Байзолда ишан. Орта жүзден 20 кісі болыпты, Кіші жүзден 100 кісі болыпты. Бұны Мәшһүр-Жүсіп 1928 жылы 70 жасында жазып алған екен. Бертін қажыға барғандардың есімін ақын осы – өлеңінде айтып өтеді де, Ақай қажыға ерекше тоқталады:

Бұрын да неше қабат барып еді,
Ойына Хызыр ата дарып еді.
Жолдасы ақыреттік – Ақай қажы,
Бұйырып топырақ сонада қалып еді – дейді [4, 218 б., 2, 65-74 б.].

«Дүйсекей: Қабыл ұлы Шашке қажы» – Мәшһүр-Жүсіптің 1893 жылы, желтоқсан айында жазылған Деректі дастаны: «Шонтыбай қажы» – деген өлеңінде айтылады. Ақын Арғын руынан қажылыққа барған жайсаңдарды суреттейді, олардың халқына сіңірген еңбегін дәріптейді. Солардың ішінде Меккеге барып қажы атанған Дүйсекей: Қабыл ұлы Шашке. Мәшһүр-Жүсіп оның портретін:

Дүйсекей: Қабыл ұлы Шашке барған,
Бай еді бейнет көрген шаруа-малдан.
Қызығын көп дәулеттің көріп көзі,
Мекке мен Мәдинеге барып қалған

– деп, Қабыл ұлы Шашкенің өте бай адам болғанын, сол байлықтың арқасында Мекке, Мәдинаға барып, Құдай алдындағы парызын орындағаны жөнінде жазады. Шашке өз маңайындағы кедей-кепшікке мейірімді, адал, кісі ақысын жемейтін адам ретінде бейнеленеді. Сол себепті де, қажылыққа барып, Құдай алдында ақтығын көрсетіп, қажы атанып отырғанын жан-жақты суреттейді [5, 243-263 б.].

«Баб», – мұсылман түсінігінде «қақпа». Мәшһүр-Жүсіптің Деректі дастан:

«Шонтыбай қажы» – деген өлеңінде кездеседі.
Медине, Мүнәре көрдіңіз бе?
Жайларда Харам-Шариф жүрдіңіз бе?
Пайғамбар имхрәбінде намаз оқып,
Есіктен **Баб** Әлсәлем кірдіңіз бе?

Баб а. [باب баб: 1. дверь, вход; 2. глава, раздел, отдел, статья, сметы; 3. источник дохода; 4. разновидность, род, сорт; 5. грам. Глагольная форма, порода] – *глава, раздел (книги, произведения).* Осы сөздің он тоғызыншы **бабында** жазылған «ақыл кеселі» деген төрт нәрсе бар, содан қашық болу керек (Абай) [6, 52-53 б., 5, 243 б.].

«Зунас патша жаһуттың патшасы» – Мәшһүр-Жүсіптің «Абыраһа мен Мұтылаб» – деген өлеңінде айтылады. Жаһут – яһуд – еврейлер. Көне өсиетшілердің ең ескі бөлімі, әр заманда айтылып, жазылған және мейлінше өзгертіліп, бұрмаланған, ертедегі яһуд әдебиетінің және фольклорының жинағы көне өсиет – йудаистер мен христиандардың діни кітабы («Қ.С.Э»). Мінекей, осы яһуд – жаһут (Еврейлер) еліне Зунас патша болған екен. Содан Зунас патша Хабыс патшалығының әскерімен майданға шығады. Оқиғаға ең соңында ислам діні үстемдік құрады. Құрайыштар мұсылман дінін насихаттайды. Мәшһүр-Жүсіп Зунас патша туралы:

Жаһутке Зунас патша болды ғалып,
Халқымен Жаһут дінін қабыл алып.
Хабыранидің дініне кірмеген Насыраниді,
Санақпен күйдіреді отқа салып. – деп, өлеңге қосады [4, 32-43 б., 7, 218-219 б.].

Жалғасы Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы топонимиялық және мифтік лексика (Он бірінші).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 9. – 6-361 б.
2 Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 8 – 3-448 б.
3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 2. – 4-367 б.
4 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 1. – 25-431 б.
5 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 3. – 3-368 б.
6 Рүстемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов / Л.З. Рүстемов. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 21-306 б.
7 Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік / Н. Д. Оңдасынов. – Алматы: Мектеп, 1984. – 37-219 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕОНИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИФТІК ЛЕКСИКА (ОН БІРІНШІ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Т.Ш. БӘЛКЕН
магистрант

«Бин Әшім – өлең кейіпкері» – Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің 1915 жылы жазылған «Мұхаммед пен Әбужаһил» – өлеңінің кейіпкері. Бин Әшім (Әшім) болып суреттеледі. Әбужаһил деген палуан мен жас бала Мұхаммедтің күресі. Әбужаһилдің әкесі Әшім күреске көптеген мал тігемін дейді:

Екі жар жүрт отырып, қызық көрді,
Көрінбей періштелер бірге жүрді.
Байлығына мақтанып, шалқып сөйлеп,
Кеудесіне Әшімнің сонда жаман кірді.

Сөйтіп, жетім Мұхаммедке кім мал сояды, той жасайды дегенде Әбутәліп жалғыз атты соямын дейді. Сол уақытта аңшы Хамза аң соямын дейді. Ғаббас ұшып тұрып: бес жүз қой, үш жүз түйе соямын күрес Мұхаммед дейді. Әбужаһил Мұхаммедті олай ырғап, былай ырғап жеңе алмайды. «Ер кезегі үшке дейін» кезегін берген Мұхаммед әбден болды дегенде Әбужаһилді көтеріп алып, лақтырып жібергенде көкке ұшып кетеді. Бин Әшім сасқанынан баламды тауып бер деп Мұхаммедке жүгіріп келеді. Мәшһүр-Жүсіп Әшімді:

Бұтына жіберіпті Әшім сиіп,
Жаны ашып баласына, іші күйіп.
– Тауып бер! – деп, баласың, шыдай алмай,
Мұхаммедке жұдырығын келді түйіп – деп суреттейді. Хамза, Ғаббас осыдан Мұхаммедке қолыңды тигізсең оңдырмаймыз деп айтады. Әшім Мұхаммедтің аяғына жығылады, баласын тауып беруді өтінеді. Мұхаммедтің мейірі түсіп, аспаннан Әбужаһилді түсіреді. Қуанған Бин Әшімді ақын былай жырға қосады:

Бин Әшім тұқымы судай тасты,
Мұхаммедке пида ғып мал мен басты.
Ғаббастың есі шығып, қуанғаннан,
Қырық табақ санап тұрып алтын шашты [1, 43-50 б.].

«Жүсіпбай жолдасы» – Мәшһүр-Жүсіптің Сапар өлеңі: «Ышқышбап сапары» 1896 жылы жазылған. Ышқышбап – дегеніміз, Ыдырыс пайғамбар сонда жерленген. Мәшһүр-Жүсіп 37 жасында, 1895 жылы Ышқышбапқа бару үшін сапарға шыққан. Оның алдында 1907 жылы 49 жасында Ташкент жаққа тағы бір сапар барған. Медреседе оқып жүргенде Мәшһүр-Жүсіп заттарын жинап алып, Ышқышбап қайдасың деп сапарға шығады. Хазіреті Ыдырыс (Ышқыш // Шықыш) – деп те атайды, заманында үлкен әулие болған адам. Дүйсенбі күні ақын Қыбырай, Дұрман деген жерден аттанады. Ышқышбапқа бару үшін алты адам жиналады. Соның бірі – Жүсіпбай жолдасы. Елі Найман-Тоқпан екен. Оны ақын:

Байназар ақсақал мен Мыңбас, Ақпан,
Шықпайды жақсы кісі ынтымақтан.
Арғыннан бесеу, бізбен алтау болдық,
Жүсіпбай – жолдасымыз: Найман – Тоқпан – деп суреттейді [1, 106 б.].

«Жақия», – бала кездегі досы. Жақия Мәшһүр-Жүсіптің бала кездегі досы. Ақылды, тапқыр бала. Ол да Мәшһүр-Жүсіп сияқты кітапты көп оқиды. З. Солтанбайұлы оны:

Басында қоңыр пүліш тақиясы
Қасында жолдас бала – **Жақиясы,**
Жерінен ойнап жүрген алып келді

Жүсіптің болмайтұғын күпиясы деп суреттейді. Мәшһүр-Жүсіптің тақиясына Шорманның Мұсасы үкі тағып – Сен ендігі атың «Мәшһүр» – деп қосымша ат қойғанда да қасында бала күнгі досы Жақия болған еді.

Сары үкі бұлғақ қақты тақияда,
Сұлудай қолға түскен қапияда.
Жүсіпті нұрландырып, жалт қаратты,
Есікте тұрған досы – **Жақияға** – дейді ақын [2, б .26, 31].

«Би намаз, бабай» – намаз сөзінен намаздігер туынды сөзі пайда болған. Би (биресми, бисаясат) араб-парсы тілінен енген буын үндестігіне қайшы келген сөздің алдынан келетін қосымша. Би араб-парсы тілінде өз алдына белгілі бір ұғымды білдіруі де мүмкін. *Бесіннің сол мезгілде уақыты кірді, Орнынан* ***намаз*** *үшін Расул тұрды* (Мәшһүр-Жүсіп, 93); ***Намаздігер*** *өткенше,* ***Намазшамға*** *жеткенше* (Қобыланды, 54); ***Намазын*** *оқып* ***шам жағып****, Бұрынғы қылды әдетті* (Алпамыс, 173); ***Бесінде*** *жаумен алысып,* ***Намаздігер*** *болғанша, Алдырмай кетіп барады* (ҚЖ, 88); В.Радлов: **намаз**: 1) сабаһ намазы (таңертеңгі намаз); 2) яілд (өлі намаз), бесін намазы;

3) екінді намазы (намезі дігер); 4) ақшам намазы (намазы шам); 5) пасық, кутпан намазы деп беске бөледі. **Намаздік** – 1) обучение; 2) назначение на должность. Л. Будагов: **намаздыкъ** - шкурка отъ дикой козы, или небольшой коврикъ, для совершенія молитвы. Намаздігер – вечерняя молитва (Будагов, 292); Третья из обязательных пятикратных молитв, творимая мусульманами на закате солнца, когда до захода солнца оставалось расстояние в два копья (287). **Намаздігер** – третья из обязательных молитв, творимая мусульманами на закате солнца, когда до захода солнца оставалось расстояние в два копья (ҚЖ, 287). (Е. Жанпейісов, 139 -141). Қосымшалар арқылы **намаз** (*намаздігер*) болып түрленіп мезгіл мөлшерін білдіреді. **Намаз // нэмазъ** п. **намазъ** (слова пехлевійское и зендское, означающее собственно служеніе, поклоненіе): мусылмандардың 5 уақыт намазы. Таңғы намаз – күннің шығуына 45 мин. қалғанда; қыр. бесін намазы. Түскі мезгіл 1- ге таман; кешкі намаз – кеш бату мен күннің ұясына кірер мезгілі; ақшам намазы–(күннің ұясына кіргеннен кейін 20 мин); куптенъ (құптан – А.Қ.) ұйқыға жатар мезгіл – 2 сағаттан соң (Будагов, 292); ***Құптан*** *да уақыт метрологиясына жатады*: *Түн ортасы* ***Намаздігер****,* ***намазшам****,* ***құптаң сәске*** *ауғанда, Күні – түнін бір етіп, ұйқыға көзін үйретіп* (ҚЖ. 1887. 31); *Естеміспен екеуі Қонып жатса бір тауда,* ***Намазшамнан*** *өткенде,* ***Құптан*** *мезгіл жеткенде* (Қобыланды, 17); ***Намазшам*** *еді күн батты.* ***Құптанның*** *болды уақыты* (Мәшһүр-Жүсіп).

Түйін. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев **намаз** сөзін мезгіл мағынасында қолданған. Намаз сөзінен намаздігер (түбір мен қосышадан тұрады) пайда болған. Намаздық – деп тері жайнамазды да айтқан. **Намаз** бен **нама** (шығарма) түбірлес сөздер болуы мүмкін. **Намаз**-пехлевин тіліне жатады. **Екінтіге** байланысты **намаздегер** нумеративе де ұшырасады. М. Қашқари **ікінді** – **намазшам**. **Екінді намаздың** уақыты – дейді (1997: 170). Екінші компоненті «бабай». **Бабай < аба**. Жаңбырдан **аба** нисан дүрлер тамып, Шарапат баршамызға сонан болған (Мәшһүр-Жүсіп., 259). Ата-ана Һәм бабасы өлгеннен соң, Жетімдік сол күндерде болды уайым (Мәшһүр-Жүсіп., 137); **Аб** түбірі эпостық (ақын-жырау) жырларда кездеседі. Аб//аба түбірі екі мағына берген сияқты. Л. Будагов: ابا аба – батюшка; ياغابا абағаы абагай дядя по отцу; ياقابا абакай, супруга (уважитель по), госпожа; اچا аба – батюшка, ياقابا абақаы жена, женщина, ياچ ағы меньшой братъ – деген мағынасы бар. **Аба**//**ава** сөзі мен оның **абай**//**авай**//**абый** сияқты диалектілік формалары көптеген түркі тілдес халықтарында «**аға**», **әке**, **ата**, құрметті, қадірлі» дегенді білдіреді. В. Радлов: аба – дядя со стороны отца, старшій барать, абака – батюшка, т.б. – дейді. Р.Г. Ахметьянов құдай-аналардың аттары Поволжье халықтарына түріктер мен фин-угор халықтарының қарым-қатынасы негізінде пайда болды деуге болады. Считается, что мар. и удм. ава `мать` заимствованы из «древнечувашского», т.е. булгарского *аба, откуда, очевидно, тат. әбә `бабушка и чув. апа, ама `мать, женщина` (чув. аппа<тат. апа `старшая сестра` является другой линией развития этого слова) – деп жазды.

Түйін. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев **аба** сөзін **үлкен** мағынасында қолданған. Аба >ав>ав(а)>аб – деп бөлшектеуге болатын сияқты. **Аб** түбір тұлғасы түркі тілінде 2 мағына берген сияқты: 1. **үлкен** (абаданы, абышы, бабай), (Сібір тат. аба//аю үлкен деген мағынада). Қытайлар аюды амбо дейді. Қырғ. үй (сиыр) дегені сияқты қолданған. Дв>қысқы үй. 2. **су** (абжылан сияқты) Ә. Қайдар: Абақан (аба+қан) аба (ана) қан (су) – деген мағына беретінін айтады (Қаңылы, 2004). **Аб** түбір тұлғасынан пайда болған лексика ерлерге де әйел жыныстыға да қатысты айтылған сияқты. **Аба** ең алғашында ұрғашыға (матриархат) қатысты айтылған кейіннен ер адамдарға да байланысты айтылған. Мәшһүр-Жүсіп **аба** > **бабай** сөзін үлкен құдірет иесі және үлкен адам **нәби** (қаз. әліби) сияқты түрінде қолданған. Осы айтылғандардан: А > аб > ав > аю > аба > бабай **үлкен** > абыз деген қорытынды да шығаруға болады [3, б.81-82, 194-195].

«Иазайт» – діни ұғым. Мәшһүр-Жүсіптің «Мұхаммедқанафия» дастанында Қанафия мен Иазайт арасында соғыс туралы айтылады. Мысалы:

Бұл **Иазайт** бекінуге тағы барған,
Саны жоқ ләшкері көп қырылған.
Құтқармай хауаруждан жалғыз пенде,
Ләшкерін ер Қанафия жиып алған – деп, Қанафия Шам жолы арқылы өтіп Иранның Асқала деген қаласын басып алады. Хауаружды тас талқан етеді. Содан Иран патшасы Иазайт Кербаланың шөлінде қаңғып, шермен болып өледі. Бұдан кейін Асқаланы Шари билеп, Қанафия өз еліне қайтады [4, 233-254 б.].

«Зәуре» – пайғамбардың үлгілі жарлары. Мәшһүр-Жүсіптің жазып алған ауыз әдебиетінің үлгісінде ұшырасады. Мысалы:

Келіннің шайпау тілдісі,
Ұзатпай сені қайтады.
Зылиқа, **Зәуре** – екі апаң,
Апаңның салған үлгісі...– дегенге қарағанда Зылиқа мен Зәуре пайғамбарлардың сүйікті жарларын үлгі қылады, жалпы қазақ әдебиетінде діни әдебиеттен кірген ауыс-күйістер жиі қайталанады. Ол мынаумен түсіндірілсе керек. Ауыз әдебиеті таза мұсылмандық дәуірдің арғы және бергі кезеңін суреттейтіні әпсенеден белгілі. Мұсылман дінімен келген дәстүр тоғысып бірте-бірте тұтасып, бір дүниеге айналған. Сондықтан да, эпос жырларда да мұсылмандықтың элементтері кездесетіні [5, б.12].

«Зылиқа» – кейіпкер. Мәшһүр-Жүсіптің жазып алған ауыз әдебиетінің үлгісінде ұшырасады. Мысалы:

Келіннің шайпау тілдісі,
Ұзатпай сені қайтады.

Зылиқа, Зәуре – екі апаң,

Апаңның салған үлгісі...– дегенге қарағанда Зылиқа мен Зәуре пайғамбарлардың сүйікті жарларын үлгі қылады, жалпы қазақ әдебиетінде діни әдебиеттен кірген ауыс-күйістер жиі қайталанады. Ол мынаумен түсіндірілсе керек. Ауыз әдебиеті таза мұсылмандық дәуірдің арғы және бергі кезеңін суреттейтіні әпсенеден белгілі. Мұсылман дінімен келген дәстүр тоғысып бірте-бірте тұтасып, бір дүниеге айналған. Сондықтан да, эпос жырларда да мұсылмандықтың элементтері кездесетіні [5, 12 б.].

«Заман» – қожа әрі ақын. Мәшһүр-Жүсіптің «Ұмсын мен Заман қожа айтысы» – деген жазып алған ауыз әдебиетінің үлгісінде кездеседі. 1915 жылы, желтоқсан айында Айдабол-Тайкелтір ұрпағынан өрбіген Байбатыр абыз баласы Шалқарбай қажыдан жазып алған. Бұл айтыс негізінен діни айтыс үлгісіне жатады. Заман қожа мен Ұмсынның энциклопедиялық біліміне қайран қаласың. Екеуі де біріне бірі тең ақын. Тілге келмей, өнерді де, өздерін де сыйлай білген. Ең соңында Ұмсын әйелдік ақылдылықпен жолын береді.

Бата сұрайды:

Мүсәпірдің көңілінде бар дұр сана,
Жаратқан Жаббар құдай, өзі пана!
Ұмсын-ау, түрегеліп, қолыңды жай,
Өмір мен иман берсін, иа, Раббана! – деп Заман қожа батасын береді [6, 288-296 б.]. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы теонимиялық және мифтік лексика (Он екінші).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 1. – 25-431 б.

2 Солтанбайұлы З. Мәшһүр / З. Солтанбайұлы. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2001. – 26-44 б.

3 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері : ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.02.02 : 17.06.2005 қорғалды : 17.06.2005 бекітілді / Тұрышев Айтмұхамет Қасымбайұлы. – Алматы; 2005. – 75-320 б.

4 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 7. – 3-382 б.

5 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – Т. 5. – 12-335 б.

6 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2005. – Т. 6. – 9-369 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕОНИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИФТІК ЛЕКСИКА (ОН ЕКІНШІ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Ж. ТРУШЕВА
ғылыми дәрежедегі магистр, ПМПИ, Павлодар қ.

«Жаблит» – діни ұғым (жұптылық). Мәшһүр-Жүсіптің «Ібіліс шайтан хикаясынан» алынған мақұлықтың (шайтанның) аты. Тәблит пен Жәблит екеуі ерлі-байлы мақұлықтар. Олар тозақтан жаратылған бірі арыстан сықылды да, екіншісі қасқыр сияқты. Содан екеуі буаз болып олардан жылан-шаян жаратылады. Ол жылан-шаяндар бірімен бірі үйленіп тынады. Топырақтан Алла тағала Адам атаны жаратады. Әділдік жеңеді. Аш көздік, көрсе қызарлық адам баласын ұшпаққа жеткізбейді деген идея айтылады. Мәшһүр-Жүсіп діни дастанында ізгілік иесі Адам ата мен зұлымдық иесі Жәблитті қарама-қарсы қояды. Ақырында ізгілік жеңеді [1, 3-15 б.].

«Жайылма, Меккеге барған Әлібек қажының шыққан елі» – Аққөл – Жайылма өңірі Өлеңті және Шідерті өзендерінің төменгі ағысындағы ұлан-байтақ жерді алып жатыр. Жалпы алғанда, бұл алқаптың жер көлемі екі ауданды (Екібастұз және Ақтоғай) қамтып отыр. Аққөл-Жайылма ұғымына Өлеңті-Шідертінің төменгі ағысы, Аққөлдің өзі (Әулие көл), Аққөлден төмен түсетін Дуана өзенінің бойы, одан әрі орналасқан көлдер жүйесі (Бәсентиін, Қылды көл, Сасық көл, Өмірзақ, Бозайғыр, Ашыкөл, Көктөбе, Тоққылды) енеді. Аққөл Өлеңтінің суынан толып, деңгейінен асқан уақытта су солтүстікке қарай Жайылмаға түседі. Қалың қамыс басқан Аққөл мен Жаманкөл жағалары қысқы қонысқа өте ыңғайлы. Бір аңызда: «Әкесі өліп қазалы болып қалған Қозыға Қарабай: – Айттырып қойған қызымды енді бермеймін. Жетім менің Баянымa тең емес – деп, Аякөз жақтан асыға-аптыға көшкен дейді. Суыт жүрген көш Аққөл тұсында ат шалдырыпты. Сол жерде үлкен сабадағы қымыз ақтарылып төгілген. Содан Аққөл-Жайылма атанып кетіпті» – дейді. Аңыз-аңыз болса да шындық. Қарқаралы, Домбыралы, Жалаулы, Баян, Шідерті т.б. осы – «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырына байланысты туған дейтін сөз бар. Аққөлдің әулие атануы Исабек ишанның есімімен тікелей байланысты деп айтады көне көз қариялар. Атақты Қанжығалы Ішбек бай мен Піспек бай да осы елден. Осы елден Әлібек қажы шыққан. Мәшһүр-Жүсіп 1893 жылы жазған «Шонтыбай қажы» – деген өлеңінде Әлібек қажыны былай суреттейді:

Жайылма, Аққөл менен ел Тентектен,
«Шұбар төс, шынжыр балақ» – шыққан тектен.

Сарп қылып дүние малын барған Мекке,
Жан өтпес қара қазақ Әлібектен! [2, 257 б.]

«Жаллат асми факіһ – қажы дана». Мәшһүр-Жүсіптің діни оқиғаларға жазылған ұзақ өлеңі. Дүниеге Мұхаммед пайғамбардың келгені туралы айтылады. Лирикалық шығармадағы **мен** «Жаллат асми факіһ қажыға» келіп, басынан өткен оқиғаны жеткізеді. Ол оқиға Мұхаммед пайғамбардың қалай хат танығаны, Хақтың әмірімен Жәбірейіл көктен келіп, Хадишаны да дінге кіргізеді т.б. мәні мен мазмұны бір сюжетке құрылған өлең желісі Мұхаммед пайғамбардың өмірін барынша шынайы суреттейді. Өленде:

Жаллат асми факіһ-қажы дана,
Халық еттің мақұлық аттың бәрін һама.
Достыңа уахи келген оқиғасын,
Айтпағыма иланғайсың асан маңа – деп, Жаллат асми факіһ қажы дананы атап өтеді [3, 50-92 б.].

«Зауал» – пайғамбарлар. а. [لاوظ *завал:* 1. полдень; 2. закат; 3. исчезновение, *гибель; дух] – 1. гибель; наказание, кара.* Неміске де сол **зауал**, Ажал жақын оларға (Ж.Ж.); 2. *солнце; вторая половина дня, время после полудня.* Күн екінділікке барыпты, **зауал** ауып кешкі самал да түсіп қалыпты (Жарм.). Зауал – кереметтер лексикасына жатады. Зауал ол – рух. Зауал келсін, зауал келгір – деген қарғыстың түрі бар. Бұл – кереметтер жаманшылық жасаған адамға ғана келеді [4, 118 б.].

«Аққозы батырдың сопағы» – диуаналық жыр. Шормануұлы Муса мырза сөйлеп отарады екен: – Құлболдыда үш әулие бар. Бірі – Мәстөгі (Мәстүк) абыздың Ханафиясы – Бұхарай Шәріптен ғылым тәхсіл, тыхсыл қылып келіп, 39 жасында сібір науқасынан өлген. Ханафия дауам айтып отырады екен:

– Біздің Жанғозы-Иамының апатына ұшыраған ел – деп.

– Бірі – Күлік: Тоқпанның – Самайы. Бұл кісі қажы сапарына барып жоғалған, қайда өлгені белгісіз. Бірі – Айдабол: **Аққозы батырдың Сопағы**. Бұл кісі диуана екен. Екі тұлымы белінен төмен салбырап жүреді екен. Түсі суық, көрген жан шошып қалады екен. Жүрісі аттан, түйеден қалыспайды екен. Бір қара қой дауам соңынан қалмай еріп жүреді екен. Өзіретке үш апарып, үш келген, үш қайта келген. Өзі тауық жылы өлген. Жұрттың жұтайтынын айтып сөйлеп жүріпті. Өлген соң, денесі көрден ғайып болған деседі. Бұлардан соң өзіміз көргенде, Орманшы: Батыр диуана, Ақбура: Шалқыма диуана, Қаржас: Ескендір диуана, Шалқыма баласы Айсабай қажы да диуана еді [5, 196 б.].

«Ашшам» – түркінің патшасы. Мәшһүр-Жүсіптің 1902 жылы жазылған «Иса Шормануұлы» – деген өлеңінде айтылады. Түріктің патшалары Уәли де, Ашшам да Стамбұл халқына сыйлы, қадірлі болған екен. Мекке, Мәдинаға Түркия мемлекеті арқылы да өтіп барған қазақтар бұл – екі патша туралы естіген. Әсіресе, Ашшамның беделі күшті болған. Өленде осы Ашшам суреттеледі:

Мирас пайғамбардың Мақпал-Шәріф,
Бесігін Фатиманың бірге салып.
Түріктің патшасы – Уәли, **Ашшам**,
Екеуін келеді екен бірге салып [5, 106 б.].

«Айсабай» – қажы. Орманшы: Батыр диуана, Ақбура: Шалқыма диуана, Қаржас: Ескендір диуана, **Шалқыма баласы Айсабай қажы** да диуана мына әңгімеде кездеседі. Шормануұлы Муса мырза сөйлеп отырады екен: – Құлболдыда үш әулие бар. Бірі – Мәстөгі (Мәстүк) абыздың Ханафиясы – Бұхарай Шәріптен ғылым тәхсіл, тыхсыл қылып келіп, 39 жасында сібір науқасынан өлген. Ханафия дауам айтып отырады екен:

– Біздің Жанғозы-Иамының апатына ұшыраған ел – деп.

– Бірі – Күлік: Тоқпанның – Самайы. Бұл кісі қажы сапарына барып жоғалған, қайда өлгені белгісіз. Бірі - Айдабол: **Аққозы батырдың Сопағы**. Бұл кісі диуана екен. Екі тұлымы белінен төмен салбырап жүреді екен. Түсі суық, көрген жан шошып қалады екен. Жүрісі аттан, түйеден қалыспайды екен. Бір қара қой дауам соңынан қалмай еріп жүреді екен. Өзіретке үш апарып, үш келген, үш қайта келген. Өзі тауық жылы өлген. Жұрттың жұтайтынын айтып сөйлеп жүріпті. Өлген соң, денесі көрден ғайып болған деседі. Бұлардан соң өзіміз көргенде, Орманшы: Батыр диуана, Ақбура: Шалқыма диуана, Қаржас: Ескендір диуана, **Шалқыма баласы Айсабай қажы** да диуана еді [5, 196 б.].

«Барса келмес» – о дүние туралы жыр. «Барса келмес», «Марғау», «Кербаланың шөлі» – дегендер діни жер аттары. Ауыз әдебиетінде, тарихи жазбаларда кеңінен қолданылады. Мысалы, Жаппас ұрпағы ең жасы үлкені Түркіні хан көтеріп, соның аузына қараған. Мұның тұқым нәсілінен болған хандар «хақна» аталды. Түркі заманында көшіп-қонып жүретұғын жұрт болды. Өзі Ыстықкөлді ұнатып, сонда тұрақтады. Қазақ: «Жолым үй» – дейді. Керегесі жоқ қос, баспаналары болды. Бала-шаға, ұрпағы көп болды. Түтік деген баласын көзі тірісінде орнына отырғызып, өзі «**Барса Келмеске**» кетті – деп жазды Мәшһүр-Жүсіп [6, 4 б.].

«Алағзам» – ملظعا әулие. Мәшһүр-Жүсіптің Он тоғызыншы бап: «Басқа патшалар, жомарттар, әулиелер» – деген дастанында ұшырасады. Хасен, Хұсайын заманынан бері Фатима, Заһира, Ғайша аналарымыз өткенін, тағы да әулие Ғауинт, **Алағзам**, Нақшыбанды, Баһауаддин, Қожа Ахмет т.б. өнегелі істерімен аттары тарихта қалған көптеген есімдердің жақсы жақтарын, қылықтарын, білімдерін атап өтеді де патша Жамшит, Баһыраб, Балқұн, Фарзуз, Баһадұр Рүстем, Зымақ, Сахып қыран, Қаһарман: Дәл мен Зәл т.б. бейнелерін жан-жақты суреттейді. Мысалы:

Әулие Ғауинт, **Алағзам**, – олар да өтті,
Нақшыбанды, Баһауаддин, – олар да өтті.
Қожа Ахмет Түркістанды қылса отан,

Дүниеден сондай ерлер өтіп кетті [7, 167 б.].

«Абиазы» – шайтанның тұңғышы. Мәшһүр-Жүсіптің «Қамаралдин хазірет» – деген діни өлеңінде кездеседі. Мәшһүр-Жүсіп:

Мен неге оқымадым жазы – қысы,
Қалдырған құр алақан хақтың – ісі.
Түсті бұзған шайтандай жолдас болды,
Шайтанның **Абиаз** атты бір тұңғышы

– дейді. Аба түбір тұлғасы үлкен, ата т.б. мағына береді. Сондықтан, Абиаз сөзінің түбір тұлғасы аби деп қарастыруға болады. Абиаз сөзін абиырсыз сөзімен салыстыруға болар еді [3, 257 б.].

«Қызыр Ілияс» – киелі адам. **Қызыр Ілияс**. Жасаған, айтқан сөзім түс келтіріп, Үйіңе **Қызыр-Ілияс** күнде қонсын (М-Ж., 113); Қырық шілтең, ғайып ерен бірқатарың, Барсың ғой **Хызыр Ілияс** мұнда! – дедім (М-Ж., 137); **Құзыр**, **Ілияс**, Қырық шілтен Балама менің назар сал (ҚЖ, 97); Құзыр Ілияс – Роль Хызыра или Кузыра, которого Е.Э. Бертельс определяет как существо «не божественное, но обладающее вечной жизнью» (Низами. М., 1946, стр. 643), близко к роли пророка Ильи и святого Николая. Хызыр приходит на помощь заблудившимся путникам, людям, погибающим в пустыне. По повериям, Хызыр нашел источник живой воды, которая делает людей бессмертными. У казахов Хызыр признавался за пророка, приносящего счастье и богатство; с Хызыром связывались понятия и обычаи гостеприимства («Этнографическое обозрение», № 4, 1891, стр. 28-35); Следует указать, что в науке существуют различные суждения о Кызыре. В Бартольд пишет: «Легенды о Хизре носят явно немусульманский характер, хотя распространены только среди мусульман, и самое имя Хызра представителям других религий не известно. Хызыр не назван и в Коране... В образе Хызыра слились в одно целое легенды различных времен и народов, от вавилонского Гильгамеша до ветхозаветных Еноха и Ильи..., иногда Хызыр и Илья упоминаются рядом, причем Илье приписывается власть над пустынями, Хызыру – над водами и культурными землями. Хызыр появлялся странникам и подвижникам чаще всего в образе старика, подвергал их испытанию и выводил их на прямой путь» (В.В. Бартольд. Ислам, II, 1918, стр. 59). Е.Э. Бертельс полагает, что «Хызыр-вечно живой пророк..., знающий все, таинственный помощник. Возможно связь легенды о Хызре с легендой об Агасфере; Хызыр считался помощником тех, кто сбился с пути в степи или в пустыне». (Низами. Искандер-намэ, ч. I, 1940, стр. 60, 371, 379) (Потан., 318).

Түйін. Мәшһүр-Жүсіп Қызыр Ілияс екеуін кейде бөліп қолданады. Олар ерекше құдірет иесі ретінде көрінеді. Қызыр // хұзыр // құзыр сияқты варианттары ұшырасады. Бұл екі тағанды кереметтер қатарына жатады [8, 98-99 б.]. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы тәонимиялық және мифтік лексика (Он үшінші).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 3. – 3-368 б.

2 Арманбаев Ж., Ерманов А., Жәнісов Ә. Аққол-Жайылма – ханлар мекені / Ж. Арманбаев, А. Ерманов, Ә. Жәнісов // Сарыарқа самалы. – 2004. – № 124 (13717); Түгелбаев Ә. Аққолді әулиелі атандырған / Әбілқақ Түгелбаев. // Сарыарқа самалы. – 2006. – № 98 (13991).

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 1. – 25-431 б.

4 Рүстемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов / Л.З. Рүстемов. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 21-306 б.

5 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 4. – 104-443 б.

6 Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 8 – 3-448 б.

7 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 2. – 4- 367 б.

8 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері : ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.02.02: 17.06.2005 қорғалды : 17.06.2005 бекітілді / Тұрышев Айтмұхамет Қасымбайұлы. – Алматы; 2005. – 75-320 б.

ӘОЖ 821.512.122.091:821.5:821.16

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТЫ

Ә.А.ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.к., доцент, Халықаралық ақпараттандыру академиясының корреспондент мүшесі

Ғылыми сипаттамасы. «Шығыс та батыс та Аллаға тән» (Құран, 2-бақара сүресі -Б.22). Қазақстан Республикасының егемендігін алып, жаңғыру кезеңінде оның тілін, әдебиетін таным құралы ретінде зерттеудің маңызы ерекше. Себебі, қай ұлттың да өзіндік мәдениеті тілінде, әдебиетінде, тарихында көрініс тапқан. Бұл - қасиет қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының шығармаларында айшықты түрде байқалады. Сондай тұлғалардың бірі – артында мол әдеби, тілдік, мәдени, этнографиялық, философиялық, тарихи мол мұра қалтырған М-Ж. Көпеев. Мәшһүр-Жүсіптің (Адамжүсіп, азан шақырып қойған аты-Ә.А.) өмір сүрген дәуірі – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алдыңғы қырық – отыз жылы. Бұл кезең әлеуметтік, қоғамдық тұрғыдан қандай қайшылықты

болса, оның шығармашылық жолы да сондай көп иірімді күрделі болды. Ғұлама шешен М-Ж. Көпеевтің мұрасын жинап жариялау, зерттеп ғылыми айналымға ендіру, сөйтіп, халық игілігіне айналдыру жұмыстары еліміз егемендік алған соң ғана шындап қолға алынды. Біздің ойымызша, бұл мәселе – Мемлекеттік «Мәдени мұра» атты бағдарлама аясында жүзеге асырылуға тиіс ұлттық мәдениетін, сипатын көрсетіп, толықтыра түсетін маңызды зерттеу мұрасы, соның ішінде ұлттың ежелгі мәдениетін, әдебиетін, фольклорын, салт – дәстүрін зерттеудің біртұтас жүйесін жасап, бай әдеби мұрасын ежелгі шығыс әдебиетімен, қала берді орыс (еуропа) әдебиетімен тығыз байланыста зерттеу күн құрғатпайтын міндеттердің бірі болып табылады. Оның үстіне Мәшһүр-Жүсіпті орыс-ағылшын тілдері арқылы ғана дүние жүзіне танытуға болатынына көзіміз жетті. Е.Жүсіптің: «Сонымен, шығыс әдебиеті мен батыс әдебиеті арасындағы байланыс та, әрқайсысының ерекшелігін ашу да-өзінің арнайы зерттеулерін тосып тұрған үлкен келелі міндеттің бірі» - деген сөзі өте орынды айтылған («Мәшһүр-Жүсіп және шығыс руханияты» -А, Алаш, 2005.–Б. 155). Монографияда солтүстік шығыс өңіріндегі ақын-жазушылар арнайы таңдап алынды. Олар – Мәшһүр-Жүсіп, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Қошке Кемеңгеров, Мағжан Жұмабаев. Олар шығыстан қаншалықты алыс өмір сүрсе, орыс-еуропаға соншалықты жақын өмір сүрді. Бірақ та жүректері шығыс деп соқты. Мәшһүр-Жүсіп бір дәуірді аяқтап, екінші кеңес дәуірін де көрді. Бұл – арада діни рухани сабақтастық ерекше ескерілді. Е.Жүсіп жоғарыда аты аталған кітабында белгілі шығыстанушы М.Л.Рейснер парсы ақыны Сонай (1080-1140) Ғазелдерінде басқа да діни адамдар, пайғамбарлар: Адам, Иса, Мұхамедпен т.б. қатар сопылық әулиелер ішінде Ибраһим Адхамның аталатына көңіл бөлген деген пікірді келтіреді. Е.Жүсіптің зерттеуін басшылыққа ала отырып, біз де М.Л. Рейснер идеясын кеңітіп қазақ-шығыс, орыс-еуропа ақындарының қай-қайсысында болмасын ортақ: Алла, Тәңір, Құдай, Ыбырайым, Ысқақ, Яғқұп, Мұхаммед (Могомед), Мекайл, Исрафил, Жәбірейіл (шестикрылый серафим-Пушкин), Ғазірейіл періштелер, Құран, Інжіл, Таурат, Зәбур, Мұса, Ғайса (Айса, Иса, Иисус Христос), Дәуіт (Давид), Сүлеймен (Соломон), Мария, т.б. көне түркі және шығыс сөздерінен труп, бақшасарай, қағба, яшма, эйнап (жүзім), шарап, чаша т.б қолданады, демон (шайтан), ангел (перште), жұмақ (в рай), тозақ (в аду) жырлағаның, өздерінің өлеңдерін арқау еткенін дәлелдеуге тырыстық. Мәшһүр-Жүсіп дін туралы жер жүзіндегі адамдар дін жағынан екіге бөлінеді. Бірі – Құдайды бір дос (дош), бірі Құдайды бір демеуші, «бір» деушілерге кітабы дейді. «Бір» демеушілерге «Бір» деушілер 3 түрлі. Ғайса, Мұса, Мұхаммед-бір деме-осылар. Будда, Бірахмен, Мәжуси, Һубасқа түндей болады. Жер үстінде кітаптан, мішіріктер көп-деген. Солтүстікте ежелден келе жатқан ата көршіміз Ресей. Орыс мәдениетінің тілі, діні, салты, дәстүрі т.б. біздің өңірге дендеп енуі қоямақолтық араласуының ғана нәтижесі ғана емес, орыс әдебиетінің көптеп келуінің де нәтижесі сияқты. Сол себепті де Пушкин, Лермонтов, Бунин таңдап алынды бұларда өз тұрғыластарының ішінде – ислам мәдениетіне бір табан жақындап, іш тартқандар еді. Толстой мен Достоевский т.б бұл – зерттеуге қоспадық. Ал, Гете, Вильям Блейк, Джордж Гордон Ноэль Байрон т.б. еуропа-ағылшын бетке ұстар қаймақтарының да ислам мәдениетіне бүйректері бұрғаны шығармаларын оқып, зерттеу барысында мәлім болды (қосымшаны қараңыз-Ә.Т.).

Зерттеу қазақ тілінде жазылғанымен үш түрлі ой, үш түрлі тіл бір жерге тоғысты. Бәрінің сайып келгенде айтары бірінші – ислам мәдениетін теріске шығармайтыны, керісінше қолдайтыны, екінші – пайғамбарлар әр түрлі болғанымен имандылыққа шақырар идеясы біреу. Аллаға (всевышныйға) барар жол, сенім әр түрлі болғанымен, барар жерлері бір. Тек қана Алла есімі олар үшін – адам қиялдың жемісі сияқты көрінеді. Шығыс мәдениеті терең де тәлімдірек. Мұны Рене Генон, Юлиус Эвола мен басқа ойшылдар атап көрсеткен. Орыс-еуропа Шығыстан Алланы, Құранды, Мұхаммед пайғамбарды, мешітті т.б. лексиканы қабылдап алды. Қазақ әдебиеті де Ибраһим (Ыбырай-Авраам) (Алтынсарин мен Абайдың аттары-Ә.А.), Ғайса (Ғиса-Құранда, Ғиса-Құсам Кәтіп, Ғайса-Мәшһүр-Жүсіп, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт), Мұса, Мариам ананы (Мариам-Құранда., Мариям Жогорқызы., Әділ мен Мария-Шәкәрім), һарунды т.б. арқау етті, діни әдебиеттің негізгі өзегі екі дінге де ортақ қарындастар, бауырлар (Абай, Мәшһүр-Жүсіп, Сұлтанмахмұт т.б.) болды. Зерттеу барысында Алла мен Құдайдың, пайғамбарлар мен әулиелердің айталық, өмірде болған Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекетінде адам қиялынан тыс әркет пен адамға тән істер де айтылады. Орыс әдебиетінде де Иисус Христостың (қазақ әдебиетінде Ғайса-Ә.А.) креске таңылып, енді бір уақытта ұшып кетуі таңқаларлық жай, демек, Иисус Христос өмірде болған ал, іс-әрекеті романиткалық бейненің ісі. Демек, зерттеудің өзі-ақ романтизм мен реализм деген ағымға алып келді. Бірақ та діни кейіпкерлердің (айталық төрт перштенің-Жәбірейіл-Пушкин-ортақ-Ә.А.) ісі мен әрекеті көбіне романтикалық бейнеге келетін болғандықтан да бұл – ағымдарды да айналып өтіп кете алмадық. Орта ғасыр әдебиеті негізінен романтикалық бейнелерден тұрады, кеңес дәуірінің әсерінен, діни әдебиеттің кейіпкерлері жүйелі түрде арнайы зерттелмеді. Романтизм - орыс әдебиетінде ағым (направление-Тимофеев). Қабдолов – ағым және әдіс – дейді. Біздің байқағанымыз бұл – екі ағым таза күйінде жеке дара кездеспейді екен, бірінің негізінде бірі жататынын анықталды. Зерттеуде таза романтикалық қана емес, оның ішінде реалистік істердің де өріс алғаны байқалды. Осы орайда, «Әрине, таза романтикалық, не таза реалистік деп бөлуде де шарттылық бар екенін, бұл екі әдістің үнемі «тап-таза» түрде жүзеге аса бермейтінін, бірінің ішінде екіншісі өріс алуы мүмкіндігін ескерсек те, біраз істері романтикалық ... болса да, негізінен алғанда, реалистік бейне екендігін көреміз» - деген Г.Жүсіповаңың сөзіне қосылуға әбден болады. Қазақ-шығыс, орыс-еуропа әдеби байланыстары мысал жанрында да көрініс тапқан.

Е.Жүсіптің еңбегінде: «Шығыс әдебиеті мен ақын туындыларындағы сюжет төркіндестігі» - деген тарауда Інжіл, Құран, сопылық ілім, Пушкин мен Некрасов өлеңдеріндегі бұлбұл мен гүл мәселесіне көңіл бөлген. («Мәшһүр-Жүсіп және шығыс руханияты» -А, Алаш, 2005. –Б. 93). Пушкиннен: «Я видел Азии бесплодные пределы», «Недавно

бедный музулман», «Фонтану Бахчисарайчкого дворца», «Подражания Корану», «Как жениться задумал царский арап» т.б. шығыс мәдениеттіне арналған. Мәшһүр-Жүсіп «Мұхамметті», «Шайтанды» жырласа, Пушкинде «Христос воскрес», «Демоны» өлеңге қосады. «О жены чистые пророк», «Храни меня, мой талисман», «Пророк» т.б. дінге табынады. Бунининен: «Потомки пророка», «Шипит и не встает верблюд», «Степь», «В жарком золоте закате Пирамиды», «Богом разлученные», «Малайская песня»; «Лиман песком от моря отделен», «Стены горы – до небосвода», «В Орде», «Богиня», «Серди звезд» т.б. Лермонтовтан: «Жалобы турка», «Мой демон», «Молитва», «Ангел», «Я не для ангелов и рая», «Ветка Палемтины», «Молитва», «Кинжал», «Пророк» т.б.

Гетедан: Западно-восточного дивана: «Гиджра», «Четыре блага», «Стихии», «Феномен», «Песня и изваянье», «Блаженное томление», «И тросник творит добро», «Где рифмач не возмнивший», «Разве старого рубаку» т.б. Байроннан: «Стихи, вырезанные на мертвой голове, обращенной в чашу», «Наполняйте стаканы», «Сон», «Остров или Христиан и его товарищи» т.б. Вильям Блейктан: «Маленьки черный мальчик», «Вечносущее Евангелие», «Благостный четверг», «Песнях Невинности» т.б. Бұл – шығармалардың кейбірінде шығыс мотивы жоқ болса да түркі сөздері, шығыс сөздері қолданылады. Айталық: черная чаль, кинжал, вено, чаша, чугун, бешмет, аббад т.б. Және де діндері әр түрлі болса да діни мәні мен мазмұны Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының мәні мен мазмұнына сай келеді. Олар Иссус Христостарың, Құдайларын жер көкке сыйғызбай мақтайды. Мәшһүр-Жүсіп те басқа да қазақ ақындары өздерінің өлеңдерінде Алланы, Мұхаммед пайғамбарды мадақтайды, жалбарынады. Біз Абайды жиі айтатынымыз сияқты олар: Гете да, Пушкин де, Лермонтов та Байронды жылы-жылы естеріне алады. Е.Жүсіп: «Шығыс әдебиеті әсері дегенде, кешегі әміршілік жүйе кезінде әлем мойындаған бірер атақты ақындар болмаса, сол ақындардың өзіне бағыт берген діни әдебиеттерді, Інжіл мен Құран мәнін, тамырын кеңірек ашуға мүмкіндік берілмей келгені де мәлім. Міне, осы тосқауылдардан туған олқылықтардың орынын толтыру үшін де алдымен діни әдебиеттерге Інжіл мен Құранға, сондай-ақ «діни әдебиет», «сопылық әдебиет», яғни кейінгі ұрпақ үшін онша мәнді емес, тіпті зиянды делініп келген үлгілерге көңіл бөлу арқасында барып, біз шығыс әдебиеті дамуының ортақ заңдылықтарын кеңірек ашуға алғаш қадам жасай алдық» - дейді («Мәшһүр-Жүсіп және шығыс руханияты» -А, Алаш, 2005.–Б. 155).

И. А. Крылов мысалдары 1825 жылы француз тіліне аударылған. Осы жинақты Парижде бастырған – граф Орлов. Аударған француз жазушылары: Дарь, Эньян, Жансуль, Арно, Суме, Стассар, Сегюр, Андрие, Сальм, Ле-Балья, Вьенне, Рессегие, Казимир, Делавин, Нодье, Амабль, Тасть, София Ге. Ал, Италия жазушыларынан қатысқандар: Жианноне, Монти, Пиндемонте, Лампреди, Анджелони, Бионди, Риччи және Сальфи болыпты. Бет ашарын француздша Лемонте, италиянша Сальфи жазған. Крыловтың 10 мысалын араб тіліне 1863 жылы Абдаллах (Федр Иванович) Келзи аударса, 1867 жылы 41 мысалын Ризкаллах Хассун аударыпты. Келзиде «Түлкі мен қарға», «Емен мен шілік», «Бақа мен өгіз» т.б. бар. Хассун бұларды қайталамай, өзгелерін аударды. Айта кететін нәрсе, олар Крыловты арабша ойлатады, мысалы, Крылов: «Климыч Петрге қарап ымдайды» («Климыч кивает на Петра») десе, Хассун: «Бекр Омарға сілтейді» деп береді, қазақшаға біреу: «Көрсетер көзін қысып ауылнайды» деп те аударған. Арабта: Васька – Вамбуль болады, Моська – Канбура атанады. Самарқан, Андалус қалалары кездеседі. Араб еліне белгілі адамдардың аттары Джухейна, Лұқпан, Сухейль, Хасрой мен Дарий, Деила мен Әмір тәрізділер де жүр. Дозақта той жасалып («Клеветник и змея» мысалында) жатқанда Нерон, Иуда немесе Наполеон аттары да аталады, бұлардың бірде-бірі Крыловта жоқ. Егер араб тілінен қайыра орыс тіліне аударса, И. Крыловты тірі жан танымас та еді, - деп түйеді академик И. Ю. Крачковский.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Мәшһүр-Жүсіп XIX-XX ғасырларда саяси қоғамдық жүйенің нағыз қайшылықты, дағдарысты басынан кешіріп жатқан кезеңінде өмір сүрді, дәл осы уақытта өзінің өлеңдерін, дастандарын жазды. Діндарларды: қожа, молдаларды сынады, қазақ ескілігімен алысты, орыс империясының жүргізіп отырған саясатын ашықтан-ашық жазды. Бірақ та, орыстан дос тапты, орыс-еуропа әдебиетіне, мәдениетіне құрметпен қарады. Біз мүмкіншілігінше ақынның тек қана шығыс әдебиетін біліп қана қоймай, орыс-еуропа әдебиетін де білгенін нақты мысалдармен дәлелдеп көрсетуге тырыстық. Осы жағынан да тақырып өзекті болып табылады. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы орыс-еуропа рухани (діни, әдеби) үндестігі осы – зерттеу жұмыста тұңғыш рет ғылыми жүйеге түсіп қаралып отыр. Мәшһүр-Жүсіп өз шығармаларында орыс тілі арқылы енген сөз үлгілерін де, ара-тұра орыс тіліндегі мақалдарды да орынды қолданғаны байқалады. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы ислам дінінің рухани мазмұндағы идеяларды зерттеу үстінде, олардың орыс-еуропа әдебиетіне ықпалы зор болғанын да тақырыптың өзектілігін айқындайды. Шығыс руханияты: Қазақ жұрты мен Еуропаға ашылған тең терезе болды. Екіншіден, орыс мәдениеті де қазақ мәдениетін көне түркі ауыз әдебиеті арқылы білді. Одан кейін, шығыс әдебиетіне де ден қойды. Түркі мәдениеті де орыс-еуропа зиялыларын, жиһангездерін бей-жай қалтырмағаны тарихтан бізге мәлім. Тіпті, ағылшын әдебиеті өкілдерінің кейбірінің шығысқа табынғаны олардың өлеңдерінің діни мәні мен мазмұны Мәшһүр-Жүсіп өлеңдерінің идеясымен үндесіп келетіні де тақырыптың өзектілігін айқындайды. Бүгінгі күні исам дінің өзі түрлі ағымдарға бөлініп, басқа діни өкілдер қазақ жастарын әр түрлі діни секталарға тартып жатқаны ешкімге құпия емес, сол сияқты жанкештілер пайда болып, ел ішіне іріткі салуда, осы тұрғыдан алғанда: қазақ, орыс-еуропаға ортақ діни әдеби үндестігі (ислам, христиан) олар діни пайғамбарлар арқылы: Ыбраһим, Мұса, Иса (Ғайса) немесе, Исаның (Құранда Ғиса-Ә.А.) анасы Мариям анаға деген құрмет те әдебиетте танылып, бауыр (бартье) ортақ құндылық екендігі де ашылып, тақырыптың өзектілігін айқындайды. Сондықтан да ислам діни әдебиеті де, христиан әдебиеті де адамзат баласын діні мен тіліне, нәсіліне бөлмей, барлығын бауырым деген. Сондықтан да, үш мәдениеттің тоғысқан әдеби байланысы да Мәшһүр-Жүсіп шығармалары арқылы ашылады. Шорманның Мұсасы: «үш тілді білсең, үш жұрттың мәдениетін білесің» - деген.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. XIX ғасырдағы Қазақстандағы орыс-еуропа руханияты мен әдеби-мәдени хал-ахуалдың жалпы сипаты. Мәшһүр-Жүсіптің шығармашылық лабораториясына деңдеп ену арқылы, оның қалыптасу арналарын анықтау: ол-орыс (еуропа) кейбір діни руханияты мен әдебиеті, мәдениеті болып табылады. Мәшһүр-Жүсіптің орыс-еуропа руханиятын тануы не керісінше, орыс (еуропаның) ақынның шығармашылығымен танысуы болып табылады. Қазақ-шығыс, орыс-еуропа діни рухани, әдеби-мәдени үндестігін шешу үшін Мәшһүр-Жүсіп шығармаларынан теріп алынған мысалдар мен С.Торайғыров, С. Дөнентаев, Қ.Кемеңгеров, М.Жұмабаев, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Бунин, неміс - И.В.Гете, салыстырмалы түрде ағылшын: Вильям Блейк, Джордж Гордон Ноэль Байрон шығармаларындағы рухани үндестігін зерделеу. Мәшһүр-Жүсіп мысалдары мен орыс-еуропа мысалдарының ұқсас сюжеті мен үндестігін анықтау;

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің артында қалған мол мұрасындағы **орыс (еуропа)** әдебиетімен рухани үндестігі тұңғыш рет әдеби тұрғыдан игеріліп, мәдени тілдік байланысты деректер, белгілі бір жүйеге түсіп, нақты дереккөздермен, мәліметтермен дәлелденді. Рухани ортақ құндылықтар үндестігіне: дін (ислам, христиан), діни кітаптар Құран, Інжіл, Тәурат, Зәбур, түрлі әдеби теориялық құбылыстар, әдеби-мәдени көркемдік ерекшелігін ашатындай екі жаққа бірдей мысалдар т.б. алынды. Зерттеуде орыс-еропа шығармаларындағы Алла, Құдайды жырлауда үндестік бар, екіншіден-пайғамбарлар (Ыбырайм, Мұхаммед, Мұса, Иса, Мариям ана т.б.) сипаттарын бейнелеуде сабақтастық бар, үшіншіден-сюжет төркіндестігі ашылды, төртіншіден-бейнелеу құралдарының өзектестігі анықталды. Қазақ мәдениетімен орыс-еуропаны XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында рухани байланыстырып тұрған **алтын көпір ежелгі «шығыс»** мәдениеті, нақтылап айтқанда **ислам дін** ғана болып қоймай, (сопылық) **ішін-ара христиан қағидалары да** (сыртқы формасы басқа болғанымен мәні мен мазмұны бір) қазақ әдебиетінде де кездесетіні жаңалық деп бағаланады. Мәшһүр-Жүсіп, С.Торайғыров, С. Дөнентаев, Қ.Кемеңгеров, М.Жұмабаев, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Бунин, И.В.Гете, салыстырмалы түрде ағылшын: Вильям Блейк, Джордж Гордон Ноэль Байрон шығармаларындағы өзекті ортақ тақырыптары: Тәңір (Небесный), Алла (Всевышный), Құдай (Бог), Пайғамбар (Пророк) екендігі мәлім болды. Ибраһим, Мұса, Мұхаммед, Иса (Ғайса), Дәуіт (Давид), Сүлеймен (Соломон), Мариям ана, (Мешіт, Ширкеу, Қағба, Мекке, Мәдина) т.б. адамзатты тек қана ізгілікке ал, шайтан, тозақ т.б. адамзатты жаманшылыққа азғыратыны мысалдармен дәлелденді. Ең бастысы қарындастар (сестры), бауырлар (бартье) екі дінге де ортақ қасиет екендігі әдеби талдауда нақтыланды. Тағы бір ортақтық орыс-еуропа шығармаларында кездесетін түркі, араб, парсы сөздері. Және де қазақ-шығыс, орыс (еуропа) мысалшыларының негізгі қазығы адам (жағымды, жағымсыз) бейнелер әрекеттері де, мысалға алынған аң, құс т.б суреттеуде өзара ұқсас болып рухани жағынан жақын, үндес болып келеді. Пайғамбарлар орыс-еуропа әдебиетінде көбіне романтикалық бейненің әрекетімен ұштасып жатса, қазақ-шығыста романтика-реалистік (бірінің негізінде бірі) кездесетіні жаңалық ретінде ұсынылды. Орыс-еуропа әдебиетіндегі қиялғажайып, мифтік, философиялық мазмұнды шығармалардағы діни бейнелер көбіне романтизм ағымына жатқызылады да, қазақ әдебиетінде романтика-реалистік ағымға жатқызылатыны мәлім болды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Тақырыптың теориялық маңызы зерттеудің өзектілігінен көрінеді. Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар ең бірінші осындай зерттелімдердің әдебиеттік методологияның дұрыс қалыптасу сипатын айқындайды. Зерттеу анықтағандай әдебиеттегі бұндай тәсілдер ішін – ара Абай, Ыбырай, Шоқан шығармаларына қатысты айтылған еді. Оның өзінде Пушкин, Лермонтов, тіпті Бунин шығармасына байланысты шығыс әсері, рухани діни үндестік деген мүлдем айтылмады. Ал «пайғамбар» тақырыбы мүлдем жабық болды. Орыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне әсері, ықпалы дегеннен әрі аспады. Шығыс әдебиетінің, мәдениетінің орыс-еуропа әдебиетіне әсері деген сөзге (тақырыпқа) тоталитарлы режим кезінде тыйым салынды. Қазір белгілі болғандай Байрон (Восточных поэм), Пушкин (Недавно бедный мусульман), Лермонтов («Демон» восточная повесть) шығысқа табынды, мұсылмандарды, құранды насихаттады. Бұның сыртында «Демон» тақырыбын зерттеуге, оны қазақ әдебиетіндегі «Шайтан» тақырыбымен ұластыруға әкелер еді. Мәшһүр-Жүсіп те бұл – тақырыпқа бірнеше өлеңдерін «Шайтанның саудасы» т.б. дастандарын арнады. «Ангел» (перште) тақырыбы да өзекті. Ал Лермонтовтың «Казачья колыбельная песня» өлеңі қазақтың көне дәстүрінен сыр береді. Кейбір шығармалар сюжеті шығыс поэмасынан алынды. Осындай мазмұны сәйкес оқиғаларды Мәшһүр-Жүсіп шығармалары арқылы талдап, зерттеу жұмыстың теориялық маңызын, оның салмағын қаншалықты артылған жүгін көрсетер еді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы. Зерттеу жұмысының нәтижесінде: бұрынға «Қазақ-шығыс және орыс-еуропа әдеби байланысы (Мәшһүр Жүсіп шығармалары бойынша) 2007 жылғы, Оқу әдістеме құралын кеңейтіп, толықтырып, «Монография» шығаруға; Диссертацияның кейбір қағидаларын ПМУ факультеттерінде жүретін «Мәшһүр-Жүсіп мұрасы», «Мәшһүртану» курстарында қолдануға; Немесе, Павлодар облысының мектептерінде қолға алынған «Мәшһүртану», «Машһуроведение» курстарында жүргізуге, қолға алынған істі жалғастыру болып табылады.

Зерттеудің әдістері мен тәсілдері. Диссертацияда диахрондық-синхрондық салыстырмалы әдіс қолданылды. Тарихи деректерді екшеу әдісі де пайдаланылды. Әсіресе, әдеби зерттеуде кеңінен қолданылып жүрген әдістердің бірі – түп нұсқадан (қазақша, орысша, ағылшынша,) нақты мысалдарды іздеп тауып қолдану әдісі тиімді болды.

Зерттеудің дереккөздері. М-Ж. Көпеевтің «Хал - ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі?», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» Казань. Книжный магазинъ. Н-въ. Хусаиновыхъ. Электоро типо-литографія шарафъ. Императорского университета. 1907 г; «Хал - ахуал» Частной русской типографія Б.Л. Домбровского. 1912 г; Қ.П. Жүсіп қолындағы «Әулеттік» мұрағаттар, М-Ж. Көпеевтің шығармалар жинағының Таңдамалы (Екі томдық жинағы) –А., Ғылым, 1990; (Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері).

–А., Ғылым, 1992; Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 1-13 томын, Мәшһүртану ғылыми – практикалық орталығындағы Мәшһүр Жүсіп, жиені Жолмұраттың, ұлы Мұхаметфазылдың, Иманғали Мәненов, Омар Иманбековтің қолжазбалары, Мәшһүртанушылар ф.ғ.д., профессор Қ.П.Жүсіп, А.Қ. Тұрышев, Н.Қ.Жүсіп, ф.ғ.к., Г.Қ.Жүсіпова, Ертай Қ. Жүсіп, т.ғ.к., доценттер Л.Қ.Жүсіпова, Естай Қ.Жүсіп, ф.ғ.д., профессор С.Н. Сүтжанов монографиялары, ғылыми мақалалары, авторефераттары басшылыққа алынды. Ф.ғ.д., профессор ҰҒА акаедмигі С. Қасқабасовтың., Р. Нұрғалиевтің, профессорлар С.Негімовтың., С.Дәуітовтың, Д.Қамзабектің т.б. мақалалары басшылыққа алынды. Орыс-еуропа ақын-жазушыларының да еңбектері, мысалдары оқылып, керек жерінде тиісінше пайдаланылды. Мәшһүр-Жүсіптің конференцияларына қатысып, ғылыми баяндама жасап, мақалаларын тапсырған Л.Гумелев атындағы Еуразия университетінің ғалым-әдебиетші мамандардың Мәшһүртану ғылыми – практикалық орталығындағы архивте сақталған матариалдары оқылып, кейбірі сілтеме ретінде алынды.

Зерттеудің нысаны. Қазақ-шығыс және орыс-еуропа әдеби байланысын анықтау. Оларды не, және қандай әдеби-тілдік, рухани-мәдени (ислам, христиан) мүддесі байланыстырып тұруы мүмкін?. Мәшһүр-Жүсіп т.б. шығармаларында осы аталған байланыстырушы деректер (тетіктер) бар ма? Бар болса, соны ішін-ара салыстырып отыру.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

- Қазақстанға орыс (еуропа) руханияты, әдебиеті мен мәдениеті шыны керек орыс империясының отаршылдық әрекетінің нәтижесінде де келгені анық, оны теріске шығаруға болмайды;

- Қазақ әдебиеті де шығыстан нәр алды; Жасыратыны жоқ орыс (еуропа) әдебиетінен де үйренді; Абай: «Шығысым Батыс боп кетті» дегенде осындайдан айтқан;

- Абай, Ыбырай, Шоқан салған сара жол олар достасқан достық жалғасын әлі де табуда; Мәшһүр-Жүсіп бұл орайда, орыс империясын ашық сынау бақытына ие болды, бірақ, шығармаларында орыс халқын қаралаудан аулақ екендігі байқалды;

-Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын да орыс (еуропа) ерте таныды;

- Қазақтар-негізінен мұсылман дінінің сүниттік тармағын ұстанған, ғасырлар бойы қалыптасқан бай мәдениеті бар халық. Қазақ халқының тілі, дәстүрі мен ділі (менталитеті) – шығыстық, ол-Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында да ішін-ара орыс-еуропа шығармаларында да көрініс тапты;

- Мұсылман діні – адам баласын діні мен тіліне, нәсіліне бөлмей, барлығын бауырым, қарындасым деп бағалайтын бірден-бір әлемдік дін, қазақ ақындарының өлеңдеріне арқау болғаны, нақты мысалдармен дәлелденді;

-Қазақ әдебиеті де ықпал еткен ислам мәдениеті арқылы, әлемді қамтыған екі дүниенің (материалды, рухани) әсіресе, діни рухани құндылықтардың арасына шек қоймайды, жалпы ғалымды (ислам, христиан т.б.) тұтас дүние деп қарастырады;

-Қасиетті кітаптар адамдарды тек қана изгілік мұраттарға шақырады. Ғайса (Иса) (Иисус Христос) қазақ әдебиетінде, ақындардың шығармаларынан орын алып, екі діни (ислам, христиан) әдебиетіне де ортақ бейне екендігі ал, Ибраһим алаейһиссалам көктен түскен үш діннің – иуда, христиан және мұсылмандықтың ортақ атасы болып есептелетіні дәйектелді; Мұсылман Мұхаммед пайғамбарға, Мұса мен Исаға, Мәриам анаға христианнан кем құрмет көрсетпейді; Сол сияқты, Хазіреті Мұсаға да сенімі мен сезімі иуда діні өкілінен кем соқпайды;

- Шығыс әдебиеті қазақ әдебиеті мен орыс (еуропа) жалғастырып келе жатқан алтын көпір іспетті; «Пайғамбар» тақырыбы және де ислам құндылықтарының кейбірі тек қана орыс-еуропа емес, ішін ара салыстырмалы түрде ағылшын әдебиетімен де рухани үндесетіні анықталды;

- Мәшһүр-Жүсіптің мысалдарын зерттегенде, орыс-еуропа мысалшыларымен алған тақырыбы да, идеясы да, екіге жарылған бейнелердің мұңы, тағдыры жағынан үндесіп келеді.

Зерттеудің ғылыми нәтижелері:

- Көне Грек ғылымы мен философиясы еуропаға ислам өркениеті арқылы жетті. Еуропа математиканы, геометрияны, философияны, медицинаны, асторномияны, химияны, архитектураны, әдебиетті, географияны т.б. мұсылман өркениетінен қабылдап алғанынына көз жеткіздік;

- Қазақстандағы орыс-еуропа мәдениетінің ықпалы кеңестер дәуірінің салқынымен жазылған еді, енді рухани діни байланыс қазіргі заман тынысымен қарастырылды;

- Мәшһүр-Жүсіп орыс-еуропа мәдениетін, дінін, әдебиетін, географиясын т.б. өте терең білгені және эзотерикалық терең білімі болғандығы дәлелденді;

- Мәшһүр-Жүсіп шығармалары орыс-еуропа жұртына да ертеден мәлім болғаны деректермен расталды;

- Қазақ пен шығысты және орыс – еуропаны рухани байланыстырған алтын көпір ол – ежелгі шығыс әдебиеті екендігі бағамдалды;

- Діни кітаптар Құран, Інжіл, Тәурат, Зәбур кейбір сюжеттер желісінде ортақтық бар, Ыбырай, Мұхамамед, Мұса, Иса, Мариам ана, Дәуіт, Сүлеймен т.б. пайғамбарлар адамдарды изгілікке, адамгершілікке үндейді;

- М-Ж. Көпеев, С.Торайғыров, С. Дөнентаев, Қ.Кемеңгеров, М.Жұмабаев, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Бунин шығармаларындағы рухани үндестік анықталды;

- М-Ж. Көпеев, неміс-И.В.Гете, ағылшын Вильям Блейк, Джордж Гордон Ноэль Байрон, шығармаларындағы рухани үндестік дәлелденді;

- Қазақ-шығыс, орыс-еуропа ақындарының қай-қайсысында болмасын: Алла, Тәңір, Құдай, Ибраһим, Мұхаммед (Могомед), Мекайл, Исрафил, Жәбірейіл (шестикрылый серафим-Пушкин), Ғазірейіл періштелер, Құран, Інжіл, Таурат, Зәбур, Мұса, Ғайса (Айса, Иса, Иисус Христос), Дәуіт (Давид), Сүлеймен (Соломон),

Мариям, т.б. діни бейнелер, заттық айғақтар: демон (шайтан), ангел (періште), жұмақ (в рай), тозақ (в аду), мешіт, шіркеу, Мекке, Мадина, қағба т.б. көне түркі және шығыс сөздерінен труп, бақшасарай, қағба, яшма, эйнап (жүзім), шарап, чаша т.б өте көп ұшырасады;

- Романтизм мен реализм діни бейнелерге қатысты мәселелерді зерттеуге келгенде қажетті жерлерінде талданды: орыс-еуропа әдебиетінде көбіне діни бейнелер бір жақты романтизмге жатқызылатыны ал, қазақ-шығыс әдебиетіндегі діни бейнелердің бойында романтизм мен бірге реализм де өмір сүретіні әспеттелді;

- Мәшһүр-Жүсіп мысалдарының орыс-еуропа мысалдарымен рухан үндестігі тұжырымдалды;

Зерттеу жұмысының талқылануы мен мақұлдануы. «Алтын заң» - халықтар достығының кепілі (Қазақстан Республикасы «Алтын заңының» 10 жылдығына арналады) // «Тарихшы және тарих: Қазақстандық тарих ғылымдарының – тар жол, тайғақ кешуі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференциясының материалдары. Павлодар, 2005 жыл. –Б. 408 – 448; «Назарбаев дәуірі» және қазақ әдеби тілінің даму тенденциясы // «Мемлекеттілікті нығайту жағдайындағы тілдердің қызмет аясы мен дамуы» атты ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 1 том. Павлодар, 13 желтоқсан. 2005 жыл. –Б. 110-118; Тіл – Адам қарым – қатынасының аса маңызды құралы //«Мемлекеттілікті нығайту жағдайындағы тілдердің қызмет аясы мен дамуы» атты ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2 том. Павлодар, 13 желтоқсан. 2005 жыл. –Б. 205-212; Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп: дәуірі бір тұлғалар, шығармашылық жолдары // Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті. «Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын зерттеудің өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми – теориялық конференциясының метериалдары. 30-31 наурыз, Семей, 2006 жыл. –Б. 174-182; Қазақ және орыс (еуропа) әдебиеті байланысы (Мәшһүр-Жүсіп шығармалары бойынша) // Магистрлық диссертация. С. Торайғыров атындағы ПМУ. Қазақ филология кафедрасында қорғалды. Павлодар, 1 шілде, 2006. 70 б; Асыл жақ. (Магжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгеров, Мәшһүр-Жүсіп, Пушкин, Лермонтов, Бунин шығармаларындағы үндестік) // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минстрлігі., С.Торайғыров атындағы ПМУ. «ІІІ Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, **3 том**. Павлодар, 2009. –Б. 263-292; Туынды жақ. (Вильям Блейк, Джордж Гордон Ноэль Байрон, Гете және Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы үндестік) // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минстрлігі., С.Торайғыров атындағы ПМУ. «ІІІ Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, **3 том**. Павлодар, 2009. –Б. 292-321; Күншығыс жақ. (Мәшһүр-Жүсіптің шығысты тануы) // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минстрлігі , С.Торайғыров атындағы ПМУ. «ІІІ Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, **3 том**. Павлодар, 2009. –Б. 357-361; Мәшһүр-Жүсіп және Вильям Блейк, Джордж Гордон Ноэль Байрон, Гете. // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минстрлігі , С.Торайғыров атындағы ПМУ. «ІІІ Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, **3 том**. Павлодар, 2009. –Б. 362-390; Мәшһүр-Жүсіп, Мағжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгеров және Пушкин, Лермонтов, Бунин. // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минстрлігі., С.Торайғыров атындағы ПМУ. «ІІІ Торайғыров оқулары» атты халықаралық конференция материалдары, **3 том**. Павлодар, 2009. –Б. 390-419; Ә.А.Тұрышев. Мағжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгеров және Пушкин, Лермонтов, Бунин // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минстрлігі., С.Торайғыров атындағы ПМУ «ІІІ Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Том 3., Павлодар 2009 ж. –Б. 390-419; Ә.А. Тұрышев. Мағжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгеров, Мәшһүр-Жүсіп және Пушкин, Лермонтов, Бунин. // Ертіс дидары. Павлодар облыстық қоғамдық газеті. №10 (90) 2009. 26 қазан. –Б. 13; Ә.А. Тұрышев. Мағжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгеров, Мәшһүр-Жүсіп және Пушкин, Лермонтов, Бунин. // Ертіс дидары. Павлодар облыстық қоғамдық газеті. №11 (91) 2009. 23 қараша –Б. 12-13; Ә.А. Тұрышев. Мәшһүр-Жүсіп мысалдарының зерттелуі және орыс-еуропа мысалдарымен үндестігі// ҚР. БҒжМ. ҰҒА. Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. №6 (178) –Алматы, «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. Қараша – желтоқсан –Б. 46-53; Ә.А.Тұрышев. Мағжан, Қошке, Мәшһүр-Жүсіп және Пушикн, Лермонтов, Бунин //Ұлағат. №6. 2009 жыл. Қараша – желтоқсан. –Б. 41-55; Ә.А.Тұрышев. Сұлтанмахмұт және орыс (Еуропа) шығармаларындағы діни сарындар // Қазақ тілі мен әдебиеті. №12. 2009 жыл. –Б. 6-13; Ә.Тұрышев. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы өзге ұлттың мәдениеті. // ПМУ хабаршысы. Филологиялық серия. С. Торайғыров атындағы ПМУ., Ғылыми журналы. №3` 2009. –Б. 159-168; Және диссертацияның қорытынды нәтижесі «Қазақ-шығыс және орыс -еуропа әдебиеті байланысы (Мәшһүр - Жүсіп шығармалары бойынша)» Оқу әдістемелік құралы жарық көрді. Павлодар, 2007 жыл, 87 б. Л.Гумелев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасынан 2010 жылы талқылаудан өтті.

ӘОЖ 809, 434,2 (075.8)

МӘШҺҮР-ЖҮСІП МҰРАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТЫ (10-ТОМЫ ХАҚЫНДА)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Президент Н. Назарбаевтің: «Мәдени мұра» бағдарламасының халықты серпілтіп, жер – жерде үлкен қозғау салғаны, осы бағытта облыстарда да игілікті шаралардың атқарылып жатқаны қуантады. Бұл бастама еліміздің

рухани түлеуінің басы деп ойлаймын. Сондықтан облыстар да қолға алған шараларды жеріне жеткізіп, бастаған істерін жалғастырғаны жөн. Қазақстанның тарихы, әр ауылдың, әр өңірдің ауыз әдебиетін, тарихын зерттетіп, жаздыру арқылы кітап етіп шығару керек» - деген ұлағатты сөзіне біз қатты қуандық. Өйткені, бастаған ісімізді аяғына дейін жеткізуге мүмкіндік туды.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің мол мұрасын игеру, қолжазбаларын араб, парсы қарпінен, қазіргі әліпбиге аудару одан кейін том – том қылып шығару оңай шаруа емес. Бұл – салада С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Мәшһүртану ғылыми – практикалық орталығының игі істерін атап өтуге тұрарлық.

Елбасы өткізген «Мәдени мұра» бағдарламасына байланысты алқалы жиында ф.ғ.д., профессор Ақселеу Сейдімбеков біздің ұжымның атқарып жатқан істерін атап өтіп, бұрынғы ректор Е. Арынға арналған бір ауыз жылы сөзін оқып қатты риза болдық. «Жақсының жақсылығын айт, ырысы тасысын» деген ғой осы келелі шаруаның басы – қасында жүрген ақылшымыз ақын немересі ф.ғ.д., профессор Қуандық Жүсіп әулетін айрықша атап өткенді өзіміздің азаматтық парызымыз деп есептейміз.

Мәшһүр-Жүсіп шығармалары жоғары оқу орындарының оқытушы, профессорларына, зиялы қауымға тегін таратылып жатыр. Ондағы мақсат Мәшһүр-Жүсіп мұрасын кеңінен насихаттаудан туған ой еді. Бүгінгі таңда ақын шығармалар жинағының 13 томы жарық көрді. Егер де 2008 жылы Мәшһүр-Жүсіп таңдамалы өлеңдері орыс тіліне аударылып 1 томы оқырманның қолына тисе, ағылшын тіліне аударылып 1 томы баспаға тапсырылған еді. Төмендегі дерекпен салыстырыңыз. «Мәшһүр-Жүсіп» тұлғалық энциклопедиясының сөзтізбесі жазылып бітті. «Мәшһүр-Жүсіп» энциклопедиясы жарыққа шықты. Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығы жайында жазылған материалдар 10 папка көлемінде жиналып, тасқа басылып дайындалды. «Мәшһүр-Жүсіп қолжазбалар сипаты» (Ислам мәдениеті) 5 томы да жуықта баспадан басылып шығады. Ал мәшһүртанушылардың шығарған монографиялары, оқулықтары, оқу әдістемелік құралдары жиыны 200 шақты болады. Ең бастысы, ақынның - жанында қонақ үйі бар, кесенесі бой көтерді. Мәшһүр Жүсіптің жинаған мол мұраларын игеру жұмысы мұнымен тоқталмақ емес. Алдымызда қыруар жұмыстар күтіп тұрғанын да жүрегімізбен түсінеміз.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын баспаға дайындаған сайын таңқалумен келеміз. Академик М. Қаратаев: «Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларының ішінен белгісіз ақын аударған Пушкиннің кейбір өлеңдері шықты» - дейді (Туған әдебиет туралы ойлар, 1958: 117 бет). С. Дәуітов Мәшһүр-Жүсіптің Л.Толстой, А.Пушкин, М.Лермонтов шығармаларымен таныс болғанын жоққа шығармайды. Біздің де бұған көзіміз әбден жетті. Қолжазбаларды аударған сайын тың жаңалыққа кезігіп отырамыз. Ақын – Белинский, Дарвин, Затаевич т.б., қытайдың Конфутциін, шығыстың әдебиетін, орыс (еуропа) әдебиетін мейлінше сусындап, орыс мысалшыларының мысалдарын қазақша нұсқасына келтіріп жазғанының куәсі болдық. Кеңестер одағының бас саясатшысы Соломенцовтың баяндамасында Мәшһүр-Жүсіптің шығармашылығына кеңестік дәуірдің көзқарасымен баға берілгені тегін емес еді. Жиені Жолмұрат Жүсіптің кезінде бірінші хатшы болған Л. Брежневке бірнеше рет Мәшһүр- Жүсіптің дайындалған шығармаларының неге жарыққа шықпай жатқаны жөнінде жазған хаттары жүр т.б. Бұл - ақынның қаншалықты халыққа етене жақын болғанынан хабар береді.

Ең алғаш мәшһүртанудың негізін 1919 жылы қалаған С. Садуақасов Мәшһүр-Жүсіпті жаңа сападағы қазақ әдеби тілін қалаған Абаймен қатар қоюы да тегіннен - тегін емес болатын. Мәшһүр-Жүсіп Абайды, Шәкәрімді өте жақсы білген, Құнанбайды қатты сыйлаған. Жалпы, Абай өлеңдеріне тәнтті болған, өзіне үлгі - өнеге қылғандығы байқалады. Тіпті, арыға барсақ 1905 жылғы орыс – демократтық төңкерісіне Абай да, Мәшһүр-Жүсіп те бей-жай қарамағаны байқалады. Мысалы, екеуі 1902 жылы хабар – ошар алысып, хат жазысып тұрғанын біреу біліп, біреу білмеуі мүмкін. Жалпы, ағартушы демократтар қазақ зиялыларын да өздерінің істеріне тартқанға ұқсайды. Ақын жайындағы қысқаша деректер осындай.

Мәшһүр Жүсіп қазақ тарихының білгірі

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының оныншы томында қазақ шежірелері қамтылған. Негізінен ел аузынынан жинап, қолжазбаға түсірген нұсқалары. Шежіре әрине, қазақ тарихының кейбір мәселелерін шешіп бере алмайды. Өйткені ауызша жеткен шежіреде әр көшіруші өз атасын асыра түсуі мақтауы да мүмкін. Кез келген шежіре ары кеткенде 30-34 атаға дейін баруы мүмкін. Ал, одан кейінгі арғы жағында шежіре болмады ма деген заңды сұрақ туады. Шежіре болған. XIV-XV ғасырда ноғайлы дәуірінен қазақ біріге жүріп бөлінгеннен кейін өз шежірелерін қайта жазғанға, таратқанға ұқсайды. Бұған дейінгі шежіре қым-қуыт шатасып, бірінің атасын бірі білмей кеткен сияқты. Ауызша жеткен тарих та кейбір тарихи дәлдікті сақтай бермейді. Мысалы, бір атаның аты, басқа атаның ішінде жүр, не сол таратып отырған аталардың жасы кіші болса да үлкен ата сияқты айтылып жүреді. Одан кейін шежірені тарата бастаса-ақ болды әркім өз атасын не батыр, не асқан бай, би болған деп шығады. Сонау өткен замандағы атасы түгіл, бергі жеті атасын түгендей алмай жүргендер қаншама. Демек, XV ғасырдан арғы шежіреміз бұлдыр. Жалпы, шежіре туралы аз жазылып жүрген жоқ. Енді ақынның он томдық шығармалар жинағына тоқталайық. Мәшһүр-Жүсіп шежіресі де қатып қалған қағида емес, ел аузынан хатқа түсірілген нұсқалары. Бірақ, Мәшһүр-Жүсіптің естігенін естіген күйінде қағазға түсіру тәсілін ескерсек, онда ол барынша тарихи деректерді дәл, кісі аттарын, жер-су атауларын негұрлым нақты түсіруге тырысқанын байқауға болады. Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаға аса ұқыпты болған. Алған мәліметтерді кімнен алды, қай күні алды, алғанда қандай уақиға болды бірін қалтырмай жазып отырған. Және де «жеті ата» деген мәселеге келгенде аса сақтық пен дәлдікті танытқан сондықтан да, шежіренің бірнеше нұсқасын ерінбей, жалықпай көшіре берген. Ел ішін көп аралап жүрген Мәшһүр-Жүсіп бір атаның шежіресін дұрыс таратпаса дауға өзінің басы қалатынын жақсы түсінген.

«Шежіре» және қолжазбаларды жинаушы авторлар кімдер?

Мәшһүр Жүсіп шығармалар жинағының 10 томын араб жазуынан аударып, ғылыми түсінігін беріп, құрастырып, баспаға әзірлеген Мәшһүртану ғылыми – практикалық орталығының аға ғылыми қызметкері болған Естай Жүсіп. Мәшһүр Жүсіптің атақты «Мес» жинағындағы қазақ шежіресінің сегіз нұсқасы мынандай:

Қазақ шежіресі (бірінші нұсқа) ОҒҚҚҚ (орталық ғылыми кітіпхананың қолжазбалар қоры). Мәшһүр Жүсіп жазбасы №1177 – папка мәтіні.

Қазақ шежіресі (екінші нұсқа) ОҒҚҚҚ, №1178 – папка мәтіні.

Қазақ шежіресі (екінші нұсқа) ОҒҚҚҚ, №1178 – папка мәтіні.

Қазақ шежіресі (төртінші нұсқа) ОҒҚҚҚ, №1176 – папка, 1176, 1178, ішін ара мәтіндері қолданылған.

Қазақ шежіресі (бесінші нұсқа) ОҒҚҚҚ, №1170 – папка мәтіні.

Қазақ шежіресі (алтыншы нұсқа) ОҒҚҚҚ, Қ.П. Жүсіп әулеттік мұрағатының және ОҒҚҚҚ, №1171 – папка мәтіні.

Қазақ шежіресі (жетінші нұсқа) ОҒҚҚҚ, Қ.П. Жүсіп әулеттік мұрағатының және ақынның жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1894-1977) қолжазбалары.

Қазақ шежіресі (сегізінші нұсқа) ОҒҚҚҚ, Қ.П. Жүсіп әулеттік мұрағатының және ақынның кенже ұлы Мұхаметфазыл (1890-1969) қолжазбалары.

Мұның сыртында Иманғали Маненов, Ә. Марғұлан, Т. Алдабергенов т.б көшірмелері пайдаланылған.

Ал осы қолжазбалар көшірмелері барлығы жинақталып, жүйеленіп, ксерокөшірмелері жасалып, төмендегі үш ғылыми орталықтарға тапсырылды:

1 Алматы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорына;

2 Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Отырар» кітапханасы ғылыми орталығына;

3 С. Торайғыров атындағы ПМУ-і Мәшһүртану ғылыми – практикалық орталығындағы барлық қолжазбаларды (кейін жиналған материалдарды) Академик «С. Бейсенбаев» атындағы ПМУ-дің ғылыми кітапханасына 2013 жылы тапсырдық (жиыны 100 пакадан асады).

«Шежіреде» түркі көне сөздің қоры сақталған

Мәшһүр-Жүсіп шежіресінен ең бірінші тілдік материалдар көзін сүзіп алуға болады. Тілшілерге бұл – таптырмайтын жадығат. Түркі тілінің негізі де шежіреде жақсы сақталған. Әсіресе, этнографиялық, этнолингвистикалық мол мағлұмат алуға болады. Олар: тұрақты тіркестер, фразеологиялық тіркестер, мақал мен мәтелдер, жұмбақтар, жер – су, өзен – көл, тау, қырат, мола - зират, өсімдік, жәндік, шыбын-шіркей, аңқұс, тағам, ат әбзелдері, киіз үй жабдықтары, қару-жарақ, өсімдік түрлері, ыдыс–аяқ, киім, құрал жабдықтар, ұстаның саймандары, мифтік атаулар т.б. толып жатқан лексемалар кездеседі. Бір ғана ономастикалық атауларды талдап, зерттесе қаншама тілдік мәлімет алуға болар еді.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының тілі автономды болған жоқ, сол уақыттағы XVIII – XIX ғасырдағы Ыбырай, Абай, Шоқан т.б. тілдерімен ұқсас келеді. Өйткені, Мәшһүр-Жүсіп сол уақыттағы қолданылған тілден өзге тілді қолданған жоқ. Мысалы «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» газеттерінің тілі де ақын тілімен бірдей. Мәшһүр-Жүсіп тілін зерттегенде белгілі бір ғасырда өмір сүрген дәуір тілін ғана зерттеген дұрыс емес, сол ғасырға дейінгі сонау «Көне ескерткіштер тілін», «Орта ғасыр» жадығаттарының тілінен бастап сүзіп шығып, салыстырмалы түрде зерттеген абзал. Әрине, Мәшһүр-Жүсіп шығармаларына фольклор және ауыз әдебиетінің үлгілерін де жатқызып жүрміз. Бұл арада айқындап алатын мәселе, осы - дүниелер шынында ауыз екі тілде жеткен халықтікі, бірақ та, көшіргеннен кейін жанама болсын Мәшһүр- Жүсіп авторы болып табылады. Неге десеңіз, бұл - дүниелердің ауызекі тілден кейін жетіп, қағаз бетіне түскеннен кейін әдебиеттенген нұсқасын жасаған, автор болып табылады. Сондықтан да кейбір жадығаттардың ішінен тілдің көне нұсқалары онша ұшыраспайды, бергі әдеби тіл нормасына салып көшіріп жіберген дүниелер де кездеседі. Мәшһүр-Жүсіптің тілі алдыңғы жадығаттардың тілінен несімен артық дегенде, ақынның қолданысындағы ең алдымен фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік мәселеге жіті назар аудару керек. Абайда бар морфологиялық тұлғаларды Мәшһүр-Жүсіп қалай қолданған, сөздердің байланысы қалай жасалған өзгерістер бар ма, мінекей осындай тілдік өзгерістер болса онда ол – ақынның өзінің тілдік стилі болып табылатыны сөзсіз. Ал енді бірінде бар, бірінде жоқ тілдің бір саласы ол – лексика. Лексика – сөз байлығы, олай болса ақын қазақ тіліндегі барлық сөзді қолдану мүмкін емес. Демек, қолданыс тапқан көне этномәдени лексика арқылы ақын шығармаларының тіл деңгейін анықтауға болады деп ойлаймыз. Мәшһүр -Жүсіп шығармаларының барлық томының тілін зерттеп жазатын болсақ бірнеше монография болар еді.

Сондықтан да, мәшһүртанушыларға бағыт - бағдар беру мақсатында 10-шы томының кейбір тілдік мәселелеріне ғана қысқаша шолу жасғанды жөн көрдік:

Кірме сөздер: Иван Семенович бір полковой, историясында, указ, резина, расход, доверный, Захар Крышков, остатка, нолог, съезі, исполком председатаелі т.б.

Шылаудар: иа, һәм, илә, ләкин т.б.

Мақал – мәтелдер: Сүтке сүт қосылса, сүмесін (суымасын), сөзге сөз қосылса, демесін; Өзбек болса өз ағам, сарт садағам; Түгел сөздің түбі бір, Түп атасы Майқы би; Ұры қартайса, сушы болады, Шал қартайса, жасындағы көрген-білгенін былшылдап, ертекші болады; Сыйынбасам, маған серт, қолдамасаң, саған серт. Сарт болсаң, садағам кет!; Төре жоқта Тарақты төре болуға жарайды; Ит жаманы барақты, ел жаманы Тарақты; Қыздан туғанның қиығы жоқ; Алғыс түбі – ақ май, қарғыс түбі – қара қан; Қой асығы деме, қолайыңа жақса

сақа қой, Жасы кіші деме ақылы асса аға қой; Балалар қаңтар болмай, қарға жарымассыңдар, қажы көбеймей, дауға жарымассыңдар; Құдық түбі шыммен бекіп бітеледі, дау аяғы қызбен бітеді; Жалғыздық бір Құдайға жарасқан, одан басқаға жараспаған; Айбикенің аулына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон; Қараға қонғанша, далаға қон, далаға қонба, молаға қон; Жүйріктің тері кеппес, сұлудың жидіген қара елтірісі кеппес; Жақсы кезеңге таласады, жаман отыратын орынынан адасады; Жақсылар басын қосқанда әңгімені кезек-кезек айтса, осында жарасады; Екі жақсы ірікпес, екі жаман бірікпес т.б.

Фразеологиялар: пұшпағы қанамай, оң жақта отырып, нөқта ағасы болған, жеті арыс ел, айыр көмей, темір жақ, асықты жілік ұстатып, іш қазандай қайнайды, сүттей ұйып, қатықтай қатып тұра алмайды, сүйек шатыс т.б.

Көне түркі лексикасы: ұстың, сабасы, дуасы, қара шаңырақ, олжа, құман, тоқым, т.б.

Ру аттарына анықтауыш қосып айқындауыш мүшелі сөз жасау да кездеседі: Ақсопыда – «Толыбай» ұранды – Қанжығалы; «Маябоз» ұранды – Тобықты; Қарасопыдан – «Қарақай» ұранды – Қарауыл; «Барлыбай» ұранды – Бәсентиін; Сарысопыдан – «Ұшыбай» (Өшібай) ұранды – Атығай т.б.

Түсінік анықтама беріп отырады: «Өр Жәнібек» аталған. Мойыны бұрылмайтын, беті қайтпайтұғын жан болыпты. Бәйтәжі – ауыл тілінде әңгіме болған: «Бәйтәжінің есепшісін-ай!»-деген; Шақшақ – десе, білмейтұғын жан жоқ. «Қозған» – деген кісі аты жоқ. Қозғала берген соң: «Шіркін, қоза берді ғой!» деп, «Қозған» аталған; «Қақсал» - деген де кісі аты жоқ, қақсай берген соң: «Қақсал»- атанған. Мәметқұл бұл жасында өкпелеп, қыржиып отыра бергеннен, «Қыржы» атанды; Мұрын – мұрыны зор болғандықтан, байының аты қалып, бәйбішесінің мұрынымен атанып кеткен т.б.

Афоризмдер: Далада жүріп тебісетұғын керікеткеннің саяғы емес едік қой; Арғын бұл жаққа келсе, таң атырып, күн шығармайды; Түкірігі – түйме алтын, қақырығы – қайма алтын; Жерде қалмайды, жиенде қалады; Біреу – теріс, екеу – кіріс, үшеу - өрсі, төртеу – дұрыс, бесеу – бес шоқпар, алтау – алты бақан, жетеу – жеті ит! Сегіз болды, иттің күшігі болды, тоғыз- толық! – деген; Арғын алты ауыл болғанда, Найман жалғыз-ақ үй; Төрткіл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып; Тексізді төрге шығарып, теңдік тимес құлыңнан т.б.

Метрология: бір қарыс айырып жіберіпті, алты сыбаға, айғырдың үйірі, үш күндік жер т.б.

Фонетикалық өзгеріске ұшыраған сөздер: хүкметіне, сейезі, күнгеше, таупық, қарасайшы, баслап, шаһырыт, ырзамын, иад т.б.

Тобықты шежіресі

Біз барлық жиналған ру мен тайпа, ел-ата шежіресінің тарихына, сипатына тоқталмаймыз, соның ішінде Құнанбай, Абай, Шәкәрімге қатысы бар деректерді алып, мысал ретінде келтіргенді дұрыс деп санадық.

Бірінші. «1721 – нші жылда Ақтабан шұбырынды болды деп «Қалқаман - Мамырда» айтқан. Мамай тобықтының бір табын атасы, өзі Жұмағұл баласы, Мырза, Мамай екі кісінің аты, Қабекең, Кеңгірбай биге қойылған ат. Қабай дегені Абай дегендей, Жуантаяқ тобықтының бір тап елінің аты. «Қанжығалы Боқтыбайдың жасауын ұрлаған осы Мырза Мамай екен», - деседі. «Көп Арғын шауып, талап алады!» - деп, Найман ортасында ауып барған. Солай болғаны үшін Еңілік – Кебек жұмысы болған уақытта Арғынға беттей алмағаны сол. Тобықты Құнанбайдың бір шешелері «Елтиқатын» (бір деректе Алтықатын-А.Қ.) атанған. Осы Елтиқатын (Алтықатын) Өскенбайдың шешесі, Ырғызбайдың қатыны. Ырғызбай, Жігітек, Боқкөт – Бұл үшеуі Олжабайдың балалары, сондықтан бұларды «Үш Олжай» - деседі. Бірі - Өскенбай тұқымы Құнанбайлар. Бұл Ырғызбайдан. Бірі - Жігітек тұқымы. Мұнан он бір жыл Құнанбаймен қағаздасқан Бөжей шыққан, Базаралы, Бағаналы, Қарымсақ, Шопандар шыққан. Бірі Боқкөт тұқымы, мұнан: «Соқыр» Оразбай шыққан т.б. Бұл шежіренің бір нұсқасы ертеректе шыққан еді онда Құнанбай мен Балта ақынның қақтығысын, Тобықты ұраны «Маябоздың» шығуын жазған (салыстырыңыз: М-Ж. Көпеев. 2 том. –А, Ғылым, 1992. – Б. 73). Сөздерінде және мазмұнында біраз айырмашылықтар бар. Бұл – дегеніміз Мәшһүр Жүсіп «Тобықты шежіресінің» бірнеше нұсқасын ел аузынан жазып алып отырғандығының көрінісі. Кейін мәшһүртанушылар мәтіндеме жасағанда ескерер деп төмендегі нұсқасын қоса жаздық.

Екінші. 1. «Тобықтыда: Кішеке, Самысты деген екі ағайынды туысқан елдің ішінде Әйтеке баласы Қалқаман – Кішеке таптікі, Көкенай қызы Мамыр – Мамбет деген таптікі. Екеуі ғышық – мағшық болысқан. Соған жүз (елу) жылдан артық жыл өткен шығар. Ғашық – мағшықлықтан ел аузында аттары қалысқан: Қалқаман мен Мамырдікі достында жұп деген сөзі жалғанда қосыла алмаған. Қосылса да, дәурен сүре алмаған. «Бақытсыз Жамалдың» - «Саумал көліне басың тығып кеткенінде» - деген сықылды. Мамбет өсіп - өнді, бара – бара сол таптан бір бай шықты – Жылықара. Сол байдың он бесер жасар қызы Мамыр - әрі сал, әрі пысық, еркек – шора... Басқа бала жоқ әлгі байда. Оны қыз деп, еш адам айту қайда: «Байдың көңілі жабырқап қала ма?» - деп, жұрт жүрді. «Құдай боламыз» - дей алмайды.

Ұл мен қыз айырылмай жүреді екен,
Мамырды жас күнінде біледі екен.
Ғашықтығын айта алмай, іштей жанып,
«Құрбымыз!»-деп, құр ойнап жүреді екен.
[Па]қры жылқы бағады күнде барып,
Тымақ киіп, қолына құрық алып.
[Бар]ғасын Мамыр менен малда жүріп,
Бір аз сөз сөйлесіпті кез боп қалып.
Сонда қызға өзін сүйдірмекке,
Ғашық болса, оны да күйдірмекке.

... Мысал сықылды бір сөз айтты
Көңіліндегі мақсатын түйдірмекке.
(аяғы сақталмаған).
(Мәшһүр – Жүсіп, 6 папка, -Б. 202.).

2. Айтушылардың айтуына қарағанда, баяғы «Қалқаман - Мамырдың» - Қалқаманы осы күнгі «Қалқаман тұзы» бекет салынып, «Қалқаман бекеті» - аталған дейді. Неге десең, онда бір келіншектің аты Мамыр дейді. Мамырдың көмілген жері болғанда, Қалқаман соның моласын күзетіп қалған дейді. Қойсарыдан: Байзақ, Өмірзақ. Байзақтан – Байқожа. Қалқаман осы Байқожаға бала болған дейді. Сол заманда қалмақтан екі қызы олжаға түсіп, біреуін – Жәнібек алып, онан – Манабай туған дейді. [Б] іреуін Байқожа Қалқаманға қосып, өзі қара шаңыраққа ие қылатұғын [ке]нже баласы Жұмағұлмен еншілес қылған дейді: «Бұл өзі затты тұқым [болма]йды – деп. Жұмағұлдан – Ақжан, мұнан – Жүсіп. Бұл атасының – Байсын, біреуін ұмытқан. Бұл ұмытылғанның аты – Байтілеу – Қалқаманнан. Мұнан - Әжібай, мұнан – Сүлеймен қажы: «Қойсарымын» - дейді. Осы күнде Бұқа, Күбір ішінде Қалқаманның өз моласы. Көп ұлт Бәсентиіннің қасқа жайсаңы, әдейі өзін сонда қойдырыпты: «Қалқаман – атты тартып аламыз!» деп, ала алмапты. Сәмеке жабық өсиет қылып, өзін әдейі қойдырған, сонда да атағы шықпаған. Мұса, Секербай заманында «Жабықтың Мұсасы» - деп айтылып жүрді. (салыстырыңыз: Мәшһүр - Жүсіп, 1176-папка, -Б. 48.) және (салыстырыңыз: Мәшһүр Жүсіп. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері. Шығармалары. 7 том. Павлодар, 2006, -Б. 157-158).

Бұдан аттай 12 жыл бұрын 2001 жылы қазанның 3-4 күндері Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Шәкәрім оқуларында» «Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» поэмасының морфологиялық құрылымы және поэтикалық текстология жайында» және «Шәкәрім қажының «Қалқаман-Мамыр» поэмасының тілі мен стилінің әдеби тілге қатысы» - атты баяндама жасаған едім. Сондықтан да шәкәрімтанушылар назар аударсын деп «М-Ж. Көпеев шығармасындағы «Қалқаман - Мамыр» оқиғасының тарихына» да тоқталғанды жөн көрдік. Өйткені, «Шәкәрім мәселелері» деген еңбекте дәл осы мәселелер ескерілмегендігі байқалады.

«Шежіре» туралы шежіре

«Мәшһүр Жүсіп шежіресінде»: Қазақ шежіресі (бірінші нұсқасында) 18 рудың шежіресі; Қазақ шежіресі (екінші нұсқасында) 25 рудың шежіресі; Кіші жүз: Алшын шежіресінде: басқа да рудың да шежіресі енген 60 рудың шежіресі; Қазақ шежіресі (үшінші нұсқасында): 6 рудың шежіресі; Қазақ шежіресі (төртінші нұсқасында): 45 рудың шежіресі; Қазақ шежіресі (бесінші нұсқасында): 15 рудың шежіресі; Қазақ шежіресі (алтыншы нұсқасында): 10 рудың шежіресі; Қазақ шежіресі (жетінші нұсқасында): 34 рудың шежіресі; Қазақ шежіресі (сегізінші нұсқасында): 15 рудың шежіресі енген.

Шежіренің тарауларында: Өз жақсылардың батасы, Мақал, Көп ұлды болғандар туралы, Бөлтірік сөзі, Жиенәлі батыр тұлпары, Үшқұрт, Тақпақ. Төйтенің Қондыбайына айтқаны, Жәуке шешен, Амал сопы әңгімесі, Торайғыр бидің сөздері, Тауфық әңгімесі, Малайсарының өлімі, Қалдыбай қожа өлеңі, Абылайдың алғаш көзге түсуі, Құлболды әулиелері туралы, Үкібай сөзі, «Сөз тапқанға қолқа жоқ» - деген нің шығу төркіні, «Алланың шайтанынан адамның шайтаны күшті» делінген сөз, Манар деген әйел тапқырлығы, Шөженің өлеңі, Ғибатлы сөздер, Ж.Аймауытов сөзі, Мақалдар, Күдері қожа өлеңі, Тән мен жан туралы, Шора батыр, Байдалы және Айғаным, Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған? сияқты тараулар енген. Жалпы, Мәшһүр Жүсіп шежіре тарата отырып, өзінің көрген білгенін арасында жазып отыратын әдеті байқалады. Мүмкін жазып отырғанда келіп қалған жайттарды ұмытып қалмау үшін кірістіріп жазып жіберген болуы керек. Жазбаларының арасында өзінің өсиет сөздері, қарасөздері де бар.

Түйін

Бұл мақала ертеректе жазылғандықтан осы жыл бұрын қойылғаны сондықтан. 2013 жылы Мәшһүр Жүсіптің туғанына 155 жыл толады. Біздің университет қазірдің өзінде тойға деген дайындықты бастап кетті. 2013 жылы «IX Мәшһүр Жүсіп» халықаралық конференция өтеді. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 1-13 томдығы шыққан еді. Енді 14-20 томдықтары дайындалып, баспаға берілді. Қ.Н.Қанапиянов Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын (лирикаларын) орыс тіліне аударып 1-4 сериялы кітабы басылып шықты және «Мәшһүр-Жүсіп» лирикаларын орыс тіліне аудару мәселесі атты еңбегі жарық көрді. Ф.ғ.к., доцент Н.Шахметова ақынның 11- томын орыс тіліне аударып шықты. Ж.С. Бердіғожина ақынның лирикаларын ағылшын тіліне аударып 1-3 сериялы кітабы жарық көрді. Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының көмегімен Павлодар облысының барлық мектептерінде келешекте «Мәшһүр Жүсіп» оқулары өтетін болады. «Мәшһүр Жүсіп тағылымы» 5 томы жарық көрді. Сол сияқты, С.Ә.Ысқақтың «Мәшһүр тағылымы» кітабы дайындық үстінде. Мәшһүртану бағыты бойынша М.Б. Аманжолова атасы Қадыр Тайшықтың ертеректе жарық көрген «Октябрь үшқыны» (1962) 195 беттік, одан кейін баспа бетін көрмеген кітабын қайыра басып шығаруға атсалысып жатыр. М.Т. Тезекбаев ТАӨ (ЖЗЛ) үлгісі бойынша «Машхур-Жусуп»-деген орыс тіліндегі еңбегін 2014 жылы мамыр айында баспаға тапсырады. Сол сияқты, ақынның 8-томын орыс тіліне аударып жатыр. Қазіргі ректорымыз, э.ғ.д., профессор Өмірбаев Серік Мәуленұлына қатты ризамыз. Ол кісі Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығына жан-жақты рухани, материалдық көмегін аямай келеді. ПМУ-да Мәшһүр-Жүсіп мұражайы жабдықталып жатыр. Мәшһүртанушылардың дайын болған зерттеу еңбектеріне дер кезінде қаражат бөлініп баспадан шығуда. 2014 жылы Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының құрылғанына 10 жыл толады, соған қатысты бағдарлама жазылуда. Павлодар облысының мәшһүртанушы мұғалімдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) тілдерінде республикалық-практикалық конференция өткізу ойымызда бар. Облысымыздың Бас мұғалімі Б.М.Бексейітова қолдайды деген үміттеміз.

Болашақта, Мәшһүр Жүсіптің - 160 жылдығы ЮНЕСКО мен ИСЕСКО (Білім, ғылым, және мәдениет саласындағы Ислам ұйымының) алдағы жоспарына енгізілсе және Павлодардағы Кутузов көшесі «Мәшһүр-Жүсіп» атына берілсе деген ұсынысымыз бар.

ӘОЖ 821.512. 122-1.

ҚАЗАҚ РОМАНТИЗМІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ ХАҚЫНДА БІРЕР СӨЗ

Ж.А. ШОЙЫНБЕТ
ф.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.
М.Н. БЕКБОСЫНОВ
ф.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Отандық әдебиеттану ғылымында түрлі бағыттар мен ағымдар, көркемдік әдіс-тәсілдер мәселесі төңірегіндегі көкейкестілік зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Десек те, солардың ішінде қазақ әдебиетіндегі, әсіресе, лирикадағы әр дәуірдегі романтизмнің дамуы әлі де болса терең жүйелі зерттеуді қажет етеді. Бұл орайда әдебиетіміздегі романтизм элементтерінің жыраулар поэзиясында ұшырасуы, Махамбет шығармаларында алатын орны, Абайдың ақындық мектебінің қазақ романтизміне тікелей және жанама түрде тигізген әсері, Мағжанға дейінгі, Мағжан тұсындағы және Мағжаннан кейінгі романтизм дамуының ерекшелігі мен дәстүр жалғастығын зерттеген еңбегінде Е.Тілешов: «XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі романтизм өзінің мазмұнына қарай:

1) төңкерісшіл немесе ілгерінді;
2) әлеуметтік-консерватитвтік;
3) элегиялық-философиялық;
4) діни-өсиетшіл;
5) индвидуалдық романтизм болып келетін қазақ әдебиетіндегі бұл ағымдарды зерттеу күрделі, әрі зерттеушісін күтіп жатқан қызғылықты проблема» [1,64], – деп орынды айтқан.

Біз бұл жіктеуді қостай отырып, оған азаматтық, психологиялық романтизмдерді де үстейміз. Себебі романтизм ағымының қилы белгілері осы кезеңде әдеби ғұмыр кешкен қазақ ақындарының барлығына да тән. Осылардың ішінде Ілияс пен Сәкен романтикалық өнер түрін өз шығармашылықтарында барынша мол пайдаланды. Қазан төңкерісінен кейінгі алмағайып кезеңде осы шығармашылық түр әдебиетімізде жетекші рөлге ие болды.

Қазақ романтизмін зерттеуде қолбайлау болып отырған өзекті де, күн тәртібінен түспей тұрған мәселе – оның типологиясы мен классификациясын айқындау. Ұлттық сөз өнерін зерттеуде бұл мәселе әлі күнге көтерілген жоқ. Ал әлемдік әдебиеттануда, әсіресе, орыс әдебиет зерттеушілері арасында туындаған орыс романтизмінің типологиялық жіктелуі төңірегіндегі ғылыми дау қазірге дейін толас табар емес. Қазақ әдебиеттану ғылымында Қ.Мұхаметқанов пікірі негізінде қазақ романтизмін екі ағым тұрғысынан қарастыру әдебиеттанудың өзіндік кезеңдік дамуы үшін өте орынды айтылған пікір еді. Қазір белсенді / революциялық/ және пассив /күйреуік/ деп бөлу мектеп бағдарламасы көлемінде романтизмді оқытуда қолдануға болғанымен, кезеңдік әдеби ағымдарды отандық әдебиеттануда сөз еткенде өте жалпы сипаттық дәрежесінде ғана қарастыруға ұрындырады. Сондықтан, қазіргі кезде осылайша бөлу көптеген ғалымдарды қанағаттандырмауда, себебі белсенді және пассивті романтизм деп жіктеудің методологиялық негізі орынды болғанымен, қазақ романтизмінің ерекшеліктерін толық ашып бере алмайды. Осылайша бөлу, мәселен, Сұлтанмахмұт, Мәшһүр-Жүсіп, Бернияз, т.б. философиялық романтизмін тасада қалдырады. Абай мен Шәкәрім поэзиясындағы романтизмді қайда жатқызуға болатынын түсіндірмейді. Мағжан романтизмін *күйреуік* деп таңбалау қазірде екі ұшты мағына беретін коммунистік жапсырма. Шындығында, осыны түсінген бірқатар әдебиеттанушылар «*пассивтің*» орнына мүлде басқа кертартпа бояудан арылған «*арманшыл романтизм*» деп атауды ұсынады.

Осы себепті де біз XX ғасырдағы орыс романтизміне жасалған У.Р.Фохт және Е.А.Маймин классификациясын басшылыққа ала отырып, қазақ романтизмін былайша бөлуді орынды көреміз:

1. Азаматтық романтизм: А.Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, т.б.
2. Революциялық романтизм: С.Сейфуллин, І. Жансүгіров, т.б.
3. Философиялық романтизм: М. Көпейұлы, Ғұмар Қараш, т.б.
4. Психологиялық романтизм: С.Торайғыров, Б. Күлеев, т.б.
5. Синтетикалық романтизм: Абай мен Шәкәрім.

Романтизм бағытының әдебиет пен өнердегі бастау көзін алдымен қаламгер өмір сүрген қоғамдық өмір жағдайынан іздеуге тиіспіз.

Ел мешеулігі, өркениетке ілесе алмауы, Столыпин реформасының қазаққа тигізген зардабы Сұлтанмахмұт, Ғұмар Қараш, Мәшһүр-Жүсіп сияқты айтулы ақындарды бүгінгі өмірді терістеп, болашаққа, өткенге ой жүгіртіп, қалам тербеуге итермеледі.

Романтикалық шындық тұрғысынан өмірді терістеуді және парасаттың құдіреттілігін жоққа шығару романтизмнің басты ерекшелігі мен нышанына жатады. Ең бастысы – ерекше қаһарман екені белгілі. Романтизмнің қазақ топырағында пайда болуының жалпы себебімен қатар ішкі өзіндік себептері болуы оның, яғни ұлттық романтизмнің ерекше, қайталанбас әлпетін қалыптастыруға бастайды демекпіз. Қазақ романтизмнің орыс, батыс романтизміне қарағанда мүлде кереғар болып келетін тұстары аз емес. Біздің қаламгерлердің ешқашан ағартушылық пен ағартушылық философияны абсолютік ақыл ырқына жеңдірмегені назар аудартады. Эстетикалық ұстанымы жағынан қазақ романтиктерінің көбінесе «реалист» болғандығын олардың шығармашылықтарындағы көркемдік әдіс түрлерінің арасында қытай қорғанының жоқтығы да дәлелдей түседі.

Орыс пен Батыс әдебиетіне қарағанда қазақ романтикалық поэзиясындағы индвидуалды, тұлғалық бастау көздің бәсең келуі тағы бір маңызды ерекшеліктің бетін ашады. Мәселен, Мағжан поэтикасының жекешеленушілігі қазақилығымен романтизмді ұлттық өрнек пен өзіндік қабыстыру үлгісін тудырды.

Ақылбай әкесінің әдеби өнегесімен шектелмей, өздігінше іздену арқылы қазақ әдебиетіне романтизм әдісін тұңғыш енгізді. Гогольге «Ревизордың» тақырыбын берген Пушкин сияқты «Дағыстан» поэмасының тақырыбын ақын шәкірттеріне Абайдың өзі ұсынуы да тегін емес [2]. Ақылбайдың ұстаз талабын қиналмай орындағанының нышаны «Дағыстан» поэмасының құрылысынан көрініс тауып, ондағы сюжеттік желіленген оқиғаның даму жолдары қазақ поэзиясында бұрын болмаған жаңалық екендігін көрсетеді [2,I,18]. Аталған поэмада бас кейіпкерлердің іс-әрекетіндегі, мінез-құлықтарындағы сезім даралығы ерекше суреттеліп, көкке көтеріле жырлануы, т.с.с. оның жеке көркемдік әдіс үрдісін қалай қабылдағанын дәлелдейді. Оның жарқын мысалы ретінде романтикалық рухта сомдалған көре алмаушылықтан қаны қарайған кекшіл де, ашушаң, кәрі Жүсіп махаббатына шын берілген ізгі көңіл, зипа Зәһира мен Жәбірәһилді поэма табиғатынан аңғарамыз. Осылар төңірегінде өрбитін сюжет ширығуы мен көркемдік идеяның өзіндік ерекшеліктері шығармадағы бұрынғыдай синтетикалық емес, таза романтизм стилінің белгілерін, нышандарын айқын да, ашық білдіртеді. Сондықтан біз Қ. Мұхамедхановтың: «Дағыстан» поэмасының үлгісі – орыс романтизмі. Орыс романтизмі болғанда, киял дүниесіне, мистикаға кететін романтизм емес. Жуковский жырлайтын романтизм емес» [2, I, 27-28] дегеніне келіспейміз. Өйткені, орыс романтизмінің атасы атанған Жуковскийге тиісе сөйлеу сол дәуір тұрғысынан дұрысты саналғанымен, қазіргі таңда осы пікірді қостап сөз айту ақиқат танымға қайшы. Болмағанды болғызып жырлау романтикалық туындының басты белгісі, ал аталған туындыны қиялдан ажырата сөз еткен ғалым пікірі орынды емес. Аталған ғалымның: «Дағыстан» – «прогрессивті романтизм» үлгісінде жазылған шығарма» деген пікірін орынды деп санаймыз.

Қазақ романтикалық өнері мен кеңес қазақ романтикалық поэзиясын зеттеуде екі нәрсеге көңіл бөлген дұрыс. Үрдіс пен жаңашылдықты бірлікте ала отырып, осы екеуінің белгілі бір дәуірдегі орын алған тарихи-әдеби процесс кезіндегі өзара қарым-қатынасын қарастыру қажет. Осы тұрғыдан келгенде XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің даму тарихын терең зерттеген А.Н.Соколовтың көптеген құнды пікірлері табиғаты жағынан қазақ романтизміне берілер бағалаулармен іштей қабыса үндесетіндігіне бей-жай қарауға болмайды. Сонымен, романтизм кез келген әлемдік тарихи не ұлттық нышандағы төңкерістік үлкен өзгермелік жағдайымен, қоғамдық сана-сезімнің көтерілуімен және қоғамның бір бөлшегі болып табылатын тұлғаның азаматтық сана-сезімінің оянуымен тығыз байланысты болып келеді.

Романтикалық өнер түрі белгілі бір дәуірдің шеңберінде тұйықталып қалмайды, қайта өткенге араға уақыт салып, қайыра бір соғып отырады деген тұжырым жасағанымыз орынды. Осылайша суреткерлер тарапынан өздері таңдап алған өнер түрінің табиғатына, эстетикалық сұранысына орай романтизмге деген көркемдік қажеттілік жаңадан, қайтадан туындап отырады. Орыс әдебиетінде көрініс тапқан осы қажеттіліктің орнын М.Горькийдің өткен ғасырдың басында қалай толтырғанын және әлем әдебиетіндегі романтизм дамуына қосқан қаламгерлік қомақты үлесін орыс ғалымы Б.В.Михайловскийдің жан-жақты ашып беруі, көп жағдайда әдебиетіміздегі Мағжан, Сәкен және Ілияс әкелген соны романтикалық леппен өзектестігіне сай келеді [3, ч. 1, гл. 1-3]. Жаңа жағдайда бұл бұрынан келе жатқан, яғни Абайдың ақындық мектебі негізін салған көркемдік әдістің жалына қайыра жабысу емес, қоғамдық даму нәтижесінде дүркіндеп бой көрсететін өнердің әлсін-әлсін туындап отыратындығын танытатын нышан. Осыған байланысты көркемдік жаңалық пайда болады, бірақ ол ұлттық салт-санада бұрынан бар түсініктердің (Сәкеннің «Домбыра», «Тұлпар», т.б. революциялық символдары) ел өміріндегі қалыптасқан жаңа жағдайға орай қайыра жаңғыруы болып табылады. Қалыптасқан көркем уақыт пен шартты кеңістікті игеруге лайықты ізденіс жолында кейде суреткер романтиктерімізді бұрынан бар бейнелілік құралдары өздеріне ынтық етсе, кейде Ақылбай, Мағауия дәстүріндегі романтикалық тұлғалану өз ырқына тартқанымен, әрдайым қаламгердің поэтикалық таңдауын айқындауда оның қоғамдық ұстанымы, эстетикалық принципі, өмір тәжірибесі жетекші рөл атқаратынын естен шығармауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ісмақова А. Алаш әдебиеттануы. –Алматы: «Мектеп», 2009. - 560 бет; Тілешов Е.Е. Суреткер және көркемдік әдіс – Алматы, «Арқас», 2005. 278 б.

2 Мұхаметқанов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. І том. – Алматы. РГЖИ «Дәуір» 1993.

3 Михайловский Б.В. Творчесво М.Горький и мировая литература. Наука. М., 1965.

ӘОЖ 81-2.512.122

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІЛІК ҚЫЗМЕТІ

Л.Т. АБИКЕНОВА
филология магистрі, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

Қазақ тілінде және ағылшын тілінде көркемдегіш элементтердің бір саласы болып табылатын тұрақты тіркестер тіл тану ғылымының аясында жеке лингвистикалық ілім ретінде аталып жүр. Тұрақты сөз тіркестердің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы – фразеология. Фразеология – тіліміздегі фразеологизмдерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай бөліп, құрамын анықтап, жасалу, даму заңдылықтарын зерттейді.

Фразеология туралы ілім орыс ғалымдары В.В.Виноградов, А.И.Ефимов, М.Н. Шанский, С.И.Ожегов, т.б. ал қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді І. Кеңесбаев, М.Балақаев, Ә.Хасенова, Х.Қожахметова және Қ.Сәрекенова, Г.Смағұлова, Ж.Қоңыратбаева еңбектерінде қарастырылады.

Фразеологизмдер қазақ тіліндегідей ағылшын тілінде де образды, бейнелі рең беру үшін, эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыру мақсатында қолданады. Фразеологизмдер ойды бейнелі әрі әсерлі етіп жеткізеді.

«Фразеологизмдер тіл- тілдің бәрінде бар құбылыс және бұларды тілдің бөлекше сипаттағы шырыны мен сүрі таусылмайтын дәмді элементтері деп айтуға болар еді. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілді «өткірлігі дегенімізді» айырықша көрінер жері осы фразеологизмдер маңы... Қай елдің, қай жазушының қай шығармасын алсаңыз да тілдің осы халықтық элементтерінің сан түрін табуға болады. Яғни қаламгерлердің қай - қайсысы да сөйлеудің халықтық формасын пайдалануға бейім» [1, 41].

Р. Сыздықова: «Фразеологизмдер - сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл бір жағынан, екінші жағынан, ол жеке қаламгерлердің табысы, еңбегі, ізденісі. Фразеологиялық тіркестер семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Демек, белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып тану ерекше орын алады» [2, 95], - дейді.

«Фразеологизмдер – күрделі лингвистикалық бірліктер. Олардың күрделілігі тек құрылымдық түрлері мен синтаксистік модельдерінің көпшілігімен ғана емес, сонымен қатар тематикалық және семантикалық көп жақтылығымен, сондай-ақ ойдың түрлі эмоционалды-экспрессивті реңктерін бейнелеу мүмкіндігімен түсіндіріледі» [3, 202], - дейді ғалым Ә.Т.Қайдар.

Эмоциялар іштей жағымды және жағымсыз, қарапайым, күшті, стеникалық, астеникалық болып жіктеледі. Осы жіктелу фразеологизмдерде үлкен шеберлікпен нақты да дәл көрінe білген.

Ағылшын тіліндегі фразеологизм ғылыми атауы адамның өз ойын сыртқа шығаруы *(a way of expressing oneself)* немесе сөздер мен сөз тіркестерінің қандай да бір жеке адам немесе адамдар тобы тілінде қолданылу жолы (мысалы, *confused phraseology* – жүйесіз фразеология, *legal phraseology* – заң фразеологиясы) деген ұғымдарды білдіреді. Жалпы, фразеологизм, тұрақты тіркес ұғымдары ағылшын тілінде *hackneyed phrase (used so often and indiscriminately as to have lost all freshness due to overuse), cliché (клише), stock phrase, fixed phrase, binominal, catchphrase/catchword, collocation, holophrase, mixed metaphor, phrasal verb, proverb, quotation, style* секілді тілдік құбылыстармен тығыз байланысты қаралып, бұл терминдер көп жағдайларда аралас-құралас қолданылатындықтан, ғалымдар арасында фразеология ауқымы жайлы әр түрлі кереғар пікірлер туындап отыр.

Отандық тіл біліміндегі фразеологизм терминіне ағылшын тіл білімінде идиома атауы сәйкес келеді. Фразеология аумағын анықтау мәселесі, әсіресе, *may be* секілді тіркестерді идиомаға жатқызуға бола ма деген сұрақтар осы күнгі ағылшын әдебиеттеріндегі өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Алғашқы кезеңдегі идиомаларға арналған бірсыпыра зерттеулер идиомалар формасын, аздаған дәрежеде идиомалар семантикасын қарастырып, ал тілдегі қызметін, қолданыс ерекшеліктерін айналып өткен. Бұл күндері фразеологизмдердің әр түрлі аспектілері зерттелуде, мысалы, фразеологизм, идиоматика ұғымдарын талқылау, фразеологизмдердің жасалуы және қызметі, тура және ауыспалы мағыналардың арақатынасы мен байланысы, фразеологизмдердің мағынасы және құрылымы, т.б. (Sam Glucksberg, Kaymond Gibbs, Giovanny Flores d'Arcais, Adam Makkai), идиомалық тіркестердің қызметіне контекстің әсері (Colombo), идиомалардың грамматикалық белгілері (Pulman, Fellbaum), фразеологизмдердің мағыналарын түсінуге көмектесетін тәжірибелік зерттеулер (Flores d' Arcais, P.Tabossi, Zarden), фразеологизмдер семантикасының айқын немесе көмескілігіне негізделіп жасалған классификациялар (S.Glucksberg, C.Cacciar). Жоғарыда аталған ғалымдар әр түрлі теориялық бағыттар ұстанатындықтан ағылшын тіліндегі еңбектерде идиомаларға қатысты әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Алайда, шетел тіл мамандары идиомалардың мынадай ерекшеліктеріне жиі тоқталады:

– тұлға тұтастығы: идиомалар жалпы алғанда бірнеше сөзден құралған тіркестер түрінде келеді *(red herring, make up, smell a rat, the coast is clear)*. Дегенмен бірнеше ғалымдар (Hockett, Katz, Postal) бір ғана сөзді де идиомаға жатқызады;

– тұрақтылық: идиомалар – дайын күйінде қолданылатын тіркестер; бұл жерде фразеологизмдерді алғашында арнайы белгілі бір жағдайға байланысты жасалып, кейін тұрақталып қалған деп қарайтын пайымдаудың негізінде идиомаларға, бұдан өзге жаңадан жасалған, окказионалды тіркестерді де жатқызатын бағыттар бар;

– ауыспалы мағынада келу: ағылшын тіл білімінде метафоралылық, идиомалылық ұғымдары осыған синонимдес қолданылады.

Қазақ тіл біліміндегі фразеология фразеологизмнің сөзге, мақал-мәтелге, афоризмдерге қатыстылығы тұрғысынан қарастырылса, ағылшын тіліндегі идиомалық мәселесі көбіне тұрақты тіркестердің күнделікті ауызша және жазба қолданыстағы кездесу жиілігі, қолданылу тұрғысынан жиі сөз болады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдер астарлы бейнелі мағынада қолдану ерекшелігі жағынан олардың қай-қайсысында да мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі күшті. Кейбір жеке сөздер тәрізді, тұрақты тіркестерде де экспрессивті-эмоцияналды бояу мол. Экспрессивті бағалағыштық қасиетке ие тұрақты тіркестер сезімге айырықша әсер етеді. Мысалы, "ашуланды" деген сөзді күшейтіп, қатты ашуланды деп айту үшін қазақ тілінде ***"ала тайдай бүлінді", "ит арқасы құрысты", "ит жыны келді", "бурадай буырқанды"*** деген фраземаларды қолдануға болса, ағылшын тілінде де "ашулану" сөзін күшейтіп ***"set up one's bristles ", "hit the ceiling ", "lose countenance ", "cut up nasty ", "get smb's dander up "*** тұрақты тіркестерін қолдануға болады.

Кейбір фразеологизмдер адам мінез-құлқындағы өзгерістерді жан-жануарлардың іс-әрекетіне, мінезіне теңеу негізінде пайда болған. Мұндай құрылымдар тілде компаративтер деп аталынады, яғни адам мінез-құлқындағы өзгерістерді кез келген заттың, құбылыстың, ұғымның сапалық белгісімен салыстыру арқылы айқындайтын тілдік құрылым. Мысалы, қазақ тілінде: «***еліктің лағындай»(сүйкімді), «көлде жүзген аққудай» (сүйкімді, әдемі), «тайга таңба басқандай" (анық)***, ағылшын тілінде: «***as innocent as the baby unborn"(аңқаулық), «as he was born yesterday" (қазақ тіліндегі баламасы - дүниеге кеше ғана келгендей) , "as a sheep among wolves"(жуастық, аңқаулық).***

Ағылшын тілінде де қазақ тіліндегідей момындық, жуастық символы ретінде көп жағдайларда *«қой» – «sheep»* қолданылады. Мысалы, қазақ тілінде адам мінезін ***"қойдан жуас", "қой аузынан шөп алмас"*** деп сипаттаса, ағылшын тілінде де ***«to follow smb.like a sheep", " a sheep among wolves», «lost sheep"*** тұрақты тіркестерін қолдану арқылы сипаттауға болады.

Аңқаулық, топастық, жағымсыздық символы ретінде екі тілде де *" ass"-"есек"* сөзі қолданылады. Мысалы, ***«зәңгі есектей аңқылдау", " қара есекке теріс мінгізу", "to act the ass"****(ерсі қылықтар жасау)****, " all asses wag their ears"*** *(мағынасы: топас адамдар ақылы жетпеген нәрсе жайлы айтып қалуға құмар)****, " never bray at an ass"*** *(мағынасы: ақылсыз, есуаспен байланыспаған жөн).*

Жастық, тәжірибесіздік мағынасын білдіруде екі тілде де *" балапан"- "chicken"* сөзі көп қолданылады. Мысалы, ***"сары уыз балапан", " to be spring chicken".***

Зерттеуші А.Г.Емузов фразеологиялық компаративтерді эмоцияналдықпен, экспрессивтілікпен байланыстыра отырып, оларды жағымды және жағымсыз деп екіге бөледі [4, 19].

Ал ғалым Т.Қоңыров болса, функционалдық эмоцияны мағынасына қарай жағымсыз мәнді және жағымды мәнді деп жіктейді [5, 171]. Біз осы жіктеуді басшылыққа ала отырып, қазақ және ағылшын тілдеріндегі эмоцияны білдіретін фразеологизмдерге тоқталайық.

Жағымды мәнді эмоцияны білдіретін фразеологизмдер:

- қазақ тілінде: *майдай еру, қабағы ашылу, ішін-жемей мас болу, бөркін аспанға ату, екі езуі екі құлағына жету, жайраң қағу, көзі шарадай жану, көңілі судай тасу.*

-ағылшын тілінде: *tread on air, go ape, make good cheer, of good cheer, cry content with.*

Жағымсыз мәнді эмоцияны білдіретін фразеологизмдер:

-қазақ тілінде: *жіпсіз байлану, жаны жай таппау, қабағынан қар жауу*

-ағылшын тілінде: *be on the bit, on the anxious seat, hot under the collar, in a blue funk, one's blood is up, one's blood turned to ice , etc.*

Егерде эмоцияны білдіретін фразеологизмдерді мағыналарына қарай топтастыратын болсақ, онда көңілдену, шошу, қорқу, ренжу, қуану, жылау, ашулану, таңдану сияқты эмоцияның лексикалық бірліктеріне тоқталамыз.

Адамның эмоциялық жай-күйін білдіретін фразеологизмдер.

Қуану: *жерден жеті қоян тапқандай, алтын тапқандай болу, бөркін аспанға ату, екі езуі екі құлағына жету, жайраң қағу, төбесі көкке жету, cry content with, make good cheer, of good cheer, tread on air, to be mad {crazy} about smth., go ape.*

Қорқу: *төбе шашы тік тұру, арқасы мұздап қоя беру, екі көзі атыздай болу, жаны түршігу, жаны мұрнының ұшына келу, жүрегі тас төбесіне шығу, get the breeze up, get the shivers, in a blue funk, one's blood turned to ice, one's hair stands on end, smb. has his heart in his boots, etc.*

Ашулану: *бұлқан-талқан болу, аузына келгенін айту, ашуы алқымына тығылу, жауар бұлттай түнеру, көрін төгу, қаһарға мінy, one's blood is up, the blood rushed to smb's head, be up in the air, make the air blue, savage as a meat ax, get smb's back up, one's back is up, blow a fuse, hit the ceiling, cut up nasty, get smb's dander up, get one's hair off.*

Таңдану: *аңқайып аузын ашып қалу, аузын ашып,көзін жұму, аузынан сілекейі ағу, gladden an eye, to be amazed, to out of his head {in surprise}, one's eyes stand out of one's head, make big eyes, open one's eyes.*

Ренжу: *сіркесі су көтермеу, мойнынан су кету, жүзі сыну, көңілі құлазу, салы суға кету, to lose heart, to be not in the mood for, be in the blues, in the dumps, have one's back to the wall, smb. is in low spirits.*

Ұялу: *бетінен оты шығу, жер шұқу, жүзі шыдамау, беті күю, беті ду ете түсу, кіреберге тесік таппау, to make smb.blush, to die of shame, to burn with shame.*

Адамның эмоциялық қарым-қатынасын білдіретін фразеологизмдер.

Араз болу, ренжісу: *ит пен мысықтай болу, ат құйрығын кесісу, арасынан қара мысық өту, наразы болу, көңілін қайтару, көңілін басып тастау, touch smb's heart, take smth. To heart, make smb's blood freeze, to live like cat and dog, to fight like cat and dog, to have a hate relationship, smb. hurt smb's feelings, get smb. the freeze.*

Тату болу, достық қарым-қатынас: *тел қозыдай өсу, қоян қолтық араласу, айрандай ұйып отыру, араларынан қыл өтпестей, түтіні бір жерден шығу, to live arm in arm, to live in harmony, be in accord, to have a love relationship.*

Біреуді жек көру, жаратпау: *иттің етінен жек көру, зәңгі есектей аңқылдақ, Шық бермес Шығайбай, talk to smb. like a Dutch uncle (тура аудармасы: тура шотландықтай жалғаншыл), as false as a Scot (тура аудармасы: тура голландық ағай сияқты сөйлеу,мағынасы:орынсыз жерде ақыл айту, ерекше көп ақыл айту), " Uncle Sam" –лақап ат, қазақ тіліндегі "Қожанасыр", "Шық бермес Шығайбай"деген сияқты.*

Қай тілді алсақ та оның фразеологиялық тіркестерге бай екенін көреміз. Фразеологизмдерді экспрессивті мәннің күштілігіне қарай ақын-жазушылар өз шығармаларында түрлі стилистикалық әсерлер беру үшін қолданады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Смағұлова Г.Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің вариантты лығы. Филол. ғыл. канд... дис.: -Алматы, 1993, -211 б.

2 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. -Алматы, 1997, -224 б.

3 Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. -Алматы, 1998, -304 б.

4 Емузов А.Г. Компаративные фразеологические единицы в кабардино-черкесском языке // Автореф.дисс. канд.филол.наук. М, 1974

5 Қоңыров Т.Қ. Қазақ теңеулері. -Алматы, 1978, -192 б.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Г.С. АППАЗОВА

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, №55 жалпы орта білім беру мектебі, Шымкент қ.

Мұғалім – өз сабағының режиссері,яғни, әр мұғалім өзіне тиімді оқу әдістерін өз еркінше пайдалана алады.Біздің алға тартып отырған мәселеміз – әр сабаққа дайындық кезінде қазақ тілін қалай оқытамыз дегенді басшылыққа алу. Ол үшін дидактиканың ұстанымдарын орындау қажет.Ұстанымдарды білу және оларды оқу-тәрбие үрдісінде толықтай іске асыру педагогикалық шеберліктің негізін құрайды және ол педагогикалық біліктілікті анықтауда алдымен ескеріледі.

Заман талабына сай оқу үрдісін ақпараттандырылған технологиямен жүргізіп,жас ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр.Осы орайда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев : «Жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелейтін,ұстаздар,сіздер ізденіс пен ілгерілеуден жалықпаңыздар.Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс» деген болатын.

Қазіргі ғылым мен техниканың кең қанат жайған кезеңінде оқыту әдістерін жетілдіру тікелей білім беру жүйесіне де, тұтастай ақпарат технологиясын дамытуға да үлесін қосты. Ақпараттық-қатынастық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты білім беруде қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады.Мысалы үшін Ұлыбританияда мұғалім мамандығын таңдап алған бүгінгі жастардың, өздерінің болашақ оқушылары сияқты, жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, себебі ол өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологияның бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сандық технологиялармен үнемі өзара әрекеттесетін ұрпақ өкіліне жатады. Ақпараттық-қатынастық технологиялардың оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды ойланып қолдануды қажет етеді.

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе- тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-қатынастық технологияның бір өзі атқара алады.

Оқытудың ақпараттық технологиясы - бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио, және бейне құралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) болып табылады. Бірақ, мұғалім өзі сабақ беретін пәнді ғана емес, білім беру технологияларын қолдану арқылы осы пәнді жетілдіру тәсілдерін де білуі керек. Өйткені, ақпараттық технология – ақпараттық жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық- технологиялық құралдардың жиынтығы болып табылады.

Әдістемелік және ғылыми материалдарды зерделей келе, сабақтарда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отыра, ақпараттық- қатынастық технологияларды пайдалану білім берудегі ең маңызды әдістерінің бірі болып табылатынына көз жеткізуге болады.Осы технологиялар арқылы оқушылар сабақта сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, тұжырымдау, пайымдау, дәлелдеу, салыстыру дағдыларын дамыта алады.

Соның ішінде қазақ тілін басқа ұлт өкілдерінің оқушыларына саналы меңгеріп, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан мемлекеттік тілді оқытатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: оқушыларды қазақ тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алатындай деңгейге жеткізу үшін қандай технологияларды қолдану керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолданған жөн?

Негізінде балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат. Баланың оқуға деген ынтасы төмендеп бара жатқан қазіргі кезде мұғалімдерге оқу мен оқыту үрдістерін білікті түсіну көрсеткіші болып табылатындығын баса айту керек.Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Мектептегі технологияларға мыналар жатады:

Теледидар бағдарламалары

Сандық теледидар

Интернет

Интербелсенді тақта

Ұялы телефон

Ұтқыр қондырғылар

Компьютер, ноутбук т.б.

Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық- қатынастық технологияларды пайдалануда өткізілетін сабақтарды жоспарлауда төмендегі негізгі талаптардың ролі ерекше.

Олар:

- психологиялық ахуал туғызу;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын тудыру;
- ақпараттық - қатынастық технологиялармен жұмыс істей білуге үйрету;
- ақпараттық- қатынастық технологиялармен орындалатын жұмыстардың қызықты болуы;
- сыныптағы әр деңгейлі оқушылар ескерілуі тиіс;
- өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру;
- өз бетінше орындауға берілген жұмыстарды шығармашылықпен орындауға үйрету;
- оқушылар өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы пікір алысуға мүмкіндік жасау;

Әрине, осы айтылған мақсаттарға жету, әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мұғалім сабақтың тақырыбына сай мақсатын айқын құрып, негізгі мәселені бөле көрсетуі, материалдың өмірмен байланыстылығы әрі тәрбиелік мәнінің маңызды болуын қадағалап отыруы керек. Сабақта ақпараттық- қатынастық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың құнды идеялар беруін қадағалап, үнемі жаңалықтар енгізіп отыруы тиіс.

Ақпараттық –қатынастық технологиялны қолдануда, әдетте шынай**ы** өмірлік жағдайлар келтіріліп, балалар салыстыруға, өз ойларын сол тақырыпқа сай жеткізе білуге итермелеу керек. Рольдік ойындар пайдалану, білгірлігінің қалыптасуы барысында жеке белсенді позициясын қалыптастыруға жағдай тудырады, қарым-қатынас дағдыларын орнықтырады, сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді.Демек, ақпаратты технологияны пайдалану оқу үрдісінде енгізу тіл үйретуде тиімді. Тыңдап – түсіну, көріп – байқау құралдарынң концепциясында оқыту былайша орналасады: тыңдау- сөйлеу- оқу- жазу. Оның ішінде ауызша қабылдау (тыңдау мен сөйлеу) әрдайым ілгері шығып отырады.

Ақпараттық технология арқылы біз сабақтарды түрлендіріп, жаңаша ұйымдастыра алуымызға мүмкіндік туып отыр. Мысалы, әр сабақтың басында тұсау кесер өткізу- бұл міндетті түрде тақырыпқа байланысты бейнежазба көрсету арқылы балалардың сабаққа деген уәжін көтеріп, белсенділігін арттырады. Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда –оқушы өзін белсенді және еркін ұстай алады. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге мүмкіндік беріледі. Сабақты интернет желісіне қосылған компьютер арқылы өткізу өте тиімді және қызықты. Мысалы, қазақ тілі және әдебиет сабағында кез келген жазушыны өтіп жатып, оқушыларға гиперссылка жасау арқылы қосымша материал іздеуге дағдыландыруға болады. Ұтымдылығы, оқушылардың қызығушылықтарының оянуы соншалық, деңгейі төмен шәкірттерінің өзі орындай бастайды. Сонымен қатар интернет желісіне қосылған компьютер арқылы сабақ өткізу, сөйлеу әрекетінің

төрт түрінде (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) де пайдалануға болатыны белгілі. Яғни, ақпараттық технология – оқу орындарында білім жетілдіруші құрал, ал иллюстративтік және диалогтік мүмкіндіктері оқу үрдісінің уәждеме саласы мен әрекеттік құрылымына үлкен әсер тигізеді.

Соның бір дәлелі ретінде қазақ тілі сабақтарында мынадай тапсырмаларды орындатуға болады.

Тақырыпқа байланысты көрген бейнежазбаға өз ойын білдіру: диалог, монолог құру, сурет арқылы ойын жеткізу;

Компьютер экранына сөйлемдер жазылады. Ол сөйлемдер белгілі уақыттан соң өшеді. Экранда қандай сөйлемдер жазылғанын есте сақтап, қатесіз дәптерлеріне жазу керек;

Аудиожазба тыңдағаннан кейін қандай ассосация пайда болды? Мәтін не туралы? Осы мәселелерді топпен талқылап, мазмұндайды;

Мәтінді тыңдатып, бір-біріне сұрақ қойдырту, өздерінің жауаптарынан мәтін құрау. Құрастырған мәтіндері мен аудиомәтінді қайта тыңдап, салыстырады;

Мәтіннің басын тыңдатып, аяғын өздері құрастырып аяқтайды;

Бірнеше сөйлем беріледі, солардың біреуі ғана аудиомәтіннің мазмұнына сәйкес келеді т.б.

Мінеки, осы ақпараттық-қатынастық технологиялармен байланысты материалдар, тапсырмалар оқу материалын терең түсінуге, оқу мотивациясының артуына, алған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына, білім беруге жұмсалатын уақыттың азаюына ықпал етеді. Ақпараттық- қатынастық технологияны енгізу кезінде мұғалімдердің тәсілдеріндегі төмендегідей өзгерістерді байқауға болады.

Дәстүрлі педагогика	Жаңа педагогика
Кітапта қанша болса, сонша және мұғалім қанша айтса, сонша білу	Нені білуді және еске сақтауды шешу
Мұғалім оқушыға білім береді	Мұғалім оқушыларды ақпараттарды бағалауға, таңдауға, ұйымдастыруға және сақтауға көмектеседі
Мұғалім үшін оқушылар қағазға жазады	Оқушылар дискке жазады және желіге жариялайды
Анық, қолмен жазылған есеп	Кәсіби қағазға басылған құжаттар
Оқушылардың ақпарат көздерін таңдауы шектеулі	Оқушылар жеке таңдау жасайды деп күтіледі
Оқушылар бір-бірінен жазбаны жасырады және мұғалімге ғана оқуға болады.	Оқушылар өз жұмыстарын редакциялау және тексеру кезінде пікір алмасады.

Сабақ беру үрдісінде оқушының бейімділігіне, қабілетіне, шеберлігіне бағыт беріп, тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік туғызатын жаңа технологияларды тиімді пайдалану – ұстаздың міндеті. Қазіргі кезде ұстаздардың кез-келген пәнді оқытуда қолданып жүрген сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп оқыту, сатылай кешенді талдау, дамыта оқыту технологиялары оқушыларды еркін ойлауға, пікір таластыруға, пікір алмастыруға, өз көзқарасын ерікті түрде жеткізуде тез ойлануға, жылдам әрі нақты жауап беруге баулитындығы анықталып отыр.

Сабақтың сапалы болуы- оның ғылыми тұрғыдан, теориялық жағынан жоғары дәрежеде дәлелденуі- ұстаздың шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді қолдана білуінде.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте-мөте қажет» - деп, ел Президенті атап көрсеткендей, ақпараттық технологияларды мемлекеттік тілді оқытуда тиімді пайдалану- жаңа білім берудің бірден-бір шарты. Қорыта келгенде, сапалы білім мен саналы тәрбие ұштасқанда ғана ұлт тілегін, мемлекет, халық мүддесін ойлайтын жеке тұлға қалыптасады. Ал ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі.// Қазақстан мектебі, № 2, 2000.

2 Букенова Ж. Қазақ тілін компьютерлік технология арқылы меңгерту мәселелері.// Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. №6. 2008.

3 Кеңшілікқызы Ж., Сағымбайқызы А. Қазақ тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану. // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. №6. 2009.

4 Абдурахманова Г. Коммуникациялық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері. // Қазақстан мектебі. №3. 2006.

ӘОЖ 80/81(075)

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ МЕТАФОРА МЕН ГЕШТАЛЬТ ҚЫЗМЕТІ

Ш.Ы. БЕКТЕМІРҚЫЗЫ

ф.ғ.к., профессор, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

Қазақ тіл ғылымында 2000 жылдан тілдік танымдық бағыттың терең ендеп, ұлттық негізде қарастырыла бастауына қарай ғылымдар тоғысынан туындаған, қалыптасқан жаңа тіл білімдік ұғымдар, категориялық жаңа түсініктер қолданыла бастады. Олардың бірін қазақи дүниетанымға түсіруге келсе, енді бірін жаһандық, жалпы адамзаттық дүниетаным негізінде қабылдап, саралауға тура келеді.

Кез келген ғылым – адам танымы жетістігінің көрінісі. Сондықтан «*таным*» түсінігін бертіннен, кейінгі 10-13 жыл аралығында ғана қарап, ғылыми бағыт түрінде қарала бастады деуіміз шартты. Ғылым жүрген жерде таным қатар жүреді. Тек оның қай ғылым арнасында қалай қаралатынын немесе оны (танымымызды) қалай қолданылатындығымызды зерделеуіміз керек. Тіл ғылымынында танымның көрінісі тілмен, тілдік бірлікпен сөйлеу-жазумен көрінетіндіктен, солар арқылы тіл негізінің тектік тетігін табу басты мақсат болып табылады.

Таным – өмір мазмұнының адам қабылдауындағы, санасындағы жетілген, шегіне жеткізілген, мәліметтік нәтижесі. Бұл нәтижені сөзбен, сөйлеумен танып білеміз. Сөз – өмір мазмұны нәтижесінің атауға айналған түрі. Сондықтан тіл ғылымында таным сөз нәтижесі арқылы қарастырылады.

Ал өмір мазмұнының қабылдануы адамзат тұлғасына, оның жаратылысы мен қалпына (менталитет пен стереотипіне), дүниетанымына қатысты болғандықтан, ақиқат өмірдің атауға айналуы да соған лайық жүріп отырады. Осы орайда таным ғылымында гештальт пен метафора мәселелері сөздегі өмір мазмұнының концептіленуін ашуға, адам санасының өмірді қалай танитынын көруге, сезуге көмектеседі.

Гештальт – санадағы өмірден таңбаланған жекелеген құбылысты түрлі қырынан реттеп, кешенді тұтастықта ұстайтын қызметтік құрылым. Ол көрініс, фрейм, сызба, сценарийлерді тұтастыққа ұстайды. мысалы: театр, ондағы пьеса байланысы; мектеп пен оқу; т.б.

Ғылымнан тысқара айтқанда, гештальт түр, бейненің тұтас құрылымы дегенді білдіріп, психологияда адам танымын зерттеуде көмектесетін ұғым болып табылады. Яғни психика арқылы қабылданатын нәрсе, заттарды, олардың нақты қасиетін бөлшектік күйінде емес, тұтас күйінде танып білуді жеткізеді. Сонымен әлемдегі түр, бейне, құрылымның адам санасында тұтастықта қабылдануы **гештальт** деп аталады.

Тілде гештальт түсінігін атау, сөз аясында қарастыру негізсіз. Тіл ғылымында гештальтты психологиядан тысқары алып қарай алмаймыз. Сөз гештальты деген болмайды. Себебі гештальт сананың затты тұтастықта қабылдауын жеткізеді. Тілде сөзді тұтастықта қабылдау деген болмайды. Сөз – ақпар-мәліметтің, өмірлік нәтиженің дайын, атауға түскен түрі. Тілдегі, тіл ғылымындағы гештальт бір сөздегі астардан екінші сөзді іздейді де, екеуінің бірлігінен тұтас бір мазмұнды шығарады. Мысалы: ***концерт, әуен*** сөздері қатар айтылғанда, бірін бірі ашып, бірі астар (жалпы көрініс немесе фон), екіншісі бейне (фигура) болып, тұтасып, гештальт болады. Яғни «**концерт**» (фон) сөзін айтуда *әуен, ән* (фигура) деген түсінік санаға оралып, біртұтас қабылданып, тұтастық жасалады.

Неміс психологтері айналадағы заттарды адамның жеке нысан ретінде қабылдамайтынын, оларды біртұтас, қалыптасқан түр, бейне ретінде қабылдайтынын айтады. Ендеше гештальт – құбылыстардың көп жақтылығын бір жүйеге келтіретін қызметтік құрылым. Гештальтты түсіну үшін гештальт болып қабылданатын нысан туралы ақпарат, білім қоры толық болуы тиіс. Содан соң зат-құбылыс тұтастықта қабылданады.

Гештальтты айтуда фреймді ескеру керек. Себебі фрейм – жоспарлы құрылым. Ол әлем бейнесі көрінісінің танылуында білім жиынтығын, шегін, аясын беріп, бейнені жеткізуде жоспарлы, шектеулі мазмұнды жеткізеді. Мысалы: **кітапхана** сөзін қарастырсақ, бұған қатысты нақты білім құрылымы, жиынтығы, аясы ғана назарға алынады: ұғымы (кітап сақталатын орын), мағынасы (заттық), қандай топқа (зат есім) жататыны, осы сөзді нақтылайтын, ашатын бірліктер, сөзжасамдық белгілер мен сипаттау, т.б. белгілері жинақталады. «Кітапхана» сөзі үшін осы білім қоры жетіп жатыр. «Кітапхананы» фрейм түрінде алғанда кітап, баспасөз жадығаттары, оларды сақтайтын мекеме туралы ақпарат қана керек.

Фрейм гештальтқа осы шектеулі, жоспарлы мазмұны тұрғысынан қажет. Бірақ фрейм де, гештальт та сөзді, оның құрылысын, жасалуын қарастырмайды, оның мазмұнын, шектік аясын, сөзде шоғырланған белгілердің қабылдануын негізге алады. Гештальтты тілде тану, тіл ғылымында қарастыру қиын. Бұл орайда тілдік гештальттарды жинақтай білу қажет. Содан кейін ***тілдік гештальт*** деген түсінікті қалыптастырып, қабылдауға болады. Сондықтан гештальт пен фреймді жеке сөз үшін емес, сөйлеуде, мәтінде алып қараған дұрыс.

Танымдық ғылымдағы гештальт пен фреймді тіл ғылымының кез келген саласында <u>зерттеу әдісі</u> ретінде ғана қолдануға болады, олар сөздің, сөйлеудің өзін (құрылымдық тұрғыдан) қарастыра алмайды. Бұл ұғымдар тіл білімі саласының мәтін синтаксисінде мәтін мен мәтін астарын танытуда қажет.

Гештальт – психологиялық бірлік, әлемдік бейнені (үзіндісін, қырын) тұтастықта көре білуді талап етеді. Белгілі бір бейнені бір адам бейне, көрініс ретінде тани, көре білсе, келесі бір адам оны бейне ретінде қабылдай алмауы да мүмкін. Осы жағынан алғанда, гештальт та, фрейм де, адамның білім аясын, жиынтығын, білімдік қабылдауын көруге көмектеседі.

Санада концептінің бейнеленуін ашатын қызметтік бірлік, ұқсату заңдылығының көрсеткіші – **метафора.** Тілдің қызметі жағынан, *метафора* – ойлау өрісі мен әрекетінің нағыз құралы. Өйткені кез келген кейінгі зат бейнесі алдыңғы жаратылған табиғи зат бейнесінің негізінен туындайды, соған орай ауыспалы мағыналы сөздер де пайда болады. Қысқасы, метафора адам өмірінің бүкіл жүйесінде бар, ойлауда танылып, тілде нақтыланып отырады. Гештальтқа қарағанда, метафора тіл ғылымы үшін нақты қызмет етеді, сөздің өзін қолданыстық тұрғыдан қарастырады.

Метафора тіл арқылы қабылдаумен, ойлаумен, одан соң сыртқа нәтижеленіп, сөзбен көрініс табады. Осындай белгілері тұрғысынан алғанда ***гештальт пен метафораның байланысын*** көреміз. Әрине, олардың ұқсастығы – тек ойлау мен қабылдауда өріс алып жататындығында. Гештальт зат-дүниені, мазмұнды тұтастықта қабылдауды жүзеге асырса, метафора қабылданған нәрсені, құбылысты ауыстырып қолдану үшін қызмет атқарады.

Екіншіден, гешталь та , метафора да белгілі жағдайда концепт жасаудың құралы болады. Гештальт концептіні қабылдауда көмек етсе, метафора арқылы дерексіз концептілер қалыптасады. Дж.Лакоффтың«Өмір тек метафорадан тұрады» деген ойы осындайдан туындаған.

Танымдық тіл ғылымында метафора – тікелей аталым түрі. Алайда біз оларды шартты түрде ауыспалыға айналдырамыз. Тілде өмірдегі зат-құбылыстардың атауы тікелей қойылып берілсе де, метафоралы болып табылады.

Әдебиеттегі метафора дегініміз зат атауының өзінің тікелей қызметінен ауысып кетіп, тура міндетін атқармауы болып табылады.

Метафораның бірінші қызметі – аталым жасау. Бірақ бұдан аталымның ауыстырылып қойыла салуы деген түсінік тумауы тиіс. Мұнда зат-құбылыстың өзара ұқсастық қызметіне не міндетіне қарай аталымның берілуі туралы мәселе қозғалады.

Екінші әрі нақты қызметі – санада зат-құбылысты қабылдатып, тануды ойластыру қызметі. Метафора ойлау әрекетін жүзеге асырады да, нысан таныла бастайды; сөйтіп ***метафора – ойлау нәтижесін жарыққа шығарушы әрі ойлау әрекетінің, жалпы ойдың құралы қызметін атқарушы.***

Танымдық ғылымда ***метафора – сана көрсеткіші, логика көрінісі***. Логикасы мықты адам ғана метафораны дәл қойып, дұрыс қолданады. Метафора ойға қиын қабылданатын дерексіз насандарды, белгілерді жинақтатып, оларды дербестендіруге, деректендіруге көмектеседі. ***Осы қырынан алғанда, метафора гештальтты*** керек етеді. Өйткені гештальт метафораның әрекетін қабылдаттырады.

Қазір адамның жалпы ойлау үдерісінің өзі метафоралы, сондықтан сөз өрісі де ауыспалы. Адамның түсіну, ұғыну әлемінде (жүйесінде) ұқсату, ұқсастырту әрекеті (метафораның) басым болуынан тілдік қолданыста сөздік метафоралар жарыққа шығады.

Бұдан тыс кеңістікте бейімделу немесе кеңістік метафорасы да болады. Бұл – адамның өзі танып білген кеңістіктік өлшемге қатысты туындайды. Мәселен, ***терең ой***, ***ауыр сөз***, ***биік тұлға***, ***бос көуде, таяз адам,*** т.б.

Сонымен бірге Концепт пен гештальт қатар жүреді. Бірі – ұғым, мазмұн, екіншісі – тұлғаландырушы. Гештальт тұлғаландырушы қызметінде концептінің амалы болып табылады.

Ал метафора – концептілік деңгейдегі білім шоғырын көрсететін, сана тереңділігін білдіретін танымдық құбылыс нәтижесі.

Жалпы алғанда, адамның сөзі мен тұтас сөйлеуінің өзі – метафора. Себебі адам әлемді сөзге айналдарады. Әлем – дайын тұрған «сөз». Оны атауға айналдыратын – адам. Ал адам зат-құбылысқа атау беруде сөзді дәлме дәл бере қоймайды, оның кей қырын (қызметін, мазмұндық белгісін, түрін, түсін, т.б. белгілерін) ғана алып, атау береді. Ендеше атау, сөз дегеніміз – метафора. Бұл арада сөздің тура, ауыспалы мәні сөз етіліп отырған жоқ, тікелей затқа берілген атаудың өзі метафора екенін айтқызымыз келіп отыр.

Шетел ғалымы Дж.Лакофф өз зерттеуінде осыны дәлелдеуге тырысып бағуда: «...Метафора обычно рассматривается исключительно как принадлежность естественного языка – то, что относится к сфере слов, но не к сфере мышления или действия. Именно поэтому большинство людей полагает, что они превосходно могут обойтись в жизни и без метафор. В противоположность этой расхожей точке зрения мы утверждаем, что метафора пронизывает всю нашу повседневную жизнь и проявляется не только в языке, но и в мышлении и действии. Наша обыденная понятийная система, в рамках которой мы мыслим и действуем, метафорична по самой своей сути»[1].

Әдебиет ғылымындағы метафора танымдық тіл ғылымындағы метафорадан өзгерек екенін дәлелдейді. Әдебиетте ұқсату заңдылығынан туындаған троптар басым қолданылады. Өмірдің өзі осыған әкеп тірейді: дүниенің сөзге айналуы метафора екені нақтылана түседі. Алайда әдебиет ғылымындағы да, танымдық тіл ғылымындағы да метафора танымның нәтижесі болуымен түйіседі. Екеуі бір нәрсе екені танылады.

Бірақ әдебиетте метафора екіншілік қызметті көрсетсе, танымдық тіл ғылымында метафора біріншілік қызметінде қарастырылады. Әдебиеттегі метафора ой көркемдігі үшін қажет. Мысалы:

1).*Болғанда ұшсыз ұзын, түпсіз терең, Таусылмас, шашсаң қанша,* ***көңіл*** *– бір* ***кен*** (2, 147-б.)**.**

2). *Жасымнан* ***өлең*** *еді баққан* ***қойым, Жақсылар бас қосқан жер*** *–* ***айт пен тойым.***[2, 159-б.].

Мұндағы ерекшеленген сөз қолданыстары екіншілік қызметтегі метфора болып табылады.

Танымдық тіл ғылымында метафора көркемдік үшін емес, әлемнің сөзге айналу құбылысын тану ретінде қызмет атқарады. Танымдық тіл ғылымы алғашқы атаудың өзі метафора болып табылатынын дәлелдейді.

Метафоралау – адамның бір нәрсені теңестіру, салыстыру, өлшем беру әрекетінің негізінен туындайтын ұқсату заңдылығының әрекеттік көрінісі.

Сонымен танымдық тіл ғылымында гештальт, фрейм, метафора бірін бірі ашу үшін қызмет етеді, сондықтан олар өзара байланысты. Бірақ бұлардың тіл ғылымындағы қызметі мен орны түрліше. ***Бұлардың ішінде сөздің өзін қарастыруда басым қызмет атқаратыны метафора болса, гештальт пен фрейм сөздің өзін емес, оның санадағы астарын, мазмұндық құрылымының қабылдауын негізге алады. Сондықтан бұлар мәтін синтаксисі үшін маңыздырақ. Ал жинақтай келгенде, гештальт, фрейм, метафора концепт ұғымын тарамдату, қарастыру барысында ғылыми әдістемелік құрал болады.***

Сондай-ақ метафораны да мәтін синтаксисінен тысқары қалдыруға болмайды.

Метафора тілдік категорияға енсе, гештальт пен фрейм философия мен психологияда категориялық бірлік болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Лакофф Дж.,Джонсон М. Метафоры,которыми мы живем//Теория метафоры.М., 1990. – стр.: 387-415. Перевод Н.В.Перцова.

2 Көпеев М.Ж. Екі томдық шығармалар жинағы.1-том. Алматы. «Ғылым». 1990. – 273 б.

ӘОЖ 81-2.512.122

ХАТ МӘТІНІНІҢ СТИЛЬДІК, ЛЕКСИКА-ГРАММАТИҚАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Т. ӘБІКЕНОВА

ф.ғ.к., доцент, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Біздің жазба мәдениетіміздің құнды да, қомақты саласы болып табылатын эпистолярлық жанр - дамыған жанр. Хат түрі сан алуан, олардың мәтіндері, стильдік ерекшеліктері де әр түрлі. Солардың ішінде еліміздің, жеріміздің әлеуметтік- саяси, экономикалық жағдайына байланысты кешегі ел билеген хан, сұлтан болған ата-бабаларымыздан қалған әр түрлі тарих тереңінен сыр шертетін хаттары, ұлы ағартушыларымыздың, соның ішінде Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин секілді дараларымыздың, қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырған Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин жазушыларымыздың хаттары, кешегі сұрапыл жылдардағы хаттар, бүгінгі хаттар бәрі- бәрі зерттеуге сұранып тұрған бағалы да құнды дүниелер. Бұл дүниелерді талдау, оларды жан- жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу эпистолярлық жанрдың сипатын тануға мүмкіндік береді. Қазақтың хан, сұлтан, старшындарының орыс империясының әкімшілік орындарына жазған хаттары мен белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жазушы, оқыған азаматтарының әлеуметтік мәні бар хаттарының тілі өзіндік ерекшеліктері көп. Хат мәтініндегі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшелігін талдау арқылы хат мәтінінің табиғатын тануға, сол кезеңдегі эпистолярлық стильді тануға болады.

Эпистолярлық жазбалар тілінің өзіндік стильдік, лексика-грамматикалық ерекшеліктері бар:

-ресми стильмен қатар қарастырылып келген эпистолярлық стильдің мазмұны, көлемі, жазылу түрі жағынан өзгеше;

- белгілі бір қалыптасқан үлгіде, баяндау тәсілімен жазылады;

-лексика-фразеологиялық құрамы (саяси-публицистикалық сипатта, әкімшілік терминдер, күрделі терминдер, т.б.) өзгеше болып келеді;

-ойдың логикалық жүйелігін сақтау мақсатымен сөйлем күрделі құрылады;

- адресант (хат жазушы) пен адресаты (хат алушы) бар;

- ой бірінші жақтан баяндалады,

- құжаттар тілі мен осы кезеңдегі хаттар тіліне эмоционалдық, бейнелеу тән емес.

Хат мәтінінің ерекшеліктері жеке-жеке тоқталуды қажет етеді.

1. Хат тілінің фонетикалық ерекшелігіне сөздің соңғы буынында -ү дыбысының келуін жатқызуға болады, мысалы, *өткүр уа зерек; үшүн, орүс,* т.б. Сөздің соңғы буынында *ұ,ү* дыбысының келуін орфоэпияның фонетикалық принципіне байланысты.

2. *қылұп, берүп, едүп, т.б* хат тіліндегі етістіктердегі *-ұп;-үп-* тұлғалары көнеден қалған тұлға. Қазіргі тіліміздегі көсемшенің *-ып,- іп* тұлғаларымен мәндес.

3. Түбірге қосымша жалғанғанда үндестік заңы сақталмайды, Қазіргі тіліміздегі *жылдар-жыллар, растығына-раслығына, халықтың-халықдың, біздің-бізнің, себепті-сәбәбілі, адамдары-адамлары, ұқсастар-ұқсалары, тиісті-тіешлі* т.б. түрінде жазылуымен ерекшеленеді. Бұл хаттар тілінің татар тілінің әсеріне де байланысты, көне тұлғаларды қолдануына, араб т.б. тілдердің әсеріне де байланысты өзгешеліктері деп есептейміз.

4. Қазіргі тіліміздегі емле заңдылығына сәйкес *ш* жазылатын тұстарға *ч* әрпінің келуі де өзгешелігін танытады. Мысалы, *акча, бұлайча, барчамыз*, т.б.

5. Ы, і дыбыстарының орнына орфоэпияның фонетикалық принциптеріне сәйкес *ү/ұ* жазылады.

6. Сөз соңында қазақ тілінде *п* жазылатын сөздерге хат мәтінінде *б*-дыбысының жазылуы кездеседі. Мысалы, *болыб, қылыб, байқаб, сөйлесіб т.б.*

7. Араб, парсы сөздерінің түпнұсқа тіліндегісі сақталады. *Хүкмат, хисаб, һәрәкет, ыхтиар т.б.*

8. Орыс сөздері дыбыстық өзгеріске ұшырап, қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сәйкес, айтылуы бойынша қолданылуы басым. *Начәлнік, ойазнай, песір т.б.*

XVIII ғасырдағы хаттар тілін талдай отырып, лексикалық ерекшелігіне байланысты төмендегідей тұжырым жасауға болады:

- араб-парсы элементтерінің өте көп кездесетіндігі (*Себебі XVIII ғасыр мен XIX ғасырларда қазақ тіліне араб, иран тілінен сөз ауысу процесі күшейе бастағаны белгілі, мысалы, гарыз, гарыз нама, ахуал, гарыз хал, мәктәбә, кутабту, кәтаб т.б.)* ;

- Ресейге бағынуына байланысты орыс сөздерінің қолданыла бастауы (*генерал, жанарал, гинерал түрінде, кавалер сөзі кауалер, куалер түрінде кездеседі*);

- тұрақты эпитеттермен басталады (*құдретлу, шафағатлу, мархабатлу, гизатлу, хұрметлу немесе аса мәртебелі, қымбатты, т.б.).*

XIX ғасырдың I жартысындағы хаттар тілінің лексикасының өзіндік айырмашылығы болды:

-хан, ханзада, ханым, ханша, төре, сұлтан, би, болыс, ақсүйек, кедей, т.б. сөздер жиі қолданылады, *алаш* сөзі де жиі жұмсалды, ол сол қоғамның келбетін танытады;

-сөздері түсінікті, осы кезеңге дейінгі талданған хаттар тілімен салыстырғанда қазақ сөздері басым, яғни жалпы халықтық қазақ тілінің лексикасында жазылған;

-араб-парсы сөздері қолданылды;

-орыс сөздері қоғамдағы өзгерістерді танытады;

-осы тұста қазақ қоғамының әлеуметтік және әкімшілік құрылысына байланысты жаңа сөздер әдеби тіліміздің орын алды.

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақша эпистолярлық стильдің бір белгісі – түркі жазба әдеби тілдеріне тән кейбір грамматикалық тұлға тәсілдерді пайдалануы. Мысалы, Махамбеттің *«хурматлу батырларға»* жазған хатында *уа, уа һәм, бірлән, білән* деген шылауларды, *бек, нечук* деген үстеулер мен есімдіктерді қолданады; еді, емес деген көмекші етістіктері кейде *ерді, ермәс* түрінде көне ұйғыр жазба дәстүрінен келе жатқан тұлғада жазады, араб-парсы сөздері түпнұсқаша жазылған т.б. ерекшеліктерді санамалап беруге болады.

Араб графикасымен жарияланған қосымшалардың қазақ тіліне тән фонетикалық варианттары кейде еленбейді, нәтижесінде көптік жалғау тек *–лар* түрінде, табыс септік *-ны,* ілік септік *-ның,* жатыс *-та*, шығыс *-нан* түрінде беріледі: *оқуны, қазақлар, адамлар, арызлар, мекемелерні.*

XIX ғасыр соңындағы хаттар тілі қазіргі әдеби тіліміздің көп айырмашылығы жоқ. Етістіктің сыпайы түрі жиі қолданылады.

Қорыта айтқанда, қарастырылып отырылған кезеңдегі эпистолярлық стильге жататын хат мәтіндеріндегі грамматикалық ерекшеліктері барлығында бірдей емес. Бірінде көне түркілік элементтер басым болса, екінші хатта орыс сөздері қолданылған. Енді бірінде қазіргі қазақ әдеби тілінен дараланатын грамматикалық ерекшеліктер көзге түспейді.

Ал XX ғасыр басындағы хат мәтінінің тіліне келсек, онда «кітаби шағатай тілінде» жазылған хаттар кездеседі. Зиялы қауымның көпшілігі өзіне дейінгі эпистолярлық стильге тән жазу үлгісін қолданды.

Лексикалық құрамында араб, парсы, шағатай және бүгінгі түркі тілінің элементі болды. Мысалы, *ушбу, бек, офат, бегірек*, т.б. Орыс сөздері де жұмсалды. Мысалы, *средняя школа – орта школ, государственная дума – дәулет думасы* түрінде кездеседі.

XX ғасырдағы хат тілінің тағы бір ерекшелігі:

– хаттардың қазақ әдеби тілінде жазылуы;

– орыс сөздерінің сирек қолданылуы;

– кейбір интернационалдық терминдердің де қазақшаға аударылып берілуі т.б.

Сонымен, қарастырылған кезеңдердегі лексикалық ерекшеліктерге араб-парсы сөздерінің жиі жұмсалуын, қазақ жерінің Ресей империясына бағынуына байланысты орыс сөздерінің қолданыла бастауын, тұрақты эпитеттердің жұмсалуын т.б. жатқызуға болады.

Хат мәтініндегі грамматикалық ерекшеліктер негізінен қосымшалар мен етістік формаларының аясында байқалады. Мысалы жалғаулықтар *және, мен* орнына *уа, һәм, кейде бірлән* қолданылған.

Синтаксистік ерекшеліктер сөйлемдерінің өте ұзақ болып құрылуынан байқалады. Айшуақ ханның хатында сөздердің көбіне жуық араб, парсы, көне түркі сөздері болғандықтан оқуға, түсінуге қиындық туғызады. Көптік жалғауының қолданылуында да қазіргі тілмен салыстырғанда елеулі өзгешелік байқалады.

Эпистолярлық стиль элементтері көркем шығарма тілінде көп кездеседі. Эпистолярлық стильде жазылған көркем шығармаларды әр кезеңдегі әдебиеттен кездестіре аламыз. Эпистолярлық стиль белгілері XIX ғасыр ақыны Кете Жүсіп Ешниязов шығармаларынан да көрініс береді. Кете Жүсіптің «Атынды емлемен жаздым хатқа» (Ажар қызға бірінші хат), «Білімді артық туған перизатым» (Ажар қызға екінші хат) өлеңдері – хат түрінде жазылған шығармалар. Бұл екі өлең тілінде көнерген сөздер кездеседі.

XX ғасыр басындағы көркем шығармалардан Ы.Алтынсариннің «Балғожа бидің баласына жазған хаты», Омар Шипиннің «Губернатор келгенде», «Құбаша ақынның Әбдірахман Иманқұл ұлына жазған хаты», «Әбдірахманның Құбашаға қайтарған жауап хаты» деген өлеңдер жатады, т.б. шығармаларды айтуға болады.

Бұл кезеңге тән хат түріндегі өлеңдердің тілі жатық. Көпшілік қауымға түсінікті. Араб-парсы тілімен шұбарланбаған. Қарапайым, ауызекі стильде жазылған. Көріктеуіш құралдар, троп түрлері ауыспалы мағынадағы

сөздер, образды суреттеулер орын алмаған. Мақал-мәтел, фразеологизмдер де көркем шығармалармен салыстырғанда аз жұмсалған деуге болады. Орыс сөздері кездеседі, олар - көбінесе әскери терминдер, патшаның шеніне қатысты атаулар, техникаға байланысты атаулар т.б.

Демек, хат түріндегі өлеңдер эпистолярлық стильде жазылған, ауызекі стильге өте жақын, өлеңде айқындауыш, айшықтау т.б. көріктеу құралдары қолданылмаған.

Көркем әдебиеттегі эпистолярлық стиль элементтері кейде сол қалпында беріліп, яғни грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерімен жазылған. Оның себебі жазушы суреттеп отырған қоғамның келбетін шынайы беру қажеттілігінен туындайды.

Хат түріндегі өлеңдерді Абай шығармашылығынан да кездестіреміз. «Жігіт сөзі» және «Қыз сөзі» өлеңдері эпистолярлық стиль үлгісінде жазылған. Аталған өлеңдердің құрылысы күрделі емес, жеңіл ұйқасқа құрылған. Мұнда көнерген сөздер мен араб-парсы сөздері жоқ, тілі түсінікті.

Абайдың аудармалары ішінде де эпистолярлық стиль үлгісіндегі туындылар бар. Олар: Пушкиннен аударылған «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегин сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты». Абай аудармасында «Евгений Онегин» Татьяна мен Онегиннің бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасы Абай аудармасында эпистолярлық роман түрінде шыққан. Эпистолярлық стильдің тағы бір ерекшелігі - мұнда хат жолдаушы кейіпкер өз басындағы махаббат, күйініш-сүйініш т.б. психологиялық жағдайларды, ішкі сырын, ең бір аяулы сезімдерін жайып салады, сондықтан кейіпкердің ішкі сезім-толғаныстары, сезім сарайы терең ашылып, ешқандай бүкпесіз, ашық, нанымды бейнеленеді.

Абайдың баласы Мағауия Құнанбаевтың «Әбішке хат» өлеңі, Тұрағұл Құнанбаевтың «Хат», «Жауап хат», «Әбішке /хат/» өлеңдері де хат мәтінінде жазылған. Бұл хаттарда да адам басындағы психологиялық жағдайлар, қимастық, өткен күндерге деген сағыныш, амалсыздық т.б. жүрек толқытар сезімдер көрініс табады.

Эпистолярлық стиль элементтері тек поэзиялық шығармаларда емес, прозалық, публицистикалық шығармаларда да көптеп ұшырасады. Баубек Бұлқышевтың майданда жүріп жазған «Шығысұлына хат» шығармасы эпистолярлық стиль үлгісін көрсетеді. Шығармада майдан шебінде жүрген жауынгердің Отанға деген патриоттық сезімі көркем тілмен баяндалады. Соғыстағы жан түршігерлік оқиғаларды баяндай отырып, өзінің жауға деген өшпенділігі, ыза -кегі одан сайын өсе, өрши түскенін айтады. Бұдан біздің байқайтынымыз, эпистолярлық стиль адамның ішкі жан дүниесіндегі жек көрушілікті, махаббатты, адамдық парыз бен арнамысты, адам басындағы ең бір ауыр кезеңдерді барынша терең, бүкпесіз жеткізе алады.

Хат мәтінінің тағы бір артықшылығы - хат көбінесе ең жақын адамға арналатындықтан, ондағы оқиға барынша нанымды баяндалады.

Хат түріндегі шығарма жазушыға қаһармандарын барынша ашық, тебірене сөйлеуге, ішкі дүниесін бүкпесіз ақтаруға мүмкіндік береді. Сондықтан эпистолярлық стильді көркем шығармада қолдану – жазушы үшін кейіпкердің ішкі сезім сарайын ашуда, оның барлық ішкі толқынысын, тебіренісін ақтарып салып, сол арқылы оқырман көңілінен орын табуда таптырмас тәсіл болып табылады.

Түйіндесек, қазақ эпистолярлық стилі бар, ол ресми стиль ішінен орын алатын, ауызекі стиль элементтері жиі ұшырасатын, өзіндік жазу мәнері бар шағын стиль болып табылады.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Ж.С. ЖАППАРОВА
қазақ тілі үйірмесінің жетекшісі, Мақамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы, Астана қ.

Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім.Ал бүгінгі таңда мектептің ,мұғалімнің ең қасиетті міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі.Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет.Еліміздің болашағы-ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып,өз алдына отау тігіп өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде баршаның міндеті-әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан,тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген.Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына,оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты.Мұғалім-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы,маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы,жарқын үлгісі,бала қиялын самғатып,арманын көкке ұсындырушы басты тұлға.Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік –саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі.Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып,биік адамгершілік қасиеттерге баулу,тәрбиелеу-мұғалімнің

басты міндеті.Мұғалім жан-жақты жетілген білімді,әдістемелік шығармашы- лық шеберлік иесі,халықтық дәстүр,әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін әлеумет- тік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресесе осы кәсіби білік дағ- дыларын шыңдауы оның ұстаздық тәжірибе жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады.[2] Келешекте біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай,мектеп қабырғасынан-ақ жан-жақты білімді, тәрбиелі етіп шығару үшін сынып жетекші ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жүргізген абзал.Қазіргі таңда мұғалім болу,тәрбиеші болу оңай жұмыс емес.Басқа ешбір мамандық адамға дәл мұғалімге қойылғандай талаптар қоймайды.Педагогтық қызметтің жетістігін бағалау да өте қиын. Оның сапасы сызғышпен өлшеп,әрбір мысқалына дейін таразыға тартатын дүние емесЯ.А.Коменский балаларға тәлім-тәрбие беріп ұстаздық көрсететін мұғалімді өте жоғары бағалад « Мұғалім-мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп,нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі.Оларға тамаша қызмет тапсырылған,күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес».Балалардың санасы мен мінез-құлқының қалыптасуына тәрбиешінің жеке басының ,оның моральдық бейнесінің атқаратын ролі орасан зор. Бұл әсерді өзінің күші жағынан ешнәрсемен салыстыруға болмайды. Бұл- ерекше құдіретті күш. Орыстың ұлы педагогі Д.К.Ушинский « Тәрбие де барлығы да тәрбиешінің жеке басына негізделуге тиіс.Ешқандай жарғы және бағдарлама,ешқандай оқу орнының жасанды орталығы қаншалықты жетілдірілгенімен тәрбие ісінде жеке адамды алмастыра алмақ емес.Тәрбиешінің тәрбиеленушіге тікелей әсерінсіз мінез-құлыққа сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес.» деп жазды.Сондықтан тәрбиешінің жеке басына ерекше талаптар жүктеледі.Ерік-қайраты күшті, мінезге бай жас өспірімдерді қалыптастыру үшін мұғалімнің жеке басы талаптарға сай болу керек.Мұғалімнің жеке басында сөз бен істің арасында алшақтық болмау керек.[3]

Тәрбие жайындағы белгілі мәліметтер адам баласының тәрбиесіне сүйенеді. С.А.Назарбаеваның « Ұстаздан ұлағат»атты кітабында: «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен,баланың сезімін оятып,әсершілдігін дамыту ,сезімді тәрбиелеу-баланы қоғамдық мәні бар,адамдарға жақсылық әкелетін қылық-қасиеттерден рахат,қуаныш табуға баулу деген сөз. Парасаттылық дегеніміз-адамзатқа қызмет ету»,-деп жазылған.Бала тәрбиесі ең алдымен,аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан,ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды.Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор.Адамның адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар,тәрбиеші мен мұғалімнің ролі зор.Яғни,мұғалім мамандығының иелеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Ф.М.Достоевскийдің «Өзіңнен өзіңді ізде,өзіңе өзің бағын,өзіңді өзің тани біл»,-дегеніндей,әр мұғалім өзінің бала болғанын,өзінің ата-ана екенін,өзінің оқытушы болып қалыптасып келе жатқанын ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырса,өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Н.А.Добролюбовтің «Мұғалім өзіне шәкірттердің қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есінде сақтаса,оның балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, соншалықты оның әрбір мақтауы балаларды шаттандырады,оның әрбір ескертуі баланың жүрегіне терең орнығады.демек барлық тәрбие жұмысы игілікті болады»,-деп айтқанындай,баламен кездескен сәттен бастап,оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде баламен тікелей қарым-қатынаста екенін,онымен ішкі сезімі байланыста болатынын бір сәт естен шығармағаны абзал.Сонда ғана ел білікті,парасатты,жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едәуір табыстарға қол жеткізе алады.[5]Тәрбие кезеңдеріндегі оның өзіне тән заңдылықтарын сәтті пайдалану ұрпақ тәрбиесінің жемісті болуының ең үлкен кепілі болмақ.Қазақстан Республикасының баянды да тәуелсіз мемлекет болу үшін ұлттық құндылықтар тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып,адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген,таза елжанды азамат керек.Қазақ мемлекеті үшін бар білімі мен қабілетін сарп ететін,елін,туып-өскен жерін,тілін,халқының тарихын,дінін,мәдениетін біліп,құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу,жалпы жұртшылық,әкімшіліктер мен білім беру мекемелерінің басты міндеті. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: « Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз және оны қалыптастыру басты міндетіміздің бірі» деген сөзін басшылыққа ала отырып, « Менің Отаным-Қазақстан» деп ойлайтын әрбір азамат ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіретін тәрбие жұмысын жүргізуі міндетті.Ал ұлттық тәрбиеге тікелей ықпал жасайтын білім ордасы,мектептер мен жоғары оқу орындары.Олар жас мамандар мен ұстаздарға мемлекет пен халықтың мүддесін ойлайтын, «елім, туып-өскен жерім, мен Қазақстан Республикасының азаматымын» деп жүрегі соғатын ұрпақ тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін үйретуге міндетті. Ал тәрбиеге байланысты мұғалімдердің білімін жетілдіріп,қайта даярлау мемлекеттің ұсынған қаулы-қарарлары мен заңдарына сай келуі керек [4].

Ұлтжанды,адами құндылықтарды бойына жиған,қиыншылықтан жол табатын,экономикалық бәсекелестікке қабілетті,ары таза.иман жүзді,біреудің қолдауынсыз өз еңбегімен білім алған,елі мен жерін сүйетінін атқарған ісімен дәлелдеген жастарды көргіміз келеді.Ұлттық тәрбие дегеніміз сана-сезім мен сенім қалыптастыру.Ол үшін жастарға ұлттық тәрбиені ел-жұрт, қоғамдық орын, ата-ана болып,жан-жақты ойлана отырып берсек,біздің де,мемлекеттің де көркейетіні даусыз.Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату-біздің басты парызымыз. Демек,ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеу арқылы сынып жетекші ұлттық тұлғаны қалыптастырмақ.Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек,мектеп жасы балаларының тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына отбасы мен бірге сынып жетекшінің де ролі ерекше .Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз-халықтың ғасырлар бойы жинақтап,

іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын,дүниетанымын,өнерге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.Бүгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде,ұлттық тәрбие,ұлттық рухты сақтап қалу-үлкен міндет.Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екені даусыз.Сондықтан сол мол тәжірибені пайдалануға тырысып,ең бірінші жаңы таза,рухани биік,адамгершілігі мол,халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеу-сынып жетекшінің міндеті.Ғұлама Абай баланың бойына алты қасиет пен үш асыл мінез-құлық сіңіру парыз деген.Міне ,осы алты қасиетпен бірге үш асыл мінез-құлық.

1.Елімен туған-туыс,жұрағат,жекжат,дос-жолдасқа адал болу.

2.Өте әділетті болу

3.Шындықты тура бетке айту сияқты асыл мінезді атап көрсеткен.

Ұстаз тәрбие жұмысын ұйымдастырғанда мынадай ұлттық құндылықтар тақырыбында тәрбиені тәрбиеленушінің бойына дарытады.

Қазақ халқының салт-дәстүрі ,Тәрбие түрлері,Туған жер, Отан, Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті, Тарихи тұлғалар, Әдеби мұралар, Ел тарихы.

Осылардың ішінен қазақ халқының салт-дәстүрін алатын болсақ,әрі қарай бірнеше тақырыптарға жіктеледі.ОЛАР: Отау көтеру дәстүрлері:қыз айттыру,қыз көру,шеге шапан, құда түсу,бата аяқ,құда тартар,қалың мал,балдыз қалың,киім тігу,киіт,құйрық бауыр,өлі-тірі,қынаменде (ұрын келу),қыз қашар,сәукеле кигізу,күйеу киімі,той малы,қапқа салар,жігіт түйе,сүт ақы,қыз танысу,сыңсу,қыз ұзату,неке қияр,жар-жар,аушадияр,ау-жар,қоштасу,жасау,қыз көші,түймемұрындық,шаңырақ түйе,келін түсіру,беташар,бие қысырмас,күйеуаяқ,жолдық,отау көтеру,шаңырақ көтеру,атбайлар,құттық,үй көрсету,есік ашар,өңір салу,ілу,дәмету, итаяғына салу,кимешек кигізу,құрсақ шашу,жарық қазан.

Тәрбие дәстүрлері:шілдехана,шілде қаққан,сүйіндір,кіндік кесер,қалжа,ат қою,бесікке салу, бесік жыры,тыштырма,тымаққа салу,қырқынан шығару, иткөйлек,бауырына салу,сатып алу, асырап алу,тұсауке сер,базарлық,байғазы,бастаңғы,бәсіре,тілашар,ашамайға мінгізу,жеті ата, енші, көгентүп,айдар,кекіл,тұлым,асату,ұйқышашар,селт етkізер,сүндет той,құлақ тесу,аузына түкірту,алтыбақан,тыйым,тобық жұту,тобық тығу,қызойнақ,қыз қуу,мүше алу, біз шаншар,қыз алар,босаға майлау,келін көңілі.[1]

Отбасы ,тұрмыс дәстүрлері:ақ үй аманат,аманат,ант,ақ алып шығу,ақ құйып шығару,ақ жол,ат мінгізіп, шапан жабу, ат тергеу,айтыс,айып,айрылысар көже,ауызбастырық,ауыз тию, ат құйрығын кесу, ат майы, артынан топырақ шашу, ақтық, абысын асы, араша,аяғына жығылу, әмеңгерлік, әдеп, әдет, бата, теріс бата, байлау, баутағар, барымта, бармағын жалау, бал басы, белкөтерер,бес жақсы,бетке түкіру,бәс,бүйрек,бет айғақ, бұйымтай, бәйге, дау, дауыс, дәстүр, деңгене, дүре, дерт көшіру, емге сұрау, ем, емшегін көкке сауу,есекке теріс мінгізу, ерулік, жаза, жекпежек, жиенқұйрық, жолаяқ, жолдасу, жылу, жұртшылық, жыртыс, кәде, кек алу, көрімдік, көрісу, көз тию, көрші хақы, көкпар, көңіл сұрау, күн санау, ай санау, жыл санау, жыл қайыру, қалау, қазан шегелеу, қарғыс, қарғану, қарашаңырақ, қап қағар, қонақасы, қонақ кәде, қорықтық құю, құмалақ салу, құн, жарқын құн, қарыз, пайғамбар қарызы, құтты болсын айту, құрдастық қалжың, салт, сал-серілік, сауға, саумалық, сауын алу, сауын айту, сарқыт, сайыс, соғым басы, сүйек жаңғырту, сәлем беру, сәлем ету, сәлемдеме, сүйінші, сыбаға, өлі сыбаға, табақ тарту, таңба, туған күн, мүшел, мүшелтой, алтын той, күміс той, той, тойхана, тойбастар, тойтарқатар, тоғыз, туған жерге аунату, туырлығын тілу, төбәрік, тіл кестіру, тізе бүгу, тоқымқағар, төркіндеу, түс жору, от басын сабау, отпен аластау, отқа май құю, уәде, үй сынығы, ұран, шашу, шарғы салу, шүлен тарату, хан сырқаты, хан талау, ым, ишара, ырым, іргеден шығару. Еңбек дәстүрлері:асар,биебау,жылқы күзеу, күзем шай, кеусен,келі түбі, көген той, қол ұшын беру, қол үздік,қолкесер, қазық майлау, қой басты,тулақ шашу,таңсерік, нөзір,үме,сірге мөлдіретер, сабан той, сал бурын, сыралғы, лау, аңшылық, саятшылық, шашыратқы. Наурыз дәстүрлері: наурызнама, наурыз күні,қыдыр ата,наурыз көже,наурыз жыры,наурыз бата,наурыз жұмбақ, наурыз тілек,наурыз төл, наурызкөк,наурыз есім,наурыз шешек, наурызша, саумалық, мұхаррам, самарқанның көк тасы. Ислам тағылымдары: айт, айттық, құрбан шалу, ақсарбас, аластау, ақтық байлау, айналмақ, жан беру, жарапазан, жарапазанның батасы, жұмалық, зекет, зікір, құдайы, құран ұстау, ораза,ауыз ашар, намаз, пітір, садақа, сыйыну, талақ, талақ, табыну, тасбоған, тұмар, ұшықтау, үшкіру, ішірткі, мойнына бұршақ салу. Қаза ғұрыптары: арыздасу, өсиет, иман айту, естірту, көңіл айту, жоқтау, ақтай жоқтау, шашын жаю, қара тігу, көрісу, жаназа, дәуір, жаназа, дәуір айналдыру, сүйекке кіру, сыйыт, аманат қою, мұра, топырақ салу, бата оқыр, дұға, підия, тұлдау, аруақты еске алу, шек беру, жерошақ майлау, ас, тұл аудару, қара жылу. Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керегі екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі. Солар арқылы ол жалпы азаматтық әлемге аяқ басып,өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын да,түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұстаз өз кезі мен өткеннің талаптары,объективті факторлар негізінде жеткіншек ұрпақты өмірге даярлап,оны жинақталған тәжірибе арқылы тәрбиелеп отырып,өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игерте түсуі керек.

Ұлы педагог К.Ушинский « Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да,бағдарлама да оның орнын баса алмайды»-деп текке айтпаған. Ендеше еліміз тәуелсіздікке қолы жеткен қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі негізгі міндет-ұлтымыздың таным құндылықтарын бойына сіңіріп,салт-дәстүр,әдет-ғұрып мәйегін ұрпақ санасына егу арқылы тәләм-тәрбие беру.Ұстаз қолында адам тағдыры,болашақ ел тағдыры тұрады.Заман талабына сай тәрбие беру-мұғалімнің басты міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР
1 Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: 2006.
2 «Қазақстан мектебі» журналы. №6, 2005.
3 «Қазақстан мектебі» журналы. №3, 2007.
4 «Қазақстан мектебі» журналы. №4, 2008.
5 «Сынып жетекші» журналы. №9, 2007.

ӘОЖ 82.09

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ КЕЙІПКЕРЛЕРІ

Қ.П. ЖҮСІП
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
А.С. ЖҰМАБЕКОВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әңгіме – шағын жанр, ал шағын жанр қиын болуы себепті балалар әңгімесіндегі кейіпкердің атқарар ролі де салмақты. Өмірдегі бір сәттік оқиғаны немесе бір жағдайға байланысты болған ситуацияны алып, сол арқылы характер жасау, характерді әрекет, үстінде ашу шеберлікті қажет етеді. Себебі «Характер дегеніміз геройдың әдеби портреті деген сөз емес, оны портрет жасағандай жасауға болмайды. Ол басқа кейіпкерлермен қарым-қатынас үстінде көрінеді» [1. 8]. Яғни кейіпкер характері жалғыз тұрғанда ашылмайды, характерді ашатын нәрсе ол - қарым-қатынас, әрекет. Сондықтан жалаң баяндауға салынып кетпей, кейіпкерді іс-әрекет арқылы ашып, оқырманға әсер ете білу, осының бәрін бір әңгіменің бойына сыйғызу оңай іс емес дейміз.

Балалар жазушысы алдымен балаларды сүйіп, баланың жас ерекшеліктеріне қарай қажеттерін, өзгешеліктерін терең білуі қажет, психолог бола білуі қажет. «Кез-келген жазушы психолог бола білуі керек. Ол кейіпкердің типтік қарекеттерін суреттеп қана қоймай, сол қарекеттердің бұлтартпай сендіретін психологиялық мотивировкасын көрсете білген жөн» [2. 60].

Балаларға арналған көркем туындының кез-келген элементі жеткіншек талғамын қалыптастырып, қызығушылығын қанағаттандыратын әсерлі болуы тиіс, балаларға арналған шығарманың әр бөлшегі баланың түсінігіне сай, тартымды болуы қажет. Әңгімедегі тартысты талдау арқылы кейіпкер харатерін ашуға негіз салып, жазушының кейіпкерлерге артқан негізгі міндетін, қаламгердің ой ағынын бағдарлауға болады.

Көркем шығарма суреткер үшін қуатты құрал, өзінің субъективті ойының тақтасы дейтін болсақ, онда шығармадағы кейіпкерлердің бұл орайда белгілі бір мақсатты қарекет атқаратыны, жазушыға көмек беретіні дау туыдырмас.

60-90 жылдардағы балалар прозасын біршама зерттеген Б.Ыбырайым 60 жылдардағы жаңа ізденістер негізінен деректі-өмірбаяндық шығармалардың дүниеге келуімен сабақтас екендігін айтады. Халқымыздың көрнекті перзенттері – Шоқан Уәлиханов туралы С.Бегалиннің «Бала Шоқан», С.Бақбергеновтің Құрманғазы, Дина Нұрпейісова, Кенен Әзірбаев жайында «Қайран шешем», «Дина», «Бозтоғай» повестері осы кезеңде жазылды дейді.

«Балалар әдебиетінде бұған дейін көріне қоймаған жаңа сипаттағы оқушы немесе спортшы бала Б.Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» туындысында бейнеленді. Осы кезеңде кейіпкерді кілең бір түсті бояумен сырламай, оның «жақсы» ия «жаман» екенін байыптаған алғашқы шығармалар қазақ балалар прозасында қалыптасқан дәстүрді жаңғыртуға, соны өріске ұмтылуға деген талаптардың көрінгенін дәлелдеді» [3, 6].

Балалар әдебиетіне бір топ жазушы өткен шақпен айтылатын өмірбаянын алып келді. Сондай жазушылардың бірі – Қасым Қайсенов. Қ.Қайсеновтің «Балдай тәтті балалық шақ» атты әңгімелер циклының өзегі өмірдің өзінде. Жазушының «Жас партизандар», «Жау тылындағы бала» атты повестері сұрапыл соғыстың шындығын ашады. Ал «Балдай тәтті балалық шақ» атты циклға енген әңгімелер тартымды сюжеті, жеңіл тілі, нанымды, шынайы кестесімен қызықтырады.

Жинақтағы «Велосипед», «Қаңылтыр құпиясы», «Жаяу жарыс», «Үйді сағындым», «Тәтті іздеп», «Қоянсирақ», «Мәтіш шешей», «Көк ат көпірден құлады» әңгімелері оқырмандарын әр түрлі сезімдерге бөлейді. Мысалы, «Қоянсирақ» әңгімесін оқыған соң, әштей көңілсіздікке ұшырайсыз, «Үйді сағындым», «Тәтті іздеп», «Мәтіш шешей», «Көк ат көпірден құлады» әңгімелерін оқыған кезде сақылдап күлесіз, «Велосипед», «Қаңылтыр құпиясы», «Жаяу жарыс» – өмір шындығы. Себебі, велосипед, консерві, қағаз, қарындаш сияқты дүниелердің сонау жылдары таңсық, жат нәрсе болғаны, сөз жоқ, шындық. Ал осы шындықты оқырманға әсерлі етіп жеткізіп, әр алуан сезімдер туғызған автор әңгімелерінен бала психологиясы, сол кезең талаптарын, тұрмыс-тіршілік, дәуір тынысын сезе аламыз.

Балалардың бойында өзімшілдік қасиеттің басым болатыны белгілі. Бір үйдің жалғыз баласы әдетте «эгоизмге» бет бұрғыш, өзімшіл келеді. Сол сияқты бала өзіне ұнаған затты қалай да болса алуға ұмтылады. Балаға «ақша жоқ», ол керек нәрсе емес, ол ойыншық емес дегендерді түсіндіру қиын. Себебі баланың өзіндік әсер ету құралы бар, ол – оның бір шықса басылуы екіталай көз жасы. Ал өз арасында балалар бір-бірінің қызыққан нәрселерән иесі бермесе, ұрлап әкететінін немесе тартып алатынын жақсы білеміз.

«Мәтіш шешей» әңгімесінде тартыс бала Қасымның өзімен түйдей жасты құрдасы Бүркітбайдың асықтарына қызығуынан басталады.

Бүркітбайдың әжесінің үйіне асық ойнауға барған бала асықтарға қызығып кетеді. Көзі жүгіріп, ішкі есеппен әдемі асықтарды іріктей бастайды. Сыртқа шыққан соң, Қасымда табандылық пайда болып, біраз ойнаған соң жақсы асықтарды алып кетпек болады. Бүркітбай бермей, етегіне жабысып, екеуі дауласады. Дауысты естіп Бүркітбайдың апасы үйден шыққанда, Қасым Бүркітбайды бастан бір салып, асықтарды ала қаша жөнеледі. Тартыс осылайша басталып кетеді. Бүркітбаймен келіспеушіліктен басталған тартыс, енді Мәтіш шешей мен Қасымның арасында тартысты туғызады. Кейіпкер сөзіне назар салайық: «Үйге қарай зытып келем. Мәтіш апам өкшелеп қуып келеді. Анда-санда «адиа қайғы өйтейін, Қаяқұйт» деген даусын естимін. Ұстаса, өлтірмесе де, өлімші қылатынын білемін, қашып келемін. Екі қолым бос емес. Асығым шашылып қалады екен деп екі қолыммен көйлегімнің етегін қапсыра ұстап келемін» [4, 239].

Оқып отырғанда бұл көрініс көз алдыңызға бірден елестеп, оқиға аяғын күте түсесіз. Мүмкін ойыңызға «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі баланы мыстан кемпірдің қуып келе жатқан көрінісі келетін шығар. Бірақ біздің кейіпкеріміз теректің басына шығып кетіп, жан сауғаламайды. Әңгіме немен аяқталады деген сұрақ мазалай түседі. Неге екені белгісіз, бүйрегіңіз басы жарылып, асығынан айрылған Бүркітбайдың жоқшысы, апасы Мәтіш шешейге емес, сол Мәтіш ападан жүрегі алып-ұшып, зәресі кете, асықтарын уайымдап зытып бара жатқан бала, Қасымға бұрып тұрғанын сезесіз. Ойыңызға енді Ғ.Мүсіреповтің қашқыны «Зытып келем. Зытып келем. Артыма қарай зытып келем...» деген сөздердің иесі Қайрош түседі.Екі кейіпкерді салыстырып көрсек, біреуі таныс жерден жат, бөтен қиырға, қалаға қашып бара жатса, біреуі қорған, пана іздеп үйіне қарай зымырап барады. Тартыстың шырғалаңы, шытырманы, өзекті сәті Мәтіш апаның оқыс, біз де, Қасым да күтпеген әрекетінен туады. «Апам жете алмаған соң, ыза болды-ау деймін, аяғындағы қысқа пимасын сілтеп қалса керек, ол дәл желкеме тиіп, етпетімнен ұшып түстім» [4, 239].

Осы сәтте Мәтіш апаның амалсыздан тапқан шешімі, қысы-жазы аяғынан тастамайтын пимасын шешіп, оны Қасымға лақтыруы, лақтырғанда жай емес, кһздеп тұрып, желкесіне тәжірибелі мергендерше дәл тигізіп, Қасымды жерге топалаң еткізуі тартысты шиеленістіре түседі.

Асығымен бірге жерге төселіп қалған Қасымның сол сәттегі көңіл күйі қандай болғанын көрейік. Түк түсінбей, орнынан атып тұрған Қасым, бір аяғында ғана пимасы бар, ақсандай басып жүгіріп, жетіп қалған Мәтіш апаны көреді. Шашылып қалған асықтарды жинауға мұршасы да болмай қалады. Қасым ашулы – асықтар шашылды, оларды жинап алу екіталай, өзі аяқ астынан таяқ жеді, енді аз кідірсе, Мәтіш апа шаңын шығарады, «іс бітті, ку кетті» болмай шықты. Ол енді өшін алғысы келіп, Мәтіш апаның өзін тоқалаң еткізген пимасын алып қашады. «Қаяқұйт, пимамды таста», - деген сөзге де мән бермейді. Шашылған асықтарын Бүркітбай жетіп келіп, жинай бастаған соң, жаяу жарыстың екінші айналымы басталады. Ендігі кезекте Мәтіш апа өз пимасының құғыншысы, ал қашқын сол баяғы Қасым! Осы әңгіме тартыстың шешімін бір ғана сөйлем, бар болғаны кейіпкердің бір ғана репликасы береді: « - Міне, пиман, -деп пимасын тоғанның суына бір-ақ қойдым» [4, 239].

Қасымның әрекеті – ашу үстінде жасалған әрекет. Ашу, ыза, кейіс, реніш кезінде адамның мейірімсіздік көрсетіп, өңі түнеріп, жаман ниетті күй кешіп, жауыздық әрекетке де баратыны белгілі.

«Алғашқы айлар», «Таныс қыз», «Ақмоншақ», «Көк белес» секілді көркем туындыларымен оқырман қауымның жылы лебізі, ыстық ілтипатына ие болған Мұқан Иманжановтың «Ақмоншақ» деген атпен шыққан әңгімелер жинағындағы кейіпкерлерге тоқталып өтсек. «Қорқақ» деп аталатын әңгіме кейіпкерлерінің бойында әр түрлі қасиеттер бар: Руфик – қорқақ, жасқаншақ, Едик – бұзақы, тентек, Коля – батыл, бірбеткей.

Балалар тағдырын толғаған жазушылардың бірі Өтебай Тұрманжановтың 1968 жылы шыққан «Адам адамға дос» жинағына енген әңгімелеріне шолу жасадық. Автор әңгімелерінде кейіпкерлер өз қателіктерін өздері түсініп, адамгершілік жолына түседі. Дәлел ретінде «Қараш неден ұялды», «Алмабек қатесін қалай ұқты», «Жақсы бала» әңгімелеріндегі кейіпкерлер түбінде өз қателіктерін мойындауын: Қараштың жалқау, еріншек мінезін тоқтатып, ата-әжесіне қолғабыс екрек екендігін түсініп, оларға саналы түрде көмектесе бастауы, Алмабектің ағасының жиде ағашын қызғануды тоқтатып, қызғаншақ, өзімшілдік, ішітарлықтан қайтуы, Арманбектің ерсі қылық, сорақы мінезін қойып, шын мәнінде «Жақсы бала» атануға ұмтылуын келтіре аламыз.

В.Г.Белинский балаларға арналған әңгімелер туралы: «Сізде адамгершілікті уағыздайтын ой бар екен – оның болғаны жақсы-ақ, бірақ оны балаларға сол күйінде айта берменіз, оны балалар сезетіндей етіңіз, әңгіменіздің соңында одан қорытынды жасамаңыз, қорытындыны балалардың өздері жасайтындай етіңіз; егер әңгіменіз оларға ұнаса немесе оны қызыға, сүйсіне оқитындай болса, онда сіздің өз ісіңізді ақтап шыққаныңыз» дейді [5, 239].

В.Г.Белинскийдің пікіріне бақсақ, балаларға бос уағыз сөзден гөрі, өмірді шынайы суреттермен елестету, сезімге әсер ету арқылы тәрбие беру әлдеқайда тиімді. Б.Әділовтің «Ұмытшақ» әңгімесінің кейіпкері Ақтайдың өз қателігін мойындауы өз алдына, бұған қоса үйшікті көрген сәтте үйден бірден атып шығып, Дариғадан кешірім сұрауы оның өз қателігін мойындай алатын, ұяты бар, ізгі жан екендігін көрсетеді. Ақтайдың үйден дәл сол күні, ертеңге қалдырмай, еш мүдірместен Дариғадан кешірім сұрауға баруы, барғанда да жай, әшейіндегідей сыздатып бармай, үйден атып шығып жүгіре жөнелуі – кейіпкер мінезін ашатын деталь.

Б.Соқпақбаевтың «Компас» әңгімесіндегі Боданмен Б.Әділовтің «Ұмыстшақ» әңгімесіндегі Ақтайды өзара бір-бірімен салыстырып көрейікші. Боданның өз қылығына өкінетін тұстары бар, тіпті компасты Қанат доысна қайтарып бермек те болады, бірақ аяғында компасты не өзіне, не Қанатқа бұйыртқызбай, суға лақтырып құтылады. Адамгершілік мәселесіне келгенде, Ақтай Боданнан әлдеқайда биік тұрғанын көреміз.

1950-60 жылдары жазылған балалар әңгімелерін талдау арқылы сол дәуірдегі кейіпкер туралы мынадай байлам жасадық: кейіпкер сомдауда бірқатар балалар жазушылары адамның бойындағы жаман мінез-құлықтарға баса назар аударып, ізгілік, адалдық, мейірімділік, жалпы адамгершілікке бастаса (М.Иманжанов «Қорқақ», Ө.Тұрманжанов «Қараш неден ұялды», Б.Соқпақбаев «Компас»), бірі жеткіншектер арасындағы сүйіспеншілік мәселесіне соғып өтеді (Б.Соқпақбаев «Хат», Л.Қоныс «Бала ғашық»), ал енді біреулері балалық шақтың балғын сәттеріндегі алуан қызықты жайларды (Қ.Қайсенов «Мәтіш шешей», «Көк ат көпірден құлады», т.б.) шертеді.

1970-80 жылдар балалар әдебиетіндегі гүлдену, дамудың кезеңі, сонымен қатар, балалар прозасы бұл кезеңде басқа кезеңдермен салыстырғанда біршама кеңірек зерттелді. Балаларға арналған әңгімелерде балалар өмірі әр түрлі қырынан суреттелгенін көреміз. Балалар фантастикасының дүниеге келуі де бұл дәуірдің межесінде. Бұл жылдардағы фантастика саласындағы ізденістер Т.Баймаханов, А.Мархабаев, Т.Сүлейменов шығармаларынан аңғарылады. Бала психологиясы, ішкі жан дүниесі, ойлау, қимылдау әрекеті, сол әрекеттердің психологиялық мотивировкасын дәл беруге тырысу байқалады.

1970-80 жылдардағы қазақ балалар әңгімелерінің кейіпкерлерін саралау үшін, осы кезеңде жазылған М.Мағауиннің «Биік үйдегі Бөрібасар», С.Жүнісовтің «Сақау бәтеңке», Ж.Дәуренбековтің «Сабақ», С.Әбдікәрімовтің «Жол үстіндегі жекпе-жек», т.б. шығармаларды нысанға алдық.

Аталған әңгімелерден әр түрлі кейіпкерлермен танысамыз. «Биік үйдегі Бөрібасар» әңгімесіндегі Марат, «Сабақ» әңгімесіндегі Өркен, «Жол үстіндегі жекпе-жектегі» Мақсұт, «Алтын баладағы» Зәукен, «Шапалақтағы» (Ш.Күмісбай) Білтай, «Көршінің кесіріндегі» (С.Шаймерденов) Тұрар, Қамбарлар әрқайсысы өз алдына жеке тұлға, бір-бірін қайталамайтын, өзіндік болмыс-бітімі, көзқарас пен түсінігі бар, жасына сай пайымы бар кесек кейіпкерлер деуге болады. Бірі өзінің оғаш қылық, қисынсыз ісімен көрінсе, бірі тартымды мінез, сүйкімді қылығымен тартады. Мінездері, өмірлік талаптары, ойлары қарама-қайшы кейіпкерлер күресте, өзара қақтығыста, бір-бірімен әрекетке түсу барысында шынайы ашылған. Шағын жанрда кейіпкерлердің бүкіл рухани әлемін немесе сол дәуірдің қоғамдық, әлеуметтік келбетін толық ашу қиын болса да, балалар әдебиетінің осы бір гүлденген шағында жазушылар бұл талапқа өзіндік жол тауып жете білді. Осы кейіпкерлер арқылы аталған дәуірдің, сол заманның келбетін көреміз.

М.Мағауиннің «Биік үйдегі Бөрібасар» атты әңгімесінен балалар мен үлкендер, балалардың өз арасындағы қарым-қатынас, байланыс, баланың дүниетанымы, жеткіншектердің мінез-қылығы, бала жанының терең де нәзік, күрделі иірімдері, бала көзімен көрінетін шындық тамаша келтірілген.

З.Қабдолов әңгіменің тәрбиелік мәні туралы: «Кітаптан оқып отырғаныңызды ұмытып, кейбіреуін қолыңызбен дауыстап шақырып алғыңыз келеді. Бірінің қимылына сақылдап күлесіз, бірінің мінезінен түңілесіз, бірін аяйсыз, біріне сүйсіне қарайсыз. Енді біреулерінің кейбір кеспірсіз қылығы кездейсоқ та болса өз бойыңыздан табыла қалса, сәл ұяла беріп... сабақ аласыз. Енді бір алуан ұнамды типтердің жақсы қасиеті сізге дари түседі» деген екен [6, 303]. «Биік үйдегі Бөрібасарды» оқығанда дәл осындай күй кешесіз. Әңгіменің өң бойы толған тартыс. Тартыстың себептері, тудырушылары да әр түрлі: үлкенге сөз қайтарудан туған тартыс, қызғаныштан туған тартыс, қызығудан туған тартыс, табалаудан туған тартыс. Негізгі тартыс әңгімедегі Марат есімді баланың төңірегінде өрбіп, тартыстың себепкері де Марат болады.

XXI ғасырдың кейіпкерлерін көрсетуде балалар жазушыларының өзіндік талпыныстары байқалады. Ш.Күмісбайұлы шығармалары жас оқырмандарға балалар өміріндегі әр түрлі жағдайларды көрсетсе, Б.Сүлейменов әңгімелері балалар арасындағы қылаң беретін теріс сипаттарды тартымды суреттейді. Сонымен қатар, кейіпкердің ішкі жан дүниесіне мұқият көз жіберіп, образ үйлесімділігін жеткілікті беруге тырысқан шығармалар да бар. Жаңа заман кейіпкерлері сезім тереңділігімен ерекшеленеді. Кейіпкерді ашуда авторлардың диалогке салмақ салғаны байқалды.

Әңгіме ұғымының жанрлық сипатын айқындайтын болсақ, «Әңгіме – бұл қысқа новелладан гөрі сюжет арқауы қиындау құрылатын, өмір құбылыстарын ықшамдап түйгенімен, оған терең мағыналы идея сыйғызып, болмысты сатылатып, дамытатын өте елгезек, икемді форма. Негізгі мақсат – бір ғана мәселенің, бірер ғана кейіпкердің төңірегіне бағыныңқы болу. Әңгіме жанрының өзіне тән басты қиыншылығы сол, ол қашанда қиыннан қиыстырып, қысқа жазылады» [7,342].

Әңгіменің өзіндік ерекшелігін З.Қабдолов Паустовскийдің мына сөздеріне сыйғызады: «Әңгіменің ең елеулі ерекшелігі – жинақылығы, ал «нағыз күшті, нағыз құдіретті проза – жинақы проза», одан басы артық айтпауға болмайтын шындық қана қалған... Жинақылық – мұқият мықтының ісі [8,303].

Қазіргі таңда балалар әдебиетінің даму деңгейі қандай деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, балалар әдебиетінің әлі де болса толыққанды дәрежеде дамымай жатқандығына назар салғымыз келеді. Балаларға арналған көркем шығармалардың аз жазылатындығы, балаларға арналған кітаптардың санының аздығы, балалар әдебиеті сыны мәселесі дамымай жатқандығын айту керек. Сыншы Ә.Бөпежанова қазіргі таңда жастар арасында балалар тақырыбына қалам тербеп жүргендер аздығын айтып, бұл мәселеге тек жанр тұрғысынан ғана қарамай, қаламгерлердің де жағдайын ойлау керектігін тілге тиек етеді. Сыншы ойынша, қаламгерлерге қамқорлық керек, қазіргі таңда бір кітап шығару мен тарату ісінің оңай дүние еместігіне назар аударады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ордалиев С.Конфликт және характер / С.Ордалиев. –Алматы: Жазушы, 1970. -109 б.

2 Хасенов М. Ұнамды образ және типтендіру: Филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация / М.Хасенов. –Алматы. 1966. -279 б.

3 Ыбырайым Б. Сырлы әлем: Қазіргі қазақ балалар прозасы / Б.Ыбырайым. –Алматы: Ана тілі, 1997. -224 б.

4 Сарғасқаев С. Повестер / С.Сарғасқаев, Қ.Қайсенов. –Алматы:Жалын, 1990. -464 б.

5 Иманжанов М. Ақмоншақ: Әңгімелер / М.Иманжанов. –Алматы: Ана тілі, 2006.-200 б.

6 Рустембекова Р. Образ жасаудағы ізденістер: Дәстүр және жаңашылдық / Р.Рүстембекова. –Алматы: Ғылым, 1985. -348 б.

7 Материалы республиканской научной конференции молодых ученых, студентов и школьников «IV Сатпаевские чтения», г. Павлодар, 2006. В 15 т. Т 2.

8 Қабдолов З. Сөз өнері / З.Қабдолов. –Алматы:Санат, 2002. -360 б.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ СЮЖЕТ

Қ.П. ЖҮСІП
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
А.М. СҮЛЕЕВ
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ жырының шабандозы Мұқағали Мақатаев өзінің қысқа ғана ғұмырында жалғыз ғана жас ақынның тұсауын кесіп, сәт сапар тілеген болатын. Ол – сол кездегі ҚазМУ-дің өлең қуған студенті, қазіргі Қабырғалы ақынымызға айналған Несіпбек Айтұлы болатын. 1972 жылы 28 қаңтарда «Лениншіл жас» газетінде Мұқағали ағамыз – «Өлең өнерімен әуестенуші жастарымыз баршылық. Алайда шынайы, шын поэзияны жай ғана еліктеушіліктен айыра білу қажет-ақ. Әр түрлі, әр үндес ақындардың дүниеге келуі қуанышты. Мен Несіпбек өлеңдеріне осы тұрғыдан қараймын. Өз жастығы мен жас творчествосына лайық үн аңғардым. Тілі жатық, ойы анық. Өлеңдерінен жасандылық байқалмайды, жастыққа тән от бар. Ағынан жарылып, таусыла талаптану, ізденіс бар. Қайсы бір жастарда ұшыраса бермейтін мүлде бір бөлек сарын еседі. Жасқанба, жас адам, жақсы-жақсы жырлар жаз!» – деп ақ тілегін білдіреді.

Мұқағали Мақатаевтың осы бір жүрегінен жарыла шыққан ақ тілегін, аманатын ақын Н. Айтұлы абырой-мен ақтап келе жатқандығы жырларынан айқын танылады. Сонау жасөспірім шағында-ақ, «Бассүйектер» атты әлеуметтік жүгі ауыр, астары терең поэма жазып, жырсүйер қауымды жалт қаратса, келе-келе қазақ лирикасының айтулы тұлғасына айналуы осының айғағы.

Сонымен, бүгінгі таңда Несіпбек Айтұлы – қазақ поэзиясының ең талантты өкілдерінің ортасынан ойып тұрып орын алатын ақынның бірі. Н. Айтұлының бүкіл материалы да, тақырыбы да өзінің бойында. Өйткені ол – тағдырлы талант. Бала кезінен көңіліне де, көкірегіне де көп-көп құбылыстарды құйып алған ақын. Оған оның:

Кең аспанның астынан пана таппай,
Ары көшкен қазақтың, бері көшкен [32, 26-б.], –

деген жолдары куә. Осы жолдардың астарында тұтас бір ғұмыр, талайым-тағдыр, аласапыран заман, алмағайып кезең, еңіреген ел, шырқыраған бала, жол таба алмай сандалып сарсылған ана мен әке даусы, қаншама зорлық пен зомбылық, қаншама қасірет пен қайғы жатыр.

Өмірді көп көріп, тағдыр қиындығын көп кешкен шын ақын қашан да дүниедегі бар келеңсіздікпен, қайырымсыздықпен жағаласып, арпалысып өтпек. Ол өз басындағы сәулесін дүниені жылытуға, өз жанындағы шырағын адасқанның алдына жағып қоюға, өз жүрегіндегі қуатын қалжырап, шаршап-талғанның қастығынан демеуге жұмсамақ.

Яғни, ондай ақын өмірден бар оспадарлық пен өктемдіктің, бар сорақылық пен зымияндықтың, бар қулық пен сұмдықтың, бар аярлық пен кісәпірліктің бет-пердесін сыпырып алып жұртқа көрсетпек. Н. Айтұлы дәл сондай ақын.

Оның «Бәрін көріп», «Тәтті іздеген таңдайым», «Менің жұмбақ тағдырым», «Өмір күйі», «Туғанша ақырзаман», «Керзаман», «Дүние елесі», «Қазақ сиқы» өлеңдерінде елінің астан-кестен болып, қайранға қармақ салып отырған ендігі халі, үміт пен күдік жағаласқан бүгінгі болмыс, бұлдыраған болашақ тереңнен қозғалып, шынайы жырланады.

Сөз тәттісі ақынның тіл ұшында,
Май тәттісі қарынның құрышында.
Жарқанаттың ұясы жарқабақта,
Ұлар құстың мекені ұлы шыңда.
Місе тұтқан өз орнын тірі жан жоқ,
Әлімсақтан алысып, жұлысуда...
...Шашым кетті ұстаған уысында,
Басым кетті сілтеген қылышында.
Тектілердің тұқымы тозып бітті,
Түрме менен көшенің бұрышында.

Жерім байтақ болғанда, қайғым шексіз,
Әзірейіл батыс пен шығысымда.
Үрейленем қалғандай үміт үні,
Қыстаудағы құрайдың дыбысында.
Аққан жылдар сынаптай жылысуда,
Қобыз мойын аққуым құнысуда.
Ел тағдырын біреулер шешкенсиді,
Қолын малып отырып жылы суға.
Қалыңдаса көпшігі қопаңдайды,
Мұршасы жоқ жайыңды ұғысуға.
Жанға жинап жандайшап, туысым да,
Түзу жүрген жақсымен суысуда
Ұлтарағын ұялмай туға байлап,
Ұлын қылды қарақшы, ұрысын да.
Ел азғаннан ер азған сорақы екен,
Өлсең көрмес үңгірдің қуысында.
Бүйткен тірлік ағайын құрысын да,
Қашқаннан соң құтың да, ырысың да.
Сорпадай боп сорымыз сарқылдайды,
Толып бермес тажалдың ыдысында.
Ерні жалақ ұрпағың ертең тағы,
Жалға жүрер жуанның жұмысында.
Ашық аспан астында адасарсың,
Жол таппасаң есіңнің дұрысында [32, 131-132-б.].

Ақын дүниеге басқа бір көзқараспен қарап отыр. Қым-қуат әлем. Тұнып тұраған қарама-қайшылық. Шешілмей жатқан түйін. Бытысып, шытысып кеткен тіршілік. Ел ахуалы, адам жайлы, сорақы мінез-құлық – барлығы ақын тілінде, үнінде.

Әсіресе, адамдардың қанағатсыздығы мен тойымсыздығы ерекше сыналып, ақын сезімі түрткі болып тұр. Бар бәленің басы осы қанағатсыздық пен тойымсыздықта кедей бай, бай құдай болам деп жатыр. Шенсізі шен тағам деп, шендісі өзінен мықтымен тең боламын деп арпалысуда. Жаппай жанталас, жаппай алыс пен жұлыс. Ал ондай кезде көп-көп адамның көңілін шаң, көзін шел басып, ойы мен санасын қомағай құлқын мен тойымсыз озбырлық жаулап алмақ. Бірінен – бірі озам деп, бірінен – биік тұрам деп, ар мен ұятын мүлде жинастырып тастап, бірін-бірі жаншып, бірін-бірі тұқыртып, бірін-бірі таптап бақбақ. Осындай берекесіз бетпақ бәсекелестіктен береке бүлініп, ынтымаққа іріткі түспек. Яғни, ел азып, жер тозбақ. Ақын осыған жүрегі қарс айрыла күйзеле, күйіне отырып: «Ашық аспан астында адасарсың, Жол таппасаң есіңнің дұрысында», – деп ой салады, ескертеді, үмітін де үзбейді.

Мұнда лирикалық қаһарман – ақынның өзі, лирикалық қаһарман сезімі әр қырынан көрініп, даму үстінде суреттелген құты мен ырысы қашқан ағайын тірлігінен көңілі суыған ақын осы өлең арқылы ел жайының тұтас бір келеңсіз бейнесін, көрінісін жайып салып, шынайы суреттей білген.

Несіпбекті басқа қаламдастарынан оқшаулай түсетін еркешелігі – үш ұйықтаса түсіне кірмейтін небір асыл теңеулер, оқыс ойлар, ат басындай алтынға бергісіз оқшау образдар, ең бастысы, осының бәрі ұлттық поэзияның жөргегіне бөленіп, бесігінде тербеліп жырлануда. Оның шығармашылығындағы күпия құдіреттің кілті де осында. Жастайынан ұлттық болмыстың уызына жарыған ақын отығып, тіс жарып, емшектен күдер үзген шағында да басқа нәр, бөтен қорекке көндіге алмай, үйірінен адасқан құлындай шырқырайды. Ақынның осы қасіретті дәрменсіз даусынан озбыр әлемнің ортасындағы қорғансыз өз күйімізді танып, емешегіміз үзіле күйзелетініміз хақ.

Ақынның барлық өлеңдерінен поэзиямыздың ұлттық иісі аңқып тұрады. Ұлттық салт-дәстүріміз, тұрмыс-тіршілігіміз, ой-сана, болмысыз айқын танылады. Әсіресе, «Бесік жыры», «Ошақ», «Табалдырық», «Киіз үй», «Құлын көрдім түсімде», «Тірлігім, жебеңдер», «Елестейді көзіме», «Астау», «Жұлдыздың жұмыртқасындай», «Қожанасыр әулиедей» т.б. өлеңдерінен ақын ұлтының тыныс-тіршілігін жақсы білетін, өз елінің ұлттық қадір-қасиетін, бітім-болмысын ардақ тұтатын патриот ақын екендігі танылады. «Астау туралы» өлеңін алар болсақ:

Шықсаң да шың басына аспандаған,
Қия ма ата мүлкін тастауға адам?
Оралып туған жерге барғанымда,
Жолықты бабам шапқан астау маған.
Ғайыпты болжаған кім алдын-ала,
Қанықтым тарихына енді ғана.
Көненің жүртта қалған көзіндей боп,
Қырық жыл жатқан екен абдырада.
Өткеннің елестетіп түр-тұлғасын,
Қотарып тереңдегі сыр тұнбасын,

Қолыма астауды әкеп ұстатты әжей,
Ұшымен шылауыштың сүртіп жасын.
Астауды десең мұнда кім әкелген,
Қай жолмен келіп шыққан мына төрден?
Ырымдап ырыс қонған үй болған соң,
Көрші әйел қалап апты ұлы әкемнен.
Кездейсоқ қуаныштан тебіреніп,
Жөнелді сары майдай көңіл еріп.
Атадан қалған белгі үнсіз ғана,
Тілдесіп жүре берді мені көріп.
Қоздайды қордаланып жатқан қайғым,
Сөйлесе астау маған шаққандай мұң.
Ол-дағы күте-күте сарғайғандай,
Мен-дағы жоғымды іздеп тапқандаймын.
«Мінеки, ие болдың кезегің кеп,
Бабаңның,– тұрғандай, – мен көзі едім!» деп.
Төңкеріп қарай бердім қайта-қайта,
Тілгілеп жібергендей өзегімді от.

Ол заман ел жалықпай қыдырыстан,
Талайлар дәм татқан-ау бұл ыдыстан.
Төрінде малдас құрып отырғанның
Кімі дос, білді ме атам кімі дұшпан?
Келгенге жомарт көңіл жоқ түнерген,
Сезсе де зілдің сызын кектілерден.
Шер-мұңын шымырлатып шертті маған,
Қапалы қайың астау көпті көрген.
Боздатып боз інгендей небір ойды,
Ақырын жылайды астау, еңірейді.
«Айырылу қалың елден қиын екен,
Ала кет, айналайын, мені?!» дейді.
Болса да қанша берік заты қатты,
Байқасаң қақ жарылып қақырапты.
Қым-қуат құрсауланып, шегеленіп,
Әйтеуір ыдыс деген аты қапты.
Басынан ұшып кетсе ғанибет күн,
Қалмайды осы астаудай зар илеп кім?
Түбіне қырық жамау қарап тұрып,
Өзімнің тағдырымды тани кеттім [32, 105-106-б.].

Бұл өлең астау туралы болса да, ақын осы бір зат арқылы біздің өткен өмірімізді болжап тұр. Сол астау – біздің ұлттық құндылығымыз, тарихымыз, өткеннен сыр шертер қыл қобызымыз.

Лирикалық өлең неше түрлі алақұйын сезімдерді тербеп толғытады. Лирикалық қаһарманның бір сәттік сезімі туу, даму үстінде өрбіп, шешімін тапқан.

Өленді лирикалық сюжетті өлең деп толығынан айта аламыз. Лирикалық қаһарманнан басқа әжей, көрші әйел, астау бейнелері алынған. Осының ішінде астауға келетін болсақ, оны ақын: «Көненің жүртта қалған көзіндей боп, Қырық жыл жатқан екен абдырада» деп суреттейді. Кейінгі шумақтарда сол астауға тіл бітіп, адамша сөйлей бастайды. Бұл тұста «Шер-мұңын шымырлатып шертті маған, Қапалы қайың астау көпті көрген» дей келе ақын «Айырылу қалың елден қиын екен, Ала кет, айналайын, мені!», – деген сөздер арқылы астауға үн бітіріп, мұңын шаққызады. Бұдан ақынның жансызға жан бітіре суреттеудегі шеберлігі көрінеді, яғни дерексізді жандандыру бар. Бұл көрініске қарап астаудай басына қиын-қыстау күн түскен кезде елінен, туған жерінен алыстап, жырақта жүрген қандастарымыздың мұңы мен күйі, арманы еріксіз ойға оралады.

Астау бейнесі лирикалық қаһарманның бейнесін ашуда үлкен роль атқарып тұр. Астау – көпті көрген, талай қиындықтарды басынан кешкен қандастарымыздың бейнесі, халқымыздың өткен өмірінің көрінісі. Бұған:

Басынан ұшып кетсе ғанибет күн
Қалмайды осы астаудай зар илеп кім?
Түбіне қырық жамау қарап тұрып,
Өзімнің тағдырымды тани кеттім [32, 105-б.], –

деген жолдар дәлел бола алады. Әрбір қазақтың көмейінде тұнып тұрған өксік пен зарды қозғап желдей аңыратады. Қырық жамау болып, қым-қуат құрсауланып, шегеленіп, тек ыдыс деген аты қалған астаудан қазақ халқының өткен өмірін, қым-қиғаш тағдырын көруімізге болады. Әжей бейнесі бір ғана әрекетпен көрінеді.

Астауды қолына әкеп ұстатып, көзінің жасын сүртуінен көненің көзі болған астауды қимайтындығы, әрі сол кезең есіне түсіп сағына сарғаятындығы байқалады.

Ал, көрші әйел бейнесі болса, «астауды мұнда кім әкелді?» деген сұрақтан туындап тұр. Көрші әйелдің лирикалық қаһарманның ұлы әкесінен ырыс қонған үй болғандықтан ырымдап қалап алған дүниесі екен. Осы ырымдап қалап алған дүниесін көрші әйелдің қырық жыл бойы жоғалтпай, көзінің қарашығындай сақтап келуінен оның үлкенді, көнені қадірлеп, қастерлей білетін, ақылды да инабатты, халықтың дәстүрі мен ырымын берік ұстаған асыл жан екендігін көреміз.

Лирикалық қаһарман бейнесі жан-жақты ашылған. Сезімі де әр қырынан көрінеді. Онда таңқалу, қуану, мұңаю мен өкіну, қадірлеу мен құрметтеу сезімдері қатар өрілген.

Астау арқылы елінің өткен күндерін жақсы таныта білген ақын өзі де осы ұлттық құндылықтарымызды қадірлеп, қатерлей білген. Сондықтан да:

...Құтылар ма екен жалыннан ішті шарпыған,
Жөнеп бір кетсем жоғалған көштің артынан.
Тылсымнан бірақ таптырмас кісі киіктей,
Айрыған дүние атаның дәстүр салтынан.
Тербейді түпсіз тереңге тартқан толғаныс,
Бабама телі жайлаудың төрі ол да алыс.
Атылып келіп алқымнан ала түсердей,
Елестеп көзге, алдымда тұрған жолбарыс.
Ақырып тұрған жолбарыс – менің бейнетім,
Бейнелеп оны айтпаған жерде ой жетім
Бозінген түстес боз үйлер еске түседі,
Шымшықтай жүрек шырылдай қалса кейде тым.
Боз інген боздап, боз үйлер қозғап дертімді,
Көкейде бүккан көңілдің күйі шертілді.
Көрінер ме екен орнындай өшкен ошақтың,
Төңкере қойсам төбесі тозған бөркімді?
Ықтасын болса пенденің бәрі жан сақтар,
Кеудемде менің жана алмай қалған қанша от бар?
Аспаннан түскен жұлдыздың жұмыртқасындай,
Ақ боз үй көрсем көзімнің жасы моншақтар... [32, 112-б.].

Өткенді аңсау – тек өткенді аңсау емес, бүгіннен шошыну, тамырсыз тағдырдан безіну, бұлдыраған болашаққа талпыну, табиғи тазалыққа құмарту. Ұлттық бітім-болмыстың тереңге тамыр жайған салалы самырсындарының қалтыраған жапырақтарынан тырс-тырс тамған сағыныштың көз жасын қай халықтың өзегі өртті ақыны өгейсір екен! Яғни, «Мен жыласам солқылдап, сен де жыла, Көзің ақсын өзіңе жыламаған!» дегенге саяды.

Өлеңде лирикалық қаһарманның ыстықты да, суықты да ық, пана болған ақ боз үйді аңсау сағынышы суреттелген. Әр ошақтың құты болған осынау ақ боз үйлердің осы күні жоғалып бара жатқандығына өзегі тола өкінеді. Ата дәстүр-салтынан айырылып қалып жатқандығына күйзеледі, көзінен жасы моншақтап қайғырады. Сол арқылы оқырманның ойын дөп басып, сезімін тебірентеді, толқытады. Ақын сезімі ұлттық болмыспен біте қайнасып кеткендей. Осы өлеңде де халқымыз қатты қадірлейтін киелі қара шанырақ – ақ боз үйді бейнелей отырып, «боз» көріктеуіші арқылы ұлттық бояу, нақышымызды бере білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Айтұлы Н. Көз жасым: өлеңдер жинағы / Н. Айтұлы. – Астана: Күлтегін, 2006. – 344 б.

2 Ерман Ж. Дарынды ақын – Несіпбек Айтұлы / Ж. Ерман // Қазақ әдебиеті. – 2000. – №39. – 16 б.

3 Литературный энциклопедический словарь; под. ред. В.М. Кожевникова, П.А. Николаева. – Москва: Советская энциклопедия, 1987. – 431 с.

4 Энциклопедический словарь юного литературоведа. Составитель В.И. Новиков. – Москва: Педагогика, 1987. – 264 с.

5 Томашевский Б. Теория литературы. Поэтика / Б. Томашевский. – Москва, 1980. – 351 с.

6 Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики / М.М. Бахтин. – Москва: Художественная литература, 1979. – 403 с.

ӘОЖ 081.81

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ЖАРИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ

Н.Қ. ЖҮСІПОВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
А.Б. АБЫШЕВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XIX ғасырдағы әр түрлі баспасөздердің негізгі мақсаттары: білімнің де аз зерттелген саласы – фольклортану ғылымына материалдар жинап беру; әрі қазақтың төл мәдениетін сақтап қалуды және оның орыс мәдениетімен байланысын нығайтуды көздеді. Бұл жөнінде бір топ зерттеушілер қазақ ертегілерін қазақ айтушылардың аузынан қазақша жазып алып, жинап бастырған. Ал, тағы бір топ зерттеушілер қазақ ертегілерін орысшаға аударып, орыс тілінде жариялайды. Алғашқы түрде еңбек еткендер – Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, И.Н. Березин, Ә.А.Диваев сияқты ғалымдар. Екінші түрде орыс тілінде қазақ ертегілерін, аңыздарын мол жариялаған ғалымдар – Е.А.Алекторов, Г.Н.Потанин және басқа жинаушылар бар. Осындағы И.Н. Березиннің «Түрік хрестоматиясы» (Спб. 1857-1876), және де Ы.Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» (Оренбург. 1879), А.В.Васильевтің «Қырғыз халық поэзиясының үлгілері» (Оренбург. 1896) т.с.с. осы мақсатта жазылған. Е.А. Алектровтың, Ә. Диваевтың, қазақтың халықтық поэзиясын жинаған және зерттеген басқа да көптеген түркітанушылардың мақалаларында бұл мақсат айқын аңғарылған. Солардың бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде орасан көп әдеби мұралар жарияланды, бір жүйеге келтіріп, оларға түсінік берілді. Ертегілердің өз үлгілерін жариялаумен қатар Шоқан Уәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Е.А.Алекторов сияқты адамдардың сол қазақ ертегілері туралы айтқан азын-аулақ үзінді пікірлері де бар. Мысалы, Шоқан Уәлиханов қазақ ертегілерінің көпшілігінде Афанасьев жариялаған орыс ертегісіне ұқсас әңгімелер көп екенін айтады. Бұл пікірді Е.А.Алекторов та қостайды. Ол қазақ ертегілерінің көбінде солтүстік елдер ертегісімен және кейбір Шығыс елдерінің ертегілерімен ұқсастық бар екенін айтады. Қазақ совет ертегітану (сказковедение) ғылымының тарихы жиырмасыншы жылдардан ертегілерді жинап, оларға анықтама беріп жарыққа шығару ісінен басталады. Ал, ертегілердің ең алғаш зерттелуі қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы әрі оны өзге халықтарға танытушы Әбубәкір Диваевтің есімімен тікелей байланысты. Ә.Диваев ұстанған ғылыми бағыттың ерекшелігі – ол қазақтың ертегілерін этнографиялық материал ретінде танып, ұлттық әдет-ғұрыптарды, ұлттық мінез, халықтың дүниеге көзқарасын анықтауды ниет етеді. Өзі жинаған ертегілерінің көбісін «Этнографиялық материалдар» деген атпен жарыққа шығарып жүруі де, ертегілерге қазақтың әдет-ғұрыптарынан мол анықтамалар беруі де соның нәтижесі еді. 1920 – 1921 жылдары Сырдария мен Жетісуды аралаған фольклорлық экспедицияның жазып әкелген материалдары жөнінде Ә.А.Диваев: «Бұдан бұрын жиналып алынған және жарыққа шығарылған материалдарға сарқырап аққан өзен суындай келіп қосылған қазақтың ертектік эпосының этнографиялық материалы мен мақал-мәтелдері сізге қазан түрмысының қыры мен сырын жан-жақты ашып көрсетіп береді... Қазақтың аса бай хайуанаттық эпосы, әсіресе, түлкі туралы эпосы салыстырмалы этнография үшін жемісті материал бола алады»,— деп жазған болатын. Ғалымның бұл пікірі оның қазақтың ауыз әдебиетінде көрші халықтардың фольклорынан енген кейбір ертегілер болғанымен, халық арасына кең тараған ертегілердің басым көпшілігі қазақ халқының төл туындылары деген дұрыс ұғымнан туып отыр.

XIX ғасырдағы халық поэзиясынның материалдары мен мақалалары Орыс археологиялық қоғамның Шығыс бөлімі, Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамы Москва университетінің жанындағы жаратылыспен, антропологиямен және этнографиямен әуестенушілер қоғамы мен Ғылым академиясының қарауындағы сериялық баспалар мен журналдарынын: «Археология, тарих және этнография... қоғамының хабары», «Жаратылыс, антропология және этнографиямен әуестенушілер қоғамының хабаршысы», «Орыстың археологиялық қоғамы Шығыс бөлімінің жазбашалары», «Этнографиялық шолу» т.б. көптеген беттерінде жиі-жиі басылып тұратын. Бұлардың үлгісімен жергілікті жерлерде: Ташкентте, Орынборда, Семейде, Алматы қалаларында Орынбордың ғылыми архив комиссиясы мен Түркістандық археология мен әуестенушілер үйірмесі сияқты ғылыми үйірмелер мен қоғамдар және комиссиялар пайда болды. Орыс географиялық қоғамының Семейлік, Орынборлық, Түркістандық және Батыс-Сібірлік бөлімдері мен бөлімшелері едәуір жұмыс істеді. Орталықта да, жергілікті жердерде де қазақтың фольклоры журналдар мен газет беттерінде үзбей жарияланып тұрды. Мысалы, ертегілер осы баспаларда жарияланды. Олар: «Акмолинские обл. ведомости», «Оренбургский листок», «Особое добавление к областным Ведомостям», «Киргизская степная газета», «Тургайская газета», «Туркестанские Ведомости», «Астраханский вестник», «Русские Ведомости», «Тургайские обл. Ведомости», «Оренбургские губ. Ведомости», «Волжский вестник», «Этнографические материалы (Средняя Азия)» т.б. Баспада жарияланбаған фольклорлық және этнографиялық материалдар сақтайтын мұрағаттар ашылды. (Петербургте Азия музейі, Петербургтің Орыс географиялық қоғамына қарасты Қазандағы Археология, тарих және этнография мұрағаты, Орынбордағы ғылыми мұрағат комиссиясы). Жұмыс көлемі ұлғая берді, сонымен қатар оның нәтижесі де жақсара түсті. Анда-санда бір жалғыз-жарым жариялаудан белгілі бір жанр көлемінде жариялауға көшті. Бұлар – не қалың журналға енген «материалдар», сериялы баспа, немесе іріктелген әр түрлі текстi немесе ғылыми түсінік беріп бастырған арнаулы «жинақтар». Сондай-ақ алғашқы шыққан қазақтың халық поэзиясы жинақтарының бірі – В.В.Радловтың «Оңтүстік Сібір мен Жоңғар даласын мекендейтін түркі тілдес рулардың халықтық әдебиет үлгілерінің» (СПб., 1870) үшінші

томы. Одан кейін қазақтың халық шығармашылығының белгілі бір саласын таныстыратын жинақтар шыға бастады. Мәселен, А.В.Васильев үш жинақ шығарған: ертегіге, мақал-мәтелге, жұмбаққа арналған. Сондай-ақ «Қырғыз халқы ауыз әдебиетінің үлгілерін» (Орынбор, 1898) атауға болады. Ал, Н.Н. Пантусовтың «Қазақ-қырғыз сөз ерекшеліктерін үйренуге керекті материалдарында» (Қазан, 1899-1904) ертегі-аңыздардан басқа бата-тілек («Астан соңғы бата») және мақалдар бар. Ертегі, аңыздардың ішінде ақылдыны жеңген әйел туралы, Қарамерген жөнінде, ханды тонаған айлакер ұры жайында ертегілер бар.

XIX ғасырдың соңындағы ерекшелік-жетістік: жеке бір жырдың жеке кітап болуы да; әр жанрға жеке жинақ арнаулы да. Сөйтіп баспадан материалдың жиналу шамасына қарай жеке жинақтар және тек қана бір салаға – көбінесе мақал мен ертегіге арналған сериялық кітапшалар шығарылып тұрды. Бұл баспа орындар әр деңгейдегі ғылыми аппаратпен қамтамасыз етілген. Жинақтарда шығарманың қазақша мәтіні мен оның орысша аудармасына қоса мәтіннің орысша фонетикалық транскрипциясы да жиі беріліп отырады. Ы.Алтынсарин жинаған материалдарын 1970 жылдары өзінің жазып алғандарын «Қырғыз хрестоматиясына» енгізді. «Қырғыз хрестоматиясына» енген нұсқалар қазақ халық поэзиясының барлық түрлерінен алынған. Мысалы, қиял-ғажайып («Қара қылыш», «Алтын Айдар») сықақ, салт ертегілер («Тазша бала», «Жиренше шешен»), жануарлар жайында және басқа ертегі, аңыздар, жырдан үзінді, мақал-мәтелдер т.б. бар.

Қазақ фольклорының В.В.Радлов жинап жариялаған шығармалары халық ауыз әдебиетін зерттеушілерді қатты қызықтырды. Батыс-Қазақстан қазақтарының тілімен таныстыру үшін В.В.Радлов өзінің бұл жинағына Н.Н.Ильминскийден жазып алған «Ер Тарғын», «Ер Сайын» жырларын енгізді. Ертегілер бөлімінде: «Жақсылық пен жамандық жолдас болған», «Түс сатқан Тазша», «Үш ұл», «Қаракөз сұлу», «Еркем Айдар», «Қармақ салған жігіт» және басқа да белгілі қазақ ертегілері бар.

В.В.Радлов XIX ғасырдың бойында бұның алдында Шоқан Уәлиханов дұрыс байқап, қатты наразылықпен айтқан бір жайды дұрыс дәлелдеп сөйлейді. Ш.Уәлиханов татар молдаларының қазақ ортасына діншілдік, фанатиктік исламшыл аңыз, қиссаларды көп жинағанын қатал сынаған еді [1, 92 б.].

В.В.Радлов өзі жинаған, қазақ ортасына жайылған ислам дінімен жалғас тарап жүрген ертегілік аңыздарды бастырып жариялайды және солардың ішінде «Кітап өлең» деген бөлімде қазақтың халықтық шығармаларына араласа тарай бастаған «Жұм-Жұма» сияқты әңгімелерді XIX ғасырдың соңғы дәуірлеріндегі жасанды жаңалықтар есебінде сынайды .

Қазақ фольклорын жариялауда XIX ғасырдың соңында ерекше орын алатын жинақ – Я.Лютштің «Киргизская хрестоматиясы». Хрестоматия түріндегі жинақ қазақ халық әдебиеті үлгілеріне араналған. Жинақ ішіндегі фольклорлық мәтіндер Түркістан өңірінен жиналған. Жинақ құрастырушысы – Түркістан Мұғалімдік семинариясының оқытушысы Я.Лютш. Жинақ Ташкент қаласындағы О.В. Базилевскийдің жалға алған баспаханасынан 1883 жылы жарық көрген. Жинақ көлемі 251 беттен тұрады. Мұндағы фольклорлық мәтіндер кириллица әрпі негізінде қазақ тілінде берілген. Жинақтың шығуына Түркістан Оқу басұармасы рұқсат берген. Жинақтағы фольклорлық мәтіндерді кириллица әрпімен берудегі мақсат – сол тұстағы орыс шығыстанушылары мен түркітанушылары, әрі орысша оқыған қазақтар үшін қажет деп тапқан. Ал, жинақты жариялаудағы мақсат жергілікті халыққа оқулық жетіспеу себепті, сол олқылықтың орнын толтыру үшін жасалған іс-шаралардың бірі болған. Жинаққа мәтін көзі ретінде де фольклорды түрлі оқулық, хрестоматияларған т.с.с. дерек көзі ретінде пайдалану үлгісі болған.

Жинақ төрт топтамадан тұрады. Жинақтың алғашқы топтамасы Ақмешіт қазақтарынан жиналған мақалдарға арналған. Екінші топтамасы Ақмешіт қазақтарының жұмбақтарына арналған. Ал, жинақтың үшінші топтамасы Түркістан, Шымкент, Әулие-ата қазағының мақалы ретінде берілген. Соның төртінші топтамасы қазақ ертегілеріне арналған. Мұнда жинақтың алпыс бетін қамтыған қазақтың жиырма алты ертегісі бар. Әр ертегі бір-бірінен бірден жиырма алтыға дейінгі сандармен ажыратылған. Ертегі тақырыптары көрсетілмеген. Біріншісі – қиял-ғажайып ертегісі: хан мен оның қырық ұлы төңірегінде болады. Өзі жарты беттей көлемді алса да, оқиғасы қызықты. Хан еліне жарлық қылып, арық қазуды, суы алтын, жағасындағы ағаштары да алтын болуын талап етіп қыстағанда, араға кенже баласы араласқаны сөз болады. Ол айтқандарды бір өзі орындағаны келтіріледі. Баласы, әкесі – ханға істеген ісін көрсетуге барғанда, дауыл тұратынын, ол кезде ағаштың тамырын ұстаса да әкесіне ешбір жерге бармау керектігін ескертеді. Хан отыз тоғыз ұлымен ол ескертулерді ескермей, ақыр соңында бәрі қаза болады. Ертегі әлгі жас баланың патша болып мұратына жетуімен аяқталады. Екінші мәтін тұрмыс-салт ертегісіне жатады: онда бір қартқа берген аманатқа берген жүз теңгесін бермей кетпекші болған жігіттің ақыр соңында қазының ұялтқан сөзінен кейін аманатты қайтарғаны сөз болады. Үшінші ертегі: әкесі Қарынбайдың берген ақшасына жалғыз баласы нәрсе алмай, бір шалдың «Әдемі, әдемі емес, әркімнің сүйгені әдемі» - деп айтқан насихат сөзін сатып алып, ақыры бұл сөздің өзін жолкеспе ұрылардан жанын сақтап қалуына, мұратына жетуіне себепкер болғандығы айтылады. Төртінші ертегі – төрт қарақшы төңірегінде болса; бесінші ертегі де – қарақшы туралы. Ертегінің алтыншысы – жарлы бала; жетіншісі – ұлы мен қызы жоқ бір бай турасында; сегізіншісі – бір байдың бурасы жөнінде. Кітап сонымен бірге «Ағайынды жігіт»; «Тоғыз тоңқылдақ пен бір шіңкілдек»; Асан қайғы; қырық өтірік; Ойыншы ағайынды үш жігіт; Шұбар тай; Қара бура мен ұры; Сарт пен түлкі; Жалғыз көзді дәу; Көк өгіз; Көк бие; Жиһан кезуші Байбатыр; Ағайынды үш жігіт; Бір бай туралы; Байдың жалғыз баласы; Көк қошқар; Қарт патша – жалпы саны жиырма алты ертегі бар. Ертегілердің қайдан алынғаны көрсетілмеген[2].

Қорыта келгенде, Я.Лютштің құрастырған «Киргизская хрестоматия» жинағына: 472 мақал, қырық алты жұмбақ, жиырма алты ертегі, алпыс үш шумақтан тұратын жекелеген өлең жолдары, төрт жоқтау үлгісі, үш ақын

өлеңдері, екі терме-жыр, екі айтыс, екі эпостық нұсқа, төрт қисса-дастан еңгізілген. Тек бір өкініштісі, нұсқалардың нақты кімнен, қай уақытта жазылынып т.с.с. алынғанына қатысты деректер келтірілмеген. Ендеше жинақтың ғылыми сипаттан гөрі бұқаралық, көпшілік мақсатта жарияланғаны анықталады. Дегенмен фольклордың бірнеше жанрларын арнайы түрде жинап, хрестоматия түрінде басу Я.Лютш еңбегінің маңыздылығын арттыратыны сөзсіз. Сондай-ақ бұл хрестоматияның кейінгі XX ғасырдың бірінші жартысында басылым көрген түрлі оқу құралдарына, хрестоматияларға, жинақтарға үлгі-жоба болғандығы анық. Сөйтіп, XX ғасыр соңындағы ерекшелік-жетістік: әр жанрға жеке жинақ арнауы дер едік.

1901жылы шыққан «Материалы к изучению казак-киргизского наречия» атты кітаптың сыртқы мұқабасында Н.Н.Пантусовтың аты-жөні көрсетілген. Жиналған мәтіннің жалпы қазақ тіліндегі диалектикалық ерекшеліктерді зерттеу үшін алынған. Үшінші рет басылым көрген, мәтін негізіне қазақтың «Қарамерген» деген ертегісі алынған. Мәтін транскрипциясымен, аудармасымен бірге берілген. Сондай-ақ белгілі түркітанушы Н.Катановтың алғысөзі бар. Жинақта «Қарамерген» ертегісі жарияланған. Мәтіннің лингвистикалық ерекшеліктерімен қатар этнографиялық сипаты да мәнді. Өсімдіктер мен аңдарға, биік таулар басында түрлі аруақтар мекендеуі туралы халықтың діни наным-сенімдері хақында деректер келтірілген. Сонымен бірге қазақ ертегілерінің парсы елінен келген деген де пікір бар. Каф таулары, жалмауыз кемпір, жезтырнақ, перілер т.с.с. турасындағы бейнелер т.б. сөз болады.

Ә.А.Диваев жүзден аса, әр түрлі мағлұматтар мен мақалалар жариялаған адам. Ә.А.Диваевтың ғылыми үлкен маңызы бар аса көлемді еңбектерінің бірі – «Сырдария аймағының есеп-санақ материалдарының жинақтарында» (I-XI томдар, 1891-1915 жылдардағы) жарияланған этнографиялық материалдары болып табылады. Бұл жинақтың беттерінде Ә.А.Диваев ондаған ертегілермен және тағы басқа көптеген қазақ халқына тән әңгімелер, ертегі-аңыздар жариялаған. Текстерді жариялауға іріктегенде Ә.А.Диваев ең алдымен оқушы жұршылыққа, көшпелі халық шығармаларына тән қасиеттерді барынша толық, мейлінше айқын көрсете алатындарын жеткізуге тырысқан.Ә.А.Диваев кеңінен қолданған-жарияланған материалдарға түсінік жазып отыру әдісі әлі де өзінің маңызын жойған жоқ.

Қазақ халқының рухани бастау көзі оның бай фольклоры екені белгілі. Сол қазақ фольклорын ең көп жинаған, көлемі – он бес-жиырма томдай болатын Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының аса бай мұраларының қазақ фольклористикасының тарихында алар орны ерекше.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ елінің тұрмыс жағдайы, тұрмыс-тіршілігін, әл-ауқатын, оның мәдениеті мен өнерін, фольклорын т.б бүкіл жұртқа таныстырып отырған тұңғыш басылымдардың бірі - «Дала уалаяты» газеті екені белгілі. Жоғарыда атап кеткендей сол газет беттерінде фольклорист-ғалымдар: В. В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.Диваевпен қатар Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жазғандары да жиі жарық көрді. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіптің тек жинаушы ғана емес, сонымен қатар фольклорлық үлгілерді т.б зерттеу саралау және ол туралы пікір түюді де қоса атқарғанына назар аударғаны жөн.

Негізінен, осы аталған бағытта газет бетінде жарияланған Мәшһүр-Жүсіп материалдарын үш салаға бөле отырып қарастыруға болады. Бірі – өзінің төл туындылары: «Қарға мен лашын» т.б. Екіншісі – ақынның өз тұсындағы қоғамда болып жатқан тарихи өзгерістерге деген өзіндік көзқарастары мен ой топшылаулары. Мәшһүр-Жүсіптің газет бетінде жарияланған материалдарының үшінші саласы – фольклорлық нұсқалар ішінде түрлі аңыздар, шежірелер, ертегілер, шешендік сөздер т.б. бар. Сондай-ақ, Мәшһүр-Жүсіптің ел арасынан жиылған біраз фольклор мұралары, ақынның өзі тірі күнінде 1907 жылы Қазан баспасынан шығарған «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты кітабының қара сөзбен жазылған нұсқасында біраз орын алған. Соның нәтижесінде ақынның тірі күнінің өзінде-ақ жинаушылық, жариялаушылық, зерттеушілік т.б. еңбектерін алғаш бағалаған мақалалар да осы аталған басылымдарда жарық көреді .

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ел әдебиеті үлгілерін жинаған материалдары тек қолжазба күйінде қалдырмай, баспа бетінде де көзі тірісінде жарияланғанына арнайы көңіл бөлуді жөн көрдік. Мәселен, оның алғашқы қазақ газеті «Дала уалаяты» газетінде жарияланған үлгілері - ақынның ел әдебиетін жинаушы ғана емес, оны жариялаушы, зерттеуші болғанына да жарық түсіре алады.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ елінің жағдайын, тыныс-тіршілігін, әл-ауқатын, оның мәдениеті мен өнерін, фольклорын т.б. бүкіл жұртқа таныстырып отырған тұңғыш қазақ газетінің бірі – «Дала уалаяты газеті» екені белгілі.

Сонымен бірге газет бетінде қазақ әдебиеті тарихы мен фольклорына қатысты құнды материалдар шоғыры жарияланып, елге таратылып отырды. Газеттің бұл саладағы материалдары қазақ фольклортану ғылымына қосылған қомақты үлес болды. Белгілі фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов сөзімен айтсақ: «Жалпы «Дала уалаяты газеті» он бес жыл ішінде, шамамен 704 рет шыққан, соның 331 нөмірінде фольклорлық материалдар жарияланған. Мұның ішінде қазақ халық поэзиясының үлгілерімен қатар орыс, араб, қытай, жапон, фин, армян т.б. халықтарының ертегілері, мысалдары, нақыл сөздері бар».

Ал, бұл мол мұраларды ел арасынан жиыстырып, газет беттерінде жариялаушы кімдер дегенде: бірі – жинаушы-тілші ретінде бағаланса, екіншілері – мәтінге түсініктеме беріп, сол арқылы өзінің ой-түйсігін ортаға сала отырып, жалпы қазақ фольклоры хақында пікір айтуға ниеттенген адамдар да баршылық. Мәселен фольклорист ғалымдар: В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.А.Диваевпен т.б. қатар Мәшһүр-Жүсіптің жазғандары да газет беттерінде жиі басылып жүрді. Мәшһүр-Жүсіптің қазақ даласын көп аралағаны, фольклор мен әдеби мұра сөздерді көп жинағаны мәлім. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіптің тек жинаушы ғана емес, сонымен қатар үлгілерді т.б. зерттеу, саралау және ол туралы пікір түюді де т.б. қоса атқарғанына назар аударған жөн [3, 45 б.].

Сонымен бірге газет авторларының көздеген мақсаттары да, ғылыми дайындықтары да т.б. әр түрлі екендігін ескеру керек. Жоғарыда аталған ғалымдардың көбі өзге ұлт өкілдері болғандықтан да, олардың қазақ фольклорына деген көзқарастарының басым бағыты-танымдық сипатта жүргендігін де есте ұстаған жөн. Ал, Мәшһүр-Жүсіптің белгілі фольклортанушы ғалым Ш.Уәлихановтан кейінгі өз ұлтының тұңғыш тума, ұлттық фольклорист ғалымы болуы көп нәрсе аңғартады. Яғни қазақ тілін өзге ұлт ғалымдарына қарағанда жетік білуінің өзі ел арасынан фольклорды жиыстыру қызметін жеңілдететіні сөзсіз. Екіншіден, Мәшһүр-Жүсіп қазақтың әдет-ғұрпын, көшпенді тұрмыс тіршілігін т.б. жетік білгендіктен де қазақ елігің бүртұтас ел болып қалыптасуы үшін, өркениетті, мәдениетті халық ретінде қалыптасуына не қажет екенін басшылыққа алып отырған. Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіптің «Дала уалаяты газетіне» көптеген материалдар ұсынып отырғаны белгілі, яғни ол газеттерді алып та тұрған. Ал ол газеттің 1894 жылғы 29, 30, 1 сандарында басылған Г.Н.Потаниннің «Қазақтардың арасындағы әр түрлі ойлап шығарылған өлең, қисса, ертегілерінің, әдет заңдарының керекті турасында» деген мақаласын оқымауы, көрмеуі мүмкін емес. Өйткені мақаладағы сұрау түріндегі берілген ұзақ тізім ішіндегі он үш тақырып Мәшһүр-Жүсіп шығармасында да кездеседі. Мысал үшін, мақаладағы ай мен күннің тұтылуына, жер жаратылысына, жануарлар арасындағы ең мықты аң төңірегінде, өсімдік дүниесінде, жезтырнаққа, Едіге мен Тоқтамыс ханға, Алаша ханға, Жиренше шешенге т.б. қатысты сұраулары Мәшһүр-Жүсіптің «Тама Сарыбас мерген ертегісінде», «Аспан, жер және адам жаратылысы туралы» т.т. атты еңбектері, тек тақырыптық жағынан үндестік тапқан. Мұндағы Г.Н.Потанин мен Мәшһүр-Жүсіп арасындағы үндестік туу себебі бір-бірінен көшірілгендіктен емес, қайта ел арасынан фольклор үлгілерін жинағанда әрі алға қойған мақсаттары, талаптарының, әрі жасаған программаларының бір жерден туғандығында деп қарастыру қажет. Себебі Г.Н.Потанин жинаған бірден-бір фольклор үлгілері Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасында жинақталған нұсқалардың ешбіреуіне ұқсас келмейді.

Мәшһүр-Жүсіп жинаған «Адам һәм оның ғұмыры» атты ертегісінде адамның Құдай тағаладан отыз жыл ғұмыр алғаны, онысына қоса есектің де, иттің де, маймылдың да бейнет азапты, ауырсынып қаламаған ғұмыр жастарын сұрап, өзіне қосқаны баяндалады. Сол өтінішпен алған ғұмырларға лайықты адамның да мінез-құлқы, іс-әрекет т.б. өзгеріске түсіп отыратындығы түсіндіріледі [4, 104 б.].

Мәшһүр-Жүсіптің қай ертегіні кімнен, қандай жағдайда жазып алғаны туралы дерек беруі- материалдың әдебиет үшін ғана емес, тарихқа қатысты мәнін де негіздейді.

Жалпы фольклористика ғылымында жиналған шығармалардың толық сюжетін хатқа түсірумен ғана шектелмей, сондай-ақ халық түсінігін, ойларын т.б. бірге беруге тырысқаны белгілі. Демек, ақын жинаған әңгімелер арасында белгілі хандар, бидер т.б. өміріне қатысты тарихи мәліметтердің мол болуы, оның жинаушылық өрісінің ауқымдылығын танытатыны анық. Мәшһүр-Жүсіптің біраз мақалалары «Дала уалаяты газетімен» бірге, «Айқап» журналында да жарияланған.

Түйіп айтсақ, оның қолымен маржандай тізіліп қағаз бетіне түсірілген әңгімелер, ертегілер, айтыстар, жыр, дастандар көл көсір. Мәшһүр-Жүсіптің басқа фольклоршылардан ерекешелігі ауыз әдебиетінің үлгілерін біреу арқылы емес, ел аралап тікелей өзі жинауында.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев халқымыздың ауыз әдебиеті нұсқаларын мүмкіндігінше шашпай-төкпей толық жинауға тырысқан. Мәшһүр-Жүсіп арып-ашып жинаған, көз майын тауысып жазған қыруар мол мұрасы бүгінде халық игілігіне айналды. Оның фольклордық мұраларды танып-білуімен бірге құныға жинауында да шын асылды тани білетін және сол асылды келер ұрпақтың рухани көдесіне жаратуды көксеген ілгерішіл арман-аңсары айқын аңғарылады [5, 28 б.].

Қорыта айтқанда, фольклор үлгілерінің біразын өзі көзі тірісінде баспа бетінде түрлі түсініктемелер бере отырып жариялауы, – бәрі Мәшһүр-Жүсіптің фольклор саласында көп іс тындырғанын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы / Н.Қ.Жүсіпов. – Павлодар, 2007. – 380 б.

2. Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б

3 Сүтжанов С. Мәшһүр-Жүсіп дүниетанымы / С.Сүтжанов // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. - №10. - 60 б.

4 Жүсіпов Н.Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы / Н.Қ.Жүсіпов. – Павлодар, 2003. – 246 б.

5 Сүтжанов С.Н. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы / С.Н.Сүтжанов. – Алматы, 1999. – 29 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

«ТАНЫСТЫРУ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ

М.Д. ИЛГИШЕВА
филология магистрі, оқытушы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
А. НӘБИ
студент, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

С. Торайғыровтың екі ірі поэмасы жариялықтың жарық сәулесі түскенше жабық шығармалар сөресінен орын алып, оқырманнан жасырын тасада қалды. «Таныстыру» поэмасы Алашорда басшыларын дәріптейтін, байшылдық-ұлтшылдық пиғылды іспеттейтін зиянды шығармалар деген ат қойылып, айдар тағылып тұтқындық күй кешті.

Әдебиет тарихындағы ақтаңдақтар жойылған бүгінгі таңда «Таныстыру» қалың оқырман қауым зер салып, қадағалап оқуы шарт.

«Таныстыру» 1917 жылдың күзі мен 1918 жылдың қысында Сұлтанмахмұт Абай елінде болған кезде жазылған.

Ақпан төңкерісінен кейін Орынборда (1917, шілде) Советтердің Бүкілқазақстандық I Съезі сол жылдың желтоқсанында тағы да Орынборда II-Съезі өтті. Қазақстан облыстарында қазақ (қырғыз) комитеттерін сайлауға қызу дайындық жүріп жатты. Семей облысы қазақтарының съезі 1918 14 (1) наурызында белгіленді. Төңкерістен соң елді жаңа жолға бастайтын азаматтар кімдер деген сұрақ тұрды. С. Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасы тура осы сауалға жауап бергендей еді.

Ақынның таңдап алған формасы да қызық. Поэма қара қазақ пен оқыған зиялы адамның диалогына құрылған.

Туғанда құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сезім бар сенен балам.
Тап біздің осы Семей облысының
Көш басшы адамдарын айтшы маған.
Біз-дағы жоспарлайық өзімізше,
Десе де түк білмейтін қазақ надан.

Қара қазақ сауалы. Шындығында заман өзгеріп, уақыт аумалы-төкпелі қалыпта тұрғанда болашағын ойлайтын әр адамның қоюға тиісті сауалы. Сөз кезегі тиген оқыған да әңгіме тиегін ағытады:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке дара торғай өзі ...
Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған.
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған.

Поэманы оқығанда өлеңмен жазылған мінездемелермен танысып отырғандай әсерге бөленесіз. Есімдері поэмада аталатын қазақ зиялыларының жарқын бейнелері іс-қимылымен, кескін-келбетімен, мінез-құлқымен көз алдыңа келіп тұра қалады. «Бірі-күн, бірі-шолпан, бірі-ай» Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақов Дулатов ел-жұрты тарыққанда жол сілтейтін көсем, халық тағдыры безбенге түскенде көмекейлері бүлкілдеген шешен, тар заманда тәуекелге бел байлайтын перзенттер екендігін қара қазақ айтқызбай-ақ ұғады. Алты миллион қазақты соңдарынан ергізе алатындықтарына кәміл сенеді.

С. Торайғыров кейіпкерін әншейін сөйлетпеген, оның тарихи негізі бар. Патша әміріне мойынсұнбаймыз, көтеріліске шығамыз деген қалың қауымды Семейде үгіт сөзімен, беделімен тоқтатқан Х. Ғаббасов көрінеді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов «Алаштың азаматына!» Үндеу – хат жариялап, елді бекерге қырылып қалудан сақтандырған еді: «Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбеске болмайды, мұны бұрын да сан рет айттық. Көнбейміз деуінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да ұшырар, бірақ елдің іргесі.

Поэмада қазақтың кемеңгер ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы ерекше ілтипатпен, үлкен сый-құрметпен оқырман қуанышына бөленіп жырланады.

Ерте оянған кісінің біреуі осы,
Бұл жұрттың түзеймін деп антұрғанын.
Бір жолмен Байтұрсынов, Бөкейханға,
Ақсақал бола алғандай осы кәрің...
Бұл қазақтан мақсұты биік алыс,
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.

Қазақ деп жекелеме адамзат де,
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс.

Шәкәрім барша қазақтың, күллі адамзаттың ынтымағын көксеген, ақылшы, ойшы бейнесінде көрінеді. Адамгершілік, имандылыққа бастайтын ақсақалдық қасиеті, қысылғанда қиыннан жол тауып шығатын кемел ақылы үлгіге тартылады.

Нәзипа Құлжанкеліні мен Нұрғали Құлжанұлына «Таныстыруда» лайықты орын берілген. Ерлі-зайыпты Құлжановтар қазақ мәдениетінің тарихында мәңгілік із қалдырды.

Ардақты бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жүртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөзді дәмін...
Сөз табар әр мәжілісте жарасымды,
Білмейді аса сөйлеп адасуды,
Оқыған еркектердің көбінен де,
Әр іске ынайы бар жанасымды.

Нәзипа Құлжанова Семейдегі оқушылар семинариясында мұғалім болған. Халқымыздың тарихына, ауыз әдебиетіне, тұрмыс-салтына қатысты аса көп деректер жинап, кейбірін кезінде жариялаған. Ол қазақтың алғашқы журналистерінің бірі. Аудармашы, жазушы. Балалар күтімі, ана мен бала денсаулығы жайлы кітаптар жазды.

Поэмада басқа да көптеген адамдар аталады. Нақты айтқанда, Мұқыш Поштайұлы, Әнияр Молдабаев пен Иманбек Тарабаев, Петербург университетінің заң факультетін бітірген, юрист Жақып Ақбайұлы, мұғалім, Семейдегі земство мүшесі Биахмет Сәрсенов, төңкеріске дейін Мәскеудегі екі жоғары оқу орнында оқыған Сатылған Сабатаев, мемлекеттік думаға депутаттыққа сайлауға түскен Дурмановқа қара қазақ пен оқыған бағаларын беріп, көзқарастарын білдірген. Қайталаудан сақтану ниетінде әрқайсысына жеке-жеке тоқталуды жөн көрмедік.

«Таныстыру» - С. Торайғыровтың поэма жанрындағы тұңғыш талпынысы. Ақын уақыт талабына жедел жауап беріп, төңкеріс тұсында толқыған ел көңіліне ұялған жұмбақ сауалдардың бірін өнер туындысы арқылы пайымдауды міндет еткен. Төңкеріс пен оның мәнін, бағыт-бағдарын ажырата алмай дел-сал күй кешкен жұртына елдікке бастар азаматтарды жарасымды түр, жайнаған тілмен әдемі таныстырған.

Сондықтан да «Таныстыру» поэмасы реалистік арнада жазылған, әлеуметтік іргелі мәселелерді жатық та, ұтымды формасын тауып бере білген шоқтықты дүниелер қатарынан орын алатындығына сенім мол.

Дала ақыны шалқып сөйлейді. Сұлтанмахмұт дала ақынының шабытына қанат бітіріп, көсілте, нөсерлете төккізеді. Себебі дала тынысы, дала тірлігі Сарыарқаның төсінде өскен ақынға ыстық, жақын.

Қала ақыны қайырыла сұрақ қойып далаңда мақтанарлық не бар, кісі қызығарлық қасиеттеріңді айт деп қамшылайды. Дала ақыны кең жазира жерін, ондағы елін таныстыра жөнеледі:

Сүйдіріп жүргімді тартқан менің,
Сарыарқа, Сарыдала туған жерім.
Көк күмбездің астында көк масаты
Сәулемен алтындаған сары белім.
Кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс,
Исі аңқып, бетім сүйген самал желім.
Кіндік болып мал менен жанды өсірген,
Жаз жайлау, күзгі күзек, қысқы тебін.

Дала ақынының айналадағы өмірге өзіндік көзқарасы, қалыптасқан пікірі бар. Қазақтың дастарханы жылмайтын қонақжайлылығы, кімге болса да көңілі ашық дарқандығы, адамды құрметтеп, сыйлайтын қастерлі қасиеті дала ақынының айтыстағы бетке ұстар нысанасы. Ұшқан құс қанаты талатын ұшы-қиырсыз қазақ даласындағы жақсылық атаулы дала ақынының мәртебесі көтеріле сөйлер тірегі.

Дала ақыны қазақ аулындағы билік айту дәстүрін мадақтайды. «Қағазсыз, полициясыз» екі ауыз сөзбен дау-дамайды тыятын, төрелік айтқанда туралықтан таймайтын билерді қаланың парақор, қиянатшыл соттарына қарсы қояды.

Тапқыштық, шешендікпен кім алса атақ,
Халық соны кетіпті би деп атап.
Шарменен, не үлкеннен бұйрық алып,
Би болатын жоқ онда біздің шатақ.

«Дала уалаятының газетіндегі» Дінмұхамед Сұлтанғазиннің «Бұрынғы замандағы қазақтардың билік қылуы» мақаласы дала ақыны қозғаған жайларды тиянақтай түседі. «Бұрынғы уақытта қазақ арасында көптен келе жатқан құрметті адамдар билік айтады екен... Бұрынғы биді сайламай-ақ, білімді ақсақалдар болып, көбінесе тұқымына кетеді екен һәм бағзы дана адамдар халықтың рәсімін жақсы біліп һәм сөзге шешен болған соң халықты қаратып жақсы кісі болып шығып, тұқымынан болмаса да би болып кетеді екен».

Халық санасында бекіген би болу, билік айту екінің бірінің қолынан келмейтін, төкпе шешендікті, ерек ақыл-парасатты, қара қылды қақ жарған әділдікті талап ететін атадан балаға мирас өнер. Құн дауы, жер дауы, жесір дауы сияқты дау-шар атаулы дуалы ауыздардың билігімен шешілген. Билікке жүгініп дағдыланған дала ақыны қазақтың дауы қалаға қарап «жалғыз ауыз тіл білмеген» сотқа ісі түскен уақытқа тосырқай қарайды.

Сөзімді жеткізуге тақсыр Мекең,
Бір атты азырқанбай алар ма екен?
Мекапардың сөзінен мәні танып,
Билік айтар сотың да сот-ақ екен! –

деп қала сотын тілмашы Мекеңе қосып әжуалай түседі.

Ақындықты пайғамбарлыққа балайтын қазақ халқы ақын-жыраулардың көкке көтере қадірлеген. Сол үрдісті дала ақыны да ұстанады.

Даланың ақындарын айтсақ сізге,
Үлгіге сөз патшасын сонанізде.
Миға тамақ, жүрекке сусын беріп,
Даңқы кеткен ақын көп бұл үш жүзде.

Халқымыздың ежелден өленді, өнерді қастерлейтін абзал қасиеті, туған жерін; әсем даласын, ел қорғар ерін жырға бөлеген ақыны С.Торайғыров суреттеуінде жарасымды, нәрлі поэзияға айналған.

«Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа,
Абайды оқы, таңырқаң, басың шайқа.
Ақындықтың қуаты есіңді алып,
Бас алмастан оқырсың қайта-қайта.
Көшегі Бұхар жырау, Жанақ ақын,
Шөже, Орынбай халыққа жайған даңқын.
Ахмет пенен Міржақып әм Мағжан,
Алты алаштың баласы біледі атын, -

дегенде құр бекерге ақындарды тізімдеп, саусақпен санап отырған жоқ. Олардың бойындағы «жаратқыштық» күш, поэзиясындағы мөлдір, пәк сезім, шынайы, кеңеулі ой тәнті еткен дала ақынының мақтанышы, әрі өзгеге ұсынар өнегесі.

С.Торайғыров «Айтыс» поэмасында тіл құдіреті, тіл тағдырына терең мән берген. Тіл тағдыры–ел тағдыры екендігін жан дүниесімен ұғынып, ұлттың ең басты қасиеті тілінің тазалығын да, даму атаулының тетігі туған тілмен байланыстылығын жіті байқаған.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кең-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды баурыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім! –

депті Мағжан Жұмабаев.

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүргімді суырып-ақ алыңдар, -

дейді Дихан Әбілев.

«Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу сатқындықтың белгісі», - деген екен Бауыржан Момышұлы. Ұлтын сыйламау, тілін менсінбеу-барып тұрған азғындық. Сондайлардың кесепатынан туған тіліміз мүшкіл хал кешіп отыр. Мемлекеттік статусқа иеленіп, мәртебесі өскен қазақ тілі өліп тіріліп, жанданып келеді.

Туған тілге перзенттік махаббат – С.Торайғыровтың стихиясы.

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
Құлағыма сіңірген таныс үнім.
Сол тілмен шешем мені әлдилеген,
Еркелеткен, құлыным, жаным деген.
Сол тілменен бірінші білгізілген,
Апа деген сүйгендік сөз әм менен.

Туған тілді ту ғып ұстап, ана сүтімен бойға сіңген қасиет құдіретімен дүниедегі тылсым ой, табиғаттағы бояу – реңк, іштегі бұла сезім өлең-жырға, мақал-мәтелге, шешендік толғауға айналып халықтың рухани қазынасын байытқан үстіне байытуы Сұлтанмахмұттың дала ақынының есіле сөйлеуіне мүмкіндік береді.

Қазақтың даналық тұнып тұрған он бір мақалын поэтикалық шумақтарға топтап, оқырманды ойланта, толғанта тебірентіп тиянақты тұжырым ұсынады:

Байқасаң қазақтықтың өзінде бар,
Дүниенің генийлігі, пайғамбары.

Жалпы, елдің ары мен абыройы іспетті ұлт тілінің тазалығы, оның тотықпай, саф алтындай күйінде ұрпақтан-ұрпаққа жетуі С.Торайғыров шығармаларында жүйелі көтерілетін мәнді құбылыс, маңызды тақырып.

С.Торайғыров кейіпкері дала ақыны енді бірде халықтың әдет-ғұрып, салт-санасы, мінез-құлқы төңірегінде ой тербейді. Дала ақынының көзімен қарағанда қазақ тұрмысында жасанды қылымсу, өтірік көлгірсу жоқ, үлкенді сыйлау, кішіні қадірлеу қанына сіңген қасиет.

Даламда бар ұят, құдай деген,
Қаландай намысы жоқ, жолсыз емен.
Әділдердің көретін сыйлығы бар,
Жауыздарға бір жаза бар деп сенем.

Қала тұрмысының біртіндеп дала өміріне ене бастауынан қорқады дала ақыны. Мал бағып қызыққа кенелген көк шалғын, жасыл жайлаудағы дәуренін қимайды, қаланың кейбір «мінездері» жұға ма деп сескенеді.

Мың Париж, жүз Мәскеуің керегі жоқ,
Басымда тұрар болса осы қалып.
Даламның кеңшілдігін, бейқамдығын,
Жаным іздеп, жүрегім сүйеді анық, -

дегенде дала ақынының бойындағы елін елти сүйген ізгі махаббат пен жаңалыққа тосырқай қараушылық аралас. Академик-жазушы З.Қабдолов айтпақшы «дала тағдыры даланың өзіндей байтақ қана емес, даланың өзіндей сырлы, даланың өзіндей ойлы-қырлы» екендігін тарихи таным биігінен қарап кейінгі ұрпақ біз ұғамыз.

Мені өз еркіме қой, қалпымда қой,
Айтатын бар тілегім, қала, саған!

Еркіндігін, елдігін сақтауды көздеген, ас та төк ғұмыр сүрмекші дала ақынының мінез-көзқарасы.

С.Торайғыров дала ақынының кесек-кесек ой қозғап, салмақты түйін жасауына, тіпті кейде тұлғаланып, биіктеп кетуіне жол ашқан. Ақынның өзін де, кейіпкерін де түсіне білуіміз қажет, неге десеңіз, кіндік қаны тамып, балалық шақты, жігіттік дәуренді өткізген дала төсі қай қазаққа ыстық емес.

Қала ақынын өткір сынның тезіне алуы, біріншіден, кемшілікті аямай мінеу айтыс жанрының талабымен үндессе, екіншіден, С.Торайғыровтың шаһармен жүздесуімен, қаланы тануымен сабақтас.

С. Торайғыров поэмаларында кейіпкер санаулы ана – «мен», кейде, оқыған, қара қазақ, дала ақыны, қала ақыны. Оның суреткерлік сұңғылалығы бір ер кейіпкер көңіл күйі, сезім тебіренісі арқылы адамзаттың өмірі, тірлігінің мәні, адам атаулының болашаққа талпынысы философиялық топшылауларға негіз болып, әсемдік әлемінде соны дүниелер санатында мәңгі бақи қалуында.

С. Торайғыровтың «Таныстыру», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс» туындылары қазақ поэмасы тарихындағы жаңа беттер ғана емес, әдебиетіміздегі бедерлі белес, үрдісті үлес, кезеңдік шығармалар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Еспенбетов А.С. Торайғыровтың белгісіз поэмалары. //Семей таңы-1992,01.09.
2 Еспенбетов А.С. Таныстыру (поэма). //Жалын-1992,№6.
3 С.Торайғыров шығармалары. II томдық. Алматы, «Ғылым», 1993.
4 Акбаева Л. О поэмах С.Торайгырова. «Таныстыру» и «Айтыс». /Простор-1993, №10.
5 Бұзаубағарова Қ. О поэтах и времени: /окнА.Еспенбетова «Торайгыров»//Иртыш-1992,26.11.
6 Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі//Жұлдыз-1993.№10.

ӘОЖ 81’ 42

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ БЕРІЛУІ

Ш. ҚАБЖАПАРОВА
оқушы, Жарбұлақ орта мектебі, ШҚО, Үржар ауданы, Қабанбай батыр ауылы
Г.Т. ЖҰМАДІЛОВА
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ғылыми жетекші

Мақал-мәтелдер – ғасырлар шежіресі. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл өнегесі мол көрніс тапқан.

Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытылады.

Халық даналығы үлкен ойды аямай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлік танытқан. «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында. Мақал-мәтелде бәрі екшелген, сұрыпталған, жымдаса біріккен, ой-өрнек ажыраспас туыстық тапқан. «Ер дәулеті - еңбек». Мұндағы негізгі ой - еңбектің құдіретін, бүкіл игіліктің көзі екенін білдіру. Ой қазығы еңбек болған соң, мақалда «е» дыбысы ерекше естіледі. Мақалға саздылық, үнділік беріп тұрған да сол. Дәулет сөзінің мақал бітіміне кіруі де соған байланысты. Оның орнына ырыс, байлық, молшылық т.б. сөздерді ала алмайсың. Онда мақал поэтикалық қасиетінен айрылады.

Мақал-мәтелдерде халық сөзді барынша үнемдеп қолданған. Кейде тіпті, сөз тастап та кетіп отырады. Бірақ онан мақал-мәтелдің мазмұнына ешқандай нұқсан келмейді. Мысалы, «Ақыл жастан, асыл тастан» дегенде, шығады сөзі қалып қойған, бірақ онан мақал ойсырап тұрған жоқ.

«Сөз асылы - мақал» дейді халық. Оның айтушылары да, тұтынушылары да – көпшілік. Мақал – логикалық, образдық ойдың қосқанаттасқан ғажап табысы, тәжірибеден туған философиялық сөздер. Оның ұйтқысын, ең алдымен, мақалдан іздеу керек. Онда этикалық, философиялық, коллективтік мазмұн бар, мақалдың қорытындыларын халық ешуақытта теріске шығармайды.

Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, адам мінезін, табиғат пен тіршілік сырын, оның қайшылығын таныта отырып, адамға терең ғибрат берген. Мақал осындай құбылыстарға берілген баға, ойдың тобықтай түйіні ғана емес, өзінше бір ереже.

Халықтың әл-ауқаты қашан болмасын ақын шығармаларына арқау болады. Сондықтан көптеген туындылар **«байлық пен кедейлік»** концептілері төңірегінде. *Абай да күле отырып, іле жауап қатты:*

*-Рас – ау оның, Базеке, бәрі рас! «**Кедейлігіне қарама, кісілігіне қара**» десе, түгел Тобықтыдан сені атау дұрыс. Бірақ біз өнерді айтып отырмыз. Бір тайпа Тобықты деген елдің жігіті екеніңіз рас. Жігітіміз – сіз бен біз, бірақ біз өнерлі жігітпіз бе? Сол өнерге келгенде сіз екеуіміз – ел есінде қалар не көрсеттік, нендей үлгі шаштық? Қандай еңбек еттік ортамызға?! – деп, Абай қатты үнмен шыншыл жүзімен бір сұрақ қойды да, аз үндемей жағалай қарап шықты / «Абай жолы», 64 бет/.*

*- Бұл сахрадағы қу өмірге осылай тізе көрсетер соққы болсын. Ер қайғысын бара- бара сол емдер!- деп, біраз отырып, үлкен бір ой түйді. – «**Арыстан айға шауып мерт болғанмен, артында жортқан баласы арыстандық етпей қоймас. Ақ сұңқар ауға шырмалғанмен, ұясынан ұшқан балапаны сұңқарлық етпей қоймас!**» - деген қазақ неткен дана. Тобықтының зорлығы мен қараңғылығы Оралбайды жеңгенімен, өмірді, тауарықты жеңе алмас, бұра алмас... бұрс алмас!..-деді /«Абай жолы», 115 бет/.*

Қазақ тілінде «Байлық-кедейлік» концептісіне ілесе жүретін, солардың атрибуты тәрізді сөздердің мол қоры бар. Мұндай сөздер концептіге киретін негізгі атауларды әр қырынан толықтырып, оларды бейнелі түрде жете анықтауға мүмкіндік береді.

Мына төмендегі тұрмыстық атаулар байлықтың сән-салтанатын сипаттайтын, онымен бірге айтылатын атрибуттары болып табылады:

– шайы камзол,күндыз бөрік,қара мақпалмен тыстаған түлкі тымақ, тиін ішік,
– ақсеңсең ішік, сусар ішік, бұлғын ішік, күміс белдік, алтын алқа, қалы кілем, атлас шымылдық т.б.

Мысалы, *М.Әуезовтің «Абай жолы»* романында :

Тоғжан білезікке толы аппақ жұмыр білегін табаққа қарай сирек созады.

Белінде кісе белдік емес, жасыл түсті көріс белбеу, бұ да анық бозбаланың белгісі.

Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің-Құнанбайдың кәрі шешесінің көк арбасы десе де болады /«Абай жолы»/,

Дәулетті адамдардың ас жиыны, тойлары кезінде айтылатын тұрақты атаулар да аз емес:

– семіз жая, алтындай сары уілдірік, тоңкерілген қазы, үйтілген қой, семіздің жас сүбесі, серке тарту, балуан күрестіру, атшабыс, теңге алу, тайтұяқ, қойтұяқ, үштоғыз.

«Кедейлік» концептісіне қатысты негізгі атауларды толықтырып, бейнелеп білдіретін атрибут сөздердің сипаты бірыңғай емес. Оларды өз ішінде бірнеше топқа бөлуге боалды.

1.Кедейліктің, жоқшылықтың жағдайын, хал-ахуалын білдіретін сөздер:

Қайғы, қасірет, тауқымет, тақсырет, қам-қайғы, ауыртпалық, амалсыздық, азап, қорлық-зорлық, тақыр таза, жүдеу тірлік, жұтаң күй

жарымау т.б..

2. Кедей, жарлы, жоқ-жітік адамдардың кескін-кейпін білдіретін сөздер:

Жүдеубас, қара борбай, қылқию, қайыр тілеу, азу, тозу, қаңғыру т.б.

М.Әуезов шығармаларында мақал-мәтелдердің әр алуан тақырыпқа арналған түрлері кездеседі. Олардың көбі халықтың дүниетанымын, өмірлік тәжірибесін, өмір, өлім, тағдыр туралын түсініктерін қамтиды.

Қазақтың ұлттық танымында «тағдырға» қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни, «тағдыр» өмірдің тұщысынан гөрі, ащысынан қолданыс табады. «Тағдыр» мен «өлім» концептілері арасында белгілі бір байланыс бар екендігі сөзсіз. Адам өлімнің алдында да тағдырдың алдындағыдай өзінің дәрменсіз екенін мойындап, өлімді тағдырдың құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды.

«Өмір» мен **«өлім»** концептілерінің жалпыхалықтық мақал-мәтелдердегі көрінісі мынадай: «*Туғанға жылamаймын, өлгенге жылаймын»; «Ажал ажарыңа да қарамайды, базарыңа да қарамайды»; «Біреудің ажалы оттан, біреудің ажалы судан»; «Дүниенің қадірін берерде білерсің, жанның қадірін өлерде білерсің»; «Өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ», «Өткен қайтып оралмас, өлген қайтып келмес».*

Қазақ тіл білімінде халықтың, ұлттық болмысын-бітімін, тұрмыс-тіршілігін оның тіл арқылы тану қағидасына сай зерттеу тіл біліміндегі жаңа бағыт ретінде қалыптасты. Бұл бағыт тілдегі адам факторын тіл табиғатымен тығыз байланыста қарастыратын антропологиялық лингвистика саласының негізін қалады.

Когнитивті лингвистика ғылымындағы «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының тілдегі номинация, таңба, уәж т.б. мәселелерімен тығыз байланыстығы мен сабақтастығын былай қойғанда, грамматикалық құрылымға тікелей қатысты болады. Осыған орай ғылымның диалектикалық әдісіне сай уақыт факторларының мәні ерекше екенін аңғаруға болады. Демек «ғаламның тілдік бейнесі» де тілдің даму барысымен, мәдени рухани және сананың дамуымен байланысты мифтік ойлаудан поэтикалық ойлау дәрежесіне дейін өзгеріп, дамып отырады. Тілдік семантиканың құралдары арқылы тілдік санада сақталған дүниенің бейнесі уақыт пен кеңістіктегі мезгілге сай

белгілі бір дәрежеде реликтілік, архаикалық деңгейде сақталуы мүмкін. Бірақ олар-тілдің ұйымдастыруымен сақталған дүниенің тұтас тұжырымдамасы (концептуализация), тілдік ұжымның лексика, фразеология, грамматикада көрініс тапқан ұлттық-мәдени тәжірибесінің тілдегі көрек бейнесі болып табылады. Когнитивті лингвистика ғылымындағы көптеген ұғымдардың негізгісі «дүниенің тілдік бейнесі» теориясының негізін В.Гумбольдт т.б. салса, одан әрі дамытқан-Г.В.Колшанский, Ю.Д.Апресян, А.Н.Леонтьев, Б.Касевич т.б. Батыс Еуропаның көптеген университеттерінде тіл мен танымды адаммен бір тұтастықта қарастыратын ғалымдардың лингвист-антрополог деп аталуы кездейсоқтық емес. Жоғарыда көрсетілгендей, адамның санасы, болмысы және рухани негіздерінің тығыз байланыстылығы, дәстүр жалғастығы мен сақталуы тек тілге тікелей катысты болып келеді. Ал адамның этностық ұғымда танылуы-белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік ортада, ұжымда қалыптасқан танымның тілдегі көріністері мен осыған байланысты этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатында туындаған тіл білімінің жаңа да дербес саласы - этнолингвистика деп аталады.

«Тіл әлемнің» табиғаты мен болмыс бітімін жан-жақты зерттеу барысында жіктелген социолингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану салаларынан этнолингвистиканың ерекшелігі, тұтастық сипатын - академик Ә. Қайдар атап көрсеткендей, оның «этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп мақсат ететін ғылым» екендігінде [1].

Қоғам өміріндегі өзара қарым-қатынастың ең басты құралы болып саналатын тілді әлеумет әрдайым өте жоғары бағалап, оның өзгеріс, өрістерін жіті қадағалап отырады. Тіл қоғамдық құбылыстардың бірі ретінде сол қоғам құрылысын айнаға түсіргендей өрнектейді. Яғни қоғам өмірінде болған, болып жататын құбылыстардың бәрі тілден орын тебеді де, тіл арқылы халық қазынасына айналады. Сонда тіпті кейде тілдегі кейбір сөздер арқылы ел басынан өткен кезеңдерді көзге елестете аламыз да қоғам дамуының белестері тіл дамуын сүзіп шығуға мүмкіндік береді. Сөйтш қоғам мен тіл бірінсіз бірі күн кеше алмаса керек. Ендеше халық тарихы оның тілінде, яғни тіл фактілері арқылы біз халық тарихын тануға мүмкіндік аламыз. Тіл кез келген танымдық іс-әрекеттердің құралы болып табылады.

Поэтикалық және қара сөзбен жазылған философиялық мазмұнға толы шығармадағы тілдік жүйенің құрылымын, ұлттық тілдің табиғатын шынайы танудың бір жолы-тілдік таңбаларды, оны құрайтын әлементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші жолы-олардың тілдік емес құндылықтарымен, яғни ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланыста қарау болмақ. Ал бұл тұрғыдан алғанда, көркем поэтикалық және қара сөзбен жазылған шығарма, ондағы тілдік бірліктер ақиқат өмірді, яғни ойлау мен тілді ұштастыратын категория ретінде танылады. Адамның когнитивті дүниесі оның ойлау әрекетінен көрінеді десек, сол әрекетті танытатын негізгі белгі оның тілі болып табылады. Тілді мифтік таным тұрғысынан қарастырған Б.Ақбердиева: «Тіл-тек ойды білдірудің құралы, яғни оның тікелей құрылысы емес. Тіл ең әуелі сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына дарытқан дүниетанымдық негізде қарап беруші құрал. Яғни, ғаламды тану тәсілі мен оның біртұтас танымдық моделі тілдің терең құрылымдарынан бастау алады»,-деп жазады [2,43]

Тіл - ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысты күрделі ұғым. Қандай да болмасын этностың тек өзіне ғана тән дүниетанымдық түсініктері болады. Ұлттық дүниетаным дегеніміз - қандай да бір этностың басқаларға ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі, өмір сүру дағдысы, адам және оның сол дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасы.

Бүгінгі таңдағы лингвистика ғылымындағы тілтанымдық зерттеулер негізінде көркем поэзия мен қара сөзбен жазылған шығарманың тілдік ерекшеліктерімен қоса дүниетанымдық ерекшеліктерін де зерттеу қолға алынды. Бұл көркем поэзия мен қара сөзбен жазылған шығарма авторының тілі мен дүниетанымдық ой-пікірін, көзқарасын тұтас ұлт тілі, ұлттық ерекшелік ретінде танып білуге әкелді.

Ұлттың дүниетаным мен ақын жазушының қиял дүниесі мен таным дүниесінің диапазонын көрсете отырып, автор ұлттық дүниетанымы мен астасып жатады. Көркем шығармалардағы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін бірнеше жікке бөліп қарастыруға болады. Олар негізінен: ұлттық мәдениет; ұлттық өнер; діни дүниетаным мен ұлттық таным әлемі.

Ұлттық мәдениет: ұлттық салт-дәстүр мен жол-жоралғының көркем шығармадағы тілдік көрінісі болып табылады.

Ұлттық өнер: халықтың ұлттық тұрмыс-тіршілік нышандарының көркем сөзбен суреттеліп берілуі.

Діни дүниетаным мен ұлттық таным әлемі: қазақ ұлтының діни дүниетанымдық түсініктері.

Қазақ халқының ұлттық өмірі, оның бүгіні мен өткені, танымы мен діні, флора-фаунасы, мінезі мен психологиясы оның тілінде, әсіресе тұрақты сөз тіркестерінде, ауыз әдебиеті мұраларында, ән-күй өнерінде және т.б. халықтың білім жүйесінен, әдеби-жазба, этика-эстетикалық және халықтық педагогика дәстүрлерінде қалыптасқан тілдік құралдар арқылы тануға болады. Ұлттық дүниені қабылдау ерекшеліктері өмір салтымен және этностың шаруашылық жүргізуімен байланысты, осы салт-дәстүр мен шаруашылықтың жүргізілуі қазақ тілінің топонимдік кеңістігін қалыптастырады, жүйелейді, құрылымдайды. Географиялық қоршаған орта шындықты қабылдаудың жүйелілігі мен байланыстылығын, қазақ топонимиясының таңбалық жүйесін қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998.-304 б.

2 Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық тұжырымдар. Филол. ғыл. кан. дис. қолжазба. Алматы, 2002,-146 б.

ӘОЖ 81-2.102.122

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А. ҚАЖИАКПАРОВА
студент, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
Г.Т. ӘБІКЕНОВА
ф.ғ.д., ғылыми жетекші

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, "Сорос-Қазақстан" қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

"Сын тұрғысынан ойлау" ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Белгілі ғалым Дайана Халперн «Сыни ойлау – ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттай ойлану.

Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде "Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту" бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда "Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу" дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан: әдістерінен тұрады.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

-шыңдалған ойлау.кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;

-күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық;

-үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан туратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым .

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
4) үйрену барысындағы оқу-шылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
5) кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айна-лдырмау;
6) оқушылардың бір-бірінің жауа-бына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. 1-сызба. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР ЖҮСІП ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ МЕТАФОРАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАР

А.Б. ҚАЛЫМ
оқушы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.
Б.М. ОКПИНА
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.
Н.А. ШАХМЕТОВА
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп қазақтың ұлттық тілін еркін меңгерген, тілдік қоры бай ақын. Ақынның өлеңдерін оқи отырып, мағынасының тереңдігін ұғынып, көркем ойының кемелдігіне бас иесің. Небір сөз асылын, сөз маржанын танып тамсанасың. Насихатқа толы өлеңдерін қайта-қайта оқыған сайын көкірек көзің ашылып, ақынмен сыр бөліскендей боласың. Тереңірек үңілген сайын бір жаңалық ашқандай толғанасың.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде бейнелі сөздердің неше түрлі үлгісі бар. Метафоралық қолданыстар саф алтындай жарқырай көрініп, өлең сөздің тереңдігіне жетелейді.

Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып жақындату арқылы астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі», – дейді академик З. Ахметов [1, 140-б]. Салыстыру мен құбылту, қиыннан қиыстырып жанастыру арқылы пайда болатын сөз өрнегі Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде мейлінше көркемдік сипат алады.

Ақын метафоралық тіркестер бейнелеп суреттеуге шеберлікті аңғартады. Айтайын деген ойдың әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де құбылту тәсілі керек. «Құбылту – сөздердің тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті ойды өңін айналдырып айту», – дейді академик З. Қабдолов өзінің «Сөз өнері» еңбегінде [2, 221-б].

Мысалдарға тоқталайық:

Балалар, жалқау болма, шабан тартып,
Ілгері ұмтыла бас, күн-күн артып,
Арқаны кедейліктің – еріншектік,
Желкеңнен жібермейді мықтап тартып [3, 194-б.].

Ақын еңбек етіп, ілгері ұмтылуды насихаттайды. **«Арқаны кедейліктің»** деген метафора өлеңнің мәнін, мазмұнын ашуда ерекше қызмет атқарып тұр. Желкеден мықтап тартып тұрған арқанды көзімізге елестетіп, еріншектіктің мәні анық ашылған.

Мал көзде, ертеңді-кеш ұйқыңды бөл,
Кім жұмсаса ұшып жүр, қайтарма тіл.
Басы білгіш, елгезекке кедейлі жоқ,
Кежірлік – **кедейліктің ордасы** біл [3, 195-б.].
...Қояншықтай бір ауру ұстамалы,
Кернеп кетер өн бойын еріншектік [3, 195-б.], -

деген өлең жолдарында «кедейліктің ордасы», «қояншықтай бір ауру ұстамалы» метафораның ұлғайған түрі келген. Бұл метафоралар – ақынның өзіндік қолданысы. Ақын балаларды еңбек етуге, оқуға, кәсіпке үйренуге шақырады. Алға басудың жолы – еріншектік, кежірліктен бойды алыс ұстап, еңбекте деп түсінеді.

Бұл күнде тіл сөйлемес, ақша – **шешен**,
Жүгірер бай жұмсаса, не мен, не сен.
Дүниеге дінін сатқан адамдардан
Алыс жүр, бой суытып аман-есен [3, 171-б.].
Еңбекпен табылған нан, ол – бір **шекер**,
Кәсіп қыл, халал ниет, жүрме бекер [3, 171-б.].

Мұндағы «шешен», «шекер» метафоралары жалғаусыз, жұрнақсыз, бір нәрсені екінші нәрсеге балау арқылы жасалынған. Ақынның бұл жердегі айтайын деген ойы – халықты адал еңбекпен табылған нанның қадірін, мәнін ұғындыру, дүние үшін дінін сатқан адамдардан аулақ жүру. Адал еңбекпен өміріңді мағыналы етуді өсиет етті.

Болмасын есіл сөзім бояқ пен бөз,
Сен – **бір сурет**: болғанмен тіл, құлақ, көз [3, 63-б.].
Тіл де – **өлік**, ауыз да **өлік**, айтпаса сөз,
Құр сурет – жарқыраған, бақырайған көз.
Басында әр моланың бір сын тас бар,
Тірі деп оны есепке алмаймыз біз [3, 64-б.].

Ақын сөздің мәні мен маңызына айрықша мән беріп, жоғары талап қоя білген. Ақын ұғымында сөз құдіретті, ерекше – бір әлем. Сөз адам өмірін айшықтайтын әрі адам танымын танытатын дүние. Әрбір өлеңінде сөзге байыппен қараған суреткер сөз астарының небір мән-мағыналарын ашып немесе ауыспалы мәндегі түсінік танымды ұштайтын қолданыстарды орнымен де пайдаланған.

Көңіл – **кең**, **мол қазына**, сөз – **бір жауһар**,
Ауыз – **садап**, сөз онда – **дүр гауһар**.
Құлақтың құрышы қанған жақсы сөзді
Не **зәмзәм**, не болмаса дерсің **кәусәр** [3, 66-б.].

Сөз «жауһар», «дүр гауһар» метафораларымен бейнеленсе, жақсы сөзді «зәмәм» мен «кәусарға» балайды. Түсіндірмелі сөздікте зәмзәм сөзінің мағынасы Меккедегі қасиетті құдық, сол құдықтан алатын киелі, шарапатты су деп түсіндірілген [4, 343-б.]. Кәусәр – суы сүттен аппақ, қардан таза, қанттан тәтті, табаны толған інжу, мыс деп саналатын аңыздағы жұмақ суының аты [4, 372-б.]. Бұл метафоралар да ешқандай жұрнақсыз, жалғаусыз жасалынып, өлеңнің көркемділігін арттырып, мағынасын тереңдетуде ерекше қызмет атқарып тұрғаны анық. Аталған құбылту, сөз ауыстырулар Мәшһүр Жүсіптің идеялық мақсатын айқындап, суреткерлік шеберлігін арттыра түседі. Өлеңіндегі сөз құдіретін эстетикалық талғаммен, суретті сипаттаулармен бейнелей отырып, сөз өлшемі мен үйқасын сұрыптап, нақты да нақышты ете түседі.

Мәшһүр Жүсіп дүниетанымы өзі өсіп өнген жұрттың ауқымынан асып, бүкіл адамзаттық мазмұндағы ойлармен сабақтасып жататындықтан, оның көркемдік әлеміндегі әрбір сөз қолданысы мен ой образының мәні терең. Сөз арқылы адам түзетпек болған сөз зергері:

Қалам – **піспек**, дәуітім – **қара сабам**,
Мас қылайын қымызбен келсе шамам. [3, 9-б.]
Әрі өлең – бұл жазғаным – әрі ғарыз,
Емес қой үндеместік уәжіп, парыз.
Сөз – **несие**: сатып тұрмын алмастан пұл,
Күнінде төлемесең, саған қарыз [3, 65-б.], -

дейді. Мұндағы «несие», «піспек», «қара саба» метафоралары да автордың жеке қолданысы. Сөз мағынасына көркемдік түр беріп қана қоймай, айтылған ойға терең, ерекше сипат береді, көркем образ жасайды. Сөзге эмоционалды-экспрессивті мән үстейді. Сонымен қатар, метафоралы сөз мағынасынан ұлттық сипатты көре аламыз. Әсіресе, піспек, қара саба, қымыз ұғымдары метафорамен бірге ұлттық өрнек қызметін де атқарып тұр.

Құдайдың есебі жоқ, мол рахметі (рахматы),
Күнәкар (кінәһкар) **ғасырлардың сыбағасы** [3, 67-б.]

Бұл өлең шумақтарындағы «ғасырлардың сыбағасы» метафорасы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өзіндік таным ерекшелігімен туған. Мұндағы «сыбаға» ұлттық ұғыммен байланысты түсіндірілу керек. Сыбаға – 1. Қадірменді, сыйлы адамға арнайы сақталған соғым еті, мүше. 2. Әр адамның өзіне лайықты еншісі, үлесі [4, 754-б.]. Күнәсы бар адамдар қоғамда көп кездеседі. Ғасырлардан ғасырларға жалғасып, бір толастамайтыны орнына қолданылған. Ғасырлардың сыбағасы метафорасының қолданысы, біріншіден, ақынның сыншылдығын танытса, екіншіден, пәлсапалық ойды да танытады.

Мәшһүр Жүсіптің қаламына тән басты ерекшелік халық тіліндегі, яғни дәстүрлі метафораларды жиі қолданады. Мысалы,

Егер де [һибарде] гүл ашылса, **бұлбұлмын,**
Дананың сөзге **жүйрік дүлдүлімін**.
Басқаға **қаз бен қудан** шабытым жоқ,
Қыраны, қаршығаның тұйғыны[мын] [3, 165-б.].
[Бір]шыққан Сүйіндіктен өнерпазбын,
Көп қылған өнер тілеп жайы бармын.
Кеше Мұса мырзаның заманында
Бәйгеден күнде келген **қырғын бозбын**! [3, 369-б.].

«Бұлбұлмын», «жүйрік дүлдүлімін», «қыраны, қаршығаның тұйғынымын», бәйгеден күнде келген «қырғын бозбын» деп, жіктік жалғауы арқылы жасалған эпиттетті метафоралар ақындық өнердің жүйрігі, алмас сөздің қас шебері екенін танытуда қолданылған. Ақын халық тілінің айшықты тізбегін төгілтіп отырады. Соны ізденістер арқылы Мәшһүр Жүсіп өлең сөздерін жетілдіріп, рухани әлемімізді жаңа әдіс-тәсілдермен, бейнелік оралымдармен, жаңа сөз тіркестерімен образдық ұлгілермен толықтырған. Мәшһүр Жүсіптің поэтикалық әлеміндегі бейнелі суретті образдардың мәні қазақтың ғана емес, жалпы адамзаттық ақыл-ой дүниесімен астасып жататындығымен құнды. Қандай да бір мәселені тілге тиек етсе де ақынның ерекшелігі оны кең ауқымда алып, өлең өлшеміне өрісті оймен сыйдыра білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1960. – 292 б.
2 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1992. – 366 б.
3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы өлеңдері. 1-том. – «ЭКО» ҒӨФ, Павлодар, 2003. – 436 б.
4 Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

БАЙЖАНҰЛЫ ЖАЯУ МҰСА

Ә.Л. КӘКІМЖАНОВА
филология магистрі, оқытушы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
А. НӘБИ
студент, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Атақты әнші, ақын, халық композиторы Жаяу Мұса Байжановтың қазақ музыка мәдениетінен алатын орны ерекше. Ол ән – өлеңдері арқылы өзіне дейін қалыптасып, дамыған ұлттық әншілік дәстүрді жалғастырумен қатар, оны жаңаша түрде көркемдік мазмұнмен байытып, қазақ музыкасына көптеген шығармашылық жаңалықтар әкелген дарынды әнші – композитор. Жаяу Мұсаның өмір шындығынан туған, көркемдік дәрежесі жоғары музыкалық бейнелер арқылы сомдалған шығармалары халықтың ән өнерінің шоқтығын биіктете түсті. Композитордың асқақ азаматтық рухтағы әндері қазақ музыка мәдениетінің алтын қорына асыл қазына болып қосылды.

Жаяу Мұса – қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Ақшоқы деген жерде 1835 жылы кедей малшының отбасында туған.

1842-1852 жылдар арасында ол ауылдағы мектепте оқып, арабша хатты толығынан біліп, өз ойын қағаз бетіне түсіруге жеткен. Мұсаның араб жазуын білуіне көп еңбек сіңірген әсіресе оның ағасы Тайжан «молда». Мұса үш жасқа келгенде анасы Нақыш қайтыс болып, өгей шешенің қолына қарайды. Бірақ ағасы Тайжан оны бәйбішесі Сәтбала екеуі кішкене Мұсаны жетімсіретпей, өз қолдарына алып, тәрбиелейді. Мұса жеті – сегіз жасында ауыл молдасынан хат таниды. Ол жас кезінен өзі қатарлы балалардың арасында өнер – білімге құштарлығымен, ән – күйге әуестігімен көзге түседі. Талапты Мұса домбыра тартуды үйренеді, қолына түскен кітаптарды, қиссаларды қалт жібермей оқиды. 16 жасқа келген Мұса ауыл мектебінен бір талай білім алып, дүниеге ашық көзбен қарай бастайды. Жас тоқалмен елігіп кеткен сал әкеден онша қызық көре алмай, Есілдерті Қызылжарда жатқан туысқаны Көкшенің үйіне қарап, елегізе береді. Ағасы Тайжан да «сонда барып оқып өнер үйреніп» қайтуға ақыл береді. Осылай елегізіп жүргенде, Жаяу Мұсаның еліне Аягөзден Қызылжарға бет алып бара жатқан сауда керуені кездеседі. Жаяу Мұса ешкімге айтпай осы керуенмен ілесіп Қызылжарға тартып кетеді. Бұл оқиға 1879 жылғы Қазан дәптерінде тап осылай жазылған (Үйінен өнер іздеп кетті қашып). Жаяу Мұсаның Қызылжарға қай жылы барғанын ашып айту қиын. Бірақ 1854 жылдан кейін емес, бір екі жыл бұрын болу мүмкін. Өзінің айтуынша 17-18 жастарында барған. Он жылға таяу осы Қызылжарда Көкшенің үйінде жатып орысша оқиды.

Жаяу Мұса тапал бойлы, ашаң келген, көзі өткір, сопаң бетті, ақсұр кісі болатын. Ол кезде оның киетіні қызыл-күрең кәрістен тіккен қызыл камзол, қызыл шалбар, аяғында жеңіл кебіс-мәсі, басында әдемі пұшпақ бөрік. Оның көз жанары өткір, қарағанда тұңғиық кішкене көзімен адамға ой түсіре терең қарайтын. Өткен замандағы басынан кешірген ауыр азаптарды көрсететін бір ғана бетіндегі әжім. Бірақ соның өзінде оның сымбатты дене құрылысы, сүйкімді бет әлпеті жақсы сақталған. Жаяу Мұса қыр мұрынды, ат жақты, кең маңдайлы кісі еді. Ерні үрпектеу, иегі сопақ, сақал мұрты өте сирек болатын. Жалпы айтқанда баласы Салыққа өте ұқсас, бірақ одан ақшылдау бет ажары сыпайырақ болатын. Кешке жақын адам тобы ауылдың сыртында алқа қотан отырып киіммен, ойнақы жеңіл денесімен, төпеп айтатын сөзімен ерекше көзге түсетін. Мұндай бас қосуда Жаяу Мұсаның еліне айтатын өзінің басынан кешірген оқиғасы, оязбен болыстармен қалай ұстасқанның суреті, қашқын болып жүргенде көрген-білгендері, Кенесары, Сейтен, Тайжан оқиғалары, тағы басқалар. Бұл оқиғаларда Жаяу Мұса толқынды қара сөзбен бастап, қызған кезде домбыраға қосып әнмен шырқайтын. Оның «Жөкеңе», «Шұғайыпқа», «Арапқа», «Бәшерденге» деген әндерінің адамның жан күйін, жүрегін толқытуы сонша, отырған қариялардың «тағы айтшы» деп сұрап отырған. Азамат ақын, дарынды композитор Жаяу Мұса Байжанов 1929 жылы 31 шілдеде 94 жасында дүниеден қайтты. Сүйегі өзі айтқан Ақшоқы тауының бауырына жерленді [1].

Негізгі бөлім:

Мұса шығармашылығы «Қыздар-ай» деп Омбыда дүниеге келеді де, аңшылық-саятшылық туралы: «Тұрымтай», «Қаршыға», «Көгершін», сықақ күлдіргі тақырыпты: «Құлбай», қазақ қыздары, махаббатты лирикалы тынысы кең: «Шолпан», «Сәулем қыздар», «Гауһар қыз», «Ләйлім» әндері болса, өмірлік серігі, балаларының анасы Сапарға арнап «Келдім, Сапар басыңа» атты әндері халық арасына кең тараған туындылар болып саналады.

Туып өскен еліне, сауатты азамат, көптеген музыка аспаптарда шебер ойнап ән салатын, ақын, өнерпаз болып оралады.Ауылдың өмірімен танысып, болыс, би, әкімдердің жай халыққа көрсетіп жатқан зорлық-зомбылығын әшкерелеп, Баянауылдың аға сұлтаны Мұса Шормановпен оның інісі Мұстафаның іс-әрекетін: әшкерелеп, Омбы генерал-губернаторына шағым жазады. Осылай пайда болған ерегес-тартыстың нәтижесінде, ағайынды Шормановтар әр қилы жалалар жауып, 1860 жылы Мұсаны Тобылға 12 жылға жер аударады. «Сүйіндік», «Тұтқын зары» әндері осы мезгілде пайда болады. Тұтқында екі жылды атқарысымен өзі сұранып әскер қатарына алынады да Литвада, Орта Азия, Қазақстанға бағытталған генерал М.Г.Черняевтің отрядына қосылып, жүк батальон құрамында Шымкент, Әулие ата, Верный әскери жорығына қатысады.

Осы жорықта Шоқанмен жақсы танысып бірге болады. Генерал Черняевтің қазақ халқына жасаған қорлығына шыдамаған Шоқан мен Мұса әскер қатарында бола беруден бас тартып, бостандыққа шығысымен

Шоқан Алтынемелге Тезек төренің жайлауына - (Сарыөзек пен Талдықорғанның ортасы), Мұса өз ауылына қайта оралып, ауылнай болып сайланады. Көп ұзамай Мұсаны жаулары қайталап қуғынға салып тынышын алады.

Бұл жылдары оның жақсы көрген көп үміттенген екі баласы Бөрібай мен Зікен шешектен қайтыс болып, алпыстан аса бастаған Жәкеңді қатты күйзелтеді (дәптерінде): «Бөрібай кетті бу дерттен, Зікен де кетті бұл дерттен, берсеңші тәңірім артын». Бірақ тәңірі оған артын бере қоймаған. 1900 жылы аяулы жұбайы Сапар отыз жеті жасында, өзі жоқта қайтыс болып, Жаяуды мүлде күңірентіп, зар қақсатқан. Жыр Сапарға:

Жатырмысың ей, Сапар,
Топырақпен пара-пар,
Қара шымды жамылып,
Қалғаның ба гүл-ғизар?
Жаңа келдім қасыңа
Абдысалық қасымда,
Топырақ басып қалыпты
Отыз жеті жасында.

(Омбы дәптері)

Осы жылдары қайғы үстінде жүріп, Жаяу Мұса «Сапар», «Қоңыр», «Гауһар қыз» деген толқынды терең зармен, өксумен келетін өлең-әндерін шығарды.

Көптеген музыка зерттеушілері мен белгілі композиторлар Ж.М.Байжановтың өмірі мен шығармасына жеке монографиялар арнаған. Олардың арасында А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні», А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» кітабы, Б.Ерзаковичтің «Қазақ халқының ән мәдениеті», З. Қоспақовтың «Әнші тағдыры» және көптеген басқа еңбектер бар. Жерлес жазушы Зейтін Ақышев ақын өмірінен «Жаяу Мұса» атты роман және пьеса жазды.

Әндері: «Ақ сиса» - 1 түрі, «Әрине, күн», «Баянауыл», «Бозторғай», «Бұзау зары», «Гауһар қыз», «Жазда», «Жуан аяқ», «Қосаршын», «Қырғыз жәрмеңкесі», «Қоңыр», «Құлбай бай», «Сапар», «Сәулем қыздар», «Толқыма», «Шолпан туса», «Хайлау». Жаяу Мұса әндері Қазақстан композиторларының түрлі шығармаларына – операға, симфонияға, эстрадалық музыкаға арқау болып, жаңа көркемдік сипатқа ие болуда. Мұсаның көптеген әндері Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», М.Төлебаевтың «Біржан - Сара» операсында пайдаланылды. Композитор шығармалары әнші – музыканттардың, сондай – ақ қатары мыңдап саналатын әуесқой өнерпаздардың репертуарынан тұрақты өнер алды.[2]

Жаяу Мұсаның жаңадан табылған бір топ өлеңдері 1959 жылы, Шоқан Уәлихановтың әдебиет мұраларын зерттеу үстінде, Одақтық география қоғамының Омбыдағы бөлімінен сақталған екен. Бұл шығармаларын Жаяу Мұса 1901 жылдың соңында Семей облыстық Санақ басқармасының хатшысы Николай Яковлевич Коншиннің өтініші бойынша құрастырып, сол кісіге жіберген екен, Коншин оны география қоғамының Омбыдағы Күнбағыс-Сібір бөліміне жолдайды. Жаяу-Мұса өлеңдерінің қолжазбасы бүгінде сол география қоғамының қасындағы Омбы музейінің кітапханасында, Коншин архивінде сақталып тұр. Бірақ өкінішті нәрсе, бұл архив бүгінге дейін ғылыми түрде реттеліп тіркелмеген, оның аты-жөні, шыққан нөмірі әлі күнге жоқ. Ол тек болжаусызда, қырағы көздің кенеттен түсуімен кездеспесе, оның бар-жоғын ешкім білмейді. Омбы архивінде Жаяу Мұса өлеңдері барын өткен алпыс жылдың ішінде ешкім білмеген, ол көп заман белгісіз болып шаң басып жата берген.

Бір күні Жаяу Мұса ауылдарының тұсынан өтіп бара жатқанда, Шормановтар астындағы атын тартып алып, өзін көк ала қойдай етіп сабап жібереді. Бірақ Мұса Шормановтар тұқымының мұндай зорлығына жасқанып, жасымайды. Мұса ат орнына қолына таяғын алып, жаяу – ақ ел аралап, ән шырқап жүре береді. Шормановтар оның атын тартып алып, «Жаяу Мұса» атандырғанымен, асқақ әніне тұсау сала алмайды. Шорман тұқымының зорлық – зомбылығына деген ыза - кектің әсерінен композитордың «Ақ сиса» әні дүниеге келеді.

«Ақ сиса» әні – композитордың күрделі шығармаларының бірі. Бұл – теңсіздікке, зорлықшыл, қиянатшыл үстем таптардың іс – әрекеттеріне деген наразылық пен ыза – кектің уытты күшін көрсететін әлеуметтік мәні зор ән. Батыл, оптимистік рухтан туған бұл ән дүшпанға бітіспес кекті ғана емес, шындық пен әділеттіліктің жаршысындай естіледі. Бір ғана «Ақ сисаның» үнінен Жаяу Мұсаның ақындық – композиторлық азаматтық тұлғасын толық танимыз. «Ақ сиса» әні композитор шығармашылығының биік шыңы, оның жаңғырығы басқа да шығармаларында кездеседі

Ақ сиса

Ақ сиса,қызыл сиса,сиса,сиса,
Жарасар қамзол сұлу, белін қиса.
Шорманның Мұстапасы атымды алып,
Атандым сол себептен Жаяу Мұса.
Ақ сиса, қызыл сиса,сиса,сиса,
Жүрмейді кімдер жаяу,зорлық қылса
Жиылып орыс,қазақ қашқын дейді,
Көрермін ақыр бір күн туса.
Мен айтсам, параңды айттым, тілім ұзын,
Кигенім үстімдегі бәрі қызыл.
Жылансың екі басты ел жалмаған,

Қоймаймын,не қылсаңда ,айтар сөзім.
Арыстан айға шапты,аяқ сынды,
Жемқорлар жолдас қылды қара түнді
Ел көз жасы тиеді тұқымыңа,
Әділ ұлық қуалар оңды- солды.
Он екі жыл айдадың Тобыл жаққа,
Ем болмас бастан бағың таяр шақта,
Дуанбасы мен өзім деме, Мұса,
Балаң кетсін тоз-тоз боп әр тарапқа.
Әй, Мұса, сен - бидайық, мен- бір торғай,
Жүрерміз, тірі болсақ , ойна-ойнай.
Параны мұнан былай тоқтат, Мұса,
Нашардың жон терісін өзің соймай.
Құтқар деп жалынбаймын саған, Мұса,
Босатпайсың, әй,Мұса, қарның тоймай.
Берерім жоқ ,еңбекпен күнді көрген,
Адаммын жалғыз жүрген, бедняк шорнай.
Жаныма батқандықтан ашынамын,
Мен неге жаяумын деп басыламын
Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,
Қоллығын Мұстапаның паш қыламын.

Ұлыларын ұмытпайтын, ұлықтайтын ел едік. Әйткенмен іздеушісі, жоқтаушысы, пәрменді ұрпағы барлардың ғана аты аталып, насихатталуда. Ал өзге қазақтың қаншама марқасқасын көзден кеткен соң, көңілден де жоғалтып алып жатқанымыз – өкінішті жайт. Бүгінде насихаттық жұмысы кемшін түсіп, жалпақ жұртқа жауһар туындылары дұрыс жетпей жүрген алып тұлға – әділет күрескері, ақын, әнші, композитор Жаяу Мұса Байжанұлы. Осы мақсатта белгілі өнер зерттеушілері мен қаламгерлердің ой-пікірлерін ұсынып отырмыз.

Ғалым Жайлыбай: *«Аттыдан жаяу жүріп кегін алған»*

– Өлең емізіп, өнер сауғызған өлке өз өренін өзекке тепсе, өзегінді өксік шалмас па? Сол өксік серт болып серпіліп, дерт болып шертіліп, намысыңның найзағайын ойнатар. Шырмауы көп шырғалаңнан шырай іздер шақ емес ол. Есер обырдың ессіз әрекеті естіні есейтпей қойсын ба? Бір мүшелге толар-толмастан елден безіп, Омбы мен Қызылжарды кезіп, тыншу алмас дүниенің тылсымдарын сезіп қайтуы ғұмырының келесі кезегінің беташар сапары іспеттес.

Жаяу Мұсаның Абай, Шоқан, Сұлтанмахмұт, Иса, Тәттімбеттермен кездесуі жөніндегі айтылып келе жатқан деректер өте жұтаң. «…Жаяу Мұса әндері ауыздан-ауызға таралып, Абай ауылына да жеткен. Әндердің өзгеше құрылымына, болмысына, саздылығына тәнті болған ақын Мақай деген кісі арқылы сәлем жолдап, оны Шыңғыстауға шақыртып алады. Айналасындағы ақын, жыршы өнерпаздармен бірге Жаяу Мұсаның әндерін, өлеңдерін Абай ықыласпен тыңдаған. Музыкалық-эстетикалық талғамы қалыптасқан ақыннан ол Батыс елдерінің әдет-ғұрпы, өнері, халықтарының тұрмыс-тіршілігі жайында сұрап біледі. Абайдың ақыл-парасатына риза болған Жаяу Мұса:

Құнанбайұлы Ыбырай,
Өнерің жүр зымырай.
Бір ауыз тағылым
сұраймын,
Білмедім жұмыс түрін-ай.
Бір жақсыға бір жаман

Тұрмайды екен ұрынбай, – деп өзінің ақыннан ақыл-кеңес күтетінін білдіреді». Бұл дерек «Абай» энциклопедиясында Ә.Телғозиевтің авторлығымен берілген. Қазақ әніне өзіндік бояу-реңк сіңірген Жаяу Мұсадай дара талант иесінің мол мұрасы әлі де зерделі зерттеуді қажет етеді.

Ерлан Төлеутай, әнші, өнер зерттеушісі: *«Ән өнеріне жаңа мақам әкелген»*

– Жаяу Мұсаның қазақ музыка мәдениетіне сіңірген еңбегі өте зор. Біржан сал бастаған қазақтың классикалық музыкасын үлкен биікке көтерген тұлғалардың бірі. Жаяу Мұса – дара композитор. Әні де бөлек. Ән өнеріне жаңа мақам әкелген кісі. Бүгінде оның бізге 45-ке жуық әні, бес күйі жетіп отыр. Әртүрлі нұсқаларымен қосып есептегенде шығармалары 70-тің үстіне шығып қалады. Көбі нота қалпында қағазда қалып қойды да, рухани айналымда 20-ға жуық әні жүр. Бірақ толықтай мұрасы сақталған. Себебі ол бүкіл өмірін күнделікке түсірген. Баласы да әндерін орындай білген. Артында адал шәкірттері қалған. Сондай төл шәкірттерінің бірі – Жабай Тоғанов Қарағандыда бертінге дейін өмір сүрді. Қали Байжанов, Бисмилла Балабеков, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұландар көзін көріп, әнін үйреніп қалған. Жаяу Мұсаны Жарылғапберді, Естайлар ұстаз тұтты. Жаяу Мұса қажыр-қайратының арқасында ұзақ жасады. 1929 жылы 94 жасында дүниеден озды. «Жауларымның бәрін жеңдім. Өйткені олардың маған өмірі жетпеді», – депті ол.

Мұрат Әбуғазы, күйші, өнер зерттеушісі: *«Аспаптың алуан түрін меңгерген»*

– Жаяу Мұса сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз болған ғой. Домбырамен қоса, бірнеше еуропалық аспапта ойнай білген. Әншілігімен қоса, өз жанынан күй шығарып тартқан дейді. Кенен, Жамбыл тәрізді әнші-

композиторлардың да жекелеген күйлері бар. Олардың түпнұсқалық тартылуы бізге жетпей, тек нота үлгісінде сақталған. Нотаның қаншалықты дәрежеде түскені беймәлім. Тура сол нотадағы қалпында шығарсақ, күй заман талабына сай келмей қалады. Сондықтан күйшілер репертуарына енбей жүр. Сол себепті Жаяу Мұсаның күйшілігі тыс қалып, әншілігі айтылады. Жаяу Мұса мен Мәди Тәттімбеттің күйлерін орындаған деген дерек бар. Жаяу Мұса әндері Тәттімбеттің күйлері сияқты иірімге бай болып келетіні – соның әсерінен. Тәттімбетте теріс бұраудағы күйлер көп. Жаяу Мұсада да басқа композиторлармен салыстырғанда теріс бұраумен тартылатын әндер басымырақ. Әбікен Хасенов Жаяу Мұсаның «Ләйлім» әнін күйге айналдырып тартқан. Ол күйтабаққа түсіп, біздің заманымызға жетті. «Ләйлім» күйін Хабиба Елебековаға Әбікен Хасенов үйретіп кеткен екен. Сол Хабиба апамыздан әннің сөзін де алып, «Сарыарқа әндері» жинағына кіргіздік. Жаяу Мұсаның Қали Байжанов, Жүсіпбек Елебеков, Қосымжан Бабақов сияқты орындаушылардан жазып алынған әндері ғана таралып жүр. Нотаға түскен оның көптеген мұрасы сахнаға шықпай келеді. Жаяу Мұса Арқаның сал-серілік дәстүрінде өзіндік мектеп қалыптастыра білді. Ол кісінің көп жер көрген, көп оқыған білімдарлығы ескерілуі тиіс. Еуропадағы әртүрлі әскери жорықтар сапарынан алған әсері ән өнеріне маршқа ұқсас екпінді ырғақтар ретінде көрініс тапты. Жаяу Мұса – өмірде көп құдалауға түскен тұлға. Әндері де күрескерлікке толы. Қайтпас қайсарлыққа, жігерлілікке үндейтін Жаяу Мұса шығармаларын Дина Нүрпейісова да жоғары бағалаған екен. Дина шешей тіпті күрескер рухтағы әндерді Құрманғазының жалынды күйлерімен шендестіре қарағаны көрінеді. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Құлтума, Жарылғапбердідей сал-серілер жәрмеңкелерде ән айтысып, бір-бірінің жаңа әндерін үйренетін болған. Жаяу Мұса әндері – мәңгілік өлмейтін асыл мұра.

Қорытынды

Жалпы айтқанда Жаяу Мұсаның ақындығынан әншілігі басымырақ жатады. Оның өлеңдерінің көбі тек мазмұн жағынан болмаса, көркемдік, ақындық тіл, бейнелеу жағынан сондайлық жарқын деуге болмайды.

Алайда «Тамшы тама берсе көл болады» дегендей, ақынның осы сияқты ұмытылған өлеңдері жинала берсе ардақты әншінің жарқын өміріне қосымша дерек болуына сөз жоқ. Біздің ендігі міндетіміз ақынның әлдеқашан ұмытылып жоғалып кеткен өлеңдерін тауып, оны бір жинақ етіп көпшіліктің алдына тартсақ игілікті іс болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ақышев. З. Жаяу Мұса: роман. – Алматы: Жазушы, 1978. – 447б. [1, 2-б]

2 Байжанов Ж. М. Ақ сиса: әндер мен күйлер. - Алматы: Өнер, 1985. [2, 2-б]

3 Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009

4 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы

5 Дереккөзі: «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998 ж. 3-том

ӘОЖ 81-2.512.122

Ж. АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ОЙСУРЕТ», «ФРЕЙМ», «СХЕМА» КОНЦЕПТІЛЕРІ

Г.Т. КӘРІПЖАНОВА
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қоғам мен өмір тынымсыз даму үстінде болған сайын адамзат баласының білім, танымы да өлшеусіз алға басуда. Ғылымның сан алуан салаларының ішінде лингвистиканың көптеген ғылыми-теориялық мәселелері өз шешімін тапқаны даусыз. Дегенмен бұл ғылымның жаңа бағыттарының зерттеу нәтижелері тілдік деректер мен ғылыми теориялардың біртұтас сипатта топтасуы негізінде зерделейтін, зерттейтін жайттардың әлі де баршылық екенін көрсетіп отыр. Оның үстіне тілдік ғаламдандырудың ауқымы кеңіген сайын, ұлттық тілдің өрісін кеңітіп, абыройын асқақтату заман талабына айналуда. Осыған орай, тілді жүйелі түрде зерттеудің жаңа үлгілері ұсынылуда. Атап айтқанда, қазіргі таңда тіл мен рух, тіл мен ойлау, тіл мен сана, тілдік бейнелеу мен таңбаның өзара байланысы нәтижесінде тілдің қолданысы мен қызметі жаңа қырынан танылу үстінде және оны танытатын жаңа бағыттар кең өріс алуда.

Бұған дейін тілді зерттеудің ғылыми парадигмасы ретінде салыстырмалы-тарихи, жүйелі құрылымдық әдістерімен қатар антропоцентрлік парадигманың өрістеуі – лингвистиканы ой-санамен, мәдениетпен, және адамның тұрмыс-тәжірибелік қызметімен, танымменен, философиямен тығыз байланыста қарастыруды қажет етіп отыр. Әрине, антропоцентризмнің негізі бір күнде пайда бола қалған жоқ, оның алғашқы теориялық бастауын өте ертеден, одан бері Қазан лингвистикалық мектебінен іздеген жөн [1] .

Антопоцентристік бағыттың ұстанымы – тілдің болмысы мен табиғатын, оның ішкі қатпарларын тану үшін тілді адаммен біртұтастықта қарау. Міне, осы ұстанымды басшылыққа алған антропоцентризм когнитивтік лингвистиканың дүниеге келуіне себепкер болғаны анық.

Қазақ тіл білімінде танымдық ғылым деген атауға ие болған тіл білімінің бұл түрі Ә. Қайдар, Ж. Манкеева, Э. Оразалиева, Қ. Жаманбаева, Е. Жанпейісов, Б. Ақбердиева, Г. Гиздатов т.б. еңбектерінде қарастырылған. Мысалы, Ә. Қайдардың этнолингвистикаға байланысты ойлары қазақ тіл білімінде танымдық тіл білімінің қалыптасып, дамуына

негіз болса [2], ғалым Г. Гиздатов адам санасындағы білімнің көріну деңгейі, берілу тәсілдері, құрылымы жайында өз көзқарасын ұсынады [3]. Сондай-ақ Г. Зайсанбаева метафораны зерттеудегі когнитивтік бағытқа назар аударып, фрейм терминіне түсінік береді, метафораның танымдық түрғыдағы рөліне тоқталады [4].

Әлемдік қолданбалы және теориялық ғылымдардың ішіндегі негізгі қоғамдық, әлеуметтік коммуникацияның жетекші идеяларын жүзеге асыруда мақсат еткен тіл ғылымының қазіргі бағыт-бағдары ғасыр талабына толық жауап бере отырып, «адам-тіл-мәдениет» үштігінің аясындағы тың міндеттердің шешілуін көздейді. Сондықтан ақын-жазушы шығармаларындағы концептілерге талдау жасау өзекті деп санаймыз.

Ж.Аймауытов шығармаларында «Ойсурет» концептісі тілдің ұлттық сипатын танытуда маңызды. Ж.Аймауытов қазақ танымына сәйкес теңеулерді шебер қолданады. «Ойсурет» концептісі - белгілі бір ұлттың дүниетанымында қалыптасатын санадағы бейнелердің қарабайыр суреті. Мысалы, Ж.Аймауытов прозасында ***арқандалған аттай*** теңеуі атты түрмыста пайдалану мақсатына байланысты туындаса, абстрактілену нәтижесінде адамға қатысты қолданғанда, ойсурет болып көз алдымызға келеді. Бұл бейнелі теңеу айтқаннан шықпайтын адамдарға немесе еріксіз тыңдауға мәшбүр болған адамға қатысты қолданылады.

Жазушы романындағы ***мұрны жырық тартыншақ түйеше*** теңеуі де тайлақты түрмыста пайдалануға үйрету үшін екі жасында мұрнын тесетін әдет-ғұрыпқа байланысты пайда болған.

Танауы таңқиған, омырауы аңқиған, кеңірдегі сорайған, жіліншегі сидиған, саусақтары сыпсиған, ***уркек малша оқшиған****, бес тал сақалы шоқшиған, шынжау етті, шын бетті,* ***жанына пышақ жанитын****, бір көргеннен танитын Іскендер екен кәдімгі.*

Іскендір портреті де ұлттық танымға сай суреттеледі.

«Ойсурет» концептісіне ***сортаңнан келген сиырдай, шөлкес аттай, арқандалған аттай, жылқы тістеген «майлы аяқша», мұрны жырық тартыншақ түйеше,*** т.б. жатады, олар - жазушы шеберлігін танытатын ұлттық теңеулер

«Ықап шылымын тұтатқанда әуелі аузын толтырып, түтінді жөдемелете будақтатып жіберді. Оны көргенде Бекболаттың көзіне кешке таман басына ***күл шашқан бұқа*** *елестеді».* Ауылда өскен Бекболат көзіне **күл шашқан бұқа** елестеуі - нанымды сурет.

«Мұртын ***тазының құйрығындай*** *ширатқан, шашын* ***енесі жалаған бұзаудай*** *тарап, жылтыратқан ақ киімді дәрігер де матушкелерге орысшалап, ауру жатқан үйлерді нұсқап, бірдеңе тапсырып жүр».* Бекболаттың көз елегімен берілген көріністе дәрігер келбеті, кейіпкердің ой өлшемімен суреттеледі. Бекболаттың ауылда өскендігін білдіреді, әрі жазушы қазаққа таныс көріністі шебер қолданғандығын аңғарамыз. Байқағыштық, ұқсатқыштық шебер жазушыға ғана тән қасиеттер.

Пароход ***сорпа жалаған кәрі төбетше*** *суды сылп-сылп ұрып қозғала бастады» (314).*

Мұнда да ауылға тән көрініс пен техниканың жанды сурет жасағанын көреміз, тіпті пароходтың жүзіп бара жатқаны естілгендей әсер береді.

Фрейм терминін енгізген М.Минский: “Фрейм - стереотипті ситуацияларды елестетуге арналған құрылым. Әр фрейм арқылы әртүрлі ақпарат асоциацияланады”- деп көрсетеді [5, 7].

«Фреймдер ақпараттар жинақталған ұяшықтардан құрылады. Олар белгілі тәртіппен сатылы орналасады. Жоғарғы сатыдағы ұяшық ақпараттары адамның көру, есту, сезу мүшелері арқылы оңай қабылданады. Бұл нысандардың сыртқы пішіні, түрі, көлемі, дәмі сияқты ақпараттар болуы мүмкін. Ортаңғы ұяшықтарда қажеттілікке қарай таңдалатын ақпараттар сақталады. Ал төменгі сатыда қабылдауда бірден көріне қоймайтын нысандар туралы энциклопедиялық біліммен байланысты ақпараттар жинақталады. Әр фрейм көлемді де, күрделі құрылым болып табылады. Лингвистикада фрейм тілдегі әртүрлі стереотипті жағдай туралы білімнің берілуін түсіндіруде қолданылады. Сонымен қатар, әр тілдік таңбаның белгілі бір нысан туралы білім қорын беруіне байланысты оларды фрейм ретінде қарастыруымызға негіз болады» [4,30].

Фрейм – белгілі бір концепт төңірегінде жинақталған тілдік бірліктер. Бұл бірліктер нақты бір концептіге ассоциацияланған негізгі, қарапайым, мүмкін болатын ақпаратты береді. Сонымен қатар фреймдер сол қоғамға тән ерекшеліктерді анықтап суреттей алады. Фрейм концептісі ойсурет концептісіне ұқсас, дегенмен, ойсурет концептісінде статикалық күй басым болса , фреймде динамикалық күй басым. Мысалы:

Бір мезгілде өкірген сиырдай *қараңғы түнді күңірентіп, қатындардың даусы баж ете түсті. Жан шошырлық бажылға дір етпеген жүрек қалмады. Сойтсе, апанда теңселіп, серейіп жаққан бәйбішенің үстінен шыққан екен.*

Мамырбай ***өгіздей өкіреді****, сылқ ете отыра кетті. Ауыл* ***қойдай маңырап, қозыдай шулап*** *жатқанда, дүрсілдеткен атты кісінің тықырын шеттегілердің құлағы шалып қалды.*

-Атты-атты!-дегенде, су жүрек боп қалған жұрт ***ішін тартқан дауылдай*** *кенет басыла қалды да, сонша болмады, қайтадан дәуірлей, бажылдай, күңіреніп кетті... (Ж.А.,171- бет).*

Алаңсыз отырған бейбіт ауыл тіршілігін бұзған оқиғаның әсерін, кейіпкерлердің жан күйзелісін ***өгіздей өкірді, қойдай маңырады, қозыдай шулады, ішін тартқан дауылдай*** сияқты фрейм арқылы береді.

Өз үйіне түгел естірген соң, бұл хабарды ішіне сыйғыза алмай, Бозінген ***бошалаған түйеше*** *тайраңдай басып, екі қолын алды-артына құлаштай сермеп, Бірқұлақтікіне қарай жөнелді. Ауылды қыдырып жүріп, бірталай жанды құлақтандырған соң, қасына екі қыз, бір қатын ертіп, енді Бозінген Күмсінайдікіне тартты (Ж.А.,196-бет).*

Бошалаған түйеше фразеологизмінің пайда болуы өзін қоярға жер таппаған, абыржыған боталайтын түйеге байланысты шыққан.

*«****Тұғалы жүген құрық тимеген асаудай****, асау азаматтың мойнына патшаның шынжыр бұғалығы түсіп,* ***асаудай алқынып****, дір-дір етіп, ет жүрегі шошып, үрейленіп тұрды» (Ж.А.,44-бет).*

Қартқожаның ішкі сезім толғаныстарын фрейм арқылы береді.

Мына мысалда Шекердің бір сәттегі көңіл-күйі де жанды суреттей айқын: *Шекердің* ***қабағы, ерні аттай тулап келе жатқанда,*** *бай балалары көп жылқыны күндей күркіретіп, қиқулап айдап, сиырды басып кете жаздап үстінен өтті (Ж.А.,354).*

Шам жамырап, ел орынға отырған да орыстар бастығының ақырып қалған дауысымен ***қаздай шұбырып****, асудың тар аузына қарай* ***арқандай созылды****.*

О кез Мекалайдың ***аузынан жалыны шығып тұрған*** *шағы еді. Ал бұл күнде Мекалайдың жалыны түгіл, әуелі қабірін таба алар ма екенсің. Бұл күні ондағы ызбарын төгіп отыратын Мәжекең де, бет-****аузын ақпандағы алабас бураша сорағытып****, ақ сабауға қош айтысып, қызырайып, төсегінде жатыр ... Әйтеуір бесті айғырдан да шақар оқытады (Ж.А., 24).*

Ж.Аймауытұлы қолданған *«суырдың айғырындай шақылдау», «бесті айғырдай шаһар», аузынан жалыны шығу, ала бас бураша т.б.* сөз тіркестерінің мағынасы – адам мінез ерекшелігін танытады.

Жазушы туындыларында «Схема» концептісі жазықтық, кеңістік, биіктік, өлшем, уақыт семаларының объективтенуі арқылы жасалған.

Бір күні ***қас қарайған кезде*** *орыстар бір жаққа баратындай ... (Ж.А.,176).*

Сүт пісіріп болған соң*, тезек иісі жұпар иісіндей Ақбілектің мұрнын жарған кезде ... (Ж.А.,192).*

Осы сартылмен ***биенің бірер сауымындай*** *мезгіл өткен шығар, қарсы алдынан бір топ жігіт кездесе кетті (Ж.А.,56).* ***Биенің бірер сауымындай*** *мезгіл* – халықтың бие сауымын мөлшерлеуіне байланысты өлшенген уақыт .

Ұрымтал жердегі *озбырлар жұлып әкетті (Ж.А.,65).*

Біреуі ***оқ бойы алдыда****, артқы тымағын ажырайта киіпті (Ж.А.,57).*

Ақбілек те ***оқ бойы жер*** *кеп еді (Ж.А.,185).*

Алыста, ***көз ұшында*** *адырдың бөктеріндегі (Ж.А.,190). Келмек тұрып* ***сұңқия адым*** *(Ж.А.,348).*

Мысалдардағы «ұрымтал жер», «оқ бойы», «сұңқия адым», «көз ұшында» -мөлшерді «жақын», «сонша алыс емес» деген ұғымды береді.

Бозторғай шырылдап, таң ала көлбең болған кезде, *моладағы жау дүрбі салып, Алабастың ығынан үш атты кісіні көрді (Ж.А.,87).*

Мысалдағы уақыт, мезгіл өлшемі - халқымыздың қоршаған ортаны бағамдауына байланысты туған өлшем. Құбылыс, адам, жан-жануарлардың сан мөлшерінің берілу сипатына назар аударсақ. Жазушы көптік ұғымды нақты елестетіп бейнелі сөзбен ұғындырады.

Шағала көлдің басы ***иін тіркескен ауыл, бықырлаған мал****, жердің жүзін, көктің түрін сары, қызыл алтынға бояп, жаздың нұрлы қызыл күні белеңнен асып, шеті қылтиып барады.* ***Шаңданып, қарауытып, топырлатып*** *жылқы шауып суға түсті.* ***Жамыраған қой, азынаған сиыр, өкірген бұқа, айқайлаған бала, ауқаулаған қатындардың даусы*** *қосылып, көлдің басы* ***ың-жың, у-шу,*** *ауыл-ауылдың түтіндері* ***ұрандасып, ұласып****, көл арасын көк тұман басып тұр. О жер де бұ жер де* ***қара құрық****, біреуді біреу білің болар емес (Ж.А., 40).* Берілген сөйлемдердегі иін тіркескен тіркесі ауылдың көпігін орналасу жиілігі арқылы бейнелесе, бықырлаған мал, қарауытып, топырлатып деген сөздер жылқының қимыл әрекетімен қоса, мөлшерлеуге мүмкіндік береді. жамыраған қой, азынаған сиыр деген де көптік ұғым бар. Ауыл суретін әсерлі де нақты көз алдымызға әкеледі.

Төбеттің қойы бес жүзден артық-ау деймін. ***Ауылдың маңы ақ киіздей*** *көрінеді гой,-деді қой өңгергеннің біреуі (Ж.А.,58).*

Кейіпкер тілінде кездескен *ақ киіздей* сөзі де малдың көптігінен жердің тақырланып қалғандығын бейнелейді. *Комиссарлар* ***саусылдап*** *кіріп келгенде Төлеген .. (Ж.А.,221). «*Саусылдап» сөзінде көптік мән бар.

Кемерді тасқын кернеген. Аралды су алған (Ж.А.,74) .

... тұтам емшек жануардың бауырынан сүт ***соғалап****, сүт емес-ау құт соғалап, көнек-көнек* ***лықылдайды****, қара саба емізіктен, қою салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара* ***шыпылдайды*** *(Ж.А.,146)*

Қызды алып бұлар шыққанын көріп, өзгелер қозғалып ***лек-лек болып****, тал жаққа қарай аяңдады. Шам* ***жамырап****, ел орынға отырған да орыстар бастығының ақырып қалған дауысымен* ***қаздай шұбырып****, асудың тар аузына қарай* ***арқандай созылды****. Соғалау, лықылдау, шыпылдау* экспрессоидтарында көптік мән қоса өріледі. Қаздай шұбыру, арқандай созылу әскердің мөлшерін білдіреді.

Жазушы шығармаларында «Мөлшер» концептісі төмендегідей көрініс тапқан:

Баян төңірегіндегі айдабол, қаржаз, қозған, күліктің малы ***доңгеленіп*** *қалыпты.*

Қотан боларлық қой қадау-қадау *ұшырайды. Көбінесе жазықтың* ***қоянындай бытырап, үркердей шошайған сандырамалар****. Айғыржалдың найманына кіргенде мал тағы* ***селдіреді****, әйтпесе татырдың құлағында, құдық жақтағы ойпаңда* ***айғыр үйір жылқы, таздың шашындай қыдырынды сиыр*** *көзге түседі.*

Мәтінде малдың аздығы көрінеді. Сонымен, жазушы белгілі бір ұғымды көрсетуде шеберлік танытып, нағұрлым нақты да әсерлі нақыштайтын сөзді, сөз тіркесін тауып қолданған. Малға сүйенген қазақтың малының азаюы – түрмысының нашарлауы, осы құбылыс «***қоянындай бытырау», «үркердей шошайған сандырамалар»,*** *«таздың шашындай»* теңеуі арқылы суреттеледі.

Жазушы қандай да бір зат, құбылыс, іс-әрекетті бейнелей жеткізу үшін қазақ халқының дүниетанымына орай жете таныс, көңілге қонымды, бөгде емес, белгілі бір сәйкес нышандары, адекваттық белгілері бар нәрселермен салыстырып сабақтастырады.

Ж.Аймауытов шығармаларындағы концептілерде теңеудің бейнесі негізінде көбіне үй жануарларының, адамның күнделікті өмір сүруде қолданатын заттардың, халықтың дүниетанымының ерекшелігін білдіретін табиғи құбылыстардың атауларын қолданады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қордабаев Т., Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі. А, 2004, 236б.

2 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері

3 Гиздатов Г. Сөйлеу қызметіндегі когнитивтік модельдер: типологиясы мен динамикасы. Док. дисс. 2005.

4 Зайсанбаева Г. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі (біріккен зат атаулары негізінде) Филол. ғыл. канд. дисс. Алматы, 2004.

5 Минский М. Фреймы для представления знаний. М., 1979, 151 с

ӘОЖ 81’ 255.2

ТІЛДЕГІ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ СИНОНИМДІК МӘНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Б. ҚЫДЫРБЕКОВА
студент, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қ.
Г.Т. ӘБІКЕНОВА
ф.ғ.д., ғылыми жетекші

Адамның қарым – қатынас кезіндегі мәртебесі мен қатысы, оған тән сан алуан эмоциялық күйлерінің көрсеткіші және оны жеткізуде таптырмайтын құрал – тілдік емес бейвербалды амалдар.

Қарым – қатынастың вербалды түрі қаншалықты әмбебап болғанымен, оның мағынасы сөзден тыс бейвербалды (ым, ишара, дене қалыбы, адамдардың кеңістікте орналасуы т.б.) құралдармен толықтырғанда ғана ашылады.

Бейвербалды құралдар әр түрлі таңбалар жүйесінің жиынтығы болып табылады. Тілші Б.Ю. Норманның пікірінше: «Таңба дегеніміз – ақпаратты жеткізу немесе оның көмегімен бір-бірімізбен ақпарат алмасу үшін қолданылатын материалды нысан»[1, 10б.] делінсе, «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы» атты жинақта «Таңба – басқа заттың, қасиеттің немесе қатынастың объективті сыңары ретінде көрініс табатын және хабарды (ақпаратты, білімді) игеру, сақтау, қайта өңдеу және жеткізу үшін пайдаланылатын материалдық зат (құбылыс, оқиға)»[2, 5-6 бб.], - деген тұжырымдама жасалған. Аталған жинақта ғалымдар таңбалық жүйелерді жан – жақты зерттеп, оның басты бес түрін анықтаған. Олар: табиғи, қызметтік, конвенциялық (келісімді), вербалды және жазу жүйелері. Бейвербалды амалдар таңбалық жүйелердің ішіндегі конвенциялық түріне жатады.

Соңғы кездері бейвербалды амалдардың аталуы мен топтастырылуы бойынша екі бағытта зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Біріншісі паралингвистикалық бағыт, екіншісі – бейвербалды семиотикалық бағыт. Паралингвистикалық көзқарастағы ғалымдар қатарына Г.В.Колшанский, З.З. Чанышева, И.Н. Гореловтарды атасақ, соңғысына Дж. Трейгер, Г.Е.Крейдлин, Т.М.Николаева, Б.Момынаова, С.Бейсембаеваларды жатқызуға болады.

Бүгінгі күні бейвербалды амалдар семиотикалық таңбалардың бірі ретінде қарастырылып, ғылыми жаңа атауға ие болып, **бейвербалды семиотика ғылымы** болып қалыптасты.

Табиғаты жағынан таңбалық болса да, тілдік қатынаспен ұласатын, сондай-ақ жағдаятқа қарай әрекет пен коммуниканттардың айналасындағы көздеріне көрінетін жағдайлар **бейвербалды амалдар** болып табылмақ.

Х ғасырда бейвербалды қатынас құралдары жайында алғаш зерттеу жасаған шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби өзінің «Риторика» атты ғылыми трактатында: «Әңгіме айтатын адамның бет әлпетінің кейпі, оның денесінің тұрақты мен мүшелерінің қалпы сол адамның қылығы болып табылады. Мәселен, осы жағдай тыңдаушыға төніп келе жатқан үрейлі оқиға туралы хабарлаған кезде болады. Бұл сәтте оның бет әлпетінен зәресі ұшу, қорқыныш нышаны аңғарылуға тиіс, немесе ол әлдебір затқа қимыл – қозғалыс арқылы нұсқап, не арттырады...»[3, 70-71 бб.], - дей келе, қарым – қатынасқа түскенде адамға тән мінез – құлықтың қаншалықты маңызды екендігін көрсеткен.

XI ғасыр ғұламасы М.Қашқаридың «Түркі сөздерінің жинағында»: «...Кісі ымдалды: кісіге көзбен немесе басқа мүшелердің көмегімен ишара жасалды» немесе ...белгі, ым, нышан...Ілмелді, ымдалды...- Кісі ымдалды. Кісіге көзбен не басқа мүшелердің көмегімен ишара жасалды»[4, 394 б.], - деген жолдарды кездестіреміз. Сөздікте әдеп, моральды – психологиялық сипаттағы әртүрлі ойлар, адамның жағымды, жағымсыз қасиеттері айтылып, дәріптелген. Демек, М.Қашқаридың «ым» мен «ишара» ұғымдарының негізін қалаған ойшыл деп тұжырымдауға болады.

Қазақ тіл білімінде бейвербалды қатынас құралдарына зерттеу жасап, алғашқы ұғымдарды қалыптастыруда Ж.Аймауытовтың «Психология» атты оқулығында қазақ тілінде мимикаға «беттің ымы», «келбет ілімі» деген атау беріп, оны былайша түсіндіреді: «Кісінің қылығын қимылына қарап сыйлаймыз, көзге өте көп көрінетін беттікі»[5, 447 б.].

Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдардың маңыздылығы туралы толыққанды мағлұматтарды XX ғасырдың 30 жылдары айтылған профессор Қ.Жұбановтың ғылыми еңбектерінен кездестіруге болады.

Қ.Жұбанов: «Ым тілі дегеніміз не, ол адамзат өмірінде қандай қызмет атқарады және оның танымдық әрекет ретіндегі өзгешелігін қалай сипаттауға болады»,- деген мәселелерді зерттеуге ден қойды.

Қазақтың көрнекті психолог және педагогі, профессор Т.Тәжібаевтың бейвербалды амалдарды саралауға үлесі зор. 1952 жылы шыққан «Абайдың психологиялық көзқарастары» атты мақаласында Абай өлеңдерінен эмоциялық көңіл-күй жағдайында адамның бет-әлпетінен байқалатын қимылдар мен оның өзгерістерге көп көңіл бөлгенін байқауға болады және Абай өлеңдері арқылы қуаныш, күлкі, қайғы, ұят т.б. сияқты эмоциялық сезімдерге сараптама жасаған.

Тілші – ғалымдар Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев: «Синонимдер тілдің кемеліне келіп, қаншылықты жетілгендігін, оның образдылығы мен дамығандығын көрсететін көрсеткіш деп есептейді. Адамның ойлаған ойын, көңіл күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Олар белгілі бір ойды тоғыз саққа жүгіртіп, тілді соншама оралымға келтіреді»[6, 111 б.],- дей келе синонимдерді қолданудың негізгі тәсілдерін көрсетеді. Осы тәсілдерді негізге ала отырып, бейвербалды синонимдердің мәнмәтіндегі қолданысы төмендегідей анықталды:

Алдыңғы сөйлемде немесе қатар түрған мәтінде бір рет пайдаланған сөзді қайталамас үшін қолданылады. Мысалы: Ол басын тұқыртқан күйде *оңі бұзылып, сұрланып* өне - бойы дір-дір етіп, менің білегімнен тастай қып ұстап алды да, мелшиіп отырды да қойды. (С.Мұратбеков); Оның ұялғанда құлағына дейін *қызарып кететін* әдеті еді,- қазір құлағы түгіл бүтін мойнына дейін *қара күрең тартып кетті.* (Х.Есенжанов)

Белгілі бір ұғымды түрлі белгілерімен жан-жақты сипаттап көрсету үшін синонимдер бір-біріне қарсы қойылып та, салыстырылып та, ыңғайластырылып та кете береді. Мысалы: Ақтамақ *жымиса,* ол *ыржияды,* Ақтамақ *мырс етсе,* ол *қарқылдап күледі* . (Ғ.Мұстафин); Божқара *мырс* етті де: «Сен даланың бөрісісің, мен адамның арланымын. Байқа!»- деді *кеңк-кеңк күліп.* (Ш.Күмісбайұлы)

Белгілі бір ұғымды толық қамтып көрсету мақсатымен, бірнеше синоним қатарма-қатар қолданылады. Мысалы: - Сенікі ме...- Әжібек *қақырынып ап,* асыққа *түкірді* де:- Мә, асығың,- деп Сәметке қайтып берді. (С.Мұратбеков); Тек Меңтай ғана сыр бермеуге тырысып, ернін тістеп, бір *қызарып, бір бозарып,* қолын ұшын ғана берді де, үнсіз қалды. (Ә.Нұршайықов); *Жымыңдап, жылмиып, маймаңдап* басып, бізге қарай ұмтылды. (Ә.Нұршайықов)

Синонимдердің жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та қолданылатыны сияқты, қосарлап та пайдаланылады. Мысалы: - А, ну,шаңдатпаңдар!- деді ақырып. Көзін *алақ-жұлақ , еткізіп алартып-алартып қойды,* иығына асынған мылтығын жөндеді, қынай буынған әдемі жалпақ белдігін дұрыстап, жейдесінің етегін кейін қарай ысырып сәнденді де, онан соң жолдың тақ-тақтау жиегімен әскери тәртіппе екі қолын сермеп тастап, сарт-сұрт адымдап жүріп кетті. (С.Мұратбеков); Зибаш шашын жайып жіберіп, көл-көсір жылап, Эмманы *қарғап-сілеп* қала берді. (С.Мұратбеков)

Мағыналас екі сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейту үшін қолданылады. Мұндай сөз қолданылысын тіл білімінде *плеоназм* немесе *плеонастикалық сөз тіркесі* деп атайды. Мысалы: Хан ием,- деді ол *басын иіп, дүзесін бүгіп* (І.Есенберлин); Базаралы орнынан тұрғанда, оны кезек-кезек *құшақтап, төс соғыстырып* амандасып жатқандар: Көкбай, Шұбар, Ақылбай, Мағаш, Ербол сияқты кісілер болатын (М.Әуезов).

Синонимдер жеке сөздер ғана емес, фразалық тіркестерде де жиі ұшырасады. Мысалы: Осы қыз аспаннан түсті ме, жерден шықты ма дегендей , Қанат *біресе жоғары, біресе төмен қарап, желкесін қасыды (*М.Ғұмар); «Егер ұлының тұтқында отырғанын білсе, қандай күн кешеді екен?» деп, келіні жүрегі сыздаған қалпы *ерсілі-қарсылы ас бөлмеде айналшықтады* да қалды. Біресе *кесені қолына алады, қайта орнына қояды. Біресе түрегеледі,біресе отырады (*Ә.Ыбырайымұлы).

Синонимдер жеке сөз бен жеке сөз,қос сөз бен қос сөз, фраза мен фраза күйінде ғана емес, бір-бірімен араласқан күйінде де жұмсалады. Мысалы: ...Мені өлтіру өз еркінде, қазір өлтірсең – өзіңнің басына қауіп, өлтімесең – артыңдағы ұрпағыңа қауіп, - деді де, одан әрі *ызыға булығып, шашалып ештеңе айта алмады* (Ә. Кекілбаев*); - Өңі түтігіп, ашудан тұла – бойы дірілдеді* (Ә. Ыбырайымұлы).

Синонимдерді қолданудың тағы бір тәсілі – парафраза. Бұл сөздің мәнісі – жеке сөздің орнына оның түсінігін сипаттап беру. Мысалы:

- Пішту, сіз бе сол да! – деп Жақан сирек *тістерінің арасынан шырт еткізіп қойды* (С. Мұратбеков); Меңтай кеудесін көтеріп отырды да, Майра жаққа қарап, маған *екі саусағын көрсетіп, зеріне басты.* Онысы «Ақырын, Майра оянып кетеді» дегені деп ұқтым (Ә. Нұршайықов). Келтірілген мысалдардағы *түкірді* деудің орнына *тістерінің арасынан шырт еткізіп қойды, тыныш* тіркесінің орнына *екі саусағын көрсетіп, реніне басты* деп қолдануы тілдік тіркестердің орнына оның түсінігін бейвербалды кинемалар арқылы сипатталып тұрғанын байқаймыз.

Бейвербалды синонимдер қосымша эмоционалды – экспрессивтік мәнді білдіру үшін, бір ишаратты ретсіз қайталамау үшіп қолданылып, мәнмәтіндегі ойды күшейтіп не бәсеңдетіп, сөз оралымын арттыратын амалдар деуге болады.

Қорытындылай келе, бейвербалды амалдар да синонимдік қатар түзуге қабілетті. Демек, бейвербалды синонимдер мәнмәтінде эмоционалды-экспрессивтік мәнді үстемелеп, сөздерді ретсіз қайталамау үшін қолданылып, тілді нақтылап, мәнерлілігін арттыруда үлесі зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық/Құрас. С.Абақан, А.Салқынбай. Тіл мен мәдениет сериясы. –Алматы:Жазушы,2005 – 6 т.-568 б.

2 Психология. Адамзат ақыл ойының қазынасы. 10 томдық:Қазақтың психологиялық ой – пікірлері. – Алматы: Таймас, 2006. – 10 т. – 480 б.

3 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Ғылым, 1998. – 447 б.

4 Аханов Қ. Тіл білімінің негіздері: Оқулық. – Алматы: Санат, 1993 – 496 б.

5 Момынова Б. Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер мен бағалауыштық лексиканың рөлі//Тілтаным. – 2003.-№1-14-20 бб.

ӘОЖ 81-2.512.122

АЙМАҚТЫҚ ЛЕКСИКАДАҒЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕР

М. МАХМЕТОВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ тілінде және оның сөйленістерінде қазақ халқының жергілікті аймақтарда жасалатын материалына қарай үйдің түрі мен құрылысына сәйкес көптеген атаулар бар.

Жинаған мысалға қарап отырсақ, тамның бірнеше түрі кездеседі: *тоқал там, қоржын там, соқпа там* т.б.

Мысалы: Кіндік тұсынан сәл жоғарылау келетін *соқпа тамның* үстіне секіріп шығып,Бекен Күлдәрді қолынан тартты [1, 194 б.].

Үйге қатысты атаулар Қ. Ысқақовтың таңдамалы шығармаларында төмендегідей беріледі: *там, дуалдар, соны, қоламта, омбы, шолан, құла дуал, шолақ там, саман үйлер.*

Т. Рыскелдиевтің шығармасында *отау, қара шаңырақ, отау үй, уйағаш* түрінде келеді.

Сонымен қатар басқа көркем шығармаларда *дәліз, мұржа, пешке, ошақ, ауызғы үй, қоңыр шаңырақ, жерошақ, төргі үй, шолан* сөздер кездеседі.

Ыдыс-аяқ атауларындағы диалектілік этнографизмдер

Бұрыннан сақталып келе жатқан ыдыс-аяқтың түрлеріне байланысты сөз зергерлерінің көркем шығармаларының мәтіндерінен әр аймақта кездесетін жергілікті тіл ерекшеліктерге сәйкес диалект сөздерді көруге болады.

Ыдыс аяқ атаулары Қ.Ысқақовтың таңдамалы шығармаларында келесі түрінде беріледі: *саптыаяқ, кесе, құман, шынаяқ, тостаған, бақыраш, ләген, күрешке, шылапшын, астау, жанторсық, тұлып, самар, түесок. Күпі* – ішіне түйе жүні салынған сырт киім [2, 355 б.]. Мысалы: Керауыз бөксесін *күпінің* етегіне тыға шоңқиды [3, 109 б.]. *Тостақ* – үлкен зерең ыдыс [2, 673 б.].

Мысалы: *Тостақ* толы айранды дем алмай төңкеріп тастады да, ту сыртына ырғала бұрылып күнге қарады [4, 218 б.].

қазан, келі-келсап, астау-шелек, құймалы піспек, құймалы тері шенекәр, сырлы шынықар, қайың тоз шыныкар, сырлы аяқ-табақ, сырлы тегене, ожау, тостаған, ойуланған шөміш, ағаш көнек, тайқазан, қазан - ошағы, астау – шелегі, ағаш табақ, кесе, жез құман, зерен тостақ, оқтау, қара қазан, тостақ, төре табақ, жез табақ, меске, ағаш табақ, ләген, бөкі сияқты сөздер кездеседі.

Киім - кешек ұғымын білдіретін диалектілік этнографизмдер

Ұлттық мәдениеттің көрінісінің бірі – киім-кешек болып табылады. Қазақтың аяқ киімдері – *шоқай, шапата, сақтиян етік. Шоқай* – көннен жасалған жеңіл аяқ киімі [2, 758 б.].

Мысалы: Қысы – жазы үй көрмей *шоқайың* сартылдап жүресің, қит етсе жаманатқа қалатың, таяқ жейтін мен ғана [5, 73 б.].

Әйелдер киетін сырт киімдер – *бешпент, күпі, нымша, камзол. Бешпент* – тік жаға етіп, жүн салмай ұзындығын тізелікке жақын етіп астарлап тіккен жеңіл киім [2, 143 б.]. *Топы* – тақия, төбетей [2, 671 б.].

Мысалы: Сіңбіруге мұрсаты жоқ, *топылы, топысыз*, ауызы – басы түк басқан жүдеу жандардың ішінен Лексей Лексейчтен басқа жүзі жылы ешкімді таппаған еді [3, 160 б.]. *Күпі* – ішіне түйе жүні салынған сырт киім [2, 355 б.]. Мысалы: Керауыз бөксесін *күпінің* етегіне тыға шоңқиды [3, 109 б.].

Тағам атауларындағы диалектілік этнографизмдер: пәтір нан, көмеш, күлше, тоқаш, қатырма, қазан жаппа, ашымал, сықпа құрт, үлпершек, салма, ақмұрт, түймеш, мәйек осы сөздер көркем шығармада диалект сөз ретінде көп кездеседі. Мысалы: Жел соқпаса шөп басы қимылдамайды, арызқойлар да *көмештің* қай көмбеде жатқанын білмейді деймісің? [3, 86 б.]. Жорта мақтасқан жоқ, расында мақтағандай-ақ екен: мейізбен баптаған тосаптай сары қымыздың таңдай тітірентер ашуы да жоқ, шикі татитын момын да емес, тілдің ұшында қалатын тәттілігі шөл басар сусыннан көрі *мәйекке* жақын қымыранды еске салған [3, 433 б.]. *Сықпа құрт* – сүт тағамдарына байланысты тамақтың бір түрі. Мысалы: Тойлыбайдың қоржынына сыбағаң деп қос қазы, төстік, түймеш, *сықпа құрт* салды [5, 129 б.].

Күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйым, құрал-жабдық атауларындағы диалектілік этнографизмдер

Күнделікті өмірдегі үй тұрмысындағы қолданысқа қажетті ат көлікке байланысты зат, бұйым, құрал-сайман атауларына қатысты диалектизмдер сөз болады.

Үйге байланысты күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйымдар атауын

а) үй бұйымдары,

ә) құрал-жабдықтары,

б) көрпе-төсек атаулары деп қарастырамыз.

Сәкі, нар,сеп, текемет, ағаш төсек, жүкаяқ, шайтақтай, асадал, абдыра, кебеже, қобди, текемет, шымши, өреше, ши шытпа, киіз есік, дөде, басқұр, төсек жапқыш, жамбас көрпе, сырмақ, откиіз, жастыққап, сандыққап, қарала текемет, кілем, түскиіз секілді сөздер бар. Сонымен бірге басқа көркем шығармаларда:

а)Үй бұйымдарының атаулары: *кебеже, әбдіре, сәкі, жозы, шыпта.*

ә) Ат-көлікке, құрал-саймандарға байланысты диалект сөздер:

1) Ат-көлікке байланысты сөздер: *мажар, трәшпенке, делбе, ырдуан, кәшаба, тұсамыс.*

в) Құрал-жабдықтарға байланысты диалект сөздер: *кескек, бағор, сақпан, шымшуыр, бишік, тепкішек.*

г) Көрпе-төсек атауларына байланысты диалект сөздер: *көпшік, жамылғы, бөстек, сейсеп, сеп, көрпеше, алаша, жүк аяқ,ағаш төсек, жозы, бөстек, көрпе, қалы кілем* т.б сөздер кездеседі.

Мал шаруашылығына байланысты жұмсалатын диалектілік этнографизмдер.

Мал атауларының дені әдеби тілмен сай келіп жатқанымен, әлі де болса жергілікті жерлерде өзгеше айтылатын диалект сөздер де жоқ емес. Зерттеліп отырған көркем шығарма мәтініндегі мал шаруашылығына байланысты сөздердің де әдеби тілмен салыстырғанда одан немесе қазақ тілінің басқа сөйленістерінен айырмашылықтары да бар екенін көреміз.

Жандық, кепе, күйек, көрпелдес, шікіре, шобыр, қазанат, сек, лау, мөшке, дүрегей, бәбісек, шіби. Кепе– уақытынан бұрын, ерте туған қозының көктемдегі аты [2, 316 б.]. Мысалы: - Сәке!...Сәке!...Мынаны!.. - деп құлақ шеміршегі жырым – жырым болған *кепенің* басын тарта қойды [6, 216 б.].

Адамның дене мүшесіне, жасына байланысты диалектілік этнографизмдер.

Адамның дене мүшесіне, жасына байланысты диалектілік этнографизмдер: *өндіршек, кертеш, шойнақ, қызыласық, бақалтақ, мелжемді, бәденді, дімкәс, көрия, сақа, можантопай, әпке, тәте. Бақалтақ* – келте, аласа [2, 121 б.]. Қазанның түп күйесіндей көзі бақырайған *бақалтақ* қара шал атқұмар, көкпар десе балқан тауын да ізденбаратын додашыл адам еді [6, 138 б.]. *Өндіршек* – кеңірдектің бас жағы [3, 546 б.]. *Өндіршегі* сорайған күй жинағышқа көзін тігеді: - ішсем болды кісіге қарайтын әдетім бар [5, 23 б.].

Өсімдік атауларына байланысты, шөп, егін шаруашылығына байланысты диалектілік этнографизмдер.

Ғасырлар бойы көшпелі өмір сүрген қазақ халқы айналасындағы зат, құбылысқа атау беруде өзі айналысатын шаруашылық ерекшеліктерін де ескеріп отырған. Олар үшін өзен-сулардың түрлері, ағаштардың сипаттары, жеміс-жидектердің өзгеше пішіні мен көлемі, тіпті шөптер де таным, болмыстарында маңызды рөлге ие. Сондықтан қазақ халқы осыларды зерделей отырып, түрлі аталымдар берген. Осы атаулардың кейбірі диалект сөз ретінде көркем әдебиеттен көрініп отырады.

Егіндерге байланысты сөздер:*бәдрен, шарша, пәлек, әңгелек, қозапая, қоза;* Ағаштарға байланысты сөздер: *бүк, сілеге, сәмбі тал, шырғанақ, шырыш, андыз, дарақ, ұшқат*; Шөп атаулары: *сора, көсік, жаужұмыр, күреңсе, усойқы, қау, лақса, шағыр, сасыр, биемшек, шөгір, баялыш. Сілеге* – жіңішке қарағай (шыршадан гөрі жуан) [12, 633 б.]. Тақтай шатырын қына жер, есік – терезесінің алып кәсектері саудырап, *сілегесніе* дейін майысып бара жатқан қара шаңырақтың жалғыз қарақшысы да осы [13, 359 б.]. *Бәдрен* – қияр [14, 132б.]. Әгүршік дегеніміз – огурец! – деді қызыл көз. – *Бадрен* мен қиярдың туысқаны болды ғой. – Болса, болат та, – деді. Біз өзі туысқанды тани бермейтін кісі киіктеу жүрт едік, *бәдрен* мен қиярдың қай ру екенін кім біліпті [9, 73б.]. *Дарақ* – биік, зәулім ағаш [8, 183б.]. Қазіргі ағамның халі тап сол алып *дарақты* елестетті [15, 30 б.].

Жер-су атауларына байланысты диалект сөздер

Жер-су атауларына байланысты диалект сөздер: а) *Жерге байланысты сөздер*: *Аңыз, шиыр, барқынды жер, шая, шөжу, бытқыл, тепсең, дөй-дала.*

Бытқыл – шөбі мол жер. Мысалы: Сол-ақ екен, ала өгіз артына бір қарап алды да қалың *бытқылды* қақ жара қойып кетті [3, 31 б.]. *Шая* – тұқым сепкен кезде дән сирек түскен жерге тары шықпай қалады, егіннің арасындағы сондай жерді осылай атайды [2, 743 б.]. *Дөй-дала* – иен дала, елсіз дала [2, 198 б.]. Мысалы: *Дөй-далада* үйықтап қалған бір шофердің, қанғалақтап қуып жеткен бір «мерзавчиктің» сиғап қадалатындай Бекетке не қатысы бар? [3, 229 б.].

ә) Су атауларына байланысты сөздер: *әуіт, тұма, қылта, әуіз, жайуат, қарғын, қылта, жүлге, жылым.*

Тұма – ағуы шамалы қайнар, бұлақ су [8, 679 б.]. Мысалы: Ағаш сидам, аяқ аттасаң *тұма,* мүк басқан топырақта шым да жоқ, у жапырақтың өткен жылғы солуынан басқа тебіндеген көк те көрінбейді [3, 227 б.]. *Жайуат* - өткел, судың таяздау жері [8, 226 б.]. Мысалы: Қайсыңа жайсыз тиеді деп, *жайуаттан* аттап, жанбағыстайтын жайым жоқ жүдә [18, 103 б.]. *Қарғын* – 1) қар еріген кездегі немесе қатты жаңбырдан кейінгі сай-саладан жылғалап аққан екпінді су, сел, 2) ағыны қатты су [12, 394 б.]. Мысалы: «Анада Алтынбала тікелей өзіме келіп жолық, есіме сал деп еді». Ылдиға көктемгі *қарғын* ағып келгендей тегі [13, 65 б.].

Көркем шығарма мәтіндегі диалект сөздер материалдық мәдениеттен мәлімет береді. Этнодиалектизмдер – халық тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының халық жадында тұнып жатқан куәсі.

Этнодиалектизм сол аймақ тұрғындарының тыныс-тіршілігінен, салт- дәстүрінен тағы басқаларынан, оның материалдық мәдениетінен мол ақпарат береді.

Мағынасын ашып сипаттау арқылы қазақ этносы пайдаланған материалдық мәдениет ошағы – үй-баспана, оның түрлері, адамның күнделікті тұрмысына қажетті заттары, ас-су, тағам, киім-кешек, ыдыс-аяқ т.б. мәдениетінің қазақ диалектілеріндегі көрінісі болып табылады.

Этнографизмдерде кездесетін диалектілік ерекшеліктердің ішіндегі бір саласы – дыбыстық ерекшеліктер.

Фонетикалық диалектизмдер деп – біз мағынасы жағынан әдеби тілімізде бар сөздермен бірдей, бірақ дыбысталуы жағынан олардан сәл өзгешелеу сөздерді айтамыз [19, 149 б.]. Көркем мәтінде әр аймақтан шыққан автор сол жергілікті халықтың сөз қолданысында кездесетін фонетикалық ерекшеліктерді беріп отырады.

Оңтүстік Қазақстан аймағының фонетикалық ерекшелігін жазушы Д. Досжан шығармаларынан көруге болады. Мысалы: *Әппақ - аппақ* / - Ол кезде *әппақ* маңдайы жарқырап, кітабы жыл сайын шығып жүрген кезі, біздің орталық кітапханада күнде жұмыс істейтін [11, 23 б.].

Шығыс Қазақстан аймағының фонетикалық ерекшелігін Қ. Ысқақовтың шығармасынан көруге болады. *Қаріп - кәріп* / Жал-құйрықты демесең, *қаріп* болған адамнан айырмашылығы жоқ сияқты [6, 24 б.].

Қытайдан келген оралман қазақтардың ішінара қолданатын фонетикалық ерекшелікті Т. Рыскелдиев шығармасынан кездестіреміз. *Ажім - әжім* / Мысалы: Тіленді шешесінің *ажім* торлап аңызғаққа тотыққан күрең жүзі қарауытып кетті [20, 201 б.].

Бұл ерекшеліктер әдетте кейбір дыбыстардың өзара алмасуынан, сөздердің жуан жіңішке айтылуымен немесе кейбір дыбыстардың түсіріліп не қосылып айтылуымен байланысты болады. Мысалы: *әукесі - әуейі* / Сонда ол: «Әсемжан ай, уысыма түспей жүр едің. Енді қашпассың», деген *әукесі* түсе жақындап [21, 34 б.]. *Шүйінші - сүйінші* / - Иә, *шүйінші,* апа! Алдымен келісіп алайық, *шүйіншіме* бір қой [16, 768 б.].

Мұндағы фонетикалық құбылыстар аралас әрі көрші отырған халықтар тілдерінің әсерінен пайда болған. Оңтүстік Қазақстан өңірін алатын болсақ, олар ерте кезден бастап өзбек халқымен қарым - қатынас жасауда, кейде бір отбасында өзбек, қазақ сөздері араласып қолданыла береді. Осы қолданыс көркем шығармалардағы мәтіндерде де көрініс беріп отырады.

Д. Досжан шығармасында *пәкене* деген сөз кездеседі, қортық, бойы қысқа адам деген мағынаны білдіреді [2, 556 б.], бұл сөзді көршілес өзбек ұлты да осы мағынада *пәкәнә* түрінде қолданады. Мысалы: Қояр да қоймай отырып *пәкене* жандардың мәнісін сұрады [5, 49 б.]. Мен көргелі жұдырықтай шақылдаған шағын көсе еді, әлі сол. *Мұқым* өзгермеген [9, 48 б.]. Осы сөйлемдегі *мұқым* сөзі - тіпті, мүлде, ешбір деген мағынаны білдіреді [2, 506 б.]. Өзбек тілінде *мүқум* деп айтылады.

М. Байғұттың кейіпкерлерінің тілінен *мүкәмәл, жүдә* ж.т.б секілді оңтүстік өңірінде тұратын жергілікті халық пен көршілес өзбек ұлты *мукамол, жудә* деп көп қолданатын сөздерді көруге болады. Мысалы, *мүкәмәл* - 1) дүние, мүлік; 2) аспап, құрал сайман деген мағынаны білдіреді [2, 510 б]. Мысалы: Ауыл адамдарына ақыл айтып шығарып салғаннан кейін жаңа әкім ауданның жерін де, мал - *мүкәмәлін* де жекешелендіруді Қарақас-Арқас желінен бетер жеделдетті [5, 65 б.]. – Басың бұлтарасынан көрінбейді ғой, *жүдә* [8, 7 б.]. Келтірілген сөйлемдегі *жүдә* сөзі тіпті, тым деген мағына береді [8, 275 б.].

Этнографиялық диалектілердің лексикалық ерекшеліктері

Диалектілік сөздің лексикалық мағынасы: біріншіден, шындық болмыспен, екіншіден біздің санамызбен, үшіншіден тілдік жүйемен, төртіншіден тілді тұтынушы әр аймақтағы жергілікті халықтың дүниетанымымен, бесіншіден көңіл күймен байланысып жатады. Диалектілік сөз мағынасынан халықтық сипат, ұлттық ерекшелік көрініп отырады. Сөздің лексикалық мағынасы сол сөздің грамматикалық мағыналарымен байланыста өмір сүреді. Лексикалық мағына жеке сөзге тән болып, алуан түрлі тілдік қолданыста тұрақты сақталып отырады. Көркем мәтін тілінде диалектілердің лексикалық ерекшеліктері мол, жиі кездеседі.

Қалихан Ысқақовтың таңдамалы шығармаларында кездесетін сөздердің диалектілік лексикалық ерекшеліктерін көруге болады: *Аллауакпар, бархадар, зерезеп, ушаскөбей, томопаңдай, діңкелеп, келтектей мықыр.*

Лексикалық диалектизмдер деп – мағынасы жағынан әдеби тіліміздегі сөздермен бірдей, ал дыбысталуы жағынан олардан мүлде бөлек сөздерді (атауларды) айтамыз. Лексикалық ерекшеліктер – үй шаруашылығы, ыдыс-аяқ, киім-кешек, үй бұйымдары және тамақ атауларына байланысты қолданылып жүрген сөздер.

Тамақ атауларына байланысты сөздер: *Қазан жаппа, қатырма нан, үлпершек, көже, ақмұрт, ашымал түймеш, мәйек..*

Ыдыс-аяқ бұйымдарына байланысты сөздер: Д. Досжан: *шылапшын, зерен, дағара, керсен, қауақ, құмыра, күбі, көнек, көзе.* Д. Әшімханұлы: *тегеш, шабадан, тостақ, шәугім*. А. Қосанұлы: инағаш, зерең. Қ. Ысқақов: *шәугім, күбі, қазан, бақыраш, тегене, ләген, самар, көнек, астау, тостақ.* Рамазан Тоқтаров*: шөміш, тегеш, қауға, кеспек, кәкбір.*

Киім-кешек атауларына байланысты сөздер. Б. Нұржекеұлы*: күртке, жейде.* А. Қосанұлы*: шапата.* Д. Әшімханұлы*: шекпен, қалпақ, биялай, күпәйке, шалғай, бешпент.* Р. Тоқтаров*: жекей, сөлде, күпі, сырмақ, бешпент.* М. Байғұт*: нымша, жейде, жемелек.* Д. Досжан*: шоқай, шидем, күндік, сақтиян етік.* Қ. Ысқақов*: камзол, телпек, күпі, қаптан, шоқай, топы.*

Диалектілік тұрақты тіркестердің өзіндік ерекшеліктері бар. Солардың бірі – диалектілік фразеологизмдер. 1) Құрамындағы сыңарларының лексикалық мәні түсініксіз тіркестер: *тыншу болу, жығайтын болдық, түйреуішпен піспектеу, камзолдың сауырын жырту, ошағының бұты ыстық, қоңылтақ ғұмыр, уақ жандық,, қисыпыр қырысу, ығытын келтіру, қызметіне мәттақым, жырғап қалу, нойыс сезім, шүңейтке құдиту, оңаза болу, қияс тарту, аржайлық көрсету, аттың басын тарту, меселі қалу. Жырғайтын болдық* – рақаттану мағынасын білдіреді [2, 281 б.]. Екеуміз әбден *жырғайтын болдық* [9, 428 б.]. *Түйреуішпен піспектеу* - өзін-өзі алға итермелеу. Осылайша өзін-өзі *түйреуішпен піспектеп*, ұйқыны қашырып отырып, межелі беттерді жазып шығады [5, 15 б.].

2) Құрамындағы сыңарларының лексикалық мәні айқын сөз тіркестері: *ел көшкендей, бақырдан жиналады, тас мінез, байлығын жеңілдету, семіздің сүбесіндей, шопақ құрлы көрмеу, сақылдап тұр, кепиеті ұрады, сипан таза сыпырып кетпесін, құйысқаны берік, аяқты түзік басу, көзі тас төбесіне шығу, сасай болу. Шопақ құрлы көрмеу* – көзіне ілмеу мағынасындағы тіркес. Мысалы: Үстіндегі сегіз жасар баланы *шопақ құрлы көрген жоқ* [6, 138 б.]. *Бақырдан жиналады* – тиыннан жиналады [2, 122 б.]. Мысалы: Байлық *бақырдан жиналады*, байладым саған! [3, 97б.].

3) Діни сөздері бар тұрақты тіркестер: *кепиеті атқыр, пендесіне жазған бір сызығы бар.*

4) Адамның қасиетіне байланысты айтылған тұрақты тіркестер: *тобан аяқтар, тақыс адамдар, жырым шеттіктеу. Тобан аяқтар* – төмен адамдар, жаман қасиеттілер деген мағынада [2, 665 б.]. Мысалы: Әрі беріден соң заң – нұсқау дегендер Әзімхан сияқты малмен көзін ашқан *тобан аяқтар* тәжірибесімен санаспаса, оның несі заң, несі нұсқау? [16, 224 б.].

Диалектілік қос сөздер

Диалект сөздердің ерекшеліктерінің біразы *қос сөздермен* байланысты болып келеді. Алғашқы сыңары әдеби тілдегі қос сөздердің бірінші бөлігімен сәйкес диалектілік қос сөздерге мыналарды атауға болады: *«некен – нұқан», «көже – көпсік», «жырым – шеттіктеп», «апаш – құпаш», «дәй – дала». Апаш – құпаш*: апыл-ғұпыл, асығыс мағынасында қолданылады [2, 64 б.]. Мысалы: Кәрім қары еріп, шөл бастаған әлгі жерге таңдана қарап біраз тұрды да, *апаш – құпаш* қаза жөнелді [16, 16 б.]. *Бұлың- бұлың* – көп бөлме деген мағына береді [2, 160 б.]. Мысалы: Семіз көз құдағидың ойбайынан қашамын деп жүргенде *бұлың–бұлың* көп қораның тіреулерінің бірімен сүзісіп қалса керек [11, 293 б.]. *Жоп - шөңгі* – жөп - жөнді, тәуір мағынасын береді [2, 270 б.]. Мысалы: - Жоқ, ақсақал, жөніңізді айтпасаңыз, бұл ала қоппа *жоп – шөңгімен* ашылмайды! – деп Асекең де танауымен атып тұр [6, 438 б.]. *Тоң – торыс*: тоң мінез, қыңыр деген мағынаны білдіреді [2, 670 б.]. Иығы салбырап, ұнжырғасы түсіп от басында біраз тұрды, көзімен жабықты тікті, конистрдегі спиртті көргенде ғана: - Кісі өлген жоқ еді ғой, бұл не қылған *тоң – торыс*? – деді [3, 116 б.].

Диалектілік біріккен сөздер

Этнографизмдердің ішінде кездесетін *диалектілік біріккен сөздермен* тілдің лексикалық қоры дамып, сөздік құрамы өсіп, олардың қатары жаңа сөздермен толығып отырады. Көркем шығармалардан алынған мысалдар: *қисіңді, терсіңді, қисыпыр, құлақбасты, қазанжаппа, жеркепе, жаужұмыр, шораяқ, итырақтау.* Екі сөзді біріктіру арқылы жасалған жаңа сөздердің бірі – *ақмұрт* сөзі: «Не ет болып, не сүт болып жарытпаған сиырды баққанмен кімді *ақмұрт* қылады?» [6, 228 б.]. *Ақмұрт* тіркесі тарысынан майын көп салып дайындаған тағам немесе етіктің ішкі ұлтаны, ішкілігі ретінде айтылады [2, 40 б.]. *Қазанжаппа* – қазанға пісірген нан [2, 368 б.]. Мысалы: Қазаннан буын бұрқыратып жаңа алған *қазанжаппа* секілді айды көргені осы [3, 22 б.]. *Шораяқ* – осы біріккен екі сөздегі шор сөзі – түйін деген ұғымды білдіреді [2, 257 б.]. Шор боп біткен аяқ немесе түйіні бар аяқ деген мағына береді. Мысалы: Мұрнағы күні буаз қайнағаның отынына барды. Алдыңғы күні *шораяқ* қайнағаның шөбін әкелді [3, 11 б.]. *Құлақбасты* сөзі де осы біріктіру әдісі бойынша жасалған. Мысалы: Мешел ысталған қой етінің ортан жілігін жалаңаштап тастап, енді қымызбен қуалап отыр еді, Жәмила оны Сиғаттың көзінен көмегейлей беріп сүйекті қоңыр шелегіне қағып жіберді де қымыз сапырған болып *құлақбасты* қолына алды [6, 436 б.].

Этнографизмдердің ішіндегі диалектілік кірме сөздер

Диалектілік кірме араб, парсы сөздері қазақ тілінде негізінен ғылым, мәдениет, үй тұрмысы, шаруашылық, сауда, дін сияқты үлкен үш салада кездеседі. Жергілікті ерекшелікте сақталған, көркем мәтінде кездесетін кірме сөздер қатарында *бәдән, дәліз, кәллә, бәдірең, ауқат, жозы, бархадар, зерезеп, көкпір* т.б. бар. *Бәдән*-екі түрлі мағынасы бар: 1) денелі; 2) реңді, сұлу, әдемі. Мысалы: Қайда барып тынығып жатып *бәденін* бағып, күн көрер бұл, қайткенде жан қиналмай ел көзіне түсер бұл [11, 28 б.]. *Ауқат* – тамақ, ас [2, 85 б.]. Мысалы: Сондайдан қорықпай, сондайдан шошымай, қалай ғана тыныш ауқат ішесің? – Ауқатты тапсаң ішерсің? - деді Арзекең [5, 106 б.]. *Жозы* – үйғыр тілінен ауысқан, аласа үстел деген мағынаны білдіреді. Мысалы: – Отырған қыз орнын табат та, оған несіне қиналдың! – деп Сарқыт оймақтай сырлы ожау мен екі тостағанды дем алатын бөлмедегі жозыға қойып қайта шықты [6, 81 б.].

Өгрет, лунка, әгүршік, ушаскөбей, управляющий, отход сөздері орыс тілдерінен қазақ сөйленістерінде бастапқы қалпын сақтап немесе өзгеріске түсіп қалыптасқан сөздер. Осы шаруадан-ақ шаршап болдым. Мынау *управляющий* дегені де қиын қызмет екен, жыл он екі ай құйрығың қоныс таппайды... Жыл сайын қырман басында көктеп, қар астында рәсуа боп қалатын *отходты* ұнтақтап алса сиырға жымық, құсқа жемді осыдан да табуға болар еді... [3, 31 б.]. Осы келтірілген мысалдардағы *ушаскөбей* деген сөз орыс тілінде *участковый* деп айтылады, *управляющий, отход* сөздері де орыс тілінен енген. Мысалы: - Отқа жағуға да болады, ет ыстауға да болады, көктемнің осындай қара қатқағында пысық қатындар *өгретке* үйіп, ортасынан *лунка* қазады да топырақ толтырып, *әгүршік* егеді [6, 73 б.].

Жіткір, қосамжарласып, жаңқауық, дыңғыплағы. барқадар, шеркес, пошырап, қоппосы, дәлдүр, мөлтеш, өпел-жөпел, шумиіп, сәңірейіп, пышана, уәһәм, мәрғау, ләухи. Шумиіп – Бір түнде бір мүшелге қартайып кеткендей қапсағай денесі *шумиіп* сынып қалыпты [6, 219 б.]. *Пышана* – Бірақ, бұрын да алды- артына айналып бір өте алмаған *пышана* байқұсқа қыз шіркін дәл көзір қол жетер жерде емес еді, оған дәрмен де жоқ еді [6, 33 б.]. *Уәһәм* – Енді қайтып ешкімді шығарып салмайтындай, енді қайтып ешкімді қарсы алмайтындай екі арадағы суыртпақ жол *уәһәм* дүниеден күдерін үзіп бос жатыр [6, 4 б.].

Диалектілік этнографизмдердің грамматикалық ерекшеліктері

Диалектілік этнографизмдердің *грамматикалық ерекшеліктері* тек грамматикалық категориялардың ішіндегі кей түлғалардың түрленуі жағынан ғана ерекшеленеді. Ол ерекшеліктер сөздерге жалғанатын кейбір қосымшаларға байланысты. Қосымшалардың сөздерді бір - бірімен байланыстыруына қарай, олардың кейбір түлғаларында төмендегі ерекшеліктер ұшырасады. *Не ғып – не қылып*. Мысалы: Әлгі жанарының оты мас кісі кие сөйлеп, сауал тастады: - неғып отырсың, мүсәпірім? – Мүсәпір емеспін, әйгілі жазушымын [5, 75 б.]. *Тоңқарады (тоң – қар – а – ды) – тоңкереді (тоң – кер – е – ді)*. Мысалы: Асекең асықпай жүріп жерошаққа от тамызып, көк шәугімді мосыға ілді де «завтрак чабана», «ужин туриста» *дейтоғын* екі консервіні қара табаға *тоңқарады* [2, 142 б.]. Бұл сөйлемдегі *дейтоғын (дей – то – ғын) сөзі – жалпы дейтұғын (дей – тұ – ғын)* түлғасында кездеседі. *Жолғасады (жол – ға – са –ды) – жолығады (жолы – ға – ды)*. Мысалы: -Құда қу намаз шамда жолғасады деуші еді, қанның иісіне танауың иттен де жүйрік екен! – деп қолма қол жауабын берді [3, 442 б.]. *Алдыдан (ал – ды – дан) – алдынан (ал – ды – нан)*. Мысалы: - Бабаларымыз айтатын Бұланай ғой! – деді алдыдан әлдекім [21, 203 б.]. Шыққамыз (шық – қа – мыз) – шыққанбыз (шық – қан – быз). Мысалы: - Не салыстыратыны бар, ол да, мен де үстімізге бір әтірді жағып шыққамыз [13, 268 б.]. Қойғам – қойғаным. Мысалы: - Шармай қойғам жоқ – ау, бірақ күніне үш уақ шай ішіп үйренген бас былқ – сылқ етіп, Қырғызстан мен Қазақстанның арасында тербетілген сағат тілі құсап қалды [21, 223 б.].

Қай халықтың болмасын, ғасырлар бойы жиып-терген материалдық-рухани қазынасы сан-салалы. Олар жалпы мәдениеттің дамуына әртүрлі дәрежеде әсер етеді. Мәдениетті өркендеген халықтардың көбінде өзінің жасаған барлық материалдық-рухани жиһаздарын жиып ия бойына сіңіріп қана қоймай, оларды мұқият ретке келтіріп, жасауша жинап, қағаз бетіне түсіріп және саралап зерттеу тәртібі қалыптасқан. Бұл тектес шаралар соншама қазынаны ел кәдесіне жаратумен қоса болашаққа мұра етудің қамын да көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нұржекеұлы Б. Бейтаныс әйелдің күпиясы: Әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 336 б.

2 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.

3 Ысқақов Қ. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қайнар. – 1 т. – 1997. – 320 б.

4Әшімханұлы Д. Сары самауыр: Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: Раритет, 2006. – 336 б.

5 Досжан Д. Келіншек асуы. Әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 б.

6 Ысқақов Қ. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қайнар. – 2т. – 1997. – 608 б.

7 Қордабаев Т. Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі

8 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998.

9Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні. ҚДА. Алматы, 2001

10Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. М, 1997.

11 Досжан Д. Төзім. – Алматы: Білім, 2004. – 164 б.

12 Потебня А.А. Символ и миф в народной культуре. М, 2000.

13 Абаев В.И. Язык и мышление. М, 1948.

14 Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тефсира М., 1963.

15 Гумбольдт В.Ф. Язык и философия культуры. –М., 1985.

16 Байғұт М. Қозапая. Әңгімелер мен повестер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 248 б.

17 Қалиев Б. Өсімдік атауларының құрамындағы жергілікті ерекшеліктер. // Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. – Алматы: Ғылым,1990. – 141-154 б.13 Рыскелдиев Т. Сардаланың сағымы. Повестер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.

18 Копыленко М.М. Очерки по общей фразеологии. Алматы: Евразия, 1995,

19 Досмұхаметұлы Х. Аламан. - Алматы: Ана тілі, 1991.

20 Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 3 шығуы. - Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1960

21 Уәлиев Н. Диалектизмдер құбыжық емес... // Айқын. – 2007. – 26 қаңтар.

ӘОЖ 81-2.512.122

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫН БЕЙНЕЛЕУДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШЫ

Р. ОМАРОВ
оқушы, № 36 ЖОМ
Г.Ж. ДЖАХАЕВА
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, ғылыми жетекші, №36 ЖОМ

Тіл табиғаты, сөз мағынасы күрделі құбылыс болып саналады. Тілде сөз метафорамен түрленіп ажарланады, бейнелі құралға айналады. Метафора ауыстыру немесе ұқсату, яғни мәтіннің экспрессивтік бояуын жасайтын құрал ғана емес, ол әсемдікті беруге, сөзге жаңа мағына, мәтінге соны мазмұн беруге қызмет етеді. Метафораның негізгі қызметі хабар жеткізумен шектелмейді, басты күшті ұғым қалыптастыруды көздейді. Яғни метафораның қызметі – ұғым тудыру. Метафора әлемі – бейнелі ойлау әлемі. Ал оны түсінудің негізгі шарты – сол метафораны қабылдаушы субъектінің ойлау қабілетінің дәрежесі. Метафора бойына өзінің бейнелік ассоциациясын орнықтыратын теңеу жинақталады.

Метафораның мағына дамытудағы маңызы туралы А.Байтұрсынұлы, Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы, М.Балақаев құнды пікірлер қалдырған. Оның қызметіне, қолданыстық ерекшеліктеріне Б.Хасанов зерттеу еңбегін арнаған. Әлем тіл білімінде метафораның адамның ойлау үрдісін қалыптастырушылық қасиетін ескеріп, оны басқа қырынан қарастыруды алға тартады.

Қазақ тілі білімінде метафора туралы **алғаш теориялық тұжырым** жасаған - **Ахмет Байтұрсынов.** «Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында тек ұқсастық жоқ, екі нәрсенің өтетін әсері бірдей болса, біріне қас ғамалды екіншісіне ауыстырып айтамыз. Мәселен, «күн құтырып кетті», «аяз қарыған», «қырау соққан» дейміз. «құтырып кетті», «қарыған», «соққан» деген сөздер нақ өз мағынасында емес, өзге мағынада айтылып тұр. «Құтыру» жанды, есті нәрсенің күйін көрсететін сөз. Мұнда күннің желдетуі адамның құтырған күйіне ұқсас әсер ететіндіктен жанды нәрсенің күйін көрсететін сөз күннің күйін көрсетуге ауыстырылып алынып тұр. Осындай ұқсастығымен ауыстырылып, өз мағынасынан сөзді өзгелеп айту - **ауыстыру** деп аталады» [1], - дейді ғалым А.Байтұрсынов.

«Метафора сыртқы не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау. Екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қою», - деп ғалым Қ.Жұмалиев анықтама берсе [2, 117], З. Қабдолов: «Метафора сөз мәнін түрлендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, зерттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту» [3, 214], - деп тұжырымдайды.

Метафора құбылысы - ең алдымен адам ойлауының нәтижесі десек, «метафора тек ауыспалы мағына ғана емес, ол өз бойына көптеген қасиеттер мен қызметтерді сыйғыза білген күрделі процесс. Метафора – сөздердің ауысуы мен өзгеруі ғана емес, ойдың бір-бірімен қарым - қатынасының нәтижесі. Метафоралық мағынаны қолданғанда сөйлеуші әр түрлі заттар туралы екі ойға сүйенеді. Жаңадан алынатын психологиялық объект пайда болғанда тілде оларды атайтын дайын сөз болмағандықтан, адам метафораны, яғни тілдегі бар сөздерді (белгілі бір ұқсастыққа негізделген) қолдануға мәжбүр болады. Алайда, метафораның табиғи болмысы бір уақытта екі мағынаның бір сөзде қатар өмір сүруіне икемделген» [4, 9].

Ғалым Б.Хасановтың «эмоциялы элемент» [5, 24],-деп анықтауы тегін емес. Метафоралы байымдау мағыналы контекске қарағанда анағұрлым әсерлі келеді.

Соңғы уақыттарда бұл тақырып когнитивистикамен айналысушы ғалымдардың терең қызығушылығын тудырады. Тілдік бірліктердің жасалуындағы адам танымы, дүниені қабылдауы, оны тілде бейнелеуінде метафора маңызды қызмет атқарады. Метафора ұғымдарды қалыптастырады және дайын таңбалар арқылы оларды атайды.

Когнитивтік аспектіде метафора бірнеше жас ғалымдар еңбегіне өзек болады. Мысалы, Г.Н. Зайсанбаева «Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі (біріккен зат атаулары негізінде)» зерттеу еңбегінде метафоралар талдауға түседі [6].

"Метафоралардың тілдегі маңызына тоқталғанда дәстүрлі метафоралық тәсіл бойынша ұқсату заңына сүйеніп, қазақ тілінде көп мағыналы сөздер шыққан," – дейді Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы "Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы" еңбегінде [7, 90].

Метафоралардың тілдегі қызметі, оның когнитивтік үлгілерді түзеудегі маңызы, ғылым тілінің қалыптастыруындағы рөлі соңғы уақытта қазақ тіл білімінің назарына іліге бастады. Ғылыми метафоралардың жасалуын, оның қызметін айқындауға бағышталған А.С.Сыбанбаеваның зерттеу жұмысында концептуалдық метафоралардың тілдегі сипатына назар аударылады. Зерттеу еңбегінде метафораның осы түрін тілші былай көрсетеді: "Метафоралар ғылым тілінде де қолданылады. Ғалымдар да ақын-жазушылар сияқты тілде жаңа метафоралар жасайды. Таным процесі негізінде жаңа болжаммен бірге тілде метафоралар пайда болады. Ғылым тілінде метафора бейнелілігінен толық, не жартылай ажырап, деректі, дерексіз ұғымдарға атау береді. Ғылым тілінде қолданылатын метафораларды жаңа ұғымды танытып, осы тілдік белгіге айналдыру қызметіне байланысты концептуалдық метафора деп атадық" [4, 66]. Зерттеу жұмысында концептуалдық немесе ғылыми

метафоралардың ғылымның барлық салаларында кең қолданылатынын көрсетіліп, олардың мағыналық топтарына, жиі кездесетін түрлеріне талдау жасалынады [4].

“Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы” зерттеу еңбегінде И.С.Мұратбаева да ғылым тілінің қалыптасуындағы метафораның сипатына тоқталады. “Нақты бір қасиеттерді белгілеу зат немесе құбылысты анықтаумен, атап көрсетумен байланысты болады, яғни осы зат не құбылыстың бөлшектері оның көрсеткіші иеленушісі болғандықтан этоллон ретінде қабылданып, басқа заттар не құбылыстармен ой-санада салыстырыла бастайды,”– деп тілші метафораланудың ойлау үрдісімен байланысын көрсетеді [8, 13]. Метафораның адам ойын қалыптастырушылық қабілетінің ғылым тілінің дамуына тигізер әсерін И.С.Мұратбаева былай деп көрсетеді: “Белгісізден белгілінің бір таныс жақтарын, сипатын табу ғылым прогресінің дамуына күш-қуат береді. Сонымен бірге, ғылымның дамуында ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау танымның дамуына да себепкер болады” [8, 14]. Ғылымның дамуы жалпы адам танымының дамуына жағдай жасайды. Бұл үрдістерде метафора ең маңызды қызметке ие болады.

«Влюбленная весна принесла нам тепло» метафоралы қолданысы қазақ тіліне сөзбе сөз аударылғандағы мағынасына сәйкес қолданылмайды.Шуақты көктем нұрын септі

Шуақты көктем жер дүниені өбіп, нұрын төкті. (өбу- аймалау, сүю деген мағынаны білдіреді)

Шуақты көктем жер ананы айналып, толғанып нұрына бөледі.

Күн жайраңдап күліп, жерді құшты

Құлпырған көктем жер жүзін жайнатты.

Көктем құбылмалы (өзгермелі) (екіжүзді адам сияқты деген мағынада жұмсалады)

Күн бүгін ұясынан ерте көтерілді. (солнце сегодня проснулось рано) Күн бүгін нұрын ерте шашты (Солнце встало пораньше) немесе күн ерте көтерілді. **Қазақ тілінде күн бүгін ерте оянды деп айтылмайды.** *Күн ұясына ерте қонды.* Әдетте құстар ғана ұясына қонады. Бұл жерде күнді жанды құспен ауыстырған. Орыс тілінде «солнце устало»деп қолданылса, қазақ тілінде «күн шаршады» деген ауыстыру кездеспейді. *Күн ұясына енді. Күн қызарып батты. Күн ұялып, ұясына жасырынды. Қылышын сүйретіп қыс келді. Шұнақ құлақ қыс сақылдаған сары аязын ерте келді. Қыс қаһарына ерте мінді.*

Абай өлеңінде:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды
Үсті- басы ақ қырау, түсі суық
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы - үскірік аяз бен қар
Көрі құдаң қыс келіп, әлек салды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе қар жауып мазаңды алды.
Борандатып, бұрқ-сарқ етіп долданғанда
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Ұлы ақын өлеңіндегі метафоралар күнделікті тілімізде жиі қолданылады.

Қыс қатыгездік танытты. Қыс бас көтертпеуге айналды. Биыл қыстың қаһары еліміздің көптеген аудандарында ерекше байқалды

Табиғат кешеден бері қатулы, қабағынан қар жауа түнеріп тұр.
Кешеден бері күн райы бұзылды (өзгерді).
Табиғат түлен түрткендей буырқанды, долданды.
Батыста дауыл күшіне енді (шторм властвует на западе)

Қазақ халқының ұлттық нақышы бойынша қыс қатыгез бейне ретінде беріледі. Көбінесе халық қысты бөріге алмастырады. Мысалы

Ақпанның бораны аш бөрідей ұлып тұр. Кешеден бері жел ішін тартып тұр екен, бүгіннен бастап бөрідей ұлып, мазасызданып тұр.

Алай-түлей долданған боран бет қаратпауға айналды. Долы боран ертең батысқа қарай жылжиды.

(Снегопад) Қар көшкіні ешкімге ие бермейді. Қар көшкінінің зардабын батыс аймақтар көріп отыр.

Күннің көзі ашылды. Күннің көзі жадырады, жайнады, күннің көзі жарқырайды.

Ауа-райы жайраңдады. Күн көзі күлімдейді. Дауыл саябырлады.

Биыл жауын-шашын аз.

Дауыл тынды, жер әлем тынықты. Күн ыстығы қуырып жіберді, артынан жауын келді.

Көктем шуақты нұрын шашып, көңіл көтереді. Кқктемгі шуақ көңіл күйді көтереді.

Күн көзі бұлт арасына жасырынды.

Дауыл шешімін күрт өзгертті де , солтүстік аймақтарға соққан жоқ.

Бүгін аспан шайдай ашылып, ауа-райы тынықты. Бүгін күн жадырап, қабағын ашты. (сегодня мягкая погода)

Күннің көзі өз нұрымен ойнайды. Көктемнің шуағы көңіл күйді көтерді. Қазақ тілінде «Ауа-райы көңілденді» деген тіркес жоқ. Ол мынадай түрде айтылады: «Ауа-райы райынан қайтты». « Күннің көзі жадырады». Ауа-райы бірнеше күн бізге жайлы мінез танытып тұр. «Шыбынсыз жаз» келіп, жұртты жадыратты. «Тырна шағылы кезі» жылы шуағына бөледі. Күзде күннің қабағы ашылып, жылы шуағын төкті.

Ауа райының қолайсыздығы мына метафоралар арқылы көрініс табады.

Күннің көзі тұнжырады. Наурыз күнгі ауа-райы қала халқына қолайсыздық танытты.Ауа- райы қапаланды. Ауа-райы райынан қайтпады. Ауа райының ашуы тынар емес. Қыс қаһарынан қайтпай тұр. Биыл қыс қыспағы әлі созылып тұр. Қолайсыз ауа-райы босады.

Ауа-райы қаһарына мінді, соңы неге апаратыны белгісіз. Ауа-райының қолайсыздығы кешке қарай Батыс Қазақстанда байқалды. Екі күннен беріауа-райы құбылып тұр. Құбылмалы ауа-райы әлі райынан қайтпады. Арктикалық циклон түрлі жағдайларға душар етті. Ауа-райы бізді таң қалдырды. Ауа-райы күрт өзгеріп сала берді. Табиғат бізді таң қалдырды. Ауа-райы бізге қолайсыздық әкелді. Батыс Қазақстанда ауа-райы күтпеген жайсыздық (қолайсыздық тудырды) әкелді. Ауа-райы бөзылып тұр. Күн қатулы, қабағын ашпайды.

Табиғат түледі (әдетте жан-жануар ғана түлейді), құлпырып шыға келді. Ауа-райы түрлі түске боянып шыға келді. Табиғат жасыл желегін жамылды.

Күннің көзі құлпырып, жайнады

Ауа-райы шайдай ашық. Жер бетін ақ маық қар жапты. Жер жүзі ақ желегін жамылды. Жер жүзін қарға бөледі. Жер жүзі ақ көрпесін жамылды.

Ағаштар ақ мамыққа оранды. Суық және жылы ауа жуық арада тоғысады. Бізге қонаққа арктикалық циклон келмекші. Ауа-райы бізді маужыратады. Күн көзі бізді оятады. Күн бізді жылытады. Көктем түрлі түсті кілемін төседі. Жер жүзіне жасыл кілем төселді.

Қазақ тілінде «қыс келді», «көктем келді», «жаз шықты», «күз түсті», «қыс түсті» немесе «қыс келді» деген тіркестер қолданылады. Оның себебі, көктем келді, жылы жақтан құс келді, жаз шықты, жасыл шөп шықты. күз түсті, жапырақтар түсті деген ұғымдарға сәйкес болып келеді.

Күз түсіп, жер жүзін алтын түске бояды. Күз келіп, ауа-райы құбылып, ағаштарды жалаңаштады.

Жел ағаштарды тамырымен қопарып, көліктерді қозғайды. Қар қала көшелерін жауып тастады. Бұршақ ауыл тұрғындарына зиян келтіріп, үйлерді де қиратып кетті. Боранның кесірінен көп қолайсыздық туды. Электр желісі үзіліп қалды, жолдар жабылды. Ақ түнек боранның сойқан ісінен жолдар жабылып, электр желісі үзілді.Қыс көктемге кезегін берді.Қыс көктемге жол берді. Күннің жылуы қарды ерітіп, мұзды жарды. Өзендерде сең серуендей бастады.

Жел ысқырынып тұр. Күн ысқырынды.Боран ұлып тұр. Жел гүілдеп тұр. Дауыл осқырынып тұр (осқыру жылқы дыбысы) .

Ыстық жел соқты. Сары шұнақ сары аяз басталды. Сықырлаған сары аяз бізді аймақты қысты. Күн жадырап, күн көзі жерді жібіте бастады. Қар қалың түсті. Қыс кетіп, жаз келеді. Күннің көзі жасырынбақ ойнады. Күн ұялып бұлтқа жасырынды. Жауын құйып тұр. Жаңбыр кейде аспанның түбі тесілгендей екі-үш күн бойы үзілмей жауады. Жылауық күз ақ жауынын тағы бастады. Жауын селдетті, нөсерлетті, көлдетті. Жаңбыр шелектеп құйды.

Жаңбыр оңтүстікке бет алды. Ауа-райы бұзылды. Қабағын түйіп түнерген аспан неше күнге дейін ашылмады (яғни, жауын жауып, бұлтты болды деген мағына). Аспанды бұлт торлап, қара жауын құйып өтті. Ақ жауын неше күнге дейін толастамады. Бұлт көшті. Бұлт күннің көзін жасырды. Жаңбыр оңтүстікке қарай бет алды.

Табиғат құбылыстарына атау бергенде халық өзіндік дүниетанымға, әлемді өз тәжірибесіне сай бағдарлау, бағалау ерекшеліктеріне жүгінеді. Этнограф-ғалым Тоқтасын Өмірзақов “Мифологиялық таным” мақаласында табиғат құбылысы атауы ***өлара*** туралы мынандай деректерді ұсынады: “*Ежелгі наным бойынша, Жақсылық пен Жамандықтың жан алысып, жан беріскен шайқасы жыл санатына қосылмай қалған. Дәл осы уақыт қазіргі 15-21 наурыз аралығының жігіне дөпе-дөп келген. Осынау, “жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер”, “өлінің әрі тартар, тірінің бері тартар”, “қара қатқақ, аш өзек” жыл мезгілін халқымыз **“өліара”** деп атаған”* [9].

Қыс мезгілі мен көктем аралығының ***өліара*** аталуы қатал дала табиғатымен алысып келген қазақ тұрмыс-тіршілігінің оның дүниетанымына тигізген әсерінен де хабардар етеді. *“Сондай-ақ, тіліміздe жаңа ай тумас бұрын ескі ай батып, көк жүзінде жаңа ай көрінбейтін 2-3 күн уақыт та **өліара** деп аталған”* [9].

Мысалдағы тілдік бірліктің ішкі мағыналық құрылымының бейнелілігі оның метафоралы ойлау жемісі екенін дәлелдей түседі. Мезгіл атауы ретінде *ұзынсары* бірлігі де - бейнелі жасалған метафора. *“**Ұзынсары** деген адам да емес, қонақ та емес, ол - жыл мезгілінің көктемдегі күн ұзарған шағы” (“Ана тілі”, 2001).*

Ауа-райына байланысты туындаған метафораларға былай түсінік берілген:

– ***көксүңгі*** - жаңбыр аралас қар жауып, шөп басына мұз қату (ҚТС, 1999),

– ***керімсал*** - Қазақстанның оңтүстігінде шілде кезінде соғатын аңызақ, ыстық жел (ҚТС, 1999),

– ***бесқонақ*** - жаз бен күз мезгілі арасында болатын нызғырық, суық күн (ҚТС) метафоралы жасалған. Мұз қатудың бейнесі ***сүңгіні*** елестетуі, желдің ұзақ, ыстық соғуына қарай ***керімсал*** аталуы, суық күнді ***қонаққа*** теңеудің астарында халық ойының ұшқырлығы, тереңдігі жатыр.

Табиғат құбылыстарының атауы ретінде ***зілзала, алақаншық*** (боран), ***қызылсу,*** метафоралар арқылы бейнелеуі сол құбылыстардың өту сипатына қарайтын ассоциациялар, ұқсатулардан туған. Мысалға: “Ғалымдар ***зілзаланы*** алдын ала болжайды (“Жас Алаш”, 2001). Осындағы ***зілзала*** табиғи апаттың жойқын күшін сипаттаушы құбылысты бейнелі түрде атап тұр.

Табиғат құбылыстары атауларының ішінде ***құсқанаты*** - көктемнің алғашқы қары, ***алақұйын*** - тез басталып, тез қоятын алай-дүлей ұйтқи соғатын жел, ***алтынкүрек*** - жыл басының алғашқы, қарды ерітер желі бірліктерінің үәждемесі құбылыстардың өту үрдісіне байланысты. Осындай атаулар туралы Т.Өмірзақов:

"Жыл басының қары - ***құсқанаты,***
жыл басының алғашқы желі - ***алтынкүрек,***
жыл басының алғашқы төлі - ***дүбіраяқ,***
тамағы- ***үйқышашар*** "- деген дерек келтіреді [10].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А.Шығармалары. А., 1989.-302 б.
2 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. –А., 1969.-186 б.
3 Қабдолов З. II томдық таңдамалы шығармалары. 2-том. –А.,- 1983
4 Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. –А., 2002.-161 б.
5 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. А., 1966.-208 б.
6 Зайсанбаева Г.Н. «Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі (біріккен зат атаулары негізінде)» Филол.ғыл.канд диссертация афтореферaты. А., 2004, 28 б.
7 Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы "Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы"Алматы.
8 И.С.Мұратбаева "Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы"
9 Өмірзақов Т. Мифологиялық таным. // Жас Алаш, А., 2003, №35-36.

ӘОЖ 81' 42

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Ғ. ОСМАНОВ
оқушы, №22 ЖББОМ, Павлодар қ.
Н.М. БАТЕСОВА
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ғылыми жетекші

Қоғам өміріндегі өзара қарым-қатынастың ең басты құралы болып саналатын тілді әлеумет әрдайым өте жоғары бағалап, оның өзгеріс, өрістерін жіті қадағалап отырады. Тіл қоғамдық құбылыстардың бірі ретінде сол қоғам құрылысын айнаға түсіргендей өрнектейді. Яғни қоғам өмірінде болған, болып жататын құбылыстардың бәрі тілден орын тебеді де, тіл арқылы халық қазынасына айналады. Сонда тіпті кейде тілдегі кейбір сөздер арқылы ел басынан өткен кезеңдерді көзге елестете аламыз да қоғам дамуының белестері тіл дамуын сүзіп шығуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, қоғам мен тіл бірінсіз бірі күн кеше алмаса керек. Ендеше халық тарихы оның тілінде, яғни тіл фактілері арқылы біз халық тарихын тануға мүмкіндік аламыз. Тіл кез келген қоғамдық қарым-қатынастың құралы болып табылады.

Халықтың болмыс, тіршілігінің, мәдениетінің, таным-түсінігінің күпия сырлары ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын – тіл арқылы көрініс табады. Тілді танымдық тұрғыда зерттеу бүгінгі таңда дамып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі.

Қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыттың қалыптасуында этнолингвистикалық зертеулердің мәні ерекше. Танымдық ғылымның нысаны болып саналатын таным, тіл мен ақыл, олардың өзара қатынасы сонау көне заманнан пікірталас тудырып келген түсініктер. Тіл мен ойлаудың өзара қатынасы – ертеде философтарды да ойландырған мәселе. Атаулар көмегімен қоршаған ортаны танып білу танымдық құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл процестің ең жоғарғы сатысын байқап бағдарлап, мән мағынасын түсіне танып білу болып саналады.

Дүниетаным жеке адамның өмір сүруімен байланысты болумен бірге адамның қоғамдық өмірдегі орнына да қатысты. Дүниетанымның жинақы көрінер жері – ұлттық дүниетаным. Ұлттық дүниетаным ұлттың бүкіл бітім-болмысымен, қоршаған ортасымен, шаруашылық жүйесімен, табиғат құбылыстарымен тығыз байланысты. Ұлттық дүниетаным ақын-жазушылар туындылары арқылы көрініс табады. Тіліміздегі этнографизмдер арқылы, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы т.б. жолдармен беріледі.

Бүкіл рухани қазынаны жинақтап, сақтайтын ұлттық тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау мәселесі тіл білімінде өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Бұл ғылымдардың тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің құрылымдық, функционалдық жүйесінің кешенді үлгілерін айқындауды мақсат етеді. Мысалы, когнитивтік лингвистикада тіл мен таным бірлікте қаралады. Яғни тіл мен таным сабақтастығы адамға қатысты біртұтастықта қаралады. Адамға тұтастық деп қарау бірнеше ғылым саласының зерттеу әдістері мен құралдарының бір мәселе үстінде тоғысуына әкеледі.

Қазіргі тіл білімінде осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік бағытта және когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының негізінде жүргізілуде. Өйткені тілді зерттеудің когнитивтік жүйесі «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізілуі - тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Тіл мен таным процестерінің ара қатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Тілдік бірліктердің ұлт дүниетанымының айнасы екендігін талдау барысында аңғарамыз. *Шыр айналды шаңырақ,*

Сықырылады сырғауыл,
Бұрқырады бар аймақ
Соқты ышқына көк дауыл.
Көшті дауыл керуені,
Ілестім дауыл керуені,
Көк дауылдай кеуделі
Жігіт болдым, ер жеттім. «Дауыл» (1942ж.)

Ақынның дауылды суреттеуінде шаңырақтың қозғалуы, сырғауылдың сықырлауы, дауылдың керуенінің болуы, дауыл кезіндегі киіз үйдегі көріністі білетін, көзбен көрген, керуеннің көшуін білетін ақынның суреттеуі.

Уа, дариға-алтын бесік туған жер,
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

Шын мәніндегі көркем шығарманы табиғи дарын, асқан талант, ерекше шебер ғана жасайды дедік. Ал осы ерекше шеберіміз тыңнан сөз жасап, жоқтан бар жасай ала ма? Жоқ. Өйткені әдебиет теориясы жайлы жазған еңбегінде З.Қабдолов образ жайлы былай дейді: «...әр сөз о баста образдан туған, келе-келе көп образдар ұмытылған да, олардан туған сөздер ғана қалған. Сондықтан образды тіл деген ұғымды жаңалық деу қиын. Бұл — әр сөздің табиғи қасиеті»[1]. Олай болса, әрбір суреткер өз ұлт тіліндегі өзінен бұрын қолданылып келген бейнелі сөздерді, ұлттық поэтикалық тілдің өзіндік үлгілерін пайдаланады, ондағы ұлттық, халықтық ерекшелікті сөзсіз сақтап отырады.

Көркемдеу құралдары-образды сөз адамдардың өз ойын бір нәрсені екінші бір нәрсеге, бір құбылысты екінші бір құбылысқа балау, салыстыру, теңеу, мегзеу арқылы білдіру әрекетінен туғаны аян, болашақта да солай бола да бермек.

Дүниедегі ешбір ерекше талант өз ұлтының халықтық ауыз әдебиетінен, осы тәрізді халықтық ойдың нәтижесінен, оның көркемдеу құралдарынан пайдаланбай, одан үйренбей қалған емес.

Қазақ тілінің ұлттық көркем әдеби нормалары туралы профессор Р.Сыздық: «Ұлттық көркем тіл стилі, оның нормалары жазушы мен оқырманның талғамынан туады. Көркем стильдік нормалардың қалыптасып, орнығуында жазушылардың ролі зор екендігі белгілі. Шын мәнінде көркем әдебиет тілі жалпы әдеби тілмен тығыз байланыста бола отырып, онымен тарихи контексте дами келіп, сол тілдің шоғырланған көрінісін береді. Қазақ көркем сөзінің ұлттық белгілерін анықтауда біз де осы танымды ұстанамыз, яғни көркем әдебиет стилінің нормалары, бір жағынан, жалпы әдеби тіліміздің ұлттық ерекшеліктерімен ұштасып жатса, екінші жағынан, ол нормалар көркем әдебиет тілінің ұлттық белгілерін ұсынатын қуатты көз болып танылады» [2]– дей келіп, қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілерінің бірі ретінде сөзді астарлап, бейнелеп қолдануды айтады. Бейнелілік тек көркем әдебиет тіліне ғана емес, қазақтың жалпы сөйлеу тіліне тән белгі. Бұған сөздік қордағы атауларға зер салу арқылы көз жеткізуге болады. Затты, құбылысты, іс-әрекетті суреттеп сипаттап, астарлап айту мен теңеулердің активтілігі сияқты белгілер – қазақ көркем тілінің ұлттық сипаты.

Көркемдік қуаты аса қарымды Қ. Аманжолов шығармалары метафоралық сөз қолданыстарға аса бай. Жалпы, ақын шығармаларындағы метафора жайында сөз қозғағанда, біздер, әрине, поэтикалық метафораға тоқталамыз. Қ. Аманжолов шығармаларындағы поэтикалық метафоралар – ақынның ой өрісін, дүниетанымын, ақындық шабытын, шеберлігін, көркемдік көру қуатын байқататын аса құнды үлгілер.

Дүние-базар, аралап кете барды,
Тілін ұқты, сырын да тез аңғарды,
Су орнына жұтты да аққан жасты,
Күй орнына тыңдады қайғы-зарды(17 б.)
Көңілі-дария, ойы –аспан,
Асқар шыңнан бойы асқан,
Ай, күнімен аспанның
Әзілдескен сырласқан,
Ұшқыш болғым келеді!(21 б.).
Жайқала бер, қызыл гүлім,
Жүгірейін жеміс теріп,
Қызыл гүлім - жас ғұмырым,
Ақын жанға болған серік(34 б.)
Еісіңде ме сол бір жыл,
Оқушы едің рабфакта,
Сен - қызыл гүл, мен - жас бұлбұл,
Кездесіп ек бір бақта(42 б.)
Деді де, жер төбесіне
Қойды апарып туын тігіп...
Жер-доңғалақ, күпшігіне
Майыспайтын салды білік(50 б.).

Демі-жалын, сөзі оқ,
Қатуланды қиыр шет;
Келген жауда үрей жоқ,
Қалш-қалш, дір-дір, селк-селк-селк.(67 б.).
Шырқа, шырқа аспандат
Көңіл күйі-әніңді!
Сен - магнит, мен - болат,
Тартасың жас жанымды(70 б.)
Поэзия - асыл жар,
Тек өзіңе тең болсам;
Менде қандай арман бар,
Мәңгі бірге сен болсаң!(308б.)

Ақынның *Дүние-базар; Көңілі-дария, ойы –аспан; Қызыл гүлім - жас ғұмырым; Сен - қызыл гүл, мен - жас бұлбұл; Демі-жалын, сөзі оқ; Сен - магнит, мен – болат; Поэзия - асыл жар*-дегендер метафоралық қолданыстар.

Ақынның поэтикалық сөз қолданыстары өзіндік даралығымен көзге түседі. Ақынның өзіне ғана тән сөз өрнектерімен өрілгендігіне поэзиязын зерделеу барысында аңғарамыз. Ақын әлемінде метафора поэтикалық образ жасаудың құралы болумен шектелмейді, образды көркемдікке жету басты меже емес, метафоралық мағына – жеке ой қорытындысының түйіні.

Қасым Аманжоловтың кей өлеңдерінің тақырыбының өзі метафораға құрылған. «Семья-шағын мемлекет», «Мектеп-кеме, білім-теңіз» өлеңдерін айтуымызға болады

Ақын поэзиясы тілін саралағанда метафора *ой дәлдігі, мағына айқындығы* үшін де қызмет еткеніне көз жеткіздік.

Жан сусыны-тәтті лебіз,
Жан азығы - сұлу жыр,
Тояттасын халқым тегіс
Ақтарылсын ішкі сыр(55 б.)

Автор қоршаған ортаны “өз көзімен” көру арқылы субъективті танымын білдірген. Мысалы,

Дүние *тулап* жатса да,
Мұхит *моңкіп*;
Дүние дөңбекшіп жатты,—

деген жолдарындағы әдетте айтыла бермейтін, байырғы ұғымнан алшақ қолданылған «дүние тулап», «дүние дөңбекшіп», «мұхит мөңкіп» деген бейнелі сөз тіркестері бұл жерде сезімге әсер етіп, ойнап шыға келген. Ат құлағында ойнаған қазақ үшін «тулау», «мөңку» сөздері таныс құбылыс. Көркемдіктің негізгі шарттары ой айқындылығы, дәлдігі, сезім сұлулығы, нәзіктік, оқиға желісінің суреттілігі болып табылады. Қасым Аманжоловтың көркемдеу құралдарының халықтық үлгісін пайдаланып, өз тұсынан оны жетілдіре, дамыта түскен талант екендігі даусыз.

Ақын шеберлігінің бір қыры- сөзге үнемділігі, бір сөз, бірер тіркеске көп мән сыйғыза білуі. Ұзын-ұзақ баяндау; бәрін қамтимын деп әр дерекке бір жармасып, арам тер болу; бір ойдың өзін бейнелеуге топырлатып сөз тоғыту- ақынға мүлде жат.

Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден;
Жетімдік тағдыр жетті ептеп
Қабағын жаба түксиген.

Өмір қиындығымен бала еңбектей бастағанда-ақ кездесті. Осының бәрін шолып жатпай-ақ, «Өмірге келдім еңбектеп»- деп, бір ғана жолмен әсерлі бейнелеп тұр. «Әкем өлді»- деу оның өлімін әншейін хабарлау боп шығар еді. «Шалқалап әкем шықты үйден»- деген сөйлемде әке өлімін білдіру ғана емес, соған деген есейген лирикалық кейіпкердің қайғыру, жоқтау сезімі де бар. Бір адамның өмірге келуін, енді бірінің өмірден кетуін «еңбектеп», «шалқалап» сөздерінің қарама-қарсы қойылуы да жарқыратып аша түседі.

Қасым Аманжоловтың қажеттігіне орай қолданған бейнелі сөзінің бір үлгісі тұрақты сөз тіркестері. Ақын халықтың «Астын үстіне шығарып», «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман», «Бүркіт қуған торғайдай», «Қабағынан қар жауып», «От тілді, орақ ауызды», «Көрден шыққан қорқаудай», «Төркіндеп келген қыздай», «Таң асырған тұлпардай тыпыршып», «Асау аттай тықыршып;», «Айтып айтпай не дейін», «Білінді тағ саз беріп құлан иек», «Бұрап тұрып жұлып алар, фашизмнің кеңірдегін», «Тіміскіген бұралқы ит», «Токионың нақ сонда, төбе шашы тік тұрды» тәрізді толып жатқан түрлерін қолданған. Ал бұлардың бәрінің де автордың ойын білдіріп, мазмұнды тереңдетіп және оны ашық, айқын танытуға әсер етіп тұрғаны сөзсіз.

Жұмыртқалар жетті кез
Қой үстіне боз торғай.
Туғанын да көрді көз
Оңынан күн, солдан ай,—

деген бейнелі сөздердің сөйлеу тәсілінде қолданылып, екінің бірінің аузында жүретін халықтық үлгісі еркін жеткізіп бере алған. Ал «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман» деген *идиомалық* сөздің мәнісін

ақтара тізсең, қоғамның бүткіл бір формациясының сыр-сипатын түгел ашуға жетіп жатқаны талас тудырмайды. Бейнелі, тұрақты сөз тіркесінің мұндай үлгілері Қасым Аманжолов поэзиясында мол ұшырайды. Мысалы, қазақта қайда барса да бір шырғалаң, кедергі кездесіп, реті, жөнімен тынбаған бір іс туралы айтылатын «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген идиомалық бейнелі сөз тіркесі бар. Қасым «Тұрмыс толғауы» дейтін толғауында «Құтылып Қорқыт көрінен» деген жалғыз-ақ жолмен берген. Мұның ар жағында «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген идиомалық тіркестің мағынасына халықтың ауыр тұрмысы.

Халықтық бейнелі сөздің ең бір өткірі, нысанаға дәп тиер пәрмендісі, ойды аз сөзбен терең жеткізудің бір жолы — мақал-мәтелдер болса, Қасым Аманжолов бұларды да дәл сы мақсатта шебер пайдаланып отырған. Мысалы, Қасым Аманжолов шығармасында «Ит ашуын тырнадан алғандай-ақ», «Аңқау елге арамза молда көп қой», «Ерді намыс, қоянды қамыс құртар», «Жаны тәтті жаманның», «Өлімнен ұят күшті» деген рас, «Жете ме жоққа жүйрік» деген сөз бар, «Екі жарты бір бүтін», «Жауды аяған жеңілер», «Әр тасқынға бір тосқын бар» тәрізді мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Ақын мұнда да бірде мақалды өзгертпей, халықтық нұсқасын сақтап пайдаланып отырса, бірде өлең өлшеміне, ұйқас, ырғаққа бағындырып, инверсияға құрып, сөздердің орнын ауыстырып пайдаланған. Бірқатар жағдайда өлең өлшеміне байланысты олардың мазмұнын алып, сөз санын азайтып қолданған. Айталық халықтық нұсқадағы:

Ерді намыс өлтіреді,
Қоянды қамыс өлтіреді—

деген мақалды Қасым бір жолға сыйғызып, «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтірер» деп алған, Сондай-ақ халықтық нұсқадағы:

Байдың малы тәтті,
Кедейдің жаны тәтті, -

деген мақалды «Жаны тәтті жаманның» деп қоғамдық жаңа жағдайға, адамның жеке басының қадір-қасиеті, адамдық парасат, ар-намысқа байланыстырып, өзгертіп, инверсияға құрып қолданған.

Қ.Аманжолов аудармаларына назар аударсақ ұлттық танымға сәйкес алынған бірліктер қазақ танымына сай жұмсалғандығын аңғарамыз.

Қасым Аманжоловтың Еуропа ақындарын қазақ тіліне асқан шеберлікпен аударуының басты сыры да – оның ақындық талантында жатыр. Қасым Аманжоловтың аудармасында А.Пушкиннің лирикалық жырлары, М.Лермонтовтың өлеңдері, А.Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмасы ақынның төл туындысындай болып кеткен. Зер салып қарасақ:

(Т.Шевченкодан)

Осынау жарық дүниеде,
Бармын ба мен – білмеймін.
Қаңғалақтап жүрмін бе әлде
Жыламаймын, күлмеймін
Сыбағам қайда, сыбағам?
Жоқ па сірә ешқандай?!

Егер осы өлеңді Тарас Шевченко емес, Қасым Аманжоловтың өзі жазды десе де иланар едік. Ақын Тарас Шевченконың өлеңін құр аударып қана қоймаған, іштей онымен бәсекеге түскен. Ақынның өмірінен хабары бар адам бұл өлеңнен Шевченкодан гөрі Қасым тағдырына сәйкес іздерді аңғара алады.

Қасым Аманжоловтың қазақ әдебиетінің кемелденуі үшін сіңірген көл-көсір еңбегін тілмен айтып жеткізу қиын. Ол дауылды дәуірде туса да, қан майданда жүрсе де қазақтың рухы үшін күресіп, қазақтың рухы үшін арпалысып, өз жүрегінің жалынына өртеніп өлді. Ақынның:

Ей, тәкәппар дүние!
Танисың ба сен мені?
Маған да бір қарашы,
Мен қазақтың баласы! –

деп айдай әлемге жар салуы да сондықтан.

Шаралған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде,
Қай жерде үзілесің қайран сапар,
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.
Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,
Көп күттім, қарайладым құмарлана,
Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім,
Алыстан көрінгенмен мұнарлана.
Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап,
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемде мен жатармын қырда қымтап –

деп егіліп сыр толғап, ағынан ақтарып, тебірене толғанған ақын мол әдеби мұра, өшпес із қалдырған қазақ әдебиетінің биік аспанындағы жарық жұлдыздардың бірі болды.

Қасым Аманжоловтың Еуропа ақындарын қазақ тіліне асқан шеберлікпен аударуының басты сыры да – оның ақындық талантында жатыр. Қасым Аманжоловтың аудармасында А.Пушкиннің лирикалық жырлары, М.Лермонтовтың өлеңдері, А.Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмасы ақынның төл туындысындай болып кеткен. Ақын аудармада да өзіндік қолтаңбасын таныта білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352б
2Сыздық Р Сөз құдіреті. Алматы:Санат,1994-234 б

ӘОЖ 81.371

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ДАМЫТУДАҒЫ ПРОДУКТИВТІК ӘДІСТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР МЕН ШАРТТАР

Ж. САГЫНТАЕВА
оқытушы, ПМПИ, Павлодар қ.

Оқыту әдістерін жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Оқыту әдістерінің тиімділігін арттырып, оқытудың жаңа нысандары мен тәсілдерін меңгеру қажеттігіне педагогикалық зерттеулерде айрықша маңыз беріледі. Алайда, оқыту әдісін таңдау – күрделі процестің бірі. Кейбір әдістерді қолдануда біржақты асыра сілтеушілікке жол бермеу керек. Әр тақырып оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Соңдықтан, оқытуда әр түрлі әдістерді қолдану қажет. Сабақтың тақырыбы мен мақсатына, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, оқушылардың дайындық дәрежесіне сәйкес, сабақтың құрылысы мен оқу әдісін ұдайы толықтырып отыруды мұғалім өзі белгілеп, өзі таңдап алады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың басты идеясы – продуктивті әдістерді пайдалана отырып, олардың білімін жетілдіру. Продуктивті әдістердің ішіндегі ең негізгілеріне: жартылай-ізденушілік немесе эвристикалық және өз бетімен іздену, зерттеу әдістері жатады.

Өздігінен ізденуге арналған тапсырмалар оқушылардың шығармашылық қабілет сапасын дамытады. Психологияда шығармашылық оймен жұмыс істеу – ақпаратты құрастыру, себепті-ізденушілік байланысты анықтау, тәжірибелік әрекетті жоспарлау және орындаумен дәлелденген [1,7]. Ізденіске құрылған тапсырмалар ғана шығармашылық қабілет сапасын дамытады. Іздену тапсырмаларын орындауда оқушы жаңа білімнің элементтерін шығарады.

Баланы әлемдік жағдайда қызығушылығы бар, талабы жанған етіп тәрбиелеп шығудың басты негізі – психология бойынша толыққанды, мақсатты түрде ұйымдастырылған оқушының өздігінен іздендіру жұмысы. Қ.Жарықбаев пен Ө.Озғанбаевтың «Жантануға кіріспесінде» «Оқыту – мұғалімнің тәлім-тәрбие берудегі басты әрекеті болса, оқу – шәкірттің дүниені танып білуге бағытталған өзіндік әрекеті» делінген [2]. Сол сияқты Ә.Болғанбаев «Оқушы – дүниені танушы, ал шәкірт – белгілі бір бағытқа икемделуші» дейді [3]. Яғни, біз оқушы дегеннің өзі кім екендігін саналы түрде қабылдауымыз керек.

Қазіргі оқытуда әлі күнге шейін ұстаздар бағдарламаға сүйене отырып, өз пәні бойынша теорияны бала миына құю бар. Ал алдымыздағы баланың әрқайсысының деңгейі әр түрлі. Біреуінде техникаға бейімділік, біреуінде өнер, екіншісінде медициналық, үшіншісінде математикалық дарындылық ұялаған. Бірақ біз өзіміздің пәніміз бойынша талаптарды талап етеміз. Оны барлығы игеріп әкете алмайды.

Л.И.Мнацканян: «Школьные обучение традиционно оринтируются на предметную деятельность. Школа видить свою задачу в том, чтобы дать учащимся основы естественных и гуманитарных наук: научить их оперировать определенными понятиями, решать математические и технические задачи и. т. д.

Однако личность человека формируется не только предметной деятельности, но и в общений. Для успешной человеческой деятельности не менше значение, чем предметные навыки и умения, имеют умения и навыки приобретаемые в общений. Способность человека правильно воспринимать и оценивать других людей, входить в контакт и нолаживать эффективные взаимодействия с ними играеть не меншую роль в развитии личности, чем выполнение предметных действии и операций» деген орынды пікірін білдіреді [4,58].

П.И.Пидкасистый: «Процесс обучение как целостная система. Знания, умения, навыки не физические предметы, их передать просто нельзя. Они могут возникнуть в голове ребенка, человека только в результате собственной активности. Их нельзя просто получить, они должны получаться в результате психической активности обучающегося и прежде всего мышлении. Значит отношение «учитель – ученик» не может быть сведено к отношению «передатчик – приемник», – дейді [5,23]. Олай болса, В.К.Дьяченконың пікіріндей, ұстаздықтың столяр, плотник, слесорьлардан айырмашылығы жоқ болар еді. Сол салаға қызыққан оқушы тәжірибе жинап қалған плотник, етікшіден сұрап, көріп үйрене бере алады [6].

В.К.Дьяченконың айтуы бойынша, біздің оқу үрдісімізде екі жақтылық – ұстаз әрекеті және оқушы әрекеті болады. Ондай оқытудан біздің, ұстаз ретінде педагогикалық қарым-қатынасымыз қажет. Бұл жерден шығатын қорытынды, ұстаз балаға тек өз пәні бойынша шекті түрде теориялық білім игертіп қоймай, жан-жақты

білім, қабілет дарытуымыз керек. Біздің оқушыға 23-25 пәннен берген құр теориялық, оқулық бойы дарытқан «мықты» біліміміз оның өмірде өзіндік шешім қабылдауына, кездескен проблемаларын жеңіп, толыққанды өмір жолын таңдауына көмектесе алмайды. Оның себебі – мазмұнның теориялық артықтығы және оқу материалы мөлшерінің көптігі. Оның үстіне бала бір ғана пәнді оқымайды. Ол әр пән сайын тапсырма алады. Егер тапсырманың көптігін көздесек, нәтижеге жетпейміз. Біз оқытуда психолгия жағын ескеруіміз керек.

А.Байтұрсынов: «Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Оқу басында қиын болса, балалар миға (ұйыққа) түскен мал сықылды малтығып, жылжи алмай қиналады, үйретуші сүйреп шығара алмай қиналады,» – десе, [7,323], енді бірде

«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін ол жолдан балалар қиналмай оқу үшін балаға жұмысты әліне шағымдап беруінен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру» – деп, мұғалімдердің де бала өмірінде атқаратын рөліне баға беріп кетеді [7,336].

К.Д.Ушинский мен П.Ф.Каптеревтердің пікрінше: «Педагогикалық процесс оқушы мен мұғалімнің бірлескен әрекеті: бір жағынан, бұл – мұғалімнің бағыттаушы, ал екінші жағынан – оқушылардың өзіндік ішкі әрекеті. Яғни оқушылардың білім игеруде белсенділігі мен қызығушылығы, талпынысы болу керек. Білімді игертуде оқушының ішкі мүмкіндіктері бірінші орында болуы тиіс» [8].

В.А.Бухвалов: «Оқыту – ол барлық жаттанымдар ұмытылған кезде оқушының санасында не қалды, физика мен химияның заңдылықтары, геометрияның теоремасы мен биологияның ережесі ұмытылғанда оқушының басында не қалу керек? Әрине, (шығармашылық икемділік) практикалық және өздігінен танымдық әрекет үшін шығармашылық икемділік, сонымен қатар кез келген әрекет оның моральдық нормасына жауап бере алатынына сенімділік. Ғылымның және өнердің нақты анықтамасы ұмытылуы мүмкін, ең негізгісі оларды еске түсіру үшін қай кітапты және оны қайдан іздеу керектігін, қалай жазып алуын еске түсіріп түрлі есте сақтауды дамыту әдістерінің көмегімен жадыда қалдыруды ұмытпауы тиіс», – дейді [1,4].

Адам шығармашылық әрекетпен өзі шұғылданып орындағанда ғана тұлға болып дами алатындығы философияда дәлелденген. Қытай даналығында былай делінген: «Маған айт – мен ұмытып қаламын, маған көрсет – мен есімде сақтаймын, маған өзіме жасауға бер – мен үйренемін».

Өздігінен іздене білім алу тұлғаның сапасын дамытудың негізі болып табылады. Тұлға – ол шығармашылық әрекетті өз бетінше орындай алатын адам. Тұлға мынадай ойлау операцияларын орындай алғанда ғана шығармашылық оймен жұмыс істей алады: ақпаратты құрастыру, себеп пен ізденушілік байланысын анықтау, тәжірибелік әрекетті жоспарлау және орындау. Бұл психологияда дәлелденген [1,7].

Өздігінен іздендіре оқытуда тапсырманы өзіне жасауға беру көзделеді. Себебі бала тыңдаушы емес, үйренуші, мұғалім айтушы емес, көрсетуші, нұсқаушы. Оқу үрдісінде оқушылардың өзіндік жұмысы деп мұғалімнің ұйымдастыруымен оқушылардың белсенділік әрекетін белгілі уақыт ішінде қойған дидактикалық мақсатты орындауға бағытталған білімді іздеу, оны ұғыну, бекіту, білік пен дағдыны қалыптастыру, білімді дамыта жүйелеу және талдап қорытуды айтамыз.

Өз бетімен жұмыс жасауда оқушылар мынадай алгоритмдерді орындай алады:
– берілген тапсырмаға тікелей қатысты мақсатты нақтылау,
– мақсатқа жету, оған жету жолдарын байқау,
– ізденіп оқу, ізденіп оқу арқылы берілген тапсырманың, сұрақтың
– шешімін табу,
– өз пікірін пайымдау,
– айтар ойының жоспарын жасау, жоспар бойынша өз ойын баяндау,
– өзінің ойын басқа ғалымдардың пікірімен салыстыра отырып
– дәлелдеу,
– өзіне берілген мәселені шешу үшін ұсынатын нақты дәлелін жинақтап,
– бір айқын түрдегі қорытындыға келу.

Н.Г.Дайридің зерттеуінде мұғалімдер үшін маңыздысы – жаңа тақырыпты ашуда оқушының білімін белсендіру әдісі ұсынылады. Ондағы маңыздылық мұғалім жаңа материалды түгелдей ашып бермейді, негізгі бөлігін танытып, әрі қарай оқушыға проблемалық ситуация туғызып береді. Оқытушы өзі жұмыс істемеу керек, керсінше жұмысты оқушы өзі жасау қажет. Мұғалім тек оқушының жауабын дұрыстайды, тереңдетеді, күрделендіреді [9,29]. Оқыту оқушы мен мұғалім арасындағы түрлі байланыс арқылы бала жұмысының мұғалім басқаруымен жүретін екі жақты процесс болып табылады. Сабақта мұғалім тек қана жаңа тақырыпты түсіндіріп бермейді, сонымен қатар оқушыны өздігінен жұмыс жасауға үйретеді. Е.Я.Голант пен Л.П.Аристова зерттеулерінде, біздің байқауымызша, оқыту үрдісінің екіжақтылық жағдайы және өздігінен тану ұғымы білімнің шығармашылық қолданысы, нәтиже, өздігінен бақылау жиынтығы ретінде қарастырылады [10,11], [11,13].

Л.П.Аристованың еңбегінде оқушылардың өздігінен тану кезіндегі ұстаздың орны мен рөлі, ғалымның ойынша, оқушылардың өздігінен ойлану, ізденуі мұғалімнің әрекетті ұйымдастыру қабілеті мен мазмұнына байланысты қалыптасып дамиды. Жаңа білімді меңгерту кезінде түрлі тапсырмалар орындауда оқушыларды өздігінен іздендіре жұмыс істеуге итермелеуде мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынас маңызды орын алады. Мұғалім олардың қай жерде қалай жұмыс жасау керек мәселесімен шұғылданып, басты бағыт беруші ретінде дайындайды, бағыт сілтейді [11,69]. Сондықтан мұғалімнің жаңа тақырыпты игертуі

оқушылардың сол тақырып арқылы басқа білімді өздігінен игере алуына дайындығы, негізгі құралы болуы қажет. Жаңа білім оқушыларға мұғалімнің хабарлап, баяндауымен ашылмауы керек, керісінше оған оқушы түрлі материалдарды өздігінен іздене ақтарып, жауабын тауып қол жеткізуі тиіс, ал оқытушы оқушылардың танымдық әрекетін жандандырып, олардың ізденісіне бағыт беріп, нәтижеге өзі жетуіне жағдай жасаушы болады. Оқушылардың бұрынғы өздерінде қалыптасқан білімі, өздігінен ойлана, іздене жұмыс жасау қабілеті жаңа тақырыпты меңгеру кезінде олардың одан әрі еркін, өз бетінше қызыға іздене жұмыс жасауына күш болып, бұрынғы білім негізінде білімді өзі іздене қабылдай алу дағдысына айналуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бухвалов В.А. Развития учащихся в процессе творчества и сотрудничества. –Москва: Центр “Педагогический пойск”, 2000. – 144 с.

2 Жарықбаев Қ., Ө.Озғанбаев. Жантануға кіріспе (жалпы және арнаулы білім беретін мектептерге арналған оқу құралы). –Алматы, 2000. –187 б.

3 Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. –Алматы, 1980. –203 б.

4 Манацканян. Что такое оценочное способности. –М.: Просвещение 1991. –191 б.

5 Пидкасистый П.И., Коротяев Б.И. Самостоятельная деятельность учащихся в обучении. Учеб. пос. –М.: МГПИ, 1978. –77 с.

6 Дьяченко М.И., Кандыбович Л. А., Пономаренко В.А. Готовность к деятельности в напреженных ситуациях. –Минск: изд-во “Университетское”, 1985. – 206 с.

7 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

8 К.Д.Ушинский. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі (проблемалары) таңдамалы пікірлер. – Алматы: Қаз.мем. ОҚБ, 1951. –73 б.

9 Дайри Н.Г. Обучение истории в старших классах средней школы. Позновательная активность учащихся и эффективность обучение. –М.: Просвещение, 1966. –437с.

10 Голант Е.Я. Методы обучения в советской школе. –М., 1957. –152 с.

11 Аристова Л.П. Активность учения школьников. –М.: Просвещение, 1968. –139 с.

ӘОЖ 882.151.212.2

ШЕЖІРЕЛІК МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ТАРИХИ ТАБИҒАТЫ (ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Ш.Б. СЕЙІТОВА

ф.ғ.д., доцент, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

Ғасырлар бойы даналығымен, өміршеңдігімен, қасиеттілігімен өзінің маңызын жоймай келе жатқан халқымыздың тәлім-тәрбиесі ұрпаққа рухани азық. Халқымыздың тілін, ата салтын, тарихын, ұлттық дәстүрін ұмытып, адамгершілік өресінен табылар құндылықтардың парқы азайған уақытта ана тілінің нәрлі бастауынан, адамның көкірек көзін ашатындай қайнар бұлақтардың арнасын, көзін ашу – тіл қасиетін түшына түсінуге бастар жол. Тілдегі мың сан мағыналық бірліктерді жинастыра отырып, оларды кешенді түрғыда саралау – алтын сандықтың аузын ашумен тең.

Халқымыздың ежелден дәріптеп, қастерлеп келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып отырған қазақ ескіліктерін құрайтын рухани құндылықтардың бірі – ата-баба шежіресі, аңыз-әпсаналардан аршып алынған мағыналық бірліктер, ел ішіндегі көзі қарақты, көкірегі ояу саналы адамдардың аузынан, мұражайлардан, бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған, жинастырылған тілдік материал жаңа сапада зерттеу нысанына айнала бастады.Қазақ халқында ата шежіресі ерте кезден бар. *Жеті атасын білмеген жетесіз; жеті атасын білген ер, жеті рулы елдің қамын жер, жалғыз өзін білген ұл, құлағы мен жағын жер* деген аталы сөздер соның айғағы. Ру, бау, сан, тайпа, тұқым, тек, арыс, жүз, жұрт, ел, Отан сияқты халықтың барша тарихын көрсетер категориялар – айналып келгенде, шежіренің, негізгі категориялары. Бұл болса тұтас этнос, халық тарихының сырын ашуға қажет дереккөздердің бірі. Қазақ үш жұртынан тұрған: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Шежіре де осы үш жұрттың барысын көрсетіп, халықтанудың үдерісін қамтыры даусыз. «Моңғолия қазақтарының ата-тек шежіресі» атты Рахметұлы Шынайдың еңбегінде: «Туыстас немесе көршілес бірнеше отбасы бір қоныста отырса — *ауыл, ауылдас, көрші*; іргесі алшақтау болса — *жерлес*. *Қандас* – жеті атадан құралғандар (бір атаның кіндігінен тараған), бір ата 13 атадан асса *–ру*. Бірнеше ру қандастықпен, я бір мүддемен біріксе — *тайпа.* Бірнеше тайпа қоғамдасып, *жүз* болып қауымдасады. Тайпадан ірілесе *халық* немесе *ел*, оның мемлекет ішінде өзге ұлт, ұлыстармен саяси теңдігі болса *ұлыс*, дербес шекара, саяси-экономикалық тәуелсіздікке қолы жетсе *–мемлекет*, тілі мен дәстүрі, мәдениеті, өзіндік мекен-жері, әлеуметтік рух, жігері, этникалық ерекшелігі ортақтасып, дараланса *ұлт* болады» (Өлгий, 1997, 3 б.), – деп өте орынды көрсеткен. Аралары жеті атаға толып, өсіп-өнген аталар рулы елге ұласу рәсімін атап өтетін дәстүр бар. Ол үшін жеті жұртты куәға тартып, яғни жеті рудан кісі шақырып, ала арқан керіп, ала жіп аттап, боз бие шалып,

аталастығымызды ұмытпайық деп, бармақтарын қанға малып, елдік ұран мен таңба белгілесетін болған. Мұндай рәсімді, далалықтардың заңы бойынша, жеті атаға толған ұрпақтың рулық статус алуы деп білеміз. Қоғамдық құрылымда жеті ата ғана емес, тұтас елді саралап танып, сабақтап тарата білу кез келген қазақ үшін әрі өмір салтына, әрі өмірлік қажеттілігіне, әрі кісілік нормасына айналған [1, 68 б.].Ру сөзі – этнотермин ретінде жиі қолданылатын таксономиялық бірлік атауы. Ру сөзін жіктеу барысында: “ур+уғ (зерно, семья; род, потомство) [2, 615 ст.].Бұл мысалда «өсу, даму, жетілу, өркен жаю» семантикасы «ур» тұлғасында тұр. Қазақ тіліндегі «ұрпақ» (тұқым, жұрағат, нәсіл) [3, 111 б.] зат есімі де осы лексикалық-семантикалық топтың қатарын толтырады. Академик Ә.Т.Қайдар *ру* этнотерминінің этимологиясын *ұр [ur]*көне түркілік түбірмен байланыстырады да оның семантикалық мазмұнында *потомство* «ұрпақ», *род* «тек, тұқым», *семя* «ұрық» семаларын айырады [4, 267 б.].Бұл этнотерминнің этимологиясын *ұр* көне түркілік тұлғасымен байланысты қарап, Ә.Қайдар ұсынған *“ұрық “, “тұқым “, “ұрпақ “* семантикасын дұрыс деп білеміз. Біріккен рулар одағын айқындайтын тайпа термині: *Таіфа* –народъ, племя *(араб)* [5, 43 ст.],яғни халық, тайпа мағынасын білдірсе, арыс сөзі: (кір.) -1. арыш – боковой шестъ у пурта телъги; 2. оглобля; 3. отдъл племени – бір арыс халық – один отдел народа [6, 278 ст.] –деп В.В.Радлов бірнеше мағынасын көрсетсе, соның ішінде тайпа, халықтың бір бөлігі деген мағынасы ру, рулар одағы дегенге саяды. «Қазақ шежіресі һақында» атты еңбекте *арыс* сөзін тайпалық бөліністің ең жоғарғы сатысы, яғни бірнеше тайпаның біріккен одағы дегенді білдіретінін айтып өтеді «*Бізде бар рулардың көпшілігі көршілес өзбек, башқұрт, ноғай, түрікмен, қарақалпақ жұрттарының да құрамына арыс-арыс боп еніп, сол елдердің халқын құрауға қатысқан*» [7, 9 б.].

Орта жүз тайпалары үшін ортақ белгі – қоғамның тарихи дамуының әр кезеңдерінде туыстық жақындықты есептеудің рулық-тайпалық құрылымдарының, яғни әртүрлі таксономиялық жіктердің көп сатылығы болып табылады. Қазақ өзінің жеті атасын білген. Бұл ұрпақ тазалығын сақтауда жеті атаға дейінгі адамдармен некеге тұрмауы үшін қажет еді. 13 атадан асса, ел ішіндегі дәстүр негізінде жаңа рудың қалыптасқанынан хабардар етіп отырған. Мұндай жаңа ру атының пайда болуы туыстықты жаңадан есептеумен (жаңа таксономиялық жіктеумен) жалғасын тапқан. Ол – бастапқы рудан, әулеттен басқа бөліктердің өсіп, ажыратылып шығуының мал жайылымын, жерді тиімді пайдалану, шаруашылықты ретімен жүргізу әулеттен жаңа ұрпақтар бөлінісінің бөлініп шығуын және олардың қауымдары мен бөлімдері жаңа рулық топтар – линиджер құруды қажет етеді. «Қазақ шежіресі һақында» атты еңбектерінде Х.Арғынбаев, В.Востров, М.Мұқанов қауымды құрайтын үлкен әулеттер шаруашылық, қоғамдық және идеологиялық байланысын сақтап қалатынын айтады [8, 182 ст.]. Аумақтық байланыстар уақыт озған сайын ығыстырылып шығарыла бергенімен, туыстық байланыс, яғни патронимияны анықтайтын белгілер, патронимдер (патрилинейный [гр. Pater – отец, linea– линия] основанный на родстве по отцовской, мужской линии, напр. род. [9, 376 ст.]), патрилинджер ажыратылмай өз мәнінде сақталған әрі бұл сөздер: патроним, патрилиндж, матрилиндж, таксоним – рууралық туыстық дәрежесін анықтайтын термин ретінде мағыналық жүк жинай отырып, қалыптасқан. Мысалы, Қаратайдың 9-ұрпағы саналатын Шоңмұрынның немере, шөберелері патронимдік жік құраса, Байыстың әйелі Мұрыннан (найман тайпасынан) көп ұрпақтар тарап, олар қауымдарға, қауымдар болыстарға біріккен. Бұл арада да рулық-тайпалық құрылымда жаңа таксономиялық жіктің пайда болғаны көрінеді. Таксон, таксоним сөздері белгілі бір дәрежеде жалпылық қасиеттері, белгілері негізінде топтасатын, бір-бірімен байланысты топтардың иерархиялық құрылысынан толық хабардар ететін таксондық категория, ал таксономия сөзі тәртіппен орналасудың заңдылығы дегенді білдіретін грек сөзінен алынған география, геология, тіл білімі, этнография салаларында қолданылатын классификациялау, жүйелеу деген мағынаны білдіретін термин [10, 495 ст.]. Мысалы, *үлкен арғын, кіші арғын, бес момын, төрт төлегетай, үш ергенекті* таксономиялық жіктелуі деп айту ғылыми тұрғыдан қалыптасқан айтылым.

Сонымен қатар қазақ тайпаларының генеологиясында туыстықты әйел тарапы бойынша есептейтін матриархат дәуірінің белгісі де сақталғанына деректер жеткілікті. Ал матрилинджік жіктер: матрилинейный [лат. Mater– мать, linea – линия] основанный на родстве по материнской, женской линии, напр. род [9,305ст.] – деп шет тілдер сөздігінде берілсе, анасы тарапынан аталып кеткен рулар баршылық. Мысалы, Мұрын, Қызай аналарымыздың атымен бірнеше рулық құрылымдар аталып кеткен. Патроним, патрилиндж, матрилиндж, таксономиялық топтар бірлесе отырып, рулар бірлестігінен тайпа, тайпалар бірлестігінен жүз, дәуірлесе халық құралады.

Орта жүз құрамына кіретін Шығыс Қазақстан аймағындағы ру-тайпа, олардың табы, тармағы және танымал адамдар есіміне қатысты мәселелер тілдік-тарихи және этнолингвистикалық тұрғыдан зерделенгенде, тарих қойнауында қатталған мағыналық бірліктерді жаңа сапада қайта жаңғыртуға болады. Жалпы этнонимдер, оның ішінде Шығыс Қазақстан аймағына қарасты ру-тайпа атаулары да белгілі бір кезеңдегі қоғамның даму барысынан, оның әлеуметтік жағдаяттарынан, ұстанған ұстанымдарынан, тарихи оқиғалардан көрініс беріп отыратын құнды тілдік дереккөз болғандықтан, кешенді пәндер негізінде, атап айтқанда, тарих, этнология, этнография, лингвистика тұрғысынан зерттеуді қажет ететін мирас болып саналады. Мысалы, найманда кім көп – мұрын, қаракерей көп. Мұрын елі санының көптігін көрсететін *мұрын он жеті болыс ел* деген о баста ресми атау, қазіргі кезде тұрақты тіркестік қалыпқа келген мағыналық бірлік. Қазіргі кезде ел ішінде қабырғалы бір қауым ел дегенді білдіретін бұл сөз кеңес төңкерісінен бұрын қалыптасқан.

Жинақталған тұрақты тіркестерді тізбектегенде тақырып аясының кеңдігін көруге болады: а) тарихта «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деген атпен қалған дүрбелең кезең жайлы ел ішінде көптеген

тұрақты тіркестер қалыптасқан: *қазақта Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Төледен асқан би жоқ; Найманда кім білмейді Боранбайды, бар найман; ә)* таптың сан мөлшерін: *Төрт ауыл Суйіндік* [11, 69 б.], *Отыз ұлды Қожан* (Арғын – Болатқожа – Қаракесек – Тапас – Қара –Шор).Қаракесектен шыққан Қожан тентек: «Қара шорыңмын, Құдайдан соңғы зорыңмын!» дейді екен. *Отыз ұлды Байзақ*, Кіші жүзде *отыз ұлды Дастан*, *жиырма ұлды Рай*, *Қаракесекте он жеті ұлды Берті*с, *Қаракесекте он алты ұлды Жоламан, Күлікте он бес ұлды Тілеуімбет, Алтайда он үш ұлды Саңырық, Айдаболда он ұлды Еламан, Қуандықта тоғыз ұлды Аралбай, тоғыз ұлды Тоқбура, тоғыз ұлды Итқара, тоғыз ұлды Мұрат, Бекайдар Тінәліде тоғыз ұлды Түгелбай, Айдаболда тоғыз ұлды Мамыт)*[12, 193б.]; б) ерекше қасиетімен тарихта аты қалған: Қаһарлы Жанақ. (Жанақ Жаңабатырұлы (1768-1863) – басқа адамдардың ықтияр-ырқын баурап, мінез-құлқын, болмысын өзгертетін ерекше қасиетті кісі, әсерлі өріс иесі (гипноз). Ел ішінде ол *Әулие Жанақ, Көреген Жанақ, Дағал оқты Жанақ, Қаһарлы Жанақ* атанған)[13, 89 б.].

Ру-тайпа атауларынан, танымал, белгілі адамдар есімінен қалыптасқан тұрақты тіркестерді жинастырудың бірден-бір көзі – жергілікті жер материалдары, соның ішінде әр рудың, оның тармағының тарихын зерделейтін – шежірелер. Себебі, кез келген шежіренің өн бойынан белгілі бір ұлт пен ұлыстың, тайпаның, рудың арман-мақсатын, аңызға толы жүріп өткен жолын, өнегесін, ұлттық тағылымын, өмірлік дағдысын, ұстанымының т.б. өрнегін көруге болады.Сондықтан да ата-бабамыз: *аталы ұлға сөз берсе – алты атасын мақтайды, жетесізге сөз берсе – жеті атасын боқтайды*, – деп жылдар тезінен өткен өнегелі сөз қалдырған. Шежіре – әрбір тайпа, ру, ата, әулеттің кәсіп-қаракетіндегі, биологиялық, психологиялық т.б. қасиеттерін саралайтын, өзге ешбір жұртта жоқ қазына [14, 13 б.]. Басқа халық үшін жаңалық болып саналатын тектік ғылыми институттар қазақ даласындағы генеологиялық, яғни тектік бәйтеректің тамыры мыңжылдыққа дейін баратын болса, тектік шежіре бойында арғы аталарымыздың мыңдаған жылдар жинақтаған өмірлік тәжірибесі, ғасырлар тезінен өткен өмір сүру ғылымының қағидалары сақталған әрі жылдар, ғасырлар ағынымен келген шежірелердегі тектік ақпарат бүгінгі күнмен ұласып жалғасын табуда. Дереккөз ретінде алынған шежіре материалдарының ру-тайпа, оның табы, танымал адамдар есімінен қалыптасқан тұрақты тіркестерді ғылыми айналымға түсіріп, тілдік тұрғыда сараптауда рөлі зор.

Қазақ халқын идентификациялайтын арналардың бірі – этноним атауының аясында шоғырланатын ұлт болмысы сынды пайым-байқау, ұғым-түсініктің бастауы, толыса түсетін арнасы, ел іші әңгімесінің төңірегінде өрбитін қайнар, ол – халық тілінде сақталған этнонимдік аталымдар, олардан туындайтын тұрақты тіркестер. Өзін-өзі ұлт, халық ретінде бірегейлестіруге қатысты мағыналық бірліктер шежіре-тарих, әдебиет-тіл, этнография, этнологияға қатысты тұтас тілдік әлемді құрайды да дүниетаным мен дүниені бағалаудың ұлттық негіздерін қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тарақты А. Балталы, бағаналы ел аман бол. – Алматы: Қазақ университеті. – 1993. – 224 б.
2 ДТС. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.
3 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. –168 б.
4 Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Арыс, 2005. – 304 с.
5 Малов С.Е. Язык желтых уйгуров (словарь и грамматика). – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1957. – 43 с.
6 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Санкт-Петербург, 1893. – Т.1, ч.1.– 772 с.
7 Қазақшежіресі. – Алматы: Атамұра–Қазақстан,1994. – 160 б.
8 Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.
9 Словарь иностранных слов. 7-изд.– М.: Русский язык, 1979. – 624 с.
10 Словарь иностранных слов. 16-изд.– М.: Русский язык, 1988.– 624 с.
11 Көпейұлы Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ фольклоры. – Павлодар: ЭКО, 2006. – 3 т. – 400 б.
12 Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі // Ұлт тағылымы, 2003. – №1.
13 Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. − Павлодар: ЭКО,2007. − 445 б.
14 Жанболатұлы М. Тобықты – Шыңғыстау шежіресі. – Алматы: Курсив, 2004, – 1т. – 520 б.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қ. СЛЯМБЕКОВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Этнолингвистика-халықтың тілін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дінін, мәдениетін рухани бірлікте қарастыратын жаңа қалыптасып келе жатқан ғылым. М-Ж. Көпеев: «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнге қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында, әулиелік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың бәрі жақсы

болып, әулие болып өткен» [1]. Бұл-этнолингвистика туралы айтылған алғашқы пікір деп білеміз. Тілді халықтың әдет-ғұрпымен байланыстыра зерттеу XVIII ғасырдың соңғы жартысында өмір сүрген неміс жазушысы және әдебиетшісі Иоганн Бердердің (1744-1803) поэзияға байланысты зерттеулерінде, одан кейінгі кезде Вильгельм Губольдт еңбектерінде кездеседі. Бірақ, тіл мәселесін мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санамен байланысты зерттеуге ерекше көңіл бөлу, оны тіл білімінің күрделі проблемасы ретінде қарау XX ғасырдың 20-30 жылдарында белең алды. Оны Америкада қалыптастырушылар-Эдуард Сепир (1884-1939) мен Бенжамен Уорф (1897-1941). Американың этнолингвистика мектебінің теориялық негізі Э. Сепирдің «Тіл» (1921), «Лингвистиканың жайы» (1929), «Тіл, ойлау және шындық» (1956) деп аталатын жинақтағы мақалаларында баяндалады. Германияның этнолингвистикалық мектебін (кейде неогумбольдттық этнолингвистика деп те атайды) құрамына неміс лингвистерінің көпшілігі енеді. Мектепті қалыптастыруда Лео Вайсгербер көрнекті роль атқарған. Бұл мектептің ұстанған жолы, теориялық негізі Л. Вайсгербердің 1950 жылы шыққан «Неміс тілінің күші туралы» деп аталатын төрт томдық еңбегінде баяндалған [2, 95]. «Этнолингвистика» деген сөз грек тіліндегі «этнос»-халық, тайпа және «лингвистика» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған [3, 33]. Қазақ тіл білімінде соңғы кезде акад. Ә. Қайдаровтың жетекшілігімен қолға алынды. Мысалы: академиктің үлкен идеографиялық классификация («Адам», «Қоғам», «Табиғат») негізінде қолға алынған «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты 4 томдық этолингвистикалық сөздігі. Осы бағыттағы диссертациялар: Ж. Манкеева, С. Сатенова, А. Жылқыбаева, Б. Уызбаева, Қ. Аронов, М. Мұсабаева, Қ. Ғабитқанұлы т.б. жүргізіліп жатқан зерттеулерінің маңызы зор. Атап өтсек, қару-жарақ атауларын зерттеген Т. Байжановтың, зергерлік өнерге қатысты лексикасын зерттеген Р. Шойбековтың, тамақ түрлеріне қатысты терминдерді зерттеген А. Жылқыбаеаның, халықтың космоним атауларын зерттеген Қ. Ароновтың, Сейітова Шынардың өсімдікке байланысты зерттеулерін жатқызуға болар еді. Ф.ғ.д. Жанпейісов Ербол Нұрпейісұлының М. Әуезовтың шығармаларының материалы негізінде жазған қазақтың этномәдени лексикасын тарихи-лингвистикалық тұрғыда зерттеген еңбегінің орнын ерекше атап өтуге болады. С. Жанпейісова «Кейбір тұрмыс-салт атауларының этнолингвистикалық сипаты» [4]. «Этнолингвистика» арнаулы курсы-қазақ тілі оқытушыларын методикалық жағынан дайындау» деген мақаламызда «этнолингвистика» жөнінде айтқамыз [5,17]. Ф.ғ.д., профессор: Копыленко М.М. «Основа этнолингвистики» еңбегінің берер тағылымы зор. Этнолингвистикалық көріністер ауыз әдебиетінен бастау алып, қазақ зиялыларының да еңбектерінде XIX- XX ғасырлар айтылып өтті. Ш. Уәлиханов «Қазақ оқ-дәрісінің құрамы», «Егіншілік туралы», «Қазақ молалары мен жалпы көне ескерткіштері жөнінде», «Қазақ шежіресі», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» [6,162-202]. Ы. Алтынсарин «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және той жасау дәстүрінің очеркі» [7,168-172]. С. Мұқаннов «Шежіре және тарих жайында», «Шаруашылық жайы», «Материалдық мәдениеті»(Тұрақ жайы, ыдыстары, азығы, киім-кешегі, көлік тұрманы) [8]. М. Әуезов «Дін таралуы» (Ел салтындағы шер өлеңдер, естірту өлеңдері, діннен байланысты өлеңдер) [9]. Ә.Х. Марғұлан «Қазахская юрта и ее обранство» [10]. Х. Арғынбаев «Қазақ халқының қол өнері», Ш. Жанәбілев «Қазақша мал атаулары» (Редакцияны басқарған А. Әбдірахманов). М-Ж. Көпеев шығармаларында этнолингвистикалық аталымдар жиі кездеседі. Олар қазақ халқының тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына қатысты мәселелерді кеңінен қамтиды. «Жазғытұрғы кез, жаманшылық уақ қой…»/64/деген мысалдағы: Жаз+ғы//тұр+ғы сөзі –ғы жұрнағы арқылы екі сын есімнен жасалған, (тұрғы) сөзі кез//уақыт сөздерімен барабар қолданылады да (адвербиалданып) мезгіл үстеу болады. Жазғытұрым(4). Қыс пен жаздың арасындағы маусым, көктем [11, 229]. «Қонушы еді біздің ел, Жазғытұрғы Жайықтан» (Ғ. Қараш). «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі» (Абай). Абайда (жазғытұры) –ым сын есім жұрнағының сыңары –м түсіп қалып ықшамдалған күйі берілген. Тұры//күні сөзімен алмаса алады. Тұр тұлғасы жағынан етістік болғанымен, жоғарғы тәсілмен жаңа сөз жасайды да аралық мезгілді білдіреді. Ал, күн сөзі нақты уақытты көрсетеді. «Осы жұрнақ (-ым, -ім…)» арқылы кейбір етістіктерден туған сөздер …қазақтың бұрынғы өмірінде өлшем, мөлшер атаулары есебінде халық термині ретінде жұмсалаған [12, 153]. Жазғытұрым мен кешқұрым сөзінің арасында семантикалық байланыс бар. Құрым//уақыт//мезгіл баламасымен тең келеді. Құрым сөзі көне түркі тілінде түн//қараңғы деген мағына берген. Себебі, қарақұрым (сындық мағынасы да бар) киіз, құрымкиіз деген сөздің құрамындағы құрым сөзіне анықтама берсек: «Құрым зат. Түтіннен пайда болған қара-қошқыл ыс, ысталған затқа жұққан түтін дағы. *Құрымкиіз – түтіннің ысы тиіп, қарақ қошқыл тартқан киіз» [13, 95]. Тұрым// тұру//тұр сөздері таңның атуынан барып, маусым атауына жұғынған о бастағы мезгіл ұғымын жоғалтпаған. Тұрым сөзі күннің шығуы мен жаздың басы есебінде қолданылса, құрым сөзі керісінше кеш бату ұғымымен тығыз байланысты. Олай болса, бұл сөздердің о бастағы мағынасы тұрым//күн, құрым//түн сөздерінен шыққан секілді. «Көктем» деудің орнына «Жазғытұрым» сөзін де қолданамыз. Оның-қыстың аяғы, жаздың басы екені аян. Бұл біріккен сөзіндегі бізге белгісізі-«тұрым» сыңары. Монғолда «түрүүн» тұлғасы «әуелді, бұрын», ал қалмақтарда «түрүн» сөзі «басталу» сияқты мағыналарда қолданылады. Біздің жорамылымызша, «түрүүн» тұлғалы сөз ертеде түрік тілдерінде болып, кейін ұмытылып, тек «жазғытұрым» сияқты тіркесте сақталған болуы мүмкін. …«жазғытұрым» сөзі-«жаздың басы» болып түсіндіріледі. «Жазғытұрым» сөзі тілімізде «жазғытұрғы», «жазғытұры» қалыпында да айтыла береді. Осыған қарағанда, «тұрымның» алғашқы тұлғасы «тұры» деуге де болады [14,117-118]. М-Ж.Көпеев шығармасында тағы да бір этнолингвистикалық мағынасын анықтайтын сөз «жазы», «жазлары». «Иттің қылған дұғасы қабыл болды, Жазы жапан айдала нұрға толды»(«Әдһәм диуана және Ибраһим» дастаны). «Мұхаммед айналайын, дүние салды, Жазлары нұрдан болған нұрға барды»(«Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы» дастаны). Бұндағы «жазы» сөзі көнеден жеткен сөз. (Жазы//да) болуы керекті ауыз әдебиетінің ықшамдалу процесінің әсерінен бір буын түсіп

қалған. (Жазыда) ақын-жырау шығармаларында да қолданыс тапқан: «Жазыда көп-ақ жорытқан екенбіз Арғымақтың талдай мойнын талдырып» (Доспанбет). «Жау жолықса жазыда, Ерлерді өлмей тонар ма» (Шалкиіз).Н.Уәлиевтің: «Жазыны «жазық» (тегіс) сөзімен ұштастыруға болады. Бірақ, жазы сапалық күйді білдіретін «жазық» сөзімен (жазық жер, жазық маңдай т.б.). төркіндес болғанымен, «тегіс» деген мағынада жұмсалып тұрған жоқ. Байырғы түркі тайпаларының тіл қолданысына қарағанда жазы «дала» деген сөзбен қатар жұмсалған. М. Қашқаридің сөздігінде «йазыда (жазыда-дала-Н.У.) бөрі ұлыса үйдегі ит ішін тартар» деген мақал бар. Осы мақалдағы қолданыс көмескілікті сейілтіп, жырдағы жазыны қайта «сейлетіп» тұрғандай көрінеді»-деген сөзінің жаны бар [15,7]. М-Ж. Көпеев жазы сөзін «Жазы (жыл мезгілі) деген ұғымда қолданып тұрған жоқ. Онда жазы (мезгіл) қалай жапан, айдала (зат есім) толады, керісінше М-Ж. Көпеевтің өзінің жазғанындай жазы/да//тұз/ жапан, айдала нұрға толады»-деп дұрыс қолданған. М-Ж. Көпеев (жазлары) шағатайлық үлгідегі –лер дерексіз зат есім, көптік мағыналы сөзге көптік жалғауын жалғап, -ы тәуелдік жалғауының ІІІ жағын қосқан. Жазлары расында «Жамалы» , «Сәулесі», «Келбеті» деген ұғымды береді. Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткен соң жазылары (жамалы) нұрдан болған нұрға барған деп түсінеміз. Қорыта келгенде М-Ж. Көпеев шығармаларында этнолингвистикалық түсінікті қажет ететін сөздер өте көп. Олар қазақтың тұрмысымен етене байланысты. Сондықтан, М-Ж. Көпеевтің әр сөзі байыппен қарап, тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Ана тілі» газеті. ¹22, маусымның 4-і, мешін жылы, 1992 жыл.

2 Т. Қордабаев. Жалпы тіл білімі. Алматы «Мектеп» 1983 жыл, 95-бет.

3 ҚР. Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының хабарлары/тіл, әдебиет сериясы/ ¹3, 1996 жыл// Ж.А. Манкеева «Қазақтың киім-кешек атауларына этнолингвистикалық талдау» 33-бет.

4 «Қазақ тілі, әдебиеті» журналы, ¹4, 1996 жыл//С. Жанпейсова «Кейбір тұрмыс-салт атауларының этнолингвистикалық сипаты».

5 «Тілдерге оқытудың жаңа технологиялары, олардың қазақ және басқа тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудағы ролі» Республикалық ғылми-тәжірибешілік семинардың Баяндамаларының тезистері 24-25- сәуір 1997-жыл, Павлодар-1997 жыл//Тұрышев А. «Этнолингвистика» арнаулы курсы-қазақ тілі методикалық жағынан дайындау, 17-бет.

6 Ш. Уәлиханов. Таңдамалылары, Алматы «Жазушы» 1985 жыл, 162-202-беттер.

7 Ы. Алтынсарин. Таза бұлақ. Алматы «Жазушы» 1988 жыл, 168-172-беттер.

8 С. Мұқанов. Халық мұрасы. «Қазақстан баспасы» 1974 жыл.

9 М. Әуезов. Әдебиет тарихы. Алматы «Ана тілі» 1991 жыл.

10 Ә. Марғұлан. «Казахская юрта и ее обранство» М.1964. Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы 12 том. 1972 жыл, 80-бет. Шаңырақ (Қысқаша үй тұрмыс энциклопедиясы) Бас ред. Нұрғалиев Р.Н. Алматы Қаз. Сов. энциклопедиясы. Бас. Ред. 1989.

11 Абай тілі сөздігі. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы Алматы-1968 жыл, 229-бет.

12 А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы «Ана тілі» 1991 жыл, 153-бет.

13 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі ІІ том. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы. Алматы-1961 жыл, 95-бет.

14 Ә. Нұрмағамбетов. Сөз сырына саяхат. Алматы «Жалын» 1990 жыл, 117-118-беттер.

15 «Қазақ әдебиеті» газеті, ¹4, 1982 жыл//Н. Уәлиевтің «Көне сөздер құпиясы» деген мақаласы, 17-бет.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

МӘШҺҮР ЖҮСІП ЖҰМБАҚТАРЫ МЕН ӨНЕГЕСІ

Б.К. СЫЗДЫҚ
з.ғ.к., профессор, Қарағанды «Болашақ» университеті

Атағы алысқа кеткен, есімі мен қасиеттері елдің есінде, халықтың жадында, естігеннің құлағында, жанасқанның жадында жүрген дана тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұрасына талайдан қызығушылық танытқанмен, бұған дейін тек қолға түскен жадығаттарды оқумен ғана шектеліп жүрген жандардың бірі екенімізді әуел бастан айта кеткен жөн деп білеміз.

Баянаула елінде ұламаның атын атап, есімін түстемей «Ата» деген бір-ақ ауыз сөзбен атайды. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін солай атайды, тәу етеді. Елге барған сыйлы қонақтарды, есті жандарды Ескелді жазығына – атаның мазарына, оның төні мәңгі қоныс тапқан төбеге апарады. Ата көзі тірісінде осы жерді өзі таңдап қоныс қылып, «Иесі келді» деп атаған екен. Содан түрленіп шыққан атау екен Ескелді деп жүргеніміз[1]. Маңында әулие қонған киелі жерлер көп. Бұл жерді тегін таңдамағаны анық.

Мәшһүр Жүсіп тұлғасы мен оның алуан қырлы мұрасы заманауи ғалымдардың зерттеу нысанасына түсіп, еркін айналысқа түскенімен дананың бойына Алла дарытқан қасиеттерін, оның шығармашылық әлеуетінің барша қырларын терең зерттемек түгіл, толық түстеген жоқпыз-ау.

1 Шәрәпиев Т. Ш., Көпеев С. Ш. Ғұлама ғұмыры: Мәшһүр Жүсіп туралы аңыз бен ақиқат. – Павлодар: ЭКО, 2007. – Б. 44.

Көзінің тірісінде өз зиратын өзі қаздырған, асын өткізген жалғыз адам Мәшһүр Жүсіп. Оның үстіне қабірге түсірілген мүрдесі беті жабылмай ашық ауада ешбір ерекше және арнайы күтімсіз бұзылмай жатқан жалғыз адам. Екінші ондай адам болған болса, оны заманалық ақпарат құралдары баяғыда-ақ жариялаған болар еді.

Арнайы мавзолейлерде мүрделері сақталып келе жатқан марқұмдар бар. Алайда олардың мүрдесін сақтау үшін жоғары білікті мамандар шоғырланған бірнеше ғылыми институт арнайы шараларды ұдайы жүзеге асырып отыр. Осылардың өзі оның бойында айрықша қасиеттер қонғанын айғақтауға жеткілікті.

Бабамыздың өміріне қатысты ел көрген, білген, айтып жүрген, хатталған, жазылған жайттардан біз не ұғамыз? Олардың бізге ұқтырмақ болғаны не еді? Біз олардан қаншалықты толық ақпарат ала алып отырмыз? Бізге сол деректерді қайта жариялау, тарату миссиясы ғана жүктелген бе?

Ақпараттық әлемде өмір сүріп жатқанымыз қаншалықты шынайы? Егер олай болса, онда бізге Мәшһүр Жүсіп тұлғасы мен оның өмірі арқылы қандай ақпаратжетуге тиіс еді, қаншасы жетті, қаншасы ашылған жоқ?Біз оның тек деректік сүлдеріне мәз болып жүрген жоқпыз ба? Оның өнегесі, біз алар тәлімі мен тәжірибесі қандай болмақ еді? Мәшһүр феноменінің сыры неде? Оны зерттеу заманалық ғылым мен қоғамды дамытуға қаншалықты қарқын бермек? Оның қайталануы, басқаша жаңғыруы мүмкін бе?Кешелі-бүгінгі өмірде осыған ұқсас жайттарға қаншалықты зерделі назар аударудамыз? Рухтың, басқа да тылсым күштердің адамға, қоғамға, мемлекет өміріне әсер-ықпалы қандай?

Зерттеу әдістері таңдалған объектінің табиғатына, сипаттарына сай болуы керек. Онысыз оның сырын ашу мүмкін емес. Ал біз Мәшһүр Жүсіп мұрасын зерделеуде, зерттеудеқаншалықты сәйкес, тиімді әдістерді қолданып жүрміз? Әлде біздің қолымызға ондай әдіс-құралдар әлі де түскен жоқ па?

Бұл жайттарды зерделеу, түсіну, ұғыну, көңілге тоқу қандай жолдармен, әдістермен жүруге тиіс? Бұл жайында ғылым, философия, дін және өзге де тылсымтанымдық ілімдер не дейді?

Және де Мәшһүр Жүсіп өнегесін қалай жалғастырған жөн?

Бұл түйткілдердің жауабы, шешімі бар ма? Мен үшін әзірге осы және осындай сұрақ-сауалдардың шешімі жоқ. Дегенмен, бұл мәселелерді алуан қырынан зерттеушілер бар болуы тиіс. Олар не дейді?

Әдетте Мәшһүр Жүсіпке «ақын, ауыз әдебиет үлгілерін жинаушы ғалым, философ, шежіреші»[2]деген бағыттағы сипаттама жиі кездеседі. Енді бірде ақындығын, кітап жазғанын, ағартушылық іспен шұғылданғанын, ел-жұрттың ауыр жағдайына барынша көмек қолын созғанын айтады[3]. Мәшһүр мұрасын зерттеуші ұрпақтары: «Көп жағдайда біз Мәшһүрді тек ақын, тарихшы, философ деп шектеліп жүрміз Ол сонымен қатар жиһангез-саяхатшы, елдің этнографиялық хал-ахуалына, тұрмыс-тіршілігіне қатты көңіл бөлген. ... өзінің әулиелігі, болжағыштығы басқа да бойында қасиеттері туралы жазба деректер қалдырмаған»[4]– дейді.

Бұл айтылғандар да дананың бойындағы барша қасиеттерін, қырларын ашып көрсетпейтіні анық. Соның өзінде осыларды да кеңестік кезде айтуға мүмкіндік болмады. Көпшілік назарынан қалтарыста ұсталып, тек аңыз іспеттес болып құлаққа еміс-еміс жетіп жүргентін.

Атеистік наным-сенім мен материалистік көзқарастар аясында көз ашқан буын өкілдерінің көпшілігі үшін М. Ж. Көпеев бойындағы әдеттен тыс – жай адамдар үшін санаға сыймайтын – қасиеттердің көрінісі айтушылардың ойынан қосқаны, «халықтың өзінің жақсы көрген кемеңгерлерінің неше түрлі уақиғаға араластырып, соның бәрінде оны жеңімпаз етіп көрсетеді. Мәшһүрдің өмірбаянында да мұндай іс-әрекеттер көрініс тапқан»[5], – деген пікірге саятындай.

Әрине, бір Жаратқанның қолындағы дүниені пендеге телуге болмайтыны сөзсіз. Дегенмен, Жаратқанның шарапатымен пендесі сондай қасиеттерге ие болып жатса, оған таңдануға, күмәнмен қарауға болмайды деп санаймыз. Оған кейінгі кезде ғылыми айналысқа түсіп жатқан түрлі деректер негіз береді.

Заманға сай үйреншікті көзқарастар тұрғысынан келгенде дүниені түсіндірудің кілті ғылымның қолында тұрғандай. Бұл тұрғыдан келгенде пенденің күтетіні болашақта дүниені құрап тұрған нәрселердің бәрі есептеліп, өлшеніп, әрқайсысының үлес-әсері анықталып, ақыр соңында әлемнің математикалық моделі жасалынуы тиіс. Яғни, кез келген әсер көзі, күш, қуат жаратылыстану ғылымдарының аспаптары арқылы өлшенетін, математикалық формула арқылы өрнектелетін болуы керек. Олай болмаған жағдайда куәлік беріліп отырған құбылыстар, оқиғалар шынайы болмыста орын алмаған деп саналады. Ал ол туралы мәліметтер шынайы болмыстан емес, «куәнің», айтушының, айғақ берушінің санасындағы елестің, әсірелеудің жемісі деп танылады.

Ғылым өзіне дейін дүниені түсіндіру міндетін мойнына алған дін мен философияның табиғи әлеуеті мен шынайы мүмкіндігіне күмәнмен қараумен келеді.

Ғылым дегеніміз нақты өлшеулерге негізделетін,орынсыз болжам жасамайтын, зерттелетін құбылыстарды түрлі эксперименттер арқылы қайталап тексеретін, әр сөзіне дәйекті дәлелі бар, соныменбірге түрлі пікір-таластарға ашық ілім жүйесі ретінде түсініледі. Қазір адамзат баласын асырап отырған ғылым мен білімнің жетістіктері. Ғылымның экономикалық маңызы өлшеусіз. Адамзатты ғарышқа көтеріп, Айға қол жеткізіп отырған – ғылым. Ғылыми тұрғыдан келгенде бәрінің математикалық моделі бар. Қазіргі кезде сол моделді жасауға кедергі болып отырған нәрсе ғылымдардың қолына қажетті деректер түгел түспей отыр. Яғни деректердің жетімсіздігі, олардың толық жиынтығының жасақталмауы қол байлау болуда. Адамзат баласы төзімділік танытып, сол моделдің жасалуын күтуі керек.

2 Әбусейітова М. Пікір / Пазылов Ә. Мағлұмат-и Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2006. – Б. 5.

3 Дәуітұлы С. Мәшһүр Жүсіп жайлы бірер сөз / Шәрәпиев Т. Ш., Көпеев С. Ш. Ғұлама ғұмыры: Мәшһүр Жүсіп туралы аңыз бен ақиқат. – Павлодар: ЭКО, 2007. – Б. 5-7.

4 Шәрәпиев Т. Ш., Көпеев С. Ш. Ғұлама ғұмыры: Мәшһүр Жүсіп туралы аңыз бен ақиқат. – Павлодар: ЭКО, 2007. – Б. 36.

5 Сонда, Б. 6.

Ғылыми тұрғыдан сараласақ, діни көзқарастардың айтатыны жалаң уағыз, дәйекті дәлелі жоқ аңыздарға сүйенген бос нақылият.Философия да өзінің тауып беретіні жоқ, жаратылыстану ғылымдарының жаңалықтарын жалпылама қорытып, өзінің атынан беруге тырысушылықтың бір түрі. Философия – ғылыми, діни көзқарастардың арасын жалғауға тырысқан талаптың бір нысаны ғана.

Біз көз ашқалы осылай болып келе жатқанымен бұл уақытша, өтпелі картина екен. Ғылымның рөлін асыра бағалауға, оны абсолюттендіруге бағытталған бұл көзқарастар тек соңғы екі-үш ғасырда қалыптасыпты.

XVIII ғасырда ғылым дін мен философиядан бөлініп, өз алдына отау тікті. Жаратылыстану ғылымы табиғаттың түрлі заңдылықтарын танып, сол арқылы экономикалық дамуға жол аша бастаған соң, қоғамның назары оған едәуір ауады да, бұған дейін дін мен философияның функциясы болып келген дүниені түсіндіру міндеті ғылымға жүктеледі. Ғылым да бұл міндетті өзіне онша қиналмай жүктеді.

Алайда дүниенің түрлі заңдылықтары қаншалықты ашылса, соншалықты ғылыми тұрғыдан түсіндірілмейтін, қазіргі қолжетімді аспаптармен өлшенуге келмейтін тылсым сырлары көбейе түсуде.

Біздің пайымдауымызша Мәшһүр Жүсіп те сондай тылсым сырларды бойына дарытқан тұлға. Оның зерттеу нысаналары әр алуан тәрізді көрінгенімен олардың бәрі бір ғана тақырып төңірегінде топтасқан. Бәрі де қазақи руханияттың айшықты жәдігерлерін жинақтау, соның нәрлі өзегін табуды мақсат еткендей әсер береді.

Қазіргі ғылым өзінің даму барысында күрделі қайшылықтарға ұрынуда. Деректер жинауға негізделген, солардың жиынтық күші арқылы дүниені түсіндіруге ұмтылған көзқарастар жүйесі дағдарысқа ұшырауда. Әрине, ешкім қазіргі ғылымның жеткен жетістіктерін, техника мен технологияның дамуын жоққа шығара алмайды. Бірақ, осылай қарқынды дамудың артында адамзатты не күтіп тұр? Дүниенің тылсым сырын кім, қашан ашады?

Дүниенің күрделілігі сонша: оны тұтастай қамтуға, толық түсіндіріп беруге ғылымның жеке саласы түгіл, барлық саласының жиынтық күші жетпек емес. Философиялық түсіндіру де кемшін соғып жатады. Діни, ғылыми, фәлсафалық көзқарастардың бір біріне қайшы келмейтін, үйлесетін нүктесінде ғана біршама алға жылжу мүмкін деп пайымдауға болады.

Ғылыми танымда адам тәні арқылы жанға, мінезге ие биологиялық тіршілік иесі, қоғамдағы қарым-қатынастары арқылы әлеуметтік орта өкілі ретінде сипатталады. Яғни адамды екі өрісте (сферада) қарастыру қалыптасқан. Биологиялық табиғаты адамды өзге тіршілік иелерімен салыстыруға мүмкіндік берсе, қоғамдық қатынастар жиынтығының тасымалдаушысы ретінде сипаттау (К. Маркс) пендені хайуанаттар әлемінен бөлектеп оны әлеуметтік ортаның субъектісі – адам ретінде тануға мүмкіндік береді дейді. Яғни бұл тұрғыдан келгенде адам мен хайуанаттар дүниесін бөлудің өлшемі – әлеуметтік ортамен байланыстың болуы.

Ғылыми тұрғыдан адам мен әлем бір біріне қарсы қойылады. Қарсы қойылғаны сол: адам субъект, дүние объект ретінде түсіндіріледі. Адам игеруші, меңгеруші, билеуші, өлшеусіз (абсолютті) ерік иесі, өз бетімен әрекет жасаушы ретінде танылады. Немесе соған жетуге ұмтылады. Адам баласы күн сайын саны артып өсіп келе жатыр. Сапасы қандай? Бас басына би болса, не болады? Әркім өз еркінің жетегімен кете берсе, не болмақ? Хаос. Бейберекетсіздік жайлайды. Оған адамзат баласының өзі қарсы. Сондықтан қоғамда өмір сүруге қажетті неше түрлі ережелер, заңдар шығарылып, сонымен басқарылмақ жөн болады. Оған бағынбай шектен шыққандар жазаланады. Енді осы ережелер қандай болмақ? Оның әділдігін, дұрыстығын, қолайлылығын кім өлшеп береді?

Адамды тек биологиялық және әлеуметтік табиғаты ғана бар деп қарастыру таптаурынды көзқарас нәтижесі. Осы екеуімен қатар оның руханият өрісінің бар екендігі, өзіндік дербестігі және адамның адами табиғатын айқындайтын осы руханият жүйесі екендігі қазір көбірек айтылуда. Яғни бәрін сананың болмыстан бағыныштылық табиғатына тіреу, сана дегеніміз материяның шағылысы, соның көрінісінің бір нысаны ғана деген ұстанымның жаңсақтығы күннен күнге айқын бола түсуде.

Мәшһүр Жүсіп ерекше сананың, қасиеттің иесі болған әрі сол қасиетін бас пайдасы үшін емес, ел мүддесі үшін жұмсаған. Қазақ дәстүрлі мәдениетіне, руханиятына қатысты жадығаттарды жинақтау, зерделеу барысында оның назарын аударған дүниелердің қатарына қазақи хұқықтық руханияттыда жатқызу керек. Хұқықтың өзі руханияттың бір құрандысы (элементі). Хұқық дегеніміз тегінде рухтық идея жатқан, өркениеттік құбылыс. Ол күштімен әлсізді теңестіру, адамның адамдығын қорғауды қамтамасыз ету, ұлысты, ұлтты ұйыту, ел түзеу, ел ішінде тыныштықты, бірлікті қамтамасыз ету, телі мен тентекті тыю, елішілік, еларалық қатынастарды жарастыру және т. с. с. мақсаттар мен мүдделерді көздейтін ерекше құрал. Осы мақсат, мүдделерге жетуде хұқық қажетті құрал, бірақ оның рөлін асыра бағалауға болмайды. Хұқықтық идеяларды қоғамдық сананың жеткен деңгейіне сай жыраулар поэзиясынан, шешендердің сөздерінен, дуалы ауыз билердің дауларды шешу үлгісінен көреміз. Қазақи хұқықтың негізінде ардан аттамау, ант бұзбау, адамды қорламау, жолдастыққа, достыққа, отбасына, ауылға, тұтас елге берік болу идеялары тән. Оған хұқықтың табиғилық тұжырымдамасы өзек болған.

Шет елдердің өмірімен, тұрмысымен, қоғамдық әрі мемлекеттік құрылысымен, рухани-мәдени, хұқықтық-саяси тіректерімен, оқыған ғұламаларымен түрлі байланыстарда (бұл жерде тек тікелей байланыстарын ғана емес, тылсым күштер арқылы байланыстарын да есте ұстаған жөн – Б. С.) тіршілігімен таныс болған ол солардан қазақ елінің дамуына, көтерілуіне қажетті жадығаттар іздегені сөзсіз.

Денені меңдеген сырқатқа ем іздеген шипагердей Мәшһүр Жүсіп те ел аралап, шетке шығып, Қазақ елінің сол кездегі халінен шығуына қажетті білім, рухани қуат көздерін ашуға жол іздеген деп айтуға болады.Қоғамдық сананы, қазір біз азаматтық қоғам деп жүрген әлеуметтік институттардың жекелеген тетіктерін ояту, зиялы қауымды сілкіндіру бағытында харекет еткен деуге болады.Алаш азаматтарының рухани-хұқықтық ізденістері отарлық халден құтылудың алғышарттарын жасау, хұқықтың жазба үлгілерін жасау және с. с. бағыттарда

жүрген.Алаш Конституциясы, патша назарына ұсынылған түрлі жазбалар,Қарқаралы хұзырхаты, баспадан кітап шығару, алғашқы үнқағаздар, қазақи баспасөз – бәрі де алдымен діни дербестік, оқу-ағарту ісі, жер мәселесі, ел ішіндегі дауларды шешудің дәстүрлі жолдары туралы сөз еткенімен, бұлардың артында біртіндеп отарлық бұғауды босату, автономия, одан кейінгі өзіндік елболу, төлтума заңдар тудыру сияқты мәселелерге бастау, таяныш, тіреу боларлық дүниелер тұрған еді.

Мәшһүр Жүсіппен араласқан қазақ зиялылары осы мәселелерді ойланып жүрген, іске асыру жолдарын іздестірген тұлғалар болғаны бүгін дау тудырмайды. Жүсіпбек Аймауытовтың Мәшһүр Жүсіптің баласы Әменді әйел бостандығы үшін күрескен, жан берген алғашқы қазақ азаматы деп баға беруі, оның қазасын жай қиянаттың шаруасы деп емес, әлеуметтік-хұқықтық астары, маңызы барлығына назар аударған.

Мәшһүр Жүсіп мұрасын зерделегенде назар аударатын нәрсе мынау тәрізді: дана жазбаларындағы бұрынғы өткен хандар, жыраулар, батырлар, ақындар, билер және басқа да тарихи тұлғаларға, олардың өміріне, жеке басына, харекетіне қатысты мәліметтер жайдан жай жиналмаған. Оларды біріктіретін бір мақсат. Ол онша сырт көзге байқалмайтын, Мәшһүр Жүсіптің өзінің бойындағы Алладан дарыған ішкі қасиеттермен ұштасып жатқан мақсат. Олай деуге негіз болатын жайт: ғұлама аз сөзбен өзі сөз қылып отырған (қағазға түсіріп отырған) тұлғалар мен оқиғалардың қандай да бір ішкі сыры мен рухани өзегінің бар екендігі. Бұған себеп болған бір жағынан Мәшһүр Жүсіптің өзінің бойында ерекше қасиеттердің болуы болса, екінші жағынан өзінің дербестігінен айрылып, отар халге түскен, рухани қуатын азайтқан қазақ қоғамында соларға деген сұраныстың туғызу қажеттігі. Тек өз бойында сондай қасиеттер бар адам ғана сондай қасиеттердің басқаларда, айнала құбылыстарда, әлеуметтік ортада бар-жоғына, қаншалықты деңгейде орын алғандығына назар аударады десек қателеспейміз. Сонымен бірге соны әлеуметтік қажетке жарату жағын да ойлайтыны, яғни тұтынушылық қырын да ескеретіні сөзсіз деп ойлаймыз. Өйткені адам баласы еш нәрсені мақсатсыз істемейтіні анық. Тек бұл мақсат немесе мақсаттар оның өзіне де өзгеге де мәлім болуы, ал кейде өзге түгіл өзіне де беймәлім болуы мүмкін.

Мысалы, ол шежіре түзгенде де, қандай да бір тарихи тұлға жайлы жазғанда да алдына қойған мақсаты тек баяндап шығу немесе әркімге арғы тегін тауып беру, қазіргі жазушысымақтардың харекетіндегідей сол тұқымнан, рудан бір атақты тұлға «тудыру» емес. Мәшһүр Жүсіп мақсаты соның артында, астарында не бар дегенге жауап іздеу болған тәрізді.

Ол тарихи тұлғалардың, оның ішінде, хандардың, жыраулардың, әулиелердің, билердің, батырлардың, ауызы дуалы шешендердің, тұтастай бір галереясын жасап кеткен. Ол замандарда билік тетіктерінің институционалдық сипатынан гөрі персонификациялық сипаты басым болғандықтан Қазақ Елінің билік жүйесінің қызметін тарихи тұлғалардың харекеті арқылы берген. Бұл қатарда Абылай ханның, Бұқар жыраудың, Төле, Қазыбек, Әйтеке және т. б. атақты билердің, батырлардың алатын орны ерекше.

Қазақ Елінің рухани негіздері, хұқықтық ұстанымдары, билік жүйесі, төрелер, жыраулар, ақылман-сәуегейлер институты, ел басқарудағы, елшілік қызметтегі билердің, әскер құрудағы, жорықтар жасаудағы батырлар рөлі – бәрі жоғарыда аталған тұлғалардың нақты істеген әрекеттері, сөйлеген сөздері арқылы қоспасыз, бұрмалаусыз, болған (естіген) ақиқатында жазуға түскен. Баға беру, артық түсінік беру жоқ. Бағаны уақыт беретіні, түсініктің қажет еместігі айқын болған соң сөйткен.

Мәшһүр мұрасына тереңдеп ендік деп айта алмаймыз, бірді-екілі кітапты үстірт шолу нәтижесінде назарымызға түскен бірді-екілі деректің хұқықтық астарына көңіл аударған болдық. Бұл жерде біз Мәшһүрден хұқықтанушы жасау мақсатына ұмтылып отырған жоқпыз, тек қазақ дәстүрлі мәдениетінің өн бойында хұқықтық сарындар өрілгеніне де бір назар аударсақ деген ниетті ұстандық.

Хұқықтың түрлі концепцияларының негізінде адамға деген көзқарас айырмашылығы жатыр. Қазақ хұқығы далалық демократияға сүйенген. Онда ер азаматтың билікке басыбайлы болмауы, ер елді қорғаса, елдің де ер үшін қамқор болуы (қазірше айтсақ, мемлекет пен азаматтың өзара хұқықтары мен міндеттер жүйесі), бас еркіндігінің табиғилығы, баспана хұқығының бұлжымастығы, жеке кепілдіктің болуы танылған. Хан билігі мен билер билігі ажыратылған. Хан мен халықтың ара қатынасын реттейтін, билікті асыра пайдалануға қарсы тетіктер болған. Билердің рөлі ерекше болған. Биліктің қайнар көзі халықта екендігін қазақ хұқығы әруақытта естен шығармаған. Осы қағидат қазақ хұқығының түбірлі қағидаттарының бірі. «Абылай аспас сары бел» мәтелін тудырғантарихи оқиға соның бір дәлелі.Қазақ қоғамы, әсіресе, оның билігінің кіндігі болған Орта жүз қауымы Абылай тұлғасын, оның құзіретін қаншалықты жоғары дәрежеде дәріптегенімен ол да аса алмайтын шек болған. Бұл оқиға қазақи хұқықтық еріктің (С. Қондыбай түсінігінде «доктрина» – Б. С.) хан қаһарынан да, хандық биліктен де жоғары тұрғанын көрсетеді.

Бұқар жырауға да ханға айтам дегенін ашық айтқызатын оның жеке басының батырлығы емес, осы хұқықтық негіз деп білген жөн. Осы қазақ қоғамында бұлжымас хұқықтық қағидат, дәстүр ретінде қалыптасқан. Әбілқайыр хан да орыстың азғыруымен өзін патша сезіне бастаған соң, халықтың көзі ашық, көкірегі намысқа толы өкілдері қарсы шықты. Қарсылықтың негізінде қазақи хұқыққа сүйену тұрған еді. Билікті асырайтын халық, халықтың арқасында хан нан жейді.

Қалмақтан қашқан Әмірсананы еліне қайтармауда Абылайдың: «Бұтаға қорғалаған торғай да [аман] қалады» – деген сөз бар еді, бір бұта құрлы болмасам, тірі болғанда, неге жараймын?!»[6]– деп бермеуі хұқықтық тұрғыдан маңызды. Бұл жерде баспана хұқығының табиғилық негізінің бар екендігі, әрі Абылайдың қалмақ ханы Қалдан Шерінге қайтарған жауабының осыған сүйенуі көңілге қонады.

6 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 9 том. – Павлодар, 2006. – Б. 36-37, 49. /366 б.

Мәшһүрдің өзі де пана сұрап өзіне тығылған жанды осы негізде аман алып қалады. Және де осы хұқықты сақтамаған қуғындаушыларды өзінше жазаға ұшыратады[7]. Баспана хұқығы, сонымен қатар түрғын жайға қолсұғылмастық қағидаты қазіргі хұқықта маңызды орны бар институттар болып табылады. Баспана хұқығы дегенде ең әуелі қазіргі халықаралық хұқықтағы саяси баспана хұқығы еске түседі. Ал Мәшһүр жинаған дерек-терде және өзіне қатысты оқиғадан түйетініміз осы хұқықтық мәселе қазақи руханиятқа, хұқықтық мәдениетке жат болмағандығы әрі белсенді қолданылғаны.

Хұқыққа деген догматикалық тар көзқарас аясынан шығып, ерік, мүдде тұрғысынан, хұқықпен қатар басқа да әлеуметтік реттегіш тетіктерді: мораль, дін және т. б. салыстыра қарастырған жөн. Сонда ғана мәдени мұраға деген тұтастық көзқарас қалыптастыра аламыз әрі әлеуметтік оң нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігіміз артады.

Адам кім, табиғаты қандай, оның «мені» мен «менікі» дегенін айыра алып жүрміз бе? Міне қазіргі гуманитарлық ғылымдардың жауап іздейтін негізі сұрақтары осылар болуы керек. Басқа сұрақтардың бәрі осыған тәуелді, туынды сұрақтар.

Адам қылығын не реттейді? Осыған Мәшһүр Жүсіп арнайы назар аударған. Құлық туралы сөзінде «Қазақ айтады: “Ұлың өссе, ұлы қылықтымен, қызың өссе қызы қылықтымен ауылдас бол!” – дейді. “Құлық” араб тілі: “Уаңғылы халық – ғизидамдағи хұлыңа (зұлұқа)”. Құлық қиын болды. Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ. Бұрынғы бабамыз қазақ тілін тегіс білуші еді, мәнісін де түсіндіріп айтып отырушы еді. Сондықтан бәрі әулие болып, айтқаны айтқанындай келіп отырушы еді. “Құлық” – деген адамда болған мінездің ең барып тұрған жақсысы. Солай болғаны үшін қазақ өз бетімен көшіп-қонып, өсіп-өніп жүрген күнде әр таптың бір биі болып, ел-жұрты: “Қой үстіне торғай жұмыртқалатып” билеп тұрды. Сонда айтысып жүрді: “Тайдың жорғасы түйе болады, // Жігіттің жорғасы еліне ие болады” – деп. Мұнан мағлұм болды: ел билеуге жараған – мінез-құлқы басқадан озық болғандықтан билегендігі. Қазақта бір өлең бар:

Құтылмас көптен, қоян, қамалаған,
Тәңірі атар ер дұшпанын табалаған.
Төрт бұрышын бұ дүниенің түгел ойлап,
Ер азбас, өз ақылын шамалаған!

Бұл құлық, жақсы мінез өзін-өзі шамалап, өзіне-өзі құн баға пішіп кесуге ақыл есі түгел жеткен жаннан табылмақ екен.

Қазақ сөзі айтады: “Әуелі өзіңнің үйіңе жақ, онан соң аулыңа жақ, онан соң отан-аймағыңа, онан соң халқыңа жақ. Сонан соң барып Құдайыңа жақ!” – дейді екен. Әне – дән, әне – өсиет, әне – қасиет.

Бұл құлық мінез – адам жаратылыста өзімен бірге жаралған нәрсе. “Жорға жүрісінен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады”. Ақыл-есіне ие болуға жараған жан шаппай, желмей, өз бойындағысын өзі тауып алып толықтырып, өсіріп, жұрт көзіне түсіреді. Ақылсыз жынды киіп жүрген киімінің де қайда қалғанын білмейді. Жаратылысы – табиғат (табиғаш) деген адам жаратылғаннан бірге жаралған нәрсе – мінез-құлық деген. О да жаратылғаннан бірге жаралған нәрсе. Өз бойындағыға ие болып, білімі асқан жандар: Сократ, Аристотельдер не тапса, ешкімнен үйренбей, өз білімімен тапты. Біздің қазақта да ақыл-оймен заң жасағандар болды. Бірақ жазу нұсқа жоқтықтан, жарыққа шықпады»[8], – деп өкінішін білдірген.

Біз, қазақ зерттеушілері кейде, эмоцияның жетегінде кетіп, бұрынғы өткен қазақ қоғамын әсірелеу, әлеуметтік жайма шуақты, проблемасыз, қайшылықсыз орта ретінде сипаттауға ұмтыламыз. Объективтілік қағидатын ұмытып кетеміз.Ал Мәшһүр Жүсіп өзі өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы үштігіндегі қазақ ортасының ішкі-сыртқы күйін барынша шынайы суреттеген. Бұл жерде Абай дәстүрі жалғасын тапқан.

Бай мен кедей арасы, орыс ұлығы мен қазақ шенқұмарының қарым-қатынасы, империялық орталық пен ұлттық перифериянның қарым-қатынасы, үстем империялық орталықтың отарлық тұсаудағы шеткергі ұлттық аймаққа жүргізген саяси реформаларының қитұрқы астарын халыққа түсінікті тілмен айтып отырған.

Қажетті қайталау ретінде айтсақ, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен өз мамандығымызға сай хұқықтанушы жасау ойымызда жоқ. Дегенмен, хұқыққа деген кең көзқарастар тұрғысынан келсек, дүниенің тепе-теңдігі, әлеуметтік әділдік, түрлі тұлғалардың – жеке адамдардың, ұлттар мен ұлыстардың, қоғамның – мүдделерінің бірдей ескерілу қажеттігі, қанау мен қинауға, алдау мен арбауға жол бермеу керектігі айтылған еңбектерін хұқықтанымдық талдаудан тыс қалдыруға болмайды.

Империя мен отар елдің қарым-қатынасы, екеуара қайшылықты, әділетсіздікке негізделген қатынасын да көрсетеді өз шығармаларында. Бұл тұрғыдан келгенде Мәшһүр Жүсіп әлеуметтанушы ретінде ғана емес, саясаттанушы болып көрінеді.

Далалық хұқық тетіктері аяқ асты болған соң, шариғаттың маңыздылығына назар аударады. Патша заңдарының қазақ үшін зорлық пен қиянатқа негізделгенін әлденеше рет байқатады, тап басады. Мысалы, «Бұрынғы замандағы құн төлеу, адам емдеу салты» туарлы жазбасында: «Қазақтың бұрынғы ата-бабасының ғұрып-мәре дүмі жоғары еді, айтылған сөздер (сөзлар) бойынша еді. Дәл осы күнде шариғаттан айрылып қалып, “Көпірдің зорлығы!”– деп низамға мойындамай, не шариғат жоқ, не низам жоқ, не ата-бабаның ғұрып-мәре дүмі жоқ, харапандір, харапандір, харапшит болып кетті»[9], – деп жазған. Осы жерде аз сөзбен қазақи мінездің

7 Шәрәпиев Т. Ш., Көпеев С. Ш. Ғұлама ғұмыры: Мәшһүр Жүсіп туралы аңыз бен ақиқат. – Павлодар: ЭКО, 2007. – Б. 81-82.
8 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 9 том. – Павлодар, 2006. – Б. 295. /366 б.
9 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 9 том. – Павлодар, 2006. – Б. 293. /366 б.

өзгеру себептерін – молланың өтірігінен қашу, көпірдің зорлығына қарсылық жасай жүріп ата-баба ғұрпынан айрылып қалғанын көрсеткен.

Орыс ұлығы, қазақ ауылнайы мен болысы, қожа-молда – үшеуінің арасына түскен қазақтың бейшара халін сипаттаған.

Қазақ қоғамындағы жер мен су, көші-қон мәселесінің ерекше маңызына, осы салада туындайтын дау-дамайлардың негізіне, әлеуметтік әділетсіздіктің орын алуына назар аударады.

Заманауи қоғам адам қылығын түзейтін, қоғамдық қатынастарды реттейтін хұқық деп біледі. Соған орай заманына сай заңдар шығаруға ден қояды. Заманалар өзгеріп әр заманға сай заңдар санын көбейту мәселенің шешілуін қиындатпаса оңайлатар емес. Заңдардың бар болуы сол заңдардың орындалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік қана емес, сонымен қатар беймемлекеттік мәжбүрлеу тетіктерінің де болуын талап етеді. Қазіргі кезде шетелдік ғалымдар мәжбүрлеу тетігінің мемлекеттік жүйесімен қатар беймемлекеттік жүйесінің қосарлана дамып отырғанына, сол арқылы қоғамда мәжбүрлеу тетіктерінің тым көптігіне назар аударуда. Оны тұтастай алғанда жағымсыз құбылыс ретінде бағалайды.

Әрине бұл хұқықтың реттеушілік әлеуетін жоққа шығару, одан бас тартуға шақыру емес. Дегенмен қоғамдық қатынастарды, адамдардың қылығын реттеуде тек заңдардың, жазылған ережелердің көмегіне иек артудың тиімділігінің аз екендігін мойындау.

Бұдан шығудың бір жолы хұқықпен қатар өзге де әлеуметтік реттегіштерді іске қосу, олардың реттеушілік әлеуетін ашу болып табылады.

Осы тұрғыдан келгенде хұқықтың негізінде өзек болатын мифтер, мифтік сана, жоралғылар, салттар, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер жатқаны назарға түседі. Бұл өзекті мәселе ретінде қарастырылуы керек. Ресей ғалымы Г. В. Мальцевтің гипотетикалық пайымдауынша, алғашқы қауымдық құрылыста әлеуметтік нормалардың синкреттік жүйесі әрекет еткен. Алғашқы қауымдық нормативтік синкертизмнің ыдырауы барысында дін, мораль, хұқық, саяси нормалар шыққан. Нормативтік-реттеушілік жүйелер жеке-жеке, бірінің соңынан бірі белгілі тарихи интервал тастап шықпаған, керісінше, бәрі бірге, шамамен бір уақытта, бірақ ұзаққа созылған, тіпті бірнеше ондаған жүзжылдықтар, мүмкін бірнеше мыңжылдықты қамтитын мерзімде туындаған[10].Сөйтіп ғалым дін, мораль, хұқықтың шығу тегінің бірлігі идеясын жақтайды. Бұл идея құптарлық. Яғни хұқықты, моральды, дінді бір біріне қарсы қою үрдісі кейін шыққан. Оның келеңсіз салдарларын енді тартып отырмыз. Әсіресе өзінің рухани өзегінен күштеп айрылған қазақ қоғамы мен мәдениеті үшін бұл аса қасіретті құбылыс болып тұр. Заманның ендігі талабы сол нормативтік ыдырауды тоқтатып, әлеуметтік реттегіштердің әлеуетін қайтадан біріктіру болмақ.

Дұрыс дегеннің өзінде, әрине, бұл жалпы схема. Қазақи діл мен сананың, таным мен сенімнің, имандылық пен хұқықтың ілкі бастауында, өзегінде қандай мифтер, рухани құндылықтар жатыр? Ол бастауларды қайдан, қалай, қашан аршып аламыз?

Қазіргі қазақ санасына жазылған-жазылмаған заңдардың сырттан, әйтеуір қазақтың өзінен емес, мұнғұлдан, араптан, қытайдан, одан соң патшалық Ресей тарапынан, соңыра кеңестік билік тарапынан келгені сіңірілген. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ мәдениеті бедеу саналады. Шындығында қазақтың өзара қарым қатынасын, табиғатқа қатынасын реттейтінтаным-сенімінің ежебілік тамыры тереңде. Біздің ата заңдарымызбен, баба заңдарымызбен байланысымыз әлеуметтік-саяси төңкерістер нәтижесінде ырықсыз үзілген. Біз хұқықтық санамыздағы мифтік негіздерді, бағзы түбірлерді ұмытқанбыз, тоталитарлық қоғам ұмыттырған. Коммунистік идеология санамызды жадылаған. Қазіргі қазақи санада әлеуметтік жатсынушылық шектен тыс орын тепкен. Оны біз түрлі әлеуметтанымдық зерттеулер нәтижесінен, мемлекет тағдырына, ана тілге, қазақи дәстүрлерге, мәдениетке, өнерге деген қатынастан байқаймыз.

Мемлекеттік тіл мәртебесіне иеленсе де, әлі күнге дейін өзіне деген шынайы құрмет пен қатынасқа зәру болып жүрген ана тілімізге деген салқын қатынас осы жатсынушылықтың, өз қағанағынан жерудің бір нышаны. Қауіпті нышаны.

Технологиялар ғана емес, руханият дүниесінің көп нәрсесі бізге сырттан таңылған. Сырттан таңылған, төлтума мәдениетке жат нәрселерді қабылдадық дегенімізбен, санадан тыс деңгейде қалыптасқан ішкі қарсылық біртіндеп әлеуметтік жатсынушылыққа алып келген. Кеңестік идеологияның ұрандауымен ортақ мақсат-мұраттар деп, шындығында өзге ұлттың мақсат-мұратына қызмет еткендіктен, өзіндік төлтума құндылықтар тасада қалды. Құдалануға ұшырады. Жасырылды. Бүркеме күй кешті. Хұқық тұрғысынан келгенде жағымды, заңшыл мінез-қылық, оң құлық орнықтыру өзекті болса, заманауи хұқықтық тетіктер соны қамтамасыз етуде дәрменсіздік көрсетуде. Оның басты себептерінің бірі әлеуметтік жатсынушылықта, оның әр жағында рухани тамырымыздан ұзақ уақыт ажыратылғанымызда. Бұл басқа ұлттарға да қатысты.

Әлеуметтік жатсынушылықты жою, азайту үшін батыс елдерінің өзі санаға әсер етер ілкі тетіктерге баса көңіл бөлуде. Бізде бұл сала кенжелеп қалған. Тіпті заманауи санамен қазақи ежебіліктер арасына сына қағылған.

Тіпті өзіміздің төл мәдениетіміздің жәдігерлері біз үшін сакральдық қасиетін жоғалтқан. Ұлттық рухты оятамыз, идеологиямызды жасаймыз, қылығымызды түзейміз десек, арғы түпке, ілкі дәстүрлерге назар аударуымыз керек. Өркениетті деген елдер өзінің төл мифтеріне, ілкі бастауларына деген көзқарасын баяғыда түзеп алған. Қазіргі мәдениеттануда қазақтың осы қажеттігін Серікбол Қондыбай көрсетіп кетсе, оның алғы шартын Мәшһүр Жүсіп Көпеев жасап кеткен. Оның мұрасын талмай зерделеудің, алуан қырын тануға талпынудың өзектілігі осында.

10 Қар.: Мальцев Г. В. Нравственные основания права. Изд. 2- М.: Издательство СГУ, 2009. - 552 с.

«Қоғам уақыт пен кеңістікте өзгеріссіз қала алмайды. Тас ғасырынан бергі адамзат қоғамдық дамудың, этникалық-тілдік, кәсіптік, т. б. өзгерулердің талай сатысынан өтті. Сондықтан миф те оған ілесе өзгеріп отырған. Ескі қоғамды алмастырған әрбір жаңа қоғам, өз ежебілігін "таза, бос жерден" бастамайды, өзіне дейінгі қоғамның ежебілік мифтік келтірімдерінің бір бөлігін қабылдап, өзгертеді, жаңасын қосады, күрделендіреді. Осылайша, қоғамдар ауысқан сайын миф те ауысып отырады, бірақ бұрынғы қоғамның ежебілік түсініктері сарқыншақ түрінде сақталып отырады. Міне, бүгінгі қазақтың қолында (сөздік қорында, фольклорында, әдет-ғұрпында, мінез-құлқында, өнерінде) бар ежелгі біліктер – осындай сан мың жылғы өзгерулердің ең соңғы нәтижесі, сарқыты, "бастапқы сорпаның сорпасының... сорпасы" болып табылады. Сондықтан, қазақтағы мифологияның болмысын тек реконструкциялау жолымен ғана тануға болады»[11]– деген С. Қондыбайдың пікірі Мәшһүр Жүсіп мұрасын зерделегенде ойда ұстайтын нәрсе. Мәшһүр Жүсіп осы реконструкцияға қажетті «құрылыс материалдарын» жинақтап кеткен.

«...тарихи мифтер "қалауын тапса" аса қуатты саяси не рухани күшке айналады. Сондықтан да "миф" дегеннің қандай жасампаз не қиратқыш потенциалы бар екендігін 20 ғасырдағы мемлекеттерді басқарған саяси элита жақсы түсінген еді. Міне, сондықтан да, 20 ғасырдың 1-ші жартысындағы "арийшылдық" мифологиясының тарихынан сабақ алған, сөз жүзінде коммунистік-интернационалдық болмысты, іс жүзінде ұлы орыстық шовинизмнің астыртын бағытын ұстанған Кеңес билігі, өз билігіне, мақсатына кедергі келтіріп, қарсы тұра алатын "түрк факторының" потенциалын жан-тәнімен, тұла бойымен сезіне алатындай деңгейде еді. Орыс (славян) тарихын, тілін, мәдениетін, басқару өнері мен мәдени рөлін зерттегенде орыс, жалпы славян танымына, тарихына, қанына деңдеп еніп, судай сіңген "түрк факторын" аттап өту қиын еді. Сондықтан орыс тарихындағы "түрк ықпалының рөлін" төмендетіп көрсету, елемеу, айтпау – кеңестік дәуір ғылымының басты міндеті болды. оның үстіне кеңес Одағындағы түрк тілдес халықтардың сандық үлесі, демографиялық потенциалы, діни, мәдени тұрғыдан алғанда бөгделігі де қауіп туғызатын»[12]– дегені шындық.

Бағзы замандардан қоғамдық ұстанымдарды қалыптастырудың құралы әрі өзегіқызметін миф, мифтік сана атқарып келсе, заманауи қоғамда олардың орнын доктриналар алмастырмақ. Бірақ, ілкі санаға, санаға ұтымды әсер ететін ежелгі тетіктерге мойынсұнбай еш доктрина өзінің идеологиялық әлеуетін көрсете алмайды, жүзеге асуы күмәнді болады. Қазақстан қоғамында көпэтностық, көпдіндік ахуал кейін ғана қалыптасқан жағдай, ал осы жағдайда біртұтас сана мен құндылықтар жүйесін жасаймыз десек, амал жоқ ілкі замандар үлгісіне иек артуға тура келеді. Ең әуелі автохтонды халықтың мифтерін, одан бергі түрлі рухани мұрасын бүгінгі күннің қажетіне жарату тұрғысынан зерделеу керек.

Біздің дәстүрлі санамыз заманауи жағдайдың өзінде жоралғылық рәсімдерді (ритуалдық церемонияларды) іздейді. Бұл жалпы адамзатқа тән. Олар жоқ, немесе жұтаң болған жағдайда қылықты реттеуші тетіктердің қауқары әлсірейді. Мысалы, сотқа барған қазақ даудан жоғалтсам да, дау барысында өзімнің кісілігімді жоғалтпасам дейді. Егер сот үдерістерінде тым әсіре ресмилікті азайтып, қазақи дәстүрге сай жоралғылық рәсімдерді енгізсек, дауларды соттың ерте сатыларында тыюға болар еді.

Хұқықты өркениеттік құбылыс, мәдениеттің, руханияттың бір элементі деп танысақ, біз хұқықтың өзегінде жатқан ілкі қайнарларды аршып алуымыз керек. Ол қайнар арғықазақ мифологиясына тіреледі. Сонда біз сөзсіз мифтерімізге, салттарымызға, әдет-ғұрыптарымызға, дәстүрлерімізге, фольклорымызға, шежіремізге, бұрынғы өткен тұлғаларымызға ораламыз, оларға басқаша қарайтын боламыз. Сол арқылы құлығымыз түзеледі.

Қайталап айтсақ, Мәшһүр Жүсіп осының алғышарттарын жасап кеткен. Көп дүние ол кісінің жазуымен бізге жеткен. Ол жазған тарихи тұлғалар мен оқиғалар боямасыз, бұрмалаусыз, бірақ қасиетті қырларын, сакралды рухани өзегі мен астарынан айрылмай жеткен. Ендігі толқынның алдындаосы заманғы ғылымның жеткен жетістіктері тұрғысынан сол қатпарларды аршу, астарын тану, өзегіне жету міндеті тұр.

Бүгінгі күні ғалымда рухты зерттеуге назар аударылуда. Қазақ ғалымдарының ішінен «Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімін» ұсынған ғалым-жазушы, профессор Совет-хан Ғаббасов: «Бүгінгі таңда адамзат қауымы, тек қана «Тән тәрбиесіне» таңылып аса қатты азып отыр. Адамдағы «Жан» мен «Рухтың» тәрбиесі түгіл, оның не екенін де түсінбейді. Алланың рахымымен, «Тәннің 12 мүшесі» сияқты «Жанның да 12 мүшесі» бар екені анықталды. Оны «жанның 12 арнасы» атандырдым. Адамның мәні Жанында болғандықтан, бүгінге дейінгі Педагогикада жоқ, оның екі сатылы Методологиясы мен екі Жүйесі және Жеті түрлі Негіздері бары анықталды.Жанның он ек арнасы – Түйсік, Ұят, Сүю, Мінез, Зерде, Табиғи қабылет, Жігер және Ішкі бес сезім болып аталынады. Міне осынау Жанның 12-арнасы түгелімен адамдарда жабылуға жақын. Біздің ұсынып отырған іліміміз осыларды ашудың технологиясын береді... Жеті түрлі Негіздердің тәрбиесі... Мәселен: 1. Семья құруға дайындық және ұрық тазалығы; 2. Ана құрсағындағы тәрбие; (Жанның арналары тек ана құрсағында ғана ашылады да санаға бағынбайды) 3. Нәресте кезеңі; 4. Балбөбек кезеңі; 5. Сәбилік кезеңі; 6. Балиғат кезеңі; 7. Кәмелеттік кезеңі»[13] – дейді.

Оның айтуынша: «Тіпті, тұңғыш рет – Адам дегеніміз не? Жан және Рух деген не? Биологиялық және Физиологиялық заңдылықтар деген не? Оның адам тәрбиесіндегі әсерлері қандай? – деген мың-сан сауалдарға

11 Қондыбай С. Миф / Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 2-том. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы: Жазушы, 2005. – Б. 15-16. /568 б./

12 Қондыбай С. Көрс. шығ. – Б. 17-18.

13 Совет-хан Ғаббасов. Бекетатағазиярат/ http://inju.kz/index.php/item/279

14 Ғабасов Совет-Хан. Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі / http://old.maidan.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1107:2012-09-04-14-46-48&catid=1:articles&Itemid=60

да, ғылыми негізделген жауаптар ұсынумен бірге, көптеген тіршілік арнасындағы көріністердің жұмбақ сырларына батыл барлаулар жасалынбақшы...

Бүгінгі таңдағы инновациялық технология жетістіктеріне иек арта отырып, Жанның да – он екі мүшесі, яғни «он екі түрлі арнасы» -жайында тұңғыш рет мәселе көтеріп, ... компьютердің сан-қилы бағдарламасы тектес сипаттары бар екендігін анықтайды. Осы күнге дейін, тіпті XXI-ғасырлық өркениетіміз де,- жанның тәрбиесін жүргізу қажеттігі -мүлдем ескерілмей келгендіктен, адам бойындағы жанның бар арналары жабылуға жақындаған. Соның айқын дәлеліндей, бүгінгі жарық тіршілікке келіп жатқан ұрпақтарымызда;- түйсіктің түрлері, шынайы сүйіспеншіліктің іздері, ар-ұждан мен имандылықтың көмескі тартуы, жігерсіздік, ішкі бес сезімге жататын - көкірек көзі мен сана саңылауларының әлсіреуі, тұқым қуалайтын тектілік, тіпті зерде мензейіннің де -көп төмендеп кеткендігі ешкімге де құпия емес.

Осылайша,ЖАНмен ТӘНтәрбиелерініңүндессіздігінен,анығырақ айтқанда, олардың әрқайсысына тәрбие тәсілдері дұрыс жүргізілмеуінен, адам баласын күллі тіршілік атаулыдан ерекшелеп тұрған, оның бойындағыРУХЫ да, дұрыс жетіле алмауының мысалы көп. ... Ғасырлар бойы қалыптасқан халық педагогикасы- көнеден келе жатқан ел тарихын, әдебін (этика), талғамын (эстетика), өнерін, өркенін, мәдениетін, этнографиясын, ділі мен дінін, бүкіл халықтың болмысы мен дүниетанымдарын –өз деңгейінде, барынша түсінікті де тартымды етіп беруге тырысады. ... Адам педагогикасы мен психологиясының– екі түрлі жүйелері –өзінің ғылымиметодологиясының екі түрлі сатыларынан,немесебиологиялық индивидденгейінен бірінші жүйесі – жүрек тәрбиесі- қалыптасады да, алсананыжетілдірсатысынан екінші жүйесі –ақыл тәрбиесі –біртіндеп ашылып өркенін жаяды. Жүрек тәрбиесі – түйсік пен ішкі сезімдердің әсерлері арқылы негізінен ана құрсағындағы тоғыз айдың көлемінде қалыптасатыны белгілі. Міне, осы ұғымды сәл тарата талдай айтуды жөн көрдік. Жалпы, жүрек тәрбиесі арқылы – негізінен Адам жанының арналарына ашылып қоймай, бүгінгі таңда көп жағдайлары түсініксіз болып отырған мидың экстрасенсорлық қабатымен тығыз байланысты ПАРАПСИХОЛОГИЯЛЫҚ құбылыстардың да ерекше жетілетінін ескеру қажет»[14] – дейді.

Ғалымның еңбегімен толық танысып үлгермесек те, осы айталғандардың біздің тақырыбымызға қатыстылығы әрі маңғыздылығы күмәнсіз.

Заманалық технологиялар мен ақпараттық құралдарды пайдалана отырып Мәшһүр Жүсіп тұлғасына қатысты аңыз бен ақиқатты, шындық пен нақтылықты, ғылыми дерек пен тылсым сырды ұштастыру керек. Мұрасын кеңірек насихаттау, ол туралы ғылыми-деректі, анимациялық фильмдер түсіру, жан-жақты зерттеулер жүргізу, нәтижелерін көпшілік назарына ұсыну, әлемдік деңгейге таныту міндеттері тұр. Мәшһүр Жүсіп феноменінің артында қазақ болмысы, қазақ рухы, қазақ елі, қазақ жеріфеномендері тұр. Қазақтың жаһандану тайталасындағы өз орны мен бағыт-бағдарын айқындауда Мәшһүр феноменінің рөлі орасан. Әлемнен бұрын ол феноменді өзіміз, қазақ жастары терең таныса, бұл қазақ рухын оятуға, нығайтуға қосқан зор үлес болар еді.

УДК 81’272

О ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

М.Т. ТЕЗЕКБАЕВ
к.ф.н., доцент, ПГУ им. С. Торайгырова, г. Павлодар

В ряду жизненно важных проблем, ослажняющих жизнедеятельность любого многонационального государства, особое место принадлежит проблемам языка, языкового планирования и строительства. В связи с этим американский лингвист-социолог У. Вайнрайх писал что «процессу общения препятствует не просто языковое разнообразие как таковое, а языковое разнообразие в сочетании с недостатком компенсирующего многоязычия». Выбор языков при этом определяется различными факторами неязыкового характера. Важнейшими из них являются языковое планирование и строительство.

Языковое планирование в основном преследует две цели: 1. Язык должен служить средствам политической интеграции, т.е. государство должно управляться, действовать эффективно – центральные и местные органы должны функционировать без чрезмерных проволочек и расточительства, граждане должны быть обеспечены услугами системы образования и здравохранения, торговля и средства связи должны развиваться как внутри страны, так и с соседями и т.д. 2. Язык должен способствовать национальному единству, давать ощущение «единомыслия».

Достижению первой цели способствует государственный язык, достижению второй цели – национальный язык. Р. Белл справедливо утверждает о том, что «счастлива та нация, в которой один язык выполняет обе функции» (как английский в Англии, немецкий – в Германии).

Одним из важнейших вопросов языковой политики является вопрос об общем языке в многонациональном государстве.

Языковая ситуация, сложившаяся в Казахстане к концу XX столетия, была обусловлена языковой политикой, которая декламировала равноправие языков, но при этом признавала только одну из функций языка

– средство политической интеграции и отвергла вторую – функцию национального единения. В результате русский язык де-факто стал государственным языком в Казахстане. Казахский язык будучи коренного населения, актом самоопределения основавшего союзную республику, был вытеснен полностью из многих сфер функционирования. Так, например, 90 % научно-книжной продукции издавалось на русском языке и только 10 % – на казахском. Или возьмём сферу управления и образования. Из сферы управления казахский язык был устранён полностью, что имело серьезные последствия прежде всего психологического плана. Управленческий аппарат любой отрасли народного хозяйства, а также партийный аппарат в нашей стране долгое время ассоциировались с понятием элиты, и доступ в неё зависел помимо других факторов, и от степени знания и владения русским языком. Степень владения казахским языком никоим образом не отражалась на продвижение человека по социальной лестнице (если об этом вообще шла речь). Стремление казахов к соучастию в управлении государственными делами стимулировало, частенько толкало к изучению русского языка и, естественно, вело к пренебрежению казахским языком. Это в свою очередь повлекло за собой свертывание позиций казахского языка в сфере народного образования. Таким образом, был нарушен, гарантируемый Конституцией, принцип преемственности в образовании, прервана цепочка «детсад-школа-вуз».

В назначении родного языка свою печальную роль сыграло и то, что закрывались или переводились на русский язык обучения многие казахские школы. Между тем для казахской нации, как и для многих наций и национальностей, национальный язык является фундаментальным фактором самосознания и принадлежности к определённой культурной традиции. Аналогичные ситуации сложились и с другими языками многонациональной республики. Два примера: данные переписи 1926 года показывают что практически каждый советский немец считал язык своей национальности родным 95 %. По данным переписи 1989 года лишь 48,7 % немцев считают немецкий язык родным. Или: в 70-х годах русский язык из языка межнационального общения все больше превращается в язык внутринационального общения корейцев. Следствием является то, что больше половины казахстанских корейцев не владеют родным языком. Как видно из наугад взятых примеров, суррогат урбанизированной массовой культуры, помноженный на плакатные декларации интернационализма, привел к языковому манкуртизму.

Таким образом, возникает острая необходимость в научно обоснованной языковой политике, в первую очередь – в Законе о языках, который и был шагом вперед в решении национальных и языковых проблем в РК.

Однако по сей день казахский язык в полном смысле не выполняет функцию государственного, ибо нельзя утверждать что Закон о языках полностью вступил в свои права. Русский язык, как и прежде, выполняет функции как межнационального, так и государственного языка. Другими словами, между указанными языками ещё нет функционального равенства.

УДК 80

К ПРОБЛЕМАМ РОДНОГО И ЯЗЫКОВОЙ СИТУАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

М.Т. ТЕЗЕКБАЕВ
к.ф.н., доцент, ПГУ им. С. Торайгырова, г. Павлодар

Озабоченный судьбами родного языка К. Паустовский не без боли писал в своё время: «Истинная любовь к своей стране немыслима без любви к своему языку. Человек, равнодушный к своему языку, – дикарь. Он вредоносен по самой своей сути, потому что его безразличие к языку объясняется полнейшим безразличием к прошлому, настоящему и будущему своего народа» (1, 14-15).

К столетию книги «Дэда-эна» Я. Гогебашвили, известный грузинский писатель Нодар Думбадзе написал статью «Язык матери». Просто перевести название книги как «родная речь», говорит Н. Думбадзе, было бы глубоко неверно и неточно. Буквально это «мать-язык» (как и казахское «ана тілі» –М. Т.). Далее писатель цитирует автора «Дэда-эна»: «Родной язык связан с человеком не внешне, он не похож на одежду, менять которую легко и безвредно. Родной язык – неисчерпаемая казна, нескончаемая тетрадь, в которой хранится всё богатство содеянного прочувствованного народом. И изучение коего связывает ребёнка с душой и сердцем народа, с его долгой исторической жизнью и наполняет его духовной силой». Подчеркнем, что на долю родного языка выпадает столько похвал не только потому, что он делает ребёнка казахом, русским, грузином или испанцем, но и потому, что он делает его человеком разумным, т. е. представителем рода человеческого.

Только в стихии родного языка, который не изучается или осваивается, а усваивается с материнским молоком, формируется этническое и языковое самосознание. Этническая принадлежность складывается почти наследственно, в процессе семейного воспитания. «Этнические различия не мыслятся, а ощущается по принципу – «это мы, а все прочие – иные... выйти из этноса – это то же самое, что вытащить себя из болота за собственные волосы, как известно, это проделал только барон Мюнхаузен» – писал Л. Н. Гумилев. (2, 150). Как известно, языковое сознание обязательно включает лингвоним (имя языка): казахский, русский, немецкий и т.д.

А.А. Потебня, рассуждая в «Вестнике Европы» о национально-языковом вопросе, столь болезненном для России и Австро-Венгрии тех лет, писал об органическом участии национального (родного – М. Т.) языка не

только в формировании родного мировосприятия. «Человек, говорящий на двух языках, переходя от одного языка к другому, изменяет вместе с тем и характер, и направление течения своей мысли, притом так, что усилие его воли лишь изменяет колею его мысли, а на дальнейшее течение её лишь непосредственно. Это усилие может быть сравнено с тем, что делает стрелочник, переводящий поезд на другие рельсы... Мне кажется, это можно наблюдать в западно-русских грамотах, в коих, смотря по содержанию речи, некоторых выбивается наверх то польская, то малорусская, то церковнославянская струя. Это же явление составляет реальное основание ломоносовского деления слога на возвышенный, средний и низкий».

Полемизируя с защитниками ассмиляции, Потебня подчеркивал общечеловеческую ценность каждого этнического языка – в качестве ещё одной, запечатленной именно в этом языке, картины мира: «Рассматривая языки, как глубоко различные системы приёмом мышления, мы можем ожидать от предполагаемой в будущем замены различия языков одним общечеловеческим лишь понижение уровня мысли».

В начале 20-го столетия И. Эпштейн в книге «Мысль и многоязычие» выступил против билингвистического образования на том основании, что двуязычие и многоязычие вызывает антогонизм в сознании говорящего, вредно отражается в процессе мышления и способствует утрате чистоты родного языка. Здесь, на наш взгляд, доля правды есть.

Взаимовлияние языков всегда сопровождается лингвистическим явлением, впоследствии названным интерференцией, т.е. естественным вторжением норм родного языка в неродной и наоборот, т.е. имеет место явление обратного порядка – нормы второго языка вкрапливаются в систему родного языка (интеркаляция). В этом случае неродной язык располагает как бы более престижным или социально значимым статусом.

Интерференция как негативное воздействие норм родного языка на нормы изучаемого языка проявляется на всех уровнях контактирующих языков – фонетическом, лексико-семантическом, морфологическом, синтаксическом. Однако, чтобы уверенно говорить о том, насколько сильно выражается интерференция на том или ином уровне контактирующих языков обычно выделяют два уровня владения неродным языком, соответственно называемые субординативным и координативным билингвизмом. При субординативном двуязычии билингв с одного языка на другой переходит с ярко выраженными затруднениями – вполне естественно, что такой переход сопровождается ошибками, т.е. явлением интерференции. При координативном двузычии билингв особых затруднений не испытывает, в его мыслительской деятельности существует как бы две языковые системы, «мирно» сосуществующие между собой. Применительно к школьному и вузовскому обучению задача учителей – языковедов заключается в искоренении интерференционных ошибок в речи обучаемых, чтобы достичь уровня координативного билингвизма. Надо признать – задача не из легких, тем более в нашем случае, когда речь идет о таких типологически и генетически различных языках, как казахский и русский.

Тем не менее в республике проблемы казахско-русского двуязычия как таковой нет, такое утверждение может показаться излишне смелым, но это так. Чтобы не быть голословным, приведем некоторые данные одного из социолингвистических обследований (опрошено всего 1189 респондентов основных этно групп сельского и городского населения Северного, Южного, Восточного, Западного и Центрального регионов республики): «Ситуация с владением русским языком следующая: 85,5 % всех опрошенных свободно владеют русским языком, т.е. говорят, читают и пишут, среди казахов таких 74,5 %. Если к ним присоединить 8 % казахов, свободно говорящих и читающих, но затрудняющихся в письме, а также 10 % умеющих объясняться, то можно сделать вывод о реально сложившемся двуязычии подавляющего большинства казахского населения».

Совершенно противоположную картину представляет русско-казахское двуязычие. Забегая вперед, можно утверждать, что данный вид двуязычия как нормы языковых контактов в республике ни в каком виде не сформировался и не состоялся. Сошлемся на тот же источник: «Русские представляют следующую по количеству группу после казахов – 33 %. Среди них 54 % не владеют казахским ни в какой степени, около 10 % могут прочитать текст со словарем, 25 % понимают речь, но не могут разговаривать. Свободно владеющих среди русских 2,1 %, говорящих, читающих, но не пишуших 2,3 %, умеющих только объясняться 4,1 %. Отсюда можно сделать выводы, что среди русских в той или иной степени владеют казахским языком всего 8,5 %».

Таким образом, о «гармонично сложившимся двуязычии в республике» не приходится говорить. Ещё до принятия «Закона о языках» в республике писали: «Эта мысль стала общим местом очень многих публикаций на самых разных уровнях. А между тем совершенно ясно... что как раз-то до двуязычия в республике ещё очень далеко. Дело в том, что билингвизм ... можно признать реальным фактом лишь в том случае, когда в относительно равной мере «работает» оба его типа. В нашем случае – это казахско-русский и русско-казахский типы билингвизма». Хотелось бы отметить ещё один немаловажный факт: казахско-русский билингвизм достиг таких «высот», что для многих казахов русский язык из языка межнационального общения стал языком внутринационального общения.

На наш взгляд, в условиях жизни независимого государства именно функциональный билингвизм (а не массовое, реальное и пр. многоязычие) является более реальным соответствием складывающейся ныне языковой ситуации в республике. Языковая ситуация (ЯС) определяется наличием в многонациональном государстве различных языковых образований, т.е. языков и вариантов языков, обслуживающих некоторый социум, ЯС сами по себе многоспектны – мы остановимся только на двух – сбалансированной и несбалансированной ЯС. Их различие объясняется одноязычием и многоязычием страны.

Как одноязычные, так многоязычные ЯС редко бывают сбалансированными. Сбалансированные многоязычные ситуации в мировой языковой практике встречаются довольно редко. В качестве примеров

обычно указывают на ЯС в Швейцарии и Бельгии. Действительно, четыре языка в Швейцарии (четвертый наряду с французским, немецким, итальянским язык – ретороманский не имеет письменной формы, тем не менее он был объявлен официальным в целях справедливости) и два языка в Бельгии юридически равноправны, т.е. используется в государственном управлении. Однако полная симметрия в социальном положении языков оказалась невозможной. Так, в Швейцарии на ретороманском языке говорит всего около 50 тыс. человек – менее 1 % (точнее 0,8 %) населения страны. При этом в соседней Италии, где ретороманцев 720 тыс. человек, их язык официально не признан (в парламенте Италии в ответ на просьбу итальянских ретороманцев присвоить их языку официальный статус, им вежливо посоветовали сначала создать (стандартизировать) письменную форму родного языка), а французский, немецкий, итальянский языки – это государственные языки крупных европейских держав. Естественно, что социальный статус ретороманского языка фактически не может быть равным положению остальных языков Швейцарии.

В Бельгии фламандский (нидерландский) язык численно преобладает (фламандцев 5 млн., франкоязычное население – 4,1 млн. чел.). Однако в силу большей социальной активности франкоязычного населения (валлонов – М.Т.) Бельгии, также в силу более высокого международного авторитета соседнего французского языка равновесность ситуации постепенно смещается в пользу французского языка.

Редкость и неустойчивость относительно сбалансированного двуязычия объясняется не только тем, что полной симметрии в социально этнических условиях сосуществования двух языков в одном обществе не бывает. Дело еше в психолингвистичеких закономерностях двуязычия, а также речевого поведения двуязычного индивида. Сбалансированная двуязычная ситуация была бы возможна в том случае, если представители некоторой части социума владели полностью обоими языками, однако, по мнению таких крупных языковедов, как А. Мартине, Б. Гавранек, Э. Хауген, полное и автономное (без смешения языков) владение двумя языками превышает психические возможности обычного человека.

Далее, говоря о реальности сбалансированных ЯС двуязычия, следует учитывать и социолингвистический фактор. В психологической программе, которая определяет речевое поведение билингва, два языка не могут быть функционально равными и тождественными.

Так в семейном общении обычно преобладает один язык, хотя в принципе все члены семьи могут хорошо владеть двумя языками данного социума. «Среди всех опрошенных 32,5 % в семье предпочитают общаться на казахском языке, на русском – 50,3 %, остальные на языке своей национальности либо в сочетании с русским. 76 % казахов в семье общаются на казахском, 10,6 % – на русском и 19 % на русском и казахском, 84 % украинцев, 66 % белорусов, 64 % немцев, 45 % корейцев, 44 % татар в семье общаются на русском языке... Таким образом, в общении в кругу семьи у казахстанцев преобладает русский язык, а по мере удаления от семейно-бытовой сферы, доминирование русского языка ещё более возрастает.

В речевой практике билингва за пределами семейного общения также наблюдается тенденция к дифференцированному выбору языка в зависимости от ситуации общения, темы, собеседника. Так происходит своеобразная функциональная специализация двух языков на уровне индивидуальной речи. Применительно ко всему социуму это означает тенденцию к функциональному разграничению языков. Следовательно, при относительно массовом двуязычии использование двух разных языков в тождественных ситуациях и функциях оказывается избыточным и функционально не совсем оправданным. Так возникает более обычная неравновесная ЯС, которая имеет место и в Республике Казахстан.

ЛИТЕРАТУРА

1 Паустовский К. И. Поэзия прозы. Полн. собр. сочин. Том 8-М., 1963 С. 14-15.
2 Гумилев Л.Н. \Этногенез и биосфера Земли, – М., 2003. С. 150.

ӘОЖ 882.151.212.2

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМ МЕН ДИСФЕМИЗМДЕРДІ КЕЙІПКЕР ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Г.Қ. ТЕМІРБЕКОВА
ф.ғ.к., Шымкент қ.

Функционалдық стильдерді терендете зерттеу жалпы әдеби тілмен байланыс ерекшелігін анықтауды қажет етеді. Орыс тіл білімінің көрнекті өкілі В. Виноградов функционалды стильдің тілдегі үш түрлі қызметін атап көрсетеді: бірінші – қарым-қатынас қызметі (ауызекі сөйлеу стилі), екіншісі – хабар беру қызметі (ресми және ғылыми), үшінші – ықпал ету қызметі (публицистикалық және көркем әдебиет стильдері [1, 84 б.].

Қазақ тіл білімінде эвфемистік, дисфемистік құбылыстарға жеке-жеке түсінік беріліп, оларды зерттеуге арналған біршама еңбектер бар. Осы ретте Ә. Ахметов, Ә. Хасенов, Ә. Болғанбаев, Ғ Қалиев, Б. Сағындықұлы т.б. ғалымдарымыздың пікір-тұжырымдары мен еңбектерін атауға болады. Ал эвфемизмдер мен дисфемизмдердің көркем шығарма тілінде қолданылу мәселесі кейбір зерттеулерде жалпы лексика тұрғысынан алынып қарастырылғанымен,

олардың функционалдық стильдер ішінде көрінуі – бүгінгі күнге дейін айқындалмаған құбылыс. Бұл құбылыс – кешегі–бүгінгі емес, ғасырлар бойы қалыптасқан (әсіресе фразеологизмдер тұрғысынан келгендері) тілдік заңдылық.

Осы тұрғыдан келгенде әр кезеңдегі көркем әдебиет стильдері материалдары негізінде қазақ тіліндегі эвфемизм мен дисфемизмдерді жеке алып, олардың көркем шығармаларда қолданылу ерекшелігін зерттеген еңбектер жоқ. Қазақ тіліндегі эвфемизмдер мәселесі – әлі де толық айқындалып, зерттелді деуге болмайды.

Жалпы тіл білімінде түркі тілдеріндегі эвфемизм мен табуды соның ішінде қазақ тіліндегі эвфемия құбылысын ғалым **Ә. Ахметов** алғаш ғылыми зерттеудің нысанына алып жан-жақты қарастырған. Ғалым табу мен эвфемизмді этнографиялық лексикаға жатқызады: «Кез келген этнографиялық лексиканың сыртында белгілі бір этнографиялық ұғымдардың тұратыны сияқты табу мен эвфемизмнің сыртында да олармен ұштасып, астарласып жататын этнографиялық ұғымдар, атап айтқанда, дәстүрлі наным-сенімдер, мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, қоғамда қалыптасқан тіл мәдениетімен байланысты этикалық нормалар тұрады» [2,176]. Ғалым бұл сөздердің қыр-сырын ашуда этнография мен лингвистика ғылымдарының біртұтас нысаны ретінде зерттелінуінің тиімділігін айтып, эвфемизмдердің этнолингвистикалық бағытта айқындалуына жол ашады. Олардың пайда болуын этнолингвистикалық жүйе және этномәдени негіздер арқылы айқындап түсіндіреді, дәстүрлі моральдық-этикалық қатынастарға байланысты қалыптасқан табу мен эвфемизмдерді топтастырып көрсетеді, яғни өлімге, анатомия мен физиологиялық процестерге, саяси эвфемизмдерге, сондай-ақ эвфемизмдердің жасалу жолдары: эвфемистік метафора, эвфемистік метонимия, эвфемистік синекдоха, эвфемистік символ, эвфемистік ирония түрлері мен өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Қазіргі таңда тіл, тіл мәдениеті, ғылымға деген талап, жауапкершілік, ықылас, мүдделілік шынында да күн сайын артуда. Осы тілдік, қазақ діліндігінің бір мәселесі эвфемизмдік қолданыстарда жатқанын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. «Эвфемизм табу сияқты үрейленуден туған сенімге негізделмейді, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді. Демек, қазіргі кездегі қолданылып жүрген эвфемизмдер бүгінгі таңдағы өскелең халқымыздың қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының күнделікті нақ көріністері деп есептеледі. Сондықтан табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан» [3, 125-126] деп, эвфемизмді құбылыс ретінде қарастырып, оның өзіндік еркшеліктерін көрсетеді.

Сондай-ақ **М.Жұмағұлова**: «Әдеттегі эвфемизмдер жеке адамдар арасындағы коммуникативтік қолайсыздықты (коммуникативтік дискомфорт) болдырмауды көздейді де, жеке бастық қатынасқа тән сипатқа ие болады. Ал газет бағаналарындағы эвфемистік формалардың әлеуметтік сипаты басым болады» [4, 19] деп есептейді. Газети публицистика тіліндегі эвфемизмдердің әлеуметтік сипатымен ерекшеленетінін: «...сөздің эвфемистік мағынасын да тілдің «өз ішінде» ғана емес, тілдік ұжымның этикалық-моральдық, дүниетанымдық ерекшелігімен, экономикалық, қоғамдық-саяси өмірімен байланыстыра қарау құбылыстың мәнін айқындай түседі» [4, 19] деп, эвфемистік мағынаның мәнін айқындайтын басқа себептеріне де тоқталады. Мысалы: *Басына пұшпақ бөрік киіп, қолына таяқ ұстаған шоқша сақалдысы - **жетпісті мол аралап** кеткен адам /133/. Шоқша сақалдының **құлағы ауыр ести ме**, қалай үшеуі гүлзарды басына көтеріп, әлденеге келісе алмай дауласып отыр /133/. О **дүниеге аттану кезегі** кімге келіп тұр? дегенді жай бір күнделікті шаруадай-ақ сөз етіп отыр* /133/.

Яғни, көркем шығармада жазушылар кейіпкер бейнесін сипаттауда эвфемизм мен дисфемизмді жиі қоданады. Эвфемистік мағынаның басты қызметі – дөрекі, тұрпайы, айтуға қолайсыз сөздерді алмастырып, тыңдаушысына коммуникативтік қолайсыздық тудырмау.

Белгілі тіл білімінің маманы Б. Сағындықұлы: «Дисфемизм тәсілімен сөз қолдану – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы тілдік құбылыс, соңғысы сөздің ұғым-түсінігін сыпайылап әдемілесе, алдыңғысы керісінше жағымды мағынаны дөрекілейді, қатайтады. Күнделікті өмірде, әдеби қолданыста жағымды, сыпайы әдепті сөздерді дөрекі, анайы сөздермен ауыстырып қолдану тәсілі тіл білімінде дисфемизм деп аталады. Дисфемизмдер көркем шығармада көбіне ауызекі сөйлеу тілінің үлгісі ретінде кейіпкерлер тілінде беріледі. Сол арқылы әр жазушы өз қаһармандарының мінез-құлқын, білім дәрежесін, іс-әрекетін бейнелейді, шынайы образын жасайды» [5, 100], – деп сипаттайды. Сондықтан эвфемизмдер мен дисфемизмдерді қарама-қарсы құбылыс ретінде қарастырғанда ғана олардың негізгі мәні мен қызметі айқындалады.

Сондай-ақ бұл – тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін көтеруге септігін тигізері, тілді тиімді жұмсай білуге үйретететіні даусыз. Мысалы: *Сенің мұндай **қоян жүрек**, қорқақ, **екі жүзді** екеніңді бұрын білген болсам...* (Қайсенов Қ. Партизан соқпақтары). *Біреуі аңқау, **ақ көңіл**, екіншісі **момақан**, момын келген де, енді үшінші біреуінің **тұрлаусыз**, **екі жақтылау** мінезі бар-ды* (Қайсенов Қ. Партизан соқпақтары) деп қолданудағы адамның мінез-құлқын ашу мақсатында контрастық құбылыстарға жататын дисфемизмдер мен эвфемизмдердің қызметі айрықша екендігі көрініп тұр. Контекстік мағынада «қоян жүрек» пен «екі жүзді», «ақ көңіл», «момақан» мен «тұрлаусыз», «екі жақтыларды», яғни дисфемизмдер мен эвфемизмдерді қаламгер жалпы адам болмысын ашуда өте ұтымды қолданған. Дисфемизмдер мен эвфемизмдердің бұл сияқты қатар келуі стильдік алуан түрлі қызмет атқарып, ойды жеткізуде өзіндік бояуымен оқшау танылатын сөздер тобы болып табылады. Немесе: *Мен орасан **тентек** едім де, ол **жуас** еді* (Қайсенов Қ. Партизан соқпақтары). *Ұлтшылдар гой жұрт **қан жылап** отырғанда, бұлардың **рахаттанып** жүргендерін қарашы, – деп Борис оларға кектене қарады* (Қайсенов Қ. Партизан соқпақтары) деген тұстары қаламгердің дисфемизм мен эвфемизмдер секілді контрастық құбылыс қолданымдарына енгізіп, жекелеген сөйлемдер құрамында өзара салыстыра шендестіріп, айқын қарсы қойылған мән сипаттарын ұштай түсуде бұл тілдік құбылыстар ерекше стильдік қызметте жұмсалған.

Осы сөйлемдерде қаламгер суреттеліп отырған жайтты көз алдымызға нақты елестете алады. Осылайша жазушы болған оқиғаны көзбен көріп, қолмен ұстағандай асқан шеберлікпен береді. Осындай шеберлікке М. Серғалиев былай деп баға береді: “Көркем әдебиеттің басқа жанрларындай, прозада сөз қолдануға, шалқи сөйлеуге де, аз сөзбен көп мағына беру мақсатымен дәмді сөйлеуге де еркіндік мол екендігін ескерсек, мұндағы қолданыс кей ақындардың өлең ұйқасы үшін сөз тұлғаларын еріксіз тықпалауында емес автордың сарыла ойланып, санаға салуының, жаңалыққа құштарлығының жемісі деп білеміз” [6, 40].

Сондай–ақ «дисфемизмдер көркем шығармаларда кейіпкерлердің тілінде қолданылып, әртүрлі жағымсыз эмоциялық мән тудырады. Олар белгілі бір стильдік мақсатпен сөздерді дөрекі, тұрпайы етіп қолдану тәсілдерін құрайтын қарапайым сөйлеу тілінің құрамына енеді. Кейіпкер тілінде қолданылған қарапайым сөздер кейіпкердің бір сәттік бейнесін жасауға, көркем бейнесін беруге қызмет етеді. Кейіпкер аузынан шыққан қарапайым сөздер оның шыққан ортасын, алған тәлім-тәрбиесін, мінез-құлқын, көңіл-күйін, ішкі сезімін көрсете алады» [7, 17]. Көбінесе дисфемизмдер тілдік агрессия құралы ретінде көрініс табады. Төмендегі мына сөйлемдерге де назар аударсақ:

– Сен, немене, керең болғансың ба өзің! (Жүнісов С.). Әуелі божыны ағыт, көтермені түсір, дулей. (Жүнісов С.). – Әне бір сіліміктік кімдікі. (Жүнісов С.).

– Сұлыны сен бердің бе, есуас! – деп үй алдындағы биік қарды шұңқырлап ойып, соған төккен сұлыны күрт–күрт жеп тұрған кебеже қарын, мегежін биеге қарап, зірк етті (Жүнісов С.).

–Онан да ән тыңдамайсың ба, ақымақ! (Жұмаділов Қ.).

–Мақұлық-ау, өлтіресің бе қаршадай баланы? (Жұмаділов Қ.).

Негізінен, құлағы нашар еститінді – «**керең**» дейді немесе «***дулей***», «***мақұлық-***», «**ақымақ**» дегендер әдеби нормадағы тура мағыналы тұрпайы мәнді сөздер. Мұндай тұрпайы сөздер өте көп. Сөздіктерде әдеби норма деген белгі қойылған. Сондықтан тұрпайы сөздердің бәрі дисфемизм немесе қарапайым емес. Бұлардың синонимдері болмаса екінші бір әдеби баламасы жоқ сөздер. Ал, *сіліміктік, есуас* т.б. – дисфемизмдер. – *Ау, әкім мырза, сен не* ***көкіп*** *отырсың – деді ол бірден тұлан-тұта, саңқ етіп. –* ***Көкігенің*** *не, ей-й? Мен көзбен көргенді айтамын! – деді сасып қалған әкім*. (Әзиев Ә.). Немесе: – ***Әй****, мынауың не дейді?! Қадиша,* ***әй****, Қадиша! Қайда құрыдың* ***омалып****! Не дейді мына* ***күшігің!*** (Ә.Тарази..) дегендердегі «**көку**», «**омалып**», «**күшік**» дөрекі мәндегі дисфемизмдер болса, кісіге қарата айтылған «**әй**» немесе «**өй**» деген одағайлар да сауаты төмен кейіпкерлердің мінез-құлықтарын көрсететін тұлғалар болып табылады.

Яғни, қаламгер дисфемизмдерді кеңінен пайдалана отырып оқырман қабылдауына оңай, бәрін көзбен көріп, құлақпен естуге болатындай етіп негіздеген. Баяндалып отырған оқиғалар дисфемизмдердің әсерінен ақиқат дүниенің қайталамасы тәрізді көрінеді.

Тілдік оралымда (контекстерде) кез кеген сөз ауыс мағынада дисфемизм ретінде қолданылуы мүмкін. Себебі контекст пейротивтік мағына туғыза алады. Қайсыбір дисфемизмдер ауызекі тілде жағымды кері мағынада қолданылады. Ол жек көрушілік емес. Айталық, ақсақал немерелерінің атқа отыруға жарағанына риза болып: «*Мына* ***біздің боқмұрын*** *да атқа отыруға жарапты гой» – деп айта береді.* **Жаман іңіңізден** *енді ақыл-кеңесіңізді аямассыз* (Жұмаділов Қ.Б.). ***Ол күшікті*** *де көрмегелі көп болды, - деді Рахима немересін еске алып* (Жұмаділов Қ.) *Күллі ауылдың* ***боқмұрын тентектері*** *де өзіне өлердей үйір болатын.* (Жұмаділов Қ.). *Маған* ***осы боқмұрының*** *болады! «Боранды бекет».*

Ана тіліміздегі таза поэтикалық метафоралармен қатар дисфемистік мағынада жұмсалатын метафоралар да кездеседі. Айырмашылығы мән-мазмұны, коммунативтік қызметі жағымсыз сипатта қолданылатындығында ғана. Осы ретте академик Р. Сыздықтың мына бір пікірі орынды: “Нағыз жазушы кейіпкерлерін өздері беріп тұрған образға сай сөйлетеді. Кейіпкер сөзі оның бейнесін жасауға тікелей қызмет ететін көркемдік тәсілдің бірі болып саналады” [8,11]. Қайсыбір стильдік мақсаттарда жазушы метафора, метонимия, т.б. секілді сөздердің ауыс мағыналары нәтижесінде жасалынған дисфемизмдерді құбылыс немесе бір нәрсені суреттеуде көркемдегіш құрал ретінде жиі пайдаланады. Мысалы: *Бұнысын кәпір ісі деп «Қасапшы Нұрасулла» атанған Бұхар әмірі, биылғы жылы көп әскермен кеп Мәделіханды бауыздап, ал сұлу Ханпадшайымның* ***күнтимесіне*** *қорғасын құйып өлтірген–ді. Граф соны айтып тұр. (Есенберлин І.).* Әрине «**күнтимес**» деген дене мүшені атаудың өзі айтуға ыңғайсыз, мүмкіндігі болса қолданыла қоймайтын нәрсені екінші бір затқа ұқсату, балау арқылы жазушы болған шындықты метафора арқылы еріксіз жеткізу амалын тапқан сияқты. Ал мына мысалдардағы: *Манадан бері өзеннің арғы жағына топырлай жиылып, лагерь боп жайғасып жатқан қалың әскерге қызықтап қарап тұрған қала халқы*: «*Осынша көп* ***обыр ауыздан*** *құтылғанымыз өтірік пе, шын ба!» – деп, іштерінен тәуба айтып тұрған шығар. (Кекілбайұлы Ә..) Осы арада бой жылыту үшін қойынға тығылып алған бір* ***шөлмекті*** *бөліп іштік.* (Жүнісов С.). Бүтіннің орнына бөлшекті қолданып, оған «обыр» деген анықтауыш тіркеспен «обыр ауыз» (тойымсыздар) мағынасындағы синекдохалық дисфемизм халықтың күдігі мен қаупін, қуанышы мен реніштерін араластыра суреттеуде сәтті шыққан эмоциялы мәнді тұлға болса, «шөлмек» (арақ) мағынасындағы сыпайылап жеткізуде қолданылып отырған іргелес ұғымдағы метонимиялық эвфемизм. Осынша эмоция, экспрессивтілік әрине сөздің ауыс мағынасынан, контекстік мағына қолданысынан туындап отыр.

Кейіпкерді жазушы әдетте өз заманының немесе өмір сүрген кезеңінің тілімен сөйлетеді, сондай-ақ кейіпкер өзінің мінезіне, алған тәрбиесіне, өскен ортасына, жасына, әлеуметтік орнына сай сөйлеуі қажет.

Қортындылай келе, көркем шығармалардағы эвфемистік және дисфемизтік қолданыстар, біріншіден, халқымыздың тіл байлығын көрсетсе, екіншіден, тіл мәдениетінің бір кілті ретінде оқырман қауымның жалпы мәдени өрісін артуына септігін тигізетіні сөзсіз. Эвфемизмдер мен дисфемизмдер кейіпкер бейнесін ашуда

әр түрлі көзқарасқа, қарым-қатынас пен көңіл-күйге байланысты жұмсалып, лексикалық мағынасы арқылы жағымды-жағымсыз сезім тудыратын сөздер қызметін атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Виноградов В. Языковая ситуация//Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. – С. 78-84.

2 Ахметов Ә. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер. Филол. ғылым. кандид. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – Алматы, 1973. – 164 б.

3 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, Санат, 1997. – 256 б.

4 Жұмағұлова М.Ш. Газети публицистика тіліндегі эвфемизмдер. Кандид. дисс. автореф.). – Алматы, 2000. – 25 б.

5 Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 101 б.

6. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1981. – 167 б.

7 Әбікенова Г.Т. М.Мағауин шығармаларындағы автор бейнесі мен кейіпкер бейнесінің берілу жолдары. – Астана, 2004. – 17 б.

8 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 178 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺУР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫ МӘДЕНИЕТ ЛЕКСИКАСЫ (ОН ТӨРТІНШІ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Т. ЖҰМАДІЛОВА
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Құбыла» – мұсылман ұғымындағы оң жақ. Қазақ елі төрт құбыласын түгендеп, үнемі іздену үстінде болған, шексіз, шетсіз аспанмен тілдесіп жатқан дала бейне бір көк теңіз іспетті көрінген. Түйсік үнемі оның аржағында не бар екен деген сананы оятып отырған. Қазақ ұғымындағы әр этнографиялық сөз бос кетпеген, белгілі бір философиялық оймен тұжырымдалып отырған. Өз арманын бағытпен бағамдап, алдағы іс-әрекетін оймен түйген ел, бұл – тұста да қалт кетпеген. Құбыла, жоғары-төмен, күнбатыс пен күншығыс, оңтүстік пен солтүстік осындай халық тәжірибесінен келіп туған метрологиялық атаулар. Ескі заманнан келе жатқан бағыт – **құбыла.** *Күншығыс жағы ашық намаз оқылатұғын* ***құбылаға*** *төрі тура дәл келген тас қорғандар бар. Ол ноғайлының қалмақ қамаған күнде намаз оқу үшін тастан жасаған қорғаны екен деп айтысады* (М-Ж. Сары. кім. екен-1907, 1 б.); *Сансызбай аттан құлады,* ***Құбылаға***** қарай бас қойып, Мінәжәт айтып аллаға, Сәждеге* басын салады* (ҚЖ, 99); Сәжде – земной поклон во время намаза (ҚЖ, 292); **Қыбла** (қыблә – Буд ауд.) южная сторона, Югъ; сторона, куда обращаются мусулмане взорами во время молитвы; храмъ въ Меккеъ, двойств. Қбайлы или қбайылы священ. Храмъ въ Меккъ и храмъ въ Иерусалимъ, Құбла жағы Мекка, кя’ ба, пункть, на который обращаются взоры всъхъ – такъ называютъ мусульмане своихъ султановъ, шаховъ, құбыла жанторе значеніе, құбыла жақ южный вътеръ, тат. құбыла жақтан обращенный къ югу, кр. Аға құблә сельскій судъ изъ старшинъ (Будагов, 37); **Құбыла** – (а) (қиблә) мұсылмандардың намаз оқығанда бет қарататын жағы, яғни Мекке жақ. [Қибла – сторона, к которой обращаются лицом мусульмане во время молитвы, направление к Мекке] (Бекмұхаметов, 102); Қыбыла қ. – құбыла (ҚТТС, 97); Бағытты анықтау да, бағдарлау да тарих, этнография, археологиямен тығыз байланысты. Олардың ішінде бағытты анықтауда: мешіт, тұрғын үй, адамды жерлеу сияқты дәстүрлер басты орын алған. Монғол, қытай оңтүстікке, көне түріктер шығыс, Көне Египетте – Ніл өзеніне қаратып, Таймырда – солтүстікке – өлілер патшалығына қаратады. Күні – бүгінге дейін көне түркілердің шығыс бағдарлы ғимарат салу дәстүрі сақталған. Тұрғын жайларды шығысқа қаратып салу үрдісі батыс тувалар мен памир қырғыздарында болса, қытай – монғол оңтүстік бағдарды, киіз үйлі бағдар (зиратты т.б. ұқсатып салу – А.Қ.) қарақалпақ пен өзбектерде бар дәстүр. Қазақтар (түріктер биік кешене не дін салған Ә. Марғұланды қараңыз – А.Қ.); Дін, кешене де бағыт пен бағдардың жер өлшемімен шекараның белгісі болған. Бұндай бағдарлар сулы жерге және биік жота не таулардың үстіне салынған. Ислам дінінің енуімен тағы бір бағыт (өлшем) құбыла пайда болды. Ол оңтүстік бағдарды бекіте түсіп, ендігі жерде белгілі бір бағыт нысанасы Мекке болды. Мұнымен бірге мұсылман мешіттері, обалар (зираттар) бағыттың рөлін атқарса, жерлеу дәстүрлері (мысалы жаназаға тұру) құрбандық шалу т.б. құбылаға қаратылды. Қазақтар ежелден өздерінің бағыттарын халық өлшеміне салып алған болатын. Құбыла жақты анықтау ауа райын болжауға да әсер еткен. Р.С. Иманалиева айтқандай: Господствующим было меридиональная, с юга на север. Связь с обозначениями стран света прослеживается в орентации юрты на юго – восток и в сторону **құбыла**, в погребальных обрядах и орентировке казахских могил, в некоторых других национальных обычаях (голову жертвенного барана повертывают в сторону Мекки, спать ложатся в сторону святых мест) (Иманалиева Р.Б.

К вопросу об этимологии наименований стран света в Казахском языке // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алматы: Ғылым, 1990. – С. 85). При погребении покойника обращали головой к Туркестану, а лицом к Каабе* – деп жазды (Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – С. 21). * Қағба – арабша «ка' аба» – текше деген мағынаны білдіретін тас // Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және Қазақтардың әдет-ғұрпы. – Алматы: Қазақстан, 1992. 17 б.; Қ. Мұқаметханов: «Қыбла» (қыйбла, құбыла) деген сөздің үш түрлі мағынасы бар: 1) діни – намаз оқыған кезде бетке алатын жақ (кааба жақ). Қыбла – оңтүстік жақ. 3) Қыбла, құбыла – ауыспалы мағынада, – идеялық беталыс, көздеген мақсат – дегенді білдіреді дейді Қ. Мұқаметханов. (Семсер жырға сергек қарайық // Қазақ әдебиеті. – 1986. – № 19, 1837). **Құбыла** – направление на Мекку, сторона, в которую мусульмане обращаются во время молитвы. У казахов в старину головой к кубле укладывали животных при заколе, в ту же сторону обращали лица умерших (Қыз Жібек. 1963:292). **Құбыла** туралы біздің де ертеректе жазғанымыз бар еді. Онда былай деген едік:

Алланың бұйрығы маған жетті,
Басымды кешіктірмей оңға қарат (ҚКБС, 366 б);

Сарыбайдың «**оңға қарат**» дегені «**құбыла**» жақ (Тұрыш., кан. дис. 112). Бірақ, бұл жырға ислам дінінің тигізген әсері деп білеміз. **Құбыла** деп қазақтар `батыс` жақты айтады. Осы орайда құбылаға бас берді, құбылаға жүзін қаратты дейді (Воп. тюрк. язык. 1985:63). Қорыта келгенде, құбыла > бағыт исламдық шеңберден шығып, қазақтың салт-дәстүріне халық метрологиясына сіңісіп: бет-алыс, бағыт, түс, бір жақ, деген сөздердің синониміне айналды [1, 423-425 б.].

«Ақырет» – иманның алты шартының бірі. Әрбір жануардың бір күн соңы келетініндей, дүниенің де бір күн соңы келіп, жоғалады. Өлмейтін тек қана бір Алла.

Өлімге бердің басты ыңғайланып,
Ақырет жабдығын жеп, соны ойланып.
«Азирфих Әл-қуағид» – деген Алла,
Жүгірдің Байтолланы жеті айналып.

Ақырет о дүниенің аты. Рухани мәдениет. Діни лексика. Қазақтардың өлік жөнелту салты, дәстүрі ислам мәдениетімен бітісіп тұтасып кеткенін байқаймыз. «***Дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең***» – деген Абай сөзі өзінің құндылығын жойған жоқ. Ақырет араб тілінде ***آخيرة ахирет*** деп аталады. Ақырет – деп, кейде өлікті ақыретке жөнелтуді айтады. Бұл сөздің түп төркінін, этимологиясын түркі тілінен іздеу керек сияқты. Ақырет//ақырғы рет тіркесінен ықшамдалған болуы да мүмкін. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында өте жиі қолданылатын сөз. Мысалы,

Баламды азғын болған, жолға салдың!
Мехнатта көріп мені үйге бардың.
Дүние, **ақырет** мақсатын хасыл қылып,
Жаннатқа рахул қылсын піру бардың!

Ақирет а. آخيرة – ахирет: конец, окончание загробная жизнь – рел. Загробная жизнь. Уа қараңғы пенделер Өлігіне бие бер, Малмен иман алғайсың, Ақирет қашан ойлайсың (Ж.Ж.). Ғибадет деп азаптанған қоры ғадат, Ақирет пайдасына жарамастан (XIX ғ. қ. п.) [2, 66 б., 3, 246 б., 4, 204 б., 5, 21 б.].

«Елу алтыншы бап» – жұмақтың аты, һәм сипаты. Иманғали Мәнен көшірмесі бойынша ұсынылды. Қай жылы жазылғаны белгісіз. Лирика жанрына құрылған. Діни лирика десе болады. Өлең төрт тармақты, аралас бунақты және буынды, 34 шумақтан құралған. Ақын өлеңде кезекті ұйқас пен егіз ұйқас түрлерін қолданған. Кеңес дәуірінде әдебиет зерттеушілері шартты түрде болса да, әрбір лирикалық өлеңді тақырыбына қарай талдап, саяси лирика, философиялық лирика, махаббат лирикасы т.б. арнаулы салаларға бөліп қарастырып жүрді. Діни лирика бұл – дәуірде жабық тақырып болатын. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде «Діни ұғымдарға байланысты туған шығармалар» – деп айтылып келді. Х. Досмұхаметұлы ең алғаш «Діни сипаттағы әдебиетке» баға беріп, ісіләм дініне, шариғаттың қағидаларына, Мұхаммет, оның серіктерін сол сияқты діни поэмаларды атап өтеді. Өкінішке орай, бұл – үрдіс кейіннен тоқтап қалады. Оның себебі де белгілі. Өлең Мәшһүр-Жүсіптің «Көкелташ» медіресесінде білім алғаннан кейін туған болуы керек. Өйткені, ақынның Орта Азияға барып ислам ілімін терең меңгергені өмір жолынан белгілі. Шығарма жарық көргені болмаса зерттеушілер тарапынан әлі өзінің ғылыми бағасын алған жоқ. Дегенмен, ф.ғ.к., доцент Гүлназ Жүсіпова Мәшһүр-Жүсіптің діни дастандарына біршама талдау жасады. Шығарманың мазмұны мен құндылығын айтып ауыз жетпейді. Мәшһүр-Жүсіп жеті тамұқ сияқты бұл – өлеңінде сегіз жұмақты суреттейді. Олардың әрқайсысының діни сипатын ашады. Мысалы: 1 – Алла тағала ғауһардан жаратқан жұмақтың аты Даралыхпан. 2 – саф алтыннан жаратқан жұмақтың аты Дарис салам. 3 – Хақ тағала зібіржаттан жаратқан жұмақтың аты Жаннат – Мәуі. 4 – Сары маржаннан жаратқан жұмақтың аты Даралхилу. 5 – ақ күмістен жаратқан жұмақтың аты Жаннат – Нағим. 6 – жақұттан жаратқан жұмақтың аты Жаннат – Ғадин. 7 – ақ інжуден жаратқан жұмақтың аты Дарил қарал. 8 – Алла тағала лағылдан жаратқан жұмақтың аты Фирдауыс. Әр жұмақтың есігі бар, кеңдігі көк пен жердей екен. Мәшһүр-Жүсіп мынандай көркемдегіш құралдарды қолданған: *есіктердің кеңдігі көк пен жердей, айтуға тоқталамын аузым келмей, төрт дария өзен ағады* – гротеск; *кірпіші алтын, күмістен жаралған-лар, балшығы топырағы – шаған, шарбағы, сарайлары – інжу, жақұт, сарайдың есіктері – тек жауһардан* – метафора т.б. Шығарманың негізгі идеясы бұл – фани (жалған – А. Қ.) өмірде тек қана жақсылық жасасаң, адал болсаң, бақида (мәңгілік-А.Қ.) жұмаққа барасың дегенді мансұқ қылған. Жинақты ескі араб (хадим) жазуынан

аударып, баспаға әзірлеп құрастырып, ғылыми түсініктеме беруші – Ертай Жүсіпов – ф.ғ.к. Қолжазба араб графикасымен жазылған, қазақша оқылады. Қолжазба жақсы сақталған 4, 319-322, 366 б.].

«Жеті қат жердің баяны» – Жетінші бап. Өлең төрт тармақты, 10 шумақты. Діни лирикаға жатады. Бұл өлеңнің де тақырыбы алдыңғы баптарға ұқсас. Тек қана айырмашылығы «жеті қат жер» туралы баяндалады. Жеті қат көк сияқты әр жеті қат жердің аттары бар. Олар: бірінші – аты Дамка, онда хакім Рих тұрған, жетпіс мың арқаны бар Мәлік ие болған. Екінші жердің аты – Халдетұрұр. Ол туралы «Мұхамедия» кітабынан да оқуға болады екен. Үшінші жердің аты – Ғарқа, онда шаян мен үш жүз алпыс Заһар күнін көреді. Төртінші – жердің аты – Жырба, онда көбіне айдаһар және аяқ, қолы жоқ халық мекендейді екен. Бесінші жердің аты – Малша. Алтыншы жердің аты – Шахынайдос. Жетінші жердің аты – Ғажба. Әр жердің мекендейтін жандары бар, әр жердің өзінің әдеті бар. Алтыншы жердің халқы көбіне Құдайға құлшылық қылады екен. Осылай, ақын әр жердің қасиетін жырлап өткен. Жердің қасиеттерін өлеңіне арқау қылған. Бұл өлеңде физика, химияға байланысты да мәселелер қозғалады [4, 114-115 б., 357-359 б.].

Араб Самның ұрпақтары – Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларынан алынған. Адам Ата, Хауа Ана – күллі адамзат осы екеуінен өрбіп-өнген. Бұл Адам ата мың жасап, өз ұрпағының қырық мыңға саны жеткенін көріп өлген. Бел баласы Шиш (Шит) тоғыз жүз он екі [912] жыл жасап өлген. Оған бел бала – Ануш (Анош, Анфш). Бұл Ануш та тоғыз жүз он екі [912] жыл жасап өлген. Мұның бел баласы Қайнар (Қинан) сегіз жүз қырық [840] жыл жасап өлген. Қайнардың бел баласы Майлыауыл (Михайл, Майхауил) тоғыз жүз жиырма [920] жыл жасап өлген. Майлыауылдан туған Жарты тоғыз жүз алпыс [960] жасап өлген. Бұл Жартыдан бүтін болып Ыдырыс (Идрис) пайғамбар туған. Бұл жалғанның жүзінде төрт жүз жыл [400] тұрып, тірілей аспанға ұшып, өрлей-өрлей Үшпаққа барып, сонда тұрып қалған. Бұл Ыдырыстан мұнда қалған бала – Мұтұшалық. Мұның қандай жасағанын білген жан жоқ. Қазақтың айтып жүрген: Нұх пайғамбар дарақтан кеме жонған, Кемесінің түбін тышқан тескен, – деп жүрген жарапазаны – осы жарықтық. Мұның заманында бұл дүние малға да, басқа да толған. Онан соң қайтып ондай толған, жетілген емес. Тіпті дүниенің жүзіне сыймай кететін болған соң, Топан суы тасып, бір наубіт болған. Бұл Нұх пайғамбардан үш бала қалған: Хам, Сам, Жаппас (Жаббас). Хамның ұрпағы: һинді, Зеңгі, Хабаш. Көмірдей қара жұрттың бәрі мұнан өсіп-өнген. **Сам ұрпағы – Араб**, Ажам. Жұлдыздай көп пайғамбарлар **арабтан** шыққан. Тарихтарда зор атақ алған патшалар Ажамнан шыққан. Бұл айтылғаннан басқа Адам ұрпағы Жаппастан өрбіп-өнген. Тарихтан көрген, атын білетіндеріміз: Түркі, Хазар, Сақлаб, Рус, Минкі (Мың), Шын, Кимари, Тарыф (Тарых) – бәрі де алды-алдына ел болып, жұрт болып өсіп-өнген деп таратады [6, 3-85 б.]. Жалғасы Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы (он бесінші)

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының этномәдени лексикасы / А.Қ. Тұрышев. Монография. – Павлодар, 2004. – 423-425 б.
2. Лутфи Шентүрк. Исламда сенімнің негіздері / Шентүрк Лутфи. – Анкара; 2000. – 66 б.
3. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 3. – 3-68 б.
4. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 2. – 4-367 б.
5. Рүстемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов / Л.З. Рүстемов. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 21-306 б.
6. Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 8 – 3-448 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫ МӘДЕНИЕТ ЛЕКСИКАСЫ (ОН БЕСІНШІ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Т. ЖҰМАДІЛОВА
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Жарты тоғыз», Хауа ана мен Адам атаның балалары. Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларынан алынған. **Адам Ата**, **Хауа Ана** – күллі адамзат осы екеуінен өрбіп-өнген. Бұл **Адам ата** мың жасап, өз ұрпағының қырық мыңға саны жеткенін көріп өлген. Бел баласы Шиш (Шит) тоғыз жүз он екі [912] жыл жасап өлген. Оған бел бала –Ануш (Анош, Анфш). Бұл Ануш та тоғыз жүз он екі [912] жыл жасап өлген. Мұның бел баласы Қайнар (Қинан) сегіз жүз қырық [840] жыл жасап өлген. Қайнардың бел баласы Майлыауыл (Михайл, Майхауил) тоғыз жүз жиырма [920] жыл жасап өлген. Майлыауылдан туған **Жарты тоғыз** жүз алпыс [960] жасап өлген. Бұл **Жартыдан** бүтін болып Ыдырыс (Идрис) пайғамбар туған. Бұл жалғанның жүзінде төрт жүз жыл [400] тұрып, тірідей аспанға ұшып, өрлей-өрлей Үшпаққа барып, сонда тұрып қалған. Бұл Ыдырыстан мұнда қалған бала – Мұтұшалық. Мұның қандай жасағанын білген жан жоқ. Қазақтың айтып жүрген: Нұх пайғамбар дарақтан кеме жонған, Кемесінің түбін тышқан тескен, – деп жүрген жарапазаны – осы жарықтық. Мұның заманында

бұл дүние малға да, басқа да толған. Онан соң қайтып ондай толған, жетілген емес. Тіпті дүниенің жүзіне сыймай кететін болған соң, Топан суы тасып, бір наубіт болған. Бұл Нұх пайғамбардан үш бала қалған: Хам, Сам, Жаппас (Жаббас). Хамның ұрпағы: һинді, Зеңгі, Хабаш. Көмірдей қара жұрттың бәрі мұнан өсіп-өнген. Сам ұрпағы – Араб, Ажам. Жұлдыздай көп пайғамбарлар арабтан шыққан. Тарихтарда зор атақ алған патшалар Ажамнан шыққан. Бұл айтылғаннан басқа Адам ұрпағы Жаппастан өрбіп-өнген. Тарихтан көрген, атын білетіндеріміз: Түркі, Хазар, Сақлаб, Рус, Минкі (Мың), Шын, Кимари, Тарыф (Тарых) – бәрі де алды-алдына ел болып, жұрт болып өсіп-өнген деп таратады [1, 3-85 б.].

Жаппас – Нұх пайғамбардың балалары. Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларынан алынған. Адам Ата, Хауа Ана – күллі адамзат осы екеуінен өрбіп-өнген. Бұл Адам ата мың жасап, өз ұрпағының қырық мыңға саны жеткенін көріп өлген. Бел баласы Шиш (Шит) тоғыз жүз он екі [912] жыл жасап өлген. Оған бел бала – Ануш (Анош, Анфш). Бұл Ануш та тоғыз жүз он екі [912] жыл жасап өлген. Мұның бел баласы Қайнар (Қинан) сегіз жүз қырық [840] жыл жасап өлген. Қайнардың бел баласы Майлыауыл (Михайл, Майхауил) тоғыз жүз жиырма [920] жыл жасап өлген. Майлыауылдан туған Жарты тоғыз жүз алпыс [960] жасап өлген. Бұл Жартыдан бүтін болып Ыдырыс (Идрис) пайғамбар туған. Бұл жалғанның жүзінде төрт жүз жыл [400] тұрып, тірілей аспанға ушып, өрлей-өрлей Ұшпаққа барып, сонда тұрып қалған. Бұл Ыдырыстан мұнда қалған бала – Мұтұшалық. Мұның қандай жасағанын білген жан жоқ. Қазақтың айтып жүрген: Нұх пайғамбар дарақтан кеме жонған, Кемесінің түбін тышқан тескен,-деп жүрген жарапазаны, – осы жарықтық. Мұның заманында бұл дүние малға да, басқа да толған. Онан соң қайтып ондай толған, жетілген емес. Тіпті дүниенің жүзіне сыймай кететін болған соң, Топан суы тасып, бір наубіт болған. Бұл Нұх пайғамбардан үш бала қалған: Хам, Сам, **Жаппас** (Жаббас). Хамның ұрпағы: һинді, Зеңгі, Хабаш. Көмірдей қара жұрттың бәрі мұнан өсіп-өнген. Сам ұрпағы – Араб, Ажам. Жұлдыздай көп пайғамбарлар арабтан шыққан. Тарихтарда зор атақ алған патшалар Ажамнан шыққан. Бұл айтылғаннан басқа Адам ұрпағы **Жаппастан** өрбіп-өнген. Тарихтан көрген, атын білетіндеріміз: Түркі, Хазар, Сақлаб, Рус, Минкі (Мың), Шын, Кимари, Тарыф (Тарых) – бәрі де алды – алдына ел болып, жұрт болып өсіп-өнген деп таратады [1, 3-85 б.].

«Ибраһим» – аңыз өлең немесе рауаят. 11 буыннан, 3 бунақтан, 69 шумақтан тұрады. Өлең қара өлең ұйқасынан құралған, діни лирикалық жанр түріне жатады. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің бұл өлеңде көтерген идеясы: дінге тәрбиелеу, құдайға құлшылық қылу және адамның рухани болмысын тәрбиелеу. Оқиғада Құдайды мадақтап, Мұхаммет пайғамбардың Аллаһқа деген махаббаты сөншалықты Ғазірейіл, яғни жан алғыш періште арқылы жалғыз ұлы сүйікті де сүйкімді баласы Ибраһимді құрбан қылуға қиятыны жазылады. Бала Ибраһим сол кезде 7 жаста ғана болады. Алла Тағала пайғамбар Мұхаммедтің таңдауына ерік береді. Я артындағы үмбеттерін, жалғыз баласы Ибраһимді Аллаһ үшін қиюын сұрайды. Көзінен жасы тоқтамай, кеудеден шері тарқамай уайымға берілген Мұхаммед пайғамбар Аллаһ үшін еш дүниесін аямаса да, баласына қалай бұл жағдайды айтып жеткізетінін білмейді. Баласын алдына алып сыр шертісе бергенде ақылы ерте толысқан Ибраһим «үмбетіңді таңда!» деп әкесіне ақыл беретіні таңқалдырады. Есіктен кіре Ғазірейіл періште еш қиындықсыз баланың жанын алғанда, жаны жұмаққа, сүйегі Меккеге аттанады. Яғни, бұл өлең жоқтау ретінде жазылса да, ақын Мұхаммед пайғамбардың Аллаға деген махаббатын ұлықтап жазады. Дастанда діни лексика: сәждә, намаз, пәни, періште, жұмақ, кебін, сауап, заман ақыр т.б. ұшырасады. Ғазірейіл періште олардың адам сияқты іс-әрекеттері айтылады. Мінекей, шығарманың осы сюжеті оны романтизм ағымына жақындатады. Бұлардың жасаған әрекеті адамның қолынан келетін нәрсе емес. Бірақ, ұғымға, ақылға сыйымды, тәрбиелік мәні зор, эстетикалық қуаты күшті. Образдың өміршеңдігі олардың әр мұсылманның жүрегінің төрінен орын алғандығы. Бұл шығарма әлі күнге өз құндылығын жоймағандықтан қазіргі кезеңде имандылыққа бет бұруға үлесі орасан зор екендігін көрсетеді. Бұл туынды Сұлтанмахмұт (Шолтым) жазбасы бойынша әзірленді. Жинақтап ескі араб (хадим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп, ғылыми түсініктеме берген – филология ғылымының кандидаты Ертай Қуандықұлы Жүсіпов еді. Ақын шығармасы Павлодар қаласында 2003 жылы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Шығармалар» атты кітабының 1 томының 66 бетінде жарық көрді [2, 66 б.].

«Имансыздың баяны» – алпыс бірінші бап. Бұл бап 11 буынды, 3 бунақты 57 шумақты, қара өлең ұйқасынан тұратын діни лирика. Мәшһүр-Жүсіптің бұл өлеңде көтерген тақырыптық идеясы дінді насихаттай отыра, адамның адами-рухани болмысын тәрбиелеу. Осы өлеңнің жазылған кезінде адамдар дінге мұқтаж, адамдық рухтық құлдырауында, өңшең саяси ағымдар боданында болған еді. Сол кездері жазылған болса керек. Өкінішке орай, бұл бап жазылған мерзімі, нақты ай-жылы белгілі болмаса да, ақынның жазған идеясына, біліміне және философиялық тереңдігіне қарағанда егде жастан қарттыққа өткен кезеңде жазылған көрінеді. Бұл өлеңде автор дінсіз адамның я болмаса имансыз адамның екі дүниеде бақытқа құр қалып, Алла алдында қандай жауапқа тартылатынын сипаттайды. Мәселен:

Дінсіздің жүзін қара, көзін көк қып,
Пышақтап, айдап келер, құлақ мұрнын,

– деп, дінсіз адамның қияметте халі мүшкілдігін суреттейді. Дінсіздердің барлығын тамұққа әкеліп тығып, зина жасаушыларды шаштан сүйреп, өсек тасушыларды аузынан отты шынжырмен келіп ұрады. Азаптың ең ащысын тататындар да осы имансыздар екенін айтады. Дүниелік өмірде жасаған күнәлары үшін жауапқа тартылған сәтте куәгерлікке жер, уақыт пен заман, төн, ой-ақыл, тіпті жаратқан Хақтың өзі де келетінін айтады. Орасан зор азаптың от болып жан-тәнін күйдіріп, қыспаққа алатынын баяндаса, ахиретте адамдарды 3 топқа яғни, 1 – мұсылмандар, 2 – екі жүзді мүшриктер, 3 – дінсіз көпірлерге бөлетінін, осы үш топты сауабы мен

күнәсіне қарай сый-жазасы болатынын ескертеді. Мәшһүр-Жүсіп осы ахиреттік халді өз ойынан шығармай, Хазіретті пайғамбар Мұхаммедтің сөзі екенін де өлең жолдарында дәлелмен келтіреді. Автор өз заманының тұсында арақ ішіп, тәубеге келмегендерге хақ жолды уағыздай келе, имансыздың ауыр халіне ұшырап жүрмеңдер деген идеясын ұсынады. Автордың бұл идеясын:

Ғазабы уағда бұзған болады зор,
Жігіттер хилаф қылмай, уағдаңда тұр,
Хүкімлігің һәм кетіп бұл дүниеде,
Дүние ахирет жүзінде болмағыл қор!!!

– деген өлең жолдары дәлел бола алады. Бұл шығарма Иманғали Мәненнің 2-папкасы, 224-229 беттері бойынша енгізіліп, филология ғылымының кандидаты Ертай Қуандықұлы Жүсіповтің ескі араб хадим жазуынан аударып, баспаға әзірлеп, құрастырып 2003 жылы Павлодар қаласында Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Шығармалары» атты кітабының 2-томында 330-336 беттерінде жарық көрді [2, 66 б.].

Ибраһим Халал – пайғамбар. Мұхаммед (с.а.с.) – ға дейін Алланың хақ дінін халыққа таратушы пайғамбар, Исмаил пайғамбардың әкесі, Мұхаммед (с.а.с.)-ның арғы атасы. Ибраһим (ғ.с.) әйелі Хажар мен ұлы Исмаилды (ғ.с.) киелі Қағбаның төңірегінде мекендеткен. Ол хақ дінді құру үшін жер-көкті шарлап, ыңғайлы мекен іздеген. Бабіл деген жерде жұртты Аллаға сенуге шақырғанда оны тіпті отқа тастады. Мысыр елінде Ибраһимнің намысына тиді, одан ол Палестинаға қайтты. Ең соңында ең лайықты жер Меккеге келді. Баласы Исмаил (ғ.с.) – ның көмегімен әкелі-балалы болып екеуі Қағбаны салды. Меккеде осылайша халықтың ғибадаты үшін қасиетті орын құрылды. Бұл тарих тіпті қасиетті Құран-Кәрімнің аяттарында да бірнеше мәрте баяндалған. Сондай-ақ қазақ ақыны, данагөй бір туары Мәшһүр-Жүсіп Көпеевте өз шығармаларының өзекті тақырыбы болған діни өлеңдерінде Ибраһим Халал, Ибраһим Халиала деген аттармен берген. Соның біріне мына өлең жолдары дәлел бола алады:

Хақтың үйі мешіт-ті,
Ақты құдай шешіпті
Арамза да төкпенің
Уыз ойын кесіпті.
Ибраһим халал жасады
Төңірім үйі – Қағбаны.
Ибраһим халал жасаған
Төңірім үйі мешітті.
Құдайды білмес бинамаз
Құдайынан кешіпті.
Құдайыңа құл болсаң,
Шын жасалған ұл болсаң,
Құдай – тағалам өзі берер несіпті [3, 25-27 б., 4, 13, 14 б.].

«Бидан» – بديان діни оқулық. Мәшһүр-Жүсіп 5 жасында Нәжімеддин хазіреттен ғылым мектебін үйреніп «Шар» кітабынан бастағаны белгілі. 8 жасында Қамараддин ахоннан «Сырпау» (хырфау) бастап, 9 жасында «Фықа», «Мұқтасар», «Лұқая» оқиды. Марқұм Нәжімеддин хазіреттен «Ағузу, бісмилланы» бастап танысады. 5-6 жасында «һәпитекті» жатқа білген баланы Құранмен алдандырмай, «Шар» кітапты оқытады. Қамараддин хазірет Мәшһүр-Жүсіптің 8 жасында Омбыдан көшіп келіп, Байжан хазірет салдырған ескі медреседе сабақ оқытады. Қамараддин хазірет бірден «Биданнан» бастайды. Ол: – «Ендеше бұған **Биданнан** бастайын! – деп, **Бидан** сығдік Алла ... алдарынан салды. «Шар» кітапта танымал болған сөз».

Биданнан бек біл деумен сабақ берді,
Мен екі айтқызбаймын бір сөзді енді.
Ағзуы, бісмілланың мәнісімен,
Қызығып үйрететін жөні келді

– дейді. Ғылымын 12 пәннің білген Мәшһүр-Жүсіп «Сарып» пен «Нақуды» да меңгеріп алады. Қыс бойы «Биданды» хазіреттің көзі ауырып жатып қалғанда өздері жатқа оқыды.

Сол қыста көзі ауырып хазірет жатты,
Қиналып өз жанына жаман батты.
Немене Бидан деген сөз бе оларға,
Жатқа айтып жүндей сабап тарсылдатты

– деп, жазды ақын өзінің өлеңінде [5, 278 б., 6, 118-119 б.]. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы (Он алтыншы).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 8 – 3-448 б.
2. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 1. – 25-431б.
3. Али Хикмет Берки, Осман Кескіоғлу. Соңғы пайғамбар хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны / Ауд. Сәуле Дағайқызы. – Анкара; 1997. – 25-27 б.
4. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 7. – 3- 382 б.

5. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 9. – 6- 361 б.

6. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы (Екі томдық шығармалар жинағы) / – Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. – Алматы; 1990. – 30-123 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫ МӘДЕНИЕТ ЛЕКСИКАСЫ (ОН АЛТЫНШЫ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Т. ЖҰМАДІЛОВА
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Жим» – جيم араб алфавитінің бесінші әрпі. Сандық мағынасы – 3. (Бұл әріптің транскрипциясы **ж** деп алынды – Н.О.) *Бірге оқып ең әуелі «әліпбиді», қосылып әнге салып «**жұм**» (дұрысы: **жим** – Н.О.) мен «сиді» (С. Торайғыров)*. Ат білмек, қыз Қырмызы, болсын бізден, «Жұм» (дұрысы: жим – Н.О.) мен «сын», «бе» әріп, ал Ұлы жүзден (автор Жүсіп деген өз аты арабтың ж, с, б әріптерінен құралатынын, руы Ұлы жүзден екенін айтып отыр – Н. О.) [1, 94 б.].

«Қожа» – дінді уағыздайтын адам. *Тіліміздің билігі «алдияр» ұранды төреде, еліміздің билігі «алла» ұранды **қожада**. Бірде-бірінің бұшпағы қанамай, бізге күн көру қайда. Жас ұйсті баланы-ай деп, зарығып, қамығып жүрген күндерінде ойламаған жерден алты **қожа** кез келіп, қона қалыпты* (М-Ж., 10). «*Қарасы бар ішінде, **қожасы** бар, Бір айтылған таңсық сөз көпке жайып*» (М-Ж., 204 б.). Қожа зат. 1. Діни, Мұхаммед пайғамбардың алғашқы халифтарының ұрпағы, мұсылман дінінің өкілі. Қожа зат. 2. Үй иесі, отағасы; бір нәрсені билеуші, меңгеруші (ҚТТС. 7 том. 1976:327). Қожа – Мұхаметтің алғашқы халифтерінің ұрпағы, ертеде қазақ т.б. халықтар арасында мұсылман дінін таратушы (ҚСЭ, 1975:578); Қазақ тілінде: «Ай дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ» фразеологизмнің құрамында «қожа» сөзі кездеседі. Ә. Қайдар: «...что данное выражение своим происхождением связанно с древними традициями правопорядка власть **ажа** – «женшины-предводительницы рода и племени (отсюда и: каз. әже, кирг. еже, уйг. ача, тув. алт., ажа и др. – «старшая женщина в роду») и қожа – «хозяина рода и племени» (этот термин, вероятно, не связан с религиозным названием «ходжа»), чьи указания и приказы, замечания и предупреждения для членов общества были непрекословными» – дейді (Қайд.., 19). Р. Сыздықова: **қожа** сөзі басқа тілден енген сөздің өзінде ешқандай дыбыстық өзгеріске ұшырамаған. **Қожа** сөзі діни атау десек, қожайын ие деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл жерде **-йын** қосымшасының жалғануы арқылы жаңа бір атау туып тұр. Қожайын – үйдің иесі, ең қадірлі адам, үйдің құдайы десе де болады (Сыздық., 143, 256 б.). Г. Потанин: Ходжа – потомок пророка – дейді. Л. Будагов: тур. ад. قوجه коджа, قوچا(1) старый, пожилой, старикъ (сол сияқты قوجامان қожаман). 2) мужъ, супругъ. 3) большой, огромный, قوجه‌كۆكжажэh, старишок, قوجه‌ل қожалқ, старость, قوجامان қожаман, дряхлый, престаръльй, قوجه‌ياق қожа қары, старая женщина (Буд., 72). Л. Будагов: Ходжа бухарцы и сирійскіе арабы произносять хаваджэ) старецъ, старшина, господинъ, богатый купецъ, хозяинъ, учитель, профессоръ, хаваджэ называются потомки халифовъ Абу-Бекра и Омара т.б. көптеген мағынасы бар – деп жазады. Қожа > мұсылман дінінің өкілі. Хожа – У казахов так назывался один из родов. Преставителей этого рода считали потомками Мухаммеда. В переносном смысле «қожа» – хозяин (ҚЖ, 1963: 284). **Қожа** сөзі **ие** сөзінен айырмашылығы қожайын ер адамның рухын бейнелейді. Чув. ӳи хозі ~ мар. Вьd оzа, удмуртарда солай аталады. Vu knzo көбіне шал бейнесінде көрінеді (Holmberg, 1913: 68; Wichmann 1901: 52-55). Хужа – қожа: тат., башк. тілдерде `қожайын, үй иесі` ретінде және `ері, отбасы` диалек. белгілі (ТТДС: 463; Бhh II: 284). Қожа сөзінің мифологиялық бейнесі орал, шоқынған татарларда кездеседі. Қожа деп қасиетті рух иелерін де атаған. Су иесі – Мухаметқали, жер иесі – Сөнгатулла, пайғамбар негізі – Данил, араның иесі – Зөнбер ата, ат иесі – (Хәлил) құс – Гамбәр ана т.б. Кейбір иелердің аттары ауысқандығы байқалады. Қожа: шув., хоса, хуса; мар., козя, озя, удм., кузо, квазь, коми козя, морд., кузя. `қожайын` мифологияда қолданылады. Бұл парсы сөзі монғол бұлғар дәуіріне дейін-ақ (қараңыз: коми козя `моншаның рухы`) болып өзгеріске түскен. Төрт түлік малдың өз иесі: жылқының иесі – Қамбар ата, сиырдың иесі – Зеңгі баба, қойдың иесі – Шопан ата, түйенің иесі – Ойсыл қара, ешкінің иесі – Сексек ата деп әрқайсысына жекелей ат қояды. Ахметьянов парсы тілінде қожа (хужа) хожа `үй иесі` онша мифологиялық мәні жоқ дейді. Кейде **қожа** сөзі құдайдың синонимі ретінде ғана көрінеді дейді. Расында да, парсы тіліндегі қожа `қожайын` мифологиялық мағынасын сақтамады. Көбіне `мырза` сияқты мағынада қолданылады. Мысалы, Қожа Ахмет Иассауи, Жандарбек қожа т. б. Қазақ тілінде қожа жанама ат сияқты көрінгенмен қожа аты бойында діни имандылығы бар адамды ерекше қасиет иесі ретінде бағалайтын дәстүр ел ішінде әлі де сақталды. Қ. Жұбанов осыған орай: «Алғашқы кезде жергілікті халықтар дін үйретуші хожаларды жай адам деп те ойламайды. Оларды керемет иесі, құдаймен тілдес адамдар деп есептейді. Күні кешеге дейін жаңа туған балалардың атын «хожа» атымен байланыстырып: «Хожамберді», «Хожағұл», «Хожалепес», «Хожамжар», «Хожамсейіт» тағысын – тағылар деп қоюларының мәнісі де осы еді» – дейді.

Түйін. Қожа о бастағы пайғамбарлық қасиетінен қазір аздап айрылды. Мәшһүр-Жүсіп қожаны қасиетті «Алла» дәрежесіне дейін көтеріп қолданған. Қазақтар «қожа» – деп баланы сүндетке отырғызатын адамдарды келемеждеп айтқан. Бұл әсіресе кеңестер дәуірінде қатты байқалды. Қазір қожа-молда өзінің алғашқы қасиетіне ие бола бастады. Қожа > ожа > ожо > ажа > әже > қожайын > коза >қара қожалақ сияқты сөздердің тууына себеп болған. Қожа мен аба (ав) түбірлес сөздер болуы мүмкін. Өйткені әже сөзінің сілемі ана>іне>ене>эне түбірлеріне жол салтейді. **Қ** дыбысы (қалқа- (қ) алқа) кейін қосылған протезалық құбылыс болып саналады. Қазақ тілінде «Әй дейтін ажа жоқ, қой дейтін қожа жоқ» – деген мақал қалыптасқандығын байқауға болады [2, 101-102 б.].

«Ібіліс» – шайтанның аты. *Ғазазіл Жұмысым мұнымменен бітпейді гой, Дегендей **Ібіліс** лағын болмады шат* (М-Ж., 39), *«Әй **Ібіліс**! Сен неге сәжде қылушылармен бірге болмадың» деді.» **Ібіліс**: «Сен бейнеленген қара балшықтың кеуіп, сыңғырлағанынан жаратқан адамға сәжде етуіме болмайды» деді* (Құран, 264). *Әзиза ханым **Илбарыс** ханның немересі еді* (Әбілғазы, 159). Е. Жүсіпов «Ібіліс лағын, шайтан хикаясы» (М-Ж.) талдағанда: Осы орайда барлық періштелер мойынсұнғанда, оттан жаралған өзін, топырақтан пайда болған адамнан жоғары санайтынын мәлімдеп, Ібіліс көнбегені, сонысы үшін жазаға ұшырағаны келтіріледі. Кейін жаза өтеу мезгіліне шегеру болғанда, Ібіліс бұдан кейін адамдарды алдау жолына түсетінін мәлімдейді (Мәшһүр-Жүсіп., 130-140 б.). Ібіліс [иблис: сатана, дьявол, черт] – 1. рел. иблис – имя дьявола, созданного из огня ангела, который отказался поклониться сотворенному Аллахом из глины Адаму, за что был низвергнут с небес (Рүстемов, 1989: 317). Л.Гумилев: Ібілістің отпен байланысы барлығын жазады. Батыс хандардың аттары да жиі кездеседі: «Иби» – «Ибрис» (*барыс*) (Гумил., 80). Бухатын Базилхан: көне мон. гол. *ірбіс*, хал. хамон. *ирвэс*, қаз. *ілбіс*, *леопард*-(17). Кейбір деректерде: *албасты<албарсты* тұлғалары: *албас<албарыс* сөзі –**лы** // **-ты** жұрнақтары арқылы пайда болған дейді. *Албарыс* сөзі алтайшор мифологиялық бейнеде *ара парс, ала марс* (немесе *алты құсту ала парс*) – ертегі әлеміндегі мысық бақсының тері керілген аспабының тұтқасында салынған тіршілік иесіндегі бейне (Potapow 1963: 230 б.). Тура мағынасында *алты құсту ала парс* `алты көзді қызыл ала барыс` және хакас тілінде қатарласа. *алты құстиг ақ чагал, алты құстиг пай чагал* `алты көзді ақ жыртқыш аң, алты көзді текті жыртқыш – бақсының тері керілген аспабының бір тетігінің аты` (Dioszegi 1962: 87-96). Сонда да кең тарағаны жыртқыш аң (шақал) емес, барыстың бейнесі болды. Бұл жөнінде сіб.-тат. *илбис `барс, тигр`* (Гиганов 1804: сөздігі.); қырғ. *илбирс* `ирбис, қар барысы`, як., тув. *илбис* `ашулы құдай, соғыс құдайы`, алт. илбис `жер мен судың т.б. аруақтары. *Ала `қызыл ала`* эпитеті `*ала парс*`халық этимологиясын еске түсіреді. Ең алдымен *албарс* сөзі, **элбэрс* (мына елдерде *илбирс*, *илбис*: тат., қырғ., хакас., як., тув. ), *ал-барс* немесе *ал барс-ы* `ашулы аруақ ***ал** барыс* түрінде болған. Көптеген Азия халықтарында: якут, түрік, армян, парсы, тәжік, күрттер де – албасты (*албаста*) от (*ал*) аруағы *ал* (Пекарский Сөз.: 69-71, Горделевский 1962: 300-302, 312-315, Серебякова 1979: 174-177 б.). Түркімендерде *ал, ал-арвах* `қорқынышты түс, аруақтың рухы, ұйқыдағы адамның бастырылуы` (***аравх*** `өлгеннің аруағы`), қырым татарларында *ал карысы* `ашулы аруақ кемпір, босануға бөгет жасайтын` (кары `кемпір`). **Аруақ** – души умершихъ, предковъ, призракъ. Иран халқында *ал*, *ал* – `оттың аруағы, от басының иесі, `баланың тууын созады` (қара.: тәжік., ауған. *модариол* `от анасы`: *модар* `ана`, *ол* `от`). Жалпы алғанда *ал* және *барс* сөздері бірлікте алғанда: *ал барс* ирандардан ауысуы мүмкін. Кейбір монғол және түрік тілдерінде *албас*, *албарыс* аруағының бірнеше варианты бар: *албан, албын, алмыш, албар,* мүмкін монғол тіліндегі *ал барын* `ал-барыстан` шығуы, қараңыз.: монғ. *бар, барун, барин* `жолбарыс, барс` (ауслаут **с**-ның түсіп қалуын былай түсіндіруге болар еді, мүмкін **с** көне монғолдық көптік жұрнақ ретінде қабылданған) (-із//-ыз көне көптік мағына беретін жұрнақ ретінде қарастыратыны түркі тілінде де бар – автор). Бір қызығы, монғол халқы *албы, албан, альбан сөздерін **от аруағы*** – деп түсінеді (Б. Базыл., 176). Шайтан, пері, дию, жын мұсылман дініндегі – ғажайып *ыбылыстарды* жатқызады (Ш. Уалих., 547).

Түйін. Ібіліс > барыс сияқты діни мифология дәрежесіне дейін көтерілген аңның аты болуы мүмкін. Ыбырсып – сөзі осы ыбылыс<>ібіліс. Қалай дегенмен албасты сөзімен мағынасы жағынан өте тығыз байланысты екендігін зерттеу көрсетті. Ібілістің > ілбіс > илбарыс > ыбылыс > элбэрс > илбис > ірбіс > ала парыс > ал барыс т.б. вариантары ұшырасады. Ібіліс пен албасты (қара албасты) байланысты екендігі жоғарыда айтылғандықтан тағы да қайталап жатпаймыз. **Қара** эпитеті қосылып **албастының** жаманшылық іс-әрекеті, рөлі одан сайын күшейді. Тілдің даму барысында қара албасты ықшамдалып, қара бассын түрінде айтылған. Мазмұны жағынан бұл екі тіркестің бір-бірінен айырмашылығы шамалы ғана. Мәшһүр-Жүсіп **ібіліс** лексикасын **албасты** сықты мағынада қолданған. Қара албасты мен қара бассын синоним сөздер екендігі байқалады [2, 108-109 б.].

«Баһыраб» – хан аты. Мәшһүр-Жүсіптің Он тоғызыншы бап: «Басқа патшалар, жомарттар, әулиелер» – деген дастанында ұшырасады. Хасен, Хұсайын заманынан бері Фатима, Заһира, Ғайша аналарымыз өткенін, тағы да әулие Ғауинт, Алағзам, Нақшыбанды, Бахауаддин, Қожа Ахмет т.б. өнегелі істерімен аттары тарихта қалған көптеген есімдердің жақсы жақтарын, қылықтарын, білімдерін атап өтеді де, патша Жамшит, **Баһыраб**, Балқұн, Фарзуз, Баһадұр Рүстем, Зымак, Сахып қыран, Қаһарман: Дәл мен Зәл т.б. бейнелерін жан-жақты суреттейді. Мысалы:

Әнбия, әулиеден бірі қалмай,
Дүниеге бәрі де өтті назар салмай.
Патша Жамшит, **Баһыраб**, Балқұн, Фаруз,-

Зор еді заманында олар қандай?!– деп, зор патшалардың бірі болған Баһырабтың бейнесін ерекше бейнелейді [3, 167 б.].

«Имансыздың баяны» – алпыс бірінші бап. Елу алты шумақтан тұратын қара өлең ұйқасты 11 буынды діни лирикалық жыр. Жазылған жылы белгісіз. Көтерген тақырыбы имансыздықтан құтылып, діни ілімді арттыру. Шығарманың құндылығы әр адамды дінге шақыра отырып, рухани тәрбиелеу. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев имансыз жандардың о дүниелік өмірін былай сипаттайды: Имансыз адамдардың жүзі қара, көзі көк боп, құлақ мұрны кесілген күйде тамұққа тасталады. Ол жерде дүниеде жасаған күнәсі үшін Запанидің отты шынжырынан азап шегеді. Әсіресе бұл жерде зинақор болған қыздар, тәубесіз өткен жігіт және күнаһар мұсылман үмбеттер қатты азапталатынын пайғамбарымыз ескертеді деп жазады. Тозақтық болған адамдар тәубеге келіп қанша жыласа да көздерінен қанды ірің ағып, тәубесі қабыл болмайды. Исламның бес парызын орындап, өсек аяңнан аулақ болған адамдардың жүздері екі дүниеде де нұрлы болып, жанарлары жарқырап тұрады. Сол себепті автор адамдарды имандылыққа шақыра отырып, көркем мінезділікке, ахлақтарын түзетуге үндейді. Бұл өлең Иманғали Мәненнің 2-папкасынан 209-221 беттер бойынша әзірленген. Өлең тұңғыш рет Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағы. 2 том. Павлодар, 2003. 330-336 беттерге еніп отыр. Мәшһүр-Жүсіптің қолжазбасынан араб жазуынан аударған филология ғылымының кандидаты Ертай Қуандықұлы Жүсіпов. Демек, бұл – мәтін қолжазбадан алынып отырған және тұңғыш баспа бетін көріп отырған өлең болып саналады. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы (Он жетінші)

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. / Н. Д. Оңдасынов. – Алматы: Мектеп, 1984. – Т. 1. – 94-96 б.

2 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері : ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.02.02 : 17.06.2005 қорғалды : 17.06.2005 бекітілді / Тұрышев Айтмұхамет Қасымбайұлы. – Алматы; 2005. –75-320 б.

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 2. – 4-367 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫ МӘДЕНИЕТ ЛЕКСИКАСЫ (ОН ЖЕТІНШІ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Т. ЖҰМАДІЛОВА
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, Павлодар қ.
Ш.Ж. ТРУШЕВА
магистр, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы, Павлодар қ.

«Исмағұл» – періште. Жеті қат көктегі есікшінің бірі. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Жеті қат көк баяны» атты шығармасында кездеседі. Мұнда жер, көктің жаратылуы сөз бола отыра, жеті көкке жеті есікші қойылғандығы айтылады. Сол есікшінің бірі – Исмағұл періште. Осыған дәлел:

Исмағұл, Михаил мен Сағдайыл бар,
Калкайіл, Салсайыл мен Самайыл бар.
Рафайыл – жетіншіде мекен еткен
Бәрінен орны биік Жебірейіл бар [1, 114 б.].

«Исрафил ғалайссаламның сорын үргені» – алпыс бесінші бап – Бұл өлең 9 шумақты, 4 тармақты, 11 буынды, 3 бунақты діни лирика. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев бұл өлеңде көтерген негізгі тақырыбы: адамдарды дұрыс жолға салып, бұл дүниенің мәңгілік емес екендігіне көз жеткізу. Адамдардың бұл дүниеде істеген әрбір іс-әрекеті үшін жауапқа сұралатыны жазылған. Исрафил ғалайссалам сорын үрлегенде барлық әлем қайта тіріледі. Содан соң мунафиқ, дінсіздер, залымдар күнә істеген болса, барлығы тиісті жазасын алады. Егер, адамдар о дүниедегі азапты білген болса, бұл дүниеде адамдар «анадан тумасақшы еді», – деген жолдарды Мәшһүр-Жүсіп Көпеев тегін жазбаса керек. Оған дәлел:

Ғазабы мұндай екен ойласақ-шы,
Қабірден қор болып бүйтіп тұрмасақ-шы!»
Тістейді: «Уа-уайлап» бармақтарын:
«Жан болып біз анадан тумасақ-шы!»

Адамдардың осы дүниеде ойланбай істеген күнәлары о дүниеде айқындалып, жаһаннамда азап шегетіндігін Мәшһүр-Жүсіп осы өлеңінде нақтылай түседі. Ақынның әрбір өлеңі кейінгі ұрпаққа үлгі, насихат екендігі мәлім [1, 339 б.].

«Калкаил» – періште. Жеті қат көктегі есікшінің бірі. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Жеті қат көк баяны» атты шығармасында кездеседі. Мұнда жер, көктің жаратылуы сөз бола отыра, жеті көкке жеті есікші қойылғандығы айтылады. Сол есікшінің бірі – *Калкайіл,* періште. Осыған дәлел:

Исмағұл, Михаил мен Сағдайыл бар,
Калкайіл, Салсайыл мен Самайыл бар.
Рафайыл – жетіншіде мекен еткен
Бәрінен орны биік Жебірейіл бар [1, 114 б.].

«Кәләм» – араб тілінде «сөз» деген ұғымды береді. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Ақыреттің егіні» атты өлеңінде:

Жүсіптей сұлу болсаң жүзің нұрлы
Мұсадай **«Кәләм Алла»** – қылсаң ұнны,
Аюбтай «Нығымал ғабды» – атансаң да,
Өлімге жолығарсың осы түрлі.– деп жазады. Яғни «Кәләм – Алла» – Аллаһтың сөзі деген мағына береді. Өз жаратылыстарының арасында бейбіттшілік, ауызбіршілік және өзіне ғана құлшылық орнатпақ үшін ұлы жаратушы Аллаһ Ислам дінін таратады. Осы бір хақ дінді таратудың жолында әлемге түрлі пайғамбар жібереді. Соның ішінде 28 пайғамбар есімдері қасиетті Құранда аталады. 28 пайғамбардың 4-уіне Аллаһ Жәбірейіл періштесін жіберу арқылы уахиларын жеткізіп, қасиетті Таурат, Забур, Інжіл, Құран атты кітаптарын түсіреді. Бірақ ең соңғы Мұхаммед пайғамбар арқылы қасиетті Құран кітапты жібергендіктен қалған кітаптардың үкімдері жойылады. Осы төрт кітаптың барлығы да «Кәләм Аллаһ» яғни Аллаһтың ұлы сөздері болып есептеледі [2, 28 б.].

«Далил» – دليل жол көрсетуші. 1893 жылы жазылған «Шонтыбай қажы» діни өлеңінде кездеседі. Далил – жол көрсетуші. 1883 жылы Қазан қаласында басылған «Маңызды мәселелер кітабынан» келтірілген мысалда: «Далилларны»: (жол көрсетушіні) басшы алып барып, Меккеге қайтқанша құры тұрғанымыз жоқ – деген жолдар жазылған (Мәшһүр-Жүсіп, 368). Мәшһүр-Жүсіп далилдер деген сөзді басшы, жол көрсетуші мағынасында қолданған. Мысалы:

Көрдіңіз пайғамбардың туған жерін,
Тазалап жуып келдің күнә кірін.
Далилдер басшы болған көрсетті ме:
«Зират қылдыңыз, – деп, – жер кіндігін!» – дейді [2, 250, 368 б.].

«Кимари» – Жаппастан тараған ұрпақ. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «1 – мәтін Қазақ түбі» (бірінші нұсқа) атты шығармасында кездеседі. Ақын барлық адамзат Адам Ата мен Хауа анадан өрбіп-өнген. Адам Атаның мың жасап, өз ұрпағының қырық мыңға саны жеткенін көріп өлген, – дейді. Сол Адам ұрпағының бірі Жаппастан тарағанын жазады. Кимари де Адам ұрпағының жалғасы екенін Мәшһүр-Жүсіп былай береді: «Бұл айтылғаннан басқа Адам ұрпағы Жаппастан өрбіп-өнген. Тарихтан көрген, атын білетіндеріміз: Түркі, Хазар, Сақлаб, Рус, Минкі (Мың), Шын, **Кимари,** Тарыф (Тарых) – бәрі де алды-алдына ел болып, жұрт болып, өсіп-өнген – делінген» [3, 3 б.] .

«Керуенбасы, Қожасағит – Шеризат» – Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Гүлшат-Шеризат» дастанындағы басты кейіпкер – Шеризат. Әкесі-Көркін патша. Жас күнінен жетім қалып, біраз уақыт арыстан құлан сүтін беріп асырайды. Екі жылдан соң Керуенбасы Қожасағитқа кезігіп, баланы Қожасағит асырап алады. Балаға «Шеризат» – деп ат қояды да, молдаға оқуға береді. Дастанда Шеризаттың бейнесі ерекше көзге түседі. Мәселен:

Бес жасында оқиды әліп-биді,
Жетім қалған байғұсты тәңірім сүйді.
Жеті жаста бұл бала болды ғалым,
Балаға **Қожасағит** көңілі тойды [4, 372 б.].

«Ит дүние» – Бұл 11 буынды, 3 бунақты, 11 шумақты, 4 тармақты қара өлең ұйқасына құрылған, діни лирикалық өлең. Өлеңнің негізгі көтерген мәселесі адамдарды бұл дүниенің мәңгілік емес екендігіне және де дүниенің соңына түсіп, тірлікті ұмытқан жан, өмірдің уақытынан бұрын озып, өтіп кетіп жатқанын айтады. Ақын бұл өлеңде дүние байлықты адамдарды өз соңынан салып қойып, иттік мінез танытады деп «ит дүниеге» теңеп айтып отыр. Және де ақын осынау ит дүниемен бетпе-бет тілдескендей, осы ит дүниеге ауыр сөздер айтады. Дүниенің өзі ішіп-жемеген соң, құдайға бет бұрып иман етпеген соң адамзатты өз артыңнан салаңдатып, сен бір сәурік айғырдайсың деп нала айтады. Ақынның бұл идеясы адамзаттың дүние қуып, иманнан безініп, дүние үшін тіпті бауыр адамдардың да жан қиысып жататындығы жанын жегідей жесе керек. Өлеңнің бұл тұстары Мәшһүр-Жүсіптің тұсындағы заман қайшылықтарының, дау мен дамайдың араздастық пен алауыздықтың басты себебі осы жоқшылық пен дүние артынан түсіп кетушілік екенін аңғартады. Өз заманының жанашыры болған Мәшһүр-Жүсіп Көпеев бұл өлеңді ұрпаққа «дүние соңынан түсіп кетіп, өмірдің өзегінде өртеніп өліп кетпеңдер!» деген насихаты еді. Бұл өлең Мәшһүр-Жүсіптің әулеттік мұрағатта сақталған өз жазбасы, яғни түпнұсқа бойынша ұсынылды.

«Аруақ» – а. ارواح *ед*. души. духи; кир. произносять души святыхъ, помогаюія людямъ, невидимая сила, счастливый человѣкъ, какъ бы управляемый невидимою силою; ему помогали души святыхъ. Рүстемовтың сөздігінде де осы мағынада жазылған. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Абылайдың алғаш көзге түсуі (үшінші нұсқа)» атты шығармасында «аруақ» сөзі беріледі. Бұл – сөз көбіне батырлар жауға аттанғанда жиі қолданғандығын ақын шығармасынан байқаймыз. Мысалы: «– *Кеше біздең айтылмаған* ***аруақ,*** *шақырылмаған ұран қалған жоқ. Бәрі дәнемеге жарамай, бұл өзі жалғыз болса да, тегі, заты кім екен* [5, 33 б., 12, 31-32 б., 14, 13 б.]

«Підия» – діни ұғым. Підия ةيدف а. 1) төлеу, өтеу; 2) діни. өліктің күнәсін молдаға сату, сөйтіп оны күнәдан құтқару, азат ету; 3) жанын қию, құрбан болу. Мәшһүр-Жүсіп те підия сөзін қолданған. Мысалы: *«**Підия** берсін» – деген Құранда бар. Міне, Сүлеймен молданың һыдиясын айтып тұр. Біреу: «Мен өлген соң, ысқат, **підия,** дур айналдыр!» – деп, өсиет қылған болса, артында балалары қылмаса, отпен азап қылынады екен. Құранда барлығы – мынау Құранның бас жағында тұр: сүре лылы Құранның екінші парасында: «Шамасы келген кісі підия берсін!» – деп тұр!» – деп, жарты тарақ құлақ қағазға жазып: «**Фідия** берсін!» – деген аят мынау – деп, апар, Мәшһүрге көрсет мынаны! – деп, беріп жібереді»* – делінген жолдарда «підия» сөзі кей тұстарда фонетикалық өзгеріске түсіп, «фідия» болып келген [6, 66 б., 14, 332 б.].

«Мәһір» – арабша «шебер, маман, әмбебап». Тағы бір мағынасы رەام мәһір – 1) қалың мал; 2) неке қияр; 3) жасау. Адал пұлым, алған жоқ елден талап, Әкең берген шешеме қолдан санап. Таза малды беремін мәһірне Жалғыз бауырым сен едің алған қалып (Мағауия). Мәһер. Сіздің алдыңызда қызымыздың мәһер ақысын кестіріп қоймақшымын, – деді («М.Б.Т.»). Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Өлең және қара сөз ғибраты» атты шығармасында адамдардың іс-әрекетіне байланысты «мәһір» сөзін қолданған. Мысалы: «Біреу қасқырдай жан-жағындағысын талап, біреу иттей көрінгенге көзін сүзіп, босағадан босаға қалдырмай аңдып; біреу түлкідей құйрығын бұлаңдатып, біреу мәймундай көрінгенді еліктеп, біреу жыландай сыртынан жылтырап; ішінен зәрін төгіп, кейбіреуі қабыршағы жоқ балықтай қолға тұрмай жылпылдап, біреу қарғадай – ауыздан ішіп, арттан түсіп қалғанды әлдеқандай аңдып; біреу сауысқанша шықылықтап, өсек ғылымына **мәһір** болып, сау жылқының арқасын тесіп қанатып; біреу күйкентайдай тышқанға төніп, ертеңнен кешке шейін алған бір тышқаны жоқ, текке әуре болып; ...» – делінсе, келесі кезекте «маһыр» сөзі қызға берілетін сый – ақы ретінде қолданылған.

Және айтты:
– Неке құлданған қатындардың
Кем қылмай напақасын бергіл оның.
Маһыры насирасына зейіл (зайыл) болмай,
Ері өлсе, өзінде қыл ықтиярын [6, 174 б., 1, 92-93 б., 7, 83 б.].

«Қазығұрт» – тау аты. *Алатау, Қаратаулар бас қосқанда, Ішінде **Қазығұрты** – Біздің қазақ* (Мәшһүр-Жүсіп, 227). *Бірінің атын **Қазығұрт** қой, құртша құжынап, битше быжынап, мал бітеді* (Мәшһүр-Жүсіп, 31). *Бұланғаған қыз **Құртқа**, Алдынан кетіп барады* (Қобыланды, 36); ***Қазығұрттың** басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неге қалған* (Мәшһүр-Жүсіп, 40). – Қазығұрт Талас Алатауының оңтүстік-батыс сілеміндегі тау. Шымкент қаласынан 35 км. жерде. Солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 20 км-ге созылып жатыр; ені 10 км-дей. Абсалют биіктігі 1768 м. Шығыстан батысқа қарай аласарады (600 – 800 м). Жатықтау келген солтүстік беткейі бірнеше қырқалы жонға тармақтанып кетеді. Оңтүстік беткейі Келес өзеніне жалғасып, жарқабақтанып бітеді. Беткейінде бетеге, боз, аңғарында арша, долана, алма ағашы өседі. Бұл тау ел арасында «Қазығұрт әулие» деп те аталады. Қазақ аңызы бойынша, дүниені топан су басқанда, Нұқ пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына тоқтаған делінеді. Қазақ ауыз әдебиетіндегі Қазығұрт туралы аңыз өлеңде: Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған, Жетім қозы басында жатып қалып, Шопан ата жануар сонан қалған, – деп, Шопан ата, Зеңгі баба, Жылқышы ата, Ойсыл қара сияқты төрт түліктің киелі иелері аталады. «Қорқыт Ата кітабында» Қазығұрт тау ретінде («Қазығұрт үңгір ташыны йогарылатды...») кездессе, Әбілғазының «Түрікмен шежіресінде» Оғыз ханның бір баласының аты ретінде ұшырайды. Қазығұрт сөзінің «қазы» сыңары өзге тау атында (Қазылық), ал «құрт» сыңары башқұрт, ежелгі мадьияр тайпасы (куртигермат) этнонимінде кездеседі.

Қылмаған кім бар дейсін бізді мазақ,
Өлуге-өлмесек те, қалдық аз-ақ!
Алатау, Қаратаулар бас қосқанда,
Ішінде **Қазығұрты** – біздің қазақ.

Қазығұрт // Башқұрт топонимдерінің екінші компоненті ғұрт//құрт қасқыр деген ұғымды береді. Парсыша қасқырды «гөрт» – деп атайды. Түркілер қасқырды өз тілінде-құрт – деген Қ. Халид. Башқұрт – қасқырдың басы – дейді Л. Будагов., 228. Бұл сөздің шығуы туралы: Л. Будагов: Бұхарадан миссионерлер шыққан соң, мұсылман дінін тарату үшін, қайда бararларын білмеді, өйткені барлық жерде кәпірлер болды. Сол уақытта оларға көмекке қасқыр келеді. Қасқыр оларды Орал тауларына қарай алып жүреді. Оралда Башқұрлардың ата-тегі тұрған еді. Олар тілді дінділер еді. Содан барып Башқұрт (қасқырдың басы) аталады, – деп жазды (Буд., 228). Қ. Өмірәлиев: Міне, Қазқұрт топонимінің -құрт сыңары-ежелгі дәуірде хунн құрамында болған тайпаның, кейін негізінен башқұрт халқының қалыптасуына ұйтқы болған әрі өзге де халықтар құрамына енген тайпаның аты («Қазығұрт» және оған қатысы бар топонимдер жайлы (// Қазақстан мектебі. – 1967. – № 47. – 84 б.). Құрт>қасқыр. Л. Будагов құрт-волкъ, تـروق يڭسا старый волкъ, мет. изѣстный плутъ, يبك روري ڭ ەنويق дроук какъ волкъ входящій въ стадо овецъ (Буд., 74). С. Малов курт-`червь` (редко употребляется ввиду второго значение этого слова); куртқа –`старуха, бабушка`; курут `сушить`: `заставить сохнуть` (Мал., 61). Башқұрт, Қазықұрт топонимдері мысал бола алады. Башқұрт этнонимінің шығу тегі өздерінде басқаша айтылады: Ул ғалим венгрзарзы, башкорттарзы, рустарзы борон заман Дунайзан алып Уралғаса арауықта әйшәгән бер кәбилә токомдары итеп һанай. Уныңса, «башкорт» атамаһы «башак» («башыак») һәм «-ри-та» («ур-ту») тигән мәғәнәле өлөштәргә бүленә, ә «ир-ат»тан урут (урус)–рут–руш–рус атамалары килеп сыға (нуңғы өсөсһө – рустарзың төрлө дәүерзә аталышы, улар язма тарихка теркәлгән). Қ.Халид: «Башқұрт, жол бастаушы *қасқыр* туралы аңыз

айтылады» – дейді. Башқұрттар қасқырды қарсыға дейді. Мысалы, ...***Карсыгага** ла, Арсыланға ла окшаймын. «**Карсыга**» – «Кор» тиған һүззән хасилдыр...*

Түйін. Мәшһүр-Жүсіп нақты **қасқыр** мағынасындағы **қазығұрт** лексемасын қолданбаса да Қазығұрт тау атауы бәрі бір сөз. Қазығұрт пен Башқұрт – синоним сөздер. Қазығұрт (каз) > италақаз <> байғұс байланысты болуы мүмкін. Ұмайды – қараңыз. Қас (з) бен құрт (Башқұрттарда құрт (қасқыр) деген сөз екен) италақаз тұлғасы өзгеріске түскенмен синоним сөздер сияқты [7, 227 б., 8, 85-86 б.].

«Ғаббас» – бай. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Һамза, Лумза» әңгімесінен алынған басты кейіпкері. Ғаббас бай атағымен, ақылымен елге танылған адам болған. Көркіне заты сай екен. Мырзалығы шектен тыс көрінеді. Құлды азат қылады, ашқа тамақ тауып береді, жалаңашты киіндіреді екен. Өзі де бай, елі де бай болыпты. Ан хазіретіміз Һамза мен Лумза сияқты түк көрмеген бишараларға үлгі қылған екен. Ағыл-тегіл мал біткен бұл – екеуі зекет беруге де жарамапты. Ан хазіретіміз өзі барыпты, Һамза мен Лумза мысық сойып берген екен. Әлгі, табақтағы мысық тіріліп кетіп, Һамза мен Лумза ұялғандарынан жинаулы тұрған жүннің ішіне кіріп кетіп, біраздан кейін екеуі де қара күйеге айналып кетіпті. Мінекей, осындай ақылсыз адамдарға Ғаббас, Оспан, Сәдуақас сияқты текті байларды мысал қылады. Байлық та текке байланысты келсе керек. «Алаған қолым, берген» – дегенді мансұқ қылады [9, 9-11 б.].

«Зеңгі» – сиыр малының иесі. Мәшһүр-Жүсіп жинаған ауыз әдебиетінің үлгісінде кездеседі. Әмір Темір Ташкентте «**Зеңгі ата**» – деген әулиенің үстіне күмбез салдырған – дейді Мәшһүр-Жүсіп. Төрт түлік мал жайындағы шығармаларда Зеңгі баба сиыр иесі айтылады. Зеңгі баба бұл – Тәңір және Ұмаймен тығыз байланысты. Мұсылман дініне дейін болған мәдениет. Фетешизмнің қасиеттерін осы – Зеңгі баба бойынан табамыз. Төрт түлік малдың әр қайсысының иесі болған. Мысалы: Жылқының иесі – Жылқышы ата (Қамбар ата), қойдың иесі – Шопан ата, түйенің иесі – Ойсыл қара, сиырдың иесі – Зеңгі баба, ешкінің иесі – Сексек ата. Зеңгі сөзінің семантикасы әлі түсініксіз. Зеңгі – п. [*зенги*: 1. негр, чернокожий; занзибарец; эфиоп; 2. негритянский] – 1. *большой, огромный*. Көтерген көкке мойнын Зерелі **зеңгі** зеңбірек (*Д.Ә.*); 2. *негір*. Саған үлкен емен ағашты суырып алып, барлық өзіне серік **зеңгілерді** ертті («М.б.т.»). ~ **баба** *среднеазиатский «святой», ангел – хранитель крупного рогатого скота*. Мәселен, жылқы түлігінің пірі – «Қамбар ата», қойдікі – «Шопан ата», түйенікі «Ойсыл қара», сиырдікі – «**Зеңгі баба**» ...деген (Х.А.). Сонымен, зеңгі парсы сөзі сияқты, мағынасы «үлкен» деген ұғымды береді. Зеңгі баба Үлкен сиыр. Қасиетті мал. Көне түркі тілінде сиырды **іңгек** (үй) – деген. *Үй түгіндей кәуірді Кемекеңнің басынан Күншілік жерге апарып, Сүргітіп бір тастады* (Манас) [10, 92 б., 15, 121 б., 7, 88-89 б., 13, 40-41 б., 5, 607 б.]. Жалғасы Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы (Он сегізінші).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 2. – 4-367 б.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 3. – 3-368 б.

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 7. – 3-382 б.

4 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 4. – 104-443 б.

5. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий / Л.З. Будагов. – СПб. : 1869. – Т. 1. – 33-704.

6 Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік / Н. Д. Оңдасынов. – Алматы: Мектеп, 1984. – 37-219 б.

7 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Т. 1. – 25-431 б.

8 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері : ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.02.02 : 17.06.2005 қорғалды : 17.06.2005 бекітілді / Тұрышев Айтмұхамет Қасымбайұлы. – Алматы; 2005. – 75-320 б.

9 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2005. – Т. 6. – 9-369 б.

10 Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 8 – 3-448 б.

11 Әділбаев А. Саңлақ Сахабалар / А. Әділбаев. – Алматы, 2004. – 205 б.

12 Рүстемов Л. З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов / Л. З. Рүстемов. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 21-306 б.

13 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті / М. Ғабдуллин. – Алматы: Мектеп, 1974. – 40-41 б.

14 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 9. – 6- 361 б.

15 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – Т. 5. – 12-335 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ЛЕКСИКАСЫ (ОН СЕГІЗІНШІ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Ш.Ж. ТРУШЕВА
магистр, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы

«Жүніс Шалқарбайұлының Мәшһүр-Жүсіптен сұрағы» – Өлең 1899 жылы жазылған. Бірінші бөлімінде Жүніс ақын Мәшһүр-Жүсіптен өлең түрінде сұрақ қойып, жырмен ойын жеткізеді. Лирикалық жанр түрінде жазылған. Айтыс өленді Мәшһүр-Жүсіптің өзі шығарған. Өйткені, өленнің буын саны, тармақтары және сөз қолданысы да бірдей. Негізгі өзекті тақырыбы айтыстың мынада: Қағба – қажыға күші жеткен барады, ал дәулеті азға бару маңдайына жазбаған, Миғражға «Сол келсін!» – деп неге шақырған? Төрт періште жауабын шеше алмай таласыпты, мың жылдай шеше алмаған жауабын ақырында кім шешіпті? – деген сұрақпен аяқталады. Пайғамбардың көкке көтерілуі – миғраж деп аталған (Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағы. 2 т. 372 беттегі түсінік. 2003 жыл). Өленнің ішінде: ***бітидасы, дәрісхана, фонар, емтиқансыз, мұнтшыр, муназада*** сөздер, ***Самарқант, Шымкент, Сайрам, Ташкент*** – топонимикалық атаулар, ***Бұхарекең, Шортанбай, Сақау, Котеш, Күдері, Ұлбике*** – антропонимикалық атаулар кездеседі. Өлең төрт тармақтан, 17 шумақтан тұрады. Өлең тұңғыш рет Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағы 1 том, – Павлодар, 2003 жылы 288 – 290 беттерінде Мәшһүр-Жүсіп пен Жүніс Шалқарбайұлы – деген атпен жарияланды. Оның өзі екі бөлімнен тұрады. 1. «Жүніс Шалқарбайұлының Мәшһүр-Жүсіптен сұрағы», 2. Жүсіп (негізінде Жүніс – А.Қ.) Шалқарбайұлына Мәшһүр-Жүсіптің жауабы. Жинақты ескі араб (хадим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп құрастырып, ғылыми түсініктеме беруші ф.ғ.к., доцент Ертай Жүсіпов. Қолжазба араб графикасымен жазылған, қазақша оқылады. Қолжазба жақсы сақталған.

«Жүсіп (Жүніс – А.Қ.) Шалқарбайұлына Мәшһүр-Жүсіптің жауабы» – өленнің жауабы 1900 жылы жазылған. Өленнің тақырыбы айтып тұрғандай бірінші өленге сұраққа жауап. Екінші өлең сюжеті сол бірінші өленнің жалғасы іспетті. Екеуінің мәні де, мазмұны да бір. Тек қана айырмашылығы сұрақ, жауабында ғана. Өлең төрт тармақтан, 64 шумақтан тұрады. Ақынның өзі: ***Қолқаңды пұлды қылып берейін деп, Көңілімде сақтап жүрдім бір жаз, бір қыс*** – дейді. Жауабы: Бір Алла Мұхаммедтің нұрын қылды; Біреуі – таһараты кәміл болса; Құдайды шын ықыласымен көңіліне алса; Жамағат намаз үшін мешіт барса. Мінекей, төрт періште төрт жауабына мың жыл жанжал қылып, ақыры Алла жаратқан Мұхаммед пайғамбардың уәжіне таң-тамаша, қайран қалады. Диуана, лашық, кітап, формын, қағаз, сия, періште, заһар, мақұлық, қорғасын, шымылдық, тәж, ине, арақ т.б. сөздер кездеседі. «***Пакина қаба қаусайын ау әдана***» сияқты мағынасы түсініксіз тіркес те бар. Алғаш өленді қысқаша зерттеген бір ауыз пікір айтқан Ертай Жүсіпов. Ол: «*Сол тұрғыдан қарасақ XIX, XX ғасырлардағы қазақ ақындары өзінен бұрынғылардың айтыс дәстүрін өрбіте келе, айтыстың жаңа түрлерін, шартты үлгілерді көп тудырғанын ескермей болмайды. Бір Мәшһүр-Жүсіптің өзі шартты айтыс түрлерін көп тудырған. ... Соның бәрін басшылыққа алып, сауал беру мен жауап қатудың өзі жаңрлық тұрғыдан өз ерекшелігін таныстатынын ескеріп, бұл туындыны да «айтыс өлеңі» – деп атағанды жөн көрдік*» дейді (Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағы. 2 том. 2003. – Павлодар. – Б. 445). Жинақты ескі араб (хадим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп, құрастырып, ғылыми түсініктеме беруші ф.ғ.к., доцент Ертай Жүсіпов. Қолжазба араб графикасымен жазылған, қазақша оқылады. Қолжазба жақсы сақталған.

«Жетібай» Есен тентектің әкесі. – негізінен Мәшһүр-Жүсіптің әңгімесі «Тентектер әңгімесі» деп аталып «Есен тентек» – деп берілген. Әңгіме жанрына құрылған. Оның ішінде шағын ***очерк – фельетон – әңгіме*** десе де болады. Демек, фельетон аралық жанрдың алғашқы фундаментін де Мәшһүр-Жүсіп қалаған деуге әбден негіз бар сияқты. Мұның да екі жағы бар очеркке жақындайтын тұсы – өмірде болған адамдар образы ашылады, суреттелетін шындық та ойдан шығарылған емес, өмірде болған адамдар. Екінші жағы – фельетон қара сөзбен жазылады. Сыншылар фельетон газет бетінде шығатын дүние деп дау айтуы да мүмкін. Ал, әңгіменің бойында фельетонға тән қасиеттер: қызық мінездер, сатиралық типтер, тарихи образдар бар. Осы жағынан да фельетонға жатады. Жетібай «Аға баласы Арғын». Оның ішінде Қаракесек – Сүйіндік. Ел Сүйіндіктен екі тентек шыққан, бірі – Қожан тентек, екіншісі – Есен тентек. Осы Есен тентектің әкесі – Жетібай. Есен тентектің жеті жасында қайтыс болған екен. Шешесі заманында елді аузына қаратқан қақ маңдайы бопты. Күлік – Жаңабатыр бидің қойнына кіріп барыпты: – Ат туатұғын бие, айғыры келіспеген соң немене? – деп. Сонда Жаңабатыр би: – Бердім бір сотқар қияңқы тентекті, атын Есен қой. Өзі ес–н-аман болады, өзі бай болады, мейлінше тентек болады! – деген екен. Жаңабатырдың айтқаны келіп, Есен өсе келе жынды тентек емес, шын тентек аталыпты. Ақбурадан – Аққошқар, Тілеулі, Жетібай, Кенже, Көкен. Аққошқардан қара Алтай. Қара Алтай балалары – Мұратай, Шәуке, Байшуақ, Жарқынбай, Қарқынбай, Мырза. Ақын Қыпшақпай мен Бөрібай ақыннан Қобылан ақын осылардың ұрпағы. Жетібайдан – Есен тентек. Жетібай Руы Ақбура. Тілеулінің баласы. Есен тентектің балалары: Батырбай, Ербай, Асан, Шөкіл, Қарамырза, Балта, Атабай. Батырбайдан: Балға, Жаңқожа, Қошай. Балғабайдан – Мәдібек. Онан – Қайып, Законшыг. Бұл Ербай, Батырбай «Құртты» деген жерге қойылған. Аққозы батыр өлгенде, тоқалын Ақбура алып, Жетібайдан соңғы Кенже, Көкен сол тоқалдан екі бала туады. Олардан Сағындық Жекен мен айналасы т.б. өсіп-өнген. Есен тентек туралы, Ақбура – Жетібай жайында

Мәшһүр-Жүсіптің «Қазақ шежіресі» – А., Жалын, 1993 жыл, – 24 б. – 43 б. айтылады. «Есен тентек». Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағы. Павлодар, 2005 жыл. 6 том. – 200-205 б. жазылған. Сол сияқты Есен тентектің ұрпақтары туралы: Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағы 10 том. 2007, 34 бетті қараңыз. Қазақ арасында есті тентекті еркелетіп ұстаған. Оның қылығына қатты мән берген. Тентектікті де өнер ретінде қатты бағалаған. Есен тентек Жаңабатырды сабап жатқанда: – ***Тимеңдер, тимеңдер! – депті. – Біз биік жар да, бұлар лақ. Лақтың ойнақтағанына жар құлай ма? Бұлар ойына алғанын орындамаса, өз-өзінен буынып, жарылып өліп кетеді*** – деген екен. Ел ішінде есті, ақылды тентектігімен аты қалғандар, тіпті ру аты аталғандарда бар. Мысалы, Аякөз елінде найман ішінше «Тентек Бұлғақ» аталғандар бар. Есен тентек – Мәшһүр-Жүсіп жазбалары (1176-папка, 62 б.) бойынша ұсынылды. Үшқұрт (бірінші нұсқа) Бұ да Мәшһүр-Жүсіптен (1176-папка, 324 (417) б.) алынды. Үшқұрт (екінші нұсқа). Бұған да Мәшһүр-Жүсіптің әулеттік мұрағаттағы (1-папка, 88 б.) жазбасы негіз болды. Есен тентек және басқалар. Бұл да Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1178-папка, 111 (70) б. және 1178-папка, 51 б.) алынды. «Есен тентек». Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағы. Павлодар, 2005 жыл. 6 том. – 369 б. және 10 том «Үшқұрт» – 175 б, – 409-410 б. берілген. Есен тентектің әкесі Жетібай туралы қысқаша дерек осындай. Кітапты араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктерін беріп, құрастырып, баспаға әзірлеген – ф.ғ.к., (қазір ф.ғ.д – А.Қ.) Нартай Қуандықұлы Жүсіпов. Қолжазба араб графикасымен жазылған, қазақша оқылады. Қолжазба жақсы сақталған.

«Жиенәлі батыр тұлпары» – Мәшһүр-Жүсіптің ел аузынан жинап алған және өзіндік қолтаңбасы тиген дүниесі. Қазақ фольклор үлгісіне жатады. Әңгіме жанрына құрылған. Жиенәлінің батырлығын, ер қанаты тұлпарын әңгіме қылады. Алтай ішіндегі Бекайдар деген табынан Жиенәлі деген батыр шыққан. Жиенәлінің алып отырған әйелі Уақтың қызы. Демек, Уақ қайын жұрты. Қайыны Жиенәліге екі мың жылқым бар, соның ішінде күрең бесті ат бар «екі мың жылқы жиналғанда, тоқымдығы терлемейді» деп баға берген екен. Жиенәлі күрең бестіні жаратып, қасына Демік деген жолдасын ертіп, Ұлы жүзде болатын асқа аттанып кетіпті. Сол аста «Мытайлақ» атанған аттың иесі бәйгеге тігілген шеже көз алтын мауытты бермеген екен. Жақсыны көрмек үшін деп қолына алған адам затты Жиенәліге алып беріп, атқосшы бала ала қашыпты. Үш күндік жерге барып тоқтаған бала есен аман шеже көз алтын сауытты үйіне алып келіпті. Әңгіме тек қана батыр туралы ғана емес, қазақтың атты қалай баптау керектігінде де болып отыр. Мысалы, Сыншының – ***Мен жылқы танысам, атыңа уайым қылма, атың дәнеме етпейді. Сенің бұл атың аш-тоғын, ыстық-суығын, алыс-жақынын елең қылмайды. Мұнан былай жаратып, терін алғанда, үстіне жабу жауып, үстіне екі пұт құм төгіп шап. Әйтпесе бүйірі қызбайды. Туысы тұлпардың аунаған жеріне кездескен жануар екен!*** – деп айтып беріпті. Әңгіме ішінде **фигураның** түрлері: *тоқымдығы терлемейді, өлшеусіз жүйрік, тұлпардың дүбірі, үш күндік жерге бармай, тоқтама, қалқы топты қақ жарып* – гипербола, *қалжырап жатыпты* – литотота, *қайны* – эвфемизм, *бір құ ауыз жүйрік келді* – метонимия т.б. Этномәдени лексикалар: *батыр, жылқышы, дөнен, бесті, ұлы жүз, ас, асқа тіккен үй, бәйге, бас бәйге, құлын жарғақ, шеже көз алтын сауыт* (бірде мауыт деп жазылыпты, дұрысы сауыт, мауытта шеже көз болмайды – А.Қ.) *жабу, екі пұт* т.б. ұшырасады. «Жиенәлі батыр тұлпары» Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. – Павлодар, 2005. – 6 том. – 94-95 б. жазылған. «Жиенәлі батыр тұлпары» Әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат Жүсіпұлы көшірімесі (2-папка, 309-310 беттер) бойынша берілді. Қараңыз: 6 томды, – 356 б. Кітапты араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктерін беріп, құрастырып, баспаға әзірлеген – ф.ғ.к., (қазір ф.ғ.д – А.Қ.) Нартай Қуандықұлы Жүсіпов. Қолжазба араб графикасымен жазылған, қазақша оқылады. Қолжазба жақсы сақталған.

«Жиенәлі батыр тұлпары» (екінші нұсқасы) – әңгіме жанрына құрылған. Үш нұсқаның да жазып алынған жылы бір сияқты. Бірақ, әр түрлі кісінің аузынан жазып алынған. Мәтін бүгінгі грамматикалық ережеге сай да жазылып, түзелген. Тыныс белгілері бүгінгі нормаға сай қойылған. Демек, Мәшһүр-Жүсіп, Жолмұрат т. б. көшірген адам өте сауатты болғаны байқалады. Заманақыр сөзі кейде бірге, кейде бөлек жазылған. Бірінші нұсқадағы атын бәйгеге қосып, шеже көз сауытты алып қашқан оқиға және сыншының атты сынағаны, екінші нұсқада бірден басталмай екінші жоспарда қалып қойған. Бірінші планда Жүзей әулие туралы айтылады. Үшінші нұсқадағы Жүзей әулие туралы оқиға толық қайталанады. Екінші және үшінші нұсқада Жүзей туралы әңгіме мазмұны бірдей. Бірінші нұсқа – Жиенәлінің Ұлы жүздегі асқа баруы, одан бәйгені алып қашуы, одан аттың сыны туралы әңгімемен аяқталады. Екінші нұсқа – Жүзден асқан Жүзей әулиемен басталып, Ұлы жүздегі ас туралы, бәйгеге қосқан ат туралы оқиғамен бітеді. Үшінші нұсқадағы – Тіней байдың жылқысын айдап кеткен Жаныс Керім туралы әңгіме бірінші және екінші нұсқада айтылмайды. Екінші нұсқада «шеже көзі сауыт» «Шақшакөз» деген алтынды сауыт деп аталады. Жалпы мәтінде бірде «шақшакөз», бірде «шежекөз» деп жазылған. Үшінші нұсқада Батыраш, Қотыраш әкесі – Ақпан «ұзын сақал Ақпан, – атанған». Оның әкесі – Сиқым бай. Қарашор, Сиқым жас. Алтай – Сиқым бай әкесі Тыныбай байдың жылқысын алған деген жолдар да жоқ. Тіней Тыныбай болып өзгеріске түскен. Басқадай өзгерістер жоқ. Екінші нұсқа Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағы. 9-том. – Павлодар, 2006 – 234-236 б. берілген. Кітапты араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктерін беріп, құрастырып, баспаға әзірлеген – Лаура Қуандыққызы Жүсіпова – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. Қолжазба араб графикасымен жазылған, қазақша оқылады. Қолжазба жақсы сақталған. Жалғасы Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы рухани мәдениет лексикасы (Он тоғызыншы).

УДК 81.0

ПРОИСХОЖДЕНИЕ ТЮРКИЗМОВ КАГАНЪ, ХАНЪ, КАНЪ В ДРЕВНЕРУССКОМ ЯЗЫКЕ

М.К. ШАРИПОВА
ЕНУ им. Гумилева, г.Астана

С точки зрения внутренних смысловых отношений слова, принадлежащие к одной тематической группе, должны рассматриваться как некая относительно самостоятельная лексическая система (или микросистема), так или иначе организованное. «Анализ соотношений между концептуальными значениями слов позволяет в той или иной мере «расщеплять» эти значения, выделяя отдельные компоненты, так называемые семантические множители» [1, с.118-119].

Рассмотрим слова *каганъ, ханъ* в древнерусских памятниках: слово *каган* заимствовано из китайского *ке* «великий» + *киан* «правитель» [2, с.37, 39], в древнерусском языке означало «государь», ср.: *Похвала кагану нашему Володимеру* [3, с.45].

В этой группе отмечаются парадигматические отношения слов, представленные в семантических связях привативного типа, например, *каганъ – ханъ*. Значение первого слова определяется как «верховный правитель, главный хан», значение второго – как «верховный правитель у тюрков» [4, с.218]. Все содержание слова *ханъ* представлено в значении слова *каганъ*, но в первом значении, кроме того, имеются компоненты «главный», «хан». Данные отношения можно представить в виде формулы АБ – АБВ.

Пределом формально-семантических оппозиций являются фонетические и морфологические варианты слов. Они представляют чисто формальные модификации слова, выражающие одно и то же лексическое значение [5, 66, с.66].

Слова *ханъ – канъ* - такие «варианты слов не представляют собой различных слов, они не имеют семантических различий, полностью совпадают в значении [5, с.46, 13].

Например, в древнерусском языке *канъ* означало то, что и *хан* «азиатский титул» [6, с.177].

У тюрков слова *каганъ, ханъ, канъ* претерпели изменения в морфологическом аспекте. «Тюрко-монгольский термин *ханъ*, который употребляется «перед или после имени шаманского духа или гения со значениями «самый почитаемый», «господствующий», «старший» [7, с.179].

Кочевники, кочевавшие десятки тысячелетий по суперконтиненту Евразия, который простирается на востоке с предгорья Хяньган на западе до кавказских гор. Они поклонялись единому богу, хранили верность канонам монотеистической тенгрианской религии.

По понятию древних тюрков Тенгри (teŋri) – ни на Земле, ни в Небе, а – за ним, за его куполом*: M: Üze kök teŋri* (Тенгри – за небесами). Тенгри – единственный создатель. Сам никем не создан, не рождён [8,с. 40]

«Имя небесного божества Тенгри, ставшее у принявших ислам тюрков синонимом Аллаха, не могло «усиливаться» земными титулами, даже самыми высокими (царь, хан, король), так как оно само в себе содержит высокое понятие. Поэтому приставка *хан* перед именем божества является прилагательным, а не существительным и отражает отношение человека к Богу. [7, с.179].

В древнетюркских надписях начерчено то, что любое одушевленное или неодушевленное бытие существует по указке одного создателя – Тенгри. Это называлось «Две основы, три эпохи»: *eкi jyltyz üč öd,* что составляло основу философии миропонимания древних тюрков.

У древних тюрков был обычай, которого еще в древности переняли монголы: перед тем как отправиться в поход, на сражение ставили накануне в известность главного богослужителя, и давали ему время на предвидение исхода сражения. Только после предсказания о положительном исходе, давалось напутствие, и войско снялось в путь[8, с.41]. У древних тюрков правитель считался источником благосостояния, поэтому «когда они терпели поражение на войне…, то чернь и знать спешили к царю и заявляли: «мы приписываем свое несчастье этому кагану, его существование приносит нам вред. Убей его, или отдай его нам, – мы его убьем» [9, с.153].

Первые западные переводчики восприняли Бёгю кагана старшим сыном Капаган-кагана. Более детальное изучение и точное прочтение дали возможность в истинном толковании этого слова, а именно его смысл означал «главный богослужитель», «главный священнослужитель», «глава тенгрианской религии».

Например:

- В пятилетней войне Куули-чор был хозяином билик, ответственное слово держал, был штандартом, осуществлял службу Бёке (*bes süŋüs süŋüsdükde Küüli-čor anča bilge čab esi erti, alpy, bökesi erti*) ;
- Святой бёгю, знатный бурхан (*Yduq bögü biliglig burxan*);
- Десятикратно сильный бёгю, ему к лицу возвышенные пожелания (*On küčlüg bögü biliglig uɣan arzylar*);
- Бёгю ели, ты великий, светлоокий Тенгри (*bögü elig küčlüg jaruq teŋri*) ;
- Пусть воздаст достаток, ей, бёгю (*Bajat bergü edgü saŋa aj Bögü*; [8,с.42].

Хан Тенгри эти слова составлены не из парных существительных, а из прилагательных (*кан, хан*) + существительные (*кайа, тау*) в соответствии с правилом, по которому прилагательное в тюркских языках должно стоять перед существительным. Слово *каанъ → каганъ → каннъ → ханъ* стало существительным после приобретения им значения «властитель», «царь», «правитель».

Для освящения, т.е. для усиления власти и роли руководителя, эта духовная характеристика стала присваиваться главам племен, либо была узурпирована светскими вождями, вследствие чего стало титулом. Ср. у

В.И. Даля: «Русскіе князья частью потомки бывших владѢльных князей, частью признаны в этом звании изъ татарских мурз и ханов, или жалованы государями» [6, с.125].

«Первым лицом в государстве западных тюрков был каган – верховный владыка, правитель, военачальник» [10, с.22].

Каган – из рода-племени Тенгри, Тенгри – прародитель кагана. Каган при благодетельстве Тенгри создает вечный Ель – централизованный, т.е. управляемый из «тёра», верховодимое каганом государство. Каган по велению Всевышнего Тенгри ведёт народ к процветанию. В этом смысле такая идеология отражает конфуцианскую идею централизованной власти в Древнем Китае.

Каганы – императоры считались наместниками Всевышнего на Земле, поэтому незыблема была их власть “от имени” единственного создателя.

Власть свою он осуществлял, находясь на особо выделенном почётном месте. Оно называлось «тёр» (tër – место верховодящего), в современном термине – «тронное место», откуда исходила власть. По-видимому, «тёр» находился либо в барыке (когда каган находился на своей ставке), либо в походном состоянии – на арбе, в седле (когда каган верховодил, находясь в походе). Но в любом случае и в любом состоянии он верховодил от имени единственного создателя и благодетеля – Тенгри, так как когда его избирали, то сразу его объявляли (или он сам себя объявлял) наместником Всевышнего Тенгри. Поэтому, непослушание, неповиновение подпадали карающим деяниям от имени Тенгри, так как считалось, что виновник восстает против его воли, а посему этого виновника настигает кара Тенгри, но – через власть кагана. А отсюда логично, что зачастую именно барык служил ставкой кагана в самом почетном месте барыка и находился «тёр» [8, с.42].

Хан был верховным главнокомандующим войск, верховным судьей, обладал верховным правом ведения переговоров с иностранными государствами, на объявление войны и заключения мира, на издание законов и распоряжения на всей территории [10, с.49].

Обряд вознесения на трон государя производился на белом войлоке. «Белизна кошмы, на которой поднимали хана, олицетворяла чистоту его намерений. Кроме белизны кошмы здесь важна его форма. Четырехугольность – это четыре стороны света, т.е. при помощи кошмы описывается вертикальное строение мира, и четырехугольные предметы присутствуют не только в обряде коронации… Четырехугольной представляли свою страну скифы; четырехугольный космос моделируется в костюме «Золотого человека». Хан, находящийся в центре этого космоса, является его центром, опорой мироздания» [9, с.153].

Каганы – императоры считались наместниками Всевышнего на Земле, поэтому незыблема была их власть “от имени” единственного создателя.

Это всё говорит о том, что религия у древних тюрков отвечала уже во времена древнейших империй всем критериям настоящей религии, причем она имела культово-светский характер. Весь уклад жизни в империи подчинялся строгому порядку, который определялся расположением барыка и других элементов комплекса по сторонам света, а вокруг флага империи располагались ещё четыре флага соседей по этим сторонам света, причём флагштоки последних были меньшего размера, чем у флага самой империи. В барыке всегда поддерживался огонь, за которым неусыпно следили специально назначенные «шыракши» – целый отряд охранников-смотрителей. Известен факт, когда войска Чингисхана в XIII веке застали их в барыке комплекса Кюль-тегина, т.е. через пять веков эти шыракши продолжали выполнять в уцелевшем барыке свои функции. Такая преданность может быть только тогда, когда традиции настолько крепко сидят и в сознании, и в бытии, и в мировоззрении. Это лучшее доказательство с позиции философской трансцендентальности религиозных и культовых традиций империй древних тюрков[8,41].

В тюркском обществе, писал А. Свечин, для всех, независимо от социального положения, кроме хана, султанов и биев, всякого «могущего носить оружие» была «общая воинская повинность, выступающая как необходимость при высоком экономическом развитии государства», является такой же необходимостью. Кочевой народ, в котором каждый способный носить оружие не был бы готов немедленно отстаивать с оружием в руках свое стадо, не мог бы существовать. Чингизхан, чтобы иметь в каждом взрослом монголе бойца, запретил монголам брать себе в слуги других монголов. Эти кочевники, природные наездники, воспитанные в преклонении перед авторитетом вождя, весьма искусны в малой войне, с вошедшей в их нравы общей воинской повинностью, представляли прекрасный материал для создания, в период средневековья, превосходный по числу и дисциплине армии. Это превосходство становилось явным, когда во главе оказывались гениальные организаторы – Чингизхан и Тамерлан» [11, с.139].

О заимствовании слова каганъ Л.Н. Гумилев пишет: «Термин kagav зафиксирован в истории Восточной Азии сравнительно поздно во II в. нашей эры. Значение этого титула («хан») – военный вождь и первосвященник – по смыслу и звучанию совпадает с дакотским словом wagan и, видимо, является отголоском американо-сибирских связей, имевших место на рубеже нашей эры, до того как эскимосы пресекли общение индейцев с сибирскими народами, причем прослеживалось проникновение американцев через Берингов пролив в Сибирь: в 1-ом тысячелетии титул каган или (хан) распространяется по всей степной зоне Евразии. Так именовались правители тюрк, действительно бывшие царями-жрецами, уйгуров – до принятия ими манихейства, ограничившего власть хана, хазар, пока еврейская община не перехватила инициативу и превратила хана в марионетку. Ханами были правители авар, болгар, венгров и даже русов: этот титул носили Владимир Святой, Ярослав Мудрый и, наконец, его внук Олег Святославович. В начальном виде значение термина помнили, пожалуй, только монголы, хотя как было показано выше, не придавали титулу «хан» большого значения» [12, с.478].

Выходцы из Азии американские индейцы имеют схожее с тюрками миропонимание и религиозные представления. Они также поклоняются Тенгри, исходными в своем веровании считают отцовское и материнское начала, строят культовые храмы, кружатся вокруг этих храмов и молятся. Наряду с этим установленные неопровержимые языковые и генетические родства позволили научно обосновать единство происхождения американских индейцев и древних тюрков.

Специалисты северного института биологических проблем дальневосточного отделения РАН М.В. Доренко и Б.А. Малярчук, исследуя молекулу МТ-ДНК американских индейцев и жителей Азии обнаружили у индейцев и тюркских народностей Алтая, алтайцев четыре вида этой молекулы А, В, С, D, в то время как у монголов, тибетцев, китайцев только три вида А, С, D, а В у них вообще не встречается. Первый поток индейцев переселился из Азии в Американский материк в 30-12 тысячелетиях до нашей эры. А это доказывает то, что в евразийском субматерике тенгрианская религия сложилась уже к этому историческому периоду, т.е. минимум 120 веков она уже существует, а по некоторым источникам ей 300-400 веков. [8,43]

Некоторые русские правители в XVII веке именовали себя даже титулом белый царь, что «прямо связывалось с «белой костью», т.е. бахвалились родством с Чингисханом» [13, с.314]. Ср. у В.И. Даля: «Азиатские султаны, особенно известные в киргизских ордах, белая кость, потомки Чингисхана, назначаются в правители, с почетом степенства; вообще потомки киргизских ханов чествуются султанами» [6, с.359].

Язык способен хранить «следы далеких эпох», великие события в жизни народа, достижения и потери, положительный опыт и ошибки человеческого бытия. Для описания того, что стоит за словом, необходим экскурс в прошлое, с тем чтобы ответить, почему именно этот образ связывается в сознании того или иного этноса с данным словом.

ЛИТЕРАТУРА

1 Фомина М.И. Современный русский язык. Лексикология. – Изд. 3-е, испр. и доп. – М.: Высшая школа, 1990. – 415 с.

2Фасмер М. Этимологический словарь русского языка: В 4 т. – М.: Изд-во АСТ, 2003. – Т.1-4.

3 Словарь русского языка XI-XVII вв. / Гл. редактор С.Г. Бархударов. – М.: Наука, 1975. – 320 с.

4 М. Түрік сөздегі: (Диуани лұғат-иттүрік): 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: ХАНТ, 1998. – 1-3 т.

5Кузнецова Э.В. Лексикология русского языка. – М.: Высш. школа, 1982. – 152 с.

6Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. – М.: Русский язык, 1999. – Т.1-4.

7 Елкина Н.М. К этимологии слова товар // Этимологические исследования по русскому языку. – М.: Изд-во МГУ, 1962. – Вып.II. – С.116-129.

8 Сарткожаулы К., Аубакир Д.А., Аубакирова Д.Д. Философский анализ влияния на современные мировые религии древнетюркской тенгрианской религии. // Рух–Мирас. – 2005 – №4. – С. 41-48.

9 Культура кочевников на рубеже веков (XIX-XX, XX-XXI вв.): Проблемы генезиса и трансформации: материалы международной конференции. – Алматы, 1995. – 369 с.

10 Учебное пособие по истории Казахстана с древнейших времен до наших дней. – Алма-Ата, 1992.

11 Свечин А. Эволюция военного искусства. – М., 2002. – 864 с.

12 Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь: В 2-х кн. – М.: Институт ДИ–ДИК, 1997. – Кн.1. – 512 с.

13 Аджи М. Полынь половецкого поля. – М.: ТОО «Пик-Контекст», 1994. – 350 с.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНА ЖАЛҒАСТЫЛЫҚ: ҚАЛҚАМАН САРИН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Б.Ә. ЫСҚАҚ
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы. ПМУ, Павлодар қ.

Ғылымның биікке көтерілуін қазақ халқының интелектісін жоғары деңгейде ұстап тұру деп санаймыз. Бұл, ғылымға өмірін арнаған көптеген ғалымдарымыздың пікірінен жинақтап, қорытындылауымыздан туды. Математик, ҚР ҰҒА академигі Мұхтарбай Өтелбаев пікірінде: «Ғылымның мақсаты – жаңалық ашу»,– деп ойлайды. Басты мақсат бұл емес. Ғылымның ең бірінші мақсаты – халықтың интелектін көтеру болуы керек. Ең алдымен Қазақ болуың керек. Одан кейін мұсылмансың. Әрі қарай профессорсың ба, докторсың ба, бола бер. Бірінші қазақ болмай тұрып, ғалым болғандардан жақсылық шыға қояды дегенге сену қиын» [1; 9]. Мақаламыздың негізгі ой -сараптауымен ұқсастығы болғандықтан жоғарыдағы пікірмен бастадық.

Ақындық өнердің құдыреті адамның ой-санасына әсер ету болса, ақынды да сол ықпал ете алу тұрғысынан бағалаймыз. Бұған дейін Мәшһүр Жүсіптің дінді ғылым деп танығанын, ғылымды қалай бағалағанын талдап жеткізгенбіз [2; 142, 320]. Өткен ғасырда жазылып, күні бүгінге дейін өзекті Мәшһүр Жүсіптің көркем ойларының [3; 75 ,160] қазіргі жалғастығын танып-білу өте қажет, пайдалы іс, заманауи қоғамдық құндылықтарды қамти алады деп байымдадық. Сонымен қатар, замандас ақынның сөз зері, ой танымы, талғамы қызықтырды.

Қалқаман Сариннің «Алланың бары – ақиқат», «Өмір өлшемі», «Әдеп», «Заң – дәстүр» атты өлеңдерін оқып көріп, әдебиетші ретінде де, ұстаз ретінде де ойға түйген, көңілге тоқыған, студент-магистрантарымызды жетілдіретін, яғни оқу үрдісінде тәрбиелей отырып оқыту керек дейтін өз түйіндерімді, әрекет-нәтижелерімді таныдым. Қалқаманның өлеңі осындай әр адамның сыр пернесіне, байлам-тұжырымына дөп түсіп отырғанда ғана өнерге айналады. Ақынға, мүмкін әдеби сыншылардың, әдебиетші ғалымдардың сыни көзқарасы қажет болар. Бірақ ең алдымен, Қалқаманның өлеңін оқып, одан өзін тануға ұмтылуы, дұрысы мен бұрысын бағамдауына көмек болатын рухани тәрбиесі маңызды деп санаймыз. Бұл ақынның жан сезіміне, онымен қоса ғылым жолында қызмет етіп жүрген азаматтың өнерін тануға ұмтылған жандардың, яғни оқырмандарының пайым, парасат нүктесі үйлесуі деп қабылдағанымыз жөн деп ойлаймыз.

Қ.Сарин: «Дін жайында бірдеңе жазып-сызу үшін, үлкен жауапкершіліктің қажет екенін жақсы түсінемін. Қаншалықты күрделі болса, соншалықты нәзік тақырып ақын үшін. Жалпы, дін тақырыбына көп жазған емеспін. Алдағы уақытта негізгі тақырыптарымның бірі болатын шығар. Әзірге ең алдымен рухани білімнің кәусарын қанып ішкім келеді» [4; 92], – деп өз шығармашылық лабораториясына үңілтіпті, осы тұста Мәшһүр Жүсіптің өнер жолы, ақындық өнер, ғылыми білім туралы айтқан шығармашылығы салыстырмалы ойға орала кетті. Өз заманымыздың ақыны қандай сырымен бөліседі, қандай қоғам құндылығымен жүгінеді, енді соны талдап көрейік.

«Алланың бары – ақиқат» өлеңінде сыр да төгілген, жыр да төгілген. Қараңыз:

«Алладан басқа тәңір жоқ,
Мұхамед – оның елшісі».
Соны айтып жаннат баққа кір,
Иманың – жанның еншісі.
Болуы қиын Хаққа құл,
Ібіліс болса көршісі.

Төмендегі берілген ақынның сыр зері байқасақ та, білмегенсіп жүрген бар шындығымызды талассыз мойындаттырады емес пе, өзі шын сенгендіктен «кем тұсты» түзететін «танитын ілім» барына сендіреді:

Адамның бәрі жатбауыр,
Заманның жалған кем тұсы.
Рақым нұр жауып нұр көктен,
Танитын соны ілім бер.
Өтпелі мына ғасырдың,
Өткелі қиын жол болар.
Мерейі тасып тасырдың,
Асылдың бағы кем болар.
Сынағы ол да Хакімнің,
Шүкірлік етсең жөн болар.

«Өмір өлшемі» өлеңінде ата мен немеренің сыр-сұхбаты етіп көркемдеп, сол арқылы тәрбие көзіне мән бергізген:

Ғұмыры бір адамның түсінгенге,
Азан мен намаздың арасындай.

«Әдеп» өлеңін бір деммен оқып, аз сөзбен қарапайым түсінікпен бере отырып, тереңнен қозғайтын қазіргі қоғам құндылығын, шындығын айтқанда құндылықтың құнсыздығының түпкі себебін сараптай аласыз:

Ақыл, білім, өнеріңнің Әдепсіз,
Нөл екені ....
Қатал айтқан, қалай айтса да шындық айтылған.

«Заң – дәстүр» өлеңінде де айтпақ қысқа қайырыммен, көркем ойын мағыналы- парасатты жыр кестесіне айналдыра алған:

Ата заңымның анасы болған дәстүрім,
Ата салтында – ғажайып, жақсы ырым.
Ата бабамның ақ отау, алтын бесігі –
Атамекенім! Алладан соңғы басты ұғым.

Қалқаман Сариннің «Арманымның бейнесі» атты жыр жинағына [5; 123] Фариза Оңғарсынова, Исрайл Сапарбай, Бауыржан Әлікожа, Бауыржан Халиолла оң пікір білдірген: «Ақынның тілі жеңіл, мұңы мен сыры терең ақын, шынайылық басым» деген бағалаулар берілген.

Жинаққа берілген Бауыржан Әлікожаның мына пікірін толық берсек оның ақындық сипатының қыры ашылатын секілді: «Аллаға айтылар мадақтан басталып, ар-ұят, иман, адамгершілік, махаббат, туған ауыл, ел мен жер тақырыптағы жырлармен, оған қоса аударма өлеңдерімен топтастырылыпты. Соның ішінде ақынның табиғат пен ішкі үндестігін шебер жеткізе білетіндігіне тәнті боласың. Не жазса да жеріне жеткізуге тырысады. Өрнекті өлең жан-дүниеңе қозғау салады. Қалқаман өлеңдерін оқи отырып, сен де суреттелген жайларды бірге сезінесің, бірге қуанып бірге қайғырасың. Ақын өлеңдерінің жалпыға отақ сипаты осында жатса керек. Ол суреттеген сезімдер біздің бәріміз басымыздан өткізген, өткізетін дүниелер.

Ең бастысы – ақын өлеңдерінде осының бәрі қарапайым көрініс табады, төгіліп тұрған өлеңге айналады, ойыңды, сезіміңді қытықтап, көкейіңдегіні дәл басады. Бұл сөзімізді, көрнекті сыншы В. Белинскийдің: «Ақын қанша талантты болса, оның поэзиясының жалпы халықтық мазмұны жоғары болса, оның жазуы да соғұрлым қарапайым болады.

Әркім-ақ: «Мен нағып осылай жазбадым?» деп ойлайды. Өйткені оның өлеңі адам қызығарлық: қарапайым әрі оқуға жеңіл»,– деген ойымен түйіндесек болады. Байқағыштық, сезімталдық, ұқсата білу – ақынның басты ерекшелігі болу керек. Меніңше, ақынның қарапайым жұрттан бар артықшылығы да осы. Осы тұрғыдан келгенде Қалқаман қаламынан туған өлеңдер өзінің ішкі үйлесімдігінен бөлек, тұнық ойға ақындық қуат қосылғанын байқатады…

«Құлайды жапырақтар құба талдан, Күрең күз құдіретіне тағзым етіп» – бұл сөзімізге дәлел бола алады. Алланың бұйрығымен құлаған жапырақты күрең күзге тағзым еткізуі де Қалқаман жасаған соны бейне десек артық айтқандық емес» [6; 200].

Ендеше, артық-кемі жоқ жоғарыдағы пікірді қайталап жатпадық. Қуантқаны, әркімнің жүрегіне жол тапқаны, ақын олжасы. Кейде бүгінгінің адамына замандасының насихаты тезірек жетіп жатуы да ғажап емес, өйткені ол өз арамызда жүр, ол шығармашыл жанның руханият көздері мен тіршілік қамы өзектес, сондықтан бұны да ескергеніміз жөн. Бір мысал, қыркүйек айында қазақ болғанымен орыс тілінде білім алғандықтан болар, «уағалайкумассалам» сөзінің мағынасын алғаш естігенін жасырмаған жігіттің, қазан айынының соңында магистранттың өздік жұмысына сәйкес тақырыпта «сүйікті кейіпкері» ретінде өзінің жүрегіне жақын Қалқаманның өлеңдерін іздеп тауып келуі, несімен ұнағанын баяндауы осыны дәлелдейді.

Біз, өз тарапымыздан қарастырған бұрынғы мақаламыздың тақырыбында Аллаға мадақ алдымен рухани жетілуге бастайтын жол екендігі жөнінде жеткізе білген Мәшһүр Жүсіптің жалғасты ойын, замандас ақынның қоғам құндылықтарын әдемі ойөрнегіне түсіргенін талдап, оны Қалқаман Сарин шығармашылығынан тани білгендігімізді айту болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бізге компьютербастылар керек пе? Дөңгелек үстел. Жұлдыздар отбасы. Республикалық жастар журналы. №12 (150) маусым, 2013 жыл. – Б. 9

2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. I том. – Павлодар, ЭКО, 2003. – Б. 142-147; Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 9 том. – Павлодар: ЭКО, 2006. – Б. 320-337.

3 М.Ж. Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. Екі томдық. 2 т. – Алматы: Ғылым, 1992. – Б.75; Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы II том. – Алматы: Ғылым, 1990. –Б. 160-191; Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 8 том. –Павлодар: ЭКО, 2006. –Б. 274-275.

4 http: //www. kalkamansarin. Kz /index. php/suhbattar/92-aikynga-suhbat#sthash. zeYcqVxk.dpuf

5 Сарин Қ. Арманымның бейнесі. Өлеңдер жинағы. – Астана : Нұра -Астана, 2011. –123 б.

6 http: //www. kalkamansarin. Kz /index. php/lebizder/200-arkattan-esken#sthash. Qkl98uSC. dpuf

ӘОЖ: 882.151.212.2

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНА ТАЛДАУ

С.Ә. ЫСҚАҚ
ғылыми қызметкер, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
М. ҚҰРМАШЕВА
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 12 ЖБМ, Павлодар қ.

Адамның рухани әлемін тануда, соның қатарында оқушыларды адамгершілік қасиеттерге насихаттау ісінде қазақ әдебиеті, ана тілі, қазақ тілі пәндерін рухани мәдениеттілік пен ғылымдық сапада оқыту қызметі өте маңызды.

Шығарма мәтінін талдау мұғалімнің пәнді оқытудағы алдына қойған мақсат-міндеттеріне, оқушылардың жас ерекшеліктеріне, білім деңгейінің дәрежесіне негізделгені дұрыс. Біздің ұсынып отырған талдауымыз 9-11 сыныптарда өтетін Мәшһүртану курсына арналады.

«Әбушақыма» – аңыз дастан. Туынды Мұхаммедфазыл көшірмесі бойынша әзірленген. 1895 жылы жазылған. Ақынның шығармасында баяндалатын оқиға негізінен мына жағдайды қамтиды: «Ғұмардай жан тумаған ғадалатты. Баласын өз қолынан қылды опатлы». Туған баласын өлімге қиған жүз дүренің соғылуы, жазалану себебі көпірдің азғыру ісінен басталады. Жас баланы шараппен суарып, қызына қосады. Ондағы мақсаты: «Ғұмардың ғаділдігін сынайын деп»,- күнәға батыру. Арада уақыт өткенде мешітте құран оқып отырған әкелі-балалылардың алдына нәрестені тастайды. Істің мәнін білген патшаның баласына төккен ашуынан: «Ғұмардың қаһарына / Шыдай алмай тас мешіт былқылдайды». Қанша сахабалар, батырлар, анасы араша сұрағанымен патша әділдігінен қайтпайды: «Қырықты соқты аулақ қан батырлар, Батырлар иман айтып, тұр жақындар. Әбушақыма қамшы өтіп, зарлық қылар, Қызыл қан (гүл) бойларынан судай ағар». Мұның тереңінде дінге деген адал ұстаным, ұрпақтың болашағына қамқорлық жатыр. Баланың шырқыраған жан даусы да оның үкімін тоқтата алмайды. Соңында баласының қателігін мойындап, әкесінен кешірім сұрауы мен соңғы жүзінші дүренің әке қолымен соғылуы көптеген мағына жинақтаған: «Ұжмаққа Әбушақыма кетті жаны, Жүк болған ол көпірге ердің қаны». Сондықтан да ақында баланың өлімінің қайғылы тұсы: «Көктегі періштелер қара киген»,- деп бейнеленген.

«Күнінде барып жататын жеріміз бес мәртебе дауыс бергей!» – Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығындағы отыз бірінші бап. Иманғали жазбасы бойынша берілген. Төрт тармақты бес шумақтан тұрады. Мұндағы негізгі айтылар

ой бес уақыт намазды ишарат еткен. Намаздың адамға күш-қуат, төзімділік, сабырлылық, қайраттылық, имандылық беретінінен мағлұмат берген. Әрине, бұл әрбір адамның нұрлы жүрегі, адал ниеті, ынталы тілегімен біріккенде ғана шын мұсылмандық белгісі шығатыны белгілі. Ақынның бұл ойын мынадан дәлелдеуге болады: «Бойың тарт жаман сөзден ғапіл адам, Ғайбат, өсек себепті ғазап қабір!» немесе: «Бұл күнде жақсы ғамал біздерде жоқ, Ғасылықпен шайтан Лағын болған ғалиб». Ақынның жарық дүниенің тұрғылықты мекен емесіне көз жеткіздіре түсетін тұстары бар: «Үйіңмін: жалғыз келіп жататұғын, Оқып Құранменен сен нұрландыр! Үйіңмін: болатұғын қараңғылық, намазды көп оқысаң, болам жарық! Үйіңмін: төсегіңіз тас-топырақ, Естісең душар болар ағымал Салих». Салих – жақсы, салиқалы деген мағынада екенін ескерсек мұны ерте бастан біліп, келер дүниенің жақсылығына үміт етуді былайша бейнелеген: «Хақтан қорқып, ағызсаң көзіңнен жас, Иншалла, ешқайсысынан келмес зиян!». Аталған баптың философиялық толғамы терең. Тақырып таңдауының өзі бір шеберлік қырын танытқан.

«Күдері Қожа» – өлең. Мәшһүр Жүсіп Көшекұлы Күдері қожаның жырлап сөйлеген нұсқасын қағазға түсіріп алған. Бұл Абылай ханның қалмақты қазақ жерінен қуып шыққан жорығына байланысты туған шығарма. Жазып алынған нұсқаның үзік болғанына қарамастан өз маңыздылығы бар. «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманының кезіндегі Тілеуімбет батырдың отбасымен қырылуы, Әнет бабаның кегін қайтарған ұлы жорықтың келісті жыры осылай дүниеге келген. Тауды ұшырған қаңбақтай, Тасты ұшырған бұршақтай, - деп Алладан бастап, оның барлық ерекше жаратқан пайғамбарларын атап шығады. Халық үшін жаны пида болған Абылайдай еріне тілеу тілеп, даңқын асырып жыр төгеді. Болған оқиғаларға тоқтала келе: Атадан артық туған Абылай, Жер қабысқан қол алып, Желкілдеген ту алып, Науалыдан торсыққа су алып, Барды да, алды қалмақты», - деп бір тоқтайды. Ары қарай Егіз, Тайым-Малай, Жәдігерден шыққан батырларды, Дайыр төре, Бөкей, Шығай, Ханбаба, Маман, Қанқожа ұрпақтарын тізбелейді. Бөкейдің кейінгі ұрпағы Әлихан екені ескертіліп өтілген. Өлеңнің тарихи мәнінің бір тұсы – Абылайға қатыстылығынан шығады.

«Дүниеге жарасады күн мен ай» - аңыз. Туынды Төлепберген Алдабергенов көшірмесі бойынша әзірленген. Қара өлең ұйқасты, төрт тармақты отыз үш шумақ. Мұнда ақынның: «Өнерсің, өнеге алсаң, үлгілі елден, Адамшылық өнер мен берер білім!» - деп айтылған насихаты төңірегінде хикаят баяндалған. Әсіресе, дін өкілдерінің өрескел қылықтарын әшкерелей жазған тұстарынан байқалады. Аңызда: «Құдайы садақа беріңдер!» - деп, Аңқау елді алдап, ақымақ қылмақ»,- деп сорақы пиғылға тоскауыл жасайды. Себебі, мұсылманшылыққа тура бастап апаратын молдалардың: «Кедейді қанап, аңқауды алдап, Шайтанның сиқырымен пайда тапқан»,- болуы және: «Ойлағаны басшының - өз құлқыны?!» - деп оның соңы үлкейіп жемқорлыққа апаратынын ескертеді. Мәшһүр Жүсіптің дін иелеріне де, жұртшылыққа да үлгі болар ақиқаты мынада: «Іздесең сауап молдалар, Құран оқы молаға». Яғни, сауап ойламағандықтың кесірі түрлі болатыны халық басынан өткен, ең бір қызығы ақын өмір сүрген заманнан кейінгі болған нәубеттер тізілген. Көркем тілмен жазылған осындай жайттардың мысалы мынадай: «Өзгеріп одан кейін заман болар, Жолына шариғаттың күмән болар», «Кәрі-жастан ұят кетіп, Тәртіпсіз, ар жойылып тамам болар», «Үлгісіз ата менен ана болар, Еркекті әйел билеп дана болар», «Күншілдер көрінгенге құғын салып, Ақыры күнәсізге жала салар», «Сарыарқа сары жайлау жер тарылып, Өрісі жоқ, жырық-жырық дала болар», «Келер заман адамы көп білем деп, Надандығы соңғыға мәлім болар», «Оқыған ғұламалар таусылған соң, Ақыры ұры-қарысын молда қылар», «Оқиды атақ үшін наһy мантық». Тереңірек үңілсек, осында дінсіздіктің жайылуы, 37 жылдың құғыны, тың игеру, жеңілдің астыменен, ауырдың үстіменен жүретін құбылыстың зардаптары, қазіргі заманғы нашақорлық т.б. да сөз етілген. Ай мен күн кезегімен келгені дүние тәртібі болса, ақында солай астарланған дұрыс ұстаным мәні мынадай: «Халыққа шариғат жолын түзу айту».

«Қажылық, иман шарттары» – насихат өлең. Туынды Жолмұрат, Мұхаммедфазыл көшірмелері бойынша әзірленген. Қара өлең ұйқасты, төрт тармақты елу үш шумақ.

Ақын: «Дүниеде сөз қатығы өлең-жыр бар, Білуге сөз мәнісін неше қыр бар»,- деп өткен заманның көркем шежіресін, психологиясын, жақсы менен жаманын сөз құдіретінен тануға жетелейді. Мұнда ең алдымен ақиқатты тану, Алланы шын сүю ұғымдарының парасаты беріледі. Мұсылманның бес парызының құрметтісі қажылық туралы, оның толық негізі байытылған. Қажылық сапарын өтеу мәні сарапталады. Әсіресе: «Қаңтарсыз – қар, қажысыз – дауға жару»,- дейтін тұсы қажылықтың құрметімен қоса үлкен міндеті барын еске салады. Себебі, Мәшһүр Жүсіптің өлеңінде сапарға бармас бұрын ол адам адалдық пен арамдықты, дүние қиыншылығы мен қуанышын т.б. көзбен көріп, көңілмен тануы керек. Соңда ғана Мекке сапарына іштей дайындығы басталады, ол ақында: «Қажы – ораза, намаздан қиын жұмыс, Онда көп шарт етілген әртүрлі іс», «Дін үйрен, ғылым ізден, болмасаң көр, Қанша айтқанмен, ғылымсыз жоқ саған төр! Құдай үйін іздеген – қалайша іздер», - деп бейнеленген. Махаббат тақырыбы кеңінен бағаланған. Ежелгі дәуір мұраларынан келіп жеткен, Абайда төгіле жырланатын ата-анаға, халқына, туыс-бауырға деген сүйіспеншілік Мәшһүр Жүсіпте былай бейнеленген: «Дүние – дос, махаббатсыз, құр қара тас. Шын жүрек махаббатлығы жан табылса, Жолына жаным құрбан, құдайға – бас». Ізгіліктің бастауы адамдарды сүюден басталатыны айтылады: «Иа, Алла, мені айырма махаббаттан, Танырсың, көрмегенің, жазған хаттан. Ақыреттің Мәшһүрі қылғай Алла, Жалғанда түк таппадым «Мәшһүр» - аттан». Тарихта ислам дінінің ізгілікті ұстанымына бас иіп, иман шартына ықылас көрсеткен әйгілі адамдар бар. Мысалы, Гетені, Л.Толстойды атап айтуға болады. Өзін де, өзгелерді де мұсылмандық қағидаларымен қабылдап, жаны жақсылық тілейтін осындай адамдардың болуы ақын өлеңіндегі арманына дөп келген.

Мектеп мұғалімдері, оқытушылар, магистрант-докторанттар назарына мәшһүртану мақсаты үшін әрбір шығарманы талдау барысында жалпы томдықтармен танысып алуды ұсынамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 1-13 том. Павлодар: ЭКО, 2003-2005.

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

2 Секция. Мәшһүр Жүсіп және қазіргі фольклортану ғылымы
2 Секция. Машхур Жусип и современная фольклористика

Г.Т. Әбікенова, З.С. Молдағалиева
Әдеби сындағы эпистолярлық жанр 3
Г.Т. Әбікенова
Хат мәтіні тілінің стильдік, лексика-грамматикалық ерекшеліктері....5
М. Бекбосынов
Мәшһүртану бастауы 7
М. Бүркітбаев
Айлық еңбек ақыларын берген еді 11
Т. Елубаев
Есте қалған жайлар....12
Б.Б. Жумабекова
Отражение национального колорита в художественном переводе 13
Б.Б. Жумабекова
Мәшһүр – Жүсіп және Байрон поэзиясындағы үндестік....14
Н.Қ. Жүсіпов, А.М. Жақтай
Қазақ аңыздарының жиналу мәселесі....16
Н.К. Жусупов, М.Н. Баратова, С. Ергалиева
Особенности методики сбора фольклорных произведений Машхура Жусипа 19
А.Е. Қабылбек, Н.А. Шахметова
Сөз жауһарын терген ақын....22
Б.Р. Қожахметова
Мәшһүр-Жүсіп жазбаларындағы Мәңке би шешендігі 25
З.Х. Латыпова
Русские переводы детских стихов М. Алимбаева....28
С. Негимов
Мәшһүр мұра....34
С. Негимов
Мәшһүр Жүсіптің мағнауи ғаламы....38
С. Негимов
Қамаралдин Хазірет – Мәшһүр Жүсіптің ұстазы....42
Ғ. Османов, Н.М. Батесова
Көркем мәтіндегі тілдік бірліктердің ұлттық танымдық сипаты....43
Н.Т. Рақпанов
Табандылық таныпты....47
Ғ. Смағұлов
Ақын шығармасындағы әлеуметтік қоғам....47
Р.Ә. Түскенов
Өткен күнде белгі бар ма....50
А.Қ. Тұрышев, Ш.Т. Жұмаділова
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы (Үшінші)....51
А.Қ. Тұрышев, Ш.Ж. Трушева
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы (Төртінші)....53
А.Қ. Тұрышев, Т.Ш. Бәлкен, Ш.Ж. Трушева
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы (Бесінші)....55
А.Қ. Тұрышев, Ш.Ж. Трушева
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы тәонимиялық және мифтік лексика (Алтыншы)....57
А.Қ.Тұрышев, Ш.Ж. Трушева
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы тәонимиялық және мифтік лексика (Жетінші)....59
Ә.Қ. Шапауов
Прозадағы драмалық элементтер....61
Ж.А. Шойынбет, М.Н. Бекбосынов
Қазақ романтизмінің зерттелу жайы хақында бірер сөз....66

3 Секция. Мәшһүр Жүсіп және әлем әдебиеті
3 Секция. Жусип и всемирная литература

Қ.М. Абдуллаева
М.Ж. Көпеевтің дидактикалық поэзиясындағы ағартушылық сарын....68
А. Әбсадықов
Тарихи аңыздар және жетімдік сарыны....70
А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібаева
«Абай Жолы» және «Әділ-Мария» романдарындағы драмалық психологизм мен көркемдік 74
А.С. Ақтанова, А. Құсайнова
Мәшһүр Жүсіп және Нұрпейіс Байғанин шығармаларындағы үндестік 78
Е. Асанбаева, Қ.С. Ерғалиев
Публицистикалық тақырыпаттың ақпараттылық мәселесі 82
М.Н. Баратова, Қ.Е. Абушахманова
Шәкәрім мен Мәшһүр-Жүсіптің мысал, мұң (элегия) өлеңдері 83
М.Н. Баратова, Н.К. Жусупов, А. Сарсекеева
Стилевое своеобразие Машхур Жусип Копеева 87
М.Н. Баратова, Н.Қ. Жүсіпов, Қ. Мұқышева
Мәшһүр Жүсіп өлеңдеріндегі «Қыс», «Аяз», «Бел», «Тау» ұғымдары....91
С. Баязитов
Ал, тілімді алмасаң....93
С. Баязитов
Секілді өмір қысқа жарты тұтам... 99
С. Баязитов
Таным Бәрі де Ишекемнен бір аспады... 104
С. Баязитов
Дара құбылыс....107
М. Бекбосынов, Ә-С. Әліәкбар
Қабір азабы мотивіндегі дәстүр жалғасты (М. Көпейұлы мен Д. Рамазан туындылары бойынша)....112
С.Т. Елікбаев
Мәшһүр-Жүсіп және Ұлттық Ұлағат....118
А.Е. Ерланова
Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұрасындағы ауыз әдебиеті үлгілері....120
А.М. Жақтай
Әбіш Кекілбаевтің әңгіме – повестеріндегі психологизм 122
Қ.П. Жүсіп
Мәшһүр Жүсіп – суреткер ақын «Әдемі, Әдемілеу» сипаттары....126
Е.Қ. Жүсіпов, Л.Қ. Жүсіпова
Мәшһүр Жүсіп және қазақ шежіресі....129
Л.Қ. Жүсіпова, Е.Қ. Жүсіпов
XIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның тарихының деректері мен олардың ерекшеліктері 131
Қ.П. Жүсіп, А.Қ. Еңсебаева
Портрет – барлық халықтар әдебиетіне ортақ жанр....132
Қ.П. Жүсіп, А.Қ. Еңсебаева
Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы Ақбала мен Еламанның портреттері....134
Н.Қ. Жүсіпов, Н.М. Уалиханова
Қазақтың көне эпосы....136
Г.Қ. Жүсіпова
Мәшһүр Жүсіптің «Хаятбақшы» дастаны....141
А.Ф. Зейнулина, Ж.Қ. Ибраева
Көркем әдебиетті оқыту арқылы мінез-құлық қалыптастырудың педагогикалық шарттары....145
Б.Қ. Қапасова
Қоғам және кейіпкер....148
А.О. Кәріпжанова, Ж.О. Әбдіғалымова
Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы бейнелі аталымдар 150
А.О. Кәріпжанова, Ж.О. Әбдіғалымова
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы «Көңіл» лексемасының эмоционалды бағалауыштық қызметі....152
А.О. Кәріпжанова, Ж. Уақбаева
Күрделі, бейнелі атаулардың танымдық тұрғыдағы белгілері....155
А.Ж. Көпеев
Ақын немересі Төлеубай Шәрәпиденұлы жазбаларындағы Мәшһүр Жүсіп туралы деректер 156

М. Махметова
Этнографизмдерің ұлттық-танымдық сипаты 158
Р.М. Муталиева, Г.А. Жұмабекова
М.Әуезов шығармаларындағы сөздердің эстетикалық қызметі 162
А. Рамазанова
Машхур Жусуп Копеев. Пять ценностей 164
М. Рахметов
Өнеге көзі 166
М.Д. Рахметов
Есте қалған жайлар... 167
S.M. Saginayeva
Identifying the Theme of a Literary Text 171
Ж.Т. Сарбалаев, Е.Ж. Сарбалаев
Мәшһүр Жүсіп өлеңдеріндегі азаматтық сарын 173
Р.А. Сәрсенбек, Г.А. Дюсенбина
Мәшһүр Жүсіп Көпеевтың сыншыл реалистік тұрғыдағы шығармаларының
әдеби-лингвистикалық сипаты 175
А.О. Токсамбаева
Көркем шығармадағы негізгі арна ұлттық характер 177
А.О. Токсамбаева
Изображение национального самосознания в произведениях Машхура Жусупа Копеева 181
А.Қ. Тұрышев, Т.Ш. Бөлкен, Ш.Ж. Трушева
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы тәонимиялық және мифтік лексика (Сегізінші) 185
А.Қ. Тұрышев, Ш.Ж. Трушева
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы тәонимиялық және мифтік лексика (Тоғызыншы) 187
А.Қ. Тұрышев, Ш.Ж. Трушева
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы тәонимиялық және мифтік лексика (Оныншы) 189
А.Қ. Тұрышев, Т.Ш. Бөлкен
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы тәонимиялық және мифтік лексика (Он бірінші) 192
А.Қ. Тұрышев, Ш.Ж. Трушева
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы тәонимиялық және мифтік лексика (Он екінші) 194
А.Қ. Тұрышев, Ш.Ж. Трушева
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы тәонимиялық және мифтік лексика (Он екінші) 194
Ә.А.Тұрышев
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы Еуразия руханиятының ғылыми сипаты 196
А.Қ. Тұрышев
Мәшһүр-Жүсіп мұрасының ғылыми сипаты (10-томы хақында) 201
Ж.А. Шойынбет, М.Н. Бекбосынов
Қазақ романтизмінің зерттелу жайы хақында бірер сөз 206

4 Секция. Мәшһүр Жүсіп және қазіргі қазақ әдеби тілі мәселелері
4 Секция. Машхур Жусип и актуальные проблемы современного казахского литературного языка

Л.Т. Абикенова
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивтілік қызметі 208
Г.С. Аппазова
Ақпараттық технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында пайдаланудың маңызы 210
Ш.Ы. Бектемірқызы
Тіл біліміндегі метафора мен гештальт қызметі 213
Г.Т. Әбікенова
Хат мәтінінің стильдік, лексика-грамматикалық ерекшеліктері 215
Ж.С. Жаппарова
Тұлғаны тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды пайдалану жолдары 217
Қ.П. Жүсіп, А.С. Жұмабекова
Қазіргі қазақ әңгімелерінің кейіпкерлері 220
Қ.П. Жүсіп, А.М. Сүлеев
Қазақ лирикасындағы сюжет 223
Н.Қ. Жүсіпов, А.Б. Абышева
Қазақ ертегілерінің жариялануы және Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы 227
М.Д. Илгишева, А. Нәби
«Таныстыру» поэмасындағы тарихи тұлғалар бейнесі 231
Ш. Қабжапарова, Г.Т. Жұмаділова
Мақал-мәтелдердегі қазақ дүниетанымдық көзқарасының берілуі 234

А. Қажиакпарова, Г.Т. Әбікенова
Қазақ әдебиетін оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың ерекшеліктері 237
А.Б. Қалым, Б.М. Окпина, Н.А. Шахметова
Мәшһүр Жүсіп өлеңдеріндегі метафоралық қолданыстар 238
Ә.Л. Кәкімжанова, А. Нәби
Байжанұлы Жаяу Мұса 240
Г.Т Кәріпжанова
Ж. Аймауытов шығармаларындағы «Ойсурет», «Фрейм», «Схема» концептілері 243
Б. Қыдырбекова, Г.Т. Әбікенова
Тілдегі бейвербалды амалдардың синонимдік мәнде қолданылуы 246
М. Махметова
Аймақтық лексикадағы этнографизмдер 248
Р. Омаров, Г.Ж. Джахаева
Табиғат құбылыстарын бейнелеудегі қазақ халқының ұлттық нақышы 253
Ғ. Османов, Н.М. Батесова
Көркем мәтіндегі тілдік бірліктердің ұлттық танымдық сипаты 256
Ж. Сағынтаева
Шығармашылық қабілетті дамытудағы продуктивтік әдістерге қойылатын
педагогикалық талаптар мен шарттар 260
Ш.Б. Сейітова
Шежірелік материалдардың тілдік және тарихи табиғаты
(Шығыс Қазақстан аймағы материалдары негізінде) 262
Қ. Слямбекова
Мәшһүр Жүсіптің этнолингвистикалық аспектілері 264
Б.К. Сыздық
Мәшһүр Жүсіп жұмбақтары мен өнегесі 266
М.Т. Тезекбаев
О языковой политике в Республике Казахстан 273
М.Т. Тезекбаев
К проблемам родного и языковой ситуации в Казахстане 274
Г.Қ. Темірбекова
Қазақ тіліндегі эвфемизм мен дисфемизмдерді кейіпкер тілінде қолданылуы 276
А.Қ. Тұрышев, Ш.Т. Жұмаділова
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы (Он төртінші) 279
А.Қ. Тұрышев, Ш.Т. Жұмаділова
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы (Он бесінші) 281
А.Қ. Тұрышев, Ш.Т. Жұмаділова
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы (Он алтыншы) 284
А.Қ. Тұрышев, Ш.Т. Жұмаділова, Ш.Ж. Трушева
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы материалды мәдениет лексикасы(Он жетінші) 286
А.Қ. Тұрышев, Ш.Ж. Трушева
Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы рухани мәдениет лексикасы (Он сегізінші) 290
М.К. Шарипова
Происхождение тюркизмов каганъ, ханъ, канъ в древнерусском языке 292
Б.Ә. Ысқақ
Мәшһүр Жүсіптің ғылым туралы ойларына жалғастылық:
Қалқаман Сарин өлеңдеріндегі қоғамдық құндылықтар 294
С.Ә. Ысқақ, М. Құрмашева
Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларына талдау 296

«МӘШҺҮР-ЖҮСІП – ӘЛЕМДІК ҒАЛАМАТ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

II ТОМ

Техникалық редактор Б.В. Нургожина
Корректорлар: Б.Б. Ракишева, Б.В. Нургожина, А.Р. Омарова
Компьютерде беттеген Б.Б. Ракишева

Басуға 12.111.2013 ж.
Әріп түрі Times.
Пішім 29,7 × 421/2. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 35. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс №2133

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.